

Әбді-Жамил Нұрпеис

ҚАН МЕН ТЕР

трилогия



Алматы
2015

УДК 821. 512.122-3
ББК 84 (5 Қаз)-5
Н 86

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

Н 86 **Ә. НҮРПЕИС. ҚАН МЕН ТЕР:** Трилогия.

Ә. Нұрпеис. Қан мен тер, - “ҚАЗАқпарат” баспасы, Алматы: 2015. –
960 б.

Жазушы «...тағы қарасам, тағы да өзгерістер енгізетін тәріздімін» дегенді осыдан он бір жыл бұрын айтқан екен. Міне, сол күн, күн емес-ау, айлар мен жылдарға созылған ұзақ уақыттан кейін бұл шығармаға қайта қауышып отырсыздар.

Араға уақыт салып қолдарыңыздағы «Қан мен тер» трилогиясымен қайта қауышқандарыңыз құтты болсын, оқырман!

ISBN 978-601-03-0297-6

УДК 821. 512. 122-1
ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-03-0297-6

© Ә, Нұрпеис С., 2015
© «ҚАЗАқпарат», 2015

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Қазақ сөз өнерінің елшісіне айналған роман жанрындағы ірі туынды – М. Әуезовтің өзі көзі тірісінде үлкен үміт артқан санаулы шәкірттерінің бірі Әбді-Жамил Нұрпеистің «Қан мен тер» трилогиясы. Отыз жылдан астам уақыт бойы қазақ оқырманының көзайымына айналып келе жатқан, көптеген шет ел тілдеріне аударылған бұл шығарма – қазақ романының классикалық үлгілерінің бірі екені даусыз. Ол – ел-жұртымыздың жиырмасыншы ғасыр-дағы кезеңдік болмыс-бітімін көркем кестелеуінің үстіне, халқымыздың эстетикалық-философиялық дүниетанымын әлемдік әдебиет деңгейінде игерудегі ізашарлық дүниелердің бірі...

... Бір ғажабы – Ә. Нұрпеис қалың оқырман жүрегіне жол тапқан осы романның соңғы нүктесі ілі қойылған жоқ деп есептейді. Сол көзқарасына орай, ұдайы қайта қарап, жетілдіріп келеді. Көзі қарақты оқырман бұл басылымдағы өзгерістерді де қалт жібермесі анық. Олардың арасында көлемді, принципті түзетулер де бар. Мысалы, бұрынғы басылымдарда көбірек орын алатын соғыс көріністері азайған. Басқа да құрылымдық өзгерістер кездеседі. Тәңірберген образына қатысты кейбір бояулар да біршама өзгерістерге ұшыраған. Стильге, сөз қолданысына орай енгізілген түзетулер де аз емес. Бірден көзге ұратыны – роман тілі шыққан балаға шайнап берушілік» тұрғысындағы қазбалап

айтушылықтан, кейбір көп сөзділіктен арыла түскен. Автор шығарма туған кезең қолтаңбасындай көрінетін заманы өткен таптаурын кеңестік идеологиялық штамп белгілерінен де бас тарту жөн деп санағаны байқалады. Бұл өнер табиғатының төлтума бояуларын қалыңдата, айшықтандыра түсуге қызмет ететін дұрыс таңдау, әрине.

Бұл өзгерістерден әйгілі туынды ажарының қаншалықты ашыла түскенін, автордың қаншалықты ұтқанын әрбір оқырман өзінше бағалай жатар. Бірақ бір нәрсенің басы ашық. Ә. Нүрпеис – өз шығармаларын бір рет қол қойғаннан кейін қайта оралмайтын .кім деп емес, автормен бірге жасайтын, автордың дүниетанымымен, эстетикалық көзқарасымен бірге өзгеріске ұшырап, өсіп-жетіліп отыратын жанды полотно деп білетін суреткер. Былайша айтқанда, «өнерім – өзім, өзім – өнерім» деген қағиданы творчестволық принципке айналдырған жан. Онымен келісетіндер де, келіспейтіндер де аз болмаса керек. Оқырман үшін маңыздысы – сол тоқтаусыз ізденістің нәтижесі болса керек.

Жазған туындысына әлсін-әлсін қайта оралып, өңдеп отыру, тіпті, кейде мүлдем қайта жазып шығу – әлем әдебиетінің тарихында бар құбылыс. Өзгесін былай қойғанда, ұлы Л. Толстойдың өзі солай жасаған және оны бір сенімсіздік, немесе, артық бейнет санамаған. Жарияланған шығармаларының өзі ірі-ірі тоқсан томға жүк болған жазушы атақты «Анна Каренина» романының, бір деректер бойынша – алты, енді бір деректерге қарағанда сегіз нұсқасын жасаған екен. «Крейсер сонатасының» да сегіз нұсқасы дүниеге келген. Ал «Корней Васильев» деген әңгімесі он үш рет өңдеуге ұшыраған. Тіпті, бір мақаласының жүзден астам нұсқасын жасаған деген де дерек бар. Басқа да жиі қайталанатын, хрестоматикалық болып кеткен мысалдар аз ба?!

Әрине, бұл жерде мәселенің мәселесі – жауапкершілікке ғана байланысты. Творчество иесінің өз өнеріне, өз шығармасының тағдырына аса зор жауапкершілікпен қарауында жатыр. «Өнер суреткерге әлемнің ешбір билеушісіне бұйырмаған билік сыйлайды» дейді Я. Паран-

довский. Солай болса, жазушы жауапкершілігінің салмағы да айрықша болса керек. Оны ерекше сезіну суреткерлік сергектік пен творчестволық өміршеңдік белгісіне жатады.

Бұл орайда, Ә. Нүрпейісті өз өнер гүлзарының, өз өнер бағының өнегелі қожайынымен теңеуге болады. Ол өз сүйіктілерін әлдеқайдан жел айдап әкелген өлі жапырақтан да, топырақ астына байқаусыз түскен басы артық тал-бұтадан да көзінің қарашығындай қорғауды мұрат тұтады. Қажет деген жерінде одан әрі көркейтіп, жасандыра түсуге де бейіл. Оған шаршамайды да, жалықпайды да. Сондықтан да оның «осы басылымға қолым қаттырақ тиді. Бірақ тағы қарасам, тағы да өзгерістер енгізетін тәріздімін» деген шығармашылық көңіл күйін де түсінуге әбден болады.

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ.

2004 жыл, 8 желтоқсан.

БІРІНШІ КІТАП

ЫМЫРТ

*«Друзья мои! Чтобы живо чувствовать
всю дерзость человеческого дух
а, надобно быть в открытом море,
где одна тонкая дощечка, как говорит
Виланд, отделяет нас от блаженной
смерти»*

Карамзин.

«Остров Борнгольм».

БІРІНШІ БӨЛІМ

– Бетім-ай!.. Масқара-ай!..

Тырыли арық Қарақатын жерқазбаға танаурап сөйлей кірді. Құшағындағы отынды аласа қазандықтың жанына аудара тастады. Салпы етек бөз көйлектің бір шалғайын жоғары көтеріп ышқырлығына қыстыра салды да, қызыл қарын жас немересін алдына алып ыңылдап отырған қайын ененің қасына қол таяна тізе бүкті.

Жерқазбаның терезесі дәл төбесінде; оған шелін алған шыңылтыр қой қарнын тұтқан-ды; батып бара жатқан күннің соңғы сәулесі қой қарнынан өлеусіреп қана түсіп тұр. Үй іші күңгірт. Қарт ананың жүзі көрінбейді. Тек қақырадай биік ақ жаулығы бозғылданады.

– Ене-ау, не есіткенің бар? Әлгі Қаратаздың... қойлы таздың інісі бар емес пе? Тәңірберген деген сері інісі бар еді ғой – деп, Қарақатын енесіне қарай тағы бір ысырылып отырды. Сонан әрі бейуақ кешті біртүрлі құпиялы сырға бөлеп, ерні сүйрендеп сыбырлай сөйледі. – Не басынды ауыртайын сенің. Сол сері жігіт кеп, Еламанның үйіне түсті. Аты қара тер. Қанжығасында бір қоян, бір түлкісі бар. Қояны ақ тушадай-ау, ақ тушадай! Ақбала сыртқа шығып, сері

жігітті аттан түсірді. Ал екеуінің қалай көріскенін көрсең... Масқара-ай!.. Бетім-ай! О, жүзіқара! О, қарабет!..

Қалың киімді біреу жерқазбаның аласа есігіне сыймай, үсті-басы сықырлап кіріп келе жатты. Қарақатын тезірек от жағып жібермек болды. Оттық іздеп жанталасып жүріп, жолда тұрған қара құманды қағып кетті. Онан шелекке, легенге сүрініп, үй іші даңғыр-дұңғыр болды да қалды.

– О, көк тігілгір! О, қара байланғыр! Есіз қалғырдың мүлкі, түге. Тап жаңа ғана тап-тұйнақтай ғып, орынорнына жинап қойып едім. Баласы құрғырлар-ау жүретін жолға қойған.

Үй иесі үнсіз. Осының бәрін күнде-күнде көріп, есітіп жүргесін әбден еті өліп кеткен. От басының берекесіз ластығына, қатынының салақтығы мен шаңқылдаған ащы даусына да үйренген-ді. Ол қолына ұстай кірген бір асымдай тоң балықты босағаға тастай салды. Сонан соң жеңінің аузына мұз қатқан су-су киімін босағада тұрып шешіп, етігімен төрге шықты.

Қарақатын бықсып жанбай жатқан отты үрлей түсті де, әлденеге мырс етті:

– Еламанды айтам-ау!.. Сорлының үйі бүгін сонша ұятты қалай көтеріп тұр екен?

Ақкемпір келініне көз қиығын тастап: «О, Құдайым! – деді ішінен, – қайтейін!.. Бұ да өзгеге күледі, өзіне күлетін кісі жоқ па екен сонда»

Қарақатын отты тастай сала енді күйеуінің асты-үстіне түсіп, жалпылдап:

– Бізді асыраймын деп жаныңды жалдап жүрсің. Күнұзын нәр татпаған кісиде әл қайдан болсын. Кел, етігіңді тартып жіберейін, – деп еді.

– Өзім шешем! Асыңды болдыр! – деді Дос.

Қарақатын осы ауылда Ақбаламен өш. Ақбаланың жастығын, сұлулығын көре алмайды. Бәрінен бұрын күйеуі ұрысқан сайын: «Өзіндей ана Ақбалаға қараш! Жүріс-тұрысына ішпей-жемей ырза боласың» – деп, сұлу келіншекті ылғи да бұның бетіне салық қып басатын.

– Еламанның үйі жаққа көзің түсті ме?.. – деді Қарақатын сиқырлы жүзі жымыңдап, – Ақбаланы айтам-ау... Күйеуінің көзі тірісінде, тапа-тал түсте сыртқа шығып, сүйген жігітін күтіп алып... Сонда, ол сорлы еркектің кәдесіне жараса екен-ау! Анау, шытыр жеген түйедей шермиіп отырған түрі.

– Әй, жетер! Қой енді! – деді Дос етігін шешіп жатып.

Қарақатын қолындағы көсеумен ошақтың аузындағы шаңды бұрқ еткізіп салып қалды.

– Қой, қой деп маған қожандағаны несі! Маған қойғызғанмен ел аузына қақпақ бола алмайсың. Өне, басына желек түскесін де қыз күніндегі желігін жасыра алмай жүр.

– Әй, қоясың ба, жоқ па?

– Ал, қоймаймын. Айта берсең, осы жұрт Ақбаланың ішіндегі баланы да Тәңірбергендікі...

Дос қолындағы байпақты етікпен қатынды көк желкеден қойып қалды. Желкеге тиген зілдей етік Қарақатынның жұлынын үзе жаздап, көзінен жас ыршып кетті. Дос қолындағы етікті қайта сілтей бергенде Ақкемпір ұстай алды да, есікке қарай лақтырып жіберді.

– Тарт қолыңды! Берекетін алма отымның басының!

Дос тіл қатайын деп еді, Ақкемпір ақырып, тыйып тастады:

– Тыңдамаймын сөзіңді. О заман да бұ заман, жа-

ман қатынды сабап жақсы еткен еркекті көргем жоқ.

Қарақатын күйеуінің енді қол қата алмасын білді де бүк түсіп отыра қап, ошаққа маңдайын сүйеп солқылдап жылады. Ол, әрине, көз жасымен күйеуінің жүрегін жібіте алмасын білді. Үй ішінен өзіне жақтасатын жанашыр да іздеген жоқ; долы қатын дәл осы арада өзінің дәрменсіз сорлылығын мойындап, сағы сынып налып жылап еді. Үй ішінің лаңынан запы боп жүрегі шайлығып қалған балалар әлден үрейі ұшып, шырқырап жылап, күн батар алдындағы дәл осы бір шам жақпай, бұрыш-бұрышқа көлеңке үйірілген қоңыр кеугім үйдің іші әп-сәтте азан-қазан болды да кетті.

Дос далаға жүгіріп шықты. Босағада сүйеулі тұрған тоң шотты қолына ұстай ұмтылып еді. Томырық дөкір жігіттің ашу үстінде бір лаңды істеп салуы мүмкін еді. Бірақ үйіне жақындап келіп қалған Еламанды көрді де, қолындағы сығымдап ұстаған шотты лақтырып жіберді. Ол тек Еламанның үйі алдында қаңтарулы тұрған күміс ер-тұрманды бәйгі күреңге жалт етіп тістене қарап:

– Тух! Неше, сірә, қатынжанды болғанда да... – деді де, жалғыз топсаға әрең ілініп тұрған жаман есікті теуіп ашып, ішке кірді.

* * *

Бас тоқсан кіргелі алдақашан. Бірақ, көптен бері күн жылымықтанып, ұлы теңіз әлі де ұстаса қойған жоқ-ты. Биылғы жел біртүрлі есірік. Жағалау қаймақтанып, кілегейлене бастаса-ақ, арқадан шыққан қатты жел әлсіз мұзды бет ашыққа айдап, қуып әкетіп тұрған. Тек кешеден бері күн ызғары шұғыл қатайып, бір түннің ішінде Тұщыбас бұғазы көз ұшына дейін

ұстасты да, қазандық балық үшін бастарын қатерге тіккен Еламан, Мөңке, Дос, Рай мұз үстіне шығып жүр. Әлсіз мұз сәл салмақ түссе де майысып, сықырлап қоя беретін болғасын, бұлар мұзға шыққасын бір жерге шоғырланбай тобын жазып, үшеуі үш жаққа бет бұрды. Онда да тереңге бармай, аз ғана ауын теңіздің тайыз басына салып, үй ішінің кешке қазан қайнатқанын нәпақа көріп жүрген-ді.

Бұған Еламан дән ырза. Екіқабат әйеліне жас сорпа ішкізгенге мәз. Қолтық ұстасқалы ұйқысы қашып кетті. Таң атар атпаста оянады. Ұйқтап жатқан Ақбалаға көз қиығын тастайды да, төсектен абайлап ақырын түседі. Үй ішінде де ақырын қозғалып, кеше жатарда пешке жайып қойған киімдерін киеді. Түннен қалған бірденені талғажау етеді де, өздері «жылауық» деп ат қойған жаман есікті сықырлатпай ақырын ашар жерде артына бұрылып, ұйқтап жатқан әйелі жаққа тағы бір көз тастап барып сыртқа шығар еді.

Түнде жел тұрған ба, таяуда жауған көбік қардың бет жағы борап, қайсы бір жерлердің мұзы жалаңаштанып ырсиып қапты. Еламан жағалауға салған бір тартым аудың құлағын ұстады. Осыдан күні бойы жалғыз. Мұз ояды. Ау қарайды. Теңізге шыққанда, сірә да, маңайдағы кісі-қараның бар-жоғын байқамайды. Төбеде көк аспан. Табан асты көк теңіз. Екі дүние арасында жабырқау ойды жанына серік қып жүріп өмір жөнінде ойлайды. Өзі жөнінде ойлайды. Өзінің теңіз үстінде ғана емес, өмірде де жалғыз екенін ойлайды. Әке-шешеден ерте айрылды. Әкесімен бірге туған ағасы – Есбол кәрия бұл арадан бір күншілік жерде. Баласыз, жалғыз жетім шалдан қайыр шамалы. Ендігі жанашырдан – немере інісі – Рай. Бірақ, ол әлі жас. Өзі сияқты әке-шешеден жастай жетім қалды да, кәзір

қарт әжесімен екеуі өз алдына түтін түтетіп отыр.

Еламан күрсінді. Аяғы астында жатқан бір-екі балықты етігінің тұмсығымен теуіп, әрегірек ысырып тастады да, аудың арқалығын ұстады. Қас қараймай тұрғанда үйге тезірек жеткісі кеп еді; бірақ, жалғыз кісіге ой үйір ме, күтпеген жерден қайын атасы есіне түсті. Тік бақай тентек шал ел ішіне сыйымсыз. От басына да мазасыз. Сыртына зәр жиып, жыландай ысқырып отыратын тік мінез, тентек шалдың қай жағынан шығарын білмей, үй іші қыпылдап отырады. Еламанды да «балықшы» деп атап, әр сөзін әзілге шаптырып, осқырынып отырғаны. Кеше де қатынаған біреуден «балықшыға сәлем айт, ауыз ашқасын барам» деп хабар жіберіпті.

Бұған Ақбала қатты қуанды. Қыз дәурені қырда өткен Ақбала теңіз өңірінің тірлігіне үйрене алмай жүр. Бұл жақтың жазы аптап, ыстық. Маса. Сона. Балық сасыған ауа да жат. Балықшы ауылға келін боп түскелі сыртқа шықпай, үйге тығылып алды. Ауыл-үйдің арасында ала көз, күңкіл көбейіп, күндес қатындар жас келіншекті әр саққа жүгіртті. «Жабайы» деді. «Тәкаппар», «менмен» деді. Бұндайда, әсіресе, үйі іргелес отырған Қарақатынның құдайы береді. Үйде де, түзде де қыз кезіндегі сәні мен салтын тастамай, сыландап сыртқа шыққанын көрсе болды, Қарақатын жалма-жан ернін шығарып: «Тұтақ» дер еді. «Адыра қал! Күнде қыз болғанда бұл ауылда кімнің көзіне түсем дейді екен?»

Ақбала бәрін естіп, бәрін білсе де, иманы селт етпей, миығынан күлер еді де, қояр еді. Әлдеқалай сыртқа шыға қалғанда әлгі сөз тасып сыпсыңдаған сумақай қатындарды көргенде, кім білсін, әйел нәсіліне тән сайқалдық па, әлде ауылдас әйелдер айтса

айтқандай менмен тәкаппарлық па, әйтеуір миығына мысқыл шаптырар еді де, сосын әлгілердің алдынан әдейі тәкаппар басын тік ұстап, іші күйсін дегендей аяғындағы қазық өкше етікті сықырлата басып, аналардың алдынан өтер еді.

Байдың қызы болмаса да Ақбала бұрын дәл бұндай өмірді көрген емес. Бұрын, ой дәурен-ай, өзінен бұрын мал жайын ойлап қыста теңіз жағасын сағалаған қалың ел көктем шығар-шықпаста қырға қаптай көшер еді. Бірі ілгері, бірі кейін көшкен елдің алды кең жайлауға аяғы қалай ілікті, солай оты, суы мол салқын сабатқа аппақ үйлерді бірінен-бірін оздырып қаз-қатар тізілтіп тізер еді. Қатар қонған екі ауыл, кейде үш ауылдың үлкендері қонаққа шақырысып, ана жақта келелі кеңес құрып жатса, мына жақта суға барған қатындар құдық басында шұрқырасып, ымы-жымы ыңғайласып, ыдыс-аяқтар араласа бастар еді; жастар жағы бәрінен бұрын жол тауып, күннің батқанын асыға күтер еді де, қалай қас қарайды, солай ауыл сыртындағы жасыл төбенің астында бас қосар еді; сонан қашан жазғы таң сары белден ағарып атқанша ақсүйек ойнап, алтыбақан теуіп, ән шырқап, ұлы дүрсіл салар еді ғой. Қыста қалың түскен қар қайсы бір жылдары көктем шығар-шықпаста қауырт еріп, көл табанға жиналған ағыл-тегіл мол суда қаз, үйрек сатырлап ұшып-қонып қиқу сап жатар еді.

Кең жайлау шұбартқан мал. Сағым ойнаған салқар даланың сонау шетінде, көз ұшында тырнадай тізіліп көш кетіп бара жатар еді. Мына жақтан салт атты жолаушы сылаң етіп шыға келер еді. Сонан ол бір қырдан бір қыр асып жуық арада қарасы көзден үзіліп болмас еді. Ол кім? Қай елден шықты? Қайда асығып барады? Алдында әлде үміт, әлде бір аңсаған арман күтіп тұр ма?

О, дариға, көктемде бір көрінген қызғалдақтай қыз байғұстың басындағы қып-қысқа дәуреннің несін айтасын! Қырда отырған ауыл кешкісін өрістен мал келерде кәрі, жас дүрлігіп, сүріне-қабына сыртқа шығар еді-ау! Өрістен қайтқан малдың алдында ботасы ауылда қалған жас інген жер түбінен боздап, сиырлар мөңіреп, қойлар маңырап, ауыл үсті әп-сәтте азан-қазан болар еді де, үй болған үйден қарына шелек ілген әйелдер шығар еді; тұлымы желкілдеген кіп-кішкентай Ақбала да анасына қолқабыс беріп, өздеріне қараған аз ғана саулықтың қозыларын көгендеп, аяғы аяғына тимей зырлап жүргені. Сонан қашан сауын мал сауылып болғанша бұған да тыным жоқ, тек сонан бір кезде көз байланып, ымырт үйіріліп ап-сап болғанда ғана ошақта от жанып, үй-іші кешкі аста бас қосып, дастархан басына жиналар еді; ол өмірдің несін айтасың! Ірге түрулі. Есік түсірілген. Түндік ық беттен жарылай ашылған. Үй іші асқа отырғанда сыртта көген басында жатқан қойлар мекіренеді. Оқта-текте түйе пысқырады. Көшпелі өмірдің бұ да кішкентай бала кезден қанға сіңген қимас бір қызығы еді ғой!

Кім білсін, соны ойлай ма, Ақбала қазір тіпті көңілсіз. Бір жолы жылап отырған үстінен шықты. «Төркін жұрттан жайсыз хабар есітті ме?». Зәресі ұшқан Еламан: «Не болды? Жайшылық па?» – деп еді, Ақбала ләм демей, сырт айнала бере жасын сұртті. Қипақтап қасынан кетпей қойған бұған көзқиығын салмастан сыртқа шығып кетті. Сонан бері бұнда маза жоқ. Күн ұзын теңізде. Кеш түскесін, бірде ерте, бірде кеш үйге келгенде табалдырықтан аттай бере бірден Ақбаланың ажарына қарайды. Үндемесе де, ішінен азып жүр. Қандай да жанын жеген дерт... Ол бұның өзіне аян: қыр мен ойдағы елге пәш болған Ақбала

мен бай ауылдың жас мырзасы арасындағы әлі де үзіле қоймаған махаббатты білсе де, бұл тілінің ұшына алмады. Ақбаланы аяды. Сүйеу қартты сыйлады. Өз дегені болмаса, өзгенің дегенін құлағына ілмей, осықыра тыңдап, қолын бір сілтеп жүре беретін қиқар шал «ақ батамды бұзбаймын» деп, қызын балықшы жігітке қосты. Тағдырдың кесігі солай болып, шарасыздық басқа түскесін амал қайсы, Ақбала лажсыз көнген-ді.

Ой қажытты ма, кешке қарай Еламан өз денесін өзі ерең қозғады. Бартиып іскен саусақтар икемсіз. Кешкі қатқыл жел іштен шыққан демін ақшудалап ыққа қарай әкетіп тұр.

Кешкі ымырт тез тұтасып, төңірек тұнжырай бастады. Еламан ертең болмаса, ауды бүгін басқа жерге аударып салуға үлгіре алмасын білді. Шынында да, бұл кезде батып бара жатқан күн алыстағы жалдың біріне иегін сүйеп, еңкейіп қалған еді. Құбыла бет тұтас қызарып, жел жыртып дода-додасы шыққан бұлт батар күннің шапағына бауырын бояп алаулап апты. «Апырай...» – деп, Еламан құбыла беттен көзін алмай, ұзақ қарады. «Апырай, ә?! Не қылса да, кең әлемді құшағына алып тұтасып келе жатқан мына түн қараңғылығына жол бермей, жанталасып шарпысып жатқан жер бетіндегі жалғыз тірлік осы-ау! Ендеше, өмір мен өлім сияқты қараңғы мен жарық та бірін-бірі кезек жеңіп, тірлік үшін бұлар да тартысып жата ма, қалай? Сонда, бәтір-ау, әр тірлікке төнер бір-бір зауал болғаны ма? Ана қараш, кезегі келгенде күн басына да зауал төніп, қара кебінге оранып, бар әлем тіл тартпай, түн құшағына кіріп бара жатқандай...»

Еламан күрсінді де, балық салған қапты көтеріп иығына салды. Бүгін күні бойы әйелін ойлап, мазасы болмады. Үйге жеткенше асығып, бет жағын кірбік қар

шалған мұзды тайғанақтап басып келеді. Табанына нәл қаққан байпақты ауыр етіктің астына түскен қиыршақ қар қышыр-қышыр. Ойында Ақбала. Теңізге шығар алдында отын-суын ішке кіргізіп беріп кетсе де, алды түн болғасын күні жуықтап қалған жас келіншек жалғызсырап, елегізіп қалды ма деп қорқа береді. Осы күні Ақбала қатты кіржисе де, зәресі қалмайды. Бойына біткен балаға, не өзіне зақым бола ма деп, сәт сайын жүрегіне суық үрей шабады. Өзі түзде жүргенде келіншегінің қасында бас-көз боп отыратын естияр біреудің болмағанына қынжылады.

Еламан үйінің алдына кеп тоқтаған салт атты біреуді көріп келеді. Іштен ақ көйлекті әйел шықты. Ат тізгінін ұстады. Кім болды екен деп ойлады. Кім де болса, сыйлы адам. Басқа кім дейсің. Кім болды екен? Сүйеу қарт шығар. Қайтсін, пақыр, баласын көргенше шыдамай, уәделі күннен бұрын келген болды ғой. Еламан екі көзін қонақтан айырмады. Әне, Ақбала жолаушыны алып ішке кірді. Іле-шала шолақ мұржадан түтін бұрқ етті. Асыққанда жар басына қиялап шығатын жолды қашықсынып, үйінің дәл өкпе тұсына келді де, тік жарға төтелеп салды. Бір қолымен аркалаған балықты ұстап, екінші қолымен қарсы баурайға біткен алабұта, кендір жусан, қырбық қызыл түзгенге жармасып, мысықша тырмысып өрлеп келеді. Қадірлі қонағына соятын малы болмаса да, ажарлы балыққа дөп келгеніне қуанып, жар басына асығып шығып еді... қаңтарулы тұрған бәйге күреңге көзі түсті де, төбеге ұрғандай сілейіп тұрып қалды. Аң қуғаны көрініп тұр. Еті қызып апты. Бір орында тұрмай, сулығын шайнап шиыршық атады. Жаны аяғының басына кеткен Еламан әлдеқайдан жүгіріп келген сары қаншықты байқамады. Қаншық сілейіп тұрған кісінің

балық иісі шыққан киімін иіскеді. Сосын мұп-мұздай тұмсығымен қолын жалап алғанда, бойын жиып алды.

* * *

Өз үйіне өзі әзер кірді. Кірер жерде күйбеңдеп біраз бөгелді. Үстіндегі суық қапқан бойы сықырлап, аласа есіктен ақырын кіріп келе жатқан үй иесін көргенде төрде отырған жас жігіт осыған дейінгі нығыз қалпынан айырылып қап, лып етіп жеп-жеңіл түрегелді:

– Ел-аға... ассалаумалейкүм!

Еламан салқын амандасты. Сонан артық тілге келмей, суық қапқан киімі сықырлап, есік алдында теріс қарап тұрып шешінді. Ә дегенде Ақбала іштей абыржып қалып еді, іле-шала өзін де, өңін де оп-оңай билеп ала қойды. Қолындағы шаруасын тастай сала, қашанда өзін ұстай білетін сабырлы қалпын сақтап, көк сауыр кебіс киген ып-ықшам аяғын ақырын ырғаң-ырғаң басып есік алдында шешініп жатқан Еламанға барды. Қолынан су киімдерді алды. Алуын алса да, бірақ, оны қайтерін білмей, өзінен қашыртып әрегірек ұстап тұрды да, сосын ошақ жанында жатқан отын үстіне тастай салды. Әдетте, теңізден келгенде Еламанның су киімін пешке жаятыны есіне кейін түсті. Соған өзі ыңғайсызданып қалса да, бірақ, қонақ жігіттің бұны көзінің астымен бағып, жымып күлімсіреп отырғанын байқады да, отын үстінде жатқан су киімге қолын созбады. Төрде мұрты жылтырап, түк білмегенсіп тымсырая қалған жас мырзаға жалт етіп, көз қиығын тастады да, сосын қайтып оған көңіл бөлген жоқ. Ендігі қылығының бәрі оның бейне бір: «Күлсең күле бер. Тәңірінің маңдайыма жазғаны

осы. Осының отын жағам, осыған қызмет етем» деп, аржағында ішін өртеген ызасын бір-ақ аңғартқандай. Осыдан кейін қысылмай да, қымсынбай күйеуінің бар жағдайын істеп, пеш түбіне төсек салды. Иығына шапан жапты. Еламан қонақ жігіттің көзінше өзіне көрсеткен Ақбаланың ықыласына дән ырза.

– Ел-аға, біз көріспегелі қай заман. Қалай, ауыл-ел аман ба? – деді қонақ.

– Шүкір, – деді Еламан.

– Балық талабы қалай? – деді қонақ.

– Қайдағы балық... – деді Еламан.

– Иә, мұз қатпай тұр ғой. Қыстың кештегені шаруаға жақсы болса да, сендерге қиын екенін білем, – деді қонақ.

Еламан үндемеді. Тәңірберген оның ыңғай бермеген сыңайын байқаса да, бірақ түк болмағандай түсі шімірікпеген қалпы. Иығындағы түлкі ішіктің екі шалғайын тақымының астына басып, ырғалып қойды да:

– Ел-аға... – деп, ол енді әңгімені әріден қозғады, – көрші отырған қоныстас ауыл едік. Қуанышымыз бен көрер қызығымыз ортақ емес пе еді? Аталас болмасақта, екі ауыл аядай жерде іргелес қатар отырғасын бір дәнді жарып жеп, бір малдын сүтін бөліп ішкен бүгіндік емес пе еді көздегеніміз? Солай емес пе, Ел-аға?

Еламан мырс етті. Бірақ, бұл жолы да үндеген жоқ.

– Шынымды айтайын, кеше сен үйленгенде тойыңа шақырар деп дәметіп едім...

О, залым! Бұл не, мазақ па? Тым құрыса, түзде де емес, үйде, төрінде отырып... Зығыры қайнаған Еламан аузына сөз түспей, ішінен тынып, түсі бұзылып отыр. Қанша қиын болса да, осы кеш мына

залымның алдында сыр бермей, шыдап баққысы кеп еді; оған бірақ өзін ұстаса да, өңін билей алмай, салқынқандылығын сақтау қиын боп бара жатқасын басын бауырына тартып, түсін бермей томсарып отырып, мұртына қатқан мұзды бір-бірлеп үгіп түсіре бастады. Тәңірбергенге әлі назарын тіктеп қараған жоқ; Ақбалаға да қарамауға тырысты. Дәл қазір Ақбалаға қараса, көптен көкірегін қарайтып жүрген талай күдіктің бетін ашатындай қорықты. Әншейінде жаннан жасқанбайтын ала көз тұнжыраған қабақ астына тығылып қалған. Бұл қазір қарамайын десе де, қарамауға тырысып бақса да, бірақ... назарын төмен салып, осылай көзін көтермей отырып та көкірегі құрғыр бәрін сезіп отыр. Бала көтергелі Ақбалаға отырып-тұру қиындап қалған еді, соған қарамастан үйге қонақ келгелі тізе бүгіп отырмай бәйек боп ұшып-қонып жүр. Әне, сыртқа шықты. Міне, қайтып ішке кірді. Сыртқа шығып, ішке кіріп, ұшып-қонып жүріп, шай демдеді. Ұшып-қонып жүріп дастархан жайды. Жас қонақтың асқа қарамаймын дегеніне болмай, аяғы жерге тимей, ұшып-қонып жүріп әкесіне сақтап отырған сыбағалы мүшені солаймен қазанға салды. Жоқ, мынау бұрынғы Ақбала емес. Басқа. Мүлде... мүлде басқа. Әне, ең аяғы үйде жоқ нәрсені осы ауылға келін боп түскелі есігін ашпаған ана көрші, мына көршіге жүгіріп, біреуден ана жоқты, біреуден мына жоқты сұрап әкеліп жүр.

Еламан: «Болды ғой енді, отыр, шайыңды әкел!» деп, Ақбалаға ашу білдіргісі кеп оқталса да, бірақ соның бәрінде де айтар жерде аузы бармады. Соның үстіне Мөңке келді.

– Ақсақал, төрге шығыңыз! – деді қонақ серпіліп, өзінің жоғарғы жағынан орын беріп.

– Тырп етпе! Қазақ баласы сендер төрде жүрсеңдер біздің басымыз жерде қалмас, – деді де, Мөңке қонақтан төменірек отырды, – ие, бала – деп, Тәңірбергенге бұрылды, – келе қоймайтын ауылың еді ғой бұл. Жай жүрсің бе?

– Аң аулап шығып едім.

– Ә, аң аулап жүрсің бе? Қалай қанжығанды қандадың ба?

– Өткен жолы осы маңнан қашқан бір түлкіден айырылып қалғам. Сәті түсіп соған кездескенім.

– Апыр-ай, ә?! Жолың болған екен ғой?

– Сары қаншық түлкіні көп қумаушы еді. Осы жолы біраз шалды. Тап мына сіздің ауылдың сырт жағындағы қоңыр төбеге келгенде жетті.

– Е-е, келетін ойым жоқ еді, түлкі әкелді де. Мақұл! Мақұл!.. – деп, Мөңке лекіте күлді де, – бала, осы сенің інің қайда? – деді.

– Жасанжан Орынборда, оқуда ғой. Жақын арада келеді – деп, Тәңірберген тілдесетін кісі табылғанына көңілденіп, Мөңкеге қарай бұрылып отырып еді. Бірақ, Мөңке мына жағында отырған Еламанға бұрылды да, екі балықшы өзара шүйіркелесіп кетті.

– Сені Оралскі байы шақырды деді ғой?

– Иә, шақырды. Мұз үстіне қашан шығасыңдар дейді.

– Сен не дедің?

– Не дейін... Мұз әлсіз, көп адам боп шоғырланып жүру қауіпті дедім.

– Дұрыс айтқансын. Ал Шодыр не деді?

– Не деуші еді, балық керек деп шолтаңдап тұр.

– Е, байға балық керек болса, кедейге жан керек емес пе екен?

Еламан үндемеді. Қарт балықшы енді Тәңірбергенге бұрылды:

– Қонақ бала, мен бір әңгіме есіттім ғой... Сенің қойлы ағаң болыстың сайлауына түсті деген не? Рас па?

Құдайменде байды ел іші кеміткісі келгенде Қаратаз дейтін. Мөңке бұл арасын сыпайылап келтірсе де, бірақ ар жақ көмейінде «қойы болмаса, тәйірі со да кісі ме» деген кекесін тұр. Көңілі жүйрік жігіт соны сезсе де, сыр бермей:

– Иә, ол кісі сайлауға түсті, – дей салды.

– Қадамы қайырлы болсын! – деді Мөңке.

Шын көңілден тілектестік білдіріп жатқан сияқты еді. Жас мырза да солай қабылдап еді, бірақ Мөңке тағы да осы арада аяқ астынан мінез шығарып, қасында отырған Еламанды тақымынан басып қойып:

– Көрдің бе, азуы пышақтай, арқасы ошақтай ағаларың, әне, үйірге түскісі кеп жүр. Ертеңгі күні құтпан айғырдай, ел шетін торып азынап шыға келер, әлі-ақ! – деп, тағы да лекіте күлді де, – жә, мен кетейін, – деп түрегелді.

– Асқа қара!

– Рақмет! Ауру баққан үйміз ғой... Жеңгең жалғыз. Үйге барайын.

Мөңке жас қонаққа назар да салмай, сырт орай берген суық қалпы шығып кетті.

* * *

Тәңірберген Ақбаланы жаңа көргендей. Бағанадан бері жұпыны үйдің бір жағын тұнжыратып отырған үй иесі анда-санда ғана есіне түскенде оған мойын бұрғаны болмаса, қалған уақытта көзі де, көңілі де Ақбаллада. Қыз кезінде Ақбала талдырмаш нәзік еді, бала көтергесін толығып, иегі астына болар-болмас

бұғақ пайда бопты. Тұла бойындағы қалған мүшесі де бұл білетін баяғы қыз кездегіден балғын тартқан. Ақбала қашанда бойын күте білетін. Бұл жолғы киімінің сәні бөлек екен. Әйел болғасын да ақ жібек шәліні басына жаулық қып тартпай, екі шетін қайырып желкесіне қайырып апарып жәй ғана немқұрайды байлай салыпты. Бала көтергесін болар үстіндегі ақторғын көйлектің қынамасын қыспай, әдейі кендеу, молдау тігіпті. Отырса да, тұрса да жел шақырып делиіп ала жөнеледі екен.

Есік ашылып, ар жағынан ақ торғын көйлектің етегі көрінді.

Қолына ұстай кірген құрт, ірімшікті қонақтың алдына төккелі денесін сәл иіп, тізесін сәл-пәл бүккенде, о, алла, әлде бір ақ құс ғайыптан пайда боп дастархан шетіне қонғандай, ақ торғын көйлектің етегі жан-жағына жайылып, ақшаңқандап көміп жіберді. Жас мырза аңтарылып қалған. Бұл не? Өң бе? Түс пе? Әлде, осы күндері әйелінің қасында жатып та Ақбаланы ойлағанда нәпсісі құрғырды ұстай алмай, аңсары әрқашан баяғыны аңсайтын... сонда дәл осындай бір әдемі ғажап елес есін алмаушы ма еді? Тәңірберген дастарханға құрт, ірімшік төгіп жатқан Ақбалаға «кетпеші!» дегелі ұмтыла түсті де, өзін эзер тоқтатты. Иә, мынау өңі болмас. Баяғыда, қайсы бірде екі ауыл қатар қонатын. Сонда ел тегіс ұйқыға кеткенде Ақбала екеуі ауыл сыртындағы күркіреуде кездесетін. Екеуден екеу оңаша кездескен сол бір айлы түндерде екі ынтық екі жақтан жүгіріп кеп ыстық құшақтар үнсіз айқасып, ұзақ жабысып тұрар еді де, сонан айрылысар жерде бұл ылғи да осылай «Кетпеші! Тоқтай тұршы!» – деп қиылушы еді ғой?

Тәңірберген Ақбалаға үйлене алмағанына өкінді.

Не қыласың, бәрі, бәрі бұнан, бұның өзінен болды. Екі ағасы – Құдайменде мен Алдаберген софының дегенінен шыға алмады. Қоңсылас бір іргелі елдің мықтысына арқа тірегісі келді де, Ақбаланы жылатып, ту сонау Ұлықұм бойын жайлаған Тілеу-Қабак руының белді бір жуанының қызына үйленіп еді. Сонан бері Ақбаламен кездесуге беті шыдамай, қайбартып жүр еді, ой, айналайын-ай, бұған не өкпе, не наз артып, опасыздығын бетіне баспады-ау.

– Шай алсаңшы, – деді Ақбала кесені әперіп жатып.

Бұнда келгелі жас мырзаның көзі көп нәрсеге жетті: Ақбала күйеуге шыққасын да Еламанға баяғыдай салқын; тек ата, ана қосқасын шарасы құрып, лажсыз көнген. Ал бұған деген махаббат бәз-баяғыдай. Қыз кездегіден бұны артық сүймесе, кем сүймейді. Қайта, сүйгеніне қосыла алмаған әрбір әйелдей, баяғы қыз кездегі арман үздіге түскен бе? Ынтызар құштарлық па, соның қайсы болса да, тағат, сабыр тауып, шыдам шегіне жеткен кез осы ма? Соған дәл келді ме? Ана қарашы, қасында қабағын қарс жауып, тұнжырап отырған осы үйдің еркегінің бар, жоғы ойына кіріп-шыққан жоқ. Әлгінде дастархан үстінен қол созып, кесені беріп жатқан бұған көзін іркіп қарап еді; әсіресе соңғы қарағанда кірпік астынан ұзағырақ қадалған қара көздің шоқтай маздаған жанарында құдды түнгі өрттің сәулесі шарпып өткендей, енді сәл кідірсе өзімен қоса бұны да өртеп жіберетіндей жалындап тұр екен. Дастархан басында көбіне Ақбала екеуі сөйлесті. Дастархан жиналғасын бұл тымағы мен қамшысын алды.

– Сау бол, Ақбала.

Есікке жақын тұрған келіншек сәл кейін шегініп, жас қонаққа жол берді. Қоштасар жерде Еламан ернін

кимылдатқаны болмаса, орнынан тырп етпей, шөкелеп отырып қалды. Шабалаңдаған иттер бейуақта аттанған қонақты ауыл сыртына ұзатып салды. Ат тұяғының дүбірі әбден ұзағанша Еламан тырп етпеді. Ол бағана бір көргенде-ақ мына бәйгі күрең бұл өңірдегі өзі білетін жылқылардан түсі бөлек мал екенін білген-ді. Шамасы, бұ да қаншелек Кәленнің қолынан шыққан ұрлық мал болар деп ойлаған. Мынау шынында да қуса – жетіп, қашса – құтылатын ат.

Баяғыда... құдық басында болған төбелесте бұның әкесі Науанды Тәңірбергеннің әкесі Абыралы қуып жетіп, көк сүңгіні салғанда да Абыралының астында дәл осы бәйгі күреңдей жүйрік ат болмады дейсің бе!

– Тұр, төсек салайын!

Көрпені көкірегіне қысып дікектеп тұрған әйелге Еламан көз салмады. Дала тастай қараңғы екен. Жел бағанағыдан да қатая түсіпті. «Мұзды қуып кетпесе қайтсін?»

Еламан ішке қайта кіргенде Ақбала шамды сөндіріп, жатып қалған екен. Еламан иығындағы тонды іргеге тастай салды да, сыртын беріп теріс қарап жатқан Ақбаланың жанына қисайды. Көзіне ұйқы оралмады. Есіне бәйгі күрең түсті. Арысы – Түрікпен, берісі – Адай, Табыннан келген сүйегі асыл жануар! Кәлен ұрымен қос болғалы Кұдайменде мен Тәңірбергеннің жылқысында осындай қыл құйрық жүйріктер көріне бастады. Әкесі пақыр аты нашар боп сорлады; әйтпесе, бірме-бір шайқаста Абыралыға алдырмас еді. Араларында баяғы, ерте кезден кикілжіңі бар екі ауыл Ақмарқаға қатар қонды. Малды, жанды ауылдың әпербақан жігіттері жер жетпей, жайылым үшін қырқысатын, кейін ауыз суға іштарлық қып, құдық басына барған қатын-баланы сабап жіберетін болды.

Сол күні де бай ауылдың сотқар жігіттері бұлардың азғантай малын суартпай, құдық басында екі жақ кеуде тіресіп тұрып алды. Келісімге келе алмай, ақыры екі жақ атқа қонды. Абыралы – найзагер. Атқа да тақымы мықты. Науан әп-сәтте бай ауылдың екі жігітін ұрып жығып, енді жер түбінен зығыры қайнап жүрген жауы – Абыралының өзіне тап берді. Қолындағы қару – бұзау тіс қамшы; осындай төбелеске лайықтап, өзегіне қорғасын құйған. Бірме-бір ұрыста бұ да көк сүңгіден кем түспейді. Ол тек әлгі алас-қапаста белді ат қолға түспей, белдеуде тұрған үркек, жел қуық байталға жайдақ міне сала шапқан-ды. Екі жау айқаса кеткенде желқуық байтал нақ бір табан тіресер жағаласта жалт беріп басын ала қашты. Осы сәтті күткендей, анау да астындағы атын бұның ізіне салып жіберді. Ә дегенше алымды ат сыпыртып жетіп барды. Абыралы аттың басын ірікпей, көк сүңгіні қатарласа бере Науанға қос қолдап салған бойы ағызып өте шықты; бірақ ат үстінен аударып түсіре алмай, найзаның ұңғысы омырылып, бір тұтам мұздай темір Науанның сегізкөзінде кетті. Науан ат басын бұруға шамасы келді. Есік алдында еңіреп құшақтай алған жас келіншегінің қолына құлап түсті. Қан шаптырған бүйірін қос қолымен басып мықшиып отырып, кішкентай Еламанын бауырына қысып: «Сорлы жетімемім!.. Ендігі күнің не болар?..» – деп еді, сонан артыққа шамасы келмей, жаны шыққан дене сылқ етіп құлай кетті. Жас ана жесір қалды. Өздерінің абызынан шығарғысы келмеген ағайын-тума жесір әйелді тасқұлақ керең шалға берді. Бір жыл өтпей, анасы қайтыс болды да, жетім бала бай ауылдың қозы, лағын бақты. Ер жеткесін жеті жыл Құдайменденің жылқысын бақты.

Бір жолы кешкісін жылқыны серігіне тапсырып,

Көлқора табанында отырған Сүйеу қарттың ауылына қонып келуге кеткен-ді. Әкесі көзі тіріде Сүйеудің бесіктегі қызын кішкентай Еламанға атастырып қойған-ды. Өзін Сүйеу қарттың бөтен көрмейтін сыңайын байқаған жігіт орайы келгенде із суытпай барып тұратын-ды. Бұның сорына, сол күні түнде Құдайменденің жылқысына қасқыр шауып, Аяққұмдағы құдасынан алған жүйрік атын жарып кеткен-ді. Хабар тиген бойда Құдайменде бір топ жігітпен жылқышы қосына сау ете қалды. Еламан «Ассалаумалейкум» деп қос қолын соза беріп еді, Құдайменде:

– Әй, ит! Сен үйірге салатын айғырым ба едің? Сен менің жылқышым бола-туң, – деп ақырып, Еламанды камшымен қақ бастан тартып жіберді.

Еламан атына қарғып мінді. О да атын омыраулатып, тебініп қалғанда, Құдайменденің қасындағы жігіттер жібермей, жолын кес-кестеді.

– Әй, Құдайменде!.. Жылқың эне! Мен кеттім. Дүние кезек. Күнім туса, көрермін, – деді де, Еламан ат басын бұрып, құйындатып ала жөнелді. Теңіз жағасынан промсол ашып жатқан бай орысқа жалданды. Қазақ арасында бірде Шодыр, бірде Тентек Шодыр атанған Оралскі байы зәті қатты кісі. Әсіресе, қарауындағыларға қатал. Орыс-герман соғысы басталды да, балықтың бағасы күрт көтерілді. Енді орыс байы да бұларды бел шешіп отырғызбай, күн, түн қуалап, әбден ақиық боп жүр еді. Тек, мұз қатар алдындағы аз ғана күн абыржыда амалсыз. Бұлар да абыржының осынау аз күнін пайдаланып, жағалаудың кілегей көкше мұзына бір тартым, жарым тартым ау салып, үй ішінің күнделік нәпақасын айырып жүргенді...

Еламан бұл түнді ұйқысыз атырды. Тек таң алдында талықсып кеткен-ді. Жел тұрыпты. Жағалаудың жынды желі шырт ұйқыда жатқан ауылдың үстінен аса соғып әуіріп тұр екен. Жапқысы жоқ бір мойын пештің көмейі гүрілдеп, үй іші ызғып кетіпті. Түнімен сыртын беріп жатқан Ақбала тоңғасын бұған бұрылып, бар денесімен бауырына кіріп жабысып апты. Қолы, аяғы мұздай. Еламан құшақтай алды. Түндегінің бәрі есінен тарс шығып кетті. Бұлар қазір күнде осылай төсекте табысатын боп жүрген. Бойына бала бітіп, денесі толыға бастағалы Ақбала да күн санап екеуара жатқан төсектің көбін ала бастады. «Босануға қанша қалды екен?» деп ойлады Еламан. Өзінен сұрауға бата алмады. Қазір ана жатырындағы баланың бойында бар мүшесі түгел. Құдай қаласа, енді екі айдың о жақ, бұ жағында... «Ары жат, қысып тастадың» – деп, құдды ашу білдіргендей, әлде бір бітімсіз дене бұның дәл Ақбала жақ бүйірінен бүлк-бүлк етті. Еламан шапшаң серпіліп, ары ысырылып жатқанын сезбей қалды. Ет-бауыры соншалық елжіреп кетті Бұрын-соң татпаған, мүлде беймәлім ыстық сезімнен жүрегі шым етті. Көрмейсің бе, әлден тірілігін танытып, тыпыршып жатқан мына кішкентай немені бауырына қысқысы кеп кетті. Қарап тұрып жылады. Соған өзі қысылып, күліп басын шайқады. Тез киінді. Есіктен шығар жерде соңыра үйге асымдық балықты салып әкелетін қапқа еңкейіп қолын соза беріп еді, отын үстінде жатқан ақ тушадай қоянға көзі түсті де, қолын тартып алды.

* * *

Балықшы ауылға қадірлі қария – Есбол келді. Кезінде ел арасының сөзін ұстаған кісі. Рай мен

Еламанға жақын туыс болған себепті баласы жоқ, жетім шал бұл екеуін сағалайды. Жылда осы кезде бір соғып, Райдың үйіндегі бастас жеңгесіне сыбаға әкелетін. Осы жолы ұйткен қой әкелді. Рай қарт әжесіне тұтас қойды бұзып, жары етін қазанға салды да, көршілерді шақырды.

Ой, несін айтасын, балықшылар көңілді! Ет иісімен куана дем алып, үйді басына көтере қауқылдасып жатыр. Қыс – аязда, жаз – ыстықта, өмір бойы бір ыстық, бір суықта жүріп шыныққан, шетінен сіңір қара шойдым. Күлсе де, сөйлесе де, құдды қу қайық секектеген көк долы теңізде жүргендей, ауыз тола аппақ тіс ақсиып, бірнешеуі бірден самбырлап сөйлеп кетеді. Осы қазір де мұз үстінде балық бөлісіп жатқандай гу-гу, ду-ду... Олар мына жақта осылай дуылдасып жатса, ал ана жақта бұрқ-сарқ қайнаған қазан маңында бір топ қатын пыш-пыш... шу-шу... Ара-арасында ақ жаулықтар екеу-екеу, үшеу-үшеуден түйісіп қалады. Кейде үш, төрт жаулық түйісіп, сыбыр-сыбыр, пыш-пыш:

– Ақбала қайда, пыш-пыш. Бетім-ау, оған не болған, пыш, пыш... шу-шу...

– Қойшы әрі! Қайтесің ол бишараны...

– Иә, ол байғұста не сын бар, тұңғыш көтерген баласы. Күні толғасын аяғы ауырлай береді ғой.

– Адыра қалсын! Кеше емес пе еді, сері жігіт келгенде желдей есіп, аяғы аяғына тимей кеткені? Бір үйден кесе, бір үйден дастархан, бір үйден табак жиып, есімізді алып біткен жоқ па еді? О, жүзіқара! О, қарабет!..

Мосқалдау бір әйел Қарақатынды түртіп қалды. Дереу Еламанды ымдап, ернін тістеп «қой» дегендей ишара етті. Еламан ана жақта әңгімеге араласпай,

тұйық отыр. Қалғандары сол баяғы гу-гу... ду-ду!..

– Биыл мұз кеш қатуға қарады-ау, – деді біреу.

– Иә, ашқа тартқан кешке тартады, – деді екінші біреу.

– Қайта, басат-басат ұстасып, абыройыңды жауып тұр ғой.

– Есеп бар ма! Мен бүгін қаяз ұстадым. Бұйырған деген, аудың жалғыз көзіне сағалынан ілініп тұр екен.

– Ау, ол неменің асау болатыны қайда?

– Жазда ғой, қыста, тәйірі, балықта қауқар қала ма. Жалғыз көңгеге ілінсе, тырп етпейді.

– Балықтың ішінде, жарықтық, бекіре ғой жуасы. Қойға мінетін көбең тұғырдай қолға тұра береді.

Ертеден бері үнсіз отырған Мөңке осы арада басын көтеріп алды.

– Қой әрі! Аузы төмен қарағасын қасқайып жүр. Әйтпесе, аузына түссе аяйын деп жүрген ол жоқ. Ақылсыз, әумесер неме ғой.

Есбол шиқ-шиқ күлді. Ол Мөңкені баяғы бала кезден біледі. Ел қыдырып жүріп, бір жолы біраз адам түстеніп отырғанда бұлардың үстіне аласа, бірақ шойыннан құйғандай сом тұлғалы қара бала кіріп сәлем береді. Сонда оған жұрттан бұрын Есбол назар аударып: «Әй, мынау қай бала? Бадамшасын-ай өзінің. Қамыс арасында жүретін қара көлдің кәдімгі тоқпақ бас қара мөңкесіндей екен» – деп, жұртты ду күлдіріп еді. Аузы дуалы қарияның сол айтқаны елдің есінде қап, Рәбіл баланың атын жұрт әр саққа шаптырып: «қара Мөңке», «тоқпақ бас Мөңке», «балықшы Мөңке» деп, ақырында Мөңкеге тоқтап еді.

Мөңке ерте үйленді. Қара тырыспай жылы жастай өлген ағасының үлбіреп отырған уыздай келіншегін ағайындары басып отырып зорлап әперіп

еді. Жеңгелей алған әйелден он бала көрді. Тек қолы құтаймады. Соның көбі аяғы шығар-шықпаста бірі қызылша шығып, бірі өкпесіне салқын тиіп, Әлиза көтерген тоғыз құрсақ қазір түгелдей қара жердің астында. Ата-ананың қолында қалған соңғы алданыш – оныншы бала бір айдан бері ауру. Есбол қария қара жұмысқа болдырмайтын қара білек қайратты жігіттің кәзір кәдімгідей қажары қайтып, моқап қалған сынық жүзіне аянышпен көз салып отырып: «Пұсырдан қалған жалғыз із, соңғы зурият! Ойдәйт десейші!..» – деп, басын изеп-изеп қойды.

Мөңке асқа қарамады.

– Қара білек, мықты жігіт!

– Иә, рас. Кейде осы имансызда жан жоқ па деп қалам. Ертеден қара кешке мұз ойғанда, бұл заңғар бір терлемейді-ау.

– Тесік өкпе ғой! Өзін тек бала мұқатып жүр. Жылына бір баласы өледі.

Ет асқан тай қазан сарқылдап қайнап жатыр. Қазан маңында жүрген бір әйел Райдың қарт әжесіне тұзын көр деп, зеренге сорпа құйып берді. Сорпа ішінде тіске жұмсақ бір жапырақ ет бар екен, кәрі әже соны қызыл иегімен қажап, қос ұрты бұлтылдап, жұта алмай отыр еді.

– Ассалаумағалейкүм! – деп, біреу кіріп келді. Онымен бірге ішке лап берген мұздай желден есік жақта тұрған соқыр шам сөніп, үй іші тастай қараңғы болды да қалды

– Уа, бұл қайсың?

– Өзіміз. Ауылдан тайлақ іздеп шығып едім...

Балықшылар ду күлді.

– Е, дегендей. Тайлағыңды тай қазанға былқытып асып жатырмыз.

– Әй, шам жақсаңдаршы!

Шам жанып, жұрттың бәрі әлгі тайлақ іздегенге қарап еді. Ақ сеңсең тымақ астынан тұздай көк көз, сары сақал, сары кісі ылжырап күліп тұр екен. Үстінде ақ тері тон. Белін кендір арқанмен көкірек тұсынан шарт буып алған. Қаратаздың есігінде жүрген жалшы Жалмұрат. Ел іші оны реңінің сарылығына қарап «орыс Жалмұрат» деп атайтын.

Балықшылардың алдына ет келді. Жаңа ғана үйді басына көтеріп қауқылдасып жатқан жұрт демде үні өшіп, үй іші тына қалды. Тек Рай:

– Жалеке, бұйырған малға тіс тисін. Кәне, кел, тайлағыңның етінен ауыз ти, – деді күліп. Астан кейін балықшылар Жалмұраттан: «Аулыңда келді-кетті не бар?» – деп сұрап еді, Жалмұрат кірпігі жыпылықтап:

– Бай, бәйбішеден... олар... олардан басқа кісі-қара көзіме түспеді, – деді де, іле-шала, – бай... бай үйінің тайлағы... сол жамалдатқыр, күнде мал қоралар кезде жоқ боп шығады...

– Судыр Ахметтен сұрауың ғой. Ол байғұс сені талай ізге салар еді-ау!

– Әй, қысыр әңгімені қайтесіңдер! Жалмұрат қарағым, аулыңда қандай жаңалық бар? Болыс кім болды?

– Жаңалық... жаңалық бар болса, бар шығар.. Мен, бірақ, сары тайлақ жоғалып... Өзім басым қатып...

Балықшылар тағы да ду күлді. Айрықша, Рай мәз. Ішегі үзілгенше күлгені сонша, әлі күнге ағасына балаша еркелейтін жас жігіт қасындағы Еламанның иығына асыла құлай кетті:

– Сендер... сендер қызықсыңдар. Жәлекеңнен әңгіме сұрап қайтесіңдер. Онан да сары тайлақты сұрасаңдар, әлқисса ғып жырлап берер еді ғой.

Бүгін болыс сайлайтын күн болғасын бұл жақтағы жұрт құлақ түріп отырған-ды. Жалмұрат кеткесін балықшылар қайта қауқылдады. Бірі – осы сайлауда Құдайменде болыс болады деді. Екіншісі – Торжымбай руының жуаны Ожар Оспан шаппай бер деді. Ояз алдында Құдаймендеден гөрі соның абыройы басым көрінеді десті. Оған аналар көнбей, үй іші даурығып, абыр-сабыр бола бастап еді. Кәрі әже құлағын басып:

– Әй, өңшең шуылдақ! Кім болыс болғанда сендерге ауыр-жеңілі не. Бір ел жақсысы болар – деп еді, ертеден бері үнсіз отырған Еламан басын көтеріп алды:

– Әй, әже-ай! Өзіңнің баяғы кәрі көңіліңмен ел жақсысы дей бересің! Елде жақсы қалды ма? Қазір жаманның бағы өрлеп тұрған жоқ па? Араларынан әлде қалай бір жақсы шығып, бағы артып бара жатса, бәрі жабылады. Су түбіне батырғанша асығады. Үйтпей қайтсін, жақсының қасында жүрсе, жұрт оның жамандығын күнде көрер еді ғой.

Есбол қария кеудесіне түскен басын изеді.

– Иә, ел жақсыларында пиғыл бұзылған. Жаман тымағын миқитып киеді. Жаман тұғырға жарбиып мінеді. Қосшы-қолаңын ертіп, жемтік аулаған құзғындай жүр ғой ел жағалап. Оу, осыдан басқа кәсіп қылмаған жақсыда қасиет қала ма? Қатын-баланың қамын жемей, аузындағы асын тартып жеп жүр ғой! Ойдай, заман-ай! Сорлы елге содыр басшы тап келіп, титықтап тұрмыз ғой, қалайда.

Төңкерген кесенің түбіне май құйған сығыр шам иістеніп, түтеп жанып, аласа жерқазбаны алакөлеңкелеуге ғана жарап тұр. Үй іші лық толы. Төрде – қонақ шал. Басында – қара сырмақ тақия. Ақ жаға көйлектің сыртынан қара зәгірен бешпет киген.

Біреуге тіктеліп тіл қатқанда болмаса, қалған уақытта дәл бір тас басына қонған кәрі күшіген тәрізденіп тобы кішірейіп, аққұйқа басы кеудесіне түсіп, мүлгіп отырғаны. Еламан атасының мұншалықты қартайып қалғанын бұрын неғып байқамағанына таң қалды. Теңіз жағалауындағы томар бояуға бояған шолақ сары тонын киіп, тымағын алып тұрды да жүре берді.

Балықшылар қыбыр етпеді. Рай да үнсіз. Осы ағасы біртүрлі: әншейінде, ауыл-үйдің әңгімесінен бойын аулақ ұстап, түкпен ісі жоқ адамдай ештеңеге араласпай, өзімен-өзі жүреді. Жуас. Жұртта ылғи есесі кетіп, ең аржағы кеше бай ауылдың жас мырзасына есесі кетіп, қойнындағы қатынына дейін басына шығарып алғандай көреді. Еламан кеткесін қалғандар да кідірмей, бір-бірлеп тарай бастады. Есбол үй оңашарғасын бастасына бұрылды. Кемпір өзіне оңашалап айтқысы келген әлі де бір әңгіме барын аңғарды да, кимешек астынан құлағын шығарып, бастасына қарай ысырылып отырды.

– Мырзанды үйлендірмейсің бе? – деді Есбол.

Кемпірдің түсі кіріп қоя берді.

– Баяғы сендердей дейсің бе, осы күнгі жас не істесе де ойласпай істейді ғой. Сүйтсе де, бала-ау... – деп, Есбол қайнысына қарай тағы да бір ысырылып, жақындап отырды да, жаулығының шетімен аузын басып, дыбысын шығармай тұншыға күлді. – Сүйтсе де, байқаймын... баланың көңілі ауып жүрген бір сайқал бар.

– Қатын ба?

– Жоқ, қыз. Бірақ, бала-ау, анау-мынау қатынға бергісіз.

– Не дейді?

– Шошыма! – деп, кемпір жүзіне жылы нұр теуіп

жымындап алды, – ол қызды сен де білесің. Мөңкенің әйелі – Әлиза бар емес пе?.. Иә, соның сіңлісі.

– Ау, оның Әлібидің кіші қызы болды ғой?

– Иә, сол! Сол... Ұлы болмағасын, Әліби осы қызын кіп-кішкентай... қаршадайынан еркек бала қып киіндірмеді ме. Өзі де пысық. Еркек балалармен ойнап, алысып жүріп өсті. Күрессе – күресті. Аттың құлағында ойнады. Күрессе – жықты. Ат жарыста – қатарының алды болды. Өлі күнге еркекшора. Сол үйдің бетке ұстап отырған азаматы.

– Ә-ә!..

– Сол айналайын, нәсілі – қыз екенін біледі. Оны жұрттан жасырса да, оңашада құлағыма сыбырлап маған айтады. Несін айтасын, оты бетіне шығып, жарқылдап тұрған бала.

Осы арада ерке қыздың бір мінезі есіне түсіп, кемпір күліп жіберді. Сүйтіп отырып көзіне жас кеп, кимешегінің шетін іздеді:

– Осында жиі келеді. Домбыра тартады. Ән салады. Кейде мойнымнан тас қып құшақтап, құлағыма сыбырлап: «Әже!.. Әжеке, саған келін болайын? Мені жібермеші», – деп қиылады. Енді қайтейін!

Есбол дыбысын шығармай, шиқ-шиқ күлді.

– Қой, сен де бұзылайын деген екенсің, – деді де, Есбол іргеде жатқан шидем күпісін ұстай түрегелді.

Кемпір онан қалмай, есікке дейін еріп барды:

– Жыныстасың ғой! О баланың Еламан екеуіңнен басқа кімі бар. Ақылыңды айт! Құлағына құйып кет. Не ойлап жүргені бар екен?

Есбол қария қоламтада тұрған құманды алып тысқа шықты.

Ауру бала әл үстінде. Бүгін түс ауа қол-аяғы мұздады. Құр қаңқасы қалған кішкентай кеудеде тыныс сарқылып, әке-шеше үмітін үзіп барады. Талай баланы кара жерге беріп, зәрезап боп жүрегі шайлығып қалған анада зәре жоқ. Дауыс салуға Мөңкеден қаймығып, баланың бас жағында үнсіз егіліп отыр.

– Әлиза, мықты едің ғой... Шыда!

Әлиза бұрын да тоғыз баласын жерлеген әйел: алты ұл, үш қызы ауыл сыртындағы кара молада. Енді, міне, бұлардың соңғы алданышы... қырықтан асқанда көтерген сүт кенжесі... Соңғы шырағы сөніп барады. Ішке Әліби кірді. Онсыз да өзін шаққа ұстап отырған Әлиза әкесін көргенде аңырап, құшақтай алды.

– Құдай-ай!.. Не пиғылымнан таптым?

– Балам, шаршаған шығарсың... Шыда. Сабыр ет. Алланың салғанын көрерсің.

Әліби қызын қолтығынан сүйеп апарып, төсегіне жатқызды. Жанынан көлдей үлкен ақшыт орамал алып, көзін сүртті.

– Балам, бекем бол!.. Құдайдың салғанын көрерсің – деп, қызын жұбатпақ боп отырып, көңілшек шал қосыла жылады. Сосын өзінің осалдығын жуып-шайғысы кеп, – біздің үйдің тентегі ере келмек боп еді... – деді.

Бұл үй таң атқанша кісіден құр болмады. Ел жата Есбол, Еламан, Рай келді. Кейінірек Дос келді. Өзге балықшылар да келіп кара көрсетіп жүр. Олар кешелі-бүгін Мөңкені ауру бала қасында қалдырып, ауын қарап қайтқылары кеп еді. Оған Еламан көнбеді. Ауру жанында езіліп отыра бергеннен гөрі оның қайта бір

мезгіл мұз үстіне шығып боп бой сергітіп қайтқанын жөн көрді. Осыған пәтуа басқан соң Еламан таң біліне қасына Мөңкені алып теңізге шықты. Рай, Дос, Құлтума қосылды. Құлтума қоңсылас отырған Қабак руынан. Оның ішінде Уақ деген аз ағайын. Күнкөріс қиындағасын ол биыл кәсіп іздеп, қатын-баласын ата қоныста қалдырып, салт басы сыбай келді. Қол жұмысына қабілетсіз, бірақ айтқанды қайт етпейтін елгезек. Үлкен-кіші алдында елпілдеп тұратын кішкентай, қағілез жігіт. Ептеп әңгілеу. Өлең айт десе, іркілмейді. Домбыра орнына көзгелдек сұрап алып, аузын желпіп отырып, жіңішке даусы безілдеп, бебеулей жөнеледі. Сондағы айтатыны:

Шөп те өлең, шөңге де өлең, өлең де өлең,

Шоқытып көк есекпен желіп келем.

Ой қасқа,

қасқа, қасқа,

қасқа, қасқа...

Басында көк есектің кендір нокта,

Көк есек барың болса, ырғалақта,

Ой, қасқа,

қасқа, қас-қа...

қасқа-қасқа...

Балықшылар ду күлді. Мұз үстінде де олар қол қалт еткенде оған «ой қасқаны» айтқызып, мәз болатын. Бүгін онан тыйылды. Бәрінің бағатыны – Мөңкенің қабағы. Оның қолы жұмысқа бармай, күні бойы жүзі сынып, қайғыға уланып жүргені жандарына батады.

Бүгін ауға балық тәуір түсіпті. Асымдықтан ауысқан бес-он қадақты гірге өткізгісі келген балықшылар күн кештете бір-бір ит шана сүйретіп промсолға тартты.

Қарын үрлеп тастаған көкше мұзды тайғанақтап басып қауқылдап келеді:

– Байқадындар ма, балық аудың тайыз басына түсіпті-ау.

– Апыр-ай!.. Не қылса да, кешелі-бүгін балық тайыздан соғып тұр.

– Ой, қыстағы балықта мәлім жоқ. Қашан арқасын мұз, бауырын қайыр қаққанша жосып тарта береді.

Бұлардың ілгергі жағынан, биік нар шоқалақтарға арқасын тіреп салған аппақ үш үй көрінді. Балық тапсыратын промсол осы. Олардан сәл берігіректе шомдап буған қамыстан іргесін тұрғызып, қара балшықты әншейін қара қотырлап ұра-ұра салған алқа бел ұзын сарай – бұл балық тапсыратын мұз қала. Іші көлдария. Сырттан кірген кісіге шикі балықтың шырыш иісі лап береді. Қыс түгіл алты ай жазда да мұз қаланың сонау күн түспей, қара кеугімденіп тұратын түп жағынан кісі тәні түршіккендей ызғар айықпайды. Сол жақтан балық сойып жатқан әйелдердің жаулығы ағараңдады. Сырттан дабырлап сөйлей кірген балықшылардың даусын есіткен бойда мұз қаланың түкпірінен еңгезердей біреу шықты. Бұл – Федоровтың бөдіретшігі Курнос Иван. Федоровтай емес, бұл балықшыларға әрдайым іш тартқансып, алдынан жайраңдап күліп шығады. Осы жолы да:

– А, Еламан!.. Еламанушка – деп, анадайдан арсалаңдап күліп келе жатқан-ды.

– Әй, байқайсың ба, мынауың өкпесін қолына алып қойталаңдап келеді ғой, – деді Рай.

– Осыны қойшы! Не бауыры бітіп барады дейсің. Бес-он қадақ балығың да көңілін босатып келе жатқан, – деді Еламан. Ішке кіргесін әлгі арсалаңдаған кәржік мұрын қараны көзіне ілмей, әлде кімді іздегендей алақтап жан-жағына қарады. – Сары бала қайда?

– Андрей ме? Осында, – деді Курнос Иван.

– Балықты қабылдамай ма?

– Мен қабылдаймын. Кәне, бері жүріңдер!

Мынаның жалақтаған түрі Еламанға ұнамады. Өздерінің жазу-сызуға шорқақтығын пайдаланып, балықты ылғи кем жазады. Оған қайырылмаған Еламан мұз қаланың түп жағындағы үлкен есікке кіріп кетті де, іле-шала шашы жалбыраған ұзын бойлы ақ сары жігіт екеуі күліп шықты. Бұл – осы промсолда қара жұмысшы. Қыста мұз қалаға мұз үйеді. Балық қабылдайды. Жазда балықты ыстайтын да, тұздайтын да осы.

Андрей жайраңдап келді де балықшылардың мұздай қолын бір-бір қысты. Сосын Еламанды былай шетке оңашалап алып шығып:

– «Мөңкенің бәрәшүгі қалай?» – деп сұрады.

Бұлар азын-аулақ балықтарын тапсырып, сыртқа шыққанда, анадай жерде бір топ қара киімділер тұр екен. Ішінде промсол ұстайтын бай орыс. Қаталдығына қарап, бұл өңір оны «Тентек Шодыр» дейді. Жылдағыдай емес, биыл күз жел-құзды болды. Мұз қатпай, абыржының аяғы ұзаққа созылып, балық дұрыс ауланбады, осы күндері онсыз да ұрынарға қара таппай жүрген-ді. Бұндайда Еламан оның көзіне түспеуге тырысатын. Көріп тұрып соқпай кетудің тағы да ретін таппағасын амалсыздан қорқа-қорқа барып еді:

– Ну... балық қалай? – деді Шодыр.

– Қырсыққанда, мұз...

– Немене, балық жоқ па?

– Аз.

– Аз?

– Ие, аз. Кісі басына қырық-отыз қадақтан тапсырдық.

Федоров сөніп қалған трубканы күреккей шеңгелімен сығымдап ұстапты. Онсыз да тертедей серейген аяғына ұзын қоныш етік киіп, қара жерді әр кездегідей нығарлап, шірене басып тұр екен.

– Көріп тұрмын, азғантай балықтың жарым-жартысын өздерің әкетіп бара жатырсыңдар...

– Тақсыр, асымдық...

– Бұл жаққа мен иман іздеп келгем жоқ. Ендігі жерде менен ұлықсатсыз бір шабақ алмайсыңдар.

– Тақ-сыр... бұл қалай?

– Солай! Қашан көп балыққа кенелгеше, жалғыз шабақ... есіттің бе, сыңар шабақ алмайсыңдар Үйлеріңе алып бара жатқан ана балықты тапсырыңдар!

Еламан осы орыстан қорқатын. Оған кездескенде назарын тіктемей, көзін төмен сала беретін. Осы жолы әдеттегі именшектігін ұмытып, орыс байының оқтай қадалып өңменінен өтіп бара жатқан көзінен тайсалмай, безеріп алды да:

– Жарайды, тақсыр, – деді де, бұрылып жүре берді. Анадай жерде өзін тосып тұрған балықшыларға бара сала Мөңкеден басқаның балығын түгелдей лабазға апарып төге салды.

– Еламан, қарағым-ау, мұның не? Бала-шағамыз аш жата ма?

– Менде не тұр. Ана сары сайтанға айт.

Орыс байының анадай жерге ұзап кеткенін көрген Құлтума күшке мініп, едіреңдеп шыға келді.

– Әй! Әй, мені жаратқан жалғыз құдай қарашекпеннің байы емес еді ғой. Бұл қай қорлағаны? Жібер қолымды!

– Өшір үніңді. Жүр-р!..– деді де, Еламан кішкентай қагілез жігітті дедектетіп сүйрей жөнелді.

Күн екіндіге тақау еді. Салт атты біреу Бел-Аранның кезіне ілікті. Өкше ізі – Көлқора. Астындағы кара білек мықты торы ат қатты терлеген. Омырауын қырау шалып, тықыр түгі тегіс қылаңданып бусанып алған. Сонда да жүріске берік. Бел-Аранның кезіне ендікпей сыдырып шықты. Осы арада ат үріккендей қос құлағын тігіп, өкпе тұста қалып бара жатқан оба тасқа оскырына қарады.

Шидем күпілі, сеңсең тымақты, бұжыр кара кісі ат үріккен жаққа жылан көзін жылдам тастады да, тізгінін тежеді. Бел-Аранның кезіне шыққанда бар өңір әр кездегідей көз алдына жайылып сала берді. Айрықша, Бел-Аранның ығында отырған төрт-бес ауыл түп-түгел көз алдына келді: иек астында – Пірмән, Шірмән. Онан әрегіректе, биік жар кемердің ұшар басында – балықшылар аулы. Ал, олардан гөрі әрегіректе, теңіз жағалауындағы ығы мол нар шоқалақ арасында – Әліби қыстауы. Судыр Ахметтің қыстауы да сол маңда.

Ал теңізден былай, қырға қарай шықсаң – шағыл құм – Ақбауыр жатыр сұлап. Құм арасында құдық көп, шөбі шүйгін қау болғасын Абыралыға қараған бай ауыл қыстауын осы құмның таудай, таудай, нар шоқалақтардың ығына арқасын тақап салғанды. Кешкі тымықта бай ауылдың түтіні аспанға тік шаншылып, суыт келе жатқан жолаушыға көш жерден «мен мұндалап» тұрғандай. Осы жақтан үрген иттің даусы естілді. Қораға қамаған қойлар маңырап, сиырлар мөңіреп, түйе боздап, малды, жанды ауылдың әдеттегі дағдылы әбігерін танытты.

Әне, тай мінген бір бала төбе басына шауып шықты. Тайдың басын кілт тежеп, айнала өңірге көз тастады. Іздеген жоғын көрді ме, құнжындап тайдың басын бұрып, теңіз беттегі бұйратқа құйғытып шаба жөнелді.

Жолаушы ат басын Ақбауырға бұрды. Өзі аса ірі. Екі тізесі аттың екі құлағын қаққандай. Күпінің ұзын жеңінен қамшы ұстаған қолы көрінбейді. Шидем күпілі сом дене ерге құйып тастағандай. Сонан күн бата бергенде салт атты жолаушы биік ақ шоқалақтың ығына арқасын тірей отырған бай ауылдың шетіне ілікті. Бір атадан тараған бұл ауылда асыранды итте есеп жоқ. Үй басына бес-алты маң төбет. Дорбауыз қайың қаптал мен қасқыр алатын дегдар тазыны аталас жігіттер бір-бірінен асырғысы келгендей, бәсекелесіп асырайтын. Осы ауылдың итінен қорыққан көршілес ағайынның қатын-баласы аяқ баспайды. Ер жүрек жігіттер де бұл ауылдың қызын оятам деп дәме қылмайтын.

Жолаушының қарасы көрінгенде шеткі үйден сак құлақ, ақ қаншық шәу етті. Сол екен, әр үйден он-ондаған ит шығып, арсылдап аттылы кісіге ұмтылды. Бірақ, мынау айылын жияр емес. Кең күпінің мол шалғайын қымтап, тақымына басып алды. Сосын дойыр қамшыны қолына қымқыра ұстады да, бұлаң құйрық бүлкекпен ел шетіне кіре берді.

Ат басын туралаған еңсесі биік үйдің есік жақтағы екі терезесінен от жылт етті. «Ә, Алдекең ауыз ашуға отырған екен», – деп ойлағанша болмай, шұнақ құлақ, күж қара төбет аттың мінер жағынан арс етті. Жолаушы бұрылған жоқ. Әншейін жасқай салғандай, қамшысын сілтеп еді, қара төбет қайтпады. Кісіге шапқандағы машықпен алдыңғы аяғын аттың сауырына тіреп,

жолаушығаың сырт жағынан арс етіп шапши берген-ді. Жолаушы бұл жолы әлгіден гөрі қамшыны қаттырақ сілтеп қағып жіберді. Қамшы иттің қақ тұмсығына тиіп, қара төбет тымақтай ұшып түсті. Арсылдаған көп иттердің ішінен тайдай қызыл қайың қаптал бөлініп шықты. Ауыз толы тісті ақсита ұмтылып еді, жолаушы оны да бір қағып ұшырып түсірді де, жөніне тарта берді. Сосын қой қораны сыртынан айналып өтіп, әлгінде екі терезеден от жылт еткен үлкен үйдің алдына атын байлады.

– Кеш жарық! – деп ішке кіріп келді.

– Уа, қай баласың?.. Ә, Кәленбісің. Көзім көрмей жатыр. Сені сирағыңнан танимын. Құста көкқұтан, адамда сен сирақтысың ғой – деп, бурыл сақалды, бұғақты семіз қара шал қолағаштай тұмсығын көтеріп кенкілдеп күлді де, сыртында жатқан қос жастыққа шалқалап құлай кетті.

Бұл Құдайменде мен Тәңірбергеннің ағасы – Алдаберген софы. Кеше осы елдің тері-терсегі мен жүн-жұрқасын жиып сауда-саттық істеген кісі. Қалтасы қалындаған бір кезде болыстыққа таласып, қыруар малды желге шашып, ақырында жер соғып қалған. Сонан бері тәубаға кеп, дүниеуи әңгімеден тыйылып жүр. Өзінше тақуа. Софы.

– Ау, шалғайың жыртылмапты ғой! Әлде ауыл адамының біріне ілесіп келдің бе? – деді Алдаберген.

– Жоқ, өзім келдім.

– Апыр-ау, нанайын ба, жоқ па? Ана үйлердің иті болса бір сәрі... бұл ауылға келген кісіні біздің үйдің Аламойнақтары шаужайдан бір алып қалатын еді ғой. Аузы іліксе, Аламойнақтар арыстан ғой! Онсын аузында кісінің саны кетеді, не шалғайын әкетеді, уа, ха-ха-ха!

Кәлен мырс етті. Аулына келген кісіге баласынан

бұрын итін мақтайтын бұл әулеттің әдеті.

– Шыныңды айт, жасырма!.. Аламойнақтың тісі қай жеріңе тиді?

– Әй, Алдеке-ай, күшігінен асырағасын дәріптей бересің ғой. Әйтпесе, Аламойнақ дегенің де ала күшік емес пе? Күшік кісі қауып не қиратсын.

– Тәубе!.. Тәубе!.. Сұбыхан Алла! Саған дауа болмас.

Кәлен сараң шалдың жоғары шық, дәм тат деп айтпасын білді де, есік жақтан кеткісі келді. Самауыр жанында шайқұйып отырған жас келіншек – Алдаберген софының былтыр үйленген, ел арасына «Ақ туша» атанған үшінші әйелінің жанында жатқан тері тулаққа тізе бүккен-ді. Аяғында – бітеу бас байпақты етік. Үстінде – шидем күпі. Бұл өңірдің үлгісінен бөлек тігілген жалпақ төбе, елтірі қара тымақтың бауын иегінің астынан шарт байлап алған екен. Тымақтың жалбыр жүнінен Кәленнің бұжыр қара беті жарылып көрінеді. Бауырсақ шайнағанда қалың тымақ астында шықшыт сүйегі бүлкілдеп, қасы, қабағы қозғалып, бір сондай қатты ынтымақ, қауырт қимылды танытқандай еді. Алдаберген оған шошына қарады. «Оңаша жерде кездесе, мынау ... мынау ұры кімді де аямас».

Кәлен бұнда айналмай, тез шықты да, енді тура Құдайменденің үйіне барды. Алдаберген софыдай емес, Құдайменде қонақасыға мырза. Әсіресе, пейілі түскенге ағыл-тегіл. Күні бойы аттан түспей, қарны ашып келген Кәлен осы үйден асқа тоятынын біліп келген-ді. Неге екені белгісіз, Құдайменде сәлемін салқын алды. Және бұған сыртын беріп, теріс қарап отырған күйі ысылдап-пысылдап етігін кие бастады.

– Бір жаққа жүргелі жатырсың ба? – деді Кәлен.

– Шаруа бар. Ал, кәне, маған не айта-туң?

– Әңгіме көп. Тек, көңіліңді аулап сөйлейін бе, әлде ащы да болса ел арасынан көріп, біліп келген шындықты айтайын ба?

Құдайменде бір етікті аяғына киіп, екіншісін енді кигелі қолына ұстай берген-ді. Ту сыртында отырған Кәленге ол бар денесімен біржолата бұрылып:

– Әй, сенің нағашың Қарабас Кәрібай еді ғой, – деді езуіне мысқыл оралып, – Ел жайлауға көшкенде құсаған, бақырауық түйесіне жаман жаппасын артып, жұрттың соңында қала-туң. Соған тартпасаң қайтсін. О да барған аулының итін сабай-туң-ды.

– Е, итті сабаса қайтеді? Қатын мен итті қазақтың қай еркегі сабамап еді?

– Қой әрі! Иттерді сабап, ауыл үстіне қамшы үйіріп, бізге істеген бұл қай қырың? – деп Құдайменде бұған енді түйіле қарады, – Сен бір әңгімені бықсытып, шетін шығарып отырсың. Сыртымнан мен жөнінде бірдеңе дейтін көрінесің? Соны өз аузыңнан есітейін. Ер болсаң, қәне, өзіме айтшы!

Е, белгілі болды: бұның неге қырысы тарқамай, қыржиып отырған себебін енді білді. Осыдан үш-төрт күн шамасында Құдайменденің «алып кел», «барып келінде» жүрген бір жігіті Кәленнің үйінен түстік жеген-ді. Дастархан басында біраз кісі-қара отырған. Оңнан, солдан жиналған кісілердің алдында әлгі Ебейсін имансыз Құдаймендені жер-көкке сыйғызбай мақтап ала жөнелсін. Кәлен басқа бір әңгімеге бұрғысы кеп еді, оған бірақ Ебейсін болмады. Көнбегені былай тұрсын, әлгі-әлгі ме, енді Құдаймендені к ө к к е көтеріп:

– Несін айтасың, бұл өңірде Құдекеме тең келетін жігіт туған жоқ, – деп жынына тигені. Сосын, Кәлен шыдамай:

– Қой әрі! Жер бетінде Қаратаздан басқа жақсы құрып қалды ма? Қанша мақтасаң да, сол Қаратаз дүние боғын домалатқан қара қоңыз емес пе еді? – деп ақырып тастады. Мына залымның күні ертең бұның сөзін бұлжытпай Құдаймендеге айтып барарын білді. Біле тұра соны әдейі айтты. Кесек денелі ірі Кәлен қалың күпі жамылғанда үй ішіндегі кісілердің бәрінен иығы асып, дастарханның бір шетінде қырындап отырып, үлкен бас шекерді тізесіне қойып, шапашотпен асықпай жарпақтап шауып түсіріп жатып:

– Құдай өзі берген жанын өзі алар. Соңырағы күні зауал шағымда менің жан аларым Қаратаз болса, қайтем, пешенемнен көрем де. Жеткізер болсаң, әй, залым, осы сөзімді де жеткіз – деп, бойындағы бар ызғарын баяғы бала жаста оспа жеп тастаған қара сұр бұжыр бетке жиып, Ебейсінге қадала қарап айтып еді. Дуалы ауыз емес пе, сол сөз ел арасына қапелімде тез тарайды да, болыс сайлауына түскен бақталастар Қаратазды «дүние боғын домалатқан қара қоңыз» деп мошқап, мінеп, қытығына тиіп болған-ды.

– Кәне, сен ер болсаң ел арасына таратып жүрген сөзіңді өзіме айтшы! Осы қазір айт! – деді Құдайменде.

Кәлен етігін киді. Күпі сыртынан қайыс белбеуді буды. Сосын қамшысы мен тымағын қолына ұстады да, Құдаймендеге бұрылды. Кеждікке біткендей кішкентай құлағының ұшы дуылдап баратты.

– Мен саған адал көңілмен келіп едім. Сен сыртыңды беріп отырсың. Өкінерім жоқ. Уа, жалынбаймын да. Ал, бірақ... ел арасының өзің туралы не ойлайтынын айта кетейік.

– Сен осы не дей-туң? Не деп оттай-туң, а?

– Мен оттап отырғам жоқ. Ел арасында өз көтіңді өзің боқтап алып отырсың.

Құдайменде бір кісіге дербес әлі келетін-ді. Егеске кеткесін енді ол да ештеңеден тайынбады. Кәленнің ін түбінен, әріден қадалған көзіне жасқанбай тура қарап:

– Ой, сорлым-ай! – деп мырс етті. – Бұрын бір ұры досым артық болатын, енді көп болса, бір ұры жауым артық болар. Менен қашқан кісілердің бәрі ана жар басындағы балықшыларды сағаларын білем. Сен де ендігі жерде маған кезеген ағаш оғынды сол жақтан атарсың. Бар, кет, жолың ашық!

– Е, барса қайтеді? Барам. Қосылам – деп, Кәлен жанжал десе жаны кіріп қоя беретін ежелгі ерлікке басып, қолындағы жуан дойырды сығымдап қысып алы да, – Ендеше бар-ау, мен сені өз отыңның басында... – деді де, орнынан атып тұрды. Ол енді иесіне түскен ызалы бүркіттей, ірі қара кісінің үстіне төніп қалып еді, Құдайменде есіктің аржағында тұрған жітіттерге айқайлап:

– Әй, мына ұрыны байлаңдар! – деп еді, есік шалқалап ашылып, ішке еңгезердей екі жігіт кіріп келді. Құдайменде орнынан тұрам дегенше, Кәлен оны қақ бастан тартып жіберді де, әлгі жігіттерге өзі тап берді. Олар да осы ауылдың ұрда – жық қарулы жігіттер еді, бірақ жылан көз, бұжыр қараға бетпе-бет келгенде бата алмай, бөгеліп қалды. Кәлен оларға ес жиғызбай, жуан дойырды үйіріп, төбесінде ойнатып:

– Өлгілерің келемесе, кет былай! – деп ақырғанда, ана екеу жалт беріп, босағаға жабыса қалды. Кәлен сыртқа атып шықты. Торы атқа тақымы тигесін асықпай, тебініп жүріп кетті. Бұжыр қараға бұл ауылдың иттері де бата алмай, бөксесін үйге тығып тұрып үріп еді...

* * *

Құдайменде әлгіден кейін тас тиген жыландай көпке дейін отырған орнынан қозғалмады. Жаңа бұның төбесінде ойнаған жуан дойырдың ұшы оның дәл топшысына тиіп еді; сүйегі сынғандай бүкіл бір иығының басы мен білегі, қары ұйып, көтертпеді. Есін енді жиған екі жігіт есіктен басын сұғып:

– Құдеке-ке... қа-лай-сыз?– деп еді, Құдайменде:

– Шық!.. Шық үйден! Өй, өңшең ез! – деді ақырып.

Құдайменде үстіне кірген әйеліне де үндемей, киімшең бойымен теріс қарап жатып алды. Өзіне салғанда бұған болыстықтың түкке керегі жоқ. Қоралы қой, мыңғырған мал, жиған-терген дүние мүлік бір басына жететін-ді. Жөніне тыныш қарап жүрмей, әуелі қайдағы пәлені бастаған софы ағасы. Оны Тәңірберген қостап, екеуі екі жақтан бас салып жабысты да, бұл лажсыз көнді. Басында құлықсыз болса да тәуекелге бел байлап сайлауға түскеннен кейін бұның өзіне де жел бітті. Ала-бөле кейінгі күндері басқа шаруаның бәрін жиып қойып, білегін сыбанып, құлшынып кірісіп еді. Жаңағы ұры, «ертең аяғың аспаннан келеді», – деп зіл тастады. «Десе қайтеді, дей берсін. Шындап кіріссе, халық қимаған сол болыстықты бұған ақтылы ала қойы алып береді-туң...» – деді Құдайменде. Осыдан кейін өзіне сенім пайда болғаны сонша, ол енді шынымен-ақ болыс сайланып қалғандай күшке мініп: «Тұра тұр, бәлем. Сендермен сонда сөйлесем. Сен, Кәлен, сен, Еламан, тұра тұр! Соңыра бойларыңды кездетіп, қазынаның қолына бір тапсырсам... торлы терезенің ар жағынан мойындарыңды созып тұрғандарыңды көрсем...» деді ішінен.

Ойхой, дүние!.. теңіз жайында әңгіме шерткен қандай ғанибет! Құй өзің сөйле! Құй өзгені сөйлетіп қойып, жиын арасында жантайып жат та, жұртты тыңда, мейлің. Өзің сөйлесең де, сен, бәрібір, бір құлағыңды қауқылдаған көптің әңгімесіне тігіп қоясың да, аржағыңда қыштап тұрған ойыңды ортаға саласың. Өзіңнің айтатының да, өзгеден есітетінің де баяғы бір ескі жыр: биылғы балық талабы. Балық неге тереңге кетті? Тайызға қашан соғады? Күн қызарып бұлтқа батты. Бұны неге жоруға болады? Ертең аспан ашық бола ма? Жел бола ма, жоқ па

Райдың үйіне жиналған балықшылар бүгін де теңіз жайын, балық жайын, ауа райын әңгімелеп, әр саққа жүгіртіп жатыр еді, аттылы біреу кеп есік алдына тоқтады. Дүрс етіп аттан түсті. Шылбырын босағаға байлай салды да, сәлем беріп кіріп келді.

– Ағажан, басыңызды бұрыңызшы! Жаман үйдің төбесін мойныңмен іліп әкетерсің, – деді Рай.

Кәлен жас жігіттің әзілін құлағына ілген жоқ, ішке кірген бойда бірден:

– Әй, Еламан, шаруам сенде. Кәсіп іздеп келдім – деп еді, тағы да Рай:

– Ағасы-ау, біз адал кәсіппен күн көріп жүрміз ғой. Сізге лайық кәсіп... – дей бергенде, Кәлен жас жігітке жалт қарады. Әр талы айғыр жалындай сұйық мұрт тікірейіп, қара сұр бұжыр беттің түсі қатты бұзылып кеткен екен. Мұның арты бір шатаққа апарып соғарын білген балықшылар – бәрі бір кісідей бойын дереу жиып ала қойып еді; Кәлен күтпеген жерден күрт жадырап:

– Өй, күшік. Бала ғой деп жүрсем, сен де башайдан тартуға жарап қапсың ғой, – деді.

Жұрттың арқа-етегі демде кеңіп сала қойды.

– Шаруанды айт?– деді Еламан.

– Саған кісі керек дейді ғой.

– Иә, керек.

– Ендеше, мені ал!

– Қаратазың қайда?

– Әй, бала, өткенді қазбалап қайтесің. Олай десең, бір кезде сен де сол таздың қосын жеккенсің. Өзіңе мұз оятын адам керек пе?

– Керек.

– Ендеше мені ал!

– Шодырға бар...

– Міне, сөз! Қаратазды қайтесің. Ендігі жерге сендермен бірге қарашекпеннің де қосын жегіп көрейік. Өуселесін кейін көре жатармыз.

– Уә, болыс кім болды?– деді Есбол қария.

– Болысың – Қаратаз!

– Ой, Құдай-ай!.. Бақытың да көзі соқыр сорлы екен ғой, – деді Рай.

Есбол қария мырс етті:

– Уә-ә!.. Итсигек екеш итсигек те мәуелеп өседі-ау бір...

Балықшылар жамырап сөйлеп кетті:

– Енді оңарсың. Олай бассаң – Қаратаз, былай бассаң – қарашекпеннің байы...

– Е, құдайым! «Бақ адасса, – батпаққа қонады»...

– Қой әрі! Сол шіркіннің де құны төмендеп кетпеді ме. Әлгі татар байдың дүкеніндегі қызыл ала кездеме сияқты, қалтасында пұлы бар қазақ бақты да сатып алып жүр ғой.

Еламан әңгімеге араласпады. Құдайменденің жайы

өзіне белгілі. Мың жерден болыс болса да Абыралыға қарағанның ендігі билігі жас мырзада. Қаратаз оның қолындағы қара шоқпар ғана. Сілтегенде зілдірек тию үшін ағасын әдейі болыс қып отыр.

– Қора-қора қойлардың арқасында Қаратаз да кісі санатына кірді... Қатарға қосылды, – деп еді Дос, Еламан:

– Қой әрі! Ол таз қой баға білді. Бірақ халық қой емес еді ғой. Көрерміз әуселесін, – деді.

– Жақсы айттың-ау, балам, – деді Есбол қария. Сәл үндемей отырды да, өзінің әлгі бірде жұмбақтап бастаған ойына қайта оралып, – Естеріңде бар ма, балалар... Қатындар күзде сабын қайнатамыз деп итсигек шауып, күл ғып өртеп жататын еді ғой. Қаратазды да тосқан алдында күз бар шығар, – дей бергенде, сырттан бір оғаш дауыс шықты.

Мынау не аңның ұлығанына, не адамның көкірегін алып салған гөй-гөй күңіренгеніне ұқсамайтын дауыс. Әйелдің жоқтауына да келмейді. Не де болса, мынау, салған жерден кісінің сай-сүйегін сырқыратып, жанын шығара бебеулетіп ала жөнелген зарлы үн оқыс шықты да, құлақта ұлып тұрып алды. Бірде ішін тартып соққан күзгі қара суық желдей уілдесе, енді бірде ботасын жоқтап, тұлыпқа боздаған інгендей аңырап кетеді. Қайдан шыкса да, салғаннан қара түнді қақ жарып, күңіреніп шыққан сұмдық үннен бұндағылардың төбе күйқасы шымырлап қоя берген-ді.

– Ой, әттеген-ай! Мынау Әлизаның даусы ғой.

Ешкім үндемеді. Үйткені бұнда отырған кісілердің бәрі қарт әйелдің даусын білетін. Ал мына дауыстың түрі басқа. Сонан келе жұрттың есіне осы бишара, сормандай ананың әл үстінде жатқан баласы түскен-ді.

Жұрт дүрліге көтеріліп, сыртқа шықты. Әшиінде аяғы ауыр Еламан да орнынан атып тұрды. Көйлекшең. Жалаңбас. Жолындағы кісілерді қаға-маға жұрттан бұрын сыртқа атып шыққан-ды. Тастай қараңғыда көзі түк көрмесе де, әлгі бір аңыраған дауысты бетке ұстап жүгіріп келеді.

Қазалы үйге басқалардан бұрын жетті. Тек, кірер жерде әлде неден именгендей кілт тоқтады да, қайта жүрді. Онда да алдына осы ауылдың үлкендерін салып, өлік жатқан үйге аяғын ұшынан басып, ақырын кірді. Кісі-қара қапелімде толып қалды. Соқыр шам есік жақта сығыраяды. Сығыр сәуле кірген, шыққандармен ілесе келген сырттың желі астында ұйтқып, желп етіп бұққан сайын қайыс етіктердің ақжем тұмсығын бозғылдауға ғана жарап тұр. Және қазанда қайнаған судың буынан бірде-біреудің бет-жүзі жөнді көрінбеді. Ал әрегіректе тұрған кісілер қарауытып, ауыр қаза астында еңсесі түсіп мүлгіп қалған.

Еламан Есбол атасы бастаған шалдарды төрге өткізіп жіберді де, өзі есік жақта, елеусіз көптің арасында тұрып қалды. Ішке кіргелі Әлизадан көзін айырмады. Әлі де болса, Әлиза баласының өлгеніне сенбейтін сияқты. Кісі-қара келгелі жылауды қойған. Жасын да тыйыпты. Жалғыз баласын оң жаққа салып қара жамылған анадай емес, мына түрі құдды ауру бала ұзақ шеккен азаптан кейін, қазір, шүкір, тәуір болып, тап осы қазір көзі ілініп кеткендей. Топырлап кіріп жатқан мына кісілер бұған көңіл айту үшін емес, қуанышына құтты болсын айтуға келіп, үй-іші абыр-сабыр болып жатқандай. Сондай әлсіз үмітке

ана көңілі шыныменен алдарқатып, өң мен түстің арасындай есірік халде есін жия алмай отырғандай. Басынан сыпырылып түсіп кете беретін жаулықты жөндеп қайта тартпақ боп әлек. Бірінен кейін бірі келіп жатқандарға ілтипат көрсеткісі келгендей, елпілдеп ұшып тұрғысы келе ме, орын ұсынғысы келе ме, қалай? Өзіне қалғанда ұшып тұрар еді. Бірақ екі әйел екі жағынан ұстап тырп еткізбей қойғандарына түсінбей, алақтап әр кімге бір қарап отыр еді, Рай мен Дос табытта жатқан баланың бетін жауып, сыртқа алып бара жатқанда қарт ана бірден есін жиып ала қойды.

– Ойпырым-ай!..

Жаны ышқынған қарт ана әлгі-әлгі ме, енді өкіріп, өзінің бетіне өзі тырнақ салып, осып-осып алды. Қанша кісі жабылса да, күйік көтерген әйел қолда тұрмай, «Жан ботам-м! Құлыным-м!» – деп зарлап, сыртқа алып бара жатқан мәйітке қолын созып ұмтыла берді де, құлап түсті.

Жыламаған жан қалмады. Еламан да жылады. Үш-төрт жігіт жылап жүріп, ес-түссіз жатқан әйелді көтеріп апарып төсекке жатқызды. Балықшылар мүлгіп, әйелдер жаулық шетімен аузын басып, үнсіз егіліп жас төгеді. Төр жақтан құран оқыған қартаңдау біреудің мыңқылдақ мақамы естілді.

Әлиза оқтын-оқтын тұрғысы келгендей ұмтылады да, «а-аһ!..» – деп қайта құлайды. Мөңке табытта жатқан баланың бетін жабарда өкіріп, теріс қарап құлай кеткен-ді. Сонан қайтып қыбыр етпеді. Жұбатпақ болған бірде-бір адамның сөзіне құлақ аспай, дүниеден түңілгендей боп жатқанда қасына Есбол қария кеп отырды. Тіл қатқысы кеп оқтала түсті де, тамағына жас тіреліп тоқтап қалды. Сосын біраз отырып барып:

– Уәй, Мөңке, – деп өктем тіл қатты, – уа, жарқыным, басыңды көтер! Құдай өзінің бергенін өзі алды. Алланың әміріне қай пенде араша боп еді? Сен неге төңірегіңе қарап, тәубаға келмейсің! Уа, мен сенен кем бе едім? Сен өлген балаңа жылап жатырсың, менің, тым құрыса, молада да тілекшім жоқ екенін неге ойламайсың, – деді де өмір-бақи тірі жанға тісінен шығармай, өзегін өртеп жүрген ашы сырды – өзінің баласыз, жалғыз, қу бастығын айтты да, тоқтады.

Мөңке басын көтерді. Күш шақырып, шынтағы астындағы жастыққа сүйеніп отырды. Сол күні шалдар Әлиза мен Мөңкенің қасында қалып, қалған жұрт үйді-үйіне тарады.

Еламан өзімен бірге сыртқа ере шыққан Ақбаланы байқаған жоқ-ты. Сонан, тек үйіне жақындағанда арт жағында солқылдап жылап келе жатқан әйел даусын естіп, тоқтай қалды. Ақбала жаулық шетімен аузын басып апты. Өзін тосып тұрған күйеуін қасына келгенде көріп, өкіріп иығына құлай кетті. Еламан жұбатқысы келсе де, бірақ аузына сөз түспеді. Сосын иығына асылып, солқылдап жылап тұрған Ақбаланы бауырына тартып, құшағына қыса үйге кірді. От жанбаған ұй ызғып тұр екен. Бұлар шам жақпады. Сырт киімін шешті де, көрпе астына кіріп жата қалды. Ақбала Еламанға сыртын беріп, аржағына аударылып түсті. Сонан қайтып қыбыр етпеді. Еламанның көзіне ұйқы оралмады. Қараңғы үйде кірпігіне кірпігі ілінбей, қыбыр етпей жатыр еді, бір кезде жаман есік сықыр етіп, әлде кім ішке кірді. Еламан басын көтеріп алды. Қараңғыда кісі рабайсыз үлкейіп көріне ме... әлде шынында да сондай ірі біреу ме...Еламан өзіне қарай келе жатқан мына кісінің репетінен сескенген Еламан

қарманып, қолымен маңайын сипалай бастап еді, соны сезгендей анау да дыбыс беріп:

– Мен ғой, – деді ақырын.

Еламан «сары баланы» даусынан танып: «Жай жүрсің бе?» – деп еді, анау «сыртқа шығайық» – деді. Ақбала ояу еді; әлгілер шыққан бойда, бұ да жалма-жан төсектен тұрды. Жалаң аяқ. Жалаң бас. Табанын қарып алған мұздай еденді жасқаншақтай басып есікке жетті. «Жылауыққа» жабысып тұрып сыртқа құлағын тосып еді ауық, ауық ішін тартып, ышқынып соғып тұрған ызғырық жел мыналардың сөзін дұрыс есітпіді. Бар ұққаны – жаңа сайланған болыс промсолға келіп, орыс байына қонақ боп кетіпті. Сосын бұлардың бәрін ертең мұз үстіне шығарады...

Ақбала қалтырап тоңып баратқасын жүгіріп барып төсегіне жата қалды. Ештеңені жөндеп түсінбесе де, әйтеуір, қандай да бір жамандықты жүрегі сезді де, қол-аяғын баурына алып тырп етпей тым-тырыс боп жатыр еді. Еламан келіп көрпе астына кірді де, аяғын созып көсіле беріп еді, әлгінде ғана мұздай жер басқан Ақбаланың аяғын қарып алды.

– Сен ояу ма едің? – деді Еламан. Ақбала аударылып түсті. Үн-түнсіз құшағына кіре берген әйелге бұ да дереу ұмтылып құшақтай алды. Анада бай ауылдың жас мырзасы келіп-кеткелі бұлар бірінен бірі бойын тартып томсарып жүрген-ді, осы жолы тағы да тар төсекте қалай табысқанын өздері де сезбей қалды.

– Жаңағы кім?

– Кәйтесің. Өзіміздің адам.

– Өзің... болғанда ол кім?

Еламан айтқысы келмеді. Бірақ, айтпасына қоймай жабысып алған Ақбаланы баурап өзіне тартып еді, бұндайда шіреп тұра қалатын сыйымсыз қарынның

аржағынан әлдене бұлқынып қалды. «Ой, тентек!..» – деп, Еламан әр кездегідей бауыры елжіреп кетті. Таяу арада бұлардың өздерінен басқа тағы бір тәтті тірліктің дүниеге келетінін ойлап, сонан қашан көзі ұйқыға кеткенше күлімсіреп жатып еді...

Ертеңіне оянғанда үй іші әлі қараңғы екен. Ұйқысы қанбапты. Зілдей бас көтертпей жастыққа жыға бергесін, көзін жұма түсті де, іле қайта ашып алды. Есіне Мөңкенің баласы түсіп еді. Ауасы тар, қапырық үйде өлікті ұзақ ұстауға болмайды. Қалайда бүгін жерлеу керек. Жігіттер жетеді. Күрек, кетпен сайлы болмаса тоң жерді қазу оңай емес. Айтпақшы, орыс байына барып, бір күнге пұрсат сұрап алу керек екен-ау?


* * *

Бұл, өз басы Құдаймендеден қай кезде де жақсылық күткен емес-ті. Оның болыс болғаны басқадан бұрын алдымен балықшыларға сор боларын білген. Бірақ бұл ойлағандай жамандыққа тап осылай шұғыл кірісе қояр деген ой басына келмеген. Андрей сақтандырған түндегі әңгімеден кейін Еламан Шодырға бармай, әуелі Курнос Иванға кіріп, бұндағы жағдайдың бет ажарын біліп алғысы келді.

Курнос Иван ас ішіп жатыр екен. Бұны көрсе де алдындағы астан басын көтермеді. Түннен қалған балықты екі ұртын сидалап толтырып апты. Таңырайған танауы, әсіресе, балық шайнағанда қатты шуылдап, жампаңдап шулап:

– Аа, Еламан... Еламанушка, кел! Кел! – деді.

Еламан кірер-кірместе үй ішінен ала бөле ел қазағының мұрны жақтырмайтын қышқыл қапуста мен кандаланың исі мұңк етті.



– Неге келгеніңді білем. Конечно, баланы жерлеу керек. Сен... Иә, сен әуелі Федоровқа бар. Сенің шаруанды сол шешеді. Тек абайлап сөйлес, – деді.

Түн асқан кебіртек балықты жұтпақ боп еді, түйілді, әлде, қақалды ма, көзінен жас ыршып кетті. Еламан Курнос Иваннан шыға салысымен тура Федоровқа барып еді; орыс байы тұрған екен. Ауызғы бөлмеде ас даярлап жатқан, келіншек ісін қоя салды. Қолын алжапқышқа сұртті де, үстіне кірген кісіге көзі түскен бойда таңданғаны, әлде тамашалағаны ма, кірпігін қақпай, іркіліп ұзағырақ қарады. Өзі көріп жүрген қыр қазақтарынан мынаның тұлға, тұрпатынан ұрғашыларға ұнайтын қандай да бір тартымды бірдеңесі барын байқады ма, басына бір, аяғына бір қарап ішіп-жеп баратты. Әйел баласынан бұрын соңды бұндай әдепсіздік көрмеген Еламан қысылды ма, ұялды ма, қызарақтап бетін қашырта берді. Келіншек оның қысылғанына тіпті мәз боп, ішек-сілесі қатқанша сықылықтап күлді.

– Бай... үйде ме? – деді Еламан.

Ләм деместен төргі бөлмеге кіріп бара жатқан келіншектің шамнан түскен сәулеге аппақ балтыры шағылысып, тұра қашқан ақ бөкеннің таңындай бір жарқ етті де, көзден ғайып болды. Еламан: «Мына сайтан қайтеді, әй?» – деп, назарын басқа жаққа аудара бергенде, Еламанның көзі тұсына кілем ұстаған болыскей кереуетке түсті. Кереуетке жиған қос мамық жастық та дала қазағына «бұл қайдан жүр» дегендей екі құлағын едірейтіп тігіп қалған екен. «Сары сайтанның салымдысын көрдің бе?» Еламан тағы да әлгі аппақ келіншек жөнінде ойлап бара жатқан күнәһар көңіліне ызаланып: «Осы бүгін маған не болды? Әлгі сайқал қайда?» – деді ішінен. Әрі-бері күтсе де ешкім

көрінбеді. Сосын ел қазағының осындайда алды-артына қарамай, омыраулап, баса-көктеп кететін мінезіне бағып бұ да төргі бөлмеге кіріп барып еді. Келіншек сықылықтап күліп, Федоровтың құшағынан сытылып шыға берді. Желкесіне сырғып кеткен ақ шыт орамалды басына жөндеп, қайта тартып жатып шынтағының астынан Еламанға қарап көз қиығымен тағы бір шарпып өтті. Сосын көйлек астынан құйрығы бұлтындап, аппақ балтыры жарқылдап шығып кетті.

Федоров жасында қара жұмыс істеген апайтөс, ірі сары орыс болатын. Түсі суық. Ашулы түрі тіпті жаман еді. Сүзеген бұқадай басын бауырына алып, тұздай көк көз түйілген қабақ астынан қадалып, Еламанға жақындай берді.

Еламан ағат істегенін білді. «Күте тұруым керек еді?» – деп ойлағанша болмады, Федоров:

– Аз-и-ат! Дикарь! – деді де, Еламанды жағынан тартып жіберді.

Еламанның көз оты жарқ етті. Ол енді тартынған да, тайсалған да жоқ.

– Тақ-сыр! Біз Мөңкенің баласын бү-гінн...

Федоров тұла бойындағы бар күшті оң қолға салып, құлақ шекеден қойып қалды.

– Жоқ, баланы жерлемей, мұз үстіне шықпаймыз, – деді де, Еламан бұрылып жүре берді. Федоров соңынан ұмтыла түсті де, тұрып қалды. Жұдырығы шоқ басқандай дуылдап, өзі де дір-дір етіп тұр. Бұған не істесе де, ашу үстінде асығыс істегісі келмеді де, дірілдеген қолымен темекі тұтатты. Ащы темекіні үсті-үстіне құныға сорды да, лақтырып жіберді. Сосын қасында тұрған орындыққа шалқалап отыра бергенде көзі қабырғада ілулі тұрған алтын жиекті рамадағы жас офицердің суретіне түсті. «Неге хабар

болмай кетті? Соғысқа жіберіп қоймады ма екен?» деп ойлады. Хат-хабар кідірген сайын жақсы көретін жалғыз бала әлде қайтеді деп, зәре жоқ. Былтыр Аралға келіп, Марковтың кіші қызына үйленіп кетіп еді. Ал, Марков... Арал өңірінде тұу дегенде түкірігі жерге түспей тұрған атақты бай. Бірінші гилді көпес. Аралда алғаш өндіріс ашып, үлкен, үлкен үйлер салғызып, шіркеу, мейманхана салғызып, «Хиуа» атты акционерлік қоғам ашты. Кәзір Арал теңізінің балығы мен Хиуа хандығының тай-тай мақтасын ешкіммен бөліспей, бір өзі дербес қожа боп отырған көкжал.

Марковпен құда болғалы бұның да құдайы беріп тұр. Бұрын бірде тұз жетпей, бірде ағыл-тегіл балықты дер кезінде жөнелте алмай, кіріптарлық басына күнде түсіп жатса, енді қазір төрт құбыласы түгел. Бұрын қит етсе, алдын орап кете беретін бақталас жауы – Ақсақ Жагорға қазір бұның өзі тізесін батыра бастады. Өткен жазда құдасы Ақсақ Жагорға тұз бермей, қыруар балығы шіріп, суға ағызып жіберді. Ендігі арманы – ақсақ сайтанның Көкарал мен Сарыбасаттағы промсолын өзіне қаратып алу. Соған өзі араласпай, ана жақтағы баласы мен келіні арқылы істегенді жөн көрді. Хат жазайын деп столға отырды. Соның бәрінде де қолына қалам ұстаса болды, қара терге түседі. Сосын ұйқысы келеді. Сосын есінеп, әпі-шәпісі шығады да, қолын бір сілтеп тұрып кетеді. Кеше де, жатар алдында «Менің сүйікті һәм теңдесі жоқ келінім мен балам», – деп жаза бастады да, бірақ, құдай қылса қайтесін, өткендегідей, бұл жолы да ұйқысы келді ме, есінеді ме, хатқа түскен әлгі азғантай жазудың қиқы-жиқы әріптері су шайғандай ірімтіктеніп, өзі жазғанды өзі танымады. Сосын, хатқа құнтсыздығына жатты да ызаланды. Сосын кеше бастаған хатты, сәті түссе бүгін

ұйқысын қандырып, шай-суланып алғасын аяқтармын деп отыр еді, үстіне жаңағы ақ балтыр келіншек кіріп келді.

– Ас дайын, – деді де, әдеттегідей тізесіне ырғып мініп, жұп-жұмыр білегін мойнына асып, алдында аяғымен ойнап отырған үстіне, әлгі азиаттың әй-шәй жоқ баса-көктеп кіріп келгені...

– Өзі, көрдің бе, өлгенін білмейтін өжет неме екен. «Ну-у, погоди! Көресінді көрсетіп, жыныңды басып, біржолата ноқталап алайын» деді де, Курнос Иванды шақырды.

– Аналарға бар. Бірі қалмай мұз үстіне шықсын! Егер... әй, есітіп тұрсың ба, егер, теңізге шықпаса, айта бар, менен жақсылық күтпесін. Ертең бәрін қуам.

– Мұз әлсіз ғой.

– Ол сенің шаруаң емес.

– Дегеніңіз білсін. Мен тек ау-құралдан айырылып қалмайық деп...

– Жаңасын берме, ескісін бер.

Курнос Иван жөнеле берді. Оның сүмсиіп шығып бара жатқан сүдінін жаңа көргендей, Федоров соңынан көзін тігіп ойланып қалды. Осы бишараның бүтіл болмысында кісі көкірегінен бірде аяныш, бірде ыза шақыратын болымсыз мүсәпірлік бар. Бура сан, апай төс. Анау-мынау кісілерді ықтыратын өзіне жетерлік айбар-сұсы бар. Сонан келе бұның алдында көзін жерден көтермей, жүні жығылып бишара бола қалады. Шынына келгенде, бұның өзіне де осы пақырдың сонысы ұнайтынын ойлағанда, Федоров қолағаштай мұрынның бір танауынан мырс етті. Иә, бұл Аралдан промсол ашқалы не ертең, не бүрсігүні жүретін боп қапылса да, бірақ бір шаруасы бітпей, апысы кіріп, күпісі шығып жатқан-ды. Оқитын балалар болғасын

үйін жылы орнынан қозғамай, жеке басы сыбай-салтан кеткенді жөн көрді. Үй ішімен алдын ала осыған келісуі келіскен-ді. Осы шешімі өзіне де ұнаған-ды. Енді күні ертең жүретін боп буынып-түйініп әзір отырғанда, бұның басына келмеген бір ой есіне түсті. «Ох, черт», – деді санын соғып, – «қырғыз-қайсақтың қайдағы бір меңіреу даласында мал табудан басқа ермек жоқ, қызуқанды қайратты еркек әйелсіз қалай тұрады? Екі асығыс, бір қарбаласта өзімен бірге ала кететін әйел қапелімде қайдан табылады? Бәрін ойластырғанда, бұл есінен қалай тарс шығып кеткен? Бір ой өзін қатты қунаған Федоров жеңіл тарантаспен Орал қаласының орталық көшесінде зырлап келе жатқан-ды. Шіркеу алдында қайыр сұрап тұрған жас қызға көзі түсті. Үсті-басы ебіл-себіл. Жұпыны. Жүдеу. Бірақ тірлікте талай ұрғашыға-тақымы тиген кәркесте еркектің қырағы көзі бишара қыздың басқа мүшесінен бұрын «ә» дегенде оның оқтаудай түзу аяғы мен торсықтай аппақ балтырын назары шалып қалды. Соңыра өзі сияқты күші қайтпаған қайратты еркектің манжамына түссе... бұрын соң татпаған зәруді татқан жас тән еркектің астына бір түсіп шыкса, е-хе-хе, соның аржағында қарға аунаған қаншық түлкідей түгі түлеп шыға келер-ау әлі-ақ!

Бұндай шаруаның талайын із-тұзын білдірмей істеп, әбден кәнігіленіп алған жырынды көпес ұзақ жолға жүрер алдында әйелінің көңіліне сезік туғызғысы келмеді де, әлгі қызды Курнос Иванға алып берді. Оны да дәл жүретін күні қас пен көздің арасында істеп еді. Үсті-басын малындырып киіндірген әп-әдемі жас қызбен қол ұстасып, шіркеуге кіргенде Курнос Иванның төбесі көкке жеткен-ді. Онсыз да түбі түскен шелектей кең танауы әдеттегіден

гөрі қаттырақ шуылдап, тойға жиналған кісілердің көзінше Федоровты бас салып құшақтай алды. Енді сүймек боп ұмтыла бергенде, Федоров:

– Ақымақ! – деп оны итеріп жіберген-ді.

* * *

Курнос Иван әрқашан Шураны көрген сайын осылай ауыр сезім бойын мартудай басып, өзінен-өзі азып-тозып қалар еді. Балықшылардың аулына да көңілі құлазып эзер жетті. Оларға Федоровтың әмірін бұлжытпай, дәл жеткізді де, «бұған не дейсің?» дегендей көп ішінен Еламанға қарап еді, Еламан онан назарын тайдырып әкетті. Сосын ол:

– Өздерің шешіңдер! – деді балықшыларға.

Олар әрі толқып, бері толқып, ақырында Тентек Шодырдың дегеніне көнейік деген пәтуаға келді. Бұларды қинаған ендігі жағдай Мөңкенің баласы.

Мөңке әңгімеге араласпай, бір шетте жалғыз отыр еді. Мыналардың қиналған түрін көргесін:

– Жігіттер, өлген бала үшін тірі балалардың обалына қалмайық. Ертерек келсек, бәлкім бүгін де жерлерміз – деп, байлауын өзі айтты.

– Онда кеттік! – деді де, Еламан ширақ басып сыртқа шықты.

Бар әлем бүркеу. Суық жел ызғырып, төңірек шаңытып тұр. Қиғаш түскен қиыршық қатты қар кісі бетін тілгілеп шып-шып ұрады. Қабағын түйген қытымыр күннен қаңтардың таяу тұрған қаһарын сезіп тұр еді, қасына қауқылдап сөйлесіп бір топ кісі келді. Ішінде Мөңке, Дос, Рай бар.

– Сөз жоқ, дауыл болады.

– Өшір үніңді. Аузыңнан жақсы сөз шықсайшы.

– Әй, құдай-ай, сөзбен жарылқауға болса, жақсылықты төбеңнен үйіп тастар едім.

– Иә, мұз әлсіз. Жел арқадан шықса, аяқтай мұзды алады да кетеді.

– Тентек Шодырмен тілдесіп көрсе қайтер еді?

– Ештеңе шықпайды.

– Апыр-ай, бұл не деген безбүйрек ит.

Кісі-қара жинала бастады. Итжемес те маймалаңдап осылай қарай келе жатыр. Сүйеу қарттың абызындағы адам. Сүйеу қарт оған биыл әйел әперіп, еншісін беріп өз алдына бөлек шығарған-ды. Бірақ әлі де өздігінен аяғына мініп кете алмай, сыйлы қарттың абыройын сыртынан азық қып, ел арасында қақпай-соқпаймен күн көріп жүр. Кейде кіре тартқандарға ілесіп қалаға барады. Кейде Еламанды сағалап, қазіргідей көкше мұз тұсында балықшыларға соғады. Алғашқыда апырып-жапырып жіберетіндей бір- екі күн аянбай қимылдап, күшін сарқып алады. Сүйеу қартты сыйлайтын жұрт жұмысқа шалағай жігітті бәрібір үлестен қалдырмай, қыс бойы өлі сыбаға боп еді. Сол Итжемес тағы келді. Қалаға қатынап жүріп бір орыстан алған ба, үстінде тозығы жеткен ескі қара күрте. Жеңін қайырып алыпты. Соның өзінде әкесінің иығынан ауысқандай қолп-қолп етеді. Рай оның бас-аяғына сықақтай қарап:

– Қарашекпеннің байы екен десем, ау, құда, өзің не боп кеткенсің? – деп күліп еді, жігіт салған жерден салдырлай жөнелді:

– Бұ-бұрын қара киіміден қорқатын едім. Өзім қара кі-киім кидім де, ехе-хе, енді жұртты өзім қорқытатын болдым.

Біреу алқымнан алып буындыра қойғандай, тұтығып, түкіріп-шашалып әркімге бір қарап тұрды да:

– Мұ-мұзға шық-шыққалы жатқан көрінесіңдер. А-ал, іске сәт! Талап қайырлы болсын. Теңіз ба-

балықты болсын! Ме-мені де серіктеріңе алыңдар. Мал ортақ, жан ортақ, – деп ие бермей, төпеп бара жатыр еді, Рай:

– Әй, жарқыным, тоқташы, – деді.

– Жо-қ, тоқтамаймын, – деді Итжемес, өзі болмаса, өзгенің сөзіне құлақ аспайтын әншейіндегі әулекілігіне басып.

– Ау, тым құрыса тындасаңшы.

– Ой, әк-ке-ке-сінің аузын... тыңдаймын – деп, қолын сілтеп, маймалаңдай жөнелді. Кетіп бара жатып та қашан қарасы ұзағанша самбырлаған дауысы құлақтан үзілмеді. Кеткені жақсы болды, әйтпесе аузын қышытсаң адамға десте бермей, есіріп кететін әулекі. Тұтықпасы демесең, тұмсығын құдды желге төсеп жүгірген ақ киіктің танауындай кең танауы желпілдеп, үсті-үстіне сөйлеп бергенде оны тоқтату мүмкін емес-ті.

Еламан үйге келгенде Ақбала пеш түбінде отыр екен.

– Ақбала, біз мұз үстіне шыққалы жатырмыз. Сен қорықпа...

Еламан андаусызда аузынан қалай шығып кеткенін білмей қалды. Енді оны қайтып жуып-шаюдың есебін таппай, қолғабын іздеген боп үйдің ішін әбігер қылды. Ақбала қосыла іздеді. Қолғапты тез тапты да, Еламанға беріп жатып:

– Неден қорқасың?– деп сұрады.

– Жо-жок, ештеңеден қорқып тұрғам жоқ.

– Менен жасырма, – деді Ақбала.

– Күн райы ұнамайды. Терістіктен бұлт шығып, түнеріп тұр. Сен қорықпа! Біз нені көрмеген бейбақ, – деп күліп, енді кетуге ыңғайланып еді, Ақбала жол бермей сәл бөгеп.

– Күн райы маған да ұнамайды. Қорқам... неге екенін білмеймін, – деді.

Тұңғыш көтерген баласы болғасын ба, күні жақындаған сайын қасында кісі-қара болғанын қалайды.

– Қорықпа. Құдай қаласа, бәрі жақсы болады, – деді де, Еламан жөнеле берді.

Жалғыз қалғасын Ақбала үй ішінен ойын бөлетін ермек іздеп еді. Отын кіргізулі. Су әкелулі. Үй ішінің азғантай дүние-мүлкі де орын–орнында, таптұйнақтай. Еламан бұның аяғы ауырлағаннан бері күнде-күнде ерте тұрып, үйдің бар шаруасын өзі істеп кететін боп жүр.

Басқа ермек таппағасын күбіге көже асып құйғысы келді. Көрші үйден келі, келсап әкелді де, бір табақ бидайды бұрқыратып түйе бастады. Сосын ақтаған бидайдың қауызын сыртқа шығып желпіді де, тай қазанды толтырып көже асты. Ескі пеш тартпай жүрген-ді. Көмейіне күл толып қалған ба, бүгін тіпті тартпай, ащы түтін кейін лоқсыды.

– Үйің өртеніп жатыр екен десем... беу, адам-ау, пештен шыққан түтін бе еді?!

Ақбала қасына қол таяна отырып жатқан Қарақатынға қарамауға тырысты.

– Келіншек-ау, не білдің... күннің сыңайы жаман. Үйде отыра алмай жаңа теңіз жаққа барып қайтып едім. Жағалаудың мұзы қабажақтай-ау, қабажақтай... Жас баланың еңбегіндей... аяқ асты былқ-былқ...

Жүрегі аузына тығылып бара жатқасын Ақбала қазандыққа сүйеніп отыра кетті. Іші қатты түйілді ме, ернін қырқып тістеніп отырды да:

– Алда разы болсын... қойыңызшы!.. – деп еді, Қарақатын:

– Сорлы-ай! Сорың қайнап қалмаса не қылсын –

деп, енді байбалам салып, әй-шәйге қарамай Ақбаланы кұшақтай алды. Ақбаланың әлсіз қарсылығына да қарамай зорлап апарып пеш түбіндегі төсекке апарып жатқызды. – Неден шошыдың? Көзіңе не елестеді? Тіліңді кәлимаға келтір. Жеті айлық бала, біреу тәйт десе де түсе қалады. Қазір нағыз шепік кезі... ақ ауыз шағы ғой.

– Ал-да-ай!.. Маза берші...

Қарақатынның түсі лезде бұзылды. Онсыз да кірпік-қасы үйітілгендей, қан-сөлсіз қара сұр кескінін долылық буып:

– Не дейді? Мазамды алма дей ме, әй? Сондай-ақ саған не қылып ем – деп, екі бүйірін таянып, тепсініп шыға келді. – Тұңғыш кұрсақ көтерген тұмса келіншек қой деп, ақылымды айтсам, о несі, әй? Мендей абысының айтпағанда, кім айтады? Маза берші деп... Адыра қал!

Осыдан кейін ол үйден үйге кіріп: «Ақбала шошып, бала тастай жаздады. Барыңдар!.. Барыңдар!» – деп, тыныш отырған жұртты дүрліктірді. Қарақатын кеткесін де Ақбала өзіне өзі келе алмады. Көңіліндегі күдік пен қауіпті әлгі қара пәленің аузынан есіткенде, тап бір төсегінен жылан шыққандай үй іші үрейге толып кетті. Көзі түскен нәрсенің бәрінен шошып, қол-аяғы дірілдеп отырған үстіне бір топ қатын топырлап келді де, дүрлігіп шығып кетті. Сонан кейін Ақбала тіпті үйге сыймай, сыртқа шығып еді, қиыршық қар әлі қыламықтап тұр екен. Мұзға шыққан осы ауылдың ер азаматтары ту-ту көз ұшында қыбыр-қыбыр. Олардың ар жағы әлі қатпаған, шалқыған қара су. Сол беттен, сонау аңғардан зор гүріл талып естіледі. Ұлы теңіз бір кез күші бойына сыймай, гүрілдеп, сарылдап жатады да, сосын қаһарын қаптатып әуіріп кетеді.

Ақбалада зәре жоқ. Қарақатын бір жақтан шыға келетіндей, алақтап, жан-жағына қарап тұр еді, бір топ қара қарға әлде неге әбігері шығып азан-қазан боп қанаты сатырлап, ыққа қарай қалбандап баратты. «Тегін болса жарар еді?» Үйден, түзден тағат таппаған әйел жүгіріп жағаға барды. Жел әлгіден де гөрі қатая түсті. Жағалаудың селдір қамысы суылдап, жел астында елбек қағады. Мұз жиегін қызыл су қаптапты. Қарғалар енді көрінбеді. Олардың жаңағы азан-қазан әбігері тегін емес сияқты.

Ақбала үйге келсе, бидай көже қайнамай, түбіне шөгіп қалған екен. Ақбала отты үрлеп жібергісі кеп еңкейе беріп еді; бірақ оған іші тіреп иликтірмеді; сосын шала жанған қамысты қазандықтың көмейіне қарай ары ысыра берген-ді, жаңа ғана бықсып жатқан пештің көмейі кенет гүр етті. Әлде бір алапат күш Ақбаланың қолындағы қамысты уысынан жұлқып, қара қазан астындағы күл-қоқырды қоламтамен қоса сыртқа тартып әкетіп бара жатты. Ақбала жүрегін ұстады да, ошақтың алдына отыра кетті. Көзі қарауытып бара жатқасын басын ошаққа сүйеді. Сәл әл жиғасын орнынан апыл-құпыл тұрып сыртқа ұмтылып еді, есіктен шыға бергенде сүрініп құлады. Сол бойда ұшып тұрды. Көйлегінің етегін көтеріп, сыртқа жүгіріп шығып еді; қырдан соққан қара дауыл үйден шыға берген бұның басынан жаулығын ұшырып әкетті. Беті-аузын құм сабалап ала жөнелді. Қаптай соққан қатты жел бұның өзін де қаңбақ құрлы көрмей, табанын жерге тигізбей дедектетіп әкетіп бара жатты. Ақбала бір жығылып, бір тұрып жағаға жетті. Осы арада, жыңғыл ма, түзген бе, қолына іліккен әлде бір бұтаға жандәрмен жабысып ұстай алды. Аузына тығылған өкпесін әзер басып, мұз жаққа қарап еді.

Шашы бұрқырап, көзін жауып кете берді. Сосын шашын қайырып, мұз үстіне қайта қарап еді; осыған дейін зәресі қалмай қорыққан сұмдықты көріп:

– Ел-а-ман!– деп жаны ышқына шыңғырды да, шалғы қырыққандай есінен танып құлап түсті. Дәл сол сәтте ана даусымен ілесе шар ете қалған шарана даусын қаптай соққан қара дауыл қағып әкетіп еді...

* * *

Жалмұраттың үстінде – ақ сеңсең тон. Астында – жүрдек ақ ауыз атан. Алдында – бір қора түйе. Әншиінде кісі-қара алдында құты қашып, ыбылжып отыратын жуас жіріт, алдына бір қора түйе салып берсе, аруақтанып шыға келетін. Ол ақырғанда қандай қашаған қысыр інгендер қайқандап қоя берер еді.

Жалмұрат қазір де шетке шыққанын қайырып, қалың нөпірге қуып тығып, бар түйені тайрақтатып теңізге айдап келеді. Көп түйе ішінен мұрны тесілмеген сары тайлаққа ала-бөле құсы түсіп, қит етсе ақырып, жағаласып болды. Сары тайлақ жөнге түссе болды, Жалмұрат бір қора түйе ішінен сары інгенді іздейді. Үкі жүні желкілдеген сүтті сары інгенге шығарда жаны басқа.

Сары інген биыл жылдағыдан ерте қайыды. Соңыра буаз інгендердің ішінде ерте боталайтыны да осы болғасын, көшкен, қонғанда оған жүк артқызбай, бай үйдің әйелдерімен жағаласып болатын. Сары інген көп түйе ішінде мұрны шуылдап, аяғын қиналып, ауыр алып келе жатқан-ды. Жалмұрат оны байқады ма, жоқ па, белгісіз. Ал ауа райын бай, бәйбішенің қасы-қабағындай топшылайтын жігітке көк жүзін сеңдей басқан қорғасындай қара қошқыл бұлт ұнамады. «Дауыл болмаса қайтсін...» – деп ойлады.

Балықшылар майлыққа жақындап қалған еді. Еламаннан сыралғы алып дәм татқан жігіт, бүгін де қатын-баласына жас сорпа ішкізгісі кеп, түйелерін қуалап отырып теңіз жағасына құлатты. Жағада жүрген екі қара киімді кісіге көзі түсті. Бұл өңірдің, орыс-қазағын түстеп танитын Жалмұрат мына екеудің әне бір қорбиганы – Курнос Иван да, ал оның қасындағы Андрей екенін танып, оларға алыстан ыржиып, күлімсіреп келе жатыр еді; қалай болғанын байқамай қалды, жаңағы ызғырық жел әп-сәтте арқа бетке шықты да, салған жерден ышқынып соғып жіберді. Жағалаудың қамысы жапырыла құлап, топырақ борап, дем арасында дүние алай-түлей болды да кетті. Жалмұрат табан тірей алмай, тері тонның шалғайы тізесін сабалап, ыққа қарай дедектеп бара жатты.

– Сары бала! Са-а... баа-а...

Андрей ышқынып соққан айқай желден басқа ештеңені есіткен жоқ-ты. Әлдебір жақтан әлде бірдеңе шатыр етті. Әлде бірдеңенің беломыртқасы үзілгендей күтірлеп ала жөнелді. Андрей бұның не екенін білген жоқ. Әркім өз басын қайттаған алағай-бұлағайда не болып, не қойып жатқанын да білмеді. Тек осыдан кейін жаңағы шатырлаған, күтірлегеннің аяғы не боп, немен тынғанын білмесе де, ол бірақ аспан астының бір сәтте ұйқы-тұйқысын шығарып ышқынып соққан мына айқай желмен, мына бір басқа, көзге сабалап, құйындай үйіріп әкетіп бара жатқан жанталаста жалғыз бұлар емес, дәл осы қазір мұздың да басына бір зобалаң туғанын жүрегі сезді. Бірақ ол не қылған зобалаң, оны да білген жоқ. Бұл ес жиям дегенше, көбесі қақыраған мұзқара жерден қапелімде іргесі ажырап, бүкіл аумағымен аңғарға қарай жөңкіп ығып бара жатты.

– Жүр, қайықты суға салайық! – деді Андрей.

– Есің дұрыс па? – деді Курнос Иван.

– Әне, қоралы кісі ығып барады. Көре-тұра...

Курнос Иван қолын бір сілтеді де, промсолды бетке ұстап жүгіріп ала жөнелді. Онан күдер үзген Андрей енді не істерін білмей тұрғанда, көзі қасында қалбалақтап жүрген түйеші жігітке түсті де, оны әй-шәйге қаратпай жетелеп ала жөнелді. Жағада тұрған қайықты екеулеп суға түсірді. Андрей қайыққа қарғып мінгенде, мына жақтан түйеші жігіт те тері тоны қаудырлап қайыққа кеудесімен асылды. Табаны суға тиер-тиместе қара дауыл қуған қайық қаңбақтай ұшып ала жөнелді. Өмірі теңізге шығып көрмеген түйеші жігіт сәл қозғалса суға кететіндей, түс жоқ, өң жоқ, қалш-қалш етіп қайықтың кенеріне жабысып, қос қолымен тас қып ұстап алды. Андрей қайықтың басын бұра алмай, жанталасып жүргенде, бұлар жағадан ұзап та кетіп еді.

Теңіз үстінің дауылы тіпті әлемет. Толқындар ірілене бастаған. Қаптай соққан қара дауыл Аралдың әупірім айқай желіне ұласты да, теңіз үсті түтігіп, уылдап-шуылдап, үйдей-үйдей толқындар су бетіне ереуілдеп ойнап шығады. Жалмұраттың басы айналды. Көк запыран кілкілдеп кеңірдегінде тұрып алды. Қайда қараса да қара жер көрінбеді. Табан асты түпсіз құрдым. Қайнаған теңіз көз алдында дөңгеленіп үйіріліп бара жатқасын бұл көзін жұма қойды.

Иә, кұдай... өзің... өзің сақта! Сақтай көр! Үйдей толқындар енді ес жиғызбады. Үстінен баса қалатындай, бірінен кейін бірі гүрілдеп келіп, онсыз да бір батып, бір шығып малтығып келе жатқан қайықты сүзеген бұқадай қағып өтеді. Қайық төңкеріле жаздап, екі қапталымен су сабалай бастады.

Андрей мұзға ыққан кісілерді құтқара алмасын білді, қайықты жағаға бұрып еді, әлгінде ыққа қарай құлдилап шапқан қайық желге қарсы аяғын баспай, төсімен толқындарды сабалап, бір орында тұрып алды. Андрей алқынғанына қарамай, қос ескекке күш салып, есе берген-ді. Бір ескектің қалақ басы омырылып, қайық ыққа қарай қисайып ала жөнелді.

– Құрыдық, бітті...

Андрей сыңар ескекті лақтырып жіберді де қайықтың бел ағашына сылқ етіп отыра кетті. Күн батты ма, жоқ па, белгісіз. Айнала төңірек қарауытып, бар әлем бір уыс боп бүрісіп, түсі суық дүниеге тілсіз тартылып жұтылып бара жатты.

Қайықтың тұмсығы үлкен мұзға тірелді. Қолы, аяғы қалшылдап әкетіп бара жатқан Андрей ес жиям дегенше кейінгі жақтан қатты жел қуған тағы бір мұз аударылып, төңкеріліп келіп қалған-ды. Бірақ, оны Андрей байқаған жоқ...

Балықшылар қараңғыда қайдан шыққандарын білмесе де, қара дауыл қуған үй аумағындай мұздың ілгері жағы бір тұйыққа тірелгенін іштері сезген-ді. Таң атқасын болмаса, көз байлаған тастай қараңғыда қалай қарап жүрерін білмей дағдарған кісілер аядай жерде иіріліп тұр. Түнде тоқымдай-тоқымдай мұздың бірінен біріне секіріп жүргенде, Итжемес аяғы тайып суға кетті. Қолы, аяғы үсіген Құлтума қозғалуға шама жоқ, күресін мұздың ығында анадай жерде дір-дір қағып қалшылдап жатыр. Бұл екеуден басқа тағы да үш кісі суға кетті ме, әлде ыққан мұзбен ұлы теңізге кетті ме, өлі ме, тірі ме, белгісіз. Онан басқа үш балықшы өлі-тірісі белгісіз, суға кетті ме, әлде ыққан

мұзбен бет ашыққа көз асып кетті ме, оншасы әзір бұларға белгісіз.

Әзір іштеріндегі тыңы – Еламан, Кәлен, Мөңке, Дос. Райдың аяғындағы қайыс етікке су өтіп, таң алдындағы жан төзбестей сары аязда жаурап Еламанға тығыла береді. Сонан бір кезде дауыл басылып, бозарып таң атты да төңірек көріне бастады.

– Қаратүп!..

– Әй, мынау Қаратүп қой!

– Біз Қаратүптен шығыппыз.

Балықшылар бір-бірінен шүйінші сұрағандай, дабырлап шулап жатыр. Кәзіргі түрінен адам шошығандай. Қасы, кірпігі, үсік шалған беттің әр түгі аппақ ақ қырау.

– Әй, ана қарайған не?

– Қайсы?

– Әне! Әнекей! – деді де, Кәлен сонан артық тілге келмей жүгіре жөнелді. Оның соңын ала енді Мөңке мен Еламан, Рай, тағы бірнеше кісі жүгірді. Бұлар жақындағанда әлгі қарайғанның үстінен дүрк көтеріліп қарғалар ұшты. Кәлен жеделірек басып қасына келсе, әлгі қарайғанның бірі түйеші Жалмұрат та, ал онан қол созымдай әрегіректе жатқан Сары бала екен.

– Еламан, сен тезірек елге жет, – деді Кәлен, – біз кісі-қараға бас-көз боп, осында қала тұрайық.

Еламан тілге келмей жөнеле берді. Кәлен оны қуып жетіп, қолына мұз оятын темір сүйменді ұстатып жатып:

– Шың астымен жүресің ғой. Кім біледі, мүмкін, ит-құс кездесіп қалар, – деді.

Ішіне не түйгені белгісіз, Еламан бұл жолы да үндемеді. Аяғында тақасына нәл қаққан ұзын қоныш етік, көк мұзды кірш-кірш басып кетіп бара жатты.

Сол күні түнде балықшы ауылда бір тірі жан көз ілмеді. Қатын-бала у-шу. Мұзға ыққан ер-азаматтардың алдын орап кісі шаптырайын десе, бүкіл ауылда аяқ артатын көлік табылмады.

Ақбала әлсіз. Көрші әйелдер шала туған баланы құрақ көрпеге орап, анасының ірге жағына салып берді де, үйлеріне кетті. Ақбала қол созым жерде тұрған шамды жаға алмай, түнімен көрдей қараңғы үйде жалғыз жатты. Әлизаның халі онан да нашар; жалғыз ұлын оң босағаға салып отырған анада құр сұлде. Түнімен есін білмей, сандырақтап шықты.

Қарақатыннан қайыр жоқ. Ол кешеден бері басына қара салып, үй мен үй арасында еңіреп жүр. Таң атқалы Судыр Ахметке екі рет барды. Мұзға ыққандарға құмалақ салғызды. Судыр Ахмет алғашқыда қырық бір құмалақты барынша әспеттеп, әуелі «піссіміллә» деп сүпиттеп дем салып төрге жайған ақ тоқымға салып еді; кейін қара қатын екінші келгенде онша құлқы болмай үй ішінде күйбеңдеп біраз жүрді. Сосын уысындағы құмалақты аяқ астында жатқан жыртық алашаға шашып жіберді. Сосын иегіндеі бес тал сақалдың ұшын аузына апарып, тістеп отырып, өзгелерден бөлініп шалғайырақ түскен бес-он құмалаққа көз жіберіп отырып қалды. Құмалақтың құйтырқысына түсінбеді ме, әлде көріпкел сәуегейлігі тап осы арада көмекке жарамай пышырап кетіп қиналып отырған сияқты еді. Судыр Ахмет әр кездегідей ар жағындағы реніші ішіне симай, күнк етіп: «Кісінің ұйқысын бұзып, жып-жылы төсектен суырып алғанда жақсы. Тым құрыса, бір-екі қақпыш балық әкелсе қайтеді. Балаларға тартқылатып

койсақ, түс ауғанша тамақ сұрамас еді ғой», – деді. Сонан болар, Судыр Ахмет салған жерден сұңқылдап жөнелмеді. Қарақатынның зәресі ұшты. Бірдеңе деуге бата алмай, жалаңаш құйрығымен тікен үстіне отырғандай қипақтап қозғала бастады. Судыр Ахмет те ертеден бері аузын бағып отырған әйелге әулиелігінің құдіретін көрсеткісі келгендей зарықтырып, жанын тылсымға тақап алды.

– Құмалақ жақсы емес. Қорқам. Пәруәрдігер жар болмаса... пақырлардың басына, қалайда бір зауал төніп тұр.

– Алда-ай!.. Қайнаға-ай! Қайнағеке-ай, қайта тартшы.

– Қой әрі! Құмалақты қайталап тартып, құдайдың көрін жеңілдететін әулиені көргем жоқ, – деді де, Судыр Ахмет күпісінің шалғайын қағып, түрегеліп кетті.

Қарақатын сыртқа шыққасын көй-көйді үдетіп, үйіне қайтып келе жатқан-ды. Бір топ атты тұсынан тасырлатып шауып өтті. Кіл қара шекпенді. Ішінде Федоров пен Курнос Иван бар. Атқа міне сала шабатын Федоровтың тақымы астында алысқа сілтейтін ат. Құдаймендеден құнын беріп сатып алған атты биыл жаз бойы жемге байлап баптап мініп жүргенді. Беларанның кезінен асқанша тоқ аттың өкпесі қарлығып, аяғын ауыр алып келеді. Көп ұзамай қос құлақтың түбінен тер білінді де, екі атты оп-оңай басып озып, оқ бойы алға шығып кеткен Курнос Иванның атымен құйрықтасты; бірақ басып оза алмады. Сонан екі ат Көлқораның құлауына жеткенше бірінен бірі оза алмай, біраз жаға буды боп келе жатқан. Бір кезде құланың омырауы мен мойны тегіс терледі. Ат мінезін жақсы білетін Шодыр әлгідей емес, құла аттың аяқ алысы жеңілдеп, қиналмай, еркін сілтей бастағанын

байқады. «Ой, жануар, саған берген ақшам адал екен» деді ішінен.

Көлқораның табанына құлағасын Тентек Шодыр бұрылып артына қарап еді, Курнос Иванның қарасы көрінбеді. Шодыр ат басын тартпады. Екі көзін алдына тігіп емініп алған-ды. Күтпеген жерден құла ат оsqырынып жолдан шыға жалт берді. Ерден ұшып түсе жаздаған Шодыр тізгінді тез тартып, ат үріккен жаққа қарап еді, қарсы алдында жолын кеселеп біреу тұр екен. Аттан қарғып түсті.

– Сен бе?

– Иә, мен.

– Ау-құралдарың қайда?

Еламан үнсіз. Тымақ астынан атып жіберердей кадала қараған көзді орыс байы енді байқады.

– Ау-құралдарың қайда?

– Сен ит!.. Иттің баласы, адамдарың қайда деп неге сұрамайсың? – деді Еламан ақырып. Құлаштай сермеген сүймен астында басын қорғап бұғып қалғанды. Иықтың басына тиген соққыдан есеңгіреп кетті. Басын шайқап жіберді. Қалың киімді бойымен бүгерлеп астына баса қалмақ болғанда, Еламан артына қарай ытқып, орыс байының құшағынан сытылып шықты да, қайта ұмтылды. Бұл жолы сүймен Федоровтың дәл қара құсына тиді. Құлақшын астынан сау еткен қан бет-аузын жуып кетті. Қалың киімді, батыр тұлғалы ірі кісі гүрс етіп етпеттей құлады. Еламан сүйменді лақтырып жіберді.

– Осы сендер не ойлай-туң? Ал мен көресіні мына Кәленнен көріп жүрмін ғой. Болыстық қолымдағы балта болса, әуелі оны Еламан мен Кәленге сілтесем

қайтеді?– деді Құдайменде ағасы мен інісін оңашалап, ақылдасуға шақырып алып отырып.

Болыс боп сайланғасын жатпай-тұрмай ел аралап сыртта жүріп қап, сонан кеше оралған-ды. Ертең тағы да ел арасының шаруасымен жүретін болғасын, кеше жатар алдында ағасы мен інісіне: «Ертеңгі шайды біздің үйден ішерсіңдер» – деп еді; ас-суы әзір үйге барам деп ойлаған софы көңілденіп келген-ді. Құр шайдан басқа тіске басатын ештеңе болмағасын софының қабағы түсіп кетті. Сөзге сараң, әңгімеге де зауықсыз.

– Неге үндемейсіңдер? – деді Құдайменде, – Кәленді айдатсам қайтеді деп отырмын ғой?

– Онымен ұстасып қайтесің, – деді Софы.

– Немене, жаның аши ма?

– Ау, ол ұры от алғалы тұрған қара мылтық емес пе? Өзінді жазым етіп жүрмесін, – деді софы.

– Е, ол мені қалай жазым ете-туң?

– Оны бір Алла біледі. Менің білетінім – өзіңнің тыныштығыңды ойла.

– Омайт шіркін-ау. Сондай-ақ ол кім екен? Қолынан екі келсе, бірін қылсын. Олай десең бар-ау, оразамды ашпай тұрып, өзімнің құттыхана мешітімде, не тілеудің үстінде отырып айтайын, оны Сімірге айдатам.

Кәленмен жауласқанды Тәңірберген де мақұл көрмейтін. Кәлен өздерінің желісіне талай-талай мал әкеп байлап жүрген қара білек мықты ұрысы еді; ол және тышқаншылап ауыл арасының тайлы-тұяғын ұрламай, сонау Қоңырат, Шымбай асып, иір мойын үлек әкелетін. Маңғыстау асып, сонау Адай, Табыннан үйірге салатын құтпан айғыр, ел ақтаған саңлақтар әкелетін де осы Кәлен еді. Тәңірберген соны айтқанда, Құдайменде інісіне тандана қарады. «Шырағым-ау,

сен әдетте мал-жанмен ісің жоқ сияктанып, дүниеуи пенделік істен бойыңды аулақ салып жүрмеуші ме едің?» дегісі келсе де, соны айтар жерде өзін ұстап қалды. Есіне осы інісінің әне бірде Кәленді сырт жерге жұмсап, Қарақалпақтан аруана, Түрікпеннен ақалтеке алғызып, қолдағы малдың тұқымын асылдандырайық деп, ақыл-кеңес бергені есіне түсті. Бұл онша ыңғай бермеген. Сүйтіп жүргенде енді міне Кәленді ақи-тақи қолдан шығарып алды. Татуласудан дәме қалмады. Болыс ағасы мен ақылдасатын ендігі әңгімені софы ағасының көзінше айтқысы келмеген Тәңірберген түк деместен, тұрды да шығып кетті.

– Тәйірі, әлгіні қайтесің. Жақсы атқа мінсін, әлем-жәлем киініп, қыз, келіншегі бар ауылдың сыртын торып көлеңдеп жүрсін, – деді де, софы түк басқан жалпақ бетін жоғары көтеріп, кеңкілдеп күлді. Сосын бауырсақ жеп, шай ішіп отырып, – Абыралыға қарағанда сенен малды, сенен бақты ешкім жоқ. Ақылдымыз да сенсін. Өз жолыңды өзің аңғарасың ғой. Тек саған айтар бір әңгімем бар. Оны құй ал, құй алма, ерік өзінде, – деді.

Жасында палуан болған деседі; көзін жапқан қалың қастың арасында ара-тұра ұзын қылдар едірейеді. Ұйқылы-ояу аралығында бей-жай маужырап, мүлгіп жатыр. Құдайменде үндемегесін, ол асықпай, ақырын ығыстыра сөйледі.

– Сен Кәленнен аулақ жүр. Сені білмеймін, өз басым осы ұрыдан қорқам. Ол әне бір кезде ауыз ашып отырған үстіме келді. «Біздің үйдің Аламойнақтары шалғайыңды жыртқан жоқ па?» – деп едім, ол күліп: «Ой, Алдеке-ай, күшігінен асырағасын құр дәріптей бересің ғой. Әйтпесе, Аламойнақ дегенің ала күшік емес пе?» – деді ғой... Астафир Алла! Жағамды ұстадым!

Софы енді бірдеңе дегенде, онсыз да терісіне симай отырған Құдайменде тілге келіп қалатын еді. Абырой болғанда, Алдаберген софы ауыр денесін ақырын, баяу қозғап түрегелді. Пұшпақ ішігін киіп, күміс деңментпен белін буды да, жылысып басып сыртқа шықты. Софы кеткен бойда іле-шала ішке Тәңірберген кірді. Төрге шығып жайғасып отырғасын:

– Шайды жина – деп, жеңгесіне әмір етті де, дастарханның бір шетінде кірпідей жиырылып жатқан ағасына бұрылды: – Болыс аға, бақыт басыңа қонды. Бірақ бақыт ер салып, құйысқандап мінетін арғымақ ат емес. Ат туласа да тақымың астында. Бақыт – басқа қонған құс, қолына шыбық ұстаған баладан да үркеді. Бұқараңа сақ бол. Үкімің жүріп тұрғанда, бұғалығыңнан шығып кеткен ана Кәлен, ана Еламанға істеріңді істеп қал. «Жау аяған – жаралы». Аумалы-төкпелі дүние ғой, бірде жауыңның үстіне шықсан, бірде астына түссең де арманың жоқ.

Құдайменде бір қыржиса күрмелген жіптей, қабағы тұнжырап түйіле беретін. Үндемеді. Жас мырза түптің түбінде шындап кетсе болыс ағасының өзінің дегенінен шықпасын білді де, қамшысы мен тымағын қолына ұстай түрегелді. Құдайменде ол кеткесін де қозғалмады. Інісі бұның ойынан шықты. Екеуінің үні үндес шыққанына іші жылып, Кәлен мен Еламанға істер жаулығын ішінен ойлап отырған үстіне біреу келді. Етігін есік алдында тұрып шешті. Сосын кілем төсеген еденді имене басып, Құдаймендеге көш жердей қос қол созып келе жатты.

Бұның бәрі бұл үйге келген кісілердің дағдылы мінезі болғасын Құдайменде онша жіби қойған жоқ. Ертелетіп жүрген жүрісіне қарап, мынаның бұ жолы да ел ішінің бір әңгімесімен келгенін шамалады. Бірақ

қашан өзі тиіп айтқанша оны асықтырмай, ала тақия киген басын бауырына алып отыр.

Анау:

– Байеке... – дей түсті де, тоқтап қалды. Бүгінде Құдаймендені «болысеке» деудің лайық екенін біліп, аңдаусызда тікен үстіне отырып қалғандай кипақтап, жасқаншақ жанар жаутаңдап Құдаймендеге қарап еді, Құдайменде жаратпай, дүңк етті:

– Неге бөгелдің? Жайшылық па?

– Жайшылық дейтін жайшылық та емес. Ауыл арасының бір жаманатын...

– Ол не? Қандай жаманат?

– Еламан бар емес пе?

– Иә, болса ше?

– Сол Тентек Шодырды өлтірді.

Құдайменде басын көтеріп алды. Болыстың ажарына қарап анау да өзі ойлағандай, мынау бұл үйдің жандарына жаманат емес, ең бір жақсы хабар екенін білді. Сосын жайраңдап, көңілденіп сала берді.

– Орыстар Еламанды шанаға таңып промсолға әкелді. Айтпақшы, қасында Рай бар. Промсол басы бұлан-талан...

– Ие?

– Шодырдың үйінде ақ келіншек бар емес пе еді...

– Ие, ал?

– Сол келіншек Курнос Иванның қатыны боп шықты. Некелі қатыны екен. Шодыр өлгесін Курнос Иван нені тыңдасын... Шодырдың үйіне баса-көктеп кіріп барған да, әлгі қатынды...

– Жә, оны қой, Еламанның жайын айт.

– Еламанды орыстар сізге әкеліп, әкті-мәктісін жасатып, дереу өйезге жөнелтеді деп есіттім...

– Ә, солай де! – деп, Құдайменде ыңыранып отырды да, – әй, Ебейсін, – деп хабар әкелген кісіге қарады.–

Сен пешірді тап... өзімізге қараған үйдің біріне қонып шыққан шығар...

– Айта беріңіз, Алдекеңнің үйінен шығып жүргенін көрдім.

«Сол үйге үйір боп кетті. Сұм жігіт софының ақ тоқалымен көңілдес болмаса не қылсын. Онда біздің қатынның сезігі дұрыс болды ғой».

– Жә, мейлі... Сен пешір баланы маған жібер!

Ебейсіннің үйден шығуы мұң екен, Құдайменде сыртында жатқан құс жастыққа шалқалап құлай бере үйді басына көтере қарқ-қарқ күлді. Кескен томардай кеспелтек жұмыр денесі селк-селк.

– Есем кетіп жүр еді. Құрығы ұзын құдай оның да тағдырын... ха-ха-ха-а...

* * *

– Әже, үйге қонақ кеп қалды.

– Атамнан әрмен! Кетсін әрі. Қондырмаймын!

– Қой, әже! Ұят болар. Бірі – оқыған жігіт. Теңіз жағасын қыстайтын жалпақ ел – Жақайым руынан. Қабырға болысы Құдайменденің...

– Кімнің?

– Құдайменде деген болыс бар емес пе?

– Астафыралла! Аты қалай еді, пәтшағардың?! – деді кемпір күбірлеп. Бірақ әлгідей емес, беті қайтып қалған. Мына қонақтар қыс болса қалада тірек ұстайтын орыс, татар байларына тоң балық тасып, шұбырып жататын кіреші емес. Қаладан көйлек-көншектік мата, шай-шекер алып қайтуға шыққан қалашы емес. Мына келген қонақтар Құдайменде болыстың інісі болғасын қыстың көзі қырауда үйіне қондырмай, қуып жіберудің ыңғайсыз екенін білді. Бірақ асығыстық жасап

қондырмайтынын айтып салғасын, енді ізінше райдан қайтып, тізгін еркін балаға бере салу да ыңғайсыз. Кемпір үндемеді. Осындайда бала-шағаға сыр бермей, сыртын суық ұстап алатын мінезі болушы еді. Қасында өзінен ризалық тосып тұрған баласын көрсе де, әлі де болса оған рай бермей, ағаш кереует үстінде күлге шөккен түйедей, бөксесін көрпемен қымтап алған. «Қонақ шіркін, тек қонып кете ме. Мұсалдат боп мойныға міндетін арта келеді. Өзіне ет керек, атына шөп керек. Ол иттер таң атқанша от жақтан қол салып қыз-қырқыныға тағы тыным бермейді» – деп ойлап, өз көңілінен тек наразылық іздеп отырған-ды.

Үсті-басының қарын қағып, суық қапқан киімдері сықырлап екі адам ішке кіре берді. Бірі – төртпақ, жатаған. Екіншісі – жұқа, қағілез. Екеуінің де қасы, кірпігі қырау. Жұқа өнді қағілез жігіт қала үлгісімен тіккен қара драп пальтоның сыртынан қасқыр ішік киген. Ішке кіргесін төрге озбай, есік алдында тұрып қасқыр ішікті иығынан сыпырып тастады. Ал төртпақ жігіт онан бұрынырақ кіріп үйдің иесі кемпірге сәлем берді. Сосын бойындағы киіммен төрге шығып, көрпе үстіне жайғасып отырды. Сонан соң ғана басынан тымақты алды. Аяғындағы табанына сіреу қар қатқан бітеу бас етікті үстіндегі киімнің бәрінен кейін шешті. «Қайда тастасам екен?» – дегендей қолындағы етікті жоғары көтеріп айнала төңірекке көз тастады. Жаңа ішке кіргенде төрге жайған қара текеметке аяғындағы ауыр етіктің ізі аққар боп жосылып қалған екен. Ол бірақ қаперіне кіріп-шықпаған күйі қолындағы етікті дүрс еткізіп өзінің ірге жағына тастай салды. Сонан соң:

– Жасанжан, былай шық! – деп, жас жолдасына қасынан орын көрсетті. Төріне бір шыққан қазақтың

барған үйіне қожалық етіп, билеп-төстеп кететін әдет.

Жасағанберген аяқ киімі мен сырт киімін есік алдында тұрып шешіп, төрге бойын жеңілдеп шықты. Күнұзын от жақпай, есік-терезеден жел ызғып тұрған үйде қолын уқалап, бүрісіп отыр. Жолдасы оған көз қиығын тастап: «Қара суықта жүнін қырыққан ешкідей бүрсеңдеуін», – деді ішінен.

Бұлар бүгін Шалқардан күн шықпай атқа қонғанды. Аттары мықты болғасын қалай да Ханжалында көк мешіт ұстап отырған ишанға қонбақ болған. Оған аттары болдырды. Өздері де шаршады. Ұзақ жүріске аттан да көрі, әсіресе, Жасағанберген шыдамай, белі талып, тақымын ер қажап тастады. Төрге шыққасын да құрысқан аяғын біресе ілгері созып, біресе өзіне тартып мазасы болмай отыр. Қонатын үй де көңілден шықпады. Абажадай бір бөлме аңғал-саңғал. Төр жақтағы тұтас бір қабырғаға бірінен кейін бірін құйрықтастырып қойған екі ағаш кереует тұр. Екеуі де ою, өрнексіз. Және ұсынақты шебер қолдан шықпағаны көрініп тұр. Екі кереуетке жиған көрпелер пен тұсына ұстаған терме алаша, бәрі-бәрі – бұл үйдің ер-азаматында екі қатын бар екені айтпаса да белгілі болды. Қысқа күнде қырық қырқысатын күндес қатындардың бірінің бойына бір суыртпақ жіп артық жібермей, іштар қызғанышпен тайталасып өмір сүретін әдет.

Шымылдық пеш түбіндегі кереуетте екі ұрты салбыраған кемпір. Қолағаштай үлкен мұрынның бір танауында бүйідей қара мең. Сол меңнің сыпыра көбелігінде сояудай ақ қылдар тікірейіп, кемпірдің онсыз да еркек тақылеттес кесек бітімін суыта түскен.

Жас жігіттің қасындағы серігі – бай ауылдың «барып кел», «алып келінде» жүретін – Ебейсін төрге

шыққасын кемпірге тіл қатып еді; кемпір жақтырмай, алақанымен құлағын қалқалап, кереует үстінен еңкейді:

– А?.. Қаттырақ айт!

Құлағы мүкіс екен деп ойлаған Ебейсін, енді даусын көтеріп:

– Қай туған боласыңдар? – деп еді, кемпір «іші-бауырыңа кіруін қарашы», – деп ойлады да, өңі әлгіден де көрі салқын тартты. Қонақтың жауап күтіп отырғанын байқаса да, оған енді қайтып назар аудармады. Бөксесін орап алған түйе жүн көрпенің астында бүлкілдеген әлденеге «тыныш жат!» – деп салып қап еді, ол бала екен, үйді басына көтере аңырап қоя берді. Ебейсін саңырау кемпір есіте қояр дейсің бе деген оймен қасындағы жігітке:

– Қонысымыз келіскен екен. Көре қал, мына қақпас қара су татырмайды, – деп еді, кемпір иығы бүлк етіп, жымыып қойды.

Ішке екі келіншек кірді. Бірі – ақ сұр. Ұзын бойлы. Онан кейін кірген келіншек қара торы. Анадан бойы аласа, бірақ тығыншықтай толық. Екеуі де үстіндегі белін бұйда жіппен буған шекпеннің етегіне толтырып сары қи әкелді. Күні бойы қолдағы азғантай малдың астын жайлап, қой қора мен түйе қорада жүрген келіншектердің үстінен көң мен қойдың күлімсі шайыр иісі шықты. Екі келіншек төрде отырған қонақтарға еріндерін қимылдатты да, бұрылып кетті. Сонан қайтып ол жаққа назар салмады. Қара торы келіншек от жақты. Қазанға ас салды. Үй іші әлгіден аздап жылынғанмен, бірақ жас жігіттің ту сыртындағы қой қарнын тұтқан терезеден сырттың уілдеген ызғырық желі көк желкеден қадалып ұрып тұр. Әсіресе, кірген-шыққан кісілер есікті ашқан-жапқанда

жаман. Есікті ашып қалғанда, ішке лап берген желмен терезеге тұтқан қарын «уф-ф!» деп сыртқа теуіп, үрген қуықтай торсиып кетеді. Ал есікті жауып қалғанда, әлгі қарын кейін теуіп, «фуф-ф!» деп, үй ішіндегілерге ұртын торсита қояды. Есік енді бір ашылғанда, ішке лап берген ауадан әлгі шыңылтыр, жұқа қарын тырс етіп жарылып кетті де, терезеден мұп-мұздай суық жел уілдеп соғып берді.

– Біте, ана жау жегірді! – деді кемпір, – әлгі осы үйдің қызы қайда?

– Көрші ауылға кетті ғой...

– Е, онда не бар екен?

– Отырмақ болады дей ме...

– Тұра тұр, сен қыз!

Кемпір қоламтада тұрған құманды алып, сыртқа шықты. Ебейсін жалма-жан жанындағы жігіттің құлағына аузын апарып:

– Қосшым, жағаңа түкіре бер. Бұл үйде қыз бар екен, – деді.

Көп ұзамай қазан астына қалаған сары қи маздап жанып, үй іші жылына бастады. Қара торы келіншек жалыны басылғасын қазан астындағы қызыл шоқты көсеумен бері тартып еді; төңкерген кесе түбінде сығырайған май шамның жарығы ала көлеңкелеуге ғана жарап тұрған абажадай үйдің ішіне көктен күн сәулесі түскендей, көңілденіп сала берді. Соны сезді ме, әлгінде кемпір бөксесін ораған көрпе астынан екі бала басын шығарды. Бірі естияр, екіншісі бауырын жаңа көтерген бала мысықтай күрбел. Екеуі де көзі жылтырап, тәмпіш мұрнын ілгері созып, қи шоғының иісімен қуана дем алды. Ошақ алдына тартқан қып-қызыл шоқтың сәулесі жас балалардың жанарында ұшқындап, әуелі қазанға, сосын қазан маңында

жүрген аналарына қарады. Онан төрде отырған қонақтың көзіне көзі түсті де, басын жалма-жан көрпе астына тығып ала қойды. Жасағанберген күлімсіреді де, жолдасы екеуі атты жайлап келмек боп сыртқа шықты. Үй оңашарған соң ересек бала көрпе астында жатып бүлік салды. Әуелі кішкентай баланың табанын қытықтап, ықылық аттырып қойды. Бұл қылығы өзіне ұнады да, көрпе астында бүркеніп жатып кішкентай інісін ана бүйірінен бір, мына бүйірінен бір түртіп, ақырында балтырын бұрап үзіп алды. Бала жылан шаққандай шар етті. Ақ сұр келіншек:

– Мына ар-р-рам ит қайтеді, әй?! – деп ұмтылып еді, қара торы келіншек күндесінің жолын кеселеп тұра қалды.

– Кәйтесің, бала ғой, – деп еді.

– Бала емес, бәле! Құрттай баланы өлтіреді. Ендеше, ол арам итті мен өлтірейін.

– Өлтіріп көр, өзің тірі қалар ма екенсің.

Дәл осы кезде сырттан үйге қарай келе жатқан еркектің жөтелі естілді.

– Тұра тұр, бәлем!..

Сүйдеді де, ақ сұр келіншек аңдаусыз тұрған күндесін аш бүйірден ыңк еткізіп бір түйді де, түк болмағандай бұрылып жүре берді.

Үй иесі жігіт ішке кірді.

– Тоңып келген шығарсындар. Шайды от алдында отырып ішейік, – деді ол өзінің соңын ала кірген қонақтарға.

Шайдан кейін тұла бойы жылынған жас жігіт енді қарсы алдынан ошақ алдына тартқан қидың қызыл шоғын бүкіл бет алабы алаулап, қызып, маужырай бастады. Ебейсін мен үй иесі жігіт дастархан жиналғасын да әңгімелерін үзген жоқ. Бір-бір жастықты

шынтағына басып, бас түйістіріп жатып, олар биыл суық жылдағыдан гөрі ерте түскенін, қораға алған қолдағы азын-аулақ малдың жазда шапқан азғантай шөпті әлден жеп, тауыса бастағанын үлкен уайыммен әңгімеледі. Кешкі астан кейін көңіл бірлеген Ебейсін мал қыстатуға қырдай емес, қалай десе де, теңіз жақтың тиімді екенін айтты. «Тіпті бар-ау», – деді ол, қайсы бір қақаған қарлы, боранды суық қыруар малды ит тұмсығы батпайтын қалың қамысқа айдап жіберсең, ығы да жетеді, қорегі де табылады. Ең аржағы қамыстың қауылдырығы мен қабығын қажаса да, қыстан жан созып, қоңы жығылмай шығады деп, үй иесін есін шығарып, еліртіп қойды да, сосын ол:

– Қиындық көріп бара жатсаң, тура өзіме кел, «мал-жаныңа пана беретін, шүкір, жағдайым бар деп еді, Төлеу:

– Рахмет, Ебейсін аға. Апырай, теңіз жаны мал ұстаған шаруаның нағыз кері болды ғой. Көшем. Барам.

– Кел. Қырды тастап тура өзіме кел.

Жасағанберген мыналардың әңгімесіне араласқан жоқ. Ұйқы қысып, көзі құм түскендей түйіліп отыр. Ондайда ана екеуінің даусы алыстап, әлдеқайдан күңгірлеп естіледі. Кейде қара қазанда қайнап жатқан сүр иісі танауын қытықтап, асқа аңсары ауып, ауық-ауық басын шыдамсыздана көтеріп алады.

Май шам сөніп барады. От сәулесі түскен ошақ алды ғана жарық. Басқа жақ, айрықша, абажадай үлкен үйдің бұрыш-бұрышына ірі көлеңке үйіріліп, тұнжырап тұр. Қара торы келіншек күйеуімен тақымдасып, шай құйып отыр. Ұзын бойлы, ақ сүр келіншек қазан маңында; қи шоғына оның да беті қызып, гүл-гүл жайнапты.

Астан кейін Ебейсін ақау татыған ірімік айранның бір зеренін ішті де, тон шалбардың ышқыр бауын босатты. Бұл үйдің ас-суын ішіп көңілін пірлегесін ол енді кемпірдің кереует үстінен оқтай қадалған көзіне пысқырған да жоқ. Үстіндегі тонның бір шалғайын жамылып, бір шалғайын астына төсеп төр алдында теңкиіп жатыр. Қазір бәріне енжар. Әңгімеге тіпті зауықсыз. Үй иесі жігіттің атын ұмытып қала береді. Анау да ерінбей-жалықпай, оған:

– Атым –Төлеу – деп, қайта-қайта есіне салып бақты.

– Ә, Төлеусің бе? – дейді бұл.

– Иә, Төлеу, – деді анау тағы да.

– Дұр-ыс, – деді бұ да езуі жыртылғанша аузын ашып, есінеп.

– Ебейсін аға, – деді Төлеу елпілдеп.

Ебейсін үндемеді. Сүр ет пен құрт езген әлгіндегі майлы сорпаның исі әлі де айыға қоймаған қапырық үйдің ауасына тұмсығын төсеп, көзін бір ашып, бір жұмып манаурап жатыр.

– Апырай, Ебейсін аға... сонымен мал ұстаған кісіге қыс айларында қырдан теңіз жағасы тиімді дейсің, ә? – деді Төлеу.

– Айттым ғой, сұрай беріп қайтесің. Көшіп кел. Көмектесем.

Сүйдеді де, Ебейсін Жасағанбергенді оятып тысқа шықты. Қора шетінен иттер үрді. Қасқыр ма деп, иттер үрген жакқа жүре түсті де, тоқтады. Ай жарық еді. Қос атты парлап жеккен жеңіл шаналы біреулер бұлардың жанынан жез қоңырауы шылдырап, ағызып өте шықты

да, үйге жете бере ат басын бір-ақ тартты...

Шанада отырған төрт кісінің бірі – ат айдаушы, екіншісі – кім екені белгісіз, тонға оранып алған. Қолында мылтық. Қалған екі кісінің қол-аяғында темір кісен.

– Бұлар кім болды екен? – деді Жасағанберген.

– Еламан ғой, – деді Ебейсін.

– Кім? Кім дедің?

– Е, сен сұлу келіншегі бар балықшы жігітті білмеуші ме едің? Ол келіншекпен бір кезде біздің мырза ашына боп біраз әуейленген.

– Ал?..

– Еламан сол сайқалдың байы. Қасындағы інісі – Рай.

– Ал, сосын?..

– «Құтырған бура иесіне түседі» деп... жаңағы сайқалдың байы қара шекпеннің байын өлтіріп...

– Ал?

– Шырағым-ау, сенің бұл «алың» қай «ал»? Кісі өлтіргесін оны кім аясын. Мен жолға шығарда болыс ағаң қол-аяғын кісендеп, бойын кездетіп, қалаға айдатқалы жатыр еді... Мынау, дәу де болса, солар.

Жасағанберген иығынан сыпырылып түсіп бара жатқан пальтоны жағасынан жоғары тартты да, үйге беттеді. Төлеу мен Ебейсін үйге онан сәл кейінірек кіріп еді, іле-шала есік қайта ашылды да, ішке екі жас кірді. Екеуі де көңілді. Әсіресе, қыз әлде неге мәз. Сықылықтап күліп, есіктен кірер жерде екеуі тайталасып қалды. Қыздың қазіргі түрі адам күлердей: үстінде етегі жер сызған қара тон. Аяғында байпақты етік. Өзінің ерсі түрінен қысылып жатқан жоқ. Жұрттан бұрын қайта қыздың өзі қызық көріп,

күлкісін тыя алмай, сықылықтап жатыр еді, қара торы келіншек құлағына еңкейіп:

– Еркем-ау, саған не болған. Үйде түсі басқа қонақ отыр, – деп еді, қыз тыйыла қалды. Бірақ, қонақтар жаққа көз салмады. Қала мен теңіз арасында қыста да, жазда да аяқсымай шұбырып жататын көп жолаушының бірі болар деп ойлаған-ды. Қайын сіңлісін шешіндіріп жатып, үй ішіндегілердің көзін ала бере жеңгесі тағы да сыбырлап:

– Біреуі оқыған жігіт, – деп еді, қыз енді жеңгесінің тасасынан сығалап абажадай үйдің қонақтар отырған жағына мойнын созып қарап еді, соны байқады ма, жас жігіт көсіліп жатқан аяғын жалма-жан тартып ала қойды. Қыз шаш қойған, орысша киінген, арық, аққұба жігітке көзін іркіп қарады да, бұрылып кетті. Жеңгесінің қолын қағып, ешкімнің көмегінсіз өзі шешінді.

– Айғанша қарағым-ау, осынша кеш жүргенің не? – деді Төлеу.

Бағанағыдай емес, Ебейсін қазір қутындап шыға келді. Ұйқысы да шайдай ашылды. Бас-аяғы бір бөлме үйде бой тасалайтын жер жоқ-ты. Теріс қарап тұрып шешіне бастаған қыздың тұла бойын тінткілеп, көзімен ішіп-жеп барады. Үстіндегі қабаттап киген киімдерді бір-бірлеп шешкен сайын ар жағынан құдды қауызын жарған гүлдей жап-жас қыздың талдырмаш бойы, қынама белі мен сәл-пәл қозғалса да арқасындағы білектей қос бұрым бұлғақтап, қарамауға қоймай, көзді тартып алып тұр. Қызды көзімен ішіп-жеп бара жатқан Ебейсін қасындағы жас жігітті қайта-қайта түрткілеп, мазасын алып бітті.

Дәл осы кезде:

– Ассалаумағалейкум! – деп, сырттан кірген екеу қосарлана боздап еді, бірақ оқыған жігітті көрді де,

ілгері баспай есік алдында тұрып қалды. Сосын оның басқа емес, оқудан қайтып келе жатқан Құдайменде болыстың кіші інісі екенін білгесін:

– Оу, Жасанжан!.. Ой, айналайын... Ал, аман-сау барсың ба? Дені-қарның сау ма? – деп, әлгі екеу екі жақтан жалпылдай бастады.

– Аға, жеңгелерің де аман. Дені-қарны сау.

– Ал, өзің қалайсың? Өңің қандай құп-қу.

– Апырай, бетіңде тіпті қан жоқ. Оқу адамды жеп тастайды деген рас-ау! Денсаулығың қалай?

– Ауылды сағынған шығарсың?

– Аға, жеңгелерің де сенің жолыңа қарай-қарай, екі көзі төрт болды.

Ебейсін өзінің қасына кеп тақымдаса отырып алған қаба сақалды жуан қараны бүйіріне түртіп:

– Қастарыңда тағы біреулер бар емес пе еді? – деп еді.

– Ой, енесін с... балықшы ғой. Шалқарға айдап апара жатырмыз.

– Олар қайда?

– Түйе қораға қамап тастадық.

– Күзет қойдыңдар ма?

– Ит жер дейсің бе? – деді қаба сақалды жуан қара кеңк-кеңк күліп, – қашып кете алмайды, қол-аяғы кісендеулі.

Жаңа ғана сырттан тоңазып келген қыз қара кемпірдің қасында иегін тізесіне сүйеп бүрісіп отыр еді. Шалқақтап күлген қаба сақалдыға көзі енді түсті.

– Оларды ішке алса қайтеді? Тоңады ғой, – деді Жасағанберген.

Ебейсін мырс етті. Сырт айнала бере, ірге жақта жатқан бір жастықты өзіне тартып алды да, жұмарлап тақымының астына басты.

– Ағалар-ау, бұларың қалай?.. Мына суықта... мал қораға қамап... Ұят қайда?..

– Жасанжан-ау, олар қылмысты, кісі өлтірген, – деді қаба сақал.

– Солай шығар. Бірақ, олар да адам... адам баласы ғой...

– Түсінсем не дейсің. Кісі өлтірген кісіге аяныш бола ма?

Бұған қарсы айтатын ұтымды сөз аузына түспеген жігіт өзіне, әлде аналарға ызаланды ма, қараптан қарап қызарақтап күйіп-пісті. Соны байқаған кемпір:

– Әй, залым, – деді қаба сақалдыға, – мына бала жалынғанда адам түгіл қара тас та бір төңкеріліп түсер еді ғой. Дәтің шыдап неғып отырсыңдар?

– Жә, қайтесің. Бұл сен араласатын іс емес, – деді қаба сақал.

– Мына залым не дейді, әй? Кәне, сен жаңағыңды қайта айтшы?

Айғанша анасының бұрын-соңды дәл мұндай қатты бұзылған түрін көрген емес-ті. Кемпір енді бөксесін қымтап орап алған көрпені жұлқып ысырып тастады да, кереуеттен түсті.

– Бұл үйге қонғыларың келсе, бар, барыңдар, аналарды алып келіңдер! – деді ақырып.

– Қария-ау, олар кісі өлтірген, қылмыс...

– Әй, қара бет! Имансыз! Қанша кісі өлтірсе де, олардың қылмысы сендердің күнәларыңнан артық болмас.

Ебейсін қаба сақалдыны бүйірінен нұқыды:

– Қарсыласпа. Бүгінше осы қақпастың дегенін істейік!

Сүйдеді де, ананы енді әй-шәйға қаратпай, сыртқа алып кетті. Айғанша анасына дән ырза. Жас қонақ жаққа білдірмей көзінің астымен бір-екі қарады. Мынау өзі көріп жүргендерден мүлде басқа. Және эне

бір түнде қонып жатып, жұрттың көзі ұйқыға кетеркетпесте от жақтан кеп қол салатын әлде біреулерге тіпті де ұқсамайды екен. Бір көргеннен ұнаса да, неге екенін қайдам, бірден жас жүрек алып-ұшып құлап түскен жоқ. Қайта бір көргеннен ар жағында жүрегін шымылдатқан әлде бір аяныш тұрды. Өзі жоқтан өзгеден қысылатын ұялшақ па, қалай? Бір-екі рет байқап қалды, бұған көзінің астынан бата алмай жасқаншақтап қарады да, ду қызарып, жанары тайқып кетті.

Ебейсін мен қаба сақал екі кісіні қол-аяғындағы темір кісенді шылдыратып ішке алып кірді. Екеуі де қатты жаураған. Әсіресе, бала жігіт қалшылдап ұшып барады екен. Айғанша жүгіріп барды да, пеш түбіндегі жылы орынға төсек жайды.

– Отқа жақындандар! – деді кемпір.

Бала жігіт ішке кірген бойда ошақ алдына отыра қап, қып-қызыл ки шоғына шабынып оттың үстіне түсіп барады. Онан кейіндеу кірген еңгезердей ірі кісі де қаңтардың қақаған суығында қатты жаурапты. Бірақ төрдегі кісілердің арасынан болыстың оқудан қайтқан інісін көрді де, отқа жақындамай, төрге шығып отырды.

Оның ұстамдылығына ырза болған кемпір:

– «Жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл» деген. Шырағым, есімің кім?

– Ел-а-ман...

– Мына бала ше?

– Менің інім. Аты – Рай.

– Қай рудан боласыңдар?

– Жақайымбыз.

– Іргелі елдің баласы екенсіңдер ғой?



– Қадірлі ана, біз теңіз жағасында тұратын балықшылар аулынанбыз.

– Е-е! «Адамның басы, Алланың добы». Не бола-рына кімнің көзі жеткен, – деді кемпір. Сәл отырғасын жүзін Еламанға қайта тіктеп, – жөніңді білмесек те, жүзіңді көріп отырмын шырағым. Мыналар сені кісі өлтірді дейді. Қайдан білейін, адам аласы ішінде ғой, түріне қарасам, иманмен қаптап қойғандай екен, – деп еді кемпір, Еламанның үсік шалған беті сұрланып, біраз отырып барып:

– Кісі өлтіру кәсібім емес еді, қадірлі ана. Құдіреті жүріп тұрғандар оған қойды ма – деп, ол демі дірілдеп тоқтады да, – қысқа күнде қырық өле бергесін, қайтейін, тым құрыса, бірін өлтіріп жастығымды алып жатқым келді. Қадірлі ана, біздің жайымыз осы, – деді.

Үй іші жым-жырт. Еламанның ентігіп, ауырлау дем алған тынысы ғана естіліп тұр. Айғанша онан көз айырмай, анасының қасында иегін тізесіне сүйеп қапты.

– Әй, Төлеу, – деді кемпір үлкен баласына, – тұр, мына балаға малыңды сой да, жақсылап қонақ асы беріп жөнелт!

– Апа-ау... осы үйде өлі ет те...

– Қой әрі! Ас таусылғанда үнемшіл болатын жаман қатындардай, бұл шіркіннің қолдағы барды құртып алғасын малжанды болғанын қайтейін. Бар, кіші қара тоқтыны сой. Қалған етін кейін балалар қызылдар.

Төлеу екі әйелін ертіп, сыртқа шықты. Айғанша анасының үлкен, кесек бітіміне сүйсіне қарады. Осы қара кемпірдің жатырынан шықса да, бұл өз басы әлі күнге ана сырына жете түсініп болған жоқ-ты. Басқа тартса аяққа жетпейтін тапшы дүниесі құрғырдың тарлығын көп көргесін бе, былайғы уақытта үй ішінің

қазан-аяғына, ішкен-жегеніне араласып, әрі-берідесін тіпті келіндерінің қазан-аяқ ұстағанына ырза болмай, зәрін төгіп отыратын тарқол, қытымыр ананың кейде тап осындай кісінің кісілігі сыналатын жерде қолы ашылып кететіні бар. Ондайда аз ғана дәулеттің алды-артына қарамай, лақ еткізіп төге салатын жомарт.

Ебейсін қалғып отырған-ды. Мал сойылатын болғасын көнмен қаптағандай тобарсыған бетіне күлкі тепсініп, жанындағыларды шынтағымен түрткілеп жымырандап сала берді. Кемпір үй ішіндегі кісілерге назар аудармай, Еламан екеуі өзара сөйлесіп кетті:

– Бір істі істеп салған екенсің, шырағым. Оң-терісін біз қайдан білейік. Тек, әйтеуір, өзіңнен төмен әлде кімдерден қорлық көріп, күнде-күнде өле бергенше, бір тірлікте бір өлген де дұрыс шығар, – деді.

Бойы жылығасын Рай асқа қарамай, ағасының тізесіне басын салып ұйқтап кетті. Еламанды да ұйқы қысып, өзін әзер ұстап отыр. Астан кейін Айғанша үлкен жеңгесі екеуі қонақтарға төсек салды. Қараторы келіншек Еламанның басы астына салатын жастық таба алмай тұр еді, Айғанша жүгіріп барып, өзінің жастығын әкелді:

– Еркем-ау, өзің.

– Асты жұмсақ болсын, тағы бір көрпе сал!

Шамды сөндірмей, сығырайтып, білтесін басып қойды. Кеш жатқан жұрт жастыққа басы тиер-тиместе қор етті. Қатты қалжырап отырған Еламан тап жатар жерде ұйқысы ашылып кетті. Бұны айдап әкеткелі жатқанда балықшылар жиналып қалды. Тек Ақбала келе алмады. Шала туған жеті айлық бала тыныш, жыламайды деп жұрт оның көңілін аулап жұбатпақ болды. Оған бірақ Еламан илана қоймады. Шала туған баланың адам боп қатарға қосылуы екіталай. Түнімен

ой қажытқан Еламан сонан тек таң алдында көзі ілініп бара жатыр еді, қаба сақал:

– Әй, тұр – деп, Рай екеуін бір-бір теуіп оятты.

Еламан денесін зорға қозғады. Райдың да ұйқысы қанбаған. Денесін билей алмай, былқ-сылқ тұрған інісін ол қолтығынан алып сүйемелдей берді. Қол-аяғындағы темір кісен шылдырап, ағалы-інілі екеу ақырын қозғалды. Есіктен дәл шығар жерде, түндегі жас қыз жүгіріп кеп, қоламтадан жаңа шыққан ып-ыстық күлшені Еламанның қойнына тыға сала, дереу жалт бұрыла берген-ді. Еламан оның нәзік білегінен ұстай алып, қолын жібермей, кеудесіне қысып тұрып:

– Айналайын-ай! Не дейін, аман бол. Жамандық көрме, мұңсыз өс! – деді де, қызды маңдайынан сүйді.

* * *

Теңіз жағалауымен екі кісі аттарын екеу ақырын бастырып аяңдап келеді. Бірі – Жасағанберген, екіншісі – ана жолы оны Шалқардан алып қайтқан Ебейсін. Сонан бері ол жас жігіттің қасынан бір елі қалған жоқ. Ебейсін әуелі оны ағайын-тумаларға апарды. Онан ағаларының сілтеуімен бұл өңірде билігі жүріп тұрған ру басы ақсақалдарды адақтап, әуелі Көлқора табанында отырған Рамберді, Жылқыбай, Мыңбайлардың үйіне бір-бір түстенді. Сонан кейін ғана мойнындағы мықты бір парыздан құтылғандай боп теңіз жағалауымен үйге қайтып келе жатқан беті еді.

Жас жігіт шаршаған. Көңілсіз. Қабағында ұйқы бар. Күнұзын талай үйден ет жеп, іркіт ішіп, ер үстінде отыра алмай, былқ-сылқ келе жатқанда бұлардың алдынан шөккен нардай үлкен ақ шоқалақтың ығында

отырған қыстаудың төбесі көрінді. Іле-шала үрген иттің даусы шықты.

– Мынау Сүйеу қарттың қыстауы емес пе? – деді Жасағанберген.

– Ой, оны қайтесің. Болыс ағаң, қызыл көз шалмен қырғиқабак.

– Қызық екенсіз, Ебейсін аға...

Жасағанберген ат басын дереу жалғыз қыстауға бұрды. Сүйеу қарт үйде екен. Аппақ кудай шалдың сақал-шашы ту сыртындағы терезеден түскен қысқы күннің сәулесіне шағылысып, қақ төрде қазықтай шаншылып апты. Қонақтарды көрсе де қозғалмады. Қасынан қағысып орын да ұсынбай, сендерге лайығы осы дегендей, өзінен төменірек жерді иегімен нұсқады.

– Бала, отыр! Елге келген хабарыңды есітіп жатырмыз... – дей түсті де, іркіліп қалды.

– Ие, ақсақал, елге келгелі біраз болды.

– Ә-ә! Ә! Бізге дөп келгені осы болды де. Жарайт, жарайт!.. Бұл үйге қайтып бара жатқан бетің шығар?

– Ие, ақсақал, – деді Жасағанберген, бұл жерде де бұлтара алмай қалып.

– Өзім де солай шамалап едім. Жол үсті ғой. Бой жылыта кеткендерің бөтен емес.

Ебейсін үнсіз. Басындағы түлкі құлақшынды көзіне түсіре басып киіп, төмен қарап тұқырайып апты. Үндемесе де аржағында «өзіңе де осы керек» деп айта алмай, ішіне бүгіп табалап отырғандай.

Сүйеу қарт Ебейсіннің бар-жоғын байқап отырған жоқ. Жақсы көретін күйеу баласы ұсталғалы көңілсіз. Үй ішіне қатал. Шалқарда түрмеде жатқан Еламан мен Райға бара алмағаны жанына батып, ызасын кімнен аларын білмей, от басындағы бала-шағаға жыландай ысқырып отыр еді.

– Бала, тағы оқисың ба? – деп, ол жас жігітке қызыл көздің қиығын тастады.

Көз қиығында: «Жұрт сені төре деп төбесіне көтере берсін. Өзің де төре болуға тырысып, өңіріңе жез түймелерді жалтыратып таға бер... Бешпет, шалбарды да сыптай ғып тарылтып, қанша тыраштаңсаң да, сен әлі шіп-шикі баласың» деген кекесін тұрғандай.

Елге келгелі Жасағанберген қошаметті көп есітіп, көңілі өсіп келе жатқан-ды. Соны мына қызыл көз шал жол торыған ұрыдай, тұла бойын тұттай жалаңаштап шешіп алғандай. Жас жігіт келуін келсе де, енді бұл үйден қалай шығып кеткенше асығып, шайды да бір шыныаяқ ішті де, кесесін қисайта салды.

– Бала, аз іштің ғой?

– Рақмет, ақсақал.

Жасағанберген шамасы келгенше сыр бермей, үй ішімен сыпайы қоштасып жүріп кетті. Былай шыққасын Ебейсін:

– Бармайық дегенім осы ғой. Бұл шал тіліне у-зәрін жиып отырған осы даланың улы жыланы, – деп еді, жас жігіт оның ренішін есіткісі келмей, атын тебініп шаба жөнелді. Ауылға Ебейсіннен көш бұрын жетті. Келе сала шешініп жатып қалды. Сонан ол ертеңіне қан сәскеде бір-ақ оянды. Шай-суын ішкесін бұл әулеттің өз арасында қалыптасқан дағдылы әдет бойынша, бұл әуелі софы ағасына, сосын болыс ағасына барып сәлем берді. Үстінде қара костюм. Сары жез түймелі жұқа пальто. Құдайменде есіктен кіріп келе жатқан інісіне күле қарады.

– Жасанжан қызық. Тірек ұстайтын татар байлары құсап, бұты-қолын сыптай ғып, өзінің қалада жүргенде киетін қара шекпенін ауылда да тастамайды, – деді.

Осы ағасының тілін қызық көретін Жасағанберген

төрге озбай, үй ортасында аш мықынын таянып, сылқ-сылқ күліп тұр.

– Қой, шырағым, қала сәнін ауылға әкеліп опа таппайсың. Абайла, бала, абыройдан айырылып қап жүрме.

– Неге?

– Ауыл арасын қалаңдай көресің бе? Тамына тамы бөксесін тақап тұрған қалада кісі тоңады дейсің бе? Мықтаса, көп бөлмелі татар байының үйін аралағандай шығар. Қыс бойы бір үйден шыға сала қол созым жердегі екінші үйге кіріп, көбең боп жаман үйренбей кәйттім дейсің.

Жасағанберген бұл жолы да сылқ-сылқ күліп, деректесетін жерде де ағасымен белдесуден қашып тұр. Құдайменде інісінен әлі де көз алмай, басы мен аяғына тосырқай қарады. «Әй, мына күшік неме-не, қалада болған аз уақытта күлкісіне дейін өзгеріп кеткен бе? Апырай, ә?!. Бала кездегі баяғы қылуа мінездерін Орынбордың қай көшесі, қай үйінің бұрышында қалдырып кетті екен?» – деді ішінен. Елге келгеннен бері осы інісін назарынан шығармай, үнемі қадағалап бағып жүр. Соның бәрінде де, бұл не қылған патшағар, ең арысы, жүрегі елпілдеп тұратын елгезек жастың әдетімен бірде болмаса бірде алды-артын ойламай, қызынып, қызып кетіп, желпініп сөйлесе-ші. Ар жағында біреу қолға үйретіп алып, тізгіндеп тұратындай. Сөзі де, күлкісі де сараң қатынның қолынан шыққандай, сығымдап, тек шетін шығарып отырады. Бір жолы бұл осы байқағандарын үйде софы ағасы отырғанда Тәңірбергенге тигізе айтып:

– Осы күшікті оқытып, алтын иық төре етем деп жүрсін. Көре қал, күні ертең бұзылып кете-туң,– деп еді.

– Иә, түбі, өз үмбетімізден шығып, шоқыншық боп кетеді, – деді софы.

– Ой, аға-ай, оның несіне шошыдың. Орыс болса, қайта оязға бастық болады, – деді Тәңірберген күліп.

Құдайменде іркіт құйған местей, лықылдап майға бөккен денесін әрі-бері шайқап, ырқ-ырқ күлді. Тәңірберген ірге жағында жатқан түлкі тымағын алып түрегеле беріп еді.

– Әй, сен тоқтай тұр, – деді Құдайменде, – сен осы жар басындағы балықшылардың аулына барғыштап кетің едің ғой?

Тәңірберген болыс ағасының ар жағында не тұрғанын аңғарса да, бірақ ойда жоқта бастаған мына әңгімені ақырына дейін айта түскенін қалап үнсіз тосып тұр.

– Бір есептен соның дұрыс, – деді Құдайменде, – қазір жолыңа тұратын адам жоқ. Құдай айтқандай, күйеуі келмеске кетті.

– Тағы не айтпақсың?

– Кеулің шапса, қатын үстіне ал! Баяғыда екеуің Ләйлі-Мәжнүңдей едіңдер ғой.

– Қазаққа қатын алу қиын емес. Оны кезінде көрерміз. Әуелі басқа шаруамызды бір ыңғайлап алайық.

– Ол не тағы?

– Кәленді айтам. Баста сол пәлемен жауласпай, аулақ жүру керек еді. Жауласқан екенсің – тартынба. Екінің бірі. Айтпады деме: қазір сен оның көзін құртпасаң, соңыра ол сенің басыңды алады, – деді Тәңірберген. Сосын түсін бермей, үнсіз томсарып жатқан ағасына күле қарап: – Әлде, сонан шынымен де жасқанасың ба? – деді. Ағасын айдап саларда әуелі дәл осылай қытығына тиіп, қайрай түсетін-ді.

– Көрерміз, – деді Құдайменде.

– Елге ұлық шығады деген не? Рас па? – деді Тәңірберген.

– Рас. Таяу арада келіп қалар.

– Е, онда сәті келіп тұр екен. Аянатын не қалды. Ол желіңнен мал алып жүрген ұры. Ұрлығы ештеңе емес, ертеңгі күні Еламан сияқты бұ да кісі өлтіреді.

Құдайменде үндемеді, бірақ інісінің мына сөзі өзінің де көңілінде жүрген күдік еді, дәл соның үстін тап басты.

– Шодырдың баласы Аралға келіпті ғой, – деді Тәңірберген.

– Сондай бір сыбыс бар.

– Жоқ, анық көрінеді.

– Болса болар. Әкесінің құнын қуып келе жатқан шығар.

– Орыс құнды қайтсін. Рас болса, әкесінің промсолын сататын сияқты. Дәмелі кісілер осында жиналатын көрінеді.

– Апыр-ай, ә? Малға айырбастай ма екен, әлде тазалай ақшаға сата ма екен?

Тәңірберген күліп жібере жаздап, өзін дер кезде әзер тежеді. Болыс ағасының мұндайда құйттайдан кілт ете қалатын кінәмшіл мінезін білетін-ді.

– Ақшаға сатады ғой, – деп іркіле түсті де, – байқайсың ба, болыс аға, заман өзгеріп барады-ау! Кешегі ата-баба тұсында қай қараша бетіңе кеп сөз айтушы еді. Қоңынан ет кесіп алып жатқанда да қыңқ етпейтін құлақ кесті құлың еді ғой. Енді, міне, көрдің бе бұларға құлаш-құлаш тіл бітті. Көңілін таппасаң, қосыңды жекпейді. Қатын, баласын жетелеп, іргеңде отырған балықшылар аулына тайып тұрады. Бүйте берсе, көре қал, түбі малыңды бағатын кісі қалмайды.

«Осы-ақ білгішсіп, алдынды орай бере-туң. Аузын ашса, сары уайым... ақыр заманды үстіңе төндіре бастай-туң», – деді Құдайменде ішінен.

– Болыс аға, осы жайды ойладың ба?

– Ал, ойладым. Сонда қайт дей-туң маған?

– Жөн білетін кісілер «заманына қарай амалы» демеуші ме еді...

«Не айтқың кеп отыр осы сен?» деген кескінде Құдайменде інісіне бұрылып жалт қарады.

– Шодырдың промсолын сатып алсақ қайтеді?

– А?

– Промсолды сатып алсақ деймін.

Ертеден бері қырысы тарқамай қыржиып отырған Құдайменде кенет шұғыл жадырап, қарқылдап күлген бойы сырт жағында жатқан жастыққа шалқалап құлай кетті:

– Жоқты соға-туң. Тәйірі, орыстың кәсібі қазақтың қолынан келуші ме еді...

– Е, несі бар. Орыс та өзіміздей адам емес пе?..

– Қой, айналайын, қанша күпсінсең де о р ы с т ы ң өнеріне жете алмай-туң. Сенікі жөн дегенге жоқты соға берме...

– Жоқ, аға, жөн айтып отырмын. Промсол қолыңа тисе осы өңірдің құдайдан кейінгі қожасы сен боласың. Ол кезде кедей-кепшікке барар жер, басар тау қалмай, бәрі саған тығылады.

Құдайменде інісінің ар жақ ойын енді аңғарды. Промсолды өз қолына алса, сонда, шынында да, балықшыларды бұл уысынан шығармай ұстап отыратын еді ғой. Алғашқыда бұған Құдайменде ауаланып, қызығып қалса да, пәтуа байлар жерде қолын бір сілтеді:

– Қой, шырағым, ата-бабаң әуестенбеген кәсіп, соңыра халық алдында күлкі боп жүрерміз.

Тентек Шодырдың баласы Аралға келіп, қайын атасының үйінде жатыр екен деген хабар дүңкілдегелі қашан. Басында ел арасында жүретін әлде қандай алып-қашпалы қауесет сияқты еді. Кейін, расқа айналды. Әкесінен қалған мұраны сатпақ болған жас офицер сонау Петроградтан әдейі кепті. Соны есіткелі Шодырдың промсолынан дәмесі бар қалталылар ойдан-қырдан ағыла бастады. Көбі – орыс. Соның бірі – Ақсақ Жагор. Бұл кезде қалтасы жұқарып қалса да, Федоров өлгесін қайтадан еңсесін көтере бастады. Ақсақ Жагордан кейін Шалқардан Темірке келді. Бұ да көптен келе жатқан осы өңірдегі сірнікті бай. Ұлықұм бойында қыруар малы бар. Қазақтар арасында «көкжал үй» атанған Шалқар қаласындағы үлкен дүкен осынікі. Екі-үш ояздың жүн-жұрқасы мен тері-терсегі осының қолынан өтеді. Көптен бері көкірегін тескен арман – теңіз еді. Федоровтың промсолы торгке түсті. Хабар тиген бойда бұ да қыруар кісімен ошарыла кеп, болыстың аулын басып жатыр. Тәңірберген татар байына бала жастан үйірсек-тұғын. Ол, бірақ бұл күндері қадірлі қонақтың басы-қасында бола бола алмады. Осы жаққа урядниктің келе жатқан хабарын есіткелі жас мырза пешірді шақырып алды да, үстеріне ешкімді кіргізбей, екеуден екеуі оңаша үйде ұзақ шүйіркелесті. Көлденең кісіден тек Ебейсін кіріп-шығып жүр. Онда да Ебейсінді көрші ауылдарға жұмсап, керек кісілерін шақыртып ап, қысқа-қысқа тілдеседі де әмір беріп аттандырып жібереді.

Осының бәрін сырттай байқап, біліп жүрген Темірке бір шәй үстінде қасындағыларға жас мырза

тығылып алған үйді иегімен нұсқап:

– Нағыз болыс шушының өзі ме деп қалам, – деп еді.

Күн бата урядник кеп, болыстың үйіне түсті. Бұл ауылдағы орысша білетін жалғыз кісі – пешір. Оған «тез жетсін» деп дереу кісі жүгіртті. Пешір келгенше Құдайменде ұлық алдында қол қусырып, «тақсыр-тақсыр» дегеннен басқа түк айта алмай, сақау кісіше өзара ымдасып қана отырған. Екі жағы да әдепкіде ауыз тұшытып сөйлесе алмағандарына қиналып еді, артынан урядник ашулана бастады. Онан сайын болыс қайтерін білмей, қара терге түсті. Соның үстіне Тәңірберген келді. Ол ұлықпен жақсы таныс екен. Өткен жазда Шалқарға көп мал айдап апарып, базарда Ебейсінге сатқызып тұрған үстіне осы урядник кеп амандасыпты. Қазақ байларымен кашаннан бері араласып, жырындықор боп алған урядник сол арада Тәңірбергенді өзінің жаңадан салғызып жатқан үйіне ертіп апарыпты да: «Мирза, байгази бир» – деп, осы жылдары үйреніп жаттап алған екі ауыз қазақшасын кәдеге асырыпты. Мұндай жерде мал аямайтын мырза екі ірі қараның пұлын урядниктің қалтасына салып жіберген екен.

Тәңірберген келді де, тым-тырыс үйге тіл бітіп жүре берді. Құдайменде сияқты Тәңірберген де орыс тілін біле қоймайтын. Ол, бірақ, білмейтінін өзіне мін көріп қысылып жатқан жоқ. Салған жерден жайраңдап күліп кіріп келді де, ұлықтың қос қолын уысында қысып тұрып амандасты. Сонан кейін орыс қонақтың дәл қасына тақымдасып отырып алды да, сөйлей жөнелді.

– Таксыр, кош келдің! – деді ұлыққа.

– Раки-мет!.. – деді ұлық та.

– Ат-көлік аман ба? – деді мырза.
– Ра-ки-мет!.. – деді ұлық тағы да.
– Жол ұзақ, қыс іші, қалай, шаршаған жоқсың ба?
– деп еді мырза.

– Ра-ки-мет!.. – деді ұлық тағы да.

Құдайменде інісіне бір, ұлыққа бір қарады. Бұл өзі ұлық алдына барғанда әрқашан ойындағы сөзін айта алмай, бір қызарып, бір бозарып әпі-шәпісі шығушы еді. Тілмаш арқылы сөйлескенде де бір түрлі шайға қанбағандай, айызы қанбай, шала құмар боп қалатын. Енді інісіне қарап аң-таң. Орысша білмегені інісінің ойына кіріп-шыққан жоқ. Қазақша білмегеніне қайта ұлықтың өзі қысылып, қипақ қаға бастады.

– Әй, бала, сен өзің пәлесің ғой, – деді Құдайменде Тәңірбергенге. – Мына ұлықпен осы ауылдағы көп қазақтың біріндей шұрқырастың да қалдың ғой. Бұнымен қашаннан бері таныс едің?

– Ағаң болыс болса, жер бетінде ініні білмейтін ұлық бар ма?

Құдайменде мәз боп кеңк-кеңк күлді. Тәңірберген болыс ағасының осы бір көңілді кезін пайдаланып:

– Кәленнің ісін дереу қарату керек, – деп еді, Құдайменде үндемеді, бірақ ертеңіне шай үстінде ұлық ел ішінің жайын сұрағанда, Құдайменде осы енді әңгімені ұлыққа өзі бастады:

– Ұры-қары көбейіп кетті, тақсыр, – деді.

– Мал ұрлай ма?

– Иә, мал ұрлай-туң. Маза бермей-туң.

– Кісі өлтіріп жатқандар да бар, – деді Тәңірберген. Урядник аузына апара берген кесені кейін тартып ап, болысқа ежірейе қарады:

– Бізге неге хабарламадың?

– Тақсыр, үлгіре алмай жатырмыз.

– Безобразие! Ну, олар кімдер?

– Еламан деген бір ұры таяу арада орыс байын өлтірді. Оны айдатып жібердік. Енді Кәлен деген ұры шықты. Қауіпті. Кісі өлтіруден тайынбай-туң.

– О, конечно... Ондай кісіні ұстау керек.

Тәңірберген ұлыққа қарай ысырыла түсті:

– Таксыр, Кәленнің мал-мүлкін үптеп, тура Сібірге айдату керек.

– Факті болса, конечно...

– Актысы бар. Кәленнің қолындағы малдың бәрі де осы өңірдегі ауылдардан ұрланған. Қазір иелері шығып жатыр.

Інісінің бұнысын жаратпай қалған Құдайменде урядниктің көзін ала бере күңк етті

– Шамадан аспа, бала. Соңыра тексере қалса, өтірігің шығып, ұлық алдында ұят боп қалар.

– Бір ауыз өтірігі жоқ, бәрі шын, – деді Тәңірберген.

– Иелері шығып жатқаны дарас па?

– Рас болғанда қандай. Арыздары бар.

– Оны мен неге білмеймін?

– Сенің пұршаң боп жатыр ма? Жарғақ құлағың жастыққа тимей, ел қамымен шапқылап жүрген жоқсың ба? Ал, арыз пешірге түсіп жатыр.

Құдайменде ойланып қалды. Інісі қанша сендірмек болса да, ар жағында әлі де күдік бар:

– Әлгі кісілерің... Кәленнің қолындағы малдардың түрі-түсін біле ме?

– Білгенде қандай. Пагорнойына дейін бар.

– Нанайын ба, жоқ па?! Дем арасында біреудің қорасындағы малдың түрін, түсін, таңбасын қайдан біле қойдыңдар?

– Болыс ағам қызық. Ол ұрының қорасындағы малдар бір кезде өзіміздің қолымыздан шыққаны қайда!..

Құдайменде енді жас жігіттің қара мұрты қиылған сұлу жүзіне таңдана қарады. Шынында да, енді ойлап қараса, інісінің айтқаны рас: баяғы көңіл түзу кезде Кәленді бұл ауыл көп пайдаланбады ма. Ал, Кәлен тоқты-торпақ алатын ауыл арасының ұрысы емес, ол қасына тірі жан ертпей, не де болса, ылғи да тек ат тұяғы жететін алыста жатқан елдерге жалғыз жортып мал әкелді. Және де ол сырттан әкелген малды өзінің кәдесіне жаратпай, бұлардың желісіне байлай салатын. Ал, бұлар оған бойына сіңімді болсын деген сылтаумен өздерінің қолындағы малдың ішінен тайлы бие, тайлақты түйе беретін. Олар да бұлардың төл малы емес, әр ауылдан әлдеқалай келіп қалған олжа малдар.

Енді ойлап қараса, шынында да Кәленнің қолындағы бар малдың бәрінің де бұларға түрі, түсі таныс, танымал. Ұрлап алған мал деп ұлыққа көрсетуге сыйымды-ақ! Жаулық ниетке шындап мінген Тәңірберген пешірге алдын-ала Кәленнің қолындағы бар малын пагорнойлатып, қаттап қағазға түсіріп апты. Сонан кейін осы малдардың бәрін қабырға болысына қарасты елдерден ұрлаған етіп, әр ауылдан иесін шығарып, арыз түсіріп тастаған. Құдайменде басын шайқады: «Апыр ау, осының бәрі... басына қайдан келе бере-туң?» деді ішінен.

* * *

Сәскелете болыс аулына келген Кәленнің қасында Мөңке мен Дос. Бәрі жаяу және құр қол. Тек Кәлен қайда барса да қолынан тастамайтын жуан дойырды ұстай шығыпты. Бұл өзі баяғы ат жалын тартып мінгенде өзегіне қорғасын құйып, бұзау тіс қып, мы-

ғымдап өрген дойыр еді. Жарымын ұзын жеңінің ішіне тығып, екі бүктеп алған. Ауылдан шыққалы үнсіз. Бір пәлені іші сезіп томсарып апты. Оқта-текте Мөңке ғана:

– Ай, Қаратаз... кәпір таз қыстырылды-ау бұлараға... – деп, көңілдегі күдікті айтты.

Кәлен есітті ме, жоқ па белгісіз. Осы келе жатқанда да, ойында – Еламан. Айдап әкеткелі онан әлі хабар-ошар жоқ. Өне бірде артынан іздеп бармақ боп буынып-түйініп отыр еді. Сол тұста жағаға суық хабар жетті. Судыр Ахмет секілділер Шодырдың баласы әкесінің құнын қуып келе жатқан көрінеді деп көйткесін, Кәлен Еламанның қатын-баласын тастап кете алмай, қарайлап жүргенде елге урядник келді де, дереу бұны шақыртты. Кәлен қасына адам-қара алмай, жалғыз барғысы келіп еді, оған балықшылар көнбей, сойыл соғарлығы мол екі-үш жігітті ертіп жіберді. Ақбауырда отырған болыс ауылы онша қашық емес-ті. Былай шыға бергенде бұларға ауыл сыртындағы бұйратта аң аулап жүрген Тәңірберген кездесті. Кәлен мен Мөңке байқамаған сыңай танытып, тілдеспей өтіп кеткісі келіп еді, бірақ бұларды анадайдан көріп қалған жас мырза бұрылып келді. Жақындағанда аттан түсіп, жасы үлкен кісілерге сәлем берді.

– Ауыл-елің аман ба, шырағым, – деді Мөңке.

– Шүкір. Жол болсын, ағалар?

– Аулыңа бара жатырмыз.

– Е, дегендей. Шақырып келтіре алмайтын қадірлі кісі екенсіздер. Апырай. ауылда болыс ағам да жоқ еді, мен бармасам болмас. Ал, ағалар, жүріңдер.

– Рақмет, шырағым. Ұлық шақырып жатыр дегесін келе жатырмыз.

– Е, оның сіздерде не шаруасы бар екен?

– Білмедік. Құдай алдында кінәміз болса да, ұлыққа жазығымыз жоқ еді.

– Жә, кеттік! – деді Кәлен мыналардың сөз іләмін жақтырмай.

Тәңірберген атының қанжығасындағы алтайы қызыл түлкіні алып, қарт балықшының алдына тастай салды:

– Ұлық та теңіз секілді тілсіз жау ғой. Беті қатты бір іспен бара жатыр екенсіздер, жолдарың оңғарылсын, жақсы тілекпен ұсынып тұрмын, ағалар.

– Рақмет! Өз теңіңнің алды бол! – деді Мөңке. Былай шыққасын ол жанындағы екі жолдасына қарап, – не десе де, осы жігіт әдепті. Ағасындай емес, жүзінде иман бар, – деді.

Кәлен үндемеді. Ел қазағы әдетте ұлық үстіне ұлықсат сұрап кіруші еді. Ішке кіргесін де ұлық алдында бас киімін алып, иіліп-бүгіліп тұрып сөйлесуші еді. Басын бәйгіге тіккен жерде оттан да, судан да тайынбайтын Кәлен жолында кездескенді белден басатын әдетпен ұлықтың үстіне баса-көктеп кіріп барып еді, урядник ірі орыс екен. Жалаң бас. Сары шаш үрпе-түрпе. Қоңырға да, сарыға да жатпайтын күл түсті мұртынан темекі иісі аңқып қоя берді. Ұзын мұрттың қос шалғайлығы қазақы күпінің жеңі тәрізденіп, төмен қарай салбырап кетіпті. Еңгезердей үш ел қазағы ұлықсат сұрамай, табанына сіреу қар қатқан етіктері сырттың аязын ішке ала кіргенде, урядник кең үйдің төсек жайған төрінде екі қолын артына ұстап, арлы-берлі кезіп жүр екен. Мына кісілердің әй-шәй жоқ баса-көктеп кіріп келе жатқанын көріп, бейқам бойын жиып алды. Жайшылықта өзінің дала қазағына істейтін доң айбатын шақырып, салақтап санына соғып жүрген сар ала қылышты сол қолымен ұстады. Әдетте, ұлық

тіктеп қарағанда қандай ер қазақ та көзін тайдырып әкетуші еді. Мына бұжыр қара ығатын емес. Сеңсең тымақ астынан кірпік қақпай қадалған кішілеу жылан көз өңменінен өтіп барады.

Урядник өзінен бір қадам кейін тұрған тәшірейген тапалтақ жігітке бұрылып: «Бұл кім?» – деп сұрады. Тапалтақ жігіт оқу бітіріп кеп, болысқа пешір боп орналасқалы қарны шығып, бас-аяғы домалана қалғанды. Таңқы танау. Бүйректей беті быттиып бедіреңдеп тұратын қызыл қоңыр жігіт урядниктің Кәленнен ығысып қалғанын байқаған-ды. Урядник сескенген кісіден өзінің айылын да жимайтынын көрсеткісі келді ме кәпір, урядник пен Кәленнің екі арасына тұра қалды. Өзінен қол созым биік кісіге бұл сұқ қолын безеп:

– Кәлен деген ұры осы! – деп еді, урядник:

– Как? Калин? – деп қайырып сұрады.

– Кален, тақсыр.

– Вот что, царь Калин? – деп, Кәленге тікелей тіл қата түсті де, оның орысша түсінбейтіні есіне түсіп, тағы да пешірге бұрылып: – Ел ішінен ұрлаған малдарын мойнына ала ма екен. Соны сұра! – деді.

– Есіттің ғой! Ұлыққа шыныңды айт!

– Әй, жарқыным, әркімнің атар таңы, батар күні бар...

– Ақсақал, күн-түнді қайтесің. Онан да ұрлаған малдарыңды айт.

– Інім, ұрлығың не? Мен бүгінде ол кәсіпті қойған кісімін. Мына жігіттер айтсын – деп, Кәлен қасында тұрған Мөңке мен Досты куәлікке тарта сөйледі. – Осы күні маңдай теріммен тапқан адал нәсібімді қалжалап жүрмін. Мені қажай бермесін, соны айт! Өз сөзімдей ғып бұлжытпай жеткіз, мына аузы түкті кәпір...

– Тіліңді тарт! Сенің қайтіп тірлік ететіңді білеміз.

– Е, дегендей, білсең айта ғой.

– Айтам. Ұлық пен төре алдында ақ етек ишан бола қалғанын көрдің бе? Сені түнде, ел жатқаннан былай қарағанда көрер ме еді... қоралы елдің ортасына кіріп, қотаннан қой алып қашатын өгіз мойын көкжалдың нағыз өзі болар едің ғой.

Кәленнің айғыр жалындай мұртының әр талы тікелейіп барады. Ол бір аттап пешірдің үстіне төне түсті. Енді бір қимылмен пешір баланы желкесінен бүріп алатындай еді. Жұрт сондай сойқанды күтіп, дем алмай тым-тырыс бола қалғанда, әлгі Кәлен аяқ астынан жадырады. Мөңке мен Досқа бұрылып:

– Е, пәруәрдігер!.. Мына Таңқы мұрын, Торы шолақ бала ғой, ұлық пен Құдайменденің алдында құрдай жорғалайды, ал бізге келгенде бұның өзі құдай бола қалғанын қарашы, – деді күліп.

– Әркімнің бір әлі жетері бар ғой, – деді Мөңке.

Бұлардың үстіне әлгінде Жасағанберген кірген-ді. Бірақ оны біреу көріп, біреу көрген жоқ-ты. Ол жаңа пешірді тайға таңба басқандай таңбалап атағанына мәз болса да, бірақ күле алмай, ішінен булығып, иығының басы селкілдеп тұрған. Пешір бүйректей беті ду қызарып, аузына қапелімде сөз түспей булығып қалды. Түкке түсінбеген урядник аң-таң. «Ах, черти азиаты. Не болды? Не деді?» – деп, пешірге бір, Жасағанбергенге бір қарады. Пешір есін жиды.

– Тақсыр, бұл баукеспе ұры. Кісі өлтірген. Осы қазір сізге де тілін тигізді.

Урядниктің көк көзі ежірейіп кетті:

– Ах, мерзавец? Сібірде шірітейін өзіңді.

Мөңке мен Дос бір-біріне қарады:

– Бұл орысқа тіл тигіздік пе? Атаң жақсы, анаң жақсы дегеннен басқа не айттық бұған?

Пешір бала әлгі әлгі ме, ол енді Кәленді өлтіре жамандап, көрер көзге қол-аяғын матап беруге қарап еді. Сөзге Жасағанберген араласып:

– Сені де халқың оқыған, көзі ашық азаматым дейді-ау! Орыс тілін сен өз әлсізінді талау үшін үйренген екенсің ғой, – деді. Сосын ол мұнда болған жағдайдың бәрін урядникке бұлжытпай, дәл жеткізді. Кәленнің пешірге қойған атына дейін айтқан-ды. Урядник көзінен жас аққанша күлді.

– Ай, түсің жаман екен. Сірә, ел арасында мал ұрлап, кісі өлтіргенің рас болса рас шығар, – деді, әлі де болса Кәленнің кескініне сенімсіздене қарап.

Жасағанберген оның сөзін қазақшаға аударғанда, Кәлен күліп:

– Тақсыр-ау, тергеудегі кісіде түс қайдан болсын. Қайта кеудемнен жаным шықпай, тірі тұрғанымды айт, – деп еді, урядник Кәленнен тезірек құтылғысы келді ме, кәйтті. – Айда, кет! – деп қолын сілтеді.

– Жасанжан, өмірлі бол! Өркенің өссін! – деді Мөңке.

Жасағанберген қашан есіктен шығып кеткенше екі көзін Кәленнен айырған жоқ. «Желіден мал алуды ғана біле ме десем, бұл өзі ақылды да қазақ екен» – деп ойлап, жүкке жауырынын сүйеп тұрып қалды.

* * *

Қолына тиген болыстықты қастасқан кісіден кек алатын қара шокпар көретін Құдайменде осы күндері ертеректе есесі кетіп жүрген кісілерден кек ала бастаған-ды. Ел ішіндегі талай жақсының басына

оның құрығы мен сырығы тиіп жатқан. Құрығы әуелі Еламанға түсті. Енді бүгін құрығын Кәленге салмақ болғанда, кіші інісі араласты да, оның бетін қайтарып тастады. Түбекте жүрген Құдайменде соны есіте салысымен ондағы шаруасын тастай салды да ауылға шапты. Келе сала ол Тәңірберген мен пешір баланы шақырып ап:

– Бұнда не боп жатыр, кәне, бәрін түгел айтыңдар?
– деді.

Онсыз да ызадан жарыла жаздап отырған Тәңірберген күйіп кетіп.

– Ойбай, құдай-ай, басқаны қайтейін, өз күшігіңнің өзіңді қапқаны жаман болды ғой, – деп еді.

– Ол кім?.. Жасанжан ба? – деді Құдайменде.

– Ие, сол. Сол күшік. Оқу бітіріп азамат болады, әліміз келмей жүрген ел ішіндегі жауларымызды мұқатып береді екен десек, оның өзімді қапқанын көрмейсің бе. Оны қалай кешірейін енді.

– Обалың жоқ, саған сол керек. Кезінде менің тілімді алмай, Орынборға апарып орыс оқуына беріп жүрген өзіңсің.

Тәңірберген басы бауырына түсіп, үнсіз отырып қалды. Сонан бір кезде есін жиғандай боп:

– Сен кеткелі тағы бір жаңалық, – Софы ағаңның екі қара аты жоқ боп кетті.

– Қасқыр қуып кеткен шығар?

– Адамның қасқыры болмаса қайтсін...

– Не дей-туң?.. Сонда ол кім бола-туң?

– Болыс ағам қызық. Жоғының ізіне мені сала береді – деп, жас мырза көзін көтермей, мырс-мырс күлді де, – мал жоғалса – ұрыдан іздемеуші ме еді осы, – деді.

– Уәй, сонда... ол қай ұры бола-туң?

– Екі қара атты алған жау алыста емес, қыстың көзі қырауда алыстан ұры келмейді.

– Апырай, ә? Солай болса солай шығар, – деді Құдайменде.

Соған ден қойғасын дереу іске кірісіп, аулына ру басыларды шақырып алды. Осы күндері болыс үйінде ел жақсыларының басы жиі қосылатын боп жүрген-ді. Тәңірберген мен пешірден басқа бұл жиынға урядник қатысты. Жасағанберген кештеу келді. Құдайменде урядникке жалтақтап қарап:

– Кәлен осы елдің желісіне шабатын ежелгі ұрысы. Оны осылай бетімен жібере береміз бе? Әне, тағы да софы ағамның екі қара атын әкетті, – деді.

Жаңа ғана асқа тойып алған урядник тісін шұқып отырып тыңдаған-ды. Ру басылар бірауыздан «Сібірге айдату керек» деп даурығып, үйді басына көтеріп бара жатты. Урядник «мыналар не деп жатыр» деп пешірден сұрап отырған-ды. Біраздан кейін жалықты. Онан ұйқысы келді. Әрі-берідесін мыналардың әңгімесі ұзаққа созылып іш пыстыра бастады да, ол аяқ астынан ызаланып тұрып кетті.

– Черт вас разберет. Сенің інің... оқыған азамат, соның жағында. Әуелі ініңмен сөйлесіп, өзара келісіп алыңдар. Ал, ұрыны... аты қалай еді?..

– Кәлен!

– Иә, Калин. Оны ұстау бізге қиын емес, – деді де, урядник сыртқа шығып кетті. Қалғандар да түрегеп, урядниктің соңын ала сыртқа шықты. Іште Құдайменде мен Жасағанберген қалды. Өздері оңаша қалғасын Жасағанберген әлі де болса қыртысы тарқамай қыржиып отырған ағасына әуелі жалтақтап бір-екі қарады. Сосын оны ұялтқысы кеп, ар, ұят, намыс жөнінде біраз маслихат айтып еді; Құдайменде қыбыр

етпеді. Інісіне көңіліндегі барды айтқызып алды да, отырған орнынан қолына тымағы мен қамшысын ұстай түрегелді. Сосын ертеден бері өзіне құдды жас баладай көзі жаутаңдап қарап отырған інісіне, керек десе, назар салмай, есікке беттеп бара жатқан-ды. Оның бұл қылығына түсінбеген жас жігіт енді қайтерін білмей, қапалақтап саса бастап еді, Құдайменде сыртқа бір аяғын салды, енді шығып кетеді-ау дегенде, кілт тоқтады. Қайырылып артына бұрылды. Онда да бөкесін сыртқа салып тұрып:

– Сен ар дей-туң... адамгершілік дей-туң. Орыстың кітабындағы сөзді бұл араға салма. Бұл араның ары да, адамгершілігі де бөлек. Сен әлі шіп-шикі баласың. Түктің мәнісін білмей-туң, – деді де, інісі тіл қатам дегенше есікті тарс жауып, шығып кетті.

* * *

Ебейсін ішке сүріне-қабына кірді.

– Мырза... мырза, көз ұшынан бір қара көрінді.

– Сол болар...

– Басқа кім дейсің, әрине, сол!

– Иә, Алла, қолдай гөр. Ал!.. Ал жүріңдер!

Жаңа ғана шіреніп, сыздап отырған ығайлар мен сығайлар, жапырыла қозғалды. Бәрі есікке ұмтылды. Осынау қарбаласқан абыр-сабыр асығыста бірінің алдына бірі түскісі кеп, бірін-бір омыраулап бәрі бірдей сыртқа ұмтылып жатыр. Бұлардың бірі Құдайменде болса, бірі – Темірке. Бірі – Тәңірберген. Ақсақ Жагор, Курнос Иван... Ақсақ Жагор бір аяғын сылтып басатын, ісік кеуде, ірі қара орыс-ты. Байлығы жүрмегенде, осындай жерде күшке, омырауға салып кететін озбыр. «Келе жатыр» деген хабар тигенде,

Ақсақ Жагор жанындағылардың бәрінен бұрын тұрды. Бұрынырақ есікке жетті. Салған жерден алға түсіп, күміс шалулы таяғын шалт сермеп, бұрынғыдан да гөрі қаттырақ ақсаңдай басып жұрттың алдына түсіп бара жатыр еді, жас мырза Теміркені шынтағымен түртіп қалды:

– Көрдің бе? Құдай бір аяғынан айырып қойғанның өзінде алдыңды орап кеткенін. Бұл көк соққанның екі аяғы сау болса қайтер еді, ә?

– И-й, айтпа, айтпа. Ул шоқыншақ арам вит... арам.

– Иә, арамдыққа аяқтың да керегі жоқ шығар!

Промсол алды кәпелімде иін тірескен ығы-жығы халық. Абыр-сабыр. Әлдекім әлдебіреуге дауыстап, әлденеге жанталасып құйқылжып жатыр. Қонақ түсетін үйді күні бұрын әзірлеп қойған-ды. Енді қазір біраз кісі есік алдының қарын күреп, топырақ сеуіп жатты.

– Күлшелі бала сүюге жақсы деген рас-ау!.. – деді Тәңірберген.

– Шулай вит, шотай инді. Көрдің бе, тап бір губернаторды күткендей болдық қой, – деді Темірке.

Осыдан кейін ешкім үндемеді. Құлдилап келе жатқан көз ұшындағы қарайғанға мына жақта тұрған жұрт қолын көлегейлеп, мойнын созып шыдамсыздана қарап қапты. Ақ қар күн сәулесі астында көз қарып жылт-жылт етеді. Бұлар көп күткен жоқ. Соңында бес-алты салт атты нөкері бар, жеңіл шанаға мінген жас офицер аттарын ағызып кеп, өзін күтіп тұрған жиын алдына кілт тоқтады. Сол бойда жанында отырған жылпос жігіт шанадан шапшаңдап түсіп, кілем жапқан жайлы орында отырған офицерге қолын созып шанадан түскенін күтіп қаздиып тұра қалды. Федоров қасқыр ішікті иығының басымен серпіп,

бойын жеңілдеп алды. Сыртын суық ұстап, сыздаған қалпы өзін күтіп тұрғандардың бірде біріне көз салмай қосақтағы шанадан әуелі бір аяғын, сосын екінші аяғын шығарып ақырын түсті.

Құдайменде, Темірке, Ақсақ Жагор бас боп, сол арада тұрған бар кісінің бәрі жас Федоровтың алдында жел соққан қамыстай жапырылып, иіліп-бүгіліп жатыр. Тілі жеткені орысша, жетпегені қазақша, татарша амандасып:

– Аман, тақсыр!

– Здрасти, тақсыр!

– Ассалаумалейкүм!

– Добро пожаловать, ваше высокородие! – деп шулап жатты.

Офицер оларға басын сәл изеді де, тоқтамай тезірек басып өтіп бара жатып, «нәлет атқырлар» деді ішінен. Оның ойынша азиялықтар шетінен алаяқ, айлакер, ұры. Торғ алдында бұлардан бойыңды тартып ұстамасаң, бауырыңа қалай кіріп кеткенін білмей қаласың. Мына шұбар ала топ алдап соғу үшін әдейі, өп-өтірік өліптіріліп жатқандай. Бұлардан сақ болу керек.

Тентек Шодырды жақсы білетін Тәңірберген бір көргеннен-ақ жас офицердің әкесіне қатты ұсайтынын байқады. Бұ да әкесі сияқты ірі, кесек екен. Бұның да ат жақты беті сұп-сұр. Бұ да әкесі сияқты сырын сақтап, бірде-біреуге рай бермей, суық томсарып алды.

– Иттің сідігі қандай асыл еді! – деді Тәңірберген.

– Айтатыны жоқ, – деді Құдайменде қостап, – Жүр, жақынырақ барайық!

Тәңірберген тұрған орнына қозғалмады. Басқалардай кекір неменің алдына барып иіліп-бүгілген де жоқ. Көп шуылдақтың қылығы ерсі көрінді ме, бетіне

мысқыл шауып бір шетте жалғыз өзі оқшау тұрған-ды. Мына шұбар ала жиынға жай ғана, немкұрайды көз салып келе жатқан офицер кенет Тәңірбергенге көзі түсіп, іркіліп тұра қалды. «Ишь ты, как степной принц!» деді ішінен. Сосын Тәңірбергенге әдейі бұрылып барды да:

– Как зовут? – деді.

Тәңірберген түсінбеді. Соны байқай қойған Темірке жетіп барды.

– Есімің нешік деп сұрайды.

– Тәңірберген.

– Қалай? Тан... Тяни...

– Ваше высокородие... бұл аса бай жігіт. Тәңірберген деген мырза, – деді Темірке.

– Тян... Тяни-бр-р...

Федоров тілі келмесін білді де, шытынап, қабағын түйіп ала қойды. Тәңірбергенге де енді әлгіден артық назар аудармай, өзіне даярлап қойған үйге барды. Жуынды. Қырынды. Киімін алмастырды. Сол үстіне қасына еріп келген атқосшысы жігіт кірді.

– Ваше высокородие, әлгілер қалай, ұнады ма?

– А-а?..

– Амал қайсы, Азияның аты Азия. Сізді күтіп алғандар осы араның мықтылары. Бәрі де кезінде әкеңізбен істес болған кісілер. Ептеп тілдесу керек еді...

– Ну их!..

Федоров ас-суланып, біразырақ тыныққасын сыртқа шығып еді. Атқосшы оған ере шықты.

– Марқұм әкеңізден қалған... промсол осы, – деді ол теңіз жағалауындағы екі-үш үй мен лабазды көрсетіп.

Федоров төбеге ұрғандай тоқтай қалды.

– Ты что?.. Шутить изволишь?

– Не дегеніңіз, мырза! Промсолдың кемі жоқ.

Федоров сенбеді. Сосын қасына Курнос Иванды ертіп, промсолды өз көзімен көріп шықты. Курнос Иванда ес-түс қалған жоқ. Жас Федоровқа тіл қатқалы бірнеше оқталды. Соның бәрінде де демі жетпей бара жатқасын, қақалып-шашалып тоқтап қала берді. Аралға келгелі ішпей-жемей жиған азын-аулақ ақшасы бар еді. Федоровтан кейін ешкімнің қосын жеккісі келмей, ендігі жерде не көрсе де өз бетінше талап қылғысы кеп еді.

– Қадірлі мырза... – деді Курнос Иван демі дірілдеп,
– Ғұмыр бойы ұмытпайын. Дұғама кіргізіп, құлың боп жүрейін...

– Что-о? Что ?

– Құлың боп өтейін, маған әкеңнен қалған...

– Не-е?..

– Әкеңнен қалған ескі қара тор...

– Тор-р?

– Иә, тор... невод...

– Поверенныйге айт!

Иван қолын кеудесіне қойып, басын иді де жүгіре жөнелді. Жас Федоров промсолдың іргесіндегі үлкен ақ шоқалақтың басына шықты да, әкесінен қалған промсолға тұнжыраған қабақ астынан тағы бір көз жүгіртті де, әкесін, әлде өзін мысқылдағаны белгісіз, мырс-мырс күлді. Бұл баяғы бала кезде Волга жағасында да балық заводын ұстаған ірі бай көпестерді көргені бар-ды. Әкеден қалған мұра солардай ірі өндіріс болмаса да, бұның өміріне жететін біраз байлық алдында күтіп тұрғандай өкпесін қолына алып келгенді. Сүйтсе, о, құдай... әкеден қалған байлықтың сиқы... Не бәрі... Болып болғаны... ішін ит тырнағандай болған жас жігіт жылап жіберетіндей жұдырығын тістеп

тұрып қалды. Сонша жерден ат сабылтып келгеніне өкінді. Құдай оңдағанда, бұнда өзімен бірге әйелін ала келмей, әкесінің үйінде қалдырып кеткеніне қуанды. Үйтпегенде, бай көпестің ерке, шолжаң қызы бұны мазақтап итін шығаратын еді. Онсыз да өміріне ырза емес. Жасы оқуға толар-толмаста әкесі бұны Самар қаласында тұратын досына жіберді. Он жылы сонда өтті. Онан әскерге алды. Сонан бері өмірі күн-түн демей сартыл-сұртылмен өтті де, ата-ана тәрбиесін көрмей, безбүйрек қатал боп өсті. Ішер ас, киер киімге тарыққан жоқ. Бұған ай сайын артынан жіберіп тұрған ақшаның бет-жүзіне қарамай ретті, ретсіз судай шашты. Өзі судай шашып жүрген ақшаның ана жақта әкесіне қандай қиындықпен түсіп жатқанынан бұл хабарсыз еді. Енді бақса... әкесі байғұс, керек десе көзі тіріде адамға ұқтап дұрыс өмір сүрмепті. Қатын, бала анда, өзі бұнда. Ат аяғы жетпейтін қу дала, құба мекенде, тілі, діні бөлек жабайы халық арасында есіл-дерті мал табам, бай болам деп жанын жалдап жүргенде, ақырында кісі қолынан қаза тапты. Сүйегі көмусіз далада қалды. Күл шыққандай, өлігін де ауыл сыртындағы төбенің басына апарып, тізеден қазған шұқырға көме салыпты. Қабір басына шанышқан ағаш кресті де кейін түйе сүйкеніп құлатып кетіпті.

Жас Федоровке балтыры торсықтай, аппақ келіншек қатты ұнады. Тек, әттең, не керек, бишара келіншек әкесі өлгеннен кейін ештеңенің парқын білмейтін кәржік танау қара приомшиктің қолына түсіпті де, ит жыртқан терідей ұйпалақталып қалыпты. Жас офицердің алдына алып келгенде назарын тіктеп қарай алмай, басы иіліп, өңіріндегі бірер түймені тартқылап тұрып алды.

Жас Федоров әкесінен қалған болскей кереуетке

бір аунатып алғысы кеп көңілі дауалап тұрса да, қасында қылқиып тұрып алған атқосшы жігіттен қысылды. Әкесін мал табудан басқа түк білмейтін можантопай көптің бірі көруші еді. Сүйтсе, жо-қ, о да әйел нәсілінен салымсыз болмапты.

Жас Федоров езу тарта түсті де, тез тыйыла қалды. Жылпос жігітті қасына шақырып алды:

– Балықшы киргиздар қайда тұрады?

– Ана жақта... Жар басында.

– Көп пе?

– Жетеді... жүзден астам үй. Ваше благородие, барып көргіңіз келсе...

«Қайтып кетсем бе екен?» деді Федоров ішінен. Көңілі құлазып тұр. Келгеніне өкінді. Осы сапарға аттанарда ана жақтағы достарының қалай шығарып салғаны есіне түсті. Мазасыз әскер өмірінің сарт-сұртылында өзімен күзетке бірге тұрып, қыздарға бірге барып, күні де, түні де бірге өтіп жүрген жас офицерлерге жолаяқ жасап еді. Арақ судай ішілді. Шекесі қызған немелер әкесінен қалған ағыл-тегіл байлыққа бара сала кіріп, елге олжалы қайтқалы тұрған бұны қау-қаулап ортаға алды. Бұған қызыға да, қызғана қарады. Тос көтерген сайын бұны енді өзі атымен атамай, бірде «наш радшилд», бірде «наш рябушинский» деп көтермелеп, әкеден қалған байлыққа қалтасын қалыңдатып баққан-ды, бауыры бітіп бара жатқандай, бірінен кейін бірі жабысып, бетін шылп-шылп сүйіп, бірі құшақтан босатса екінші, үшінші құшақ жабысады да, бұны оңашалап шетке алып шығып, соңыра қарызға ақша бересің деп қалады. Олардың бұнысы өзіне ұнағаны сонша, былайғы кезде қабағын қарс жауып, тұнжырап жүретін шүңейт көк көзге күлкі пайда бола бастап еді.

Жүретін күні сырт сықырлаған сары аяз болатын. Орнынан қозғалып, ақырын жылжып бара жатқан пойызға шаққа үлгерді. Қанша жүргені есінде қалмапты. Әйтеуір, жол ұзақ болды. Күн жүрді. Түн жүрді. Бұл ұйқыдан ояна сала ұмтылып терезеге қарайды. Қашан қараса да, терезенің ар жағы сірескен аппақ қар. Сарылған ұзақ жол. Өмірі көрмеген ел-жұрт. Қарт Азия. Киіз үй. Әлдебір Арал теңізі. Қырғыз-қайсақ елі. Әкесінен қалған ағыл-тегіл байлық...

Енді... Енді, міне... Ана жақта жолдастары қалыңдатып жіберген қалтасын бұл жақта өзін күтіп алған әлгі алаяқтар алдап соғып, қу тақырға отырғызып кеткендей. Жас Федоров сол күннің ертеңіне төсекен тұра сала жылпос жігітке:

– Атты даярла, – деді.

– Ау, мырза... Ертең торг... Басы-қасында болғаныңыз дұрыс қой.

– Басы-қасында өзің бол! Мен қайтам.

Іле-шала қос ат жеккен жеңіл шана үй алдына кеп тоқтады. Көлдей қасқыр ішікке оранып алған жас Федоров жан адаммен қоштаспай, ат шананың жез коңырауын сылдыратып жүріп кетті. Алда ұзақ жол!

* * *

Кәлен күн кештете Көлқора табанында отырған үйіне келген-ді. Бірер күн балалардың қасында боп, мауқын басқасын, Шалқарға, түрмеде жатқан Еламанға барып қайтпақ болды да, торы атты таң асырып, кір-қоңын жудырып жатқан. Үйде болғанда үстіне келі түйіп жатса да қыңқ етпейтін Кәлен, қашанда от басына тыныш. Балалар әкесін сағынып қалған екен. Әсіресе, кішісі – Кәленнің өзіне тартқан шот маңдай,

шүңірек көз қара бала кешеден бері әке қасынан екі елі шыққан жоқ.

– Ой, ит-шошқа, – деді Кәлен – Жаман неме... Кімге ұқсап елжірек болған...

– Қайдан білейін, осы балаң сен дегенде шығарда жаны басқа, – деді Жамал.

– Жаман ит, не біліп жақсы көреді екен?

– Сорлы бала, сен келгелі жапырағын жайып, бір жасап қалып еді. Ертең тағы да жүдеп қалатын болды. Еламанмен дидарласқасын босқа жата бермей, тезірек қайтарсың, – деді Жамал. Бұл өзі бір еркектің орнына жүретін қайратты әйел-ді. Кәлен көбіне түзде жүргендіктен бұл үйдің бар шаруасы бір өзінің мойнында. Отынын, шөбін шабады. Балаларын бағады. Малын жайлайды. Жайшылық өмірде үй ішінің тірлігі қаперіне кіріп-шықпай, өмір бойы әйеліне арқа сүйеп, ат үстінің сарт-сұртымен жүрген Кәлен өзі жоқта от басында не боп, не қойып жатқанын ойламайтын. Кейде шырқап алысқа кетіп, ат арқасында айлап жүріп қалғанда да, бұл артында өзінің бар-жоғын ойлатпай, от басын құстың ұясындай көңірсітіп ұстап, бауырындағы балаларға қамқор, қайырымды ана болғасын ылғи да бойдақ адамдай етек-жеңін кеңге салып, мүлде қаперсіз жүретін. Балықшылармен қос болғалы бұл тіпті ат ізін салмай кеткен-ді.

Кәлен әйелін аяды. Сонан болар, ол бүгін төсектен тұра сала, қораның қиын ойып, көңін сыртқа шығармақшы еді. Ол ойдан да ештеңе шықпады. Үй ішінің тірлігіне кежегесі кейін тартатын бір пәлесі бар. Сонан ба, не әлде, кім білсін, шай үстінде басына қайдағы-жайдағы бірдеңелер келді де, көңілі аяқ астынан ит талағандай болды. Шайға да зауқы шаппай, кесесін төңкере салды. Көлденеңінен көз қырын тастап

отырған әйелінің назарын байқап, бетін бұрып әкетті. Сосын, әлде бір реніш өзегін өртегендей «әй, осы ит өмір!» – деді де тұрып кетті. Айтса да, өмірі ат үстінде өтті. Қасына қара ертпей, жалғыз жортып ел асты. Жер асты. Оты, суы бөлек жұрттың желісін қиып нар алды. Бір елдің маңдайына балаған сәйгүлік жүйрігін алды. Ол жесірдікі, әлде жетімдікі ме, оны ойлап жатпады. Жер соғып, зар еңіреп қалған әлде бір сорлының бұл ол кезде обал, сауабын ойлап бас қатырды ма? Керек десе, көз жас пен қарғысқа да шайтаны селт етпей, тек жетегі мен қосарының мол болғанын ойлапты. Ол кімге ырыс, нәсіп болды? Не мұратқа жеткізді? Қаратаздың қорасын малға толтырса толтырған шығар, ал, бірақ ерлігін елге танытам деп жүріп қанша жұрттың көз жасы мен қарғысын арқалағанын ойламапты.

Кәлен ертеңіне де ауыр ойдан айыға алмады. Шайдан кейін көңіл күйін бір кез домбыра сазынан іздеп, қос ішекті саусақ ұшымен шертіп отыр еді, үй сыртынан ат тұяғының дүбірі шықты. Жалмажан тұсындағы терезеге ұмтылып сыртқа көз тастап еді, тасырлатып шауып кеп үйге ат тұмсығын тірей тоқтаған бір топ кісінің ішінде – Құдайменде, Ебейсін. Құдайменде қора жаққа қамшысын сілтеп, тіл қатып еді. Төрт-бес кісі аттан домалап түсе сала, шабалаңдап үрген иттерді қамшымен жасқап, мал қораға ұмтылды.

– Сен отыра тұр, – деді Жамал, – мен барып біліп келейін.

– Білетін ештеңесі жоқ, мынау – жау, – деді Кәлен. Үстіне бірдеңе ілем дегенше, есікке жақын отырған Жамал желең бойымен сыртқа жүгіріп шығып еді. Мал қораның аузы аңқайып ашылып қапты. Таң асырып қойған Кәленнің торысын біреу жетелеп әкетіп барады екен.

– Азаматтар-ау, бұларың қалай? Тал түсте малымызды талауға салғандай біз не жаздық?

Ешкім оны жыр демеді. Мына лаңның басқа емес, Құдаймендеден келгенін білді де, енді Жамал ат үстінде аяғын үзеңгіге тіреп шіреніп отырған болыстың шылбырына оратылды.

– Азаматемессіңбе, тоқтатпайсыңба мыналарыңды. Болыс жанында тұрған Ебейсінге күңк етті:

– Не істеп жүрсіндер? Мына қатын аяққа оратылып...

Ебейсін атын тебініп, әйелге ұмтылып еді, Жамал:

– Кәлен, қайдасың? – деді жан даусы шырқырап.

– Е, ол не істейді бізге!– деп, Ебейсін енді атын омыраулатып келді де, қатынды қақ бастан тартып жіберді. Жамал басын ұстап отыра қалды.

Кәлен іштен дәл осы кезде шықты. Оны үйде жоқ деген оймен еркін кетіп жүрген жігіттер іштен алып денелі, бұжыр кара шыға келгенде жетектегі малды тастай сала аттарына жүгірді. Олармен Кәленнің ісі болған жоқ. Үйден атып шыққан бойда бірден Ебейсінге тап берді.

Құдайменде аттың басын асығыс бұрып, сырттап жөнеле берді. Тек былайырақ ұзап шыққасын Кәленнің жалғыз және қарусыз, құр қол екенін көрді де, ат басын тартты. Сол екі арада жігіттер де есін жиып, Құдайменденің төңірегіне жиналып қалған еді.

– Қаптаңдар! – деді Құдайменде.

Кәлен Ебейсінді бір жұлқып, аударып алған-ды. Енді оған қайырылмады. Өзінің құр қол екенін енді түсінді де, қамыс қораға сүйеп қойған жиде қадалардың жуандауының бірін ұстады.

Жалғыз болғанмен Кәленді ала алмасын сезген Құдайменде қасында тұрған ұзын қараға:

– «Мынаның мойнына арқан таста», – деді. Кәлен қамыс қораға арқасын беріп тұр. Кәленде жиде қада, жақындаса ұрып жыққалы әзір тұр.

– Бол, мойнына бұғалық сал! – деді Құдайменде.

Ұзын қара да бірден бата алмады. Астындағы ақ жал айғырды ақырын бастырып, құрық бойы жақындап келе бергенде Кәлен оған тап берді. Ұзын қара ат басын бұруға шамасы келді. Сытылып шығып баратып қыл арқанның тұзақтаған басын Кәленнің мойнына тастап жіберді. Ал қолындағы ұшын тақымына баса сала атты ағыза жөнелді. Кәлен жиде қаданы лақтырып жіберді де жандәрмен арқанға жармасты. Бірақ салған жерден сығып ала жөнелген қыл арқанды мойнынан шығара алмай, басын ала қашқан ат соңында бір құлап, бір тұрып сүйретіліп бара жатты. Құдайменде ат үстіндегі ұрысқа мықты еді. Қолы да қарулы. Ағызып кеп камшымен Кәленді қақ бастан тартып өтті. Келесі соққы тіпті қатты тиіп, көзі қарауытып баратты.

Бір кезде есін жиса, қол-аяғы байлаулы. Кішкентай екі баласы қасынан кетпей дірдектеп жылап жүр. Жамал да анадай жерде ақ қарда қол-аяғы байлаулы бұған басын көтеріп қарады.

– Тірі екенсің ғой.

Қамсыз отырып, қапы қалғанына күйінді ме, әлде катын, бала алдында көрген мына қорлық жанына батты ма, Кәлен әйелінін бетіне қарай алмады.

– Көрші ауылға жүгір, – деді Жамал қасында шырылдап жүрген балаларына.

Кәлен үнсіз, дыбысын шығармай, тістеніп алған. Мынау тірлікте өзіндей жұмыр басты адамнан көрген қорлық еді.

Сәске түс еді. Қаладан қайтқан кірешілерге ілесіп Рай келді. Әбден жүдеген. Үсті-басы ебіл-себіл. Қылмысы болмағасын біраз ұстапты да, босатыпты. Қарт әже оны даусынан таныды.

– Қоңыр қозым, ботам, келші! Келші бермен! – деді құшағын ашып.

Рай шайдан кейін Ақбалаға барды. Баладан кейін әлі де өзі өзіне келе алмай жатыр екен. Ақбала орнынан ақырын тұрды. Үй ішінде ақырын қозғалып жүріп төрге төсек салды. Сосын қайнысының қасына тізе бүкті де.

– Аман-есен оралдың ба? – деді.

– Шүкір...

– Ағаң аман ба? Бізге... не айтты?

Рай көзінде мөлтілдеген жастан қысылды ма, бетін бұрып, сырт айнала берді. Жым-жырт үйде екеуінің дірілдеген демі естілді. Райдан гөрі қайта Ақбала өзін тез биледі. Қазанға ет салды. Самауырға шай қойды да, Кәлен, Мөңкеге, Досқа бала жүгіртті. Жасы үлкен кісілер алып-жұлып бара жатқан шаруа болмаса, басқа уақытта ер-азаматы жоқ үйге бас сұға қоймайтын. Райдың түрмеден босанып келген сылтауымен Ақбала осы ауылдың ендігі бас көтерерлерінің басын қосып, қонақ қып жібермек болған-ды.

Ақбала жоқ-жітік жайын тілінің ұшына алмады. «Жағдайың қалай?» – деп Рай да сұрамады. Онсыз да жеңгесінің жұпыны, жүдеу өмірін көріп отыр. Ақбала шай демдегенше бұл пеш түбінде құндақта жатқан баланы қолына алды. Құрақ көрпе арасынан шарананың бір шөкім беті эзер көрінеді.

– Мырзамыздың түрі осы, – деді Ақбала.

Тағы да тамағына жас тіреліп, иғының басы бүлк етті де, Рай баурына қысқан құндаққа бетін тығып баса қалды. Есіне Еламан түскен еді. Бұны босатты. Оны Сібірге айдады. Ағасы құп-қу. Бетінде қан, көзінде жас жоқ. Аяғындағы ауыр кісен шылдырап, ат арба соңында артында қалып бара жатқан бұған жалтақтап қарап: «Сорлы жетімектің сенен басқа кімі бар, көз қырынды сала жүр», – деп еді, сол жетімек мынау. Жұмыртқасын жарып шыққан ұрпағы қызыл шақа құс балапанындай, құрақ көрпе арасында танауы пысылдап жатыр.

Рай көзіндегі жасты көрпеге үйкеп сүртті де, түк болмағандай жадырап:

– Мына күшік қайтеді, әй? Үйіне қонақ келсе де ұйқтай бере ме? Әй, тұр! Тұр енді! – деп, Рай құндақта жатқан баланың танауын шымшылап еді. Бала көзін ашпады. Кішкентай аузымен әлдене іздегендей, қаймаңдап ернін жалады. – Жеңеше, домбыра қайда? Мен мұны, ендеше, әнмен оятайын – деп, Рай күле түсті де, бір қолымен баланы бауырына қысып отырып, домбыраға даусын қосып ақырын ыңырсиді бергенде, ішке Кәлен, Мөңке, Дос кірді. Төрге шыққан бойда Мөңке мен Дос Ақбалаға қосарлана тіл қатып:

– Келін қарағым, қалайсың?

– Бөпең өсіп келе ме? – деп амандық-саулық сұрады.

Кәленнің көз қиығы Райда. Ағасының үйіне келгесін жас жігіттің есіне әр нәрсе түсіп, көңілі бұзылып отырған үстінен шығам ба деп ойлап еді; Райдың жарқын жүзін көргенде Кәленнің өзі де жадырап сала берді. Төрге шыққасын иығындағы шидем күпіні шынтағымен бір серіпті де:

– Бала, бері әкел – деп, Райдың қолынан домбыраны алды. Әуелі тиегін дұрыстады. Сосын құлағын келтірді. Сонан соң ол домбыраны күшырланып, қаттырақ қағып-қағып жіберді де, салған жерден Сарының әнін шырқай жөнелді. Кәлен жігіт кезінде қасына қыз-бозбала ертіп, біраз серілік құрған-ды. Бұл өңір сол кезден оның әніне құштар. Күні кешеге дейін ол қатысқан ойын-сауыққа аяқ жетер жердегі халық іздеп баратын. Жұрт қолқалап сұрамаса да, көңілді кезде қолына домбыра түссе арқасы ұстап құтырынып кететін жыны бар еді. Ондайда бұл жазбастан Батақтың Сарысын шырқайтын. Сары иегі түбіттенген бозбала күннен ел ішінде ылғи құдіреттілерге жұлдызы қарсы болды да, сонан қашан қыршыннан қырқылғанша бар өмірі ат үстінде өтті. Серілік пен бөрілікті дйттеген қыршын жас тарлан атпен Арал, Каспий арасындағы қара жонда талай-талай жортқан. Осы жолы да Кәлен қолына домбыра тиген құрықтай мойынның өндіршегін бұлт еткізіп тамағын кенеп алды. Сосын қалт етіп тына қалған үй ішіндегілердің еш қайсыларына назар салмай, көзін бірден үйдің алысырақ бір бұрышына қадап алды да, әне бір серілік қып жүрген жас кезде айдалада ат үстінде сар желіп келе жатып ән салғандай, асқақ зор дауыспен шырқай жөнелді. Ол ән салғанда көршілер үйлерінде отыра алмай, көтеріле сыртқа шықты. Шамалыдан кейін Ақбаланың үйі лық толды. Кәлен жазбастан Сарының әнін шырқады. Басқа жұрт қайғырса да, Сары өз бойын сергек ұстап, әніне де, өлеңіне де әзілін араластырып, көңіл-күйін қырық құбылтып отыратын өр жан еді.

«Басына шықтым шауып Айырықтың.
Даусымнан құйқылжыған айырылыппын,
Он екі ай қыз көрмеген сорлы басым,
Қатынға тезек терген, әәә-о, әй,
қайырылыппын».

Мынау Жармола түрмесінен босанып шығып, енді ағайын-тумаға, өзін сарғайып күткен сұлу жары Қыз Қосанға асығып келе жатқан Сары емес, осы мына үй толы жұртты бір өзіне табындырып қойған Кәленнің дәл өзі сияқты. Балықшылар қыбыр етпеді. Кемпірлер құлағын кимешектен шығарып ұйып қапты. Кәлен бір кез Батақтың Сарысының әдеттегі шырқау әндерін сабасына түсіріп, жұрттың өңменінен өте жаздайтын шүңейт көздің зәрін сындырып үй толы кісілерге көзін қысып жымың етті. Енді баяу қоңыр дауысқа сап, жабырқау, мұнды әндерді айтты.

Кезінде көл шайқаған Әлима едім,

Қор болдым Қоңыраттың шабағына –

деп, әлде бір заманда осы ел, осы жерде туып-өскен әнші, ақын қыз Әлиманың сонау «ат жетпейтін, атан жетпейтін» Қарақалпақ еліне көз асып кетіп бара жатқандағы зарын айтқанда әйелдер жағы көз жасы кілкілдеп, мұңайып отырып қалды. Кезінде көл шайқаған қайран қыз ендігі өмірінің бас билігін алыс жұрттан ат сабылтып келген әлде біреудің қолына беріп, елсіз, сусыз үстіртте қараңғы түнді жамылып кетіп бара жатқандай. Аспанда жұлдыздар жымындайды. Сарылған ұзақ жол қанша жүрсе де жеткізбейді. Қайдан басталып, қайда барып бітетіні белгісіз...

Сол күні түн ортасы ауса да ешкім үйлеріне қайтар емес. Ертең таң қараңғысынан тұрып, мұз үстіне шығатыны естен шығып кеткен. Ақбала астан кейін

қайта-қайта шай демдеді. Рай мен Кәлен кезектесіп ән айтқанда шаруаға қолы бармай, үй толы кісілердің шет жағына кеп тізесін құшақтап отыра қалады. Рай көз қиығын жеңгесінен айырмады. Қыз кезде сүйетін әнді айтқанда Ақбала да Кәлен мен Райға дауыс қосып, қосылып кетіп отыр.

Кәлен қолына көптен домбыра ұстамаған-ды. Шаршап қалғанын сыртқа шыққасын сезді. Бүгінгі кешке ырза. Еламан ел азаматы еді. Аз ғана уақыт бірге болғанда балықшы ауыл атанған көп тобырға оның өз көкірегінде құрттай да алалық болған жоқты. Қосы басқа балықшылар кейде қазан қайнататын балық ұстай алмай, салы судан шығып қайтқанда, Еламан оларды шақырып алып, қолдағы барын бөліп беретін. Іші тар кісілер реніш білдіре қалса, Еламан:

– Қой әрі. Онсыз да ат төбеліндей азғантай қазақты алалап, бірін жат, бірін жақын тұта алмаспын. Маған балықшылар аулының бәрі туыс. Біз ру, туыс қуалап табысқан жоқпыз. Бізді тағдыр табыстырды. Ал тағдыры бірдің – қазаны бір – деп, үнемі бүтіндікке, бірлікке шақыратын. Балықшы ауылдың басын қосатын ұйытқысындай еді. «Қайран, Еламан!». Ол бүгін Еламанның үйінде, болып, қатын-баласының хал-жайын білгеніне дән риза. Кенет көзі үй алдына кеп түйесін шөгеріп жатқан қатынға түсті. «Бұл кім болды екен?» – деп ойлап, тезірек басып келсе... әйелі екен, қуанып кетті. Қараңғыда қалауыш арасын тінтіп, балаларын тауып алып жатыр.

– Мына әтеңе нәлеттер қайда тығылып қалған?! – деп күлді де, екі баласын екі қолтығына қысып ішке кірді. Кіші баласы көзін ашпады. Кәлен оны ұйқтап жатыр екен деп ойлап, маңдайынан иіскеп сүйе берген еді. Ернін шоқ қарып алғандай, баланың денесі лапылдап жанып жатыр екен. Шошып қалды. Үлкен

баласы әлдекімнен көрген зәбір-жапасын шаққысы келгендей, иегі кемсендеп қалды.

– Мыналарға не болған? – деді Кәлен.

– Кешір... балаларыңды ауыртып алдым, – деді Жамал.

– Не дейді?..

Жамал жаулығының шетімен аузын басып, жасын жұтып отыр еді. Кәлен шыдамай:

– Не болды?– деді ақырып.

– Сен кеткесін Қаратаздың жігіттері қайта айналып соқты ғой. Балаларды дірдектетіп далаға айдап шықты. Біздің қора-қопсымызға Көлқора табанында отырған үйлерден салыққа жиып алған малдарды қамады.

Кәлен бұл түнді көзінен атырды. Таң алдында үлкен баланың маңдайынан шып-шып мұздай тер шықты. Сол шипа болды ма, тыныс, демі кеңіп, қалжыраған тән бір сәт рақат тауып ұйқтап кетті. Ал өзі үйде болғанда күнде-күнде жатарда ыңырсып ән айтып ұйқтататын кіші баласы көзін ашқан жоқ. Қайта жылы үйге кіргесін көкірегі сырылдап, екі иінінен еңтігіп ауыр дем ала бастады. «О, қаныпезер... оқ атсаң – өзім бар емес пе ем. Балада нең бар еді».

Таң алдында киімшең бойымен қисайған Жамал көзі ілініп кеткен екен. Іле-шала шошып оянды. Неге оянғанын білмеді. Апалақтаған көзі қара кеугім үйде қарауытқан ірі кісінің тұлғасына түсті. Ауру бала жатқан төсектің бас жағында басы иіліп отыр екен... «Шаршаған шығарсың, азырақ көзіңді іліндіріп, мызғып алсайшы», – дегісі келген-ді. Кенет күйеуінің екі иығының басы дір-дір етіп, өксіп қалғанын көрді де, төсектен атып тұрды. Бара сала баланы құшақтай алатындай үстіне төне түсті де, тұрып қалды. Бала

құдды ауа жетпей, тұншығып бара жатқандай, кіп-кішкентай аузы әнтек ашылып кіп-кішкентай қылтанақ тістері ақсиып жатыр екен. Жамал өкіріп жылап, баланың үстіне құлап түсті.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

– Уу-у! Қандай суық! – деді, үсті-басы аппақ қар Курнос Иван үйге аюдай қорбаңдап, сөлекеттеу кіріп келе жатып.

Ызғырық жел есіктің қарсы алдынан соғып тұрған. Курнос Иван есікті жабам дегенше аржақтан ақтүтек айқай боран ішке лап беріп, үй іші әп-сәтте уілдеп ұлып, әсіресе ауызғы бөлме ызғыды да кетті. Иван үстінің қарын есіктің алдында тұрып қақты да, ұлтанына сіреу қар қатқан етігін сықырлата басып төрге өтті.

– Шура, асың әзір ме?

Шура терезе алдында сыртқа көз салып отыр еді. Орнынан созаландап түрегелді. Иван сырт киімін ас ішерде де шешпеді. Тұла бойынан сырттың суығы мен шикі балықтың иісі шығады. Суық шалған бет қара қошқылданып, қабарып кетіпті. Соған қарамастан көңілді. Қолын уқалап-уқалап жіберді де, асқа отырды. Жылы үйге кіргесін қасы-қабағындағы қырау ереді. Танауының іші қарауытып түктене бастады. Бір түйір тамшы жалғыз қыл ұшына ілініп тұрған-ды. Балықты қарбытып асай бергенде, о да мөлт етіп, омырауына үзіліп түсті.

– Балық көп шықты. Бес мың пұттан асады, – деді Иван кешеден бері сан рет айтқан сөзін тағы қайталап.

Шура үндемеді. Жағын бастыра бір тартқан ақ шыт орамал жүдеу бетін бүрістіріп, шүңкитіп жіберген. Курнос Иван өз қуанышына өзі мәз...

– Осы жасқа дейін қуғаным байлық еді. Қолыма бүгін түсті. Шура, слышишь... енді маған мұрагер керек. Өзіңе жібек көйлек әперем.

Шура Орал қаласындағы кішілеу бір шіркеудің звонарының қызы еді. Жасырақ кезде әкесіне еріп шіркеуге баратын. Оған, әсіресе, мереке күндеріндегі шіркеу қатты ұнаушы еді. Ол күндері қызыл ала киінген ығы-жығы халық шіркеуге ағылып келіп бара жатар еді. Ал әкесі шіркеудің сонау биік мұнарасына тілерсегі дірілдеп ұшқарыға көтеріліп бара жатар еді. Кішкентай қыз адам басы айналғандай көз ұшындағы мұнараға аузын ашып қарап тұрғанда, кенет со жақтан жез қоңыраулар қаңғыр-күңгір етер. Сол сол екен аспан асты, жер үсті сиқырлы әсем үн қалықтап кетер еді. Қаладағы қайыршы біткен сол күндері шіркеуге жиналған елге, өткен-кеткенге қол созып, көзі жаутаңдап тұрар еді. Маскүнем әке ақыры мұнараға көтеріліп бара жатқанда құлап, екі күн ессіз-түссіз жатты да, үшінші күні жан тапсырды. Жас қыз жетім қалды. Бүгіл қалада бас сұғатын жер қалмағасын, шіркеуге барды. Баруы барса да, бірақ басқалар сияқты қолын созарда беті өртеніп жаздап, дуылдап бір жанға назарын тіктеп қарай алмай, басы бауырына түсіп кетер еді. Бұл күндері жас қызға өзінен гөрі естирлау бір алба-жұлба баланың зәбірі өтіп болды. Шіркеуге барса, сап етіп алдынан шығады. Қылжақтап, мазақтап, аузы-басын қисаңдатады. Қатты зәбірленгесін, бір күні жылап жүгіріп ала жөнелгенде, әлгі сотқар бала артынан қуып жетті де, мыж-мыж дорбасында жылтыраған тиындарды қыздың дорбасына аудара

салды. «Қайыр сұрағанша, күйеуге шықпайсың ба», – деді де жүгіріп кетті.

Сонан, ай өтті, жыл өтті, сол күні күн қатты ыстық еді. Өткен-кеткендер тастаған қара бақырлар қыздың алақанын шоқтай қарып, өрттей ыстық күн астында қолын созып тұр еді; күректтей бір қол қыздың шидей қолын алақанындағы бақырларымен қоса жең-меңімен қысып алды. Қыз дір етіп, басын көтерсе... қира сары сақал, шүңірек көз еңгезердей еркек қарсы алдында бұған күлімсірей қарап тұр екен. «Жүр, кеттік», – деді. Қыз дір-дір етіп тартыншақтай берді. «Қорықпа! Жүр. Қарның тоқ болады», – деді көпес. Иә, оның аяғы... міне, дәм-тұз бұл жақтан бұйырды да, Аралдан бір-ақ шықты. Обалы не керек, көзі тірісінде Федоров бұны алақанына салып бақты-қақты. Ол тек бір-ақ рет көңілін қалдырды. Аралға келгесін бір жылдан кейін бала көтерді. Шура бойына біткен баланы сақтағысы кеп жалынып-жалбарынды, жылады да. Безбүйрек көпес жібімеді. Қыстың көзі қырауда Шалқарға апарып, таныс дәрігер арқылы бойындағы баланы түсіріп тастап еді. Өлген адамды кінәлап соңынан өкпе-наз артқысы келмесе де, қаныпезер жанның қаталдығын ұмыта алмай-ақ қойды.

Курнос Иван Федоровтің көзі тірісінде ішінен тынып жүреді екен, өлген күннің ертеңіне бұның үстіне баса-көктеп кіріп келді де: «Сенің құдай қосқан қосағың мен... мына мен», – деп, әй-шәй жоқ Шураға тарпа бас салды. «Енді Федоровты ұмыт», – деді. Қит етсе бас салып сабады. Бірде тағы жығып сап, өлтірем деп жатқанда көршілер арашалап алды. Дүние қадірін білмейтін даласуан неме аз уақыт ішінде екі бетінен қан тамған уыздай жас келіншекті ұйпалақтап тастады. Соңғы кезде Курнос Иван тағы бір мінез шығарді

«Жақында байимын. Соңыра өзім өлгенде байлығыма ие болатын мұрагер тап. Бедеу қатын керегі жоқ» – деп, Шураға қыңқылдап жүр.

Ас ішіп болғасын Курнос Иван қолының сыртымен аузын сүртіп жатып:

– Шура! – деп еді, әйел орнынан қозғала қоймады. Сосын ол әйелді жұлқып, бетін өзіне қарай бұрғанда, көзінде мөлтілдеген жасты көріп, – немене, Федоровты азалап отырсың ба? – деді зекіріп. – Мен бүгін кеш қайтармын, бәлкім келе алмаспын. Маған тамақ жеткізіп бер, ұқтың ба?

Шура басын изеді. Курнос Иван сыртқа шықты. Дала әлі ақ борасын екен. Мұз үсті тіпті әлемет. Промсол басынан көктен жауып, жерден борап тұр. Екі дауыстай жерде жүрген балықшылардың қарасы көрінбеді. Тек ұйқы-тұйқы ақ түтек арасынан майлықтың жанында таудай боп үйіліп жатқан мол балық қылаң береді.

Осы өңірді қыстайтын төрт-бес ауылдың адам-қаралары балық басына жиналған. Аттысы, жаяуы бар, бас-аяғы жүзге тартады. Иттер де көп. Әр иттің аузында бір балық. Көк жүзі қарғадан көрінбейді. Курнос Иван жақындай бергенде бір пәле бастарына төнгендей, қарғалар оқыс дүрлігіп, қарқылдап ұша жөнелді.

– Бұрын маған бір жан жуымайтын. Енді, ана қара!.. Байлыққа қалай үймелейді. Көздері жеп барады. Қара қарғаларға дейін менің байлығымды бір-бір шұқып қалмақ.

Курнос Иван қарақұрым жиыннан бөлініп оқшаулау шығып тұрған бір топ кісіні көрді. Өңшең ішік, тон киген балпанақтай жуан. Аттары да семіз. Өзге малдардай ық іздеп тықыршымай, қырдың қаптай

соққан қара дауылында құйрық, жалы суылдап, желп-желп етеді. Курнос Иван тани кетті.

– Әй, болыс, аман-сау барсыз ба? – деп, Құдаймендеден бастап осы елдің байлары, билерімен амандасып шықты. Курнос Иванның таңырайған танауына қар кіріп тығындап тастаған еді. Ол судан шыққан балықтай, көбіне аузымен дем тартып:

– Бұрын байдың қосын жегетін едім, енді өзім баймын. Ал, кәне, сыралғы алыңдар! – деді саңқылдап.

Қиын сөзге де мүдірмей, дәл бір қазақтың өзіндей тақпақтап сөйледі. Аналар үндемеді. Бірақ тегін олжаны бөтен көрмей тұрғанын біліп, Курнос Иван майлық аузында таудай боп үйіліп жатқан балыққа қарай беттеді. Аналар да аттарын жетелеп соңынан еріп келеді.

Құдайменде өзімен қатар келе жатқан семіз сары кісіге – өзі бай, өзі би – Рамбердіге мойнын бұрып:

– Ыссы тары көженіңде буы бола-туң. Ал байлықтың буы тіпті әлемет-ау! Мына кәржік мұрын қара орыс қалай паңқып тұр, ә?! – деп күліп еді, Рамберді Курнос Иван естіп калды ма деп қауіптеніп, Құдайменденің осындай жердегі келеңсіздігін жақтырмайтын әдетпен кіржің етті. Сұйық сары мұртын сипап, өзінің әншейіндегі маймақ әккілігіне бағып:

– Мұн-дай-да үндемеген о-за-ды, – деп ыңырсыды да, – ауызға түсейін деп тұрған несібенді аяғыңмен теппе, бала – деп, сөзінің аяғын мұрнымен созып, ыңылдап бітірді. Сосын Кәленді ымдап:

– Досыңды көрдің бе? – деді.

– Ой, енесін...

Кәлен оларды көрсе де, көрмеген сыңай танытып, сыртын беріп тұр. Курнос Иван майлық аузында бірнеше жерде жал боп үйіліп жатқан балыққа келді.

Тоң балықты аяғымен қақ жарып, мыналарға беретін сыралғыны бір шетке қарай бөліп келе жатқан-ды. Рамберді осы арада шегіншектеп, жұрттан жырылып кейіндеу қала берді. Әуелі жан-жаққа қарап алды да, сосын ана жақта қалып бара жатқан көп балықтың ірілеуін аяғымен қағып, сыралғыға қарай сырғыта бастады. Курнос Иван оны байқап қап:

– Қақ! Қақ, Рамберді! Қағатын сапарың бұл! – деп күлді. Осы арада Кәлен сап ете қалды.

– Алудың есебін үйретпей-ақ қой. Халық үстіндегі адам қағып та, соғып та жей береді,– деді Курнос Иван.

Құдайменде тіс жарып түк айтпай, бұрылып жүре берді. Рамберді де атына қарай аяндап бара жатып әлденені мінгірлеп, түсініксіздеу ыңылдады. Курнос Иван сасқалақтап:

– Ау, байеке, – деп, жүгіріп барып Құдайменденің шалғайына оратылып еді, ашулы болыс:

– Кет әрі! – деп қолын қағып жіберді.

Рамберді былай шыққасын Құдаймендеге қатарласа бере:

– Ұры досың қырғидай тиді ме, қалай?– деді.

Олардың қарасы ұзағасын Курнос Иван Кәленге тап берді:

– Есің дұрыс па? Болыспен ұстасып өле алмай жүрсің бе?

– Әй, әкірендеме. Болысың өзіңе...

– Кет! Қараңды батыр!

– Мен жалғыз кетпеймін. Өзіммен бірге мына кісілерді ала кетем.

– Жарайды, – деді Курнос Иван.

Кешегі торпта ол промсолды сатып алған татар байының алдын орап, бұл араның ең тәжірибелі, та-лапкер балықшыларын өзінің қол астына жиып алып

еді. Осы деректі татар байымен екеуінің арасында аздаған кикілжің де бар. Кәлен балық сүзіп апыр-жапыр боп жатқан кісілерге келді.

– Аналарың немене... жер бетінің жемтігін тауысып, енді теңіз түбін тіміскілеуге шыққан ба?

– Соларды қойшы! Қанды ауыз қасқырлар қызылға келіп жатқан да. Әйтпесе, мұз үстінен иман іздеп жүр деп пе едің. Кәне, сүзгіні маған бер, – деді Кәлен.

* * *

Болыс аулына белгілі бай – Темірке келді. Ол қазір осындағы промсолдың қожасы. Аанада Федоровтың промсолынан айырылып қалғандарына Тәңірберген әлі күнге өкінетін. Ағалары тап бір тәуекелге бел буатын жерде тізгін еркін бұған бермей, тартыншақтады да, тегін байлықты татар байы аузынан қағып әкеткендей көреді. Көп нәрсені көңілі танығанмен де, бұның өзі кем талап па, әлде тартыншақ па, әйтеуір, жеме-жемге келгенде кежегесі кейін тартады да, аузына түсіп тұрған сыбағадан қағылады. Ақша өнетін жерде, асылы, кісі ана Ебейсіндей бетіне көн қаптап алғандай, ештеңеден жүзі шімірікпейтін имансыз болу керек пе, қалай? Тіпті, осы Теміркенің өзі де көк дүкенге кіргенде құдды қазан-аяқ ұстаған қатындай, прилавканың ар жағына тұра қап, кір, ластан жиіркенбей, көк нілге дейін оймақтап сата жөнеледі. Осындай шаруаға араласса бұл құдды бір жерін ластап алатындай, бойын аулақ салып, басқа біреудің қолымен пайда таппақ болады. Осы ниетпен ол Ебейсінді саудаға шығарып еді. Ол қазір Қабырға болысының жүн-жұрқасын жиятын жалдап. Қалаға қатынаған сайын Тәңірбергенге соқпай кетпейді. Мырзаның базарға салатын малда-

рын үйір-үйірімен айдап апарып, ақшаға айналдырып қайтып жүр. Бай ауылдың кездемесі мен шай-шекері де соның мойнында.

Татар байы бүгінде Ебейсінмен әмпей. Оны шынымен жақсы көре ме, әлде, іш тартқансып, оның аржақ пиғылын біліп алғысы келе ме, жас мырзаға бұл арасы дүдәмал. Бірақ, бір анық білетіні – татар байының бір тұста Ебейсіннен жүрегі шайлыққан жайы бар. Сонан бері Ебейсін әңгіме бола қалса, түсі қашып, тақия киген басы қалталақтап: «И-и, ул әпендені қой! Ул, ул бик қиын жігіт», – деп күбірлеп отырғаны.

Тәңірберген болыс ағасы мен татар байы екеуін безбеннің екі басына қойып, үнемі іштей салыстырады да отырады. Ағасы қазір төрт құбыласы түгел, өрісі мыңғырған мал, ішкі қалтасында өзінен басқа тірі жанға ұстатпайтын Қабырға болысының сары жез мөрі. Оны өзі қарсыласқа қыр көрсеткенде қолына ұстап отырып сөйлеседі, сүйте тұрса да мына ілмиген қалқан құлақ татар байының қойнына кіріп кете жаздап, қасы, қабағына қарап, жас баладай жаутаңдап отырғаны.

– Курнос Иван сыралғы екен. Есіткен шығарсың, тағы да майлатып салды, – деді Тәңірберген.

– Күп мә?

– Бес мың пұттан асады деседі.

Андаусызда үстіне мұздай су құйып жібергендей, Темірке қол-аяғын бауырына жиып бүрісе қалды.

Тәңірберген оған көзінің қиығымен жымия қарап:

– Сенің промсолыңа жұмыс табылды. Бес мың пұт балықты қабылдау саған да оңай болмас. Тек, қайдам, тұзың жетсе... – деп еді.

– Иоқ, иоқ! – деді Темірке қолын сілкілеп, – Мен

Иваннан бір қадақ та балық алмаймын. Шуші күні өз балығымды солит итәргә тұзым иоқ, бит.

– Сонда, ол сорлы қайтеді?

– Онда менің шаруам қанша. Маған десе балығын суға ағызсын.

Тәңірбергеннің Курнос Иванда ала алмай жүрген өші жоқ. Болыс ағасына берген сыралғы балықты бұл кеше екі түйемен Шалқарға жөнелтіп жіберген-ді.

Үй іші үнсіз. Темірке әлі де болса күйген терідей бүріскен күйі. Құдайменде болса-болмаса да көмейінде тұрған сөзді қалай бастаудың ретін таба алмай күрмеліп отыр.

– Болыс ағамның көптен бері сізге айтқысы кеп жүрген бір шаруасы бар еді, –деді Тәңірберген.

Темірке кенет қан иісін сезген кәрі жыртқыштай дүр сілкініп, басын көтеріп алды. Осыған дейін бір ашып, бір жұмып отырған шүңірек көздің жанарына шоқ түскендей жарқырап кетті.

Ол алақанымен құлағын қалқалап, бар бойымен Құдаймендеге созылды.

– Иә, бай?..

Құдайменде ырғалып қойды.

– Біз... ертең жайлауға көшеміз... – деп, інісі итерме-леп отырған мына әңгімеге аяқ баспай тоқтап қалды.

«Кәленді құртқаннан іс бітпейді, сәті түсіп, орайы кеп тұрғанда онан да мына іргенде күнде лаң сап отырған балықшылар аулына тізе батырып алайық» – деп, күнде-күнде қыңқылдап, құлағының құртын жеп болды. Бұның өзіне салса, алдымен Кәленді құртпақ. Майлық басында болған кешегі оқиғадан кейін Кәленге, әсіресе, қатып алған-ды. Құдайменде қазір

кастасқан кісіні шетінен қол-аяғын кісендеп Сібірге айдатқысы келеді де тұрады.

– Біз ертең жайлауға көшеміз – деп, болыс құлықсыз бастаған әлгі әңгімеге қайта оралды. – Сонан қашан күз түсіп, жерге кірбік қар жауғанша жағаға келмейміз. Мойын алысқа түскесін ел тізгінін ұстаған кісі басқа жаққа бұрыла алмай кете-туң.

– Әлбетте! Ие, бай?..

– Көңіліңе келмесін, сендердің балықшыларың түктің мәнісін білмей-туң. Бәрі де анадан туғалы түйе баққан қыр қазағы... Өздері қыр құсы сияқты, тіпті тобығы бататын судан қорқа-туң.

Темірке көйлек жағасынан қылқиып шыққан қылдырықтай мойнын Құдаймендеге құлықтана созды да, қалқиған құлағын оның дәл аузына тосып:

– Ие, ие, бай? – деді.

– Ана, жар басындағы балықшыларды білесің ғой?

– Әлбетте, әлбетте, бай...

– Білсең, олар анадан туғалы теңіз кешіп, тор сүйреткен кәсіпшіл кісілер. Теңіздің астын өз отының басындай біле-туң.

Тәңірберген шынтақтап жатқан қолтығындағы жастығымен ысырылып Теміркеге жақындай түсті де:

– Сырт кісі көреген келеді. Байқауымша – олар балығы көп жерге өздерінің ау торын жайып, сенің кісілеріңді қақпайлап шетке ысыра беретін сияқты, – деп еді.

– Мырза бик... бик дұрыс айтып отыр, – деді Темірке.

– Асылы, сен балығы көп жерлерді болыстың қағазымен өз меншігіңе қаратып ал – деп, епті жігіт бұлардың басына келмей отырған бір ойды көземелдей қойды.

Құдайменде шошып кетті:

– Қой, айналайын, қиянатта да шек бар. Оның дұрыс болар ма екен?

– Болады. Әбден болады. Бұл, бик, бик ғажап ақыл. Жас мырза матур... бик матур жігіт – деп, татар байы Тәңірбергенді арқасынан қағып-қағып қойды да, сосын Құдаймендеге бұрылды, – Ендігі жерде біз балығы көп жерлерді запрет істейміз.

– Қазірет? Ол қай қазірет? – деді Құдайменде.

– Жоқ, запрет... запретная зона. Ондай жерге болыстың ұлықсатынсыз ешкім өз бетімен барып балық аулай алми... Заң, бит. Матур заң.

– Әсіресе, ана Кәлен, Мөңке, Рай, Дос сияқтылардың аяғын қия бастырмау керек.

– Иә, иә, мырза дұрыс айта. Запрет жерлерге олар ау салса...

– Ауын сыпырып ал! Қайтарып берме.

– Матур жігітсің, бик, бик матурсың... Ауын қайтарып бермейміз.

Тәңірберген рақаттана күлді:

– Байдың бұнысы асық ойнағанда әлмендірек баланың: «Бүк түссе де менікі, шік түссе де менікі» дегеніндей болды ғой.

Темірке жас мырзаның өзінен сыбаға дәмететін сыңайын байқады да, қылқиған мойнын ішіне тартып, бір уыс бола қалды:

– Сенің еңбегінді, мырза, іншалла ұмытпаспын.

* * *

Қарақатын бір арқа отынды қазандықтың жанына аударып тастай салды.

– Ух, қара байланғырдың арқаны иығымды қиып кетті ғой.

Ақкемпір үндемеді. Ал Қарақатынның дәл аузынан түскендей, астыңғы ерні үстіңгі ернінен бір сүйем сүйриіп озып, сөз тілеп тұратын бойжеткен қыз – Балкүміс төр алдында тізесін құшақтап отыр еді. Онсыз да отын арқалап, жаны қиналып келгенде мына қыздың бет-аузын долылық буып сазарып алған мекерлігі жынына тиген Қарақатын:

– Ой, бетің тіліңгір! Ақбала құсап бедірейуін караш, – деп еді.

– Өзіңнің бетің оңып тұрған шығар! – деді қыз.

– Е, менің бетімнің несі бар? Көп болса отын арқалап, жаным қиналғасын...

– Ие, басқа кезде аппақ деген...

Қарақатын қызына оқты көзімен ата қарады:

– Ана Мөңкенің қатыны құсап, балпылда да отыр солай.

– Өзің балпылдамайтын шығарсың.

– Тұтақ! Сен мендей де бола алмайсың. Ана Судыр Ахметтің қатыны құсап, соңыра байың күнде-күнде шашыннан сүйреп, таяқ астында жүрерсің-ау, сен бейбақ.

Басынан сөз асырып алғанына күйінген қыз ызадан іші өртеніп жаздап, жылап жіберді. Қызының бетін қайтарғанына көңілі көншіген Қарақатын әлгідей емес, енді көңілі көншіп, қазанға су құйды. От жақты. Су отын тұтамай, бықсық көкала түтін қайта тепті. Көк айыл қызды долылық буып қорсылдап жылап, үйдің берекетін алып бара жатқасын Қарақатын өзінің де қыз өсіріп отырғаны есіне түсті де:

– Сені жақсы болсын деп айтам ғой, – деді. Сосын, ошақ алдына тізерлеп отыра қап, еңкейіп үрлеп еді, су отын бәрібір жанбай, көк түтін қайта тепті, – Мына жау жегірге не болды. Әшейінде лау етіп жана қоюшы еді ғой. Ух, құрсыншы, құрып қалғыр – деп, қолындағы

көсеуді лақтырып тастай салды да, – Соңыра барған жерінде сенің де абысын-ажының болады. Сонда, олар: «Өнегелі, көргенді ана қолынан өсіп, өнген қыз ғой» – десе, саған да, бізге де жақсы. Сен көрінгеннің аузында сөз болатын әлде кімнің қызы емессің... Әй, мына көк тігілгір отқа не болды?

Қарақатынның көзіне түтін кіріп, қақалып, шашалып, әлек-шәлек болды. Дәл сол кезде, қастан шықпағыр Ақкемпір де бұның жынына тиіп, көрпелі төсекте қағып, сыртқа шықты ма, ішке кірді ме, онсыз да кімге тисерін білмей терісіне симай отырған Қарақатын:

– Осы үйді өзі ұстап отырғандай... Сенен де басқа төсек қағатын кісі бар емес пе. Отыршы былай, жөніңе, – деді шаңқылдап.

Ақкемпір ләм демей, аяғын ұшынан басып, пеш түбіндегі өзінің дағдылы орнына барып отырды.

– Отты жағып қойсаң қайтеді, қолыңа жұғатын ба еді? – деді Қарақатын.

– Отын болмады ғой.

Қарақатынның көктен тілегені жерден табылды. Қайыс қара бетке қапелімде мысқыл ойнап, кеудесі қайқаңдап, қос бүйірін таянып шыға келді. Миығынан мырс етті.

– Отын жоқ болса, отынға барсаң қағынды келетін бе еді? Ас ішіп, аяқ босатқанда бәрімізден артықсың.

– Ей, жарқыным, асың өзіңе. Тыныштығымды берсең болады.

– Тыныштық па саған!..

Ақкемпірдің көзі келініне түсіп еді, төсегінен шұбар ала жылан шыққандай, тұла бойы тітіркеп кетті. Арық әйелдің қан-сөлсіз бетінде рақымның ізі жоқ екен. «Қазинесі кең құдай-ай, – деді кемпір. – Бұл

пәлені жалғызымның маңдайына қайдан тап қылдың?»

Қарақатын балаларын тамақтандырғасын, күйеуінің келуін күтпей, сығырақ шамның білтесін басып, жатып қалды.

Дос бұл күні де түн ортасы ауа келді. Үсті-басы малмандай су. Аяғын басқан сайын су етік қорқ-қорқ етеді. Киімшең бойымен қисайып жатқан кемпір орнынан тұрып баласының сырт киімін шешіндірді. Шұлғауын сығып алды.

– Мынау не көрім! Таңның бір уағында кетіп, түннің бір уағында келдің. Жаурап өліпсің ғой, сорлы балам.

Келіні тұрам дегенше, Ақкемпір от жақты. Ошақ алдына көрпе жайды. Қазан астында маздаған қызыл шоқты бері тартып, баласының арқасына күпі жапты. Соның өзінде Дос тұла бойы жылымай, дірілдеп ұшып барады.

– Балықтарың не болды? Өткізе алдыңдар ма? – деді кемпір.

– Құрысын. Ит-құстың аузында кетті.

– Не дейді? Ана Темірке шіркін алмады ма?

– Жоқ.

– Қайырымсыз, қатыгез екен, шіркін неме.

Таң алдында бір сағат ғана мызғыған Дос ояна салысымен анасы әзірлеп қойған асты апыл-ғұпыл ішті де, сыртқа шықты. Дала тастай тұман. Теңіз жағасына жақындаған сайын іркілдек ақсүт тұман дүниені басып тұр екен. Сыз тартқан дымқыл ауа тынысты ауырлатып, Дос дем арасында алқынып қалды.

Кәлен мен Мөңке үйге қайтпапты. Тау-тау боп үйілген балықтың басы-қасында жүр екен. Иіні түсіп кеткен. Қыс басынан қайрат қылған осы кісілердің бұл өңірде сүзбеген теңіз түбі қалмаған-ды. Әуелі

бұлар Көлқораның, онан бекіре, қаяз жүретін дәмелі қайырым еді деп Бозбиенің тұсын сүзді. Бірақ қай жерді қанша сүзсе де балық шықпай, салы судан қайтып жүргенде құдай беріп Қаражардың астындағы қайырымнан қарық боп еді. Бұлардың сорына қарай, Темірке келімге келмей, қасарып отырып алғасын, басқа жол іздеді. Ту сонау Қазалы, Қамбаш, Шалқар шаһарларында тірек ұстап, дүкен ұстап отырған орыс, татар байларына тоң балықты арзан бағаға сататын болып келіскесін бұлар ел ішінен кіреші іздеп еді. Оған ауыр жүк тартатын мықты көлік шықпады. Көлігі бар байлар, ақшаңды әуелі алақанға сал деп отырып алды. Соның арасында он күн өтіп еді. Балық ит-құстың аузында кетті. Ол аз дегендей, көктем күні шұғыл жылып, мұз үсті шұрқ-шұрқ тесіліп қызыл су басты. Қыруар балық суға кетті.

Енді не істерін білмей шарасы құрып тұрғанда, промсол жақтан келе жатқан әлдекімнің қарасы көрінді. Жақындағасын білді – Курнос Иван екен. Түнімен кірпік ілмей, өз маңдайын өзі төпеп ұрып, ахылап-үхілеп, өкіріп жылаған сорлының көзінің алды күлтілдеп ісіп, шара табақтай бет қап-қара боп түтігіп кетіпті. Қызыл су бетінде қалқып жүрген балықтың әрқайсысын бір теуіп, құтырған қасқырдай ерсі-қарсы кезіп жүрді де, кенет «эх-х-х!» деп, өз басын өзі жұдырықтап төпелей бастады. Есірік халде екі көзі түк көрмей, теңселіп жүр еді, аяғы астындағы жарықты байқамай, тұңғиық қара суға күмбір-самбыр құлап түсті. Сол арада тұрған кісілер жабылып сүйреп шығарды.

– Үсіп өлесің. Сорлы, тез үйге жет!

– Өлем... Өлем, қу татар құртты, өлтірді. Өлтірді мені, – деді де өз басын өзі жұдырықтап зарлап жүріп

алды. Кенет кілт тоқтады да, тісін шықыр-шықыр қайрап:

– Құртты! Құртты мені, қу татар! Қайда өзі, жарып өлтірем. Жарамын. Жарам, жарам...

Сүйдеді де, аяғындағы су етікті қорқылдатып жағаға жүгірді. Үй алдындағы биік ақ шоқалақтың басына шығып тұрған Темірке сонадайдан екі етегі далақтап, алау-далау боп жүгіріп келе жатқан Курнос Иванды көрді. Оның Курнос Иванға қаны қататын реті бар. Промсолды алғасын Темірке «Балықтың мәнісін білесің ғой. Маған бөдіретшік бол», – деп Курнос Иванға сөз салған еді. Курнос Иван көнбеді. Онымен де қоймай, торгта Теміркенің алдын орап, жиған-терген ақшасына Федоровтың ау-құралын түгелдей сатып алды да, өз алдына дербес талап қылам деп шыға келді.

– Әй, Темірке! Көкетай!..

– Нәрсә? Нәрсә деп тұрсың?

– Тым құрыса... қалған балығымды...

– Иоқ, иоқ! Сенің үсіп кеткен балықтарың маған керекми.

– Байеке-ай!.. Аяғыңды жалайын... қалған балығымды алшы!

– И-и, Алла! Қой инді. Нешік биберекет адам едің өзің. Сенің үсіп кеткен балықтарың түгіл, өзімнің балығымды солит итәргә тұз иоқ. Ал қош!

Темірке үйіне кіре берді, тек есікті жабар жерде артына бұрылды. Үсті-басынан су сорғалаған Курнос Иванға қолын көтеріп: – Қош, әпенде Иван! – деді де, ол бірдеңе дегенше бұл есікті жауып алды.

Үміті әбден қырқылған Курнос Иван осыдан кейін енді қайтып балықтың басына барған жоқ. Үйіне сұлдерін сүйретіп әзер жетті.

Күйеуінің түрінен зәресі ұшып қорқып кеткен Шура сасқалақтап артына қарай шегіне берді. Кенет арқасымен жарға тіреліп тұра қалды. Курнос Иван екі қолын кеудесіне қысып, дір-дір етіп тұрған әйелге төніп келді де тоқтады. Қос қолымен әйелді иығының басынан манжамды шеңгелмен қатты қысып ұстап, көзін көзінен айырмай тесіле қарап тұрды да, кенет қарқ-қарқ күлді:

– Мұрагер... ха-ха-ха-ааа...

* * *

Кәлен соңғы күндері жұрттан жырылып оңашалана беретін боп жүр. Кейде түннің бір уағына дейін ұйқтамай, үйдің төбесіне көзін қадап, кірпік қақпай жатады. Осындайда басына қайдағы-жайдағы келіп, бірде Курнос Иванды ойлайды. Бишараның қайда кеткені, өлі, тірісі белгісіз, жер жұтқандай бір кеште зым-зия жоқ болды да кетті. Сонан бері теңіздің бұл бетіндегі жұртты жатқызып, тұрғызып жүрген жалғыз қожа Темірке. Онымен кәзір орыс байлары да есептеседі. Оның алдында Құдайменде болыс өз бетінше қыбыр ете алмай, қол қусырып тұрады деп есітті. Ең аржағы не істесе де тірі бір жанға ымы-жымын білдірмей істейтін Тәңірбергеннің өзі аңдаусызда татар байының тырнағына ілініп қалатындай, етек-жеңін жиып, сақтанып отыратын сияқты. Ал, Курнос Иван қоңқалақтап жүріп Теміркенің бір тарпығанынан шықпады. Осыған дейін Курнос Иванның қолтығында істеп келген балықшылар күнделік қазан қайнатып отырған күнкөріс кәсібінен айрылып қалды. Темірке керек десе оларға ау-құрал да бермеді.

Баяғыдай емес, бұл күнде балыққа жалданатын

кісі көп. Жұтқа ұшыраған қыр қазақтары жыл сайын ата қонысын тастап, теңіз жағасына ағылады да жатады. Олардың сорына қарай биылғы аласапыран абыржының аяғы ұзаққа созылды да, балықшы ауыл қатты күйзеліп тұр еді. Бұндайда бір мезгіл аққа иек артатын мал-тегене де жоқ. Балық аулайтын ау-құрал тағы жоқ. Басқа кәсіп таба алмаған соң көктемдегі ала қардың тұсында Кәлен осы өңірдің қалаға балық тасыған кірешілеріне ілесіп, Шалқар шаһарына жол тартып еді, бір жетіден кейін қайтып оралды.

Үсті-басы сары ала батпақ. Сақал, шашы өскен. Қарабұжыр бет қабартып, қабағы түсіп кеткен. Қалада тұратын таныстарынан ау тоқитын аз ғана жіп әкеп, әр үйге бөліп берді. Бұнан кейін де Кәлен қол қусырып отырмай, тағы да талап қып, қасына Райды алып, Түбектегі ауылға тартты. Осы сапарда Рай Есбол атасының бұрасын алып, Кәлен ел ішіндегі көңілдес бір досынан түйе мініп қайтты. Сосын өздеріне қарасты үйлердің іске асар лыпасын жиып алды да, Рай екеуі көрші ауылдың астықшыларына ілесіп Қоңырат асты. Қоңырат сапары қашанда қауіпті. Қалашылар жүретін керуен жолда ұрылар көп деген суық хабар естіліп жататын.

Ақбала Райдың барғанына қарсы болды. «Улап-шулап жатқан бала-шаға жоқ, көппен бірге күнелтерміз» – деп, қайнысын азғырып көріп еді, бірақ Рай көнбей, түс ауа жолға шықты. Қасына Бөбекті ерткен Ақбала қайнысын ауыл сыртына ұзатып салды. Жастар қысылмасын деген Кәлен ілгері озып кеткен қалашының ізіне түсіп, түйесін тайрақтатып желе жөнелді. Тақымына басып алған қара шокпары бар. Қалың тымақ, қалың күпі киген нар тұлғалы ірі кісі жазылы түйе үстінде отырғанда сырт қараған кісіге тіпті айбатты екен. Аздап Ақбаланың жүрегі орнына түскендей болды. Кәлен бір қыр асып,

қарасы ұзап көрінбей кеткесін, көңілі қайта қобалжып тынышсыздана бастады.

Бұрын бұндайы жоқ-ты. Осы жолы бұған бірдеңе көрінді. Кім білсін, алыс жолға бара жатқан әлі жас, әрі жалғыз қайнысын қауіпті жолға қимады ма, әлде, өз басының ертеңі қалай боларын, кәйтерін ойлап алаңжарлы, екіұдай жағдайын уайымдады ма, айырылысар жерде жаулығының шетімен аузын басып үнсіз жылады. Бөбек те жылады. Рай сыр бермеуге тырысып еді, бірақ олар ғана емес, өзінің де көңілі босап бара жатқанын көрді де, жеделдетіп желе жөнелді.

Бұл күндері Ақбала үйге сыймады. Бір өзі жеке қалса болды, өзінің жалғыздығын сезеді. Аңғал-саңғал үйде көңіл бөлетін ештеңе жоқ. Құндақтағы бала күні толмай туғасын ба, тым құрса қыңқылдап жыламайды. Ондайда өліп қалғандай көріп зәресі ұшып кетеді. Жүгіріп барып құндағымен көтеріп алуын алса да, бірақ көзін ашпай сұлқ жатқан шарананы енді қайтерін білмей аңырып отырып қалады.

Еламан ұсталғалы үйден шыққан жоқ. Ана жолғыдан кейін Судыр Ахмет те аяғын баспай қойды. Райдың әжесі болмаса, басқа бір үйге бас сұқпай, күндіз-түні қаңыраған үйде қос тізесін құшақтап, көңілі құлазып отырады да қояды. Дәл осылай жалғыздық қинап, жер бетіне сыймай қойғанда, тым құрыса, жас баланың жылағанын аңсайды.

Қайнысын ауыл сыртына ұзатып, шығарып салғасын өз үйіне өзі беттемей далада біраз жүріп қалды. Үйге келгесін де ішке кірерін де, кірмесін де білмей, есік алдында біраз іркілді. Ақырында өзін еңселегендей боп

кіріп еді, табалдырықтан аттады да, қалшиып тұра қалды. Мына адыра қалғыр үйге кіргесін де аяғын ілгері баспай, есік алдында аңтарылып қалды да, сосын бұрын-соң от басында істемеген әдетін істеп, жолда тұрған ыдыс-аяқтарды теуіп, үйдің ішін әңкі-тәңкі қылды. Күйік көтерген әйел бұған да місе тұтпай, тұла бойын долылық буып қалшылдап көгеріп алды. «О, құдай, көрсетпеген нең қалды? Бәсе... енді не қалды? Әл-де...» Жанары жалындаған көз балық соятын пышаққа түсті. Бұрын басына келмеген сұмдық ойға ниеті ауып, түсі бұзылып тұр еді, дәл қасынан «пыс» еткен дыбыс шықты. Құдды ұйдағы балапан үніндей, құлағы шалған еміс-еміс дыбыстан селк етті. Күнде осы мезгілде емізетін баласы екен. Иманы ұшқаны сонша, жүгіріп барып пеш түбінде жатқан баланы құндағымен көтеріп алды. Иманын ұшырған жаңағы сұмдық буынын әкетті ме, аяқ астынан әлі құрып баратты. Баланы қолынан түсіріп алатындай қорқып, жалма-жан бауырына тартып, қысып ала қойды да, жиылмай жатқан төсектің шетіне отыра кетті. Әлгі бірде өзі тыңқитып ораған құндақ арасынан шала туған нәрестенің бір шөкім беті эзер көрінді. Күнде-күнде осы мезгілде тарының түйіріндей жанары жылтырап, оқта-текте бір пыс етіп ернін қаузап жататын бала бүгін оянбады. Аузына апарған емшекке де селт етпей, ернін жымқырып алды. Сосын Ақбала үш жағы тершіген тәмпіш танауын шымшып еді, бала «пыс» етті де, бетін әрмен бұрып әкетті.

– Әй! Әй, азаматым! – деді де, Ақбала тоқтап қалды. Енді бірдеңе десе, көзіне құйылғалы тұрған жасты күшпен тежеп, біраз отырып барып. – Әй, қасымдағы қарам. Құлыным. Құлыным-ау, – деді демі дірілдеп, – қашанғы ұйқтай бересің? Ояншы! Көзіңді ашшы, құлыным!

Бала бұған да селт етпеді.

– Құдай-ау, не жаздым? Не пиғылымнан таптым?

От жанбаған үй ызғып тұр. Ана көкірегін жарып шыққан жаңағы ыстық сезім тұтана түсті де, оты өшкен ошақтай сәтте суып, жалғыздық зарын тартқан әдеттегі шерлі, налалы халін қайта тапты. Құндақтағы бала қолынан түсіп, тізесінде жатыр. Күн батты ма, жоқ па, белгісіз. Ымырт үйірілген. Құлазыған жайдақ бөлменің бұрыш-бұрышы түксііп, қаракөлеңке жан-жақтан тұтасып келеді. Күндегі тірлік осы. Бұндайда қолы ештеңеге бармайды. Кейде қазан көтермей, қызыл іңірден баласын қасына алып мұздай төсекке қисайып жата кетеді.

Еламан айдалып кеткелі көз жасы құрғамады. Әсіресе, алғашқы күндері қиын соқты. Құлазыған үйде жалғыз жатқанда елегізіп, таң атқанша көз ілмей шыққан күндер болды. Сосын әке-шешені сағалап біржолата көшіп алғысы кеп анасы арқылы сөз салып еді; бірақ, айтқанынан қайтпайтын әке: «Көзім тіріде Еламанның шақырағын құлатпаймын» – деп, бет бақтырмады.

Соқыр шам жалп етті де, сөніп қалды. Жапқышсыз қысқа мойын пештің көмейі гүрілдеп, топсасы босаған жаман есік сықырлап, жел ызғыған тас қараңғы үйдің іші әлдебір қараң-құраң көлеңкеге толып кетті. Құндақты бауырына қысып алған Ақбала тас қараңғы үйдің бұрышына тығылып, дыбыс шығаруға қорқып, дір-дір етіп отырғанда есік сықыр етті. Әлдекім ар жағынан сып беріп ішке кірді. Ақбала шыңғырып жіберді.

– Қорықпа. Бұл мен... Мен ғой.

Сүйдеді де, әлгі кісі аяғын ілгері басып, сырттан әзірлеп келген оттықты шағып жарығын алдына туралады.

– О, Тәң-ір... Тәңірім!..

Ышқынып шыққан бір үзік дауыс сонан ары өрістемей, кілт үзілді. Сүйткенше үрей ұшырған қара түнекті кейін серпіп, түлкі тымақты, қара мұртты жігіт оттық ұстаған қолын ілгері созып ұмтылып келді де, құндақ қолынан түсе жаздап, ес-түссіз, дір-дір етіп тұрған әйелді бас салып құшақтай алды. Екеуін жақындатпай арасында тіреп тұрған әлденені кейін сезді. Жас мырза дереу құшағын жазып, кейін шегіне берді. Әйел қолындағы құндақты алуын алса да, бірақ оны қайтерін білмей, аңырып қалды. Басқа амал таппағасын қараңғы үйдің әрегірек бұрышына апарды да жерге қоя салды. Өлі де есін жия алмай тұрған Ақбаланы құшақтап бауырына тартты. Ақбала сұлқ. Үрей есін алып кеткен. Әй-шәйге қаратпай, баурап әкетіп бара жатқан ыстық құшаққа құлай кетті. Қызусыз, жалынсыз құр сұлде. Жана есі шығып қорыққанда йен дүниеде өзін іздеп тауып, пана болған ыстық құшаққа кірді де, тып-тыныш бола қалды. Тәңірберген де соны қалады. Сорлы әйелдің өзіне-өзі кеп, тынышталғанын күтті де, шашынан иіскеп тұр еді. Ақбала кенет өкіріп жылап жіберді.

Тәңірберген үндемеді. Жұбатқан да жоқ. Құшағында өкірген әйелдің дір-дір еткен денесін тас қып бауырына қысты да, басын шалқалатып сырт жағындағы төсекке жыға берді. Төсекке жыққасын тіпті әй-шәйге қаратпады, осындайдағы өктем қимылға басып, өліп-тіріліп айма-лап, шашынан, маңдайынан сүйді. Келесіде көзінен, тағы да маңдайынан сүйіп, алаулаған ыстық ерні айма-лап жүріп Ақбаланың ернін тапты да, сүліктей қадалып, жабыса қалды. Осыған дейін солығын баса алмай, солқылдап жатқан құр сұлде ерніне ерін тигенде құдды, жас тәнге шоқ түскендей дір етті де, дереу жасын тыйып ала қойды. Өзі де өрттей тұтанып, шап беріп жас мырзаны мойнынан қысып алды. Осы сәттен бастап

жалғыздығы есінен тарс шығып кеткен еді. Адыра қалғыр дүниесі құрғырдан шеккен зәбір-жапа да ұмытылып, тірлік шіркіннің тәттілігін тағы да сезген еді. Жігіт денесіне өз денесімен жабысып, жалаңаш төсіне бетін басты да, нәпсісі құрғырдың қашаннан құлқынын құртып жүрген зәруіне қайта қауышып еді...

Жас мырза енді Ақбаладан шошынды. Балықшылар ерте тұрады. Көзге түспей тұрғанда із-түзін білдірмей кеткісі келсе де, оған бірақ құтырынып алған әйел жібермеді. Мырзаны қайта-қайта аймалап, жалындаған жас денесімен жабысып алды.

Сонан тек таң саз бергенде әрең босанды. Есіктен шыға бергенде маңдайшаға маңдайын ұрып алды. Бірақ, асыққанда оны да елең қылмай, сыртқа атып шықты. Сол бойда дереу бұға қап, ауыл сыртындағы қоңыр төбенің астына қалдырып кеткен атына келді де, аяғын үзеңгіге салып тұрып ауыл жаққа көз тастады. Ол енді асықпады. Мұртын сипап, миығынан масаттана бір мырс етті де, ілгері жүріп кетті.

* * *

Сол күні Ақбала сәске түсте оянды. Былайғы күнде ұйқыдан тұрғанда денесін ауырлап, кейде басы ауырып, түкке зауқы шаппай сүлесоктанатын. Бүгін қалжыраған денені қозғауға ерініп біраз жатты. Тәтті кіреуке тұтқан көзінің алды тұманданып, тас төбедегі шелін алған шыңылтыр қой қарнын тұтқан терезеге тек немқұрайды салғырт көз салғаны болмаса, осы қазір зейін қойып, дендеп қарап жатқан жоқ-ты. Есіне не түскенін қайдам, ол кенет жастықтан басын шұғыл көтеріп алды. Әлденеге аяқ астынан абыржып, айналасын асығыс сипалады. Бірақ, қолына ештеңе ілікпеді. Соған түсінбеген

әйел есіне әлде нені түсіре алмай, қабақ шыта қиналып отырғанда, кенет шұғыл жадырап басын көтеріп алды. Түнде төсектен аулақтатып, тастай қараңғы үйдің бір шетіне құндағымен көтеріп апарып тастаған балаға не бара алмай, не қарай алмай, беті өртеніп, белі бүгіліп отырып қалды. Соның үстіне әкесі келді.

Сүйеу қарт күйеу баласы ұсталғалы қызына жиі катынап жүрген-ді. Бұрын шай, құрт, ірімшік әкелетін. Бұл жолы үйіткен қой етін бұзбай тұтас әкелді. Арқасындағы зілдей ауыр қапты қазандықтың жанына дүрс еткізіп тастай салды да, төрге шықты. Тымағы мен етігін сосын шешті. Көзі қырағы шал жаңа ішке кірер-кірместе қызының төсегінен аулақ шетте жетімсіреп жатқан құндақты көзі шалған еді де, ақ кірпігін ашу-лана қағып, қалт етіп тұра қалған-ды. Төрге шыққасын да қызының ажарына қадалып қарады. Оның бүгін неге көзін көтермей, шай құйғанда да бетін ары бұрып сырттай берген қазіргі түріне түсінбей, аппақ ақ кірпігін лыпылып қағып осқырынып қалды. Бірақ, үндеген жоқ. Шайды да аз ішті. Дастархан жиналысымен түрегелді.

Ақбала қазанға ас салғысы кеп еді, Сүйеу қарт рай бермеді. Есіктен шығып бара жатып үйдің түп жақтағы құндақ жатқан бұрышына бұрылып қарады. Сосын:

– Шешең қуатты. Сәлем айтып жатқан, – деді де, сонан артық тілге келмей шығып кетті.

Қызына келген сайын бір соғып кететін бұл өңірдегі өзінің жақсы бастасы Әлібиге барды. Сүйеу дегенде Әлібидің де шығарда жаны басқа. Әлібидің кемпірі қыстан қалған сүрді қазанға толтыра асты да, сыртқа самауырды ала жүгірді.

– Шайға дейін бесін намазын оқып алайық.

– Не дейді?.. Болып та қалғаны ма?

– Мұнан өтсе қаза жіберіп аламыз.

– Рас шығар. Бесін намазың бір пәле. Көктемдегі сауын малындай, тым мазасыз, – деп Сүйеу түрегелді. Далаға шығып іш дәрет алып келді. Бесін намаздан кейін, бастас екі шал сары бауырсақ, сары ірімшікті ат жал ғып төккен үлкен дастарханды ортаға алып, шайға жаңа отыра берген-ді. Бір жігіт сүріне-қабына кіріп, сыртта Алдаберген софының аттан түсіп жатқанын хабарлады. Әншейінде ауыр қозғалатын Әліби түрегелді. Асыққанда кебісін кие алмай, қалбалақтап сасып:

– Кемпір, тұр. Оттың басын былай қағып-сілкіп... Бол, бол, – деді.

Сүйеу қарт бастасының мына қылығын жақтырмай, кіржің етті де, тұсындағы терезеден сыртқа көз салып еді; үй алдына адам-қара жиналып қапты. Қошеметшіл көптің ішінен Алдаберген софының ірі денесі көзге басқалардан бұрын түсті. Пұшпақ ішіктің екі омырауын ашып тастапты. Қамшы ұстаған қолымен бір бүйірін таянып, көп алдында тұмсығын көтере сөйлеп тұр.

– Паһ, паһ!.. Мына жаманның жер бетіне сыймай тұрғанын-ай! – деді Сүйеу қарт.

Ішке бес-алты кісі кірді. Алдаберген софы төр алдында отырған Сүйеу қартты көрсе де, оны көзіне ілген жоқ. Сүйеу де сұп-сұр, оған жонын тосып теріс қарап бұрылып алды. Жібитін емес. Бұл екеуінің бұрыннан келе жатқан ішараздығын білетін Әліби өз отының басында бір бүлік шығып кете ме деп Сүйеу мен Алдабергеннің алдында қалбалақтап жатыр:

– Жақсы болды. Асқа дегендей келдің.

– Бұл менің мақтап жүретін үйім ғой – деп, софы сұр иісін сезіп, қазан жаққа көңілдене көз тастады. Асқа отырардың алдында әуелі бесін намазын оқып алғысы келген софы сырт киімін шешіп бойын жеңілдеп жатып:

– Қыстыгүні жоғалған екі қара атым табылды. Ұры

алыстан емес, мына өзіміздің қоңсылас көршіміз – Қабаң руынан таптым. Соның дауынан қайтып келе жатқан бетім еді, – деді.

Осы екі аттың жаласын Құдайменде анада Кәленнен көріп, күшпен мойнына қиып салған жағдайды білетін жұрт іштей абыржып қозғалақтап қалды. Соны ішіне түйген Сүйеу қарт та қайымы қашан келеді деп бағып отырған-ды. Әдетте оның жағына пышақ жанығандай құп-қу, боп-боз бетінде атжалданып тұрған қыр мұрнының танауы қусырылып, ақ кірпікті ашумен қағып-қағып қалды. Ашқарақ софы дастархан басына тезірек отырғысы кеп, іш дәреттің ырымын ғана істеді. Асыққанда төс қалтасынан тастамай алып жүретін мәсуегін де ұмытып, аузын құмандағы сумен шая салып еді. Сүйеу соны сөзге ілгіш қып:

– Әй!.. Әй, Алдаберген, – деп шаңқ етті, – әнебір жолы көргенімде аузыңды қазықпен арлы-берлі сұққылап, іш дәреттің де кәдесін қиындатып жіберіп едің. Бұл жолы өйтпедің ғой. Әлде екі қара ат есіңді алды ма? А? А?

Алдаберген софы түк басқан бетін салмақпен бұрды:

– Е, сорлым-ай! Сенің тілің зәр ғой. Бірақ, есіңде болсын, менің қоңым қалың. Шыбын шаққан құрлы көрем бе екен?!

– Ә!.. Ә, дегендей! Доңызға таяқ қана өтеді деген ғой...

Софы түтігіп кетті. Жанжалдан қорыққан Әліби «сендерге не болды, қойсаңдаршы» – деп, басалқы айтып көріп еді, софы өрекип түсті:

– Ей, ақшұнақ шал, абайла! Ақ патшаның кісені жетеді. Күйеу балаңның қол-аяғына салған кісен, шын-дасам, саған да табылады.

– Ә! Ә, зымиян! Түсіндім. Бір ерге бата тиіп, бір ерге кате тиіп жүргені рас. Ал!.. Ал бірақ дүние кезек. Абы-

ралы әулеті, соңыра келдек басы өзіне тигенде... сенің әуселенді сонда көрерміз.

Алдаберген асқа қарамады. Бесін намазын оқыды да, асығыс киініп, жүріп кетті. Сүйеу үнсіз. Әліби тіл қатып көріп еді, оған да қыбыр етпеді. Ақ кірпігін анда-санда бір қағып, тіп-тік боп тура алдына тесіле қарап отырды да, кенет әлденеге оскырына мырс етті:

– Тұтақ!.. Тұтақ, шіркін! Пұшпақ бөркін бір шекесіне оскырта киіп, өзі де маған одырая қарайды. О, жаман!

Әліби бұл жанжалдың арты тегін кетпесін, түбі бір пәлеге ұрындырарын білді де, дастархан жиналғасын да қыбыр етпей, ауыр ойға шөгіп отырып қалды.

* * *

Үй ішіне қара көлеңке үйірілген кешкі зауал шақ; бірақ, әлі бір үй шам жаққан жоқ; қаладан қашық тұратын ауылға бәрі қат, бәрі зәру, кіріптарлық басына күнде түсе берген қазақ әйелдері керосинге дейін үнемдеп, қас қарайғанша шам жақпай, көбіне қазан астында жанған оттың сәулесін жарық қып жүдеу өмірді онан сайын жұтата түседі. Кей үйдің шамы төсек саларда ғана сығыраятын.

Осы бүгін Әліби үйінің шамы жанбады. Бағана ас ішер кезде Бөбек үйден үн-түнсіз шығып кеткен-ді.

– Кемпір, тентегің неге көңілсіз жүр? – деді Әліби.

– Қайдан білейін?..

– Сен бірдеңе деген жоқсың ба?

– Мен не деуші едім?.. Құдайға жазықты болсам та, оған жазығым жоқ.

– Енді неге көңілсіз? Жүзі сынық қой.

– Мен қайтейін? Қолдағы жалғыз бала болғасын қасы-қабағына қарайсың. Қайдам, сорлы ата-ананың көңілі балада болғанда, баланың көңілі басқа жақ...

– Болды! Жетер енді! – деді Бөбек. Даусы қатты шығып кеткенін кейін сезді. Бірақ, ана жақтағы әкешешеден қысылады. Естісе мейлі. Бүгін болмаса, ертең естиді, түбі бәрібір жұртқа жария болатынын білгесін, бір есептен кейінге созбай, қазір, тап осы қазір жұртқа бұның қыз екені жария болғаны жақсы. Жігерге шындап мінген қыз кенет құтырынып кетті. Үстіндегі бозбала киетін киімдерден де осы қазір біржолата құтылғысы келді де, басындағы бөрікті, беліндегі кішкентай әдемі кездік байлаған күміс тоға былғары белбеуді, сол кездегі қала үлгісімен жұтындырып тіккен тік жаға зөгірен бешпетті – бірінен кейін бірін тез-тез шешті де, жытырып бұрышқа лақтырды.

Сосын ертең үстіне не киетінін ойлап, сәл дағдарып қалды да, төсекке бетін басып жата кетті. Жылағысы кеп еді, көзінен жас шықпады. Кеше астыққа кеткен қалашыларды бұл ауылдың қыз-келіншектері біраз жерге ұзатып салған-ды. Сонда қоштасарда Рай бұның құлағына сыбырлап: «Астықтан келгесін үйленеміз. Саған осы жолы қалыңдыққа лайық қос етек ақ бәтес көйлек, өңіріне зер салған қынама бел қамзол әкелем», – деп еді; «Тек аман-есен, тез оралса екен», – деді Бөбек. Рай кеткелі зәре жоқ; мына Ұлықұм басынан Қоңырат, Шымбайға қалашылап кеткен астықшыларды сонау Үстірттің қара жонындағы жапан түзде жол тосқан ұрылар тонапты деген суық хабар бұл жаққа да дүңкілдеп естіліп, зәресі ұшқан жұрттың жүрегі қазір май ішкендей. Қорқыныш-қауіп күшейгелі бал ашушылар, құмалақ тартып жолға қараушылар көбейді. Ес-түс қалмаған жұрт түнде түс көріп, төсектен тұра сала шайсуын ішпестен Судыр Ахмет пен Қарақатынға жүгіреді. Түсін жорытады.

Бөбек бүгін де түс көріп, ұйқыдан шошып оян-

ды. Қай ел, қай жер, қай мекен екені белгісіз, күндіз, не түн екенін де білмейді. Әйтеуір, аңылжыған дала. Тастақ даланы тасырлатып қиқулап қаптай шапқан аттылылар. Бастарында көзіне түсіре басып киген бір-бір қойдың терісінен тіккен қауқиған-қауқиған сеңсең бөрік. Жалақтаған қылыш. Астықшылардың көшіне тиген жол тонаушылардың ішінен қауқиған кара бөрікті, шүңірек көз, қан-сөлсіз бетте рахымның ізі байқалмайтын біреу қолында жүзі жарқылдаған қайқы қылышты қайқайып көтеріп, енді Райды шапқалы кезене бергенде Бөбек шыңғырып жіберді. Шошып ояғанда өз даусын өзі есітті. Аттай тулаған жүрек дүрсілдеп, басын жауып бүркеніп алған көрпе астында сонан қашан таң атқанша төсектен тұрмай дір-дір етіп жатқан-ды.

Сонан бері ұйқтауға қорқады. Бір жолы түн ортасы ауса да салулы төсекке жатпай, мұржалы шамның білтесін жоғары көтеріп, сәулесін самаладай ғып жағып отырған үстіне анасы келді. Бөбек анасын мойнынан құшақтай алды. Сонан ол құшағын жазбай, анасына жабысып отырып: «Түсті қалай жору керек?» – деп сұрап еді; қарт ана қызының өңіне сыр тартқандай, көзін іркіп қарады. Қызының ар жағында ашып айта алмай түйткілденіп тұрған әлдебір қорқынышты аңғарды.

– Қайдам... Біз не білейік? Бұрынғылар «түсінде қорықсаң, өңінде қуанарсың» деуші еді, – деп жұбатпақ болды. Сосын сәл үнсіз отырып, қызына көзін қайта тіктеді: – Немене... сен астықшыларға түс көргеннен сауымысың?

Бөбек үндемеді. Ана мойнынан құшағын жазып түрегеліп кетті.

Биыл көктем кеш шықты; қар бір жауып, бір еріп, жазғытұрғы сілемік күн ел еңсесін көтертпей қойды. Көк жүзіне қайта-қайта бұлт айналып, сүйектен өткен суық жел жұрттың зықын алып тұрған. Бұл өңірдің ауқатты байлары ерте көктемнің осындай жайсыз, мазасыздығына қарамай, асығыс қимылдағандардың алды жайлауға әлдеқашан көшіп кеткен-ді. Малдары күйлі. Киіз үйлері жылы. Ақтүтек үскірік соғып кетсе де ығы мол. Ермазаттары да сайлы. Ал, бірлі-жарым мал ұстаған шаруалардың жөні басқа. Олар өздерінен гөрі қыстан қоңсыз шыққан арық-тұрақ мал жайын көбірек ойлап, көктемнің құбылмалы ауа райының аңысын аңдып, әуелі қай ауыл бастап көшер екен деп біріне-бірі қарайлап отырғанда, ұсақ мал төлдеп қалды. Жылы қорадан шыққысы келмей, сылтау іздеп, бойкүйезденіп отырған алакөбең шаруаға о да етек басар. Енді осыдан қашан жас төлдің қаратабанданып жер басып кеткенін күтеді. Қыстан қалған аз ғана шөп күн сайын аңсирақтанып, сақ тартып барады. Жаңа тебіндеген жас көк ауыз толтырмай, сауын мал ақ үрпіленіп божырап кетті. Теңіз жағалауындағы ауылдарға етек басар болып отырған тағы бір жай – қалашылар. Үшкөнді қоныстанған үш ауыл – Судыр Ахметтің, Пірмән, Шірмән, Әліби ауылы қалашыларға қарайлап әлі қорада отырған-ды.

Осы үш ауыл бүгін үлкен әбігерде. Таң алдында Қоңыраттан астықшылар келді. Судыр Ахметтің құмалағына түскендей, айтары жоқ, ат-көліктері аман. Бөктергілері мол, олжалы. Бәрі де түйе жүгін толтырып, ырғап-жырғап келген. Астықшылардың қуанышты хабары жұрттың аузында. Бірінің аузынан шыққан

алыпқашты әңгімені қалғандары сол сәтте қағып әкетіп, ел асырып, жер асырып әр саққа жүгіртіп, ақырында алыпқашты аңызға айналдырып жатқан кез. Бұрын ел ішінде көзге шыққан сүйелдей ит түрткі боп жүрген әлдекім кеше астыққа бір шығып келді де ауызға ілікті. Бұл күндері бала екеш балалар да қарық. Қолына ұстатқан бір-бір кірендерді қалай жеудің, кімге көрсетіп мақтанудың есебін таппай, үйір-үйір, у-шу боп үй-үйдің арасында шапқылап жүр. Жүгері қуырмай, сөк ақтамай жатқан үй кемде-кем.

Бүгін жар басындағы балықшылар ауылы тіпті қарық. Кәлен мен Рай кісі басына алты-алты қаптан астық әкеп, кіре беріске үйіп тастай сапты. Кәленнің үйі кісіге лық толы. Көбін Кәлен танымаса да, бірақ жүзі сынып, иіні ебіл-себіл мына кісілердің түріне қарап, өздері қалашылап кеткеннен кейін қыста малы жұтқа ұшырап, тігерге тұяқ қалмағасын теңізді сағалап, қырдан көшіп келген келімсектер екенін іші сезіп отыр. Басқалардай емес, бұлар еңбекақы сұрамайды. Ау-құрал бергенге ырза. Сондай босқындар биыл айрықша Ақсақ Жагордың промсолына көп құлапты деп есіткен-ді.

– «Талапты ерге нұр жауар» деген. Енді, міне, бір жылдық азығыңды әкелдің, – деді Дос.

– Айналаң аузын ашып отырғанда, кісі қарны тойып ас іше алады дейсің бе?.. – деді Кәлен.

– Е, несі бар. Әркім тапқанын ішеді. Халықтың басын аяғын түгендеу қай пенденің қолынан келген?!

– Дос аға... жапан түзде жалғыз үй отырғам жоқ, халықтың арасындамын. Өле жегенше, бөле жеймін. Әй, қатын, бар, халықты жи, – деді Кәлен.

Жамал қолындағы барын көршілерімен бөлісіп отыратын қолы ашық әйел еді; ол күйеуінің ниетін түсінді. Ішінен оны құптап, ширақ басып сыртқа көңілденіп

шықты. Дос әлі де болса, Кәленнің сөзіне сенер-сенбесін білмей, екі ойлы, енжар отырған-ды. Жоқ, шынға айналған сыңайын байқағасын:

– Әй, Кәлен, – деді бір кезде, – осы сен ойланбай айтып отырсың-ау. Алты қап астығың бір үйге алты ай азық болса да, көпке шашқанда қай тобырдың аузынан табасың?! Көпті жарылқай алмайсың.

Кәлен Досқа түсі бұзыла қарады:

– Ол ақылың өзіңе. Бір қатын, бір баламды беліме байлап жүріп жұмыс істесем де, тамақ тауып берем.

Дос ләм-мим деп тіл қатпастан, тұрды да шығып кетті. Оның ренжігеніне Кәлен қынжылмады. Қапелімде жақсылық хабар құлағына тиген ауыл адамдары тез жиналды. Кәлен шайдың аяғына карамай, орнынан тез тұрып сыртқа шықты. Екі-үш жігітті қасына шақырып ап:

– Мына астықты бөліп беріңдер, – деп әмір етті де, баласын қолынан жетелеп, жүріп кетті. Беті – ауыл сыртындағы қара мола. Қыстыгүні қайтыс болған баласы осы қорымға жерленген-ді.

Бүгін Райдың үйі де толған кісі. Рай қарт әжесіне Қоңырат базарынан әкелген базарлығын беріп жатыр. Бірақ, қарт әженің базарлықпен ісі болған жоқ. Сүйікті немересін ендігі жерде көзінен екі елі таса қылмасын айтып, қос қолын тас қып ұстап жабысып алды.

Рай әлденеге қосүрей. Астықтан келгелі көңілі орнықпай, үйде аузы-мұрнынан шығалық толы кісілердің ішінен Ақбаланы көре алмай, тақат-сабырын тауысып, тынышсызданып отырды да, ақыры шыдамады.

– Еламан ағамнан не хабар бар?

– Ешқандай хабар жоқ. Жер түбіне айдап әкетті емес пе?..

– Ие, сабаз ер, ақыры ат жетпес, атан жетпес жерге көз асып кетті ғой. Жоқ болды ғой!

– Баласы аман ба?

Есік жақтан Қарақатын күңк ете қалды.

– Сол көрдемше өлетін бе еді?..

– Ақбаланың күй-жайы қалай?

Балықшылар үндемеді, бұл жолы тағы да Қарақатын күңк етті:

– Оның несін сұрай береді?! Алты қап астық әкелген сенен күйлі.

Рай осы үйдегі кісілердің жанағы жеде Қарақатынды беттен қағып, тыйып тастамағанына таң қалып отыр. Соған қарап, Райдың өз көңілінде де күдік оянып, ойы жаманшылыққа ауып бара жатты. Осыдан кейін ол көңілсізденіп, үй ішіндегі әңгімені тыңдамай, кәрі әженің қасында қоңырайып отыр еді.

– Әй, өңшең шуылдақ! Үйлеріңе барыңдар! Баламмен оңаша қалдырыңдар, түге! – деді кәрі әже. Осы ауылдың үлкені болған соң Райдың әжесі балықшыларға өзімсініп, әмір ете сөйлейтін. Және айтқанын істетеді. Балықшылар үн-түнсіз бір-бірлеп тарай бастады. Үй оңашарғасын да кәрі әже бұйығы қалпынан сергімеді. Қос тізесін құшақтап, бір уыс болып отырған қалпынан қозғалмай, тек немересіне жекіп:

– Еңкей! Құлағыңды әкел! – деді. Бөбек жөнінде бірдеңе айтарда, әжесі әрқашан дәл осылай түсін суытып, зілдене тіл қататын әдеті еді. Рай әжесін құшақтай алды.

– Сен неме, не біліп қуандың?

Рай тіл-жағы байланғандай, түк айта алмай, бар болғаны, кәрі әжесін құшырлана қысып, жабыса түсті.

– Әй, жәдігөй, Әй, шірік неме! Әжеңе әншейінде жабыссаң қайда қалдың?! – деп күліп, – сенің әлгі

жүгірмегің кеше де келіп кетті. Маған келеді дейсің бе, сен ғой онын, ынтығатыны. Бәлденіп, зарықтыра бермей, барып қайт! – деді.

Әлібидің қыстауы жақын, үрген иттің даусы естіліп тұратын жер. Сыртқа атып шыққан Рай зырлап құстай ұшып келе жатып, қыстаудың сырт жағына тіккен алты канат боз үйдің алдында тұрған бір топ кісіні көрді. Ортада Алдаберген софы. Үлкен-кіші соның аузына қарап қапты. Соған жыны келген Рай қасақана, алдымен софының қолын алмай, шетінен амандасты. Қиқар жігітке қарт софы да қырыстанып, сырт айнала берді. Ақ боз үйдің бет алдындағы сай бойынан бір тал үкі бұлғаң етті. Соны көзі шалып қалған Рай кілт тоқтай қап бұрылып қарап еді. Қараторы қыз бауырына қысқан кішкентай қошақанға сай бойының жаңа-жаңа тебіндеген жас көгін жұлып беріп отыр екен. Райды о да көрді. Орнынан лып етіп ұшып тұрды. Қос етек көйлектің етегі дүркіреп жүгіріп келіп, жігітті құшақтай алатындай еді, бірақ қыз ұяты сонан артыққа жібермеді ме, құшағындағы қозыны бауырына қысып, құшырлана сүйіп-сүйіп алды.

Сыртта тұрған кісілер қауқылдап, даурыға сөйлеп үйге беттеді. Ішке кірер жерде Рай кісілерге жол берген боп кейіндеп қала берді. Соңғы кісіні ілгері жіберіп, енді өзі кірер жерде сәл іркіліп, есікті жамылып тұрып Бөбекке бас изеді де, ішке кіріп кетті.

* * *

Алдаберген софының қолтығында құс жастық. Қак төрде дөңбектей боп көлбеп жатыр. Шақырақтан түскен көктем шуағына маужырап жатады да, ара-арасында калғып кетеді. Қалашы әңгімесіне құлықсыз. «Ененді... с... жаман балықшылар, бес-алты қап астық әкелдім деп, көйлегіне сыймауын қараш. Қоңырат шаһарын шауып

келгендей, түге» – деп, ішінен боқтап қояды.

Өз аулының астығы әкелулі. Малы бағулы. Осы үйдің қайнап жатқан шайы мен асылып жатқан асын күткеннен басқа алып-жұлып бара жатқан шаруа жоқ. Мал, дүние тізгіні тетелес інісі – Құдайменде мен Тәңірбергенде. Олар тұрғанда ата малының мұрты шағылмасы кәміл. Тек діндар шал екі інісінің Алла тағаланың ырзық-несібесіне шүкірлік етпей, барған сайын ындыны ашылып бара жатқан нысапсыздығынан қорқады. Осы жолы да олар софының қарсы болғанына қарамай, кеше осы өңірдің елі жайлауға көшерде алдағы жылдың қамын айтып ақылдасты. Жыл сайын малына мал қосылып, мыңғырып байып бара жатқан бай ауылды көбіне-көп шабындық жайы қинайтын. Құдаймендеден де гөрі Тәңірберген осы биыл теңіз жағасының шұрайлы шабындығын өздеріне қаратып алғысы кеп жүр. Әсіресе көзін тіккен жер – Қандыөзек. Қоңсы отырған Әліби мен Пірмән, Шірмәннің, Судыр Ахметтің ауылы осы Қандыөзектің екі бетіндегі құрақты талай жылдан бері бөліп шауып келе жатқан. Үш-төрт ауылдың малына аузы-мұрнынан шығатын. Теңіздің бұл бетінде көк құрақтың қаулап шығатын бітік жері де осы еді; тек бір қиыны – суы терең. Қайықпен ормаса, жаяу кісіні барғызбайды.

Тәңірбергеннің ақылын тыңдаған Құдайменде биыл Қандыөзектің құрағын бір өзі дербес шаппақ. Сол ниетпен жағадан көше қоймаған ауылдарға софы ағасын жіберіп, Әліби мен Пірмән, Шірмәнға сәлем жолдады: «Биыл өзектің екі бетінің құрағын мен алайын. Сендер жағалаудағы менің шабындығыма ие болыңдар. Қолында қайығы жоқ кісіге құдай қосқан жер. Суы тайыз, сарықтық. Шөпті шапқан жеріңе суындап үйіп, шөмелелеп жинап кете бересің» – деп, Құдайменде

бұларға қолқа салды. Ондағы ойы – Қандыөзекке табаны бір іліксе, ол жерге бұдан былай да өзі қожа болмақ. Кісі жүзін жыртпайтын Әліби мен момын шаруа Пірмән, Шірмәнда соңырағы күні шаршы топқа түсетін шама жоқ. Егер өтінішін орындамаған күнде де Құдайменде мен Тәңірбергеннің есебі түгел. Ағайынның күні бұрын алдынан өткенін сылтау қып, соңыра пішеншілерін бұлардан бұрынырақ жіберіп, өзектің екі бетіндегі құрақты құлатып тастамақ. Оларда дауласатын дәрмен жоқ.

Алдаберген софы інілерінің бұл ойын кейін ұқты. Болыс інісінен көрі бұның бәрі Тәңірбергеннің ісі екенін іші сезіп: «Әй, сұм! Сұм-ау!» – деп, басын шайқады. Сонан соң ол түстеніп отырған үйдің қазанын ойлап, сыртта ошақ басында күбірлеген әйелдердің сөзіне құлақ тікті. Ас қамымен ішке кіріп-шығып жүрген әйелдерге тұмсығын бұрып, қазандағы астың иісін аңғармақ болады. Бауырсақ иісін анық сезді. Сүр иісі де сезіле ме, қалай?

Ішке Бөбек кірді. Төр алдында мүлгіп жатқан қарт софы басын көтеріп алды. Алдына жайған дастарханды, атжал қып төккен сары бауырсақты көргенде, қарт софы көңілденіп:

– Иә, балам, ләппай – деп, Райға бұрылды. – Сонымен... Сүйтіп сендер Қоңыраттан бері қарай шұбалып шықтыңдар ғой... Кәне, сонан кейінгі жөндеріңді ұқтыршы!

Рай ыссы шайды бір-екі ұрттады. Үй толы кісілердің назары ауғанын байқағасын ба, әлде шай құйып отырған Бөбектің жұртпен бірге бұған қарап иегін тізесіне сүйеп, қыбыр етпей қалғанынан қысылды ма, әйтеуір сөзінен жаңылып қала берді. «Иә, Қоңыраттан шықтық.

Қоңыраттан шыққалы жатқанда... Ие, сонымен біз Қоңыраттан шыққанда...»

– Ау, балам-ау, Қоңыраттан шыға алмай-ақ қойдың ғой...

– Жо-қ, неге, шықтық қой. – Жұрт ду күлді.

– Қоңыраттан біз алдымызды түн қыла шықтық. Кіре басы – Кәлен ағам. Онан бергі жағында да Кәлен ағам үш ауылдың қалашысын өзі бастап отырды.

– Ұры-қары кездеспеді ме?

– Жоқ. Кәлен ағам ылғи түнде, қараңғы жамылып жүрді. Күндіз көзге түспейтін тасаға бекініп...

– Несін айтасың?! Кәлен жауға алдырмайды ғой. Ал, сонан кейінгі әңгіменді айтшы.

– Жер қара қатқақ еді. Қоңыраттан шыққасын Әзберген бағына көлігіміз талмай жетті.

– Қалашыға, сірә, Әзберген бағынан бергі жер ғой қиыны...

– Иә, бергі жол ауыр соқты. Қар әлі айықпаған, кей жер ала қанат. Қайсыбір жерлерде табандап жатқан ерте көктем емес пе?! Біз шың жағалап, сыпыра үстіртпен тартып отырдық. Астымызда семізден қатқан жардай атандар. Несін айтасың, жолға түсіп бір жүріп кеткесін түйе жарықтық бой бермейді ғой. Тек Қасқажол, Қаратамаққа келе бергенде теңіз беттен қатты жел соғып, жапалақтап қар жауып берсін... Сонан табандатып тоғыз күн жауды.

– Құдай сақтаған екен.

Алдаберген үнсіз. Көп ішінен көзін Бөбектен айырмай бағып қапты. Әлібидің осы қызы Ожар Оспанның жарымес баласына атастырулы екенін білетін. Кейін Раймен Бөбектің көңілі жақын деген сыбыс шыға бастағанды. Осында келгелі соның растығын өзі де байқап отыр. «Ризамын. Енеңді с... Қара түндікті Торжымбай көптігіне сеніп, күпсіп жүргенде, мына жігіт жесірін іргесінде жатып, хе-хе-е, реттеп апты». Болыс інісіне

тізгін бермей жүрген Ожар Оспанның осы арада белін бір сындырғандай болды. Райға да ырзалықпен қарады.

– Ал, сонымен қарға не амал істедіңдер? – деді софы.

– Қар бел алып жауа берді. Қиын кезде Кәлен ағам бәрімізге күш берді. Түйелерді шөгеріп, теңді түсіргесін үстіне сайғақ, сырғауыл шаншып, өзімізге баспана істеп алдық. Азық мол. Ық бар. Айылымызды жияйық па?! Қоңырат базарынан алып шыққан етті қарашықтап, тары көже мен жүгері көжені асып түсіре бердік.

– Е, ас ішіп, аяқ босатар болдық де?! Көлікті қайттыңдер?

– Үш ауылдың ортасынан сайланып шыққан сақадай жігіттер емес пе?! Ішімізде мына кірме күйеудей нар жігіттер де бар.

Рай қасында отырған топай ауыз, торсық ұрт жігітті нұқып қойды.

Бұған жұрт ду күлді. Алдаберген софы өзінің сауалын мына жігіттің тағы да қиқарланып күлкіге шаптырып отырғанын ұнатпады. Ол кеудесіне түскен көк шулан сақалды уысына толтырып, төр алдында дөңбектей боп жатқан-ды. Кенет басын көтеріп, Райға мысқылдай қарады.

– Япыр-ау, осы сен бала не деп отырсың? Сол Қоңыратқа баяғы жас кезімізде біз де барған едік... Қостанып керуен тартып, көп түйемен астық әкелгеніміз бар. Сонда көріп едік... Сырт жоны кіл қарабаялыш болатын. Жолсыз жүрісте түйенің табанын сояды. Жайылымға кеміс еді ғой. Түйенің бабын таптық деп жеңістік бермейсің. Өз басыңды білмеймін, ал әкенді көріп едім... Пақыр қызыл сөзді желге шашқан, дуасыз ауыз еді – деп, қарт софы кеудесін көтеріп, кеңк-кеңк күлді.

Райдың қараторы беті ду етті. Софы сөзі Бөбектің де шамына тиіп, шай құйып отырған кеселерді шатыстырып алды.

– Аталас болмасақ та, қоңсы отырған көрші едік. Оның үстіне әкемен тұстас болған соң, сізді бөтен көрмейміз ғой. Әке орнында сыйлау парызымыз... – деді Рай.

– Е-е, адасқан жоқсың. Осы бетің нағыз жау түсіретін жігіттің тәсілі – деп, көңілдес бір жігіт Райды көтермелеген боп отырып, қолтығына дым бүрікті. Алдаберген өзінің ағат кетіп қалғанын ұқты. Мына жігіттің енді аямасын біліп:

– Е, бұл бала сыйлы сөзбен сазайымды тарттыруға қарады – деп, қауқарынан айрылып, жанында жатқан жастыққа жантая кетті.

– Әй, Рай, қарағым, қоя ғой, енді, – деді Әліби.

Бұл Бөбектің жұрт алдына шығып алғаш шай құйғаны еді; Рай мен софының сөз алысып қалған тұсында екеуіне жалтақтап кезек қарап отырғанда, алдына келген кеселерге шай құйылмай иіріліп қалып еді. Сырттан екінші аққұманды демдеп әкелген келіншек қонақтардың көзін ала бере қайын сіңілісін бүйірінен түртіп қалды. Жалт қараған Бөбекке:

– Шайың кесіліп қалыпты ғой, енді демдеп әкелген аққұманнан құярысың, – деп сыбырлады да, сыртқа шығып кетті.

Үйдегі кісілер қалашы әңгімесіне қайта оралды:

– Ал, түйені қайттыңдер?

– Бәсе, соның жөнін ұқтыршы. Шың үстінде қотырқара, баялыштан басқа түйенің тісіне ілінетін не бар дейсің?

– Жок, шың үсті керім от, іріп тұр екен. Несін айтасың, бой алып өскен сарбалақ бұйырғын кілк-кілк етеді. Жүк

тартқан түйе нені шыдатсын, ерні үйіргеннің бәрін шалып оттап отырды.

– Ау, қатты желде қай мал да жайыла алмай, ықтап кете беретін еді ғой, сендер қайтқандар?

– Кәлен ағам бұған да тәсіл тапты. Түйелерді түнемелікке қарай қостың ығына шөгеріп, тізерлетіп тастады. Ал күн шыға бар түйені тізіп алады да, борап жауған қарға бет қояды. Желге қырындамай, тіке тартып кетеді. Сонан ол барып-барып түйелердің бұйдасын мойнына салып, ыққа қарай қоя береді. Шетке шыққанын қайырып, қара беріп отырсаң өзге малдай емес, түйе жануар табан тіреп іркіле жайылады екен.

– Апыр-ай, ә?..

– Рас шығар-ау! Кәленнің көріп-білгені жалғыз осы ма?! Жол жүрген адам ғой, мал сырын білетін. Әйтпесе, кісі қанша мал ұстап, бірер қараның сүті мен қоңына иек артып машықтанғаны болмаса, мал сырын біле бермейтін көрінеді ғой.

Кірме күйеу осындайда сөзге кіріскісі келіп, билігі қыштап отыратын.

– Қазір осы елдің жүн-жұрқасын жиятын кім? – деді ол.

Оның сөзіне жөнді жауап бермейтін жұрт осы жолы да тәлкек қылды:

– Е, оны қайтесің? Қай түйенің жүнін өткізейін деп едің? Әлде өз бойындағы қыл-қыбырыңды күзеп бермексің бе?

– Шын айтам. Мініп келген атанымның мойын шудасын жұлып едім...

– Ендеше қарық бола ғой. Қазір бұл елдің жүн-жұрқасын жиятын Ебейсін.

– Сорлы, орнын жаңа тапқан екен, – деді Рай күліп. Күні кешеге дейін Алдаберген осы өңірдің жүн-

жұрқа, тері-терсегін жинап, жұртты безбеннен жеп зар қақтырған еді. Төр алдында дөңкиіп жатқан софыдан есесін қайтаратын ыңғайдың орайы келгенін білген Рай көңілденіп:

– Апыр-ай, сол Ебейсін бет-аузы көнмен қаптағандай. Өзі де жылы қанға тұмсығын тығып, ел ішін іреп жатуға лайықты еді. Қап, не қыласың, қонысы келісіп кеткен екен, – деп күлді де, үйден шығып кетті.

Күлкіге булыққан қыз кісілерден бетін бұрып сырт айнала берді. Баяғыда Алдаберген ауылға келер еді. Ол келгенде кішкентай қыздар түнімен ұйқы көрмейтін: Бөбек құдайдан түннің қараңғы болғанын тілейтін. Ай туғанша іргесінде жатқан түйелердің мойын шудасы мен балақ жүнін жұлып, бір етек қып Алдабергенге апаратын. Сонда Алдаберген бетінен оты шығып тұрған кішкентай ұялшақ қыздарға: «Ә, балам, кел! Бері кел! Тек жүнің аз екен, өлшеуге толмайды» – деп, етегіндегі жүнді шеңгелімен бүріп, қанар қаптың түбіне зытырып жіберер еді де, сосын бұлардың қолына бес-алты түйір өрік салатын. Бөбек қанша жасырғанмен келесі күні анасы оның ұрлығын біліп қап: «Түйенің бар жүнін жұлып алыпсың ғой», – деп ұрсатын еді.

Күлкіге булыққан Бөбек кесе-аяқты шаққа жиды.

* * *

Астықшылар келердің алдында аз ғана бұрын ел ішіне «Еламан өліпті» деген жаманат хабар тараған-ды. Өз ажалынан өлмеген, Жаманқалаға айдап апара жатқан жолда қашпақ болғанда солдаттар атып тастапты. Қарт әжеден қанша жасырса да, бәрібір білетін сияқты. Астықтан келгесін, бір жолы Рай шам жақпаған қоңыр кеугім үйге кіріп еді. Қарт әже Еламанның атын атап,

көй-көйлеп (әлде, гөй-гөй) күңіреніп отыр екен.

– Еламан есіме түсті. Қандай қарағым еді? Жұрт не демейді, бірақ өз көңілім жамандыққа қимайды.

Райға бәрінен бұрын Ақбаланың азары жанына батты. Астыққа жүрерде көрер көзге азып-тозып кеткен жеңгесін ана жақта бір айдай жол жүріп, қайтып келгенде танымай қалды. Жұп-жұмыр әдемі аппақ иек астына кәдімгідей болар-болмас бұғақ білініпті. Басқа да бар мүшесі балғын тартып, баяғы бақытты кездегі ажарын қайта тауыпты. Келіншектің қазіргі түрінде көзі түскен кісіні ықтияр-еркіне қоймай қандай да бір сиқырымен арбайтын ажар пайда болған. Рай да кездескенде көз тоқтатып қараса күнәкар болатындай, назарын алып қаша берді. Сөйлескісі кеп қанша оқталды, бірақ соның бәрінде де кісіге сөзін жібермейтін әйел: «Сүйікті қайным-ау, осы сен не деп тұрсың? Қай жігітті қойнымнан ұстап алып едің?» – десе, не дейді.

Бұрынғыдай емес, қазір Рай сирек қатынайтын боп жүрген-ді. Бір күні «Жас мырза ел жата келеді екен» деген сыбыс шықты. Рай жүгіріп Кәленге барды. Қолы боста қарап отырмай, әр нәрсені бір істейтін ұсынақты Кәлен астықтан келгелі әйеліне етік тігіп жатқан-ды.

– Кәлен аға! – деді Рай, – Ақбала ардан безді.

Кәлен етігін тіге берді.

– Басқасын қайтейін, Тәңірберген сұм түнде келіп жүретін көрінеді...

Кәлен етікті ірге жаққа тастай салды да, Райға бұрылды:

– Қой, өтірік болар?..

– Рас, Кәлен аға.

– Өз көзіңмен көрдің бе?

– Жоқ, бірақ көрген кісі бар. Таң алдында Ақбаланың үйінен шығып бара жатқанын Қарақатын көріпті.

– Жә, кете бер! – деді Кәлен.

* * *

Қыс бойы иттері үріп, адам-қаралары улап-шулап жататын теңіз жағалауындағы малды-жанды ауыл бұл өңірден алдақашан әлдеқашан көшіп кеткен. Ақбауыр жақ жым-жырт. Көп ауыл Қоңыраттан астықшылар келгесін үйлерін жығып, асығыс жөнөп кеткен-ді. Қазір теңіз жағасында балықшылар аулы мен Әлібиге қарасты бес-алты үй ғана. Және ой жақтағы қыстаулардың бірінде төбесі шошайып Судыр Ахмет отыр. Жылдағы әдетіне бағып, ол биыл да ерте дүрліккен-ді. Оның өз отының басына салған әбігері энебір тұста қоңсы отырған көрші ауылдарға да мазасыздық әкелген еді. Құдайменденің бәйбішесі ертеңгі шай үстінде:

– Ау, осы сен не ойлап жүрсің? Көші-қон жөнін ауызға алмай кеттің ғой. Мына Судырақтың аулы көшкелі жатқан көрінеді – деп, күйеуіне құлаққағыс қылып еді, Құдайменде кесесін қоя сап, қарқ-қарқ күлді де: («де» қосылса)

– Ой, қатын-ай, сен не біле-туң?! Судыр Ахметтің жайын менен сұра. Кәпірдің нағашысы мына Кішіқұм бойындағы Бестоқал Бақай, Шақай деген ағайынды екі мазасыз еді. Бұл Судырақ та жылда елден бұрын дүрлігіп, ақыры өзі бар елдің соңында бақырауық інгенімен жалғыз үй қала-туң, – деген-ді.

Құдайменденің айтқаны шынға соқты. Қазір Судыр Ахмет бүкіл бір ауылдың жұртында жалғыз үй төбесі шошайып отыр. Ол кеше де жатарда қатынына ертең ертелете көшеміз, буынып-түйініп әзір отыр деп әмір беріп еді. Ертеңінде сәскеде бір-ақ оянды. Онда да әйелі бас жағында байғыздай қақсап отырып алған соң, Судыр Ахмет көзін уқалап жіберіп, күзен бел ұзын денесімен со-

зылып, сыртқа терезеден көз салды. Сосын әйеліне тап берді:

– Тал түс қой! Шекең күнсіп, бұрымың сірке-сірке боп тал түске дейін жатқансың ғой?..

– Оятқанда тұрдың ба?..

– Ана қарашы, сөзінің сиқын қарашы. Әйел болып, бір күн ерте тұрсаң қайтеді? Енді, осы ыссыда жалғыз түйені қан сорпа ғып, көшпек пе ақылың? Өшір үнінді! Өй, ақымақ. Өй, иттің асыраған төлі!

Мұндайда бетіне келген – шамы. Бетіне келген кісіге Судыр Ахмет дедектеп жетіп барады. Жеп жіберетіндей, ұзын мойнын өршелене созып, шықшытындағы күре тамырлар білеудей көгеріп, бастырмалатып үсті-үстіне сөйлеп кететін-ді. Әйелі үндемеді. Судыр Ахмет бел ала берді:

– Мен көшелік дегелі қашан?! Осылай боларын біліп, саған... сен келеңсізге орта тоқсаннан қақсадым ғой. Ау, қатын-ау, «Көшейік! Көшейік!» – деп, құлағыңа құюмен келдім ғой.

– Көшелік десең... мен бе сені көшірмеген?

Судыр Ахмет бұған дем арасында дерек таба алмай, қатынына қамшы ала жүгірді. Асылы, көші-қон жөнінде кінәласқысы келмейді. Кінәласса өзіне қиын соғарын біледі. «Көшелік» деп үй ішін ерте бастан әбігерге салып қойып, тап көшер жерде атына мініп, ел аралап кетті. «Амандық болса, бір-екі күнде оралам. Мына Көлқора табанындағы ауылдардан көшкенде жүк артатын бір-екі түйенің майын сұрап әкелем. Қатын, сен үй-ішін буып-түйіп, бұйданды есіп, жазыңды жамап әзір отыр», – деп кеткен-ді. Ол бірақ сол кеткеннен мол кетті. Көлқора табанындағы Рамберді ауылы мен Жылқыбай ауылын өз қолынан көшірісіп ұзатып салды. Онан жолшыбай қонған, түстенген үйлеріне бай ауылдардың

малдары ығы-жығы боп қара құрттай қаптап, жайлауға қарай ұбап-шұбап көшкенін аузынан суы құрып, жырғып айтып отырды. Сөйтіп жүріп жылы көктемнің қалай келгенін білмей қалды. Бойға жұққаны жоқ, не жетекке алғаны жоқ, жаман тұғырын жалынан қақпалап, жағада жалғыз үй қалған қатын-балаға жетті. Әйелі жалғыз түйемен жүкті жеңілдеп көшкенді қалап еді, оған Судыр Ахмет көнбеді:

– Ау!.. Ау, қатын-ау! Күл шыққан адамдай жалғыз үй көшкен ырымға жаман-ды. Жоқ, қатын, кісі-қара керек! Мына арадағы Пірмән, Шірмән аулына барып келейін.

Пірмән, Шірмән аулы ертең таң біліне көшетін боп, үйлерін жығып, дүние-мүлкін теңдеп отыр екен. Судыр Ахмет олармен бірге көшпек боп уәделесіп қайтты. Жүрісі жаман торы ат жол бойы қайта-қайта құмалақ тастап, сиыр бүлкілге салып жұлынын үзе жаздады. Судыр Ахмет ызаланып, торы атты түтіп жердей боп: «Осыдан Хан жайлауға көшіп алған соң, сен арам қатқырдың көзіңді құртпасам ба» – деп, кәріне мініп келе жатқанды. Кенет көз қиығы бір бұру қалып бара жатқан балықшылар аулына түсті. Онан жар басында жарбиған жерқазбалардың мұржасынан будақ-будақ шыққан түтінге көзі түсті. «Құдай біледі, осы үй, дәу де болса, балық асып жатыр» – деп, шілқұйрық сақалының ұшын тістеп ойланып қалды. Көші-қон жайы ойында тұрса да, былқып піскен жас балыққа аңсары ауып кетті де, сол жолы Қарақатынның үйіне түсіп еді. Ақкемпірмен араз. Доспен де онша емес. Сондықтан бұл үйге келсе, көбіне Қарақатынмен шүйіркелесетін. Осы жолы да ол Қарақатынға қарап сұңқылдап отырып, түннің бір уақыты болғанын байқамай қалған-ды. Сыртқа шығып жүлдыздарға қарағасын ғана санын соқты:

– Алда, құдай-ай. Таң атып қапты-ау!

Судыр Ахмет қалбалақтап асыға басып атына барды. Шылбырдың ұшын беліне қыстырып, ат арқасына қонғалы бір аяғын үзеңгіге енді сала берді де, «ау!» – деп оқыс ойланып қалды. «Ау!.. Жеті қараңғы түнде қайда барам? Онан да ертең елең-алаңда кетсем... О, тәйірі, атты кісі көзді ашып-жұмғанша жетіп бармай ма?!» – деп ойлап, үзеңгіден аяғын алды. Ертең елең-алаңда жүретін болғасын шешінбей, Қарақатын салған төсекке киімшең бойымен қисая кетті. Қақпа шекпенмен басын тұйықтап бүркеп алып, үнсіз жатқан-ды. Бір кезде жылан шаққандай, шекпенін аяқ жаққа қарай серпіп тастап, атып түрегелді.

– Ойбай... ойбай, жарып кетті!.. Жарып кетті!

Шырт ұйқыда жатқан үй шошып оянды. Дос басын жастықтан үрейлене көтерді:

– Аха, не болды?

– Не дерің бар ма?! Қандала... Өзі де тайдай екен! Міне, алақанымда тулап жатыр.

Ақкемпір іргеге қарай аударылып жатты. «Заңғардың тынышсызы-ай! Пайғамбар жасында болып тұрғаны мынау, бала кезінде қандай болды екен? Анасы сорлы ошаққа түсіріп, отқа күйдіріп алмай, қалай өсірді екен десейші?!»

Осыдан кейін де Судыр Ахмет ұйқтай алмай, жыбыршып болды. «Ертең көшкенде қиын. Көрші ауылдың қызын оятып, өрелі таңды көзінен атырған жігіттей... ат үстінде басым бұлғаңдап кесір қылады-ау», – деп ойлады. Осы ойы өзіне де қызық көрініп, шекпен астында бүркеніп жатып шиқ-шиқ күлді. Осыдан таң алдында ғана көзі ілінді. Аңшылар сияқты балықшылар да ерте тұратын. Достың үйі тіпті ерте тұрды. Судыр Ахмет те ұйқысы қанбай, терісі тарылып, қытымырланып түрегелді. Оның үстіне түнде байқамай аты құрғырға

тұсауды кең салыпты. Торы ат ұзап кетіп, түске тарта тапты. Ертеңгі салқынмен көшкен Пірмән, Шірмән ауылы бұл кезде, сөз жоқ, Үйобаның, не Сырғақтының деңгейінде кетіп бара жатқан болу керек...

Судыр Ахмет кімге ұрынарын білмей, бойын ашу кернеп келсе, әншейінде ісі өнбей, шұлғауына сүрініп жүретін әйелі үй ішін көшуге әзірлеп, жалғыз інгенді есік алдына шөгеріп қойған екен.

– Өй, әтеңе нәлет! Өй, ернің аққа тимегірі! Мал көрмеген көргенсіз! – деді Судыр Ахмет. Аузынан сөз шыққан сайын иегінің ұшындағы шілқұйрық сақал шошаңдап, шоршып тұр. – Былқылдап боталайын деп тұрған інгенді тал түске дейін матап тастағаны несі? Әй... әй, ол қай қылығың, ә?

– Маған қайт дейсің?.. Көшеміз деп дүрліктірген...

– Ана қараш! Тілі сала құлаш!.. Көшеміз дегенде, саған... сен көргенсізге буаз түйені тал түске дейін матап таста деп пе едім? Кәне, айтшы? Қашан сүй деп едім?

Судыр Ахмет ішке кірді. Қатын-баланың қай жерінен мін табам деп, өңін бермей келген-ді. Алдынан шыққан екі-үш баласына да жүзі жылымады. Көзіне түсіріп киген киіз қалпақ астынан үй ішіне ызғарлана көз тастап, табалдырықтан аттай берді де, есік алдында қалтиып тұра қалды. Көшуге әзірленіп отырған үй іші астаңкестең. Төсек-орындарды артып жүре беретіндей, теңтең ғып буып-түйіп қойған екен. Судыр Ахмет жүктің әрқайсысын бір теуіп, ыдыс-аяқтарды сындырып, үй-ішін опан-топан қылды. Онан босағаға жабысып тұрған қатыны мен балаларын бөріктіре сабап, тыныш отырған үйді көзді ашып-жұмғанша у-шу қылды да, жөн-жосығын айтпастан атына мініп тартып кетті.

Әліби зәті жуас. Үй ішіне де қыры жоқ. Биыл қызы мен кемпірінің дегенінен шыға алмай, осы ыссыда маса-сонаға таланып жағада отырып қалғаны жанына батады. Сыртына шығарып айтпаса да ішінен ренжулі. Көршілерге де қатынамады. Күнде қызыл іңірден жата-тын. Бүгін де таң намаздан кейін көзін ілмей ояу жатса да, ертеңгі асқа тұрмай, басын көрпемен бүркеп алғанды. Кемпірі сырттан сүріне-қабына кірді:

– Әй, тұр!.. Тұр!..

Әліби қозғалмады. Кемпір жұлқылай бастады.

– Тұр!.. Тұр деймін, ойбай!

– Не? Не боп қалды?

Әліби күңкілдеп іргеге қарай аударыла берді де, осы арада кемпіріне көзі түсіп шошып, басын көтеріп алды.

– Жай ма?

– Тұр, ойбай. Қыр жақтан дүбір шығады...

– Дү-бір?

– Иә, дүбір...

Әліби көйлекшең, дамбалшаң бойымен сыртқа ұмтылды. Есіктен шығар жерде сүрініп кетті. Үй сыртына кісі-қара жиналып қалған екен. Бәрі де түс жоқ, өң жоқ. Әліби жалтақтап әркімге бір қарады. Құлағы шулап, қол-аяғы қалтырап барады.

– Түрі жаман екен. Тегін болмас. Түрікпендер... апырай, солар емес пе екен?..

– Жап... жап аузыңды!

– Кемпір... әй, кемпір... Тентек қайда? Оны көзден тасалай тұр.

– Иә, иә, сүйтейін... Бө-бек... Бөбекжан!

Дәл осы кезде ауыл сыртындағы жасыл белге жи-

ырма-отыз атты шауып шықты. Әліби тілін кәлимаға келтірді. Түрікпен шапқыншыларын талай көрген. Олар басына қара елтіріден қауғадай құрайыш киетін. Ал, мыналар... Апыр-ау, бұлар кім болды екен? Бәрі де басын ақ шыт орамалмен шарт байлап апты. Қолдарында сойыл. Шоқпар. Сыртта үрпиісіп ұрған кісілерді көрсе де, әдеп сақтап ат басын тартпады. Бейбіт ауылдың итін шулатып, төбеңді тесетіндей тасырлатып шауып келді. Сәлем-сауқат жоқ, үй алдында үрпиісіп тұрған кісілерді баса жаздап, аттарын омыраулата тоқтады.

Жиырма-отыз жігітті бастап келген қаба сақал, қара шоқпарын сығымдап ұстап тебініп қалды да, бүйірін соғып ентігіп тұрған аттың тұмсығын Әлібидің кеудесіне тірей бере тоқтады:

– Бізді таныдың ба?

Әліби жігітке назарын көтеріп қарай алмай, көзін төмен салып тұрған. Кеудесіне тіреген ат тұмсығы да о жар ауылдың жігіттері әкелген озбырлық сияқты. Қара тер қып шауып келген аттың қос танауынан шыққан ыстық дем шал денесін түршіктіріп барады.

– Ұмытайын деген екенсің. Танымадың-ау деймін? – деді қаба сақал.

– Таныдым ғой... Танып тұрмын, қарағым. Құда, құдағи қалай? Дені-қарны сау ма?

– Дені-қарныңды қой. Әуелі мынаны айт: сенің қызың, біздің болашақ келініміз, қайдағы бір қара борбай балықшымен ашына дейді...

Әліби аузына сөз түспей, еріндері дірілдеп кетті.

– Шырақтарым-ау, тым құрыса шашымның ағын аясаңдар нетті?! Бәрің де ұл өсіріп, қыз асырап отырсыңдар ғой...

– Біздің қызымыз жаман балықшымен жүрмейді.

Жігіттер қарқ-қарқ күлді. Әп-сәтте Әлібидің жанына

ауылдастар жиналып қалған еді; олар момын шалға ара түспек болғанда, қаба сақал тірі жанға бет бақтырмай, аузын ашқанды қақ басқа тартып қап тұр. Қаба сақал атын кимелетіп, Әлібиге қайта шүйлікті:

– Бізді құдаң жіберді. Жанжал керек болмаса, дереу жайлауға көшсін деді. Жаңа жұртта, жақсы тілеу үстінде екі жастың тойын жасап, некесін қиямыз деді. Көнсең осы. Көнбесең, онда өз обалың өзіңе. Онда мыналар... – деп, анталап тұрған әпербақан жігіттерді көрсетті: – Қызды күшпен әкетеміз.

Әлібиге қараған бес-алты үй сол күні лаң тигендей әпсәтте үйін жығып, қырға бет қойғанша Ожар Оспанның әпербақан жігіттері кетпей, анталап тұрып алды. Олар Бөбектің де аяғын қия бастырмады. Керек десе, Әлиза апасымен қоштасып қайтуға рұқсат етпеді.

Қас қылғанда сол күні балықшылар аулынан бір жан қатынамай қойған-ды. Әлібиге қараған аз ғана ауыл араға екі қонып, үшінші күні Жаман Боташтың етегіндегі кең алқапқа ілікті.

– Құдама сәлем айтыңдар. Антты аттап, батаны бұзайын деп жүрген мен жоқ. Рас, бетіне қарап отырған жалғыз бала болғасын ел қызынан ерекшелеу өсірдік. Балаға деген ата-ана көңілі белгілі ғой. Өзімізге салса, әлі бес жасар бала сияқты... – дей беріп еді.

Құда аулының бір жігіті күліп жіберді. Көкірегі көпті танығанмен кісіге қыры жоқ, момын жан тағы да жер боп қалды. Көзінде мөлтілдеген жасты анталап тұрған әпербақан жігіттерге көрсеткісі келмей, төмен қарап, жер шұқылап отыр.

– Біз жүреміз. Ал, құдаңа не дейсің?

– Сәлем айт! Бір жетіден кейін тойын жасаймыз. Өзім той қамымен болам ғой. Қыздың сырын кім білген?..

Күйеу баланы жіберсін. Ендігі жерде жесірін өздері көзінен таса қылмасын.

Әліби бір жанның бетіне қарамай, көзін төмен салған күйі үстіндегі түйе жүн шапанның етегі жер сызып, ауыл сыртына бет түзеп ақырын ұзай берді.

Осы күннен бастап Әліби үйіне жуымай, жатарда да көршілеріне қонып жүрді. Оған, айрықша, Бөбекті көру қиын. Көңілшек шал қит етсе қызымен косыла жылайтындай қорқады. Ол Ожар Оспанның бұл қылығына қайран. Күні кешеге дейін үн-түнсіз жүріп кеп, бұлайша аяқ астынан тулағанына түсінбеп еді, себебін кейін білді. Пәле Алдаберген софыдан шығыпты. Анада шабындық жайымен теңіз жағасына келгенде, ішінен Райға қаны қарайып кеткен екен. Сол жолы үйіне бара сала алтыжеті ауылдасын шақырып апты. «Тәйірі, Ожар Оспанда көз бар ма?! Ана жақта жаман балықшы жесіріне іргеден қол салып, хе-хе, қызығын көріп жатқан көрінеді. Биыл Әлібидің жайлауға көшпей отырғаны да содан екен» – деп, сол отырыста оқшау өсекті ел ішінің сыбыр-жыбырын баққан сумақайлардың құлағына құйып жіберген екен. Бұл әңгіме кара түндікті Торжымбайға бір күнде тарапты. Бұндайда рас-өтіріктің шындығына жететін Ожар Оспан ба, әлгі әңгімені ести салысымен, ол өзіне қараған ауылдардың ұр да жық есерлерін жиып алыпты да, дереу құдасына шаптырыпты. «Дәм-тұзым атсын», – деді Әліби Алдаберген софыға ренжіп.

Сол күні қосшы-қолаңын ертіп күйеу келді. Ата жолын қуып ұрын келген сапары болса да, әдеп сақтап жатпады. Оқыс жігіт бұл ауылға өзімен бірге ожар әке мінезін ала келген еді. Үлкен-кіші деп жатқан жоқ, кісі-қара арасында келіспеген бірдеңелерді түйеден түскендей дүңк еткізіп айтып салып, оған өзгеден бұрын өзі мәз болып қарқ-қарқ күлетін, қыли көз, құж қара

жігіт. Қайын жұртын өзінің алдында кінәлідей сезді ме, келген бетте бұларды қырып жібере жаздады. Қаһарын ала бөле қалындығына төгіп, өзі тоқтаған үйдің дәл жанына тіккен отауға қамап қойды. Қыздың аяғын қия бастырмай, күндіз-түн көз алдында ұстады. Бөбек үйден шықса, ере шығады. Ең арысы, жеңгелері тілдесе де, оқыс жігіт қасында қаракшыдай бағып тұрғаны. Той үстінде де екі көзін қалындығынан айырмай, әр қимылын андумен болған-ды. Осыдан той өтіп, үйге кіргізіп алғасын көңілі көншірін біледі; салт бойынша бүгін той тарасымен екі жас оңаша үйде қалатын күн. Отау үйде екі жастың төсектері әлден салулы тұрғанын қасындағы қосшы жігіттер бұған күні бұрын хабарлап кеткен-ді. Сонан бері дегбірі қалмады. Той тарқай қоймай, ойынсауық неғұрлым ұзаған сайын, ол соғұрлым ыза болып, жастарды боқтады: «Ененді с... Ой, өңшең жәркелеш, желөкпе!...»

Жастардың жуық арада тарайтын ойы жоқ. Әнші қыз, домбырашы жігіттер кезек-кезек өлең айтып, домбыра тартып, алты қанат үйде асыр салып жатты. Ойынсауықтың қызған тұсында төрде отырған Бөбек орнынан тұрды. Оның тысқа шығатын ыңғайын байқағасын үш-төрт қыз шашбауы шылдырап өре түрегеліп еді, Бөбек:

– Отыра беріндер. Жезделерің күзетші болуға жарап тұр, – деді. Айтса да, күйеу жігіт есікке қыздан көрі гөрі бұрынырақ барып қалған еді. Тысқа оның соңын ала шыққан Бөбек есіктен дәл шығар жерде күні бұрын босағаға сүйеп қойған темір мосыны білдірмей қолтығына қыса кетті. Аспан ала бұлт екен; төбеден ауып бара жатқан толық ай бұлт тасасын қорғалап, ұзақ уақыт көрінбей қойды. Бірақ той боп жатқан ауылдың бар тынысы Жаман Боташтың кең жазығынан анық сезіледі. Ошақ

басында табақ көтерген жігіттер, шаңқылдаған әйелдер қараңдайды. Бөбек соларды сезді ме, жоқ па, белгісіз, артында андушы болғасын аяғын әдейі асықпай, сабырмен басып ауыл сыртына қарай ұзай берді. Үйден шыққалы артына бұрылып қарамаса да, ізін өкшелей басқан оқыс жігітті шөптің сытыры мен аяқ дыбысынан анық естіп келе жатқан-ды, кенет қалт тоқтады.

– Әй, малғұн!.. Боқ жейтін ит емессің ғой. Қалатын кезің болды ғой.

Күйеу қанша жетесіз болса да, осы жолы өз ісінің шынында оғаш болғанын сезді де, төбеге ұрғандай тұрып қалды. Күдік туғызғысы келмеген қыз онша ұзаған жоқ; анадай жерге барды да, шапанын басына бүркеп, бір түп шидің ығына бой тасалай отырды. Жігіт қыздан көз жазбады. Сүт пісірімнен асты, бұл әлі тырп етпей, табанынан сарсылып тұр. «Әкеңнің көрі... Немене арқан т... жатыр ма?» Бір орында сарсылып тұра-тұра, әрі-берідесін аяғы талды. Шыдамы да таусылып барады. Бірақ дыбыс беруге дәті бармай, онсыз да ызадан жарыла жаздап тұрғанда ауыл жақтан бұны іздеген кісілердің даусы шықты. Кідірмей бір топ жігіт жүгіріп келді.

– Ау, не болды? Неғып тұрсың?

– Жеңгеміз қайда?

– Жеңгең бар болсын!

– Е, неге түңілдің? Не болды?

– Не болсын... Отыр ғой, эне!

Жігіттер ши түбінде қарайған бірдеңені көріп, бірін-бірі шымшылап мырс-мырс күле бастады.

– Атаңның басына күлесіндер ме? Ой, өңшең дуылдақ! Өңкей жәркелеш! – деп, Ожырай оларға зекіріп тыйып тастады, – қалай, ана жақтарыңда дырду бітетін бе?

Шеткерек тұрған жігіт қасындағыға күңк етті: «Сорлы, қайтсін?! Қалыңдығы қолына тимей, өліп-ақ тұр

екен». Ет пен қымызға тойып есіріп алған жігіттер бір есептен көңіл ашар ермек табылғанға мәз. Есерлеу бірі бұта түбінде қарайғанға ай-шай жоқ жетіп баратындай ұмтылып жүре түсті де, кілт тоқтады. «Жеңеше! Әй! Әй!» – деп дауыстап еді, бірақ жауап болмады. Ожырайдың қасына қосшы қып ертіп жүрген мына жігіттердің бәрі де оған еліктеп шетінен боқтампаз, ожар, сотқар болатын. Күні ертең өздеріне жеңге болғалы тұрған мына қыздың бұлар көк желкесіне тақап кеп әрі-бері дыбыс берсе де, бірақ қызы құрғырдың үндемей қойғанына әуелі таңданып бір-біріне қарады. Сосын ызаланып: «Өй, әкеңнің көрі...» деп ожырайшылап боқтады да, ши түбінде отырған қызға сырт жағынан төніп келді де: «Әй, жеңеше! Жеңеше!...» деп тағы да дыбыс беріп еді, бірақ қыз бұл жолы да қозғалмады. Сосын есерлеу біреу:

– Жеңеміз ғой, несіне ұяламыз?! – деп күлді де, басына бүркеншік жамылған қызға жетіп барды. Сырт жағынан төніп, мойнын созып қарады.

– Мәссаған-н!.. Өй, әкеңнің көрі... Әй, әй, бері келіңдер! Бері, бері келіңдер!

Кейінде тұрған Ожырай қасындағы жігіттермен бірге жүгіріп келе бергенде, әлгі әумесер жігіт мосыға жапқан қыз қамзолын сыпырып алып лақтырып жіберді. Сүйтсе, манадан бері бұлардың сыртынан торуылдап тұрғандары қыз емес, үш аяқты темір мосы боп шықты. Қыз мосыны аласалау ғып құрып, үстіне мақпал қамзолын бүркепті де, өзі қараңғыны жамылып тайып тұрыпты.

* * *

Бөбек қанша жүгіргенін білген жоқ-ты. Жолында ұшырасқан қарайғанның бәрінен қорқып, бұға-бұға өзінде де зәре қалмады. Бағана күн батар алдында ауыл сыртында жайылып жүрген бір топ аттарды байқағаны

бар-ды. Шамасы, құдалардікі болу керек, ерін алмай шылбырдың бір шетімен тұсап жіберген үш аттың үстінен шықты. Екі күннен бері мүшеге шауып, борбайын созып тастаған аттар терін әлі баспапты.

Бөбек қолына түскен атқа міне сала шапты. Сонан қан сорпасы шыққан ат таң алдындағы қоңыр салқын қарсы алдынан қос қолтығы мен омырауына соғып, кішкене көтеріле түсті де, сәлден соң аяғын ала алмай тапырақтай бастады. Бұл кезде жазғы таң да жақын қалған-ды. Сәлден соң шығыс жақтан күн шапағы кәдімгідей саз беріп, сары қабақтана бастап еді. Ат басын бірден Бел-Аранға туралаған қыз балықшылар аулына қалай да қуғыншылардан бұрын жеткісі келді де, қан сорпасы шыққан атты үсті-үстіне тепкілеп, бірде шоқытып, бірде сыдырып келеді. Шығыс жақ алаулап қызара бастағанда, қыз тақырға тұрған қаққа килікті. Айналып өтсе уақыт өтетін болғасын толарсақтан келетін шалшық суды тақымы астында аяғын тәлтіректеп басқан атпен шалпылдатып кешіп өтті. Әуелі ат шашасынан келген қақ суы ілгері барған сайын қайсыбір жерлерде тереңдеп, аттың бауырын шайып отырды. Енді тереңдейді-ау дегенде, қақ су қайтадан тайыздап, тағы да ат шашасынан кеп, шалпылдатып кешіп келеді. Кейде ат тұяғы су астындағы тасқа тиіп, шақылдап кетеді. Бөбек бір сәт ат үстінен еңкейіп, шалпылдаған су мен шақылдаған тасқа құлақ тіге түсті де, қуғыншы есіне түсіп асыға бастады.

Ат алқынып қалды. Бөбек атты «шу-шулеп!», артына қайта-қайта жалтақтап қараумен келеді. Кейінгі жақтан әзір шаң көрінбеді. Түндегі ала бұлттың қазір етегі ыдырап, аспан шайдай ашылды. Жаз шыққалы мал жайылмаған жағалаудың реңі тіпті жақсы екен. Көз жеткен жердің түгі түлеп, әсіресе, күн шапағы түскен шөп басындағы сіркедей шықтар жылт-жылт етеді. Ілгері

жүрген сайын жан-жағынан ақырған ащы жусан иісі аңқып, басы айналды ма, тақымы босаңсып бара жатқан сияқтанды. Дәл сол сәтте бұта түбінде қонақтаған бозторғай аттың аяғының астынан пыр етіп, жоғарыға шырқай көтерілді. Бөбек бойын жиып алды. Тас төбеде қыбыр етпей тұрып алған торғай емес, бұның өзі де бір орында тапжылмай тұрып алғандай шошып кетті.

– Шүү! Шүү, жануар!

Бел-Аранның кезіне ат ырсылдап эзер шықты. Ілгергі жақтан жарты әлемді алып жатқан ұлы теңіз жарқырап қоя берді. Сол жақтан өгіз шағалалар өкірді. Онан жар басында жарбиган жерқазбаларды көргенде, қыз күліп жіберді. Бел-Аранның кезінен аса бергенде артына бұрылып еді, бұл жолы көз ұшынан шаң көрінді.

– Шүү! Шүү, жануар!.. Айналайын, көкетайым, жалынам! Әне, анау біздің ауыл... басшы аяғыңды! Басшы!

Бөбек атты тепкілеп, басқа-көзге сабалай бастады. Бірақ, ат әбден болдырған еді, ырсылдап, аяғын эзер алып келе жатқан-ды. Балықшылар аулының көк желкесіне келгенде тілерсегі дірілдеп, аяғын ілгері бір басты, екінші басқанда гүрс етіп құлап түсті. Бөбек ұшып тұрды. Ат тізгінін тастай сала басынан жұлып алған орамалды бұлғап, шырылдап, жанұшырып жүгіріп ала жөнелді. Бұл кезде қуғыншылар Бел-Аранның кезінен бермен асып, аттарын борбайлап келе жатты. Олар Бөбекті көрді. Бөбекке көмекке жүгірген балықшыларды да көріп, ақ көз жігіттер атқа қамшы басып, бар даусымен «Қапта! Қапта!» – деп ұран тастап келеді.

– Рай... Райжан... Құтқар!

Жанұшырған қыз жігіт құшағына құлай кетті. Балықшылар жан-жақтан жүгіріп кеп жатыр. Кәпелімде қырық-елудей кісі қызды ортаға алып, қиқулап келіп

қалған көп аттылының жолында иық тірестіріп тұрып алды. Аналар да сойыл-шоқпарын оңды-солды сілтеп ағызып келген беті бірден лап берген жоқ. Құдды жарға соққан толқындай, аттарын шапшытып, суық сұспен бетпе-бет тоқтады. Бәрінің көзі Кәленде. Өз тобының алдына шығып, құлаштан астам болат сүйменді қу таяқ құрлы көрмей, шірене басып тұрған нар тұлғалы, жылан көз бұжыр қараны көргенде қай кісінің де жүрегі шайлығып қалғандай. Кәленнен тек Ожырай ығар емес. О да өз елінде аты шыққан ақ көз. Астында Оспанның әйгілі ақбақайы. Оң қолын шынтағына дейін сыбанып апты. Сол қолымен ат тізгінін тежеп, ал білегін сыбанып алған әлгі оң қолымен емен найзаны сығымдап ұстап дір-дір етеді.

– Уа, ағайын, – деп, Мөңке өз тобының арасынан суырылып алға шықты. – Ағайын, ақылға кел! Қайтыңдар!

– Жесірімізді бер!

– Жесірімізді алсақ, өзіміз де қайтамыз.

– Бөбек саған жесір болса, маған балдыз емес пе еді?.. Әйелімнің туған сіңлісі еді ғой. Бұта түбін қорғалаған бір балапан бауырымызға тығылған да...

– Уай, ондай мәмілең өзіңе. Әй, жігіттер!.. Не тұрыс, бұл?.. Уа, қапта! Қаптаңдар!..

Сүйдеді де, ана жақтан қаба сақалды еңгезердей біреу ұзын сойылын зәрлене көтеріп алды. Иін тірескен аттылар лап беретіндей ілгері ұмтыла бастап еді. Бөбек жүгіріп ортаға шықты.

– Мыналардың аяйтын түрі жоқ. Қайтем, тағдырдың салғанын көрем, – деді де, қыз ар жағында анталап тұрған аттыларға қарай жүгіре жөнеліп еді, мына жақтан Рай да жүгіріп қызға аналардан бұрын жетіп, көтеріп алды. Сол сәтте Ожырай:

– Ой, атаңның көрін... – деп, атқа таңым басты.

Иін тірескен нөпір лап қойып, екі жақ апыр-жапыр айқаса кетті. Аттар кісінеп, сойылдар сартылдап ала жөнелді. Екі жақта да үн жоқ. Тек бір-біріне ұмтылған кісілердің тістері шықыр-шықыр. Құлшына сілтеген қайың сойылдар сарт-сұрт. Екі жақтан да соққыға жығылған кісілер қансырап құлап жатыр. Ана жақтың осындайда қайрат көрсетер жігіті – қаба сақалды қара бірден Кәленге тап берген-ді, Кәлен жалт беріп сойыл астынан сытылып кетті. Екінші айқаста өзіне сілтеген сойылды Кәлен денесіне тигізбей, темір сүйменмен қағып жіберді де, қаба сақалдыны қақ шекеден көздеп еді, бірақ аттылы кісіге қолы жетпей, сілтеген сойыл иықтың басына тиді. Қаба сақалды талықсып, құлай жаздап, жан-дәрмен ат жалына жабысты.

Алғашқы айқаста Ожырай Райға тап берген-ді. Бірақ бер жақтан көмекке ұмтылған балықшылардың ортасына түсіп қап, оңнан-солдан соққылар жауып бара жатқасын Ожырай тайқып шықты. Аттың басын іле-шала бұрып Райға қайта шүйлікті. Райды қорғамақ болған жас жігіт қадасын көтеріп қарсы ұмтылып еді; Ожырай оны аттың омырауымен қаға бере көк сүңгіні дәл жүректен салды. Әлі де найзасын ырғап, ұңғысы бойлап кіргесін ғана қайта суырып алмақ болғанда үлгіре алмай, ат екпінімен ағып өтті. Қолынан шығып кеткен найзаға қайрылмады. Көзіне қан толып кеткен. Шаң арасында қаша ұрыс сап бара жатқан Райды көре сала ақтабан атты тебініп қалды. Қалың топты жарып, омыраулап келді де, дойырман Райды ұрып жықты. Бөбек шыңғырып жіберді. Кәлен Райды көзінен таса қылмай жүр еді. Жас жігіттің соққыға жығылғанын көргенде, өзін ортаға алып, жан-жағынан анталап тұрған аттыларға ақыра ұмтылды. Темір сүйменді оңды-солды сермеп, жолын кес-кестей берген екі жігітті аттан ұшырып түсірді. Бірақ Кәлен жетем

дегенше, Ожырай ақтабан атпен шүйлігіп келіп, қызды көкпар лағындай іліп әкетті. Аттың басын асығыс бұрған күйі қызды алдына ұзыннан сұлата салды. Қалғандары да аттарын бұрып, Ожырайдың соңынан құйындатып шаба жөнелді.

Кәлен жүгіре түсті де, ат шаңына тұншығып тұрып қалды. Қолындағы темір сүйменді лақтырып жіберді. Қасына Рай келді. Қос самайдан аққан қан бетін жуып кеткен. Көзінде жас.

– Ағаеке-ай, қорлығы өтті-ау мыналардың. Мынадан кейін бүйткен тірлігі құрсын! Құрсын!

* * *

Анада кеткеннен Судыр Ахмет теңіз жағасында, иесіз қора арасында жалғыз үй қалған қатын-баласына екі айдан кейін ғана оралған еді. Ой, несін айтасын, аты күйлі. Өзі ажарлы. Омырауын айқара ашып тастаған ақ көйлектің жағасы кіршіксіз аппақ. Ердің артына бөктерген жетім қозы қарнындай екі бөлек түйіншегі бар.

Судыр Ахмет үйге жеткенше шыдамай, анадай жерден айқайлап, балаларының атын атап келеді. Осы түрі қаланы базарлап, іші-сырты майланып ырғап-жырғап қайтқан кісідей. Ол асыққанмен, астындағы алқабел торы аяғын басар емес. Жаз шыққалы көкке тойып қабырғасын жауып алған жаман тұғыр жалына қол апартқызбайды. Жағаға жақындаған сайын кеше көктем жылт етісімен қырға көшкен ауылдардың иесіз қыстауы, қора-қопсысынан үркіп оскырынады. Жаз бойы ылғи кең жайлау, салқын сабатқа қонған ақ үйлердің белдеуінде тұрып, малды-жанды ауылға үйреніп қалған-ды. Енді мына айналасына қамыс шәлі тартқан, үңгір-шүңгірі көп, үнсіз мелшиген қыстау үрей туғызып, торы ат қос

құлағын төбесіне тіге осқырып, аяғын ілгері баспай, артына ығысып, шегіншектей берді. «Ау! Ау, бұ қалай? Тірі жанның жоғы несі?» деп ойлап, Судыр Ахметтің жүрегіне суық үрей шапты. Үзеңгіге тіреген аяғының басы дірілдеді. Өндірішегі тоқпақтай ұзын мойнын ілгері созып, қамыс шәлі үстінен созыла қарап:

– О, қатын! – деп еді, есік-терезесі жоқ, үңірейген иесіз там іле жаңғырығып: «О, қа...ын-н-н!» – деп қайталады.

Судыр Ахметтің екі көзі атыздай болды. Әшейінде, қатын-бала алдында ерсінгені болмаса, бұл өзі зәті қорқақ. Иесіз қыстау, ескі молалардан қорқатын-ды. Енді, мына есік-терезесі жоқ, қаңыраған үй бейне екі көзін ойып алған кісідей, қамыс шәлінің ар жағынан үңірейе қарады. Судыр Ахмет тілін кәлимаға келтірем дегенше үркек ат осқырып, жалт бергенде, ерден ұшып түсе жаздады. Жандәрмен тақымы астынан суырылып шығып бара жатқан аттың жан-дәрмен жалына жабысты. Қанша шапқанын білмеді. Қай жерге келгенін де шамалай алмады. Торы аттың шабысы жайылып, ырсылдап қалғанын сезді де тізгінін тартты. Әшейінде басына қоқырайтып киетін киіз қалпақ көзіне түсіп кетіпті. Жаңа ес-түсі қалмай шапқанда үстіндегі қақпа шекпеннің қос шалғайы тақымынан шығып, құс қанатындай жалпылдап келеді екен. Есін жиғасын қараса, жаңа ғана ердің қасында ілулі тұрған ат дорба ұшты-күйлі жоқ, қайда түсіп қалғаны белгісіз.

Ол ат үстінде дұрысталып отырып, айнала төңірекке көз тастап еді, күншығыс жақ тұтасып жатқан теңіз. Кәдімгі өзінің желсіз тымықтағы дағдысы: күн сәулесі астында үлкен айдын аппақ боп жалтырайды. Шырадай ақ тымық! Теңізден көз ала бергенде, берегіректе отырған балықшылар аулының түтіні көрінді. Осыдан

кейін ғана Судыр Ахметтің жүрегі орнына түсті. Ауыл іргесіне келіп тұрып есі кеткенше шапқаны оның өзіне әлде оғаш, әлде қызық көрінді ме, әйтеуір сасық күзендей шақ-шақ күлді.

Судыр Ахмет үсті-басын дұрыстап, ағаш ерге қайтадан қоқырайып отырды. Атын ақырын бастырып Бел-Аранның баурайындағы терең сайға жалғыз аяқ ешкі ізбен қиялап түсіп келе жатып көз салып еді, несін айтасың, сай бойының реңі тіпті басқа екен. Талдыбекенің көгі сірә да қалың, көлеңкелі табанына құба тал біткен. Тал арасында беке-бұлақтар сылдырап ағады. Және осыдан қашан жаз аяқталғанша шілденің ыстық аптабы шалмайтын сай бойы керім от, іріп тұр. Басқа жерден гөрі бұлақ маңының шөбі қау. Айрықша, бір-бірімен бой жарыстыра таласа өсетін сарысолма, изен, таспа боз кер жусан бойшаң, балғын. Бәрі де бауырына көлеңке сақтап, хош иіс аңқып тұр.

– Паһ! Паһ! Түлеп-ақ тұр екен! Жарықтық, несін айтасың, осы мына Талдыбеке жер шұрайы ғой – деп, Судыр Ахмет анадайдан мұрнын жарып қоя берген көк жусан иісімен құшырлана дем алды.

Ол енді асықпады. Оу, несіне асығады?! Міне, көрмейсің бе, жағада отырған балықшылар аулына келді. Үй болған үй қазан-ошағын сыртқа шығарып, есік алдына құрып апты. Сыртта, жіп кермеде бауырынан жарып қақтаған балықтар алыстан көз құртын жеп барады. Судыр Ахмет шұбырып бара жатқан сілекейін аузына жиып тартып алды. Ауыл іргесіне тақап келгенде шыдамай, атын үстін-үстіне тебініп қаттырақ бастырып, емпелеңдеп келе жатқан-ды. Кенет көзі шеткі жолым үйге түсті. Онан желі басында жатқан жас ботаны көргенде көңілденіп кетті: «Ә, қараша інген... О, жануар, аман-есен боталаған екен ғой». Үй жанында май

шаңдақты бұрқылдатып, шауып жүрген қара домалақ балалар – бір ұл, екі қыз көзіне оттай басылды:

– О, қозыларым!.. Боталарым!..

Көзіне жас келді. Балаларының атын атап дауыстайын деп еді, оған бірақ қапелімде даусы шықпай, көмейі бүлкілдеп, мұрны суланып бара жатқасын ат үстінен еңкейіп мұрнын дың еткізіп бір сіңбірді.

Судыр Ахмет қатынына дән ырза. Өзіне де ырза. Өзі жоқта екі-үш керегенің басын қосып, лаждап қусыра салған жапшаның қақ төріне шығып отыр. Екі тізесінде – екі қызы. Алдында – ұлы. Өзі орасан көңілді. Сұңқ-сұңқ етеді:

– Е, сөйтіп көшіп алдым де... Ал, қатын, мұның ақыл болған.

– Ақыл болды ма, әлде, ағаттық істедім бе, тап сол арада өлшеп-пішкен мен жоқ. Мойның алысқа түсіп кеткенін білдім де, балықшы қайныларымның қасына көшіп алдым.

– Міне, ақыл! Ау!.. Ау, Бибіжамал-ау, мен ел қыдырып кеткенде, сенің бұл жақта осылай өзіңе үйір табатыныңды біліп кеттім ғой. Ал, сонан қараша інген боталады де! Үйге де береке келді десейші...

– Ие, ерніміз аққа тиді. Балалар балыққа тойып, оңып қалды.

– Осал екенсің! Бәсе, біздің қатын бас пайдасын білсе керек еді ғой. Ау, қатын-ау, үй шаруасын артымда сен бітірсең, тұз шаруасы менен де қалмады. Осы сапар мен де қармақты талай жерге салып келдім. Алғаным да бар, алмағаным да бар. Бірақ, қатын, тұра тұр... түбі бір қарық қылам. Әлгі ала қоржын қайда?

Судыр Ахмет ірге жаққа қол созды. Қоржын кампайтқаны – ер артындағы екі түйіншек. Оның бірінде – көк бүйрек ақ құман. Екінші түйіншекте – бір-екі қадақ

шай, арзанқол кәмпит. Оны да Шалқарда тұратын бірге туған ағасы – Нағымет әперді. Нағыметтің баласы жастайынан кәсіп қуып қалаға кетіп, аяқ жолын білгендей орысша үйренген-ді. Өлермендігінің арқасында соңғы кезде сот кеңсесіне тырнағы ілікті. Қазір сотта болмашы бір қызметте. Сонан келе ел көзінде нағыз сот өзі секілденіп көшеге сыймай жүреді. Жұрт ұғымында да солай. Айрықша, алып қаштысы көп ел іші оны сот деп дәріптеп, істі болған кісілер осы күні Нағыметтің шалғайына оралады. Судыр Ахмет те «сот» інісіне жиі барғыштап жүр. Нағымет пен Ахметтің арасын адам түсінбейді. Ағасының баласы «сот» болғалы бұл екеуі айрықша қырғи қабақ. Судыр Ахметтің көңілінде қуаныш та, қызғаныш та бар. Қалаға барған сайын жұрттың Нағыметті – «соттың әкесі» деп құрметтеп жүргенін көреді. Істі болған кісілердің Нағыметке қошемет көрсетіп, жалпылдап жатқанын көргенде, Судыр Ахмет қызғаныштан жарылып кете жаздап, оңашада: «Ау, бұл қалай? – деп ойлайды, – Нағымет Маралбайдың баласы болғанда, мен... обай-ау, мен жерден шықтым ба екен? Бұл халық мені неге «соттың ағасы» демейді? Әлде... ерегіскенде көшенің ортасында тұра қалып, өзім айғайласам ба?»

Қалаға келген сайын жұртқа ол өзін қалай да «соттың ағасы» деп айтқызғысы кеп әбігерге түседі. Кісі-қара көзінше келініне таза көрпе салғызып, қақ төрге қақшиып отырып алады. Сырт кісі болса тіпті жаман. Онсын осы үйдің бар жанын бір өзі билеп-төстейтін кісідей, от басының болмашы ұсақ-түйек шаруасына араласып, әркімге бір әкіреңдеп зықын алып бітеді. Үйде інісі болса, Судыр Ахмет оның жанына барып отырып алады да: «Қабенжан!..» – деп, оның асты-үстіне түсіп бітеді. Ал Қабен осы ағасын онша жақтырмайды.

«Сот» інісі осы жолы Судыр Ахметке: «Е-е, сонымен үйің биыл жайлауға көшпей, жағада қалды де? Ендігі жерде ел ішіне «Балықшы Ахмет атанам десеңші!» – деп күлді. Сол күні кісі-қара да ойдан-қырдан жинала қалған екен. Осы заманның кісілері де жасы үлкенді сыйлауды қойған. Шетінен ыржақай, жәркелеш. Және аузы қисық болса да атқа мінгенді сыйлайтынын қайтерсін?! Қабен айтқан әлгі сөз тап бір құдайдың өз аузынан шыққандай қапелімде қала-далаға тарап, ел іші құлақтанып кетті де, бұл ыза мен намыстан өле жаздады. Бірақ, амал қайсы, көпке күл шашасың ба? Судыр Ахмет тап сол сәтте: «Сен итті енді көрмеспін», – деп ойлаған-ды. Бірақ тегін кісі сот бола ма?! Арам неме кейін ағасына көйлек-дамбал кигізді. Жеңгесіне арзанқол шыттан көйлек, жаулық әперіп, аз нәрсемен ағасын ырза қып аттандырып еді. Сүйтсе де Судыр Ахметтің көңілінде дық кетті. Шаршы топтың алдында «Балықшы Ахмет» деген зәбірі есінен кетпеді. Теңізге жақындаған сайын осы атақ аршыл жанына аяздай батқаны. Маңдайына қара күйелеп баттытып жазып жіберген қорлық таңбадай жол бойы көзі шалған, құлағы есіткен дыбысқа дейін бұған «Балықшы Ахмет!» деп ызындады да тұрды. Кісінің қадірі кетейін десе қайдағы-жайдағының бәрі үйір, не болса сол иықтан басатынын қайтерсін?! Қаладан шыға бере-ақ бұған бір шымшық тап болсын. Е, Алла... адам қор болайын десе аяқ астында. Сол шымшық қалып та қоймай, озып та кетпей, торы аттың алдына түсіп ап, таяқ тастамдай жерге ұшып-қонып, құйрығы қылп-қылп етіп, бұған бейне «Балықшы Ахмет... Балықшы Ахмет...» деп шиқ-шиқ ететін сияқтанғаны.

Тәңірі жарылқағыр, Тәңірберген... Сол айналайын... Айтатыны жоқ, азамат қой. «Сот» інісінен көңілі жүдеп қайтқанда, сол... Иә, сол айналайын, бұнымен терезесі тең

адамша сөйлесті-ау! Бұның жағаға кетіп бара жатқанын есіткенде... апыр-ай, жас мырза бұның жанынан шықпай жабысып алғанын қайтерсін?! Оу, бұ да құдайдың бергені ғой! Сонан ол бұны жібермей қонақ қылды. Анау-мынау емес, тура хан... Тура ханның өзіне қызмет еткендей... хе-хе, астында – атлас көрпе, қолтығында – құс жастық. Ал! Ал, кәне, бұған не дейсің?! Әркім сыйлағанның құлы. Кісі осындай азаматтың жолында өліп кетсе де арман жоқ. Сонан, не керек, Тәңірбергенжан өзімен терезесі тең адамша асты-үстіне түсіп сыйлап отырып, ой, айналайын-ай, сол арада бұған өлердегі сөзін айттып, егер соңыра осы өтінішімді орындасаң, астыңа ат мінгізем деп уәде берді. Иә, уәде берді ғой. Көресің де білерсің, айтты-бітті. Уәдесін орындайды. Жас мырзаның аулынан көңілденіп қайтқанда алдынан, міне, мінекей, қатын, баласы... балалары... «Сот» інісінен көрген зәбір, қорлық қазір бұның есінде де жоқ. Қатын-балаға қауышты. Қараша інгеннің аман боталағанын есітті. Желіде байлаулы жатқан ботаның жанына барып, тұмсығынан шымшылап қайтты. Сонан соң балаларына қаладан әкелген базарлығын үлестіріп, үй ішін қарық қылды. Өзі де көңілді! Өзі әкелген кәмпитті тістеп, өзі әкелген шайға қара тер боп қанып алды. Қатын-балаға қауышқалы бетінен қағатын бір жан жоқ, өзі би, өзі қожа, сұңқылдап сөйлеп отыр. Ал, сыртта есік алдында бір қазан балық былқып пісіп жатыр. Түрулі есіктен сүр балықтың жеңсік иісі мұрнына кеп, танауын қытықтап барады.

– Қатын, түсіретін уақыт болған жоқ па? Тәйірі, сүр балық бір бүлк етсе пісіп қалатын еді ғой – деп, Судыр Ахмет өндірішегі тоқпақтай ұзын мойнын қазан жаққа қайта-қайта созып үңірендеп, ашқарақтана көз тастап қояды. Осы қазір қатын-балаға ыңыласы артықша. Айда-

ры күңсіп, үсті-басы балық сасыған балаларын тізесіне мінгізіп:

– Әкең жақсы ма? Қаладан кәмпит әкеліп берді ме? Ә-ә! – деп, қыт-қыт күледі. Бір кезде аяқ астынан Ақбаланы еске алып, – пақырға бір қайнатым шай, бір тістем кәмпит берші! Тірі жетім боп отыр ғой, – деді мүсіркеп.

Сүр балыққа тойып алғаннан кейін, Судыр Ахмет тіпті көңілденді.

– Ана жақтағы ауылдар... кедейің бол, байың бол, бір ағарғанмен отыр. Қара азық емге жоқ. Тісіңе дән тимейді. Оу, оу, Бибіжамал-ау, теңіз... бұл теңіз ше... мына үй іргесінде шалқып жатқан көк теңіз бар-ау, түбі жоқ ырзық қой. Көктен салбырап түсіп тұрған несібең ғой... Пісулі асың ғой бұл! Тек шалқаңнан аузыңды ашып жат та, қылғып жұта бер!.. Жұтуға ерінбесең болғаны – деп, мұндағы бар шаруаға көңілі бітіп, ырза боп кетіп, – қатын, не қыласын, биыл бізге құдайдың қарасуының кемі жоқ – деп, қатынының тізесін құшырлана басып-басып қойды.

Ас-суын ішіп бола бергенде Судыр Ахметпен сәлемдесуге ауылдастар келді. Жаз бойы сол анау Хан жайлаудың қызығын көріп, қалаға шығып базар базарлап қайтқан кісіден көрген, білгенін сұрап сұхбаттасқан да бір ғанибет! Садағаң кеткір Судыр Ахмет бұндайда қамшы салғызбайды. Жаңалық білмекке келген кісілерді зарықтырып, аузына қаратып қаңтарып қоймай, кім не сұраса да құдды тиегі салулы, ішек-пернесі тағулы, құлағын келтіріп қойған шыққыр домбырадай, тек шертсең болғаны – сайрай жөнеледі. Амандық-саулықтан кейін-ақ шаһарлы жердің жаңалығын өзі қозғап, аузына қарап анталап отырған кісілердің зәресін ала сөйледі:

– Халық басына бір нәубет келгелі тұр.

– Тәйт! Аузың қандай жаман еді.

– Аузымның жаман-жақсысын кейін білерсің. Ал, қазір айтарым – Ақ патша қазақтан солдатқа жігіт алғалы жатыр.

– Астафиралла, не дейді?!

– Қой, жарқыным, айдың күні аманда жамандық шақырып...

– Ау, мен бе?.. Мен бе екен жамандық шақырушы?.. «Естіген құлақта жазық жоқ». Ана жақта қала іші гу-гу. Айтатын әңгімесі осы. Кеше түсте жас мырзаның үйінде қонақ боп отырғанда Құдайменде болысты ояз шақырып әкетсе... ойбай-ау, мен қайтпек екем?.. О несі-әй, пәле шақырдың деп маған тиіскені несі?!

Балықшылар сенер-сенбесін білмей, алақтап бір-біріне қарады. Дәл қазір бұлар қарсы бірдеңе десе Судыр Ахмет жеңсік бермей, өзеурей түрегеледі. Жағалаудың тайыз суынан шабақ аулап жегеннен басқа түк білмейтін мына қара сирақ жаман немелердің жүрегін суылдатып, зәресін ұшырғанына дән ырза.

– Көрерсің де білерсің. Ояздан оралғасын, Құдайменде болыс та қарап жатпас, өзі де бір хабарын берер!

Балықшылар жамандық есіткен жерде ұзақ отырмай, үйді-үйіне тарады. Олар кеткен бойда құрым киіз қостың есігі іле-шала қайта ашылып ішке Ақбала кіріп келе жатты. Құшағында құндақтаулы жас бала. Өңі жүдеу, бірақ есесіне үсті-басы мұнтаздай таза. Ақ бәтес көйлек шағаладай аппақ. Көйлек сыртынан көк масаты қамзол киіп, қос бұрым ғып өрген ұзын шаштың бір тұтамын өрмей, баяғы қыз кездегі сәнмен күлтелеп төмен түсіріп жіберген. Балықшылар кеткесін құдды бүгінгі күннің басты шаруасын бітіргендей, өз үйінің төрінде шалжиып жатқан Судыр Ахмет Ақбаланы көргенде басын жастықтан жұлып алды.

– Амансың ба, қарағым?! Былай... төрге шық! Мында кел, өз қасыма отыр.

Судыр Ахмет келіншектің қандай оймен келгенін іші сезді. Сібірге айдалып кеткелі Еламаннан әлі хабар-ошар жоқ-тұғын.

– Оу, орыс байын өлтіргесін аман жіберетін бе еді?.. Ол енді су түбіне кетті ғой. Бейшара топ басы болмаса да, әлгі жаман балықшылардың ішіндегі іліп алары сол еді.

Бұл осылай мәймөңкелеп отырып келіншектің қытықты жеріне тиіп бақты. Қанша ұстамды болса да Ақбаланың сырғалы құлағының ұшы сәл қызарып, күн тимеген аппақ маңдайын ыстық қан шарпыды.

– Иманды болсын пақыр! Өзін жақсы көруші едім. Дұғама жиі кіргізем.

Судыр Ахмет көзіне кәдімгідей жас алып, мырсылдап отырды да, әлденеге әйеліне шыға тұр деп ымдады. Екеуден екеу оңаша қалғасын, ол көйлегінің жеңімен көз жасын сүртіп, құдды аяғы шықпаған мешел баладай Ақбалаға құйрығымен ырғаңдап ысырылып отырды. Осы үйде өздерінің сөзін тыңдайтын бөгде ешкім болмаса да, әуелі жалтақтап жан-жағына қарап алды да, сосын аузын Ақбаланың құлағына тақап, құпиялап сыбырлады:

– Өлгенмен бірге өлмек жоқ... тірі кісі тірлігін істеген. Шырағым, Ақбалажан, сен де қор болмас жағыңды ойла. Беліңнің күші, бетіңнің қызылы барда қатарыңды тап! Иә! Иә, сүйт – деп, Ақбаланың қолын қос қолымен ұстап, қынулап қысып-қысып қойды. Сыр сүзіскен көңілдес құрбы-құрдас сияқты. Қам көңіл келіншектің іші-бауырына кіріп барады. Ақбала бұрын бұл ауылдың кісілерінен ылғи көңіл делбегендей жұбаныш есітетін-ді. Содан өзі әжептәуір дәтке қуат алатын. Енді көрмейсің бе, мына жексұрын бұның сол азғантай ілдәлда үмітінің

әлсіз тамырын түбінен қырқып үзе бастады. Еламан-ды ана жақта өз қолымен жерлеп, жаназасын шығарып келген кісідей, бұған ақи-тақи «үміт үз» деп отыр. Онсызда Сібір айдалып кеткелі хабар болмай қорқып жүргенде мына сұмырай жұбату орнына, түсі суық бір жамандықтың шетін шығарып отыр. Ақбала аузына сөз түспей, әдемі иегі дірілдеп, өксік буып, булығып қалғанды. Судыр Ахмет соны пайдаланып:

– Сөз салған ешкім жоқ па? – деді. Беті шыдамаған келіншек Судыр Ахметтен жалма-жан бетін бұрып, сырт айналып отырды. Бірақ Судыр Ахмет құтқармады, дедектеп барып, келіншектің қарсы алдына жүзбе-жүз отырып алды: – Шырағым, саған бұл дүниеде тілегі түзу бір адам болса, бір адамды дос көрсең, сырынды сенетін бір жан бар деп білсең... Ақбалажан, ол кісі – мен.

Жасы кіші ғой деп қысылған жоқ. Қайта Ақбала қысылған сайын ол еркінсіп:

– Осы, мына Тәңірберген сөз салды ма? – дегені.

Ақбала ду етті. Шоң қарығандай беті өртеніп бара жатқасын алақанымен дереу баса қалды да, тез тартып алды. Қорыққаны ма, әлде кінәлағаны ма, әйтеуір, Судыр Ахметке жас ішінде жанары дірілдеген көзі үрейлене қарады. Осы кісінің кескінін тап қазір көргендей қорқып кетті. Өн бойында ойдағыдай ғып жасаған бір мүше жоқ екен. Не артық жасап арбиып кеткен, не кем жасап, ойсырап мін боп тұр. Бір бас пен бір бет алдының өзінде талай оғаштық бар. Ұстарамен тықырлап алғызған басы шақшақайдың жұмыртқасындай көгіс. Төбе жағы сопаң. Сонысына қарамай құлағы аса үлкен, ақ жарғақ, аламан құлақ. Алыстағы бір дыбысты сезіп, соған елең етіп, жарғақ құлағын алдына қарай шұғыл тігіп, тың тыңдап қалғандай, қапысыз сәт бар. Ақбаланың тұла бойы мұздап кетті.

– Ақбалажан, сырыңды менен бүкпе! Мен саған дос адаммын. Тілекшіңмін мен.

Ақбала үнсіз. Судыр Ахмет қайта төніп:

– Кіммен қара болсаң, сонымен ағар деген, шырағым, – деп қадала түсті. Тақа болмағасын, Ақбала:

– Мынаны қайтем?.. – деп, қолындағы емізулі жас баласын көрсетті де, беті шыдамай бұрылып отырды.

Судыр Ахмет бір жайды шұғыл ойлап кеткендей, иегінің ұшындағы бес тал сақалын түбінен сығып ұстады да, тас қып көзін жұмып отырып қалған-ды. Бір кезде көзін ашыл алды.

– Ә, таптым... – деп өз санын өзі салып қалды. – Ал енді бұны... бұл балақайды... Аты қалай балақайдың?

– Әшім...

– Ә, Әшім бе? Аты жақсы екен... Алда, айналайын-ай! Құртақандай екен өзі де... Бұл балақайдың туғанына қанша болды?

– Алты ай...

– Е, алты ай де?! Өзі біразға келген екен ғой. Қарақұлақтанып қалған екен ғой! Қытық-қытық... Асылы, адам баласы шабан өседі-ау! Алты айдағы сиқы мынау. Тіпті бір жаста да бала түк емес. Қаз балапаны... ана көгілдірлердің жұмыртқасын жарған бойда жалпылдап суға мініп-мініп алатынын қайтерсің?! – деп, Судыр Ахмет шықылықтап күлді де, кенет Ақбалаға қарай еңкейіп: – Ақбалажан, бұ балақайды сен әке-шешене апарып бер. Сүйекең баласын бақпай не бітіреді?.. Асылы, сен сөйт! – деді сыбырлап.

– Күйеуге шығатынымды білсе... әкемнің жайы белгілі, мені үйінің маңынан да жүргізбейді.

– Ал, анаң ше?

– Анам байғұс шыдамас еді... Бірақ әкем жібімейді. Оның мінезі белгілі ғой.

Судыр Ахмет көп ойланған жоқ: бұл жолы да тез ақыл тауып, соған қуанғаны сонша алақанын алақанына шарт еткізіп салып қалды:

– Оларға күйеуге шығатыныңды айтпа! Тіпті, сездірме! Жас бала мойнымды бұрғызбайды де. Асымды да пісіріп іше алмай жүрмін де. Мына жиендеріңді өздерің бақ, қақ де, апарып таста... Сонда олар қалай қолқ етіп түсе қалмас екен. Иә, иә, сүйт! Сүйт!

Ақбала отырған орнынан бауырындағы баласын құшақтай түрегелді. Есіктен шығар жерде әлдене айтқысы келгендей, артына қайырылды да, бірақ, ләммим деместен жүре берді. Ол ызалана басып есіктен шыққан бойда Судыр Ахмет шұғыл жадырап, санын алақанымен салып қалды:

– Болды бір қызық!

* * *

– Ойбай!.. Ойбай! Мынау азап қой, нағыз дозақ мұнда екен ғой. Бағана ішкен асымның қайда кеткенін білмеймін.

Судыр Ахмет тастай қараңғы үйде жаны қыдырып жүгіріп жүр. Сары маса сыңсып тұр. Бірін өлтірсең, бірі келеді. Және құлағыңның дәл түбіне кеп, ызылдап тұрып алғанда, бейне біреу шекеңе бұрғы сап тесіп жатқандай. Тақа болмағасын Судыр Ахмет сыртқа жүгіріп шықты. Үй маңында үюлі жатқан тезекті тұтатып түтіндік салды. Қараңғы түнде үстіндегі ақ көйлек, ақ дамбал қылаңытып отқа жүгіріп барды да, көк ала түтіннің ішіне сүңгіп кетті.

– Ал!.. Ал!.. Ер болсаң, сен енді келші. Ә, солай ма? Хе-хе-хе!

Бірақ бықсып жанған ащы түтін астында тағат та-

уып тұра алмады. Сәлдесін-ақ көмейі мен көзіне түтін кіріп, дем ала алмай тұншығып бара жатқасын түтіндік астынан жүгіріп шықты. Шырт ұйқыда жатқан ауылдың сыртына қарай соңынан иттерді шулатып алау-далау боп жүгіріп барды да, өкпесі алқынып тоқтады. Түсі басқа кісіні танымай шабаландап үрген иттерді жеті атадан боқтап, кесектеп қуалап салды. Бұнда да жаны сая таппағасын жаппаға қайтып келді. Сары маса әлі сыңсып тұр. Соған қарамастан әлгінде өзі тұрып кеткен төсектің от жағында, керек десе, үстіне лыпа жаппай қаннен-қаперсіз ұйқыны соғып жатқан әйелін көріп, одырайып тұра қалды: «Осы ит-шошқа өліп қалғаннан сау ма?» Өлі-тірісін білгісі келді ме, еңкейіп әйелінің кеудесіне құлағын төседі. «Әй, тірі ғой...» – деді таңданып. Өзі жанын қоярға жер таппай жүргенде, бұл найсаптың рахаттанып ұйқтап жатқанына ыза болды.

– Неше, сірә, «қатынның қырық жаны болғанда» да, ой, найсап? Атаңа нәлет... Тұр! – деп, Бибіжамалды бүйірден теуіп қалды.

– А-а?! Жайшылық па?

– Жайшылық болса жатпас па едім. Тұр, үйді жық! Көшеміз.

– Таң атсын да.

– Таң атқасын менің өлігімді көрмексің бе?

– Құдай шебер-ай, шыбын шаққаннан өлген кісінің моласын көргем жоқ.

– Сұбыхан Алла! О, дінсіз!.. Көрмесең, енді көресің. Мына маса өлтірмей қоймас. Өлтірер!.. Өлтірер! – деп, Судыр Ахмет қақпа шекпенмен басын тас қып бүркеп ап, зарлап жатты да, – ау, ау, қатын-ау... – деп, шыдамай басын қайта көтеріп алды. «Мына сары маса самсаған сары қол ғой. Бір де кем емес! Міне! Міне, ызылдап келді. Өзі ілмиген әп-әлжуаз. Қолыңа ұстап қарасаң

тұмсығы да мүлік емес. Ал, сонан келе, сол тұмсықпен кісіні шаққанда... тап бір найза сұққандай! Міне-е!..

Алақаны арқасына сарт етті. Қақпа шекпенмен басын қайта бүркеп, қол-аяғын бауырына қысып бүрісіп жатыр. Осылай біраз саябыр тауып жатып, ара-арасында баж етіп ыршып түседі. Сонан ол таң алдында көз ілді. Онда да таң алдында теңіз беттен салқын самал соқты да, сыңсыған маса сап болды. Сонан Судыр Ахмет ұйқысын қандырып оянғанда бұл ауылдың балықшылары ауларын қарап келген екен. Сыртта, жер ошақ маңы қатын-қалаш. Жаулық ағараңдайды. Бибіжамал кісідей сары сазанды шыптаға салып, қабыршықтап жатыр еді. Судыр Ахмет үстіндегі шекпенді аяғының басына қарай серпіп тастап, атып тұрды. Дамбалшаң. Көйлекшең. Жалаң аяқ. Жалаң бас. Төсектен тұрған күйі қыт-қыттап күліп, балық сойып жатқан қатынының қасына келді:

– Осал екенсің! – деді де, күйбеңдеп Мөңкеге тартты.

Үй тола кісі. Араларында Кәлен, Рай, Дос. Рай жаралы басын ақ шыт орамалмен таңып апты. Балықшылардың әңгімесіне араласпай, босаға жақта жүдеп-жадап көзін төмен салып отыр. Судыр Ахмет мұнда болған төбелесті анада Шалқарда жүріп есіткен. Ожырай қазір кең жайлауға жазыла қонған жалпақ елдің аузында, аты шулы батыр. Оның бір балықшыны түйреп өлтіріп, Райды ұрып жығып, қызды алдына өңгеріп әкеткен ерлігіне бұ да қанық еді. Судыр Ахмет Райдың мұнды жүзіне мысқылдай қарады. Қызынан айырылып қалған жігітті кекеткісі кеп, тілі қышып отыр. Басқа жағдайда бұл өзін тежемес еді, қазір Кәленнен қаймығып, оған көз қиығын тастап қояды. «Кәпірдің бетін аулақ қыл! Бұл ма... бұл кісі өлтіруден тайынбайды ».

Судыр Ахмет Ақбаланы жаңа кіріп келе жатқанда көрген-ді. Көңілге болмаса келіншектің өңі бүгін ала

бөле сынық көрінді. Екі көзі қызарып кетіпті. Шамасы, түні бойы көз ілмей шыққан. Судыр Ахмет оны жақсы нышанға жорыды. «Ие, дұрыс. Дұрыс. Оу, қатынның көңіліне желік кірді дегенше, құдай ұрды десейші», – деп ойлады да, Тәңірберген беретін атқа тақымы тигендей, көңілденіп сала берді. Байқап отыр: Құдайменде аулы әңгіме болса, Ақбала ықыластана тыңдайды. Соны байқағасын, Судыр Ахмет салған жерден сөзді бай ауылдан бастады:

– Биыл олар Ақмарқаны жайлады емес пе?! Несін айтасын, су жарықтық ел ырысы ғой. Мол су қоймапты. Жылда көңі құрысып жататын Ақмарқаның беткей, бөктері биыл кілем түгіндей құлпырып тұр. Құдайменде болыстың аулы көктемде бес-алты қап бидайды жусан арасына шаша салған екен... қазір сол далалыққа көк егін қақалып шыққан. Тұнып тұр-ау, тұнып тұр!

Мөңке мен Судыр Ахметтің әйелі екі-үш атадан қосылатын апалы-сіңлілі еді. Мөңке Судыр Ахметтің өз басын қанша жек көрсе де, тума-туыстық жағынан байлана беретін.

– Қой әрі! Сол Қаратазды биыл жұрт көбеңдеу атап жүр еді ғой, – деп еді, Судыр Ахмет шап етті:

– Көбеңі несі? Қазір Құдайменде болыстың көкке сермеген құрығы айға түсіп тұрған жоқ па?!

– Не дейді, нанайын ба, жоқ па?

– Нан, нанба, еркін білсін. Қазір оның дәулеті тасып дәуірлеп тұрған шағы. Жеті атасына бітпеген дәулет Құдайменде мен Тәңірбергенге бітті ғой. Өз аяғымен жайылатын малда есеп жоқ. Қырдағы жусанның жүзі қойдан көрінбейді. Ал, үйден суарылатын қызыл қозылар дуадақтай! Есік алдынан құйрығын тарта алмай өткенде көзіңнің құртын жеп-жеп кетеді.

Судыр Ахмет сөйлеп отырып та көзі жылтындап

Ақбалаға қарап қояды. Келіншек жалғыз Судыр Ахмет емес, өзіне басқалардың да назары ауып, көзінің астымен бағып отырғанын байқағанда қайда кетерін білмей, үйде қалған жас баласын сылтау ғып орнынан тұра берді. Судыр Ахмет жымың етті: «Құдай қаласа, бай мырзасының бір сәйгүлігі біздің тақымға түскен шығар». Осыдан кейін ол өзінің мініп жүрген атына ызасы келді: «Сол жамандатқырдан құтылсам екен. Арқасы қырғыштай. Кішкене жүрсең құйрығың ойылып қалады. Ит бүлкілі де ішінді түсіреді».

– Әй, суқит!.. – деді Мөңке, – Қаратаздың мақтауын жеткіздің. Саған оның арманы жоқ. Жә, сен енді қаланың әңгімесін айт. Ақ патшаның қазақтан жігіт алатыны рас па? Сол сөзіңнің түбі шикі емес пе?..

Судыр Ахмет аяқ астынан тулады.

– Құдаймендедей бола алмайсыңдар. Оның басқан ізіне де тұрмайсыңдар.

Сүйдеді де, тұрды да жүре берді. Үйге бара сала жаман жаппасын жығып, ақ пен қызыл арасында Ақбаланың жерқазбасының жанына тігіп алды. Ол енді бұл ауылда Ақбаланың үйі болмаса, басқа бір жерге бас сұқпады. Көп ұзамай екі үйдің арасын жол қып тастады. Жүргенде күзенбел ұзын дене күйбең қағады. Кебіс киген аяғы бірде асығып, жортақтап, бірде құдды ашу буғандай дыбырлап, жол шаңдағын бұрқ-бұрқ басады. Дене қимылында да бір түрлі күйбектік, тежей түскендік бар. Өзі аса ызалы. Үйіне келгелі әлі түк бітірген жоқ. Атын тұсап жібергелі бір жеті. Іздегісі кеп оқталады. Талай рет ноқтасын қарына іліп, сыртқа шығуы шықты-ау. Бірақ, пәле қылғанда, соның бәрінде де болмашы бір сылтау есіне түседі де, ізінше кері қайтады.

Кеше де атын іздемек боп шынымен жігерге мінгенде, сәті түспейін десе қойсайшы, сол арада

қараша інгеннің мұрындығы есіне түсті. Әйелі әнебір күні шоқалақ арасынан бір тұтам қызыл түзген сындырып әкеп, «Аққозының әкесі, мынаны түйеге мұрындық істеп берші», – деген-ді. Есінен шықпай тұрғанда, әуелі түйеге мұрындық істеп тастағысы кеп, әйелі әкелген түзгенді қолына алды. Онан түзгенді жонып отырғанда қылпып тұрған өткір пышақ қолын кесіп кетті. Қан тыйылмай, әуелі топырақ сеуіп, сосын әйелі киіз күйдіріп басып, үй іші әпі-шәпі болды. Онан басы қышып, шашын алдырғысы кеп Мөңкенің үйіне барып еді, бұның сорына о да қолға түспеді. Кәсіпқор неме ауын басқа жаққа аударып салмақ боп, жағаға кетіпті. Сол Мөңке бүгін де қолға түспеді. Сосын атын іздемек боп жүгенін қарына іліп сыртқа шығып еді. Үй жанында күлге шөгіп жатқан қараша інгенді көрді. Жаз шыққалы балаларды аз ғана ағымен алдарқатып отырған қолдағы жалғыз түйе адам аяғандай, іші-бауыры жабысып мықшиып қапты... Мұрнына құрт түскен бе, басын шайқап, пысқыра бергесін бұл жатты да ашуланды.

Асылы, Судыр Ахметтің бар қылығы балаға ұқсайтын. Егер ертеңгі күні жалғыз атты қасқыр жеп, не ұры алып кетсе, ол өзін кінәламайды. Тым құрыса, өткен жолы атын іздемек боп үйден шығып тұрып, ізінше кері қайтқанына да өкінбейді. Сол арада оның есіне мұрындық түседі. Оның ар жағын қазбаласаң, түйеге мұрындық істе деп түрткі болған әйел. Шоқалақ арасынан түзген сындырып әкеліп жүрген де сол! Сайып келгенде, ескі қазақ аулында келдектің қай басын басса да қайырылып әйелге тиіп, не басы жарылады, не көзі шығады.

– Ойбау-ау, өзіме қалғанда әлдеқашан тауып әкелетін ат еді ғой. Осы қатынның-ақ ісі бітпейді... Ананы істе, мынаны істе деп кісінің қолын байлап... ақыры, міне...

Судыр Ахмет дедектеп, жүгіре басып жаппаға кірді.

Бірақ көп айналмады. Әлдене салдыр-күлдір етті. Күйіп-піскен ызалы кісінің шаңқылдаған даусы шықты. Сүйткенше болмай, ол жаппадан жын ұрғандай алау-далау боп жүгіріп шықты.

– Ақбала! Уа, Ақбала! Қайдасың? – деп, көрші үйге жеткенше шыдамай сырттан дауыстап келеді. Кебісін киюге де асыққан. Жалаң аяқ. Жалаң бас. Енді болмаса өрт ішінде қалатындай, есіктен еңтігіп, сүріне-қабына кірді. – Ақбала қарағым, кешке біздің қатын отыннан келерде соғарсың.

– Жай ма?

– Қайдан жай болсын? Ойбай-ау, жай болса, сені шақырам ба? Үй ішін жинап жүріп, аққұманды сындырып алдым... Аанада қаладан әкелетін көк бүйрек аққұман. Нағымет ағакем сатып әперетін аққұман.

Ақбала аң-таң. Бұның өзі сындырған аққұманға отынға кеткен қатынның қандай қатысы барын біле алмай, дал боп тұрған-ды.

– Ойбай-ау, мен... Мен бейбақ бұндайда шыдамаймын ғой. Сынған аққұманның ызасын кемпірден алам ғой. Ақбала қарағым, соңыра кемпір келерде соғарсың, – деді де, Судыр Ахмет шығып кетті.

Ақбала ойда. Осы Судырақтың ақылымен аанада баласын ана сүтінен айырып, ата-ана қолында қалдырып кеткен-ді. Жөргектегі жас бала бие сүтін ашырқанып лоқсып құсып, жылап қалып еді. Сондағы шырылдаған даусы әл күнге Ақбаланың құлағынан үзілмей, жүйкесін жұлып, безек қағып тұрғандай. Айрықша, жерқазбада жалғыз отырғанда қиын. Оңаша қалса-ақ ойына баласы оралады. Ондайда шырылдап жылаған даусы үй алдына келіп-қайтып: «Қайдасың, анам!.. Анам!.. Анам!» – деп қақылдап тұрып алғанда бұл құлағын баса қала жаздайтын. Бала зары кейде тастай қараңғы үйде жалғыз

жатқанда сырттағы желмен ілесе келетіндей. Қайсы бірде бала үні дәл қасынан шыққанда шошып оянып, төсегін сипалап қалатынды шығарған-ды. Кеше күн айналып жерге түскендей ыстық болған-ды. Үй іргесінен көлеңке іздеді ме, Қаракатынның екі лағы топырлап жүгіріп кеп, сыртта, есік алдында нәзік бір үнмен маңырағанда құдды бұның құлағына жас баланың даусы сияктанып, ана жүрегі елеңдеп қалып еді.

Бір жолы осы екі лаққа шөлдеп жүрген шығар деп су берген-ді. Келіншектен мұндай мейірім күтпеген лақтар оған үркектей қарады. Ақбала мына лақтарға оңашада баласына айтатын ең бір мейірімді сөздерді айтып, өз қолымен су ұсынды. Екі лақ әлі де болса әйелге жаутаң-жаутаң қарап кішкене ауыздары шөпілдеп, суды шымшып ішті. Онан сайын Ақбаланың жан-жүйесі езіліп, қанша тежесе де ар жағында ағытылғалы тұрған жасқа ақыры ие бола алмады. Сосын ол жаулығының шетімен аузын басып, дыбысын шығармай, иығының басы дірілдеп отырды да, іші-бауырын күйік өртегенде баласы мен өзін осындай халге душар қылған тағдырына ма, Тәңірбергенге ме, әлде Судыр Ахметке ме, өзіне ме, кімге де болса лағынет қарғыс айтып, байдан да, байлықтан да безіп, бәріне талақ дегісі кеп кетті. Мойнына бұршақ сап, құс қанаты күйгендей ыстықта жазықсыз жас сәбиін... жетім лағын іздеп кеткісі келді. Кішкентай жетімегінің әлде қайда айдауда жүрген әкесін аяды. Бала Ақбаланың бойына біткенде, ол сорлының қуанғаны есінде. Ана құрсағында баланың алғаш қимылдағанына мәз болғанды. Қыста қақаған суықта күні бойы теңіз үстінде болып қайтқанда, басқа қалжыраған кісілер аяғын баса алмай қалғанда ол сорлы өмірі шаршау, қабақ шыту дегенді білмеді. Қайын жұртына барып, қалыңдығын көріп қайтқан жігіттей, үнемі үйге шаттанып күліп кіретін.

Балық салған дорбасын босағаға тастай салып, келе сала үй шаруасына кірісіп кететін. Ондайда Ақбалаға ойын-шыны аралас: «Адам өзін шаққа алып жүргенде, сен дыңдай бір кісіні көтеріп жүрсің ғой. Маған бер», – деп күліп, үй шаруасын өзі істеп тастайтын. Ана жатырындағы балаға қаралай қуанып мәз боп жүргенде, енді міне, қол-аяғына кісен түсіп айдауда кетті. Судыр Ахмет секілділер оны әлдеқашан жерлеп қойды. Ас артынан Құран оңып, қол жайып, тие берсін айтып жүр. Ақбалаға да: «Шырағым, тие берсін де! Өлі аруақ артында қалған адамнан дұға дәметеді» – деп, зорлап отырып, бір-екі рет тие берсін айтқызды.

* * *

Кешкі қара көлеңкеде өз қайғысына өзі уланып отырған Ақбаланың үстіне Судыр Ахмет кірді. Бұл жолы да бар кездегідей етегіне сүрініп, даурығып келді:

– Ау, Ақбала-ау!.. Ақбалажан-ау!.. Қарағым-ау, кел дегенім қайда? Есік ашылған сайын қараймын. Өне келер, міне келер деп күтіп, өзімді ұстап-ақ бақтым. Қайтейін, келмедің... Сосын, көрмейсің бе, кемпірімді шиедей ғып сабап келдім.

– Ұрдың ба?

– Иә, ұрдым! Басын жардым. Келіп арашаламадың... Енді, оны өзің барып жұбат. Мен осында күте тұрайын.

Ақбала түрегелді. Есіктен шығар жерде Судыр Ахмет оны соңынан қуып жетіп, қолынан тартып ішке алып кірді.

– Ал, Ақбалажан... – дей түсті де, әлденеден сақтанғандай үй ішіне айнала қарады. Ес-түсінен айырылып, сілейіп қалған Ақбаланы ол өзіне қарай тартып, аузын құлағына тақап, құпиялай сыбырлады, – буынып-

түйініп әзір отыр. Бүгін... Иә, бүгін таң алдында келеді. Қамсыз болма, білдің бе?

Ақбала түк дей алмай, тұрған жеріне отыра кетті. Қуанғаны, әлде қорыққаны белгісіз, тұла бойын діріл алып барады.

Ертеңіне балықшылар аулы у-шу болды да қалды. Тәңірберген таң алдында бір топ жігітпен кеп, Ақбаланы алып қашқан-ды. Ақбала киім-кешегін буып-түйіп үйден шыққанда Тәңірберген сенімді жігіттерімен ауыл сыртындағы қоңыр төбенің астында аттарын тізгінінен ұстап тұрған-ды. Бай мырзасының мына қылығына ыза болған балықшылар у-шу боп жатқанда, ертеден бері бір шетте сөзге араласпай үнсіз тұрған Мөңке бір аттап ілгері шықты:

– Жігіттер, күнбе-күн намысыңа тиіп, басындыра бермей, бізге де қимылдайтын кез келді, – деді.

Онсыз да қанына қарайып тұрған ызалы жұрт жуық арада көтеріле қоймайтын қарт балықшының өзі бұлай деп тұрғасын делебесі қозып дуылдап шыға келді:

– Қаптаймыз. Қырғын саламыз!

– Дұрыс! Дұрыс айтып тұр. Аттанамыз! Кегімізді аламыз.

Ызалы жұрт жан-жақтан шулап, дүрлігіп бара жатыр еді,

Судыр Ахмет ортаға жүгіріп шықты:

– Әй, Мөңке! Әй, сен де... Сендерде ес бар ма? Қазір көкте – құдай, жерде – Құдайменде емес пе? Тұтақ! Құдаймендеге бәрің жиналсаң да түк істей алмайсың...

Кәлен Тәңірбергенге әйелді шығарып берген өздерінің арасында біреу барын жүрегі сезетін. Бірақ оның кім екенін білмейтін-ді. «Ә, сұмырай!» – деді ол тістеніп. Көзін Судыр Ахметтен айырмай, түйіліп келді де, қоян ілген бүркіттей желкеден бүріп алды.

– Құдаймендеге түк істей алмасам да, ал, бірақ, сені, сен итті суға атпасам... Кәлен атым құрысын!

– Ойбай!.. Ойбай, өлдім! Бибіжамал... Бибіжамал, қайдасың?!

Бір жан тырп етпеді. Бибіжамал да үнсіз. Үрейі ұшқан балаларын бауырына қысып апты. Мыналардың ішінде өзіне ара түсетін бірде-бір жанашырдың жоғын көргесін Судыр Ахметтің есі шығып, ит талаған мысықтай шаршар етті. Кәлен оған қараған жоқ; қол-аяғын тыпырлатып қолтығына қысып алған. Осы бетінде тұп-тура теңізге апарып, оны шыныменен суға ататындай еді; теңізге тақап келе бергенде тап жаңа қол-аяғы тыпырлап ойбай сап жатқан Судыр Ахмет кенет сап боп тыйыла қалды. Оның себебін түсінбеген жұрт таңданып, біріне-бірі қарады. Судыр Ахметке жаны ашыған қайсыбір көңілшектер: «Қайтсін бейшара, өлімге пейіл боп, басын бәйгіге тіккесін өмірінің ақырында бұған да құдай дес беріп, өлсе де дыбысын шығармай, тістеніп өлейін деген ғой», – деп ойлағанша болмады, Судыр Ахмет бұтындағы дамбалдың ауын толтырып, жаман иісті мұңкітіп жіберіп еді.

Кәлен бетін бұрып:

– Ту, хайуан! – деді де, Судыр Ахметті басынан асыра жоғары көтеріп, анадай жерге тері тулақтай лақтырып жіберді.

Анау есінен танып, талып түсті. Бір жан қасына барып басын сүйемеді. Тек Бибіжамал ит те болса балалардың әкесі ғой деп, бір қолымен мұрнын басып жүріп үсті-басын жуып, аузына су тамызды.

Қазір ел ішінен біреуді біреу табу қиын. Жігіттерді майданға алатын болғалы ер-азамат үлкен әбігерде. Жастар жағы осы ыссыда аттарын сабылтып, ауыл мен ауылдың арасында жүйткіп жосып жүрген-ді.

Кәлен атын Сүйеу қарттың үйінің белдеуіне байлап жатып, ауыл тірлігіне көз салды: өрістен мал келетін күндегі дағдылы кез болған соң ауыл ішінің қазіргі қимылы, әсіресе қауырт екен. Қатын, бала қозы, лағын көгендеп, бота, бұзауын қуалап әбігер. Ботааш тауының биік тұмсығын ықтай қонған ауылдың үсті у-шу, азан-қазан. Сүйеу қарт та ат үстінде жүргесін, Кәлен оның кемпірімен амандасып төрге шықты. Сосын үй ішіне көз салып отырып:

– Шеше, Еламанның баласы қайда? – деп сұрады.

– Қарағым, қорықпай-ақ қой. Бала тірі. Атасының тымағында жатыр.

Күніне толмай, шала туған баланы он айға дейін тымаққа салып, керегенің шұнақ басына іліп қоятын ескі ауылдың ежелгі ырымы болатын. Кәлен амандық-саулық сұрап отырып, ағаш төсек тұсындағы керегенің шұнақ басында ілулі тұрған сеңсең тымақтан көзін айырмады.

– Келе бермейтін бала едің, отырып ас-су ішіп кет.

– Рақмет. Асығыспын. Ағарғаннан ауыз тигізсеңіз болады.

Кәлен ат соғып, шөлдеп келген-ді. Жылы ағарғанды мейірі қанып іше алмай, бір-екі ұрттады да қайырып берді. Сонан соң өзінің ештеңеден тартынбайтын мінезіне басып, Тәңірбергеннің Ақбаланы алып қашқанын айтты да, кереге басындағы тымақты алды. Талай бастың шайыры сіңген ескі тымақ ішінде қара тер боп танау қағып жатқан

сәбиді көргенде, аяныш қысқан жүрегі дірілдеп кетті. «О, пақыр!...» – деді ішінен. Сосын баланың жалындаған ыстық маңдайынан сүйді де, тымағымен көтеріп апарып кереуетке жатқызды.

Кемпір Кәленнің қалай кеткенін байқаған жоқ. Қайырып берген зеренді де алмай, ұршық ұстаған қолы тізесіне түсіп отырып қалған-ды. Ертеңіне Сүйеу келді. Шалының ашулы түрін байқаған кемпір аяғын ұшынан басып жүріп үй ішінің оны-пұны шаруасын істеді. Ол кеткеннен бері баланың әлсіреп қалғанын да айта алмады. Ақбаланы тіпті тілінің ұшына алған жоқ. Сүйеу қарт балаларының ішінде осы қызын өлердей жақсы көретін. Еламан айдалғалы оның орнын құлатпай, баласын бағып, артын күтіп отырғанына тіпті ырза еді. «Менен ұл туған жоқ... тек, осы қызым... Ақбалам...» – деп, үйде де, түзде де көлденең көк аттының бәріне мақтанатын. Жұртқа намысын қолдан бермейтін ызақор, ашушаң шал ел ішінде қайда бағы өрлеп тұрған кісілермен ұстасатын. Соған бағып, ол Құдаймендемен де бірде араз, бірде текетірес дұрдараз жүрген-ді. Енді көрмейсің бе... қызы құрғырдың қарт әкенің өмір бақи оты-суы қосылмай жүрген бай ауылдың жас мырзасына қатын үстіне шыққанын қайтерсің?! Бұны естісе... аршыл шал ызадан жарылып кетер... Кемпір бата алмады.

Үй іші оңаша. Дала шыжғырып тұр. Қозы, лақ үй іргесінен көлеңке іздеп, топырлап жүгіріп кеп, үйге сүйкенді. Ірге тұрулі. Аңызак аптап шарпып бетке соғады. Кейде жынша ойнап, кереге көгінде ызылдайды. Сүйеу төрде. Тіп-тік боп шаншылып алған. Ай татырда, ін аузында шаншылған саршұнақтай. Үстінде ақ бөз дамбал. Ақ бөз көйлек. Өзі де қан-сөлсіз арық. Және аппақ. Сақал-шашы да аппақ қудай. Бармағына толтыра салған көк бұйра насыбайды екі танауына кезек апарып

күсілдетіп, құшырлана тартады. Екі көзі жасаурай түсіп, бүтіл беті жыбырлап отыр. Шалының түрінен қаймыққан кемпір көзін тоқтатпай тартып алады.

Сүйеу кісі ажарын танығыш еді. Ол кемпірінің сынық түрін байқады. Және бірдеңе айтқысы келгендей, оқтала түсіп тоқтап қалғанын байқады. Сүйеу жасқаншақ кісілерді жаратпайтын. Кемпіріне суық назарын шұғыл қадап, шытына қарап:

– Әй! Ар жағында түйткіл бірдеңе бар ғой? Ол не? Неге айтпайсың? – деді.

– Бары бар. Бірақ сенің қай жағыңнан шығарын...

– Не дейді? Қай жағысы не?

– Түсінбейтін несі бар? Жалғыз мен бе, осы үйдің бала-шағасы қайтсек көңіліңнен шығамыз деп қыпылдап отырмаймыз ба?

– Ә-ә, солай ма? Ендеше біліп қой, менің көңіліме қарасаң, адамның қай жағын қайтем, бір Алланың жағын ойлап сөйлесендер болды. Бәрін көтерем. Күмілжіме, көңілдегіңді айт. Және, жалтақтамай тура айт!

– Мақұл. Ендеше қуана бер, әлгі елде жоқ, жақсы көретін қызың бар емес пе?! Сол Тәңірбергенге қатын үстіне шығыпты.

Үй іші жым-жырт. Сүйеу қыбыр еткен жоқ. Кемпір қайран. Әншейінде мыршай түлкідей ашушаң, шақар шалдың бұ жолы үндемегеніне ыза болды. Күшпен іркіп келген ашу ананың да ішіне сыймай бара жатқан-ды.

– Мақтаулы қызың... елде жоқ асылың ғой өзіңнің – деп, шалдың ашуын өзі шымшылағандай болды.

Сүйеу қарт бұған да тұтанбады. Ол тек шириғып:

– Не оттап отырсың?! Құдайдың бергені де. Мен оны қайбір Хауа ана, Адам атадан тандап алды дейсің?! – деді. Кемпір қарсы дау айтпады. Сыртқа шықты. Үйге

кірді. Онан сыртқа қайта шығып үй іргесінде ойнақ сап жүрген көрші үйлердің қозы-лағын қуалап, әрі айдап салды да, кайтып келді. Шалына көз қиығын тастап еді. Сүйеу әлі қозғалмапты. Көз алабы қызыл. Жанарында суық ұшқын бар. Жотасы көтеріңкі болса да, бірақ есесіне жұқалтаң қырғыш мұрнының қос танауы қусырылып, шыңылтырланып кетіпті. Тура алдына тесіле қарап отырған аппақ қудай шал ішке кірген кемпіріне жалт етіп, оскырына қарады:

– О несі-әй? Ол не дегені-әй? Бір жыл болмай жатып, күйеусірей қалса, мен қайтпек екем? – деп, ащы даусы шаңқылдап, үзіп-үзіп сөйледі. Ашу емес. Соның бәрі жүрегін кернеп бара жатқан іштегі реніш, ыза, күйік секілді еді. Кенет ақ кірпік серпіліп, қызыл жиек, ашулы көз от басында жатқан тері тулаққа отыра берген кемпірге үнсіз тесіліп, жеп жібере жаздады. Бір кезде тағы шаңқ етіп: – О несі-әй? Маған айтқаны несі-әй? Күйлеген қаншықтың арлан ертпеген күні бар ма? Оны маған айтқаны несі? Ол несі-әй? Пайғамбар жасына келгенде мен енді қолыма аса алып, күйлеген қаншықтың соңындағы қай арланды қуам?.. Қайсыбірін қуам?.. Әлі жүні түспеген, жабағы құйрық төбеттерді қуам ба? О несі-әй? Әй, сен қақтастың бұл қай қорлығың, а? – деп атып түрегелді.

Кемпір қозғалған жоқ. Теке сақал, ақ кірпік, қызыл көз шал талай көрген жауы. Әлгіден кейін Сүйеу қарт кереге басындағы қамшыны ала салды да, былқ етпей ұршығын иіріп отыра берген кемпірдің шашын білегіне орап-орап алды да, бортылдата жөнелді. Кемпір ұршық ұстаған қолымен бетін көлегейлеп, әлсіз қорғанып:

– Ау, енді қойсаңшы – деп, ренішсіз, дықсыз, ақырын ескертті.

Сүйеу бұрын бір-екі қамшы сілтегесін қоятын. Бұ

жолы тоқтамады. Қайта, кемпірдің сабырлы қалпы шамына тиді ме, жындана түсіп еді, кемпір ұшып тұрып шалының қолындағы қамшыны оп-оңай жұлып алды да, түрулі тұрған есіктен сыртқа лақтырып жіберді.

– Болды ғой енді! Қайратың тасып бара жатса, бар, ана қызыңды... елден шыққан жүзіқараны тыйып ал!

Қанша қорғаласа да, қамшы ұшы жаңа кемпірдің бетіне тиіп, қанталата осып кеткен екен. Соны көргесін Сүйеу қарт бұрылып кетті. Енді қайтып үндемеді. Түйе жүн шекпенін жамылды да, іргеге қарап бүк түсіп жатып қалды.

* * *

Кәлен қырда айналмады. Жағаға қайтып келе жатып, жолшыбай болған ауылдың бәрінде де қатын-баладан басқа бір жан кездеспеді. Ел ұлтаны боп есептелетін Торжымбай, Быламық, Андағұл-Бадық, Ақтеке, Жәдікке қараған рулардың ер-азаматтары тегіс атқа қоныпты. Осы өңірдің көп жігіті Ақшиліде отырған Ожар Оспан аулына ағылып, ақ патшаға жігіт бермейміз деп күпілдесіп жатыр екен. «Сорлылар... Ожардан не опа табам дейді екен? Ол ақ көз, сау болса, орға жығады ғой», – деді Кәлен ішінен.

Таралғысын қанша қысқартса да, сіңірлі ірі тор аттың үстінде үйелмендей боп отырған жылан көз ірі қара кісінің екі аяғы жерге тиіп салақтап келеді. Өзі көңілсіз. Қырдағы ауылда берекет қалмапты. Ер-азаматынан айырылып тұл болғалы тұрған елді көріп, көңілі пәс боп жүдеп қайтты. Кәлен сам жамыраған ақ пен қызыл арасында Бел-Аранның кезіне ілікті. Сол бойда ілгергі жағынан балықшылар аулының жерқазбалары құжынап қоя берді. Байқап келеді: бұл жақта да бар адам дүрлігіп, сыртқа шығып кеткен. Ауыл үсті әбігер. «Тегін болса

жарар еді. Патша жарлығы бұл жаққа да жеткен болды ғой».

Үйреншікті аулын көргесін Кәленнің астындағы алқа бел торы аяғын ыңыластанып, ширақ басты.

Ауылға таңай бергенде, алдынан Рай шықты. Екі езуі екі құлағында. Жүгіріп кеп ат жалына асыла кетті:

– Ел-а-ман ағам...

– Ела-ман?

Рай түк демей күле береді. Кәлен жігіт жүзіндегі жас пен күлкінің қайсысына сенерін білмей, ат үстінен еңкейіп:

– Хабар бар ма? – деп еді.

– Өзі... өзі келді, – деді Рай.

Кәлен тебініп, атты қаттырақ бастырып кеп үйге тұмсығын тірей тоқтады:

– Уа, халайық, қуаныштарың құтты болсын!

– Әумин! Айтқаның келсін! Ішке кір. Әй, жігіттер, ағаларыңа жол беріндер!

– Жоқ, жоқ, әуелі көрімдік берсін!

– Кәлен аға, көрімдік! Көрімдік бермесен, көрсетпейміз.

Жұрт былайғы кезде осы кісіден қаймығатынын ұмытып кетті. Кәленді аттан түсірмей, бірі шалғайға, бірі жеңіне, бірі қолына жабысып көп дүрмек үйме-жүйме болды да қалды. Сары шілденің қазіргідей қайнаған ыстығында жолға шыққан қыр қазағының күн өтпесін дегенде қабаттап қалың киінетін әдеті. Кәленнің де үстінде белін қайыс белбеумен шарт буып алған күпі. Басында елтірі тымақ. Аяғында биік қоныш етік. Қанша кісі жабылса да қозғалмай, қайта жиын арасына түскенде батыр тұлғасы біртүрлі іріленіп, айдыны шыға түсіпті.

– Әй, жігіттер, көрімдікке не берем? Атым болса, бір ауыз сөзге келмей түсіп берер едім. Үстімде асыл ша-

паным болса, шешіп берер едім. Менде оның бірі жоқ.
Мына мәстек майын сұрап мінгем, біреудікі.

– Кәлен аға, аттың да, шапанның да керегі жоқ. Өзің жақсы көретін бір әнінді айтсаң жетіп жатыр.

– Ие, айт. Көрімдіктің қармысын өлеңмен қайыр. Кәлен айтқысы келген кезде қолқалатып сұратпайтынды. Бұ жолы да үйдегі-тыстағы жұрттың тегіс тына қалғанын байқады да, өзінің кең тынысты зор даусымен «Сарыны» шырқады.

Аяқты басар Тарлан екіленіп,
Қонаға жем сұрайды мекіреніп.
Шабыстан қажымайтын жануарым,
Арбаның белағашы секілденіп.
Шідерім күдеріден күміс тиек,
Бір малсың шөп жемейтін төре сүйек.
Көк тер қып шауып келіп байлай салсаң,
Тұрушы ең иегіңді үйге сүйеп.
Тарлан ат, бас аяғың ұрынбай-ақ,
Салбырап төбе шашың тұлымдай-ақ.
Жем беріп, сауырыңды сипап тұрсам,
Албарда ойнаушы едің құлындай-ақ...

Кәлен даусын осы қазір өзі армандаған құлын мінез аттың еркелігіне сап, әдеттегіден гөрі көмейінде ұзағырақ шырқау биікке шығандатып апарды да, аяқ астынан кілт үзді. Кәленнің даусын көптен есітпеген балықшылар үнемі іштерінен ынтығып тосып жүретін. Ол даусын кілт үзгесін де, ән баурап алған жұрт қыбыр етпеді. Рай қасындағы біреудің қолын қысып, қыбыр етпей қатып қапты. Ән үзілгенде демін бір-ақ алды.

– Әттең, қыз болсам, мен тек Кәлен ағаға ғашық болар едім!

Іштегілер Кәленнің келгенін әннен білді; ән тоқтаған бойда бәрі бірден дүрк көтеріліп тұрып кетті. Сыртқа

шыққалы есікке беттей бергенде, ар жақтан жолында тұрған кісілерді омыраулап Кәленнің өзі ұмтылып келе жатты. Тертедей ұзын аяғы ерең-сереңдеп аннан-саннан бір басып келді де, орнынан көтеріле берген Еламанды аяғына тұрам дегенше, отырған жерінде бас салды.

– Қайтсін, сағынған ғой, – деді кемпір-шалдар көңілі босап.

Кәлен құшағын тез жазды. Мөңкемен қатар қақ төрде отырған Еламанға бұрылып, бас-аяғына көз салды. Еламанның үстінде тептік көйлек. Аяғында қисық табан жайын ауыз бәтеңке. Сақал-шаш өскен. Жел қаққан жүдеу беті қауқайып, осы отырған кісілерден өзгешелеу көрінді.

– Жұрт сені өлді деп дұғасына кіргізіп жүр еді. Өзің о дүниеден келгеннен саумысың?.. – деді Кәлен күліп.

– Келсе несі бар?! О дүние орыстың түрмесіндей-ақ болар – деп, әзілге орай Еламан да күліп жауап берді.

– Адам шіркін ит жанды ғой, басқа түскесін тозаққа да көнеді.

– Тозақты о дүниеден іздеудің қажеті жоқ. Нағыз тозақ – орыстың түрмесі.

Кемпір-шалдар жағы күрсінді.

– Кәне, жөніңді ұқтыршы, сені өздері босатты ма? – деді Кәлен.

– Жоқ, қашып шықтым.

– Бәсе, қолға түскесін босататын ба еді?! Сен қай жерлерде болдың?

– Шалқардан айдағасын бізді Жаманқалаға апарды.

– Жаманқалаң... Ау, ау, Еламанжан-ау, ол өзіміздің Ясылда астық әкеліп жүрген жеріміз ғой?..

Үй лық толы. Сырттан кісі кірген сайын жерқазбаның жаман есігі сықыр-сықыр. Аласа үйдің ауасы әп-сәтте ауырлап, балықтың шырышы, тер сіңген киімнің күлімсі иісі

қолқа ата бастады. Төрде отырғандар есік жақтағыларға «үйді пысынатпай, сыртқа шығындар» – деп еді; оған ешкім селт етпеді. Еламан есік жақта сығылысқандардың көбін танымады. Сүйтсе, өткен жылғы жұтта малын қырып алып, басқа күнкөріс таппағасын қырдан көшіп кеп, балықшылық кәсіпке кіріскен кірмелер екен.

– Шай келеді... Жол беріндер!

Еламан шөлдеп отыр еді, соған қарамастан шайға зауқы шаппады. Үй ішіндегі әңгімеге ыңыласты. Бағана үй ішіндегілердің арасынан көзімен іздеп, сырттағы сәл дыбысқа да елең етіп құлағын тіге қап, дегбірі қалмай отырған-ды. Енді қазір қауқылдап сөйлеп, қарқылдап күлген көңілді кісілердің арасында ештеңеге көңілі селт етпей, сазарып отыр. «Мүмкін, жалғыз тұру қиын болғасын әкесінің үйіне... жоқ, жоқ, әкесінің үйіне кетсе, мыналар мұнша қиналмас еді ғой. Иә, қиналмас еді... ал мыналар шынымен қиналып отыр...»

Күдігін анықтағысы келгендей, Еламан қасында отырған кісілердің әрқайсысына бір қарады. Бірақ мыналар беті күйгендей, Еламанға тура қарай алмай, жанарын алып қаша берді. Басқаны қойғанда, жан баласынан жүзі ықпайтын Кәлен де бұл білмейтін бір сырды ішіне бүгіп бітеуленіп апты. «Тегін болмас», – деді Еламан ішінен.

– Қырдағы ауылдар қалай екен?

Қарт балықшы Кәленге қарап тіл қатса да, көз қиығы Еламанда.

– Оларда да береке қалмапты. Байлар жағы болмаса, былайғы халықта басы бүтін үй аз.

– «Жыртық үйдің құдайы бар». Қайта, құдай оңдап әзір біз аман отырмыз, – деді Дос.

– Қой, Дос! Шанышқыдан жырылған балықтай жалғыз сенің амандығыңның рахаты қанша?... – деді Кәлен.

Осы екеуінің көптен қырбай жүргенін байқайтын Мөңке тілге кеп қала ма деп қорқып еді. Шынында да, дөкір мінезді Дос дүңк етті:

– Жұртты қайтем?! Өзімнің басымның амандығы керек. – Бір бүліктің басталатынын байқаған қарт балықшы алдын алғысы келді ме, әлде абыржып сасып отырып ертеден бері ыңғайын таба алмай қойған әңгімені қалай бастап жібергенін өзі де байқамай қалып еді:

– Еламан қарағым... – деді оған өз қолымен кесесін алып беріп жатып.

Еламан кесеге созған қолының қалтырап кеткенін байқады. Бір қолымен ұстаса түсіріп алатындай, өзіне ұсынған кесені қос қолымен ұстады. Қарт балықшының бастауын бастаса да, бірақ ар жағын айта алмай, күрмеліп қалғаны Судыр Ахметке ұнамады. Еламан ертеден жүрегі сезіп отырған сұмдықты басқа емес, осы жолы тап осы кісінің өз аузынан есітетінін білді де, қыбыр етпеді. Демі де тоқтап қалғандай.

Үй іші жым-жырт. Сырттан қатты қайнатып әкелген жез самауыр ғана ентігін баса алмай быжылдап тұр.

– Еламан қарағым... – дей түсті де, қарт балықшы тағы тоқтады. Сосын: – Айналайын-ай, сен кеткенде артыңда үмітіңді ұстап қалған үйің... иә, үйің бар еді... – деп еді.

Еламан қос қолымен тас қып ұстаған кесе енді бір қысса сынатындай сықыр-сықыр етті.

– Сен де темір тордан босаған құстай ұяңа ұшып келгенде... Әттең, дариға-ай... – деп, көмейі жасқа булығып тоқтап қалды.

Судыр Ахмет алғашқыда сытылып шығып кеткісі кеп еді, бірақ қарт балықшының сөз іләмінен қазір бір қызықтың боларын білді. Ұры көз жылтындап үй толы кісілердің арасынан Еламан мен Кәленге алма-кезек

қарап... шыдамы әбден таусылғанда, сөзге өзі араласқысы кеп қозғалақтай бастап еді, Мөңке тоқтағанда қуанып кетті.

– Әй! Әй, Мөңке, көлгектейтін не бар?! Көмейінді буып, қылғынып сөйлеуінді қой. Әйел – ауыр қаза емес. О, тәйірі, қырдан емес, теңіз жағасында таңдаулы қатын қазір мықты бір қараның пұлынан аспайды.

Еламан уысындағы қос қолдап қысып алған кесенің сықырлап сынып бара жатқанын сезбеді.

– Ойбай-ау, бұрынғылар біліп айтқан ғой. Бұл әйел жеті дұспанның бірі ғой. Ер жігітке опа берген бе? Ау! Ау, Еламанжан-ау, Ақбала да опасыз боп шықты ғой. Сен кеткесін...

Судыр Ахмет Кәленнен бір пәле күткендей кілт тоқтай қап, көзінің қиығын қорқақтап тастап еді. Кәлен осы әңгімені қайта Судыр Ахметтің айтқанын калап отырған сияқты. Судыр Ахмет соны байқағасын:

– Құрысын, айтатыны жоқ. Тәңірбергенмен ыржалақтасып жүрді де, ақыры бір түнде тайып тұрды – деп еді, Еламанның уысындағы кесе күтір етті. Алақанына төгілген ыссы шайды да сезген жоқ.

– Еламанжан, қиналма. Саған әйелді өзім алып берем. Көре қал, сол сайқалдың әкесіндей әйел тауып бермесем бе...

– Өй, қырт, шық үйден! – деді Кәлен ақырып. Судыр Ахмет Кәленнің қатты бұзылған түрін таныды да, жым бола қап, үй толы кісілердің арасымен жылысып кетіп бара жатып та қашан есіктен шыққанша бұжыр қара кісіден көз қиығын алмады.

Осы кезде сыртта әлдекім балықшылар аулының итін шулатып шауып кеп, атын есік алдына мінбелете тоқтады. Іштен шыға берген Судыр Ахметті басатындай атын омыраулатып кимелеп бара жатты.

– Ау, көзіңе қара! Қырасың ба?
– Бұл ауылдың ер-азаматтары қайда?
– Е, мені әйел деп кім айтып еді?
– Қыршаңқысын мұның. Балықшылар қайда деп тұрмын...

– Е, немене... балықшыдан басқа кісі кісі емес пе?
– Әй, қырт...
– Өзің қырт! Сен... Сен қара сақалды, киіз кереңапты *қырт*сың. Ызам ішіме сыймай, қара тырнағыма дейін күйіп тұрсам, ойбай-ау, бұның... бұл жаманның басынып... Ойбай! Ойбай, өлдім... өлтірді...

Іштегілер бір-біріне қарады. Қара сақалды, киіз кереңапты кісіні Қабырға болысына қарасты ел жақсы білетін. Әсіресе, дәл қазіргідей бүліншілік кезде бұл кісінің жақсылықпен жүрмегенін білді.

Судыр Ахмет шар ете қалғанда есікке жақын тұрған Рай сыртқа атып шыққан-ды. Судыр Ахмет ат аяғының астында ала құрттай жиырылып жатыр. Қара сақалды оған қайта-қайта шүйлігіп, қамшысын үйіріп төніп қалған екен. Рай қамшыға қарсы ұмтылып, қара сақалдының қолына жармасты:

– Ақсақал, бұның жарамайды...
– Жібер қолымды.
– Кісіні жазықсыз зәбірлеме.
– Әй, бала... сенің атың Рай ғой осы?
– Иә, Рай...
– Ендеше, патша қызметіне баратын жеті жігіттің бірі боп тізімге іліктің. Бар, әзірлен...

Іштегілер сыртқа жүгіре шықты. Рай жөніндегі әмірді анық есіткен-ді. Қалған алты жігіттің кімдер екенін сұрауға бата алмады. Сұрай қалса, мына киіз кереңаптың аузынан әркім өз атын есітетіндей сезіп, суық үрей жүрекке шауып еді. Қалған алты жігітті атшабардың

өзі атап берді. Балықшылар ес жиям дегенше атшабар «әзірлене беріңдер!» деп әмір етті де, аттың басын бұрып ап келген жағына құйындатып шаба жөнелді.

Еламан, Кәлен, Мөңке қозғалмай отырып қалған-ды. Атшабар кеткесін балықшылар ішке қайта кірді.

– Өлгі ит азғантай қуанышымызды да улап кетті-ау, – деді Мөңке.

– Оның қолында не тұр?! Болыстың жетегіндегі қарғылы төбет қой ол. Болыс «айт» десе, арс етіп шалғайыңнан ала кетеді.

– Қалай кемітсең де, сізге сол жаманның да әлі жетіп жатыр! Тыныш отырған аулыңды жау тигендей етті де кетті, әне!

Есік жақта отырған бір қария кенет зарлап қоя берді:

– Апыр-ай, енді қайттік? Ендігі күндерің не болады? – Жауап күткендей ол әркімге бір қарады. Ешкім үндемеді. Бұның өзіндей олардың да дәрменсіз екенін білді де, қария өкіріп жылап жіберді. Оны ешкім жұбатпады. Кәлен былайғы кезде басына қандай іс түскенде де босаңсыған кісіні жақтырмай, жекіріп тастаушы еді; бұ жолы үнсіз. Қария жасын әзер тыйды. Қолымен жер тіреп, ілгері таман жылжып келді де, Еламанның алдына тізе бүкті:

– Шырағым, жас та болсаң осы ауылға бас едің. Кәрі кісі де бір, кәріп кісі де бір. Қысылғанда өздеріңе қол созамыз. Ер-азаматыңды қозыдай көгендеп әкетуге қарады. Бұған не істейміз?

Еламан қарияны қинаған сауалға қалғандары да жауап күтіп отырғанын байқады. Көріне келген ажалдай, патша жарлығы да бір жан араша тұра алмайтын ауыр нәубет. Оған не деп жауап береді. Рас, ол түрмеден қашып келе жатқанда жолшыбай талай елдің патшаға жігіт бермейміз деп қаруланып жатқанын көрді. Айрықша, мына Шалқар, Ырғыз, Торғай маңының қазақтары...

– Әй, балам, еңсенді көтер! Халық жөн таба алмай, торығып тұр ғой, – деді қария оның үндей қоймағанын ұнатпай. «Жөн тауып беретін кісіні тапқан екенсің», – деді Еламан ішінен. Еламан өзінен жауап күтіп отырған кісілерге көзінің қарашығы ауырлап, сабырлы салмақпен қарады:

– Өздеріңнен артық мен не білем?.. Бар білгенім: патша жарлығы бір біз емес, барша халыққа тегіс көрінеді. Қай жерде де халық наразы...

– Е, мынау бір жақсы лепес қой...

– Бәсе, бұға бермей, ендігі жерде халық та халықтығын істер.

– Бүкіл халық көтерілсе, бәлкім, патша бата алмас. – Халыққа Еламанның аузынан шыққан жаңағы хабар желеу беріп, жан-жақтан дабырлап, делебелері қозып бара жатты. Соны байқаған Кәлен:

– Ей, Еламан, алдыңда тұрған мына өндірдей жігіттерді көремісің?! Ертеңгі күні бұларды қатынбалаларының алдында өз қолыңмен қозыдай көгендеп бергенше, нар тәуекел деп алысып өлсек қайтеді? Тым кұрыса, басқа болмаса да, ана Қаратаздан кегімізді алар едік қой.

Қызба жігіттер Кәленнің сөзіне көтеріліп кетті. Кейбір ақ көз есерлері қолма-қол қаруға шақырып:

– Кәлен аға, Еламан аға, бізді бастаңдаршы – деп, еліріп бара жатыр еді, Кәлен ақырып тыйып тастады да, тағы да ішін ашпай үнсіз тұрған Еламанға қарады:

– Қырдағы ауылдарды көріп келдім. Бір адам айқайлап шықса, бәрі көтерілгелі тұр. Тайсақтайтын түгі қалмады...

– Солай шығар, бірақ, Кәлен аға-ау, біз бәріміз де қара жаяу емеспіз бе? Жаяу жүріп, кімге қайрат қыламыз?!

Желігіп тұрған жігіттер жым болды да, үн-түнсіз үйді-

үйіне тарай бастады. Кәлен мен Еламан ғана қозғалмай, әрқайсысы өз ойымен оңашаланып, тұрып қалды.

* * *

Бұл күндері Райдың көңілін делбемек болған балықшылар оны қолдан-қолға тигізбей кезек-кезек шақырып, қонақ қылуда. Бірге өскен қатар құрбы оны қатерлі жолға қимай, іштерінен тынып қиналса, ал жақсы көретін жеңгелер кездесе қалса кемсеңдеп қол береді. Ондайда Рай әзілге шаптырып:

– Қайта солдаттықтың өзі артық па деп қалам. Көрмейсің бе, ұзатылатын қыздай бұл ауылға бағым асып тұр, – деді күліп.

Бүгін оны Мөңке шақырып еді; осыған дейін уайым-қайғыны бойына дарытпай, жұрт алдында жарқылдап жүрсе де, қарт балықшының үйіне келгесін өзін ұстай алмады. Әсіресе, сіндісіне қатты ұқсайтын Әлизаны көргенде, Бөбек есіне түсті. Іргеде сүйеулі тұрған домбыраны қолына алып шерлі көңілге жұбаныш іздегендей, жалғыз ішекті шертіп тыңқылдатып отырған. Ас жабдығымен үйге кіріп-шығып жүрген Әлиза үйге ашық тұрған есіктен енді бірде еңкейіп кіре берді де, қалшиып тұра қалды. Жаңа ғана сыңарын жоғалтқандай жалғыз ішектегі жарымжан тыңқыл сап боп тыйылыпты да, оның есесіне енді қос ішек қосыла үн қосып еңіреп жатыр екен. Және мынау сорлы сіндісінің сүйіп айтатын әні – «О, қарғам, сен қайтесің мен дегенде?..» Осы бір шерлі саз Райдың қолындағы домбыраның қос ішегінен үзілмей, жұлын-жүйкесін үзіп барады. Бұ да өзінің өзегін өртеген арманды айтып жеткізе алмай, мұңын домбыраға шағып, жасқа толы көзі бұлдырап отыр!

Алдына ас келгесін, Рай домбыраны іргеге сүйеді.

– Ай, Мөңке аға-ай! Бұл өмір кімге опа берген?! Басы жұмыр пендеде күңіренбей өткен, жүрегі бүтін кім бар дейсің?

Көңілі босап, көз жасына ие бола алмай бара жатқасын Әлиза түрегеп өрешеге кіріп кетті. Алдына қойған асты бір адам татып алған жоқ.

Сол үстіне Кәлен келді.

– Рай, шырағым, бүгін кешке бізде боларсың. – Кәлен кеше шақырмақ болған еді, бірақ кеше қонақасыға лайық ештеңе болмағасын бүгінге қалдырған болатын. Қонақасының ретін әйелі бағана құлаққағыс қылғанда, Кәлен оған:

– Ауға балық түскен шығар?! – деп онша саса қоймаған.

– Қайдам... суға сену қиын ғой.

– Әй, қатын, қара аспанды қапылтпа! Асым болмаса пейіліммен риза қылам. Өзіне келістіріп тұрып Сарының әнін шырқап берем, – деген еді де, Кәлен қос ескекті қолтығына тығып теңізге тартып еді. Қашанда тыныштықты ойлайтын қарт балықшы бұған: «Орыстардың қытығына тиіп қайтесің, өздерінің қызғыштай қорып отырған жері ғой?» дегеніне қарамай, Кәлен кеше ауды балығы көп запретке салған-ды.

– Қате істедің ғой, – деген Мөңке.

– Ау, бұл «қарашекпеннің байы» қазып шығарған теңіз емес, құдай берген әммеге ортақ теңіз емес пе? Сонан келе таңдаған жерін Темірке алып, тастағаны бізге тиетіні не? Жоқ, жетер осы! Қашанғы ез боп, есек боп өтеміз?! Есек те «ық-қ!» деп, иығына шұқи берсе, мөңкуші еді ғой – деп, Кәлен осындайда алды-артын ойламайтын өзінің ежелгі ақ көз ерлігіне басып кеткен. Жағаға келсе... бүтіл балықшы теңіз үстінде жүр екен. Жел жоқ. Аспан ашық. Теңіз шырадай тымық. Ақ шағалалар мен өгіз шағалалар

қанаты сатырлап қаптап жүр. Айрықша, өгіз шағалалар балыққа құныққан, қомағай. Қанат қағысы да сөлекет. Өңменін салып, өңкілдеп ұшып кеп, ау қарап жатқан балықшының тас төбесіне төніп, аса бір сұғанақтықпен мойнын төмен созып, үңіле қарап өтеді.

Кәлен қайықты суға салды. Қос ескекті малшылап, ақырын есіп келе жатқан. Кенет әлдекімнің:

– Ана қара!.. Курнос Иванды қара! – деген даусын есітті. Бірақ оны елең еткен жоқ. Жалпақ табан қара қайықтың тұмсығын кішігірім қопаққа тірей тоқтады да, қос ескекті қайықтың кенеріне сүйей салды. Сосын тез еңкейіп аудың құлағын ұстады. Ау көзі балықтан құр емес, сірелеп басып қапты. Дені сазан. Қаракөз бен айнакөздер де қыз өңіріне қадаған күміс теңгедей жылтылдайды.

Кәлен ау көзінен балықтарды бір-бірлеп алып жатып, көз қиығын кейінгі жаққа тастап еді; Курнос Иван жеңіл ақ қайықтың қарағұсын бұған туралап, жостырып есіп келеді екен. «Мына әумесер қайтеді?» – деді Кәлен ішінен.

Курнос Иван есіп келе жатып бұған бұрылып қарап қояды. Кәлен де көз қиығын онан айырған жоқ. Курнос Иван биыл көп балықты шірітіп алғасын біраз уақыт дүниеден баз кешкендей боп беті ауған жаққа қаңғып кеткен-ді, сонан ол азып-тозып оралған еді де, татар байына жалынып-жалбарынып жұмысқа орналасқан еді. Бұл күнде ол мүлде өзгерген. Бұрынғыдай қазақтарға іш тартқансып, жылмаңдап тұрмайды. Әсіресе, Кәлен мен Мөңкеге қаны қатып алған. Ерегіссе морт кететін о жар. Балығы мол жерге жақындасаң, ауыңды тартып алады. Қарсы дау айта бастасаң, о да дереу қаһарға мініп, қара әйнек астынан үрей туғыза суық жымиып тұрғаны. Оны балықшылар әзірейілдей көретін.

Сол әзірейіл Кәленге түйіліп келе жатыр. Астындағы жеңіл ақ қайық тұмсығымен суды тіліп, жостыртып келді де, бұның қайығымен қатарласты. Курнос Иван ай-шайға карамай, шап беріп Кәленнің қолындағы ауға жармасты.

– Әй, тамыр... Тиме!

Курнос Иван жыр демей, Кәленнің қолындағы ауды білегіне орап-орап алды да, бар күшімен тартып қап еді, Кәленнің қайығы шайқалақтап қалса да, бірақ өзі былқ етпеді. Қайта білегіне орап алған кендір жіп Курнос Иванның алақанын осып, терісін сыдырып кетті.

– Тиме дедім ғой, тамыр, – деді Кәлен.

Курнос Иван мына қара бұжыр кісіні күшпен ала алмасын білді де, ауды тастай сала қос ауыз мылтыққа жармасты. Бірақ оған кезеуге келтірмей, Кәлен мылтықты өзінен тайдыра қағып жіберді де, енді бір қимылмен ананың қолынан оп-оңай жұлып алды.

Кәлен де анық жаулыққа басқан еді. Соны байқаған кәржік мұрын қара орыс:

– Әй, батыр, қой! Қой енді, – деп еді, Кәлен құлағына да ілмеді. Оның ендігі қимылына көз ілеспеді. Тіпті ес жиюға келтірмей, ананы бас салып өз қайығына оп-оңай көтеріп алды. Табанын жерге тигізбей, басынан асыра жоғары көтерген бойы шайқалақтап тұрған қайықтың қарағұсына апарды да, қол созымдай жердегі камыс қопакқа атып жіберді. Небәрі киіз үйдің аумағындай шірік қопаң табан тіреуге келмей, Курнос Иван су түбіне салмағымен батып бара жатты.

– Құтқарыңдар! Ағатайлар, құтқарыңдар – деп, жан даусы шыға шырқырады.

Кәлен оның қайығын өзіне қосарға алды да, қос ескекті ақырын есіп ұзай берді.

– Қонақты қайттік? – деді Жамал балыққа кеткен күйеуінің құр қол келгенін көріп.

– Қатын, сөзді қой! Тез барып Еламан мен Мөңкені шақырып кел!

– Тыныштық па?

– Бар дедім ғой!

Жамал бір сұмдықтың болғанын білді де, жүгіре жөнелді. Кідірмей Еламан мен Мөңке келді. Кәлен оларды күліп қарсы алды:

– Осы елдің бір тентегі баяғыда: «Істеп салдым бір істі, Алла оңғарсын бұл істі», – деген екен. Бір істі мен де істеп кеп отырмын.

– Қате істеген екенсің, – деді Мөңке қынжылып. Кәлен бұндайда қиналғанды жаратпайтын. Еламан оған қайрат бергеннен басқа амалдың қалмағанын білді. Курнос Иван суға кетті ме? Әлде біреу-міреу құтқарды ма? Қайсысы болса да, оның артында жоқтаушысы бар. Онысыз да осы күні Құдайменде, Тәңірберген, Теміркелер балықшылар аулын қырына қалай аларын білмей, сылтау іздеп жүрген-ді.

– Бір сыласы болғанша қамыс арасына тығыла тұрғаның мақұл, – деді Еламан шамына тимей, ақырын ескертіп.

Кәлен мақұл көрді. Сонысы жөн болды. Кәлен кеткен бойда жар басындағы балықшылар аулына Курнос Иван бастаған бір топ кісі келді. Су жұтып өлуге қарағанда оны балықшылар құтқарып алған екен. Үстіне баса-көктеп кіріп келген қарулы кісілерді көрсе де отырған орнынан қозғала қоймаған Кәленнің қатынын Курнос Иван теуіп жіберді:

– Күйеуің қайда?

– Тарт аяғыңды. Мен Кәленге қатын болсам да, саған қатын емеспін.

– Қарай ғой бұны. А ну-ка... Ну-у, күйеуің қайда?

– Күйеуім қайда жүретінін қатынымен ақылдаспайды.

– Ах, так?!

– Не дейді мына кәржік мұрын ақымақ?

Курнос Иван қатынды шаштан алып сүйрей бергенде, сыртта бір топ кісі топырлап кіріп келіп еді.

– Тарт қолыңды!

Курнос Иван бұрылып қарамаса да, ту сыртынан шыққан мына дауысты таныды. Білегіне орап алған әйелдің шашын жібере қоймаса да, қатты бетінен қайтып қалғандай. Өзімен иық тіресе тоқтаған ірі денелі кісіге, бұ да бөрі айбатын алдырмай, ақырын бұрылды.

– Мен қылмысты кісіні іздеп жүрмін. Сен бұл араға араласпа.

– Қылмысты кім, қылмыссыз кім, ол бір құдайға аян.

– Қазақтың жақсы мақалы бар еді? Қалай еді? «Тышқан інге кіре алмай жүріп құйрығына қалжуыр байлап алады» деуші ме еді осы?

– Онымен не айтпақсың?

– Айтқым келгенін айттым. Өзгенің жөнін жөндеп қайтесің, сен, асылы, өз басыңның амандығын ойла.

Онсыз да зығыры қайнаған Еламан тап осы арада, тап осы қазір мына кәржік мұрын қара орысты жығып салып қызыл жон қылып сабағысы кеп кетті.

– Сенің жайыңды білем. Сен орыс байын өлтірген Еламансың ғой. Жылыңды өтемей түрмеден қашып келіп жүрсің. Абайла, өкіметтің құрығы ұзын...

– Оны көрерміз. Ал қазір менің құрығыма түспей тұрғаныңда шық үйден!

Курнос Иван сырт айбатын алдырғысы келмесе де, бірақ Еламан шын тіктелгенде шошып кетті. Анада темір сүйменмен Федоровты ұрып жыққанда мына имансыздың түрі дәл осындай болған шығар деп ойлады. Бір жағынан Еламанмен бірге ішке ере кірмей, сыртта, есік алдында тұрып қалған балықшылар да есінен

шыққан жоқ-ты. Курнос Иван кісілеріне қарап, кеттік деп ымдады.

Бұл ауылда аяқ артар көлік жоқ. Ендеше қара жаяу Кәленнің алысқа ұзап кете қоймағаны анық.

– Кәленнің үйінен көз жазбандар, – деп әмір етті де, Курнос Иван қалған жігіттерді ертіп промсолға тартты.

* * *

Үй ішінен төсек салатын ыңғай байқалғасын Еламан тысқа шықты. Қараңғыға көзін үйрете алмай, есіктен аттай бере іркіліп калды. Күн шықпай тұратын кәсіпшіл ауыл әлдеқашан ұйқыға кетіпті. Жерқазбалардың бәрінде де шам сөнген. Еламан төсек салғанша ауыл сыртына шығып, сергіп қайтқанды жөн көрді. Күнұзын кісі-қара көп жиналған қапырық үйде сары жамбас боп езіліп ұзақ отырғандікі ме, сыртқа шыққасын да өз денесін ауырлағандай дел-сал. Аяғын ақырын алып, үй сыртына ұзап барады.

Ай батқан. Күндіз көк жүзін лайлаған сұйық сұрғылт бұлт бірде жауар күннің ажарын танытып, түтіндеп, тас төбеге шоғырлана түссе, енді бірде қырдан соққан қатты жел әп-сәтте дал-дұлын шығарып тұрған-ды. Түнемелікке қарай жел басылыпты. Күндіз Арал өңірінің жынды желі қуалап біткен мазасыз бұлт қазір қайта тұтасып, қорғасындай ауыр салмақпен жылжымай шөгіп апты. Жұлдыздар көрінбеді. Теңіз жақ қап-қара. Алғашқыда Еламан Бел-Аранды да көре алмап еді. Қараңғыға көзі үйренгесін балықшы ауылдың арқа бетінде қысы-жазы қалқан боп жататын шымылдық таудың ауыр тұлғасы түн түбегінен қарауытып қалқып шықты. Онан басқа бір нәрсе көрінбесе де, осы арада туып-өскен жігіт ата қоныстың әр бұтасын өз көкірегінде

тірілтіп, қай жерде не барын жұмулы көзбен де сезіп тұр. Бел-Аранның теңізге тірелген тұмсығынан сәл берегірек құлай берісінде, шамасы, әне бір тұста Талдыбеке сайы, онан гөрі берігіректе Кендірлісай. Ақбауыр да онша қашық емес. Өз аулы... кейінгі жақта, бір қырдың астында қалды. Теңізге төніп тұрған тік жардың дәл ұшар басына мінбелете салған жерқазбаларды шығыс жақ шетінен санағанда үшінші үй өзінікі... Үйленгесін бір жылдай тұрған ыстық ұясы. Әлі есінде: төбесінен тесіп шығарған соқыр терезені кей түні қатты борасында қар басып қап, ертеңіне таң атқанын білмей қалатын. Ондай күндері кеш оянады. Өзі тұрып кеткен төсекте көрпе астында жас балаша қол-аяғын бауырына алып жатқан келіншегінің көңілін көтерем бе деген оймен «мына соқыр иттің алдап соққанын қарашы» деп күлетін. Еламан жерқазбаның есігіне «жылауық» деп ат қойып алды. Кірген-шыққан сайын екі бүктеліп еңкейіп кіріп, еңкейіп шығатын аласа есік, шынында да ашқан сайын бір жері сынып бара жатқандай сықырлап қоя беретін. Есік алдынан көлбей тартқан шымылдық пеш те, әлгі «жылауық есік» те, өз қолымен істеген дүние болғасын ба, өзіне бір түрлі ыстық. Осы қазір өз ұясын еске алғанда көз жанары қараңғыда қаттырақ ұшқындап, жүзі ыстық елесті қия алмай ірке түсті. Жаңа үйленген жас жігіт сол кездері бір түрлі өзгеріп кетті. Қуанышы қойнына сыймай үнемі жарқылдап күліп жүрді. Өмірі шаршамайтын. Күнұзын толқынмен алысып титықтаған кісілер кешкісін, әдетте, үсті-бастары малмандай су боп қайтатын. Осындай кезде оларға жар басындағы жерқазбаларына жету ақырет. Басқа кісілер әлденеше дем алып, ырсылдап шыкса, бұның аяғы жерге тимейтін. Арқасындағы асымдық балықтың да салмағын сезбей, жар басына жүгіріп шығатын. Жаңа түскен жас келіншегін көргенше

көңілі алып-ұшып ынтығып тұратын. Әлдеқашан құлаған ата шаңырағын осы келіншек түскесін қайта көтеріп, ел қатарлы үй болғанына қуанды. Қуаныш үстінде келіншегінің кейбір қытыққа тиер қылықтарын байқамапты. «Жоқ, байқадың», – деді Еламан.

Мұзға ығар алдында, бір күні бұны Дос оңашаға алып шығып: «Әй, шырағым, сенен басқа кісілер де қатын алған. Келінді тым өбектеп кеттің. Басыңа шығарып алма. «Баланы – жастан, қатынды – бастан» дегенді білесің ғой» – деп, бетіне айтқаны қайда?!

Еламан жүрегіне уын жайып бара жатқан ойды үзіп тастады да, ілгері жүріп кетті. Еш нәрсе жөнінде ойлағысы келмеді. Ауыл сыртының оты қашанда қалың. Көк майқара жусан мен қызыл изен дендеп өсетін қалың қауға осыдан қашан күз түсіп, Құдаймендеге қарайтын малды-жанды ауыл жаз жайлаудан қайтқанша тұяқ тимей тұнып тұратын-ды. Еламан қалың қауды кешіп келеді. Ілгері басқан сайын түнгі таза ауада көк майқара жусанның хош иісі жан-жағыңнан аңқып, өзі де соған еліткендей, көзін жұмып, құшырлана дем алып келе жатқан-ды. Көде түбінен бозторғай пыр етті. Андаусызда, аяқ астынан ұшқасын ба, Еламан дір етіп тоқтай қалды да, өзінің осынша шошынғанына күліп қайта жүріп кетті.

Баяғыда, түнде жылқы күзететін. Көзіне ұйқы тіреліп ат үстінде қалғып келе жатқанда көде түбінде қонақтаған бозторғай дәл осылай аяқ астынан пыр ете қалатын. Андаусызда ат үстінен түсіп қала жаздап, ұйқысы шайдай ашылып кететін. Жеті жыл жылқы күзетіпті. Құдай-ау, осы тірлікте өзіне тиер осыдан артық сыбаға болмағаны ма? Жеті жыл... Енді, міне, жеті жігітінді қозыдай көгендеп әкеткелі жатыр. Бірі – өзінің бауырлас інісі. Бейшара баланың көз ашқалы бағы бір жанбады. Көз ашқалы көргені – қиянат, шеккені – зәбір,

жас жанын жаралаумен келеді. Бұл өмірде бұларға басқа сыбаға бұйырмаған ба?

Еламан орынсыз дәмесін мысқылдағандай, мырс етті. Көз ашқалы өздеріне құдды өгей анадай аяушылығы жоқ рахымсыз қатал өмірден қайырым-мейірім күткен, сыбаға талап еткен орынсыз дәмесіне күлді. Құдіретті кісілер өзіңе тиген азғантай сыбағанды да көпсініп аузыңнан қағып әкеткен жоқ па? Сен қосымша сыбаға дәметесің... Мұзға ығар алдында осы өмірден тиген азғантай сыбағаң өзіңе жетпейтін бе еді? Үстіңде – үйің, қойыңда – некелі жарың бар еді. Бүгін екеу болсаң, ертең осы оттың басына тағы бір тәтті тірлік қосылып, қызығы мен қуанышы молая түсетіндей көретін. Енді, енді міне... тірнектеп тұрғызған ұяңды өзің жоқта тас-талқан қып, тағы да соңа басың сопайып жалғыз қалдың. Жалғызсың, жалғызсың...

Еламан қайтып келе жатып, осы сөзді ішінен әлденеше рет қайталады. Шаршағанын жаңа ғана сезді. Ой меңдетіп, қажыған денесін күшпен қозғап, шырт ұйқыда жатқан ауылдың шетінен ақырын кіре берді. Шеткі бір үйдің жанынан өте бергенде жылаған әйел даусын есітті: «Сенен қалып, біз кімге тұлға боламыз?.. Мына шиеттей балаларыңды тастап...» Еламан тезірек өтіп кетті. Ертеңгі күні азаматынан айрылғалы тұрған әйел зарын есіткісі де, ойланғысы да келмеді.

Төсекті сыртқа салған екен. Еламан шешініп жатып қалды. Таңның таяу екенін сезіп, сол бойда ұйқтап кеткісі кеп көзін жұмса да, жаңағы жылаған әйел даусы құлағынан кетпеді. Ер-азаматынан айрылғандағы күні не болмақ? Қалай күн көреді? Азаматы тізімге іліккен жалғыз сол үй ме? Осы түні талайы қайғыға уланып, аһ ұрып ұйқтай алмай жатқан болар?! «Дүние не боп бара-

ды? Ер-азаматын алғанда да ешкім қол қақпай, күңіреніп қала бере ме? Көне бере ме?»

Еламан жаңа әлде жастыққа басы тисе ұйықтап кететіндей көріп еді. Ой қажытып қатты қалжыратты ма, ұйқы буып жатып та ұйықтай алмады. Тақа болмағасын жастықты жұмырлап бауырына қысып ап, бір мезгіл етпетінен жатып көріп еді, оң жақ кеудесінің астында бармақ басындай бір нәрсе тесіп жібере жаздады. Ұйқылы-ояу Еламан қозғалуға ерініп жатып: «Бұл не болды екен?» деп ойлай түсті де, кенет бір сәтте ұйқысы шайдай ашылды. Сырға... Әлгінде артық сыбаға дәметкен қылығына күлгендей, Еламан мына сырғаға да күлді. Күлмегенде ше... Түрмеден қашып шыққасын бұл көзге түспеуге тырысып, ылғи елсіз, сусыз жерлермен жүріп отырды емес пе? Шалқарға да соғар-соқпасын білмей, екі ойлылау келе жатқанда, алдынан кішкентай қаланың шағаладай аппақ үйлері жарқырап қоя бермесі бар ма?! Бұның өз аулы, қатын-баласы, қарт әжесі, інісі көлікті кісіге осы арадан үш-ақ күншілік жерде. Еламан аяқ астынан абыржып, асыға бастады. Күн барында құттай да болса қатын-баласына жақындай түскісі кеп, қалаға туралап келе жатқан бетінен кілт бұрылды. Ол енді қалаға соқпай, көлдің арғы, елсіз бетімен кеткісі кеп, ширақ басып келе жатқан-ды. Жаз айларында суы тартылып қалатын кішкентай өзеннің көлге құяр сағасына тақап келе бергенде, дәл жанынан дауыс шықты. Еламан тоқтай қап, ілгері жағына көз сап еді, үш кісінің төбесі көрінді. Еламан мұндайда көзге түспей, бой тасалап кететін әдетпен бұрылып бара жатқан.

Аналар:

– Әй, азамат, бері кел! – деп дауыстады.

Еламан бірден байқады: қалаға, базарға түскелі келе жатқан дала қазақтары. Өздері үш кісі. Шамасы: бір

елдің Ебейсіні сияқты. Тері-терсек тиеген алқа бел ырдуан арба өткелден өтер артқы доңғалағы батпаққа батып, бір жағына жамбастап жатып алыпты. Татар байларына еліктеп киінген семізше екі жігіт ат айдаушыға жәрдем берудің орнына қайта оған екеуі екі жағынан қожаңдап: «Өйт-бүйт», – деп жүр.

Еламан арбаны қалай шығарудың жолын ойлап тұрған-ды. Татар байларына еліктеп киінген жолаушы екеу:

– Қазақ баласысың ғой... Айналайын, жәрдемдес, бір тоқтының пұлын береміз – деп, бұған жатты да жабысты.

Парлап жеккен қос күрең таяқ жеп запы боп қалған екен. Қасына кісі жақындаса дір-дір етіп, ала жөнелетіндей оскырып тұр. Еламан алдымен ауыр жүктерді бір-бірлеп тасып, арбаны жеңілдетіп алды. Сонан кейін арбаны шығарды. Жүктерді әп-сәтте қайта тиеп, жуан арқанмен үстінен бастыра тартып байлады.

– Қайратты екенсің, – деді арбакеш жігіт Еламанға сүйсіне қарап.

Ана екеуі оның мақтағанын жақтырмай, зекіп тастады:

– Ой, нәсілсіз ит! Өзің-ақ істей салатын оп-оңай нәрсе ғой...

Еламан еңбекақысын сұрап еді, арбасын шығартып алғасын ана екеуі жөндеп сөйлеспей, сырт айнала бастады. Әлгінде ертеңгі базардан қаламыз деп қорқып тұрып, ақысын артық айтып қойғанына өкінетін сияқты. Сол болмашы бірдеңемен құтыла салғысы кеп, тиын-пиын іздей бастап еді, Еламан жағадан ала кетті: «Бір тоқтының пұлын әкел!» деп қозғалтпай тұрып, тиесілі пұлын түп-түгел құсқызып алды. Қолына ақша түскесін ауылға бас-аяғын бүтіндеп барғысы кеп, қалаға соқты. Ертеңіне жаймаға шығарған киімдерді қарап келе жатып,

кенет көзі алтын жалатқан сырғаға түсті. Жылтыраққа құмар келіншегіне мынадай асыл сыйлық апарғысы кеп, сырғадан көзін ала алмай тұрғанын өзі де байқамағанды. Оның ойын байқап қалған сатушы: «Ал, ал» деп тыққыштай бастады.

Ақшасы жетпей қалатындай қорыққан Еламан саудаласудан қашты. Уысында қысып тұрған ақшасын сатушының алақанына сарт еткізіп ұстата салған-ды. Сонан бұл жағадағы ауылға жеткенше үш күн бойына кіреші жолына түсіп алып, май шаңдақты бұрқылдатып емпеңдеп келе жатып, оқтын-оқтын тұра қап осы сырғаға балаша қуана мәз болған еді.

Еламан басын көтеріп алды. Орнынан тұрды. Сыртқа шықты. Уысында қысып тұрған сырғаға көз сап қарамастан жар басында тұрып төмен қарай лақтырып жіберді.

* * *

Биыл Судыр Ахметтің иті қырын жүгіре бастады: сауып отырған сүті бұлақтай қараша інген жаман шөп жеп арам өлді. Іле-шала аяқ артып отырған торы ат із-түзсіз жоғалып кетті. Судыр Ахмет атын іздеп қайтпақ боп ауылдан ұзап шыға бергенде, қас қылғандай аяғына шөңге кірді де, үзеңгісін сүйретіп үйге жетті.

Күйеуінен күдер үзген Бибіжамал торы атты өзі іздеп тауып әкелді. Сонан бері Судыр Ахмет өз үйіне өзі сыймағандай қипақтап-сипақтап кіріп-шығып жүрді де, бір күні тал түсте атқа қонды. «Ие, Алла, жол бере көр!» деді ішінен.

Қара жаяу балықшылардың арасында өзінің атқа мінгенін де мақтаныш көреді. Шыт көйлектің жағасынан шығып тұратын өндірішегі тоқпақтай мойнын ілгері созып, ауыл үстіне қоқилана қарады. Сыртта тірі жанның

жоғы жынына тиді. Үйден қозы көгеніндей жер ұзап шыға берді де, «осы ештеңе ұмытқан жоқпын ба?» деп ойлап, ат басын тартты.

Судыр Ахмет ырымшыл болатын. Ол тап жаңа ғана қолына ұстап отырған балтаны ұмытып кеткеніне қынжылды. Осыдан кейін бет алып шыққан жағына барғысы келмей: «Сірә, жолым болмас» деп ойлады да, кенет «Әй, нар тәуекел!» деп атын тебініп қалды.

Қой торының қорт-қорт желісі жұлынын үзіп бара жатқасын аяңға көшіп еді. Пәле қылғанда шілде айының ыстық күні тас төбеге кеп шақырайып тұрып алды. Судыр Ахмет енді жанын қоярға жер таппай, бағана ертеңгі салқынмен шықпағанына ызаланды. «Әй, сірә, жолым болмас» деген ой мазалай берді. Құдайменде қыстауының сыртындағы шағыл құмға кіріп, үлкен кәрі жиденің жанына тоқтады. Ат үстінде тұрып ол әуелі жиденің мәуесін теріп жеп, аузының дәмін алды. «Үйге барғасын балалар қолыма қарайды ғой» деп ойлап, екі уыстай жидені үгіп ап, орамал шетіне түйді. Сонан кейін ғана жидені шабуға кірісті.

Осы жидені үш күн шауып, төртінші күні шаққа құлатты. Бұл күні үйіне тау жыққандай, көйлегіне сыймай келді. Ауыл шетіне кіргеннен-ақ әйеліне дауыстап:

– Бибіжамал!.. Уа, Бибіжамал!.. – деп торы атты қаттырақ тебініп, дүбірлетіп желіп келді.

Үйде ау тараштап отырған Мөңке елең етті: «Даусы пәтті шықты ғой, не бітіріп қайтты екен бұл Судырақ?» Қарт балықшы бажасының үйіне барып еді, Судыр Ахмет көйлекті сыпырып тастапты. Күлдәрі дамбалдың екі балағын түріп алған. Қолында өткір шапашот. Кісі беліндей қара жидені омырауға алып, ырс-ырс шауып жатыр екен.

– Іске сәт!

– Әумин...

– Қатты кірісіпсің ғой!

– Енді қайтейін, қатын-бала қамы ғой...

– Дұрыс қой. Сонда бұнан не істемексің?

– Ой, мына қатыны түскір келі шауып бер деп құлағымның құртын жеп болғаны. Бір қадалса бұлар... ойбай-ау, Мөңкежан-ау, құлағыңның тұсында сары ма-садай ызылдап тұрып алады ғой. Сосын, қайтейін... осы қатынның-ақ дегені болсын деп... келі істеп берейін деп жатқаным.

– Ағаш шабатын да өнерің бар ма еді?

– Е, болғанда қандай?! Тек мен қол білген өнерді көп аса тұтына бермеймін ғой... Сонымен бар ғой...

Судыр Ахмет маңдайынан сорғалаған терді сұқ қолымен бір іліп тастады. Сосын дөңкиіп жатқан қара жидені ары бір, бері бір аударып қарап алды да, жаңқалап шаба бастады. Шапашотты сілтеген сайын шыр жұкпаған арық кісінің қабырғалары ыржындап, еңтігіп ырсы-ырсы дем алады. Мөңке оның ынты-шынтымен аянбай қимылдап жатқан түріне қарап: «Пақыр, қайтсін... пайдаға шындап қараған екен» деп ойлап, іші жылып отырған. Сүйткенше Судыр Ахметтің қолы ала-бөле жиденің бір бүйіріне батып бара жатқанын байқады. Бірақ, оны Судыр Ахметтің өзі сезер емес. Қарт балықшының қошеметіне көтеріліп, қызыл танау боп есіріп алған еді, шапшаң сермеген шапашоттың өткір жүзі лыпылдап күн көзінде жарқ-жұрқ етіп, күпшек жиденің ала-бөле бір бүйіріне жыны түскендей қадалып, үңгіп шаба бастады:

– Мына Тәңірберген ит екен. Өз ісін орайына келтіріп алғасын, маған сыртын тосып шыға келді. Сонан бері... ау, Мөңкежан-ау, менің де амалым құрып, ішіме тікен қадалғандай боп жүрмін ғой – деп, бұл білмейтін бір әңгімеге басып бара жатты. Мөңке шыдамай:

– Тоқта! Тоқтай тұршы! – деп қолына жабысып еді.

Судыр Ахмет күйіп кетіп:

– Тоқтамаймын! Ау, мен неге тоқтаймын? – деп, өткір шапашотты енді ызалы ашумен кіжіне сермеп, жиденің онсыз да ойсырап қалған жерін жапырақ-жапырақ аударып тастады. – Менің ішіме өкпенің үлкені де, кішісі де сыяды. Тісімнен шығармай тістеніп жүрсем де болар еді...

– Жә, тоқташы! Бүлдірдің ғой...

– Не? Не деп отырсың? Нені бүлдірдім?

Қазіргі Судыр Ахмет дәл бір қақпанға түскен сасық күзендей шаңқ-шаңқ етеді. Бет бақтырар емес. Кісіге зәредейден көңілі қалатын кінәмшіл де шамшыл. Оның сөз ұқпайтын сыңайын байқаған Мөңке:

– Ой, ісің бар болсын – деп, қолын сілтеді де, шығып кетті.

Судыр Ахмет оңаша қалғасын ғана жидені бүлдіріп алғанын байқады. Бұндайда кінәні өзінен емес, өзгеден іздейтін ол өшін кімнен аларын білмей отырған үстіне бір кемпір келді. Былтырғы жұтта бар малы қырылып, барар жер, басар тау қалмағасын теңіз жағасын сағалаған жүдеу ауылдың кемпірі еді. Киімі жұпыны. Жалғыз баласы қыстыгүні ақ түтек боранда ығып кеткен аз ғана малын іздеп жүріп, үсіп өліпті. Келіні кәрі енесін тастап, төркініне кетіп қалған екен. Кемпір бұл ауылға күнде келіп, мұңын шағып, іштегі шерін тарқатып кететін-ді. Ол бүгін де:

– «Арық көңіл – жарық». Келінімнің әр сөзі өңменіме атқан оқтай қадалады – деп, үйреншікті сөзін бастады... Бұрын желдей есе жөнелетін Судыр Ахмет бұ жолы үндемей, күйбектей берді.

– Үстімде, мынау... бүйірі жыртылған ескі көйлек ылым-сылым...

– Ә-ә!

– Өз балам, өз келінім болса, осылай ебіл-себіл боп жүрем бе?

– Ым-м...

– Құрысын түге, жоқтық пен қорлықты кәрілікте көрдім ғой, міне.

– Е-е!

– Шалым барда қандай едім, бес аршын ақ жаулықты қарқарадай қып тартып, ақ інгенге алшая мініп шыққанымда алдыма қатын түсетін бе еді?

– Ә-ә-ә!

– Шалым ерте өлді. Соның бәрі сорлының өліміне көрініп жүр екен. Аз жасында не істемеді ол бейбақ?... Тек өлгесін өзін-өзі көмген жоқ демесең...

– Шек! Шек, әй! – деп, Судыр Ахмет қолындағы жидені тастай сала, атып тұрды. Есік алдында шелекті даңғыратып жатқан Қарақатынның екі ор лағын таяқтап қуып, әрмен асырып тастады. Содан ол қашан кемпір кеткенше үйге кірмеді. Кемпірден де бұрын көлемі кішірейіп қалған жидені көрсе, шыдай алмасын білді. Онысын арқасы ұстаған бақсыдай жыны қозып кетері белгілі. Ызаланғанда әншейінде ашуын басып алатын әйелі де үйде жоқ. «Атаңа нәлет, осы қатынның-ақ шаруасы бітпейді. Қара от үй іргесінде іріп тұрғанда, айдың күні аманда, атқа шөп шабам деп... ойбай-ау, басқа малдай емес, ат жарықтық жаз түгіл қыста да өз отын тұяғымен теуіп жей бермей ме? Ол әтеңе нәлеттің соны да білмегені ме, әй?!»

Судыр Ахметтің жиде шауып жатқаны жағадағы ауылға түгел тарап кеткен-ді. Кешеден бері балықшылар жұмыстан қолы босаса осы үйге жиналып, Судыр Ахметтің жиде шапқанын ермек ететін боп жүрген. Олар бүгін Еламанды ертіп әкелді.

Судыр Ахмет оларға ыңғай бермеді. Сықсыңдаған немелерден қысылды ма, жидеге қолы бармай, күйбектеп жүр.

– Әлгі қақбастың кайдан келгенін білмеймін. Шалым барда бес аршын жаулықты қайқайтып тартып, ак інгенге алшая мініп шыққанда алдыма әйел түсетін бе еді дейді. Ой, атаңа нәлет! Ой, қақбас ит!

– Қап, не қыласың?! Әңгімеге алаң боп, қолың тайып кеткен-ау, шамасы.

– Ие, ие, сүйтті ғой, сүйтіп құртты ғой мені. Мына бір шапашоты құрғыр да қылпып тұр екен. Аңдаусызда, жау алғырға батып кеткені.

– Енді, қалай... келі шықпай ма?

– Жоқ! Жоқ, келі шықпайды. Бижамалға келі, келсапты сәті түссе басқа кезде шауып берем.

– Мұнан енді не істемексің?

– Өзіме ер шауып алам. Не қыласың, жаман ер ат арқасын алып тастап еді...

Күлкіге булығып отырған балықшылар сыртқа ата-ата жөнелді. Олардың соңын ала Еламан да шықты. Кәлен жайы кешеден бері ойынан кетпей жүрген-ді. Өзі күйзеліп жүргесін бе, ол әйтеуір мына дап-дардай кісілердің дәл осы арада неге мәз болғанына түсінбеді. Бір жағынан желөкпе жастарға еріп кеткеніне ренжіді. Үйге кірмей теңіз жағасына барып, бой жазып қайтқысы келді. Қасындағы кісілерден бөлініп, үй алдындағы тік жардан қиялап түсе бергенде, дәл алдынан жоғары көтеріліп келе жатқан Мөңке қарсы кездесті.

– Еламан қарағым, жағдай қиынға айналды. Курнос Иван Кәленді таба алмағасын ашынған тәрізді. Теңіз жағасындағы қамысқа от қойғалы жатыр.

– Оны кім айтты?

– Өз құлағыммен естідім.

– Қорқыту үшін айтқан қоқанлоқы болар.

Қарт балықшы иегімен сонау төменде, теңіз жағасында жүрген кісілерді нұсқады.

– Көрдің бе, анау Курнос Иванның кісілері. Жаңа олар бір бөшке қарамайды домалатып әкеп, қамысқа шашып өрт қоймақ боп жатқан үстінен шықтым. Кәлен қайда кетер дейсің, табылар. Бір кісіні ұстаймын деп, осынша дүниені қарап қыласың ба, мына қамыстар жағаны қыстайтын елдің шабындығы. Қыс осы қамыстың ішіне мал жаяды, соңыра бүкіл елді өзіңе қарсы қоясың ғой деп, Курнос Иванды әзер тоқтаттым. Кім білсін, оның кейін не істерін?..

Еламан істің насырға шауып бара жатқанын байқады. Жалғыз Курнос Иван болса бір жөн. Кәленге қазір Құдайменде мен Теміркенің де қаны қатулы. Кәлен болса еш нәрседен хабарсыз. Өз тағдырын артында қалған жолдастарына сеніп, қамыс арасында қанненқаперсіз жатыр. Енді қайтті? Не амал бар? Еламан қарт балықшының көзінен де дәл осы сұрақты байқап, шамасы келгенше оған қарамауға тырысты. Жел қатайып барады. Қамыс сасқалақтай судырлады. Көк теңіз түтігіп, қарауытып қайнап жатыр.

Тұщыбас қолтығының арғы беті – сыпыра көк қатпаршың күңгірттеніп, көзден қашықтап кеткен екен.

– Қараңғы түскесін қайыққа отырғызып теңіздің арғы бетіне өткізіп жіберсе қайтеді? – деді Еламан.

– Ой, айналайын-ай, Курнос Иван бұл арада да алдыңды кесіп өтіп тұр ғой.

– Қа-лай?

– Оның жігіттері жаңа жағада тұрған қайықтың ескегі мен таяуын сыпырып әкетті.

– Е, мейлі, әкете берсін. Ерегескенде, екі ескекті өзім істеп берем.

– Шырағым-ау, бұл ауылдан сынық ағаш таба алмайсың ғой.

Бір сенгені бар сияқты Еламан мұртынан күліп тұр. Мөңкеге жөнін айтпастан жедел басып, жиде шауып жатқан үйге барды. Есіктен басын сұға бере:

– Ағажан, тоқташы! – деп жүгіріп барып, Судыр Ахметтің қолындағы шапашотқа жармасты, – осы жидені маған қишы.

Судыр Ахмет ентігін баса алмай, ырсылдап тұр. Жидесі құрғырдың абырой бермесін сезе бастаған сияқты. Ә дегенде сөзге келмей итере салғысы келіп еді. Тек өзі құтыла алмай отырған ағашқа мынаның мұнша неге қиылғанына қайран қалды. «Бәлкім мен бұның қадірін білмей тұрған шығармын» деп ойлап, бір сөзге келмей Еламанға итере салған жидені жалма-жан өзіне қайта тартып алды. Ол енді жидені астына басып, атша мініп алды.

– Сен... бұны қайтесің?

– Керек боп тұр.

– Маған керек емес екенін қайдан білдің?

– Құдай шебер-ай!.. Қиындата бермей, қайныма бере салсаң қайтеді?!

– Әй, қатын, тек отыр. Бұл сен араласатын шаруа емес. Ие, ал?.. Сен бұны не істемексің?

– Ескек...

– Ә, балыққа шықпақсың ба? Жөн! Жөн, бірақ бұл менің өзіме де қажет боп тұр ғой.

– Босқа сұрап тұрғам жоқ, ақысын төлер едім...

– Судыр Ахмет атып тұрды. Жаңа ғана атша мініп отырған жидені жерден көтеріп алды. Неге бүйткенін өзі де білмей, қайтадан жерге түсірді.

– Ойбай-ау, Еламанжан-ау, салған жерден сүйдемейсің

бе? Сүйдесең, жаман ағаң сенен ештемесін де аямайды ғой. Сенен аяғанды ит жесін!

Еламан оңай көнгеніне қуанды. Судыр Ахмет айнып кетпей тұрғанда тезірек әкеткісі кеп еді.

– Жоқ, жоқ, ескекті саған өзім істеп берем, – деді Судыр Ахмет.

Еламан оның бүлдіретінін біліп, жалынып көрді. Бірақ онан ештеңе шықпады. Қайта, неғұрлым жалынған сайын соғұрлым анау «өзім істеп берем», деп өзеурей түсті. Тіпті ол кейінге қалдырмай, осы қазір табанда қолма-қол істеп бергісі кеп, қара жидені қайтадан омырауға алып ысылдап-пысылдап шаба бастады. Жидені ескектің қалағына лайықтап екіге бөлді. Алғашқы кезде жуан жиде жұқарып, ескектің қалағына ұқсап келе жатты. Еламан оның қолынан бірдеңе келетінін байқағасын:

– Аха, мен бір айналып келсем қайтеді? – деді.

– Бар, барып кел! Құдай қаласа, сен келгенше келістіріп ескек істеп қоям.

Еламан Мөңкені тауып ап, ескек дайын болатынын айтты. Қас қарая Кәленді қайыққа отырғызып, арғы бетке өткізіп жіберу жайын ақылдасты да, Судыр Ахметке қайтып келді. Жиденің көлемі бұрынғыдан гөрі кішірейіп, бітімі өзгеріп кеткен екен. Оны Судыр Ахмет те сезген болу керек. Еламанның тез оралғанына тыжырынып, теріс айналды.

– Мынаған не болған? – деді Еламан. Судыр Ахмет жидені теуіп жіберді.

– Қаратаздың қыстауының жанындағы құмнан шауып алып едім. Қайырсыз ит емес пе, жидесінде қайдан қайыр болсын?..

Еламан не дерін білмей, дағдарып қалды.

– Ескек шықпайтын болды. Енді ескекті қойдым. Менің ептеп етік тігетін де өнерім бар ғой. Енді қалып

істеймін. Көре қал, осы жаз өзіме келістіріп тұрып етік тігіп алам...

Еламан бұрылып жүре берді. «Осы қасиетсізден бірдеңе шығады деп жүрген... Жаным-ау, мынау кім?» Көзін уқалап жіберіп анықтап қарап еді. Иә, сол! Соның өзі! Қолында қос ауыз. Басы пысынаған, елтірі кара бөрікті қолына алып, қос ауыз мылтықпен қосып ұстапты. Курнос Иванның аңдытып қойған жігіттерін көрсе де, айылын жимастан тапа-тал түсте қамыс арасынан шығып, ауылға беттеп келе жатыр.

Еламан бір есептен оның бұлай істегенін дұрыс көріп, алдынан қарсы шықты. Еламан жеткенше кейінгі жақтан Мөңке де жүгіріп келді.

– Шырағым-ау, бұның не?

– Әй, қашанғы тығыла берейін?! Маса шіркіндер мазамды алып бітті.

– Не дейді, есің дұрыс па?

– Ақсақал, саспа. Ажал шын төнсе, Тәңірінің қойнына тығылсаң да табады. Әй, қатын... – деп, бұжыр кара кісі үй жаққа дауыстады, – шай қой. Жанымды алар Әзірейіл келгенше келістіріп шайға қанып алайын. Соған кейінгісін көре жатармын.

Балықшылар жиналып қалды. Бір топ жас жігіт пен Рай да жүгіріп кеп, бұжыр кара кісіні орталарына ала тұра қалды:

– Кәлен аға, сені жауға бермейміз.

– Жоқ, қалқам, сендер араласпаңдар. Бұл өзім бастаған іс еді, өзім аяқтайын.

– Көпке жалғыз топырақ шаша алмайсың. Асылы, жігіттерді жиғанымыз жөн болар, – деді Еламан да.

– Қойыңдар, араласпаңдар! – деп, Кәлен бет бақтырмай, тыйып тастады, – қолымда он патроным бар. Сонымен әуелі он Курнос Иванны жайратып салмай, ағаң ешкімнің де қолына түспейді.

Курнос Иванның жігіттері мылтықтан қорықты ма, әлде оның дәл қазір қамыс арасынан қанын торсыққа құйып шыққан суық түрін таныды ма, әйтеуір, ауылға кірмей, сырттан торуылдап жүрген-ді. Кәлендер ішке кірген кезде олар тез бас қосып, ақылдасып алды да, бір кісіні дереу промсолға жүгіртті.

Дәл осы кезде қара сақалды, киіз кереқапты атшабар қыр жақтан құйындатып шауып кеп, Кәленнің үйіне ат тұмсығын тірей тоқтады. Қабырға болысына түскен жігіт санын толтыра алмай, Құдайменденің жаны қысылып жатқан көрінеді. Кешеден бері атшабарлар жан-жаққа шапқылап, мына киіз кереқапты қара сақал да балықшылар аулына келгіштеп кетті. Келген сайын жаңадан тізімге іліккен жігіттердің атын есіттіріп, әзірлік қамын ескертіп жүрген-ді.

Бұ жолы Құдайменде Кәленнің бес жасын кемітіп, тізімге іліктірген екен. Бұл хабарға Кәлен таңданбай, үнсіз тыңдады.

Атшабар:

– Жинал, бол енді! – деп әмір етіп еді, Кәлен күтпеген жерден жымыш:

– Мен әзірмін ғой, – деді де, шабарманнан бұрын сыртқа ытқып шықты. Белдеудегі атқа да ол шабарманнан бұрын жетті. Үзеңгіге аяғын салмай, тықыршып тұрған атқа бір-ақ ырғыды.

– Ойнама, аттан түс!

Кәлен ала жөнелген аттың басын тартып, шабарманға қайырыла қарап:

– Болысқа сәлем айт: адал кәсіп маған нәсіп емес екен. Пешенеме жазылмаған болды. Торы аттан күдер үзсін. Ұрлық мал ұрының бойына ғана жұғады – деді де, атты тартып қап Бел-Аранның кезіне қарай тасырлатып шаба жөнелді.

Соңғы баласы өлгелі Мөңкенің үйі тілін жұлған қоңыраудай, күнде, әсіресе, кешкісін қаңыраған үйде кемпірі екеуі екі жерде үнсіз томсарып отырады да қояды.

Бір күні Әлиза кешкі астан кейін әңгіме бастады:

– Әй, Мөңке!.. – деп еді. Бұрын атын атамаған әйел енді бүгін «Әй, Мөңке» дегенде шошып, селк ете қалды. Әлиза сәл үнсіз отырды да, әлгі оқшау әңгімені қайта бастады. – Сенімен отасқалы да біраз заман екен. Құдайдың құрамағаны болмаса, қойным құтсыз болған жоқ... он балаға ана боппын. Қандай қарақтарым еді!..

Әлиза тамағына жас тіреліп, даусы дірілдеп бара жатқасын сәл тоқтап, көңілін басып алды.

– Баста да саған жеңгелей тиіп едім ғой. Сол жеңгелік жолым – жол... Енді сені өзім аяқтандырам.

– Не деп тантип отырсың?

– Әй, жарқыным, бұл үйде менің алдыма шығар адам жоқ. Сөзім – сөз. Сені өзім аяқтандырам. Қарақатынның аузы лаптау демесең, қашаннан көршіміз. Ыдыс-аяғымыз араласып отыр. Оның Балкүмісі қызымдай болған бала... Балкүмісті саған әперіп, ендігі қалған өмірімде оған абысын, саған жеңге боп, екеуіңнің тілеуіңді тілеп, балаларыңды бағып берем.

Сүйдеді де, Мөңкенің келісімін күтпей, тысқа шығып кетті. Мөңке әншейінде өзінің ыңғайымен жүріп, тұратын әйелдің бүгін қапелімде уысынан қалай шығып кеткеніне қайран. Келесі күні ол өзінің дегенін істеп, Мөңкеге Қарақатынның қызын алып берді. Сонан бері бұл екі үй бір-бірімен араласып, әйелдер жағы абысынажын боп ауыз жаласып кетті. Дос пен Мөңкенің ара-

сы тіпті жақын. Аз ғана ауларын қосып, балықты бірігіп аулап жүр. Қарақатынның қағанағы қарық. Әсіресе, алғашқы кезде Мөңкенің үйінен шықпады. Қызына үй ішін ұстап-тұтудың ретін айтып, бай күтіп, бала бағудың жолын үйретіп жүр.

– Құтты жеріне қондырдым. Еркек кісі алпыста да қыршын жас! Көре қал, Мөңке әлі де бір әйелді қартайтады.

– Ие, қойшы! Ұялам...

– Не дейді, мына жүзіқара?! Қатын боп, басыңа ақ салғанның несі ұят? Бір жігіт көз салмай, әкеңнің оң босағасында отырып қартайсаң қайтер едің? Қой, шырағым! Мына сөзіңді менен басқа бір адам есітпесін – деп, қызын тыйып тастады. – От басынан кеткенмен, сен әлі өзімнің қанатымның астындасың. Мен тұрғанда қор болмайсың, қызым. Бақыттысың, қызым! Білмегеніңді былай істе деп көрсетіп беріп отыратын анаң бар қасында... Алдында Әлизадай абысының бар...

Қарақатын бұнымен де қойған жоқ, Әлизаға да ауыл арасының сыбыр-жыбырын жеткізе бастады. Бірақ, Әлиза Қарақатынның сөзін құлағына ілмеді. Ал Ақкемпірмен екеуінің бір-біріне қай кезден де ықыласы басқа. Оның үстіне қазір құдағай. Ірі балық келсе, бір-бірін асқа шақыра қояды.

«Е, қос қақбас, бастарың қосылған екен! Не бауырларың бітіп бара жатыр дейсің?! Мен шығар жамандайтындарың» деп ойлады Қарақатын. Келесі жолы ол қызын Әлизаға айдап салды.

– Ол сені оңдырмайды. Ізіне қара ермеген бауыры құтсыз қақбастан опа таппайсың. Қу тақырды гүлдетем деп сен әлек. Көре қал, ол сенің ізіне тікен егеді. Оны айтасың ба, ол қақбас ертең сенің баланды бауырыңнан шырылдатып тартып алып, өзінің қойнына басқалы жүр.

Сосын өз балаң өзіңе жат боп кетеді. Балаңды берме! Үй ішінің билігін өз қолыңа ал!

Балкүмістің асты-үстіне қарай қайқайып біткен түрік ерні жайшылықта да шоқ түскендей, сөз тілеп, ұрыс тілеп жыбырлап тұратын-ды. Қазір тіпті долданып, көбіне ыдыс-аяқтарды теуіп қап, бұртандап бет алдына сөйлей бастады. Оның сөзін елеп жатқан Әлиза жоқ. Ештеңені егестірмей, үй ішінің бітпей жатқан шаруасын істеп, елпілдеп жүреді. От басының тыныштығына үйренген қарт балықшы аузы-басы сүйреңдеген Балкүміске таңдана қарап отырады да, тұрып кетеді. Сыртқа шығады. Кішкентай бәлекейдің жаңағы көкайыл долылығы сыртқа шыққасын да ойынан кетпеді. Оның Қарақатынға қатты ұқсайтынын алғаш рет осы қазір байқады. Балалы болғасын қояр деген әлсіз үмітті желеу етіп, өзін-өзі жұбатты да, Досқа барды:

– Теңізге шықпаймыз ба?

Дос ықылассыз. Ау-құралы тапшы. Кейінгі кезде екеуі серіктес болды да, ескі ауларды жатпай-тұрмай жамап-жасқап, арқалығына қалтқы, табанына тас байлап көптен көздеп жүрген дәмелі жерге салмақ боп жүргенді. Мөңке мен Дос шөгір-шөгесі мол жағалауды жалаң аяқтарымен жасқанбай басып, қауқылдасып сөйлеп келеді.

– Теңізде ағыс бар-ау деймін. Сарылдауын көрдің бе заңғардың?

– Ағыс болса келіспеді.

– Ие, ағысты суда балық жүрмейді. Асылы, қай мақұлық та тыныштық іздейді ғой. Оның үстіне дауылда ауды шалаң басып, жабағы жүндей есіп тастайды.

Теңіздің қыл жиегі судырлаған бала құрақ. Бітік тұсы бауырына көлеңке сақтап, қара тұнықтанып сыбырлай бастады. Жағаға тұмсығын шығарып кеткен ақ қайың

бұларға бала құрақтан бойын созып қарап тұрғандай. Бір қарға қайықтың қарағұсына қонып алыпты. Бұларды көрсе де ұша қоймады. Мінезсіз бай-бай сорлы мойнын қылғына созып: «Ғақ-қ!.. ғ-ғақ!..» – деп, жаман, тарғыл даусы жыртыла айырылды. Бұнысы, бейне бір жақта жүрген жұбайын қарғап-сілеп: «Жер жұтты ма, сені?.. Қайдасың, ғы-ғақ!.. Қайдасың, ғы-ғақ?..» – деп, дауыстап шақырып жатқандай екен. Мөңке күліп жіберді.

– Пай-пай, мына қара мырзаның құдайы беріп, қонысы келісіп-ақ отыр екен.

Қарға әлі де болса ұшқысы келмей, бір-екі қопаңдады да басылды. Сулы көз алаң-кұлақ, бұларға үркектей қарап алды да, ақырында: «Қой, болмас» дегендей, бай-балам сала дауыстап көтеріліп кетті. Мөңке мен Дос су ағатын, лақсалау жаман қайықтың қасына тоқтады.

Күн тымық. Сонан келе сонау аңғар жақ қарағаннан қарап гүрілдеп, ұлы теңіздің кешегі дауылдан кейін әлі де тарқай қоймаған ашу-ызасын анық танытып тұр. Қараптан-қарап жатып көк теңіз ырғалып, кәрін тіге ыңыранып қояды.

– Дауыл болады... көрмейсің бе, мына заңғар ырғалып жатыр, – деді Мөңке.

– Ау салмасақ, асылы, өзекке барайық. Кешкі салқынмен қимылдасақ, тәйірі, қоямыз ба, кісі басы бір-екі түйеден көк құрақты құлатып тастаймыз ғой...

– Бұның ақыл. Ендеше сен қайықпен Қандыөзекті мойындап біткен құрақты шап. Ал, бергі сарықтық бойының құрағын мен шабайын.

– Ол араны кеше Судырақ шабам деп, алақанына түкіріп отыр еді.

– Ой, оны қой. Түк бітірмепті. Бір шабындық бүтін емес, бір-бір арқадан шеп алып, арамдап тастапты.

– Жолатпайтын кісі еді, сен болдың ба?... – деді Дос күңкілдеп.

Мөңке үндемей, шалғысы мен шарығын алды да, шөпке кетті.

Балық өнімсіз болғасын, биыл бұлар бай аулына бір-бір тоқтыға жалданып, өзектің құрағын шауып жатқан. Судыр Ахметтің күйі тайып бара жатқасын, Достың наразылығына қарамай Мөңке оны өздерінің селебесіне алып, өзектің шөбін бірлесіп шаппақ болған-ды. Онысынан пайда таппады. Судыр Ахмет бір бауыр жерге дейін алым-берім істеді де, белі шойырылып отыра кетті. Тым құрыса өзгелердей кісі бойы көк құрақтың шетінен түсіп, қою-сұйығын араластыра шаппай, бітіктерін теріп, арамдап шапты. Бір уыс орған шөбіне бір қарап, қыт-қыттап күліп Мөңкеге барады:

– Орып жатырсың ба? Ор, ор!

– Е, сен неғып жүрсің?

– Бел жазып алайын деп...

– Орғаныңнан бел жазғаның көп, жұмыс қашан өнеді?

– Қой әрі, жан қиналатын жұмыс істесем бір тоқтыны қайдан алмаймын. Сонша өлімімді сатып нем бар? Сондай-ақ, Тәңірберген маған аңысына құйрығын қарыстап қой беріп пе?! – деді де, Судыр Ахмет кетіп қалды. Қостанып шөп шауып жатқан бай ауылдың пішеншілеріне барып Мөңкені жамандады.

Мөңке көк құрақты құлатып тастады. Сонан үйге қайтар кезде ғана басын көтерді. Қарақатынның ешкілағына екі бау бала құрақ орып алып, күн бата үйге қайтты. Ертеңінде күн дауыл боп, Мөңке мен Дос көк құрақты тағы да құлатып еді. Онан олар шапқан пішенін сарықтау жерге шығарып, суындап үйді. Бұл күні Мөңке сіркесі су көтермей, үйіне қалжырап қайтып еді. Судыр Ахмет алдынан жайраңдап күліп шықты:

– Бала, мен бүгін де шөпті өндіре алмадым.

– Кем талапсың, шөп қайдан өнсін?! Арқасына күн

өткен ешкі құсап үйден шықсаң-ақ шыбыжықтап қайтып кете бересің.

– Кетпесіме лаж бар ма? Үйіңде аузын ашып отырған... анау бала-шағаның түрі. Бәрі маған қарап отырғасын теңізге тор жайып, торта-шабаң аулап кеткенім рас.

– Көріп отырмыз ғой... оны да келістіріп жүргенің шамалы.

– Ау, Мөңке-ау... Мөңкежан-ау, қасыңдағы өндірішегі қураған жаман шалға тап-тап бергенше, сен мықты болсаң, ана көктегі Құдайға айт... Жердің, көктің қожасына... баршамызды өргізіп-тұрғызатын Патша Құдайға айт! Мына Ахметтің ауына балық түсір де. О несі-ай, маған кіжіңдеп... Балық түспесе, су астына сүңгиін бе?

– Сөз емес. Су астына ешкім де сүңгіп жүрген жоқ. Үлкен теңізге шығып, былайырақ беттеп барып, айдынға өрлей ау салсаң ірі балық қаппай қоймайды.

– Ол балықты саған бергенім. Көк теңіздің түбіндегі балық түгіл қара жердегі... ойбай-ау, мен мына... мы-на... – деп, Судыр Ахмет табаны астындағы жердің шаңын бұрқылдатып теуіп-теуіп қалды. – Ойбай-ау, мен мына қара жерге шашылған ризық несібемді теріп жей алмай жүрмін ғой. Маған шалқып жатқан көк теңіздің... тілсіз жаудың... кісі жұтатын құрдымның түбінде тырағайлап жүрген балықты ұста дегені несі?! О, несі-ай?.. Ойбай... ойбай!.. – деп, долылық буып, отыра қалып, өз маңдайын өзі төпеледі. Оның талай қылығына қанық Мөңке мына мінезіне қайран. Осымен қос боп жүрген өзіне ренжіді.

* * *

Ер-азаматынан айырылғалы отырған ауыл үш күн бойы әбігерде еді, әсіресе, тізімге іліккен жігіттердің жүретін күні жақындаған сайын қатын-бала қыңқылдап

жылап, балықшылар ақыл таба алмай басы қатып отырғанда Бел-Аранның кезінен шаң бұрқ етті.

– Уай, мынау не?

– Апыр-ай, түрі жаман ғой...

– Тегін болса жарар еді. Беті қалай қатты?

– Қаратаз қаладан әскер шақырды деп еді, мынау сол болмасын...

«Әскер» деген сөзді есіткенде ауылдың әбігері шықты. Ата-ана балаларын іздеп, қыз-келіншек зып беріп өрешеге кіріп кетті.

Ер-азамат сыртта тұрып қалды. Шаң ауылға жақындап келеді. Әне-міне дегенше Бел-Аранның кезінен бері құлап, тұяқ астынан түйдек-түйдек ұшқан шаң арасынан жылқылардың жоны көрінді. Балықшылар аң-таң. Жаңа ғана жүзі қатты бір жамандықты сезгендей, жүрегі мұздап тұрған жұрт есін жиям дегенше болмай, торы атты біреу жүз қаралы жылқыны дүркіретіп қуып әкеп, балықшылар аулының дәл үстінен құлатты.

– Әй, мынау... Кәлен ғой.

– Дәл өзі.

– Алда, есіл ер-ай! Арқа сүйер азаматым-ай! – деп үлкендер жағы риза.

Дос кейіндеу тұрған-ды. Қарақатын жүгіріп кеп, әлденені күйеуінің құлағына сыбырлады. Дос орнынан қозғала қоймады.

– Мына сорлыға не болған?.. Сыбағаңнан қаларсың. Барсайшы бұрынырақ – деп, Қарақатын енді күйеуін итермелей бастады.

Дос жылқыға басқалардан соңырақ жетті. Саяқ аттардың арасында әлдеқалай бір құла байтал ілесіп келіпті. Қарны жер сызады. Шелектей сан еттері де сыртына айналып кетіпті. Дос салған жерден құла байталдың күдірейген кереге жалына қызықтап қарап, көзін ала

алмай тұрған. «Бас тоқсанда жығып алсаң, пай-пай, жануар-ай, бір үйдің аузынан ақ майын ағызар еді-ау».

Кәлен жылқыны теңіз жағасына иіріп тастады да, ілешала қайтып кеп аттан түсіп, тізгінін сол арада тұрған бір жігітке ұстата салды. Сосын сыртта өзін күтіп тұрған кісілерге келді.

– Мынау Қаратаздың жылқысы. Мойныма қарыз болады деп ойламаңдар. Бір-бірден ұстап мініңдер.

Дос көп жылқының ішінен құла байталға ындыны кетіп, қызықтап тұрған-ды. Кәленнің сөзін құлағы қағыс естіп, қасындағыға күңк етті:

– Не деп тұр мынау? Мінуге әкелген бе?

– Е, сен, сойып жеуге әкелді деп пе едің? Бұртіма, жұр, онан да, тақымға толық біреуін ұстайық.

Дос қозғалмады. Қасында оты, суы өзімен ыңғайлас жүретін бір-екі кісі бар. Арты даулы малдарға ыссылай ұрынбай, аңысын аңдығандай сыңай байқалады. Олардан басқалар жылқыларды аядай жерге иіріп, құрмалап ұстап жатыр. Еламан ұзын торы атқа елден бұрын бұғалық тастап, ноқталап апты. Елге келгеннен бері жадырап, еңсесін тіктегені осы. Үлкен ала көздің қарашығы әдеттегіден гөрі қаттырақ ұшқындап, жігерлене түскен.

– Жігіттер! Бұрын қара жаяу болғасын күресуге дәрмен жоқ еді. Шерменде едік. Енді... астарында бір-бір ат...

– Қару болмағасын, аттан не қайыр?! Құр қол кімді қиратамыз? – деді сырт жағында тұрған біреу. Еламан Досты даусынан таныды.

– Кекті – қару емес деп кім айтты?.. – деді Еламан. Жігіттер шулап кетті:

– Бізді тек бастаса болды. Сойылмен де сазайын береміз. – Еламан қол созым кейін тұрған Кәленге қатарласты.

Екеуі күңкілдесіп, аз сөзбен ақылдасып алды да, жігіттерге қолын көтеріп «тынышталындар» дегендей белгі етті.

– Тараңдар! Даярланыңдар! Күн қызуы қайта аттанамыз!

Дос Кәленнің жеңінен тартты.

– Қаратаз кейін малын даулап жүрмей ме? – Кәлен қарқылдап күлді:

– Ол таз о дүниеде болмаса, бұ дүниеде мал даулауды қоятын шығар. Солай емес пе, Еламан?

– Иә, солай. Қаратаздың малында мына кісілердің қай-қайсысының да маңдай тері мен табан ақысы бар. Ол итпен осы жолы мықтап есеп айырысамыз.

Дос санын соқты: қап, не қыласың, бұл әліптің артын бағып жүргенде желөкпе жігіттер тәуір аттарды таңдап әкетпесе неғылсын? Шынында да Досқа қыс бойы қойға мінген ақ қаптал шабдар қапты. Мінезсіз жаман тұғыр қасына жақындаса құлағын жымып, қос аяқтап тепкелі бөксесін бұра берді.

Еламан Досты көзінің қиығымен бағып, күліп тұрғанды. Қасына Мөңке келді.

– Біздің заманымызда қазіргідей аласапыранда ата баладан безіп, әркім өз басын қайттап кететін. Сен болсаң жігіттердің басын қосып жатырсың. Осы жұрт қара келлесін әзер алып жүрсе, сен қоралы жанның өлім-жітімін арқаламақсың. Кәне, жөніңді ұқтыршы... Сонда кімге сенесің?

– Сендерге сенем, Мөңке аға.

– Е, сондай-ақ біз кімнің шікірасы екенбіз? – Еламан бұ жағын ойламаған-ды. Қарт балықшы соны біліп, ой салу үшін әдейі сұрап тұр ма екен?

– Жә, қу бала, адаспай отырсың. Қиын кезде халыққа сенгенің дұрыс. Бірақ... сүйтсе де, сен ендігі жөніңді ұқтыршы? – деді Мөңке.

Еламан қарт балықшының сұрағына қиналды ма, онан көзін алып, төңірекке көз тастады. «Ендігі жөнім?.. Бәсе, ендігі жөн... Апыр-ай, ендігі жөн...» – деп, қинала қабақ шытып, ішінен екі-үш рет қайталады. Ендігі жөн?..

Жел қатайып бара ма, қалай? Және кешеден бері бірыңғай аңғар беттен соғып, ұлы теңіздің ашу-ызасы бойына сыймай, ыңыранып өкіріп жатқан-ды. Еламан көптен бері қол үзіп кеткен теңіз өмірінің осы бір өзіне таныс мінезін жана көргендей боп, аңғар беттен соққан желге қарсы қарап кеудесін тосып тұр. Ендігі жөні... Бәсе, бұл істің ендігі жөні қалай болады? Ауыл сыртындағы жазаңда бір топ жас қайың сойылдар сарт-сұрт сайыс сап жатты. Олардың да ойында түк жоқ. Ендігі жөнін бірде-бірі ойламапты. Жә, олар бұған сенсін, ал, бұл кімге... қай құдіретке сенеді? Ұзынқұлақ хабардан естуі: ел ішінде наразылық күшейіп, ашынған халық ызасы анда да, бұнда да бұрқылдап бара жатқасын болыс оядан әскер сұрапты. Қару асынып, зеңбірек сүйреткен әскер Шалқардан шығып, қазір жол үстінде келе жатқан көрінеді. Болысқа тигенің – патшаға тигенің. Сонда, сен бас-аяғы жүз қаралы жігітпен патшаға қарсы шықпақсың ба?

– Мөңке аға, сенен жасыратын не бар?! Жағдай қиын. Бірақ бар-ау, – деді Еламан сөзін салмақтап. – Соңырағы күні сәтсіздікке ұшырап туым құлар, тағы кісендер. Тіпті, әрілесе, қабырғамды бір-бірлеп сөгіп алар болса да, бұл бетімнен қайтпаймын.

– Иә, тайсақтаудың жөні қалмады.

– Күн кештете аттанамыз. Жайлаудағы жалпақ елді көтереміз.

– Жолың ғой, Сүйекеңе дидарласа кеткенің дұрыс. Сен дегенде жаны жоқ. Сен үшін жалғыз қызын да көрмей кетті ғой.

Еламан бұған да сыр бермей, үй іргесінде шуылдап өкіріп жатқан көк теңізге қыбыр етпей көзін тігіп отыр. Көз қиығын тағы да ауыл сыртындағы жазаңға бұрды. Қара жаяу жігіттер тақымына ат тигесін есіріп кеткен. Бір-бір сойыл қолында. Екеу-екеуден кездесіп сойылдары сарт-сұрт айқасып жатыр. Ертеңгі күні мылтықты, зеңбіректі әскерге кездескенде де дәл осылай...

– Уай, мынау не? Бұл не?

Еламан қарт балықшының назары ауған жаққа көз салып еді, ауыл үсті азан-қазан. Шаң-шұңдаған әйелдер үй мен үйдің арасын шаңдатып жосып жүр. Әлі де болса жаңағы ой жанын қинаған Еламан аяқ астынан абыр-жып, алдына түсіп жосып бара жатқан қарт балықшының соңында келе жатып, «апыр-ай, ә? – деді ішінен, – ертеңгі күні мылтықты, зеңбіректі әскерге кездескенде де, мына жігіттер дәл осылай қу сойылмен қарсы шабар ма екен? Қыршын жігіттерді қырып алмасақ қайтсін?»

Дос үйінің алдына адам-қара үймелеп жатыр. Басқалардан гөрі Қарақатынның даусы басымдау шаңқылдап шығады. «Мына пәле бірдеңе істеді-ау шамасы?»

Еламаннан бұрынырақ жеткен Мөңке бәрін көрді: Достан ештеңе шықпасын білгесін Қарақатын алдындағы жалғыз қазыққа байлаулы тұрған семіз құла байталдың қарнын өзі күнде балық сойып жүрген селебе пышақпен жарып жіберіпті. Іште қаннен-қаперсіз шай ішіп отырған жігіт құла байталдың құлындай шыңғырған даусын естіп, сыртқа жүгіріп шықса, сағақ бауын үзе-мүзе шығынып қашқан байтал ақтарылып түскен ішек-қарнын сүйретіп барып, әудем жерге жете бере жығылыпты. Байтал жығылған жерге жұрттан бұрын жеткен Қарақатын енді бір адамды жолатпай, жалғыз өзі иемденіп жатыр екен. Құла байталдың иесі:

– Жеңеше, мұның не? Мен енді жаяу қалдым ғой – десе, Қарақатын:

– Ой, сүдінің құрғыр. Қаратаздың жылқысы бәріңе де жетеді. Бір үйір жылқыдан бір жапырақ ет аузымызға тимейтін не сорымыз бар?! – деп, бой бермей жатыр екен.

Еламан миығынан күліп жақындай берді. Атсыз жаяу қалған жігіт Еламанды көріп, Қарақатынды тастай сала жүгіріп келді.

– Елаға, енді қайттім?

– Оқасы жоқ, бір сыласы болар. Ал, мына құла байталдың етін бөлісіп алыңдар.

– Не дейді? Қайным-ау, жұдырықтай байталдың несін бөлеміз. Өзім дербес алам – деп, Қарақатын қасында тұрған кісілерден қызғанғандай, ала көзімен ата бастады.

* * *

– Мөңке аға, енді аттанамыз.

– Сапарларың оң болсын, қарақтарым. Құдайым жандарына жамандық бермесін.

– Әумин! – деп Еламан бетін сипады.

Әзір тұрған жігіттер аттарына мінді. Сойылшоқпарларын тақымына басты. Атсыз қалған жігіт те бір кісінің артына мінгесіп ұлы дүрмектің ішінде кетіп бара жатты.

* * *

Еламан төбе басында жалғыз отыр. Әлгінде үш жүздей жігітпен осы қоңыр төбенің етегіне кеп тоқтағанды. Жорыққа шыққалы құр құрсақ жүрген жігіттер әлгінде тоқтаған бойда апақ-сапақ ас қамына кіріскен.

Бұл шапанын иығына желең сап төбе басына көтеріліп еді.

Қазір қас қараяды. Жел тынады. Күндізгі ала шабыр бұлт көк жүзіне қанат жайып тұтасып келеді. Бірақ, бұ жолы да жаумай тарқайтын сыңайы бар. Еламан өзі отырған төбе басынан төңірекке көз салды. Көп ұзамай күн батты. Қас қарайды. Әр жерден жарқылдап от тұтады. Қараңдаған кісі. Дабырлаған дауыс. Бастас, қатар жігіттер бір жерде әлденеге күлісіп, маз боп жатса, екінші жерде домбыра тартып, ән салып мәре-сәре. Қайсыбіреу қараңғыда көз жазып қалған жолдасын іздеп:

– Ербоз!.. Ер-боз! Жігіттер, Ербоз көздеріңе түспеді ме? – деп еді, оған біреу:

– Көзіме түсті десең, кел, көзімді аш, қара, – деді. Еламан езу тартты: «Ербоз?.. Бізде ондай жігіт бар ма еді? Әлде... кейін қосылған жігіттердің бірі ме?» Көп кісі түнгі оттың төңірегіне жиналыпты. Бір от әлсіреп сөніп бара жатса, басқа жерде басқа бір оттар лапылдап, қызыл жалын қараңғы түннің етегін түріп, төңірек жап-жарық боп кетеді. Сол кезде Еламан от маңында қараңдаған кісілердің тұлғасын көріп, кейбірін түстеп танып қап отыр. Бір рет солардың арасынан Кәленді көрді. Жұрттың бәрінен жотасы асып, айдыны мен айбаты алыстан көзге түседі. Ертеңгі екі талай күн ешқайсысының ойына кіріп шығатын емес. Тоқта, мыналар кім?

Еламан қараңғыға көз тікті. Бір қора кісі аттарын ақырын бастырып келді де, түнгі отқа мінбелеп тоқтады. Теңіз жағасынан шыққалы төңіректегі ауылдардан талай жігіттер топ-тобымен кеп қосылып жатқан-ды. Еламан мыналардың келген сәтте бірден апақ-сапақ араласып кетпей, ат үстінде тұрып сөйлескен түріне қарап алыстан келген кісілер екенін топшылады. Дабырлаған дау-

ыс арасынан «Ұлықұм» деген сөзді құлағы шалды. «Е-е, Тілеу-Қабактың жігіттері болды ғой».

Еламан аттанбай жатып атының дабырайып алысқа кетіп қалғанына таң қалады. Түбі қайтерін кім білсін, алғашқы қадамы әзір сәтті. Ояздан шыққан әскердің Ұлықұм бойын жайлаған жалпақ елдің наразылығын баса алмай, әлі күнге жары жолда шырмалып жатқаны да жақсылық. Сосын бұ да асықпады. Болыс аулына жеткенше қол салмағын әлде де қомақтандыра түскісі келді де, әдейі кедей ауылдардың үстін басып, ақырын жылжып келе жатқан-ды.

Кәленмен ақылдасып жігіттерді жүздікке бөлді. Әр жүздікке бір-бір кісі белгілеп, ұрыс кезінде басқаруға ыңғайлап алды. Тек, әттең, қару тапшы. Шоқпар, сойылдан басқа кешеден бері қосылған жігіттерде шиті мылтық, шашақты найза, айбалта бар. Кеше бір қарт ұста бұған өзі соққан қылыш сыйлады:

– Кекке суарылған. Қаратаз түгіл қаратасты шапсаң да қақ айырады – деп, қарт ұста қылышты Еламанның беліне өз колымен байлап еді.

Осы күндері Еламан өз басындағы қасіретті де ұмытты. Бұның ықтияр-еркінен тыс басталған осы бір істің ақыры немен тынары белгісіз. Осынша қол жиғасын алда бір шайқастың болары анық. Сонда, бәтір-ау, бұта түбін паналаған торғайдай жер аяғы қияннан кеп жатқан мына сорлылардың ертеңгі күні не болмақ? Құр сойылмен зеңбірекке қалай қарсы шабады?

Күн өтті ме, қалай? Қос самайдағы көк тамырлар кенет лүпілдеп қатты соғып кетті. Басын ұстап еді, алақан астынан мұздай тер білінді. Күн өтті ме? Тоқта... Әлде ылдида лапылдаған көп оттың қызғылт сәулесіне қадалғасын көзі талды ма екен? Не де болса, әйтеуір,

жанарына шоқ түскендей көзі ме, әлде дүниенің өзі ме, қызыл сәуле лыпылдап кетті.

Еламан есін жиғанша, ту сыртынан ат пысқырды. Іле-шала бір топ аттылы қараңғыда дабырлап сөйлеп кеп, төбе басында жалғыз отырған Еламанға қатарласты.

– Кімсіңдер?

– Сүйеу ауылынанбыз...

Еламан туғалы көрмеген тірі жетім баласын ойлауды да ұмытып кеткен еді, есіне түсті де, әлде реніш, әлде ыза тілін байлағандай, төмен қарап отырып қалды.

– Сүйеу ауылда ма?

– Ауылда.

– Қанша жер?

– Онша қашық емес. Еламанның сарбаздары...

– Иә, осы.

Әлгілер атын ақырын бастырып ұзай берді. Еламан да шекпенінің шалғайын қағып орнынан түрегелді. Еңсе басқан ойдан әлі айыққан жоқ. Ертеңгі күн екіталай. Ертең бұл не болыстың басын алады, не болыс бұның басын алады. Соның алдында, тым құрыса сорлы жетімегін бір көрсе. Бір рет те болса, әке құшағына тас қып қысып, мауқын басқысы кеп кетті.

* * *

Теңіз жағасындағы бұл оқиғаның хабары болыс аулына да жеткен-ді. Онсыз да патшаға жігіт бермейміз деген ауылдардың ер-азаматтары атқа мініп, қаруланып жер-жерде ереуілдеп жатқанынан хабардар еді. Бірақ соның бәрінен мыналардың беті қатты екенін жас мырза білді. Басқалардың наразылығы ашу-ызадан артыққа аспайтын. Көбі жаумайтын бұлттай тектен-тек шоғырланып, қалың дүрмекке құр ілесіп жүр. Ат үстінің желігіне

елірген қайсы біреулер солдатқа кететінін желеу ғып, түн болса айттырып қойған қалыңдығының төсегінің тұсына кеп түйе боп сүйкеніп, жұртты ұйқатпай жүр. Ал, мыналардың беті қатты. Болыс аулының жылқысын қуып әкетті. Бұлар, керек десе, жау алған жылқы соңынан қуғыншы аттандыра алмай шырмалып жатқанда, мыналар, эне, бас-аяғын жиып, бар тобымен түйіліп келеді. Кімнің жетегіне ерерін білмей, елеңдеп отырған елдер жағадан аттанған қолдың осылай қарай келе жатқан хабарына қуанып, әлден дуылдасып жатыр. Жайлаудағы жалпақ елге ертең оның өзі келгенде не болмақ? Бұлардың абызындағы ел ертең іргесін жалаңаштап кетпей ме? Кеше орыс байына қол көтерген Еламан бұлардан айылын жия ма?.. Және бұларға деген бұрынғы кектің үстіне енді Ақбаланың ызасы қосылып, иесіне түсетін бүркіттей қанына қарайып келе жатпасына кім кепіл? «Иесіне түсетін бүркіт...» деді жас мырза ішінен. Аңшылық қыла жүргенде, ол әлі күнге иесіне түскен бүркітті көрген жоқ-ты. Бірақ, тас төбеден сегіз найзаны кезеп, суылдап келе жатқан ызалы қыран көз алдына келгенде қол-аяғы мұздап кетті. Есіне алмайын десе де, әлгіден кейін ызалы қыран көз алдынан кетпей қойды. Ояздан шыққан әскер қашан жетеді? Үлгіре ме? Олар жеткенше, теңіз жағасынан шүйлігіп келе жатқан ызалы қыран қанды шеңгелімен бүріп кетпесе не қылсын? Айналасындағы арқа сүйерлерінің сиқы мынау. Апырай, болыс... болыс ағасы не ойлайды? Өздігінен түк әрекет істемей, өлімтігін оязға артып жатып алғаны несі?.. Өткел аузындағы түйедей ілгері баспай, кегежектеп кейін тарта береді.

Жас мырза бұндайда жұрт көзіне түспеу жағын ойлайтын да, өзіне жаманат келтірмей, пәленің бәрін ағасына ысырып тастап отыратын. Бұл жолы өзі арала-

спаса болыс ағасынан қайран жоғын білді де, тез іске кірісті. Күндіз-түні үй көрмей шапқылап, біреуді айба-рымен ықтырса, біреуге бетінің ажарын салып, әп-сәтте жүз қаралы жігіт жиып алды. Жас мырза бұнан кейін де байыз таппай, тала тал түсте бәйге күреңді қан сорпа ғып болыс ағасының аулына шауып келді.

– Ал, не бітірдің? – деді Құдайменде.

Ағасымен оңаша сөйлескісі келген мырза есік алдында отырған малайға иек қақты.

– Бар, атты суарып кел!

Малай ата жөнелді. Оңаша үйде өздері қалғасын жас мырза әңгімесін енді бастағалы оқтала бергенде сыртта жүрген қатын-қалаш у-шу болды да қалды. Сүйткенше Арал маңының әдеттегі алаяң құйыны лап беріп, үй ішін әп-сәтте ұйқы-тұйқы қылды. Бұлардың қасында ойнап отырған кішкентай қыз бала шар етті.

– Әй, кім бар? – деді Құдайменде сыртқа дауыстап. – Алып кетіндер мына заржақты.

Ішке Ақбала кірді. Басқадан бұрын көзі әуелі күйеуіне түсті. Бірақ, үлкен алдында әдеп сақтап, онан көзін тайдыра берді. Ішке аттап кіре бере сұлу бойын сәл иіп, болыс қайнағасына сәлем етті де, баланың жанына тізе бүкті.

– Көзіне құм түсті ме?

– И-ие...

– Сен жылама. Жақсы бала жыламайды – деп, жас баланы алдарқатып отырды да, аппақ таза орамалдың шетімен көзіне түскен топырақты қағып тастады.

Ақбала балаларға онша иліге қоймайтын. Осы ауылға келін боп түскелі Тәңірберген де оның әлі күнге бір балаға иіліп, маңдайынан сипағанын көрген емес-ті. Сол келіншектің енді жылаған баланы соншалық бір аналық мейіріммен бауырына қысып отырып, теп-тез жұбатып

ала қойғанына қайран. «Әлде өзінің баласы есіне түсті ме екен? Солай шығар-ау?» Үй ішіндегі бір жанға көз салмай сызыла басып сыртқа шығып бара жатқан келіншегін бұл жаңа көргендей, аңыра қарап қалғанды. Соны байқаған Құдайменде жақтырмай, інісіне көз қиығын қырыстана тастады. «Осы ит, қатынжанды бола-туң ба, қалай?» – деп ойлады да, наразы дауыспен дүңк етті.

– Кәне, не бітіріп қайттың?

– Осы... Сүйеу қарттың аулы мына келе жатқандардың жолында емес пе?

– Ие, жолында... Ал, болса қайте-туң?

– Аз ғана бұрулау емес пе еді?

– Ие, бұрулау... – Тәңірберген шұғыл жадырады:

– Е, сүйтіп, теңіз жағасынан шыққан көкжал қанды ауыз қақпанның дәл үстінен туралап келеді де...

– Пай-пай, сенің осы бір жұмбағың бітпей-ақ қойды-ау. Сонда не қыла-туң?

Тәңірберген көңілденіп, орнынан күлімсірей түрегелді.

– Болыс аға, ол ғой Сүйеу қарттың қолындағы бала-сын туғалы көрген жоқ.

– Ал, сонда не бола-туң?

– Құдай біледі, осы жолы ол баласына қалай да соғады.

– Ал, соқсын... Сонда не бола-туң?

– Ағасы, біз алдын ала Сүйеу қарттың аулына кісі жібереміз. Енді түсіндің бе?

– Қой, жарқыным, самсаған сары қолмен келе жатқан жоқ па? Сенің кісілерің оған бұйым боп па? Қырады да тастайды.

– Жоқ, ағасы. Бір бұру жатқан Сүйеудің аулына ол барса, екі не үш кісімен барады. Бүкіл қолды ертіп қайтсін?!

– Апыр-ай, ә?! Міне, бұның жаны бар. Ал, кімді жібересің?

Тәңірберген о жағын да ойластырып қойған екен. Деген Ебейсінді шақырып алды. Ептеп қоң жия бастаған Ебейсін қазір Тәңірбергеннің тілін бірде алса, бірде болмашы сылтаумен бұлдана қалатын боп жүргенді. Тәңірберген мына іске басқа кісіден гөрі Ебейсінді дұрыс көрді. Ел ішінен жүн-жұрқа жиған кісі боп, елеусіз жүре алады. Оның келген-кеткенінен ешкім сезіктене қоймайтын болғасын, осы араға Ебейсінді салды. Әйелінің ағасы тізімге іліккелі Ебейсін осы күндері болысқа күні түсіп жүргенді.

– Жарайды, мырза, өтінішіңді орындайын. Өзің де менің өтінішімді... – дей бергенде Тәңірберген:

– Мақұл! Уәде осы болсын – деп, алақанын алақанына шарт еткізіп соғып қалды.

Ебейсін қасына екі кісі алды. Екеуі де күреске түсіп жүрген палуан. Ебейсін атқа мініп, ана екеуі қант, шай, өрік, мейіз артқан түйеге мінгесіп, тайрақтатып желіп отырып, күн барында Сүйеу қарттың аулына жетті.

Сүйеу қарттың аулы оты, суы мол шұқырда отыр екен. Ер-азаматы Еламанға қосылып, ауылда тек балашаға, кемпір-шал қапты. Бұнда келгесін Ебейсін өзінің дағдылы кәсібіне кірісіп, жұрттың тері-терсегін шайшекерге айырбастай бастады. Ауылдағы қатын-қалашты қақпай-соқпайлап безбеннен ұтып жүріп көз қиығын Сүйеудің үйінен айырмады. Кешке қарай, кісі аяғы басылғасын Ебейсін өздері түскен үйдің ірге жағын түргізіп қойды. Сыртқа кіріп-шыға бергеннен гөрі іште отырып іргеден бақылаған дұрыс.

Ел орынға отырған кезде екі-үш аттылы дыбыс шығармай, ақырын кеп, Сүйеу қарттың үйіне түсті. Аттарын белдеуге байлап, жан-жағына көз тастап шықты да сып етіп ішке кірді.

– Дайындалыңдар, – деді Ебейсін.

Еңгезердей екі жігіт мылтығын ұстай түрегелді. «Қарсыласса, атыңдар», – деген Тәңірбергеннен пәрмен болған-ды.

Еламан шам жақпай, от жарығының сәулесімен отырған үйге сәлем беріп кіріп келгенде Сүйеу қарт ақ кірпігін серпіп қалды:

– Ә!.. Ә, келдің бе?

– Жасаған Ием-ау... мынау Еламан ба?.. Алда, қарағым-ай!..

Кемпір қалбалақтап сасып, көзіне жас алып жүріп төрге төсек жайды. Сүйеу қарт қасына тақымдаса отырған жігітке көзінің қиығын тастады да, тез тартып алды.

– Е-е, естіп жатырмыз. Бұрын қара борбай балықшы едің, енді қол бастап келе жатқан көрінесің. Дабылың бізге де жетіп жатыр. Біз де естіп жатырмыз.

– Әй, ата-ай, қайбір қарық болғаннан істеді дейсің?.. Ел басына күн туғасын үйде жата алмадық.

– Жә!.. Жә, құдай беттеріңнен жарылқасын! – Еламан үй ішіне шыдамсыздана көз тастады. Сүйеу қарт оны байқаса да сыр бермей, шыдаммен сыздап бақты.

– Сорлы бала... науқастан шықпайды, – деді кемпір. Өзін әзер ұстап отырған Еламан қалай атып тұрғанын байқамады. Жер төсекте жатқан балаға жетіп барса да, жерден көтеріп алатындай қолын созып ұмтыла түсті де, іркіліп тұрып қалды.

– Жаңа ғана көзі ілініп еді, – деді кемпір оятпағанын тәуір көріп.

Катал шал да үй ішін қыбырсыз бағып қапты. Оның алдында осалдығын көрсеткісі келмеген Еламан баланы қолына алуға бата алмай, жер төсектің жанында жүрелеп отыр. Көрпе астында кішкентай кеудесі көтеріліп-

басылып, өкпесі сыр-сыр етеді... «Құлыным... сорлы балам...» Есіттіріп айтты ма, әлде ішінен айтты ма, оны білген жоқ. Демі жетпей бара жатқасын ерні дірілдеп, тоқтап қалды. Бірақ осыдан артық өзін ұстай алмай, баланы құшақтай алды. Жас сорғалаған бетін баланың алаулаған ыстық денесіне басып, бауырына қысты. Бала көзін ашты да, қайта жұмды. Еламан күйіп-жанып жатқан баланы қалай тастап кетерін білмеді. Тым құрыса сорлы баланың титтей жанын шырқыратқан ауыр дертті бөліп көтере алмағанына қиналып тұрғанда әлденеге үй алдында ұйқы-тұйқы бір қимыл болды. Еламан ес жиям дегенше ішке баса-көктеп біреу кірді де, соңындағы еңгезердей екі жігітке:

– Байлаңдар! – деді.

Екі жігіт тап берем дегенше кемпір жүгіріп барып, Еламанның қолынан баланы алды. Еламан есін жиям дегенше болмай, Ебейсін мен әлгі еңгезердей екеу оны орнынан тұрғызбай, отырған жерінде бас салып, қолын қайырып артына байлады да, сыртқа сүйреп ала жөнелді. Сүйеу жүгіріп барып, есіктің алдына қолын керіп тұра қалды.

– Уа, қара бет!.. Қара бет!.. Менің өлігімнің үстінен...
– Ебейсін қалш-қалш етіп жолын бөгеп тұрып алған шалды бір түйіп құлатты да, үстінен аттап өтті.

* * *

Болыс үйі лық толы. Құдайменде төрде. Осы елдің игі жақсылары оның оңы мен солын ала қақ жарыла отырыпты. Жиын ішінде Тәңірберген мен Таңқы мұрын Торшолақ бала бар. Ішке сәлем беріп кірген Ебейсінге елден бұрын Тәңірберген жалт қарады. Көзінде шыдамсыз сұрақ. Бірақ Ебейсін оны аңғармаған кісідей, көзін

төмен салып, сылбыр басып, жас мырзаның жанына отырды.

– Иә?

– Ұстадым.

– Қайда?

– Сыртта.

– Қашып кетпесін.

Ебейсіннің көнмен қаптағандай тобарсыған бетіне күлкі тепсінді.

– Ішке кіргізейін бе?

Тәңірберген басын изеді. Бірақ Ебейсін орнынан тұрып, сылбыр басып есікке бара бергенде, осы ісінің қате болғанын ойлады. Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылудың осы арада өзіне лайықсыздау болғанын кештеу ұқты. Жұрт су сепкендей тына қап, жаңа Ебейсін шығып кеткен есіктің қайта ашылғанын күтіп қыбыр етпей отырған-ды. Сүйткенше болмай, ішке екі жігіт Еламанды екі жағынан итеріп кіргізді. Есікке көлденеңін беріп бір қырын отырған мырза үстіне кірген тұтқынға тура қарамай, көзінің қиығын ғана тастады. Тұтқынның қолын қайырып, қыл арқанмен байлапты. Басы да жарылған ба, қалай, оң жақ шекесінің тұсынан бөрік астынан жосылып аққан қан самайына жете бере кара түйірленіп ұйып қалған екен. Бет-аузы қан. Теңіз жағасынан көп қолды бастап келе жатқан әлгі бір иесіне түсетін ызалы қыран... Тәңірберген мырс етті.

– Алып кет!

Екі жігіт Еламанды екі жағынан тырп еткізбей, сығып ұстап тұрған-ды. Мырзадан әмір болған бойда олар тағы да тұтқынның бетін сыртына қарай күшпен бұрып, сүйрей жөнелді. Осыған дейін қару қылмаған Еламан есікке барған жерде табан тіреп тұра қалды.

Екі аяғын шіреніп басып тұрып, төрде отырғандардың ішінен көзін тек Тәңірбергенге қадады:

– Әй, түлкі... – деді ақырып, – осы жолы қолыңнан келгеніңді аяма, істеп қал. Айтып қояйын, дүние кезек. Соңыра менің қолыма сен түссең, теріңді соймай сыпырып алам – деп, соңғы сөзін айқайлап, сыртқа шығып бара жатқанда айтты. Үй толы кісілер бір-біріне көз салмай, төмен қарап қапты. Жалғыз жас мырза өзінің бағанағы бір қырын отырған күйінде нығыз қалпын сақтап қозғалмады.

– Мына кісілер сусап кеткен болар. Қымыз әкеліңдер! – Малай жігіт жүгіре жөнеліп еді, Тәңірберген соңынан іле дауыстады:

– Осы үйдің қатындары қайда? Қымыз құйып бермей ме?!

Бәйбіше көрші ауылға қонаққа кеткен-ді. Малай жігіт үлкен үйге іргесін тақап тіккен жас отауға жүгіріп барды. Сүріне-қабына табалдырықтан аттады да, бірақ үй ортасында қос қолын көкірегіне қысып, құп-қу боп тұрған Ақбаланы көргенде аңырып қалды.

– Жжеңеш...

Өз даусын өзі әзер естіді. Ақбала қыбыр етпеді. Жас жігіттің жасқаншақтап шыққан даусы түгіл, үйде кім бар, кім жоғын да сезбейтін сияқты. Жаңа малай жігіт келердің алдында осы күндері есінен шықпай қойған әке-шеше қолындағы баласын ойлап, өзінен-өзі жүдеп отыр еді. Құдайменде мен Тәңірбергенге күн демей, түн демей, ат ізін құрғатпай ағылып жататын кісі-қара осы қазір де қауқылдасып жатқан үлкен үйден кенет әлдекімнің ақырған даусы шыққанда Ақбала дір еткенді. Неге бүйткенін білген жоқ-ты. Бар білгені, кім де болса, мынау өзіне өте-мөте таныс дауыс. Және... Және, құдай-ау, мынау ызалы жанның даусы ғой. Не дегенін

есіткен жоқ. Тек ар жағынан зығыры қайнап шыққан жалғыз ауыз сөзді құлағы шалғанда орнынан қалай атып тұрғанын білмей қалды. Түлкі. Бүйдеп бұл өңірде мырзаны тек бір адам... бір-ақ адам айтатын! Және оны басқа емес, жалғыз сол ғана айтатыны есіне түскенде Ақбала қараптан-қарап қол-аяғы мұздап кетті. Дәл соның үстіне малай бала келіп еді.

– Жжеенеше, сізді ммы-ы...

Ақбала мынаның не деп тұрғанын аңғармай, оған сұрақты кескінде үнсіз бұрылды.

– Мырза шақырып жатыр.

Мынаның не деп тұрғаны Ақбаланың санасына енді жетті. Ақбала өзінің қырсық шалдың қызы екенін әрқашан осындайда сезінетін. Құдды әкесі сияқты бұның да бір сәтте ызалы мысқыл бетіне шапты. Сыртына шығармай ішінен мырс етті. Сосын аяғының басына түскен ақ көйлектің етегін алдыңғы жағынан көтеріп, сыртқа ұмтылды. Желегі басынан түспеген жас келіннің кім көрінгенге иіліп-бүгілетін әдеттегі ибалылықты жиып қойды да, үлкен үйдегілердің үстіне ақ жібек көйлектің етегі дүркіреп кіріп келді. Тізесін бүгіп сәлем еткен жоқ. Кірген бойда есік алдына тұра қап төр жаққа көз тастап еді. Бірақ үй толы кісілердің арасынан әлгінде мыналарға ақырған ызалы жанды көре алмай сәл ыңғайсызданып қалды.

Екі көзін әйелінен айырмай отырған Тәңірберген: «Мына атаңа нәлетке не көрінген? Есі дұрыс па?» – деп ойлады да, назарын басқа жаққа аударды.

– Ебейсін жігіт екен. Енді жаңағы кәпірдің көзін тезірек құрту керек, – деді Құдайменде. Тәңірберген ағасының сөзін жақтырмай, «осының келеңсіздігінен-ақ өліп болдым-ау», – деді ішінен.

Қымыз ішіліп болғасын жас мырза әйеліне «кете

бер» деді. Әңгіме тұтамай, үлкендер жағы бір-бірінің қас-қабағын бағып, күрмеле түсті. Құдайменде көптен көңілсіз. Ел ішінде наразылық етек алып барады. Байлар баласын бермеді. Басында бақ, бетінде ажары бар кісілер болыс аулын басып жатыр. Ағайын-тумалар, жекжаттар, ертеректе қыз алып, қыз беріскен ілік- шатыстар көбейіп, «қара орманымды алсаң да, жалғыз балама тие көрме» – деп, қолқа салушылар жүргізбей қойды. Қабырға болысына түскен жігіт саны толмай, бір жағынан ана жақта ояз жанын алып барады. Жақында ояздан Таңқы мұрын Торшолақ бала келді. Онсыз да терісі тарылып жүрген кісіге кешеден бері о да таскенедей жабысып, дігерлеп бітті.

– Еламанды мықты күзетпен дереу қалаға жөнелту керек, – деді Таңқы мұрын Торшолақ бала. Бұл болса Еламанды бір кісінің санағына іліктіріп, солдаттыққа жіберетін боп өз ішінен байлам жасап қойған-ды. Құдайменде біраз үнсіз отырды да: «Бұған сен қалай қарайсың?» – дегендей көзінің астымен інісіне қарап еді, Тәңірберген мақұлдап басын изеді. Торшолақ бала өзеуреп шыға келді:

– Мырза, оның жөні жоқ. Кісі өлтірген қылмысты адамды Сібірге... – дей бергенде, Тәңірберген қолын бір сілтеді.

– Сібірді қой. Сібірің әлгі бір байы сабап қуып жіберген қатындардың төркін жұртына тұрақтамай қайтып келе беретініндей бірдеңе ғой.

Төрде отырған екі кісі – екеуі де осы елдің жуаны еді, жымың етіп, бірін-бірі түртіп қалды. Үй ішіндегілердің ықыласы өзіне ауғанын байқаған мырза енді еркін сөйледі.

– Оны солдатқа айдаған дұрыс. Ажалдың аузына түсіп көрсін, аман қайтқанын көрейін.

– Мырза, ол заңға жатпайды. Ертең ояз начальнигі біліп қалса...

– Қой әрі! Қазақтың ішінде не боп жатқанын орыс қайдан білсін?!

Торшолақ бала мырс етті. Сосын арт жақтан бір жастықты өзіне тартып, жұмарлап қолтығына басып алды да, төр алдына көлбеп қисая кетті. Тәңірберген бұл тұста да өзінің дегені болатынын білгесін жылтыр қара мұртын сипап отыр. Ертеден бері үй иесінің ыңғайын бағып, үнсіз отырған кісілер осыдан кейін жадырап сала берді. Үй іші енді райлана бастағанда аузы жеңіл біреу желпініп, сөзге кіріспек болғанда, мырза жекіріп тыйып тастады:

– Желігетін ештеңе жоқ. Ауыл әлі қатерде. Менің тілімді алсаң, болыс аға, жау басшысыз қалды. Енді қолда бар жігіттерді қаруландырып, қапысын тап та бұйқұт соқ!

Құдайменде бұған орай тіс ашып түк демей, қасындағы кісілерді бастап тысқа шықты.

* * *

Бала әлсіреді. Соны байқаса да Сүйеу қарт қақшиып алған қалпынан қозғалмай, жүзін сыртқа беріп отыр. Кемпір оған жасқаншақтай көз тастады:

– Ау, иманын үйірмейсің бе?

– Иман? Анасында иман жоқ, бұнда қайдан иман болады?

– Астафиралла... Жазықсыз сәбиге...

– Тәйт!.. Тәйт әрі! – деп, Сүйеу ақ көйлектің жеңін ашумен сілікті де, тысқа шығып кетті.

Көптен бері үй іргесінде күнсіп жатқан ер-тоқымын арқалап, қалталақтап басып, түнде тұсап жіберген аты-

на барды. Қызының анада Тәңірбергенге қатын үстіне шыққанын есіткенде, бұл қатты ширығып: «Шіріген жұмыртқа! Ана жатырынан ұшынып туған қыз. Сайқал!» – деген еді де, тыйылған еді. Сонан бері бір жанға тіс жарып тіл қатпай, өз күйігіне өзі өртеніп қалған-ды. Ол үйден неге шыққанын білген жоқ. Қайда баратынын да ойламады. Бір қырдың астында жайылып жүрген атын ерттеп міне сала тебініп шаба жөнелді. Бір-екі қырдан асқасын ат басын тартты.

Сүйеу аз қыдыратын. Үй жағалап жүріп, ет жеген кісілерге жыны түсіп, сыртынан боқтап отыратын. Осы жолы ол жаз жайлауда отырған қырдағы ауылдың біріне қонып, біріне түстеніп, ел жағалап жүріп қалды. Бұрын да аз сөзді қария бұ жолы тіпті тұйық. Сөзге зауықсыз. Қонған, түстенген жерінде тамақ ішіп те жарытқан жоқ. Сүйтіп қаңғалақтап жүріп, бір күні ол Ожар Оспанның үйіне түсті. Оспанның Шалқар шаһарынан келіп отырған беті екен. Ана жолы қыз үшін қырғын салып, балықшы ауылдың бір жігіті қаза тапқаннан бері бұның басына бұлт үйіріліп, қалада түрмеде жатқан-ды. Істің түбі насырға шауып бара жатқасын ұлықты паралап, әке-көкелеп әзер босанып шыққан беті екен. Мықтап жүдепті. Тар қапастың тауқыметін тартса да, бірақ, сағы сынбаған. Аман-есен аулына кеп, өзін әлдеқандай көретін ағайын-тумасына қауышқасын кешегі кіріптар күні есінен тарс шығып кеткен. Алакөз алаң-құлақ, есіріп екі иығын жұлып жеп отыр.

Шалдар жағы:

– Оспан қарағым, ояздың да алдында болыпсың ғой?
– деп еді.

Оспан:

– Ой, ояздың енесін с...! Болса қайтеді, о да өзіміздей адам емес пе?! – деп екіленіп, көтеріле түсті де, тағы бір

көпшікті тақымының астына басып алды. – Ау, қайығым желге өрлеп тұрғанда, тәйірі, неден тайынайын?! Тартынбадым. Өзекті жанға бір өлім. Көзді тарс жұмдым да ояздың қаһарына өзімнің ақ көздігімді қарсы салып, періп кеп кетейін.

– Е, бәсе! Тусаң ту-ай! Ой, ер-ай!

– Ал, қызық... Сонан не болды?

– Не болсын? Ұлық ақ жал арыстан болса, мен енді соның алдында бота тірсектеніп маймақтап тұрар деп пе едің? Ұлықтың ашуына атаң қазақтың ақ көздігін салып, тура ұмтылсаң, не өз басың қалады, не оның басын аласың. Екінің бірі...

– Паһ! Паһ!.. Әй, жаса! Тусаң ту!

Сүйеу қарт шайға қарамай, тұрды да жүре берді. Есік алдында самауыр қайнатып жатқан қараторы келіншекке қатарласа берді де, қалт етіп тұра қалды. Келіншек от тұтамай, түтін бықсыған самауырдың тасасына бетін көлегейлеп ақырын амандасты.

– Е! Е-е! – деп, Сүйеу аяғаны, әлде кекеткені белгісіз, аққұйқа басын изеп-изеп қойды.– Райға да құрық түсті. Құрығы ұзын ғой бұлардың! Құрығы ұзын! Құрығы ұзын!

Келіншектің иілген басы жерге тиюге аз-ақ тұр. Көзін жапқан кірпік арасынан бір түйір жас үзіліп кетті. Сүйеу қарт ұзағасын да «е-е» деп бірденені мінгірлеп кетіп бара жатты. Ожар Оспаннан кейін араға тағы да бір күн салып түске салым үйге жетті. Терең сайды іргелей орналасқан аз ғана ауылдың сырт жағындағы жапырық қара төбе басында көне қорым бар еді. Сүйеу қарт ат басын әуелі соған бұрды. Жетер-жетпесте аттан түсті де, құбыла бетке тізе бүкті. Құран оқыды. Сосын қол таянып орнынан тұрды. Моланы аралап шықты. Әлденені

іздегендей, жан-жағына жалтақ-жұлтақ қараса да, бірақ жас қабір көзіне түсе қоймады.

– Е, бақ! Е-е, бақ!

Қол-аяғы дірілдеп барады. «Е, бақ! Е, бақ!» Атына мінер жерде үзеңгіге аяғын сұға алмай, біраз әбігер болды. Сонан кейін де өмірде істемеген әдетін істеп, үйге жеткенше шыдамай, арық атты борбайлап, дүсірлетіп шауып келді. Кемпір сыртқа жүгіріп шықты.

– Ақырын... Есің дұрыс па?.. Оятасың ғой. Көзі жаңа ғана ілініп еді.

Сүйеу қарт кемпіріне көз салған жоқ. Ішке кіргесін де үй ішіне рай бермей, сыртын суытып, қақ төрге қазықтай шаншылып отырып алды. Бала жатқан жаққа қасақана назар салмай, бармағындағы көк бұйра насыбайды екі танауына кезек апарып, көзі жасаурап, беті жыбырлап, ашық күнде ашу шақырып, өзінің әдеттегі ажарын қайта тауыпты. Шалының жайына сырмінез кемпір миығынан күлді де, қара мосы мен қара шәйнекті алып сыртқа шығып кетті. Кемпір есіктен шыққан бойда Сүйеу қарт лып етіп орнынан тұрып, кереуетке созылды. Қос шекедегі көк тамырлар білеуленіп, бүлк-бүлк соғып жатқан әлжуаз балаға еміреніп:

– Ой, күшік! Ой, жаман неме! Жанының сірісін. Күшік!.. – деді. Бірақ сырттан тықыр шыққасын босаңсып бара жатқан бет өңін бір лезде билеп алды.

* * *

Жазғы таң сары қабақтан сыз беріп, алыс-жақын енді-енді бедерін бере бастаған шақ еді. Кеше ақ пен қызыл арасында Еламанның жасағы тоқтаған боз төбенің баурайына салт атты біреу тасырлатып шауып келді. Қара тер аттан қарғып түсті. Қатты дауыстап Кәленді

сұрады. Түні бойы әне-міне келіп қалар деп Еламанды күткен Кәлен таң алдында ғана мызғып кеткен-ді. «Бұл кім болды екен?» – деп ойлап, қолына ұстай түрегелген шекпеннің жеңін асығыс кие берді.

– Бұл қайсысың?

– Сүйекең жіберді.

– Жайшылық па?

– Еламаннан айырылып қалдық.

– Не дейді?

– Тәңірбергеннің жігіттері ұстап әкетті. – Кәлен есін тез жиды.

– Аттан!

Сергек жатқан жігіттер атып-атып тұрды. Бәрі де бір пәле күткендей, шылбырдың бір ұшын қолында ұстап жатқан-ды. Бір лезде апыр-жапыр атқа қонып, сойыл-шокпарын өңгеріп әзір тұр. Кәлен олардың бас-аяғына асығыс көз тастады, тақым астында тыныш тұрған торы атты тебініп қалды. Сіңірлі мықты ат салған жерден соңында мың сан тұяқ дүбірлеген қалың дүрмектің оқ бойы алдына түсіп алды да, бауырын керіп сыдырып отырды. Ертеңгі салқынмен біраз жер өндіріп тастаса да, шілде айының ыстық күні лезде қайнап кетті. Түнгі салқында қырдың көк жусанына керелеп алған тоқ аттар әрі-берідесін барлығып қалған еді.

Болыс аулы біраз жер. Кәлен айқас алдында аттардың терін басып, тынықтырып алу керек екенін білсе де, бір жерге аялдап тоқтаған жоқ. Ат үстінің желігін бәсеңсітпегені дұрыс. Қайта, осылай жас жігіттердің күш-жігері бойында тұрғанда болыс аулына аңға түскен қырандай, қапылыста бұйқұт тигенді оң көріп еді. Сиыр сәскеде бұлардың алдынан дүрлігіп көшіп келе жатқан ауыл кездесті. Қалың қол Қаражалға шыға-шыға келгенде, көш бойындағы қатын, бала у-шу болды. Кәлен

ат басын іркіп тұрып қалды. У-шу боп жатқан көштің соңында, сонау көз жетпейтін кең жазықта қара құрым қаптаған мал. Сол жақтан қапсағай бойлы ұзын қара жігіт бастаған алпыс шақты кісі құйындатып шауып келді.

– Кәлен аға, ассалаумалейкум!

Кәлен бір көрген кісісін ұмытпайтын. «Ағалап» жатқан мына жігітті қанша ойласа да есіне түсіре алмады. Қапсағай бойлы жігіт салған жерден салдырлап сөйлей бастады: биыл жаз басында көгі қалың кең жазыққа қатар қонған үш ауыл малын өріске бірге шығарып, қыз-бозбала бірге күліп-ойнап, қаннен-қаперсіз отырғанда ел басына келген мына нәубет бұлардың да шырқын бұзыпты. Үш ауылдың ақсақалдары әрі-бері ақылдасқасын патшаға жігіт бермейміз деп, өзара ауыз біріктіріп, тас-түйін боп отыр екен. Бүгін азанда бұларға оқшау хабар жеткен бойда бүкіл ауыл аяқ астынан дүрлігіпті. Мынау олардың үйлерін асығыс жығып үркіп көшіп келе жатқан беті екен.

– Жолдарың болсын! – деді Кәлен.

– Әлей болсын! – деді қапсағай қара. – Пананды бер, Кәлен аға. Ендігі жерде не көрсек те сендермен бірге көреміз.

Кәлен адам-қараның басы қосылғанын жөн көрсе де, бірақ, мыналардың соңына ерген қатын-баланың аяққа оралғы боларын ойлады. Кәлен қапсағай қарамен ақылдасты да, екі жақ боп байлау жасап, бала-шағалы, ию-қию көш әзірше теңіз жағасын сағалай тұрсын деген пәтуамен ілгері жөнелтіп жіберді.

Кәлен оқ бойы алда. Желсіз ауа бүгін тіпті қапырық. Тас төбеге кеп шақырайып тұрып алған күн жер-дүниенің апшысын қуырып барады. Суыт жүрген қалың нөпірдің тұяғынан ұшқан шаң әрі-берідесін жүрісті ауырлатып,

аттар жиі-жиі пысыра бастады. Соған қарамастан бұлар ұзақ жолды суыт жүріспен өндіріп алғысы келді де, қара жусанды қатқыл даланы дүбірлетіп сыдырды да отырды.

– Құдық алыс па? – деді Кәлен.

– Енді қашық емес, – деді қапсағай қара.

Қара бұжыр Кәленнің бетіндегі түктер дала шаңдағымен бозғылданып ұзара түскен.

– Қаратаз аулы отырған жердің бергі жағында терең сай болушы еді ғой? – деді ол.

– Иә, бар, бар...

Деуін десе де, бірақ, Кәленнің ар жақ ойын аңғара алмай, атын тебініп Кәленнің атымен қатарласа бере оған көлденеңнен көз тастады:

– Кәлен аға, қолыңа тізгінімізбен бірге тірлігімізді де беріп отырмыз. Сен бастасаң, осы жігіттер отқа түсуге әзір. Тек не істесең де алдын-ала бізге айтып... бұрынғылар айтқан ғой, ақылдасып пішкен тон...

– Тон? Ол қай тон?

– Иә, тон... Тон болғанда... бұрынғы ата-бабаларымыз айтатындай... Әлгі: «ақылдасып пішкен тон келте болмайды» дейтін...

Кәлен ішінен: «Әр елде осындай бір-бір етек басатындар болады», – деп ойлады да, мынаған енді рай берген жоқ. Онсыз да жүргісі кеп ұрынып келе жатқан ұзын торы аттың тізгінін қоя беріп, қатты сыдырып, суырылып алға түсті. Осыдан ол торы аттың басын жаз бойы жаңағы үш ауыл жайлаған жұртқа келгенде бір-ақ тартты. Осы арада бұлар күн ыстығы қайтқанша аялдады. Кәлен бір жігітті болыс аулына астыртын жіберіп алды. Ауыл іргесіндегі көл табанға жылма-жыл қар суы айналып қақ тұратын. Өріске өз аяғынан барып жайылып қайтатын Абыралыға қараған үлкен ауылдың ірі қаралары жаз ортасы ауғанша осы қақтан су ішетін. Түс ауа бергенде оралған жансыз

жігіт жүз қаралы солдаттың осы көл табанында көк кұрақ өскен салқын сабатта шатыр тігіп жатқанын айтып келді. Шетінен бесатар, қылыш асынған. Соңында сүйреткен зеңбірек. Мынаны естігенде жаңа ғана айқасқа түскенше шыдамай жүлқынып тұрған жігіттердің желігі су сепкендей басылды. Әркім өз ойымен оңашаланып аласа бұта бауырындағы азғантай көлеңкеге басын тығып жатыр. Қайсыбірі тізгінінен тұқыртып ұстап отырған ат бауырындағы көлеңкеге тығылып апты. Кәленнің де көңіліне күдік енді. Бұрын не көрсе де жапан түзде жалғыз жортып күн кешетін. Қазір қол астында қыруар кісі. Қасында Еламан да жоқ.

Күн қызарып батып бара жатқанда Кәлен жігіттерді көтеріп, атқа қонды. Бір жанға тіл қатқан жоқ. Тоғы басылып, бауырын тартып алған жарау аттар кешкі қоңыр салқында төрт аяғы денесін ауырламай ширақ басып, жортып келеді. Ел орынға тегіс отырған кезде қатты жортқан қол болыс аулының төменгі жағындағы терең сайға ілікті. Осы арада Кәлен аттан түсті. Айыл тартпасын тартты. Мылтығы бар жігіттерді іріктеп жиып алды. «Соңымнан қалмай еріп отырындар» деді де, атын ақырын бастырып сайға түсті. Осы арада ол ат жалын құшақтап жатып алды да, екі көзін алдына тікті. Соңында бір ізбен шұбырып келе жатқан кісілердің аяғындағы етіктің үзеңгіге сағалата сұғып жіберген тұмсығына, қонышына қау шөптің басы сырт-сырт соғып, бұлардың біресе алдынан, біресе артынан шегіртке шырылдады. Ақшилі сайдың жыл сайын қақалып тұнып тұратын қалың көгіне, шамасы, сірә, биыл да мына ауылдың жас төлі – қозы-лақ жайылса да, ал бірақ, ірі қараның әзір тұяғы тимеген. Қалың көкті аттар омыраулап жарып келе жатқан кісілердің жан-жағынан көк майқара жусан, жалбыз иісі бұрқырап тұр. Кәлен сәл тоқтап, төңірекке көз

салды да, сосын соңындағыларға «еріндер!» дегендей қолын ілгері сілтеді. Сүйтті де, торы атты терең сайдың жарқабағына тура салды. Жарқабаққа көтерілген бойда Кәлен де, қалғандары да, бәрі бір кісідей тағы да ат жалын құшақтап жата-жата қалды. Кәлен торы аттың едірейіп алдына тіккен қос құлағының арасынан ілгері жағына көз тастады. Сыртта жер ошақта от жылтылдады. Іргесін түріп тастаған шеткі үйдің жалаңаш керегесінен іштегі шамның сәулесі сығыраяды. Үй маңында кісі-қара мол. Дабырлаған дауыс. Кенет шабалаңдап иттер үрді. Сыртта тұрған кісілер даурығып бір-біріне дауыстап жатыр:

- Уәй, ауылға жылқы құлады.
- Бұлар бағана су ішкесін өріске кеткен жоқ па еді?
- Қап, ауыл үстін шаңдатып жіберетін болды-ау.
- Ары айдаңдар! Бол, тез!

Шеткі үйден таяқ ұстаған біреу иттерге айтақтап іштен жүгіріп шықты. Осыған дейін не үрерін, не үрмесін білмей, әркімге бір қарап қыңсылап болып тұрған иттер айтаққа еріп арсылдап ала жөнелді. Әр үйден өре түрегелген арлан төбет, қайың қаптал, шәуілдеген қаншықтар сайдан шыға сала, ауыл үстіне қарай қаптап құлап келе жатқан мына жылқылардың алдынан арсылдап үріп келіп қалды. Ат жалына жабысқан Кәлен осы арада бойын шұғыл көтеріп алды да, «қаптаңдар!», – деп айқайлады. Соңындағылар да сойыл, шокпарларын онды-солды сілтеп Кәленге ілесе дауыс қосып, тұстұстан «Қапта! Қапта! аруақ!» – деп айқайлап, қараңғы түнді дүбірлетіп барады. Кәленмен құйрықтасып жеткен жігіттер қарсыласқан жан кездеспеген соң ат екпінімен ағызып бара жатып, ақ боз үйлердің уығын сындырып, киіз сыртынан қайың сойылмен сарт-сұрт соғып өтті.

Кәлен ағызып кеп үлкен киіз үйдің есігін найза ұшымен ашып жоғары көтере бергенде, мына жақтан

онымен құйрық тістесіп жеткен екі жігіт аттан түсе сала шиті мылтығын кезеп ішке кіріп барды.

– Таста қаруларыңды!

Төрт солдат кілем жайған үйдің төрінде үрпиісіп тұр. Өздеріне оқталған мылтықтың үнірейген аузына бір, ірі қара кісіге бір қарап, сыртындағы сары ала жүкке жауырындарымен жабысып қапты. Бұл тұрғанда қарсыласатын қауқар жоғын байқаған соң Кәлен ілгері аттады. Қолдарындағы қаруын жұлып-жұлып алды. Үй іші жым-жырт бола қалды. Сыртта ат тұяғының дүбірі мен айқай-сүрең ұлғайып барады. Үлкен үйдің бір жағында осы ауылдың екі-үш ақсақалы мен Алдаберген софы ес-түссіз үрпиісіп тұр:

– Еламан қайда? – деді Кәлен.

– Кәлен қарағым... айналайын...

– Еламан қайда?

– Оллаһи, білмей...

Кәлен қарт софының кеудесіне түскен көкшулан сақалын иегімен қоса уысына толтыра сығымдап ұстады.

– Айналайын... Алла атымен ант е-етем. Құран ү-ұрсын...

– Бауыздап өлтірем. Айт! Айт, шапшаң.

– Бағана күндіз айдап әкеткен.

– Қайда?

– Білмедім. Айналайын, шыбын жанымды...

– Тәңірберген қайда?

– Үйінде.

– Үйі қайсы?

– Сайдың арғы бетінде.

– Қаратаз ше?

– О да сонда...

Кәлен софыны бір түйіп, жалп еткізді де, сыртқа атып шықты. Тықыршып тұрған торы атқа бір-ақ ырғыды.

Бұл кезде солдаттар да ес жиған-ды. Үлкен ауылдың әр тұсынан орысша сөздер естіліп, мылтық тарс-тарс, оқтар зу-зу аға бастады. Ауыл үстіндегі айқай-сүрең арасынан Кәлен бір топ аттылының осылай қарай тасырлатып шауып келе жатқанын байқады да, «Қайт! Қайт!» – деп айқай салды. Қараңғыда бір-бірінен көз жазып қалған жігіттер Кәленнің әмірін әр тұстан қайталап «Қайт, қайт!» – деп, ат басын қырға қарай асығыс бұрып жатты. Солдаттар оларды соңынан қуа түсті де, былай ұзап шыққасын аттарын тежеді. Кәлен жаудан оңай құтылғанға қуанса да, өздерінің бүгінгі әрекетіне ырза емес. Өздері күндіз дем алған жерге жеткесін осы араға аялдамақ боп аттан түсті. Көп ұзамай жаз айының қысқа таңы қылаң берді. Жігіттер жау қотанына құйындай тиген бағанағы ерліктеріне есіріп алған. Бірінің сөзін бірі бөліп, абырдабырлап даурығып жатыр.

Кәлен көңілсіз. Еламанды құтқара алмады. Тыныш жатқан жаудың үстіне ат ойнатып, ашу-ызасын оятты. Бұның арты не болады?

Әрине, Кәленнің көрген жалғыз құқайы бұл емес. Бірақ ол бұрын не көрсе де тап кәзіргідей жаны тебіреніп, толғанып көрген емес-ті. Бұрын бұл, ойына не келсе соны істеп салар еді де, сосын «ендігі керді көріп алармын» деп, сары жонда салт атпен жалғыз жортып жүргенде, бұл сірә, бір жаннан айылын жиған ба еді?

Бәйгеге тіккен ғазиз бас соңыра срөгі жеткенде, тәйірі, қай жер, қай шұқырда қалса да бәрібір еді. Егер, жаза-тайым көкпардың лағындай өзінен күші асқан біреудің қанжығасында кетсе кетсін, тек әйтеуір, екіталай тайталаста намысты қолдан бермей, өлсе де жағаласып өлсін. Итшілеген өмірде маңдайына жазған азғантай тірлікте, бұл, асылы, ұрлық істесе де, балық ауласа да, төбелесе де, татуласса да, алды-артын ойлап, басын қатырып жат-

пастан ілгергі бір күнде өзін тосқан әлде қуаныш, әлде ренішке: «Құдай өзі берген жанын өзі алады» дейтін де, ылғи да көзді тарс жұмып, тура тартып кете беретін. Енді соңына ерген осынша халық мынау. Өздері көзінен тізілген өндірей қыршын жас. Бұлардың әрқайсысы болашақта бір-бір үйдің боздағы...

– Шаң шықты.

– Қуғыншы... қуғыншы...

– Атқа қоныңдар! – деді Кәлен.

* * *

Ізіне қуғыншы салып алған Кәлен бес жүзден астам жігітпен осынша кең даладан бас сауғалайтын жер таппай, елсіз, сусыз жонда жосып жүр.

Баяғы, ұрлық қып жүрген заманда да бұл соңына сұғын алып түскен қуғыншылардың талайын оп-оңай адастырып кете беретін. Осы жолда басына тықыр таянғанда қолданатын үйреншікті тәсілге басып, із түспейтін тастақ тақырды тасырлатып кесіп өтті. Онан ештеңе шықпағасын, бұл енді жықпыл, жырасы, қолат, қалтарысы көп Ұры шыңына тығылып еді, бұл өңірді бес саусағындай білетін біреудің бұларды бастап әкеле жатқаны белгілі болды.

Кәлен Ұры шыңында ұзақ аялдай алмай, алдын түн қыла қашып шықты. Сонан түн-түнімен жортып отырып, таң ата терең сайға кездесті де, ат басын тартты. Сай бойының көгі қалың екен. Сайдың жоңышқалы, мортықты табанында әлі де болса балауса қалпын сақтап балбырап тұрған тып-тығыз қалың көкті бүлкілдетіп, мөп-мөлдір бұлақ мөлтілдеп ағып жатыр.

– Пай, пай, мынау жарықтық айта қалғандай-ақ жер екен – деп, атын жетелеген әлде біреу Кәленге қатарласа

берді. Кәлен бұрылған жоқ; басында баяғы бір ой: «Қайда барып жан сауғалайды?»

– Бұл өзі кімнің жері екен? – деді Кәлен.

– Кім білсін, бұл маңның бәрі – Тілеу-Қабактарға қарайды ғой. Солардың бір мықтысының жері болар.

Кәлен үндемеді. Ішінен: «Апырай, Тәңірбергеннің қайын атасы болмаса не етсін?» деп ойлады. «Жә, кім болса да, басқа емес, әйтеуір қазекемнің жері ғой, жаудың қарасы көрінгенше осы арада тыныға тұрармыз. Жігіттер шаршады. Аттардың қан сорпасы шықты»

Кәлен бойын қару-жарақтан босатып, үстіндегі лыпаның тіз киімнен басқасын түгел шешті де, мұздай көкке құшағын жайып, құлай кетті. О басынан бұ басына көз жетпейтін терең сайдың ылғалын бойына тартып қаулап өскен қалың көкті кеудесімен басып біраз жатты да, арқасына аунап түсті. Көзін ашуға ерінді. Кісі бойы көк шалғынның әлдебір жерінен бұған әзір беймәлім, бірақ, әйтеуір, қазекемнің салқар кең даласының қалай да бір жұпар хош иіс аңқып қоя берді. «Кішкене көз іліндіріп алар ма еді?», – деп ойлады.

Кенет, әлде бір тосын дыбысқа құлағын тоса қалды. Мынау бала кез болмаса, онан бергі ат үсті сарт-сұрт өмірде есітпеді ме, есітсе де, қаперіне кіріп шықпай, күн-түн қатқан жортуылда ұмытып бара жатқан бір балдай тәтті дыбыс құлағына келді де, көзін ашып алды. Сүйтсе, бұның дәл үстінде, көк пен жер арасында, о, Жасаған Жаппар Ие, небәрі, жас бала жұдырығындай сұр торғай. Кәлен дем алды ма, жоқ па, өзіне салса тынысы тоқтап елітіп қалғандай... Жасаған-ау, не бары жас бала жұдырығының мұғдарындай мына бір торғайдың Кәлен енді құп-құйттай тұмсығын көрді. Тарының түйіріндей құп-құртақандай қап-қара көзін көрді. Көкірегі тәтті дыбысқа толған құп-құртақандай денені екі жағынан

көтеріп, көкке алып ұшқан әне бір құп-құртақандай екі қанат мөп-мөлдір көгілдір ауада дір-дір етеді. «О, жаным, сұр торғай! Осынау кең даламның торғайы», – деді Кәлен. Көзінде жас.

– Жау... Жау келіп қалды.

Кәлен есітпеді ме, естісе де әлгі бір құп-құртақандай дала құсының тәтті үні басқа бар дүниенің бәрін қаперінен шығарып ұмыттырып жіберді ме, орнынан қозғалмай біраз жатты. Тұрғасын да асықпады. Атқа мінер алдында үзеңгіге аяғын салып жатып жаңағы құп-құртақандай құсты бір көргісі кеп көк аспанға қарап еді. Қыр астынан ат тұяғының дүбірі шықты. Жігіттер де, жігіттердің астындағы аттар да бір орында тұрмай, шиыршық атып тұр екен.

Кәлен торы атты тебініп қалды. Сайдан сыдырып шықты. Ат басын тежемей, ағызып бара жатып артына бұрылып еді, қуғыншылар көрінбеді, бірақ, қыр астынан тасырлаған тұяқ даусы естіліп, көп ұзамай ұзын найзалардың қылтылдаған ұшы көрінді.

Қанша десе де, жаңағы аз ғана тыныс аттарға біраз белкөтерме бопты. Кәлен сайдан шыққан бойда, аттар тың тұрғанда жер өндіріп алғысы келді де, торы атқа тақым басты. Жігіттерге де керегі осы еді; онсыз да сонынан тасырлатып мылтық атып, қиқулап келіп қалған жаудан қалай құтыларын білмей, қайта-қайта жалтақтап артына қарап келе жатқан-ды. Бұлар да аттың басын қоя берді.

Бұл өңір биыл қуаң. Басқа жаққа қарағанда, қайта жарықтық Ұлықұм өңірінің түгі қалың. Суының да көзі жақын. Бұл өңірді жайлаған халықтың берекесі онша шайқала қоймайтын. Сондықтан бұнда халық басы көбірек жиналады. Қайсы бір жылдары қыстан ыңыршағы айналып шықса да, құм бойының көгіне

аяғы бір жеткен мал қапелімде қабырғасын жауып ала қояды. Мал жағдайын өз жағдайынан кем ойламайтын шаруа қолдағы азын-аулақ қараны алдағы жылдың қысына қондандырып түсіргісі келгенде осы өңірге арысы Арқадан, берісі мына теңіз жағасын жайлаған ел шұбап келіп жататын. Соңына қуғыншы түсіп алғалы Кәлен де қазығын айналған аттай, осы өңірді жайлаған малды-жанды елді сағалап, шыр айналып жүріп алды.

Сүйтсе, бұл өңір бұлардан гөрі аналарға тиімді екен. Құдайменде болыстың абызындағы ел қорықса да, сыйласа да оларға алдынан ас-суын әзірлеп, атын алмастырып, жазатайым бұлардан көз жазып қалғанда көземелдеп ізіне салып отырыпты. Соны кеш білген Кәлен сайдан шыға салысымен ат басын енді тура Адай, Табынға бұрды. Бұл бет далалық. Әдетте, басқа түгіл, араншының жалғыз атына су татырмай, жазда шаң бұрқырап, қыста қар борап, ақ түтек үскірік соғатын да тұратын аңыраған ашық дала. Түрікпен асып, Адай, Табын асып ұрлық қылған әне бір заманда, бұл аралар Кәленнің талай-талай жортқан жерлері. Бедірейген елсіз түздің қай жерінде ат шалдыратын, таңдай жібітетін оты мен суы бары бұған белгілі еді.

Кәлен алда. Оның торы атынан қалмай, ұдайы құйрық тістесіп отырған қалың топ үнсіз. Ат үстінде өткізген ұлы сүргінде шетінен күн өтіп, жел қағып қара сіңірленіп алған жігіттердің жүзі куқыл.

Жаудан бұлар қара үзді. Бірақ, бес жүзден астам сарбаздың соңында жосылып қалып жатқан көп тұяқтың сүрлеуі бұлардың ізіне түскен қуғыншыны адастырмасы белгілі.

– Кәлен аға, – деді ұзын қара астында ентігіп ауыр дем алған атты екі бүйірден тепкілеп, қатарласа беріп, – баратын жеріміз алыс па?

– Күн кештете жетерміз.
– Апыр-ай, мынау... Мына дала... Бұл өзі неткен жер?
– Тамаша, жақсы жер.
– Шын ба? Бұнда ел бар ма?
– Болғанда қандай?! Қазекемнің нағыз ержүрек батыр ұлдары тұрады.

– Сон-да... Кәлен аға... Ал, су?..
– Су бар. Шыңыраудың шекеңнен шыққандай суы бал татиды.

Ұзын қара әлі де болса, сенер-сенбесін білмей, қатарласып келе жатып қара бұжыр кісіге жалтақтап қарай берді. Кәлен үнсіз. Күн екіндіге тақалғанда бұлардың ілгері жағынан дәл бір төңкеріліп, аударылып түскен дөңбек толқындай қара жал көрінді.

Бұлар қаттырақ жүрді. Бауырын керіп сыдырып, отырған аттылар қойсын ба, көз ұшынан көрінген әлгі қоңыр жалға кәпелімде жетті. Бұнан бұрын да Кәленнің талай жортқан жері. Мына қара жалдың ар жағында, әудемдей жерде құдық бар. Сонау ерте заманда көштері кездесіп қалғанда кейде жайылым, кейде құдық үшін қазақ пен қалмақ тайталасқан талай-талай шайқаста қайсысының көші бұрын жетсе, сол осы шошайған төбеден қарауыл қарайды екен. Және осы шошақ төбенің дәл астында суы тіс сындырғандай шыңырау бар. Жазда ел отырады.

Кәлен қоңыр жалға шауып шықты. Осы арада тізгінін сәл тежеді. Жал үстінде тұрып ат үстінен ілгергі жағына жылдам көз тастап еді. Өзі тұрған қоңыр жал мен әудемдей жердегі қарауыл төбенің екі аралығындағы жазанның қара оты қашанда қалың болатын. Биыл да жаз басынан күннің жайсыз ыстығына қарамастан көктемде қалың шыққан қара от әлі де бойшаң және міні құрамаған екен. Соны бір қарағаннан байқаған Кәлен ішінен жағасына

түкіріп, жымың етті. Әлденеге көңілденіп кетті.

Кейінде қалған сарбаздар ақ тер, көк тер аттарын тепкілеп жете бергенде Кәлен кідірмей, ілгері жүріп кетті. Ол енді асыққан жоқ, атын бір әуенмен ақырын бастырып келе жатып қоңыр жал мен қарауыл төбенің екі аралығындағы жазанның қара отына тағы да назар аударды. Таспа боз кер жусан басқа жерге қарағанда мына жазанда шынында да бойшаң, аттың шашасын қағуға жарап қапты. Қасында үзеңгі қағысып келе жатқан ұзын қараның бірдеңе сұрағысы келгендей жалтақтап қараған назарын байқаса да ыңғай бермеді. Онан қайта өзі сөз тартып: «Мына жусанға кереге жайса, көрінер ме еді?» деп сұрағысы кеп оқтала түсті де, әлденеге ар жақ ойын ашқысы келмеді.

Құдыққа келгесін аттан түсті. Тас астау маңында адамның, малдың ізі көп екен. Күндіз су ішіп, кешке салым түнгі салқында жайылатын дағдылы өрісіке тартқан көп жылқы ізі жосылып қапты. Сиырдың жапасы, түйенің құмалағы арасынан атам заманғы ақылшың ескі тезектер көрінді.

– Осы араға тоқтаймыз, – деді Кәлен. Бұлармен құйрықтаса жеткен жігіттер де жапырлап аттан түсіп жатты. Жерге аяғы тие салысымен бәрі де жанталаса асығып құдыққа ұмтылды. Адамдардан гөрі шөлден қаны кеуіп бара жатқан аттар тізгінін жұлқып астауға ұмтылып өліп барады.

Кәлен су ішкен жоқ, тек аузын шайды да қасына ұзын қара мен еті тірі екі жігітті шақырып алып құдық басындағы опыр-топырдан аулаққа оңашаланып шықты.

– Жауды осы арада тосамыз, – деді Кәлен.

– Сон-да... тосқанда қалай, соғысамыз ба?

– Оны кезінде көрерміз. Сендерге айтпағым, бұл маңда мынадан басқа құдық жоқ.

– Кәлен аға, жаудың қару-жарағы сайлы, күші де басым. Оларға қарсы тұрып... Оған... Оған шамамыз же-ете...

– Білем...

– Сон-даа... қалай?

– Осы маңда ауыл бар. Қай жерде отырғанын білу керек.

– Оны білерміз. Тек, жаңағының жөнін...

– Ойлаған ойым бар. Оны кейін біле жатарсындар. Сендер былай шығып, ауылдың қай жерде отырғанын біліп қайтындар. Олармен кейін өзім барып сөйлесермін.

– Олар да өзіміздей қару-жараксыз, құр қол...

– Білем. Ал, тұрмаңдар. Тез барып қайтындар!

Жігіттер бір-біріне карады. Сосын астындағы жалтақтап, қайта-қайта құдыққа қарап оқыранып тұрған аттарын тебініп жүріп кетті. Көп ұзамай қайтып келді. Былайырақ шыққасын бір қырдың астында отырған малды-жанды үлкен ауылдың үстінен шығыпты. Адайлар көрінеді. Ішінде аз үй кірме Табындар бар көрінеді. Бұлар да ақ патшаға жігіт бермейміз деп, бес қару белде, аттар белдеуде, тәуекелге бел буып тас түйін боп отыр екен. Ауыл іргесіне кеп орналасып жатқан қолды есіткенде Адай жігіттері естері шыға қуаныпты... Қайсыбіреулер Кәленді біледі екен, атын есіткенде: «Ә, оның әлгі жылан көз қара ғой?» – деп, кеңк-кеңк күліпті.

Сол күні кеште Кәлен Адайлардын ақсақалдарымен кездесті. Кәлен оларға Арал өңіріндегі халық ереуілдеп, қару ұстауға жарайтын ер-азамат атқа қонып жатқанын айтты. Сосын өздерінің соңында ізін өкшелеп келе жатқан қуғыншы барын, олардың осы араға бүгін-ертең келіп қалатынын да жасырмады.

– Е, бәрекелде! Онда біз де жігіттерімізді көтерейік.

– Сендер тырп етпендер. Өзіміз-ақ олардың бір сыласын қылармыз.

– Ау, ол қалай? Бұл нағыз күш біріктіретін тұс емес пе?

– Шамамыз келмей бара жатса, айтармыз. Сендерге салатын бір қолқам бар.

– Ал, қолқанды айт!

– Бір күнге аулыңның керегесін сұрағалы тұрмын.

– Қолқаң сол-ақ па?

– Иә, сол-ақ.

Адай шал қарқ-қарқ күлді:

– Керек болса, керегені уығымен қоса ал! Тек шаңырағымызды қалдырсаң болады – деп, жаңа жұрт алдында шалқақтап отырып, зіркілдеп сөйлейтін апайтөс шал тағы да кеңк-кеңк күлді. Бірақ ол Кәленнен сонша керегенің неге қажеті болғанын сұраған жоқ. Кәлен де оған ол жөнінде тіс жарып түк айтпастан қоштасып жүріп кетті. Ол жөнелген бойда әлгі апайтөс Адай шалдың әмірімен бүтіл ауыл жау тигендей аяғынан тік тұрып, алас-қапас үйлерін жығып, бар ауылдың бүтіл керегесін түгелдей түйелерге тиеп, жөнелтіп те жіберді. Кереге тиеген ұзын көш жеткенше Кәлен бұл жақта жігіттерін жинап әзір тұрған-ды. Көзді ашып-жұмғанша түйелердің арқасынан керегелерді түсірді. Кәленнің басшылығымен үнсіз қимылдаған жігіттер түн қараңғысын жамылып жүріп, бағанағы қоңыр жал мен карауыл төбенің арасында қара оты мол кең жазыққа керегелердің қанатын жазып, ұзыннан-ұзақ жайып тастады. Арқасы босаған түйелерді ізінше кейін қайтарып жіберді. Сосын тағы да Кәленнің әмірімен қарауыл төбеге арқасын тірей тоқтаған өзінің сарбаздарын бестен, оннан қос-қос қып бөліп, бәрі бір мезгілде от жаққанда, құдды көктегі жұлдыздар жерге құлап түскендей, жыпырлап қоя берді.

Осы кезде бағана жолда қалдырып кеткен екі жігіт шауып келді. Ат үстінде тұрып қосарлана тіл қатып, жаудың жақындап қалғанын хабарлап еді; Кәлен үндемеді. Сары шілденің аптап ыстығынан бұл араға олардың өздері де, аттары да сілесі құрып, шөлден өле жаздап жететінін біліп тұр. Келген бетте бірден шабуылға шығуға шамасы жоғын да ойлады. Және бұрын жаудың қарасы көрінсе алды-артына қарамай тұра қашатын бұлардың, енді үстіне келгенде де «келсең кел» дегендей, жол тосып тұрған сыңайын байқағасын батылы жете қоймасына кәміл сенді. Сүйтсе де, қамсыз болғысы келмеген жігіттер таң атқанша ат тізгінін ұстап, қылыш-найзаларына иегін сүйеп отырып көз іліндіріп алды.

* * *

Кәленнің болжамы дәл шықты: түн ортасы ауа жеткен ақ әскер қоңыр жалға көтерілгесін ат басын ірікті. Сонау етекте жыпырлаған сансыз көп отты көргенде жүрегі шайлыққан жау бұл араға, бұнша қолдың қайдан кеп қалғанына қайран қап, жал үстінде біраз иіріліп тұрды да, аттан түсті. Сонан қашан аппақ боп таң атқанша жазғы түннің қоңыр самалы соққан биік жал үстінде естерінен тана қатып ұйықтап еді.

Бұл түні кірпік ілмеген Кәлен қоңыр жалдан көзін алған жоқ. Бұл түні олар да, бұлар да қыбыр етпеді. Тек анда-санда әлдебір тер қатқан ат ер-тұрманын сылдыратып сілкініп қалады. Сосын, сонау етектегі қоңырлықтан шегірткенің шырылы болмаса, құлақ елең етер басқа бөгде бірде-бір дыбыс болған жоқ-ты. Тек таң саз берген бір мезгілде жау әскері тоқтаған қоңыр жалдан таңмен таласа ояңған әлдебіреулердің қарасы көрінді. Көп

ұзамай қоңыр жалдың үсті адам-қараға толып, абыр-сабыр бола басталды.

– Жігіттер дайын ба? – деді Кәлен қасына келген ұзын қараға.

– Дайын.

Сүйткенше қоңыр жалдың үстіндегілер де апақ-сапақ атқа отырып жатты.

– Кәлен аға-аа... Кәлен аға-аа...

Қасынан аблығып шыққан мына дауыс Кәленнің жынына тиді. Бұның өзі де көріп тұр: қоңыр жалдың үстіндегілер аттарын ақырын бастырып орындарынан қозғала бастады. Сол кезде баран атты біреу алға озғындап шықты дағы иін тірескен көп аттарға бұрылып қарады да, қылышын суырып ала сала ылдиға қарай ат басын қоя берді. Қалғандары да анаған ілесіп қоңыр жалдың басынан ылдиға қарай лап берді.

– Кәлен ағаа!.. Кәле-н аға!..

Ұзын қара ма, әлде басқа ма, Кәленмен үзеңгі қағысып қатарласа берді. Қалғандардың да қатары қозғалып кетті. Жаңа ғана ат бойы кейін тұрған жігіттер де қапелімде сығылысып, өзімен қатарласып қалған екен. Кәлен дүбірге әлден делебесі қозып тақымы астында шиыршық атқан торы аттың тізгінін тартып тыныш тұр. Қара сұр беті қуқылдана түскен. Сонан ба, әншейінде онша байқала қоймайтын бетіндегі бұжырлар бозарып, сұйық мұрттың әр талы тебен инедей тікірейіп-тікірейіп апты. Көзін бір жаққа бұрмай тура алдына тігіп алған. Екі көзі қоңыр жалды дүбірлетіп ылдиға қарай қаптап келе жатқан қолдың алдындағы қара жал, құла атты офицерде. Мынау өзгелер сияқты қылыш ұстаған қолын оңды-солды сілтеп келе жатқан жоқ; қыратын-жоятындай есерленіп, құрдан-кұр коқырақтаған да жоқ; қос құлағын жымып алған құланың ұшқан құстай ілгері

созған ұзын мойнына кеудесімен құлап жабысып апты. Бірме-бір айқаста күшпен алмаса, мына кәпірді әдіспен ала қою оңай емес екенін Кәлен сол арада ойлады ма, жоқ па, белгісіз, ойласа да тек бір сәт, бір қас қағым сәт қаперіне кірсе кірген шығар. Дәл осы қазір оның есілдерті мына офицер жолында жаюлы жатқан керегені көргенде қайтер екен деп, сол сәтті шыдамсыздана күтіп тұр еді...

Е, міне!.. Офицер керегеге басқалардан бұрын жетті. Бірақ тізгінін тартып үлгірмеді. Ар жақтан ағызып келген бетте астындағы аты алдыңғы екі аяғын керегенің көзіне тықты да, басын бауырына алып омақаса құлады. Үстіндегі офицер қылыш ұстаған қолы басынан аса бір ербең етті де, қара жал, құла айғырдың мойнынан асып түсіп анадай жерге домалап-домалап кетті. Сол сол екен, соңындағы қалың нөпір де бірінен кейін бірі керегеге килігіп, омақасып опыр-топыр құлап, аяғы сынған, омыртқасы үзілген аттар жан даусы шыға шұрқырап, адамдар шыңғырып, қоңыр жал мен қарауыл төбе арасындағы кең алқап қапелімде адам айтса нанғысыз әлем-тапырық болды да кетті.

Осы сәтті тосқан Кәлен оңы мен солына жылдам көз тастады. Қолы да қынапта тыныш жатқан қылышқа барып қалған еді; сол кезде... бір бүйірден қиқу сап шыға келген әлде көп дауысқа көп тұяқтың дүбірі қосылды да, қылышты суырып үлгермей қалт етіп тоқтай қалды.

– Кәлен аға... Кәлен аға, бұл-ар... бұлар кім?

– Кім болушы еді, ер Адайлар!..

– Сонда... біз қайда қалдық?

– Жолды осыларға береміз!

– Біз ше?

– Біз дем аламыз. Кәне, аттан түсіндер.

Бұлар осы арада біраз аялдады. Аттарын тынықтырды.

Кір-қоңын жуды. Адай жігіттер бірінен кейін бірі үйіне шақырды. Күнде-күнде құдай жолы садақа беріп, ана үйде, мына үйде ақсарбас сойылып жатты. Жау қашырған көңілді жігіттер апақ-шапақ араласып, бүгін танысса, ертең Адай, Табынның басы бос қызына үйленіп, ол аз дегендей, бесіктегі балаларын атастырып, туыс боп жатты. Лепірген ет қызу үстінде бұлардың ешқайсысы әзір ертеңгі күнді ойлаған жоқ. Бұлар соңыра талай жыл, жылдар өтіп, дүниеге бұлардан кейін талай ұрпақ келіп, олар да бұлар сияқты мына адыра қалғыр ата-баба жерін қайтсем көгертем деп жанын жалдап, қажет болса, қанын, терін төгетінін де ойлаған жоқ-ты. Соңыра, көп жыл өткесін ақ әскерлер опыр-топыр қырылған мына кең алқаптың жұрт аузында аңызға айналып «Солдат қырылған» аталатынын да тап сол күні Кәлен де, Кәленнен басқалар да білген жоқ-ты.

Сонан ай өтті. «Ел құлағы – елу». Үй мен үй, ел мен ел арасындағы ыбыр-сыбыр қарап жатпады. Бұл жаққа жолы түсіп, ар жағы сонау Арқадан, бер жағы мына Ақтөбе, Арал өңірінен келген әлдебіреудің әлдекімге айтқан алыпқашты сыпсыңы әп-сәтте ауыздан ауызға тарап, біреуден біреу құлақтанып, көп ұзамай дабыраға айналып: «Ойбай, ақ патша қаһарға мініпті. Орынбордан әскер шығыпты. Көптігінен жер қайысатын көрінеді» – деп, ел іші дүңкілдеп алып бара жатты.

Кәлен жігіттерін жиып алды: «Өзіміздің жағдайымыз келісті» деп жата бергеніміз жөн болмас. Елге баралық», – деді. Жігіттер де соны жөн көрді де атқа отырды.

* * *

Сүйтіп, бір айдың жүзі ауғанда Кәленнің қолы Ұлықұм өңіріне қайтып оралған еді. Шынында да, бер

жағы Ақтөбе, ар жағы Орынбордан шыққан көп әскер ауыл үстін басып жатыр екен. Соңында сүйреткен зеңбіректер бар. Кәлен қарсыласа алмады. Қаруы мықты, күші басым жаудың қарасы көрінсе болды, бұлар тағы да баяғыдай апақ-сапақ атқа отырып, жан сауғалап, ойға, қырға, тауға, сусыз шөл далаға, жапан түзге қашты.

Аттар болдырды. Адамдар титықтады. Аштыққа шыдаса да, шөлге шыдамай, не бір аспан айналып жерге түскендей ыстықта ауыздарын орамалмен байлап алған сарбаздар жұлын үзердей қорт-қорт желген ат үстінде басы салбырап үн-түнсіз келе жатады. Осы жолда қанша қиындық көріп, азап шексе де, басын бәйгеге тіккен жігіттердің бірде-бірі әлі қыңқылдап наразылық білдірген жоқ. Көбі кеше Кәленнің өзімен бірге су кешкен қара борбай балықшы. Қалғандары малы жұтқа ұшырап, теңіз жағасын сағалаған малшы, жалшы. Бәрі де ат үстінде өткізген мазасыз қуғын-сүргінде күнге күйіп қап-қара боп түтігіп алған. Кәлен бұлардың үнсіз сазарған түріне қарап: «Шіркіндердің тіл-жағы байланып қалған ба?» деп таңданады.

Бір жолы шындап қуған жау бұларды қырға қашса да, ойға қашса да ізінен қалмай, күні бойы өкшелеп қуды да отырды. Күн батты. Қараңғы түсті. Аттар да, адамдар да болдырды. Ат үстіндегі ұзақ жортуылдың талайын көрген Кәлен де сол күні қатты қалжырап, ер үстінде екі құйымшағына кезек отырып қипақтай бастаған-ды. Ұзын қара қатарласты:

– Тоқтасақ қайтеді?

– Шыда!

Сонан артық тіл қатпады. Баурын керіп сыдырып келе жатқан торы атты қамшымен тартып жіберді де, шаба жөнелді. Сонан айсыз қараңғыны жамылған қол бір жерге тоқтамай, түнімен жүріп жаудан қара үзіп

кетіп еді. Күн шыға қауқиған жыңғыл, қызыл түзген бой көтерген ақ шағыл құмға ат басын тірей тоқтады. Қара терге малшынған аттар таңым астында тәлтіректеп, төрт аяғы денесін эзер көтеріп, ырс-ырс етеді. Ер үстінде эзер отырған жігіттер аттан апалақ-құпалақ түсіп, ақ қиыршық құмға құлай-құлай кетті.

Алдымен Кәлен оянды. Шақырайып шекесін шағып бара жатқан күнге тура қарай алмай, көзін бұрып әкетті. Сосын, бұта түбіндегі қос уыс көлеңкеге басын беріп, әлі де болса біраз мызғып алғысы кеп көзін қанша жұмса да, ұйқы оралмады.

Жігіттер бір-бірлеп ояна бастады. Қайсы біреу қоржын түбінен сақырлап қатқан құртты уысын толтыра көсіп алды да, тұнжырап, қабағы түсіп отырып, қытырлатып шайнай бастады.

Ұйқыдан күдер үзген Кәлен жігіттерден көзін алмай, бұта түбінен бағып жатыр. Қуғын, сүргін бәрін қажытты. Артта қалған қатын, баладан хабар-ошарсыз. Өздерінің де тағдыры қыл ұшында. Сонан келе, бұл шіркіндердің бірі болмаса бірі ішіндегі ренішті сыртқа шығарып, дауыс көтермей тымырайып алғандарына жөн болсын? Осылай іштерінен тынып, тілін жұтып, үнсіз тістеніп жүре бере ме?

Кәлен соған түсінбеді. Әлде, бұған бата алмай ма? Ойдан, қырдан жиналған осыншама кісілердің ішінен бұған тайсалмай кеп ар жағынжағы реніші мен ызасын бетке айтатын бір ұлды қазақтың қатыны тумады дегенге кім сенеді? Осы жұрт не боп кеткен? Әлде, эне бір қасқырдан қашқан сұр көжектей жан сауғалап жоси беруден жігері құм боп жүр ме? Алды-артына қарамай зытып бара жатқан сұр көжек көзіне елестегенде Кәлен мырс етіп күліп жіберді, назарын көтермей, төмен қарап тұнжыраған жігіттерге бұл енді қыжылсыз күле қарады.

Есіне Жармола түрмесінен босанып шыққан Батақтың Сарысының елге қайтып келе жатқаны түсті. Ерегіскенде, түрменің тар қапасында да жігері мұқамаған өр мінез, өжет жастың әлгі бір: «Он екі ай қыз көрмеген сорлы басым, қатынға тезек терген қайырылыппын» – деп, өзін-өзі мысқылдағандай, жолда келе жатып айтқан асқақ әнін осы арада, тап осы қазір осы мына ұнжырғасы түскен шикі өкпедей, жігерсіз жасық енеңді ұрайындардың алдында айқайға басып жібергісі келді. Бұның өзінің де қашаннан бері зығыры қайнап жүргесін бе, қара бұжыр бетіне сайқымазақ күлкі лып етіп ойнап шығып еді. Ін түбінен, әріден жылтыраған жылан көздің жанарына бір сондай қиқар, өжет ұшқын лап ете түсті де, тез өшті. Жалбыраған қабақ іле-шала қайта жабылып түнере қалды. «Құрсыншы ит өмір! Бұйырса, бір күні бұны да итшілеп өткіземіз ғой».

* * *

Бұлар құдық іздеп біраз сандалды. Сонан тек ел жаттарда аттарын ақырын бастырып келе жатқан қол бір биік жалдың басына көтерілгенде ілгергі жақтан от жылт етті де, тез өшті. Ер үстінде басы бұлғандап келе жатқан кісілер елең етті. Сүйтті де аттарын тебініп, әлгі от жылт еткен жақты бетке ұстап шаба жөнелді. Сүйтсе, қолдағы аз ғана малдың жайымен айдалада отырған он шақты үй екен. Ер-азамат ереуілдеп жатқан жігіттерге қосылып кеткенде, бұнда тек бала-шаға қапты. Кәлен бұлармен тілдескенде, жігіттер ана жақта суы күрпіп, аузы-мұрнынан шыққан үш құдықтың басында үйме-жүйме боп жатты.

Адайлардан оралғаннан бергі күндер бұларға аса ауыр тиді. Бір күн бел шешіп жатпай, ылғи ат үстінде

қуғын-сүргінде жүрген жігіттер қазір бәрі шетінен құсұйқыланып алған-ды. Қалт еткен-қалт еткенде көзін сәл жұмып, қайта ашса болды, ат соғып қалжырап тұрғанына қарамастан тұла бойы сәтте сергіп сала беретін.

Таң саз берген елең-алаңда кейінгі жақтан қарауылға қалдырып кеткен жігіт ес-түсі қалмай құйындатып келе жатты. Кәлен тізесіне тіреген қамшы сабына маңдайын қойып қалғып кеткен-ді. Қамшы сабы батқан шекесін алақанымен бір уқалап жіберді де, орнынан атып тұрды. Көз іліндіріп мызғып алған жігіттер де асығыс апыл-ғұпыл тұрып жатты.

Аз ғана аялдаса да аттар кәдімгідей әл жиған екен, салған жерден қатты жүріп, қуғыншылардан қара үзіп алғасын бұлар сол күні кеш түскенше бір жерге тоқтамай ит бүлкілге салды да отырды. Күні бойы борбай созған аттардың бұнан артық жүріске шыдамасын білген Кәлен қас қарая бергенде өзі білетін шегенді құдыққа жетті де тоқтады. Естуі бойынша, Құдайменде болыстың аулы бұл арадан онша қашық емес-ті. Сонан бұлар ел жатқасын атқа қайта отырып, болыс аулының өрістегі жылқылары мен түйелерін қуып әкетті. Жігіттер ат алмастырып мінді.

Болыс аулынан қашып келген жігіт: «Еламан мен Райды кемеге отырғызып, Аралға жөнелтіп жіберді» дегенді айтты. Оның ар жағы не болғанын білмейді. «Ел ішіндегі қаңқу әңгімеге қарағанда, шамасы, сірә, майданға жіберетін сыңай бар ма, қалай...» – деп міңгірледі. Су ішіп, кішкене әл жиғасын терін сүртіп отырып, әлгі жігіт тағы бір әңгіменің шетін шығарды. Бұл жолы ол Кәленді қолға түсіре алмай әбден ыза болған болыс ояздан келген әскерге жар басындағы балықшылар аулын шауып, бүлік басы Кәленнің қатынын, баласын, сосын сол ауылдың

ендігі бас көтерері – Мөңке мен Досты тұтқынға алу керек деп ақыл беріпті. Кәленнің қорыққаны осы еді. Ол жігіттерді тез көтеріп, түн ішінде жағаға тартты. Келген бетте балықшылар аулын дүрк көтеріп, кәрі демей, жас демей бәрін апыл-ғұпыл тегіс атқа, түйеге отырғызды. Бұрынғыдай сыбай-салтаң емес, қатын-бала, кемпір-шал болғасын Кәлен сақтық жағын қатты ойлады. Бұл жақтың өздеріне қауіпті боларын да ойлады. Әсіресе, жас балалардың түн қатқан мазасыз жүрісті ауырлап, қыңқылдап жылағанына қарамастан үнемі үдере тартып отырып, Ұлықұм мен Кішіқұмға жетті. Осы өлкенің оты, суы мол кең алқабын көсіле жайлаған іргелі рулар – Тілеу-Қабак, Төртқара, Тама ауылдарының үстін басып жоғарыға өрлей тартты да отырды.

Бұлар жүрген жердің бәрінде де басы бүтін үй қалмапты. Қай ауылдың да ер-азаматтары ат үстінде. Қайтерін білмей, кең далада арлы-берлі жосып, ақсақалдармен ақылдасып, басқа лаж қалмағасын, ақырында бәрі Кәленге қосылды. Ал, Кәленнің соңына ерген жігіттердің қазіргі қарамы мыңнан астам. Бұл өңірдегі ел ішінде Тілеу-Қабак ежелден ерлікті сүйетін жауынгер ру. Ер-азаматтары кешегі жылдары мына жағы – Қарақалпақ, ана жағы Орынборға, Жем бойына астыққа барып жүріп қолға түскен қару-жарақты сатып ала беріпті. Кәленге қосылған Тілеу-Қабак жігіттерінің бірқатарында найза-шоқпардан басқа бесатар, қылыш бар екен.

Кәлен бір ауыл, екі ауыл емес, бүкіл халық ереуілдеп жатқан соң кісі-қараның басы құралғанын құп көрді. Ерте ме, кеш пе, алда бір сұрапыл шайқас болары сөзсіз. Бұл жаққа да ояздан әскер шыққан. Қазіргі беті қатты. Жолында кездескен ауылдарды қан қақсатып, қырып-жойып келе жатқан суық хабар ел ішінің зәресін ұшырып, ауыздан-ауызға тарап, дүңк-дүңк естіліп жат-

ты. Кәлен бүкіл Арал өңірінде ат тұяғы жететін жерде басы бүтін ауыл қалмағанын көріп жүр. Қайда барса да көшкен, босқан ел. Сасқан халық. Дағдарған ер-азамат. Дәл бұндай жағдайда не істеу керек екенін ол әлі білген жоқ. Қашанғы осылай қатын-баланы ызғытып, түйе комында қаша береді? Алда табан тірейтін, тоқтайтын жер бар ма?

Шұбалған көш ақырын қозғалады. Түйе артқан тең-тең жүктің о жер, бұ жеріне байлаған шылапшын, леген, шелек, шәйнек жол бойы салақтап даңғыр-дүңғыр. Кебеже кенерінен мойны қылқиған жас балалар көш қапталында аяғын әзер алып келе жатқан шешелеріне қыңқылдап ас-су сұрайды.

Көш басында Судыр Ахмет пен Мөңке. Судырақ көңілді! Оған қайта осындай абыр-сабыр ұнайды. Астында ұрыншақ үркек байтал. Көрінгеннің бәрінен үркіп, ер үстінде қоқырайып отырған Судыр Ахметті талай жерде тастап кете жаздады. Ал, қарт балықшының астында қарны жер сызған көк азбан. Жағадан шыққалы көш қапталында қайыс тізгін қолынан түсіп мүлгіп отырғаны. Күн қарыған көзін осыдан қашан ыстық қайтып, көлеңке басы ұзарғанша аша қоймайды. Жолдың екі бетінде ауызға ілігер шөпті жүріп келе жатып та жалмаңдап жұлып жеп, отын алып отыратын қойшы тұғырдың бас еркін өзіне беріп қойған. Жол бойы ауыз ашпайды. Күн ұзын қасында әлденені сұңқылдап келе жататын серігіне құлағын тосып, өзі сол баяғы ұйқылы-ояу қалпы, тек жалмаңдап жерден басын көтермей қойған аттың мойнынан сыпырылып түсіп бара жатқанда ғана тізгінге қол созады. Соны байқаған Судыр Ахмет жол-жөнекей шықылықтап күліп, оны қылжақ қылып мәз. Біреу-міреу қасына жанаса қалса оны дереу қамшы сабымен түртіп, иегімен Мөңкені нұсқайды:

– Мынаған қараш!

– Қайтесің?..

– Ау, қайткенің не? Қазіргідей жаугершілік заманда, осы жұрттың жел жағына ұстайтын панасы емес пе?! Шіркіннің сүдінін қараш!

– Қой әрі! Босқан елдің кісісінде сүдін қайдан болсын?!

– Оу, құдай да ұрғанды ұрады. Тексіз, қара борбай жаман неме ғой. Құдай кем жаратқасын сол. Сен оның кескініне қара. Кәпір, атқа отырғанда өзіміздің ауылдың ошақ басында от жағып отырып, көсеуге сүйеніп, қалғып кететін кір балақ жаман қатыннан аусай-шы. Хи-хи...

Оқта-текте көш басына Кәлен соғады. Мөңке сол кезде ғана еңсесін көтеріп, қасына кеп атын қатарластыра берген Кәленге мойын бұрады. Тас төбеде шақырайған күнді қолымен көлегейлеп:

– Апыр-ай, мына дала неткен түпсіз еді. Теңіз жағасынан шыққалы тұяғымыз қыбырлап жүріп келеміз. Әлі алыс па? – деді.

– Шынын айтқанда, өзім де білмеймін...

– Иә, менікі де жел қуған қаңбақтан жөн сұрағандай ғой.

– Шаршаған шығарсың?

– Ой, мені қайтесің? Мен ит жыртқан қара тері. Тек қатын-баланы бекер қозғадыңдар ма деп...

– Қайтейін, Тәңірбергенге сенбедім.

– Оның да дұрыс шығар. Адам адамға сенбейтін заман ғой.

Кәленнің қара бұжыр беті бұл күндері күнге күйіп түтігіп кеткен еді. Әлгіден кейін жақ ашпай, ақырын басқан ат үстінде қамшы ұстаған қолымен бүйірін таянып тұнжырай түсті. Өзі өз болып, ат жалын тартып мінгелі бұның, сірә, ел билеу, қол басқару үш ұйықтаса

түсіне кіріп пе еді? Бұл тақымы терден кеппеген ұры еді ғой. Құдайға шүкір, ол кезде ұрлықтың жайын ешкімнен сұрамайтын. Рас, ауыл үйдің малына тиген жоқ. Әдейі ерлігін сынағысы келгендей, бұл өзін қашанда қатермен қиындыққа қайрап салып, ат аяғы жететін жерге жалғыз барып, сонау қиянда жатқан түрікпеннен жылқы алатын. Небір көзге түртсе көрінбейтін қараңғыда, таң алдындағы түн салқынында пыр-пырлап жайылып жатқан жылқының ылғи да ық жағынан кіретін. Баяғы бала кезден бойға сіңген машықпен қос қолымен шоқтықтан тасқып ұстап, аттың бір қапталына қарай аунап түсетін де ілгергі жаққа көзін тігетін. Сонан қашан таңғы салқында пыр-пыр жайылып жатқан жылқыға атын жайлап бастырып, жанына келгенде болмаса, көлденең көз бұны жуық арада байқай қоймайтын. Есесіне, әлгіндей ат бүйірінде жатып та ер үстінде басы бұлғақтап қалғып-шұлғып отырған бейқам жылқышының алдындағы бір үйір жылқыны білдірмей, ың-шыңсыз айдап әкетудің жолын бұл өз басы бір жаннан сұрап көрген емес-ті. Егер жазатайым жылқысын алдырған жігіттер біліп қап, соңынан ұра қуғанда да, бұл онша саса қоймаушы еді. Қуғыншы екеу-үшеу болса, бұл былайғы кезде боз шекпеннің ұзын жеңінен үш жағы болар-болмас шығып тұратын жуан дойырды зәрлене көтеріп алар еді. Сосын қаһарын тіге қиқулап келе жатқандардан айылын жимастан, жолында атын кеселеп тосып тұрар еді. Ал, егер, жазатайым қуғыншының қарамы көп болса, е, онда... бұл онда жылқыны алдына салып қиқулап қуа жөнелетін. Аты жүйрік қуғыншылар созылып, жалғыз-жалғыздап жететін. Бұған да керегі сол. Жағаласа кеткен жерде жуан дойырды қашанда анадан бұрын сермеп, жеткенін жеткендей ат үстінен аударып түсіретін де, алдындағы жылқыны қуалап, ілгері тарта беретін.

Енді ел басына күн туып, қолға қару алған ер-азамат жан-жақтан ағылып, жер қайысқан қол соңына ергенде... апыр-ау, енді қайтеді? Кімге мұң шағады? Кімнен ақыл сұрайды? Бұған қарағанда оңы-солын танытын көзі ашық Еламан да қасында жоқ. Кәлен еңсесін тіктеді. Жолдан былай шығып, шұбалған ұзын көшке көлденеңнен көз тастап тұр. Ауыр жүк артқан түйелер қауқайған-қауқайған сілті бас шағырдан басқа қылтанақ шөп жоқ, сусылдаған майсаң құмды ыңыранып басады. Көш басындағы қатындар жаулығының бір шетімен аузын байлап алған. Бәрі үнсіз. Тек әлденеге күйіп-піскен Қарақатын ауыз жаппай шаңқылдап келеді.

– Қайын енем күйінде екен, – деді Мөңке күліп. Қарақатын оны есіткен жоқ. Анадай жерде жұрттан бөлініп, бір өзі жеке тұрған Кәленді көрді де, астындағы биенің басын асығыс бұрды. Кәлен оны кеш байқады: Қарақатынның астында жалы күдірейген құла бие күні кеше сап-сау еді, бүгін ертеңгісін тұрғанда ақсап, алдыңғы бір аяғын баса алмай қапты.

– Бұл жануарға не болған? – деді Кәлен.

– Қайын енем ет жегісі келген ғой, – деді Мөңке.

– А-а?

– Қызылсыраған ғой.

– Қызылсырағаны қалай? Көрдің бе, аяғын баса алмай қапты. Ана жолы да сенің енең астындағы семіз биенің тобығы шықты деп...

– Бұған ыңыршағы айналған арық жылқы тауып бермесең, қоңы түзу құтаймайды.

Қарақатын бұлардың сөзін есітпесе де, бірақ мына екі еркектің әңгімесі өзі жайында екенін іші сезді. Қарт балықшыға ашулы көзін алыстан қадап келді де, Кәленмен екеуінің арасына құла биені кимелетіп кіре берді. Әншейінде ылғи тобығын қағып жүретін

ұзын көйлектің бір етегін жоғары көтеріп, шалбардың ышқырына қыстырып апты. Қолында қамшы. Қобырап жүретін шашты желкесіне жиып, тоқпақтай ғып түйіп алған. Тырыли дене жүріс-тұрысқа ыңғайлы. Өзге қатындардай емес, атқа да тақымын тез үйретіп алып еді.

– Маңдайымдағы жалғыз қызымды берсем де, мені мақтамайтыныңды білем.

– Ойбай, ене-ау, сені ылғи да сыртыңнан тілім жеткенше мақтап...

– Жетер! Батыр қайным, мына халқың қырылуға қалды.

– Құдық қашық емес.

– Шөлден кісі өлмейді. Аштық өлтіріп барады.

– Шүкір, быламық бар еді ғой?..

– Ой, қайным-ай! Сенікі – батыр аңқау дегеннің кебі ғой. Аш кісі ара-тұра болса да қан шығарып, шикілі-пісілі қызылдап алмағасын бола ма?! Құдай оңдағанда әзір, әйтеуір, жаудың беті арман қарап тұр. Жазатайым жабындыдан жау шыға келсе, көрерсің де білерсің, соңыңа ерген мына аш-арықтардың ішінде қайрат қылатын қауқары бар бір жігіт табылмайды.

– Үюлі еттің үстінде отырсың ғой, – деді Мөңке.

– Осы шірікке қыз беріп жүрген менде ес жоқ...

Ілгері жақта кетіп бара жатқан кісілер аяқ астынан әлденеге абыр-сабыр болды да қалды. Аттысы атын, түйелісі түйесін борбайлап, бір-біріне дауыстап ілгері қарай ұмар-жұмар асығып барады. Мыналардың бұлайша неге әбігер болғанына Кәлен де, Мөңке де түсінбей аңырып тұрды да, аттарын қынулап бастырып, желе-жортып келсе, көштің алды ылдиға құлапты. Жал-жал нар шоқалақтардың ортасы теп-тегіс кең алқап екен. Сол алқаптың орта тұсында селтиген селдір қамыс арасында қабырғасын сексеуілдің түбіршек томарымен өрген төрт құдық бар екен. Бұлар келгенше құдық маңы

абыр-сабыр, аттар, адамдар топырлап жиналып қапты. Қаталап өлуге қарағанда кездескен құдықтардың суы кенерінен асып-төгіліп жатқанын көргенде қатындар жылап жіберді:

– Біздің де көз жасымызды көретін құдай бар екен ғой.

– Е, құдай, бергеніңе шүкір. Тәубе! Тәубе! Тек ұзағынан бер!

Құдық басы әп-сәтте ығы-жығы, абыр-сабыр болды да кетті; даңғыраған шелек, оқыранған жылқы, шаң-шұң дауыс. Күнге күйген ысқаяқ қара кісілер су тартып жатқан қауғамен құдыққа түсетіндей өңменін сала ентелеп опыр-топыр. Аттан түсіп жатқан Кәленді де байқаған жоқ. Кәленді де шөл қинап тұрған-ды. Бірақ ол сыр бермей, кезерген ернін тілімен жалап жұтынып қойды. Оқыранып астауға ұмтылған жетегіндегі атты да тырп еткізбей, тізгінінен тұқыртып ұстап алды. Қырағы көзі жаңа келе жатқанда байқаған-ды. Бұлардан бұрын да осы араға мал-жанды ауыл отырып кеткен. Тіске тиер қылтанақ қалмаған құдық маңының шаңдағы шығып қапты. Алайда осы араға бірер күн аялдап, қатын-баланы тынықтырып алмақ. Теңіз жағасынан шыққаннан бергі күн-түн қатқан сүргінде қан сорпасы шыққан көліктердің де белінен жүгін алып, оты-суын қандырып алмаса, бұнан артыққа шыдайтын шама жоқ.

Сол күні осы араға титығы құрып жеткен кісілер ас ішуге де шамалары келмей, қызыл іңірден құлаған-ды. Кәлен де қатты ұйықтап кеткен екен. Ертеңіне әлденеден оянды. Неге оянғанын білмеді. Әйтеуір, апалақтап көзін ашып алса, айнала төңірек бозарып қапты. Ұзын сары атанған сары шілденің тағы бір жайма шуақ таңы сары қабақтан баяу атып келеді екен. Шағыл құм арасындағы осынау кең алқапта тырайып жатқан кісілерден көз

сүрінеді. Елең-алаңдағы көкшіл мұнар ішінде көзге іліккеннің бәрі үлкейіп көрініп тұр. Әсіресе, түнде таң асырып, қаңтарып тастаған аттар мен өріске шыққысы кеп бұйдасын тартып ұрынып тұрған жазылы түйелер сонадайдан сирағы серейіп кәукиіп-кәукиіп көрінеді.

Кәлен жастықтан басын көтерді. Күн шығар алдындағы осынау елең-алаңда өзінен де басқа ояу тағы біреулер бар сияқтанғасын төңірегіне абайлап көз тастап еді. Күнгір-күнгір сөйлеген дауыс құлағына келді. Бірақ, қапелімде қай жақтан шыққанын аңғара алмай құлағын тігіп еді. Сөйтсе, анадай жерде бір топ кісі дөңгеленіп отыр. Жылан көздің жанарын жытылап қараса, өздері соңына ерген халықтың сөз ұстайтын аузы дуалы ақсақалдары. Балықшылар жақтан – Мөңке мен Досты көрді. Судыр Ахметтің қоңырайтып киген киіз қалпағын көзі шалды. Кісі басы құралған жерден қалмайтын сорлы, шамасы, сірә, төсектен тұра сала дамбалшаң, көйлекшең бойымен дедектей жүгірген. Тізе түйістіріп, дөңгелене отырған кісілердің ортасында сөйлеп тұр. Бірақ, бұрынғыдай сұңқылдамай, аузын алақанымен басып сыбырлай қапты. Бірақ, шыдамы ұзаққа жетпеді. Келесіде әлденеге аяқ астынан көтеріліп, өзінің әдеттегі машығына басып өзеуреп кетті. Қыза-қыза киіз қалпақты басынан жұлып алып, жерге атып ұрды:

– Ау! Ау, ағайындар-ау, осы отырған алты рудың ақсақалдары азаматымды ақ киізге көтеріп... – дей берген-ді. Біреу жаратпай:

– Саған қалған не бар? Қыстырыла кететінің не?! – деп еді.

– Е, мен неге қыстырылмаймын?! – деді Судыр Ахмет.

– Жарқыным, қой енді!

– Ал, қоймадым. Ал, қыстырылдым... Кәне, сен сонда маған...

– Ақырын!

– Әй, сен бүйтіп жыныма тиіп, ерегестіре берсең...

– Жә, болды. Өне, Кәлен де оянды. – Ақсақалдар шалғайын қағып, орындарынан аспай-саспай ақырын тұрып жатыр. Кәлен шалдардан сәл әрегіректе екі жігіт тізгінінен тұқыртып ұстаған ақ арғымақты жаңа көрді. Қарабайыр қазақы жылқы емес. Мынау дегдар мал. Аты шулы Текежәуміттен шыққан нағыз қылқұйрықтың өзі. Шарадай көзі қанталап, сәл қозғалса да қаз мойнының қыр арқасында керегедей сұйық жал дір-дір етеді. Арғымақ бір орында тұрмай сулығын созып, шырқ айналып бүйірлеп кете береді екен. Кәлен арғымақтың қасына барды:

– Пай-пай, жануар жылқы-ақ екен.

– Ұнады ма?

– Айтары жоқ. Кімдікі?

– Кімге лайық болса сонікі.

Кәлен сенер-сенбесін білмей екіұдай тұр. Соны байқаған Мөңке:

– Кәлен қарағым, соңыңа ерген мына халқың әрі ақылдасып, бері ақылдасып ақыры бүгін бір пәтуаға кеп отыр...

Қарт балықшыдан сәл кейін тұрған әр рудың ақсақалдары да іле қостап, басын изеді. Бәрінің назары қарт балықшыға ауды. Бірақ, бұрын жұрт алдында сөйлеп дағдыланбағасын ба, жаңа ғана жадында тұрған сөз қапелімде аузына түспей: «Кәлен... Ал енді, шырағым... Иә, өзің де білесің ғой. Иә, сен... Сен білмейтін... Апырай, не десем екен?..» – деп күмілжіп, тоқтап қап еді, Сұдыр Ахмет дедектеп ортаға жүгіріп шықты.

– Кәленжан – деп, ол салған жерден сайрай жөнелді.

Тоқтатпақ боп шалғайынан тартқан бір-екі кісінің қолын қағып жіберді. – Ойбай-ау, кеше жау жағадан алып, ел тағдыры сынға түскенде, сен бәрімізге айқайлап ұран тастамадың ба? Осы тұрған бәріміз сен көтерген тудың астына жиналмадық па? Енді бүгін сенің соңыңа ерген елің есін жиып, баяғы Қасым салған қасқа жол, қала берді ата-баба жолын еске алып, уа, Кәлен... Кәленжан, ендігі жерде сенің етегіңнен ұстамақшы. Мына алты алаштың баласы сені ортасынан оздырып, дәл Абылайша ақ киізге көтеріп хан сайламақшы. Қарадан шыққан хан! Кәлен хан!.. Хан Кәлен! Құдай бізді бұл күнге де жеткізді. Жетілдім ғой... Жеттім ғой!

Судыр Ахмет танауы суланып бара жатқасын сырт айнала бере дың еткізіп сіңбіріп тастады. Жаңа ғана әр шалдың аузына бір қарап, түкке түсінбей тұрған Кәлен қарқылдап күліп жіберді.

– Ахаң бүйдеді, бұған сен не дейсің? – деп еді, қарт балықшы Кәленге тура қарай алмай, көзін алып қаша берді. Онан басқалардың да жүні жығылып, назары түсіп кеткен. Қап, не қыласың?! Мынау бұлардың қашаннан бері сары уыздай шайқап, қапысыз ойластырған кәделі ісі еді-ау! Алты рудың сөзін ұстаған әтібірлі ақсақалдар аяқ жетер жерге ат шаптырып, ту-ту түрікпеннен әзер тапқан ақ арғымақты кеше ел жатарда қарулы екі жігітке құдық басына апарып құлын түгін жылтырата сабындап жуғызып еді. Құйрық-жалын тарап, ақ жабулап арқасына күміс ер-тұрман салып еді. Ақ тілек үстінде өрелі таңды көзінен атқызған алты рудың әтібірлі қариялары түнімен көз ілмей, Тәңіріге жалбарынып шығып еді-ау! Әлгінде де бәрі таңмен таласа оянып, жүк арқасында тығулы жатқан су жаңа киімдерін киіп еді. Ұшарын жел, қонарын сай біліп, қашып-пысып жүргенде бес намазды мезгілінде дұрыс оқи алмай, тек ырымын істеп, жүрдім-бардым оқи

салады. Бүгінгі таң намазды бәрі бір тілекке бой алдырып отырып ұзақ оқып еді. Таң намаздан кейін тағы да бәрі бас қосқан жиында Кәленге салмақ салмақшы еді. Сонша әспеттеген бұлардың ұлы мақсатын... апыр-ай, мына дуасыз ауыздың қор қылғанын қарасай-шы.

Судыр Ахмет жан-жақтан оқтай қадалған көздерден ә дегенде қысылса да, бірақ осындай жердегі қияңқылығына басып:

– Уа, Кәленжан! Халық: «Ханда қырық кісінің адылы бар» демеп пе еді?! Осы өңірдің халқында өзіңнен асқан ақылды да, дана да жоқ, арамыздағы батыр да өзің, білікті де өзіңсің.

– Жә, болды! Жетті! Жетер енді! – деп, ақ сәлделі қария асасын ашулана көтеріп алды. Ширақ басып ілгері шықты. – Кәлен қарағым, халық сені хан сайлауға ұйғарып отыр.

– Қадірлі қария, менің арғы затым ұры еді ғой. Сендер мені ақ биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге көтергенмен, құдай біледі, тап менен хан шыға қоймас.

– Астафир-алла! Астафир-алла!..

– Жә, қария, Кәлен хан болдым не, Кәлен ұры болдым не?! Екіталайда осы елді ұрысқа бастасам сол жетпей ме? Ал, маған сыйға тартқан аттарыңа рақмет! Кәне қария, батаңды...

Ар жағын айта алмады. Бата тілеп, ілгері созған қол ауада қалт тұрып қалды. Дәл осы кезде құбыла жақтан біреу атын борбайлап келіп қалды. Жұрт құйындай ағызып келіп қалған мына аттылымен бірге жер түбінен жүрек сезген бір сұмдық жаман хабардың ілесіп келе жатқанын білді. Жігіт шауып кеп аттан домалап түсті.

– Жау!.. Жау!

– Көп пе?

– Жер қайысады. Зеңбірегі бар.

– Алыс па?

– Құм шетіне ілікті.

Кәлен ақ сәлделі қарияның алдына отыра қап:

– Ата, батаңды бер! – деді. Ат дүбірінен ояңған жігіттер апыл-ғұпыл тұрып жатыр. Алды жүгіріп кеп, Кәленге жете бере тізерлеп отыра-отыра қап, бір адамдай бәрі қол созды. Қария бата берді. Жұрт бет сипады. Тізе басып отырған жерден атып тұрып, апыл-ғұпыл атқа қонды. Кәлен есі шығып, ызы-шу боп жатқан қатынбалалардың көшін ілгері жөнелтіп жіберді де, жауды құмның кіре беріс аузында күтіп алатын болды. Өмір күтіп әзір тұрған жігіттердің жарыға жуығына мың басы қып ұзын қараны тағайындады. Қалған кісілерді өзі бастап, қыруар қол аттарын борбайлап енді, енді көсіліп шаба бергенде құдды аспан жарылғандай жер мен көкті тітіретіп қатарынан екі рет күрк-күрк жөтелді. Небәрі екі... екі-ақ рет күркіреді! Бұларға соның өзі жетті. Тақым астындағы аттар дір-дір етіп, тапжылмай тұрып қалды. Өмірбақи зеңбірек даусын есітпеген жігіттер ат жалын құшақтап бұға-бұға қалды. Ес жиғасын Кәленнің «қайтыңдар!» деген айқайына құлақ аспай, бет-бетіне бытырап, безіп қашып бара жатты.

* * *

– Апыр-ай, «құм жиналып тас болмас» деп бекер айтпаған екен ғой. Кеше ғана қыруар халық едік. Басаяғымыз жиналғанда жау сескенер айбар-сұсымыз бар еді. Шіркіндер, бір айқасқа да жарамалы. Тым құрыса, алқымына пышақ тақаған лақ құрлы тұяқ серпуге жарамалы-ау! – деді Кәлен, бүгіндікке жұмған аузын ашпай келе жатқан қасындағы қарт балықшыға көз тастап.

Ертеден бері қойшы тұғырдың үстінде басы бұлғақтап

қарт балықшы отыр. Кәленнің таусылып айтқан жаңағы сөзі құлағына жетті ме, жоқ па, белгісіз.

– Иә, құм жиналып тас болмас – деп, кеудесіне түскен басын изей түсті де, өзінің енжар, сұлық қалпын қайта тапты.

Кәлен қарт балықшыны жаңа көргендей. Апыр-ай, ә, – деді ол ішінен, – қатын-бала қазанына судан шабақ әкеп салғанда қатар жүрген жұрттың бәрінен өресі биік сияқтанатын. Қара жерде отырып та су түбіндегі тірлікті топшылағанда алдына жан салмайтын сұңғыла еді-ау! Қаршадайдан күні де, түні де бірге өткесін бе, көп жағдайда кәрі Аралда қасында бірге жүрген серіктестері сияқты мінез-құлқын арыдан болжап, алдын ала топшылап отырғаны. Қайсы бірде ақбас толқын әуіріп, жағаға арс-арс ұрып жатқанда да оның арғы жағында зәредей де зәр жоғы оған аян еді. Бұнысы, мықтағанда, балаларына балпылдап ұрысып жүріп те аузы-басына тыққыштап жататын мейірбан ана қылығына ұқсайтын да, қарт балықшы ішінен мырс-мырс күлер де қояр еді.

Енді сол кісіні Кәлен танымай қалды. Қара қайықты камыс арасына тығып «иә, Алла, жөн бере көр» деп, мес қарын тұғырға мініп шыққалы бұл біртүрлі. Ескек-таяусыз қайық сияқты. Көп дүрмектің арасында ұлы ағыстың ыңғайына түсіп ықты да отырды.

– Елге қайтсақ қайтеді? – деді Мөңке.

Кәлен ләм демеді; тіпті есітпеген сияқты; атын тебініп, ілгері ұзап кеткен көш соңынан сар желіп жүріп кетті. Ойдан-қырдан жиналған қыруар халық кешегі соғыстан кейін бет-бетіне тоз-тоз боп кеткен-ді. Кешегі оқиғадан кейін қолда қалған балықшылар аулының қырық-елу үйімен Кәлен бірде Ұлықұм, бірде Кішіқұмға кезек-кезек тығылып, түйе қомынан түспей жосып жүр. Жұрт жүдеген. Жап-жас жігіттердің сақал-мұрты өсіп,

көзі шүңірейіп ін түбіне кіріп кеткен. Қатын-бала болса-болмаса да ерні кезерген, қолы, аяғы күс-күс. Кішкентай тықыр шықса да шошып оянады. Үрейлі жандар күн-түн демей атып тұрып, түйеге, атқа міне сала ұмар-жұмар тайып тұрады. Балалар ызбай. Үлкендер ызалы. Ең ар жағы шала ұйқы, аш балалар қыңқылдаса да арс етеді:

– Өшір үнін!

– Жап аузын!

– Аузына құм құйып қатырып тастар ма еді, өзін!

Ондайда сыр бермейтін жалғыз Кәлен. Қасында қырық-елу жігіт. Көш дүрліге қалса да атын қамшылап, қауіп күткен жаққа шауып барып, биік шоқы басынан қарауыл қарап шолғындап қайтады.

Бір жолы Кәлен көшті кісі аяғы баспаған қалың құмның алыс түкпіріне орналастырды да, қасына Мөңке мен Досты, тағы он шақты жігітті алып, жақын маңдағы ауылға тартып кетті. Бұл өзі кеше дүние асты-үстіне шығып жатқанда да ештеңеге араласпай, басы бүтін, малы-жаны аман, тоғы шайқалмай тыныш отырған іргелі ауыл еді. Бір жағынан Кәленнің әйеліне алыстан қосылатын, ілік-шаттыс туыстығы болған соң қарны ашқан қатын-балаға ауыс-күйіс азық-түлік сұрамақ. Өтініші өтімді бола ма деген ниетпен осы жолға Кәлен өзімен бірге он екі жасар ұлын ерте шықты. Бұрын есік ашпаған жас жиен нағашыларына сәлем берем деген сылтаумен әдейі арнап бара қалғанда үлкендердің әдетте пейілі ашылып кетуші еді.

Құм шетіндегі көк тепсеңге қатар түзеп үй тіккен ауылға бұлар күн кештете жетті. Кәлен қасына баласы мен Мөңкені, Досты алып, үлкен ауылдың шет жағында оқшау тұрған ақ үзікті үйге ат басын тіреді. Қалған жігіттер де әр үйді сыртынан белгілеп, төрттен, бестен бөлініп түсті. Кәлен тоқтаған үй иесі – осы ауылдың

сөзін ұстаған инабатты кісі-тұғын. Ақылды кісі шай үстіндегі алым-берім әңгімеден-ақ мына қонақтардың ар жақ ойын аңғарған-ды. Төсек саларда сыртқа шықты. Жаңа қонақтарға қызмет еткен бір жігітті жұмсап, осы ауылдың ер-азаматын жиып алды да, өзара ақылдасып мыналарға бір үйір жылқы беруді ұйғарды.

Кәлен сыртынан есіткені болмаса, бұрын-соң көрмеген кісілерден бұншалық ағыл-тегіл пейіл күтпеген екен. Әсіресе, қуғын-сүргінде өткен осы күндерде адамнан да, заманнан да жамандық күтсе күткен болар, тек жақсылық күтпей, көңілі тарығып жүрген-ді.

Кәлен өрелі таңды көзінен атырды. Дос басы жастыққа тиген бойда ұйықтап кетті. Белдеуде тұрған аттар терін басқасын түнгі салқынмен жайылғысы кеп тынышсызданып болды. Кәлен қасында тып-тыныш ұйықтап жатқан баланы бауырына тартып құшақтады да, екеуара жамылған түйе жүн шекпеннің бір шалғайымен қымтады. Жазғы таң саз беріп, түндігі түсірулі үй іші бозғылдана бастаған елең-алаңда қарауылға қалдырып кеткен жігіт құйғытып шауып келді. Ол аттан түсем дегенше, бір жаманшылықты жүрегі сезген Кәлен, Мөңке, Дос іштен қаруларын ұстай сүріне-қабына сыртқа шығып та үлгірген еді. Ел шетіне іліккен жаудың дүбірі мен тасыр-тұсыр атылған мылтық даусы естілді. Белдеудегі аттар үркіп, кеше Кәленнің баласы мініп келген асау тай аспанға шапшып, шылбырын үзіп құла далаға шығынып ала жөнелді.

– Молаға тығылыңдар! – деді Кәлен айқайлап. Іштен өзімен бірге ере шыққан баласын қапелімде қайтерін білмей, сәл дағдарып қалды. Жігіттер ауыл шетіндегі көп қорымға ат басын қойып, тырағайлап шауып барды. Тек қарт балықшы Кәленге қарайлап, анадай жерге барып, тізгінін тартып тұр еді. Кәлен тықыршыған атқа

қарғып мінді. Үтқып ала жөнелген ақ арғымақтың басын тартып үлгірген Кәлен өзіне қатарласа берген баланы қолынан іліп алып, ат артына бір-ақ мінгестірді. Зу-зу аққан оқтан жасқанып, басын бұғып құстай ұшып келе жатып жалтақтап артына көз тастап еді; шабдар атты солдат емініп жетіп қалған екен. Түнде бұлар түнеп шыққан үй алдындағы жер ошақты айналмай, үстінен қарғып өтті. Желіде байлаулы жатқан жас төлдер – бота-бұзау – атып-атып тұрып басындағы ноқтаның сағақ бауын тартып жүлқып жатыр.

Солдат қолындағы тізгінді қоя берді де, ағызып келе жатқан ат үстінен тағы атты. Оқ тиген жоқ, бірақ бұл жолы Кәленнің оң құлағын шоқ қарығандай дыз еткізіп жалап өтті. Екінші оқ Кәленнің алдында таяқ тастамдай жерде кетіп бара жатқан Мөңкенің атына тиді. Аяғын арпаң-тарпаң алған мес қарын мәстек сүрініп кеткендей, тұяқ астындағы топырақ бұрқ етті. Қарт балықшы басын бауырына ала құлаған аттың мойнынан асып домалап түсті... Кәлен кейінгі жағына қайырыла бере өзін өкшелеп келіп қалған жаңағы солдатты бір атып құлатты да, бойын енді жиып, ер үстіне түзеліп отыра бергенде көзі қарт балықшыға түсіп еді. Қарт балықшы шаң арасынан апалақ-құпалақ атып тұра сала жанынан құйындатып өтіп бара жатқан бір жігітке қолын созып еді, бірақ анау қайырылмады.

Кәлен жігітті сылқитып бір боқтады да, артына қайырыла бере оң қолы белінен тас қып жабысып алған баланың иығына сарт етті. Балаға қараған жоқ; баланы ат арқасынан жұлып алды да, аттың қамшылар жағынан көзі шалып қалған ақ құмшыққа лақтырып жіберді.

– Қолыңды бер! – деді Мөңкеге. Дәл сол арада ол не істеп, не қойып жатқанын біліп те, ойлап та жатқан жоқты. Кім біледі, бұл ісіне ол өкінсе кейін өкінер. Әке жаны,

бөлкім, ит талағандай азапқа түсер. Соның бәрі соңыра қолына кісен түсіп, Тескентаудың ар жағына көз асырып айдап бара жатқанда ар мен адамгершілік арбасып, таразы басы тең түскенде қай жағы басарын кім білсін?.. Ал... тап сол арада ол артынан тасырлата оқ атып, тақымдап қуып кеп қалған жау мен өзінен небәрі қол созым жерде сасқалақтап, есі шыққан қарт балықшыны ғана көріп еді.

* * *

Көлігі қан сорпа болған көш ақ пен қызыл арасында бір шұқырға кеп түйелерін шөгерді. Қара терге малшынған аттардың арқасынан ер-тоқымын алмай, ақ шоқалақтың тасасына апарып тізгінін түйістіріп байлап тастады. Жігіттер қаруын ер басына іле салды да, қолына күрек-кетпен алды. Қатар тұрған екі шоқалақ аралығындағы ойпаңдау жердің бір түп көк қияқ өскен тұсынан құдық қазды. Қарулы екі жігіт көйлекті шешіп, дамбалдың балағын шиыршықтап жуан санға дейін түріп алды да, құдыққа қарғып түсті. Көзді ашып-жұмғанша белуарға дейін қазған құдыққа сыртта тұрған жігіттер кезектесіп екеу-екеуден түсіп, әуірімдеп топырақ атты. Құдық кісі бойынан асты. Бірақ су көзі жеткізер емес. Шамалыдан соң құдықтағы кісілердің қарасы көрінбесе де, ырсылдаған даусы естіледі. Және шапшаңдап сыртқа атқан сыз топырақ құдық кенеріне сылқ етіп төңкеріліп түсіп жатты.

Кешегі ұрыс бұларды біраз титықтатып тастағанды. Үш жігіт оққа ұшып, бір жігіт жараланды. Кәленнің жалғыз баласы жау қолында кетті. Кәлен жігіттерімен ауыл шетіндегі қорымға тығылып, табан тіреп атыс салды. Оларды оңайлықпен ала алмасын білген солдаттар қараңғы түскесін ұрысты тоқтатты. Жаудың

беті қайтқасын бұлар да қараңғыны жамылып өлген кісілердің денесін атқа өңгеріп, тайып тұрды. Құм арасында қалдырып кеткен қатын-баланы тығылып отырған жерден тез көтеріп, бір күн, бір түн қашып, сонан тек келесі күні адамдар да, аттар, түйелер де қаталап бара жатқасын осы араға тоқтап еді. Шалдар оқта-текте құдыққа соғады. Бәрі де «су шығар ма екен» деген үнсіз үмітпен құдыққа мойын созып жан-жақтан анталап қалған.

– Апыр-ай, ә?... Құмның суы қашық болмаушы еді ғой, бұған не болды?

– Су жақын, – деді құдық ішіндегі біреу, – топырақта ылғал молайды.

– Иә, пірім. Ақсарбас. Аналар шаршаған шығар, енді қайсың түсесің? Кімнің кезегі? Бол! Тез!

Құдық басына Кәлен келді. Жетегіндегі ақ арғымақ оқыранып, сыртта үйіліп жатқан ылғал топырақты ернімен жалап өліп барады. Осы сәтті тосқан шалдар жамырап қоя берді:

– Кәленжан, халқың қажыды. Аттың жалы, атанның қомында өтіп жатқан мына өмір ақ иық қылды. Райдан қайталық, қарағым.

– Иә, иілген басты қылыш кеспес. Жаздық-жаңылдық деп кешірім сұрасаң, орыс патшасы осынша халықтың қайсы бірін қыра берер дейсің?.. Бұл бәріміздің сөзіміз.

Мыналардың ішінде жалғыз Мөңке үндемеген-ді.

– Сен не дейсің? – деді оған.

– Мен не дейін... Кісі басқа түспегесін білмейді. Қазақтың даласы кең болғанмен, кезенді жау соңыңа сұғын қадай түссе тығылатын тесік табылмай қалады екен.

– Апыр-ай де? Аспан аядай, жер тебінгідей боп кетті-ау.

– Ойланатын кез жетті. Орысты жеңе алмаймыз. Қашанда көп қорқытқан, терең батырған.

– Жә, жарайды! Бұл шіркіндерді күшпен алам деп жүрген кім бар? Біздікі тек әншейін алқымыңа пышақ таяғанда тұяқ серіпкендей әрекет қой. Қайтпек керек? Біздің қатынға... – дей түсті де, Кәлен тоқтады. Жалғыз баланың жауда қалғанын есіткенде сорлы ана есінен танып, қасында шөгіп жатқан түйенің мойнына асылып құлай кеткен-ді. Сонан бері кіресілі-шығасылы есі бар. Көшкенде қоршаулы түйе үстінде екі қатын екі жағынан ұстап, сүйемелдеп отырады.

Кәлен бір жанға көз салмады. Шөл бұны да қатты қинап тұрған-ды. Құп-құрғақ тілін сәл қозғап еді, тас қайрақтай екен, таңдайына түрпідей тиді.

– Сау болындар! Біздің қатынға көз қырын сала жүріңдер! – деді де, Кәлен үзеңгіге аяғын салды.

– Жарқыным, жөніңді ұқтыршы, қайда барасың? – деді Мөңке.

– Мені қайтесің? Мен де осы далада жортқан жаралы бір бөрі...

– Тым құрыса жөніңді...

Кәлен ақ арғымақты тартып қап, шаба жөнелді. Бұл кезде күн сәулесін сарқып сөніп бара жатқан-ды. Бетін бірден болыс аулына бұрған жалғыз атты капелімде қарасы ұзап, көз ұшында құйындай жосылтып бара жатты. «Ай, әттеген-ай, ашумен барып аранға жығылмаса қайтсін?» деді Мөңке ішінен. Сонан соң ол қасындағы кісілерге қарап, барлап шықты. Осы топтың ішіндегі ендігі қалғандарда өзінен асқан ешкім жоғын білді де, жанында тұрған екі жас жігітке иек қақты:

– Құдыққа түсіңдер!

Қыр шөбі қурап, сидаң тартқан. Кешегі күні жұрттың бәрін есеңгіретіп кеткен ылаң тұсында ел табаны аумамай ұзақ отырып қалған жайлау, бұл шақта шандағы шыққан сары жұрт. Уф еткен леп жоқ. Тас төбеге келген күн шақырайып тесіп барады. Мал тұяғы тапап, тозаңы шыққан төбе баурайында қараша үйлер қалқияды. Мына ыстықта олар да оба тастай мелшиіп, шөгіп қапты. Кедей ауылдан екі дауыстай әрегіректе сонау Ақшилі табанында ақ үзікті, ақ ауылдар шаңқияды. Өзгелерден оқшау қонған үш ақ үйдің түндігі жабық. Есігі түрулі. Тыста тірі жан жоқ. Тек шеткі үйдің көлеңкесінде төрт көз қара төбет жатыр. Тілі салақтап шығып кеткен. Сілекейі сорғалап, екі өкпесін ентіге соғып, ырс-ырс дем алған иттің түске тарта сілесі қатты. Күн түскен бөксесін қайда тығарын білмей, көлеңкеге созылып, үй іргесіне тығыла түседі.

Оқта-текте сары сона мен бөгелек соғады. Бұл да бір бөлек мазасыздық әкеліп тұр. Қара төбет елең етіп, өзіне қарай ызылдап келе жатқан ұнамсыз дыбысқа құлағын тіге қояды. Бұл түрі, бейне: «Әй, сен пәле тынышымды аласың-ау», – деп сақтанған әзірлігіндей. Мазасыз ызыл бір сәт қолмен үзгендей тыйыла қалды. Жаңағы пәленің қайда кеткені белгісіз. Төрт көз төбет бір пәледен аман құтылғанына қуанып, тілі қайта салақтап, ырс-ырс дем ала берді де, кенет ыршып түсті. Былқылдақ тұмсығымен жұқа шапқа түйіп қап, ақсиган өткір тіс сарт-сарт етті. Сол сол екен, тамылжыған әуеге әлгі зыңыл шаншылып тік көтеріле жөнелді. Осы бір оқтай ағып, жоғалып бара жатқан зыңылға қара төбет бар бойымен еңсеріле қарап: «Қап, не қыласың?» – дегендей, қимылсыз қатып қапты.

Сона кеткенмен, енді итте маза жоқ. Тас төбеге кеп, тапжылмай тұрып алған өрттей ыстық күн апшысын қуырып тұр. Ит пейілі әбден тарылған. Денесінің бір жері сәл жыбырласа да жаратпай ырылдап, күпі жүніне тісін басып-басып алады. Осы кездегі қозы-лақ – қас жауы. Көлеңке іздеп дүрлігіп жүгіріп келген ақылсыз лақтарға тісін ақситып ырылдап жатқан-ды. Үй үстінен құйын өтті. О да бұларға басынғандай мінез көрсетті. Қапелімде үй сыртындағы сары төбенің шаңдағы мен қыл-қыбырын өз бойына, жын ойнағына үйіріп ап, дөңгеленіп үйіріліп-үйіріліп, жосып барып, сонау ойпаңға қарай құлдилап жөнелді. Сол арадан шыға алмай, құйрығымен ойнаған иттей шыр айналып, үйіріліп-үйіріліп тұрды да, бір кезде ауыл іргесіндегі борбас төбеге тартты. Ол маңда төрт-бес құдық бар. Селдір сұйық қамыстар селтиіп, ащылық сораң өскен алқап. Соған жетуі мұң екен, әлгі сұр құйын лезде аппақ боп белі ирелеңдеп ұзарып шыға келді. Борбас төбенің басына шығып ап, жынша құтырып, өз қылығына өзі мәз боп ойнақтап кетті. Қара төбет бір көзінің қиығын айырмай жатқан. Құйын әуеге қарай өрлеп, ирелеңдеп тұрды да, кенет әйел жаулығын ала қашқан баладай жалт беріп, бермен қарай салды. Қара төбет атып тұрды.

Сол кезде ортанғы ақ үйден:

– Құдайы құрғыр-ай! – деген әйел даусы естілді.– Құйын келіп қалды. Түндік бауын тартып байла.

Сәлден кейін құйын өтіп, ауыл үсті өзінің байырғы тыныштығын қайта тапты. Үш-төрт сауыншы әйел сыртта жүр. Құйын бүлдіріп кеткен оны-пұныларды қағып-сілкіп, жинастырып жатқан. Іштен Алдаберген софы шықты. Қолында Бұхардың иір мойын жез құманы. Сабалы денесіне мая жүн сұр шекпенді желең жамылған. Шекпен шалғайы аяғының басын қауып, ауыл сырты-

на қарай сызылып кетіп барады. Жер де сұр. Үстіндегі шекпен де сұр. Тек бір шалғайына бастырған көз ойдым боз жамау сұр шекпенді аламыштап тұр. Софының семіз тұлғасы, сұр шекпені, баяу қозғалысы, ең аяғы бір шалғайына бастырған әлгі боз жамауға дейін осы далалықта жайылатын бауыры боз, сырты сұр дуадақты мегзейді. Алдаберген әудемдей жерге барды да, ауылға сыртын бере жалп етіп отыра кетті.

Осы кезде салт атты біреу иек артпадан қылт етіп шыға келді. Күннің ыссы жайсыздығына қарамай жүрісі суыт. Шеткі үлкен ақ үйге – Құдайменде болыстың үйіне ат басын туралап, еңкілдеп төніп қалды. Алдаберген әдепкіде мына жолаушының суыт жүрісіне таңданып еді. Кенет мына кісінің ат құлағын қаққандай қос тізесіне көзі түскенде құман ұстаған қолы қалтырап қоя берді. Алдаберген шешкелі жатқан дамбал бауын асығыс байлады. «Бұл сойқан... тірі ме еді?! Баласы қолға түсетін ұрыста өзі де оққа ұшып өлді деп, осы елдің даурығып жүргені қайда? Апыр-ай, жүрісі қандай сәлекет?! Құдайменде – о да қаннен-қаперсіз, бейқам отыр еді...» Софы асығыс апалақ-құпалақ түрегелді. Бірақ, жолаушы шеткі үйге софыдан бұрын жетіп, ат тұмсығын сықырлауыққа тіреді. Осы ыссыда үстінде шидем күпі. Басында сеңсең тымақ. Өзі еңгезердей ірі. Ол аттан түсіп шылбырдың шетін босағаға іле салды. Осы кезде іштен: «Бұл қай көргенсіз? Кім бола-тун?.. Білші», – деген дауыс шықты. Жолаушы баса-көктеп кіріп келді. Кірер жерде бетпе-бет кездесіп қалған қара сұр әйелді иығының басымен бір қағып жалп еткізді. Төрде, ақ болыскей кереуетте жатқан Құдайменденің үстіне төніп:

– Иманыңды үйір! – деді.

Құдайменде мынау түсі, әлде өңі екенін білмей қалды. Бетін құдды жалын шарпығандай, үнсіз төніп

келе жатқан үйелмендей бұжыр қара кісіге тура қарай алмады. Өзі де құдды түсінде марту басқандай үні бітіп, дыбысы шықпай, бар бойымен іргеге қарай ығыса берді. Бұжыр қара кісі шап беріп алқымынан алды да, темірдей саусақтар бұғақ астында іркілдеген май арасынан өндірішесті тапты. Күректтей қолдың саусақтарын сонан ары ырғап, бір, екі мытып жібергенде болыстың демі бітіп, дыбысы шықпай қалды. Шарасынан шыққан көздің ағы айналып, аспанға қарай ақшаңдап, қос езуден қанды көбік ағып бырқырады да қалды. Бәйбіше шыңғырып жіберді.

Жолаушы қолының қанын болыстың омырауына сүртті де бір ытқып сыртқа шықты.

– Әй, Кәлен!.. Жарқыным, жөніңді ұқтыршы, неғып жүрсің? – деді Алдаберген софы. Ол жаңа інісінің үйінен шар ете қалған әйел даусын естіп, тізесі дірілдеп, аяғын баса алмай тұр еді.

– Есеп айырысып жүрмін, ақсақал, – деді Кәлен. Осыдан артық тіл қатпады. Үзеңгіге аяғын салып әлектеніп жатпастан, әне бір ұрлық қып жүрген кездегі үйреншікті машықпен ақ арғымақтың жалына қолы тиген бойда арқасына бір-ақ ырғыды. Ауыздығын шайнап шырқ айналып тұрған ат ағындап ала жөнелді. Кәлен былайырақ ұзап шыққасын ат басын тежеді. Бұл ауылдың белдеуінде ақ арғымаққа жететін дәмелі ат жоқ. Және бір-жар кісі бұны түсірем деп, сірә да дәме қылған емес. Ал қашан көп қуғыншы сайланып шығам дегенше, Каспий мен Аралдың екі аралығындағы калың бұйратқа кіріп, қара үздіріп кетері даусыз. Кәлен арт жақтан шыққан әйелдердің әлем-тапырық даусы мен айқай-ойбайға қарамай, елсіз түзге бет қойып, сыдыра шоқытып бара жатты.

Кең көғалға көсіле қонған бай ауыл көңілді. Жұмыртқадай ақ үйлердің ең үлкені – Тәңірбергеннің үйіне жұрт жиналып жатыр. Ояздан келген қадірлі қонаққа сәлем беруге асық. Үйге сыймаған жұрт жылтындап іргеден сығалайды. Қонақ жігіт көбіне Тәңірбергенмен тілдесіп, ауыл-аймақтың амандығын сұрап отыр.

Тәңірберген нығыз. Қазір тасы өрге домалап тұрған шақ. Қастасқан жауының бәрін құртты: Еламан, Рай әскерде. Кәленнің қолға түскен баласын қарулы күзетпен қалаға айдатып жіберді. Оны да ел жатқасын істегесін бүтіл ауылда өзінен басқа бір жан білген жоқты. Кәленнің қайда жүргені белгісіз. Тірі болса қайта айналып соғуы мүмкін. Сондықтан жас мырза қапысыз қалмау жағын ойлап, ел ішіне саққұлақ кісілерден жансыз жіберіп, тың тындатып отыр. Ақшилі табанына ұзақ отырып сары жұрт боп бара жатқасын, өздеріне қараған үлкен ауылдың қақ жартысын бөліп алып, осы араға аударылып қонған еді. Жас мырза осынау бір аласапыран аяқси бастаған кезде ояздан келген қонақты жылы шыраймен қарсы алды. Қонақ жігіт – Таңқы мұрын Торшолақ бала. Ол қазір бұрынғысынан да семіріп, бұғағына май айналып, көйлектің жағасына сыймай кетіпті. Төр алдына жайған ала жібек көрпенің үстінде, ақ мамық жастықты жұмарлап қолтығына басып апты. Ояз кеңсесінде істегелі көңілі өскен. Тәңірберген онан:

– Менің інім жөнінде не білесін. Хабарың бар ма? – деп сұрап еді.

Торшолақ жігіт шынтағы астындағы жастықты қолтығына қысты да, бойын тіктеп түрегеп отырды. Сосын бірер ырғалып алды да:

– Жастықтың әсері ғой. Қазіргі дүниенің екіге бөлінгенін білмейді. Буржуазия... – дей түсті де, мұндай сөзге мына жұрттың түсінбесін біліп, – от пен судай шарпысқан бай мен кедейдің арасынан өзіне тыныш орын таппақ. Әй, ағажан-ау, өзіңіз-ақ айтыңызшы, бүйтуге болмайды. Болмайды ғой... – деп, күшене сөйлеп еді; онсыз да быттиған қара сұр бетінің қос алқымы ісініп, көзінің алдындағы күлтілдек майға көзілдірік батып кетті.

Үлкен үйдің іргесі түрулі. Түндік ашық. Сықырлауық есікті екі жағына шалқайтып ашып тастаған. Мал тұяғы әлі таптай қоймаған үй маңындағы жас көктің иісі түрулі есіктен талмай келіп тұр. Ішке Ақбала кірді. Үй ішіндегі бір жанға назар аударып көз салмай, Тәңірбергеннің қасына кеп қатарласып отырды. Торшолақ бала Тәңірбергеннің жақында үйленген жас тоқалы жөнінде талай есіткен. Бірақ оны мұншалық сұлу деп ойлаған емес-ті.

Торшолақ баланың осы жолғы жұмысы қауырт-тұғын. Ордақонған болысы мен Қабырға болысына түскен алым-салық ел ішінен дер кезде жинала қоймағасын, қасына екі солдат алып елге шыққан беті екен. Әзір бітіргені шамалы. Үш күн ұдайы осы ауылға табан тіреп жатып алды. Аңдитыны – Алдаберген софы. Осы бүгін бір ығытын тауып, софының ақтуша тоқалымен ауыл сыртында кездеспек боп уәделесіп еді. Торшолақ бала шыдамсызданып сыртқа шықты. Күн кештетіп қалған екен. Асыға басып күркіреуге түсті. Бұлақ бойын қуалап өскен құба талдың қалыңдау жеріне кеп тығылып отыр. Ауық-ауық мойын созып, ауыл жаққа шыдамсыздана көз салады. Кенет талдың арырақ тұсы сылдыр етті. Торшолақ бала бұға қойды. Мес түйініндей мұрынның ұшы шып-шып тершіп, көзілдіріктің әйнегі қапелімде буланып кетті. Бұл көз тіккен бір шоқ талдың арасы ыды-

рап ақырын ашылды. Торшолақ бала күліп жіберді. Ел ішінде әлдеқашан «Ақтуша» атанып кеткен меңсіз аппақ келіншек аяғын ақырын басып тал арасынан шықты.

Торшолақ бала салған жерден өңмендеп бауырына тартып еді, келіншек бетін ары бұрып, сырт айналды.

– Мырза жігіт... абайла, біздің шал қызғаншақ.

– Қайтер дейсің... қызғанған қызыл итке жем болады деуші еді ғой.

– Уәде беріп қойғасын, өзіңді силағасын келгем. Мен, енді кетейін... Кәзір өрістен мал келеді.

– Қой... Малы құрсын. Келші, қасыма отыршы!..

Келіншек жігіт ырқына көнбей, әлде неге шыдамсызданып, тартыншақтап тұрғанда, аттың пысқырған дыбысы естілді. Екеуі бірдей жалт қарады. Торшолақ бала тал арасынан сығалап қарай түсті де, дереу бұға қойды.

– Құрыдық...

– Біздің шал ма?

– Жоқ.

– Енді кім?

– Кә-кә-лен...

– Қой, ол ұры Қарақалпақ асып кетті деген...

– Анық... анық сол. Екі тізесі аттың екі құлағын қағады. Енді... енді қайттім?

Ақ тоқал аяқ астынан көңілденіп:

– Кәлен дейсің бе? Екі тізесі аттың екі құлағын қағады дейсің бе? – деді, бұл кезде бойы үйреніп қалған жігітті сықақтап күліп.

Торшолақ бала келіншектің әзілін аңғармай, әлі сол қауқарынан арылып, қалш-қалш етіп тұр.

– Мені... мені өлтіреді. Енді не істедім? Қайда тығылам? – деп сасқалақтай бергесін, ақ тоқал:

– Өзіңнің шыққан жерің ғой. Кел, мында тығыла ғой, – деп күліп, көйлегінің етегін алдыңғы жағынан көтеріп алды.

Кәлен бұлардың тұсынан өткесін көп ұзамай аттан түсті. Ерін жөндеп, айыл-тартпасын тартып алды. Сонан кейін көғалда отырған бай ауыл жаққа бойлап қарады да, атқа мінді. Сай бойымен ілгерілеп барды да, ақ боз үйдің дәл өкпе тұсынан атын ойнақтатып шыға келді. Оны Қаратаздың бәйбішесі көріп, ішке кіруге ғана шамасы жетті. Тілі күрмеліп, өңі қуарып, жүкке арқасын сүйеп тұра қалды.

– Кә-лен!..

Торшолақ балаға еріп келген екі солдат осы үйде отырған-ды. Олар іргеде сүйеулі тұрған мылтыққа жармасты.

– Аtpаңдар. Қолға тірі түсіру керек, – деді Тәңірберген. Үйге аттың тұмсығын тірей тоқтаған Кәлен қолында камшы. Екінші қолындағы шылбырдың бір шетін уысынан шығармай, ішке кіріп келді. Дәл осы сәтті тосып, есіктің екі босағасында жабысып тұрған екі солдат мылтығын төсеп тұра қалды:

– Қолыңды көтер!

Кәлен құдды осылай боларын біліп келгендей тіпті жайбарақат, бей-жай қалпы Тәңірбергенге қарады.

– Ә, түлкі!..

– Байлаңдар!

– Токта! Мен өз аяғыммен келіп тұрмын. Мені байлау қиын емес. Баламды босатыңдар!

– Құдай қаласа, балаңның қасына өзің де барасың.

– Ә, солай ма? – деді Кәлен. Өзі ішінен «өзекті жанға бір өлім», – деп түйді де, екі солдаттың бас-аяғына көз тастады. Екеуі де көзге толық, әсіресе, біреуі еңгезердей екен. Кәлен бұлардың дегеніне құлақ қақпай, көнген кісіше моп-момақан кейіпке еніп, екі қолын артына ұстап: «Ал, байлаңдар», – деп тұра қалды. Ірі денелі солдат мылтығын іргеде сүйеп, Тәңірберген әзірлеп

тұрған қыл арқанды ала берген-ді. Жұрт не болғанын білмей қалды. Кәлен өзіне кезеп тұрған мылтыққа шап беріп, солдаттың қолынан жұлып алды да, ішіне бір теуіп, қалпақтай ұшырды. Ірі денелі солдат мылтығына ұмтылып еді, бірақ Кәлен оны да қарсыласуға келтірмей, мылтық дүмімен қарақұстан соғып өтті. Тәңірберген зып беріп кереуеттің астына кіріп кетіп еді. Кәлен қапелімде қайда кеткенін білмей, алақтап қалып еді, сырттан бір топ кісі топырлап кіріп келді. Кәлен енді қарсыласпады.

Дәл осы сәтте ырсылдап Торшолақ бала да жетті.

– Бұл үкімет алдында қылмысты адам. Қарулы күзетпен дереу қалаға айдау керек, – деді ол

Кәлен әлгінде үй толы кісі қолына не түссе сонымен ұрып, басқа-көзге сабалап жатқанда да қыңқ еткен жоқты. «Жер түбіне айдасаңдар да, ажал жетпей өлмеспін. Болат қанжар қап түбінде жатпас. Сендермен сонда сөйлесермін» – деп, қанына қарайып кетіп еді.

Бірінші кітаптың соңы

ЕКІНШІ КІТАП

СЕРГЕЛДЕН

БІРІНШІ БӨЛІМ

Жалғыз түйелі шолақ көш күн кештете Көлқораның құлауына ілікті.

– Ау-ыл!

– Ауыл! Ауыл көрінді! – деп, түйе үстіндегілер шулап қоя берді.

Түйе жанында екі келіншек, екі жігіт жаяу-жалпылап келе жатқан-ды. Оқшау хабарға олар да еңсесін тіктеді.

– Ауыл дейсің бе, әй? Қара-құра көріне ме?

– Жайылып жүрген мал көп. Бай ауыл болу керек.

– Ендеше құдай берді! Адаспай, дәл тапқан екенбіз.

– Мынау соның аулы деп ойлайсың ба? Ол өзі малды жігіт пе еді?

– Ойбай, малды. Тоғы шайқалмаған жігіт. Тері-терсек жияды, табыскер. Жарықтық, жері де жақсы екен. Әй, Қалау, байқайсың ба, алабұтасы, ащылық сораңы кілкіл етеді. Нағыз түйе ұстайтын жер екен!

– Қазаны қандай екен иттің?

– Тіл тигізбе...

– Ой, енесін... асқа тойғызса болды.

– Не көрініпті...

Екеуінің де қасы-кірпігі шаң. Жақ жүндері үрпиіп кеткен. Ылдиға құларда жұлығынан шұлғауы шыққан қайыс етікпен борбас кебірді бұрқылдатып, сырғанақтап сөйлей түсті. Әсіресе, иықты, ірі қара жігіт ауыл қарасын көргелі жағы тынбады. Мына елдің жері, суы, шөбінің

реңі жайында неше түрлі топшылау айтып, сөйлеп келеді. Олардан кейініректе екі келіншек түйеден қалмай, кебежеде бастары қылқиған балалармен қатарласып келе жатыр. Әлсін-әлі ас сұрап қыңқылдаған жас балаларды алдарқатып: «Шыдаңдар! – деп жұбатады, – әне, Ебейсін ағаңның үйі көрінді. Кішкенедесін жетеміз. Ой, сосын, несін айтасың, отты маздатып жағар. Ыссы астың буын бұрқыратып алдарыңа қояр. Сен же, мен же болармыз».

Бұлар ауыл шетінде мал қайырып жүрген кісіге жолығып, Ебейсіннің қыстауын сұрап алды. Мұржадан түтін будақтаған ығы мол, үлкен үйді көргенде, балалар кебежеден мойнын созып, қып-қызыл тұмсығымен ілгері жақтан аңқып қоя берген малдың, қидың, көң-қоқырдың иісімен дем алды.

Бұлар бөтен үйдің қорасына баса-көктеп кіруге именді. Көш басындағы ер-азамат келген бойда хабарлас қылды да, сыпайылық сақтап сыртта иіріліп тұр. Ірі қара төбет қора түбінен бой көрсетіп үріп келеді. Әлі шам жаға қоймаған үлкен үйдің терезесінен кешкі оттың болымсыз қызғылт сәулесі жылтырады. Есік ашылды да іштен күбіландай төртпақ кісі шықты. Бұлар Ебейсінді тосырқап таныды. Бұрынғыдай емес, ел ішінің тері-терсегін жинап, қалаға қатынап, сауда басындағы кісілермен араласқалы татар байларына еліктеп бойын күтіп ұстайтын бопты. Қара мақпал тақия, қара загірен бешпент киіп, тыраштанып алған тақуа Ебейсін үй алдында иіріліп тұрған жұпыны, жүдеу кісілерге жатырқай қарады:

- Көрмеген кісімсің ғой.
- Мені білесіз... Мен Төлеу...
- Кім?
- Тө-леу. Төлеумін.
- Төлеу?.. Жоқ, білмеймін.

– Құдай-ау, не дейді?.. Өткен қыста Құ-дайменде болыстың оқудағы інісі екеуің біздің үйге қонып кеткенсің... Содан кейін де талай-талай қонғансың... Шұқырда отырған жалғыз үй...

– Шұқыр?.. Қай шұқыр?..

– Апыр-ай, қалай десем екен? Қырда... шұқырда, жалғыз үй.

– Жоқ, есімде жоқ.

– Не дейді?! Аға-еке-ау...

– Ии-и, пақыр, қой әрмен! Халық үстінде жүрген азаматтың бір түнеп кетпейтін үйі бар ма? Соның бәрі есінде тұра ма? – деді де, Ебейсін бұрылып жүре берді.

Төлеу бөгемек болғандай ілесіп ұмтыла түсті де, тоқтады. Саудагер жігіттің сол ана загірен бешпенттің жағасын керіп, жырта жаздап бара жатқан қызыл қоңыр мойнына, сосын күдірейген шошқа жон бітеу жауырынына көзі түсіп еді. Осынша жалынып-жалбарынғанда оның бір сөзге иманы бүлк етпеген керең түрінен қатты түңіліп, мұздай тер маңдайынан бұрқ етті. «Ойпырым-ай, бұндай да адам болады екен ғой». Төлеу есін жия алмай, сасқалақтап жан-жағына алақ-жұлақ қарады. Күн қызарып батуға таяп қапты. Ауа бұлыңғыр. Кешкі жел шұғыл суытып, бар әлем шаңытып тұр екен. Төлеу күзгі күннің қатқыл суығын енді сезгендей, иығы құнысып, бүгежектеп ықтап кете берді. Сыртта иіріліп тұрған қатын-баласы есіне түскенде есі шығып, сасқалақтағаны сонша жаңа ғана беті қайтып қалған кісінің соңынан қайта жүгірді. Бара сала «ағалап» шалғайына оралып еді, Ебейсін қолын қағып жіберді. Төлеу қайта жармасты.

– Аға-еке-ай, үй ішім, бала-шағам... Қараңғыда қайда барам...

– Онда менің шаруам қанша?!

– Мұсылмансың ғой.

– Мұсылмандықты саған бердім.

– Астафиралла... Дәм-тұзымды талай татып едің ғой. Ақысын алсаң да...

Ебейсін тоқтай қалды. Етігінің тұмсығына қарап, ойланып тұр.

– Бәлкім... сататын бірдеңең бар шығар?

– Бар... бар...

– Нең бар?

– Бір құнаншам бар.

– Құнанша дейсің бе? Сосын?

– Сосын, бір жалпылдақ тайлағым бар. Алдына мұрын тесер бұйда-сайма.

– Бұйда-сайма... бұйда-сайма дейсің, ә?

– Иә, иә, бұйда-сайма!

– Жүр, көрелік!

– Қолдағы мал қайда қашар дейсің... әуелі балашағаны жылы жерге орналастырсақ... Шешемнің де үзірі бар еді...

Ебейсін қайырылмады. Түйе үстінде жардай боп отырған ірі сүйек кемпірге көзі түсті. Өзінің әне бір кезде Құдайменде болыстың оқудан қайтқан інісін алып келе жатып осы кемпірдің үйіне тоқтағаны есіне түсті. Кемпір де оны бірден таныды. Амандасқалы қалың киімді бойымен қалауыштан еңкейе беріп еді, бірақ Ебейсін рай бермей, тұсынан тезірек өтіп кетті. Екі келіншекті кісі екен деп елеген де жоқ.

Ебейсін құнаншаны көре сала қолын бір сілтеді:

– Қой, мынауың нашар. Біздің ауылдың сүт тайлағынан да төмен...

– Аға-еке-ау...

– Әй-й, аға-мағанды қой!..

Ебейсін нар қоспақтан туған қос өркеш тайлақтың алды-артына шығып жалақтап жүр. Тайлақтың әуелі омы-

рауына үңілді. Қолтығына қолын сұқты. Жүнін ұстады. Құйрығын көте-ріп, олай-бұлай қарады да, сосын бұ да дәл ана Теміркеше қолын сілкіп кейін шегіне берді.

– Шаһарлы жердің базарына салсаң өтпейді. Мал ғып тұтынуға тағы кеміс. Мынауың сұлама өркеш, салқы төс, бақырауық жайсаң болғалы тұр екен. Мұндай мал жүріске де нашар. Көш жер жүрмей қолтығы ойылып қалады. Тегін берсең де алмаймын.

– Аға-еке-ау, не деп тұрсың?.. Сен айтқандай керіс қоспақ емес, түс нардың тұқымы, ата мал! Мұсылмансың ғой...

– Әй, пақыр, саудаға мұсылманшылық жүрмейді. Мына түйенді сатпайсың ба?

Саудагер жігіттің қырағы көзі жас балалар мен сырқат кемпірдің астындағы сары інгенді шалыпты; өзі көріп жүрген түйелерден сөгерлігі артық, балақ жүні желкілдеген сирақты сары інгенге көзі түскен бойда ындыны кетіп, алды-артына шығып жалақтап жүреді. Кемпір оған түйе үстінен түйіле қарады. «Мұндай екенінді бұрын білсемші» деді ішінен. Сосын:

– Әй, балам... – деді Төлеуге, – түйенің басын жетеле. Басқа ауылға барайық. Енді кідірсең мына қара бет түйені қойып, мені саудалар.

Төлеу түйенің басын кейін бұрды. Кебежеде мойны қылқиған жүдеу балалар қыңқылдап ас сұрай бастап еді, қара кемпір зекіп қалды:

– Түйеден лақтырып жіберейін бе? Тыныш отырыңдар! Күшіктей қыңсылап, бір жағынан сендер де жан алып біттіңдер ғой. Барды бермей отыр дейсіңдер ме?

– Бала ғой, ес білсе сөйте ме?..

– Сен қыз, тыныш отыр!

Қыз тоңғанын сездірмей, тістеніп отырған-ды. Кемпір

ұрысқаннан кейін мұрындарын тартқылап бүрісіп жым бола қалған бөпелерін бауырына қысып:

– Ертегі айтайын ба?.. Ертегім ертек, екі құлағы селтек, қырғауылы қызыл екен, құйрық-жалы ұзынн... – дей түсті де, тоқтай қалды. Айғанша апасының көңіліне бола жас балалар жоқ күлкіні зорлағандай әншейін ыржиып езу тартты. Мұрындары қып-қызыл. Еріндері көгеріп, дірдектеп, қалш-қалш еткен кішкентай балалардың қылқанақ тісі тісіне тимей сақ-сақ етеді. Қыз сырт айналып, бетін бұрып алды. «Айналайындар-ай, қор болдыңдар-ау», – деді ішінен.

Сырқат ана да күнұзын түйе үстінде ырғалақтап мазасы кетіп келе жатқан-ды. Ебейсіннің қыстауынан былайырақ ұзап шыққасын бір кезде бұлардың алдынан бөрік бас нар шоқалақтар кездесті. Селдір қамыс, қызыл сирақ түзген, жыңғыл, сораң жынысып, теңіз өңірінің кәдімгі көңілсіз бытпылдығы басталды. Бір кезде жел астында сусылдаған қамыс сыбдырынан басқа бұларға ілгергі жақтан әлдебір алып күштің ыңыранған сарыны жетті.

Түйе үстіндегілер болмаса, Төлеу оны сезген жоқ; анда-санда әлде бір қаңбақ қасынан қалбаңдап жосып өтеді. Ондайда түйе үріксе де, Төлеу түк сезбейді. Иығы түсіп кеткен. Үнсіз. Жағалаудың бытпылдық қалыңдығы арасынан әзер-әзер жол тауып, түйе басын жетелеп келеді. Дәл қазір оның басында ыстық ас пен маздап жанған оттан басқа ой жоқ. Керек десе, қайда бара жатқанын, неге бара жатқанын, бағанағы имансыздан кейін тағы кімнен бір түнеп шығатын ық-пана сұрап «әке, көкелеп» аяғына жығылатынын бір Алла білмесе, бұл біліп келе жатқан жоқ.

– Қазинесі кең құдай-ай, көрсетпегенің көп екен ғой,

– деді кемпір күрсініп. Жаны қиналған ана енді бірде Төлеуге жыны түсіп:

– Сорлы бала, теңіз... теңіз деп ынтықты да тұрды. Сондағы тапқан Жиделібайсыны осы ма? Адыра қалсын. Жері кең болса да, пиғылы тар ел ғой мынауың, – деп еді.

– Елге тіл тигізіп қайтесің. Әлгі жалдаптан басқа кімге пана сұрап бардың? – деп, қыз анасын қайырып тастады.

Төлеу үнсіз. Басқа үміт қалмаған соң ілгері жақтан талып естілген әлгі сарынның сырын білмесе де, әлдебір тірліктің тынысы шығар деген дәмемен түйенің басын жетелеп, бүгежектеп келеді.

* * *

Ертеңіне Ебейсін көрші ауылдарды аралап, соғымға сойған малдың тері-терсегін жинап жүр еді. Оның бұл жаны, тәні сүйетін кәсібі. Қырдан көшіп келген кісілер қораға таяу арада ғана кірген. Төсек-орны жиналмай, абыр-сабыры шығып жатқан ауылдардың иттері алдынан арсылдап үріп шықты. Оған онша иманы селт ете қоймаған Ебейсін семіз сары атты сипай қамшылап ел шетіне кірді. Бұл кезде қазан-ошағын қондырып, пешін жөндеп, отынын есік алдына үйіп, соғымын сойып алған үйлердің қайсына кірсе де, қазан толы ет буы бұрқырап пісіп жатқан үстінен шығады. Ол осылай ел ішінен тері-терсек жинап жүрген үстіне бір күні Тәңірбергеннің атқосшысы ақиқөз жігіт кеп:

– Мырза шақырып жатыр. Кәне, дереу атқа мін, – деп еді, Ебейсін есітпеді ме, бұрынғыдай елп ете қоймады. Соған таң қалған жігіт мынаның міз бақпағанына ызаланып:

– Әй, саған айтам... – деп, дауысын көтере бастап еді.

-
- Әкірендеме! Менің де шаруам бар, – деді Ебейсін.
 - Шаруаң қашпас. Мырза тез жетсін деп жатыр!
 - Кете бер.
 - Сен ше?
 - Көрерміз дедім ғой.

Ақикөз жігіт кеткесін Ебейсін «барсам ба, жоқ па?...» дегендей ойланып тұрды да, ықылассыздау атқа қонды. Жаңа ғана етке тойып, буы бұрқырап шыққан жігіт күзгі кара суыққа қыңбады. Түлкі тымағын көзіне басып киді де, қарсы алдынан қадалып соғып тұрған қатты желге тура қарап тартып кетті. Күн қанша суық болғанмен семіз сары аттың қос бүйірі тақымын қыж-қыж қайнатып келеді. Қыр басына көтеріліп, үлкен айдау жолға түскесін Ебейсін ендігі қалған жерге қам жемеді. Басқа жаққа бұрылмай тура тартып отырса, мына жол бай ауылдың дәл үстінен түсіретінін білді.

Ебейсін таяу арада ғана Шалқардан қайтып келе жатып жолшыбай мырзаға соғып, базарға қосқан малының пұлын беріп кетіп еді. Енді неге іле-шала іздеу сап, соңынан кісі шаптырып жатқанын түсінбегенсіп, бергі жағынан өзінше дал болғансыса да, арғы жағында бір өзі білетін күдік маза бермей келеді. «Сұм неме біліп қоймаса не қылсын?...» деді ішінен. Сосын тон киген ауыр денесі ат үстінде шайқалақтап келе жатып: «Қап, не қыласын» деді тағы да ішінен, «із-тұзын білдірмей, алысқа көз асырып жібергенде әлде қайтер еді».

Ауылда адам-қара көп екен; қашанда келім-кетімі үзілмейтін бай ауыл, әсіресе, Жасағанберген ауруға шалдығып, оқуын тастап келгеннен бері қонақтан көз ашпай қойып еді.

Тәңірберген күндізгі қонағын әдетте бәйбішенің үйінде қабылдап, кіші әйеліне тек жатарда баратын. Тұтынған дағдысын қатты ұстайтын мырзаның осы

қазір де қонақтар арасында отырғанын білген Ебейсін ат басын үлкен үйге туралады. Қырда жайылған дуадақтай төрде бір-бір жастықты қолтықтап, теңкиіп-теңкиіп жатқан жуандар үстіне сәлем беріп Ебейсін кіргенде бастарын көтерді.

– Ә, Ебейсін... Е, бәрекелді, бері кел! Мында отыр.

– Ал, бала, ауыл-аймақ аман ба? Қалай, бала-шағаң сау ма?

Ебейсін шұрқырасып жатқан мына жуандарға онша омырауын аша қоймады. Қайсысы қай елдің байы, қай рудың «қара сақал», «ақ сақалы» екенін түстеп таныды. Бас-басына қолдасып амандасып жатып мыналардың май жаққан етіктің қонышындай жылтыраған сақал-мұртына қарап, бұл үйдің сыбағалы қонақасын жеп алғанын білді де, ішінен мықтап бір боқтады.

– Ебейсін қарағым, таяуда қалаға барып қайтыпсың ғой. Базарға түскен боларсың. Ол жақта мал сыңайы қалай екен?

– Мал арзан...

– Апыр-ай, ә?! Арты жақсылық болса жарар еді...

Бұлардың үстіне Тәңірберген кірді. Амандаспақ болғалы қос қолын соза түрегелген Ебейсінге ол көз қиығын да салмай, киімшең бойымен төрге шықты. Ебейсін бұған онша зәбірлене қойған жоқ. Онан гөрі, қайта қонақтар ыңғайсызданып, жалма-жан тымақтарына жармаса бастады.

– Тәңірбергенжан, біз енді жүреміз.

Тәңірберген жай ғана басын изеді.

– Бауыр сенікі болғанмен Жасанжан бәрімізге ортақ, жөні басқа бала ғой. Сары жамбас боп жата бермей, біздің ауылға да кеп, бой жазып қайтсын.

Тәңірберген бұл жолы да үндемеді. Қонақтар бір-біріне қарап, ымдасып алды да, жапырылып түрегеле ба-

стады. Олар жөнеліп кеткесін де Тәңірберген үй ішіндегі жандарға түсін бермей, біраз үнсіз сазарып отырды да, Ебейсінге бұрылып:

– Әй, алаяқ! Бірге тумасаң да осы ауылдың бір адамындай боп жүруші едің. Сүйтсе, кісі хақын жеуге келгенде, сен қара бетке алыс-жақынның бәрі бір екен ғой – деп еді, Ебейсін мырс етіп күліп жіберді. Онда да бөккен балшықтай тобарсыған беттің бір жері бүлк етпей, тек бір танауымен мырс етті.

– Сен енді басқаны қойып, бізге ауыз салмақ екенсің ғой. Ар қайда?

Ебейсін оған таңдана қарады. Өңінде: «Не деп отыр мынау? Ары не?» деген сұрақ бар. Ол әдетте ел ішінен жүн-жұрқа жинап, қала шығып базар базарлап қайтқанда, жол бойы келе жатып алған, бергенін есептеп, мынау «пайдам», мынау «залалым», немесе «ұтқаным», «ұтылғаным» деген екі ауыз сөзбен тоқетерін түйіп, бүйірінің бір жағына тыға салушы еді. Өзі өз болғалы өмірден түйгені осы: Ұту, Ұтылу. Ұтсаң – өрісің тола мал. Қазаның тола – ас. Қатын қойныңда. Ал, ұтылсаң?.. «Ой, оның жайы белгілі ғой» деп, ар жағына бармай, қолын бір сілтейтін.

Ебейсін бас-аяғы екі ауыз сөзбен айтылатын осы бір оп-оңай нәрсені м ы н а н ы ң қиындатып, адамның миына кірмейтін қайдағы бір «ар-мар» дегеніне түсінбей: «Ақымақ екен ғой мынау!» деді ішінен. Көзін жерден көтермей, басын бауырына тығып отырып, артының іздеушісі мықты малдарды сол жолы Жем бойы мен Ырғыз, Торғайдан келген Шөмекей саудагерлеріне сатып, алысқа көз асырып жібермегеніне ғана өкінді.

– Не қылса да... менен бір қате болды, – деді міңгірлеп.

– Қате емес, бұл қиянат. Бізге көре, біле тұра істеген қиянатың.

Жас мырза былайғы уақытта қырына алғысы келгенде, жұртқа ұқсап бет жыртысып, қызыл кеңірдек боп керілдесіп жатпай-ақ арғы жағындағы ойын көбіне қасы мен қабағынан аңартып, сыртын суық ұстап отырып та жылан арбаған торғайдай тұралатып тастаушы еді. Осы жолы мынаған, мына имансызға күні бұрын әзірлеп қойған ауыр сөздің бәрін айтты. Оған неғұрлым опасыздықтарын тізіп, бірінен кейін бірін бетіне басқан сайын, о да соғұрлым бұның өмір бойы өзіне істеген озбырлықтарын бірінен соң бірін есіне алып, беті бүлк етпей сазарып алды. Өзгесін қойғанда өткен жылы осы Тәңірберген сенімді жігіттерден қол ұйымдастырып, ел жата түрікпен жеріне аттандырмады ма?! Сапары сәтті болып, түрікпеннің жылқысын қуып әкелмеді ме?! Және жау қолынан алған сонша көп жылқыны тағы да осы мырзаның ақылымен, өкшелеп соңынан қалмай қойған қуғыншыны ізінен адастыру үшін тура ауылға тартпай, әуелі сонау Адай, Табын елінің үстін басып, орағытып келмеп пе еді?! Тағы да осының айтуы бойынша, балықшы ауылға таң алдында жұрт шырт ұйқыда жатқанда келмеп пе еді? Онда да, жылқыны аулақтағы бір тасаға иіріп тастап ауылға жалғыз өзі кеп хабар бермеп пе еді?! Сонда бұл сүргінге ұшырап, қан сорпасы шыққан жылқыларды бір күн орнынан қозғамай, солығын басып, тынығып алғанын жөн көрсе де, бұл айтқанға көнбеді. Өзінің әдеттегідей сауысқандай сақтығына бақты да, біреу-міреудің көзіне түсіп, әйгіленіп қалар деп қорыққаны сонша, керек десе, бұлардың атының терлігін де құрғатпай, келген ізімен қайта қуып, түрікпеннен әкелген жылқыларды Ұры шыңының қалың шатқалына көз асырып жібермеді ме?! Бұны да ел ұйқыда жатқан бейқамда, бір жанға із-түзін білдірмей істегендіктен, шеттен келген сонша жылқы суға батқан тастай жым-

жылас жоқ боп кетті емес пе?! Сүйте тұра, бұған «кісі хақы» деп қожандайды. Түрікпен жылқылары кісі хақы емес пе? Сонша тегін олжадан бұған қотыр тай да бермеген еді ғой. Ер-азаматы бес қаруы белінде, аты белдеуде байлаулы тұратын жауынгер елдің жылқысын қуып әкету бұған оңай боп па еді?

Ебейсін үндемеді. Тәңірберген нәсілсіз хайуан деп ит терісін басына қаптап, жер-жебіріне жетіп жатқанда да бұл жұмған аузын ашпай, қабағы салбырап, тобарсыған қалың бет ішкі сезімін сыртына шығармай тұнжырап алған-ды.

– Әй, залым, есітемісің?.. – деді Тәңірберген.

– Нені, мырза?

– Малымды жедің.

Ебейсін түкке түсінбегендей, иығын қиқаң еткізді.

– Малымды қайтар!

– Мақұл, мырза. Ақшалай аласың ба, әлде малдай қайтарайын ба?

Тәңірберген аузына сөз түспей қалды. Ебейсін қойнынан бір буда ақшаны алып базардағы машықпен бір-бірлеп санады да, Тәңірбергенге ұсынып еді, Тәңірберген қолын соза қоймады. Азсынып отыр деп ойлаған Ебейсін:

– Ауылдық жерде мал түк емес. Мен саған базар нарқымен беріп отырмын – деп, ақшаны алдына тастай салды.

– Жоғал!.. Шық үйден!..

– Жарайды, мырза. Екіншілей базарға басқа кісіні жұмсарсың – деді де, Ебейсін салғыласпай, тұрып жүре берді.

Биылғы күз жылдағыдан ұзаққа созылды. Жауын-шашынсыз ызғырған қара суықтың зәрі сынбай, үйде де, түзде де жан біткеннің зықын алып қылшылдаған қалпымен қарлы қысқа қалай кіріп қалғанын жұрт байқамай қалған-ды.

Кешегі, сол қара суықта Төлеудің үйі құдды көзге түртсе көрінбейтін тастай қараңғыда ұшқан көбелектей, сүрініп-жығылып, қаңға-лақтап жүріп қара жардың басындағы балықшылар аулынан бір-ақ шықты. Алғашқы жауған қармен аралас-құралас қимылдап, Мөңке бастаған балықшылардың көмегімен өздеріне баспана салып алды. Есіктің орнына алаша ұстамақ болған Төлеу мен Қалау қайта-қайта қолын демімен үрлеп, бүрсектеп жүргенде, мына жақта Айғанша екі жеңгесімен бірге жабылып әуелі балшық иледі. Сосын әр үйге бір кіріп, қалған-құтқан кесектен бір мойын пеш салды.

Айғанша орасан көңілді. Қолы, беті балшық. Оған қарап жатқан жоқ. Қайта аға-жеңгелеріне жәрдемдесіп, жұртпен бірге өзінің де аянбай, өліп-тіріліп жұмыс істеп жатқанына мәз. Пеш дайын. Қазір қазан орнатады. Ошақта от жанады. Сосын жеңгелері қазанға ас салар-ау! Ой, сосын ошақтағы от алдында отырып асуланғасын осы күндері бастан кешкен қиындықтың бәрі, ұмытыларын ойлап, қабағы түсіп кеткен аш кісілердің арасында жалғыз өзі ауық-ауық мұрнын тартып қойып, ұшып-қонып жүр.

Қара кемпір қызын жаңа көргендей, жымыып күліп қояды. Әттең, не керек, осы кішкентай, бір жапырақ қыздың талабын құдай ана екі шіркінге бермеді ғой.

– Қазан көтеріндер, балалардың қарны ашты, – деді кемпір келіндеріне.

– Отын жоқ қой, әже, – деді Төлеу.

– Ой, заман-ай! «Әйел ерге, ер жерге қарайды» деген. Балам-ау, отын болмаса, құдай айтқан түйе бар. Қолыңа кетпен ал, қасыңа келіншектеріңді ерт. Үй сыртындағы қоңырлықтан сүт пісірімде бір түйе отын шауып әкелесің.

– Ой, қойшы. Күн суық... Кісі бетінен басады.

– Жұмыс істесең – жылынасың.

Төлеу бұрқылдап сөйлеп жүріп, күпісін киді. Белін буды. Ағаш төсекте бөксесін көрпемен орап отырған сырқат шешесінің алдынан әрлі-берлі өтіп жүріп, халін сұрамақ түгіл көз қиығын да тастамады. Апыр-ау, осы шіркін кімге ұқсаған? Әкесі марқұм ақ жарқын ашық болатын. Үйір-үйір мал кең далаға сыймай жатса да, қашан көзін жұмғанша қатын-баланың қамын жеп, жарғақ құлағы жастыққа тимеп еді. Өзінің де қол қусырып отырған кезі болмапты. Өттең, не пайда, кәрілік пен сырқат қос қабаттап құртты ғой. Әсіресе, осы жолғы сырқат өзіне қатты батты. Оң жақ бүйірден қанжар ұшындай қадалып тұрып алды. Құйттай қозғалса тұла бойы қан қақсап, жаны бірге шыға жаздайды. Іштен жабысқан дерт сүйек-сүйегін сырқыратып жатса да, бала-шағаның берекетін қашырмайын деп, дыбыс шығармай тістеніп алады. Бірақ кәрі дененің қажары қаншаға жетерін кім білсін?..

Кемпір күрсінді. Таң атқалы тыным көрмей жүрген қызын ойлап, ана жүрегі елжіреп отыр.

– Айғаншажан-ай, шаршадың-ау. Балам, азырақ дем алшы.

– Жоқ, жоқ, апа...

– Салқын тиер, тым құрыса сыртыңнан киім ки.

– Жоқ, апа, дәнеңе қылмайды.

– Әй, қыз, айтқанды тыңдайсың ба, жоқ па? Қайт кейін...

Айғанша бір шелек үйіндіні сыртқа ала жөнелді. Қап, мына қызды-ай, сорлы балаға салқын тимесе қайтсін?.. Құдай қылса қайтесін. Осының бәрі Қалаудан ауыспайтын шаруа. Сорлы керенау, жалқау.

Қалау есікке алаша ұстағасын басқа шаруа бастан асып жатса да қайырылмай, жүк үстіне құлай кетті. Қара тонмен басын бүркеп алды.

– Әй, жарқыным, тұр. Ана қызға жәрдемдес.

Қалау тон астында қимылдап қозғалақтай түсті де, қайтадан тым-тырыс бола қалды.

– Әй, тыңдайсың ба, саған айтам...

Қалау бұл жолы да басын көтермей, тон астынан күңкілдеп бірдеңе деді де, үні өшті. Сыртта ит үрді. Түйе бақырды. Әлде кімнің ата-бабадан бастап боқтаған бейпіл даусы шықты. Қара кемпір балықшылар естіп қала ма деп жерге кіріп барады. Балжан мен Кенжекей үйге бір-бір құшақ отын кіргізді. Әкелгендері от тисе ие бермей лаулап ала жөнелетін томар жусан. Кешегі жаңбырдан кейін екі-үш күнгі жадыра шуақта басы шашақтанып, бүрлене бастапты. Қатарынан екі құшақ жусан ішке кіргенде, әлгінде ғана өлі кесек пен су топырақтың сыз иісі кісі тынысын ауырлатып тұрған үйде кенет дала шөбінің иісі бұрқырап қоя берді.

Кенжекей от жақты. Жалпылдақ отын лаулай жөнелді. Қара қазан асты қапелімде қызыл шоққа толып, от сәулесі жарқылдап, түнеріп тұрған үйдің түкпір-түкпірі қапелімде көңілденіп шыға келді. Қазандық алдына төсек жайылды. Сырқат кемпір мен бала-шаға отқа жақындады. Қалау да тон астынан басын көтерді.

– Тамақ істедіңдер ме, әй?

Айғанша сықылықтап күліп:

– Жұмысы ауыр ғой, тамақ беріңдер, – деп еді.

– Әй, қыз... тиіспе маған, сасыңды жұлам.

Күлкісін тыя алмай, сықылықтап жатқан қарындасына тағы бірдеңе дегелі оқтала түсті де, осы кезде үйге қарай беттеп келе жатқан әлде біреулердің аяқтарының дыбысын есітіп еді, іле-шала үйге үсті-басы сықырлаған екі балықшы кірді.

– Кеш жарық!

Олар қолына ұстай келген балықты қазандық жанында жатқан отын үстіне тастай салды. Тірі сазандар сапсары бауыры ошақтан түскен от сәулесіне шағылысып бір-екі шоршып аударылып түсіп еді, бұрын балық көрмеген балалардың көзі атыздай боп, аналарының бауырына тығылды.

Мөңке мен Дос бел шешіп отырмады. Өздерінің үстіне көшіп кеп, ірге тұрғызып жатқан кісілермен әлі үйренісе қоймаған. Әңгіме де туа қоймады. Әрі-бері үнсіз отырғаннан кейін екі балықшы мыналардың жаңа қоныстарына құтты болсын айтты да, үйді-үйлеріне кетті.

Кенжекей мен Балжан балық союға кірісті. Кішкентай балалар аузын ашып қызықтап қапты. Қалау мен Төлеу балық сойып жатқан екі келіншекке ентелеп кеп, үстіне төніп тұр. Көп ұзамай балыққа тоятынын білген ағайынды жігіттер көңілденіп, жымыраңдап күле бастады.

– Апыр-ай, берекет теңізде екен ғой.

– Асылы, қара жерге қолдан егіп астық шығарғандай емес, рахат өмір мыналарда екен. Қорадағы малың секілді үй іргесінде ыңыранып жатқан теңізден балықты ұстап әкеп соя береді-ау, шамасы.

– Төлеу аға, сен... сен уылдырығына қара. Майға бөктірген сөк сияқты. Ойбай, әне бір аппақ қуығы не?

– Әй, балаларым, – деді қара кемпір.

Қалау мен Төлеу соққы астында бұққандай, мойнын ішіне тартып ала қойды.

– Жаңа тілектің үстінде тұрсыңдар. Реті келді. Тайлақты сойыңдар! – деді кемпір.

Қатар отырған екі жігіт бір-біріне көзінің астымен қарап, күліп жіберді. Төлеу атып тұрып апалақ-құпалақ пышақ іздей бастады. Ең аяғы үй шаруасына арам өліп бара жатса да араласпайтын Қалау да алақанына түкіріп құлшынып шыға келді. Асыққанда таңырайған шолақ танау әшейіндегіден қаттырақ шуылдап, ыржалақтап әркімге бір қарады. Онан есік алдында күйіс қайырып жатқан тайлаққа жетіп барып, алды-артына шығып, «осының бәрі ет-ау» деп ойлады. Тайлақтың қарамына көңілі толған жігіт жабу сыртынан қомын, өркешін ұстап көрді. Әсіресе, тіп-тік өркеш жас қыз емшегіндей тері астында тырсылдап, тып-тығыз май саусағын батырмай қайта теуіп жібергенде, Қалау «о-оһо» деп күліп жіберді. «Әлгілер қайда? Істері бітпейді. Неге кесігіп жатыр?» Қалау енді аға-жеңгесіне ызаланды.

Әйелдер арқан іздеді. Өреше жақта табақ, шелек даңғырады. Көп ұзамай пышағын, арқан-жібін, ыдыс-аяғын алып, сырқат кемпірден басқалары дабырлап сыртқа шықты.

Қара кемпір іште жалғыз. Жаңа қонысқа орналасып жатқан балаларына әркездегідей көңілін аққа ұйытып, Жаратушы Иеден тілек тілеп отыр. Тілі – дұғада. Құлағы – сыртта. Өне, тайлақ бақ етті. Иттер ырылдады. Ілешала Қалау мен Төлеу ырсылдап, жылы буы бұрқыраған етті ішке көтеріп кіріп келе жатты. Әйелдер тай қазанға толтыра ет салды. От жақты. Ет піскенше шыдамай, өкпе-бауырды турап қуырдақ қуырды. Көңірсіген ет иісі капелімде үй ішін алып кетті.

Көңілді кісілер даусын жарыстырып қау-ықылдасып

жатыр. Үлкен-кішінің қолында бір-бір қасық. Майлы қуырдақ. Быжылдап жатқан қара қазанның маңында үнірендеген сойдауылдай, сойдауылдай екі жігіттің өздерімен бірге көлеңкелері де ерең-сереңдеп, ашқарақтана ұмтылады. Үй сыртындағы уілдеген жел, сүйегіңнен өткендей суық, өкірген теңіз осы қазір мыналардың бірде-бірінің ойын бөлген жоқ. Кешегі қара суықта ығы жоқ мидай жазық даламен күн-түн қатып көшкендері, онан безбүйрек Ебейсіннен көрген зәбір-жапа мыналардың қазір бірде-бірінің есінде қалмаған. Майлы қуырдаққа керелеп тойып алған екі еркек жиі-жиі күліп, әзілдесіп, алдындағы асты бір-біріне ысырып «сен же», «мен же», мәре-сәре.

Ертеңіне кеш оянды. Түндегі еттің тоғы басылмаған. Денелері ауырлап, сүлесоктанып ұйқы қыстап, қайта-қайта кекіреді. Есіней береді. Асқа да, іске де ықылассыз. Төлеу қатындарына:

– Тұрындар, етті тұздандар, – деп еді.

– Сабыр ет, балам, – деді кемпір.

– Неге, әже?

– Қалған етке көршілерді шақырып жіберіңдер.

– Ой, әкесінің аузын! Сақырмаймыз – деді Қалау.

– Ақылыңды шашпа, балам. «Көп тілегі – көл». Батасы тиер.

– Батасын басына шайнап жақсын. Әкесінің аузын... – деп, Қалау боқтап жіберді.

– Ертеңгі күні өзіміз аш отырамыз ба? – деді Төлеу.

– Әй, ақылсыз немелер! Сендердің ертеңгі күндеріңді ойлағасын айтып отырмын ғой. Адам күні – адаммен...

Қалау мен Төлеу көнбеді. Қалау шешесіне сыртын беріп бұртиып отырды да, түсініксіз әлде бірденелерді мінгірлеп кетті. Ал, Төлеу қаһарын қатын-балаға төгіп, үйдің ішіне бықпырттай тиді.

Қара кемпір ішінен тынып, шөгіп қалған. Ақылының жеткен жері осы болғасын, айт-айтпа, ұрыс-ұрыспа, онан не пайда?! Құлқынның қамынан басқа уайым-қайғы жоқ. Ертеңгі күн есіне кіріп шықпайды. Тайлақ еті таусылған соң қайтем дейді екен бұл пақырлар? Ел ұлтаны – балықшылар. Мал-дүние болмаса да, іргесі ажырамай, басы бүтін отырған жандар. Жөн білген кісіге ендігі жерде мына тас бауыр дүниедегі жалғыз жанашыр жақының да, тума-туысқаның да осылар. Жан бар жерде қаза бар. Ертеңгі күні үй ішінен біреу ауырса, кіріптарлық көріп қиындық іс басына түссе, жер басқан пендеде көзіне көрінетін қасындағы қара да осы балықшылар ғой. Сол миына кіре ме екен мына шіркіндердің? Кешегі күні ошағыңа таған қылып қақсаң да қасыңнан орын бер, босағана паналат деп қысылып келгенде, басқа емес, осылар құшағын ашып қарсы алмады ма?! Ер-азаматы жабылып үй салып берді. Енді, эне, балығын бөлісіп жатыр. Хан бол, қара бол, әркім сыйлағанның құлы. Орайы келіп тұрғанда от басынды көрсет. Таныс. Біліс.

Қара кемпір түрегелді. Келіндеріне ақылын айтып, өзі басқарып-төскеріп жүріп, тайлақ етін түгелдей көтеріп әкеп екі қазанға бөліп салды да, ауылдастарға хабар берді. Қонақтар келгенше буулы жатқан теңді шешкізіп, өздерінің эне бір төрт құбыласы түгел, шаршысына кеп шалқып тұрған кезінен қалған көне шапан, көне ішіктерді шығарды. Ал, түгі қырылған көне кілем, көне текеметтерді төр алдына жайғанда жаңа ғана жел ызғыған жүдеу үйдің іші жайнап кетті. Қара кемпірдің өзі де таңырқап қарады. Эне бір қарны ашқанда Төлеу орта қап астыққа сатпақ боп жатқанда ақырып-жекіріп алып қап еді. Соңыра, бұл өлгесін өздері білсін, көзі тіріде айырылар ойы жоқ. Жер түбінен атадан балаға мирас боп, қолдан-қолға өтіп келе жатқан мына дүние,

басқаны білмейді, бұған көне көздей бәрі ыстық. Бұның қайсысын алсаң да баяғы құдіретті ата-бабалардың ұлылығының ізі жатыр. Мына көне кілем, көне текеметке арғы-бергі заманның небір игі жақсыларының тәні тиді, иісі сіңді. Күйеуі болыс боп тұрған баяғы айбарлы кезде осы үйдің төрінде осы кілем, осы текемет жатып еді-ау! Ой, дүние-ай, соның бәрі, енді мінекей көрген түстей! Айтсаң нанбайды. Өзгені қойғанда, алдымен өзінің бауырынан өрген балалар нанбайды.

Қара кемпір теңнен шыққан көне киімдерді бір-бірлеп қарап шықты. Жас кездегі досын көп жыл өткесін, қартайған шағында қайта көргендей. Өзі сияқты бұлар да тозған. Жеңінің аузы қиылған. Түгі қырылған. Бояуы оңған. Жылдар бойы жүк астында жатып умаждалып, мыж-мыжы шыққан көне киімдердің кәдімгідей ажары тайып, әжім түскен көне беттей.

Тыстан осы үйге беттеп келе жатқан кісілердің топырлап басқан аяқтарының дыбысы естілді. Көңілі бұзылып бара жатқан қарт ана теп-тез бойын билеп ала қойды да, орнына барып отырды. Балықшылар өз үйіне келгендей, ештеңеден именбей қауқылдап сөйлеп кіріп еді, төрге жайып тастаған қызыл ала төсенішті көргенде тілжағы байланғандай тына қалды. Алдымен кірген Мөңке мен Дос та құдды күн сәулесі көзін қарығандай, жанары жасқаншақтап жалма-жан өздерінің аяқ киімдеріне қарады. Кейін кіргендер де алдындағы үлкендердің тасасына тығылып, бойын тасалап тұрып қалды.

– Әй, аяқтарыңды шешіңдер! – деді Мөңке.

Бәрін байқап, бәрін көріп, біліп отырған кемпірдің ұзақ аурудан қажыған ажары ішінен түлеп жымың етті. Ой, заман-ай! Бұлардың баяғы шаршысына кеп тұрған шағы еді-ау! Үйіне келген кедей-кепшіктер де дәл мыналардай төрге беттей алмай, қипақтап-сипақтап тұрар

еді де, есік алдынан кетер еді. Ол кезде бұ да ықыласы түскендерге ғана рай білдіретін...

– Неге іркілдіңдер, төрге шығыңдар! – деді кемпір.

Балықшылар жапырлап аяқ киімдерін шеше бастады. Мөңке мен Достың соын ала төрге шыққан жас жігіттер абайламай бір нәрсені бүлдіріп алатындай, қол-аяғын жаза алмай берекеті қашып отыр. Іштеріндегі қайсы бір батылдауы кемпірдің көзін ала бере көне кілемнің мап-майда түгін ескек қажап көк мүйізденіп қалған алақанымен абайлап ақырын сипайды.

Қара кемпір оны да байқады. Енді көре қал, мыналар бұны қаумалап ортаға алып ата тегін, руын сұрайды. Арғы-бергі тегінде батыр болған, бай, би болған, болыс болған кім бар? Түп-тұқиянның бәрін біліп, бәріне көзін жеткізгенше көңілдері көншімейді. Соны білгесін енді бұ да өзінің қай атасында қора толы қой, үйір-үйір жылқы, мыңғырған мал болғанын есіне түсіре бастады. Өзінің күйеуі жеті жыл болыс боп, жалпақ елді билеп тұрған сонау заманда қыз ұзатып, келін түсіргенін де, есіне түсіріп, енді мыналар қашан сұрар екен деп іштей әзірленіп отырған-ды.

Бірақ ешкім үндемеді. Сөзге шорқақ Дос басын бауырына алып, томаға-тұйық отыр. Анда-санда қазан жаққа көзінің астымен қарап қояды. Мөңке кемпір күткен жаққа тіпті аяқ баспады. Кеш бойы ол кемпірден қайда бір келіспеген нәрселерді сұрап, жер шалғай, алыс жолда қиындық көрген шығарсыңдар деді. Бұл жақ қонысқа жаман болмас деді. Онан ырызық-несібесі бірыңғай суға қарап отырған кісілердің қыр қазағынан біраз айырмасы барын айтып, қайда бір келіспеген өнімсіз әңгімелерді ежіктеп кетті. Атақонысын, жер, суын тастап, кәзіргідей қыстың көзі қырауда қиындық көрген кісілердің көңілін делбегісі келді ме, келесіде қарт балықшы теңіз

жағасының тірлігін тіпті асырта мақтап, күнделікті қазандық балығы мен шабындығын, отын, суын көйітті. Соның бәрінде де қара кемпір оның сөзіне онша жөндеп құлақ аспай, салғырт тыңдап, шала ұғып отыр.

Жастар жағы үнсіз. Үлкендер алдындағы өздерінің дағдылы ибалылығын сақтап, шәкірт балаша монтия-монтия қапты. Қонақасыдан кейін ғана тілдері шыға бастады. Бір топ жас араларындағы әнші, домбырашыларды ортаға алып, өз алдына оңашалана қалды. Бетінен оты шыққан қараторы жігіт домбыра тартты. Онан осындағы әдет бойынша ауылдың алты аузын айтты да, домбыраны қасындағыға ұсынды. Ол қысылып қап, арғы жағындағы біреуге асырып жіберді. Домбыра осылай қолдан-қолға өтіп, жүздерін жел қаққан жылтыр қара жігіттерді аралап шықты. Жаңағы қараторы жігіттен кейін жеке ән салуға ешқайсының жүрегі дауаламады. Үй толы халық тұйыққа тірелгендей, аңтарылып қалып еді, сол кезде әлгі жігіттердің арасында үркердей боп бірыңғай отырған он шақты қыздың ішінен біреу шырқай жөнелді. Қара кемпір көзін укалап жіберіп, қайта қарады. Бәтір-ау, мынау... мынау, Айғанша ма, әй? Бәсе, ертеден бері біреу бірдеңе десе де бетінен оты шығып, ернін тістей алатын осы ауылдың ұялшақ қыздарын өзінің қасына жиып, әр қайсына әлденені сыбырлап, қайсы бірін «саған не болды?» дегендей жұлқып қап, жігерлендіріп отырған сияқты еді. Ән бастар алдында да Айғанша қасындағы қыздардың құлағына бірдеңе деп сыбырлап, бастарын шұлғытып құптатып алды да, салмақты жүзін жоғары көтеріп, сезімге шабатын сыршыл дауыспен шырқай жөнелді. Балықшы жігіттер қыз әніне іле қосылып, өздерінің суыққа қарлыққан әлем-тапырық дауыстарымен дүрілдетіп әкетті.

Ай қабак, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең, неге аяйын аттың терін?!
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім?!

Ән үзілгенде қараторы жігіт ұшып түрегелді:

– Осындай жігітті де күйікке салған қыз шіркін қандай қатал еді?!

Жұрт ду күлді. Ұялшақ қыздар бетін бір-бірінің тасасына жасырып, төмен қарап кетті. Тек есік алдында бетін мұздай босағаға сүйеп тұрған осы ауылдың келіншектері жаңағы қараторы жігіттің не дегенін, мына жұрттың оған неге күлгенін аңдамай қап, бір-біріне қарады. Мына ән келіншектердің қайда бір жан-дүниесінде үнемі сырқырайтын да жүретін ең бір жанды жерін тауып, сол жанды жерін шымшып үзіп алғандай болды. Баяғы ата-ана үйінде өткен өздерінің қыз кезін, елін, жерін, суын, аға-жеңгесін еске салып, жаны жабырқап мұңайып тұр. Кенжекей көзінде құйыла жаздап тұрған жасты жалма-жан кірпігімен көлегейлеп, ұйқысы кеп қыңқылдай бастаған құшағындағы кішкентай қызына бетін басып отырып қалды. Әшейінде өңін алдырмайтын Балжан да тап қазір көңілін құйын соғып өткендей құп-қу. Ал балықшылар әлгі бір ала қалжың, ақтай күлкіден тыйылып, жаңағы тоя жеген жас тайлақтың етінен кейін денесін ауырлағандай төр алдында теңкиіп-теңкиіп жатыр. Күні бойы ашық теңіз үстінде тұла бойын суық алып келген кісілер енді қазір бұл жалғанда қандай қиындықты бастарынан кеше жүрсе де, өздерінің өмірінде де аз ба, көп пе, осындай қуанышты шақтар да болғанын ойлап тірлікке тәубе қып жатқандай. Кісі-қаралық толы үйде су сепкендей тынып қалған жұрт кенет селк етті. Еңсесін шұғыл көтеріп, бәрі бірдей дыбыс шыққан жаққа қарап еді. Осының алдында ғана Қалау

кара көлеңке бұрышта жарға жауырынын сүйеп қалғып отырған-ды. Осынша жұртты баурап әкеткен эн кенет кілт тоқтағанда томай құлақ жігіт қасақана дәл осы сәтті тосып отырғандай қор етті де, өз даусынан өзі селк етіп басын көтеріп алды. Бірақ, беті бүлк еткен жоқ. Өзіне жан-жақтан оқтай қадалған көзді көріп қабағын қайта жұмып ала қойды.

Қара кемпір кісілерден қысылса да, бірақ іле-шала басқа бір уытты, әсерлі жайға бой алдырып, қызын жаңа көргендей таңырқап отыр. Бұрын да қызының ақжарқын, ашық мінезін ұнатып, балаларымның ішіндегі әкесіне тартқан жалғыз осы қарағым деп жүретін. Бүгін соған көзі әбден жетті. Айғанша бір дегеннен-ақ балықшы ауылдың қыздарын билеп-төстеп, ұршықтай үйіріп алды. Қызының әнші екенін бүгін білді. Бұдан бұрын да таллай топқа түсіп, ысылып алған сияқты. Әнді бастағанда тұс-тұстан өзіне сұқтана қадалған көздерден құйттай да қымсынбай, әдемі қара қасын керіп тастап, бетінің ұшына қызғылт қан тепсінген нұрлы жүзін жоғары көтеріп, бар жанымен беріле айтады екен. Ой, дүние! Дүние! «Қызым үйде – қылығы түзде» деген осы...

Көп боп қосылып айтқан әнді қара кемпір өз өмірінде осы ауылдан көріп отыр. Бұл өздерінде үрдіс емес. Халық бас қосқан небір айт, той, бастаңғы, шілдеханаларда бұлар мықтағанда бір-екі кісі, әрілегенде кейде үш кісі айтқаны болмаса, дәл мыналардай үй толы кісінің бәрі қосылмайтын. Және мыналар жазбастан Батақтың Сарысының әнін айтты. Сарының әнін бұ да жақсы көретін. Әне-е бір жылы Сарының сүйген жары – Қыз Қосанды көргені бар.

Онда өзінің келіншек кезі. Ерте көктем болатын. Шіркін, несін айтасын, қазақ үшін көктем айының орны бөлек қой! Қыс бойы әр шұқырда бір-бір үй көрбасыр

боп отырған жандар зарығып күткен көктем айына әрқашан қуана-қуана қауышып еді-ау! Сонан, ой, дариғай, қыс кетіп, қар астында көміліп жататын жарықтық қара жердің де өңі кіріп, қыр ала қанаттана бастағанда теңіз жағасын қыстаған ауылдар жапа-тармағай, ұбап-шұбап қырға көшер еді ғой! Жастар бойын сәндеп киінер еді. Жүйрік атқа мінер еді. Кеш болса жас қыз, сұлу келіншектің аулын сыртынан торуылдап, сақ құлақ ит пен қора күзеткен қойшының таң алдында талықсып қалғып кеткенін аңдып жүргендері. Есебін тапқан епті жігіт әлгі бір таң алдындағы тәтті ұйқының бір тұсында қырағы, сақ ата-аналардың аузын аңқайтып кетпеуші ме еді! Сол күннің ертеңіне әлгі қу шұнақ жігіт түк көрмегендей жымсиып көшке соғып, түнде өзі ыстық құшағынан шыққан сылқым қыздың жанынан атын әдейі ойқастатып, күміс ер-тұрман күнге шағылысып жарқ-жұрқ етіп өтер еді. Тіл қатуға жер тар. Көштегі кісі-қарадан қысылып, көңілдегі мен көкейдегіні көзбен жолдап, қыз жүрегіне шоқ тастап кетер еді! Айт-айтпа, өткен күнде белгі жоқ. Өз қызығы өзімен. Қыз Қосанмен кездескен сол көктемнен бері қанша уақыт өтті. Енді міне, үлбіреген уыз бетке жексұрын әжім түсті.

Қыз Қосанды алғаш көргенде алақанат жер әлі дегди қоймаған-ды. Малды-жанды ауылдың сәні бөлек қой! Әне, тырнадай тізілген ұзын шұбалаң көштің алдынан терең сай кездесті. Ауыр жүк артқан түйелер сайдан тайғанақтап, сабырлап әзер-әзер өтіп, арғы бетке көтеріле бергенде сәні-салтанаты оқшау тағы бір көшке кездесті. Иттер ырылдасып тұра қалды. Екі ауылдың ер-азаматы анадай жерде ат үстінде иіріліп, тілдесіп алды да, сосын қауқылдасып, үзеңгі қағысып бірге кетіп барады.

Жас жігіттер көшке қайырылып соғып, көңілі кетіп

жүрген қыздан қолүздік мүше алып, бірін-бірі шаужайлап, қау-қауласып шаба жөнелді. Шұбалаң ұзын көш әлгілердің соңында жосылып қалған ат тұяғының ізімен жүріп келе жатқан-ды. Екі ауылдың ер-азаматы алысқа ұзамаған. Ілгергі жақтағы бір қырдың астында бұларды тосып қарайлап тұр екен. Сол жолы екі ауыл қатар қонып еді. Көкке тойған ұсақ малдар жедел қонданып, алды төлдеп, жіпсіз байланған екі ауыл бір жұртта ұзағырақ отырып еді. Күн санап жас төл көбейді. Сауылатын малдар мен ақүрпіленіп желіндеп тұрған аналық малдарды өріске жібермей, ауыл іргесінде, ана жер, мына жерде шұбартып жатты.

Қардан жаңада ғана арылған дала күндіз көктем айының шуағына бусанып, алыста сағым ойнап, жаз нышаны анық белгі бере бастап еді. Қатар отырған екі ауылдың бет алдындағы тобылғылы сайдың күнгеі қабағындағы баурайда балапан көк масаты түктеніп қап еді. Басы бүрленіп келе жатқан көде, бетеге, жусандардың түбірінде көк қылтиып, ертең әлі-ақ дүркіреп әл бермей кететін құдіретті жас күштің алғашқы қуанышты белгісіндей кісі көзіне шоқтай басылады. Несін айтасын, қыстаудан шыққан ауыл көңілді! Түндігін ашып тастаған аппақ ақ үйлердің ішінен тыстағы көктем иісі бір сәт үзілмей, үнемі танау жарғандай тыныс ашылып, жан біткен жанның қол-аяғы құп-қунақ, жеп-жеңіл, сергек. Жас жүрек лүпілдеп ілгергі, алдағы күннен әлдене аңсап, әлденеге қиялданып, арман үздіге бастаған шақ қой, ол! Ат тұяғы баспаған әлдебір алысқа сапар шеккің, жолға шыққың кеп ауаланып тұрғаның. Қатар қонған екі ауыл бір-біріне ерулік беріп, кезек-кезек шақырысып, араға аяқ-табақ қатынап қалған. Әсіресе, жастардың жолы болды. Екі ауылдың қыз-бозбаласы күн батса ауыл сыртындағы қара жалға жиналып, таң атқанша асыр сап,

ақсүйек, белбеу соқ, көрші-көрші, хан көшін ойнады. Енді бірде алтыбақан тепті. Алтыбақанға қыз бен жігіт қатар тұра қап, кезек-кезек аспандап жүріп қосылып ән шырқады. Ол күндері екі ауылдың жастарының аузында – Қыз Қосан. Бәрі ынтық. Бәрі әнін соған арнады. Сөзін соған бағыштады. Бірақ, биік қабақ, ашаң бойлы, ақ сұр қыздың жүзі салқын. Со жылы Сары екінші рет қолға түсіп, Жармола түрмесінде жатқан-ды.

Бір жолы алтыбақан теуіп жүрген қыз бен жігіт аңдамай Сарының әнін шырқасын. Жаңа ғана даланы басына көтеріп жатқан жастар кенет тына қалды. Келесі кезекте ән айтқалы әзірленіп тұрған Қыз Қосан кезегіне шықпай, ай сәулесі астында мұңды жүзі бозарып, алтыбақанға сүйеніп тұрып қалды. Осыдан кейін ойын-сауыққа ешкімнің зауқы шаппай, күндегіден ерте тарап еді. Ертеңіне Қыз Қосан аулы көшіп кетті... Ой, опасыз сұм дүние! Өткен күнде белгі жоқ. Сен, бірақ, бұл дүниеге енді қайтып оралмастай біржолата із-түзсіз өткенмен, сенің соңыңнан біз білмейтін, бізге беймағлұм тағы бір жас буын ертең әлі-ақ көктемдегі көктей қаулап келер. Бір кездегі біз сияқты олардың да ертең өздерінің қарсы алатын атар таңы, келер көктемі, өздерінің үздігіп күтер арманы, қызығы мен қуанышы болар-ау. Қыз Қосан тепкен алтыбақанға біз білмейтін басқа бір қыз бен жігіт қатар тұрып, олар да ай сәулесі астында ынтығына арнаған әнін айтып үздікпес дейсің бе?! Сүйтіп, жыл сайын жастық дәурен басына қайталап бір соғып отыратын мына қара жер сияқты, адам өмірі де дүниеге бір ұрпақтан кейін бір ұрпақ келіп үнемі жасарып отырар-ау!

Қара кемпір кенет көңілсіз тартып, ірі денесі көрер көзге кішірейіп шөгіп кетті. Шам майы таусылды. Үй іші қоңырайып, қайта жүдеп, бұрыш-бұрышта отырған

кісілердің тұлғасы қарауытып, зорайып көрінді.

Мөңке мен Дос түрегелді. Кемпірдің құлағына еңкейіп бірдеңе деді. Бірақ қара кемпір түкке түсінбеді. Ол тек тап жаңа осы үйдің төрінде шалжайып жатқан кісілердің әлденеге әлгі екі қарт балықшымен шалғайласа тұрып, Төлеу мен Қалаудың қолын қысып, есікке беттеп бара жатқанын көрді. Енді қайтып үй ішіндегі әнге де, әңгімеге де зауқы шаппады. Иә, тән тозады. Жан да тозады. Тек тозбайтын да азбайтын темір сүйек бір пәле – адамның жады ғой. Күндердің күнінде адамды титықтатып құртып, ішінен кеміріп жеп жататын жалғыз жебір жау болса, ол, тегі, осы жадың болар-ау.

Қара кемпір шаршады. Өз денесін өзі ауырлап тезірек жатқысы келді. Тезірек жатып, тезірек ұйықтаса, көзі ашық, көңілі ояуда берекетін алған бар-бар нәрсенің бәрін ұмытар еді, оған бірақ... мына жастардың әзір тарайтын түрі жоқ. Бәрінен бұрын Айғанша талатын емес. Қараторы беті нұрланып, гүл-гүл жайнап кеткен. Қоңыр көлеңке үйде қап-қара көздің жанарына шоқ түскендей қаттырақ ұшқындап, бір әннен соң бір әнді шырқап отыр. «Е, Алла, біз көрмеген қызықты осы қарағым көргей еді!» деп ойлап, бейуақ кеште балапан басқан ұяда қонақтап қалған әлде бір үлкен ана құстай ұйқы қысқан көздің ағы әлсін-әлі айналып кетіп отыр.

* * *

Келесі күні қара кемпір төсек тартып жатып қалды. Алғашқыда алып-жұлып бара жатқан ештеңе болмас, аяғына мініп кетер деп еді. Бірақ, күн санап денесін топырақ басқандай, тұла бойы зіл тарта бастады. Ауру дендеген дене әл-дәрменнен айырылып, көз жанары сөніп кетті. Бетінің бері қарамасын кемпір де, үй іші де білді. Үй іші тегіс ұйқыда жатқанда бұл күнде-күнде таң атқанша кірпік ілмей шығады. Түнімен қайдағы-

жайдағылар ойға оралып, өзінің ертеректе дүние салған ата-анасын, кіндік кесіп, кір жуған жерін, басынан кешкен баяғы балдай тәтті жастық шағын, қатар-құрбыларын, оң босағада өткізген қызықты қыз дәуренін ойлай-ойлай, ақыр соңында күйеуін есіне алады. Бұрын бұндай жағдайда ылғи дұғасына кіргізетін. Бұл күндері ішінен күбірлеп: «Көп ұзамаспын, қасыңа мен де барармын. Күт, күт мені» деп, тынысы ауырлап, демін эзер алып жатыр.

Өмірінің ақырғы күндерінде қара кемпір бір жанның бетін көргісі келмеді. Балалардың қылығы жынына тиеді. Шіркіндерде талпынып, талап қылайын деген ой болсай-шы. Кежегесі кейін тартқан тоғышар сорлылар қызыл іңірде жатқанына қарамастан күнде сәске түсте шаққа оянады.

Қонақтар кеткен күннің ертеңіне бұл үй ішін қағып, сілкіп, от басын сыпырып отырындар деп еді. Кіргеншыққан кісілердің аяғының астында шаң боп жатқан мына бір іліп алар азғантай дүниесі құрғырды жинап, жүк арасына буып-түйіп тастаңдар деп қанша қақсаса да, не келіндер, не балалар құлақ аспады. Уһ, құрысыншы! Өзіңнен күш кеткесін кімнің сөзін кім тыңдайды?!

Осы бір ит ырғылжыңмен үш күн өтті. Төртінші күні де ас-сусыз ызғыған үйде ешқайсысы тұра қоймады. Еркегі де, әйелі де оқта-текте көзін ашып, басын көтере түседі де, қайта жатады. Сонан олар сәске түсте шаққа тұрды. Ұзақ ұйқыдан беттері іскен. Аш балалар төсектен тұра сала ас сұрап аналарына қыңқылдап жатыр.

Төсектен керіліп-созылып тұрған Төлеу сыртқа шығып еді, іле-шала ышқыр бауын шала-пұла байлап, ішке жүгіріп кірді.

– Түрі жаман!.. Ғаламат! Дауылға ұшырамай, баспа-на салып алғанымыз қандай абырой болды.

– Қасқа кедейдің күні осы да, отырса да – тәубе, тұрса да – тәубе.

– Әже-ай, мені тақымдай бердің-ау. Баяғыңды аңсай бермей, барға қанағат қып тыныш отырмайсың ба?

– Мына шіркін не дейді? Баяғысы не, мен кешегі күніме зар боп отырған жоқпын ба?

– Ол күн де жоқ... аңсамай-ақ қой.

– Мейлің, мен жасарымды жасадым. Жалғанның жақсылығына да, жамандығына да тойдым. Ендігі қалған өміріме рахат тілеп отырғам жоқ, иман тілеп отырмын. Кәрі саулықтың жасындай өмірім қалды ма, жоқ па?.. Бір тұтам тірлікте сендермен мал үшін жаманатты болатын жайым жоқ. Тиіспей, тыныш отыр әрмен... Мал сенің өзіңе... кесер келлеңе керек. Қала берді ана үпірлі-шүпірлі сары қарын балаларыңа керек.

Төлеу тіл қатпады. Екі келіншек екі жерде бүрісе қапты. Жақ жүні үрпиген жүдеу балалар ойынға зауықсыз. Жел ызғыған мұздай үйде бұйығып, аналарының бауырына тығылады. Әлгіден кейін кемпір де үнсіз. Ит өмірдің аяғы осылай ырым-жырым боп аяқталарын білді. Басқасы басқа, ана көзінің қарашығындай кішкентай қарақтары қыңқылдап ас сұрағанда қайда кетерін білмеді. Сорлы балалардың аузына ас әкеп салатын әкенің сиқы анау. Қатыгез өмірдің қызығы қалмай бара жатқанын байқаған сайын осы күні күнәкар көңіліне қайдағы бір кісі жаны түршіккендей ой келетін боп жүр. «Байсыз, баласыз өмір сүрмеген екем» деп ойлайды. Онда екі ұлдың тірі күйігін тартпас еді. Мына келіндері де басқа бір дені дұрыс кісіге әйел боп, кім біледі, сорлылардың бағы ашылып, түндігі бүтін үй астында түтін түтетіп отырар ма еді, қайтер еді?! Онда мына пақыр балалар да жарық дүниеге келмес еді ғой. Жөргегінен жоқшылықтың за-

рын тартып, жер бауырынан нәр ала алмаған көктей шерлеп өспес еді.

Уһ, қайтейін, баяғы асып-төгіліп жатқан ағыл-тегіл байлық көзден бір-бір ұшты. Оны аңсап отырған бұл жоқ. Өз басы осы күні жоқшылыққа көнді. От басының тыныштығын тілейді. Құдай мыналарға бақ бермесе де, талап бермегеніне қынжылады. Осы шіркіндер бірдеңе десең арс етіп бетіңнен ала кетеді. Ата-ана байғұс ұрысса, ақыл айтып ұрсады да. Сен қайбір өзегінді жарып шыққан балаңнан өш алайын, есеп айырайын деп ойлайсың?! Теңіз жағасына келгелі Төлеу өнімсіз істің соңына түсіп алды. Етік жамайды. Желіде түйесі толып тұрғандай мұрындық жонады. Әне, енді таспа сыдырып отыр. Қалау күпімен басын бүркеп қорылдап ұйықтап жатыр. Осыдан тек ас ішерде оянады. Ас үстінде қазан ұстаған әйелмен жағаласып, қасығы қолында жүргенін көргісі келмей, дені сау кезде бұл сыртқа шығып кететін. Ол бүгін тіпті кеш оянды. Жастық батқан беті ескі етіктің қонышындай мыж-мыж. Басын көтерген бойда қазанға қарады. Бүгіндікке от жанбай, қазан астындағы қоламта мұздап қалған екен.

– Мына үй кісіні астан өлтірер.

Қалауда мойын жоқ. Бастың құр өзін көпшіктей кеудеге апарып қондыра салғандай бас пен иық тұтасып, күдіс жауырын күдірейіп тұратын домаланған бадамша жігіт. Бас болса болмаса да домалақ. Мұрын мес түйініндей доп-домалақ. Құлағы екеш құлағы да домаланған томай құлақ.

Кенет Қалау кіші жеңгесі үй ішіндегілерге сыртын беріп, баласы мен екеуі өз алдына оңашалана қалғанын байқады. Бұның тегін емес екенін біліп, қасына жақындап барып еді, шынында да, Балжан баласына жұрттан жасырып күлше беріп жатыр екен. Күлшені

көрген Кенжекейдің кішкентай қызы қыңқылдап анасына жетіп барды:

– Апа... нан!.. Нан бер.

– Айналайын, далаға бар, ойнап келе ғой.

– Нан, нан бер!..

– Қарағым-ай, жанымды жеп болдың ғой. Бар болса, анаң сенен аяп отыр дейсің бе?..

– Әне, анада нан бар...

Кенжекей шыдамай Балжанға барып:

– Мына балаға наныңның шетінен бір үзіп берші! – деп еді,

– Е, саған нан ба? – деп, Балжан зілдене мырс етті.

– Әй, залым! Мен өзіме сұрап тұрғам жоқ, мына есін білмейтін нәрестеге бір үзіп берсең нең кетеді?..

Балжан күндесіне атып жіберердей түсі бұзыла қарады; ол, бірақ, ауыз ашып үлгірмеді. Шар ете қалған жас бала даусына жалт қарады. Құдды күшігін қорғаған қаншықтай Қалаудың қолын күлшеден тайдыра қағып жіберді де, баланы бауырына тартып алды:

– Аулақ жүр! Ойнайтын кісің мен емес.

Қалау еркек басымен әйелден беті қайтып қалғанына ыңғайсызданып, оған енді қалай тиісудің ретін таппай біраз тұрды. Сосын ыржалақтап күліп, жеңгесінің қасына тақымдасып қатар отырды да, санынан шымшылай бастап еді, бірақ, Балжан былқ етпеді. Қанын ішіне тартқан сұп-сұр жүзін сырт салып, шімірікпей отыра берді. Қалау түк шықпасын білгесін тұрып кеткісі келіп еді, бірақ, «енді қайтер екен» деп бұларды бағып отырған үй ішіндегілердің назарын байқады. Енді жеңгесіне тіпті қатты өшігіп, қаны қайнап, кеждікке біткен кішкентай томай құлақтың ұшы дуылдап қызара бастады. Кеше тайлақ сойғанда тас қайраққа жанып ұстарадай қылпылдап тұрған сары мойнақ пышақ қолында отыр

еді. Ызасы қайнағаны сонша: «Ой, әкеңнің көрі... Сен қатынды қайтсем екен...» – деп, кіжініп отырды да, қолындағы өткір пышақтың ұшын Балжанның балтырына пісіп алды. Қан шыт көйлектің сыртынан бұрқетті. Үй ішіндегі жандардың үрейі ұшып кетті. Балжан міз баққан жоқ. Үш жағы сүйірлеу пісте мұрнының жұқалтым танауы дір еткені болмаса, бәз баяғы безерген сұп-сұр қалпы сазарып отыра берді.

– Туһ, залым! Сесеңді сігейін, мына имансызда жан жоқ сығар – деді де, тұрып кетті.

Ішке Айғанша кірді. Қолында кендір жіпке сағалынан тізген он шақты қылыш балық. Үйге жеткенше асығып, омыраулап желге қарсы жүгіргесін бе, аптығын баса алмай тұр. Соған қарамастан екі бетіне қан ойнап, күлімдеп кіріп келгенде, ертеден бері бүрісіп отырған жандар бастарын көтеріп алды.

– Балық...

– Балық...

– Алақай, Айғанша апам балық әкелді – деп, әсіресе, аш балалардың ажары кіріп, шулап жатыр. Түсі өзгермеген тек қара кемпір.

– Сен неғып жүрсің? Қолыңдағы не?

Айғанша балықты есік жақта жатқан бір құшақтай камысқа тастай салды да, екі жеңгесіне иек қақты:

– Сойыңдар!

Кенжекей мен Балжан түрегелді. Айғанша бет-аузының құмын сүртіп, көзіне түскен шашты қолының сыртымен кейін қарай қайырып тастады. Анасының жаңағы сұрағына бұнан әлі де жауап күтіп, көзін айырмай отырған қатал кескінін байқады.

– Әй, қыз, қайдан келдің?

– Ұрыспайсың ба?

– Бірдеңені бұлдіріп келген шығарсың?

– Ештеңе де бүлдіргем жоқ... апеке, тек ұрыспашы.

– Жарайды, айта ғой, қайдан келдің?

Айғанша анасының жібімей қойған қатал кескініне күле қарап, екі бетін алақанымен қысып өзіне қарай бұрды:

– Өзің-ақ айтшы! Ана жақта жалғыз үй төбең шошайып отырушы едің ғой. Ал, бұл жақ... Апа, бұл жақ сондай көңілді!..

– Жә, болды!

– Бұл жақ керемет. Ана жағың ауыл, мына жағың ауыл... Сосын ақ үйлі промсол.

Төлеудің де діңкесі құрып отыр екен.

– Бәсе, Айғаншажан, анаңа өзің айтып ұғындыршы...

– Апам түсінеді ғой. Солай ғой, апа, бұл жақ көңілді ғой, ә?

– Мына шіркін қайтеді? Кісіге тығылмай, ары отыршы. Қарық болсаң келдің ғой, Жиделібайсынына. Өзің қайдан келдің?

– Мен бе? Мен бағана промсолға барып едім... Қатындар балық сойып жатыр екен.

– Сойса қайтеміз?

– Жоқ, жай айтам... Ақысына балық береді екен.

– Ал?

– Сосын бір орысқа бардым да, мен де балық сойысайын дедім...

– Кет әрмен!

Сонда да болса Айғанша анасына тығылып, оның жаңа ұрыспауға уәде еткенін есіне салып еді; ашулы кемпір ауырып отырғанына қарамай орнынан тұрып, келіндерінің қолынан сойып жатқан балықты жұлып алды да, сыртқа апарып итке тастады. Ізінше қайтып келіп, қызына қадала қарап:

– Ой, әдепсіз! Қыз арын аяққа таптап... Орысқа жалданып, жұмыс істегеніңнің алды-арты осы болсын! – деді.

Үй іші қара кемпірдің қандай қатал мінезін де көтеріп үйренген-ді. Тек қолдағы баланың кішісі болғасын басқаларға қарағанда Айғанша еркелеу өссе де, анасы шын тіктелгенде бұ да жым болатын. Айғанша ас сұрап қыңқылдай бастаған балаларды бауырына қысып алды да, құлазыған үйде көз жасын күшпен тежеп булығып отырып қалды. Қалау қабағын қарс жауып, бірдеңе деп бұрқылдап отыр. Аузындағы астан қаққан анасына Төлеудің де атарға оғы жоқ. Ауру кемпірге бата алмаса да, ызасын кімнен аларын білмей, үй ішіндегі әлі жететін бала-шағаның қыбын бағып қапты.

Осы кезде есік ашылып, ішке Мөңке кірді. Қолында бір асым балық. Жағаға көшіп келгелі Төлеудің үйіне жиі қатынап, қамқорлық етіп жүрген-ді. Ол, әсіресе, қазіргідей қазан қайната алмай отырғанда бұларға қол ұшын беріп, жүдеу жандарды жарылқап тастайтын. Төлеу ұшып түрегелді:

– Төрге шық, Мөңке аға.

– Рақмет, шырағым. Осы арадан кетем. Шаруам бар...

– Ой, тәйірі, шаруа қайда қашатын еді...

Қара кемпір мырс етті. Төлеу анасына ызалана қарады. Мөңке үй ішінен ештеңе байқамаған сыңай танытып:

– Төлеу шырағым, – деп әңгіме бастады, – балалы-шағалы жігіт көрінесің. Ұялма, бізден асымдық балық алып тұр.

– Рақмет, Мөңке аға. Әуелі құдай, одан қалды өздеріңе сеніп отырмыз.

– Бізде қайбір бақ-дәулет асып-төгіліп жатыр?.. Тірлігің – теңіз. Тек әйтеуір қара жерге қолдан егіп шығарып

жатқан жоқпыз. Құдай берген ырзық-несібе болғасын, барымызды бөле-жара көрейік деген ой ғой біздікі.

– Дұрыс қой... Құдайдан қайтсын. Әй, не қып отырсындар, қазан көтеріңдер!

Кенжекей маздатып от жақты. Жалпылдақ отын лезде тұтап қызыл ұшқын сіркіреп, сытыр-сытыр жанып ала жөнелді. Күні бойы көлеңке басып тұнжырап тұрған бұрыш-бұрыштарға лапылдап жанған жалпылдақ отынның сәулесі түсіп, үй ішіне қабақ жапқызбады. Сырқат кемпірден басқаның бәрі ентелеп қазанға жақындады. Қалау ғана қозғалған жоқ. Ін аузын баққан мысықтай беті буланған қазанға қыбыр етпей қарап қапты. Балық маңына біреу жақындай қалса, түсі бұзылып кетеді. Қазан қайнағалы Төлеу де мазасыз.

Сұр балықтың иісі шыққан кезде ол, әсіресе, шыдамынан айырылып:

– Отты, отты молырақ сал – деп, Кенжекейдің жанын ала бастап еді. Қазанға ас әкеліп салатын азаматтың түрін ұнатпаған Мөңке:

– Әй, жарқыным, – деді ақырын, – келешекте қандай ойың бар?

– Ол жағын ойлағам жоқ, Мөңке аға...

– Сөз болғаныңа. Мына балалардың келешегін сен ойламағанда кім ойлайды?

– Бәсе десейші...

– Әй, апа, қойшы... сен тыныш отыршы!

Қара кемпір үндемеді, Төлеу тағы да үңіреңдеп қазанға бір, Кенжекейге бір қарады. Астан басқаның бәрін ұмытып, осы қазір ол қарт ана мен қарт балықшының жақтырмаған салқын назарын да сезбеді.

– Енді түсір, езіліп кетер.

– Жә, шырақ, – деді Мөңке, – қазандағы балық

қайда қашар дейсің? Сен, кәне, ендігі тірліктің жайын ұқтыршы.

– Қайдан білейін... қолдағы бірлі-жарым қараның ағын ылаждамасақ...

– Жарайсың!.. Бұл араға түйенің түкке керегі жоқ.

– Неге?

– Теңіз жағасында отырған кісі бір-жар түйенің желінін тартып жүрек жалғай алмайды. Ал, теңізді саусаң, өзіндей қайратты жігіт бір үйді асырайды.

Жаңа ғана жайрандап отырған жігіт кенет жүні жығылып, сүмпиіп кетті.

– Төлеу қарағым, қармақ жұтқан балықтай кейін тарта берме. Үлкеннің тілін алатын бала болсаң, сен басқаны қой да, балыққа түс.

– Ей, балам, басыңды көтер! Мөңке ағанның ақылын ал! Мынау жөн білген кісіге жалғыз түйесін беріп сатып алатын ақыл, – деді қара кемпір.

– Жоқты айтасың-ау... Балықты қалай аулаймын?

– Е, балық аулаған кісі сенен кем бе?

– Кем емес, әрине. Бірақ, ол менің істемеген кәсібім ғой.

Мөңке күйіп кетті:

– Баланың сөзін соқпа. Балықшы боп теңізде туған кісі жоқ. Ықылас қойса үйренбейтін несі бар?..

– Ықылас жоқ қой. Құрысын, қашаңғы қақсай берейін, – деді кемпір, кем талап балаларынан қажығанын жасырмай күрсініп.

Мөңке ертеден бері үлкендердің әңгімесіне араласпай, пеш түбінде қос тізесін құшақтап отырған қызға қарады:

– Осы балам болмаса, сірә, басқаларың жұмысқа қырсызсыңдар-ау деймін, – деді де, Мөңке түрегелді.

– Ау, суға бармайсың ба?

– Е, саған, барған ба.

– Есің дұрыс па? Үйде бір ұрттам су жоқ.

– Жоқ болса, қайтер дейсің, сен барарсың.

– Мен өткен жолы әкелгем.

– Бұл жолы да әкелерсің, – деді Балжан. Кішкене баласын алдына алып, құрақ көрпе үстінде күйеуімен тақымдаса қапты. Кенжекей өзін күнде-күнде осылай ызаға булықтырып қойып, шімірікпей безеріп алатын күндесінің бедірейген бетін жүгіріп барып осып-осып алғысы кеп кетті. Тым құрыса тілдегісі кеп еді, бірақ оған аузына айыз қандыратын сөз түспей іші күйіп дір-дір етіп тұр еді.

– Әй, селтиіп неғып тұрсың? – деді Төлеу. Кенжекей аузын ашса көзінен жас қосыла шығатындай, үні шықпай, ішінен тынып тұрған-ды. Төлеу түрегелді. Бір шаруамен сыртқа шығып бара жатқан сияқты еді, есік алдында тұрған Кенжекейге қатарласа бере тоқтай қалды.

– Суға бар!

– Күнде-күнде мен...

– Иә, сен барарсың! Күнде-күнде барарсың.

Кенжекей қозғалмады. Төлеу әйелдің үстіндегі қақпа шекпеннің жағасын ұстады да, дәл алқымнан сығып сүйреп ала жөнелді. Кішкентай қыз бала шырылдап анасының шалғайына жабыса беріп еді, оны Төлеу аяғымен қағып жалп еткізді. Содан кейін әй-шайға қаратпай сыртқа сүйреп алып шықты да:

– Өлтірем... Бар, су әкел! – деді.

Ашқылтым кермек суға үйренген балықшылар тұщы су іздемейтін; тек қырдан көшіп келгендер балықшылар

ішкен суға көндікпей, ауыз суды айдамалдап Ақбауырдан алдырып отырған-ды.

Кенжекей түйеге міне сала тайрақтатып желе жөнелді. Ауылдан ұзап, бір қырдың астына түскесін даланы басына көтеріп зарлап қоя берді. Кешегі қара дауыл басылған. Бірақ күн бүркеу. Сұрғылт бұлт сіресіп көк жүзін басып алған. Қыламықтап қар түседі. Кешегі дауылда түбін қазып тастаған қара кеңірдек жусан жол бойы желіп келе жатқан түйенің құлбақайын қағып, қайта-қайта сүріне берді. «Мына сорлыға не болды?» – деді Кенжекей. «Үйде Еркем де жоқ еді. Сорлы баланы жұбатса болар еді-ау».

Кенжекей келе сала түйені құдықтың жанына шөгерді де, асығыс-үсігіс ыдыстарын суға толтыра бастады. Су ішкісі келген түйе қайта-қайта мойнын созып шелекке ұмтыла бастап еді. Кенжекей шелекпен басына салып қалды. Үркек інген атып тұрды. Кенжекей бұйдаға жармасты.

– Өй, жамандатқыр, шөк! Шөк!

Сары інген бақ етті. Кенжекей онан сайын ызаланып, ұрғалы ұмтыла түсті де, тоқтай қалды. Осы жануардың түйе боп бақырғанын көргені осы. Кенжекей, су толтырып жатқан ыдыстарын қоя салды да, жалма-жан түйені суаруға кірісті. Жағаға көшіп келгелі бір үйлі жанның ауыртпалығы сары інген мен бұның мойнына түсті. Отын тасиды. Су тасиды. Бір үйлі жанның жүрген-тұрғанда мінетін көлігі де осы. Өзінің де, бұның да баяғы күнін ойласа көкірегі қарс айырылады. Баяғыда басқа түйелерден сөгерлігі артық еді. Екі өркеші баладай, еді. Балақ жүні желкілдеген сирақты сары інгеннің қазіргі түрі тым аянышты. Шұлғауыма салам деп Төлеу мойын шудасын күзеп алып, бишараның ұсқынын қашырып жіберді. Осы күндері күйеуі мен күндесінен

көрген зәбірін есіне алып отырып, «жазығың болсын, болмасын, әркім өзінің әлі жеткеніне зәбір береді екен ғой» деді ішінен. Сары інген адамның ырқына көнбейтін асаулығының арқасында Төлеу мен Қалаудан таяқ жеді, зәбір көрді. Тентек жігіттер бұның басын да жарды. Көзін де шығара жаздады. Бұны ұзатқанда әке-шешесі еншісіне берген сары інгенді бақыртып сабап жатқанда араға түсе алмағасын, білмегенсіп сырт айналып кететін.

Сары інген қыста туып еді. Алғашқы көрген жас төл болғасын үй ішінің қуанғанын айт! Кенжекейде тіпті ес қалмады. Тостағандай қап-қара көзі мөлдіреген әп-әдемі ботаны қасына барған кісінің бәрінен қызғанды. Сауыны болғанда ғана сауыншы әйелді бауырына жібергені болмаса, басқа кезде сары інген әлде қалай біреу-міреу ботаның қасына жақындай қалса да, кісіні шайнап тастайтындай тісі шықырлап жынданып кететін. Ол тіпті ауыр толғақтан кейін денесін жия алмай, тұла бойы аяз қысқандай қалшылдап тұрғанын сезбеді. Ана жатырының шырыны әлі кеуіп үлгірмей, мап-майда бұйра жүні буланып тұрған көк шулан ботаның үстіне түсіп, ыңырсып иіскелеп өліп баратты.

Кенжекей қыста туған ботаны ауыз үйге алғызды. Күнде-күнде анасы екеуі астын құрғатты. Берегірек келгесін қолымен жем берді. Соған үйренген бота алдына қойған жемді алмай, кішкентай Кенжекейдің соңынан қалмай, ыңырсып еріп жүріп мап-майда масаты тұмсығымен қолын иіскелейтін. Кенжекей әлде қалай жасқаса да, бала мінездес бота көңіліне ауыр алып қап «фуф!» деп, ыстық демін бетіне бүркіп қалатын-ды. Бота өскесін тіпті сұлуланып, жібек жүні желкілдеген тайлақ, онан сирақты сары інген болды. Кенжекейдің ыңғайына қараған үй іші сары інгенді дәл бір киелі малдай қастерлеп еді-ау! Басқа боталарға жұрт сірге кигізіп, ерте

суалтып жатқанда, сары бота қашан сүт тайлақ болғанша енесінің бауырында арда еміп жүрді. Бері келгесін де өзге түйелерден бұның күтімін бөлектеп, мұрны кеш тесілді. Жүк артпады. Мінбеді. Кенжекейді ұзатарда ғана үстіне малындырып кілем жапты. Тұлымына үкі тақты. Ұзатылған қыздың жасауын артып, қалауыш ортасына қыздың өзін отырғызды. Асау інген жол бойы кез келгеннен шошып, шөп басы сыбдыр етсе де елеңдеп, үркіп, бұйдасын ала қаша бергесін, Кенжекей басқа көлікке ауысып мінгісі келіп еді, ол, бірақ, соны күйеуіне қалай құлаққағыс қылудың есебін таппады. Әсіресе, құдалардан қысылды. Жақсы көретін жеңгесі қыз көшіне еріп келе жатқан-ды. Кенжекей желек астынан бұрылып көш соңында келе жатқан жеңгесіне жалтақ-жалтақ қарады. Бірақ жеңгесі байқамады. Бір топ қызбен ат үстінде бірдеңеге мәз боп күлісіп келеді екен. «Ұзатпай жатып ұмытқаны ма?» деп ойлады. Жақын кісілер арасында келе жатып та жалғыздығын сезе бастады. Қайран, қыз дәурені қысқа ғой. Ата-ана мәпелеп өсірген кешегі тірлігінен алдағы өмірдің мүлде... мүлде басқаша болатынын, жүрегі құрғыр ауылдан шықпай жатып сезіп еді-ау. Ата-анасы ұзатып сап тұрып қыз астындағы түйенің тізгінін қабағы түксиген ірі қара жігіттің қолына бергенде, бұл өзінің ендігі тағдыры түгелдей осының қолында болатынын білген-ді. Алдағы күнде өмірінің дәл осылай болатынын қайдан білсін... Алдағы күнді білмегесін де алдын ала ойлап, басын қатырғысы келмеп еді. Неге екенін қайдам, оны ойласа дәл бір түбі көрінбей қарауытып жатқан суға түскелі тұрғандай жүрексінді. Ата-ана қолынан сары інгеннің бұйдасын алып жатқан иықты ірі қара жігітке де жүрегі дірілдеп қарап еді. Бірақ сол бойда өзін-өзі жұбатып, «ата-ана аясынан кетсе де, алдында қайын ене, қайын ата, құдай қосқан қосағым

бар» деп ойлап еді. Енді міне, сол құдай қосқан қосағы екі күннен бері алдына түсіп ап, үн-түнсіз түйе басын жетелеп жортып келеді. Неге үнсіз? Не ойлап келеді? Өз басындағы қиындық оның басында да бар ма?

Кенжекей ірі қара жігітті көзінің астымен бақты да отырды. Жігіттің қақпақтай жауырыны мен сұңғақ бойына сүйсінді. Тек оның қамшы сабын сығымдап ұстаған қолының сырт жоны қарауытқан жүн екен. Күжірейген желке бітімінен де бір аңғар кісінің морт сынататын кеждігі мен қыңырлығын байқап, соңырағы күні оның осы мінезінен зәбір шекпесем қайтсін деп ойлады. Онымен алғаш кездескен түнді есіне алды. Үш күнге созылған той таң алдында ғана тараған-ды. Үш күнгі ырду-дырдудан шаршаған қыз жақсы көретін сырлас жеңгесі қолтықтап әкеп ауыл шетіне оңашалап тіккен ақ отауға кіргізе сала зып беріп, жып-жылдам тез шығып кеткесін, алақтап жан-жағына қарап, жүрегі дірілдеп тұрды да, сосын шала-пұла шешініп қалжыраған бойымен төсекке құлай кеткен-ді.

Жеңгесі қайта кірді. «Еркем, – деп құлағына сыбырлады, жас жуған бетін қайын сіңлісінің дуылдаған өрттей ыстық бетіне басып, – ал, айналайын, құдай бұйрығы... әзірлен. Оны қазір келіншектер әкеледі», – деді. Бұл есін жиям дегенше жеңгесі шамды сөндіріп шығып кетті. Сыртта біреулер күбірлеседі. Сосын жырқылдаған жәркелеш топ арасынан бір кісі бөлініп шығып, бұл жатқан үйге жақындап келе жатты. Жаңа жеңгесі жауып кеткен сықырлауық есік ашылды. Кенжекей қараңғыны бетке ұстап келген мына кісінің с о л... с о н ы ң анық өзі екенін білді де, іргеге қарай ытқып түсті. Шама-сы келсе, шыға қашатын түрі бар. Бірақ кереге көгіне тіреліп, үстіне жамылған торғын көрпе астында бір уыс боп дір-дір етіп жатқан-ды. Сүйткенше сықырлауық

есіктің жақтауын иығымен қағып-соғып о да ішке кірді. Қыз жатқан төсектің жанында тұрып ысылдап-пысылдап шешінді де, ұлықсат сұрап жатпастан көрпені серпіп тастап бұны бас салып құшақтай алды. Кенжекей қарсыласпады. Дөрекі жігіттің ыстық демі денесін өртеп барады. Едірейген тікендей мұрт күн тимеген тамағының астын қытықтады, Қыз қыбыр етпей шыдап бақты. Сонан таң атқанша шыдамсыз әупірім жігіттің құшағында тілсіз талықсып, өз ұятына өзі өртеніп шықты. Ертеңіне назарын тіктеп бір жанның бетіне қарай алмады. Келесі күні де беті өртеніп, үйде де, түзде де көзін төмен салып жүрді. Кешегі бұлғақтаған қыз дәуренінің ақыры осымен ақи-тақи бітіп, осыдан былай қараған бұның ендігі тірлігінде үш ұйықтаса түсіне кірмеген мүлде басқа бір өмірдің басталғанын білді. Бірақ... ол не өмір? Не тірлік? Оны білген жоқ. Сол түннен бетін өртеген ұят қана есінде. «Құрысын қыз дәурені. Бір көрінген қызғалдақтай қысқа екен ғой». Жол бойы осы ой басынан шықпай келе жатқанда қыз көші Хан жалына ілікті. Келіншектің түсуіне туралап, таяу арада ғана көгі тапталмаған жасыл сабатқа аударылып қонған үлкен ауылдың ақ үзікті үйлері анадайдан құжынап қоя берді. Келіншектің келе жатқан хабары жеткелі жолына қарап отырған ауылдың кәрі-жасы дүркіреп сыртқа шықты. Қызыл-жасыл киінген үкілі, сәукелелі, шолпылы қыз-келіншектер ұбап-шұбап алдынан шықты. Таяққа сүйенген кемпір-шалдар. Қызықты тамашалап шапқылаған балалар. Жастар жағы ән шырқап, қалғандары улап-шулап келіп қалған шұбар ала жиынды көргенде қыз астындағы сары інген құлағын жымып ала қойды. Асау інген әлден үркектеп, танауы шуылдап, басын жетелеп келе жатқан аттылының алды-артына шығып ояқастай бастады. Кенжекейде ес қалмады. Қызыл-ала топ тақап келе берген-

де кемпірлер көйлегінің етегіндегі құрт-ірімшікті уысын толтыра көсіп алып шаша бастады. Және бәрі жаңа түскен жас келінге шашуға тырысып, мұз кәмпит, қатқан құрт-ірімшіктер Кенжекейдің сәукеле киген басына сатырлап жауып кетті. Тастай құрттың бірнешеуі түп-тура бетіне, маңдайына тиіп, қайсыбірі көзін шығара жаздады.

Есі шыққан Кенжекей қолына іліккен әлде бірдеңеге жабысып ұстай алды. Тас бұршақтай тасырлап жатқан тастай бірдеңелердің қайда тиіп, қайда тимей жатқанын ойлауға да шамасы болған жоқ. Ол тек үркек сары інгеннің жанары жалтылдаған көзін көрді. Оқжыландай қайқақтаған басын көрді. Сосын танауы шуылдап, Төлеудің қолынан бұйдасын жұлқып, ойқастап жүрген сары інгенді көргенде тіпті зәресі ұшып, тілі жеткенше Тәңіріге жалбарынғанын ғана біледі. Соның арғы жағы... Құрысын, сонан арғысы есінде қалмапты. Сары інгеннің бір кезде бұйдасын жұла-мұла ытқып атылғанын біледі. Сонан кейін... иә, сонан кейін әлгінде бұлар Хан жалына көтерілгенде ілгергі жақта көгалда отырған ақ үзікті ауыл, қызыл-жасыл улаған-шулаған шұбар ала жиын, қыздар, қатындар, бала-шағалар бір-бірімен араласып дүние ұйқы-тұйқы болды да кетті. Түйеден құлап бара жатқан келіншектің басындағы сәукеле бұлғаң етіп, тулаған түйенің аяғы астына түсті. Кенжекей «өлдім екен» деп ойлаған еді...

– Сол арада өліп кеткенім дұрыс еді, – деді Кенжекей.

Құрысын, той бұзылды. Өмір де бұзылды. Сонан бұл тобығы шығып, төсек тартып бір ай жатты. Кенжекей сары інген жайын кейін білді. Кенжекейді жыққаннан кейін есіріп алған інген тайрақтап тулап, қыз жасауы қирағаны қирап, сынғаны сынып, ен далада шашылыпты. Аттылы кісілер жабыла қуып, қолы жеткені сойыл-

шоқпармен басқа, көзге сабалап шаққа ұстапты. Төлеу сойып тастамақ болған екен, қайын енесі араша түсіпті. Сары інген кісіге көнбейтін бас асаулығынан жазсын. Ал, бұл... бұл ше? Кенжекей жаулығының шетімен жасын сүртті. Жерге басын салып жатқан сары інгеннің қасында қолы ештеңеге бармай жаны жабырқап отыр еді. Мына арадағы бай ауылдан бір әйел келді. Бас-аяғы түзу. Киімі таза. Бірақ бұның да жүдеу өңі сынық. Аяғын анадайдан ерекше бір сәнмен ырғаң-ырғаң басып кеп, әуелі шелегін, сосын иығынан иінағашты алып жерге қойды. Сосын бұның алдында ма, әлде бар кездегі өзіне тән ұяндық па, Кенжекейге тура қарамай, бетін ары салып, бір қырындап тұрып амандасты.

– Сәлемет бол! – деп, бейтаныс келіншекке білдірмей, көзінің астымен іркіліп, ұзағырақ қарап қалғанын Кенжекейдің өзі де байқамады, – құрбым, айыпқа бұйырма, бұрын көрмегесін танымай жатырмын.

– Мен... мына ауылданмын.

– Осы арада Тәңірберген деген байдың ауылы бар деп естіп едім.

– Иә, соның ауылы.

Кенжекей бір ысырылып, бейтаныс келіншекке жақындай түсті.

– Құрбым, атың кім?

Келіншек үндемеді. Әлгінде бетін алып қашып, бір қырындап отырған күйі қыр жақтан соққан қара суық астында дір-дір қаққан жусанды сипап отырып қалды. Кенжекей оған таңдана қарады.

– Біз де бөтен кісі емеспіз. Балықшы ауылданбыз. Қырдан көшіп келген, кірме боламыз, – деді Кенжекей.

Бұлайша өзі тиіп айтпаса да, Ақбала мына келіншектің балықшылар аулынан екенін бір дегеннен білген-ді.

Қашаннан бері баласы мен бұрынғы күйеуінен хабар ала алмай жүргенде, «тілегенге сұраған», мына келіншектің кездескеніне қуанып еді. Кенжекей «бала жылап қалатын болды-ау» деп ойлап, әңгімелері ұзап бара жатқанына ішінен қиналса да, бірақ, ойламаған жерден сөздері жарасып, әңгіме қызығына түсіп кеткесін бала да, бай да есінен шықты. Бұйдасы бос жатқан қашаған інген де есінен тарс шығып, бейтаныс әйелге тағы да бір ысырылып жақындай түсті.

– Енем қатыгез. Бірақ, обалына не керек, әділ – деп, Кенжекей тосын бір әңгіме бастады. Ақбаланың мұнды жүзі әсер етті ме, ол әйтеуір өзінің осы дүниеден көрген қиянаты мен шеккен зөбір-жапасын ықылас қойып тыңдайтын дәл өзіндей бір мұндық табылғанына ырза еді, – қайын енем мендей төмен етекті әйел емес, күнінде болған, толған кісі. Күйеуі өлгеннен кейін бір ауылды билеп-төстеп, еркек орнына жүрген.

– Көргені көп кісі десейші. Қорғаның мықты болды ғой?

– Не қылған... Менің сорыма, о да ауырып, әл үстінде жатыр.

Сары інген тұруға ерінгендей, ертеден бері мойны жетер жердің жусанын ернімен үйіріп жалмап жеп жатқан-ды. Біраздасын маңайында ауызға ілінер шөп қалмады да, итініп-соғынып түрегелді. Құдық жанында бір-бірімен басы түйісіп қалған екі ақ жаулыққа сары інген сулы көзін салғырттау тастады да, бұйдасын шұбатып жөнеле берді. Әңгіме қызығына түскен Кенжекей оны байқамады. Ақбаламен сырласқан сайын көңіл шері тарқап, жылы сорпа бүріккен көндей қасаңы жібіп барады.

– Қайын сіңлім бар. Бойжетіп отыр, өзі бір мың болғыр. Адамы тап келсе, бір үйдің шаруасын дөңгелетіп

әкеткелі тұр. Қайдам, сорлы баланың таланына қандай жігіттің тап келетінін...

– Әйелдің әйел болуы еркекке байланысты ғой.

– Сөз бар ма? Ата-ананың аясында отырғанда қай қыз бақты, базарлы емес.

– Е, де! Күйеуге шықты дегенше қыз бақыты қызыл иттің аузында кетті дей бер.

– Құрысын, көктемде бір көрінген қызғалдақтай, қайран, қыз дәурені қысқа ғой. Кей есуас қыз сорлыны үлбіреп тұрған шағында үзіп алып, үйітілген терідей ұйпалап тастайды-ау... Сол зәбірін қайтерсің? Сосын «қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?!» дейді бұлар. Басында мен де бір үйлі жанның еркесі едім. Енді, міне, сонан не қалды?

Кенжекейдің басындағы қасірет Ақбаланың жүрегі мен жанын улап, көзін жерден көтермей, басындағы ақ жібек орамалдың шетін тістеп отырып қалды.

– Мені қойшы... менің боларым болды. Осы күні құдайдан қайын сіңлімнің, сол қарағымның ғана бақытын тілеудемін, – деді Кенжекей.

Ақбаланың ойынан өз баласы кетпей отыр. Алты айлығында емшегінен айырып, төркін жұртына тастап кеткелі әлі бір хабарын есіте алмай қойды.

Кенжекей тағы өз мұңын ортаға салып, күйеуінің кіші әйелін жақсы көретінін жаны күйіп, қатты зәбірленіп айтты:

– Уһ, қайтейін!.. Қатын сорлының қолында не тұр? «Қатын ашуланса қазан қайнатар» деген рас қой. Біз ашулансақ ыдыс-аяқты лақтырамыз. Есік алдында жатқан итті тебеміз. Түйе сауғанда желінін қаттырақ сығып... а-а-а, айтпақшы...

Кенжекей жалт қарап, сары інгеннің бұйдасын шұбатып ұзап бара жатқанын көрді. Ақбаламен қоштасуға

да шамасы келмей, ұзын көйлектің етегі аяғына оралып, түйе соңынан сүріне-қабына жүгіре жөнелді.

Сары інген Бел-Аранның кезіне қарай жүре жайылып бара жатқан-ды; кейінгі жақтан алау-далау боп етегі далпылдап келіп қалған әйелге бұрылып қарады да, май бүлкілге салып желе жөнелді. Бұлар теңіз жағасына көшіп келгелі сары інген қырдың қара оты мен тұщы суын аңсап, өзінің бұрынғы жайылған өрісіне аңсары ауатын да тұратын. Басы босаса қашып кететін болғасын аяғын тар қып тұсап жіберетін-ді.

Сары інгеннің арқасында екі жағына теңдестіріп артқан су толы бөшке мен мес бар еді; түйе желе жөнелгенде ауыр мес бүйіріне былқ-былқ соғып, салмағымен басып аударылып бара жатты. Кенжекей жылы сөзбен түйенің жанын жібіткісі келгендей, сары інгеннің соңынан қалмай, жүгіріп келе жатып: «қарағым, шырағым» деп жалынып көріп еді; бірақ, әйгілі қашаған әйелдің ойын білгендей, енді желге бет қойып, тура Бел-Аранның кезіне тартты. Бұл бет елсіз жапан тұз, ұрықары жүретін жер. Бәрінен бұрын биыл қырда қасқыр көбейіп, осы өңірдегі ауылдың күнде бір малын жеп, тынышын алып тұрған-ды. Жаны ышқынған әйел түйеден қалмай сүрініп-жығылып келеді. Көзіне тер құйылды.

Бел-Аранның кезінен әрі асып, енді елсіз бұйратқа бет қойғасын түйе қара үзіп алыстай, ұзай берді.

– Арам қатқыр сары інген... Жамандатқыр сары інген! – деп, Кенжекей бір жығылып, бір тұрып жүгіріп келеді. Өкпесі алқынып аузына тығылды. Даусы шықпай, тамағы кеуіп қалды. Мес аударылып түсті. Сілесі қатқан Кенжекей еңіреп отыра кетті.

Тәңірберген оянғанда күн әлі шыға қоймаған-ды. Түндігін жауып, есігін түсіріп, кілем-текемет ұстап тастаған жиһазды бай үйдің іші елең-алаң шақтағы бозғыл сәулемен көлеңкеленіп тұр екен.

Киіз үйдің әрқашан кісі бойын құп-қунақ қып сергітіп тұратын дағдылы салқын ауасын жас мырза оянған бойда бірден сезді.

Түнде кеш жатса да, ұйқысы қанып қапты. Тек азырақ денесі тоназиын деген. Ауыл шетінен ит үрді. Мал қайырған кісі болу керек, ық жақ беттен, алыстан еміс-еміс дауыс естілді. Ауыл үстінің өзіне таныс дағдылы дыбысына жас мырза жөндеп құлақ аспай, өзімен бір көрпе астында бір бүйірін қыж-қыж қайнатып жатқан келіншегіне қарай аударылып түсті. Ақбаланың сұлу денесін атлас көрпе астынан да анық көріп, қалың шашын, түлкі сағақ аппақ мойнын, жұп-жұмыр иығының басын шолып өтті. Елең-алаңдағы бозғыл сәуле жас келіншек өңін көлеңкелеп жұмсарта түскен.

Тәңірберген келіншегін құшақтағысы кеп оқтала түсті де, өзін тежеп қалды. Өткен түні келіншегі ренжіп:

– Саған қолым жеткеніне мәз болып, ата-анамның алдынан өтпей, аруақтан аттан кетіп едім. Сенен сұраған өтінішім болсын: әке-шешемді шақырып ырза қып жібер – деп, бұған тосын бір тілек айтып еді.

Ақбаланың жайын ұғады. Артынан ата-анасы келмей, іздеусіз кетіп бара жатқанына зәбірленеді. Ақбала өтініш айтпаса да, Сүйеу қартты шақырып, жүзін жылытып алу өзінің де ойында бар-ды. Ел ішінде сөзі сыйлы қарттың бетін бері қаратса, түбі бір рудың тізгіні қолына тиері анық.

Тәңірберген бірақ бұл ойын бір жанға сездірмеді. Ақбалаға да ішін ашпады. Ақбала оның үндемегеніне бірде ренжіп, бірде ызаланып жүрді де, кеше сырт айналып жатып қалған-ды. Сонысынан қозғалмаған екен. Ұйқы үстінде де түндегі ашуы тарқамай, қасын түйіп ширығып апты.

Тәңірберген түрегелді. Сыртқа шықты. Үй сыртындағы қырға қарай бет қойып келе жатып, күз айының ызғыған қара суық желіне, бұлтты аспанға көз салды. Онан өріске айдайтын мал қамымен ерте тұрып, бүрсендеп жүгіріп жүрген сауыншы әйел, жалшы жігіттерге көз қиығын салып келе жатып та қайын атасы ойынан шықпады. Қызыл көз тентек шалмен татуласу жағын ойлады.

Қанша айтқанмен тірі кезінде болыс ағасының бұған мықты пана болғанын осы күні біліп жүр. Болыс ағасы барда мықтысы әлсізін талап, қырқысып жатқан қиянаты мен күнәсі мол дүниеде күнәкар болмай, тал бойын таза ұстап жүрген жалғыз кісі өзі сияқты, жақсы ат, жүйрік тазысы, сәнді киім мен аңын аулап, ойынын ойнап, күлкісін күліп, өзімен-өзі жүрген күнәсіз пәк жан сияктанып қара мұрты қиылып тұрғаны. Осы сәтте оны көрген кісі: «Апыр-ай, мына баланың иман жүздісін-ай!» деп ойлаушы еді. Болыс ағасы өлгелі бұрынғының бәрі қалды. Ағасының кегін қуған жігіт бір топ солдатты бастап барып, тал түсте, толы халықтың көзінше Кәленнің қатын-баласын байлап әкетті. Онан кейін балықшылар аулымен ашық тартысқа түсіп, өзіне қарсы келгеннің бәрін құртты. Енді бұрынғыдай біреудің көлеңкесінде ығын паналамай, жауласқан жерде бойын көрсетіп қап жүр. Соның бәрінде де ол болыс ағасының бір қатесін ұмытқан жоқ. Қара күшке қаттырақ басқан ағасы ел

ішіндегі арқа сүйер адамдардан айырылып, алды-артын жалаңаштап алып еді.

Осыны жүрегіне қатты түйген жігіт кейінгі кездері қол күшін молайтып, төңірегіне қара-құра топтап жүр...

Тәңірберген үйге тез оралды. Тілінің ебі бар бір кісіге адам жұмсап дереу шақырып алды. Еркін дәйексіздеу демесең, өздеріне қарағанда Алдаберген софыдан кейінгі үлкені осы еді. Тәңірберген қайын атасымен екеуінің арасын жақындататын делдал дәнекер болуын өтініп еді; анау құлшынып шыға келді.

– Мырза, маған сен. Сүйеу қарт қатты ғой, бірақ, қара тасты жібіткен тіл шақар шалдың зәрін қайтара алмаса, кесіп-ақ таста.

Тәңірберген тым елпілдеп тұрған, тез пейіл кісіні жақтырмайтын.

– Жә, жолың болсын! – деп, шығарып салды. «Ақбала қуанатын болды» деп ойлады. Әншейінде кісі таң қалғандай талай үлкен істерді қолынан атқарып жүргенде, бұл өзіне дәл осы бүгінгідей ырза боп көрген емес-ті. Әлгінде суға кеткен Ақбаланы асыға күтіп отырған үстіне софы ағасы кірді. Қасында Тәңірбергеннің бәйбішесі. Ол екеуінің арт жағын ала тағы бір топ кісі үстіне үнсіз кіріп келе жатты.

Тәңірберген алғашқыда мыналардың келісіне мән бермеп еді. Ет жегісі келгенде софы ағасының дәл осылай қасына кісі-қараны молырақ ертіп, шұбалып жүретін жайын білуші еді. Ол тек мына кісілердің арасынан әлгінде Сүйеу қартқа жіберген кісіні көргенде түсі бұзылып кетті.

Софы да бар ызғарын бетіне жиып апты. Керек десе, қасына еріп келген кісілердің жайғасып отырғанын күтпей, төрге шыққан бойда тіктеліп Тәңірбергенге қарады.

– Бетіңнен қағар бір пенде табылмай, тыюсыз кетіп жүрсің. Үлкен-кішінің бәрін басынып алдың. Е, немене, өзіңнен басқа кісі жоқтай әукеңді салып кеткенің.

Тәңірберген софы ағасына ыңғай бермей, қырындап бүйірін беріп отыр.

– Әй, бала, – деп, Алдаберген софы енді асасының ұшын інісіне ызғарлана безеді, – уа, бетіңді бұр. Бермен кара! Бірге туған бауырластығымды сыйламасаң да, алдыңа сақалымды салып, үлкендік ете келіп отырмын. Рас, сен Сүйеудің қызына үйлендің. Құда түсіп қолынан алған жоқсын, оның аруағын аттап зорлықпен алып отырсың. Жә, оныңды, тіпті, құп дедік. Ежелгі бір жауымыздан есе алып бергендей көріп едік...

Тәңірберген бұл жолы да бастапқы қалпынан қозғалмай, сұлу жүзі сыздап отыр. Алдаберген оның үндемегенін өзінше түсінді. Інім ұятын мойындаған екен деп кәрі софы енді тіпті өктемсіп, кең танауын көтере сөйледі:

– Сен немене, бүгінгі күні есіңнен танған сияқтысың. Қызын алдым деп қу кедейді аулыңа шақырып жатқан көрінесін. Бізді сыйлайтын болсаң, ол қақпас шалды шақырмайсың. Ол – жауың. Жаудан жақындық іздеме. Осы отырған бар кісінің, мына қыздай алған жалғыз жарың бәйбішеңнің де өтініші бұл... – деп, Алдаберген софы Ақбаланың өз аяғынан келгенін әдейі қағытып өтті.

Сыр бермей отырған Тәңірберген осы арада жаны ауыратын бір жеріне аңдаусызда біз сұғып алғандай, танауы әнтек дір етті.

Алдабергенге еріп келген кісілер бастарын бауырына алып мүлгіп отыр еді; сүйтсе олардың баққаны бар екен. Софы пәтуасын айтқанда олар да шұғыл құптап, бастарын шұлғып құнжыңдады да қалды:

– Иә, біз саған салмақ салғалы келдік.

– Бір тілегімізді берер деп келдік.

– Сүйеу қартты аулына шақырып, кешегі болыс ағанның аруағын аяққа баспа. Дұшпанға таба қылма!

Осы тұста Сүйеу қартқа жұмсаған кісі сөзге араласып:

– Тәңірбергенжан, софы ағанның сөзіне құлақ сал... – деп мәймөңкелеп келе жатыр еді:

– Өй, жексұрын... көрінбе көзіме, жоғал! – деп, Тәңірберген оның жасы үлкендігіне қарамай, жекіріп тастады да, есік жақта отырған өзінің атқосшысы – ақи көз жігітке иек қақты.

– Жинал. Сүйекеңе бар. Қызын қолынан ала алмадым. Кешірсін. Бауырынан шыққан баласын тастай ма, қызына келсін. Қол қусырып күтіп аламыз. Соңыра еліне ырза қып, ырғап-жырғап жөнелтем. Сүйекеңе осы сөзімді жеткіз де, өзің бастап ертіп әкел!

– Құп, мырза. Өз сөзіндей қып жеткізейін!

Ақи көз жігіт тұра жөнелді. Үй іші жым-жырт. Мынадан кейін бір жан қозғалуға қорыққандай, қыбыр етпей, отырған-отырған жерінде сілейіп қалған-ды. Дәл соның үстіне Ақбала келді. Иінағашын сыртқа қалдырып, екі шелек суды алды да, шолпысы сылдырап, сызыла басып ішке кірді. Үй толы кісіні ішке кіргесін көрді. Төр алдында дөнбектей боп отырған софыға бұрылып, оң тізесін сәл бүгіп сәлем беріп еді.

– О, бетпақ, көрінбе көзіме!.. Жоғал! Жоғал! – деді Алдаберген софы қолымен бетін көлегейлеп, сырт айналып.

Долылық буып, жарыла жаздап отырған бәйбіше өзін қостайтын адам шыққасын көтеріліп кетті:

– Ойбай, ойбай!.. Мына тоқал... Қуарған қу тоқал

жетті ғой менің түбіме – деп, дауыс салып далаға жүгіре шықты.

Ақбала құп-қу; кінәсін анық сезбесе де, мына кісілердің алдында бір айыбы болғанын білгендей қолынан шелегі түсіп кетті. Кісі бетіне қарай алмай, көзін төмен салып қор болған қалпы, жаңа софыға сәлем еткен жерде тапжылмай сілейіп тұр.

Тәңірбергеннің де тап қазіргі түрі адам аяғандай. Далаға шыққасын да долылығы басылмай, ауыл айналып ойбай салып жүрген бәйбішесіне түк істей алмай отыр.

– Сен істеріңді істедің. Ендеше, сен қылғанға мен қылдым... Өзім тірі тұрғанда ол ақшұнақ шал бұл ауылдың топырағын басса көрейін. Бұл ауылға келер болса, менің өлігімнің үстінен аттап келеді – деп, Алдаберген софы анық жаулыққа бет бұрды. Осыдан артық тілге келмей, нөкерлерін ертіп шығып кетті. Тәңірберген түрегелді. Дәл бір соққыға жығылғандай бойын ала алмай тұрған Ақбаланың қасына келді.

– Жә, жасыңды тый. Онан да ертең әке-шешенді күтіп алу жағын қарастыр.

* * *

Тәңірберген бір топ аттылы кісінің алдында ақ арғымақты ауыздыққа керіп, сыдырып келеді. Жаңа ауылдан шыға сала қамшы басып еді, былай ұзап шыққасын ат екпінімен іштегі алай-түлей сезім басылып, астындағы Текежәуміт айғырының басын тартып, ақырын аяңға басты.

Еті қызып алған айғырдың екі көзі оттай жайнап, ауыздығын шайнап, кейде Тәңірберген қос тізгінді қаттырақ тартқанда жалт беріп жолдан шығып, біразға дейін бүйірлеп жүріп отырады; қалған уақытта

пысқырып, көстектеп керіліп аяндап кеткенде, соңында келе жатқан аттылар ілесе алмай, амалсыз желіп отыратын.

Ақ арғымақтың алдынан арты биік; әсіресе, оның төңкерген қазандай жалпақ жұп-жұмыр сауырын тегіс жапқан тықыр түгі жылтырап, жылт-жылт етіп тұратын. Тәңірбергенге ақ арғымақтың аяңы ұнайтын. Жолға шыққанда көбіне осы атты мінетіні содан. Басқа қасиетінен бұрын оның бауырын керіп аяндайтын көшелі, кербез жүрісінен біртүрлі жанға жайлы рахат тауып, астындағы ат емес, қайық сияқтанып кететін. Тәңірберген ауылдан шыққалы әлі қыбыр еткен жоқ. Арғымақтың тас төбесінде шаншылған қос құлағынан көзін айырмай қадалып апты. Сыртынан қарағанда сұлу денесі ерге құйып қойғандай. Екі иығының басы тіп-тік боп тура алдына қарап отырған нығыз қалпынан енді қайтып қозғалмай, айғырдың аяңына ырғалақтап, басындағы ой да дәл осы қазір тербеліп келе жатқандай.

Денесі суынғасын арғымақ ендігі қалған жолда ұрынбай, басын шұлғып тастап, бір қалыппен баяу жүріп келе жатты. Әлі де болса Тәңірбергеннің қабағында кірбің бар. Жаңағы оқиға өзіне қатты батты. Көзі тірісінде көңілі толмаса да, кешегі болыс ағасының софы ағасынан бір артықшылығы болатын. Әрине, о да тайыз, о да тоңмойын еді; оның да өзінен шығатын ар жағында бір түйір ақыл болмаса да, тым құрыса осындайда пайда-залалын біліп, үнемі інісінің аузына қарап отыратын.

Құдайменде өлгелі софы ағасына жел бітті. Тәңірбергенді баласынып, билікке таласқысы кеп, әр кезде әлгідей үлкендігін арқаланып қиғылық салып жатады. Абыралыға қараған ағайын-туғанды азғырып, бұған айдап салып қойған түрі анау. «Ақылсыз сорлы,

колына билік тигенде не бітірем дейді екен...» – деді Тәңірберген ішінен.

Осы қазір өзінің жалғыздығын қатты сезіп келеді. Бір үміті – оқыған інісі. Оның елге келуі көп кісіге желеу болып алды. Осы өңірдің игі жақсылары оқыған зиялы жігітпен дидактасуға құштар. Арғы ойы белгілі; оқыған жігіт соңырағы күні сырқатынан тәуір боп Шалқар мен Ырғыздың бірінде қызметке орналаса қалса, қысылған жерде оны өздерінің бір кәдесіне жаратпақ.

Тәңірберген мырс етті. Құдай-ау, осы заманның кісісі қалай ұсақталып кеткен?! Әлдекім болса бір сәрі. Ат басындай азамат... игі жақсылар. Түбіне найза бойламайды деген Рамбердінің де қулығы көген басынан аспапты. Мал өрісінен арғы жер, онан арғы дүние өртеніп жатса да оған бәрібір. Жә, жә, жалғыз Рамберді ме? «Өзің...» Тосын сұрақ бүйіріне шаншудай қадалды. Жаланап құйрықпен тікен үстіне отырғандай қипаңдап, қозғалақтап қалды. Сосын, көк қасқа ерге құйрығын қадап, тіп-тік боп шаншылып отырып алды.

«Бәсе, өзің...өзің ше?» деді ішінен. Рас, болыс ағаң қаза тапқалы шаруаға шындап қарадың. Ебейсінге есеңді жібермей, базарға қосқан малыңның пұлын өндіріп алдың. Тағы да, міне, мал қуып келе жатырсын.

Тәңірберген ат басын бұрып, ізінше кері қайтып кеткісі кеп кетті. Онан ағасының өлімін тез ұмытқанына ренжіді. Өлімнің жүзі суық па, әлде... өзім қаталмын ба?

Көзі тірісінде ол сорлыны тайыз көрді. Көңілі толмады. Қазір софы ағасын менсінбейді. Сонда... бәтір-ау, ағаларыңнан асқаның қайсы? Солар жүрген ескі жолдың шиырынан шыға алмай, мал барымталап, жоқ қуып жүр. Былтырғы бүліктен кейін, мына боз далада бұрынғы бойкүйез тірлігін қайта тауыпты. Тынышталыпты. Бірақ, бірақ, онан арғы дүние бар түгін бетіне шаншып,

түтеп келе жатқанын байқадың ба? Үлкен шаһарларды айтпағанда, мына іргеде тұрған кішкентай Шалқарға барған сайын беті қатты бір заманның кейпін танитын. Өне бір жолы темір жол жұмысшыларының ереуілін көрді. Өңшең білегін сыбанып, жұдырығын түйіп алған түсі суық жұмысшылар қызыл туды төбесіне көтеріп, лек-лек болып көшеге шыққанда, өзгені былай қойғанда, өздері құдай көретін әлгі татар байы Теміркенің құты қашып, көк дүкеннің есік-терезесін жалма-жан жауып ала қойған-ды. Шын сасқанда көп бөлмелі үйден тығылатын тесік таппап еді-ау! Көшеге шыққан ығы-жығы халық тарағасын да татар байы көпке дейін өзіне-өзі келе алмай, күйген терідей құрысып: «Заман бұзылды бит. Алар сені аями, бас кесер бұзықлар! Жөлік бит, жөлік, жөлік олар», – деп күбірлеп отырып еді. Шаһарлы жерің солай болғанда, өз ауылың тыныш па? Тыныш деген түкпірдегі далаңа қарашы. Жыл сайын жұтқа ұшыраған кедей ауылдар теңіз жағасына көшіп кеп, балықшылар аулының қарамын молайтып жатыр...

Ат пысқырып қалды. Тәңірберген шошып ояғандай, босаңсып бара жатқан бойын билеп ап, енді байқап қараса, тізгін еркі өзіне тиген ат алдындағы бір биік сары төбеге тұмсығын тірей тоқтапты. Қасына ерген қосшылары да бұның ойын бөлмей, кейініректе иіріліп тұр екен. Жаным-ау, мынау қай жер? Қайда тұр? Неге тұр?

Тәңірберген тізгінін жиып ап, ер үстіне дұрысталып отырып төңірегіне көз салып еді. Сол жақ қапталда шымылдықтай созылып жатқан Бел-Аран. Өзі тұрған сары төбе астында балықшылар аулы. Ақбаланы алып қашарда да осы төбенің астында, дәл осы арада бір топ кісі боп ауыл торыған ұрыдай, ат жалын құшып тұрғанда, ілгері жақтарынан әлде не қараң етті. Бұл шыдамай, ақ арғымақты тебініп ілгері шыға бергенде, ар жағынан ес-

түс жоқ Ақбала жанұшырып кеп, ақ арғымақтың мойнына құлап асыла кетіп еді-ау!

Тәңірберген ақ арғымақты қамшымен тартып қап, сары төбенің басына шауып шықты. Өткен жылы еді ғой, аң аулап жүріп Еламанның үйіне түскенде, бұл ауыл мұншама көп емес еді. Қазір қарамы ұлғайып кеткенін ұнатпай, ауылға атын ақырын бастырып кеп қасындағы кісілерімен Достың үйіне түсті. Қарақатын сасып қалды. Бәрінен бұрын от басында жатқан тулақты қайда тығарын білмей, көйлегінің етегімен жауып жалп етіп үстіне отыра кетті.

Тәңірбергеннің қасындағы дембелше жігіт Қарақатынға жетіп барып, аяғымен теуіп жіберді.

– Ой, бүйіріңді тесіп шыққыр. Мынау біздің мырзаның құла байталының терісі ғой.

Ақкемпір ақырын жылысып сыртқа шығып кетті. Әшейінде басынан сөз асырмайтын Қарақатын бұл жолы жұмған аузын аша алмай, бір уыс боп бүрісе қапты. «Атаңа нәлет, жаман қатынға осы тулақтың көзін құрт деп қанша айттым. Енді міне ұстап берді» деді Дос ішінен.

Осы кезде Мөңке бастаған бір топ балықшы ішке кіріп, есік алдына иық тіресіп тұра-тұра қалды. Басы бауырына кеткен Дос оларды байқаған жоқ.

– Неғылса да бізден бір білместік болды, – деді ол мінгірлеп.

– Жоқ, білместік емес. Бұл біліп тұрып істеген жаулық. Жау кісінің ісі.

– Жазықсызбын демеймін. Тәңірберген шырағым, не істесең де қолыңдамын, – деді Дос.

Тәңірберген үнсіз. Суық томсарып отыр. Жаңағы дембелше жігіт мыналарды неғұрлым қырына алса, соғұрлым мырзаның ойынан шығарын біліп:

– Иә, қолымызға түстің. Ұрлығыңмен ұсталып отырсың, тырп етіп көрші сен, кәне, – деп зілдене түсті.

– Шырағым, не істесең де...

– Қой, әрі! Не істерімізді өзіміз білеміз. Жоғымыз жалғыз құла байтал ма? Сендерден Кәлен айдап әкеткен жылқының құнын тұтас өндіріп алғалы келдік – деп, әлгі жігіт ауыр үкімді де өзі айтып салды. Қарсы дау айтуға, деректесуге келтірмей, Досты қысып, жан алқымға таяп бара жатты. Соны байқаған Тәңірберген:

– Жә, менің малымды түгендеуші сен болсаң да, қой енді, – деп әлгі жігітті тыйып тастады да, – адаспайтын адам жоқ, ол кезде Еламан мен Кәленнің бүлігіне біраз адамның еріп, найзасы төбемізде ойнағаны рас. Талай малымыз жаудың тақымында кетті. Онан бірақ Тәңірбергеннің өрістегі малы ортайған жоқ. Құдай құрағанды адам шашып тауыса алмады. Қайтер дейсің, қарны ашқан күні құла байталды сойып жесе, ол аға-жеңгемнің маған істеген бір بازیнасы шығар – деп, әлгі пысықай жігіт тарылтып жіберген дүниені Тәңірберген бір ауыз сөзбен кеңітті де тастады.

Қарақатын қуанғанынан жылап жіберді. Жаңа ғана жерге кіре жаздап отырған Дос та басын көтерді. Тәңірберген енді есік алдында иін тіресіп тұрған балықшыларға қарап, айрықша Мөңкеге қадалып:

– Ағайын, жылқыма жау боп тидің. Күшің барда аямадың, қолыңнан келгеніңді істедің. Бірақ, – деп, осы арада сәл іркіліп, айтар сөзін сабырмен салмақтай түсіп, – мен оларыңды білместік болар деп кешірдім, кештім, ағайын, – деп, бұлар күтпеген кесім айтқанда, Дос үп-үлкен басымен ұшып тұрды да, Тәңірбергеннің қолын сүйіп:

– Рақмет, қарағым, көп жаса. Күшке иілмейтін ағанды

бір ауыз жылы сөзіңмен жығып кеттің, жеңдің бізді – деп, көңілі босап, жыламсырай бастады.

Әңгіменің артын бағып тұрған Мөңке осы арада шыдамай, бір аттап алға шығып:

– Әй, Дос! Ат құнын кешкенге осынша жылағаның не, уа, азамат құнын арқалағандар да отыр ғой төрінде, – деп еді, жұрт тына қап, тегіс Тәңірбергенге қарады. Тәңірберген бұған дерек қайтара алмасын білді де, өзінің дәл осындай қысылған кезде істейтін машықты тәсіліне басып, естімегендей елеусіз қалдырды.

Дос қай жағын ұстарын білмей, қиналған кескінде көзін төмен салып отыр еді.

– Өй, жетесіз ынжық, – деп, Қарақатын ұшып түрегелді, – сен ынжық болғасын бізді ит те, құс та басынады. Әйтпесе, сен мына жаман Мөңкені төбеңде тайраңдатып, үйіңе келген құдайы қонағыңды тілдетіп қояр ма едің?! Ойбай-ау, жан адам жуымайтын үйіңе мырза жігіт үлкен басын кішірейтіп келіп отырған жоқ па? Достық көңілмен күнәнді... қандай ауыр күнәнді кешіріп кеп отыр. Жаман ит-ау, соны неге ұқпайсың?

Дос басын көтерген жоқ. Бірақ, көрер көзге түсі бұзылып, қап-қара боп тұнжырап барады. Қарақатын одан сайын долданып, тұқырайып отырған байын түтіп жейтіндей қасында тепсініп тұрып алды. Тақа болмағасын ол енді Досты жағасынан жұлқылап зорлап тұрғызды.

– Намыс бар ма өзінде? Мына қақбасты қу, айдап шық үйіңнен!

Дос Мөңкеге тура қарамаса да, сүзетін бұқадай басын бауырына алып, бетпе-бет кеп түйіліп тұрып алды. Қарақатынның «қақбас» дегені Мөңкеге қатты батты. Осы жасқа келгенше досы түгіл дұшпанынан есітпеген сөзі еді; әншейінде төбесінен таяқ айырмайтын жаман

қатынын Достың осы тұста бетінен қақпай, өзіне қарсы шабаландатып үргізіп қойғанына тіпті ыза боп:

– Әй, Дос, мынауыңа қой дейсің бе, әлде маған кет дейсің бе? – деп еді, Дос морт сынып:

– Шық үйден! – деді ақырын, бірақ, бет бақтырмайтын зілді үнмен. Мөңке оның қатты бұзылған түрін таныды; тілін алмаса, осы тұрғанда оның төбелесуден де тайынбасын біліп:

– Ой, құдай-ай, жігіт деп жүрсем, сенің де құның бір байталдық екен ғой – деп, Мөңке оған біртүрлі жиіркенішпен қарап тұрды да, бұрылып жүре берді.

* * *

Тәңірберген балықшылар аулынан көңілсіз аттанды. Еламан мен Кәленнің көзін құртса да, бұл ауыл басшысыз қалмапты. Қара борбай шал қарсыласқандай қауқары барын танытты. Осы жай жанына батқан жас мырза сұрақты жүзін Досқа бұрып еді. Дос тоң мойын, дөкір. Өз дегені болмаса өзгенің жетегіне жүре қоймайтын бірезу қыңыр. Шындап кетсе, төңірегіне қара-құра топтап, Мөңкемен белдесуге жарайтын бұл өңірде бұнан басқа адам жоқ. Осы жағдайды ішіне түйген жас мырза ендігі жерге есебін тауып, Досты бауырына тартып көргісі келіп еді, бірақ оңайлықпен ішін аша қоймайтын Дос:

– Уақыт бар ғой, ойланып көрейік, – деді.

– Иә, ойлан, – деді мырза. Сыртқа шығып, енді атқа мінер жерде оның көзі бір қызға түсті. Көзі түскен бойда: «Тәңірім-ау, мынау көңге шыққан қызыл гүл ғой» – деп ойлады да, ат үстінен Досқа еңкейді:

– Дос аға, мынау кім?

– Төлеу деген жігіттің қарындасы.

– Тө-ле-у?

– Иә, Төлеу. Сен біле қоймассың, қырдан көшіп келген кірме.

– Со-лай де!

Мырза көзін қыздан алмай, тізгіні қолынан түсіп, аңырап қапты. Қызға мырзаның көңілі құлағанын байқаған Дос:

– Тамаша бала, – деп, онсыз да тұтанғалы тұрған отқа май тамызғандай болды. – Өзіндей қыздар дұрыстап от жаға алмайды. Ал бұл пақыр промсолда жұмыс істеп, бір үйлі жанды асырап отыр.

– Солай ма? Тұрмыстары нашар болды ғой?

– Обалы жоқ. Үй толған ер-азамат. Бірі талап қылмайды. Бәрі осы баланың мойнына мініп отыр.

– Аты қалай?

– Айғанша.

Тәңірберген қыз атын ішінен қайталады. Қыз үйінің күйсіз, ағаларының кемталап, жалқау болғаны да бұның іш есебінің үстінен түсіп, жақсы нышанға жорыды да, ішінен жымып қойды. Екі көзі әлі де қызда.

Айғанша өзіне сұқтана қадалған көзді байқаған жоқ-ты. Әлгінде балық сойып жүріп басына әншейін немқұрайды тарта салған бір шаршы қызыл орамал сыпырылып желкесіне түсіп кеткен екен. Былайғы кезде де ие бермей, орамал астынан әлсін-әлі бұрқырап шығып кете беретін қалың шаш қазір, тіпті желкілдеп, қаннен-қаперсіз, үйге жеткенше асығып жүгіріп келе жатқан-ды. Ауыл үстіндегі түсі басқа кісілерді көрді де, жақындап келгесін аяғын именшектеп ақырын басты. Аттарына мінсе де әлденеге іркіліп тұрған кісілердің ішінде тізгіні қолынан түсіп, аңтарылып қалған қара мұртты сұлу жігітке көзі түсті. Оның да бұған қарап, ішіп-жеп бара жатқанын байқаса да, түк жасқанбастан қара көзі жалт етіп бір қарады да өтіп кетті. Амандасқысы кеп

емексіп қалған жас мырзаның тұсынан аяғын әлгіден көрі шапшаңырақ алып, білектей бұрым арқасында бұлғақтап ұзап бара жатты. Үйге жақындай бергенде іштен ішегі үзілердей, қақылдап жылаған жас баланың даусын естіп, кеше кеште суға кеткен Кенжекейдің содан бері әлі оралмағанын біле қойды. «Бейшара аман болса жарар еді» деп ойлап, үйге үрейленіп асығыс кірді. Шынында да, жылай-жылай сілесі қатқан бала бұл кезде әбден көгеріп, ықылық атып жатыр екен. Айғанша баланы жерден көтеріп алды. Өткен түні де осы баламен арпалысып шыққан-ды. Ерте тұрып, азанда жұмысқа кеткеннен бері әлі бір жан баланы жұбатпаған. Ауру кемпір іргеге қарап жатыр. Өлер алдында үй ішіндегі жандардың жүзін көргісі келмей, қатты түңілген. Екі ағасы екі жерде сазарып отыр. Күндесінің баласына қашанда бауыры жібімейтін Балжан өзінің әдеттегі безбүйрек қаталдығына бағып анадай жерде өз баласын өбектеп, оңашаланып алыпты.

– Құдайдан үміттерің бар ма? Мына баланы неге жұбатпайсыңдар? – деді Айғанша. Оған үй ішіндегілердің бірде-бірі тіл қатпады. – Бұның шешесін неге іздемейсіңдер?

Бұл жолы да бұған бір жан тіл қатпады.

– Мынау үй емес, мола ғой... мола, қу мола, – деп, Айғанша еңіреп жылап жіберді де, баланы бауырына қысып сыртқа жүгіріп шықты.

Ол кеткесін де бір жан қыбыр етпеді. Тек ауру кемпір қол таянып басын көтерді. Екі иінінен ентігіп, ырсылдап ауыр дем алып отырып:

– Ана байғұс... Құдайдан бала тілегенде тап мына сендердей боларын білген бе?.. Басқаны қайтейін... Сен... Сен екеуің әлгі қыздың сорына жаралдыңдар ғой, – деді де, әлі құрып жата кетті. Кезерген ернін қанын шығара

қырқып тістеп алған. Үстіне жамылған көрпе астында иығының басы селкілдеп жатқанын үй ішіндегілердің ешқайсысы байқаған жоқ.

Түс ауа Кенжекей келді. Үсті-басы ебіл-себіл. Төлеу тақымының астына басып отырған қамшысын ұстай түрегелді. Кенжекей арқасындағы месті былқ еткізіп босағаға тастай салды да, Айғаншаның қолында бұл кезде, тіпті үні шықпай, қып-қызыл боп ықылық атып жатқан балаға ұмтылды:

– Сорлы-ай!.. Байғұс балам-ай!..

– Әй, түйе қайда?

Кенжекей түнеріп төніп келіп калған күйеуіне көз қиығын салмай, төрде жатқан алашаның шетіне отыра қап, кеудесінен емшегін шығарып баланың аузына тосты.

– Сорлы-ай, соры қайнаған балам-ай, өлуге қалыпсың ғой...

– Әй, түйе қайда?

– Өз балаң емес пе... Жұбатсаң қайтеді?

– Түйе қайда деймін?

– Түйең арам қатсын! Қасқыр жесін түйеңді. Борша болсын! Қара өкпе тисін түйеңе!

Қамшы сартылдап ала женелді. Айғанша жылап, сыртқа ата жөнелді. Кенжекей тырп етпеді. Тек бір қолын жоғары көтеріп, аузына апарған емшекті де ала алмай, ықылық атып жатқан бауырындағы баланы қорғап басын бұға берді. Қайратты еркектің қолындағы өткір қамшы енді көбіне-көп әйелдің басына тиіп, жон арқасын таспадай тіліп шыпылдап жатыр. Кенжекейді бір жан арашаламады; өлімге басын тіккен әйел дыбысын шығармай, денесіне қамшы тиген сайын дір-дір етіп тістене түседі.

Бір рет қамшы қарақұсқа тиді де, көзі қарауытып кетті. Қанша уақыт өткені белгісіз, көзін ашса... басы

қорғасын құйғандай көтертпеді. Көк ала торғайдай дене алаулап, өртеніп барады екен. Тек бала сорған бауыры ғана жып-жылы.

* * *

Тәңірберген артында қалған шаруасын әрқашан тиянақтап тындырып жүретін-ді. Осы жолы да жолға шығар алдында ауылда қалған жігіттерге өздері күтіп отырған құда-құдағилар келгенше күні бұрын алдын ала даярлап қоятын жабдық жөнін мұқият тапсырып кеткен еді. Қиқар бәйбіше қарсылық көрсеткенмен, сүйеніші мықты Ақбала бұл жолы тізгін еркін бермеді. Әке-шешесінің келуіне қарсы буулы жатқан теңдерді шешкізіп, төр алдына бұрын бір жанның жамбасы тимеген асыл төсеніштер жайды. Үй ішінің дүние-жиһазын қайта жасаулап, ең аяғы ертең әке-шешесінің иығына жабатын түлкі ішік, қасқыр ішік, құндыз ішіктерді алдын ала әзірлеп қойды.

Тек, неге екені белгісіз, Сүйеу қартқа жіберген кісі кешігіп жатыр. Тәңірбергеннің де аяғы алысқа түсіп кетті. Ұзын құлақ хабарға қарағанда, балықшылар аулында болған күннің ертеңіне промсолға соғыпты. Бірақ онда айналмапты. Теңіз жағасына келіп жатқан Теміркеге тілдескесін, сол күні алдын кештете атқа қонып, Ордақонған болысына қарай тартып бара жатқанын осы ауылдың малшылары көріпті. Бірақ мұндағы кісілер мырзаның неге бұлай жаны қыдырып дызығып жүргенін білмей, аң-таң боп отырғанда, қасындағы бір атқосшысын ауылға қайтарып: «Ертеңдері оралам. Күтіп отырған қонақтары келіп қалар, қамсыз болма-сын» – деп, Ақбалаға арнайы сәлем айтып жіберіп еді. Ақбала басқаға шүбәланса да, бұл жалғанда мырзаға шүбә келтірген емес-ті. Әке-шешесінің келетініне енді

кәміл сенді. Қалған жұрт тіпті сенді. Ауыл іші әбігерде. Құйқылжыған халық. Абыр-сабыр. Әрлі-берлі жүгірген, біріне-бірі айқайлап әмір берген кісілер. Ошақ қазған, сойыстық мал жетелеген, пышақ қайраған жігіттер.

Үй сыртына апарып ыққа қарата кілем қаққан, текемет, алаша қаққан қатындар. Үй мен үй арасында етегіне сүрініп, емпелеңдеген келіншектер. Сызыла басқан сәнді қыздар. Ақбала отырған ақ отауда әлдебір жақтан ғайыптан тайып келген хор қыздар, құрбылас келіншектер, абысын-ажындар. Дәл қазір, дәл осы бір қуаныш, қызық, шат-шадыманда бәрі бір аяға бас қосқандай. Сықылықтаған күлкі. Сылдыраған шашпау, шолпы, сырға. Артынан артынып-тартынып әке-шешесі келе жатқан жас келіншекті әлгілердің бәрі қошеметтеп, бәрі құрметтеп, онымен бірге өздері де қосыла қуанып, әлден құттықтап, әлден шүйінші сұрап апақ-шапақ, мәресәре. Ақбаланы қуантпақ боп жүріп, онан бұрын өздері қуанып, күткен қонақтар шыныменен келіп қалғандай, көп зарықтырмай әне-міне келіп қалатындай, тап қазір қырға шықса, ар жағында қарасы көрінетіндей, бәрі бірдей дүрлігіп сыртқа жүгіріп шықты.

Ақбала үлкен әзірлікті әке-шешесі келгесін істегенді жөн көріп, кейінге іріккісі кеп еді. Бірақ желігіп алған желөкпе жас келіншектер бой бермеді. Ақбаланы сыртынан билеп, соңыра қонақтар келгесін де үлгіретін шаруаға алдын-ала ыссылай кірісе бастады. Олар Ақбалаға ақылдаспай, соңыра қонақтармен бірге болатын осы төңіректегі көңілдес, әтібірлі кісілерге әлден хабарлап, жан-жақтан алғыза бастады. Ең аяғы қонаққа соятын малдарды да өріске жібермей, оң босағаға байлап қойды. Пышақ қайраулы. Қазан асулы. Бұл ауылдың қазіргі даярлығы дәл бір қыз ұзатып, келін түсіретін ауылдың әбігерінен бір де кем емес-ті.

Кешеден бері Ақбала ауыл-аймақтың алақа-нында. Бұрын бәйбішенің шашбауын көтеріп жүрген әйелдер енді онан сыпырылып шығып, балға үймелеген шыбындай бәрі Ақбаланың төңірегіне үйіріле қапты.

– Сал келіншек қандай сұлу?! Беу, бұрын көзіміз байлаулы жүрген бе? – деп, кекселеу бір қатын Ақбаланың ажарына сұқтанып еді.

– Е, ол кезде сен нені көруші едің – деп, басқалары оған дүрсе қоя берді, – бәйбішенің шашбауын көтерем деп көзіңе шел бітпеді ме.

– Төбемізде тайрандамадың ба?

– Иә, тілімді қышытпа, сен қатын.

– Ойбай-ау, ол күндестігінен істесін, бәрінен бұрын сенің, сен мұндардың зәбірін өтті ғой. Көрінбеші көзіме!

– Көрінбе!

– Ие, ие, кет! Көрінбе!

– Жоғал!

– Жоғал!

– Тұтақ!

– Тұтақ!

Үй іші шаң-шұң болды да кетті. Ақбаланың ара түскеніне қарамай, көп қатын бір қатынды аластап қуып шықты. Өздері жек көретін қатынды қуу оларға дәл бір жау қашырғаннан кем болмай, у-шу, азан-қазан боп жатыр еді; кенет бір әйел Ақбаланың анадай жерде әңгімеге араласпай, қоңырайып отырып қалғанын көріп, қасындағы әйелді түртіп қалды. Ол арғы жағындағы бір әйелді түртіп, қайсысы қайсысын кінәларын білмей бір-біріне қарап беттерін шымшып үзіп, үзіп алды. Басқа кезде болса бір сәрі, бетім-ау, масқара-ау, артынан артынып-тартынып, ырғап-жырғап әке-шешесі келе жатқан келіншектің қабағын кірбің шалған күпірлік! Сұмдық қой! Сұмдық! Сұмдық! Есі шыққан келіншектер құдды

әлденеден үріккен құстардай орындарынан дүркірей ұшып тұрды. Сонан кейін де бір дәнге үймелеген әлдебір өңшең сарала қанат сайрауық құстардай, бәрі бірдей Ақбаланың асты-үстіне түсіп, үпір-шүпір бола қалды.

– Не арманың бар?!

– Иә, иә, арманы жоқ.

– Жер бетінде әке-шешесін сендей ғып күтіп алған әйел бар дейсің бе?!

– Осының бәрі мырзаның арқасы ғой.

– Соның арқасы!

– Піш-піш.

– Шу-шу...

– Несін айтасын, сал жігіт сен дегенде шығарда жаны басқа...

– Иә! Иә, жаны басқа... Жаны басқа!

Десе де-ау, шынында да бұл мырзаның арқасында дегеніне жетті. Ойлағаны орындалды. Әне, әке-шешесін алып келуге мырза өзінің сенімді кісісін жіберді. Сенбейтін енді несі бар?! Иә, иә, сенеді. Сенді. Бір-бір-ақ-қ нег-е кешікті? Не-г-е?... Сол тегін бе?

Зәресі ұшқан Ақбала үйден де, түзден де жаны байыз таппай дызалақтап кетті. Кейде өзін-өзі жұбатып, көңілі сәл орнына түсе бастаса, өзіне не болғанын қайдам, қос уыс үйдің қақ төрінде қаққан қазықтай тіп-тік боп, тура алдына тесіле қарап отырған аппақ кудай шал көз алдына тұра қалғанда, зәре-иманы ұшады. Орнынан ұшып тұрады. Жүгіріп сыртқа шығады. Қайтып ішке кіреді. Не сырттан, не іштен жаны байыз таппай, бір үміт, бір үрей, екеуі екі жақтан анталағанда не күлерін, не жыларын білмей күпті көңілді жас пен күлкі екі жақтан қинап:

– Неге кешікті? Неге кешікті?– деп, жалтақтап қасындағы келіншектерге қарады.

– Келер, келіп қалар, – дейді олар.

– Байғұс ата-анаң да сені бір көруге зар боп келе жатқан шығар, – дейді олар.

– Солай ма екен? – дейді бұл.

– Әрине. Екі көзі төрт боп келе жатқан шығар-ау, – дейді әлгілер.

– Енді шыда! Көбі кетіп, азы қалды ғой, – дейді тағы да солар.

– Иә, иә, аз-з қал-ды... Шынымен а-аз қалды ма? Неге кешікті? – деп, не сенерін, не сенбесін білмей сасқалақтап тағы да әлгі қасындағыларға қарайды.

– Бұл кешіккен бе, баяғыда келіншектер ата-анасын жылдап күтетін... – деп, аузының ебі бар әлдебір абысын жоқтан жұбаныш табады.

– Ата-анаға ұзатқан қыз артынан келу оңай ма? Ана байқұстың қызына арнаған бір жасауы жетсе де, бір жасауы жетпей ел жағалап жүгіргенін көрдік қой – деп, мына жақтан тағы бір абысын сөзге араласты.

Ақбала бұған иланды. Құрбы келіншектер арасында бір мезгіл көңілі жадырап, аппақ жүзі әншейіндегі нұрлы ажарын тауып, шынымен көңілденіп, құрбыласының әлде бір әзіліне сықылықтап күле түсті де, кенет кілт тыйыла қалды. Ел ішінде қайда бір күші тасып тұрған құдіреттілермен тайталасып, ұстасып жүретін әке мінезі есіне түсті де, тағы да тап бір қара суықтағы жапырақтай қалтырап кетті: «Жерге қарап қалмасам не қылсын». Ақбала өзін жұбатпақ болған жаңағы сөздердің біріне сенбеді. Баяғы кіп-кішкентай тұлымшағы селтиген кішкентай кезінен бастап өзі жақсы білетін қатал әкенің ақ кірпігі, қызыл көзі, қайсы бірде өз өзінен отырып оқырынып қалатын ызалы ащы мысқылы есіне түседі де, тағы да түсі демде бұзылып, дір-дір етіп қалтырап қоя береді:

«Құдай-ай, өзің қолда, қолдай гөр. Жерге қарап қалмасам қайтсін...»

Кенет бір дыбысты құлағы шалып:

– Біреу келді ғой. Солар... Солар болар – деп, асығыс түрегеліп, сыртқа жүгіріп шығып еді.

Үй іргесінен тұяғы сыртылдап өтіп бара жатқан сиыр екен. Ақбала тағы да жабырқап, бет-өңінің бояуы оңып сала берді. «Келмейтін шығар...» – деп ойлап, мұнайып тұрған үстіне қара сұр бәйбіше кіріп келді. Дәл бір Ақбаланың көңіліндегі күдігі мен қаупін білгендей жайқандап басып, жайраңдап келді де, Ақбалаға бүйірін беріп тоқтады. Екі бүйірін таянып алған.

– Ау, әлгі ауыл боп күткен құда-құдағиымыз қайда? Не хабар бар?

Ақбала қол-аяғы мұздап, сұлдерін шақ-шақ көтеріп тұр.

– Мынаның есі дұрыс па? Неге үндемейсің? Артынан әке-шешесі келе жатқан кісіге ұқсамайсың ғой?

Ақбала абдырап сасып тұрып, әлдеқалай күлімсірегенін өзі де андамай қалып еді.

– Есі дұрыс па?.. Әке-шеше қуанышы есін алғаннан сау ма? Күйеуің қайда?

– А-а?..

– Күйеуің қайда жүр?

– Күйеу?..

– Иә, күйеуің?

– Қа-қайдам...

– О несі тағы? Тоқал байдың бауыр етінен жаралмаушы ма еді? Жөнін саған айтпағанда кімге айтады...

– Айтқан жоқ. Бірақ... келіп қалар...

– Ие, жер жұтпас, келер. Ал, бірақ, сенің әке-шешен келмейтін болды.

Ақбала сәл қозғалса құлайтындай сезді. Көз

алды теңселіп, табан асты шайқалып, үй, уық, кереге – бәрі, бәрі пышырлап, түндік төбеден сыпырылып баратқандай. Қазір ғана қасында тұрған келіншектер де қапелімде қарасы үзіліп алыстап барады. Басы айналды. Көзін жұмғысы келді. Осы қазір бұның өзі де қарағаннан қарап тұрып дүниенің неге, неліктен теңселіп кеткеніне түсінбеді. Бәйбішенің неге дікектеп, жер тепсініп тұрғаны да санасына бірден жете қоймады.

– Тарқат мына дырдуды!

Ақбала дәрменсіз бір қимылмен қарсылық білдіргісі келіп еді, бірақ, әлденеге жүрегі дауаламай жасқаншақтап қала берді. Ақбаладан ештеңе шығара алмағасын адуын бәйбіше енді қаһарға мініп, әркімге бір айқайлап, қонақ күтіп отырған ауылдың бар әзірлігін быт-шыт қылды. Қонаққа соймақ боп босағаға байлап қойған малдарды шешіп жіберді. Бұл күндері Ақбалаға қолқабыс беріп, қызметін істеген келіншектерді де қуалап, ауыл үстін лаң тигендей етті.

Сосын есін жия алмай тұрған Ақбалаға жайқандап келді де:

– Осы желіккенің жетер. Төбемізде тайраңдата беретін бұл балықшының аулы емес. Тыйыл енді, – деді.

Осы кезде бір топ кісі қатты даурығып кеп Алдаберген софының үйінің алдына тоқтады. Ақбала мына әлденеге даурығып келген ашулы топқа еріксіз назар аударып еді, көп кісінің ішінен осыдан үш күн бұрын әкесіне жіберген ақи көз жігітті көрді. Бет-аузы қызыл ала қан. Басын ақ шүберекпен таңып алған.

– Қу шұнақ шалдың кімді қорлағаны, әй? Кімді басынғаны, ә? – деді Алдаберген софы аңырып.

Ақбала ішке кіруге ғана шамасы жетті. Сұлдері құрып, төсегіне жете алмай, жолда тұрған адалбақанға бойын сүйеп асыла кетті. Сүйткенше болмады, бұған

көңілдес бір келіншек сырттан сүріне-қабына кірді:

– Мырза кеп аттан түсіп жатыр.

– Құдай-ай... Не пиғылымнан таптым...

– Қайтесің, шыда!..

Ақбала көз жасын күшпен іркіп тұр.

Жасағанберген сыртқа шықты. Басында құндыз бөрік. Иығында түлкі ішік. Елге келгеннен бергі әдет бойынша ол бүгін де төсектен тұрған бойда үй сыртындағы ақ шоқалақтың басына шығып, біраз сейілдеп бой көтеріп қайтпақшы еді; бірақ, ызғырық, суық желден денесі тітіркеп кетті де, үлкен үйдің күншуақ бетін ықтап тұра қалды.

Қасына Тәңірберген келді.

– Жасанжан, бүгін қалайсың? Ұйқыңды қандырып тұрдың ба?

– Жақсымын, аға.

– Іншәлла, енді жаман болмассың. Туған жердің топырағы кісіге майдай жағады ғой. Көре қал, көп ұзамай етке шыға бастайсың.

Сырқат жігіт кіржің етті. Еш нәрсеге зауқы шаппай, өзінен өзі берекеті кетіп, жүдеп, кірбиетін де жүретін әлдеқашаңғы әдет. Тәңірберген түк сезбегендей жанарын алысқа тастап маңқиып тұр. Сұлу мұрты жілік майын жаққандай күн астында жылтырайды. Сонау жақта ыңыранып, талып естіліп тұрған теңіз сарынына бір сәт құлағын түріп, тың тыңдап алды да, жүзін інісіне бұрды:

– Байқайсың ба, осы теңіз ашулы-ау! Өкіріп жатқанын көрдің бе? Мынау өксігі.

– Ища-а!

– Мезгілі ғой.

– Иә, әр нәрсенің өз мезгілі бар.

– Шай іштің бе?

– Жоқ... Неге екенін білмеймін, асқа тәбетім шаппайды.

– Жүр, шайды бүгін бізден іш!

– Мақұл, болсын. Жүр... – деп, жас жігіт тез пейіл білдіріп, ағасының алдына түсе берді де, кенет тоқтап тұра қалды. – Осы... ауылда отын жағы қалай?

– Отын?

– Иә, отын...

– Оны қайтесің?

– Кеше... софы ағамның бәйбішесі сауыншы әйелге тезек бермей, шаңқылдап ұрысып жатқанын көріп едім.

– Сондай ұсақ-түйекке көңіл бөліп қайтесің?

– Күн суытты... Бейшаралар, тым құрыса, от жағып... үйлерін жылытып отырса...

Тәңірберген інісін ертіп ішке кірді. Төрге шығып бара жатып алдынан тік тұрып күтіп алған Ақбалаға ыңғай бермеді:

– Шайыңды әзірле!

Ақбаланың аяғы ауырлап қапты. Күйеуінің соңын ала кірген кісі басқа емес өз қайнысы болса да, кең көйлек астынан біліне бастаған қарнынан қымсынды ма, шай камдап жүріп бойын жаза алмай қымсынып болды. Қара дақ секпіл шала бастаған аппақ жүзі мұңданып, кісі алдында көзін төмен сап жүретін бопты. Күйеуі мен қайны алдына дастархан жайып, шай жасап, бәйбішеге бәрін әзірлеп берді де, өзі ас үйге шығып кетті.

Жас мырза жаңа көргендей Ақбалаға жалт қарады. Жұрт алдында өзін ұстай білетінін бұрын да байқаушы еді; осы жолы да аяғын әдеттегідей асықпай, ырғап басып жөнеліп бара жатқан Ақбаладан көзін айырмай жөнелтіп салды. Осы бейшараның жазығы не? Тәңірберген. Қиқар

әкесі мен осы ауылды татуластырып делдал дәнекер болғысы келгені ме? Онысы аяғында өзіне кесір болды. Ақбаланы аяды. Кейде бұрынғы әдетпен қойнына кіріп барғысы кеп аңсары ауып тұрады. Ыстық құшаққа бір кірсе, е, оның аржағындағы еркектің жайын біледі де, босаңсып бара жатқанын байқап өзін дереу қатайып ала қояды.

Ақбала шығып кеткесін, кесеге жұққандай қызыл күрең шайды асықпай, баптап ішіп отырып:

– Жасанжан, осы сен кедейдің сойыл соғарысың. Бірге тусақ та, бізден гөрі ішің соларға бұрып тұрады – деп, мырза ойының ар жағын ашпай, інісіне күлімсірей қарады.

– Иә... айта бер!

– Кедейдің қызына үйленуге қалайсың? – деді де, көзінің қиығындағы әлгі жымысқы күлкі жылтындап інісін бағып қалды.

Жасағанберген бұны әлгі бір сөздің орайына қарай айтылған әзіл болар деп ойлап:

– Әйел алуға да қабілет керек екен нансаң, өз басым ауылға аң келсе қорада жатып үретін софы ағамның ала мойнақтары секілді, қызға қырсызбын – деп еді.

«Қуын көрдің бе? Қайда бұрып бара жатқанын қара!» – деді Тәңірберген ішінен.

– Мына балықшылар аулында бір Ләйлі бар, тек Мәжнүні болмай жүр.

– Тағы не пәле шығардыңыз, аға?

– Шырағым-ау, қатын алу, бала сүю пәле емес, құдай бұйрығы. Қалай туласаң да, соңыра сен де бір ноктаны басыңа киерсің.

– Ну, к черту. Қойыңызшы!..

Тәңірберген ендігі әңгімені оңаша отырып сөйлескісі кеп, әйеліне:

– Дастарханды жина, – деп әмір етті.– Өзің де шыға тұр!

Бәйбіше күйеуімен тақымдасып қатар отырып шай құйып бергені болмаса, ол қазір үй ішінің шаруасына араласпайтын. Ол ауыз үй жаққа дауыстады. Ешкім үндемеген соң қара сүр бәйбіше қаһарға мінді:

– Әй, керең болдың ба? Самауырды әкет!

Ішке Ақбала кірді. Самауырды көтергелі еңкейе беріп бәйбішенің құлағына аузын апарып:

– Басқа сөз таппадың ба? – деп еді.

– Адыра қал! Төркіні жоқ, тұл тоқал! Сені ме... сені енді төбеге ұрып отырып жұмсаймын, – деді бәйбіше.

Ақбала самауырды сыртқа ала жөнелді. Жасаған берген аяқ астынан ширығып, орнынан атып тұрды.

– Жас адамсыз, оқымасаңыз да қалаға барып татар байларымен араласып жүресіз. Екі әйел... екі әйел алғаның ұят қой! Масқара ғой! – деп, бозғыл беті ду етіп, саусақтарының ұшы дірілдеп өңіріндегі түймелерін жұлқылап, тартқылай бастады. – Ну!.. Ну, настоящий феодал!

Қатты ашу кеудесін қысып, қып-қызыл боп булығып тоқтады. Осыдан кейін біразға дейін өзіне-өзі келе алмай, ақ торғын орамалмен маңдайын, бетін сүртіп үйді ерсі-қарсы кезіп кетті.

– Ей, шырағым, – деді Тәңірберген, – сөктің екен, бізге түсіндіріп сөк. Жасы үлкен кісіні сөгетін боқтық сөзге біздің тіліміз де кенде болмас.

– Үлкен... Үлкен... Ауыз ашса тек үлкендігін сәдеттеп шыға келеді. Кіші болғанша күшік бол дейтіні тағы бар. Мен бірақ... кхе, кхе... күшік бола алмаймын!

Жасаған берген күрк-күрк жөтеліп жүріп ішігін киді. Бөркін киді. Түрме белбеумен белін буды да, төр алдында міз бақпай сазарып отырып қалған ағасына көз сал-

мастан сыртқа ата жөнелді. Есік алдында жатқан иттің аяғын басып кетті. Қыңсылап қалған итті қайырыла бере қамшымен тартып жіберді. Әлі де ашуы тарқамай, ызаға булыққан жігіттің ілелі арық жүзіне тарам-тарам қан жүгіре бастады. Дір-дір еткен қолымен жаңа ит ұрған қамшыны тобылғы сабынан қысып ұстады да, төңірегіне көз тастады. Төбеге кеп қалған шағырмақ күннің нұры жарқырап, жаз бойы мал жайылмаған қора маңының қау шөбі – теріскен, изен, жусан – ұзарып солып, күзгі жел астында дір-дір қағады.

Жас жігіт ағасымен екеуінің арасындағы әлгі бір түс шайысқан кикілжіңнен кейін ішке қайтып барғысы келмеді. Малай жігіт ерттеген атқа мініп, тазыларын ертіп жүріп кетті. Әуелі құм ішінен қоян іздеді. Онан ауыл сыртындағы қара адыр қатқақты ат тұяғымен тасырлатып жортып жүріп, бұйраттан түлкі қақты. Бірақ, аң қашпады. Жас жігіт те құлық қойып аң іздеп жүрген жоқ; күні бойы ерсоқты боп қалжыраған кезде Бел-Аранның басына шықты. Бұрын Бел-Аранды мұншалық биік көрмейтін. Осы даладан нелер жылдар жел-құзы мүжіп тастаған кішігірім жапырық шың көретін. Басына шыққанда кісі табаны жерден үзіліп, көкке бір-ақ көтеріліп кеткендей екен. Сол сәтте көз алдында жатқан осынау шетсіз-шексіз дала тіпті далиып, қол-аяғын созып жібергендей болды. Жасаған берген үнсіз сарылған мылқау далаға енжар қарап тұрды да атын тебінді. Әлі де болса ауылға қайтқысы келмей, ақ арғымақты жалғыз аяқ ешкі ізге салып, шың қабағын қиялап, теңіз жағасына құлады. Күн суытқалы теңіз беті бұрынғыдан да қатты түтігіп, зәрлене қарауытып ыңыранып жатыр екен. Қатар алдында су кәдімгідей қоюланып, дөңбектей-дөңбектей ауыр толқындар ақырын лықсып түйлігеді. Мұз айналған жағалау, тіпті толқымай, құр кілкілдеп ақ қаймақтана бастапты.

Жасағанберген бұған да ден қоймай, көз алдындағыларды сырттай салғырт сезініп, бытпылдық шоқалақ арасымен атын ақырын бастырып келеді. Шоқалақтың бірі – үлкен, бірі – кіші. Бәрінің басына жыңғыл өскен.

Сырт жағынан біреудің:

– Уай, бұл қайсың? – деген даусы шықты. Жас жігіт ат басын іркіп тоқтай қалды. Жол жиегінде өзін тосып тұрған балықшы шалды көріп, жалма-жан аттан домалап түсе қалды. Мөңке осы жігіттің ана жолы урядник тергеуінде шыр-пыр боп Кәленге ара түскенін ұмытқан жоқ еді.

– Шырағым, жасың кіші болғанмен, жолың үлкен. Құдай айдап ауыл үстіне кеп қалған екенсің, үйден дәм татып кет, – деді Мөңке.

Жас жігіт бұрын-соң балықшылар аулында болған жоқ-ты. Жерқазбалар оған көртышқан илеуіндей көрінді. Сол сезім ішке кіргесін де ойынан шықпады да, қолаяғын көсіле алмай, етек-жеңін жинап бір уыс боп отыр еді.

– Балам, осы күні патшаның өз басы да әңгімелі болып жатыр деген не? – деді Мөңке.

– Рас, ақсақал.

– Апыр-ай, ә! Біз... мына қара халық... жер басқан пендеде патшадан асқан мықты бар деп ойламаймыз ғой, жүдә. Көкте құдай, жерде патша деуші едік. Балам-ау, сонда патшамен жауласып жүрген қай мықты?

– Патшамен бе?

– Иә.

– Қалай десем екен? Бір сөзбен айтқанда, ақсақал, төңкеріс болды.

– Төңкеріс?.. Патшаны төңкеріп тастамақ па сонда?

– Иә, солай.

– Не қылса да олар да осал болмады ғой. Текті жерден шыққан шығар?

– Жоқ, олар осы өзіңіздей кедейден шыққан кісілер.

– Солай ма? Е, онда патшаның да бағы қайта бастаған екен. Дұрыс қой. Дұрыс қой. «Мың асқанға бір тосқан»... Эхе-ее-е!..

Жасағанберген көп отырмай, қоштасып жүріп кетті. Жас жігіт балықшылар аулынан көңілсіз аттанды. Осыларды түк білмейтін керең кісідей көретін. Осы даланың әне бір ініне шөп таситын сұр тышқаны сияқты бұл пақырлар да бір күн, екі күн емес, өмір бойы таңның атысы, күннің батысы көк теңізден су кешіп балық аулап қатынбаласын асырағаннан басқа ой да, арман да жоқ шығар дейтін. Жоқ, әй... көрдің бе жаңағы шалды. Бұлардың да ұғымы өзгерген. Жер тәңірісі деп жүрген ақ патшаны ана жақта жағадан алып жатқан бір құдірет күштің барын бұлар екеш бұлар да сезіп, төңірекке құлағын тігіп елеңдесіп отыр. Бір ғажабы, соған қынжылған түрі жоқ. Қайта табалағандай ма, қалай? Иә, табалады. «Мың асқанға бір тосқан» деді-ау! Апыр-ай, бұл заманға не болды? Не боп барады! Жас жігіттің ат соққан денесі енді, тіпті, қатты титықтап, тас тиген жапалақтай ерге шөгіп қалды. Жаңа оның балықшы ауылдан жабырқау аттанғанын көрген кісілер әр саққа жүгіртті. Мәселен, Мөңке: «Бай мырзасы үйімізді қомсынды» деп ойлады. Судыр Ахмет: «Іші-сыртын бірдей ғып тойдырып жөнелтпегесін қонақтың қабағы қайдан ашылсын» деп ойлады. Ал, Жасағанберген келерінде төңірегіне сұқтана қарап көз салып, кетерінде сүлеленіп, иығы түсіп бара жатқанын көргенде Қарақатын тіпті басқаша түйді. Ол балықтан үсті-басы малмандай су боп келген күйеуін де күтіп алмай, үй жағалап жүгіріп жүр:

– Не білгенің бар? Бай ауылдың мырзасы келіп кетті ғой. Балықшы ауыл атансақ та, құдайға шүкір, жұрттың азы мен тозы емеспіз. Бай ауылдың маңдай

алды жігіттерін өзіміз аяқтандыруға қарадық. Ана жолы Тәңірберген Ақбаланы тоқалдыққа алса... енді оқыған мырзасын тағы біз аяқтандырғалы тұрмыз. Көрерсің де білерсің, әлгі жігіт біздің Айғаншамызды... ие, ие, аспандағы айымызды әкеткелі жүр.

– Оны қайдан білдің?

– Ай, ойбай-ай! Мен білмейтін жердің астында ғой. Жігіттің бетіне осылай бір қарадым да, бәрін біле қойдым. Қызды көрем деп көзі жылтындап келіп еді. Көре алмағасын, эне, энекей... ұнжырғасы түсіп сүмірейіп кетіп барады. Ой, не қыласың?! Жас мырзаның сыртынан қарап тұрып, қыбым қанғаны сонша... өз санымды өзім үзіп-үзіп алдым!

Қарақатын келесі жолы әңгімені жаңағыдан да гөрі үдетті:

– Несін жасырайын?! Қазір Тәңірбергенмен арамыз жақын ғой. Аулына барғанда ол бізге Айғаншаны інісіне алып бергісі келетін ыңғайын танытып еді. Жастардың арасына жеңгелік ет деп еді. Оқыған жігіттің мына келісі тегін емес екенін білдім, бірақ жігіттің біздің үйге түспей, ана жаман Мөңкені сағалап келгеніне күйіп кеттім. Сосын, қызға жетіп бардым да, «ал, сорлы, үйден шықпа, – дедім. – Сені көрейін деп жігіт келіп отыр, бай ауылдың бағлан мырзасы, – дедім. – Бірақ сен де осал емессің, шошаңдамай отыр былай» – деп, қызды қозғалтпай қойған мен... мен ғой.

* * *

Мөңке мен Төлеу ау қарап қайтты. Екеуі де үнсіз. Екі-үш күндікте қатқан көкше мұзды тайғанақтап сықыр-сықыр басып келеді. Төлеу тіл қатқалы оқталса да бата алмады. Қарт балықшының қабағы қатыңқы. Еламан,

Кәлен, Райдан айырылып сағы сынып жүргенде бұған тағы бір тосын пәле тап болды. Қай заманнан ыдыс-аяқтары араласып отырған Доспен қазір дүрдараз. Қатар отырған екі үй бір-біріне қатынамай қалды.

Қарақатынның жайы белгілі. Бұл тұста Мөңке Досқа өкпелі. Басқаны қойғанда, ол шіркін ауыр өмірдің азабын бірге көтерген қашаннан бергі кәрі дос емес пе?! Жер түбінен бірге жасасып келе жатқан тату-тәтті шағын бір ғана түс шайысудың тұсында қалай ұмытты?

Мөңке бұны тірі жанға тісінен шығармаса да, ішінен қатты қиналады. Қысқа қарай жалғыз кісіге мұз астынан балық аулау қиын болғасын Төлеуді серік қып қасына қосып алған-ды.

– Асымдықтан ауысқан балықты көршіңе берерсің, – деді Мөңке айырылысар жерде.

Төлеу үйіне бұрылды. Кенжекей есік алдында отыр еді, күйеуін күндесінен бұрын көрді. Күндесінен гөрі бұрынырақ түрегелсе де, сонан артыққа батылы жетпей, ысырылып кейін шегініп кетті.

Балжан жайшылықтағы суық қалпын бұзбай, орнынан ақырын түрегелді. Төлеудің су киімдерін шешіндіріп жатып:

– Көйлегің кірлеп кетіпті, шешіп бере ғой, жуып тастайын – деп, күндес әйелдің әдеттегі тіл тапқыш сиқырлығына бақты.

Кенжекейдің өңі сынық. Қазір оның балалары да бұйығы. Бұрынғыдай анасынан жоқты сұрап, жөнсіз қыңқылдамайды. Осы үй анасын шеттетіп жүргенін сезген бала күн санап реніш пен ызаны ішіне жиып, дықтанып өсіп келе жатқан-ды.

Кенжекейдің қазір күйеуіне әбден көңілі қалған. Күндіз үй ішінің күйбең-күйбең шаруасымен күн өткізсе де, түнемелікке қарай осы күнгі өзінің басындағы

қорлық халге азарланып, ызаға булығып, жүрегі жарыла жаздап жатса да, дыбысын шығармай, жас сәбиін бауырына қысып алады. Ол, әсіресе, өткен түні таң атқанша ұйықтай алмай, күйеуі мен күндесі жатқан жаққа құлағын тігіп, қасіретке уланып жатыр еді. Бір ыстық қол басынан сипап, үнсіз жақындай берді. Кенжекей дір етті. Бауырындағы баланы тастай салды да, түн жамылып келген әлгі ыстық қолды шап беріп ұстай алды:

– Сен бе?

– Тсс. Ме-меее...

Қараңғыда жүзін көре алмады. Даусы да сыбырлап шығады: тек ыстық демі, тыныс алғаны бір түрлі. Ауа жетпей бара жатқандай танауы шуылдап келіншектің қойнына кірді. Ыстық демі әйел денесін өртеп барады. Төсек тарлық еткендей өз бойымен Кенжекейді іргеге ысырып, салған жерден қызылға түскен бүркіттей, айшайға қаратпай тықсырып ала жөнелді. Басқа кезде, бәлкім, Кенжекей мына қимылдың сөлекеттігін білер еді. Осы жолы қу нәпсі бұның өзінің де құлқынын құртып баратты ма, сөніп қалған жалынды қайта тұтатып, қойнына кіріп келе жатқан еркекті құшақтай алды:

– Сенсің бе?

– Ииее... мее...

– Көз жасым саған да жеткен екен ғой...

– Иээә... сееттіі... Ке-кееллдім... сеңесее...

Кенжекей шапшаң серпіліп іргеге тығыла қалды. Дір-дір етеді. Қалау енді ай-шайға қарамады. Әлгіден кейін іле-шала қайта ұмтылып Кенжекейді құшақтамақ болып еді; Кенжекей қорғаныш іздегендей, ірге жағында жатқан кішкентай балаға жабысты. Қалау оған да тоқтамағасын күйік көтерген әйел ұятты қойып:

– Құдай-ау, – деп үйді басына көтере айқай салды. – Ендігі көрсетпегенің осы ма еді?! Бұл қай қорлығың?

Қалау тоқтар емес, арсыз өлермендікпен үнсіз ұмтылып, әйелдің аузын басып, қолын қайырмақ болып еді, Кенжекей оны дәл кеудеден түйіп жіберді.

– О, қара бет!.. Кет! Жо-ғал!

Қалау кереуеттен жерге дүрс етіп құлап түсті. Үй іші тастай қараңғы. Бір жан үндемеді. Төлеу де үнсіз. Кенжекейдің төсегінен не бары қол созымдай ғана жерде, кіші әйелдің қасында жатыр. Інісінің қылығын құптағандай тырп етпей жатқанына әйелдің жаны қатты қорланып еді. Тар төсектегі жаңағы алыста оянып кеткен жас балаға да бұрылмай, жастықты бауырына басып құшақтап алды да, өкіріп жылады.

Ертеңіне Айғанша жеңгесінің қасына кеп жатты. Осы күннен бастап Айғанша үйде отырғанда Кенжекейге бұлардың ешқайсысы көз алартпады. Бұл үйде Айғаншадан ықпайтын жалғыз Қалау. Ол бүгін тағы да тосын ермек тапты. Төр алдында шалқасыған түсіп шалжайып жатып алды да, мұздай ошақтың алдында өзімен-өзі ойнап отырған Кенжекейдің үлкен баласына:

– Әй, Өтес, пері кел! – деді.

Ағасының қолы батып қалған жеті жасар сары бала орнынан қозғала қоймап еді, Қалау жастықтан басын көтерді. Бірақ, тұрған жоқ; тек төсегінен құйрығымен сырғып түсті де, баланы бір жұлқып, жалп еткізді.

– Менімен пірге туғаның рас па?

– Р-рас.

– Онда сылама.

Өтеш жасын жұтып, дір-дір етіп тұр. Қалау енді оған:

– Күл! – деді ақырып.

Өтеш жас мөлтілдеген көзімен ағасына жалына қарады.

– Ой, күсік, күл дедім ғой саған.

Өтеш ыржиды. Қалау осы балаға не айтса соның бәрін істете алатынына ырза болғаны сонша, таңырайған қос танау шуылдап, ыржалақтап күле түсті де, тағы да түсін тез суытып:

– Сен осы кімнен тудың? – деп еді.

Қарт әжесі Өтешті «сүт кенжем» деп емшегінен айырып, өзінің бауырына басып еді. Өтеш Кенжекейден туғанын білсе де, өзінің бойындағы анаға деген ыстық сезімін сыртқа шығара алмай, үнемі ішінен булығып жүретін.

– Ой, салым! Үндемеуін қарас. Әсемнен тудым деп тек пер сағымен айтады.

Ызақор бала иегі кемсеңдеп, күшпен тежеген жас көзінде мөлтілдеп тұр. Қалау енді оның жер-жебіріне жетіп:

– Сен ана саман қатыннан тудың – деп, Кенжекейді көрсетіп еді, бала:

– Жоқ, жоқ, онан туғам жоқ, әжемнен тудым, әжемнен тудым – деп, азарда-безер болды.

Анадағы оқиғадан кейін Кенжекей назарын тіктеп қайнысының бетіне қараған емес-ті. Үй ішінде әлдеқалай кездесе қалса да, Кенжекей бетін бұрып, теріс айналып кетіп жүрген. Сонан бері Қалау да жеңгесіне қатты өшігіп алып еді.

– Әсеңнен туғаның рас полса, мә, мына көсеуді ал! Ана саман қатынды ұр! Тек, аяма, қатты ұр! – деп, баланы тағы бір пәлеге айдап салды.

Ағасы берген көсеуді Өтеш қос қолымен ұстауы ұстаса да, бірақ орнынан тырп етпей дір-дір етіп тұр.

– Ой, салым!.. Анаңды аяп тұрсың ба? – деп, Қалау баланы қайрай түсті. Бала рахымсыз қатал ағаның екі көзін айырмай бағып тұрғанын көрді.

– Ұр! Ұр! – деді Қалау.

Бала бықсып жанбай жатқан отты үрлеп жатқан Кенжекейді бара сала шыныменен аямай ұратындай жүгіріп барды. Бірақ дәл ұрар жерде қолы бармай, дірдір етіп тұрып қап еді, сол сәтте сырт жағынан:

– Ой, күсік, ұр! Ұр, – деген әмірді есітті.

Бала қолында көтеріп тұрған көсеуді қалай сілтеп қалғанын білмеді. Көйлекшең отырған Кенжекейдің қарына темір көсеудің тұмсығы қатты тиген-ді. Кенжекей көсеу тиген жерді қысып ұстады да, дем алмай отырып қалды. Сонан бір кезде баласына бұрылып:

– Ай, Өтешжан-ай, саған не дейін... баласың ғой әлі! – деді ақырын, ашу-зілсіз, жәй ғана.

Өтеш көзіне жас құйылып тұрса да, жұрт алдында жылай алмай, иегі дірілдеп, көгеріп қатты да қалды. Қалау мәз боп, санын шапаттап жатыр еді, ертеден бері Қалаудың істеп жатқан бүлігін үнсіз бағып отырған Төлеу орнынан атып тұрды. Бара сала інісін жағасынан жұлқып:

– Өй, ит!.. Тұр! – деп ақырып еді, Қалау ағасының қолын қағып жіберген бойы ең бір жанды жеріне қойып қалды.

Бала кезде Қалауды тай теуіп, бет сүйегі жарылып, сол арасы кейін тыртық боп біткен-ді. Тұяқтың орны қазір ырсиған тыртық. Әсіресе, ыржалақтап күлгенде бүтіл беті бір жағына қарай ырсия қисайып, ұсқыны қашып кететін-ді. Онсыз да өзінде құлақ жоқ. Мойын жоқ. Бұзаушық сабындай басты бауырына үлкен ызғармен тартып, сүзеген тайынша бұқадай төбелеске әзір тұр екен. Төлеу бір кісіге дербес әлі келетін. Әсіресе, кара білек, бірме-бір төбелесте ешкімге дес бермейтін. Ол інісіне үлкен ызғармен ұмтыла берді де, тұра қалды. Анадай жерде ағаш төсекте жатқан ананың көзіне көзі түсіп еді. Анасы екі күннен бері тіл-жағы байланып, үй ішін көзімен жеп жатқан-ды.

– Тұра тұр, бала. Бұл үйде енді қай жеңгеніміз тұрамыз.

– Полсын. Оған да тұрам.

Төлеу анасына барып еді. Қара кемпір онан көзін аударып, жүзін басқа жаққа бұрып әкетті. Бұл түрі: «Бар сенгенім сен едің. Сенен де түңілдім. Тым құрыса, анаңның бетін жапқанын күтсең нетті», – деп налып, көңілін ары салғандай.

Айғанша үйге жүгіріп кірді. Табалдырықтан аттай бере қара көзі жалт етіп анасы жатқан жаққа қарады. Со-сын үй ішіндегі жандарға жылдам көз тастады да, анасына жетіп барды. Төсегінің жанына тізерлеп отыра қап, анасының мұздап бара жатқан қолын ұстады.

– Апа..

Кемпір қызының қолын ұстап ерніне апарды. Бұрын-соң анасының мұншалық елжірек кезін көрмеген Айғанша үрейленіп кетті.

– Апа!.. Апа-еке!..

Кемпірдің әлсіз саусақтары ақырын жазылып, уысы босап баратты. Сол екен, көрпе астында жатқан ірі дене ышқына бір созылғандай, қол-аяғы қапелімде ұзарып кетті. Айғанша өкіріп жылап, анасын құшақтап үстіне құлады. Екі келіншек екі жерден дауыс салып, балалар үрпиісіп, үй іші әп-сәтте у-шу болды да кетті.

Дәл осы кезде есік ашылып, мойнына ат дорба салған сегіз-тоғыздағы бала басын ішке сұға түсті де, дереу кейін тартып алды. Осы қазір баланы итермелеп ішке кіргізіп жіберіп, өзі жалт беріп сыртта үюлі жатқан отынның ар жағында тығылып тұра қалған Судыр Ахмет тасадан дедектеп жүгіріп шықты:

– Не болды? Не боп қалды?

– Жылап жатыр.

– Кім?

– Бәрі... Бәрі жылап жатыр.

Судыр Ахмет үй жақтан шыққан тарғыл дауыстарға құлақ салып селтиіп тұрды да:

– Ә-ә-ә! – деп басын изеді, – кемпір әл үстінде жатыр еді. Дұрыс... дұрыс! Иманы жолдас болсын... Жүр... Жүр, кеттік! Мына арадағы Әліби аулына барайық!

– Иттері қаппай ма?

– Қаппайды. Қасыңда мен жүргенде неден қорқасың?

– Қайыр-садақа бермесе қайтем?

– Тек, тек әрі! Басқа кезде бермегенмен, ауызашарда жұрттың қолы ашылып кетеді.

Биыл қораға кірерде Судыр Ахметтің жалғыз атын қасқыр жеген еді. Оның үстіне қарап жүрмей балықшылармен түс шайысып, әсіресе, апыр-ай... Апыр-ай... жазған басым-ай, көтті жуан белден қысып, жөніме қарап жүрмей, қазіргідей абыржының тұсында үй іші қазан қайнататын үнем таппай, тарығып отырғанда ауыс-күйісі мол Мөңкені ренжітіп алғаны... Қап, қап, не қыласың?.. Бәрінен бұрын осы жағдай бұның жанына қатты батты. Дос үйірсектеп бауырына тартқанмен, бірақ сол қара пәледен не шықсын? Енді, міне... күнбе-күн қазан қайнатып отырған асымдық балықтан қағылып, бала-шағалы үй үйітіліп отыр. Кей күндері мұздай үйде бұратылып аш жататын боп жүрген-ді.

Басқа амал қалмағасын осы ел ораза ұстағалы Судыр Ахмет үлкен баласына жарапазан айтқызып жүр. Жоғалып кеткен торы аттың жем дорбасын баланың мойнына салады. Сосын баланы қолынан жетелеп жүріп, аяқ жетер жердегі үйлерді аралатып шығады. Қабаған иті бар үйлерге қараңғы түскесін өзі ертіп апарды. Иттерді қақпа шекпеннің шалғайымен жасқап, тартыншақтап аяғын баспай тұрып алған баласы бар болғырға:

– Бар, бар! – деп ішке итермелейді. – Ұялма! Жара-

пазан айтқан сауап. Сауабы шаш етектен. Мойнындағы бір парызыңнан құтыласың. Ойбай-ау, оразада айтқан жарапазанға қай мұсылман қуанбаушы еді?!

Бала беттемей, шегіншектей түседі. Жас болса да түйсігі бар бала ораза ұстағалы күні бойы нәр татпай, ауызашарға өзегі талып жеткен жұрт алдына келген асқа жаңа отыра бергенде сыртта ит үріп, іле-шала сықыр етіп есік ашылып, ар жағынан қылқиған мойнына ат дорба ілген қайдағы бір заржақтың келгенін қайдан ұнатсын?! Асқа жаңа ғана аузы тиген кісілер түсін бермей тыжырына қалатынын бала байқап жүрген-ді.

– Әке-ау, бір жан қуанбайды. Мына сор маңдай қақылдап болды ғой... дорбасына қос уыс қара тары сал да шығарып жіберші дейді.

– Ә-ә, сүйдей ме?

– Сүйдейді.

– Десе дей берсін. Ал, сен олардың... дінсіз кәпірлердің сөзін тыңдама. Жарапазаныңды айт, садақасын ал. Со-сын шық та жүре бер.

– Иә, қойшы...

– Қойы несі? Қаршадай болып алып өзің не қылған тілазарсың? Бет моншағың үзіліп кете ме? Қыз емессің ғой сен. Бар дегесін бар! Қалай бастау керек екенін ұмытқан жоқсың ба? «Бір келген он екі айда жарапазан...»

Судыр Ахмет сыртта, отын тасасына тығылып тұр. Әкесіне жалтақ-жалтақ қараған бала кешкі от сәулесі терезе әйнегінен жылт еткен үйге қарай ықылассыз аяқ басады. Ақ пен қызыл арасында ауыз ашып жатқан кісілердің үстіне именшектей кіреді. Алдындағы асқа басы түсіп кеткен кісілерге назарын көтермей, есік алдында тілерсегі дірілдеп тұрып суыққа қарлыққан жіңішке дауыспен әлгінде әкесі үйреткендей: «Бір келген

он екі айда жарапазан...» – деп, көзінде жас мөлтілдеп тұрып алғасын, қайсыбір рахымы түскен үй жүдеу баланы аяп, қос уыс қара тары береді. Кей үй Қарақалпақтан қалашылар әкелген бір көзгелдек жүгеріні баланың мойнындағы дорбаға сап, бұлар құдай қалаған күні ат дорбаны толтырып қайтады. Ат дорбадан ауысқан бірдеңе болса Судыр Ахмет шекпеннің шалғайына салып, әйеліне сырттан дауыстап, сүріне-қабына ішке кіреді:

– Уа, қатын... қайдасың? Ыдысыңды даярла!

Сыр мінез Бибіжамал бүгін олжалы қайтқандарын біліп, қазанға су құяды. От тамызады. Күні бойы терезесі қырауытып тұрған мұздай үйдің ошағында от маздап, аш кісілердің жүдеу жүзіне қан жүгіреді. Олжалы қайтқан күні Судыр Ахмет өзін тежемей, оңды-солды лепіріп, ара-арасында шықылықтап күліп, шалқып отырғаны.

– Қатын, тарықпа! Құдай қаласа, орананың тұсында өзіңе қыстық азықты жиып берем. Тек ерте бастан күтініп, қаптарыңды әзірлей бер.

* * *

Ертеңгі шайдың дастарханы жиналғалы алдақашан. Енді түс те таяу. Сырттағы сықырлаған сары аязға карамай, төбеге келіп қалған күн терезеге төніп, жайдақ бір бөлмені жадыратып жібергісі-ақ келіп тұр. Бірақ Сүйеу қарт зәрлі. Көз алабы қызыл. Ар жағында қандай да тұтай алмай, түтігіп тұрған ашу бар. Ертеңгі шайды ішкесін де орнынан қозғалмай, тіп-тік боп тура алдына карап отыр. Ақ кірпікті анда-санда бір қағады.

Кемпір аз ғана малдың астын жайлап, енді түскі астың жабдығына кіріскелі жатыр еді; әлі күнге өздігінен отыра алмайтын болғасын айналасын көрпемен мүйеттеп

қойған кішкентай Әшім әжесін көре сала талпынып, қолын созып жылай бастады.

– Ой, заржақ!.. Даусын қарашы... Тұп-тура шекеңнен шығады. Аузына құм құйып қатыра қояр ма еді өзін, – деді Сүйеу кірпідей жиырылып.

Кісі баласы түгіл, өз балаларына еміреніп көрмегенді. Балалардың ішіндегі кенжесі болғасын Ақбаланы кішкентай кезінде жақсы көрді. Онда да оңаша-оңашада қасына шақырып, бауырына қысатын да құшағын тез жазып: «Бар! Бара ғой!» – деп қоя беретін. Тек кейде, сірә бір жаны елжіреп жақсы көргенде де бетінен сүймей, құр иіскелеп, көйлегінің омырауын уысына жиып, құшырланып, шайнап-шайнап тастаушы еді.

– Жұбат!.. Жұбат, ана жағына жылан жұмыртқалағырды!

Кемпір баланы қолына алды. Шалына көзінің қиығын да салмады. Кәрі көңіл қатты қалған. Анада Тәңірбергеннің арнап жіберген кісісіне аса таяғын ала жүгіріп, сабап жатқанда бұл арашаламақ боп шыршыр қағып еді, шал бұның өзін қоса сабады. Кемпір таяқ жесе де сол арада тілін тартқан жоқ. Ертеңгі күні Тәңірберген өшін Ақбаладан аларын ойлағанда қарт ана тіпті не болғанын білмей, ойбайлап шашын жұлғанды. Қазір бұларға көршілер де қатынамайды. Бұрынғы әдетпен жазатайым келе қалған кісілер шалдың түрінен жасқанып, темір істік ұшында отырғандай қипақтап-сипақтап ізінше тез шығып кететін.

Кейінгі кезде салық көбейді. Халық бір салықтан құтылып «уһ» деп дем ала бергенде ояздан жаңа жарлық келеді де, старшындар, болыстар жаны қалмай, екі етегі далпылдап шаба жөнеледі. Жауыр аттай ығыр болған халық қыр басынан қара қылт етсе де, иманы ұшып: «ойбай, салық келе жатыр» деп, зар қағып қоя береді.

Салық көбейіп, алудың аты көбейгелі халық бірін-біріне шатыстыра бастады. Ел іші кейін оның да әдісін тауып, салықтың әрқайсына ат қойып, түстеп-таңбалап алатын болды. Биыл қыс түскелі «ақ қой» салығы шықты. Үй басына он-он бестен жиған қойды қыс ішінде қалаға айдап апара алмайтын болғасын қан-жоса ғып сойды. Терісін сыпырып алған қойларды ақшұнақ аязда аппақ қып қатырып шанамен қалаға жөнелтіп жатқан-ды.

Түс кезінде Ебейсін кірді:

– Салаумалекум...

Қақ төрде отырған Сүйеу қарт оған сыртын беріп, иығындағы шапанның етегімен тізесін қымтап астына басып алды.

– Ақсақал, үй басы екі қойдан...

– Салық па? Ол қандай салық?

– «Ақ қой» салығы.

– «Ақ қойды» алып болған жоқ па едіңдер?

– Еселеп түсті.

– Сендерге бір жеген аз болды ма? Енді еселеп жейсіңдер ме? Жерсің!.. Жерсің!..

Ащы даусы қақпанға түскен күзендей шақылдап, әр сөзін ашумен, ызамен үзіп-үзіп айтты.

– Ал!.. Ал!.. Ақ қой аз болса қара қойды ал... Қоса ал!.. Қосақтап ал!.. – деді де, тыйылды. Енді қайтып үндемеді. Осы ашу келесі күні де тарқамай, қан-сөлсіз аппақ беті қатты жыбырлап отыр еді. Сыртқа күл төгуге бара жатқан кемпіріне «тоқта» дегендей, белгі берді. Қайырылып тұрған кемпірге көзін салмай, қырын қарап отырып:

– Келінге жолық... Қазір жолық... Жылы толды. Көңілінде қандай ойы бар екен?.. Біл! – деді.

Үсіп өлген Итжеместің әйелі артын күтіп әлі жесір отыр еді. Келінін абызынан шығарғысы келмеген Сүйеу

өздеріне қараған жігіттердің ішінен ноқтаға толық біреудің етегінен ұстағанын тәуір көретін. Шалымен жанжалдаса бергісі келмеген кемпір Әшімді көтеріп келіншекке барды. Келіншек істеп жатқан шаруасын қоя салып, Әшімді қолына алды.

– Шырағым, мені атаң жіберді, – деді кемпір, – не ойы бар екен деп сөз салып отыр.

Келіншек бұны күтпеген еді. Бүйректей бұлтиған беті ду етіп, іш толқыны өртеген жүзін Әшімге тасалады. Біраз үнсіз отырып, көз жасын сүртіп:

– Ерте ме, кеш пе, осы сөздің алдымды тосарын біліп едім. Мен не дейін? Енеке-ай, мен мұндықтың қойным құтсыз болды ғой. Қайныңмен алты ай отасқанда бойыма бір шала сүйектің бітпегенін айтсаңшы. Мына құсаған бір шаранам болса... – деді құшағындағы баланы бауырына қысып, – байсырап бара жатқан мен жоқ. Қайныңның қара орнын құлатпай, ақ некемді осы оттың басында ақтап өтер едім ғой, – деп еді.

Қарт ана қосыла жылады. Жалғыз қыздың басындағы қасіретке жаны қиналған ана осы күні әбден көңілшек болып алған-ды. Басындағы жаулықтың шетімен аузын басып, дыбысын шығармай ішінен тынып біраз отырды. Мына уыздай жап-жас келіншекті аяды. Оның кешегі жаман Итжеместі ұмыта алмай, арманы үздігіп жүргеніне таң қалды: «Еркектей емес, әйел байғұс жар қазасын ұзақ жоқтайды ғой. Еркек шіркіндер ғой опасыз. Көзі тіріде бақа бас еркектің алтын басты әйелді аяққа басып, үстінен жүріп, өлгесін де төсектегі орны суымай жатып, сұқақтап әйел іздейтінін қайтерсің бұлардың?..»

Шерін тарқатып жылап алған екі әйел етті үнсіз жеді. Үнсіз отырып шай ішті. Сонан бір кезде қарт ана Әшімді көтеріп кеткелі жатқанда келіншек:

– Сөз сала келген екенсіз... Сізден бүгіп қалғанның

реті болмас, – деп қысылып, көзін төмен салып тоқтады – бір қайныңа көңілім ауады... Бірақ басы бос емес, әйелі, бес баласы бар.

Кемпір жақтырмады. Әйел үстіне барған Ақбаланың көрген күні есіне түсіп:

– Ай, қарағым-ай, жастықпен айтасың ғой. Әйтпесе, көңілің қалаған кісі қолыма тиді екен деп, басыңа сор жамап қайтесің?! Бір еркекке телінген екі қатын бір аяқтан ас ішкен екі қаншық емес пе? Етегіңе оратылып жатқан балаң жоқ, өзіндей соқа бас біреу табылар. Бұл ауылға айналма. Өзіңнің қор болмас жағыңды ойла! – деді де, шығып кетті.

Шалы қарт үйде екен. Үстіне кірген кемпіріне кірпік қақпай шаншыла қалды.

– Келіннің сыңайын байқадым, – деді кемпір.

– Иә, не деді?

– Бізге қарағаннан ешкімді қалап отырған жоқ.

Сүйеу оскырына мырс етті. Кемпір жесір келіншектің ендігі тағдыры осы кесір шалдың қолында екенін білді. Сүйеу үнсіз. Бір бүлікті бастардағы әдет. Соны білген кемпір:

– Сүйінші... Қызың ұл тауыпты! – деп, осыған дейін оны аяп, жасырып келген хабарды ашу үстінде айтып салды.

Сүйеу жалт қарады.

– Неге тесірейесің? Сенбесең бар, көр-шілерден сұра! Бұл жиен балаңның аты – Құдайберген көрінеді – деп, ақырындап отырып ащы тілін ызақор шалдың жанды жеріне сұғып-сұғып алды.

– Не дейді?... Не деп отыр мына найсап? – деп, Сүйеу кемпірінен көзін тайдыра берді. Осыдан кейін сүт пісірімдей үнсіз отырды да, бір кезде тағы да оскырына мырс етті:

– Құдайберген дейді? Бұл күшігі – Құдайберген...
Әкесі – Тәңірберген. Ал!.. Ал, әне біреулері – Алдаберген...
Жасағанберген... Әй! Әй, Абыралы әулетін Құдай береді...
Алла береді... Тәңір береді... Жасаған береді...
Әй, сонда біздің балаларымызды кім берді екен? О несі әй? А? А?

Кемпір тысқа шықты. Сүйеу қарт әлгіден кейін тағы да ұзақ үндемей, ішінен булығып қалғандай еді. Кемпір кеткен бойда тез түрегелді. Қарды сықыр-сықыр басып ұзап бара жатқан кемпірдің аяғының дыбысына құлақ сап отырды да, бала жатқан кереуетке жетіп барды. Қызыл көз, теке сақал шалды көргенде бала дәл бір жылан шаңқандай шар етті.

Сүйеу жиен немересін жылағанына қарамай, тас қып бауырына қысты. Қатты көңіл күрт сынып, құлап түсті. Ол енді өзін де, жасын да тежемей өкіріп жылады.

– Сорлы бала... Жетімек... Жетімегім...

* * *

Соның ертеңіне Есбол қария келді. Есбол бұл өңірге қарағанның үлкені. Және сирек көретін сыйлы кісі болғандықтан Сүйеу қарт оған ерекше ықылас білдіріп, сыртқа шығып күтіп алды.

– Кемпір, от жақ. Қазан көтер!

– Сүйеу қарағым, үй ішін әбігерлеп қайтесің? Кісі қартайған сайын барған үйінің қазанынан бұрын әуелі қабағына қарайды. Көңілінді білем ғой.

– Көңіл қонақасы болмайды.

– Қой, қайтесің...

– Жоқ! Жоқ, тіліңді алмаймын. Және жаман інің қонаққа қазанын билетпейді, – деп еді.

– Ой, сөзің бар болсын, – деді Ербол қарсыласқанның қажетсіз екенін біліп, шиқ-шиқ күліп.

Қолы ашық Сүйеу табан аузында бір тоқтысын сойғызып, жары етін қазанға салды. От жағып, қазан көтергенсін-ақ қонақ күткен үй көңілденіп сала берді.

– Есаға, ауыл-ел аман ба?

– Шүкір...

– Қыста қыдырмаушы едің. Қандай шаруа қозғады екен деп отырмын.

– Рас, кейінгі жылдары көршілеріме де қатынаудан қалып ем. Не сұрайсын, жапырағы түсіп, бұтағы сынып сида болған кәрі еменнен қуат қайтқан. Көз көрмейді... Сырқаттана беретін болдым.

– Е-е! Күлге шөккен кәрі бура болдық қой.

– Мендей емес, сен әлі шымырсың. Әрі жассың ғой.

Екі қария осыдан кейін біразға дейін әрқайсысы өз ойымен оңашаланып, алдарына келген шайды үнсіз ішті. Есбол қария Сүйеуге көз қиығын бірер тастады. Бұл осы жолы бастасына бір оқшау шаруамен келіп отыр еді. Бір ай бұрын Ақбала: «Әкемнің бетін жұмсартып берсін» – деп, бұған әдейі сөз салған-ды. Есбол Еламанға ең жақын туыс болса да, түптің түбін ойлаған жағдайда осы елдің сөзін ұстаған сыйлы қария және қаһары қатты қатыгез әкеге сөзі өтсе өтетін жалғыз адам осы болғасын, бұл Ақбаланың қиналғанда ойлап тапқан ақылы еді.

Есбол қария Сүйеудің көңілді отырғанын байқап: «Иншалла, жолым болар», – деп ойлады. Шай ішілді. Дастархан жиналды. Бастас кісілер екеуден екеу оңаша қалған бір кезде Есбол қария әдейі келген шаруасын тура айтпай, алыстан, арыдан орағытып келе жатыр еді, қызының атын есіткенде Сүйеу шаңқ етіп:

– Атама!.. Атама кәпірді!.. – деп, ақ кірпігін қағып-қағып қалды.

– Ау, жарқыным, әлі де айтар сөзім бар, әуелі тындап алсаңшы.

– Жоқ!.. Жоқ!.. Тыңдамаймын.

– Қой, Сүйеу, сені де жөн демеймін. Олардың қолында қызың отырғасын жауың шақырса да баратын ретің ғой.

Ендігі әңгімеге Сүйеу тіпті құлақ аспай, қонағына сыртын беріп бұрылып отырды.

– Қартайсаң да қаттылығың бәз баяғысымен қарап тұр екен. Апыр-ай, жан тозса да, ит мінездің мұқамайтынын қайтерсің?.. Илігетін түрің жоқ. Соны білсем де, Ақбаланың мүшкіл халін есіткесін шыдай алмай келіп едім... Жә, амал қайсы, қойдым... Қойдым.

Майы таусылған жалпылдақ шамның жарығы әлсіреп, сәулесі түбіне түсіп тұр. Төрде отырған қонақтың сыртындағы жалғыз терезенің әйнегіне сабалап жауған қар қалыңдап түсе бастады. Үй іші жым-жырт. Сүйеу бармағына толтыра салған көк бұйра насыбайды екі танауына кезек тосып, күсілдетіп қатты-қатты тартады. Олар алдына келген асты да үнсіз жеді. Жаңағы әңгімеге екі жағы да енді қайтып оралмады.

Тек Сүйеудің кемпірі екі шалдың ұрысқан кісідей үнсіз отырғандарын ұнатпай:

– Інілеріңнен хабар бар ма? – деп қонағына тіл қатты.

– Шүкір, хат келді.

– Түрік жерінде соғысып жүр дей ме? Сол рас па?

– Рас.

– Алда пақырлар-ай! «Кебенек кигеннен түңілме» деген. Бір күнгідей болмас, келіп қалар.

– Иә, тірі болғасын күдер үзбейсің ғой. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі...»

– Біз де баласын өсіріп жатырмыз.

Екі інісін еске алса Есбол қарияның көңілі бұзылып қоя беретін-ді. Еламаннан қалған жалғыз нәресте сөз болғанда қария тіпті солқылдап кетті.

Сүйеу кемпіріне жалт қарады:

– Бар!.. Бар! Сүйрендей бермей сорпаңды әкел!

Осыдан кейін әңгіме тыйылып, үй іші тағы да тым-тырыс бола қалды. Ас-су ішілгесін Есбол қария күн кешкіріп қалғанына қарамастан жолға шыққалы жинала бастады. Жүрер алдында әлі де ашуы тарқамай, қырын қарап қырыстанып отырған Сүйеуге бұрылды:

– Айта кетейін, Тәңірберген де ерегіске басыпты. Сен иілмесең о да шарт сынатын сияқты.

– Сынсын!.. Күл-талқаны шықсын!

– Ақбаланы қоя беретін түрі бар.

Сүйеу осқырына мырс етті. Бірақ шіміріккен жоқ. Безеріп алған.

* * *

– Мырза, ауылға да келіп қалдық. Ана көрінген, жарықтық, Ақбауыр! – деп, аттың делбесін ұстап отырған ақи көз жігіт кенет айқайлап жіберді.

Жеңіл көк шанаға жеккен қос құла көшір жігіттің даусына елең етіп, құлағын тіге-тіге қалды. Қос құла мырзаның қыс айында, дәл осындай ұзақ жолға шыққанда мінетін мықты аттар. Теңіз жағасы мен Шалқар қаласының арасында қыс бойы сарнап жататын кіреші жолын кеше қар басып салған екен. Ала-бөле кеше Аяққұмды кесіп өтіп, теңізге жақындаған сайын қысқы жол қиындай түсті. Аттар ара-тұра сүрлеуден шығып, күресін қарға ұрынып омбылап қала берді. Үш күндік жол адамға да, аттарға да ауыр соқты. Әсіресе, тері алынбаған тоқ аттар өз денесін өзі ауырлап барлығып қалды.

Ілгері жақтан үрген иттің даусы шықты. Ауылдың қарасы көріне қоймаса да, ит даусын есіткен аттар енді тіпті ықыластанып, аяғын ширақ алып сыдырта жөнелді. Бұл шақта тықыр түгі тегіс терлеп, буланып алған. Козлода отырған жігіт көбіне қос құланың тас төбесінде

шаншылған құлағын, дір-дір еткен жалын, төңкерген қазандай жалпақ сауырын жоғарыдан көріп келеді. «Басқа малдай емес, жануар, жылқы ауылды адамдай сезеді-ау! Ана қарашы, қамшы салғызбай бірден желіп кеткенін» деп ойлап, ақи көз жігіт ат мінезіне сүйсініп қояды.

Енді тіпті аз қалды. Ілгергі жақтан көрінген, әнебір қыраңға шықса, арғы жағында бай ауылдың қыстауы тиіп тұр. Күні ұзын мал жайымен жүрген малай қатындар, құдай біледі, қазір қолы босап, қазанға ас салып, мазда-тып от жағып, үй ішін көңірсітіп қойған болар. Ауылға келген бойда бұл қос құланы қораға кіргізіп, жылы жабулап қаңтарып тастайды. Сосын қолы босайды. Сосын... Сонан соң... Сонан соң, ой, несін айтасың, үш күнгі жол азабын ұмытып, мырзамен бірге жылы, жарық үйде сүр еттің иісімен демалып отыратынын ойлап, ақи көз жігіт әлден көңілдене бастады. Ән салғысы кеп кетті. Ән салуға қасындағы екеуден қаймықты. Әсіресе, Тәңірбергеннен көбірек қаймығады. Тәңірберген қасына ерген қарашаларын бойына онша жақын тартпай, үйде де, түзде де белгілі бір мөлшерде ұстап отыратын. Өзге кісілермен өзінің арасына әрқашан шекара қойып, ар жақ-бер жақ қып ұстайтын тәртібі қатты жігіт еді. Ол тек осындай жолға шыққанда шұғыл өзгеріп, тап жаңа... жаңа ғана қыз қойнынан шыққандай, көңілі жадырап, әзілшіл, әңгімешіл боп, салт жүрсе жол бойы ауық-ауық жарысып-жарысып алатын-ды. Осы жолы... Иә, осы жолы не болғанын қайдам, шанасына өлік салып әкеле жатқандай. Жұмған аузын ашпады. Кейде шанадан түсіп қалған жоқ па деп ойлап, ақи көз артына бұрылып қарайды. Бұл қанша қараса да Тәңірберген де, Ебейсін де басы бауырына түсіп келе жатады. Жеңіл шана сіреу қарды төс темірмен сыр-сыр тіліп, ағызып келеді. Ауық-

ауық шана қар астында көміліп жатқан әлдебірдеңеге бауырын соғып, шайқалып кеткенде қатар отырған екеу қосыла шайқалып, иықтарының басы қағысып қалады. Екеуі де сүлесок. «Ауылға келіп қалдық», – деген бұның жаңағы қуанышты даусына да селт етпеді. Әсіресе, тері-терсек жиятын жігіттің түкпен ісі жоқ. Қабағы салбырап, қалың беті қабарып меңіреуленіп алыпты. «Енеңді с... , – деді ақи көз ішінен, – шен тимеске шен тиюін! Алды-артыңнан жел ызғып, күні бойы қоқырайып козлода отырсаң, сонда көрер едім сенің әуселеңді».

Аттар кеме қарды әлі де күтірлетіп, омбылап келеді.

– Ойпырым-ай, қыстың репеті қандай жаман?! – деді ақи көз жігіт.

Тәңірберген бұған да үндемеді. Шалқардан шыққалы әлденеге іштей қиналып келеді. Себебін ойлап таба алмаған жігіт: «Ебейсінмен тағы да түс шайысып қалмады ма екен?» деп ойлады. Әнебір тұста да бұлар түс шайысып, бірақ, кейін, әсіресе, кешегі «ақ қой салығы» тұсында қайта табысқан-ды. Енді не болуы мүмкін? Апыр-ай, ә?.. Әрине, тегін емес. Қалай да бұларға жолға шығарда бір пәле көрінді. Қалада ұзағырақ жүріп қалған мырза ауылды сағынып, қаладан қашып шыққандай боп еді. Жолға шығатын күні бұны таң қараңғысынан оятты. Бұл атып тұрып аттарды даярлап, мырза да асығыс-үсігіс оны-мұныларын жинап жатқан үстіне сүріне-қабына татар байы келді. Иә, иә, бар пәле содан болды. Есіктен кірер жерде сүрініп кетті. Өзінде түс жоқ, өң жоқ. Бұған жақтырмай бір қарады да, мырзаның құлағына бірдеңені сыбырлады. Сосын қос қолымен басын қысып ұстай алды да:

– И-и, енді бәрі құрыды! Құрыды! – деп зарлап, өзі тұрған жерге отыра кетті.

– Қой, рас па?... – деді мырза түсі бұзылып.

– Рас! Рас, – деді де, қолын сілкілеп шығып кетті.

Мырза сілейіп тұрып қалды. Әлгінің шығып кеткенін сезбеген сияқты. Жолға кигелі тұрған иініндегі қасқыр ішік иығынан сыпырлып түсіп кеткен. Ақи көз жігіт оған назарын тіктеп қарауға бата алмады.

– Ммыр-за...

– А?

– Жолға...

– Ааа?.. Иә, иә, жолға. Кеттік!

Мырза есін жия алмай, өң мен түстей халде шанаға отырды. Жолға шығарда татар байдың не дегені белгісіз. Не де болса, жан түршігетін сұмдық. Ақи көз жігіт сол сұмдықтың ішіне қалай сыйып келе жатқанына таңданып, жол бойы оқта-текте артына бұрылып мырзаға қарап қояды. Мырза үнсіз. Жоғары көтеріп алған қасқыр ішіктің жағасына басы кіріп кеткен. Жол бойы қонған, түстенген ауылдардың қолға қарап қалған малдары қысқа дайындаған аз ғана шөпті әлден жеп қойғанын көрсе де, оның бәрі қаперіне кіріп те шыққан жоқ-ты. Тек ауылдың төбесі көрінгенде басын көтеріп:

– Апыр-ай, жағдай қиындап кетті-ау, – деді. Бұны да өзіне, әлде қасындағыларға айтқаны белгісіз, – түбі қалай болар екен? Тақырға отырып қалмасақ не қылсын?

– Тақырға мықтап отырған шығармыз, – деді Ебейсін. Тәңірберген «не дейсің?» дегендей оған тіксіне қарады.

– Патшаң құласа – тақырға отырмағанда қайтеді?! – деді Ебейсін.

Тәңірберген мойнын бұрып, Ебейсінге таңдана қарады. «Темірке бұған да айтқан болды ғой» деді ішінен.

Ақи көз жігіт мырзадан қай үйге түсеміз деп сұрамады. Анадаяғы Сүйеу қарттың жанжалынан кейін мырзаның көңілі Ақбалаға қатты суыған-ды.

– Бәйбіше, шүйінші. Мырза келді, – деді ақи көз жігіт.

– Төсек сал! Қасымда кісі бар, – деді мырза.

– Мынау ма? Ой, құдай шебер-ай, кісі деп қомпитқанға қаладан біреу еріп келген екен десем... Ебейсін бе еді?

Ебейсін бойын жеңілдеп төрге шығам дегенше, қалашы келген үй қапелімде кісіге толып кетті.

– Ебейсін қарағым, әңгіменді айта отыр. Қалаңда қандай жаңалық бар?

– Тыныштық.

– Ау, кірешілер қалада бүлік шығып жатыр дейді ғой.

– Сүйдесе, ендеше солардікі дұрыс шығар.

– Базарда не арзан, не қымбат?

– Ақпатша қалай екен?

– Патша аман. Мені сұраған жанға сәлем айт деп жатыр...

Жұрт ду күлді.

– Ебейсін қарағым, соғыс бітетін бе?

– Е, бітіріп қайтесің?

– Шырағым-ау, соғыстың салмағы бізге түсіп тұрған жоқ па? Азаматымызды қозыдай көгендеп әкетті. Алым-салығы да үстінен жонып жеп отырған мал-тегенемізден ада ғып барады. Осының бәрі соғыстың лаңы емес пе?

Ебейсін мыналардың ендігі сөзіне құлақ асқан жоқ. Осы жолы бұл Тәңірбергенге қатты ренжіп қайтты. Тегін олжаны жақсы көреді. Сонан келе пайда түсетін жерде беттің арын белге түйіп, білек сыбанып кірісіп кетудің орнына әлдебір кір, ласқа үстін былғап алатындай, сырт айналып шыға келеді. Небір жан алып, жан беретін жағаласта қала саудагерлерінің қақпақылына бұны салады да, өзі қырағы көзін сырттан салып бақылап жүргені.

– Мырза, інің төсек тартып жатқалы біраз болды. Кіріп шықпайсың ба? – деді бәйбіше үй оңашаланғасын күйеуінің қасына кеп.

Тәңірберген үндемеді. Қазір ол інісімен қырғи

кабақ. Аанада бұл Кәленнің қолынан қаза тапқан болыс ағасының әйеліне үйленіп, өз ағасының орнын құлатпай, өз алдына дербес үй ғып қойғысы келетінін айтқанда Жасағанберген бұлан-талан боп:

– Не деген масқара. Қазақ байында қатын алудан басқа қасиет қалмаған ба? – деп, толы көптің алдында ағасын тілдеп тастаған-ды. Бұл: «Ендеше, өз обалың өзіңе. Саған қор қылғанша, қырдан көшіп келген жайнаңкөз қыздың да қызығын өзім көрейін» деп, ішінен қатты байламға келген-ді. Бұл бірақ Айғаншаны үйіне кіргізіп алуға асықпады. Әуелі орын босатып алу керек деп ойлады да, Шалқардан келе сала Ақбалаға қысымды күшейтті. Ақбаланың баурындағы баласы көптен бері әл үстінде жатқанын естісе де, басын сұққан жоқ.

Ақбала күйеуіне кісі салып:

– Жазығым жоқ еді ғой. Сыртқа тебетін не жөні бар?.. – деп, наз білдіріп еді. Бұны есіткенде мырза мырс етіп күліпті. «Мені қалай кінәлайды?» – депті. «Соған бола мен ағайын, тумалардың қарсы болғанына қарамай, әкесіне кісі жіберіп, аяғына жығылмадым ба? Кісімді қызыл ала қан ғып сабады. Құрметімді тәркі етті. Әкесіне қадірі болмағасын басқаға ренжіп қайтеді?» – деп, қатты бетінен қайтпай, безеріп отырып алыпты.

Сонан бері басына қара күн туған Ақбала өз күйігіне өзі өртеніп, жан адамның көзіне көрінбей, үйіне тығылып алды. Баласы ауырғалы тіпті зәре жоқ. Баладан айырылса бай ауылдың бұны бір күн ұстамасын білді де, ендігі тірлігінің жалғыз талшығына жармасып, күйіп-жанып жатқан баланың асты-үстіне түсіп бәйек боп жүр. Ерніне су тамызады. Қайта-қайта емізеді. Бірақ бала ембей, кішкентай қылқанақ тісімен емшегінің ұшын қырқып тастады.

Сәскеде Тәңірберген келді. Ол бірақ балаға жуымай,

кекірейіп алыстан көз салып тұр еді. Ақбала оның баржоғын сезбегендей баланың астын құрғата берді.

– Әй, балаң қалай? – деді Тәңірберген.

– Мен әулиеге түнеп тапқам жоқ. Бұл сенің де балаң... – деді Ақбала.

– Сөздің үлкені сенде болды ғой. Ие, ал?..

– Шіреніп не ғып тұрсың? Балаңды көрмейсің бе?

– Иә, тағы не айтасың?

– Тоқалдан туса да, сенің балаң емес пе еді?

– Ал, сонан?..

– Алы сол – деп, Ақбала тап қазір, тап осы арада айта қоймайтын ашулы сөздің аузынан қалай шығып кеткенін байқамай қалды. Баланың астын құрғатып, бесікке бөлегесін ғана бойын тіктеді. Әлі де бір орыннан тапжылмай, кекірейіп тұрған мырзаға бұ да енді ызалы жас дірілдеген шаралы көзі жасқанбай, тура қарады. Тәңірберген бұны күтпеген еді. Ызалы Ақбаланың ашынғанда тап осы кәзіргідей бетінен оты шыққан өжет те өктем кезін көрген жоқ-ты. «Әлгі... қызыл көз шақар шалдың қызы ғой» деді ішінен. Әлгінде кетіп қалмағанына өкінді.

Долылық буған Ақбала:

– Мен... мен осы үйдің пендесімін бе? Саған некелі қатынмын ба? Әл-де... – деп, аз бөгеліп, ақырғы сөзін алқымына таяп тұр.

Тәңірберген шімірікпеді. Миығынан күліп тұр. Ақбала шошып кетті. Сарқылып айтқан жаңағы сөз де, көзіндегі жас та жүрегін жібітпеді.

Енді сәл кідіргенде Ақбала сүлдері құрып, бала жатқан бесікке асылып жылап жібергелі тұр еді. Тәңірберген:

– Ал... сосын? – деп, отқа итергендей өшіктіре түсті. Ақбала бірден жасын тыйып алды. Өңінде жаңағы жасқаншақ ажардан із де қалмаған. Тәңірбергенге жиіркенішпен қарады.

– Әлде... әлде, басым ашық жан болсам, маған ұлықсат бер!

– Ой, айналайын, рұқсат! Бар, жөніңді тап!

Ақбала дәл бұны күтпеген еді. Қапелімде не дерін білмей тұрып қалды. Тәңірберген шығып кетті. Осыдан кейін ол ешқайда шыққан жоқ. Бәйбішенің үйіне барып жатып алды да, Ақбалаға тентек, сотқар жігіттерді бірінен кейін бірін жұмсап, қырына қатты алды. Ауру баланың тәуір болғанына қаратпай, қуып шығатын түрі байқалды.

Ақбала қарсыласпады. Ұрысқан да, кінәласқан да жоқ. Жалынып жалбарынған да жоқ. Басына түскен іске белін бекем буып, тас түйін боп алды. Тәңірберген келіп кеткеннен кейін ас та бермеді. Екі күн нәр татпаған әйелді астан бұрын, шөл қинап құмандағы сумен аузын шая берді.

Түнемелікке қарай баланың қызуы көтерілді. Өрелі түнді көзімен атырған Ақбала таң алдында бесікке асылып қалғып кеткен еді, сол бойда шошып оянды. Бауырындағы баланы әлдекімнен қорғап, «бермеймін... бермеймін...» – деп айқайлап оянды. Білтесін басып қойған аспалы шамның әлсіз сәулесі дірілдеп, қара көлеңкелеп тұрған абажадай үлкен бөлмеге үрейлене қарады.

Кейін бәйбіше жұмсаған қатындар келіп қолынан баланы алмақ болғанда да, Ақбала қарсыласпай, тек сасқалақтап абыржып: «Қазір, қазір... баланы емізіп...» – деп, омырауындағы түймелерді тартқылай бастады. Бәйбіше жіберген әлгі қатындардың ішіндегі мосқал әйел:

– Шырағым-ау, баланы қайтесің, онан да өз басыңның қор болмау жағын ойламайсың ба?! – деген еді.

Бәйбіше ішке жайқаңдап кіріп келді. Кірген бой-

да бірден Ақбалаға, сосын әлгі қатындарға қарады. Үстіндегі өрттей қызыл атлас көйлек күн сәулесімен құбылып жалт-жұлт етеді.

– Киімдеріңді ал. Алдында салулы төсек, салқын үй тұрған жоқ, – деді ол Ақбалаға.

Ақбала есітпеді ме, әлде есіте тұрса да елемеді ме, екі құрсақ көтергеннен кейін де әлі сол баяғы қыз кездегі сымбаты қаз қалпында қарап тұрған сұлу бойын қасақана тап мына күндесі алдында ақырын қозғап жөнеліп бара жатты. Бәйбіше сыртынан қарап тұрып ернін шығарды.

– Адыра қал... тастанды!

Жас бала анасына қолын созып, талпынып жылай бастап еді, бәйбіше:

– Әй, көрдемше... – деп, баланы жерден көтеріп алып жатып қолын батырып мытып алып еді, бала шар етті. Есікке барып қалған Ақбала жалт қарады. Балаға тағының тырнағы тигендей, жанұшыра жүгіріп келді де, бәйбішенің қолынан жұлып алды.

– Мына сайқал қайтеді, әй?

– Баламнан аулақ!..

– О, сорлы!.. Бала ма саған?! Әй, қатындар, неғып тұрсыңдар.

– Жақындамандар! Бермеймін, бермеймін баламды.

Бәйбіше сыртқа шығып кетіп еді, кідірмей қайта кірді. Қасында еңгезердей екі жігіт.

– Әуселеңді енді көрейін. Баланы тартып алыңдар!

Бәйбішеге еріп келген әлгі екеу Ақбаланы екі жағынан тырп еткізбей ұстап тұра қалды. Бәйбіше жайқандап келді де, Ақбаланың қолынан сырқат баланы шырылдатып жұлып алды.

– Жауыз-да-р-р!..

Екі жігіт Ақбаланың қолын артына қайырып ұстады да, сыртқа алып шықты. Екеуі де үнсіз. Сол үн-түнсіз

күйі ауыл сыртына әудем жерге апарды да, ақырын, бірақ бет бақтырмайтын қатал үнмен:

– Жеңеше, енді тыныштықпен ың-шыңсыз жөніңді тап! – деді.

Күн бүркеу. Көктен қадау-қадау қар түсіп тұр. Кешке қарай жауатын түрі бар. Бірақ Ақбала қазір оны сезіп те, байқап жатқан жоқ; жаңағылардың қалай кеткенін де білген жоқ-ты. Ауылдан ұзай бергенде түйе мінген бір бала артынан қуып жетті:

– Жеңеше, апарып тастайын.

Ақбала ләм-мим демей, жөніне тарта берді. Бала түйесін тайрақтатып Ақбаланың о жағына бір, бұ жағына бір шығып, түк бітіре алмағасын алдына өңгерген бір бума нәрсені жерге тастай салды.

– Киімдерің.

Ақбала қалың қарды омбылап, бет алған жаққа қарасы ұзап кетіп бара жатты.

* * *

Патша тақтан құлаған хабар қазақ даласына тез тарады. Қыс айында кісі аяғы жете қоймайтын алыс ауылдарға да осы хабар дүңкілдеп естіліп жатты. Сонан бері талай уақыт өтсе де, ел іші дауыл соғып өткен теңіздей дабырасы басылмады. Күн санап жаңалық хабар үйден үйге, елден елге тарап, жұрт «енді не болар екен?» деп елендесіп отыр еді. Қаладан келген кірешілер: «Ел билігін уақытша үкімет қолына алыпты», – деп, тағы бір тосын хабар жеткізді. Бір үкімет дұрыстап билей алмайтын болғасын ендігі жерде елді қос үкімет билейтін бопты деген қауесет те гу-гу. Ел іші тыныштығынан айырылып, елендеп отырғанда бір күні кешегі жылы приемға алынған қазақ жігіттері елге қайта бастады деген сы-

быс шықты. Сол күні ақ пен қызыл арасында қаладан Тәңірбергеннің кірешілері келді. Ауыл адамдары жиналып қалды. Кірешілердің ішке кіріп бой жылытып алайын дегеніне қарамастан тұс-тұстан сұрақты жаудырып жатыр:

– Уақытша үкімет қалай?

– Іншалла, патшадан жаман болмас.

– Әй, патша жұмысына алынған жігіттер елдеріне қайта бастады деген не?

– Сондай сөз бар...

– Келген адамдар жоқ па?

– Бірлі-жарым келіп жатыр деп есіттік.

– Апыр-ай, мынау бір жақсылық екен!

Қуанышты халық үйден-үйге кіріп, түннің бір уақытына дейін жатпай гу-гулесіп, ду-дуласып, бұл күндері әр кім әр түрлі топшылаулар айтып жатты...

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Еламан кір-кір шинельдің жағасын көтеріп алған. Еш жерге тоқтамай құйғытып келе жатқан пойыздың орта тұсындағы қызыл вагоннан мойнын созып, ілгергі жаққа көзін қадап алған. Көп ұзамай Ұлпан стансасының үйлері көрінді. Ар жағында Шалқар тиіп тұр. Пойыз Ұлпанға тоқтамайтын сияқты еді. Еламан да тоқтамағанын тілеп тұрған; стансаға қатарласып келе бергенде, қатты келе жатқан пойыз кенет табанын тірегендей салдыр-күлдір тоқтай қалды. Қашан жүретінін ешкім білмеді. Кейінгі жақтан тағы екі пойыз келіп, екеуі де тоқтамай тура Шалқарға тартты. Киімі жұқа Еламан кешке салым тоңып бүрсеңдеп жүр еді, жол бойында істейтін бір мұртты қазақ кездесіп, үйіне ертіп апарды. Ела-

ман жуық арада жылына алмады. Ыссы астан кейін үй иесімен әңгімелесіп отырып қалай ұйықтап кеткенін өзі де сезбеді. Ертеңіне кештеу оянды. Үй иесі пойызға отырғызып жібергісі кеп еді, бірақ Еламан көнбеді.

– Жаяу кетпексің бе? Қиындық көресің ғой.

– Қайтер дейсің?

Асқа тойды. Ұйқысы қанды. Тынығып, әл жинағасын ендігі қалған жолдың қиындығы қаперіне кіріп шыққан жоқ. Қолына ыңғайлы таяқ тауып алды да жолға шықты. Көп ұзамай ілгері жақтан разъездің төбесі көрінді. Бір кезде кейінгі жақтан пойыз қуып жетіп, жалғыз жаяудың тұсынан сыпыртып өте шықты.

Жалғыз адамға ой да үйір. Қыста қалың түскен қар көктем кіргесімен шұғыл еріген екен. Миы шыққан жерді шылқылдатып кешіп келе жатқан Еламан бастан кешкен кешегі күндерді есіне алды. Түрік жерінің таулы, тасты, қарлы, боранды қысы бұларды қатты қинап еді. Соған қарамастан орыс әскері қайта-қайта шабуылға шығып, үш жүз шақырымдай ілгерілеп, Эрзрум қамалын алды. Онан қыстың көзі қырауда Сарықамыс пен Трапезунд портын басып алмақ болған орыс әскері өлгені, қырылғанына қараған жоқ. Неғұрлым түрік жеріне ілгерілеп кірген сайын соғұрлым кейінгі жақпен қатынас қиындады. Солдаттар ашықты. Оқ-дәрі жеткізілмеді. Соған қарамастан орыс генералдары жұмысшы батальонын – мың-мындаған қазақ, өзбек, қырғыз, түркмен жігіттерін қарлы боранда шабуылдап бара жатқан орыс әскерінің соңынан темір жол тартыңдар деп далаға айдап шығарып еді, оған бірақ рельс болмады. Бір ай бойы Вологда-Архангельск темір жолының рельсін сыдырып сөгіп әкелуін күтті.

Қыс қатайып, аштық пен суыққа ұшыраған жұмысшы батальоны жаппай қырыла бастады. Тірілердің де

қауқары шамалы. Әсіресе, Рай қатты әлсіреді. Жас жігіт аштықтан бұрын суыққа шыдамай, қалшылдап ұшып бара жатқасын Еламан үстіндегі жылы киімін шешіп титығы құрып әлсіреген інісі қара құрттай кісілердің арасында қалшылдап күрекке сүйеніп тұр еді. Кейінгі жақтан бұларға көмекке жіберген бір эскадрон атты әскер келді. Шегір көз бір солдат анадай жерде күрекке сүйеніп тұрған Райды көрді де аттан түсе сала көрген соң жыны қаптап шыға келді.

– Ах, ты, сволочь...

Әй-шәйге қарамай қамшымен қақ бастан тартып жіберді. Онсыз да аяғына шаққа тұрған жігіт, қарсыласуға дәрмен жоқ, қолымен басын қорғап бұға берді. Шегір көз солдат кіжініп қайта ұмтыла бергенде, қайдан сап ете қалғаны белгісіз, Еламан солдаттың қолынан ұстай алды. Солдат бір-ер жұлқып еді, бірақ ұзын бойлы, иықты ірі қазақ тырп еткізбеді.

– Жібер! – деді солдат.

– Ұрма баланы, – деді Еламан.

Сүйткенше болмады тағы бір солдат жетіп келді. Еламан қорықса да, бірақ ығыса қойған жоқ-ты. Көз оты жарқ еткенін бір-ақ білді. Есін жиям дегенше жұдырықтар сартылдап ала жөнелді. Мұрны қанады. Аяғына әзер тұр. Есіл-дерті шегір көздің жағасынан ала кеткісі кеп қанша ұмтылса да, қолы жетпей жүр еді. Бір гүжілдеген жуан дауыс:

– Токтатыңдар! – деді ақырып.

Бұлар құлақ аса қоймап еді; желкесі күжірейген біреу екеуінің арасына кимелеп кірді де, көкіректерінен тіреп тұра қалды. Шегір көз солдат оған да жұдырығын ала ұмтыла беріп еді, бірақ анау бұрынырақ кимылдап, шегір көзді иектің астын ала бір нұқып қалпақтай ұшырды.

– Ну-у, как, получил? Енді қараңды батыр!

Еламан мұрнының қанын шала-пұла сүртіп, әлгі дауысқа назар аударып еді, шойыннан құйғандай сом денелі, шүңірек көз, орақ тұмсық солдат бұған қолын созып тұр екен.

– Сірә, жерлес болармыз, – деді ол.

– Қа-лай?

– Қазақ емессің бе?

– Қазақпын...

– Мен де со жақтанмын. Үй-ішім Шалқар қаласында тұрады. Мюлгаузен.

Еламан жас балаша аузын ашып қапты. Мюлгаузен күректей қолымен қарды көсіп алды да, Еламанның мұрны мен бетін уқалап-уқалап жіберді.

– Қайратты жігіт көрінесің. Тек төбелеске шорқақ екенсің. Бұл арада біраз болатын түріміз бар. Қаға берісте төбелесті үйретермін. Жоқ, сен күлме! Әне, біздің командиріміз келе жатыр.

– Қайсы?

– Ана алдыңғы қара атты. Ротмистр Рошаль.

– Бізге жақтасқаның үшін... – дей түсті де, Еламан тоқтап қалды. «Саған ұрыспай ма?» деген сөздің орысшасы аузына түспей, мүдіріп тұрғанын байқап: «Тәуекел, көрерміз. Сен тек әлгі шегір көз сайтаннан сақ бол», – деп ескертті Мюлгаузен.

Патша тақтан құлағасын орыс әскері түрік жерін тастап, Қара теңіздің жағасындағы Трапезунд портына ағылды. Бас еркі өзіне тиген жұмысшы батальоны да күн-түн қатып Трапезундқа жетті. Мұнда келгесін Еламан Мюлгаузенмен бір-ақ рет кездесті. Ертеңіне Мюлгаузендерді кемеге отырғызып, елге жөнелтіп жіберді. Айрылысар жерде Мюлгаузен бұған «Шалқарға кел, жұмыс тауып берем, депода бірге істейміз» деп шақырып кеткен-ді.

Еламан сол уәденің ізімен бірден досын іздеп еді...

* * *

Еламан бірден депоға барды. Түйе қорадай аңырайған зәулім депо іші толған паровоз. Кісі-қара көп, абыр-сабыр.

Мюлгаузенді кімнен сұрарын білмей алақтап жан-жағына қарап келе жатқан. Ыстық буды бұрқыратып, ентігіп тұрған күйелеш, күйелеш паровоз дәл құлағының түбінен шыңғырып жіберді.

– Ә, қорқыттым ба? Ха-ха-а!

Біреу ту жоғарыдан, паровоздың терезесінен мойнын созып қарқ-қарқ күліп тұр. Еламан есін жиям дегенше ол жерге түсті.

– Петь-ка!..

– Ладно, нежности потом. Әй, Яша, – деді Мюлгаузен машиниске айқайлап. – Давай, укаги свою тележку!

Еламан онан бұнда кім боп істейсің деп сұрағысы кеп еді; бірақ біреу «митинг!» деп айқайлады. Оны қалғандары қағып алып, «митинг!», «митинг!» деп бір-біріне жеткізіп жатты. Онан паровоздар айқайлап, депо іші қапелімде азан-қазан болды да кетті. Кіл қабағын қарс жауып алған түсі суық кісілер жұмысты тастай-тастай сала әлдебір жаққа асығыс-үсігіс жүгіріп барады.

– Бұл не? Тағы да митинг пе? – деді Мюлгаузен қасынан өтіп бара жатқан көзілдірікті қартаң жұмысшыны сәл бөгеп.

– Иә, митинг...

– Бізге митинг емес, мылтық керек.

– Менімше, екеуі де керек.

– Әй, сендерді қойшы. Сөзден басқа бітірерің жоқ.

– Сен... бармайсың ба?

– Жоқ.

Сүйдеді де, Мюлгаузен Еламанға:

– Жүр, кеттік, – деді.

Сыртқа шыққан бойда Еламанның ұсқынына одырая қарап тұра қалды. Үстінде алқам-салқам ескі шинель. Аяғында жұлығынан шұлғауы шыққан сарала балшық етік. Арқасында қозы қарнындай томпайған жолдорба.

– Майданнан келгенде мен де дәл сендей едім. Қарындасым көйлегімнің битін қарап тауыса алмағасын, ақырында отқа жағып жіберді.

Еламан ауылға тартып кетпей, ә дегеннен депоға барып досын тауып алғанына қуанды. Мюлгаузен тегін орыс емес сияқты. Жұртқа әмірін жүргізіп, айтқанын істетіп, төңірегіндегілерді ұршықтай үйіріп билеп-төстеп жүр екен. Осындай кісіге жанасып, өзіне бұл жақтан дос тапқанына мәз. Ендігі жерге – не ойласа соның бәрі оп-оңай орындала қалатындай сезді.

– Бұл қалада танысың бар ма? – деді Мюлгаузен.

– Жоқ.

– Онда біздің үйге жатарсын. Ал, кеттік!

Өмірі орыс үйіне жатып көрмеген Еламан досының ұсынысын іші қаламай, біртүрлі ыңғайсызданып тұрса да, қарсы болмады.

– Еліңе қайтасың ба, әлде қаласың ба?

– Сен қандай ақыл бересің?

– Вот чудак. Өз жөніңді өзін білесің де...

«Вот чудак» деді Еламан ішінен. Жөндеп түсінбесе де, мына сөздің астарында кісі зәбірленгендей әлде бірдеңе бар сияқтанды.

– Қалсам, жұмыс табыла ма?

– Табылады.

– Қандай жұмыс?..

– Ояз начальнигі қалай?

– Оны қайтем, өзіме лайық...

Мюлгаузен орталықта тұрады екен. О баста көкпен

боялған қақпаның кәзір сыры кетіпті. Тот басқан топса баяғыда Ақбала екеуі тұрған жерқазбаның «жылауық» есігі сияқты, ашқан-жапқан сайын сықырлап қоя береді екен. Мюлгаузен бұған әуелі өзі тұратын бөлмені көрсетті. Сосын өзіне жалғас кішкентай бөлмені көрсетіп:

– Бұнда сен тұрасың, – деді.

Еламан бұ жолы да үндемеді. О баста іші қабылдамағасын ба, ар жағында суқаны сүймейтін әлде бірдеңе көкірегінен тіреп тұрып алды.

– Үй осы. Әскерге кетер алдында өзім салып едім.

– Жаның көп пе?

– Қарындасым бар. Сосын шешем... Е, міне...

Еламан төр жақтағы бөлмеден шығып келе жатқан ұзын бойлы кемпірге амандасқалы оқталып еді, бірақ тұла бойы бірыңғай қараға малынған, түсі суық кемпір ыңғай бермей, баласына «мынауың кім?» дегендей түйіле қарады.

– Саған айтып едім ғой. Менің майдандас досым.

Кемпір Еламанға осыдан кейін ғана назарын аударды. Жанары салқын тұздай көк көз бұған қарағанда кірпігін қақпай, басы-аяғын сүзіп шықты. Сонан кейін ләм-мим деместен бұрылды да жүре берді.

– Шешем осы...

Еламан өзіне тиген бөлмеге кіріп, дорбасын бұрышқа лақтырып тастай салды. Кір-кір шинельді қайда қоярын білмей, іркіліп біраз тұрды. Келісім бергеніне өкінді.

* * *

Мюлгаузен бұған берген уәдесінің бәрін орындады. Баспана тауып берді. Жұмысқа орналастырды. Кеше өзі депода көретін көзілдірікті шалмен әзірге бірге істей тұрасың деп ескертті. Шал бұған онша ұнамады.

Дәл осындай сүдінсіз кісіні бұрын-соң кездестірмеген сияқты. Өзі ат жақты екен. Сопақ және мейлінше ұзын беттегі бөлек-салақтың бәрі ұзын. Құлақ та ұзын. Мұрын да салбыраған ұзын. Ең аяғы бір нәрсені жақтырмай, тыжырына қалғанда кере қарыс маңдайға көлденең деп кесе-көлденең тұра қалатын қыртыс-қыртыс әжімдер тіпті ұзын. Екі баласы орыс-герман соғысында қаза тауыпты. Үшінші баласы – кенжесі кешегі орыс-түрік соғысында бір қолынан айырылып қайтыпты да, вагон цехта жұмысқа орналасыпты. Тікбақай шал Еламанмен жөндеп сөйлеспеді. Бұны таныстырмақ боп әкелгенде шал депоның дәл кіре беріс аузында көзілдірігін сүртіп тұр екен. Қасына келген қазақ жігітіне кеңірдегі тоқпақтай ұзын мойнын кідіріп барып бұрды да, көзілдірігін киіп жатып әйнек астынан осылай ентелей қарады.

– Қазақсың ба?

– Иә, қазақпын.

– Түйең қайда? Түйеңді бақпайсың ба?

– Бұрын баққам.

– Түйеңді құдайға тапсырып, енді депоға жұмысқа келдім де? Жарайды. Жақсы. Ендеше, кел, мына жатқан темірдің бір басын көтер.

Түске қарай Еламан қара терге түсті. Майданнан жілік майы шағылып келгесін бе, темір көтергенде тілерсегі дірілдеп қоя береді. Бір таң қалғаны – кейінгі жақта келе жатып қанша бақыласа да қарт жұмысшыдан қиналған белгі байқалмады. Тек, жұмыс аяғында аздап сыр білдірді. Онда да кісі беліндей күпшек темірді көтеріп иыққа салып әкетер жерде тарамыс дене дірілдеп, салмақ түскен иық қиқаң етті. Еламан келесіде ауырлау жағына онан бұрынырақ ұмтылып еді:

– Тоқтай тұр, – деді Ознобин. – Кәрі кісіні сыйлағаның дұрыс. Бірақ, бала, өзіңді де ойла.

– Өзімді ұмытқан жерім жоқ...

– Менің кедейлеу қазақ досым бар. Қалаға келгенде біздің үйге түседі. Мал дегеннен байғұста жалғыз түйе. Сауатын сауыны да, мінетін көлігі де сол. Қыста кіреге салады. Сонан көктемде жалғыз түйесін құлағынан тартып тұрғызып жатқаны. Қазір көктем кезі ғой. Бала, абайла, сені де құлағыңнан тартып жатпайық, – деді екеуі бірге жұмыс істегеннен бері бірінші рет таза қазақша сөйлеп.

– Білем. Өз басымызда да болған, – деді Еламан. – Иә, ол қаңтардың қақаған қарлы суығы еді. Сарықамыс қаласына темір жол тарттық. Өңшең Орта Азиядан жиналған жігіттер. Ашпыз. Көбіне-көп суыққа шыдамай, қарды омбылап сүрініп, жығылып келе жатып жазатайым құласа болды; енді тұра алмай, ақ қар үстінде ыңырсып қалып жат-а-ды...

– Жә, жә, болды. Денем тітіркеніп кетті. Жұмысты таста, біздің үйге барайық, – деді Ознобин.

Жолшыбай шолақ қол баласын ертіп алды. Үшеуі қора ортасындағы қарағай құдықтың басында бірінің қолына бірі су құйып жуынып-шайынды да, бала-шағалы үлкен семья кешкі асқа отырды. Астан кейін әкелі-балалы екеуі Еламанды орталарына алып түннің бір уағына дейін сөйлесті. Қарт жұмысшы күндізгі шаршағанын ұмытып кетті. Үлкен баласынан қалған кішкентай қыз баланы алдына алып шашын сипап отырып, Еламанға қаладағы көп жайды аңғартты. Еламан оның кейбірін есіткен. Ол, мәселен, бұндағы халық екіге жарылып – темір жол жұмысшылары Мюлгаузеннің төңірегіне топтасса, ал қала жастары түгелге жуық Селивановтың ықпалында екенін бұ да білетін-ді. Селивановты осыдан үш жыл бұрын Қазан университетін бітірердің аз-ақ алдында саяси айып тағып, осында жер аударған екен.

Бұнда келе сала ол қала жастарын өзінің төңірегіне жиыпты. Жатпай-тұрмай кітап жинап, көл жақ шетте бос тұрған ескі үйдің іші, сыртын жастарға ақтатып, өздері жиған кітаптарды көшіріп апты. Бұл үйді қаланың халқы кейін «Селивановтың кітапханасы» атап кеткен көрінеді. Алғашқыда жастардан басқа келушілер болмаса да, кейін бұлар ойын-сауың қойып, көңілді кештер өткізгесін қала тұрғындары да келе бастаған көрінеді. Сонан бері осы араның халқы жер бетінде болып жатқан оқиғаға осы үйдің көзімен қарайтын бопты.

– Қазір жағдай қиын. Уақытша үкімет балшебектерге қарсы ашық күреске шықты, – деді Ознобин.

Үй іші алдақашан жатып қалған-ды. Кішкентай қыз да атасының алдында отырып ұйықтап кетіпті.

– Мен енді қайтайын, – деді Еламан.

– Үйің қашық па? Қайда тұрушы едің? – деді Ознобин. Мюлгаузен мен бұл екеуінің арасындағы кикілжіңді білетін Еламан қайда тұратынын айтарын да, айтпасын да білмей, сәл іркіліп қалды.

– Сені Мюлгаузенмен бірге тұрады деп есіткен сияқты едім. Сол рас па?

– Рас, бірге тұрамыз.

Ознобин кішкентай немере қызын көтеріп апарып төсегіне жатқызды да, қонағына қайтып келді. Жаңа ғана: «Кеш қой, қонып кет» дегелі тұрған ойдан айнып, үнсіз қоштасты.

* * *

Еламан қарт жұмысшымен өткізген бүгінгі кешті қайта-қайта еске алып, қараңғы көшемен ширақ басып келеді. Онан бұндағы көп жағдайдың мән-жайына қанды. Мәселен, Мюлгаузен бұл ойлағандай теміржолшыларды өргізіп-тұрғызатын жалғыз адам емес екен. Әкелі-балалы

Ознобиндер Мюлгаузеннен гөрі Селивановты қолдайтын боп шықты. Бұлардың да соңында біраз адам бар сияқты. Вагон цех пен депода да қарт жұмысшының ықпалы күшті. Қайсыбір мәселе тұсында депо жұмысшылары көбіне Ознобинді қолдап, Мюлгаузенге қарсы шығып жататынын бұның өзі де көріп жүр. Ознобин бір сөздің келе жағында Мюлгаузенді «Дегеніне жіберсең, қару-жарақ складын басып алып, бір күнде революция жасап жібермек», – деп күлді.

Еламанның тағы бір таң қалғаны: әкелі-балалы Ознобиндер кеш бойы Селивановты мақтады. Мюлгаузеннің қарындасына келіп жүретін ұзын бойлы, аққұба жігітті Еламанның өзі де жек көрмейтін. Осы жігітті кейінгі кезде депо жұмысшылары арасынан да жиі көретін боп жүр. Осы бір иман жүзді аққұба жігітте кісіні баурап тұратын бірдеңе бар. Ол не? Оның жастығы ма? Әлде кісімен сөйлескенде дәл бір қызбен сөйлескендей ар жағынан мөлдіреп көрініп тұратын адалдық па?

Екеуінің танысқаны да қызық болды. Бір жолы бұл жұмыстан қайтып келе жатқанда Теміркенің көк дүкенін айнала берген еді, қарсы алдынан ұзын бойлы жас жігіт шыға келді. Бұл бұрылып кетпек болғанда әлгі жігіт жетіп кеп, қос қолымен бұның қолын сілкілеп қатты қатты қысып:

– Сені жақсы білем. Маша сыртыңнан таныстырған. Ознобин де сен туралы көп айтады, – деді.

Еламан үйге қалай жеткенін байқамады. Шам жаққан жоқ. Мюлгаузеннің есігінің алдынан өте бергенде тастай қараңғы бөлменің түп жағынан қып-қызыл темекі шоғы жылтырады. Досының ұйықтамай ояу жатқанын білсе де, іркілмей үнсіз өтіп бара жатыр еді:

– Бері кел! – деді ол.

– Әлі ұйқтамағансың ба?

– Отыр. Кәрі қыртта болдың ба?

– Иә.

Мюлгаузен темекі түтінін анда-санда бір бұрқ еткізіп, біраз үнсіз жатты да:

– Жақсы қабылдаған болар? Не жайында сөйлестіндер? – деді.

– Жай... анау-мынау...

– Немене, әңгімелеріңді менен жасырасың ба? Онда бар, кете бер! – деді де, темір кереуеттің пружинасын күтір еткізіп, іргеге қарай аударылып түсті.

Еламан бұл түні таң атқанша көз ілмеді. Өткен жолы да Мюлгаузен бұнан қарт жұмысшы жөнінде қиялдап отырып біраз нәрсені түрткілеп сұрағаны бар-ды. «Апыр-ай, ә?.. – деді Еламан ішінен, – сонда бұл мені Ознобиннің қасына жұмысқа орналастырғанда оның ар жақ ойын біліп отыру үшін... Апыр-ай, ә? Солай ма екен?» Бұрын басына келмеген осы ой мазасын алып, қараңғы үйде көзі ашық жатыр.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Тәңірберген Шалқардан келгеннен бері сауда досының із-түзін білдірмей үн-түнсіз қарасы батып кеткеніне жыны келіп жүр еді. Бүгін ертеңгі шай үстінде сауда досының бұған тағы да жөн-жосығын айтпастан көл-көсір дүниемен қалаға жүргелі жатқанын есітті. «Ә, солай ма?..» – деді мырза. Сауда-саттығына кірістірмек түгіл, керек десе, алдынан да өтпей кеткелі жатқанына ыза болды да, қасына ақи көз жігітті алып атқа қонды.

Қатты жүрген жолаушылар күн бата Көлқораның табанында отырған көп ауылдың шетіне кірді. Моржадан сары қидың түтіні будақтап, қай үйде де кешкі

ауызашарға қауырт әзірлік боп жатқаны байқалады. Шеткі үйдің иті шәуілдеп үре бастап еді, ақи көз жігіт әлденеге аяқ астынан абыржып, жалма-жан атын тебініп Тәңірбергенге қатарласа берді:

– Мырза, бұрылайық... мына шеткі қыстау әлгі қызыл көз пәленікі...

Шынында да, алдарындағы ақ шоқалақтың ығында тұрған қораға ат басы аумай еңкілдеп келіп қалған екен. Тәңірберген енді бұрылудың ыңғайсыз боларын білді. Не де болса сыр алдырмауға тырысқан мырза ақ арғымақты қынулап бір-екі тебініп, осы аттың әнебір кезде бұның көптен көңілі кетіп жүрген сұлу келіншектің аулының шетіне кіре бергенде бауырын керіп көсіліп аяңдайтын әсем жүрісіне салды. Өзі де енді ығыспай, ат үстінде дұрысталып отырды да, Сүйеу қарттың қорасының дәл іргесінен өтетін жалғыз аяқ жолмен сар табан қарды күтір-күтір бастырып қаттырақ жүріп еді.

Ебейсін үйінде екен. Кең қораның іші сығылысқан шана. Бірі бос емес. Тері-терсек пен тоң балықтарды таудай-таудай қып үйген жалпақ шаналарға бір-бір қызыл нар жегіп, жолға шығуға әзірленіп отырған үстіне Тәңірберген кеп аттан түсті.

Ебейсін оны терезеден көріп: «Түлкі!.. Қызылдың иісін сезіп келдің-ау, ә?» деп ойлады да, тез киініп тысқа шықты.

– Мырза, сапар оң болсын!

Тәңірберген салқын амандасты. Ебейсін оның ренішті түріне қарамауға тырысты:

– Соғым сойып жатыр едік. Ниет дұрыс қой, дегендей келгеніңді қарашы. Кәне, ішке кірейік.

– Жә, өзің үйіңе бар да көрпе-төсек салғыза бер!

– Көрпе салулы, мырза.

Қонақ кірер-кірместен жас келіншек үлкен ақ

самауырға шай қойды. Қазанға ет салды. Қонақ жабдығымен лыпылдап кірген-шыққан сайын қара көзі жалт етіп, жанарына құмарлық от тұтап, төр алдында отырған қара мұртты сұлу жігітке бір-бір қарап өтіп жүр. Көңілі жүйрік Тәңірберген мына уыздай жап-жас келіншектің кісі алдында нәпсісін тежей алмай, көзге түсіп қала беретін кінәсіз аңқаулығын ұнатып отыр.

Ебейсін байқаса да, көңіл бөлмеді. Бұл күтпеген бір тосын әңгіме қозғады:

– Рас болса, келінді қоя берді деп есіттік қой осы.

– Ие, қатындар сыйыспады.

– Жақсы істегенсің. Қызыл көз шалдың белін бір сындырған екенсің.

Бұл Тәңірбергеннің көрінгенге ішін аша бермей, құлып астында ұстайтын сыры еді; сондықтан ол Ебейсіннің жетелеген жағына баспады. Ебейсін мырзаның осал жерінен ұстағанын біліп, соған бір жағынан өзі ырза боп, тобарсыған беттің тоңын сындыра езу тартты:

– Енді төсек жаңғыртатын шығарсың?

Тәңірберген бойына сөз дарытпай, сазарып алғанды. Сауда досының мына түрткісі көңіліне жаққаны сонша, ол шұғыл жадырады. Ертеден бері тақымдап қоймай отырған Ебейсінге енді оның өзі тап беріп:

– Е, бәрекелді. Мына сөзің құлағыма жағып кетті ғой. Маған көздеп жүрген қызың бар шығар? – деді.

– Қызды өзің таңдайсың да, мырза.

– Жоқ, саған таңдатсам қателеспейтінімді көріп отырмын.

Ебейсін қонағының зілсіз әзілмен өзін жағалап келе жатқанын білді де, түрегеп кетті. Осыдан кейін ол Тәңірбергеннің қасында дәйек тұтып отырмай, бала орнында ұшып-қонып, үй шаруасын істеді. Қонағына ет берді. Шай берді. Бұның бәрін аз көргендей, енді бір кезде:

– Мырза, сусынға қалайсың? – деп еді, қонағы ыңғай білдіре қоймаса да, ішпесе аузынан қайтсын деген кісіше, – әй, қатын, мырзаға сусын әкел, – деді.

Тәңірберген танданып отыр. Осы жігітті өздерінің ауылында қолбала боп жүрген кезден білетін-ді. Сол кезде де бұл дәл осындай еді: сол кезде де бір жанның бетіне жылы раймен қарамай, қабағы салбырап тұратын.

Баяғыда бұларға жаққаны – айтқаныңды қайт етпейтін. Кісі өлтір десең де бас тартпайтын, қасиеті демесең, басқа жағдайда бөрене сияқты бітеу болатын.

Сол жігіттің енді аяқ астынан ебедейсіз, доғал денесімен жүзік көзінен өткендей елпілдеп кеткені күдік туғызды. Мырза сырлы зеренге ернін тигізді де қайтарып берді.

– Бұл қалай? Тіпті алмадың ғой.

– Рақмет. Сөйлеселік, отыршы өзің мұнда, – деп еді, Ебейсін қонаққа көзін салмай, бетін алып қаша берді.

Күтуші әйел қасында тұрса да, қонақтан қайтқан сусынды өрешеге өзі апарып қойды. Сосын жоқ жерден ілгіш тауып, әйеліне ұрсып, буулы жатқан теңді сыртқа қарай дырылдатып сүйрей жөнелді. Ауыз үйге шыққасын да сыртта жүрген біреулерге дауыстап, ар жағынан төрт-бес кісіні шақырып алды:

– Әзірсіңдер ме?

– Әзірміз.

– Ендеше, жүріңдер.

Ауыз үй абыр-сабыр. Әлгі кісілер бірлі-жарым адамның әлі келмейтін ауыр теңдерді бірнешеуі қолдасып көтеріп сыртқа алып шықты. Сонан кейін де сыртта біраз айналған Ебейсін ішке кіруі кірсе де, бірақ тізе бүгіп отырмай, тымағын, тонын киіп, белін буып алды.

– Ал, мырза, сен жатып демала бер. Үйде сені күтетін

кісі бар. Мен азғантай бірдеңені қалаға жөнелтіп салайын.

Тәңірберген бетін сырт салып отырған суық қалпынан қозғалған жоқ. Сауда досына: «Үйде әйелің қалса болады, өзің қайда кетсең де еркің, кете бер» дегендей қолын сілтеді. Ебейсін шығып кетті. Тәңірберген оның түп қазығы – Темірке екенін біледі. Татар байының іші-бауырына кіріп, өзара ыңғайласып алғалы бұл қазір дәл бір жуан қара терекке өрмелеген шырмауықтай жоғарылап бой созып барады.

Төсек салатын ыңғай байқалғасын Тәңірберген тысқа шықты. Толық ай төбеге кепті. Дала сүттей жарық. Қора ішіндегі бағанағы мол байлық әлденеден үріккендей, түп-түгел қарасы батқан. Қаңырап бос қалған қораның арығырақ түкпірінде тұрған ақ арғымақ иесін көріп, оқыранды. Шамасы о да «тастап кетті» деп кімге шағынарын білмей тұрған сияқты.

Тәңірберген үй сыртына ұзап шықты. Кіресілердің қарасы көрінбеді. Қысқы жолдың қашықтығын ойлап, көлік тың тұрғанда жіті жүріп, бір-екі қырдан асып кеткен сияқты.

* * *

Ертеңіне Тәңірберген күн шықпай атқа қонды. Теңіз басын айналып жүрудің біраз бұрыстығы болғасын қатты жел қарын үрлеп кеткен жалтыр мұздың үстімен Бел-Аранға тура салды. Ақ арғымақ тағалаулы еді; әшиінде төрт аяғы денесін ауырламайтын желқайық ат көкше мұзға түскеннен кейін тіпті желдей есіп, Тәңірбергеннің тақымы астында ойнақтап келеді.

Оған ақи көз жігіт сор болды. Тағасыз ат тақыр мұзға түскесін бауырын жаза алмай, бүгежектеді де қалды.

– Шырағым-ау, жол жүретін болғасын ерте бастан күтініп, атыңды тағалатып алмайсың ба? Жә, кейін келе жатарсың – деп, Тәңірберген қолын бір сілтеді.

Шамалы жүргесін ашық теңіз үстінде жүрген кісілердің қарасы көрінді. Бұлар жар басындағы балықшылар аулының ер-азаматы еді. Татар байы балығы мол көлдер мен басат-басаттарды бір өзінің меншігіне дербес қаратып алғасын бұларды ашық теңізге айдап салды.

Тәңірберген бірден ат басын Досқа туралады. Сырт хабардан естуі – Дос кәзір көп балықшыдан шеттеп жалғыз үй қапты. Судыр Ахмет, Төлеу, Қалау сияқты төрт-бес кісі болмаса, қалған қара тобыр ұйтқысын бұзбай түгелдей Мөңке жағына шығып алған көрінеді.

Дос салқын амандасты.

– Сапар оң болсын, – деді ол.

– Әумин. Сыралғы алайын деп келдім.

Дос әзілге шорқақ болатын. Тәңірбергенді кекетіп тұр деп ойлаған екен.

– Міне, ал!.. Бәрі сенікі – деп, мұз үстінде жатқан бес-алты қылағайды етігінің тұмсығымен бір-бір теуіп ары ысырып тастады.

– Иә, балық нашар екен. Сонда бұл теңіздің баяғы балығы қайда кеткен?

– Шырағым-ай, оның несін сұрайсың. Бұл теңіздің балығын құрдым жұтып жатыр ғой.

– Құр-дым?..

– Иә, Темірке деген құрдым шыққан жоқ па?! Құдайдың көк теңізін де бізге бұйыртпай, қылығы өтіп тұр ғой қу татардың.

Тәңірберген Достың зығыры қайнап, күйіп тұрғанын байқады. Дос қайта сөйледі:

– Қатын-бала аш, үйге барсаң талап жей жаздайды.

– Соған Темірке кінәлі ме?

– Енді кім? Ашық теңізге айдап шықты. Бізге бұнан артық не істейді?

– Әй, қайдам. Бар пәле Теміркеден деген дұрыс бола қояр ма екен...

– Енді кімнен?

Тәңірберген әрегіректе ау қарап жатқан балықшыға назар аударып:

– Анау кім? – деп еді,

– Әлгі алжыған шал ғой, – деді Дос.

– Мөңке ме? Оның жағдайы қалай?

– Оны қайтесің? Онан да, Тәңірбергенжан, әуелі жаңағы сөзіңді түптеші. Мүмкін, мен түсінбей жүрген шығармын.

– Иә, сен түсінбей жүрсің. Темірке қырына алса Мөңкені алды, сенде несі бар? Сен іргеңді онан алдақашан бөлектеп алған жоқсың ба?

– Онан бүгінде жөнім басқа.

– Ендеше жарайды, Теміркені көндіруді мен мойныма алайын. Ал, өзің ше?

– Мен..?

– Иә, сен. Мен білсем, Мөңке үйірін алдырмайтын құтпан айғыр ғой. Шыныңды айтшы, өзіңе-өзің сеніп, ертеңгі күні табан тіреп тартысқа түсе аласың ба?

Дос мырзаның аржақ ойын аңғармады. Қандай сөзді де тура қабылдайтын дөкір жан осы арада оған өз көңіліндегі ойын ашық айтты:

– Тәңірбергенжан, несін қазбалай бересің? Егер сондай атты күн болып, Темірке көнсе, көре қал, бар балықшы Мөңкеден бір күнде іргесін ашып, сыпырылып шығады.

– Жә, енді болды. Ертеңнен бастап өз абызындағы

жігіттерінді жинап ал да, ауыңды осы теңіздің қалаған жеріне сал.

– Курнос Иванды қайтеміз?

Тәңірберген қойын қалтасынан тілдей бір қағаз алып, Досқа ұсынды. Мұнысы запрет жерге ау салуға ерік берген қағаз екен. Мырзаның осы жолы қаладан бітіріп қайтқан бір шаруасы осы еді. Темірке алғашқы сәтте бет бақтырмай: «Иоң-иоқ, ул болми. Ул жирләр қып-қызыл байлық, бит» – деп, қасарып отырып алды. Осылай боларын алдын ала біліп келгендей, Тәңірберген түк сасқан жоқ. Тек мұртынан күліп: «Ай, бай-ай! Сенің байлығыңды балықшыларға талатқалы отырғам жоқ. Қолдағы байлықтан айырылып қалмау үшін де қорғанышың мықты болу керек емес пе? Мына балықшыларды азбен алдап, қолыңда ұстап отыру үшін де, қораңды күзеткен иттен кем бола ма?» – деп, татар байынан осы рұқсат қағазды оп-оңай алып еді.

Дос қағазды қойнына басып алды. Тәңірберген жүріп кетті. Көңілі тынышталғасын ат басын промсолға тура-лады. Сырт хабардан Ақбаланың мұнда көп тұрақтамай, тоң балық тиеген кірешілерге ілесіп, қыстың көзі қырауда Шалқар шаһарына көз асып кеткенін есіткен. Келешекте қандай қорлық көрсе де, табашыл көптің көзіне түспей, танымайтын сырт жерде болғысы келген есебі ме екен?

Тәңірберген бұл күндері Ақбаланың атын өзі де, өзгеге де ауызға алғызбай тыйым салып қойған-ды. Бұл өмірде Ақбала деген әйелдің болғаны да есінен шығып кеткендей еді. Енді өзінің осынша рахымсыз қаталдығына таң қалып келеді.

Промсол басында қалаға тоң балық апарып қайтқан Тәңірбергеннің кірешілері жүр екен. Олар мырзаны көре сала жүгіріп кеп, жалпылдап амандаса бастады.

– Қалай, көліктерің тың ба? – деді Тәңірберген.

– Шүкір. Қоңы жығылған жоқ.

– Қалай, бұндағылардың жүгі әзір ме екен?

– Әзірі әзір-ау... бірақ, мырза... бір-екі күн қатын-баланың қасында болып, кір-қоңымызды жудырып дегендей...

– Жоқты соқпа! Көліктер тың тұрғанда қалаға жиірек қатынап алу керек.

Өзі айтқан жерде мыналардың қарсы келе алмасын білген мырза әлгіден кейін бұрылып жөнеле берді. Қарт кіреші әлдене айтқысы келгендей, қатарласып еріп келе жатып:

– Мырза... – деп еді.

– Жә, айттым ғой... Солай істеңдер.

– Жақсы, жақсы мырза. Менің айтайын дегенім басқа...

– Бас-қа-а?

– Иә, мырза... Шалқарға Еламан келді.

Тәңірберген тоқтай қалды; кенет қатты соғып кеткен жүрегін сап-сап басып алды да, өзінен сәл кейінірек тоқтаған қарт кірешіге бұрылмай, сыртын беріп тұрып:

– Оны саған кім айтты? – деді.

– Өзім көрдім. Ауызба-ауыз сөйлестім. Рай сол жақта қайтыс бопты.

Мына хабардың растығына Тәңірберген енді күмәнданбады. Осыдан кейін ол жолықпақ боп әдейі іздеп келген Айғаншаға да соққан жоқ. Курнос Иванның әзір тұрған асына да қарамай, атына мініп жүріп кетті.

Соғыс ауыртпалығын көтерген қоңторғай халықтың, әсіресе, осы бір өңі жұқарып тұрған үстіне мына бүлікші келсе не болады? Балықшылар аулы мен бұл өңірдегі кедей ауылдар баяғы он алтыншы жылғыдай тағы да оның соңына еріп, іргесін жалаңаштап кетпесіне кім кепіл? Онсыз да осы күні Ожар Оспан бір жаққа, Рамберді бір

жаққа тартып, өз ішінде де ауыз бірліктің берекеті кетіп тұрғаны мынау!

Тәңірберген ширыға түсті.

* * *

Жол үстінде бір байламға келген жігіт ел жатқанша екі-үш кісіні жан-жаққа шаптырып, бас-аяғы бір күннің ішінде осы өңірдің игі жақсыларын жиып алды. Сол күннің ертеңіне хабар тиген кісілердің алды келіп, Тәңірбергеннің үйіне түсті. Келген кісілердің ішінде бұл өңірдің белгілі ірі байлары – Мыңбай, Жүзбай, Жылқыбай бар. Семіз сары Рамберді бар. Жалақтаған жігіттер үзік-созық келіп жатқан кісілердің бас-аяғы жиналғанын күтіп жатпай, сыйлы қонақтардың бас-басына қой сойып, қазан көтере бастады. Буы бұрқыраған самауырларды қайқандап көтерген жігіттер қонақ күткен үйге әкеліп жатты. Асқа тойған қонақтар бір-бір жастықты қолтығына басып, жантайып жатып әр әңгіменің басын бір шалған-ды. Бір ат жайын әңгімеледі. Өздері білетін жердегі жүйрік аттарды бірінен соң бірін мақтап отырып, бір кезде Тәңірбергеннің ақ арғымағын ауызға алды.

– Бәйгеге қосып көрдің бе?

– Жоқ...

– Бекер бағын байлап жүрсің. Жануар, ақ арғымақ пырақ қой. Қанатты болмаса, тұяқтыда оған шақ келетін жылқы бар дейсің бе?

– Сөз бар ма?! Оу, ақ арғымақ Көрұғылының қара керінің тұқымы ғой. Теке-Жәуміт жылқыларының несін айтасың, қуса – жетеді, қашса – құтылады.

– Дүние күйіп кетсе де, ендігі жерде менің арманым Тәңірбергенше бір түрікпенмен дос болып, тұлпар мініп жүрсем деймін.

Мұны айтқан бұлардың ішіндегі ең аузы жеңіл,

аңқау Жылқыбай еді; оған жалғас отырған Рамберді басын бауырына алып, булыға мырс-мырс күлді. Бұнысын үй ішіндегілердің ешқайсысы байқай қоймағасын басын көтерді. Ол тағы да Тәңірбергеннің көзін ала бере, мына жағында отырған Мыңбайды бүйірінен түртіп, мұрнының астынан міңгірлеп:

– Ойбай, мына қой баққан сорлының аңқауын қара. Тәңірбергенді түрікпенмен дос боп, тұлпар мініп жүр деп ойлайды екен ғой – деді де, теріс қарап бұрылып кетті.

Төсек салатын болғасын қонақтар сыртқа шықты. Жаңағы әңгімеден кейін Мыңбай мен Рамберді басқалардан бөлектене берді.

– Мынау бізді неге шақырды екен?

– Қайдам. Бір есебі бар шығар.

– Ие-е, сұм ғой, есепсіз аяқ баспайды. Байқайсың ба, бізді қатты сыйлап кетті-ау. Тегін бе осынысы?..

– Қайдам, торғайды тұзаққа түсіру үшін тары шашушы еді-ау.

Екеуі қосыла күлді. «Торғай» дейді де, күледі.

– Қалай десен де сұм неме күшейіп алды. Ой, залым, қазір шаршысына келіп тұр. Бір жағы – сауда, бір жағы – ұрлық...

– Ие, солай! Атаң қазақ: «Ұрлық түбі – қорлық» деуші еді-ау. Осы жігіт тым керелеп бара ма, қалай? Түбі бір пәлеге соқтырмаса қайтсін?!

– Әрине, тергеусіз дүние жоқ. Жігіттерін қайта-қайта аттандырып, түрікпеннің жылқыларын қуып әкеледі дейді ғой. Өстіп жүріп бір күні бізді түрікпенге талатпаса қайтсін?!

– Сүйтер мынау, сүйтпей тынбас, сірә.

Кейінгі жақтан бұларды іздеген дауыс шықты; қонақ түскен үйге төсекті алдақашан салып тосып отыр екен.

Осы күннің ертеңіне Тәңірберген қонақтарына тағы да мал сойғызып, ас-су беріп жайлап отырып, ұзақ-сонар әңгіме бастады. Осы отырған игі жақсыларға араларындағы кикілжің, реніш, ашу-араздықты тастап, ендігі жерге халықтың басын қосып, елдің іргесін біріктіретін бүтіндікті айтып еді. Бұны рубасы ақсақалдардың бәрі мақұлдады. Бұндайда ылғи да ішін алдырмайтын қиын Рамберді ауызбірлік сөз болғанда аналар құсап елп етіп қостай қоймаса да, ашықтан-ашық қарсы болмай, үн-түнсіз көзін төмен салып ыңылдап отыр.

Тәңірберген оның былқылдақтығын жақ-тырмай:

– Кәне, осыған бата қыламыз ба? – деп, көп ішінен пәле басы Рамбердіге қарап еді, ол сонда да шешіле қоймай, тек Тәңірберген қадалып отырып алғасын ғана:

– Дегенің білсін. Бірақ, әй, бала, сен өзің баяғының жол-жорасын білесің бе? Баяғының үлкендері осындай бас қосқан жерде «кұр аяқ-қ-қа бата жүр-мей-й-ді» – де-у-ші м-ме еді, қа-ла-й?...– деп міңгірлеп, сөзінің аяғын күмілжілеу шұбатып, екі ұшты ой тастады да, Жылқыбайдың сырт жағын ала бере көлбеп қисая кетті.

Тәңірберген бұларды жиғандағы ең басты шаруасын кейінге қалдырып отырған-ды. Әуелі ауызбірлікті мықтап алса, екінші шаруасының қиындықсыз оп-оңай шешілетінін біліп еді. Ауызбірліктің түрі әлгі болды. Рубасы ақсақалдар татуласу үшін де кешеден бергі бұл үйден ішкен, жегенінің үстіне тағы бірдеңе дәмететін сыңай байқатты. Бұған жас мырза ренжігендей боп үндемей отырды да, сәл іркіліп барып әлгі кейінге сақтап отырған ойын ортаға салды. Естуі бойынша ұзақ соғыстан жілігі шағылған орыс әскері қару-жарақтарын тастап, майданнан қашып жатқан көрінеді. Он алтыншы жылы қара жұмысқа алынған қазақ жігіттері де еліне

қайта бастапты. Орыс қалалары аш-жалаңаш. Ресей халқы кәзір уақытша үкіметке қарсы көтеріліс ашып, жер-жерде ереуілдеп жатыр. Ертең уақытша үкімет құласа заман не болады? Онан кейінгі тірлік тұл боп, аяқ басқа шығып кетпесіне кім кепіл?

– Ойпырым-ай, Тәңірбергенжан-ай, бар пәлені үстімізге үйіп тастадың-ау.

– Апыр-ай де! Мынадан кейін дүниесі құрғыр тарылып, аспан алақандай, жер тебінгідей боп кетті ғой.

– Қайда барсаң – Қорқыттың көрі десеңші.

– Енді не істеуіміз керек?

– Менің де айтайын дегенім осы еді, – деді Тәңірберген. – Қазіргідей ала қиғаш дүниеде алды-артын болжап отырған кісі ғана адаспайды. Ол үшін арамызда көзі ашық оқыған азамат болғаны жөн.

– Е, оны қайдан табамыз?

– Табылады. Ел арқа сүйейтін оқыған азамат мына Арқа жақтан шығып жатыр. Арыға бармай-ақ, өзімізбен іргелес отырған Ырғыз бен Торғайда да оқыған азамат аз емес. Олар партия құрып, газет шығарып, алаш азаматын Абылайдың ақ туының астына жиып, үш жүздің баласының басын қосып жатқан көрінеді.

– Апыр-ай, ә?.. Солай ма?!

– Мынау біз есітпеген жаңалық қой!

– Жақсылық десеңші. Ие, Тәңірбергенжан, тағы қандай хабар бар?

Тәңірберген мыналардың құштарлығына қарап жаңағы сөзі бұлардың да тас бауырын жібіткендей көріп, өзі де көңілдене бастады:

– Арқа жақтағы азаматтар әзір бізге назар аударар қойған жоқ. Бізді бауырына тарта қоятын сыңай байқалмайды.

– Апыр-ай, ә?.. Солай ма?

– Ақ патша құлап, ақ діңгегіміз үзіліп тұрғанда, біз де еңсе көтеріп, елдігімізді танытсақ, сүйтіп Арқа азаматтарына үн қоссақ деймін. Олар бізге өз аяғынан келмесе, біз кісі жіберіп шақырсақ, қалай? Кәне, бұған қалай қарайсыңдар? – деді Тәңірберген.

Жаңа ғана лаулап отырған жұрт кенет су сепкендей сөне қалды. Бәрі бір кісідей көзін көтермей, басын бауырына тартып, тұқырайып ала қойыпты. Тәңірберген оларға барлай қарап, шыдаммен тосып отырғанда, Мыңбай міңгірлеп:

– Қайдам, оның реті қалай болатынын. Оқыған адамның бабы қатты болады деуші еді. Келтіруін келтіріп алып, ертең пәле қылғанда оқыған тыраш немелердің ойынан шықпай, Тәңірге жазып жүрмесек, – деп күдік айтып еді.

Оған мына жақтан Жылқыбай үн қосып:

– Арнап шақырғасын, әрине, салмақ сені мен бізге түседі. Шығыны да шаш етектен болатын шығар, – деді.

Ендігі қалғандары тымырайып Рамбердінің аузын бағып отыр. Тәңірберген үнсіз. Келімге келгіштердің өзі кері сиіп, икемге келмей қиғаш тартып жатқанда, бұлардың ішіндегі ең бір қырысы қалың қыңыр Рамбердінің келістірмесін біліп, бұл ойынан да ештеңе шықпасын байқап еді.

Рамберді сирек сары мұртының астынан бір мырс етті:

– Оқыған азаматты сырттан іздеп қайтеміз? Шын керек болса, сенің үйінде де бір оқыған жігіт бар емес пе?!

Әншейіндегі үндемей жатып аяқтан шалатын әдет. Сөздері жараспаған қонақтар «ау, бостан-босқа отыра береміз бе?» – дегендей, бір-біріне қарады да, сосын ырғалып орындарынан тұрды. Ырғалып-жырғалып киініп, түсін бермей томсарған қалпы үн-түнсіз тарап

бара жатты. Тәңірбергел сыр бермей, салқын қоштасып шығарып салды. Кешегі патша ағзамның қазақ даласында арқа сүйеген адамдарының сиқы әлгі... Олардың қай-қайсысы да әлгі бір күншіл, күндес қатындай, өмір бойы ауыл арасының бәсеке-партиясынан бойы асып көрген емес.

Тәңірберген оларды, әлде өзін мысқыл-дағандай мырс етті. Тым құрыса, тап қазіргідей тағдыр таразыға түскен аумалы, төкпелі алмағайып заманда, жөн таппай тұрғанда ақылдасар адам болмағанына қиналды. Ағаның сиқы – Алдаберген. Ақбаланы ауылдан қуып, Сүйеудің сағын сындырғанға мәз. Сонан бері софы ағасы мен бәйбіше бұған ырза. Көзі ашық, оқыған інісімен екеуінің арасы кәзір тіпті бұрынғыдан бетер суысып, келімге келмей, кереғарланып барады. Інісі бұған түсінбейді. Бұл інісіне түсінбейді. Бір түндік астында бірге өссе де, бүгінде өрістері басқа. Кедейлерге жаны ашып, ет бауыры елжіреп тұратындай сияқты еді, Орынбордан осы келгенінде тістеуік аттай кіржіңдеп, олардың өзін жақтырмайды. Сондай кезде інісінің қай жақтың сойылсоғары екенін білмей, дал болады. Бұл не?

Ілелі, сырқат жанның бабын таптырмайтын әдеттегі кінәмшіл, күйгелек, шамшылдығы ма? Әлде мінезсіздік пе?

* * *

Темірке кәзір көңілсіз. Федоровтың промсолы бұның қашаннан бері көкейін тескен арманы еді, сәті түсіп оған да қолы жетіп, шаруасы шаршысына енді, енді келе бастағанда, и, и Алла, Алла қайм ақ патшаның аяғы аспаннан келді де, үйінің үстінен үзігін ұшырып түсіргендей, көңілі құлазып сала берді. Шүші, қаһар

соққыр қазақтардың аңыраған даласында кішкентай қалада өз күнін өзі көріп, тып-тыныш өмір сүріп жатыр еді, түрік майданынан бір шоқыншық келді де, тыныш өмірдің шырқы бұзылды. Күндіз түгіл, түнде дұрыс ұйқтай алмайды. Ереуілге шақырған ұрандар осы шаһардағы қызыл, көк шатырлы әтібірлі үйлердің қабырға, қақпаларына ілініп қалатын болды. Дәл сондай жан түршіккендей бұзық сөз бұның үйіне де, дүкеніне де үйір боп алды.

Сонан бері ұйқы жоқ. «Тұр! Тұр!» деп жұлқылап қатынын оятады. Жұрттан бұрын тұрады да, қалтырап, дірілдеп жүріп, қаһар соққыр әлгі шоқыншық Мюлгаузеннің қақпаға жапсырған қағаздарын жұлып ап, отқа өртеп әлек боп жүргені...

Шүкір, сауда талайы жақсы. Теңіз – түпсіз байлық. Келер көзі кең. Қыста да, жазда да, науадай құйылады да жатады. Бүгінде ел жата бергенде сырттан бақырған түйе мен дабырлаған дауыс шықты. Сергек жататын құс ұйқы Теміркенің бүйірі бүлк етті. «Тұр-тұрлап» қатынын оятты. Өзі де төсектен атып тұрды. Қолына іліккен бірдеңеге қарап жатпай иығына іле салды да, сүрініп-қабынып сыртқа ұмтылды. Бұл жеткенше мына жақта күзетші шал қақпаны ашып алыс жолдан ауыр жүк тартқан түйелер асықпай ақырын қозғалып, кең аулаға кіріп жатыр екен.

– И, шушы қазақтар-ай... Неге кешіктіңдер? Осынша айналғандарың ни?

– Кір-қоңымызды жудырып...

– Қой, қой инді! Сендер кір-қоңдарыңды жуып жатқанда, шоқыншық Ебейсін қаланы балық сасытып, тағы да алдымды орап кетті, вит.

Кіресі қазақтар сөз таластырмады. Татар байының әр кездегі үйреншікті байбаламын үнсіз тыңдап, қорада

жатқан сары табан қарды сықыр-сықыр басып жүріп, тоң балықты кең қораның түп жағындағы қуысқа сатырлатып үйді. Белінен жүгі түскен түйелер пысқырып, бейжай күйіс қайырып жатыр.

Темірке ел қазағы әкелген нәрселерді жақсы көрсе де, олардың өздерін жақтырмайтын. Бойыңа сәл жақындатсаң, олар өздерінің ауылдағы мінезін қалада істеп, билеп-төстеп, басыңа шығып кететінін біледі. Сосын Темірке оларды алысырақ ұстау үшін ауланың түп жағында оларға кішкентай үй салды. Қазан-ошағы бөлек. Бұл өңірдің би-болыстары мен байлары болмаса, былайғы қазақты әлгі қонақжайға түсіруші еді. Бүгінгі кірешілердің арасынан... дәм-тұзын талай татқан, теңіз өңірінде өзімен қай заманнан сыйлас, қадірлес бай үйдің жас келіншегін әлгінде масқара болғанда байқамай кештеу көріп қысылып қалған Темірке аяқ астынан абдырап сасып, қалбалақтады да қалды. «Неге келді екен?» – деп ойлады. Әдетте қыз ұзататын, келін түсіретін кезде бай ауыл сенімді бір кісісін арнайы қалаға жіберіп, керекжарағын үйіп-төгіп әкететін...

Темірке қалталы келіншекті қолынан шығарғысы келмеді. Алғашқыда қалай жағынарын білмей, мына келіншек мырзаның жас тоқалы екенін білсе де, оның көңілін қалай табудың есебін таппай, көрген бойда оны «бәйбіше» деп жалпылдап ала жөнелді.

– Ә, бәйбіше, аман-сау барсың ба? Мырзаның денікарны сау ма?

Ақбала үндемеді.

– Бәйбіше, пәуескең қайда? Қазір заман жаман, вит. И-и, Алла... шүші күні халықтың пиғылы бұзылған. Шулай! Пәуескені сыртта қалдыруға болми – деп, сыртқа жүгірмек болған татар байын Ақбала шаққа тоқтатты.

– Мен... мен мына кірешілерге ілесіп...

– Оқасы иоқ, оқасы иоқ... Қазір бұрынғыдай бап талғайтын заман емес – деп, Темірке жуып-шаймақ болса да, ішінен боқтап: «Ит қазақ байлықты басына жарата білмей. Аларның байлығы арам өлген малмен тең», – деді. Темірке бұлардың бұнша көлікпен келгенін білгесін, қалада айналмай, бір түнеп шыққасын ертеңіне елге қайтарын білді. Мына келіншек те керек-жарағын алғасын ілесіп келген кірешілерден қалмас, қайтар деп ойлап, қонақұйге жібермей, қасындағы кісілермен бірге өз үйіне түсірді.

Өздеріне осынша сый-сыяпат көрсетіп жатқасын кіреші қазақтар ештеңеден қынбады. Әй-шәй жоқ сықырлаған қалың киімдерімен төрге шығып, сарала төсектің үстінде талтайып тұрып үсті-басын жеңілдеп шешіне бастады. Есік жаққа тастаса ар жағынан біреу алып кететіндей, зілдей етіктерін гүрс еткізіп ірге жағына тастай салды.

Теміркенің әйелі сыртқа ата жөнелді.

– И-и, Алла! Алла қайым! Шушы қазақтар өз үйінде де итігін төрге шеше ме?

Темірке де осы өмірде қазақтардан әбден көңілі қалып, түңіліп біткен кісіше қолын сілкілеп зарлап қоя берді:

– Қой!.. Қой уларны! Бұ шоқыншықлар отызға килсә, аларның итігі алпысқа килә, вит.

Қонақтардың алдына дастархан жайылды. Шай үстінде Темірке тағы да Ақбаланың асты-үстіне түсіп, кесесін өзі алып беріп: «Бәйбіше, іш, же» – деп, ерекше ықылас білдіре бастады. Ақбала қысылып барады. Бойын мықтап суық алыпты. Жылы үйге кіргесін де жуық арада өзіне-өзі келе алмай, қолы, аяғы бүрісіп тітіркеп қап отыр.

– Бәйбіше, бұрын қалаға келіп пе едің? – деді Темірке.

– Жо-қ...

– Оқасы жоқ, оқасы жоқ... Бұйырса жаз айында да келерсің. Жазда қала әйбетірек болады. Көшелерде терек-талдар. Қала іргесінде көл бар. Тек теңіз жағасынан келген кісі көлді менсінеді дейсін, бе? Хе-хее!..

Темірке көзі жылтындап қонақ келіншекке қулана қарады. Осы қарасы әнебір кездегі Судыр Ахметтің ұры, тышқан көзіне ұқсады да, Ақбаланың жаны түршігіп кетті. Аузындағы сөзін айта алмай, түсі қашып отырып қалды. Оны Темірке өзінің әлгі әзіліне қысылып қалған екен деп ойлап, ұзын мойнын ішіне тығып ала қойды. Қонақ келіншектің ұялшақтығын да, аңқаулығын да ішінен ұнатып, шықылықтап күліп, жанынан кетпей жүр.

– Шайдың қызылы кесілмесін. Бәйбішеге қызылын баса құй!..

Ақбала балық тиеген шана үстінде бүрісіп келе жатып от жаққан жылы үй мен ыстық шайды аңсаумен болған-ды. Бір-екі кесе ішті ме, жоқ па, кенет ештеңеге зауқы шаппай тартыншақтап қала берді.

– Ертең қайтатын боларсыңдар? – деді Темірке кірешілерге қарап.

– Иә, бай, ертең қайтамыз.

– Бәйбіше ше?

– Ақбала... Ақбалажан... – деді қарт кіреші күрмеліп.

– Мен... Менің жөнім басқа...

– Иә, иә, бәйбіше, асылы, син асықпа. Керек-жарағыңды ал. Өзім көмектесем. Бәйбіше, шайың суып кетті. Шай ал! – деді Темірке.

Ақбала тап осы қазір не істеп, не қойып отырғанын біліп отырған жоқ; татар бай не айтса да аузынан шыққан әр сөзден шошып қап отыр еді. Темірке: «Шайың суып кетіпті» – дегенде, Ақбала алдында тұрған кесені аузына қалай апарғанын байқамады. Ыссы шайды аңдамай

ұрттап алғанда, көзінен жас ыршып кетті. Абырой болғанда Темірке оны байқамады.

– Күні кеше Орынбордан көп зат әкелдім. Бәрі әйбат. Матур, асыл инді. Дәл үстіне келдің.

– Бай... білмейтін шығарсыз... Мен-н... Мее... – Ақбала сөзінің ар жағын айта алмай, түсі бұзылып, ерні дірілдеп тоқтады. Мына үйдің өзіне көрсеткен құрметі мен ағыл-тегіл асын арсыздықпен алдап-сулап ішіп-жеп отырғандай сезінді де, тамағынан өтпей қойды,

Кіресілер Ақбала ши шығарып алатындай корқып, сәт сайын бір-біріне сасқалақтай қарап қыпылдап отыр. Ақбала аузын ашып келе жатса жалма-жан алдын орап, оған:

– Айналайын, тоңып келдің, ас ал, іш, же! – деп жалпылдап, сөзін бөле берді.

– Иә, иә, бәйбіше, шай іш! Мынау жент. Женттен же!

– Бай... Сіз менің жайымды білмей отырсыз. Мен... мен мұнда жел айдаған қаңбақтай...

– Шырағым-ай, ертең де күн бар ғой. Кейін айтсаң да болады ғой, – деді керуен басы. Сосын ол Теміркеге бұрылып, – жолға шыққан кісі, шынында да, жел айдаған қаңбақтай ғой. Және қыс айындағы жол қандай қиын. Ақбалажан қатты тоңып келді, – деді.

– Иә, шулай! И-и, балақайым, тоңғансың... тоңғансың инді – деп, Темірке жүгіріп барып, көп бөлменің бірінен түлкі ішік әкелді. Ақбаланың қысылғанына қарамай, ішікті арқасына жауып жатып та, – тоңғансың... тоңғансың инді, – дей берді.

– Айтары жоқ, жол алыс, күн де керемет суық... – деді кіресі шал.

– Иә, иә, суық! Суық, вит.

– Тоңып, шаққа жеттік.

– Тоңғансың! Тоңғансың! Мырзаның шаруасы қалай?

Ақбала бай ауылдан қазір өзінің жөні басқа екенін айтқысы кеп оқталып еді, оған бірақ лүпілдеп қатты соғып кеткен жүрегі аузына тығылып, тоқтап қала берді.

– Мырзаның несін айтасың? Шөбі көп, қорасы жылы. Қыстан жақсы шығатын... – деп, қарт кіреші бұл жолы тағы да Ақбаланың алдын орап кетті.

– Е, бәрекелде, жақсы, жақсы екен.

– Құдай берген адам ғой. Мырзаның жағдайы жақсы. Бай, қазір... базарда балықтың нарқы қалай?

– И, Алла... Сұрама, сұрама. Шоқыншық Ебейсін балықты көп әкеліп, тіпті арзандатып жіберді. Мына балықты жары бағасына өткізе алсақ жақсы.

– Қап, осы сұмырай алдымызды орай берді-ау!

– Ол әлі де орайды. Қазақта «Ұйықтаған – ұйқы алады, ұйықтамаған – жылқы алады», – деген мақал бар. Міне, бұл жақсы... бик жақсы мақал.

Осыдан кейін кірешілер жайбарақат, бей-жай отырып сораптап шайларын ішті. Темірке олардың қаперіне түк кірмей, меңіреу, керең кісідей иманы селт етпеген түріне ызалана қарады. «Бұларға сөз өтпейді. Түйе... түйе, вит...»

– Алдаберген софы қуатты ма? – деді Темірке.

– Қуат-ты.

– Ораза ұстаушы еді ғой. Аузын әлі ашпаған болар? Әй, ул бик ғажап кісі... Құдай жолын қатты тұтады... Софыға лайық заттар бар минде. Бұхардың ала жібек шапаны бар. Жайнамаздық...

– Айтқандай, бай... сізге мырза сәлем айтып жатқан. Жаз шыға теңіз жағасынан төбесін темірлетіп үй салмақшы. Темкеңе сәлем айта барыңдар, ағаш, тасты әзірлете берсін. Шебер ұста тауып қойсын. Ақша аямаймын. Ырза қылам деп жатқан...

– Иә, ул ақша аями. Өзім білетін қазақта ондай қолы

ашық жігіт иоқ. Басқан ізінде байлық шашылып жатады. Осы жолы қалада көбірек жатты емес пе?! Елге қайтарда дүкенге кіріп, и-и, жаным... көк ала ақшаны шушылай уыстап алды да, менің алдыма тастай салды. Санаған иоқ. Келініңе ең қымбат жібектен көйлек керек деді. Мырзадан мен де ештеңе аямаймын. Тығулы жатқан қызыл атласты әкеп бердім. Өрттей... Өрттей қызыл. Әйбәт. Асыл инді.

Ақбала түсі бұзылып, төмен қарап отырып қалды. Темірке аң-таң. Ертең қойны-қонышы толған көк ала ақшаның басы-көзіне қарамай ағыл-тегіл зат алып, қаланы базарлап қайтуға келген жас мырзаның сүйікті тоқалының алдында жалпылдап, көңілін таппақ болған жаңағы қолпашы неге, қалайша бәлекейдің жақпас жағынан шығып, жаны ауыратын жеріне қатты батқанына қайран. Бұнда не сыр бар? Әлде мырза қызыл атласты тоқалға емес, бәйбішеге алды ма? «Ии, Алла, бұл қаһар соққыр қазақтың байларының қай ісінің қайда апарып соғарын біліп болмайсың инді».

Темірке өзінен кеткен ағаттықты жуып-шаймақ боп:

– Қатты тоңғансың, жаным. Жылы оранып жат. Ұйықтап тұрғасын жазылып кетесің. Ештеңе ойлама. Саған керек затты, ең асылдарын ертеңге дейін әзірлеп қоям. Мырзаның үйіне не керек екенін білем. Мырза қымбат нәрселерді ала...

– Қам жеменіз, бай. Бүгінде онан... онан менің жөнім басқа, – деді Ақбала.

Төр алдында көсіліп жатқан кірешілер аяқ-қолын бауырына қалай жиып алғанын байқамады. Ақбалаға ыза боп: «Қап, құртты-ау. Ас-су ішіп әлденіп алғанша тұра тұрса қайтеді екен», – деді іштерінен.

Жаңа ғана жайраңдап отырған Темірке кенет майы таусылған шамдай, көз жанары сөніп кетті. Бар денесі

бір уыс боп бүрісе қалды. Есік жақта шай құйып отырған күтуші қатынға күнк етті:

– Шорылдатып құя бердің ғой. Құдықтан суармасаң, бұларды шайға қандыра алмайсың. Енді қалғанын қонақүйге барып ішсін.

– Ауылдан алып шыққан етіміз бар еді.

– Қонақүйге барыңдар. Сонда асып жеңдер.

Қонақүй есік-терезесінен жел улеп тұратын жайдақ бір бөлме. Пеші түтін тартпайтын. Жылы үйден шыққан кісілер қонақ үйге келгесін шешінбей, қалың киімдеріне қымтанып жатып қалды. Ертеңіне ерте оянды. Азынаулақ пұлына шай, шекер, кездеме алды да, Ақбаламен қоштасып жүріп кетті.

Екі-үш күн жатқасын татар байының үйі Ақбаланы жақтырмай, кіржіндеп қабақ шыта бастады. Басқадан бұрын Теміркенің әйелі сыйғызбауға қарады. Шама-сы, сұлу келіншекке күйеуінің көзі түседі деп қорқып, қызғанатын сияқты.

Ақбала байы тастады деген қорлық атаққа көніп еді. Оған енді жез қоңыраудай шүлдірлеген тікбақай келіншектің зәбірі батты. Бір сыласын тапса өзі де бұл үйден кетпекші. Бірақ... қайда барады? Кімнің босағасын сағалайды?

Ақбала оңаша үйде мұнайып отырып қайта-қайта кешегі кірешілерді ойлап кете берді. Олар, әрине, ауылға жетті. Үйлеріне барды. Қатын-баласына қауышты. Көрші-қоландар жиналып қала жаңалығын сұрап, қауқылдасып мәре-сәре боп жатыр. Ақбала жақсы болар, жаман болар, өзіне сондай бір ыстық ұяны аңсап, шерлі жүрек қатты сығылып кетті. Қимылсыз көз жасқа толып барады. Таң атқалы нәр татқан жоқ. Бай үйіне баруға бетінен басады. Қалаға шығып, талап қылғысы келсе де, көше көрмеген әйел Темірке үйінің бұрышын айналса арам өлетіндей,

басы қатып отыр еді; сол үстіне Темірке кірді. Қасында ілмиген біреу. Кірпігі, қасы, үсті-басы ұн-ұн.

Ақбала түрегелді. Темірке есіктен кіріп келе жатып түйеден түскендей қып:

– Саған бай керек ме? – деді бірден.

Ақбала беті ашылмаған жас қыздай ду ете қалды.

– И-и, пақыр, неге ұяласың? Бұл қала. Әнуар, сен де ұялма! – деп, Темірке өзінің тасасынан шыға алмай, сыртында тұрған ұзын сарыға бұрылды. Сосын өзі көземелдеп жібермесе, оның өздігінен аяқ баспасын білді де, қолынан жетелеп Ақбалаға апарды. Ақбала жерге кіре жаздап барады. Бір кезде алақаны былжыраған әлдебір мұп-мұздай жасқаншақ қол қолынан батылсыз ұстап еді, онсыз да төңірегінен түк сезбей, сұлдері шаққа тұрған әйелдің денесі дір етті. Қолын дереу тартып алды.

– Бұл әфенденің есімі Әнуар. Матур жігіт. Қаладан шушыдан артық жігіт таба алмайсың.

Сүйдеді де, Темірке екеуінің қолын бір-біріне ұстатты да, қалған шаруаның есебін өздерің табыңдар дегендей сыртқа шығып кетті.

Оңаша қалғасын Ақбала оған көзінің астымен абайлап қарап еді. Үсті-басы ұн-ұн ұзын сары не істерін білмей, қипақтап тұр екен. Жас шамасын айыру қиын – көсе. Беті түктеніп, ұзын мұрынның үш жағы қызарып, бар бітімінен аяныш сезіледі. Ақбала өзін ұстайын деп қатайып көріп еді, бірақ... адыра қалғыр мына дүниеде өзінің басы қаншалықты қор болғанына көзі енді ғана жетті де, жылап жіберді.

Темірке есік сыртында тұрып, құлағын қанша тіксе де, іште қалғандардан ұн шықпады. Шыдамай, ішке қайта кірді. Келіншекке, жігітке қарады. Жаңа өзі қалдырып кеткен жерден тырп етпепті. Әйел сырт айналып, қос қолымен бетін басып апты. Иығының басы дір-

дір етеді. Әнуар солбырайып сүдіні түсіп кеткен. Өзіне қалғанда келіншекпен оңаша үйде бірге түнеп шықса да, түк бітірмесін білді де, Темірке ішке кіре сала Әнуарды жетелеп Ақбалаға апарды да:

– Әйеліңді үйіңе апар! Бар! Бар инди – деп, екеуін әй-шәйге қаратпай итермелеп сыртқа шығарып жібермек боп еді. Ақбала татар байын шарт еткізіп жақтан тартып жіберді.

– О, сұмырай! Тарт қолыңды! Мен сенен бай сұрап па едім. Баспана сұрап едім ғой.

Темірке құп-қу. Шапалақ тиген жер дуылдап, шүңірейген шүңейт көз шатынап шыға келді. Енді ол ештеңеге қарамады. Есін енді жиып, тіл қатам дегенше, Ақбала сүмелек сарыны өзі жетелеп сыртқа шығып та кетіп еді.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Елден күн құрғамай келіп жатқан кірешілер мен қалашылар Еламанға соғып, түнде – үйден, күндіз – жұмыстан іздеп тауып алады да, амандық-саулық сұрасады. Еламан қазір ел хабарына қанық. Кәрі әже қайтыс бопты. Кәлен хабар-ошарсыз. Ал жар басындағы балықшылар аулы баяғы өздері бардағы бірлік-берекеттен айырылып, қырық пышақ боп жатқан көрінеді.

Осы жайды есіткесін елдің тіпті қызығы қалмады. Оны қинап жүрген – Есбол атасының жағдайы. Тірі тұрғанда елге барып, атасымен дидарласып қайтқысы кеп еді. Көктем шығып, күн жылығасын бұны Есбол атасының өзі іздеп келді. Көзі нашар көретін бопты. Еламанды даусынан танып, қолынан тас қып ұстап алды да, иығының басы селкілдеп үнсіз жылады.

Еламан ұзақ жолдан қалжырап келген атасының бүгін ерте жатып тыныққанын қалап еді, бірақ оған атасы көнбеді. Еламанды жібермей қолынан тас қып ұстап отырып Райдың қалай өлгенін сұрады.

– Тек, шырағым, түгін қалдырмай, толық айт. Және шынын айт!

Еламан жалтарудың жөні қалмағанын байқады. Қарсы алдында бұнан екі көзін айырмай отырған қарт атаның қашанда жан біткен жанның бәрінен адалдық пен шындықты талап ететіні бұған аян-ды. Еламан да атасына ағынан жарылып, со-л өзі... иә, қарлы қыс еді ғой?... Қақаған суық еді. Иә, Рай... Рай-жан әлсіреді... Шегір көз солдат сабағаннан кейін тіпті әлсіреп, қолындағы күрекке де сүйеніп тұра алмай, ақ қарға сылқ етіп отыра кетті. Бұл жүгіріп барып: «Тұршы! Тұршы, бауырым, айналайын!» – деп, қолтығынан демеп тұрғызбақ болып еді. Сорлы бала селт етпей, көзін жұмып, сұлық жатты. Сонан беті бері қарамады. Баракқа көтеріп апарды. Ат қорадай барактың есік-терезесінен жел ызғып тұрғандықтан, шешінбей, киімшең бойымен біріне-бірі тығылып жататын. Бұның құшағында түнімен дір-дір етіп ыңырсып шығатын Райдан сол күні сес болмады. Дыбысы шықпады. Қатты шошыған бұл «Рай! Райжан» – деп, қанша оятса да, қыбыр етпеді.

Түн ортасы ауғанда кезі ілініп кеткен екен, іле-шала оянып еді. Неден оянғанын білген жоқ. Күндегі әдет бойынша оянған бойда оны одеялмен қымтап, бауырына тартып құшақтамақ болды да, дір етіп бойын тартып алды. Мұз құшақтағандай жаны, тәні түршігіп, бөренедей серейген денеден шошып: «Ра-й!.. Рай-жан-н!» – деді. Ышқынып шыққан дауыстан ұйықтап жатқан кісілер оянды. Жұрт жиналып қалды. Жылаған жоқ; тек қапылыста қатты соққы тигендей, есеңгіреп отырып қалған-ды.

Өлікті ертеңге қалдырмай, таң атқанша жерлемек болған жігіттер барактың сырт жағындағы қырқаның баурайынан қабір қазып, Райды асығыс-үсігіс жерлеп еді...

Патша құлап, жұмысшы батальон елдеріне теңізбен, жермен қайта бастады. Жүрер алдында бұл інісінің моласына соқты.

Құран оқыды. Жат елде, бауыры суық қара жерде қалып бара жатқан інісін қимай ұзақ отырды. Сосын елге қайтқан жігіттермен бірге кетіп бара жатып, барактың сыртындағы төбе баурайында томпайған жалғыз қабірге жалтақ-жалтақ қарады. Соңғы қарағанда қабір басына шанышқан құлаш созым таяқтың үшкір басындағы жарты ай, Жасаған Ие-ау, бұған құдды қара жердің астынан созған Райдың қолы сияқтанып еді...

Ертеден бері дыбыс шығармай, қара тақия киген ақ құйқа басы салбырап кеудесіне түсіп отырып тыңдаған Есбол қария дәл осы араға келгенде шыдамай:

– Райым-ай... балапаным-ай, – деп, көй-гөйін сала өкіріп қоя берді де, теріс қарап жата кетті.

Еламан да жылады.

* * *

Осыдан кейін екеуі де үндемей, қатар салған төсекке киімшең бойларымен қисая-қисая кетті. Бірақ ұйқтамады.

Еламан Машаға атасын тапсырды да ерте тұрып жұмысқа кетті. Сонан күн батқасын келді. Күндегі әдетпен қара май киімін сыртта тұрып шешіп, жуынып-шайынып, таза киімдерін киіп, ішке кірсе, атасы кешкі намазын оқып болып, төрде таспиық тартып отыр екен.

Ас-суын ішкесін атасының қасына кеп қатар отырды. Атасынан тағы да ауыл жайын сұрады. Есбол қария ел ішінің жай-жағдайын айта түсті де, ойламаған жерден

өзінің сыйлас тұстасы – кәрі әже жайын қозғады. Қашан көз жұмғанша әжесі Еламан мен Райды аузынан тастамапты. Бас жағында күзетіп отырған кісілерге Рай мен Еламанды қайта-қайта тапсырып: «Қос қарағым аман оралса, көздеріңнің қырын сап, қамқор бола жүріңдер» – деп, тілек айтыпты.

– Байғұс, сендер кеткесін қатты жүдеді. Ұйқыдан қалды. Күндіз-түні бір тілек үстінде сарылып, екеуіңнің жолыңа дұғасын бағыштап, көңілін ақ жолына ұсына берді – деп, қария көзіне жас алды.

Атасының аузында бір тіс қалмапты. Жұмсақ асты да қызыл иегімен қайзап, жұта алмай, талмап отыратын аянышты халге жеткен екен. Еламан атасын шын аяды. Күні бойы үйде жалғыз. Үй ішінің жандарымен тілдесіп сөйлесе де алмайды. Тым болмаса елге қайтқанша бірер күн атасымен бірге болғысы кеп, Еламан ертеңіне төсектен тұра сала Мюлгаузеннің үстіне кірді. Кейінгі кезде Мюлгаузен кеш жатып, ерте тұрып, кейде қарындасы әзірлеп қойған ас-суын ішпестен асығыс-үсігіс кетіп қап жүрген-ді. Ұйқысы қанбай, қабағы түсіп кетіпті. Үстіне кірген Еламанды көрсе де көңіл бөлмей, теріс қарап тұрып киінді.

– Петька...

– Ну?

– Көріп отырсың ғой...

– Түкті де көргем жоқ... Асығыспын. Не айтайын деп едің?

Еламан: «Мынадан ештеңе шықпас» деп ойлады. Кейінгі кезде бұл Ознобин мен Селивановтан арасын ақи-тақи үзіп, өзін қолдайтын кісілермен ыңғайласып жүрген-ді. Ол қазір Еламанға да ішін ашпай, бұл білмейтін құпия бірдеңелермен шұғылданып кетті.

– Черт побери, бір нәрсең қойған орнында тұрмайды. Ма-ша!

Маша жетіп келді. Алдында алжапқыш. Шамасы, ана жақта илеп жатқан қамырын тастай сала жүгіріп келген. Ұн-ұн қолын үстіне тигізбей, ілгері созып тұр.

– Тарағым қайда?

Маша «өзің білмейсің бе?» деп тілінің ұшына келіп қалған аузындағы сөзді айтар жерде батылы жетпей, тоқтап қалды.

– Тарағым?..– деді Мюлгаузен.

– Іздейін...

– Тез!

Еламан әлгі ойынан айнып, бұрылып кетіп бара жатыр еді, Мюлгаузен гүж етті:

– Ну, – деді ол, – не айтайын деп едің?

– Бір... болмашы нәрсе...

– Ол не?

– Ауылдан атам келіп... Қарт кісі ғой... Қасында бір-екі күн болайын деп едім...

– Жақсы сылтау табылған екен.

– Жұмыстан қашып тұрғам жоқ...

– У тебя слишком много родных. Маша, асың дайын ба?

Еламан атасы кеткесін басқа үйге ауысқысы келді. Келесі күні ол атасы жалғызсырап отырған шығар деген оймен жұмыстан ертерек қайтып еді; атасы жатқан бөлменің есігі ашық тұр екен. Іштен әйел даусы шықты. Еламан кемпір ме деп қорқып еді, жарылай ашық тұрған есікке жақындап барып сығалап қараса, Маша ас салған тарелканы Есбол қарияның алдына қойып: «Ата, ішініз! Ата, ішініз!» – деп, қайта-қайта қиылып жатыр екен. Еламан күліп жіберді. Маша осы екі ауыз қазақшаны кеше ғана бұнан үйреніп алған-ды. Үйдегі бар төсенішті

қарияның астына төсеп, жазылы түйеге мінгізгендей қоқырайтып отырғызып қойыпты.

Еламан кемпір көрсе тас-талқан боларын білді. Онсыз да елден Еламанның атасы келіп, түйесін қораға байлап, үстіндегі күпі, тымағымен төрге шығып, жерге төсек салғызып жатып алғаннан бері діндар кемпір қызы мен баласына бұлан-талан ашуланып, шіркеуге кетіп қалған еді.

– Ата, төсегің қатты болды ма?

– Жоқ, жайлы-ақ еді. Әлгі қыз бала қоярда-қоймай, үйіндегі бар төсенішті астыма үйе берді. Енді міне, не қисая, не жантая алмай, жазылы түйеге мінгендей қоқырайып отырғаным.

Есбол қария күлкісін басқасын, қасына орындық әкеп отырған Еламанға бұрылды:

– Тілін түсінбесем де осында келгелі әлгі қыз баланың жанын ұққандай болдым. Сен өзіне «рақмет, қызым» деген сөздің алғыс екенін айтып, ұғындырып қойшы.

* * *

– Сонымен, Мөңке қалай? Жағдайы жақсы ма?

– Әй, балам-ай, әзір жер басып жүр демесең, ол байғұста не жағдай болсын?..

– Балалы болды деп есіттім ғой?

– Ие, құр қол емес, күл шашары бар.

– Дос екеуінің арасы қалай? Әлі қырбай ма?

– Қырбайың не? Айрандай ұйып отырған ауыл емес пе еді?! Тәңірберген іріткі салып, оларды да... Қазір бірінің есігін бірі ашпайды.

Еламан осыдан артық ел жайын сұрамады. Қанша ұстамды болса да, Тәңірбергеннің аты аталса ішінен тынып қалатын боп жүр. Есбол оны байқады ма, жоқ па, біраз көзін төмен салып мүлгіп отырды да:

– Балам, бері келші – деп, Еламанды қасына таман жақындатып алды. Еламан қарт атаның осы жолы оқшауырақ шаруа жөнінде сөйлесетін жағдайын байқады, – «Ата балаға сыншы» деуші еді. Баяғы жасырақ кезінде басқа балаларға қарағанда сен қарашыл едің-ау. Соған қарап, өсе келе кісіге қайырымың мол бола ма деуші едім. Қаратаздың жылқысын бақтың ғой. Жылқы мінезін білетін шығарсың?

Еламан мұның арты қайда соғарын білмесе де, атасының арыдан қозғаған түрін байқап, бойын жиып алды.

– Кең далаға кішкентай үйірін сыйғызбай, тырқыратып қуалап болатын сәуірлік айғыр бар да, қыдыр дарыған байдың кереге жал құтпан айғыры бар-ау. Мен де сені келешекте сол құтпан айғырдай үйіріне тыныш, ақылы алдында, ашуы соңында жүретін зәбірсіз жан бола ма деуші едім. Сен өзің сондат болам деп бойындағы қасиетінді со жақта қалдырып қайтқаннан саумысың осы? – деп, Есбол қария мырс-мырс күлген бойы басын шалқая көтеріп алды да, інісіне нұры тайған кішілеу көзін сығырайтып қарады. Еламан мына әзілдің ар жағында атасының әлде назы, әлде өкпесі жатқанын сезсе де, сыр алдырмай, тұтас отыр.

– Балам, Ақбала Шалқарда деп есіттім ғой, онан хабарың бар ма? – деді қария.

Еламан мұны күтпеген екен. Ду ете қалды да, саба-сына тез түсті.

– Оны... қайтем? Маған қажеті қанша?

– Иә, саған қажеті де болмас. Тіпті, әлгі сәуірлік айғыршыласаң сауырлап талайтын жөнің бар. Бірақ... балам-ау, Ақбала – деп, атасы осы арада сәл қабақ шытып, ренжіп қалғандай болды да, біраз отырып барып қайта сөйледі, – Рас, араларың суып, кетті. Бірақ,

Сүйеудей жақсының қызы емес пе еді?! Сүйеу сен үшін сол жалғызын көрмей кетті. Қанша қатты болса да балаға дегенде әкенің көңілі белгілі еді ғой. Тірі бала түгіл өлген баланы ұмыта алмай, ата-ананың көкірегі үңірейіп тұрмаушы ма еді?!

Еламан үндемеді.

– Ол балаңның анасы еді ғой, – деді Есбол бір осал жері осы болар деген оймен.

– Ие, бәсе! Анасы болса шала туған нәрестені алты айлығында...

– Жә! Біліксіздің білмегенін кешірмесең білгендігің кәне?! Ақбаланың тұрмыс-халі нашар деп есітем. Сүйеу де жібімей қойды. Біздей емес, ол заңғар көңілі қалған кісінің жүзін ақырет сапарында бір-ақ көреді ғой.

Еламан әлі де ішін алдырмай, сазарып отыр. Есбол қария оған барлай қарап өтті. Бірақ, сөзімді көтереді екен деп, інісін қажай бермей, орайлы жерде ойындағы барды айтты да, тоқтады. Осыдан кейін ол тағы бір жетідей жатып, мауқын басқандай болды. Еламан арқылы қала ішіне хабар салып жүріп елден келген қалашыларды білді де, жолға жиналды.

Жүрер алдында ол жазылы түйесін есіктің алдына шөгеріп қойып отырып:

– Балам, сен осы бізге хат жазған сайын Бедір деген досым бар деуші едің? Әлі доссындар ма?

– Доспыз...

– Кейде тып-тыныш отырған үйге үлектей күркіреп келетін сол ма?

– Сол!

– Е, дегендей, дегендей! – деп, қария басын изеп, тағы бір кез ойлы кескінге ауысып, шөгіп қалды. Осылай отырып та кісі көңілін әріден топшылайтын қария інісінің әңгімеге құлықсыз тартып, шолақ қайырған бір-

бір жауаптарынан көп жайды аңғарды. «Ой, әттеген-ай!.. Аралары суысып кеткен екен ғой» деп түйді де, Еламанға жүзін бұрып: – Баяғы бала кезімде әкем марқұм: «Атты сыртына, адамды ішіне қарап білем» – деуші еді. Кісі сырын ұғу қиын ғой. Түріне қарап дос таңдау да қиын. О да бейне мінезін білмейтін шадыр атқа мінгендей, қай жерде тулап түсіріп кетеді деп, тақымынды қысып алғандай шығар – деп, мырс-мырс күлді. – Әмсе, кісі тілекпен дос болмайды, тең кісілерге достық өзі келеді. Ондай дос қайда?! Өз басым ешкіммен дос боп көргем жоқ, тең адам кездеспегендіктен емес. Оның бір пәлесі – дос кісілердің арасында да бірдейлік бола бермейді. Олардың да өз арасынан артық-кемі шығып, кемі кіші орында жүреді. Қиыны осы.

Еламан қолма-қол дерек қайтаратын әзір жауап емес еді; ол, әсіресе, осы жолы асықпады. Әуелі қария сөзінің ар жақ-бер жағын пайымдап, ойша салмақтап көрді. Көп сөзі көкейге қонса да, ата ақылының кейінгі тұсына қарсы айтатын дауы бар. Түсін ашып айтпаса да, әлгі сөздің аңғарында жұмбақ түйіндей бір түйткіл қалды. Өз басы Мюлгаузен екеуінің арасындағы күн санап жіңішкеріп бара жатқан достықтың түпкі орайын басқаша түсінетін: ол бір тілі, діні басқа кісілердің қиын кезде іштей табысқан көңілі болатын.

Есбол қария соны байқап:

– Жә, балам, – деп, қайта сөйледі, – досың болар, болмас, ал бірақ, жолдас тапқаның жақсы. Сырт жерде жігіт жолдасымен сыйлы.

Еламан атасын құптап басын изеді.

– Мұнда келіп жұмыс істеп жатыр екенсің, жолдасыңның дені орыс екен. Сырын білмейтін халқым. Тек ертеректе көп білетін бір ғұлама кісінің: «Өнерді орыстан үйрен» деген сөзі құлағымда қалып еді. Жас та

болсаң өмірдің ойы мен қырын көрдің. Сен татпаған зәр қалды ма?! – деп, қария кеудесін кере күрсініп алды да – Біз білмейтін жаңа бір жолға түсіпсің. Замана жолы ғой! Теңіз кешіп, тор сүйреткеннен жаман болмас. Қай заманда да өнерлі озған. Тәңірім алдыңнан жарылқасын! Бізге қарайлаймын деп, бұта түбіне аяғынан оралған торғайдай боп жүрмегейсің. Елге иек сүйегесін, шүкір, біз де жаман емеспіз. Азын-аулақ мал-тегене бар – деп, жақсылық пен жамандықты жер түбінен ойлайтын ақылгөй қария Еламанның қол-аяғынан тұсауды алып кетті.

* * *

Есбол атасы кеткелі Еламан өзінің жалғыздығын анық сезді. Ешқайда бармады. Ешкіммен кездеспеді. Жұмыстан шықса, үйге келеді. Үйде де тіл тауып шүйіркелесетін кісі жоқ. Маша кешке қарай Селивановпен қыдырып кетеді. Мюлгаузен үйде аз болады. Ал кемпір шіркеуге барғанда болмаса, қалған уақыттың бәрінде де үйде. Оқтаудай тіп-тік денесін қара киімге малындырып, үй ішінде үн-түнсіз, аяғын дыбыс шығармай, мысықша басып келе жатқанда Еламан әрқашан бой тасалап тығыла қалғысы келетін. Кісіге назар аударып қарамаса да, бет алабы құдды табытта көзі ашық жатқан өліктей, адам жаны түршіккендей ызғар шашатын.

Еламан атасы кеткесін кішкентай қаланың бірыңғай қазақтар тұратын шет жағынан үй іздеді, бірақ, бәрі де балалы-шағалы, бір бөлме, мықтағанда екі бөлмеде тығылысып отырады екен.

Салы судан шығып шаршаған Еламан үйге келсе, есік алдында Мюлгаузен тұр. Шамасы, бұнымен сөйлескісі кеп сыртта тосып тұрған сияқты.

– Слушай, қайда жүресің? Неге көрінбей кеттің? – деді Мюлгаузен.

Еламан күлді.

– Неге күлесің?

– Үйде тұрмайтын мен емес, өзіңсің ғой.

– Жұмысың қалай?

– Қалай дейтіні жоқ... Екі қолға – бір жұмыс.

– Сөзінің сиқын. Вот что, дорогой, қаласаң, ертеңнен бастап қасыма алуға болады.

– Рақмет. Осы жұмысым өзіме ұнайды.

– Ознобинді қимай тұрсың ғой. Это твое дело. Маған сенің Ознобинің де, Селивановың да ұнамайды.

– Білем.

– Митингінің уақыты өтті. Жер-жердің бәрі көтеріліп жатыр. Қазір халықты қаруландырып, күреске шығатын кез!

Еламан қарт жұмысшыны қолдап, қарсы дау айтқысы келсе де, орысшасы кемтарлық етті ме, әлде ыңғайлы сөз аузына түспеді ме, көзін жерден көтермей тұнжырап тұрған-ды.

Мюлгаузен:

– Үй іздеп жүрген көрінесің ғой? – деді.

Еламан үндемеді.

– Біздің үй тарлық етіп жүр ме? – деді Мюлгаузен.

Еламан бұған да үндемеді. Тек өзінен көз алмай, қадала қарап тұрған Мюлгаузенге білдірмей ішінен үнсіз мырс етті.

– Не дури, үй жетеді – деді де, ол ішке кіріп кетті.

Еламан үйге кіргісі келмеді. Атасы кеткелі онсыз да үйге сыймай жүр. Елден келген кісілерді іздесе, бұл, әдетте, Теміркенің көк дүкеніне баратын. Онда Тәңірберген жатыр деп есіткесін бетінен басты. Үй іздегісі келді. Күннің кешкіріп қалғанына қарамастан ол тағы да көл жақ шетте тұратын қазақтардың біраз үйін жағалап шықты. Сүйткенше күн батты. Қас қарайды.

Сол күні айсыз түн, әсіресе, тастай қараңғы болғанды. Көшенің екі бетінде жапырайған аласа үйлерді бұл түн түгіл, күндіз де бірінен-бірін айыра алмайтын. Мына көз байлаған қараңғыда балшықтан соққан, бірін ақтаса, көпшілігі ақталмаған, өңшең жер тістеген аласа үйлердің нобайын қараңғыда әзер-әзер көріп келе жатқанды. Сондай үйдің біріне тақап келе бергенде кісі бойы дуалдың ар жағынан қора толы көп адамның абырдабыры шықты. Еламан қалт етіп тұра қалды да, қайта жүрді. Өлгі абыр-дабырдың арасынан сыңсып жылаған әлдебір жас дауыс шығып еді, оған біреулер басу айтып: «Қой, қарағым! Молда құран оқысын», – деп жұбатпақ болды.

Еламан қаралы үйдің тұсынан тезірек басып, жылдамдап ұзап барады. «Кім екен?» деп ойлады. Кәрі ме, қыршын жас па? Сыңсыған жас дауыс соның келіншегі болмаса не қылсын? Жаңағы абыр-сабыр қазір сап боп тыйылып, үйдегілер де, қорадағылар да басы салбырап, мүлгіп қалған осынау тым-тырыста сонау төр жақтан құран оқыған молланың мақамы шықты. Олар ауыз ашса: «Адамның басы – Алланың добы» деп жұбатады. Еламан осыған түсінбейді. Түсінгісі келмейді. Кешкісін жұмыстан қайтқанда ол күнде-күнде Ознобиннің үйінің жанынан өтетін. Бұл жұмыстан қайтқан кешкі салқында балалар доп қуалап, аяғы іліккені әрі-бері теуіп, улап-шулап жатады. Жә, олар... Олар ғой – балалар. Мынау – Алла! Жаратушы Ие! Сонда о да көңіл көтеретін ермек іздегенде адам басын аяғымен тепкілеп, олай-бұлай қуалай ма? Сонан ләззат ала ма? Бұл не сандырақ?

Еламан көше ортасында сілейіп тұрғанын сезген жоқ. Қараңғы көше кенет допқа... жо-жоқ, басқа... адамның басына толып кетті. Сабағынан үзілген қарбыздай, қараңғы көшеде домалап бара жатқан өңкей

бас... адамның бастары. Анау – Кәленнің, Мөңкенің, Райдың басы. Ал мынау – бұның өзінің, Ақбаланың... Еламан көзін баса қалғысы келді. Ол енді ешкімді, ештеңені көргісі келмеді. Ешкімді, ештеңені ойлағысы келмеді. Үйге тезірек жетіп, көрпе астына кіріп, басын тас қып бүркеп, ешкімді де, ештеңені де ойламай тезірек ұйықтап, бәрін басынан шығарып, бәрін, бәрін ақи-тақи ұмытқысы келді. Ойы осыған бекігенде, кенет есіне атасы түсіп: «Қалай жетті екен?» деп ойлады. Сосын: «Жолда қиындық көрмеді ме екен?» деп ойлауы мұң екен, ол енді өзінен-өзі мазасызданып, басына қайдағы-жайдағы келіп: «Апыр-ай, сонша жерден іздеп келген атасына дұрыстап не қонақасы бере алмады, не жер түбінен келген кәрі кісіні күтіп, жағдайын жасай алмады. Ішіне реніштің үлкені де, кішісі де сиятын қария сыртына шығарып айтпаса да, бірақ, тап жүрерде түйесін есік алдына шөгеріп қойып, Ақбаланы есіне алғаны не? Айтса да, аяқ астында қалған адамгершілікті тірілтпек боп арыдан толғағаны тегін бе? Сонда ол Ақбала мен бұның арасындағы жағдайды білмесе екен-ау? Жоқ, білді. Біле тұра адамгершілікті алға салды. Шынына келгенде, апырау, сол адамгершілігі құрғырдың ар жағында адалдық деген пәле тұрған жоқ па? Оны да білмеді дейсің бе? Жоқ, білді. Білді! Білгенде қандай?! Ендеше, адалдықты тәркі етіп, арды аяққа басқан дозақылықты да біле тұра бұған неге, неліктен адамдық, адамгершілікті алдына тартып, бетіне басатын не жөні бар? Жоқ, ата, сөзіңді де, өзіңді де сыйлаймын, бірақ, осы тұста келіспеймін. Қалған көңіл – шыққан жан. Өз қолымен тұншықтырып өлтірдім, оны енді қайта тірілту... Жоқ, ата, ата-еке, ол қолымнан келмейді.

* * *

Көктем күні кешке тақағанда аңырап гудок айқайлады. «Сауыны болған қара нар боздады» – деп, Еламан бұны ішінен әзілге айналдыратын. Жұмыс аяқталысымен үйлері бір жақта тұратын кісілер өздерінің күндегі әдетімен бүгін де ыңғайласып топ-топ боп әңгімелесіп кетіп бара жатты. Бір-екі жұмысшы Еламанға бұрылып кеп: «Бірге қайтайық» – деп еді, Еламан оларға: «Кете беріңдер» – деді де, көзінің қиығын Мюлгаузеннен айырмай бағып тұр. Мюлгаузен өзіне қарайлап тұрған Еламанды байқаса да, оған назар аударған жоқ. Ол күні бойы ескі паровоздың астына кіріп, сыз жерде шалқасынан жатып жұмыс істеген-ді. Үсті-басы, беті-аузы май-май боп, күлді-күйелеш паровоздың астынан шықты.

– Қайтпаймыз ба? – деді Еламан қасына келіп.

– Что-о?

– Бірге қайтайық. Сені күтіп тұрмын.

– Кете бер!

– Сен ше?

Мюлгаузен үндемеді. Май-май киімдерін шешіп, үстіне майканың сыртынан өзінің таза киімдерін киді. Еламан өзіне көптен бері осы жігіттің қабағы ашылмай, қыңырайып тоң-торыс жүрген салқындығын білсе де, осы жолы араларындағы түсініспестікті жуып-шайғысы келді де, күліп құшақтамақ боп еді, Мюлгаузен:

– Уйди! – деп, қолын қағып жіберді де, басы қайқайып жөніне тарта берді. Тағы да атасы есіне түсті. Шамасы, сірә, терезесі тең дос табыла бермейтіні рас шығар. Бірі артық, бірі аз-кем кемдеу болса да, олардың достығы, тегі, ақсақ кісінің аяғы тақылеттес, сау аяқтан ақсақ аяқ неғұрлым қысқа болса, соғұрлым кеміс аяққа салмақ көбірек түсіп, қаттырақ ақсайтын болар-ау. Міне,

бұлардың да достығы сылти бастады. Досы соны бұған тағы да аңғартып, қыңырайып тартып барады. Сен, кәне, кеміс аяқтың қызметін атқарасың ба? Соған келісесің бе?

Еламан басын шайқады. Кездемесін бұлда-ған Темірке сияқты достығын бұлдаса, амал қанша, ендігі жерде жалғыз жүріп жол табар.

Еламан «ертең, күні ертең басқа үйге шығам» деп ширығып келе жатқан-ды. Көк дүкенге деңгейлесе бергенде осылай бетпе-бет қарсы кеп қалған әйелге көзі түсті де... түсі бұзылып кетті. Тәуекелі жетпегендей, тоқтай қалды да, қайта жүрді. Өрге қарсы жүргендей, дем арасында тынысы ауырлап, ендіккендей боп, арбалған көзін әйелден айыра алмады. Әйел де әлдебір көлденең көзді сезгендей, назарын тіктей берді де, төбеге ұрғандай тоқтай қалды. Екі беті өрт шарпығандай дуылдап тұрып бұған бір сәт, бір ғана сәт жасқанбай тура қарады. Шама-сы соған жетті. Еламан оны жылап жіберетіндей көріп, бір аттап ілгері ұмтылып:

– Ақ-бала... – деді. Деуін десе де аянышты дауыс ар жағынан әдеттегіден гөрі ышқынып шыққанын ол кейін сезді. Соған өкініп еді. Иә, сол пәле болды. Ақбала бір сәтте бетінен қаны қашып, қатыгез әкенің құдай болмаса, адам баласы аяғанда намысына, шамына тиетін әнебір ызакор ажарын тауып, әйел де бір сәтте ширығып ала қойды да, тілдесуге келтірмей жөнеле берді.

Еламан бөгемек болғандай ілесіп ұмтыла түсті де, тоқтады. Аузындағы сөзді айта алмай, шала ашылған ернін жия алмай тұр: «Қайырылмас па екен?» деп ойлады. Ақбаланы осы қалада тұратын тұрмысы нашар, мүсәпірлеу біреуге күйеуге шығыпты деп есіткен-ді. Өңінің жүдеулігі болмаса, бұрынғысынан өзгермепті. Үстіндегі киімі де өзгермеген. Баяғы қос етек көйлек. Сол баяғы қынама бел көк масаты қамзол. Тіпті

арқасына сұлап түскен қос бұрымға дейін бәрі, бәрі түк өзгермеген. Әне, көзден алыстап ұзап барады. Тек... құяң болған адамдай, неге, неліктен қолы да, иығының басы да қозғалмай, секип сіресіп қалған? Неге бұлай? Әлде әйел намысы буып, жаны ышқынып бара жатпаса не қылсын? Шынында, солай болар-ау? Мына адыра қалғыр өмірдің тепкісіне ұшырап, қорлық пен зорлықты көрсе де, кісі алдында кішіреймей, тәкаппар басын шамадан тыс тік ұстап шалқақтап бара жатқаны тегін бе? Осы бара жатқанда әлдекімге оның өзі қыр көрсетіп: «Мен әлі де бұрынғы Ақбаламын», – деген әкеге тартқан қасармалық емес пе? «Жоқ, ол енді қайырылмайды» – деді Еламан.

* * *

Ақбала шынында да қайырылмады. «Жақсы істедім», деді былай шыққасын өзіне-өзі ішінен, – жақсы істедім. Біздің арамызда түк те қалған жоқ. «Бәрі біткен. Өлген». Ызалы, долы жас тамағына тіреліп, тынысы тарылып барады. Қашан бір көшені айналғанша демін алмады. Сүрінді ме, қайтті, тілерсегі дірілдеп құлап қала жаздады.

Қарсы кеп қалған кісілер бұрылып қарап, қайсыбіреулер таңданып тұрады да өтіп кетеді. Жаңа, онымен кездесердің алдында көк дүкеннен сатып алған шамның мұржасы қолында келе жатқанды. Оны көргенде ток ұрғандай тұла бойы дір етіп, қолын ықтиярдан тыс қатты сығып жібергенде, шыны шөлмек сынып кетті. Оны, бірақ сезген жоқ. Тас қып түйіп алған саусақтар арасынан қан сорғалап тамып келеді.

Ақбала үйге қалай жеткенін білмеді. Алдынан жүгіріп шыққан балалар шошып, естиярлау екеуі кейін

шегініп кетті. Тек есін білмейтін күрбелдеуі жүгіріп кеп «апалап» Ақбаланың етегіне жармасты. Онсыз да кімге ұрынарын білмей, долылық буып тұрған әйел кішкентай баланы қағып жібергісі келді де, өзін ұстап қалды. «Апалап» аяғына оралып жатқан балаға еңкейіп, жерден көтеріп алды. Алуын алса да, бірақ оны қайтерін білмей, үй ортасында аңырып тұрып қалды. Сосын қараптан-қарап сұлдері құрып, қол созымдай жердегі төсекке жете алмай, тұрған жеріне отыра кетті.

«Өзі кінәлі. Бәрі өзінен. Менің де, өзінің де, баламыздың... сорлы жетімектің осы күйге ұшырағаны... бәрі, бәрі сонан! Өзінен! Өзінен!..» Құдды біреу онан кінәлі кім деп, ақ-қарасын ашып беруін сұрап жатқандай. «Сен, сен кінәлісің! Сен... Се-н-н!» Әлгінде шыны тілген қолдан қан көп аққан-ды. Сол енді сонау саусақтан, қара тырнақтан бастап бүтіл бір жағы – білегі, қары, шымырлап ұйып, әрі-берідесін тіпті, солқылдатып әкетіп бара жатқанын да елең етпей, сазара түсті де «Мұзға шықпа деп қанша жалындым» деді ішінен, «дауыл боларын білді. Білді! Біле тұра мұзға шықты. Орысты өлтірді. Мені аясаң, дүниеге келгелі тұрған баланы ойласа, орысты өлтірер ме еді?.. Сен!.. Сен кінәлісін. Кінәлісін. Кінәлісің».

Ақбала құп-қу. Қаны қашқан боп-боз ерін дірілдеп, өксік қысқан көкірек көтеріліп-басылып, көз толы жас мөлтілдеп омырауына тамды. Ақбала жасын сүрткелі қолын көтере берген-ді. Ертеден бері үрпиіп, бұрышта тығылып тұрған естияр екі бала:

– Апа!.. Әй-әй апа, қан! Қан... – деп, жүгіріп кеп, екеуі екі жақтан шырқырап қоя берді.

Ақбала қанды енді көрді.

– Ух, құрысыншы. Итшілік өмір ғой – деп, енжар қимылмен астындағы алашаның шетін қайырып, әйнек

тілген алақанын топыраққа бас-ты да, қолымен жер тіреп отырып қалды. Әлі де ештеңе сезіп отырған жоқ. Қара көлеңкелене бастаған үйде әлгі жетім балалардың бұнан көз алмай үрпиісіп тұрғанын да байқамады.

– Жа-й... Жай отырсың ба? – деді, жақындауға бата алмай, сырт жағында тұрған біреу.

Ұзын сарының үйде бар-жоғын да байқамапты. Ақбала түрегелді. Шам жақты. Мұржасыз шамның білтесін көтеріп жатып, әлдеқалай үстіне көзі түсіп еді; ақ бәтес көйлектің етегіне жұққан сәл ғана болмашы дақты көріп, бұны бұрын неғып байқамағанына қынжылды.

Ақбала үй ішінің оны-пұны шаруасын істеп, сосын күні бойы аш отырған балаларға ас даярлады. Соның бәрінде де Әнуар қалталақтап соңынан қалмай жүр. Ақбала жүрсе жүріп, тұрса о да тоқтап, көзін жерден көтермей солбырайып тұрады. Ақбала алғашқыда көңіл бөле қоймап еді; кейін ызасына тиді.

– Не керек?

– Маған... Ма-ған баа?

– Иә, саған?

– Жай... Тек... тек... Ренжітсем, ке-кешір...

– «Мына сорлыға не болған. Есі дұрыс па?»

– Ақбала... ке-шір...

– Кешір?

– Иә, кешір...

– Нені кешіруім керек?

– Өзің білесің ғой, он шақты күннен бері ауырып, үйдің берекетін кетіріп алдым...

– Оның несі айып, кім ауырмайды...

– Жоқ, былай... Бүгін тәуірмін. Құдай қаласа ертең жұмысқа шығам.

– Ерте тұрып кеткен жоқсың ба?

– Жоқ, қазір тәуірмін. Менің ай-та... айтайын дегенім...

– Иә?

– Тек ренжіме...

– Айта бер!

– Мына балаларға ана бол. Ендігі жерде екі жарты...

Ақбала көзін төмен сап, үнсіз тындап тұрған-ды. Әнуар сөзін аяқтағанда өзінің осы халін мысқылдағандай жабырқау жүзіне күлкі білінді. Бұл үйден қазір... тап осы қазір кету керегін, әйтпеген күнде мына сүмелек сарының тілегін қабыл алмай болмайтынын білді. Онсыз да қала ішінде өсек көбейіп, кейбір қылжақтар: «Некесі қиылмады демесең, түнемелікке қарай төсектері қосылып кетеді екен» деп жүр.

– Мені қайтесің. Басың жас, балаларыңа – ана, өзіңе – жар болатын жөні түзу әйел табарсың. Қыздай қосылған күйеуіне опа бермеген жан саған не опа беретін еді?.. Қош бол, Әнуар.

– Жо-жо-қ... не дегенің... жібермеймін...

Ақбала киім-кешегін жиыстырып алды да, көздері жәудіреп тұрған үш балаға бұрылды.

– Ал, айналайындар, сау болыңдар... – деп, бұйығы балаларды бауырына тартып бетінен сүймек боп еңкейгенде, көзі олардың көзіне түсіп еді; естияр екі баланың иегі кемсендеп, өкіріп жылап жіберуге аз-ақ тұр екен. Ақбала олардың көзінен мөлтілдеген жасты көргенде ғана осы сәттегі өзінің қатал ойынан шошып кетті. Қолындағы түйіншекті лақтырып жіберді де, жалма-жан тізерлеп отыра қап, бауырына тығылған жетім балалардың бәрін қаусырып құшақтай алды.

– Апа... апа, кетпеші.

– Кетпеймін... Айна-ла-йын... Ендігі жерде не көрсем де сендермен бірдей көрем.

Әнуар жұмыстан бүгін күндегіден ерте қайтты. Қабағы түсіп кеткен. Осы келе жатқанда ол қаланың қапырық ауасын, қолқа атқан күйген кесек иісін сезген жоқ. Теміркенің көк дүкенін айнала бергенде, ар жағынан арбаның доңғалағындай бас-аяғы домаланған біреу шыға келді. Әнуар әдепкіде мынаның кісі екенін, әлде шыныменен арбаның доңғалағы екенін айыра алмай, көзін уқалап жіберді. «Бұл пәлеге қайдан кездестім?.. Апыр-ай! Апыр-ай, қарызын сұрамаса не қылсын», – деді Әнуар бұның қарасын көргеннен қипақтап.

Бұ да осы қаланың Теміркеден кейінгі бай кісісі. Бұның да қалада дүкені бар. Және Қазалы, Қамбаштың балығын ешкіммен бөліспей, бір қолдан сатып алып, вагон-вагонымен Орынбор, Орскіге жөнелтіп жатады.

– Ә, ортақ, – деді ол.

Әнуар көзін көтермей, шыбындаған аттай қос қолымен құйрығын сипалап қипақтай бастады.

– Көрінбей кеттің ғой. Қалайсың? Байыдың ба?

– Бб-із... Біз-ге ондай қайда?

– Өңің жүдә аппақ. Аурып тұрыпсың ғой. Үйіңге бар. Хотының жүдә гөзал...

– Жо... жоқ, ол... ол менікің қатыным емес.

– Сен қусың. Хотыныңа салам айт...

Сүйдеп тағы да күлді де, қоштасар жерде түсін суытып:

– Қарызыңды қайтар, сен созып барасың. Хоп мә? – деді де, құдды біреу ылдиға қарай итеріп, домалатып жіберген дәл бір арбаның доңғалағындай домалап ала жөнелді.

Әкесін көргенде үш бала бәрі бірдей орындарынан ұшып тұрды. Әнуар сыртқа шыға қашқысы келгендей, есіктен аттай бере қалт етіп тұра қалды. Құдды кінәлі кісідей, жас балалардың жәудіреген көзіне тура қарай алмай, сырт айналып кетті. Ақбала оның жұмысқа бара сала ізінше тез қайтып келгеніне таң қалды. Бірақ, үндемеді. Әнуар да аузын ашпады.

Бұл үй бүгін де қазан көтермеді. Бір жан жақ ашпады. Күннің қызылы сөнер-сөнбесте үн-түнсіз әркім отырған жеріне қисая кеткен-ді. Ертеңіне балалар ерте оянып, қыңқылдап ас сұрай бергесін, Ақбала төсектен басын көтерді. Үш баланың ар жағында бетін іргеге беріп бүктетіліп жатқан ұзын сарының жұмысқа баратын уақыты болса да, төсектен тұрмай жатқанын көріп:

– Тұрмайсың ба? – деп еді,

– Тұрайын ба? – деп, Әнуар жастықтан басын көтерді.

– Тұр десең, жарайт, тұ-рай-ын.

– Өзің біл. Мен тек жұмысқа баратын уақыт болғасын айтып жатырмын.

– Жұмыс... Қап, кеше айтуым керек еді.

– Нені?..

– Аузым бармады. Сені... балаларды аядым...

«Мына сорлы не деп тұр?» Ақбала түкке түсінбесе де, бұның ар жағында қандай да айтуға аузы бармай тұрған әлдене барын байқап, іші мұздап кетті:

– Жұмыстан қуғаннан сау ма?

– Жо... жоқ. Жұмыстан қуған жоқ.

– Сонда не?

– Не-е... не дегенде... Аанада ауырдым ғой. Сонда... орныма адам алып қойыпты.

Ақбала сыртқа шықты. Неге шыққанын білмеді. Шыққаннан кейін де қайда барарын білмей, басы зеңіп тұрды да, беті ауған жаққа аяғы алып келе жатқан.

Сапырылысқан ығы-жығы халық. Солардың арасынан аттылы-түйелі ел қазақтары көрінді. Түсін шырамытқан бірлі-жарым болмаса, жыға танитын ешкім кездеспеді. Қалаға жақын-жуықтағы ауылдардан меске шайқалып келген қымыздың, шұбаттың иісі, майға пісірген, тандырға пісірген ыссы нанның ию-қию иісі жан-жағынан үзбей келіп, әбден зықы кетті. Үйге қайтқысы келсе де, ықтияр еркінен тыс әлде не жібермей жіпсіз байланып, қақтығысқан, соқтығысқандардың арасында шырғатылып біраз жүргесін басы айналды.

Күн көтеріліп, базар қыза бастады. Құжынаған көп халық; кәзір бұрыңғы – бұрыңғы ма, енді тіпті күйкылжып, алармандар мен сатармандар жалақтап шыға келді.

Ақбала кеткісі, тіпті шыға қашқысы келіп еді, бірақ үйде қалған аш балалар есіне түсті. Басы айналып, әлі құрып тұрғасын көзін жұмды. Қанша тұрғанын білмеді. Көзін ашса тағы да жаймадағы әлгі тірі күйіктерді көріп, зығыры кайнарын білді де, қақтығысқан, соқтығысқандардың арасында көзін жерден көтермей, аяғын ілбіп басып келе жатқан-ды. Кенет қалшиып тұра қалды. Қуанғаны, әлде қорыққаны белгісіз көзі түскен көкала қағазға тұла бойы түгел дірілдеп қарады. Енді сәл кідірсе басқа біреулер көріп қалатындай, май топырақ астынан шеті шығып жатқан он сомды аяғымен баса қап еді, құдды табанымен шоқ басқандай, аяғынан бастап, сирағы, санына қарай дірілдеп әкетіп бара жатқасын жалма-жан еңкейіп енді қолын соза берді де, тез тартып алды. Көзінің астымен абайлап жан-жағына қарап еді. Еш кімнің еш кімде шаруасы жоқ, баяғыдай ет сатқан, айран сатқан, нан сатқан ана жаймада да, мына жаймада да үйме-жүйме, ығы-жығы, опыр-топыр халық. Сол баяғы абыр-сабыр, ың-жың арасында қақырайған картузды бір шекесіне қисайта киген мұртты полисей қамшы ұстаған

қолымен бүйірін таянып алыпты. Бұнымен оның да ісі жоқ. Қайта ар жағындағы опыр-топырға одырая қарап, ата қаздай қоқиланып тұр екен.

Ақбала сол күні өзінің есі шығып, сонша қорыққанына кейін өзі де күлген еді.

* * *

Ақбала шошып оянды. Біреу сыртта есікті дүрсілдетіп қағып тұр екен. Жалғыз терезеге киім тұтқан үй тастай қараңғы. Ұйқылы көзі ештеңе көрмесе де, қасында жатқан үш баланың арғы жағында жатқан еркек есіне түсті:

- Әнуар... тұр! Тұр!
- А-а?
- Тұр, біреу есікті қағып тұр.
- Кім?
- Білмеймін.
- Әй, кімсің? – деді Әнуар.

Есікті қайта қақты. Жаман есікті сындырып жіберетіндей, үсті-үстіне дүрсілдете бастады.

Ақбала тез тұрып шам жақты. Әнуар қалталақтап есікке барды. Әлі де болса, «ашайын ба, жоқ па?» деген үрейлі сұрақпен Ақбалаға қарады.

- Аш! – деді Ақбала.
- Ұры емес пе?
- Аш! – деді Ақбала ұры сенің неңді алады?

Әнуар есікті жарым-жартылап аша түсті де, тез жаба қойды.

- Ойбай, құрыдық...

Ақбала ұзын сарыны иығының басымен итеріп жіберіп, есікті ашқанда шам ұстаған қолы қалтырап кетті. Сыртта айқай-сүрең ұлғайып, бірнеше кісі үй іргесін дүсірлетіп жүгіріп өтті. Ақбала жалма-жан

шамды сөндіріп, есікті ішінен бекітіп алды. Ол енді өз қолымен ішке кіргізіп алған кісіге назар аударып қараған жоқ.

* * *

Көшеде кісі аяғы басылса да, бұл үйде әлі бір жан қыбыр етпеді. Керек десе, шам жақпады. Ақбала қозғалайын десе құлап қалатындай сезді. Өңі, әлде, түсі екенін біліп тұрған жоқ.

Бір кезде үйде өзінен басқа әйелдің жоғы есіне түсті де, үнсіз қозғалып төсек қамдады. Қараңғыда жолда тұрған шелекті қағып кетті. Ақбала сәл бөгеліп, шелекті жолдан былай алып қойды. Екі еркекке төсекті бірге салып, өзі балалардың қасындағы төсегіне қисайды. Үй іргесінен тағы біреулер жүгіріп өтті. «Мені іздеп жүргендер ме екен? Мюлгаузен қайда екен?» – деді Еламан ішінен. Қалайда әлгіндегі қысылтаянда қуғыншылардың бетін Мюлгаузендерден аударып, өзінің соңына салып әкелгеніне дән ырза.

Неге екенін қайдам, Еламанға салған жерден үй иесі – сүмелек сары ұнамады. Денесіне денесі тиіп кетсе де жиркенішті бірдеңе жанасқандай, дір етіп бойын тартып алып жатыр. Ақбаланың осымен бірге жатпай төсегі бөлек болғанынан жұбаныш тауып «әлгі жұрттың айтып жүргені бекер болды ғой» деп ойлады.

Еламан көзінен ұйқы қашып, әлі де болса ойы онға шауып жатыр. «Бізді қалай біліп қалды?» деген ой басынан кетпеді. Ә дегенде бәрі ойдағыдай басталып еді. Қала шырт ұйқыда. Тек бұлар қараңғыны жамылып темір жолға жақындай бергенде станса жақтан паровоз айқайлады. Тосын шыққан ащы дауыстан дір етті. Қасында өзімен бірге келе жатқан Мюлгаузеннен көз жазбай, шалғайласып келеді. Көптен бері бұған көңілі

салқындап жүргенде, осы істің тұсында аяқ астынан бұған қалай сенім білдіріп қасына алғанына қайран.

Темір жолды кесіп өткесін, таса-тасаны бетке ұстап бұқпақтап кеп оқшау тұрған тас үйдің іргесіне жата-жата қалды. Тас үйдің алдындағы жалғыз фонар жел астында ақырын шайқалады. Қараңғыда бауырына түскен сәуле де дір-дір етіп, шаммен қоса шайқалып тұр. «Күзетші қайда?» деп ойлағанша болмай, бұлар көз тіккен жақтан біреу шам сәулесіне жақындап келе жатты.

– Маған ұлықсат етші! – деді Еламан. Мюлгаузен үндемеді. Кешегі түрікпен соғыста талай рет жау шебіне өтіп тіл әкеліпті. Осы жолы да сол машықпен қара кездікті бел ортасынан тістеді де, жер бауырлап еңбектей жөнелді. Қапелімде қараңғыға сіңіп, көз жазып қалып еді; сүйтсе ол күзетшіге жақындап барып, бір бұтаны қалқалап бетке ұстап жата қапты. Есіл-дерті күзетшіде боп, аңдысып жатып консервіден босаған қалбырды байқамапты. Күзетші қолынан түсіп кеткен әлдебірденеге еңкейіп ала бергенде, бұл атып тұрған екен, аяқ астындағы аяқ астындағы әлгі қаңылтыр қалбырды қағып даңғыр етіпті. Қашқандар мен қуғандар. Айқай-сүрең. Мылтықтар тарс-тарс. Оқтар зу-зу.

Мюлгаузеннің соңынан тұра жүгірген Еламан көз байлаған тастай қараңғыда күзетші солдаттың өлігіне сүрініп құлай жаздап, жер таяна бергенде қолына бесатар іліккен еді...

Әлдебіреулер Еламан тығылып жатқан үйдің терезесі алдында күбір-күбір сөйлесетін секілді. Еламан басын көтеріп алды. Төсек-көрпе астына тыға салған мылтықтың мұздай теміріне қолы тигесін ғана көңілі сабасына түсті. Сол екі арада жазғы таң да сыз беріп еді. Әнуар жөтелді. Сосын басын көтерді. Сосын өз денесін өзі ауырлағандай, сүлеленіп түрегелді. Аяғын сүйретіп

басып есіктен шығып бара жатты. Еламанның салқын қабақ астынан жөнелтіп салғанын байқаған Ақбала қараптан-қарап қысылып, өзінің бұнда баспана үшін тұрып жатқанын айтқысы кеп еді. Бірақ оны қалай айтарын білмеді.

Осы күндері Ақбала өзін жанып сөнгендей сезініп жүрген-ді. Қалаға келгелі әйел болып бір еркекке көңілі ауып, назар аударған емес. Соған таңғалып, шыныменен өзін жанып сөнгеннен саумын ба?» деп ойлайтын. Әнуар кетіп, кешегі күйеуімен екеуден екеуі оңаша қалғасын, үй ішінен кенет еркек иісі аңқып қоя берді. Және қасында, небәрі қол созымдай ғана жерде қысылғаннан о да бұның дәл өзіндей тырп етпей дымы құрып жатқан осы жігітпен екеуі бірге тұрған баяғы бір кез есіне түсті. Сол кезде өздері «жылауық» деп ат қойған алқам-салқам есікті балықтан қайтқан күйеуі сықырлатып ашып кіріп келе жататын. Қолындағы балық салған қапты отын үстіне тастай салатын. Күні бойы құлазып тұрған үйге онымен бірге тірлік те ере келіп, тұла бойындағы киімнен тер иісі, балық иісі аңқып қоя берген осы бір еркектің иықты ірі денесін, күректей қолының күс-күс алақанын сезетін сияқты. Онан сайын бұрынғы күйеуімен екеуден екеуі оңаша қалатын сол күндерді бар жанымен анық сезіп, осы қазір өзі де дәл бір жігітін күткен қыздай жүрегі құрғыр лүпілдеп, тұла бойын діріл билеп барады. Бірақ қозғалмады.

Еламан да тырп етпеді. Ақбала жаққа бірер рет көз қиығын жасқаншақтай тастады. Екеуінің арасында үш бала танауы пысылдап қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр. «Қалған көңіл – шыққан жан» деп өзіне қанша тыйым салса да, тұла бойын оқтын-оқтын тәтті құмарлық билеп, көзі тұманданып кете берді. Үй ішіне жарық түскесін Ақбала түрегелді. Еламанның ояу жатқанын білді де, ол жаққа көз салмады. Шамасы келгенше сыр алдырмауға

тырысып, әр қимылын іштей қадағалап ақырын қозғалып жүр. Еламан басын көтерді.

– Ақ-ба-ла!..

Ақбала тоқтай қалды. Өліктей қуарып кеткен Ақбала ернін қырқып тістеді де, тап ана көк жал дүкен алдында кездескендегі, бір ауыз тілге келмей есіктен шығып баратты. Сыртқа қалай шықты, солай бүтіл дене тарқатылған жіптей, сұлдері құрып босағаға арқасын сүйеп тұра қалды. Дыбысын шығармай солқылдап жылады.

* * *

Еламан да тұрды. Тез-тез киінді. Енді тек үн-түнсіз шығып кетуді лайық көрмей, сыртта жүрген Ақбаланы тосып отырғанда сықыр етіп есік ашылды.

Еламан қарсы барды:

– Рақмет, Ақбала! Түнде... сен бол-маға-да...

Ақбала «қайтесің» дегендей, қолын дәрменсіз сәл көтере түсті де, тез тартып алды. Сосын бетін алып қашып қырындай бұрылып кетті. Ошаққа от жақты. Шай қойды. Кешегі он сомға алған ұнның соңын қағып күлше пісіріп еді. Тандырға пісірген ыссы нан иісінен жұпыны, жүдеу үй іші әп-сәтте көңілденіп, шырт ұйқыда жатқан балалар оянды. Мойындары қылқиып түрегелді. Үлесінен құр қалғандай, ояна сала ыссы нан иісі шыққан жаққа қарап, көзімен жеп барады.

Еламан ыссы күлшенің шетінен бір үзіп ауыз тиді де, қайтарып берді:

– Балалар жесін...

Ақбала қолдарына нан ұстатып жатып:

– Барындар! Ойнаңдар! – деп, балаларды сыртқа шығарып жіберді де, қайтып келді. Еламан отырған көрпенің шет жағын ала көзін төмен салып бір қырындап отырды.

– Баста бір қа-те-лес-тім...

– Қайтесің... Құдайлық ісі қой...

Ақбала алақанымен бетін басты да, бүк түсіп еңіреп қоя берді.

Еламан сазарып алған.

– Мен... Мен кінәлімін, – деді Ақбала солқылдап.

Еламан жұбатпады. Ақбала жасын тыйды.

Әңгімелері жараспады. Үнсіз отыру екеуіне де ыңғайсыз бола бастады.

– Әлгі жігіт... Ол өзі... жұмыс істей ме? – деді Еламан.

– Ешқайда... Бос.

– Жұмыс табылмай жүр ме?

– Білмеймін.

Еламан әйелдің жанына бататын бір нәрсені тілінің ұшына алмады. Соны Ақбала да жанымен сезді де, біраз отырып барып, көзін төмен салып бір қырындап отырды. Еламанға шын ризалық көңілден ұзағырақ қарады. Еркектен гөрі әйел көзі қырағы болса қырағы болатын шығар: баяғыдағы балықшы жігіттің бойындағы иненің жасуындай өзгерістің бәрін байқады. Қолпылдаған қазақы киімнен орысқол киімі қонымды сияқты. Қара мұрт қалың өсіпті. Жалданып тұратын дөңес мұрын, үлкен ауыз қашан да оның кесек бітімінен жарасымды үйлес тауып, еңгезердей жігіттің ер пішінін ірілеп тұратын. Бұрынғыдай емес, қазір бет-өңіне суық ажар пайда болған. Тұнжыраған қабақтың дәл астынан кісі өңіне сазарып қарайтын үлкен ала көздің алдын ұсақ әжім торлапты. Қос самайда қылаң берген ақ шаш та жайшылықта ішін аша бермейтін сабырлы жігіттің кейінгі жылдары талай қиындықты бастан кешкенін паш еткендей. Әлгі әжімдерден әйел өзінің қиянаттарын көргендей, көзін тартып алды. Қайта қарауға дәті шыдамады да, әңгімелері бітіп қалды. Еламан қоштасып шығып кетті. Көп ұзамай Ақбала да көшеге шықты.

Неге екені белгісіз, қараптан-қарап көкірегін өксік қысып, еңіреп жылап келеді. Ойламайын десе де, Еламан есіне түсе берді. Ана жолғы кездескені секілді бұл жолы да өзінің көңілі басылып, сезімі ауырлап келеді. «Құрысыншы. Құрып қалсыншы бәрі», – деді Ақбала дүниеден түңіліп баз кешкендей болып.

* * *

Еламан Теміркенің көк дүкенінің алдынан өте бергенде ұзын сарыға кездесті. «Ә» дегенде Еламан көз салмай, өтіп кеткісі келді де, кенет тоқтай қалды.

– Жұмыс таптың ба?

– Жоқ...

– Темір жол бойында істер ме едің?

– Жұмыс таңдайтын заман ба... Былай, әйтеуір... күнкөріске...

– Ендеше, жүр.

Бұлар депоға келді. Бұндағы жұрттың бәрі тұнжырап қабағы түсіп кетіпті. Бірде-бірі бұған назар аудармай, үн-түнсіз жұмыстарын істей берді. Ұзын сарыны жетелеп, Мюлгаузенге жетіп баруға батылы жетпеді де, әуелі Ознобинді іздеп тапты.

– Ал, батыр... сөйле! – деді қарт жұмысшы.

– Мұнда не боп жатыр? – деді Еламан.

Қарт жұмысшы оған таңдана карады.

– Сен немене, бұнда не болғанын білмейсің бе?

– Жоқ. Не болды?

– Оңған ештеңе жоқ...

– Қалай?..

– Түнде бір кісі қолға түсіп, түрмеде қамауда жатыр.

Еламан сенерін де, сенбесін де білмеді.

– Жоқ, мүмкін емес...

– Бәрі мүмкін. Сендерден бәрін күтуге болады...

– Не дейді?! Шын айтасыз ба?
– Сенбесең, қалалық түрмеге бар.

– Бұл қалай? Қалайша...

Қарт жұмысшы бұған көзі ежірейіп қарады:

– Ақылдасқан артық болмайтын еді ғой. Маған неге айтпадың?

Еламан шынын айтса, Мюлгаузенді ұстап берерін білді де, үндемеді. «Тентек шалыңа сездірме», – деп, бұған қатты тыйым салған соның өзі еді.

– Жігітім, саған ренжіп қалдым. Түнде табансыздық істепсің...

– Қалай?

– Оны менен гөрі өзің жақсы білесің.

– Сіз осы не деп тұрсыз?

– Мен есіткенімді ғана айтып тұрмын. Мюлгаузен сені «Бізді тастап қашып кетті. Соған қарайлаймыз деп жүргенде бір кісіміз қолға түсті» деп жүр.

Еламан жын ұрғандай, түсі қатты бұзылып Мюлгаузенге жетіп барды.

– Петька!..

– Ну, ты сволочь! Трус! – деді Мюлгаузен.

– Әуелі анықтап біліп ал.

– Знать не хочу. Уходи! Ну, кому говорят! – деді Мюлгаузен ақырып. Еламан қозғалмады.

– Жанжалдың керегі жоқ. Қарағым, кетейік... Кетейікші – деп, Әнуар оны жеңінен тартқылай бастады.

– Тоқтай тұр.

– Тоқтайтын түгі жоқ. Мынаның түрі жаман. Мен кеттім, – деп жөнеле берді.

– Петька, сен... сен осы не деп тұрсың?

Жұмысшылар бір жанжалдың боларын білді де, жүгіріп кеп екеуінің арасына тұра қалды.

– Бұларын ұят! – деді Ознобин.

Еламан жұмыстан өзіне ыза боп қайтты. Бар дүние

қолында тұрғандай әлгі сүмелекті депоға ертіп әкелгеніне ызаланды. Енді бара сала бәрін Ақбалаға айтатынын білді.

Кемпір көзіне түспеді. Маша ас үйде буы бұрқырап қайнап жатқан кәстрөлдің қасына орындық қойып әлдебір кітапты оқып отыр екен. Бұның келгенін байқамады. Бұған ілесе үйге Мюлгаузен де келді.

– Маша, қайдасың, – деді айқайлап, Маша кітапты қайда тығарын білмей, алдына байлаған алжапқыштың етегімен көлегейлей қойды.

– Ас әзір... Тек, кішкене күте тұр.

– Қанша?

– Жарты сағаттай...

– Жарты сағат? Күні бойы не істедің? Анау не, кітап па? Селиванов сені де бұза бастаған екен.

Мюлгаузен әй-шәйға қарамай, қыздың қолынан кітапты жұлып алды. Ошақ астындағы отқа атпақ болғанда Маша: «Бұл кітапхананікі», – деп, шырылдап ағасының қолына жабысып еді, Мюлгаузен қарындасын итеріп жіберді.

– Ә, солай ма? «Селиванов кітапханасы» ма? Халықты қаруландырудың орнына кітаппен басын қатырмақ. Ну, погоди... Ну, я ему покажу...

Мюлгаузен лапылдап жанып жатқан отқа кітапты лақтырмақ болғанда, Еламан жолын кеселеп тұра қап еді.

– Былай тұр! Ну-у!..– деді Мюлгаузен.

– Петька...

– Калбит-т...

Еламан түсінген жоқ. Бірақ, Мюлгаузеннің сондай жиіркенішпен тыжырынып айтқан түрінен мынау кісінің намысына тиетін ауыр сөз екенін білді. Былайғы кезде бұл Мюлгаузеннен қайбартып, бетіне тік келе бермейтін.

Қазір де осы пәленің қатты бұзылған түрін көріп, жынына тигісі келмей, жалт беріп кейін шегіне беріп еді, Мюлгаузен шап беріп жағасынан ұстады да, қақ тұмсыққа қойып жіберді. Бір ұрғаннан Еламанның мұрны қанады.

– Ағажан, төбелеспе. Өтінем... Өтінем... – деді Маша шырылдап.

Бұлардың үстіне кемпір кірді. Шыр-шыр етіп жүрген қызын қолынан ұстады да, ай-шайға келтірмей өз бөлмесіне апарып есікті ішінен бекітіп алды.

Бұл кезде Мюлгаузен мен Еламан шиедей боп жатты. Екеуі де үнсіз. Екеуі де бірін-бірі аямады. Мюлгаузен онан күшінің басым екенін білгесін, тіпті айылын жимай, үй ортасында талтайып тұрып алды. Бұлшық ет ойнаған қып-қысқа қолын мысықша шапшаң, шалт сілтеп, қайымы келгенде ғана ұрады. Қолының басына қорғасын құйып алғандай. Көзіне қан толып, өлгенін білмей, қайта-қайта ұмтылып жүрген Еламанды кеудеден, іштен ұрады. Сырттан қарағанда әншейін, жай ғана нұқып қалған сияқты. Мюлгаузен төртпақ. Нығыз. Бұлшық ет ойнаған сом дене шойыннан құйғандай. Онан Еламанның бойы ұзын; қолы да ұзын болғанмен әлі бір рет айызын қандырып ұра алмады. Онан сайын қаны қайнап, қапысын тапса ұрып жыққысы кеп жүрген-ді. Қолы кенет Мюлгаузеннің жағасына ілікті де, шап беріп алқымынан ала кетті. Темірдей саусақтар кеңірдегін жұлып алатындай қадалып, Мюлгаузен бір сәтте көзі ақшандап қырылдай бастады. Еламан үнсіз. Жұтқыншағын жұлып алмай тынбайтындай, қос шеңгелімен алқымынан алып сыға түсті. Қырылдап өліп бара жатқан Мюлгаузен бір кезде қатты бұлқынып, артына қарай шалқалап шегіне берді де, Еламанды дәл ауыздан қойып жіберді. Еламанның қолы жазылып кетті. Ауыр дене гүрс етіп жерге құлады.

– Кәне, кел!.. Келсейші!.. – деді Мюлгаузен. Еламан аузы толы қанды түкіріп тастады. Мына найсаптың жеңгеніне місе тұтпай, бұған «өлмесең тұрма» деп ыза-сына тиіп тұрған түрін көрді. Онан көзін айырмай, азу тісін шықыр-шықыр қайрап түрегеле бергенде, ол енді Еламанды орнынан тұрғызбай оған өзі тап берді. Бір қолымен төбе шашын уысын толтыра ұстап алды да, тік көтеріп тұрғызып, қан-қан бетіне қойып жіберді. Еламан қарсы сілтемек болған қолын көтере алмай, тақтай еденге гүрс етіп құлап түсті. Мюлгаузен төніп тұрып:

– Төбелес балық аулау емес – деді де, табанына нәл қаққан етігімен тақтай еденді солқылдата басып шығып кетті.

* * *

Кешегі төбелестен Еламанның үстіңгі ерні күлдіреп ісіп кетті. Көзінің алды да қанталап тұр. Сонан қорынды ма, ол жан адамға хабарласпай үн-түнсіз жүріп кеткелі жиналып жатқан үстіне Селиванов келді.

– Слушай, дорогой, – деді ол салған жерден, – мен бір жайды естіп кеп тұрмын. Маша айтты.

– Шүйінші сұрайтындай ештеңе жоқ еді ғой...

– Оның рас. Бірақ сенің кеткенінді жөн көрмеймін.

– Әркімнің өз ісі өзіне жөн.

– Ауылға барғанда не істейсің?

Еламан киім-кешегін жиыстыра берді. Селиванов темекісін орап отырып, оған бірер рет көз қиығын тастады.

– Еламан, менің қасыма келші.

– Айта бер!

Селиванов оның қасарма қыңырлығына күліп, басын шайқады:

– Революция бір кісінің, тіпті бір халықтың ісі емес.

Сондықтан біз жергілікті халықтың сана-сезімін көтеріп, бауырымызға тарта беруге тиіс едік. Оны істемедік. Бұл қате ме? Қате!

Селиванов тұтатып алған темекіні шекпей біраз отырды да, ақырын түрегелді. Қайта-қайта көзіне түсіп кете беретін сусылдақ шашын артына қарай сілкіп тастап, үйді кезіп жүріп кетті.

– Біздің ішіміздегі жалғыз қазақсың. Шынымды айтайын, осы төңіректің қазағын сен арқылы революцияға тартпақ едім. Жоқ, жоқ, сені жібермеймін. Мюлгаузенмен сыйыса алмасаң...

– Төбелескені, сабағаны өз алдына, ол толы кісінің көзінше қорқақсың деп арыма, намысыма тиді.

Селиванов күлді. Қолын шалбарының қалтасынан шығарып Еламанның иығына салды.

– Оны қайтесің? Ол жөнінде біздің өз пікіріміз бар. Мюлгаузенмен сыйыса алмасаң, маған кел. Орын жетеді. Бірге жатамыз.

Еламан басын шайқады.

– Шынымен-ақ кетпексің бе?

– Кетем.

– Ну и ну!..

Еламан үйде қоштаспақ болып еді, оған Селиванов көнбей сыртқа ере шықты.

– Сау бол! – деді Еламан.

– Жарайды, сау бол! Бізді ұмытпа.

Еламан жолшыбай Ақбалаға соғып, өткен жолы тығып кеткен бесатарды тақымына басып алды. Ақбаланың тіл тартып ештеңе сұрамағанына ырза болды. Тек оның қала шетіне шығарып салып тұрып дәл қоштасар жерде әлденеге үнсіз сұрақпен ұзақ қараған көзінен ыңғайсызданып, атын тебініп:

– Ал, сау бол! – деді де, жүріп кетті. Бұрын да аз

сөзді тұйық жігіт кешегі төбелестен кейін өзінің ендігі тірлігінде ешқандай мән-мағына, мақсат қалмағандай дүниеден түңіліп, көңілі суып алған-ды.

Кешегі күні түрік жеріне жалғыз інісін жерлеп көңілі құсаланып, шерлеп қайтса да, Шалқарға келгелі еңсесі көтеріліп қалып еді. Темір жолға жұмысқа орналасты. Су кешіп, тор сүйреткен еңбектен гөрі осы тірлігі өзіне ұнап жүр еді. Ендігі арманы – ажарлы болмаса да, ақыл-есі бүтін, иман жүзді бір әйелге үйленіп, баласын қолына алу еді, ол ойының да тас-талқаны шықты.

* * *

Алғашқы күні ол Ұлықұмды ең бір қысқа тұсынан кесіп өтіп, төте жолмен Қарала-Көпке тура салды. Келесі күні ондай жүріске жаман аты жарамағасын, күндізгі ысыда құдығы бар көлеңкелі жерді сағалап, алдын кеште-те атқа қонды. Еламан екінші күнгі жүрісте іш есебі бойынша Боташқа жетіп қонбақшы болған. Боташта бұрын сыңсыған ауыл отыратын-ды; бүгін қалай да жетіп қонғысы кеп түн ортасы ауғанша жүрді. Ай алдақашан батқан. Аспанда бұлт бар. Күн батса да күндізгі ыстық басылмай, жел тынып, түнгі ауа қапырық боп тұрған. Маса ызыңдады. Еламан шабан атты қамшылауды қойып, ұйқы қысқан көзін алдына тігіп келе жатқан-ды. Түн ортасы ауа бергенде қалғып кеткен екен, астындағы ат әлденеден үріккендей оскырып тұра қалды. Еламан бойын жиып ап, ат үстінен ұмтылып ілгері жағына көз тікті. «Бұл шамада сай жоқ еді ғой? Әлде... әлде мынау Тобылғылы сай ма?»

Дала жым-жырт. Түн қатқан жалғыз жолаушының алдын кеселеп суық қарауытқан сай бойынан шегірткелер шырылдап қоя берді. Еламан қараңғыға көзін тігіп

тұрғанда, кенет кейінгі жақтан тосын дыбыс шығып, тұла бойы түршігіп кетті. Көңілге болмаса астындағы ат та жат дыбыстан сескеніп, тақымы астында дір-дір ете қалғандай. Сәлдесін әлгі дыбыс қайта шықты. Байғыз даусы бұл жолы да о дүниенің дәл өзінен шыққандай бір түрлі булығып естілді.

«Шамасы, сірә, бұл маңда қора, мола болды ғой». Еламан аттан түсті. Көптен көлікке мінбей, сүйегі қатып кеткен бе, кешеден бергі жүрісті ауырлап, қара еті жырытылып қапты.

Еламан аттың ерін алып, тарлау ғып тұсап жіберді. Жол бойы шөпке басын созған ат осы арада кенет ындыны ашылып, ауыздығын алғанша шыдамай, сай бойының көгіне ықыласпен ұмтылды. Соған қарап Еламан сай бойындағы шөптің негізгі дені морттық екенін топшылады. Морттыққа аузы бір тиген жылқы осылай жерден басын алмай қадалатын. Ат ауыздығы сылдырап, араарасында пысқырып, жас қозы етіндей елжіреген көкті етектей ернімен үйіріп, морт-морт күйседі.

Қараңғыда Еламан морттықтан басқа тағы қандай шөп барын байқамады. Бірақ, сүйтсе де, далада өскен жігіт сай бойында жусанның да барын сезіп, неше түрлі шөп арасынан ашыған көжедей өзгеше бір аңқыған қышқыл иісті таныды. Қапелімде тынысы ашылып, кеудесі кеңіп сала берді. Басқа жердің шөбіндей емес, шамасы, сірә, ылғалы мол сай бойының көгі ыстыққа шалдықпай, әзір жан сақтап, өзінің әне бір көктем кездегі балбыраған балауса қалпымен қарап тұрғандай. Еламан қара жусанның кісі көзінен жас шығаратын қышқыл иісін көзін жұмып тұрып, құшырлана жұтты.

– Қайран дала!.. Жарықтық, жусан дәрі ғой!

Еламан ат тұсарлығынан келетін мұздай көкке бауырын төсеп, көміліп жата кетті. Салғаннан қатты

ұйықтаған жігіт ертеңіне сәскеде оянды. Аты да тыңайып қалыпты. Қалың қау арасынан басын көтерген Еламанға ат мойнын бұрып оқыранды.

Еламан қарсы баурайдан көтеріліп бара жатып, түнде өзі түнеп шыққан сай бойына көз салып еді. Шөбі күйген сұрқай далаға қарағанда, мына сайдың реңі тіпті басқа. Сай табанынан мөлтілдеп бұлақ аққан ана бір тұстағы қалың қауды ол жаңа ат омырауымен жарып өткенде көзі шалып еді, бұлақ бойын қуалап өскен қызыл сирақ тобылғы жасыл сабат арасынан бой созып, таң шапағымен алаулап, өрттей жанып, бір қапылыста қыз белінен түсіп қалған қызыл торғын белбеу сияқтанды.

Түндегі байғыз есіне түсті. Сосын тағы да бұрылып, артта қалып бара жатқан сайдың арғы бетіне көз тастап еді. Түндегі қисыны дұрысқа соғыпты. Шынында, сайдың арғы қабағында жалғыз тас бейіт қалқияды. Құдай біледі, бұл тегі Тәңірбергеннің әкесі – Абыралының бейіті. Ендеше, мынау кәмілсіз Тобылғылы сай. Кешегі жылдары Құдайменде аулының мал жайымен Ұлықұмды өрлей көшіп, алты ай жаз табаны аумастан Тілеуқабақ жерін жайлап, сонан күзге қарай қыстауға қайтқанда ғана жолшыбай біраз ерулеп кететін күздігі – малды ауылдың мықты бір белкөтермесі осы сай болатын. Еламан бай ауылда жылқышы болған жас кезін еске алды. Жеті жыл жылқышы болды. О да ізсіз өткен өмір. Не істеді? Не тындырды? Келешекте не істейді? Туған жерге келе жатыр. Жерлестермен кездеседі. Апақ-шапақ болады. Сосын... Сонан кейінгі тірлік ше? Тағы да балықшы бола ма? Еламан мырс етті.

Туған жер! Нелер заманнан ата-бабалар жайлап, ұрпақ өсірген, өскен, өнген жер. Кішкентай ел кең далаға сыймай, бірін-бірі сауырлап, қырқысып өмір кешті. Сонда ол не өзі үшін, не келешек, кейінгі ұрпақ үшін не істеді?

Нені тындырды? Қай арманына қолы жетті? Ат арқасы, түйе қомында өткен тірлікте не қасиет бар еді? Ал, мал барымталады. Жер даулады. Қыз алып қашты. Онан басқа әрекет болды ма? Мына далаға қарашы, жалғыз жортқан жолаушыға түк білмегенсіп меңіреуленіп, мелшиеді де жатады. Сонда өзіне тіл бітіріп сөйлетер ме еді! Сонда не дер еді? Қалағанына қосыла алмай, қалыңмалға кеткен қыздың көз жасы, жігіттің зая кеткен өмірі, нақақ төгілген қаны тамбаған топырақ табылар ма, бұл арадан?

Еламан күрсінді.

* * *

Түске тарта күн қатты ысыды. Еламан орамалмен аузын байлап алды. Ат шыдаса, қалай да құдығы бар бір жерге тезірек жеткісі кеп, топыраш тұғырды тебіне түсті. Күн төбеден ауа бере қара жалдың басына жаман тұғыр танау қағып еңтігіп шыққанда, ар жағында, иек астында тұрған жалғыз қыстауды көрді. Жүрегі құрғыр әлденеге шым етіп, ескі қыстау – ескі таныстай көзіне оттай басылды: «Апыр-ай, – деді Еламан ішінен, – ұмытпаса, ана жылы Федоровты өлтіретінде, інісі екеуін қыстың көзі қырауда Шалқарға айдап апара жатқанда, жолшыбай осы үйге... Иә, иә, осы үйге тоқтаған еді ғой. Шұқырда отырған жалғыз үй... Тегі, бұл үйде сонан бері тірі жан қыстамаған. Төбесін қопарып, үрлік, шабағын сыпырып әкетіпті. Есік-терезелері үңірейіп, айдалада жалғыз үй отырған жандардың ыстық ұясының тас-талқаны шыққан.

Еламан тамағы бүлкілдеп, босаңсып бара жатқанын сезді де, өзін тежеп қалды. Қиын жол қажытты ма, кешеден бері көңілшек боп кетті.

Қандай жандар еді! Әсіресе, ер көңілді ана... Ана пақыр... Оның қызы да... Бұл інісі екеуі қол-аяқта темір

кісен сылдырап, есіктен шыға бергенде, тап сол арада... айналайын-ай!.. Жүгіріп кеп қоламтадан шыққан ыссы күлшені бұның қойнына тығып жіберіп еді. Кінәсіз жанның кішкентай ықыласы.. кіріптар кезде қарлығаштың қанатымен су тамызған жанқиярлығындай болып еді-ау!

– Қайда екен? Тірі? Тірі ме екен, пақырлар?

Еламан аттан түсті. Жол бойы тақымына басып келген мылтықты онсыз да басынан бүлік арылмай жатқан балықшылар аулына апарғысы келмеді де, иесіз қораның көзден тасалау бір қуысына тығып кетті. Былай шыға бере қираған ескі тамға бұрылып бір қарады. Ескі қыстау құласа да, бір заманда осы үйде өмір сүрген ғазиз жан-дар, кім біледі, тірі шығар.

* * *

Жар басындағы балықшылар қазір екі ауыл. Бірі – Мөңке ауылы. Екіншісі – Дос ауылы. Досқа қараған ауылдың негізгі дені кешегі жылдары малы жұтқа ұшырап, күн көрісі қиындағасын теңізді сағалап көшіп келген кірмелер. Ішінде Төлеудің, Судыр Ахметтің үйі бар.

Дос ауылы атанған бұл ажарлы, мол ауылдың басына жүзден астам. Екі ауылдың арасы онша қашық болмаса да, аралары суығасын ірге ашып, бөлек қонғалы бір-біріне қатынамайды. Тәңірбергенге арқа сүйеген Дос пен Төлеу қазір Мөңкеге қарсы тізе қосып, көп кедейді төңірегіне топтап алған. Өздері күйлі. Тәңірберген бәріне бір-бір сиыр, бір-бір түйе, бие берген. Құрығаны қой-ешкі сауады.

Дос пен Төлеудің қатын-балаларының аузы аққа тиген. Олардан басқалары күрпітіп ағарған ашытпаса да,

шайына сүт қатып, көже, быламығын бозартып отыр екен. Бұлар бірыңғай теңізге иек артпай, тірлігінің бір ұшы малда кетіпті. Күнде ертеңгісін өріске мал өргізерде ауыл үсті шаң-шұң, ұрыс-керіс. Ұрыс шығаратын Судыр Ахмет пен Қарақатын. Осы ыстықта күнге күйіп жүргісі келмей, кезегі келсе де, жоқты сылтау қып сөз шығарады.

Судыр Ахмет бүгін де бір сылтау тауып, өзінің орнына әйелін малға жіберді де, теңіз өңірінің осынау аспан айналып жерге түскендей шыжғырған ыстығында сыртқа шықпай, салқын үйде жатыр еді. Сол үстіне Тәңірбергеннің бір жігіті келді. Екеуі азырақ шүйіркелесті де, өзара бір пәтуаға келгендей қол алысты. Сосын шалғайларын қағып түрегелді. Судыр Ахмет алар аңын көргендей, ұры тышқан көзі жылтындап кетті. Тәңірберген жіберген жігіттің алдына түсіп, дедектеп сыртқа жүгіріп шықты. Әлденеге маз. Шықылықтап күлген бойы жалаң аяғымен май топырақты бұрқ-бұрқ басып есік алдында байлаулы тұрған ірі қара атқа барды. Тәңірбергеннің жігіті бірдеңе деп еді; Судыр Ахмет оның өзін де, сөзін де тыңдамай, жалақтап қара аттың алды-артына шықты.

– Е-е, айта бер. Құлағым сенде – деп, ана жігітті сөйлетіп қойды да, аттың аузын ашты. Тісін көрді. «Ой, эттеген-ай, кәрі жылқы екен» – деп, санын соқты. Ол, бірақ, өзіне жамандық жуытпайтын әдетпен жүдеу көңіліне жұбаныш тауып: «Менің қайбір ақы-пұлым күйіп барады?! Әйтеуір жоқтан... қара жаяудан тәуір ғой. Ауыл арасында аяқ артуға жараса болды. Кім бұның аузын ашып, тісін көріп жатар дейсің?.. Түріне қарайды да, «пай-пай ат болғаныңа болайын! Жануар есік пен төрдей екен» деп, пошымына сүйсінеді ғой. Соңыра сау болса, бұл нар қара «Ахметтің қара аты» атанып кетеді-

ау. Пай-пай, ауызға толығын-ай. Жә, жә, арқасы құтты болсын» деп ойлады да, Тәңірберген жіберген жігіттің қолын ұстап, алақанына алақанымен шарт еткізіп салып қалды:

– Сөзім сөз. Мырзаңа сәлем айт, білуші Алла... бәрін, бәрін реттеймін.

– Сөзіңді жұтпассың...

– Ау! Ау, бұл Ахаң айтпайды, айтқасын сөзінен қайтпайды ғой.

– Ал, сау бол!

– Сау бол! Сау бол!

Тәңірбергеннің жігіті жүріп кетті. Судыр Ахмет қара аттың жанынан шыға алмай, қипақтап-сипақтап жүргенде қасына Дос келді. Соңында екі-үш балықшы.

– Ал, ат құтты болсын.

– Рақмет!.. Рақмет!..

– Тәңірбергеннің арқасында тақымың атқа тиді. Жүрімің ұзарды.

– Сөз бар ма?! Ойбай-ау, Тәңірбергенжан өлген ата-ананды тірілтіп бермеді демесең, адам қолынан келер жақсылықты шаш-етектен келтіріп жатыр ғой.

– Жануар, өзі де есік пен төрдей екен. Енді мұның құйрығын майламайсың ба?!

Судыр Ахмет басқадан ішіп-жегенде болмаса, өз басы шығымсыз, үйінен қара су да татырмайтын қас сараңның нақ өзі. Қолға түскісі келмегенде тез жөн тбатын жылпостығына бақты:

– Несін айтасын, Тәңірбергенжан жарылқап жатыр ғой. Құдай бермегенді... Ау, Дос-ау, Тәңірбергенжан берді емес пе? Ең аяғы мына Төлеудің жаман інісін де жетекке алып, қара нардай сүйреп, кеудедегі бір кісінің қатарына шығарған жоқ па? Жарлыңды жарылқап, жаманыңды адам етсе, кәне... Кәне, айтшы... айтыңдаршы, мырзаға қалай жаныңды бермессің? А?.. А?

Осы сәтте шеткі үйлердің бірінен шаңқылдаған дауыс шығып, бұлар елеңдеп қалды.

– Төбелестен сау ма?

– Бұл кім болды екен?

– Басқа кім дейсің... Төлеудің екі кераузы шығар. Қырқысатын әдеттері емес пе?

Шынында қара кемпір қайтыс болғалы күндес қатындар кішкентай нәрсеге де қағысып қала береді. Шешелерінің ыңғайын байқаған балалар да ала көз, араз. Асқа да, асыққа да таласады.

Кенжекей көп аса баланың арасына түспейді. Бар пәле Балжаннан шығады. Өз баласын ана қатынның баласына араластырмай, «балам, сенің жауың үйдің ішінде. Ана Өтәлі. Түбі сенің ажалың сонан болады» – деп, жас сәбиді үнемі жаулыққа баулып отырады.

Ес білген сайын бәле екі баладан басталады. Уақыт өткізетін ермек таппағанда олар кейде жұмыста жүрген Айғаншаға сыртынан таласып, бірі: «Менің апам», екіншісі: «Жоқ, сенің апаң емес, менің апам» – деп, өзеуреп, тәжікелесіп тұрып алатын. Өтәлі қалай жеңерін білмей қызарақтап тұрған-ды. Қаршадайынан бірімен-бірі андысып өскен Өтәліге аяқ астынан ақыл тауып:

– Айғанша сенің апаң емес, менің апам... Айғанша екеуіміз әжемнен тудық – деп, балапан әтештей қоқиланып шыға келді.

– Әжеңнің садағасы кет. Сен ана жаман Кенжекейден тудың, – деді ертеден бері бұлардың тәжікесіне құлағын салып отырған Балжан.

– Сен жаман Кенжекейден тудың, жаман Кенжекейден тудың. Ай-ай... ай-ай... – деп, анасының сөзін қағып ала қойған бала Өтәліге жетіп барды да, – сен жаман Кенжекейден тудың... Ай-ай, сен жаман Кенжекейден

тудың... – деп, аузы-басын қисандатып тұрып алды. Өтөлі інісін түйіп жіберді. Бала шар етті.

– Өлді-ау... мына арам ит сені өлтірмей тынбас, – деді Балжан.

Кенжекей баласы назырқап, мұнайып қалғанын көріп:

– Жоқты соқпа. Жас бала арамдықты қайдан білсін?!

– Бала ма?! Ол балшыққа батқыр жеті басты пәле ғой.

– Пәлелік өз басыңнан кетпесін. Балаға тиіскені несі!

– Ой, сорлым-ай! – деп, Балжан зілдене күлді де, шылбырды есіп отыра берді.

– Өзің сорлы! Еште сорың арылмасын!

– Сен, осы, қоясың ба, жоқ па?!

– Қоймағанда не істейсің?

Балжан не істейтінін ойлап алған-ды. Жылқының құйрығынан ширатып отырған құлаштан астам қыл шылбырды қолына ұстай түрегелді. Кенжекей де алдында отырған кішкентай қызын жерге түсіріп, орнынан тұрам дегенше болмай табан астынан тап берген Балжан көз ілеспейтін шапшаңдықпен қыл шылбырды күндесінің мойнына бұғалықтап салып жіберді де, бұрап-бұрап сүйрей жөнелді.

– Өлдім... өл-л-л...

Екі жасар қыз баланың үрейі ұшып кеткен. Анасының соңынан қалмай, тұрып-жығылып шырылдап жүр. Өтеш те:

– Өлді... өлтірді... – деп шырылдап, анадай жерде қара аттың жанында тұрған кісілерге жүгірді.

Дос та, Судыр Ахмет те жүгірді.

– Өлтірдің ғой, жібер!.. Жібер! – деп, Дос анадайдан айқайлап келеді. Балжан үнсіз. Безеріп алған. Бір дегеннен қыл шылбырмен қылғындырып алған күндесін үйді ай-

налдыра сүйрей берді. Дос жүгіріп келген бетте Балжанды түйіп жіберді де, тізерлеп отыра қап Кенжекейдің басын сүйеді. Кенжекей аузынан ақ көбік ағып, ессіз-түссіз сұлқ жатыр. Қыл шылбыр мойын терісін қанталатып сыдырып тастапты. Ауыл-үйдің қатын-балалары у-шу боп жиналып қалды. Ішінде Қарақатын.

– Кісі өлген бе, әй, Сұбыхан Алла... Не болды? Уа, не болды? – деді Судыр Ахмет. Мән-жайға қанып алғасын, ол енді кимелеп ілгері шықты. – Ал! Ал, айтпады демендер, мына тоқал кісі өлтіреді. Ау, ойбай-ау, оның арғы аталары кісі өлтіріп, қан ішкен көрінеді ғой.

– Қан ішсе ішкен шығар, кәпірдің түрі қандай жаман.

– Заңғар-ай, көк кебеженің аузынан қара құлыпты бір алған емес-ау.

– Ау, ау... – деп, Судыр Ахмет жұрттың сөзін бөліп, бастырмалай жөнелді, – сен көк кебежені айтасың... бұл заңғар өз ішін де қара құлып астында ұстайды ғой. Құрсын, дүние күйіп кетсе де, ақ домбырадай аңқылдап тұрған қатын алғанға не жетсін?!

Бір кемпір Кенжекейдің басын сүйеп, аузына су тамызды.

– Сорлы-ай!.. Соры қайнаған балам-ай!

Кешке Төлеу келді. Сол бойда Дос оны ауыл шетіне алып шығып, өзі жоқта үйінде болған оқиғаны айтып келе жатыр еді, Төлеу сөзін тыңдамай:

– Қайтесін бұл араға араласып. Обалы жоқ. Өзіне де сол керек – деп, тұрып жүре берді.

* * *

Төлеудің үйі қазір кәдімгідей қоңданып қалған-ды. Төлеудің өзінен гөрі Тәңірбергеннің қосшылығында жүрген інісі – Қалау әлдеқайда табыскер. Мырзаға

еріп қалаға барған сайын қолы құр қайтпайды. Тақа құрығанда қоржынның екі басын шай-шекерге сидалап әкеледі. Ел іші мұнша мол табысты жаман Қалаудың бойына сыйымсыз көреді. Ал Қарақатын мен Судыр Ахмет сияқтылар әр саққа жүгіртіп жатқанда, Қалау қалаға соңғы барғанында ағасына ши барқыттан бешпет, шалбар, екі жеңгесі мен бөпелеріне көйлек-көншек әкеліп аз ғана уақыттың ішінде үй ішінің иығы бүтінделіп қалды. Осы сапарда Қалау, әсіресе, қарындасын қарық қып, атлас көйлек, көк сауыр кебіс, мақпал қамзол әкелді. Мұның бәрі бұрын Айғаншаның өңі түгіл түсіне де кірмеген-ді. Қоныс ауып теңіз жағасына көшіп келгеннен бері қыз басымен бір үйлі жанның тауқыметін бір өзі мойнына алды. Лабазда жұмыс істегелі жоқтыққа бойы үйреніп алғасын тіпті бап талғамады. Осы өңірдің балықшыларындай иығына ілінгенді киіп, қалай болса солай жүрем деп өзінің қыз екенін де ұмытып кеткен еді.

Кіші ағасы әкелген киіммен бірге қыз көңілі қоса түлегендей. Дәл мынадай қала тігіншісі тіккен шап-шақ, ып-ықшам киімдерді кигенде қыз мүшесі қылдай боп жұтынып шыға келді. Айрықша, қынамалы көк мақпал қамзол қыз белін қылдырықтай қып үзілдіріп, бұрын кең киімнен байқалмайтын кеудесі қос жұдырықтай томпайып шыға келгенде, қысылып қалды. Бетінен оты шығып дуылдап тұрып, дыбысын шығармай тұншыға күліп жіберді. Өзінің қыз екенін алғаш рет мақтанышпен қуана сезіп, қара көзі шоқтай жайнап кетті.

– Жеңеше, жараса ма? – деді сәнді бойын Кенжейдің алдына тосып.

– Құтты болсын. Өзіңе өлшеп тіккендей, шап-шақ-ау, шап-шақ – деді Кенжей.

– Ағам келгенше мына ауылға барып қайтайын ба?

– Өзің біл, айналайын. Тек ағаңның көзіне түсіп

қалма?! Сол ауылға барғаныңды жақтырмай жүр ғой.

Айғанша ағаларының Мөңкені ренжіткеніне ырза емес. Туған жерін тастап жағаға көшіп келгенде осы кісінің қол ұшын бергені жас қыздың есінде еді. Басқасы басқа, асымдық балыққа дейін екі үйдің қазанына бөліп сап отырғанын қалай ұмытады? Анасы әл үстінде жатқанда да Мөңке мен Әлиза кезек келіп, күндіз-түні қасында күзетіп отырды. Кейін анасы қайтыс болғасын да, осы екі жан қастарында болды. Ең аяғы қара суықта қатып қалған тоң жерді талай қарулы жігіт қаза алмай, кетпен жүзі тасқа тигендей шақылдап жатқанда, осы Мөңке кеп: «Жақсы көретін жеңгем еді. Кәне, маған беріңдер» – деп, қайланы қолына ап, анасының қабірін жалғыз өзі қазып шығып еді!

Айғанша Мөңке мен Әлизаны өлердей жақсы көреді. Жақсы көретінін ешкімнен жасырған да емес. Екі ағасының наразы болғанына қарамай, қолы қалт етсе Мөңкенің үйіне жетіп баратын. Еңбек ақысын алған сайын баласы жоқ жетім кемпірді елеп, бір-екі әшмөшке шай апарып беретін. Айғанша соны үй ішінен жасырғыштап қойнына қысып әкелгенде, Әлиза әрқашан тебіреніп кетіп:

– Айналайын, рақмет! Мұңсыз бол! Кешегі өз қолымнан жерлеген он қарағым тіріліп кеп, үстіме үй тігіп бергендей болды ғой – деп, маңдайынан сипайтынды.

Осы жолы Әлиза қуанышы қойнына сыймай жүгіріп келген қызға әлденеге тіксіне қарады:

– Шырағым-ау, не боп кеткенсің?

– Жараспай ма?

– Саған киім жарасар-ау... Тек бұны кім берді?

– Кіші ағам.

– Қалау ма? – деп Әлиза қайырып сұрады. Оның адам

боп табыс тапқанына шүбә келтіргенін жасырмай тұр.

– Шын, шын айтам. Кіші ағам қаладан әкелді, – деді Айғанша қызарақтап.

– Е, онда құтты болсын. Қызығыңа ки – деп, Әлиза қыз көңіліне бола, әншейін жай ғана айта салды.

Айғанша ренжіп қайтты. Айнала төңірегі толған жұпыны, жүдеу жандар. Солардың арасында жалғыз өзінің оқшауланып, тап бір айт-тойға баратындай үстібасы үлбіреп киініп алғаны қыздың өзіне де әбес көрініп еді. Кісі көзі түспейтін таса-тасамен тығылып үйге жете берген-ді. Әдейі жолын тосып тұрғандай алдынан Қарақатын шыға кеп:

– Беу, адам-ай! Дәу де болса, бұның әрқайсысы бір-бір қара шығар? Қыз-ау, көзіңдей көріп киейін, ертең кетеріңде маған мына көк мақпал қамзолыңды берерсің.

– Қайда кеткенде?

– Құдай-ай, бойжеткен қыздың қайда кететінін білмейсің бе?

– Не деп тұрсың сен?

Қарақатын Айғаншаға енді сиқырлы жүзбен жымыңдап қарады. Бұл түрі, бейне «сайқал қыз, сырыңды жасырмай-ақ қой. Сен білгенді мен де білем. Жүрген-тұрғаныңның бәрі менің алақанымда» – деп, қыздың ар жақ көңілін аңғарып тұрғандай екен. Айғанша ештеңе білмейтінін айтты. Қарақатын оған әлде де болса сенімсіздене қарап тұрды да, кенет қызды бір қолымен өзіне қарай тартып, құпиялап сыбырлап еді.

Айғанша әлдебір сұмдықтан шошығандай ыршып түсті.

– Жоқты соқпа! Бұл кіші ағамның қаладан әкеп берген базарлығы.

– Тұтақ! Соны да аға деп... Сол жаман не табыс тбатын еді. Тек, әйтеуір, сенің арқаңда «өлмегенге өлі

балық кездесіп», мырза жігіт қол ұшын берді. Соның көтермелеуімен...

Айғанша бетін басып жүгіре жөнелді. Қарақатын айтып үлгірмегендерін қыз соңынан айқайлап айтып жатты. Оны бірақ Айғанша есіткен жоқ. Төлеу ау қарап кеп, төр алдында жатыр екен. Есіктен сүріне-қабына кіріп келген қарындасының түрінен шошып, тіксіне қарап, басын көтеріп алды:

– Айғаншажан, не болды, жай ма?

Айғанша үндемеді. Үстіндегі киімдерін асықпай, бір-бірлеп шешіп үйдің ортасына үйді де, ағасына бұрылды.

– Мынаны иесіне апарып бер!

– Қарағым-ау, иесі өзің ғой.

– Иесі кім екенін білесің. Сабақты жібі қалмасын. Қазір... осы қазір апарып бер!

Таяу арада келгенінде жас мырза Төлеуге: «Қысқа қарай балық аулауды қоярсың. Менде қағыр атандар бар. Қыста қалаға кіре сал, пайдасы шаш етектен», – деп кеңес беріп, бұны емексітіп кетіп еді.

– Мөңкенің үйіне кетіп бара жатқаныңды көріп едім... Құлағына құйып, үйретіп жіберген екен ғой.

– Менен аулақ жүріңдер!

Төлеу түк айта алмай, тыйылып қалды.

* * *

Осы күні Мөңке қажып жүр. Кәрілік пен жоқшылықтың үстіне ол қазір қасындағы қара-құрадан айырылып, алды-арты тақырланып қалды. Бұның түбіне жетпейінше Тәңір-бергеннің жуық арада тоқтайтын түрі жоқ.

Сұм жігіт Теміркемен тізе қосып жіберді де, бұның абызындағы кісілерді түгелдей ашық теңізге айдап

шықты. Ал ашық теңіздің дауылы қатты, балығы аз.

Мөңке қара басының күнкөрісіне қиналып жүрген жоқ. Қашаннан балыққа жұлдызы жанып туған сыралғы жан теңізді бұл арадан басқа жаққа көшіріп әкетпей орнында тұрса күнкөріске тарықпасын біледі. Оны көбіне-көп қатты қинайтын жай басқа. Кешегі күні Дос пен Төлеудің азғырғанына ермей, қасында қалған аз ғана жас жігіттер бар еді. Қарт балықшыны өлердей жақсы көреді; әлі де болса олар қандай қиындықты Мөңкемен бірге көруге пейіл-ді. Өздері үндемесе де, қайсыбір қазан көтермей жатқан күндері қатын, балалар күңкілдеп:

– Өне, ана ауылдың аузынан ақ май ағып отыр. Біз болсақ мынау. Мөңкемен қоскіндік боп, бауырың жабысып қалса да, онан араңды үз. Ендігі жерге Достың панасын сұрайық – деп, жігіттердің құлағының құртын жеп жүрген көрінеді.

Досқа қарасты жігіттер қазаннан ауысқан балықты қап-қап қып промсолға тапсырып, қолма-қол қант пен шайын алып жүр. Ішім-жем, қара азық та соларда. Мөңке ауылының іші күйсін дегендей олар қазір қақтаған балықтарын сыртқа шығарып жаутылдатып кермеге жайып қоятынды шығарды.

Мөңке көңілсіз. Үйде де, түзде де үндемейді. Қасындағы жас серігі – Рәйіске де көк теңіз үстінде де бір ауыз тіл қатпайды. Сенген кісілері Тәңірбергеннің тауығы боп, дастарханына шашқан аз ғана дәнге сатып кетті. Мөңке қасындағы ендігі қосшылары жөнінде «қарындарың ашқан күні сендер де ана жаққа жалт беретін шығарсыңдар» деп ойлайтын боп жүр. Соны байқаған Рәйіс бір күні:

– Мөңке аға, шамасы бізге сенбейсің-ау. Сені ешуақытта жалғыз тастап кетпейміз ғой, – деді.

– Рақмет, шырағым. Бір ғана айтарым: басың жас,

өмірің алдыңда ғой. Ант-су ішіп қайтесің. Алдымызда әлдеқандай заман бар, оған сені мен біздің көзіміз жетпейді.

– Жоқ, Мөңке аға, менің өз кеулім өзіме аян.

Бұл баяғы түйеші Жалмұраттың баласы. Тұлға-түрі, өткірлігі шешесіне тартқан. Тура айтатын тік мінез.

Әкесі үсіп өлгесін көп ұзамай қайратты ананың ақылымен балықшыларға көшіп алған-ды. «Әкең марқұмның мал бағып тапқан опасы белгілі. Ендігі жерде не көрсек те балықшылармен бірге көрейік» деп кеңес берген-ді. Жасы он сегізге биыл толса да, қаршадайынан қара жұмыс істеп әбден шыныққан. Албырт, қызба демесең айтқанынан қайтпайтын бір бет, өжет. Қара жұмысқа қарулы. Теңізге шықса қос ескекке отыра қап, жүлқынып есе жөнелгенде, алқабел ұзын қайық шапқан аттай зулап отырады. Мөңкемен қос болғалы қарт балықшының қолын қимылдатпайды. Мөңке соны әзілге айналдырып: «Бала, мен осы күні қамыттан шыққан кәрі ат сияқты боп барам ба, қалай?» – деп күлетін.

Бұл екеуі бүгін де теңіз үстінің есірік желіне қарамай, ұшанға салған ауларын қарап шықты. Екі қары салдырап, белі талып шаршап қапты. Мөңкеге қараған ауылдың өзге жігіттері де бұл кезде үсті-бастары су-су боп жағаға шығып жатыр екен.

– Аналар балық ұстады ма екен? Біліп қайтшы! – деді қарт балықшы. Елгезек жігіт лып етіп, тез барып қайтты:

– Балық ұстай алмапты.

– Өзім де солай ойлап едім. Түнде дауыл әлемет болып еді. Ау-құралы аман ба екен?

– Екі тартым аудан айырылыпты.

– Е, бәсе... Кешегі дауыл нені шыдатсын?! Үлкен теңізде ағыс қатты ғой.

– Өздері де салымсыз...

– Жә, табалап қайтесің?! Онан да, бала, сен бері кел. Мына азғантай балық бізге алты ай азық болмас. Асымдығынды алып қал да, қалған балықты ана жігіттерге апарып, бірдей қып бөліп бер!

– Мақұл, – деді Рәйіс. Осы жасында талай кісі қолынан өткен Мөңке мына жігіттің пиғылы кешегі Достан да, Төлеуден де басқа екенін байқап жүр. Рәйіс аз дүниенің өзін көптей көріп, қолындағы барды басқа кісілермен бөліскісі кеп тұрады...

Бір топ атты теңіз жағалауындағы жолмен сыдыра шоқытып бұлардың дәл жанынан өтті. Сәнді киінген өңшең жас. Көңілді. Ат үсті әзілдесіп, күліп-ойнап барады.

– Мынау Тәңірберген ғой, – деді Рәйіс.

Мөңке аттылы топты салқын қабақ астынан жөнелтіп салды. Тәңірберген биыл тағы да жаз бойы теңіз жағасын торуылдап кетті. Көкжал бөріше қапыңды андып, жортып жүрген жүрісін жек көрді. Қасына ерген кісілердің айтқанына сенсең, осы келісінде қора-қопсы, шабатын шөп қамымен жүрген секілді.

Мөңке жұрт аузындағы сөзге сенбей, «әй, қайдам...» – деп, жүрегі жаманшылыққа ауа берді. Мынау өзі білетін Тәңірберген болса, анық ойын әзір дабыра қылмай, былайғы жұрттан бүркемелеп жасыра тұру үшін таратқан лақап боп жүрмегей. Он жігіт... Он жігіт ойынан кетпейді. Бір күн ішінде із-тұзын аңғартпай, зым-зия жоқ болды. Қайда кетті? Не тындыруға кетті? Сұм жігіт оларды тағы бір жаққа астыртын жұмыспен аттандырып жіберген жоқ па? Бұнысы қандай ылаң? Ізін білдірмейді-ау сұм!

Қарт балықшы көңілсіз. Ұрыс-керістен арылмайтын үй бүгін құдай оңдап тыныш екен. Балкүміс көңілді. Отбасын сыпырып, балығын асып, шайын қайнатып

қойыпты. Әлиза да ажарлы. Жас баланы алдына алып, ыңылдап отыр.

– Балкүміспен жақсы ғой. Анда-санда текетіресі болмаса, тілінен де, қолынан да келеді, – деді Әлиза.

– Ал қоспақ мінезі ұстаса бақырып, үстіңе құса салатыны да бар – деп, Мөңке күліп еді.

Әлиза Мөңкеге: «Қой, ойбай, тыныштық керек» деген кескінде ернін тістеп, алдына алып отырған баланың тасасынан ымдай қойды. Мөңке төр алдына қисайды. Ойынан он жігіт шықпайды. Ебейсін мен Қалау бастаған он жігіт... Мөңке бір рет Айғаншадан кіші ағасының қайда кеткенін сұрағысы кеп оқталса да, бірақ аузы бармады.

Күн санап күдігі қалыңдай берді. Бір күні қасында жатқан бәлекейді шынтағымен түртіп:

– Балкүміс! – деді ақырын. Аяқ жетер жердің қыбырсыбырын басқадан бұрын осы бәлекей қатынның білетініне күмәнданбайтын. Мырза теңіз жағасына келуін жиілетіп кетті ғой? Бұнда не сыр бар?

– Соны да білмейсің бе? Көз бар ма өзіңде? Әлде сенің көзің балықтан басқаны көрмей ме?

Мөңке енді бірдеңе десе бүлдіріп алатындай қорықты да, үндемеді.

– Тәңірбергеннің жайын білмейсің бе? Ана жылы Ақбаланы аларда Судыр Ахметті баурына тартып, астыңа ат мінгізіп, шаруасын бітіріп алып еді ғой?

– Оның ендігі көз тіккені кім?

– Мазамды алмашы! Сенімен сөйлессең жарым жасың құриды – деп, Балкүміс ызаланып, екеуара жамылып жатқан көрпені өзіне тартып алды. Мөңке үнсіз. Балкүміс оның жастыққа басы тисе қор ете қалатынын біліп: «Бұнда дауа жоқ. Мен ғой сорым қайнап, осыған пенде боп жүрген» деді ішінен. Сосын Мөңкені бүйірінен түйіп қалды.

– Әй, су патшасы – Сүлеймен, ұйықтап кеткен жоқсың ба?

– Жоқ, ояумын.

– Оныға шүкір – деп, Балкүміс зілсіздеу күлді – есің дұрыс па, шалым-ау. Тәңірбергеннің көзі түскендей бұл ауылда Айғаншадан басқа кім бар? Екі ауылдың айы да, күні де сол емес пе?

– Қой әрі! Біреудің жалғыз қарындасы... Баланы кірлеме.

– Кірлеп, мен оның бетіне күйе жағыппын ба? Жалғыз болса қайтеді? Жалғыздікі бітеу бола ма екен?

– Әй, найсап, қой енді!

– Мен неге қоям? Не деп қоям? Тыныш жатқан кісіні ұйқысынан оятып алады да, қой-қой деп кіжіңдегені несі. Жалғыздың талайын көргенбіз. Жалғзынан қалай айрылғанын білмей қалатын.

– Туһ, саған дауа болмас.

Мөңке басын көрпемен бүркеп алды.

Балкүміс қашан көзі ұйқыға кеткенше батпұттап сөйлеп жатты. Мөңке ояу. Бәлекейдің сөзінде жан бар: Алдаберген мен Тәңірбергеннің жігіттері биыл жаз бойы жағадан пішен шапты. Пішеншілердің соңы әлі де жағадан көтеріліп кеткен жоқ. Көк құрақты құлатып салғасын, олар енді Қарамоланың сыртындағы қалың жантақты шауып жатыр.

Тәңірберген оларға жолаған жоқ. Қасындағы қосшы-қолаңымен жағаға шатыр тігіп, ойын-сауықтатып жатқанда, кеше қаладан керуен кеп, мырзаның жағадағы қыстауына ағаш, тасты үйіп тастады. Шебер ұсталар қала үлгісімен асты-үстін тақтайлап үй салмақ. Үй біткенше басы-қасында болмақ. Екі әйелінің екі үйі тұрғанда үшінші үйді қайтеді? Жөн сұраған кісіге жас мырза шешіле қоймапты. «Үй көптік ете ме, Жасанжан да

оқуын бітіріп, елге келіп жатыр ғой» – деп, екіұштылау жауап беріпті.

Бәлекей қатынның жаңағы сөзі бұлар білмейтін біраз сырдың бетін ашты. Айғаншаның анада үлбіреп киінгені де тегін емес. «Апыр-ай, сонда Ақбаланың орнына Айғаншаны кіргізіп алмақ па? Мына үйді сол үшін салады-ау, шамасы!»

Түнімен ой қажытқан қарт балықшы таң алдында көзі ілініп бара жатыр екен, көрші ауыл жақтан шыққан әлдебір ашынған әйел даусынан шошып оянды. Іле-шала Әлиза мен Балкүміс те оянып, сыртқа жүгіре-жүгіре шықты. Ай қызарып батып бара жатты. Таң алдындағы түн талмаусырап, айсыз аспанның алыс көкжиегі құланиектене бастаған екен. Бұлардың ауылы жымжырт, тыныш. Тек іргелес отырған Дос аулына бір бөлек әбігер тап болған. Таң алдындағы тыныштықтың шырқы бұзылып, үлкен ауылдың жандары қатты әбігерде. У-шу. Азан-қазан.

Жел сол ауыл жақтан еді; ық жақтағы бұларға әлгі у-шудан кейде бір-жар сөз естіледі. Бұлар онан түк ұққан жоқ. Осы жасында жамандықты көп көріп, жүрегі шайлығып қалған қарт ана шошынып, өз-өзінен дір ете қап тұрған-ды. Кенет бір жас әйелдің ышқынып шыққан ащы даусын есіткенде, қарт ана:

– Мынау... тегін емес. Кім де болса, біреу сорлап қалды – деп еді.

– Ішке бар, – деді Мөңке.

– Жоқ, жоқ, менен қорықпа. Алғашқыда жүрегім көтеріліп еді... Қазір басылды.

– Мынау кім? Балкүміс пе, әй? Қайт! Қайт! – деді Мөңке айқайлап.

Балкүміс жалаң бас. Жалаң аяқ. Ұзын көйлектің етегін жоғары көтеріп, ышқырына қыстырып апты. Аяғы аяғына жұқпай зырлап барады.

Балықшылар көзін уқалап, үйлерінен жүгіріп шығып жатыр.

– Мынау не дауыс? Мынау ауылға не болды?

– Біле алмай тұрмыз.

– Сірә, кісі өлген ғой. Мынау бір шекеңнен шыққандай жас әйел даусын байқайсың ба, баласынан айрылған ана, әлде жарынан айрылған келіншек қана дәл осылай қақсап қалатын еді ғой, – деді бір қария.

– Ойпырым-ай, мынау әйел даусы сай-сүйегімді сырқыратып барады. Бұл кім болды екен?..

– Тоқташы... тынышталшы! – деді қарт балықшы ана ауылға шыдамсыздана көз тігіп.

Таң білініп, төңірек бозамықтана бастады. Дос аулы әлі абыр-сабыр. Ауыл үстін аттылы кісілер басып кетті. Бес-алты кісі жаралы біреуді аттан түсіріп, қолдасып көтеріп ішке кіргізді. Онан сайын қарт балықшының күдігі қалыңдай түсті. Өне бір кезде қырда отырған кедей ауылдың пішеншілері теңіз жағасына кеп, қостанып жатқан. Олар бір күні кешкісін қарт балықшының үйіне кеп ас-су ішіп кеткен-ді. Солар ас үстінде тосын бір жайды қозғап: «Тәңірберген түрікпеннен жылқы алғызып ұстап отыр» дегенде, қарт балықшы сенбеп еді. Соның растығына көзі енді ғана жеткендей болды.

* * *

– Өлген күйеуін жоқтап тірілткен қатынды көргем жоқ. Бар, айт, қақсай бермесін, – деді Тәңірберген ақи көз жігітті шақырып алып.

Ақи көз үнсіз шығып кетті. Мырза жаманат хабардың енді осы өңірдегі халыққа тез тарап құлақтанып кететінін білді. Ақи көзден кейін ол Дос пен Төлеуді шақырып, азаматы қаза болған үйлерге бір-бір ірі қара беретінін айтты да, тез жөнелтті.

Дос та, Төлеу де үндемеді. Екеуі де көзін жерден көтермей томсарып алған. Тіс жарып үндемесе де, ар жақтарында реніш байқалады.

– Өлік шығынын да өзім көтерем. Тек жылап-сықтауларын тоқтатындар.

– Айтып көрейік...

Тәңірберген бұл екеуін суық қабақ астынан шығарып салды. Осы жолғы сәтсіздікті кімнен көрерін білмей, ішінен тынып отыр. «Апырай, қыр дуадағына қайдан жуыдым» – деп ойлап, Аяққұм бойындағы атасына ызаланып отыр.

Осы жолы ол түрікпен ішіндегі тентек ру – Теке-жәуміттің іргелі, ірі байының жылқысына көз тігіп еді. Бұл байдың аты шулы Жөнеуіт ханмен астарлас екенін біліп, жалғыз аттануға жүрексінді де, қайын атасының жігіттерін қосып алып еді. Екі жақтың да жігіттері – сен тұр мен атайын шетінен, жау түсіргіш, мықты болатын.

Тәңірберген жақтан Қалау бастаған он жігіт атқа қонды. Көбі қырдан келген кірмелер. Тәңірберген өз жігіттерін таң алдында, ел шырт ұйқыда жатқанда атқа отырғызды. Аттанар алдында Қалауды оңашалап шығарып алып, сақтық жайын қатты ескерткен-ді. Түрікпендер таң алдында жылқыға тиген жауды біліп қап, белдеуде тұрған аттарына міне-міне қуыпты. Тәңірбергеннің жігіттері жылқыларды тастап, бас сауғалап қашпақ болған екен, бірақ қарабайыр қазақы жылқыдан түрі бөлек түрікпеннің қыл құйрықтыларына қызығыпты да, өздерінің әншейіндегі жау түсіргіш содырлығына басыпты. Жылқыларды ілгері оздырып жіберген де, ізін өкшелеп келе жатқан қуғыншыларға қарсы шауыпты...

– Абыройсыз қалдық. Сол дуадаққа жоламау керек еді... – деп, Тәңірберген ішінен опық жеумен болды.

Үстіне Мөңке кірді. Тәңірберген оның тегін келмегенін білді де, сұлу жүзін суық ұстап, сазарып алды.

Мөңке төрге шығып отырған бойда Тәңірбергенге тіктеліп қарады:

– Әй, жарқыным, өз арамызда не істесең де алдына шыққан адам жоқ еді ғой. Басқанды қайтейін. Іргесі бүтін отырған бір ауылды екіге бөліп иттей ырылдастырып қойғаның аз ба еді? Талау мен тонауыңа біз жетпеуші ме едік. Көрші отырған ағайын халыққа ауыз салғаның не?

– Сен шал әуелі өз жөніңді жөндеп ал. Қимаң қышымасын...

– Халыққа батқан іске мен қалай қайыспаймын? «Түбі бір түртпейді» демеуші ме еді? Түрікпен төскейде малың, төсекте басың қосылған бауырың емес пе еді? Малға бола ағайын елмен арадастырдың...

– Қой, әрі! Менің өз малым өзіме жетеді. Түрікпеннен мал алғызсам, мына қасыңдағы қара сіңір кедейлерге бөліп беру үшін істегем. Жақсылығымды – жамандыққа шығарып отыратын жауым бар екенін білем. Әй, қайсың барсың?

Еңгезердей екі жігіт сып беріп кіріп келді. Тәңірберген оларға иегімен Мөңкені сілтеп, «мынаны алып кет!» дегендей болды.

Екі жігіт үн-түнсіз жетіп кеп, қарт балықшыны тырп еткізбей екі жағынан ұстады да, сыртқа ала жөнелді. Қарт балықшы есік алдына барғанда қатты бір бұлқынып, артына қайырылып тұрып:

– Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Қазақ пен түрікпен арасына от тастап, бітіспес жаулыққа бастап бара жатырсың. Ертеңгі күні осының арты не боларын ойладың ба? – деп, артына зіл тастап кетті.

Бұның арты тегін бітпесін Тәңірберген де білді.

Осы жолы оның жігіттері қара үздіріп кете алмай, қуғыншыларды ауыл іргесіне дейін ізіне сап ертіп әкепті. Және жорыққа қатысқан жігіттерден қайта-қайта сұрап отырып, Қалаудың істеген қаталдығын есітті. Түрікпендер жағынан аты жүйрік бір жас жігіт ұрыс үстінде ерекше көзге түсіпті. Көп жылқыны ілгері оздырып жіберіп, қаша ұрыс салған қазақтардың алдына шығып ап, жолын кес-кестей берген. Осы жігітке Қалау талай шүйліккен екен; бірақ аты жүйрік жігіт жеме-жемге келгенде жалт беріп, сойыл астынан сытылып кете берген. Тіпті бір айқаста түрікпен жігіттің күші басымдау түсіп, Қалауды ұрып жыға жаздапты.

Әбден өшігіп алған Қалау ізіне түсіп жүріп, ақыры бір оқпен атын құлатыпты. Түрікпен жігіт бір аяғын үзеңгіден шығара алмай, аттың астында қап, қарсыласа алмаған. Сол сәтте Қалау ағызып кеп, ат үстінен мойнына қыл шылбыр тастап сүйрей жөнеліпті.

Күн кештете қуғыншылар қара үздіре бастаған. Қазақ жеріне кіргесін бұлар ештеңеден айыл жимапты. Қасқажол, Қаратамақтың деңгейіндегі елсіз жазыққа тоқтап, бір түнеген екен. Сонан қол, аяғын қыл шылбырмен байлап тастаған тұтқын жігіт от сәулесі жанында тұнжырап отырған түсі суық кісілерге «тірі қалдыра көріңдер» деп жалынып, зар қағыпты. Аза бойы қаза болған жігіттер шыдамай, босатып жібергісі келсе де, Қалау шімірікпепті. Кешегі соғыста жараланған бір жігіт сол түні таң алдында жан тапсырған. Кісі жаны түршіккендей қаталдыққа іштей бекіп алған Қалау бар қаһарын бетіне жиып алған. Тұтқынның жанына бір кісіні жолатпаған. Ертеңіне жігіттерін таң біліне оятыпты. Бәрін ілгері аттандырып жіберіпті де, ал өзі кісі зары құлағына кірмейтін меңіреулікпен қол-аяғы байлаулы

жатқан тұтқын жанында үнсіз тұнжырап тұрып алыпты. Оның ар жақ ойын аңғарған тұтқын енді тіпті шыр-шыр қағып: «Өлтіріп кет», – деп жалынған екен. Қалау сол түк шімірікпеген күйі атына мініп, ұзап кеткен кісілердің соңынан жөнеліпті...

Мұны естігенде Тәңірбергеннің төбе шашы тік тұрды. Елсіз-сусыз далада қол-аяғы байлаулы қалған түрікпен жігіт көз алдынан кетпеді. Сонан қашан әлі құрып, азаппен өлгенше жапан түзде шыр-шыр етіп жәрдем сұрап жатқан болар. Әлде ұшқан құсқа, түзде жорытқан аңға жем болды ма? Мырза Қалауды шақырып алды. Қалау мырзаның қуып жібермек боп қаһарға мініп отырған көңілін сезген сияқты. Құлақ жоқ, мұрын жоқ, домаланған бұзаушық басын бауырына алып, үнсіз кірді. Тәңірберген мына жігітті өзіне жауықтырып алғаннан гөрі дәл осындай қаныпезер біреуді қолына ұстап отырғанның бөтен болмасын ойлады.

– Өй, жексұрын... кет!..– деді Тәңірберген ақырын, бірақ бет бақтырмайтын үнмен.

* * *

Балкүміс әкесінің үйінен ашулы келді. Есік алдында жатқан итті бір тепті. Онан бұрқылдап сөйлеп жүріп жолында тұрған ыдыс-аяқты лақтыра бастады. «Ендігі кезек менікі», – деді Мөңке.

– Су патшасы Сүлеймен... отырсың ба?

Мөңке ойының дәл келгеніне таңданбады. Әкесінің үйінде кімнің не дейтіні бұған белгілі. Әсіресе Қарақатынның айтатын сөздері көкірегінде сайрап тұр. «Сорлы», дейді ол, әрине. «Күйеуге шыққасын да сорың арылмады. Иығың жылтырап әлі бір көйлек киген жоқсың» дейді». Екі қақбастың отымен кіріп, күлімен шығып жүрсің» деп, ол жақтан Қарақатынның қызын

ширықтырып жіберетінін біледі. Қарақатынның есілдерті Балкүмісті бұнан айырып алып, өзінің айтқанынан шықпайтын біреуге қосу. Көздеп жүрген кісісі де бар. Ол кісісі, бірақ қазір жараланып, ес-түсінен айырылып жатыр.

– Осы үйге пенде болғаныма жылдан асты. Иығым жылтырап әлі бір көйлек кимеппін.

Мөңке мырс етті.

– Неге күлесің? Сол бекер ме?

– Әулиелігіме күлем...

– Адыра қал! Қатын-баласын асырай алмай жүріп, әулиеліктен дәмесін қайтейн.

– Айта түс. Сөзіңнің төркінін танып отырмын.

– Тұтақ! Сен сөзге түсінетін бе едің? Сен бірдеңе түсінсең, осы үйдің отымен кіріп, күлімен шығып жүрмін. Ебіл-себіл түрім мынау.

– Иә, түрің келісіп тұрған жоқ. Бетіңе түгіңді шаншып түйіліп келіпсің.

– Менің түгім денеңе қадалды ма?

– Қадалмағанда ше... Ұрыс жоқ жерде ұрыс шығарасың. Кәне, айтшы, саған не жаздық? Жазығымыз не?

Балкүміс басылып қалды. Мөңке оның сөзге тоқтағанына таң қалып, жағасын ұстағандай боп отырғанда Балкүміс қайта көтерілді. Қолға алғанға жұбанбай, қақылдап жылап жүрген баланы Әлизадан жұлып алды.

– Сенің не пәлең бар осы? Сен алсаң бала жылай бастайды.

– Маған қайт дейсің, табанына сүлік салып жатқаным жоқ. Бала шағатын жыланым да жоқ. Алақаныма салып аялағаннан басқа...

– Тұтақ! Аялап қарық қылғаның белгілі.

– Әй, қоясың ба, жоқ па? – деді Мөңке маңынан қолға іліккендей әлдене іздеп.

– Әкірендеме. Ал қоймадым. Сонда не істейсің? Кәне, қайратыңды көрсетші.

Бұрын бұндайда отбасының тыныштығын ойлайтын Әлиза ерлі-зайыпты екеуін татуластырмақ боп араға түсетін-ді. Бұ жолы «бірің өл де, бірің қал» дегендей есік алдында жатқан ала қапты алды да, ауыл сыртына тартты. Долданып алған бәлекей, әлі де тілін тартпай, шаңқылдаған даусы сонан қашан бұл бір қырдан асқанша естіліп тұрды.

Осы күні қарт ана үй ішіне ренжігенде үн-түнсіз қабын алып, түзде тезек теріп, ұзақ жүріп қайтатын. Отбасынан маза қашқанда, бар өмірі өткен мына дала қашанда бір қалыпта, үйден ұзап қыр басына шықса қарт ана түс шайыспаған кәрі танысына қауышқандай болады. Мына жақта – Кендірлісай. Ана жақта – Талдыбеке. Анау – Ақбауыр. Осылардың жел жағында тұмсығын теңізге тіреп жоны күдірейіп көлбеп жатқан мыжырық тау – Бел-Аран. Бұл жарықтық осы өңірдің халқы бас-тан кешкен бағзы заманнан бергі бар қуаныш, бар реніш, қасірет-қайғы бәр-бәрінің үнсіз айғағы, көне көз куәсі ғой! Бір толғағында... апырай, сол қай баласы еді... Уһ-һ, ұмыта бастапты-ау... Әділжан ба, әлде Жаңылжан ба... осы екі жарығымның бірі... толғақ қатты боп жаны құрығыр шырқырап көзіне көрінгенде, бұл әулие-әнбиелерге, сосын Бел-Аранға сиыныпты. Оны өзі білмепті. Кейін, қатындар айтқанда бұл күйттай да қысылған жоқ. Неге екенін қайдам, осы мына кәрі Бел-Аранның кісі қиналғанда желеп-жебейтін аруағы бар киелі жер сияқтанады да тұрады. Атын атағанда да басқа жұртқа ұқсап турасынан қойып қалмай, «жарықтық Бел-Аран», – деп пір тұтып атайды.

Қанша айтқанмен үйде кісі өзін даладағыдай қайдан сезсін... Үйде отбасындағылардың көңіліне, қас-қабағына қарайсың. Сөзің өлшеулі. Қимылың есептеулі. Біреуден қысыласың. Біреудің көңіліне қарайсың. Далада кісі өзін дарқан сезінеді ғой. Сонан шығар-ау, далаға шықса көкірек кеңіп, көңілге қай-қайдағы оралып, шерлі жүрек сарнап қоя береді. Көбіне Бел-Аранмен сөйлеседі. Теңізбен тілдеседі. Көзіне түскеннің бәрімен: ұшқан құс, жүгірген аң, Бел-Аранның баурайында жайылып жүрген осы ауылдың малымен сөйлеседі. Жерге түспей сонау көкте шыр-шырлаған бозторғайға, басқа да кішкентай, әлсіз пақырларға аяп қарап, желеп-жебеп ақылын айтады. Құдай қылса қайтесін. Адамдар сияқты бұлар да басы піспей, бір-бірімен ала көз, қырғи қабақ болатынын қайтерсін?.. Бұлардың да арасында тісті, тырнақтысы, зәбірлеушілер қанша?! Қарт ана қабы тезекке толса да үйге қайтпай, ауыл сыртындағы Қарамолаға бұрылды.

Әлиза аңырап кеп, үлкен қорымның шетінде өзгелерден оқшау жатқан он қабірдің басына тоқтады:

– О, боталарым, жатырсыңдар ма?

Әлиза арқасындағы қапты тастай салды да, мола жанына тізе бүкті. Құран оқыды. Дұғасын бағыштады. Сосын алақанымен он қабірдің топырағын бірінен кейін бірін сипап, қоқыр-соқырдан тазартты. Сосын, әр кездегідей, жел айдап әкелген шөп-шөлеңді жинап, алысыраққа апарып тастады. Балалардың басына келген сайын бұрын сыбағаларың деп піскен балық, нан әкелетін. Соның бәрін балалардың аты жазылған кісі бойы құлпытастың төбесіндегі шұқыршаққа қойып кететін. Құс, аң жесе де, өлі аруаққа сауабы тиер деп ойлайтын. Бұл жолы құр қол келгеніне өкінді. «Дәметіп қалды-ау, құлындарым» деп ойлап, көңілі босады.

Әлиза үйге жалыны сөніп, суынып келді. Алдынан

ұрыс даярлап қойған Балкүміспен де жұмысы болмады. Оның бір сөзі миына кірген жоқ.

Сол күннің ертеңіне Еламан келді.

Балықшылар дем арасында жиналып қалды. Үйдің іші тарлық ететін болғасын Мөңкенің айтуымен жас келіншектер сыртқа төсек салды. Шай қайнады. Қазан көтерілді. Мөңке аулының қазіргі бетке шығарлары жиналып, Еламанды ортаға ала отырды.

– Сені де көретін күн бар екен ғой.

– Ал, айналайын, қалайсың, аман-сау барсың ба? Шалқардан келе жатырсың ба?

– Иә, Шалқардан шықтым.

– Сені келеді деген кімнің ойында бар? – деді Мөңке – арқа-етегім кеңігесін, іздеп барып, дидарласып қайтам ба деп жүр едім. Келгенің жақсы болды.

Бұл кеш бір жан үйіне қайтпады. Түн ортасы ауып, таң алдындағы қалың ұйқының бір уақыты болғанша балықшылар Еламаннан өзі болып қайтқан жақтың әңгімесін сұрады.

Алғашқыдай емес, қазір Еламан тартыншақтап отырған жоқ. Көңілді. Әңгімеге де ықыласты. Туған жерге келді. Дос-жаранға қауышты. Бел-Аран анау. Қараңғы түнде жотасы еміс-еміс қарауытады. Ұлы теңіз үй іргесінде ақырын солықтайды. Балықшылар ауылы да сол баяғысы. Сол баяғы жер үйлер. Өнебір тұста Ақбала екеуінің жерқазбасы болатын. Бұл білетін бұрынғы теңіз өңірі баяғы қалпы. Кісілер де өзгермеген. Тоқта! Өзгермегені қалай? Иә, бәсе, өзгермесе, бәрі сол баяғыша қарап тұрса, кәне... кешегі Рай, Бөбек қайда? Ер көңіл батыр Кәлен... оның орнын кім толтырады? Жиын

топтың арасында жұрттың бәрінен иығы асып отыр-мас па еді? Батақтың Сарысын, Қыз Қосанды, Тарлан атты осы отырған жиынға зор даусымен айқайға басып әуелете шырқамас па еді? Жә. Жә, еңсеңді көтер. Елге келіп, еңсең түсетін жөнің жоқ. Өлген өлді. Тірілерге өмір тіле. Талпын. Талап қыл.

Балықшылар таң алдында ғана тарады. Үй іші төсек салғанша Еламан ауыл сыртына шығып, бой жазып қайтты. Үй іргесінен басталатын ұлы теңіз таң алдындағы самал желге толқымай, ақырын тыныс алып, солықтап жатыр екен. Еламан балықшылар аулының жік ашып бөлініп кеткенін естісе де, олардың тап мұншалық жүз көріспей жауласып кеткенін білмеуші еді. Дос аулы таяқ тастамдай ғана жерде отыр. Олар, әрине, Еламанның елге кеп, Мөңке үйіне түсіп апақ-шапақ қауқылдасып жатқанын есітті. Сонан келе бір адам аяқ баспады. Басқалар білместікпен істесін, ал Досқа не жорық? Жауласса, Мөңкемен жауласты. Оған Еламанның қатысы қанша? Керек десе, бұлардың ашу-араздығы арасында да болған жоқ. Сосын бұның осы жолғы келісінің жөні өзгерек емес пе? Жат жерге жалғыз інісін жерлеп кеп отырған жоқ па? Бұл жоқта қарт әжесі дүние салды. Тым құрыса соны ойласа нетті? Елде жүргенде тілі тиіп, түс шайысқан жері жоқ еді ғой.

Еламан үйге келсе, Мөңке әлі жатпаған екен.

– Ауылың азайып қалған ба, қалай? – деді Еламан.

– Иә, солай.

– Басқа басқа, Мөңке аға, оға-н не болды?

– Ай, қарағым-ай, жұрттың бәрін өзіңдей көресің ғой? Ол тоңмойын келмейді, күтпей-ақ қой.

– Со-лай де?!

– Иә, солай. Қазір оның сиынатын пірі, сүйе-нетін құдіреті – Тәңірберген. Осы күні бізбен де Тәңірбергенге арқа тіреп отырып сөйлеседі. Жә, менің сөзімді қайтесің.

Жатайық – деді де, Мөңке төсегіне бармай, киімшең бойымен қонағының жанына қисая кетті.

Кеш жатқандарына қарамай, балықшылар өздерінің күндегі дағдысы бойынша ерте оянды. Шай үстінде Еламан таяуда Достың анасы қайтыс болғанын есітті. Ескі қазақ салтында өлік артын күткен үй қашан кәделі күн өткенше ешқайда шықпай, көңіл айтатын жақын, жуықты отбасында күтетін салт бар. Ендеше, үйіне барып, өлікке құран оқып, артындағыларға көңіл айтатын рет бұныкі.

Еламан шайды тез доғарды; қасына екі-үш шал ертіп, іргелес отырған Дос аулына беттеп келеді. Бұлар Мөңке аулындай емес, артында ішіп-жейтін қор болғасын, ер-азаматтары таң сәріден теңізге шыға қоймайтын көрінеді. Күн көтеріліп қалса да, ертеңгі шайға әлі отыра қоймапты. Тәңірбергеннен алған бірер қарасын ұзатып өріске шығарып сап, енді үйлеріне қайтып келе жатыр екен. Бұлар жақындағанда басына қара жамылған бір келіншек түзге отырғалы ауыл сыртын бетке алып бара жатты.

Еламан түнде Мөңкеден бұл ауылдың таяуда ауыр қазаға ұшырағанын есіткен-ді. Тәңірберген қазір көрші елдерге жігіттерін астыртын аттандырып, өрістен жылқыларды қуып әкеліп, көрші отырған екі халықтың арасына от тастап, бұл өңірде бұрын-соң болмаған тағы бір түсі бөлек бүлікті бастағанын айтқан.

Қарақатын сыртта жүр екен. Үйіне келе жатқан кісілерді көрді де, сып беріп ішке кіріп кетті. Қарақатынның салақ жайын білетін Еламан өздері жеткенше отбасын қағып-сілкіп салсын деген ниетпен әдейі ақырын жүріп келеді.

– Ағаң күйлі. Көңілі түссе, қой сойғандай да шамасы бар.

– Онан басқалары қалай? Олар да малды ма?

– Бұл ауылда мал ұстамайтын үй кемде-кем.

– Е, сөйтіп... бұларды жарылқап тұр де?

Шалдар күлді:

– Кімді кімнің жарылқап отырғаны бір Аллаға аян.

– Түсінбедім.

– Ол заңғардың қулығына найза бойламайды ғой.

Өзің ойлап қара. Жазатайым малы өле қалса, құнын өндіріп алады.

– Қалайша?

– Ой, шырағым-ай, Тәңірберген тірі болса ретін табады. Анада бір балықшыға өлген малдың құны толғандай ғып шөп шапқызып алды.

Еламан үндемеді.

– Солай болғасын тайлақты енесіне қосып өріске айдап жіберді не, «сүтін іш, қоңын қисайтпа!» деп, балықшыларға бір-бір қарасының майын берді не?

– Оны айтасың ба... Бұның сыртында оның тағы бір мықты есебі жатыр. Сауынға берген малы арқылы ол мына Дос, Төлеу сияқтыларды өзіне тәуелді ғып, қол-аяғын матап байлап алды емес пе?

– Тө-леу?.. Сіз осы Төлеу дедіңіз бе?

– Иә, Төлеу...

– Ол қай Төлеу?

– Сен оны білмейсің. Сендер солдатқа кеткен жылы қырдан көшіп келді.

Еламан тұнжырай түсті. Түрікпендер жұртқа есесін жіберді дегенді бұл есіткен емес. Ертеңгі күні олардың бір тентегі есеміз кетті деп аттанып шықпасына кім кепіл? Апыр-ай, Төлеу дей ме, әй? Төлеу? Аты таныс. Кірме болды-ау? Көшіп келмей жатып Тәңірбергеннің қойны-қонышына кіріп алған ол кім? Осыған дейін іргесі бүтін отырған ауыл арасын ушықтырып бүйедей тигесін

Тәңірберген тасыраймағанда кім тасыраяды. Мыналардан есіткендері рас болса, оның әлгі қылығы бұрын-соңды бұл өңірдің бір байы істемеген сорақы қылық қой. Алаңғасарлар мен аңқауларды қолға түсіретін анық тұзақ.

Дос Еламанды салқын қабылдады. Оның ұсынған қолын ықылассыздау қысып, сәлеміне орай ернін ғана қимылдатты. Күйеуінің ыңғайын байқаған Қарақатын қозғалмады. Көрпе-төсектері жиналмай, шашылып жатқан төрге отыру ыңғайсыз болғасын қонақтар кірген бетте жоғары шықпай көзімен орын іздеп, есік алдында іркіліп тұрып қалды.

– Көрпе сал! – деді Дос.

Қарақатын құлықсыз қозғалып, шашылып жатқан төсеніштерді аяғымен әрлі-берлі теуіп іргеге таман ысыра салды.

Аядай жерге тығылысып отырған шалдардың бірі құран оқыды. Еламан үй ішінің ыңғайын ұнатпай отыр. Дұға артынан қазалы кісілерге көңіл айтар жерде шешіле алмай, біраз күрмелді.

– Дос аға, бір сен емес, жарықтық баршамызға ана еді. Құдай бұйрығына кісі ара тұра ма. Артының қайырын тілейік, – деді Еламан.

Дос тағы да ернін қимылдатты. Еламан қанша шешілейін десе де, Дос осыдан артық пейілге баспай, басы бауырына түсіп, бітеуленіп отыр. Еламан оны тілге келтірудің қиын екенін көрді. Түндегі Мөңке сөзінің шындығына көзі жетті.

Ескі салт бойынша құран оқығаннан кейін өліктің артын күтіп отырған жанашыр жақындар ас-су қамдайтын. Соған ыңғай білдіруші еді. Қарақатын қол жая келген кісілердің көңілін онан әрі суытты:

– Әй, не қып отырсың? Мойныңа неге су кетті? Шешең жаңа өліп, оң босағаға қойып отырған жоқ едің

ғой. Төлеудің үйіне Тәңірберген мырза кеп, сені күтіп отыр.

– Күте тұрар...

– Мынау не дейді, әй? Мырзаны күттіріп қоятын сен кімнің шікіресісің?!

– Әй, қатын, жап аузыңды! Мына кісілерге шай қой.

– Есің дұрыс па? Шайыңның жабдығы толып тұрған кісідей...

– Қысқарт! Шай қой!

– Шай қой, шай қой!.. Сенің талқы қара суыңа кім зәру дейсің?!

Еламан қасындағы шалдарға кетейік деген ыңғай білдірді. Шалдар да шаққа отыр екен. Еламаннан ыңғай болғасын тез-тез түрегеп, есікке қарай беттеді. Осы арада күтпеген бір оқиға болды; қонақтар есіктен шығар жерде Қарақатын сайқылана күліп, Еламанның алдын кес-кестеді.

– Қайным-ау, неге асықтың? Келуіңнен кетуің тез болды ғой.

Еламан Қарақатынның бір қиқарлыққа басқалы тұрғанын білді. Не де болса сыр бермеуге тырысып, оның күлкі тепсінген жылтыр қара бетіне жай көз тастап артын сабырмен тосып тұр.

Қарақатын:

– Бұл қалай болды? Әңгіменді айтпадың – деп, ар жағынан құйқасы көрінген сұйық қасын сайқылана керіп, – бірақ «ел құлағы – елу», біз де естіп жатырмыз. Әңгіменің қызығы сенде көрінеді. Қайта табысқан көрінесіңдер – деп, бетіне мысқыл шауып мырс етті. Еламан оның аямасын білді де, жол бермей, алдын кескестеп бөгеп тұрған қатынды иығының басымен қағып жіберді де, үнсіз жүре берді.

– Мына ит қайтеді, әй?

Еламан қайырылған жоқ. Ел анасы болған кешегі қадірлі жанды аяды. «Тірісінде сыйламап еді, өлгесін де байғұстың артын дұрыстап күтпей отыр екен» деді ішінен.

Еламан ешқайда шықпады. Мөңке ауға кетеді. Балкүміс баласын көтеріп әке-шешесінің үйіне тұра жөнеледі. Әлизамен екеуі оңаша қалғасын қарт ана көз көрген қайнысымен қатар отырып ұзақ сөйлеседі. Алғашқы күндері айтқаны – Бөбек жайы. Бөбек бақытсыз болды деді. Ожырай төбесінен таяқ айырмайды деді. Раймен көңілі жақын болғанын кешірмей, о жар жігіт бір жолы ішке тепкенде Бөбек есінен танып құлап, бойындағы бала өлі түсіпті. Сонан бері Бөбек талма ауруға ұшырады деді.

– Өткен қыста келіп, бір айдай жатып кетті. Сорлы бала қашан кете-кеткенше Райды есіне алып, көз жасы омырауын жуды да отырды. Құрысыншы, қайсы бірін айтайын, Рай екеуінің бір-біріне ықыласы басқа еді ғой – деді де, Әлиза түрегелді. Кешкі астың қамына кірісіп, сырттан бір құшақ отын әкелді. Ошаққа от жақты. Қазанға су құйды. Сосын қалған шаруаны тастап, Еламанның қасына кеп отырды. Еламан келгелі айтып тауыса алмаған тағы әңгімесі бар сияқты. Соны байқағасын Еламан қолындағы домбыраны іргеге сүйей салды да, кәрі анаға бет бұрды.

– Сен білмейтін не сыр бар? Қанша бала тусам да, қолым құтаймады. Менің бауырымды суалтып, жердің астын қуантып жатыр – деп, көзіне жас алды. – Құдай мені тақырлады. Қызғалдақтарымды кеудемнен үзіп әкетті. Сосын қайтейін... Бұл байғұс та көз ашқалы су кешіп қара борбай боп жүрген жалғыз шал ғой, тұяқсыз өтпесін деп... мына бір бәлекейді алып беріп едім...

– Дұрыс істегенсің.

– Ай, шырағым-ай, қайбір жетіскеннен істеді дейсің. Менікі құдай алдында көңіл таза болсын деген далбаса да, әншейін. Ақылымнан алжасып жүрген кезім емес пе, кісісін таппаппын. Қос уыс оттың басы күнде ұрыс болғасын берекет қайдан болсын...

Еламан үндемей, жер шұқып отыр.

– Бұл күндері менің қыз ұзатып, келін түсіретін кезім еді. Қандай қарақтарым еді. Қара жер түгіл кісіге көріп беруге қиюшы ма едім?! – деп, шерлі ана әр кездегідей көкірегі қарс айрыла күрсінді де, – мен бейбақ ене бола алмас па едім – деп, көз жасын бір сықты. Бірақ ол Еламан күткендей егіліп жыламай, босаңсып бара жатқан көңілін тез билеп алды. Келесіде ол тіпті кең отырып сөйледі. – Мөңке сорлыны көрдің ғой. Қартайып бітті. Басы жұмыр пенде тірі жүргесін бәрін көреді, бәріне көнеді. Басқасын қайтейін, бір сүйектің басын тістескен Достың істеп отырғаны анау. Тәңірбергеннің тіліне еріп, ағаңмен жауласып, іргесін жалаңаштап кетті. Осы жанына қатты батады.

Әлиза тұрып кеткесін де Еламан шам жақпаған, қоңыр кеугім үйде ауыр оймен сұлық отыр. Жылағысы келді, бірақ көзінен жас шықпады. Екі күн үндемей сүлесөк жүрді де, үшінші күні Сүйеу қарттың аулына тартып кетті.

* * *

Сүйеу қартқа қараған кедей ауыл биыл қыстан күйсіз шығыпты. Неше түрлі алым-салықпен ұсақ қараны алып, азын-аулақ ірі қараны үстінен жонып жеп отырған шағы екен. Кедейленіп қалған ауыл жылдағы дағдысы бойынша биыл бауырын көтеріп көше алмай, ескі қыстауларында отырып қалыпты. Кейін күн ысысымен теңіз жағасында маса, сона көбейіп, қолдағы аз ғана қараны ұстау қиынға айналғасын аударылып қоныпты.

Онда да қыстауларынан ұзамай, теңіз жағасынан қозы көштей жерде отыр екен.

Еламан ел орынға отыра кеп аттан түсті. Сүйеу қарт соңғы қозысын сойып, қазан көтертті. Қайын енесі де пейілді. Еламанға деген бұрынғы көңілдері құрттай да өзгермегенін көрсеткісі келді ме, сасқалақтап жүгіріп жүр. Соның өзінде бірде болмаса да бірде бұл күнде басқаланып қалған көңіл байқалып қап отыр. Бұл отырғанда Ақбаланы ауызға алмады. Бірақ Еламан бәрінің ойында Ақбала отырғанын білді. Келе салып кетудің лайықсыз екенін білсе де, Сүйеудікінде бір күннен артық жата алмады да:

– Ата, қайтқым кеп отыр, – деді Еламан.

– Неге асықтың?

– Шаруа бар еді...

– Е, шаруа бар ма? Онда рұқсат!

Еламан тентек шалдың қай жағынан шығарын білмей, отыр. Сүйеу қарт оның ойындағысын айта алмай, жасқаншақтаған түрін жаратпады.

– Қарсы болмасаңыз... жиеніңді... – деп тоқтады Еламан.

– Ә!.. Ә!.. Балаға келіп пе едің? Ал!.. Ал!.. Бағу қиын боп бара жатса, ауыл арасы қашық емес, әкеп тастарсың.

– Рақмет, ата!

Сүйеу қарт енді қайтып Еламанға жүзін бұрмады. Әкесі әкеткелі отырған жиен немересіне де назарын бұрмай, бетін сырт салып бұрылып апты.

Кемпір екі жыл бауырына басқан баланы қимай, қоштасар жерде жылап жіберді. Осы арада Ақбаласын ашықтан-ашық есіне алып:

– Жалғызымның көзі едің... – дей бергенде Сүйеу:

– Тәйт!.. Тәйт, найсап!..– деп, зекіп тыйып тастады. Еламан баланы алып жүріп кетті. Балықшылар

Еламанның қуанышына құтты болсын айтып, кіріп-шығып жатыр. Мәңке мен Әлиза тіпті мәз. Олар Еламанның қайтадан үй болып, үстіне шақырақ көтеріп жатқанын көргендей.

– «Орнында бар оналар» деген осы. Кеше біреу едің, бүгін екеу болдың. Енді, шырағым, үйлен.

Еламан үндемеді. Ақ жаулық тартқанның бәріне бірдей ұрына бергісі келмеді. Бос тұрған төсекке бір түнеп, бел суытып кететін бозбала емес. Ол қазір өзінен гөрі кішкентай Әшім жайын көбірек ойлады. Әшімді өз баласындай бағып-қағатын рахымды ана тапсам деп жүр. Оның үстіне қол қусырып қарап отыру қиын болып барады. Балық аулайын десе баладан шыға алмады. Әшім мазасыз. Қолға алғанды жақсы көреді. Ыңылдап ән салмай, жай көтерсең де жұбанбайды. Екі жыл бағып-қаққан әжесін іздеп, әсіресе түнемелікке қарай кішкентай қолымен Еламанның бауырын сипалап шығады. Көп ұзамай Еламанның балажандығы бұл ауылға аңыз болды.

– Қайным-ау, саған үйленудің керегі жоқ екен. Бір үйге әйел болуға жарап қапсың.

– Енді басыңа ақ салсаң жетіп жатыр – деп, қылжак келіншектер оны жүргізбей қойды.

Сырқат бала бұнда келгеннен бері шырақ-тай сөніп барады. Ас талғайды. Ағарған ішкісі келеді. «Ауыртып алмасам қайтсін?» – деп қорыққан, Еламан баладан басқа дүниенің бәрін ұмытты.

* * *

Осы күннің ертеңіне қарт балықшының үйіне Айғанша келді. Жұмыстан шыға сала келгені көрініп тұр. Үстіндегі киімнен шикі балық иісі шығады. Қолы, үсті-басы шырыш, шырыш.

Қарт балықшының үйіне қымсынбай, емін-еркін кіріп келсе де, кішкентай баланы көтеріп өбектеген түсі басқа кісіні көріп, тоқтай қалды. Мөңкенің үйінде қонақ жатқанын есіткен-ді. Бұл ауылдың қадірлі кісісі екенін де есіткен. Бірақ оның кім екенін білмейтін. Бала көтерген мына кісінің басқа емес, сол екенін білгенде ашық тұрған есіктен аттар-аттамасын білмей, қалт етіп тұра қалды. Қарашығы шоқтанып, өзіне-өзі сенер-сенбесін білмей, қос қолын көкірегіне қысып ала қойды. Сәл есін жиғасын оның нақ бір бала баққыш аналардай көзінен ұйқы қашқан баланы ұйықтата алмай, үстіне түсіп, бәйек боп жүрген түріне таң қалып күліп жіберді. Бала жұбансын деп әнін де дәл бір мейірбан аналардың құлаққа жайлы қоңыр даусына сап ыңырсып жүр:

Балам менің қайда екен,

Қыздарменен той-да-а...

Қонақ ішке кірген кісіні енді байқады. Әнін кілт үзіп ақырын бұрылды. Айғанша оны бірден таныды. Бара сала құшақтай алатындай жетіп барса да, бірақ ана кісінің әлденеге тосырқап бойын тартып қалғанын байқап, ілгері созған қолын бауырына тартып ала қойды.

– Қарындас, кешір...

– Мен... Ме-н Төлеудің қарындасымын.

– Тө-леу?..

– Есіңізде ме?..

– Апыр-ау... Төлеу-у дейсің бе?

– Ие, ие, Төлеу! Ана жылы сізді Шалқарға апара жатқанда... шұқырда отырған... Есіңізде ме?

Еламанның есіне бәрі бірден түсті. Рай. Қарлы боран. Қолын қарыған темір кісен. Жапан түздегі жалғыз үй. Екі қатыны бар ірі қара жігіт. Ағаш төсек үстінде бөксесін көрпемен орап алған нардай қара кемпір.

– Алда ай-на-лайын-ай!..– деп, Еламан тез ұмтылып кеп, қызды маңдайынан сүйді.

Анасы қайтыс болғаннан бері Айғанша кісілердің ықыласын іші қалап тұратын. Әсіресе, анасының көзін көрген кісілерден көбірек дәметуші еді.

– Әжең қайтыс болыпты... – Айғанша басын изеді.

– Жарықтық жақсы кісі еді. Топырағы торқа болсын. Ал, айналайын, хал-жайларың қалай?

Еламан қыз үстіндегі балық иісі шыққан шырыш-шырыш киімдерге назары ауды.

– Жағдай... жағдайымыз осы...

Әлиза келді. Әңгіме үзіліп кетті. Мөңке бұл күні балықтан кеш қайтты. Кешегі дауыл ауын арқан қып есіп тастапты. Асымдық та балық ұстамаған. Оны айтпаса да, Еламан қарт балықшының түрінен байқады. Мөңкенің үсті-басы малмандай су. Зерен жүзді жылтыр қара беті бартиып іскен. Иығының басы салбырап, сұлдерін сүйреп кіріп келе жатты.

– Айғаншамысың? Амансың ба, қарағым? – деді Мөңке. Шай-суланғасын балықшылар бүгін де Мөңкенің үйіне жиналды. Ертең тағы ерте тұрып теңізге шығатындарына қарамастан олар түннің бір уақытына дейін тарамай, ананы-мынаны айтып ұзақ отырды.

– Мына бір есірік жел сендерге сор болды-ау, – деді Еламан.

– Айтатыны жоқ. Желге қарсы ескекті тарта-тарта екі қар салдырап қалды.

– Ол ештеңе емес. Ескегімнің қалақ басы сынып, ығып кете жаздадым.

– Апыр-ай, ә!

– Енді ескексіз қалдым...

– Ой, тәйірі, қысылатын несі бар? Судыр Ахмет ескек істеп береді ғой.

– Иә, ол Судырақ баяғыда Елағана да ескек істеп берген!

Балықшылар ду күлді. Жалғыз Еламан міз бақпады.

Теңіз өмірі бұған таныс. Жаз ортасы ауғасын-ақ ұлы теңіздің жел-құзы күшейеді. Су астында жүргенмен балық та басқа мақұлықтай ық іздеп, жайылым таңдап теңіз түбінің толқымайтын тыныш жерлерінде – қамысты басаттар мен қоғалы, қопақты көлдерде жүреді.

Ашық теңізде ажарлы, ірі балықтар болса болар, бірақ оны аулайтын арнаулы ау-құрал бұларда жоқ. Бұлардың жаман ауына жазатайым ірі балық түссе де, шірік торлар бір бұлқынғанға шыдамай жыртылып кете беретін. «Апыр-ай, – деді Еламан ішінен, – қайда барсаң, мықтысы әлсізін талап, шырылдатып жатқан дүние. Басқасы басқа. Көк теңіздің балығын қорадағы малындай қорығаны несі? Бұнысы қай зорлық?»

Мөңке шай ішіп терлегесін жан шақырғандай болды.

– Аға-жеңгең іздеп қалар. Үйіңе қайт, қарағым, – деді ол Айғаншаның ұзақ отырып қалғанын байқап.

Айғанша бүгін біртүрлі. Ертегі тыңдаған баладай, кеш бойы Әлизаның иығына иегін сүйеп үнсіз ұйып қапты.

Үй іші жым-жырт. Май шам түтіндеп жанып тұр. Сырттан азынаған есірік желмен бірге өкірген теңіз сарыны үзбей естіледі. Әлгі бір ренішті әңгімеден кейін балықшылар біраз үндемеді. Жас бала әке алдында ұйықтап кеткен.

Қызбалау Рәйіс әуелі алақ-жұлақтап балықшыларға қарады да, сосын Еламанға бұрылды:

– Тәңірбергеннің зәбірі өтіп тұр. Кей күні осы ауылдың қазаны қайнамайды. Бұған не дейсіз? Аштан өлсең де, тұяқ серіппе, үнсіз өл дейсіз бе?

Еламан Рәйіспен бірге өзгелердің де осы сауалға жауап күтіп отырғанын байқады. Не дейді? Өлермен болсаң отқа түс деп, ызалы жандарды айдап сап, ана жылғыдай тағы да аранға жыға ма?

– Жоқтың бәрін жек көрген кісіден іздегеніміз жөн бола қояр ма екен? Теңіз жайы маған да мәлім. Балық – қашаған. Ал ашық теңіздегі балық кең даланың тағысындай, қуып ауламаса, қолға түсе бермеуші еді ғой, – деді Еламан.

– Елаға-ау, біз қумай жүрміз бе?.. Қуа-қуа таңымыз айырылар болды.

– Оны да білем.

– Білсең, бізден кінә жоқ.

– Апыр-ай, ау көзін де қақпай қойды-ау. – Жоқ, жігіттер, баяғыда біз аулап жүргенде бұл теңіз балықсыз болмайтын. Мөңке ағаларың біледі, өз аяғынан жайылатын мал секілді, балықтың да теңіз астында өрісі бар. Өрісін таппай жүрген шығарсыңдар.

Үй ішіндегі әңгімеге ертеден бері Мөңке араласпай отырған-ды. Еламанның өзіне тіреп айтқан жаңағы сөзіне ол мырс етіп күліп жіберді.

– Ие, сен жақсы айттың. Балықтың да теңіз астында өрісі болады. Тек, шырағым-ау, Темірке мен Тәңірберген балықтың да, малдың да өрісін тартып алып, өлмесен тұрма деп тұрған жоқ па?!

Еламан қысылып қалды. Мөңке енді тіпті іріленіп қызына сөйледі:

– Өне бір жылы да Тәңірбергеннің тіліне ерген Темірке біздерді дәл осылай ашық теңізге айдап шықпады ма?! Сонда Кәлен күйіп кетіп: «Бұл қара шекпеннің байы қазып шығарған теңіз емес, құдайдың құдіретімен пайда болған, бәрімізге бірдей, ортақ теңіз», – деп еді. Ол патша кезі болатын. Енді, міне, Кернск тұсында да Тәңірбергендер теңдік бермей қойды. Құдайдың кенже ұлындай қара жер мен көк теңізді қоса билеп отыр. Бүгін олар қатын-баламыздың аузындағы асын тартып жесе, ертең көре қал, астындағы қайығыңды аударып, өзінді

теңіз түбіне батырып кетпесіне кім кепіл? Е, соның бәріне көне береміз бе? Құдай салды, біз көндік дейміз де отырамыз ба?

Жастардың да зығырданы қайнап отыр екен. Айрықша Рәйіс мәз. Бұрын Мөңкені қанша жақсы көрсе де, бір реніш бүйірінің түбінде жататын. Талай рет қиянаткердің қолында өлетін жерде де осы шал өздерін етектен басып, тоқтатып қала беретін.

Рәйіс сүйсініп кетті:

– Мөңке аға-ай, жақсы айттың-ау! Бәсе, біз қасқырдан қашқан қоянның жатырынан түсіп қалған сұр көжек емес едік қой. Бізді де бір қазақ қызы мақтанышпен тумап па еді? Қашанғы бас қорғап бұға береміз?!

– Ие, сүйдеші! Бұта түбінен бойымыз асатын күн бола ма?!

– Шіркін, Қандыөзектің аузына ау құратын күн туса, қарық болар едік қой!

– Дәмең зор екен. Қандыөзектің аузына қақпан құрылғалы қашан.

Қартаң балықшылар күрсінді. Жастар дағ-дарып Мөңкеге, онан Еламанға қарады. Еламан мұның арты тыныштықпен бітпесін біліп, іші мұздап отыр. Басқалары албырт жастықпен істесін, ал қарт балықшының көтерілгені не? Әлде, кім білген, өмір бойы қорлық көріп, зығырданы қайнап келген жан осы арада бұның елге келгенін күш көрді ме? Апырай, ә? Сүйтті ме?

Еламан алдында ұйықтап жатқан баласын бешпентінің шалғайымен қымтая, көп алдында кеудесін көтеріп шалқайып отырды.

– Жә, жігіттер, бұға бергеннен де берекет шамалы екені рас. Тек сендер жау мықты екенін ойладыңдар ма?

– Ойладық, Елаға.

– Ендеше, ертеңгі күні жау жеңсе де өкінбейтін

болыңдар. Кейін өз іштеріңнен кінәліні іздеп, көз шұқитын болсаңдар Тәңірберген, Теміркелермен тіресудің керегі жоқ.

– Білеміз, Елаға.

– Біз бәріне де бел буғанбыз.

– Не көрсек бірге көрейік. Тек бізді де бір бастаңызшы!

– Жә, ендеше тараңдар!

Балықшылар ақырын тарай бастады. Рәйіс бұрынырақ шығып, Айғаншаны есік алдында күтіп алды:

– Шығарып салайын...

Айғанша ыңғай бермей, үнсіз кетіп бара жатты. Үйі жатып қалған екен, шам жақпады. Қалаудың қорылынан құлақ тұнып тұрған тас қараңғы үйде сипалап жүріп, Кенжекейдің қасынан төсегін тауып алды. Шешінбей, киімшең бойымен қисая кетті. Тек жатар алдында бала кезден бойына сіңген әдетпен көйлегінің етегін тартып тізесінен төменірек түсіріп қойды.

Осы кезде кіші әйелдің төсегінен Төлеу басын көтерді.

– Сен осы қайда жүресің?

Айғанша үндемей, іргеге қарай аударылып жатты. Төлеу ана жолы киім тұсындағы реніштен кейін қарындасының бетіне қатты келмей, жасқаншақтай беретін. Осы жолы да наразы бірдеңелерді күңкілдегені болмаса, әлгіден кейін Қалаудың қорылына қосылып ұйықтап кетті.

Айғанша ұйықтай алмады. Мөңке үйінен ширығып шыққан жаңағы ызалы жандар көз алдында. Ертең олар Тәңірбергенмен мықтап бет ашыспақ – не жеңеді, не жеңіледі. Осы жайды Еламан ашық айтты. Еламан! Қызық-ау! Оны тосырқамай, бірден танығанын айт. Ол баяғыда да дәл осындай еді ғой, осындай ма еді? Рас, басқа кісілерден бөлектеу көрінген. Ол кезде Айғаншаның өзі

де нақ мұндай емес-ті. Ол кезде үй ішіндегі жандар мен қалаға қатынаған Ебейсін секілді бірен-саран саудагерлер, кірешілер болмаса, олардан басқа тірі жанды көрмей жапан түзде жабайы өскен жас қызға, шынында да, сол жолы балықшы жігіт біртүрлі оқшау көрінген еді. Қолаяғындағы темір кісен де оны өзінен басқа өзге бірде-бір жанға ұқсатпай, даралап оқшаулай түскен еді. Әжесі айтатын әлгі бір ертегілер, қиссалар мекенінде ғұмыр кешкен бұғаудағы батыр ма? Ел қамын жеген ержүрек жанкешті ме?

Сонан бері балықшы жігіт қыз көңілінде дараланып өсе берді. Осы жолы да Айғанша оның сондағыдан қанша өзгергенін ойлаған жоқ. Тек содан бері оның қайда болғанын, қандай елдердің топырағын басқанын, тағы қандай қиындық көріп, қасірет шеккенін ойлап, екі ағасы екі жерде қорылдап жатқан көрдей қараңғы үйде көз ілмей шықты. Қараңғыда неше түрлі қорқынышты суреттер бадырайып, бірде зындан, бірде тоғыз қабат Торғауыт, Қап тауы елестеп жатыр. Мына жігіт соның бәрін бұзып-жарып, ақыры, міне, арып-ашып туған еліне кеп, «тоқсан үйлі тобырына», қауышты. «Әйелі неге күтпеді екен?» деп ойлады Айғанша таң алдында көзі ұйқыға кетіп бара жатып.

* * *

Балықшылар қайықтарын суға үнсіз салып, екі-екіден бөлініп мінді. Еламан мен Мөңке бір қайықта. Кешегі қара дауыл бүгін таң алдында басылып, жел шырадай тыныпты. Соған қарамастан бір көтеріліп кеткен ұлы теңіздің ашу-ызасы әлі де басылмаған. Әлі де өзінен долданып, қарауытып қайнап жатыр. Аңғар беттен сәл ғана жел соқса да шұғыл қаһарға мініп, қайта түтігуге әзір тұрғандай.

Еламан теңіз ажарын ұнатпай, қайта-қайта көз салып келеді. Әдетте ау қараған балықшымен жағаласып, қиғылық ұрып болатын шағалалар бүгін көрінбеді. Бар шағала Қандыөзектің үстіне үймелепті. Өлермен қомағайлықпен қайта-қайта шүйлігіп, төсімен суды шалп еткізіп соғып қалады. Аудағы балықты іле алмағанына ызаланып, жан даусын сала шаңқылдап, қайқаң етіп жоғарыға көтерілгенде, жаңа шыққан күн шапағына ақ қанаты күмістей тұтап жарқылдап кетеді.

Рәйіс күліп:

– Байқайсындар ма, шағалалар бізге балықтың өрісін сілтеп жатыр – деді.

– Жарықтық Қандыөзек балықты ғой. Достың жігіттері қарық боп жатқан шығар?..

Бұлар тереңге салған ауларын суырып шықты. Түске тарта жел қайта көтеріліп, толқын басы буйралана бастады. Оқта-текте шілде айының мазасыз бөгелек желі килігеді. Онсыз да көк толқында шыбындаған аттай секектеп шоршып тұрған бұлардың қайығына қапылыста құйындай соғып, төңкеріп кете жаздайды.

– Осы бір бөгелек жел мазанды алып бітеді.

– Теңіз үстінің құйыны ғой. Кәпірдің бетінен аулақ.

Балықшылар жағаға шықты; ауларды суға шайып, теңіз түбінің тосабынан тазартты. Соның арасында шыдамсыздары үйлеріне жүгіріп барып жүрек жалғап келіп жатыр. Күндіз теңіз үстінде балықшылардың тынышын алып болған есірік, бөгелек жел кешке қарай басылып, шырадай тынып, жағалаулардағы қара құйрық қамыс басы қозғалмай қалды. Соның өзінде теңіз суы күндегі шарасына сыймай ісініп барады. Аңғар жақта әлі де өксік бар. Аңғар бет кешкі көлеңкемен түп-тұтас тұнжырап, қарауыта бастаған. Еламан осы бір болмашы белгілерге қарап, алдағы түн тымық болғанымен ертең тағы да дәл

бүгінгі уақытта жел қайта көтерілетінін топшылады.

Күн кештете шағалалардың ұйқы-тұйқысы шықты. Ертеңгі күннен олар да біртүрлі мазасыздық сезгендей, теңізге қонбай азан-қазан боп, топ-тобымен қарбаласа қанат сермеп, жоғарылай ұшып барады. Еламан бастаған балықшылар қайықтарына қайта отырды. Олар кешкі тымықта Қандыөзектің аузына он қайықпен ұмар-жұмар келді де, осы араға құрған Дос пен Төлеулердің ауына жарыстыра өздерінің ауын төгіп шықты. Рәйіс қайығын тез қозғап, Еламанның қайығына бүйірін тақап қатарласа берді.

– Байқайсыз ба, ешқайсысы қол қатпады-ау. Асылы, өз көлеңкемізден өзіміз қорқып келген екенбіз ғой.

– Даурықпа. Әне, анау Курнос Иван.

– Қайсы? Анау ма?

– Иә, сол!

– Ә, қаншелек. Көрген екен ғой.

– Көре берсін. Біз ұрланып кеп ау салған жоқпыз.

Басқа жігіттер де қайықтарын шапшандата есіп, Еламан мен Мөңкенің жанына топталып жинала бастады. Бәрінің көзі жағада. Иығына мылтық асқан жалғыз жаяу бұларды сонадайдан торуылдап жиекте жүрді де қойды.

– Аң аулап жүрген шығар?

– Қайдам, адам аулап жүрмесе қайтсін...

Еламан кісілерін теңіз үстінде топтап алды да, тұптура жағаға салды. Көзін Курнос Иваннан айырған жоқ. Бұлар жағаға тақап келе бергенде Курнос Иван кейінгі жағына бұрылып, қол бұлғап еді. Қамыс арасынан бір топ кісі жүгіріп шығып, Курнос Иванды орталарына ала тоқтады. Еламан жанжалды қаламаса да, Курнос Ивандардың мына қылығын жақтырмады. Жағаға жақындай бере өз жігіттеріне көз салып еді, бұлар да тайсалар емес. Ескек, таяуларын әлден ыңғайлап,

қолтығына қысып апты. Кейбір Рәйіс секілді қызбалау жігіттер күні бұрын етігінің қонына тығып алған жуан сойылдарын шығара бастады.

– Жігіттер, жанжал шығарушы болмандар, – деді Еламан.

Он қайық жағаға жақындаған сайын ескектерін бір әуенмен тартып, қол саласындай, қалмай да, озбай да бүйірін бүйіріне тақап, қатар тізіп келді де, жиекте тосып тұрған кісілердің дәл қасына тұмсық тірей тоқтады. Алдымен Еламан жағаға секіріп түсті. Қалғандары да қайықтан түсе-түсе сап, Еламанды орталарына ала иық тіресіп тұра қалды. Курнос Иван өз кісілеріне көз тастап, шолып өтті де, аналарға қарсы жүрді.

– Занды неге бұзасың? – деді Курнос Иван.

– Қандай заң?

– Қандыөзектің аузы запрет, Теміркенің жері.

– Теміркенің арқалап әкелген теңізі жоқ. Бұл теңізден мына Мөңке балық аулағанда Теміркең дүниеге келді ме екен? Сен оны білесің бе? – деп, Еламан оған салқын қабақ астынан ұзақ қадала қарады да, жүре берді.

Курнос Иван қолдағы күші кем соғарын білгесін тиісе алмады. Еламанға қарсы Дос пен Төлеудің жігіттерін көтеріп, ертеңге қалың тобырды әзірлеп қою керек. Осы ойға табан тірегеннен кейін дереу Тәңірбергенге жүгірді.

* * *

Тәңірберген кәзір теңіз жағасындағы шаруаларын жиектеп қалған-ды. Өз аулынан келген пішеншілер қанша шапқанмен өндіре алмағасын үме салды. Еңбек ақысына кейін бір-бір тоқтыдан беретін боп, Дос пен Төлеудің жігіттерін жалдап, көк құрақты құлатып тастады. Шалқардан әкелген шебер ұсталар да қазір

Ақбауырдағы қора жанынан көп бөлмелі үй салып жатыр. Қала сәнімен көк шатырын көтерді. Күнде басына бір барып, қырағы көзімен бақылап қайтады. Келешек тірлігінің ыстық ұясы болғалы тұрған үйді көрген сайын жігіт көңілі көтеріліп, әлі татпаған алдағы күнгі тәтті үмітін осы үйдің бітуіне қаратып жүр.

Қарындасын құтты жеріне қондыру Төлеудің де ендігі арманы еді. Жақын арада күйеу баласы болғалы тұрған жігітке қонақасы бергісі кеп, жанын жалдап жүрген-ді. Сәті бүгін түсті. Пішен шапқан ақысына алған тоқтыны өріске жібермей, оң босағаға байлап қойды. Ендігі жерге қыз бен жігіт жиі кездесіп, жүздері ашыла берсін деген ар жағында бір есебі болғасын болашақ күйеудің қасына ешкімді қоспады. Және Тәңірбергенді әдейі Айғаншаның жұмыстан шығатын кезіне туралап, ақ пен қызыл арасында ертіп әкелді.

Балжан мен Кенжекей кедей үйдің бар жылтырағын бетке ұстап, төрге төсек жайып қойған екен. Үйге жақындағанда Төлеу жүгіріп барып, қонағының алдынан есік ашып, ілгері өткізіп жіберді. Есіктен басын сұқпай жатып ол іште қыздың жоғын байқап, табалдырықтан аттай бере тоқтай қалды. Қонақ төрге шығып отырам дегенше ол Кенжекейді ымдап, сыртқа шығарып алды.

– Айғанша қайда?

– Жұмыстан қайтқан жоқ.

– Оттапсың. Жұмыстан алдақашан шықты.

– Кейде балық көп болса түннің бір уақытына дейін ұстап қалады.

– Жоқты соқпа! Ол қыз дәу де болса мына ауылда, Мөңкенің үйінде. Тез бар да, ертіп әкел.

Тәңірберген үй ішіндегі ыңғайсыздықтың жөнін байқаса да, түк білмеген кісіше қаннен-қаперсіз отыр. Төлеу қонақ алдында кешірім сұрағандай, қипақтай бастады.

– Сорлы бала анасын ұмыта алмай, өгейсіп жүр. Әлиза маңдайынан сипағанға...

Сырттан дыбыс шықты. Төлеу құлағын тігіп еді, өзі күткен кісі болмағасын қайтадан қипақтап: «Әлгі найсап неге кешікті?» деп ойлады. Не істерін білмей, терісі тарылып отыр еді, есік ашылды.

– Келді ме? – деді Төлеу. Кенжекей не дерін білмей қипақтап тұрғанда Қарақатын кіріп келді. Төр алдында отырған Тәңірбергенмен амандасты. Сосын Төлеуге бұрылып:

– Көшпей-қонбай қыз жоғалтқаннан саусың ба? – деді күліп.

– Шық үйден!.. – деді Төлеу.

– Қой, айналайын!.. Сен қыз жоғалтып күйініп тұрсаң, мен сол қызыңның... сол жүзіқараның бір жігітпен кетіп бара жатқанын көріп, жарыла жаздап тұрмын.

– Не-е? Не деп тұрсың сен?

– Ойбай-ау, қызға қырық үйден тыйым болар еді. Сендер бетімен қоя бердіңдер.

– Жұмысың болмасын қарындасымда...

– Енді, міне, өзіңе жұмыс тілеп алып отырсың...

– Қандай жұмыс?

– Көресің қандай екенін.

– Аспанды үстіме құлатсаң да, турасын айт!

– Айтпас деп пе едің?!

– Айт шапшаң!

Қарақатын енді шабынып Төлеуге жетіп барды:

– Біз де қыз асырап едік. Бірақ біздің қызымыз еркектің бетіне қарамай, иманы бетінде үзіліп тұрушы еді. Ал сендердің қыздарың...

– Тоқтат!

– Мен неге тоқтатам? Аға-жеңге боп қыз ұятын қорғай алмадыңдар. Екі қатының кепелеп ішкен астан басқа

білері жоқ. Беттері белдей боп отыр. Қыздарың болса... кетті, әне, түрмеден қашқан қашақпен қол ұстасып.

– Не?.. Не дедің, әй, сен қар?

– Өзің қар! Қара бетсің! Айғанша айың еді. Еламан...

Төлеу жын ұрғандай есік алдында жатқан тоң шотты ала сала сыртқа ұмтылды. Ертеден бері бір жанға көз салмай, төмен қарап, тұнжырап отырған томай құлақ та ағасының соңынан бүлкілдеп ере берді. Ызалы жігіттер сыртқа жүгіріп шыққанда, мына жақтан Курнос Иван мен Дос бастаған бір топ кісі сау етіп ішке кіріп келді.

– Төлеу, тоқта!

– Жібер!

– Қыратын болсаң кейін де күн бар. Ал қазір тұра тұр. Шаруа бар – деп, Курнос Иван бөгемек боп еді, көзіне қан толып алған ағайынды жігіттер Курнос Иванды қағып жіберіп ата жөнелмек болды. Сол сәтте ту сыртынан Тәңірбергеннің:

– Қайт кейін! – деген даусы шықты. Төлеудің қолынан тоң шот түсіп кетті. Тәңірбергенге қарай алмай, ізінше кейін қайтып Курнос Иван мен Достың тасасын ықтай тоқтады.

– Мырза, мына Мөңке ауылы бүлік бастады. Айылын жимастан кеп, бар ауын запрет жерге төгіп кетті. Не істейсің маған, мықты болсаң тиіп көр деп, күш көрсетіп отыр – деп, Курнос Иван зығырданы қайнап, дір-дір етіп тұр.

– Бұған сен қалай қарайсың? – деді мырза Досқа бұрылып.

Дос бір жанға көз салмай, қабағы қарс жабылып кетіпті.

– Ежелден бері бүлік басы Еламан. Мынау сонан шыққан сойқан ғой, – деді ол.

– Ендеше кесімін өзің айт. Теңіз сенікі. Тентек те сенікі.

– Кесім қысқа. Ауларын сыпырып алу керек.

Тәңірберген Досқа барлай қарады. Әшейінде үндемей жүргенмен шынтуайтқа келгенде осы кісінің жаулық ниетті қатты ұстап, қасарып алатынын ұнатты.

– Дос ағам дұрыс айтып отыр. Күш көрсететін немелер ғой, сендер де бас-аяқтарыңды жинап, тұтасып алыңдар. Аянатын ештеңе қалмаған секілді.

Курнос Иван мен Дос бас изеп құптады да, есік алдында тұрған екі балықшыға әмір етті:

– Бар, жігіттерді жинаңдар!

Олар жүгіре жөнелді. Курнос Иван жанында отырған Төлеуді түртіп қалды:

– Ерлігіңді енді көрсет!

* * *

Балықшылар бүгін күндегіден ерте тұрды. Ешкім ешкімге бұйрық берген жоқ; ешкім не істеу керегін ешкімнен сұраған жоқ. Не істеп, не қою керегін әркім өзі біліп, үнсіз тұнжыраған кісілер үн-түнсіз ескек-таяуларын алып жатыр. Рза Еламанның көзін ала бере жуан жиде қаданы ескекке қоса қолтығына қыса кетті.

Жаңа үйден шыққанда жел шырадай тымық еді; теңізге кеп қайықтарын суға сала бастағанда бұлардың бетіне салқын леп тиді. Тәжірибесіз жастар бұны теңіз бетінен соққан таң самалы деп ойлаған-ды. Бұны тек Мөңке мен Еламан басқаша қабылдады. Сосын қыл жиекке біткен бала құрақтар қатты желдің қаһарын сезгендей сусылдап әбігерлене бастады. Қайыққа үштен, төрттен мінген балықшылар ескекке отырып, Қандыөзекке бет қойғанда әлгінде ғана шырадай тымық теңіз ырғалып ісіне бастады. Әзір толқын көрінбесе де, сонау аңғар бет-

тен, тереңнің дәл өзінен шүйлігіп лықсып келе жатқан күдірет күш бар ма, суға салтан қайықтар секектеп, жағаға сығылыса берді.

– Ал тезірек қимылдаңдар. Жел көтеріліп барады, сірә, дауыл болатын шығар, – деді Еламан асықтырып.

Жігіттер үнсіз. Қайықтың қарағұсын кешегі ау салған жерге туралап қос ескекті құр малшымай, қынулап еседі. Қайратты жігіттердің қолындағы қос-қос ескек құс қанатындай лыпылдап, тұмсығымен су жарған он қайық ақ езуленіп алған.

Жел көтеріліп кеткен. Ашық теңіз өкіріп, ақ жал толқындар ереуілдеп ойнақтап, онсыз да малтыға бастаған қайықтарды кеудесімен қағып өтеді.

Еламан мен Мөңке бір қайықта. Бас ескекке Мөңкені қойып, өзі бел ескекте отырған Еламан көзінің, қиығын жағадан айырмады. Жағалауда тірі жан жоқ. Промсол жақ жым-жырт.

– Курнос Иван ана жылы қарасы батып жоғалып кетіп еді ғой? – деді Еламан.

– Қаңғып жүрді де қайта келді ғой.

– Жел қатайып кетті-ау!

– Дәнеңе етпейді. Ау өзектің ішкі бетінде. Көре қал, қамыстың ығы жел жібермейді. Тымық.

– Солайы солай. Тек, қайдам, өзекке жеткенше бүйірден ұрған толқын есінді тандырмаса...

Еламан ескекті Мөңкемен бірдей алып келе жатқан. Оны бағанағы ой қайта мазалап, тынышсызданып кетті де, бұрылып ілгергі жаққа көз тастады. Оны билеген ой Мөңкені де мазалап келеді екен. Мөңке ескегін бір сәт судан көтеріп алған бойы:

– Бізден басқа бір жан теңізге шықпағаны қалай? – деп, күдігін айтты.

– Бәсе, ешкім жоқ қой. Осы тегін бе?

– Түсінбеймін. Қарап қалулары мүмкін емес еді. Әлде, сенен сескенді ме?

– Әй, қайдам...

Бұлар Қандыөзекке кірді. Мөңкенің айтқаны расқа соқты: ашық теңіздей емес, іштің ығы мол екен. Бұлар келген бетте ескекті қайықтың кенеріне қайыра-қайыра салды да, шап беріп аудың құлағына жармасты. Ау болған аудың бәріне көлдің қара мөңкесі мен кешегі ағыспен келген ұлы теңіздің ажарлы, ірі балығы аралас түсіпті. Ау құлағын көтергенде әлгі балықтар әбігерленіп, апыр-шұпыр болды да қалды. Баяғы балықшы кезі есіне түскен Еламан:

– Әп-п бәрекелді!..– деп, дәл бір сол кездегідей шабыттанып, теңізді басына көтере күліп жіберді. Басқа жігіттер де балықтың қызығына түсіп, қауқылдасып жатқанда қырық-отыз қайыққа мінген жүз қаралы кісі өзектің екі бетінде жарланған нар қамыс арасынан шығашыға келді. Кейбір сабырсыз ұрда-жықтар ұзын ескекті ызғарлана көтеріп апты. Бұларды бастаған Курнос Иван сүйір тұмсық ақ қайықпен алда келеді. Қолында қос ауыз мылтық. Дос, Төлеу, Қалау, Курнос Иваннан қалмай тісін қайрап, кіжініп алған.

Еламан оларды басқалардан бұрынырақ көрді.

– Қамданыңдар! – деп айқай салған бойы дереу ескекке жармасты. Өзектің екі бетіндегі нар қамыстан бір сәтте, бір мезгілде шыға-шыға келген мыналарды тосып тұрып, анықтап қараса, өздерінен әлдеқайда көп екен. Және Курнос Иванның қайығымен жаға буды боп келе жатқан төрт-бес жігіттің бәрінде де мылтық. Қалғандары да құр қол емес.

– Қарсыласпайық, қан төгілер – деп, Мөңке елден бұрын ескегін лақтырып тастады.

– Әттең, құдай-ай, мұны білмедім ғой, – деді Еламан.

Курнос Иванның көзі Еламанда. Мылтығын кезеп апты.

Еламан өзінен әмір күтіп тұрған жігіттерді көзімен шолып өтті:

– Қарсыласпалық.

– Неге?.. Елаға-ау, онан да өлгеніміз жақсы ғой, – деді Рза.

– Жә, сөзді қой!

Жігіттердің қолынан ескек түсіп кетті. Соны күткендей, аналар қайықтарын қаттырақ есіп келді де, Еламан мен Мөңкені ортаға ала қоршап тұра қалды. Келген бетте Төлеу Еламанды қақ бастан құлаштап ұрып еді. Абырой болғанда Еламан бұғып қап, ұзын таяқ төбесін жанап өтіп, қайықтың кенеріне соғып, ортасынан қақ бөлінді. Төлеу қапы кеткеніне күйініп, зор ызамен қайта ұмтылып еді. Бұ жолы Еламан өзіне сілтеген таяудың шолақ басын денесіне тигізбей, шап беріп ұстай алды. Сосын тартысуға келтірмей, таяуды Төлеудің қолынан жұлып алды да, жұрттың басынан асыра лақтырып жіберді.

– Ойбай-ай, мынаның зәбірін-ай! Мылтығыңды берші.

Курнос Иван Төлеудің қолын қағып жіберді де, қайығын тез қозғап, Төлеу мен Еламан екеуінің арасына кимелей кірді. Құр қол Еламанның кеудесіне мылтығының аузын тіреп:

– Қозғалсаң атам! – деп, көзін айырмай, қыбын бағып тұрды да, өз жігіттеріне: – Кірісіңдер! – деп әмір етті.

Әпербақан жігіттер тап-тап беріп, Мөңке мен Еламанның ескек-таяуын өз қайықтарына салып алды. Қалғандары ауға жармасты. Осы кезде жел де жын-данып, күшіне мініп бара жатты. Ана жақта ұлы теңіз өкіреді. Бұлар ықтап тұрған өзектің ішкі беті де түтіге бастады. Ағыс күшейіп, аядай жерге шоғырланған көп қайық секектей бастады.

Дос:

– Әй, Еламан! – деп, жұрт назарын өзіне аударды, – мынау болғанда... – деп, қолындағы ақ таяудың салмақты басымен Мөңкені нұсқады, – мынау болғанда осы арада суға батырып кетер едім. Әттең, сен боп дiңкемдi құртып тұрсың.

– Саған қазір кім болғанда да бәрібір емес пе?! Мөңкеге қол көтерген адам маған тоқтайды дейсің бе?.. Ендеше, бәрімізді де суға батырып кет.

– Сен, бала, тайтаңдай берме! Сенің жайың маған белгілі. Тұрған жерің бүлік. Бір рет кештім дедім ғой. Ал бірақ екінші рет кездессең ондырмаймын.

– Енді кездеспеспіз. Енді кездесе қалсақ, бұлай тарамаспыз.

– Болсын.

Курнос Иванның әмірімен Дос пен Төлеудің жігіттері әп-сәтте бұлардың бар ауын балығымен қоса қайықтарына салып алды. Еламан қанша үндемейін десе де, мына қиянатқа шыдамай:

– Әй, Иван, бұл қай зорлығың? Николай заманы өтіп еді ғой, – деп еді, Курнос Иван қарқ-қарқ күлді:

– Қазір Керенский заманы екені есіңнен шықты ма?!

– Есімде. Керенскийдің де кедейге теңдік әпермесін білгем.

– Сенің теңдігің түрменің түбінде. Ал мыналар, – деді Курнос Иван Мөңкенің жігіттерін нұсқап, – сенің желіктіргеніңе ерем деп ау-құралдарынан айырылды. Ертең қатын-баласына асымдық балық тауып бере алмай жерге қарап қалғанда сөйлесем сендермен, – деді.

Бұлар ау-құралдан айырылып ұрыға тоналғандай боп қайтты. Үнсіз топты ілгері өткізіп жіберіп, Еламан мен Мөңке кейіндеу келе жатқан. Кенет Мөңке мырс етті.

– Ағаң қалай? Жараған бурадай шабынып, күшіне мініп алғанын көрдің бе?

– Адам да бір, ит те бір. Ит аяғына ас құйғанның пендесі.

– Солай! Кетті ғой, эне! Бір Дос емес, кешегі бар досың бауырыңнан сыпырылып шығып, жау жағына жарық берген жоқ па. Қанды көйлек жауыңның айтағына еріп, өзіңді қапқан күйігін қайтерсің?!

– Апыр-ай! Бұлар әдетте осылай бірінді-біріңе айдап сап құртады ғой.

Мөңке үнсіз қостап бас изеді. Қатын-бала сыртта жүр екен. Балыққа кеткен ер-азаматтың келуін күтіп, қазандарына су құйып, отынын әзірлеп қойыпты. Ең ар жағы балық соятын шыптасына дейін жайып, пышағын қайрап отырғанын көргенде Еламан да, Мөңке де жерге кіре жаздады. Алдарынан шапқылап жүгіріп шыққан балаларға қарай алмай, көзін жерден көтермей үнсіз өтіп кетті.

* * *

Үш күннен бері Мөңкеге қараған ер-азамат теңізге шыққан жоқ. Үш күннен бері бұл ауылда бір үй қазан көтермеді. Балкүміс сияқтылар күңкіл шығара бастады.

– Аузымызды кептіріп қойды ғой. Мұнан келмегенінің өзі жақсы еді.

Жігіттерді бәрінен бұрын жұмыссыздық аздырып барады. Бұрын бір-екі тартым ауын ермек қып теңіз үстінде жүретін жандар үйден шықпай, қатын-бала арасында шырғалып, реніш, ұрыс-керіс көбейді.

– Мына қорлықтан өлгеннің өзі артық еді.

– Иә, аясатын не қалды?.. Жаумен жауша алысатын...

– Елаға, баяғы патша заманында жауға намыс бермей, жығылсақ та жағаласып едік қой.

Еламан үндемеді. Кісі өлтіріп, кек алу оңай, бірақ онан осы отырған жандардың есесі тола ма? Онан есе толса, кеше бұл – Федоровты, Кәлен – Қаратазды өлтіріп еді... Еламан басқа жол іздеді. Тәңірбергеннің алдынан өткісі кеп, түс ауа оны іздеп барды. Тәңірберген кешегі түрікпен жорығынан кейін жұрт көзіне түсе бермей, теңіз жағасына тіккен шатырдың көлеңке жақ іргесін түргізіп тастап жұмсақ төсекте жатыр екен.

– Елаға... төрге шық! – деді ол.

– Жоқ, осы арадан кетем.

– Неге асықтың, қонақ бол! Әй, қайсың барсың!..

Ақи көз жігіт бастаған екі дәу кіріп кеп, есік алдына тұра-тұра қалды. Тәңірберген алғашқыда амандық-саулық сұрап жылы шырай берсе де, Еламан шаруасын айта бастағанда өңі суық тартып ала қойды:

– Теңіз менікі емес, Теміркенікі. Теміркеден теңдік алғың келсе, Шалқарға бар.

– Солай де?! Жанжалға барғым келмей, бітім іздеп келіп едім. Сен «өлмесең тұрма» деп, екі ауылды бір-біріне айдап сап, қырылыстырып қойып, қызығына қарап отырмақсың ғой.

– Не десең де ерік өзіңде...

Еламан түк демей, бұрылды да жүре берді. Мұнда келгеннен бері Мюлгаузеннен көрген зәбірін ұмытқандай боп жүрген-ді. Мына жағдайдан кейін тағы да қатты зәбірленіп, көкірегі қарайып келеді. Бейбіт отырған ауылға қару әкелгісі келмеген-ді. Қарудың ауылға да керегіп қалғанын байқап, бір жамандыққа ойы ауа бастады. Тәңірбергенге барғанын бір адамға айтпады. Күйлері тайып бара жатқасын бір күні Мөңке екеуі Талдыбеке бойындағы былқылдақ жас талды кесіп қабадан тоқыды. Бұл екеуіне Рза мен тағы бірнеше жас жігіт қосылды. Алғаншыда олар ермек тапқанына мәз боп еді, қабадан

біткесін ғана осыған дейін бұлардың басына келмеген қиындыққа тап болды. Қабадан ды суы толқымайтын қамысты, қоғалы басат, көлтабан болмаса, аңыраған ашық теңізге салуға болмайтын-ды. Еламан мен Мөңкені сыртта күтіп алған Әлиза:

– Не бітірдіңдер? – деп сұрап еді, Мөңке қолын бір сілтеді, Еламан үндемей, төрге өтіп кетті. Бұл ішке кіргеннен қолын созған баласын Еламан бауырына қысып отырып, іргеде сүйеулі тұрған домбыраны қолына алды. Сол бойда қос ішектен сарнап қоя берген көңілсіз саз сонан кеш болғанша домбыраның сағалығында қылқылдап тұрып алды. Бұның талайдан бері айта алмай, көкірегінде қордаланып, булығып жүрген талай-талай мұң мен зарды осы күймен жеткізіп, өксіп отырғандай. Әлиза мен Мөңке үнсіз тыңдады. Әке-шешесінің аулынан келген Балкүмістің, қара сұр беті түтігіп алған. Кімге тиісерін білмей, ыдыс-аяқтарды теуіп, есікті сартылдатып ашып-жауып, бұркылдап бүлініп жүр:

– Қайдан келді қаңғып? Аяғында аузымызды кептіріп...

Бұған Еламанның құлағы үйренген. Бәлекейдің қаңқуына көңіл бөлмесе де, осы күні әлдекімнің баласы жылай қалса да, ас сұрап жатқан жоқ па деп шошып кетеді. «Не істеу керек? Не амал бар?» – деп ойлап отырғанда, әлдебір дауысқа елең етіп, сыртқа құлақ тікті. «Мынау... Әй, мынау Айғанша ғой», – деп ойлады. Ау-құралдан айырылғалы мүлде есінен шығып кеткен екен. Айғанша еңбек ақысына жазғызып алған бір асым балықты жөкеге орап, қолтығына қысып әкеп, ешкімге білдірмей есік алдына тастай салды. Бұрынғыдай емес, жұбау, үй ішіндегілерге көз салмай, кішкентай Әшімді маңдайынан сипады да, бір жанға ләм-мим деместен шығып бара жатты.

– Қызым, жай жүрсің бе? – деді Мөңке. Айғанша тоқтап тұра қап:

– Тек... жай... – деді де шығып кетті.

– Қайыр-садақаның алды келе бастады. Бұған да шүкір!

– Бұны кім әкелді?

– Әлгі қыз.

– Алда айналайын-ай! Қанатымен су тасыған қарлығаштай, біз қиындық көргенде осы бала бір көрініп қалады, – деді Әлиза.

– Сені қайтсін? Үйінде бойдақ жігіт жатпаса, балық әкелмек түгіл басын да сұқпас еді.

Еламан баласын көтеріп тысқа шықты. Көңіл бөлмейін десе де, Балкүмістің сөзі тікендей қадалды. Қарақатын секілді Балкүміс те ұрыс тілеген кезде себеп іздемейді. Ондайда оған өзі тиісетін біреу табылса жетіп жатыр.

* * *

Үйде емізулі баласы қалған қатындар жұмыс аяғына жаны дызығып жетті. Сойып жатқан балықтарын да жиыстыруға шамасы келмей, тұра-тұра жүгірді. Жалғыз Айғанша ғана қозғалмады. Ағаларымен арасы суысып кеткелі үйге баруға ықылассыз. Кіші ағасын қай кезден жек көретін. Жақсы көретін ағасы Төлеу де өзгеріп барды. Үй ішінде бір жанға ырза болмай, үнемі төмен қарап тұнжырап отыратынды шығарды.

Әсіресе, Айғаншаны көзінің қырына алып, үйде де, түзде де соңына адам салып аңдытып қоятын боп жүрген-ді. Сол күні үйге кеш қайтқан қыз сыртқа шықса, есік алдында тұрған Кенжекейді көрді.

– Сен мұнда неғып тұрсың?

– Ағаң жіберді.

– Күзетіп тұр екенсің ғой? – деп, Айғанша күлді де, бұрылып жүре берді. Күндегі әдет бойынша күн астында жалтырап жатқан ақ тымықты жиектеп біраз жерге дейін кешіп барды. Сосын беті-қолын жуғалы шыт көйлектің етегін екі тізенің арасына қысып еңкейе берді де, суда дірілдеген өзін көріп тоқтай қалды. Өзіне анықтап қарағаны осы еді. Іште жатқан реніш пе, әлде, жұмыстан шаршап шыққасын ба, көз жанары кірпік астында қалжырап, бұған тұнық түбінен соншалық бір салқын қарап тұр екен. Айғанша кексе қатындар арасында жұмыс істеп, бойын күтуге мұршасы келмей жүргені болмаса, өзінің құдай берген ажар-көркіне әсте шек келтірген емес-ті. Бұрын қыз боп бойын күтпегені көңіліне кіріп-шықпаса да, осы жолы адам күлгендей алқам-салқам түрін көріп, өзіне, әсіресе, елеусіз өтіп жатқан өміріне налыды да, суда дірілдеген бейнесін былғалап шайқап-шайқап жіберді. Жағада өзін күтіп тұрған жеңгесіне көз салмай үнсіз жөнеле берді.

Жел тынған. Теңіз де тынып, ашық айдын ақырын тыныс алып солықтап жатыр. Жылы күздің сары шуағында кісі жанын әлдилеп, ақырын тербеткендей рахат тыныштық бар. Тек оқта-текте аңғар жақтан көңіл ашқандай қоңыр самал соғып, қимылсыз тұрған құрақ басы сілкініп сыбдырлап қалады.

Айғанша өткен жолы да дәл осы арада, дәл осы уақытта Еламанға кездескен-ді. Сонда да дәл осындай тілсіз тыныштықты қалап, көзі түскен нәрсенің бәріне көптен білетін жақсы сырласындай жүрегі лүпілдеп қуана қарап еді. Кездесуді қалаған Айғаншаның өзі еді. Үйдегі жанжалдан кейін айтары көп сияқтанып асығып болған. Кездескесін екеуі де үндемеді. Бейуақ кеште өз іштерінен тыныштық іздегендей ме қалай? Оның өзінен мүшел жас үлкен екенін білді. Басына ақ жаулық

түсісімен бақытсыз болған талай құрбы қыздарды көрсе де, неге екені белгісіз, өзінің келешегінен қорықпады. Бала әкеге қалай сенсе, өзі де осы жігітке шын жүректен кәмілсіз сеніп еді. Жасы қырыққа келе қоймаса да, самай шашын әлден ақ шалып, кең маңдайын қасірет ізіндей әжім осып тастаған осы бір кесек тұлғалы жігітте көп сыр жатқандай. Бірінші күні ол бар жайын ақтарып салса да, келесі күні қайта кездескенде үндеген жоқ. Айтар сыр әлі де көп болғанмен өзіне қатты тыйым салып, тартынып бойын тежеп қалғаны анық. Бұл не, ұстамдылық па? Әлде өз басының қасіретін айтып, қыз жүрегін улай бергісі келмеді ме?

Айғанша балапан құрақтың арасына қалыңдап кіре түсті де, кілт тоқтады. Еламанның қажыңқы кескіні тағы да көз алдына келіп, анық елестетіп тұрып, жан ауыртқан аянышпен астыңғы ернін ақырын тістеді. Теңіз беттен бір үзік мап-майда ескек жел соғып еді. Бала құрақтар бар тобымен сусылдап шұғыл қуаныш білдіріп, құдды қыз жүрегіндегі сырға ілтипат білдіріп, үнсіз құптағандай болды. Бірақ өз ойымен әлек боп тұрған Айғанша оны сезген жоқ-ты...

Теңіз жағасында тірі жан жоқ. Қайын сіңлісіне тандана қараған Кенжекей кейіндеу тұр. Көңілге болмаса, қайын сіңлісі бұрынғысынан басқалау сияқты. Кейінгі кезде үйде отырғанда да бұлар білмейтін белгісіз бір ой оны баурап, өзімен-өзі оқшауланып қала беретін боп жүрген-ді. Әне бірде ас ішіп отырып, кенет қолынан қасығы түсіп, ой билеген көздің қарашығы адасып, алдындағы астан, жанындағы жеңгелер мен ағалардан адасып, ойы, қиялы әлдебір жақта отырғанын байқаған. Кенжекей үй ішіндегілердің көзін ала бере қайын сіңлісін сақтандырып, ақырын түртіп қап еді. Айғанша дір ете қалса да, салмақты қалпын бұзбады. Тек «бірдеңе

бүлдіріп алдым ба?» деген үнсіз сұрақпен жеңгесіне қарап еді.

Кенжекей соның бәрін есіне түсіріп, бірақ неге жорырын білмей, дал боп тұрды да:

– Еркем, қайтайық, – деп құлаққағыс қылды.

– Жеңеше...

– Иә, қалқам?..

– Жеңеше... Сен ағама ғашық боп қосылдың ба?

Кенжекей шошып кетті. Төлеу мен Қалау қызды Еламанға таңып, ізіне андушы салып қойғанда да бұл өз басы қайын сіңлісіне шық жуытпай, көңілін ондай ойдан таза ұстап жүрген-ді. Сақал-шашына ақ еніп, егде тартып қалған кісі Айғанша секілді уыздай жас қызға жар болудан гөрі әке болуға лайық сияқтанатын.

Айғанша да әлгі сөзді ыссылай айтып салғанын білді. Сонысына қысылып, жеңгесін тас қып мойнынан құшақтай алды. Кенжекей Айғаншадан сырын жасырмайтын. Бұның жайына қайын сіңлісі де қанық-ты. Басқасын былай қойғанда, кейінгі жылдары күйеуінен көңілі қатты суып, іштей алыстап кетті.

– Ай, қалқам-ай! Менің жайым өзіңнің көз алдында өтті емес пе?! Баяғыда ғашық болдық па, жоқ па, осы күні өткен өмірім өзіме де көрген түстей. Менен не сұрайсың? Сен бақытты бол! – деп, қайын сіңлісін маңдайынан сипады.

Айғанша андаусызда жақсы көретін жеңге-сінің ең бір жаны ауыратын осал жеріне тиіп кеткеніне өкінді. «Сүйікті жеңешем! Асыл жеңешекем!» – деп сыбырлап, ыстық ернімен Кенжекейдің бетінен сүйіп-сүйіп алды.

Бұл кезде күн батып кетіп еді. Теңіз бетте көлеңке кәдімгідей ауырлап, ол жақ тұп-тұтас қарауыта бастады. Тек қызылы сембеген күннен әр тұста үзіліп қалған үйір-үйір сәулелер лыпылдап бір-бірлеп сөніп жат-

ты. Бұ да күліп жатып көз жұмып, ұйқыға бас қойған алып тірліктің ақырғы тынысы, үзілер шағы сияқты еді. Әлдеқайдан өгіз шағала өкірді. Келмей қалған жұбайын кешкі мекеніне шақырып, қиғылық ұрып жатыр ма?

Айғанша жеңгесінің мойнынан құшағын жазып алды:

– Жеңеше, сен кете бер. Мен... мына ауылға соғам.

– Қарғам-ау, бұның қалай? Ағаң білсе...

– Мейлі, білсе біле берсін.

Мөңке аулына бет қойған қыз кешкі ымыртта капелімде көзден тасаланып ұзап барады.

* * *

– Қыз бен жігіт кеше тағы кездесті. Қыздың өзі іздеп барды. Құрысын, беті ашылып бұзылып болған ғой.

Қарақатынның аузынан шыққан сыпсың сөз үй мен үйдің арасында сумандап жүрді де, бір күні қыз ағасының құлағына шалынды. Төлеу есіткен бойда үй ішінің тас-талқанын шығарып, екі қатынын сабап, екі бұрышқа тығып қойды. Ызалы жігіт сол күні қарындасының жұмыстан қайтқанын да күтпестен, жын ұрған кісідей жүгіріп Мөңкеге барды. Сәлем берген жоқ. Әй-шәйға қарамай, қарт балықшыны оңашалап, сыртқа алып шықты. Мөңке Төлеудің мына келісі тегін емесін қатты бұзылған түсінен таныған-ды. Онсыз да араздыққа бет алып бара жатқан екі ауылдың арасын тым құрыса осы тұста ушықтырғысы келмеген қарт балықшы түсін жылытып отырып:

– Жайшылық па, шырағым? – деп, сыпайы жөн сұрады. Қарт балықшының момын жүзін көргенде дөкір жігіт өзінің адуын түрінен ыңғайсызданып қалған сияқты. Арғы жағында ақтарылғалы тұрған ашулы сөздерді тура бастамай, әуелі жанында жел шайқап ырғалып тұрған бір шоқ сарсолмаға қол созды. Осындайда шөп екеш шөп те көлеңдеп көзге түсіп жынына

тиіп біткендей, жел астында ырғалған сарсолмаға қолын созып ұмтыла бергенде, о да бұлғаң етіп, басын ары алып қашып, дәл ұстар жерде уысынан шығып кетті. Шөптің мына қылығы онсыз да зығыры қайнап отырған жігіттің ызасына тиді. Құйрығын басып отырған жерден жедел көтеріліп, ұмтылып барып, ызасына тиіп болған сарсолманы шеңгелін толтыра уыстап жұлып алды да, лақтырып жіберді.

– Жел айдаған қаңбақтай жер-суымды тастап, кара іздеп қастарыңа келіп едім. Айғанша қыз болса да қасымда кара боп жүрген жалғыз қарындасым еді. Мына Еламан інің азғырып жарық көңіліме жара сап жүр.

– Қой, жарқыным, өсек шығар...

– Жоқ, шын.

– Өз көзіңмен көрдің бе?

– Көрген кісі бар.

– Кім? Кім ол өзі?

– Қайтесің, ақсақал?! Онан да ана жігітіңе айт! Қарындасымнан аулақ жүрсін. Әйтпесе...

– Іркілме, шырағым. Әйтпесе, не істейсің, оныңды да айт.

– Аяғын қырқам. Айғырлық қылатын неме ғой, ат қып тарттырып жіберем!

– Е, бәрекедді, ер екенсің. Сәлеміңді айтайын.

Төлеу тұрды да жүре берді. Жер шұқылап отырып қалған қарт балықшымен қоштасқан жоқ.

Жамандықтан жүрегі шайлығып қалған қарт балықшы мына жігіттің жаулықда кеткен түрін жақтырмады. Еламанды алдын ала сақтандырып қойғанды жөн көрді.

Бүгін бұл ауылда бір оқшау қонақ бар. Ол – Құлтума. Ана жылы мұзға ығып, бір аяғы үсіп ақсақ боп қалған соң, балықты тастап өз еліне кеткен-ді. Сонан бері кара үздіріп, хабар-ошарсыз жүріп, өткен күні ойда жоқта

келді. Еламан Құлтуманың келгенін сылтау қып, қолы бос қарап отырған кісілерді Рәйістің үйіне жинап еді. Мөңкенің кіргенін ешқайсысы байқамады. Үй толы кісілер Еламанды орталарына ала отырыпты. Қызбалау жігіттердің делебесі қозып, «е, пәлі!» – деп көтермелеп қояды. Еламан бұл отырыста тіпті бір түрлі. Қас жырауларша тақымының астына бір жастықты басып апты.

Ақ домбыраның қос ішегін сабаламай, саусағының ұшымен тыңқылдатып шертіп отыр. Жан адамға көз салмай, күлімдеген жүзін жоғары көтеріп жадырай түсті де, кенет тамағын кенеп қалды. Содан кейін салған жерден шырқай жөнелмей, ойнақы әннің басын баяу алып:

Басына шауып шықтым Айырықтың,
Даусымнан құйқылжыған айырылыппын.

Он екі ай қыз көрмеген сорлы басым,

Қатынға тезек терген қайырылыппын, – деп, даусы жетпей бара жатқасын осы арада домбыраның қос шегін үзетіндей кіжініп, қағып-қағып жіберді.

– Уә-ә де!

– Қайтсін-ау, байғұс ағынан-ақ жарылып отыр-ау!

– Өзі ме шығарған?

– Әй, бәдік болғыр, бұл Батақтың Сарысының Жармола түрмесінен қашып шығып, еліне қайтып келе жатқанда шығарған өлеңі ғой.

– Болса болар. Ал бірақ мына Еламанның ар жағы бұзық. Сарының сылтауымен, тап осы арада өз көңілінен хабар беріп жатпасын.

Мөңке төрге шықпай есік алдында тұрған-ды. Ән үзіле бергенде ол:

– Еламан, қарағым, бері шығып кетші, – деді.

Еламан қолындағы домбыраны Құлтумаға ұстата салды да, сып етіп түрегелді. Мөңкенің артын ала сыртқа шығып, үй жанында ұзарып калған көлеңкеге екеуі қатар

отырды. Мөңке оған Төлеудің сөзін түгел жеткізді де, «кәне, бұған не дейсің?» деген сұрақты кескінде бағып калды.

Еламан өзінің ойлауға да қорқатын нәрсесіне қыз ағаларының қалай аузы барғанына қайран.

– Төлеудің түрі жаман, абайла, – деді Мөңке.

– Құдай-ау, Төлеуді қайтейін? Мен қыздың көңілін біле алмай қор боп жүрмін ғой.

– Қыз кет әрі болмаса қайтесің?

– Онда тайынарым жоқ.

– Алып қашасың ба?

– Жоқ, тал түсте, төрт көздерінің түгелінде алып кеп, үйге кіргізіп алам.

– Оны істете ме? Екі бірдей ағасы бар. Ар жағын зерттесең – піл табан Тәңірберген жатыр. Андысса – алады, алысса – жығады.

– Мен де жалғыз емеспін ғой.

– Сондағы арқа тірерің кім?

– Сен ше? Сенің де төңірегінде біраз тобыр бар емес пе?

Мөңке кәдімгідей назырқап, жер шұқып отыр.

– Ой, қарағым-ай! Саған пана бола алатын менде не қауқар қалды? Тым құрыса баяғыдай қысылшаңда қара ағаштай иықтасып тұра қалатын іргең бүтін болса екен. Қасымда Кәлен де жоқ. Менен не сұрайсың? Мен де теңіз жағасынан қызыл қанат шабақ алып жеп жүрген кәрі қарабаймын.

– Мөңке аға, назырқамашы, еңсеңді көтерші.

– Иығыңнан басып тұрса, еңсең қалай көтерілер?..

– Қаладан ала келген... қаруым бар еді...

– Ол қайда?

– Осы арадан бір күншілік жерде тығулы жатыр. Қолға тисе қантөгіс боп кете ме деп қорқып едім. Оған

мыналар қойды ма?.. «Өлермен болсаң отқа түс» – деп, шаптан түртіп, намысыңды шұқып отырып алды ғой.

Мөңке Еламанның осы қазір неден де тайынбайтын түрін байқады.

– Абайлау керек.

– Енді тайсақтайтын ештеңе қалмады.

– Шырағым-ау, сен осы не деп отырсың?

– Мөңке аға, жігіттерді жи. Қорлыққа көнгенше, өлгеннің өзі артық. Ендігі жерге күшке күш көрсетіп, төбелесе төбелесеміз. Әйтеуір бір жанға есе жібермейміз.

– Мейлің білсін. Бір есептен осының да дұрыс шығар.

Ашулы жігіт үйге кірместен түп-тура промсолға тартты. Айғаншамен сөйлесіп, алдынан өтіп алғысы келді. Қыз көнсе де, көнбесе де, осы бүгін күн кештете атқа қонбақ. Иесіз қорада қалдырып кеткен мылтықты әкеліп, ау-құралдан айырылған ызалы жандарды бір қимылға бастауға бел байлады. «Сендермен сонан кейін сөйлескен дұрыс болар» деді ішінен.

Промсолға тақай бергенде арт жақтан адамның үрейі ұшқандай жаман дауыс шықты. Еламан шошып, артына жалт қарап еді. Судыр Ахмет.. Астында қара ат. Киіз қалпақ көзіне түсіп кеткен. Боз шекпеннің етегі далақтап, шауып келеді. «Мұны Шалқарға кетті деп еді ғой? Әлде сонан қайтқан беті ме? Даусы қандай жаман», – деп ойлағанша болмай, Судыр Ахмет нар қараны борбайлап, тұсынан шауып өтті.

– Аттан!.. Аттан!.. Жау... Жау!..

Еламанның жүрегі мұздай болды. Үйден ашуға булығып шықса да, ол енді не ілгері жүрерін, не келген ізбен кейін қайтарын білмей, екі ойлы боп тұрған үстіне бір топ жігіт жүгіріп келді. Бұлар да естері шығып кеткен.

– Елаға, Судырақтың айтқаны рас болды. Ұлықұм бойындағы ауылдарды жау шауыпты.

– Жа-у? Не қылған жау?

– Түрікпендер. Қазақтан кек аламыз деп шығыпты. Қазіргі беті тым қатты дейді.

– Өтірік болар, шыққан жері сенімсіз екен, – деді біреу.

Бұның шындығына Еламан шүбә келтір-меді. Кейінгі кезде Тәңірбергеннің жігіттері Жөнеуіт ханның Текежәуміт ішіндегі бай құдасын шапқанын ел іші көптен бері әңгіме ғып жүрген-ді.

– Елаға, бұған не дейсіз? – деді Рәйс.

– Тәңірберген мен Досқа хабар беріндер. Тым құрыса осы тұста алауыздықты қойып, тізе қосып тірлік қылғанымыз жөн.

– Ел-аға, онан ештеңе шықпайды. Тәңірберген кеткелі жатыр.

– Қашқалы жатыр де! Үй іргесіне жау келсе, әркім өз басын ойлайтын ежелгі әдет. Ақтабан шұбырындыда да сүйткен. Апыр-ай, қиындықта ел басын қоса алмай, қор болдық-ау – деп, Еламан жігері құм боп налып отырды да, – Жә, қайтеміз. Кететін кісіге жол ашық. Кәне, отырмалық. Қамданындар. Мен бір күнге кетем. Кеудемде жаным болса, ертең кешке оралам.

Жігіттер онан жөн сұрамады. Еламан да оларға жөнін айтпай, Шалқардан мініп келген жаман тұғырды ерттеп, сол күні түс ауа жүріп кетті. Жөнеуіт ханның жігіттері дәл бір дала құйынындай, осы елге ылғи да тұтқиыл тиіп, қан-жоса ғып, қырып-жойып кететін рақымсыз қатал еді. Қоңырат, Шымбайға барған астықшылар Жөнеуіт хан десе зәре-құты ұшатын-ды.

Күн кешкірсе де күндізгі аптап ыстық әлі күшінде. Жағаға келгелі жаман аттың бүйірі шығып, тойы-

нып қалған еді. Еламан тоғын шайқағысы келмесе де, қазіргі асығыс жағдай амалын құртып, ауылдан шыға сала қамшы басты. Бірде сыдырып, бірде шоқытып, ақ пен қызыл арасында Бел-Аранның кезінен асты. Топырыш тұғыр қос бүйірін тепкілеп, қамшы салған сайын ыңыранып қайта-қайта құмалақ тастап келе жатқан-ды. Теңізді артқа тастап қалың бұйратқа кіре бергенде ілгергі жақтан түйдек-түйдек шаң шықты. «Жау ма?» деп ойлады Еламан. Суық үрей жүрегіне шауып, ілгері жүрер-жүрмесін білмей екі ойлы боп тұрғанда, шаң арасынан жылқылар көрінді. Іле-шала жылқышылардың кешкі аудан қиқу салған ащы даусы естілді. Алаяқ көк жылқылар тыныш даланы дүбірлетіп, селдей қаптап келіп қалды. Жылқы соңынан көш көрінді. Бұлардың да жүрісі суыт. Шақырақ артқан түйелерге байлаған шелек, жез құман, жез легендер даңғыр-дұңғырлатып, дүрлігіп келеді. Қаталап шөлдеген қатын, балалар көздері шүңірейіп, еріндері кезеріп кеткен. Кірпік-қасы шаң. Осы ыссыда көліктері де қара тер боп сабылып келеді екен. Еламан көш басындағы кісілерді іркіп, ат үстінен бір-екі ауыз тілге келді.

– Ойбай, жаудан қашып келеміз.

– Көп пе?

– Көрген жоқпыз. Біздің ар жағымызда отырған ауылды шапты...

– Ал, қайда паналамақсыңдар?

– Білмейміз. Бетіміз – теңіз жағасы.

– Ендеше, бет алыстарың дұрыс. Алдарыңда балықшы ауылы бар.

– Шырағым, өзің кім боласың?

Еламан жауап берместен атына қамшы басты. Тоқ ат бір бауыр жерден кейін өрге қарай шапқандай өкпесі қарлығып, ырсылдай бастады. Жамандатқырдың жүрісі

секілді шабысы да жаман. Төрт аяғын төрт жаққа сілтеп, түйеше тапырақтайды. Еламан оның өлгеніне қарайтын емес. Шабысы жайылып бара жатса қос өкпеге тепкілеп, басқа-көзге сабалай түседі. «Апыр-ай, үлгере алсам жарар еді. Мына жамандатқыр далаға тастамаса қайтсін?»

Жарты жолдан ауғанда ат болдырды. Тұла бойы малшынып терлеп, танау қағып ырсылдап келе жатып, жазатайым тұяғын жусан қақса да сүрініп кетеді. Алдағы қоңыр жалға әзер шыққан-ды. Сонан ылдиға салғанда алдыңғы аяғын індігешке тығып алды да, омақаса құлады. Алаңсыз отырған Еламан ер үстінен ұшып кетті. Ат мойнынан асып, екі-үш рет домалап түсті. Сол бойда ұшып тұрды да, аттың шылбырына жабысты. Ат қозғалмады. Танауынан қан кетті.

* * *

Ұлықұм бойын жайлаған Тілеу-Қабакқа қарасты бірнеше ауылды түрікпен шапты деп есіткенде, Тәңірбергеннің жүрегі мұздай болып еді. Олардан бір күндік жерде, Қаралакөпте отырған өзінің ауылы есіне түскенде жас мырзаның жаны қыдырып сыртқа шықты, ішке кірді. Кіммен ақылдасарын, қапелімде не істерін білмей сасқанда, ойлап тапқан жалғыз жұбанышы – бәлкім, бай ауылдарды шапқасын қоясы толған жау қазақ жеріне ілгерілеп кірмей, ырғап-жырғап кейін қайтар деп, өзін-өзі алдарқатып жұбатса да, бәрібір жаны байыз таппады. Осы жолы түрікпендер өткенде бұларда кеткен кегін қайтармақ боп, қанына қарайып келе жатқаны анық. Ендеше, көре қал, олар тырнағына іліккенді талай бермей, қаһарын бұған тігіп келе жатпасына кім кепіл?

Тәңірберген бір жігітті аулына шаптырды: «Тез көшсін! Қалаға жақын отырған қалың елдің ішіне кірсін. Мен де кешікпей жетем», – деді.

Түрікпендердің хабарын есіткен жұртта ес-түс жоқ. Досқа карасты жігіттердің қабағы түсіп кеткен. Бәрі де пәленің қайдан шыққанын біледі. Олардың білетінін Тәңірберген де білді де, бұл арада тұрақтамай, қарасын батырып, тезірек тайып тұрғысы келсе де, күндіз жүру қауіпті болғасын күннің батқанын күтті. Жау келетін жаққа қарауыл қойды. Өзі де биік шоқалақтың басында төңірекке көз сап тұр еді, қасына Қалау келді. Қатарласуға бата алмай, бір қадам кейін тоқтап:

– Мырза, – деп дүңк етті. Даусы ұнамсыз. Аузына су толтырып алғандай, былдырлап, – мәку-сәку не керек, мырза... өзің пылай... пата алмасаң... пилігін маған пер. Қарындас менікі ғой. Құдай алдында да сұрауын өзім көтерем. Күнә-сауапын да мойныма алып, қойныңа сап перейін – деп, оғаш тілек білдіріп еді.

Тәңірберген:

– Мені қатынсыз, қарындасыңды байсыз қалады деп тұрсың ба? Өй, нөсілсіз ит! Кет! – деді.

Томай құлақ тұрған жерінен тапжылмады. Тәңірберген: «Ой, малғұн, кет» деп, ақыра жаздады да, өзін ұстап қалды. Мына жігіттің осынша қайсарлықпен басын бауырына алып, тұнжырап тұрған түріне таңдана қарады. «Бұған кісі өлтіру қиын болмас», – деп ойлады да:

– Сенің қарындасыңды қайтем. Соңына сөз ерген қыздың керегі қанша? – деді.

– Ол өсек.

– Өсек емес, шын. Қарындасыңды маған бергің келсе, әуелі ананың жүрімін қысқарт. Күйексіз қошқардай, куалап кетіп жүрген көрінеді ғой!

Қалау бұрылып жүре берді. Тәңірберген оның қатты ширығып кеткенін білді. Кешегі күні Дос пен Төлеудің қолынан келмеген жаманшылықтан мына томай

құлақтан жүзі таймайтын қаталдық байқады. Оның көзін құртса, теңіз жағасындағы елдің бұған наразылығы біраз бәсеңситінін іші сезіп тұр.

Күн кештете теңіз жағасына көп ауыл құлады. Малда есеп жоқ. Әсіресе, жылқылар танауы пыр-пырлап, шаң арасынан жоны шұбартып шығып жатты. Тәңірберген алаяқ көк жылқыларды бірден таныды. Мынау қайын атасының атақты көкаласы.

Қайын атасы Тәңірбергенге жылап көрісті. Әншейінде көзі толмайтын жылқыларын қазіргідей қысылшаңда қайда тығарын білмей, теңіз жағасының қамыс-қопағын пана көріп келіпті. Тәңірберген жүре сөйлесті. Соны байқаған Тілеу-Қабак байының баласы Әли жетіп кеп, Тәңірбергенге атының тұмсығын тірей тоқтады. Бұл өзі тік мінез туралығымен ауызға іліге бастаған қара сұр жігіт еді.

– Әй, жезде! Біз тыныш отырған ел едік, бүлікті бастаған сен едің. Жау сенікі. Жеме-жемге келгенде «өлмесең – тұрма» – деп, түрікпендердің тырнағына бізді ұстап беріп, өзің тайып тұрмақ екенсің ғой.

Тәңірберген жас жігіттің орынсыз қызбалығын мысқылдағандай, оған күле қарады:

– Е, кім үйдеген?

– Әкеммен неге дұрыстап сөйлеспейсің?

– Қой, шырағым. Үлкенді сыйлауды сенен үйренбеспін. Онан да сен жігіт болсаң, ана иіріліп тұрған көшке бар да, жар астына апарып орналастыр. Қатын-балалар шөлдеген шығар. Бұл арада тұщы су жоқ. Тұщы су – Ақбауырда, біздің қорада ғана бар. Осы ауылдағы местерді жинап, үй тіккенше сендер су әкеліндер. Ал біз... – деп, Тәңірберген қайын атасына бұрылды.

– Ие, айналайын... – деп, Тілеу-Қабак байы жас бала-ша елп ете қалды.

– Ал біз қамсыз болмайық. Жігіттерді жияйық.

– Дұрыс... дұрыс айтасың, айналайын... Тәңірберген әлгіден кейін балдызына назар аудармады. Бір ауылдың бағлан мырзасын эп-сәтте оп-оңай қол балаға айналдырып, «саған лайығы сол» дегендей оны суға жұмсады да, өзі қайын атасын ертіп анадай жерде иіріліп тұрған көшке қарай кетіп бара жатты.

– Қап, мына түлкінің қорлығын-ай! – деді Әли.

Тәңірберген ертеңіне күн шықпай тұрды. Қайын жұртын балықшылар аулынан бөлектеп, өз алдына дербес бір ауыл ғып орналастырды.

Тілеу-Қабак руы қай заманнан сойыл соғар, «сен тұр, мен атайын», ержүрек ел-тұғын. Жігіттері де көп екен. Жау жоқтағы әншейін желөкпелік болмаса өңшең жарау ат мініп, сойыл, шоқпар өңгеріп, келсең кел деп алақанына түкірген ығай мен сығай. Тәңірберген іштей ырза боп, сүйсініп қалды. Бұрынғыдай емес, осы тұста өзіне де жігер, жалын пайда боп, Дос аулы мен қайын атасының аулын соңыра бастарына күн туа қалса қайрат көрсетер қимылға әзірлеп, қамсыз болмау жағын қарастырып жүр. Аты жүйрік жігіттерді жау бетке шығарып, бер жағы – Бел-Аран, арғы жағы – Боташ Ұяоба, Сырғақты, Жетімқара секілді биік басына қарауыл қойды. Қалғандары да аттан түспей, теңіз жағасында бас қосқан ел-жұрт сергек отыр.

Тәңірбергеннің ақылымен жас қыз, сұлу келіншектердің үсті-басына ескі-құсқыларды кигізіп, беті-қолдарын жумай күлді-күйелештеген. Биыл ел қораға кіре ұзатылғалы бұғағынан үзіліп отырған Тәңірбергеннің сұлу балдызы бар еді. Қазір оны тану қиын. Үстіне сауыншы әйелдің киімін кигізіп, қарына шелек іліп, әлем-жәлем қып қазан-аяқ жақтан шығармай қойды. Бұрын мұндай киім киіп көрмеген

ерке қыз өзінің қазіргі қораш қалпына бойы үйренбей, көрінгеннен қысылады. Әсіресе, құрбылары алдында басқадан бұрын өзі ұялып бітті. Өзінің осы бір мүшкіл халін мысқылдағандай, кісі-қара алдында қылымсып, қысылған бойын қайда тығарын білмей қалады.

Жағаға келгелі бай ауылда дамыл жоқ. Ұзатылатын қыз жасауы мен бай үйдің асыл бұйымдарын киізге орап, тең-теңімен қамыс арасына тығып жатыр. Олар осылай екі күн сабылды. Үшінші күні Жөнеуіт ханнан хабар болмай кеткесін көп кісі қорыққанды қойды. Теңіз жағасының маса, сонасы талап мазасы кеткен жұрт алғашқы күндері бой тасалаған қамыс арасынан шықты. Қырға үйренген малдар ойдың шөбінен отын ала алмай, жүдей бастады. Тілеуқабак байы мал ажарынан қысы-жазы көз алмай, қоңы сәл қисайса да жаны шығып кететін шаруашыл кісі еді. Ол кең жайлауға асықты. Күйеу баласының әлде де бір-екі күн ерулеп күте тұрайық деген сақтығын құлағына ілмеді. Күн шығар-шықпаста үй ішін оятты. Қамысқа тыққан тендерді әкеліп түйелерге артып, абыр-сабыр боп жатқан үстіне Жөнеуіт ханның жігіттері сау ете қалды. Әрдайым қамсыз отырғанда осылай үстінен бұйқыт баса қап дәнiккен кезендi жау осы жолы да дағырадай бөріктері қауқиып жабындыдан шыға-шыға келді. Аттарына тақым басып, қиқу сап қаптап келе жатты. Қамсыз отырған ауыл ес жия алмай қалды. Жігіттер белдеуде тұрған аттарына міне алмады. Қатын-балалар дүние-мүлікті тастай қашты. Үш ауыл тайлы-таяғымен қамысқа тығылды. Әли бастаған Тілеуқабак жігіттері жер қайысқан малды қуып апарып, Қандыөзектің алқымындағы қалың қамысқа тығып еді. Қамыс ішінде сыңсыған маса, сона ду етіп бірден жабыла кетті. Малды да, жанды да қапелімде қан-жоса ғып сойып тастады. Жылқылар шұрқырап кісінеп, сиыр-

лар өкіріп, құйрығын шаншып қамыс арасынан қашып шығып жатыр. Қойлар маңырап, түйелер боздап, қамыс іші қапелімде у-шу, азан-қазан болды да кетті.

Мал-мүлікпен ешкімнің жұмысы болмай, әркім өз басын қайттады. Осы көптің ішінде Судыр Ахмет те жанын қоярға жер таппай шекпенімен басын бүркеп әлек. Маса шаққан сайын «Ойбай, жарып кетті», – деп баж етіп ыршып түседі.

Осы кезде өрт бұрқ етті. Тұнып тұрған қамыс от тиген бойда лау етіп, өрт ие бермей гүрілдеп ала жөнелді. Қызыл жалын аспанға шапшып, қара қошқыл түтін будақтап мал-жан дем алалмай тұншыға бастады.

– Ойбай, қырылдық!

– Өлдік!

Өрттен қашқан кісілер кімнің қайда кеткенін білмеді. Тәңірберген де осы бұлан-таланда қасындағы жігіттерден көз жазып қалған-ды. Өрт иісін сезгесін-ақ сиырлар өкіріп, жылқылар құлын, тайларын ортаға алып жүйткіп жосып жүрді де, бір кезде бар тобымен дүсірлеп кеп Қандыөзекке қойып кетті. Суы терең, ағысы қатты өзеннің екі беті тік жар еді. Тәңірберген Қандыөзекке мінбелеп келді де тоқтады.

– Жануарлар-ай, қырылады-ау... Қырылады-ау енді!

Су беті жылқыдан көрінбеді. Есі шыққан жылқылар пыр-пырлап өзеннің арғы бетіне барды да, тұмсығы жарға тірелгесін жалт беріп кейін салды. Қайтар жолда кәрі-құртаң аттар, буаз биелер әлсіреп, суға кетті. Құлын, тайлар Қандыөзеннің қатты ағысына шыдамай, су ішінде басы қылтылдап ығып бара жатты. Тәңірберген қарай алмай ат басын асығыс бұра берді. Ақ арғымақ ит тұмсығы батпайтын биік нар қамысты кеудесімен омыраулап жарып келеді. Қапелімде омырауын, құрықтай мойнын нар қамыстың сойы тілгілеп қызыл ала қан ғып

тастаған-ды. Аяқ басқан сайын тақым астында дір-дір етеді. Маса, сона талап тұла бойы шиедей болған мырза ат үстінде отыра алмай, олай бір, бұлай бір бұрылып, тақазықы кеткесін жол еркін ақ арғымаққа берді де, өзі ат жалын құшып жатып алды. Ана жақта жау шапқан халықтың улаған-шулаған дауысынан аза бойы қаза боп атты тепкілеп, қамысқа тереңдеп кіре түсті, ұзаған сайын даусы әлсіреп, енді Қалау қол, аяғын қыл шылбырмен байлап жапан түзде қалдырған түрікпен жігіттің дәл бір Тәңіріден тезірек ажал тілеген, жалынышты үніндей естілді.

Өртке шалдыққан жылқылар қайыру бермей, үйір-үйірімен қашып шыға бастады. Жөнеуіт ханның жігіттері қуып әлек болмай, қарауылға іліккенін атып құлата берді.

Қамыс іші қара қошқыл түтін. Біреуді біреу көрмей, есі шыққан қыздар, қатындар, кемпір, шалдар өрт астынан сүрініп, жығылып шығып жатыр. Дағырадай сеңсең бөрікті көзіне түсіре киген түсі суық түрікпендер үстінен мылтығын кезеп, өрттен шыққан кісілерді топырлатып айдап Бел-Аранның баурайына иіріп жатты...

Өрт ішінен кеш шыққан Тілеу-Қабақ байының баласы Әли мен Қалау, Төлеу, Дос ебіл-себіл, киімдерін өрт шалған.

Алты-жеті түрікпен жар басындағы балықшылар аулынан бір қора кісіні айдап шықты. «Мал-мүлкіміз жоқ, бізді қайтер дейсің», – деген оймен, бұлар үйлерінен қозғалмай отырып қалған-ды. Қамысқа тығылған халықтай емес, бұлардың қыры әзір жығыла қоймаған. Үсті-басы бүтін. Мөңке, Рза, Құлтума қатар келе жатқанды. Бұлардың үстіне қамыс арасынан шыққан бір қора әйелді айдап әкелді. Рза Айғаншаны алыстан таныды. Өлгі бір қарбаласта орамалын жоғалтып апты. Қалың қара шашы бұрқырап, қыз жүзін жауып кеткен. Үстінде қызыл шегі бар ақ шыт көйлек.

Шамасы, құрбашы болу керек, басқаларынан гөрі өзгешелеу киінген бір түрікпен анадайдан ақ арғымағын ойқастатып кеп Айғаншамен қатарласты. Ат үстінен еңкейіп әлдене деп тіл қатып еді, Айғанша үндемеді.

– Құдай-ай, қор болдық-ау! – деді Рза өзінің дәрменсіздігіне күйініп.

– Бізді қайтер екен, ә? – деді Құлтума балдағымен шойнаңдап ырғып басып.

– Кім білсін?..

– Атар ма екен?

– Атса ататын шығар.

Құлтума сүрініп кетті. Осыдан кейін буыны дірілдеп, аяғын баса алмай балдағы тайып кете бергесін Рза оны қолтығынан алды. Түрікпендер әйелдерді асықтырып, қамшы сілтеп қуалай жөнелді. Рза Төлеудің екі әйелін көрді. Кішкентай қызы ере алмағасын Кенжекей қолына көтеріп алды. Айғанша көппен бірге жүгіре түсті де, кенет тоқтай қап, кейінгі жақта келе жатқан Әлизаны сүйемелдеді. Мөңкенің жөргектегі баласын етегіне салып алған кәрі әйел жүгіре алмай, алқынып, аяғын эзер басып келе жатыр екен.

– Қор болдық-ау! – деді Рза тістеніп.

* * *

Түрікпендер жылқыларды үйір-үйірімен айдап әкеп, Бел-Аранның бет алдындағы кең жазыққа иірді. Малдарды айдап апару үшін сақадай он жігітті таңдап алды. Көшкен-қонғанда жүк артатын кісілер өз алдына. Оларды басқаларға қоспай, өз алдына бөлек ала жөнелгенде қатын-балалар у-шу болды.

– Санай бастады! – деді Құлтума сыбырлап.

Мөңке жаңа байқады: бір сызық бойына тізіп қойған үш ауылдың ер-азаматын түрікпендер басынан түсіп са-

нап келеді екен. Тоғызға дейін санап, оныншы кісіні саптан сүйреп алып шығып жатыр.

Әли Төлеумен қатар тұрған-ды. Бай мырзасы ондыққа ілігем бе деген оймен үрейлі халық арасында түрікпендіктерден көз қиығын айырмай тұрған-ды. Қатер өзінен кетіп, қасында тұрған Төлеу оныншы болғанда жүрегі орнына түсті.

– Бауырларым-ай!.. – деді Төлеу сасқалақтап.

Қатар тұрған кісілер оған көз салмауға тырысты. Төлеу құдды мойнына бұғалық түскен асаудай, өзін саптан алып шықпақ болған түрікпеннің табанын жерге тигізбей сүйреп ала жөнелді. Қауқиған сеңсең бөрік астынан айнала төңіректі қапысыз бағып тұрған түрікпендердің ішінен біреуі атын ытқытып жетіп барды да, Төлеудің арқа-жонын остырып тартып-тартып жіберіп еді, төртпақ палуан денелі жігіт басын иығына тығып бір уыс боп бүрісе қалды да, жылаңдай ысқырған қамшы астында қайқандап жүгіре жөнелді.

Түрікпендер мәз боп қарқ-қарқ күліп жатыр. Тек бағанағы құрбашы күлген жоқ. Уысында қысып алған қамшы сабымен басындағы ақ сеңсең құрайышты көзіне таман ысырып қойды. Қалақтай қыр мұрны сопақша бетінде жалданып тұр. Имек мұрынның үш жағы үстіңгі ерніне тиер-тимес. Күнге күйген қайыс қара беті жыбыр етпей, шүңірек көзімен қазақ жігіттерін қыбырсыз бағып қапты. Әсіресе, қамшы астында қайқандап қоя берген жаңағы ірі қара жігітті көргенде, Хиуада тұратын ағылшын офицер есіне түсті. Сыртынан «сары сайтан» деп атайтын ағылшын офицері әне бір жолы өздеріне қару-жарақ беріп, қазақ жеріне жөнелтіп жатып: «Қарудың мықтысы – қаталдық», деп ескерткен. Сосын өзінің тәжірибесін айтып: «Қараңғы халық қара күшті сыйлайды. Қазақ па, қарақалпақ па, өзбек пе, шапқан аулыңның

он адамнан біреуін атып кет. Онан халықтың ештеңесі кетпейді. Қорыққан ел қарсы тұра алмайды», – деп кеңес берген-ді. Құрбашы есік пен төрдей арғымақтың үстінде қамшы ұстаған қолымен бүйірін таянып апты.

Құлтума:

– Келіп қалды. Енді қайттік? – деп, қасында тұрған Мөңкеге тығыла түсті.

Түрікпен жақындаған сайын Құлтума жаны дызығып, балдағымен ырғып, Мөңкенің бір ана, бір мына жағына шыға берді. Еңгезердей сіңір қара түрікпен жарық ернін жалап қойып, қамшы сабымен қазақтарды кеудеге түртіп санап келеді. Мөңкеге үш кісі қалды. Қыпылықтап тұрған Құлтума бір ырғып Мөңкенің арғы жағына шықты. Сіңір қараның суық жүзі жалт етіп, қадала қарап еді, жерге кіріп кете жаздаған Құлтума қол-аяғынан әл кетіп, сілейді де қалды. Сіңір қара екі бүктеп алған қамшымен Мөңкенің кеудесін қаттырақ нұқып:

– Тоғыз... – дегенде, мына жақта тұрған Құлтума шыңғырып жіберді. Екі түрікпен оны сүйрей жөнелді. Құлтуманың қолынан балдағы түсіп кетті.

– Ағажандар-ай... бауырларым-ай... – деп, артына жалтақтап, жалғыз аяғымен демеп баса алмай, сүйретіліп барады. Оған қараған түрікпен жоқ. Келесі ондықтарды сүйрелеп алып шығып ауыл үстін у-шу, азан-қазан қылды да жіберді. Құрбашы қасындағы кісілеріне бірдеңе деп тіл қатып еді. Олар аттарын тебініп, жаңағы ондықтарды жан-жағынан қоршап тұра қалысты. Бәрі де бір қолымен мылтығын кезеп, шүріппені басқалы әмір күтіп тұр.

– Ойпырым-ай, мынау сұмдық қой.

– Жауыздар-ай...

– Сорлыларды...

Құлтума жан-жақтан үңірейген мылтық аузына көз тоқтатып қарай алмай, қолымен бетін басып алды. Төлеу

үнсiз. Көзiн жерден алмай тұрса да, құрбашының қамшы ұстаған қолын кенет көтерiп алғанын басқадан бұрын көрдi. Түрiкпендер де, қазақтар да демiн жұтып тынып қалды. Бәрi де құрбашының жоғары көтерiп алған қолына қарап, түс жоқ, өң жоқ, қатып қапты. Құрбашы қолын сiлтеп қалғанда бiрнеше мылтық тарс-тарс атылды. Төлеу өзiн атқан сiңiр қараға жалт қарады. Оқ тигенiн бiлдi. Тек қай жерiне тигенiн бiлген жоқ. Ол өзiнiң жас екенiн, өлгiсi келмейтiнiн ойлады. Тек оны мына сiңiр қараның неге бiлмейтiнiне түсiнбедi.

– Жауыздар!

Сiңiр қара бiр атқаннан құлата алмағанына ызаланды ма, аппақ тiсi ақсиып кеттi. Ол екiншi рет атқанда Төлеу қос қолымен кеудесiн баса қалды. Бiрақ сонда да құламай, қос тiзесi бүгiлiп аяқ басып тұрған жерге шөгiп отыра кеттi. Қолына iлiккен жусанды қармалап, жатыр. Қарашығы бұлдырап сөнiп бара жатқан көзге жаңа ғана шалқып жатқан теңiз, Бел-Аран, өзiн атқан сiңiр қара түрiкпен бұның өзiмен бiрге түпсiз меңiреу құрдымға iз-түссiз батып бара жатты. Төлеу басы сылқ етiп құлап түстi. Құлтума оқ тиген бойда жаңа көзiн басқан қолын бiр серiптi де, отырған жерiне жантайып жығыла кеттi.

Тiлеу-Қабақ руының бiр жiгiтiне оқ қағастау тиген едi. Жiгiт қаша жөнелдi. Құрбашы атын тебiнiп қалды. Құтыла алмасын бiлген жiгiт жалт етiп артына қарағанша болмай түрiкпен сыпыртып кеп өзiне дағдылы машықпен шабатын жағына қисая бердi. Жан ұшырып зырлап бара жатқан жiгiт қарсы ұмтылғысы келдi ме, жалт бұрылды. Бiрақ... үлгiре алмады. Бас домалап түстi. Көйлектiң жағасынан шыққан қылша мойынға түрiкпендер бұған да мән бола қарқ-қарқ күлдi.

Он бiр кiсiнi жайратып салғасын шапқыласып мал басына кеттi. Көш жерден аңырап дауыс салған қыз-

келіншектерді осылай қарай айдады. Көп өліктің арасынан алпамсадай ірі денені көрген бойда Айғанша жүгіріп барды да, ағасының өлігін құшақтай алды.

– Бауырым... Аға-екем!..

Түрікпендер қалған қыз-келіншекті айдап ұзай берді. Ішінде Төлеудің кіші әйелі мен Тәңірбергеннің балдызы – бай ауылдың сұлу қызы бар. Құрбашы Айғаншаны күтіп, қарайлап тұр. Айғанша кенет құрбашының көзін ала бере атып түрегелді. Құрбашы жалт қарады. Қыздың қолындағы кездікті көрді.

– Жақындама!.. – деді Айғанша.

Құрбашы табан жерден тап берді. Көзді ашып-жұмғанша қамшымен кездік ұстаған қыз қолын нақ білегінен тілдіріп өтті. Қыз шыр етіп отыра қалды. Кездік түсіп кетті. Құрбашы күлімсіреді де, ат үстінен созылып, жерде жатқан кездікті іліп әкетпек боп еді, Мөңке осы сәтті тосқан екен. Атылып барып кездікке қолының ұшы тие берген құрбашының желкесіне қонжиып отыра кетті. Енді бір қимылмен оны жерге ат үстінен жұлқып түсірді де:

– Атты ұста! – деді Айғаншаға.

Айғанша шылбырға жармасты. Мөңке арғымаққа бір-ақ ырғыды. Айғанша да Мөңкенің таралғысынан ұстап қатарласа берді. Мөңке қызды іліп алды да, ат басын Бел-Аранның кезіне туралап ағыза жөнелді. Үш түрікпен ілесе қуды.

Төлеуді ататын сіңір қара түрікпеннің көк қасқа арғымағы салған жерден суырылып шықты. Ол бірақ боз арғымаққа жете алмасын біліп, иығынан бес атарын алды. Ағызып келе жатып, жалғыз қолымен көздеп атып еді, оқ Мөңкенің басын жалап өтті. Қарт балықшы ат жалына еңкейіп, бұғып келеді. Қайта-қайта көз қиығын қуғыншыларға тастап жалтақтай берді.

Боз арғымақ ұзын мойнын үшқан қудың сұңғағындай созып жіберген. Тастақ жерді тасырлатып, пыр-пырлап ұшып келеді. «Жануар-ай, қандай асыл мал едің». Мөңке қуғыншыларға тағы да бұрылып қарап еді. Көк қасқа атты түрікпен әлденеге кейіндеп қалған екен. Оның алдына енді кейінгі екеу түсіпті. Аттары жете алмасын білгесін үсті-үстіне оқ жаудырып келеді. Бір оқ атқа тиді. Боз арғымақ әлденеге сүрінгендей болды. Бойынан әл кетіп бара жатқанын сезген жануар соңғы рет жан ұшыра шұрқырады да, мойнын астына ала құлады. Мөңке мен Айғанша домалап түсті. Мөңке ұшып түрегелді. Жалмажан қолынан ұшып кеткен бес атарға жармасты. Бір тізелеп отыра қап, алас-қапаста көздемей асығыс атып еді. «Тимеді-ау» деп ойлап еді, жоқ, түрікпеннің қолындағы қылыш ұшып түсті. Тізгін де қолынан шығып, ат жалын құша құлады. Сөйткенше көк қасқа атты түрікпен келіп қалған екен. Екі жолдасының көз алдында оққа ұшқанын көрсе де беті қайтатын емес. Қауқиған қара бөрік астынан қадалған көзін қарт балықшыдан айырмай, тістері ақсиып кіжініп апты.

Мөңке онан бұрынырақ атып еді; бірақ оғы біткен мылтық от алмады, түрікпен атқан оқ Мөңкенің дәл кеудесінен тиді.

* * *

Артынан қуғыншы шықпасын білген Жөнеуіт ханның жігіттері ешкімнен айылын жимады. Өздері шапқан ауылдардың малын, жанын айдап ел көшкендей ызғытып, улатып, шулатып қайтты. Арал, Каспий аралығындағы аң болмаса, адам аяғы баспаған Үстірттің маң жазығын бетке ұстай отырып елсіз түзбен асықпай, ақырын жүріп отырды. Тек мал-жан шөлден қаталап қырылуға қарағанда, сонау ел шетінде шалғай жатқан

Қасқажол, Қаратамақ тұсында тағы да теңізге құлады.

Бұл Арал теңізінің сыпыра батыс беті; осыдан Қарақалпаққа жеткенше тік жар, қатпар-қатпар көк шың. Құлауын тауып түспесе көлікті кісі түгіл жалғыз-жарым жаяулар да теңіз жағасына маңайлап бара алмайды. Көп жүрген қалашылар мен ел тонаушы ұрылар ғана теңізге төнген құз-шындардың белгілі-белгілі тұстарында көк тасты жарып шыққан мұздай бұлақ суын ойында ұстап, дәл үстінен түсіріп отыратын.

Мыналар да теңіз жағалығындағы суы бар жердің бәрін біледі екен. Құз шыңның тіс сындырғандай мұздай суына мал-жанды қандырғасын, сол араға бір түнеп, ертеңіне ертелете тұрып, өзара қауқылдасып атқа қонды. Арттан шаң шықпағасын асықпады. Жер аяғы алыс. Осы ыстықта көп малды тырқыратып қуалай бермей, үйір-үйір қып бөліп, отын алғызып әуенімен айдап отырды.

Мал айдайтын да, жүк артатын да қазақтар. Олармен бірге төрт-бес түрікпен үнемі мал басында. Көз жазбай торуылдап отыратын қатал. Алғашқы күні қашпақ болған бір жігітті табан аузында атып тастады. Сонан бері мал айдаушыларды алдарына салып, ілгері оздырып жіберді де, қыз-келіншектен дәмесі барлар кейінде, көш басында келеді. Олар алғашқы күні-ақ тұтқындағы қыз-келіншектерге сөз салды. Мұндай жердегі ежелгі түрікпеннің салты бойынша қолы жеткені қалағанын әкетпей, таңдауды тұтқын қыздар мен келіншектердің өздеріне береді екен. Қыз-келіншектер ауылдан шыққалы шапанын басына бүркеп, ат үстінде сыңсып келе жатқанды. Іштерінде үн шығармаған Балжан ғана. Балжан басына түскен үмітсіз халді біліп, бірден қатайып алды.

Түрікпендердің Жөнеуіт ханнан кейінгі басшысы сіңір қара болатын. Кешеден бері ол Айғаншаға қайта-қайта қиястап кеп қасынан кетпей қойып еді. Бірақ қыз

тіл қатпады. Сіңір қара жақындаса сырт айналып, үнсіз безеріп ала бергесін, бір рет ол көк қасқа арғымақты тебініп қап үзеңгі қағыстырып кеп, қыз астындағы аттың тізгінінен ұстады. Осы арада өжет қызды өзіне қарай катты жұлқып бұрып алды. Айғанша тайсалмады. Сіңір қара түрікпен қара елтірі құрайыш астынан көзін қадап, демін ішіне ызғармен жұтып алған-ды. Ол күле білетінін де көрсеткісі келгендей, күтпеген жерден жымиды. Соның өзінде жылтыр қара беті жылымай, тек тістеніп алған жұп-жұқа ерін арасынан аппақ тістер ырсиды.

– Көнесің. Әйтпесе, күшпен көндірем – деп, қыздың көзіне кірпік қақпай, қадала қарап тұрды да, ілгері жүріп кетті. Айғаншадан кейіндеу келе жатқан Тәңірбергеннің балдызы бұл екеуін сыртынан бағып отырған-ды. Сіңір қара кеткен бойда сұлу қыз астындағы күрең жорғаны тебініп, тайпалтып кеп Айғаншаға қатарласты.

– Құрбым, қасарып қайтесің? Шара қалмады ғой. Көнсейші.

– Өзің көнгенсің ғой?

– Қайтем?.. Қалағаныңа ти деп отыр ғой, өзім әнебір жастауының етегінен ұстаймын.

– Құтты болсын! Тойыңа шақырарсың.

– Тұтақ! Таңдағаныңа тимесең, соңыра тастағанына зар боларсың.

Кешке қонған жерде Тілеу-Қабак байының қызы бір түрікпеннің жетегінде кетті. Айғанша екі күннен бері аузына ас алмаған-ды. Сіңір қара оған су бергізбей, қысымды қатайта бастады. Түс ауа шөл қинаған қыз ерсіз жайдақ ат үстінде отыра алмай, белі үзіліп бара жатты. Күн кештете түрікпендер Қасқажол, Қаратамақтың деңгейіне жетті. Ұзақ жүрістен көліктің белі талғасын, осы араға аялдамақ. Шың үстіндегі қотыр қара, баялыштарды құшақ-құшақ қып әкеліп, маздатып от жақты. Қыз-

келіншектер ас пісіріп жатқанда мына жақта жорықтан олжалы қайтқан шапқыншылар түнгі оттың сәулесінде қауқылдасып сөйлесіп жатты. Сіңір қара түрікпен олардың әңгімесіне араласпай, кеш бойы көзінің астымен Айғаншаны бақты да отырды. Оның әмірі бойынша бұл түні де түрікпендер Айғаншаны ортаға алып, отты айнала қоршап жатқан-ды. Айғанша бүгіннен қалса аяғы алысқа түсіп кететінін білді. Мыналарға күдік туғызғысы келмеген қыз қараңғы түнде қабақ жапқызбай лапылдап жанған оттың шетіне қисайды. Жүзі суық қатал кісілер көз жазбай, аңдып жатқанын білді. Түн ортасы ауа бұны ұйқы қысты. Әсіресе, таң алдындағы тәтті ұйқы талықсырата бастағанда өз қолын өзі қанын ағыза қырқып алды.

Қанша сақ болғанмен ұзақ жортуылдан талған шапқыншылар түн ортасы ауа тегіс ұйқыға кетті. Іштеріндегі ұзақ аңдысқаны – сіңір қара еді. Айғанша да ала-бөле осыдан қорқып еді, ол қор ете қалғанда қыз сақтықты ұмытып, басын көтеріп алды. От сөніпті. Күл арасынан сақшының ояу көзіндей жалғыз шоқ қана жылтырады. Айғанша әуелі шоққа қарады. Сосын отты қоршап жатқан түрікпендерге мойнын созып қарады. Бойы мұздаған түрікпендер бұйығып, бір-біріне тығыла түсіпті. Сіңір қараға жалғас жатқан екі кісінің арасынан аяқтың ұшымен өткендей ғана саңылау көрді. Айғанша ілгері ұмтыла түсті де, дереу тоқтай қалды. Тұла бойы қалшылдап әкетіп барады. Жүрегі дүрсілдеп қатты соғып бара жатқасын қос қолымен кеудесін қысып, сәл тұрды да қайта жүрді. Екі түрікпеннің арасындағы жаңағы қылкөпірдей жерден аяғын ұшынан басып абайлап өтсе де, артына бұрылып қарауға қорықты. Мылтығын бауырына қысып, қалғып отырған күзетшіден көз қиығын айырмай, ақырын-ақырын ұзай берді.

Түн тастай қараңғы. Жұлдыздар сирек. Тұңғыық түбінде қадау-қадау жылтырап, сөнер шырақтай діріл қағады. Дала таңы әлі белгі бермесе де, бірақ тап қазір таяу калғанын сезген қыз жан ұшырып жүгіріп келеді. Бұта түбін қонақтаған құс бір рет аяғы астынан пыр ете қап еді. Айғанша шыңғырып жібере жаздап, алақанымен аузын баса қалды. Осыдан кейін жуық арада өзіне-өзі келе алмады. Мына жым-жырт дүние тағы да үрейге толып, екі өкпесін қолына алып, құстай ұшып келе жатқан. Жазғы таң сыз берді. Көз жетер жер кеңейіп, шығыс жақ сарқабақтана бастады. «Олар да оянған болар» деп ойлады қыз. Сіңір қара бәрін аяғынан тік тұрғызып, ізіне түсіп қуып келе жатқандай көрді.

Айғанша бір жерге бой тасалай тұрғанын жөн көрді. Түрікпендерді ізінен адастырғысы кеп, теңізге жеткенше қылтанақ өспеген қызғылт тастақтың үстін басып жүрді. Шың үсті жазық. Бой тасалап жасырынатын жер болмағасын, ол енді теңізге төніп тұрған көк қатпар шыңға бет түзеді. Қолға түскендей болса, шың басынан құламақ боп, осы ойға іштей бекіп еді.

* * *

Жар басындағы балықшылар ауылы ауыр қайғыны әзер көтеріп тұр. Мөңке, Төлеу, Құлтумадан басқа тағы он кісі қаза тауыпты. Есі шыққан халық алғашқы жау шапқан күні өлік жайын ойламаған-ды. Ертеңіне ғана Әли мен Дос үш ауылдың ер-азаматын жинап, қаза тапқан кісілерді қара молаға жерледі. Бұларға жайшылық кездегі көп кәденің бірі істелген жоқ. Жорық кезіндегі өлік жөнелткендей топырақпен жүзін жаба салды. Өліктерді жерлеп бола бергенде, қамыс арасынан Тәңірберген шықты. Маса, сона талаған. Нар қамыс

жыртқан үстіндегі киімде сау-тамтық жоқ. Беті-қолын қамыс тіліп, шиедей қып тастапты. У-шу боп жатқан ауылды көргесін бұндағы бар мән-жайды білді де, бір жанға соқпай сырғаяқтап тура жайлауға тартып бара жатқан-ды. Тілеу-Қабак байы күйеу баласының алдын орай жүгірді:

– Тәңірбергенжан... тоқта... тоқтай кет!

Әкесінің соңынан Әли жүгірді. Бұ да қолын бұлғап айқайлап келеді. Тәңірберген амалсыз қайырылды. Ат үстінде тұрып күтіп алды. Тілеу-Қабак байы ауыр денесін әзер қозғап, ырсылдап жүгіріп келді де, ат жалын құшақтап еңіреп қоя берді.

– Тәңірбергенжан-ай, енді қайттім? Ішпей-жемей жиған малдан айырылып, сорлап қалдым ғой.

– Бекем бол! Құдай салған іс, көнбеске лажың қайсы?..

– Құдайы құрсын... Ойбай-ай, қу тақыр боп қалдым ғой...

– Қой, ата! Мал ашуы – жан ашуы. Жаның күйгесін айтып тұрған шығарсың. Бас амандығын тіле. Бас аман болса, кедейліктен өлген кісі жоқ. Мына балықшылар аулы да табылған торта-шабағын жеп күнелтіп отыр ғой.

Әли әңгімеге араласпай, әкесінің сырт жағында тұрған-ды. Жездесінің сөзінен «менен ештеңе дәмепте» деген ойын анық аңғарды да:

– Әй, әке, бұның сырын білгендей болып едің ғой. Бұған жылағанша, ендігі жерде не күтсең де теңізден күт. Жасыңды тый, жүр – деп, Әли әкесін жетелей жөнелді.

Тәңірберген жүріп кетті. Ыңғайсызданып барады. Бірақ сол бойда жуып-шайып: «Осының өзі дұрыс болды» деп ойлап, қайын атасынан тез құтылғанына қуанды.

* * *

Жау шапқан ауыл азан-қазан. Қатын-бала жылап, аман қалған ер-азамат бір-біріне көрісіп, у-шу боп жатқанда, құбыла беттен бір кісінің қарасы көрінді. Қолында мылтық па, таяқ па, жерге сүйретіп, бір жығылып, бір тұрып тәлтіректеп келеді. Ауылдың шетіне іліккенде әлі құрыды ма, әлде сүрінді ме, «су-у!» – деп, қолын ілгері соза құлап түсті.

– Мынау... Әй, мынау Еламан ғой.

Сыртта жүрген жұрт жапа-тармағай жүгірді. Біреу басын көтерді. Біреу жүгіріп барып су әкелді. Еламан ес-түссіз. Аузына апарған суды бас салып, төгіп-шашып ұзақ ішті.

– Сорлы өлуге келіпті ғой.

– Айтары жоқ. Құдай оңдап, абырой болғанда ел шетіне жеткенін айт.

Еламан әлі де ешкімді, ештеңені сезген жоқ. Ерні суға тиер- тиместе мұздай тер мандайынан бұрқ етті. Қолынан шелек түсіп, сылқ етіп отыра кетті.

– Үлгірдім бе?

Қасында қаумалап тұрған кісілер. Еламаннан көзін алып қашып, томсарып алған.

– Не болды? Неге үндемейсіңдер?

– Ел-аға, айтатын да ештеңе қалмады.

– Не дейді? Не деп тұрсың?

Еламан өзіне жақын тұрған бір жігітке сүйеніп әзер тұрды.

– Не болды, айтыңдар?

– Он төрт кісіні жерледік. Ішінде Мөңке, Құлтума, Төлеу бар.

– Көп жігітті алып кетті. Қыздар мен келіншектерді де әкетті.

– Өттеген-ай, үлгіре алмаған екем ғой. Өздері қанша, көп пе?

– Көп дейтін көп те емес. Тек қаруы сайлы.

– Кеткендеріне көп болды ма?

– Бір күн...

«Бір күн?» – деді Еламан ішінен.

– Айдаған малы бар, онша ұзай қоймаған болар, – деді Әли Еламанның аржақ ойын аңғарғандай.

Еламан қара сұр жігітті танымады. Бірақ кім де болса оның жау қууға әзір тұрған түрін таныды.

– Жігіттер, – деді Еламан көп ішінен көзін әлгі қара сұр жігіттен айырмай, – біз де ел едік қой. Тірі қалғандарымыз, тым құрыса, жау қолында кеткен бауырларымызды...

– Шырағым-ау, құр қол емессіңдер ме?

– Ақсақал, енді біз де құр қол емеспіз.

– Бір мылтық аз ғой... Өзің біл, халықты қырып алмасаң болғаны.

– Қой әрі! Қол қатпағанда аман қалғаның белгілі. Ұл, қызың жау қолында шырылдап барады... Ал сен бұта түбіне тығылған торғайдай бас қорғап қалмақсың ба? Кәне, Тілеу-Қабактың жігіттері, былай шығыңдар!. – деді әлгі қара сұр жігіт айқайлап.

Еламан түсі басқа жігіттерге таңдана қарады. Ол, әсіресе, Тілеу-Қабак жігіттеріне әмір беріп, бір сәтте оларды шоқтай екшеп жинап алған мына қара сұр жігітке сүйсініп тұр.

– Шырағым, атың кім?

– Әли.

Жау шапқан ауылдың жаңа ғана сағы сынып тұрған жігіттері еңсесін тіктеп ала қойды. Қамыс арасында қалған аттарды құрмалап ұстап ерттеп жатыр. Ер таппағандары ат арқасына тоқым, терлік салып жайдақ

мініп, сойыл, шоқпарын алдына өңгеріп апты. Еламан көптің арасынан Досты көрді. Қолында Курнос Иванның қос ауызы. Өзіне қарасты жігіттерді бастап шығыпты. Еламан байқамаған болды.

– Өзірсіңдер ме?

– Өзірміз, Елаға!

– Тартыңдар! – деді Еламан айқайлап. Астында Тілеу-Қабак байының бәйгі көгі. Кешеден бері жортуылда мүйіздей боп жарап бауырын тартып алған.

Түс ауа бергенде көз ұшынан шаң көрінді. Бұлар дереу атқа тақым басты. Сойыл, шоқпар өңгерген жүз қаралы қол жым-жырт даланы дүбірлетіп зор айбатпен түйіліп келеді. Жағадағы ауылды қызыл ала қан ғып, енді Тілеу-Қабак байының көк ала жылқысын алдына салып, қыздарын – күндікке, жігіттерін – құлдыққа алып ырғап-жырғап қайтқан түрікпендер тіпті қаннен-қаперсіз, бейқам, жайбарақат кетіп бара жатқан-ды. Бұларды желкесіне төніп келгенше сезген де, байқаған да жоқ-ты. Тек ту сыртынан тосын дүбір шыққанда ғана жалт қарап, қуғыншылардың қарамын көріп шошып кетті. Қайсыбіреулер қаша жөнелмек болғанда, өздерінің арасындағы қауқиған сеңсең бөрікті сіңір қара құрбашы: – Қайт! Қайт! – деп жолын кес-кестеді. Бес-алты түрікпен Тілеу-Қабак байының жылқысын қиқулап, алдарына салып қуып ала жөнелді де, қалғандары тосқауылда тұрып қалды.

Қуғыншылар ат басын қоя берген. Сойыл-шоқпарын онды-солды былғап, тастақ даланы дүбірлетіп, үлкен айбар-сүспен төніп келіп қалды. Сіңір қара тақымы астында бір орында тұрмай, шиыршық атқан арғымақты тырп еткізбей тізгінін тартып тұр. Үстіне келіп қалған қаһарлы қолдың оқ бойы алдында ақ шыт орамалмен басын шорт түйіп байлап алған батыр тұлғалы еңгезердей ірі

казактан көзін айырмай, әр қимылын бағып қапты. Жан-жақтан ұран тастап, аспан астын жаңғыртып келе жатқан мына дүрмектің арасындағы жалғыз кісінің қолындағы бес атар мылтықты көрді. Мынау ештеңеден тайына-тын түрі жоқ. Оқпен алмаса, бірме-бірде алғызбай, не өлем, не өлтірем деп өзін оққа байлап – астында құстай ұшқан аттың құрықтай мойнына ұмтылып, мылтығын кезеп келіп қалды. Сіңір қара түрікпен басындағы шаңырақтай қара құрайышты қамшының сабымен кейін артына ысырды да, мылтықтың қарауылына іліне бергенде атып жіберді. Қалған түрікпендер де бір-бір атты да, сіңір қараның соңынан ат басын жалт-жалт бұрып қаша жөнелді.

Оқ Еламанның сол иығына тиген еді. Қасында үзеңгі қағысып келе жатқан Әли дереу ұмтылып Еламанды ауытқып бара жатқан жағынан демеп сүйей берген-ді. Еламан оған мылтығын берді де:

– Мені таста. Аналарды қу. Адам-қараны құтқарыңдар! – деді.

– Жақсы, Ел-аға... – деді де, түрікпендердің соңынан құйғытып ағыза жөнелді.

Бұл өзі бір кісіге дербес әлі келетін қарулы жігітті. Аттың құлағында ойнайды. Ат үстіндегі ұрысқа да мықты. Заманында жүйрік ат, құмай тазы, бүркіт ұстап Ұлықұм бойында саят салған сері жігіт-ті. Өлгіден кейін алды-артына қарамай қашқан түрікпеннің ішінен қара құрайышты сіңір қараны іздеді. Соны көзі шалған бойда әне бір ат үстінде дағдыланған машықпен қарауылға іліге бергенде ағызып келе жатып атып еді. «Тимеді-ау» деп қорқып еді, көзі алдынан дәрі түтіні сейіле бергенде сіңір қараның дағырадай тері құрайышы басынан ұшып түсіп, өзі аттың бір жағына қарай ауытқып, бара жатқанын көрді. Жауды сонан әрі құмай ат басын кейін

бұрды. Бір топ кісімен кейінде қалған Еламанға кеп, аттан түсті. Еламанның оқ тиген иығының басына киіз күйдіріп басып, ақ шүберекпен қатты тартып байлапты.

– Мал-жандарды құтқара алдыңдар ма?

– Жігіттерді құтқардық, Елаға...

– Бәрін де ме?

– Жоқ, бәрі емес...

– Бізден шығын көп пе?

– Бір жігіт өлді, үш кісі жараланды.

Осы кезде жау қолында тұтқында кеткен Рәйіс жүгіріп кеп, Еламанды бас салып, құшақтай алды:

– Ағасеке-ай, сендерді де көретін күн бар екен ғой...

– Қалғандарың қайда?

– Келе жатыр...

– Ай...

– Айғанша... Ол өткен түні қашқан...

Еламан жігіттердің бас-аяғын жинап алды да, дереу атқа қонды. Жүз қаралы кісі қайтар жолда қанатын жазып кең даланың қойнау-қойнауын, қуыс-қуысын, сайын, жырасын сүзіп шықты. Жол-жөнекей кездескен биік-биіктің басына шығып, бірнеше кісі қатарласып тұра қап, дауыс қосып айқайлай-айқайлай тамақтары қарлықты.

– Жанұшырған қыз, бұл кезде ауылдан шыққан шығар, – деді Әли.

Осы қисынға көңілі ауды да, Еламан да ауылға жеткенше асықты. Шаршап-шалдыққандарына қарамай, олар түнгі салқынмен жортып отырып таң алдында ауылға жетіп еді. Еламан Әли мен Рәйіс бастаған он жігітті жасақтап, қызды іздеуге аттандырды. Олар үш күн сабылып, ойдан-қырдан іздеп таба алмай, қайтып келді. «Сау болмады ғой», – деді Еламан. Кім білсін, ас-сусыз, көліксіз, аң болмаса, адам жүрмейтін жапан түзде

бас сауғалап қашқан жас қыз аштан өлді ме? Әлде қара үзіп адасып кетті ме?

Еламан өрелі танды көзінен атырды. Зіл басқан бойы ауырлап, басы мең-зең боп түрегелді. Рәйісті шақырып алды:

– Мөңке болса жоқ. Бұл ауылдың ендігі сенері өзіңсің. Не ойлап жүрсің, шырағым?

– Өзіңізбен ақылдассам деп едім.

– Менің айтарым: өлгеннің артынан өлмек жоқ. Тірі тірлігін істеген. Қатын-бала күйзеліп қалмасын. Талап қыл!

– Мақұл, Елаға. Өзіңіз... қалайсыз?

– Қайғыдан кісі өлмейді.

– Мүмкін, тірі шығар... Табылар...

– Әли қайратты жігіт көрінеді. Ендігі жерге сонымен ыңғайлас бол!

– Мақұл, Елаға.

– Ол пақырлардың күні қазір сендерден төмен. Теңізге үйреніп кеткенше қатын-балаларына қазандық балық беріп, қарасып тұрыңдар. Адам күні адаммен. Жә, енді бара бер!

Ертеңіне қаза болған кісілердің жетісін берді. Түс ауа үлкендер бастаған мол топ ауыл сыртындағы Қарамолаға барып құран оқып қайтты. Бірін-бірі сүйемелдеп, «ой, бауырымдап» дауыс салып барады.

Қаратөбе басында Еламан жалғыз. Құран оқығанда отырған орнынан қозғалмай, иығы салбырап шөгіп қалған. Сыртынан қарағанда қыр басына қанаты талып кеп, төсін тасқа соғып қонған қыран тәрізді. Мола басынан тарап бара жатқан халықты көзімен жөнелтіп, тұнжырап отыр. «Ел боп еңсеңді көтере алмай-ақ, кез келгеннің табаны астында кете берер ме екенсің?» – деді Еламан күрсініп.

Бәлкім, таланы солай жазылғасын көне беретін шығар. Шарасыздық та – шерменделік. Бірақ, басқа түскеннің бәрін көрсең де, көнгенің, көнгіштігің қалай? Осы қазақ неге көнгіш? Аштыққа көнуге болар, ал бірақ қорлыққа көнген қасиет пе? Көп біледі деген қариялардың өзі келешектің қамын ойлаудан гөрі кейінгі жағына жалтақтап, алға талпынған жастардың үміт-арманын қайырып әкеп көне заманның сүрлеуіне сала береді. Көне заманды көксеп отырып, кейде көзін жұмып, қолын алысқа сермеп, Қап тауының аржағында жатқан қалың ел бар, бақыт, байлық, ғашық жар, һүр қызы – бәрі, бәрі сонда деп, осы өмірден көрем бе деген қызықты да қиындатып жібереді.

Еламан солдатқа алғанға өкінбеді. Осы жолы ол қариялар айтатын сол Қап тауының ар жақ, бер жағын көріп қайтты. Сонан бері өз басының қайғысын ел қасіреті жеңіп, шерлі жүрек сыздап қайтты. Үстіне кісі кіргізбейтіндей, кең далаға сыймай, мал жайғаннан не тапты? Ит-құсқа таланып күн кешіп келеді. Кеше де өздерінен он есе күші аз жауға қарсы тұра алмады. Таланды. Тоналды. Алдағы уақытта әлі қанша таланбақ?!

– Апыр-ай, бір қайғыңнан бір қайғың асып түсіп, тіпті қайғыруға да мұрсанды келтірмей барады-ау! ыстық ұяң – аулыңның сиқы мынау. Мен қимайтын не қалды? Бәсе, не қалды? Не қалды? – деп, Еламан кенет ұйқыдан ояңандай еңсесін көтеріп алды.

Қарындасындай болған кешегі кінәсіз жан есіне түсті. Айналайын-ай өкініші мен өксігі көп өмірі құрғырдың ендігі қалған қуанышындай еді-ау!

Еламан түрегелді. Жаралы дене толықсып бара жатқасын таяққа сүйеніп қалды. Көзінде жас. Кетіп бара жатты да артына тағы бір қайырылды. Үлкен қорымның

шет жағындағы он қабірдің жанынан жақында пайда болған он бірінші қабірге көзі түсті.

– Кешір! Үлгіре алмадым.

Ендігі тірлік жөнін ойлағанда есіне қайта-қайта Шалқар түсті. Ондағы орыстардың тірлік қарекетін әлі де дұрыстап біле қойған жоқ. Тек бір аңғарғаны: үлкен елдің арманы да үлкен. Патшасын құлатса да, халық бойындағы ыза әлі басылмай, дауыл алдындағы ұлы теңіздей ісініп, шарасынан шығып жатқан қаһарлы бір күшті сезгені бар.

Еламан таяққа сүйенген бойын тіктеді. Бір тәуекелге бел буғандай. Қайтпек керек, не көрсе де ендігі жерде дүниенің тауқыметін солармен бірге көреді. Ел-жұртымен қоштасып, алдын кештете Шалқарға бет қойды.

Күзгі жел кешке қарай шұғыл суытты. Ала бұлтты аспан сең жүзген теңіз бетіндей, сапрылысып, жөңкіп көшіп жатты. Бұ да, бұның дәл қазіргі өз көңіліндей ұйқы-тұйқы. Шамасы, сірә, мына аспанның да қары, жауыны, кара нөсерімен бірге осындай ала бұлтты ызғырық шағы да болатыны ғой. Апыр-ай, бұлт екеш бұлт та соның біріне тоқтамай, толастамай, кең аспаннан жол тауып, үздіксіз көшіп жатады екен-ау!

Екінші кітаптің соңы

ҮШІНШІ КІТАП

КҮЙРЕУ

БІРІНШІ БӨЛІМ

– Ну-у, кіріндер!

Бұл мына жақта шыдамын таусып шырыққанмен, ауызғы бөлмеге топырлап кірген бір топ кісінің асығатын түрі жоқ; әуелі өз ара күбір-күбір сөйлесті; сосын тамағына салқын тиген біреу күрк-күрк жөтелді.

Енді сәл кідірсе, жарылғалы тұр еді, ақыры, әйтеуір есік ашылып, ар жақтан бірін-бірі итермелеп алты-жеті кісі кірді; бұл олардың қорбиған киім сыртынан қару асынған түріне тыжырына қарады.

– Жорыққа аттанамыз. Адамдарды жолға дайындандар! Оқ-дәріні молырақ алындар! Тек, тез! – деді Мюльгаузен.

Командирлер ләм демеді, жаңа өздері кірген есіктен жылдамдап шығып, жөнеліп бара жатты. Тек қарт жұмысшы тұрған орнынан тапжылмады.

– Астыққа кеткендерден хабар болған жоқ па? – деді ол.

– Жәрдем сұрап жатырмыз. Ну, неғып тұрсың? Бар, жолға дайындал.

– Онда жағдайлары қиын болды ғой. Біз барғанша бишараларды атты казактар қырып тастамаса не қылсын?

– Сондықтан тез аттануымыз керек. Енді тұрма, бар жолға дайындал.

– Сен, асылы, дивизияға хабарлас.

– Тағы не айтасың?

– Дивизияға хабарлас деп тұрмын ғой.

– Бұл не, бұйрық па? – деді Мюльгаузен.

– Өтінем. Тәңірі жарылқасын, тез дивизияға хабарласшы. Естуім бойынша, Жем бойында біздің кісілерден де басқа астық жинап жүрген тағы бір отряд бар көрінеді. Бәрі бас қосса, бұл жақтан біз жеткенше...

Мюльгаузен қолғаштай мұрынның бір танауынан мырс етті:

– Сен тұрғанда бізге сырттан комиссар іздеудің қажеті жоқ екен.

– Ойнап тұрғам жоқ.

– Мен де шын айтам. Несі бар, үсті-басыңа сықырлатып хром кигізсе, комиссар боласың да шығасың.

Ознобин қасында мырс-мырс күліп тұрған. Мюльгаузенге назарын тіктеп, шаншылып бір қарады да, үн-түнсіз бұрылып жүре берді. Қарт жұмысшының қашанда жығылыңқы, жапырақ иығының басы бұрынғыдан да жығылып, сүдіні түсіп кеткен екен. Топшысы бүгілген ұзын қол да жең түпке бірер жіппен лаждап іле салғандай, екі қапталында салақтап барады.

– Кәрі қырт! – деді Мюльгаузен.

Сосын орнына барып отырғалы абажадай кең бөлменің қақ төрінде қызыл матаға малынған столға бара бергенде жаңа ғана Ознобин шыққан есік іле-шала қайта ашылды. Мюльгаузен кілт тоқтады. Желкесі күдірейген жуан мойынды күшпен зорлағандай бар кеудесімен бұрылып еді. Ішке бүлдіршіндей жас қыз кірді. Өзі әлденеге мәз. Жанары шоқтанған көз жайнандап күліп:

– Наконец-то... – дей түсті де, Мюльгаузеннің түрін көріп мүдіріп барып, – Келе жатыр, – деп еді,

– Кім? – деді Мюльгаузен.

– Комиссар.

Сүйдеді де, қыз сүзеген бұқадай сүзіле қарап тұрған Мюльгаузеннің түрінен жасқанда ма, қолындағы шұбатылған телеграм лентасын оған ұсынбай, столға тастай салды да, жүгіре басып шығып кетті. «Дура, көрдің бе, комиссар күйеу тауып беретіндей мәз болуын» Қыз кеткесін де телеграмға қол созбай, тұнжыраған қабақ астынан көз қиығын тастады да мырс етті.

– Хромы сықырлап келеді екен ғой. Ну, что ж... Давай! Давай, кел! Әуселеңді сосын көрейік.

Астықта жүргендерден хабар-ошар болмай, онсыз да қосүрей көңіл қобалжып тұрған-ды. Әлгі кәрі қырт айтса айтқандай, Жем бойына кеткен оқ-дәрілері аз еді. Қару-жарақ та жетімсіз еді. Ознобиннің шолақ қол баласы болмаса, қалғандары қолына қару ұстап көрмеген қарапайым теміржолшылардан құралған шағын отряд-тұғын.

Мюльгаузен орнына барып отырды. Дивизияға хабарласқалы телефонға қолын соза түсті де, саусағының ұшы шокқа тигендей тартып алды. Дивизияның бұрынғы командирі жазбасындағы ұрыста қаза тауып еді де, жақында оның орнына келген командирмен бұл әлі танысып үлгіре қойған жоқ-ты. Қандай адам екені де белгісіз. Сөз іләміне қарағанда кавказдық біреу. Орыс-түрік соғысында полк басқарған дейді. Соның аты-жөні?.. Тфу, сайтан алғыр... Хам?.. жоқ, Хан... тфу, Хан Даур... Сондай бірдеңе. Ерте ме, кеш пе, кездеседі. Сонда қалай боларын кім білсін, ал телефонмен сөйлескенде сөздері жараса қоймады. Бәрінен бұрын трубканың ар жағынан аюдай гүжілдеген даусы мен қит етсе «эй, дорогой» дегені жынына тиеді де, бұл құлағын алып қашады. Бұған, әрине, оның да ет бауыры елжіреп тұрмағаны белгілі. Бұған комиссар жіберіпті. Жә, жіберсін. Көрерміз. Хромы сықырылап

келер. О да Хан-Даурдың дәл өзіндей өкіректеген біреу болар. Есітуі бойынша, ол өзі патша құлағасын қызылдар жағына шыққан ақ офицер көрінеді. Жаңа келген кісі бұндағы жағдайды қайдан білсін. Әсіресе, атаман Дутов Орынборға орын теуіп орналасып алғалы бір бұлар емес, бүтіл Орта Азия жағдайы күрт қиындап, Мәскеумен екі арадағы қарым-қатынас үзіліп, әскер – қару-жарақсыз, халық – азық-түліксіз қалды. Қала, дала, ала бөле теміржол, депо жұмысшылары ашыға бастағасын бұлар Ознобиннің шолақ қол баласы бастаған шағын отрядты Жем бойындағы диқаншы елден ауыс-күйіс астық жинап әкелуге аттандырып жіберген; әне-міне келіп қалар деп отыр еді; әлгінде ғана Хан-Даур бұған телефон соғып, тағы бір оқшау хабар жеткізді: сүйтсе, енді кәзір Жем өңірінің орыс-казактары бүлік шығарып, жаппай қаруланып жатқандарын айта бастап еді, бұл оның сөзін киіп кетіп, Жем бойында жүрген өзінің кісілерінің жағдайын айта бастап еді, қызуқанды әуірім неме ана жақтан:

– Эй, дара-гой, слушать надо – деп, гүж еткенде, бұл тағы да құлағын ала қашты.

Хан-Дауров:

– Бүлікті тез басу керек. Ал-ло... Алло, естіп тұрсың ба? Отрядыңды жолға дайында. Дереву аттан! – деп, әмір берген-ді. Қазіргідей адам ашуы бетке шапшып, ұшынып тұрған заманда бүліктің үлкен, кішісі жоқ; оны бұ да біледі. Жаңа командирлерін жиып алып: «аттанамыз» деп әмір беріп жөнелте сала, енді бұның өзі де шыдамай сүрініп-қабынып келеді. Әне, станса басы абыр-сабыр. Сарт-сұрт. Жәшік-жәшік оқ тасыған, снаряд тиеген, пулемет сүйретіп жанталасқан кісілер. Ұзын эшелонның орта тұсындағы жайдақ вагонға тиеген екі зеңбірек құдды күлге шөккен түйедей жотасы зіңкиеді. Келе сала бұл тағы да командирлерді өзіне шақырып жиып алды. Жорыққа

аттанар алдындағы соңғы бұйрықты бас-басына жек-жеке айта бастағаны сол еді, стансадан сыртқа жүгіріп шыққан біреу бұны көре сала анадайдан дауыстап:

– Хан-Дауров телефонға шақырып жатыр. Тез! Тез! – деп асықтырды. «Тағы не боп қалды? Тегін болса жарар еді» – деп, қосүрей көңіл қобалжып келсе, телефон орналасқан кішкентай бөлмеде төрт-бес кісі тұр екен. Әлгі шашы желкілдеген жас қыздың қолындағы трубканы ала-сала құлағына апара бергенде, ар жағынан әдетте бұның жынына тиетін дауыс гүж етті:

– Ал-ло!

Бұл құлағын баса жаздап:

– Айта бер! Тыңдап тұрмын, – деді.

– Жағдай қиындап кетті.

– Біздің астықшылар ма?

– Тында. Жемнен де көрі қазір Ақбұлақ, Мартүк... Ал-ло... естіп тұрсың ба, Ақбұлақ, Мартүктің халқы көтеріліп, атты казактар жағына шығып жатыр. Сосын, біз... Ал-ло-о!..

– Айта бер!

– Айтатыны сол... Астықты өңірдегі бүлікті басуға Ташкент теміржолшыларының отрядын жіберіп жатырмын.

– Біз ше?

– Сөзімді бөлме. Олар Жемге сендерден әлдеқайда жақын. Бүлікті шұғыл... Естіп тұрсың ба, бүлікті шұғыл, тез басу керек боп жатыр.

– Біз де адамдарды вагонға тиеп, әзір тұрмыз ғой.

– Әзір тұрғандарың жақсы. Атты қазақтардың аяғы ұзын. Менен бұйрық болғанша орындарыңнан қозғалмаңдар.

– Біз... Біз ше?

– Эй, да-ра-гой...

Онсыз да өзін әзер ұстап тұрған Мюльгаузеннің уысындағы телефонның трубкасы енді тіпті сына жаздап сықыр-сықыр етті.

– Жолдас, дивизия командирі, – деді Мюльгаузен, – я дорогой только для своей семьи. И еще любимой девушки. Что касается остальных, я красный командир.

– Түсіндім. Мен де кәзір ақ емеспін. Қызыл... қып-қызыл командирмін.

– Ендеше, мені әскери дәстүр бойынша атаңыз.

– Жарайды. Болсын, жолдас Шалқар теміржолшылар отрядының командирі. Естуім, отрядында тәртіп жағы нашар көрінеді.

– Комиссар жіберіпсіз, сол келгесін түзететін шығар.

– Немене... Ол әлі барған жоқ па? Ал-ло... Алл...

Мюльгаузен трубку тарс еткізіп тастап жіберді де, сыртқа жың ұрғандай атып шықты. Есік алдында тұрған солдаттар екі айырылып арасынан жол беріп еді. Мюльгаузен оларға назар салған жоқ; үстіндегі шолақ күртенің қалтасына қос қолын бірдей сұғып жіберген екен. Соның өзінде жұдырығын түйіп алған шоқпардай қолы қалта сыртынан бадырайып білініп барады. Сыртқа шыққасын бір жаққа бұрылмай, отряд орналасқан үйге тартты. Асты қам кесек, үстіңгі қабаты қарағай бөренеден қиып салған қобдидай үйге тақап келе бергенде алдынан салт атты біреу шықты. Үстінде қорбиган күпі. Аяғында байпақты етік. Басында елтірі тымақ. Үстіндегі киіміне қарап мынау да бұл жалғанда мұңы, мұқтажы бітпейтін қазақтың бірі болар деп ойлаған Мюльгаузен оған назар аудармай, тұсынан тезірек өтіп кеткісі кеп еді; бірақ күпілі қазақ атын тебініп, тоң жерді дүрсілдете басып қуып жетті.

– Пет-ка...

Мюльгаузен тұра қалды. Бұл қайырылып бұрылам дегенше анау да аттан түсуге ыңғайланып, аяғын үзеңгіден шығара бергенде әлденеге бойын билей алмай, бір жағына қарай ауытқып құлап бара жатқан сияқтанды, Мюльгаузен оған иығын тосып, сүйеп тұра қалды.

– Петка...

– Сен, немене, ауырып тұрсың ба?

Күпілі қазақ аттан апыл-құпыл асығыс түсе бергенде тағы да әлденеге жан даусы шыға жаздап, қос қолымен кеудесін қысып бүгіле қалды. Мюльгаузен дереу ұмтылып, күпілі қазақты күпісімен қоса қапсырып құшақтай алды:

– Жараланғанбысың?

– Ештеңе емес.

Мюльгаузен оның сөзіне құлақ асқан жоқ. Сыртынан қайыс белбеумен бұған үстіндегі күпінің омырауын жұлқып ашып еді, ар жағынан жалаң етке киген шыт көйлектің бір жақ өңірі түгелдей қарақошқылданып ұйып қатқан қан екен.

– Бұл не?

– Ештеңе емес. Кеше жолда ұрылар кездесіп...

– Лазаретке бар. Мен жіберді де.

– Петка... Айналайын, отрядқа ал.

– Отрядта саған баққызатын түйем жоқ.

– Шын айтам. Бұнда сені... Сенің өзінді сағалап келдім.

– Соңыра тағы да төбелесіп жүрмейсің бе?

Еламан басын шайқады. Мюльгаузен шынымен де өмірінің ендігі қалған тағдырын бүгінгідей бұған тапсырғалы келіп тұрған мына жігіттің бүтіл бетінде алақандай ала көзі болмаса, онан басқа жерін түгелдей

сақал, мұрт басқан жүдеу кескініне назарын тоқтатып біраз қарады. Сосын ол:

– Емдел. Артынан келерсің, – деді де, қақпа алдында қарулы күзет тұрған жаңағы үйге кіріп кетті.

* * *

Лазаретті іздеген Еламан неге екенін өзі де білген жоқ, әуелі көл жақтағы қиқы-жиқы көшелердің біріне түсіпті. Сосын сәл ойланып тұрып қалды. Бұл өңірге баяғыда алғаш темір жол түскенде салған тас здандар болатын. Лазарет болса сол здандардың бірінде болар деген оймен вокзалға бет түзеп келе жатқан-ды.

Әдетте, дала тұрғындары жарата қоймайтын бір үзік қышқылтым ащы иіс мұрнына жетті де, Еламан танауын шүйіріп тұра қалды. Қам кесектен соққан кішкентай үйдің ық жағына кеп тоқтапты. Сырты жүрдім-бардым ақталған екен. Кешегі орыс-түрік соғысында дәл осындай лазареттің талайын көрген-ді. Еламан ұзақ жатып қалам ба деп қорқып еді; құдай ондағанда бос орын болмады. Ұшып-қонған ақ халатты елгезек қыздар бұны аяғаны, әлде ұрысқаны белгісіз, қайта-қайта «ай-ай!»-лап, басын шайқап жүріп, қанталап ісіп кеткен жаракатты әуелі ақырған ащы бірдеңемен жуып-шайды. Сосын әлгіден де өткен зәрдей ащы дәрі-дәрмек жағып, аппақ мәрлімен әспеттеп байлады да, «екі күннен кейін кел» деп қоя берді.

Еламан сыртқа көңілді шығып еді. Бірақ тастай қараңғыға көзі тірелді де тұра қалды. Бағанағы ызғырған суықтың зәрі сынса да, әуірім жел әлі сол баяғыдай азынап тұр екен. «Апырай, – деді Еламан, – адам жылқы мінездідесе дегендей-ау. Анадатүрікпендербалықшылар аулын шауып, көп адам қаза тауып, Айғанша қолды боп

із-түзсіз жоғалып кеткенде, бұған шынымен де тірлік таусылып, тұрлаусыз дүниеде түк қызық қалмағандай басына қара күн орнап еді-ау. Бұның өзі де іші-бауыры ит талағандай ұлып, жер бетіне сыймай бара жатқасын бет ауған жаққа ел асып, жер асып тентіреп кетпеді ме. Сонда: «Бұл дүние маған неге керек? Бұл дүниеге менің нем керек?» – деп, өзінен де, өзі тірлік кешкен ит өмірден де қаралай түңіліп, баз кешіп еді ғой. Сүйтсе, о, тоба! Тоба, бұл түңілгенмен мына дүниенің түгі кетпепті. Мұрты шағылмай бәз баяғысымен қарап тұрған қалпы. Бәз баяғыдай ай орнынан туып, күн орнынан батып тұр. Бұның өзі де, міне... Күз басында қара суық ұрып тұла бойындағы үпір-шүпір жапырақ желге ұшып, сидиып тұттай жалаңаш қалған дәл мына үй алдындағы жалғыз теректей, қу басы жерге сыймай, ой асып, қыр асып еді. Ақыры, анадағы қызыл шеке төбелестен кейін екі дүниеде де көрмеспін деп, ат құйрығын кесіп кеткен кісіге қайтып келді. Жай келмеді, құлдығың болайын деп аяғына жығылып келді.

Қалай десе де, істің беті оңғарылып, жолы бола бастаған сияқты. Құдай қаласа, ертең жұмысшылар жасағына алар. Қару берер. Киім берер.

Еламан казармаға қалай жеткенін байқамады. Кешкі асын ішіп алған жауынгерлер өздерінің жатар алдындағы оны-пұны бірдеңелерін істеп, біреу шинельге түйме қадап, біреулер шалбардың темекі шоғы күйдірген жеріне жамау бастырып, енді біреулер ыңылдап ән салып, ал ат қорадай барақтың шам жарығы аз түскен арағырақ басында бес-алты жауынгер бір темекіні бөліп шегіп, қызыл шоқ жылтыраған құрттай тұқылды қолдан-қолға жағалатып жатты. Ознобин де, Мюльгаузен де көзге түспеді. Еламан төсекті кімнен сұрарын білмеді. Сосын қашаннан күй талғамайтын әдетпен мол күпінің

бір шалғайын астына төседі де, киімшең қисая кетті. Шаршағанын жамбасы жерге тигесін білді. Ертең қолы қалт етсе ығытын тауып Ақбаланы іздер. Жаңа лазареттен келе жатқанда да осы ой бір сәт басынан шықпаған-ды. «Әлі сол сүмелек сарының үйінде тұра ма екен?» – деп ойлады. Мүмкін басқа үйге... Жә, жә, ертең білермін. Қазір ұйықтау керек. Ұйқы... Ұйқы...» Жүрегі лүп-лүп соғып, күлімсіреп жатып көзі ілініп кетті.

Ертеңіне бұл таң қараңғысында оянды. Ұйқысы қанбаған. Ұзақ жолда атсоқты болған денесін қозғауға ерініп біраз жатты. Бұнан басқалар да оянуы оянса да төсектен тұра қоймай, қимылдап, қозғалып, қайсыбіреулер темекі тұтатып жатқан. Сырттан біреу кірді. Шамасы, командир ме, қалай... есік жақта жатқан төрт-бес солдататып тұрды. Қалғандар да апалақ-құпалақ тұрып жатыр. Соқыр шам сығырайған алақөлеңке казарма іші қапелімде ерейген, серейген кісілерге толып кетті. Еламанның ұйқысы шайдай ашылды. Күпісі мен тымағын ірге жаққа ысыра салды. Ештеңенің мәнісіне түсінбесе де, аяқ астынан әбігерленіп, абыр-сабыр боп жатқан кісілердің ыңғайымен айналып, олар не істесе, бұ да соны қайталады. Жұртпен бірге желең бойымен сыртқа шықты. Шығар жерде есікке төрт-бесеуі бір мезгілде қабаттасып, иық қағысып қалды. Онан темір астауға сарылдап ағып жатқан мұздай суға бұ да көппен бірге таласып-тармасып жуынды. Онан күпі мен тымағын киіп, тағы да көппен бірге аралас-құралас сыртқа шықты. Онан жауынгерлердің бойына қарай сапқа тізіліп жатқанын көріп, саптама етік киген аяғы күпінің шалғайына оралып, сүріне-қабына кеп өзіндей өңкиген ұзын бойлы біреудің қатарына тұра қалды.

– Қалай түнеп шықтың?

Еламан Ознобинді даусынан таныды. Сонша кісі арасынан бір таныс табылғанына қуанды.

– Жақсы.

– Төсек беріп кетіп едім, алдың ба?

– Жоқ.

– Бермеген болды ғой. Жарайды, қазір алып берем.

– Жолдас... Жолдас командир...

– Жә, күпінді тастағанша қоя тұр, – деді Ознобин.

Еламан әзір несі дұрыс, несі бұрыс шығып жатқанын білген жоқ. Оны ойлауға да шамасы келген жоқ. Қазіргі халі әлдебір ағыны қатты су алды-артына қаратпай ықтырып ала жөнелгендей. Шым-шытырық дүниеден бұл қашан жөн тауып, оңы мен солын айырғанша кім біледі, осы бетімен ықтырып апарып, бұрын-соң көрмеген, білмеген, беймәлім жағаға шығарып тастамасына.

– Ендігі жетпегені осы еді.

Еламан селк етті. Қасына кеп төніп тұрған Мюльгаузен екен. Еламан оған көзін тіктеп тура қарай алмай, назары тайып кетті.

Мюльгаузен Ознобинге бұрылды:

– Бұған неге киім бермедің?

– Үлгіре алмадық.

– Мына түрімен қалай сапқа жібердің? А ну-ка, марш отсюда!

Еламан кеткісі келмей кипақтап қап еді. Мюльгаузен қайта зекігесін лажы құрып саптан шықты. Мюльгаузен көңілсіз. Жем бойындағы кісілерден әлі хабар болмағаны жанына батып жүр. Түнімен кірпік ілмей шықты. Тұра сала бір хабар бола ма деп телеграфқа барып еді. Ознобин де осында жүр екен. Осыдан кейін де бұл телеграфқа қанша барса, соның бәрінде де Ознобин баяғы бір орында, телеграфтағы қыздың қасында

тапжылмай, екі аяғынан сарсылады да тұрады. Үстіне келген бұған үнсіз телміріп жауап күтеді. Мюльгаузен оған қарамауға тырысты. Атаман Дутовтың уысына түссе, онан аман құтылу неғайбыл. Әзір дәтке қуат қылатыны Ознобиннің шолақ қол баласы. Сорлыны қан тартып, ажалына көрініп тұрмаса, осы ғасырдың басында екі бірдей жойқын соғысқа – әуелі орыс-жапон, сосын – орыс-түрік соғысына қатысып, сұрапыл шайқасты басынан кешкен тәжірибелі жауынгер. Осы жолы да бір амалын тауып, адамдарын аман-есен алып шығар деген үмітте.

Жем бойынан жайсыз хабар алғалы Мюльгаузен отрядты тырп еткізбей қазармада ұстап отыр. Оның үстіне комиссар да кешігіп, жынына тиіп тұр. Кешегі күні келіп қалар деп отырғанда оқшау хабар алды. Ақтөбеден пойызға отырған комиссар жолшыбай Ембіге келгенде аяқ астынан қатты ауырып, пойыздан түсіріп ап қапты. Ознобин:

– Кісі жіберейік, – деп еді.

Мюльгаузен міз бақпады. Оның ығын алып үйренген кісілер бұл жолы да батып тіл қатпай, көзінің астымен біріне бірі қарады. Бұндайда бірдеңе деп қалатын Ознобин де үнсіз. Түк сезбеген кісідей, жапырайған маймай кепканы көзіне басып киіп, төмен қарап тұқырая қапты. Үндемесе де отряд командирінің ар жақ ойы бұған белгілі. Қолындағы билікті басқа біреумен бөлісуге ырза емес. Әсіресе, комиссарға жұлдызы қарсы. Кейінгі кезде дос пен дұшпан аузында ілтипатпен атала бастаған осы бір шетінен мейлінше ұстамды кісілер оның ойынша – қызуқанды командирлерді тізгіндеп, тежеп отырғаннан басқа қайраны жоқ. Әрілесе, комиссар атаулының басы мен аяғына сықырлатып кара сүрік киіп алатыны да мұның жынына тиетін.

Телеграфта істейтін ақсары қыз ішке жүгіріп кірді. Мюльгаузен оның қолындағы телеграмды жұлып алды. Көзі түскен бойда:

– Ну, вот... откомиссарились! – деді.

Ознобин екі ұмтылып шаққа тұрды. Мюльгаузенге жеткенше де сүрініп кетті. Мюльгаузен уысындағы телеграмды күлдей қып жыртып-жыртып шашып жіберді.

* * *

Бүгін де Еламан ертеңгі асын іше сала қала сыртындағы киім-кешек складына жүгірді. Күндіз де қолына шам ұстап кіретін қараңғы складтың бір басында аткөпір боп жатқан ескі-құсқы киімдерді аударыстырып қарап жүріп, өзіне шенел алды. Күпі мен тымақтан құтылғанша асығып жүріп ит жегірді жаңа дұрыстап қарамағанына қынжылды. Қолын құрттай ілгері созса болды, білегі сидиып шығып кете береді. Бұрын талай адамның иығын адақтағаны көрініп тұр. Шенелден бұл білмейтін, бұған беймәлім әлде кімдердің иіс-қоңысы шықты. Талайлардың мойны қажаған кір-кір жаға да құдды тақым қажаған терліктей, желкесіне тиіп кетсе де тітіркеніп қалады.

Кішкентай қаланың кісі-қара аз жүретін көл жақ шеттегі көшемен келе жатып та үстіндегі шенелдің о жер, бұ жеріне қарай берді. Өңіріндегі саусақ сыйғандай тесікке көзі түсті де, жүрісінен жаңылып тұра қалды. Көңіліне қобалжу енген Еламан көзін алып қашты. О жаққа енді қарамауға, тіпті ойына алмауға тырысып еді; бірақ әлгі күдік түйсікшіл көңілге тікендей қадалып тұрып алды. Апырай, өліктің үстінен шешіп алмаса не қылсын? Кезеңді қанқұйлы жау дәл көкіректен атқан

болды-ау? Бұрынғы иесі кім екен? Жер басып жүр ме, әлде... Апырай, ә? Пақырдың татар дәмі таусылып, ойраны шыққан дүниенің әлдебір жерінде топырақ астында томпайып жатыр ма?.. Қалай болғанда да талай жанның тірлігін тауысқан шенел енді сені тапты. Кәне, құтылып көр?

Еламан мырс етті. Қай солдат қашан зауал жеткенше үстіндегі сұр шенелдің соңыра сүйегін орайтын сұр кебін екенін қайдан білсін. Көңілсіз ой баураған Еламан әлгінде өзі тоқтаған көшенің қақ ортасында қыбыр етпей әлі тұр. Көшеде ерсілі-қарсылы жүріп жатқан кісі-қара бұған бұрылып бір қарайды да, өтіп кетеді. Бұл бірақ дәл қазір оларды байқап тұрған жоқ.

Бұл өзін жаны сірідей көретін. Және соған өзі сенетін. Шынында да, беті қатты ажал бұған талай-талай маңдайын туралап бетпе-бет келсе де, соның бәрінде де бұл шанышқыдан жырылған шабақтай сытылып аман қалатын. Енді... Иә, енді?.. Еламан тағы да мырс етті. Тағы да тап әлгінде өзін-өзі мысқылдағандай, зәрдей ащы мысқыл миығында тұрып қалып еді.

* * *

Сонан ол отряд орналасқан баракқа кіргенде де әлгі сөлекет күлкі бетінде әлі тұр еді; бұнан басқаның бәрі тегіс іште екен. Бәрінің де ині түсіп, басы салбырап кетіпті. Бұрын бұндай кезде о басы мен бұ басы атшаптырым казарманың іші әрқашан араның ұясындай гуілдеп тұратын-ды, бүгін әлде неге өлік шыққан оттың басындай мүлгіп қапты.

Еламан есік алдында аңырып тұрып қалды. Әркімге бір қарады. «Не болты?» – деп сұрағысы келсе де, бірақ мыналардың еш қайсысы ыңғай бермей, тұнжырап

алғасын бұл ізінше сыртқа шықты. Иә, не қылса да бұл жоқта бір оқиға болған. Бірақ... сонда ол не? Не болуы мүмкін? Көше құлазып кетті. Сусылдаған күлдей майда топырақ ығы жоқ аңыраған көшені шаңытып борап тұр. Қамсауы жоқ жалаң шенелден жел өтіп барады. Казармаға қайтып барғысы келмеген Еламан қамсауы қалмаған шенелдің жағасын көтеріп алды да, іргесін белуарына дейін құм басып кеткен бәкене үйлерді бетке ұстап келеді. Қайда, неге баратқанын ойлаған жоқ.

Көшенің арғы бетінде кетіп бара жатқан келіншекке көзі түсті. Алғашқыда Ақбала екен деп қалып еді, тұлғатұрпаты, киімі, кербездігі, тіпті, аяқ басқанда арқасында ақырын былғандаған қос бұрымы құдды Ақбаланың бұрымынан аусайшы.

Апырай, біреуге біреу қандай ұқсайды деп ойлады. Ақбаланы көргісі кеп кетті. Шинельдің жағасын қайырып тастады. Ертеден бері қайда бет түзеп келе жатқанын ойлаған да жоқ-ты. Неге келе жатқанын да білмейтін. Енді байқаса, кішкентай қаланың қазақтар тұратын көл жақ шетіне шығып кетіпті. Ағашсыз, талсыз қисық көше. Сырты ақталмаған, бірінен бірі аумайтын бәкене үйлер. Соған қарамастан, алабұртқан көңіл тағы да әлденеге ауаланып, жан-жағына қарап көз сап тұрған-ды. Кенет иек созымдай ғана жерден кесек дуалдың құмын шығарып, жел-құз жеп кебірлеп тастаған жермен-жексен бір үйді көрді. Онсыз да алабұртып тұрған жүрек кенет лүпілдеп қатты-қатты соғып кетті. Аяғы адастырмай іздеп тапқанына қуанды ма, көз жанары қаттырақ ұшқындап, жолында тұрған құман, леген, олардан да басқа тағы бірдеңелерді салдыр-күлдірлетіп кіріп келді. Үш сары бала үйдің бұрышына тығылып үрпиіп тұр.

– Бұл үйдің кісілері қайда?

– Әкем бе?

– Иә, әкең?

– Жұмыста.

– Ал... Сосын...

– Апам ба?

– Апам-м? Апаң кім?

– Ақбала.

– Ә, «апа» дейсіңдер ме?

– Әй-әй апа дейміз.

– Е, «әй-әй апа» дейсіңдер ме?

– Иә, анау да, мынау да, мен де бәріміз де «әй-әй апа» дейміз.

– «Әй-әй апаларың» қайда?

– Жұмыс іздеп кетті.

Еламан әкесінен аумаптын үш шикіл сары баланы маңдайынан бір-бір сипады да, сыртқа шықты. Былайырақ ұзай бере артына бұрылып еді, іште қалған әлгі шикіл сары балалар бұны көзімен ұзатып, терезеге жабысып апты. Еламан бұрылғанда қырық кұрау әйнектің ар жағынан бәрі бірдей уылжып күлімсіреп қоя берді. Еламан да езу тартты. Ақбалаға кездесе алмағанына өкінді. Осыған дейін кежегесі кейін тартып келген өркөкірек тәкаппар жанның от басында көміліп отыра бермей, талпынып жұмыс іздеп шыққанына қуанды. «Күнкөріс те қинаған болар», – деп ойлады.

Еламан казармаға жақындап келе бергенде, іштен гүжілдеген жуан дауыс шықты. «Мені іздеп қалған жоқ па екен?» – деп ойлады. Ішке кіргесін де ілгері озбай, есік алдында тұрған жауынгерлермен иықтаса тоқтады.

Мюльгаузен түтігіп алған. Үйді өрлі-берлі кезіп зіркілдеп сөйлеп жүр. Бұл білмейтін біреуге қахарын төгіп, кіжініп-кіжініп қояды:

– Бұның бәрі соның кесірі. Соған бола бізді жіпсіз

байлап қойған жоқ па.

– Өзінен хабар бар ма? Қашан келеді екен?

– Ну, подожди...

– Кімді айтып тұр? – деді Еламан қасында тұрған біреудің құлағына еңкейіп.

– Комиссар.

– Ком-сар?

Күн батар алдында Мюльгаузен отрядты тік көтеріп, стансаға апарды. Кішкентай қаланың бар халқы осында жиналыпты. Кідірмей күнбатыс жақтан соңына жалғыз қызыл вагон тіркеген күлді-күйелеш паровоз кеп стансаның алдына тоқтады. Паровоздан біреу түсті де, қызыл вагонның есігін ашты. Иін тіресіп тұрған халық лап қойып жетіп барса да, есікке тақай бергенде алдынан жер жарылғандай аңтарылып тұра-тұра қалды. Астық тиеген вагонның еденінде қылышпен кескілеп тастаған жиырмадан астам кісінің қан-қан денесі жатыр екен. Есі шыққан халық өкіріп жылап, станса басы әп-сәтте у-шу болды да кетті. Екі кісі сүйемелдеген бір жас келіншек өліктер жатқан вагонға барғысы кеп, аяғын бірер басып ұмтыла түсті де, талықсып кетті.

Еламан жас келіншекті жыға танымаса да, түсін шырамытты. Бір жерде көрген сияқты. Әлдеқайдан Ознобин келді. Ессіз-түссіз талықсып жатқан келіншекке көзі түсті де тұра қалды. Үстіне төніп қарап тұрды да, қасындағы біреуге «үйге апарыңдар!» деді. Иін тірескен ығы-жығы кісілердің ара-арасымен ілгері ұмтылды. Еламан есігін айқара ашып тастаған қызыл вагонға қарт жұмысшымен бірге қатарласа жетті де, дәл вагонға мінер жерде оны қолтығынан демеп жіберді. Осы арада ғана ол қан-қан өліктердің арасынан қарт жұмысшының шолақ қол баласын көрді. Ознобин де баласының өлігі жанына тізерлеп отыра қап, су қараңғы

болған кісіше құп-қу жүзін жоғары көтеріп, дыбысын шығармай тістеніп алды. Сонан бір кезде есін жиып, алдында жатқан қан-қан өліктің әуелі басын сипады. Дірілдеген қолымен баласының бетін сипап отырып: «Андрюш... Андрюшам» – деді жасын жұтып.

* * *

Ертеңіне Еламан Селивановты іздеп депоға барып еді, бұнда жиналыс өтіп жатыр екен. Иін тірескен халықтың арасынан Селивановтың өзі көзге түспесе де, бірақ ат қорадай аңғал-саңғал депоның әрегірек бір тұсында отын сөндірген паровоздың алып тұлғасы қарауытқан маңнан тіл мен жағына сүйенген біреудің саңқылдаған даусы шықты. Мына қызыл кеңірдек жиналыстың жуық арада бітпесіне көзі жеткесін Селивановпен кейін сөйлескісі келді де, келген ізімен кері қайтты.

Бізғырық суық жел шаңдағын суырған сары топырақ борап жатыр. Қамсауы жоқ шенелден суық өтіп барады. Бір жақсысы, ыққа қарап жүру жеңіл. Жел артынан итеріп, дедектеп келе жатқан-ды. Кенет алдында кетіп бара жатқан біреуге көзі түсті де іркіліп, тоқтап барып қайта жүрді. Үстінде қап сияқты дорбиған бірдеңеден тіккен қызыл қоңыр пальто. Не түймесі, не белбеуі болмағасын омырауын қаусырынып апты.

Еламан онан көзін айырмады. Кім де болса, айдаудан қайтқан біреу. Ана жылы Федоровты өлтіріп, қол-аяғында темір кісен, Орскіге жаяу-жалпылап айдап апара бара жатқанда, жол-жөнекей осындай кісілердің талайын көрген-ді. Еламан оған қатарласып қалғанын байқап, кілт тоқтады. Ат бойы алға жібергесін қайта жүрді. Енді оған көбіне сырт жағынан қарап, қалқиған құлағы мен қылқиған мойнын көріп келеді. Ақжем

бетінде жалқылдаған ілелі қызыл таңдақ. Енді оны басып та озбай, қалып та қоймай, соңында қол созымдай кейінде келе жатып, бас-аяғына анықтап қараған сайын «апырай, – деп ойланды Еламан, – адам баласы өлімге оңайлықпен мойын ұсынбайды-ау. Түрмеден босанып шыққан болды ғой. Бұнда туған-туысқаны бар ма екен?»

Аяғын сүйреп басып келе жатқан кісі кенет кілт тоқтады. Еламан да тоқтады.

– Орысша білесің бе? – деді ол Еламанға.

– Аздап...

– Теміржолшылар отряды қайда?

– Жүріңіз! – деді Еламан. Мына кісінің салған жерден отрядты сұрағанына таңданып келеді.

– Ұлтың кім?

– Қазақ.

– Отрядта сенен басқа қазақ бар ма?

– Жоқ.

– Командирлерің қайда?

– Өзінде шығар.

– Кел, танысалық, Петр Дьяков.

– Еламан.

– Бұл қалада енді бір танысым бар деуге болады, – деді Дьяков күлімсіреп.

– Қалай?.. Сіз... Сіз бұнда ешкімді...

– Иә, өзіңнен басқа танысым жоқ.

– Бұнда бұрын болмап па едіңіз?

– Жоқ. Бүйдеп неге сұрадың?

– Жоқ, жай. Міне, мынау – штаб, – деді Еламан кішілеу екі қабат үйдің алдына келгесін. – Сау болыңыз.

– Біз әлі кездесеміз, – деді де, Дьяков жылдам басып ішке кіріп бара жатты.

Есік алды лық толы екен. Бәрі де қару асынған әскери кісілер. Дьяковты көргенде үстеріне түйе

кіргендей, бәрі бірден бұған одырая қарады. Дьяков мән берген жоқ; ол өзіне жұрттың осылай қарағанына үйренген-ді. Үстіндегі арестант шекпеннің өңірін қымтап, қаусырынып алды да, аяғындағы жұлығына жамау түскен етікті сырп-сырп басып, түп жақтағы ақ сыр есікті аша берген-ді.

– Пардон, – деп, бір жас солдат есікті жауырынымен басып тұра қалды. – Саған кім керек?

– Мен... Мен бұнда...

– Жоқ, сен Совдеппен шатыстырып тұрсың. Бұнда отряд командирі тұрады. Командир! Понимаешь?

– Ендеше, мен Мюльгаузен жолдасқа келіп тұрмын.

– Онда кідіре тұр. Сенен де басқа күтіп тұрғандар бар.

Дьяков мыналарды күтсе, жуық арада отряд командиріне аяғы жетпесін білді. Және ауызғы бөлменің ауасы тар екен. Бұнда келгендердің бәрі темекі шегіп, тұла бойындағы иіс-қоңысты осында қалдырып кететін сияқты. Дьяков қалтасынан мөр басқан қағаз шығарды.

– Бәрібір жібермеймін – деп, есікті арқасымен басып тұрған әлгі солдат қасарысып жолын бөгеп тұрып алды, – мыналарды көресің бе? Бәрінде де бір-бір құлаш мандат бар.

Жауынгерлер қарқ-қарқ күлді. Дьяковтың көзінің алдында қалталанып тұрған күлтілдек ет жыбырлап, өзінен-өзі жұлқып-жұлқып қалды.

– Оқы!

Жас солдат қыңа қоймап еді; Дьяковтың жағы қуарған ілелі ақжем бетінің әр жер-әр жеріне теңбіл-теңбіл қан жүгіріп, өзі де қатты демігіп:

– Оқы! – деп зекіп еді, жас солдат әлгідей емес, осы жолы жөнге түсіп, өзіне ұсынған қағазға көз қиығын селқос тастаса да, бір-екі сөзін оқыр-оқымаста

кірпігі жыпылықтап кетті. Үсті-басын асығыс жөндеді. Жауырынымен басып тұрған есікті де жалма-жан ашып:

– Кіріңіз!.. Кі-ріңіз!.. – деді.

Дьяков енді асықпады. Ішке кірер алдында сәл бөгеліп, әуелі мыжырайған кепканы басынан алып еді, сұйқылтым шаш кейін қашқан қос шекесі тоқпақтай маңдайы жарқырап қоя берді. Жас жауынгер ашқан есіктен ол отряд командирінің үстіне сабырлы салмақпен ақырын кірді. Соңынан есік жабылған бойда жас солдат сылқ етіп отыра кетті:

– Құрыдым...

Дьяков отряд командирінің үстіне кіргенде Мюльгаузен алдында жатқан әлдебір қағазға үңіліп қалған екен. Басын көтермеді. Әуелі алдына кеп тоқтаған кісінің аяғындағы етігіне көзі түсті. Жұлығына жамау түскен бақа бас етіктің тұмсығы тынышсызданып, ар жағында бүлкілдеген башайдың қимылынан хабар беріп тұрғандай.

– Мюльгаузен жолдас, вот и прибыл.

Мюльгаузен етіктен енді ғана көзін алды да, алдында тұрған кісіге суық жүзін жылытпай, назарын тіктеп еді. Дьяков қысылған бойын қайда қоярға білмей, кипақтап қалды да, өзіне жақын тұрған орындыққа отыра кетті.

– Алдақашан келетін едім. Жолшыбай ауырып...
hxe-hxe-e...

– А-а!

– Ауырып қалғаным.

– Ә-ә...

– Дәрігерлердің қолына түспеу керек. Қолына түссең, әсіресе мендей, hxe... хе... кісілерді жібере қоймайды. Қашып шықтым.

– А-а?

– Қашып шықтым.

– Түсінгенім жоқ. Өзің кімсің?

Дьяков әлгінде жас жауынгерге көрсеткен қағазды отряд командирінің алдына тастады. Мюльгаузен оқығаны, оқымағаны белгісіз, қағаздан көзін алмай тұнжырап ұзақ отырды. Басын көтермеген қалпы жанынан темекі алды. Алдында жатқан қағаздың шетінен жыртып алған қиындыға орап жерде қолы дірілдеп, темекі шашырап кетті. Сіріңкеге су тиген бе, қанша шақса да от алмай, күкіртті басы уатылып, ызасына тие бастап еді, құдай ондағанда, келесі бір талы тұтады.

Мюльгаузен ащы махорқаның түтінін кең танауынан бұрқ-бұрқ шығарды. Дьяков өзіне қарай қалқып келе жатқан көкшіл түтінге зәресі ұша қарап, орындығын қозғап, кейінірек ысырылып отырды.

– Шалқарды бұлай деп ойлағам жоқ-ты. Сүйтсе өзі...
Һхе-е... әжептәуір...

Дьяков булығып, демі жетпей бара жатқасын алақанымен аузын басып алды.

– Һхе... Һх-е... Кешіріңіз... Демікпем бар.

Мюльгаузен темекісін анда-санда бір бұрқ еткізіп қойғаны болмаса әлі үнсіз.

– Қалада депо барын білем. Жұмысшы саны қанша?
– деді Дьяков.

Мюльгаузен даусын созып:

– Да-а... – деді де, түк деместен орнынан асықпай ақырын түрегелді. Терезенің алдына барып, сыртқа енжар, керенаулана көз салды. Өзімен тілдескісі кеп, жалтақтап қайта-қайта қарап отырған кісі бар ма, жоқ па, қаперінен шығып, ұмытып кеткен сияқты. Дьяков түрегелді. Терезенің алдында сыртын беріп тұрған Мюльгаузенге жақындап барып:

– Танысайық, – деп қолын созып еді, Мюльгаузен бұрылған да жоқ.

– Кешір. Алдыңнан шығып, музыкамен күтіп ала алмадық, – деді ол.

– Оның қажеті қанша.

– Как же, комиссарды салтанатты түрде күтіп алу керек емес пе?..

– Түсінбедім.

– Эх-х, тоже мне... Сенің кесіріңнен көресіні көрдік. Өне келеді, міне келеді деп жолыңа қарап, жіпсіз байланып отырғанда кісілерімізді қырып алдық.

Бұны күтпеген Дьяковтың аузына қапелімде сөз түспеді. «Мынау не деп тұр? Бұның кесірі... жіпсіз байланып... кісілерін қырып алған... Түсінсе не дейсін?» Соның жөнін сұрағалы оқтала бергенде, бұған қайда осындай қысылтаянда тап болатын жөтелі құрғыр кеудесін қысып, тағы да қып-қызыл боп булығы бастады. «Әй... Әй-й, мынау кетіп бара ма?» Бұл «тоқта!» – дегенше болмады, отряд командирі әлгіден артық сөзге келмей, еденнің жаман тақтайын солқылдата басып шығып кетті.

Дьяков жүлгеленген темекі түтінін кепкасымен желпіп-желпіп жіберді. Ерні кезеріп, тамағы құрғап қалды. Отряд командирінің жаңағы қылығына қайран. Хан-Дауров та осы жігітті өзімшіл, өркөкірек, ешкіммен есептескісі келмейді, сен орныңды біл, ығын алып, ыңғайына түсіп кете бермей, екеуің ақылдасып жұмыс істеңдер деген-ді. Жолшыбай ауырып, ауруханаға түсіп әлек-шәлек боп жүргенде, дивизия командирінің ескерткені есінен шығып кетіпті. Есінен шықпағанда да, жау емес, тап дұшпаны емес. Және бір отрядты бірге басқарғасын бір-бірімен тіл табысып істегенді жөн көрген-ді. Қаншама комиссар деп көтермелесе

де, бұның өзінің ұғымында командирдің басқадан бір демі үстем болғаны дұрыс. Командирге өктем болған да жарасады. Әрілесе, тіпті оның жаңағы аздап зәбір көрсеткенінде де тұрған ештеңе жоқ. Ойлап қараса: көз ашқаннан бері көріп келе жатқаны зәбір. Өке-шешесі ерте өлді. Өз қолы өз аузына жеткенше қайырымсыз қатал аға-жеңгеден бұл қанша зәбір көрді. Онан «Скорород» фабрикасында жұмыс істеп жүрген жап-жас бала жасырын ұйымға қатысып, жандарм қолына түсті. Қол-аяғында темір кісен. Қыстың көзі қырауда Сібірге айдады. Он жыл жер астында шахтада жұмыс істеді. Патша тақтан құлар алдында бір топ кісі түрмеден қашып шықты. Бірақ Орынборға келе бергенде қолға түсіп, бұны саяси сенімсіз кісілердің эшелонына отырғызып, Орта Азияға айдады да жіберді. Осының бәрінде де оның өмір жолында кездескен кісілер – құй фабрикант, құй полицей, құй, мейлі, түрме начальнигі болсын, мейірі түсіп маңдайынан сипаған бір жан болмапты. Бәрі қатал. Бәрі өктем. Бәрі озбыр. Және озбырлығы мен өктем қаталдығын бірінен-бірі асырғысы кеп бәстесіп қойғандай. Неше түрлі қорлық пен зорлықтың кісі басына келмейтін қайда бір қиын жолдарын ойлап табатын. Олар бірақ жау болатын. Сондықтан зәбірленбейтін. Ал, достан көрген зәбірдің қандай болатынын ол әлі көрген жоқ-ты.

«Жаңағы қайда? Келмейін дегені ме?» – деп ойлады. Күзетшіден басқаның бәрі кеткен. Көп бөлмелі үйдің іші аңғал-саңғал. Сыртта жел ызындады. Айдай әлемнің үстінен зіл батпан салмақпен салбырап басып келе жатқан сырттағы түн осы қазір үйдің ішіне де еніп, бұрыш-бұрыш қарауытып тұнжырай бастады. Батысқа қараған қос терезенің әйнегінен әлгінде батқан күннің қызғылт шапағы ақырын-ақырын әлсіреп, сөніп-сөніп

барып, енді міне, ақыры түнге тұтасып бара жатты.

Отряд командирінің енді оралмасы белгілі болды. Үй ішінде қисайып дем ала қоятындай ештеңе жоқ екен. Қас қарайғасын Дьяков сыртқа шықты. Күзетшімен сөйлесті. Бірақ желең бойынан жел өтіп бара жатқасын сыртта ұзақ тұра алмай, ішке қайта кірді. Бағанағы қылжақбас солдат «комиссар келді» деп жұртқа жар сап қойған сияқты. Күзетші жауынгер бұған жаңа кәдімгідей ізет білдіріп, сыпайы сөйлесті. Сөз арасында бір рет бұған «комиссар» деп те салды. Дьяков өз халін өзі сықақтағандай мырс-мырс күлді. «Комиссар!.. Шалқар теміржолшылар отрядының комиссары!»

Дьяковтың қалжыраған жүзінен мысқыл айықпады. Хан-Дауров бұнымен кең отырып ұзақ сөйлескен еді. Түркістан Армиясы таяуда ғана ұйымдасқан көрінеді. Соған дейін Ақтөбе маңында Шалқар теміржолшыларының жасағы сияқты ондаған ұсақ әскер бөлімшесі бопты. Соның бәрі ешкімге бой ұсынбай, әрқайсысы бас-басына дербес өмір сүрген. Хан-Дауров олардың бәрінің басын қосып жатқан көрінеді. Шалқар, Қазалы, Жосалы, Ақмешіт, Ташкент теміржолшыларының қарулы жасағы да ендігі жерде тікелей бұған бағынады. «Тек Мюльгаузен бағынғысы келмейді», – деген-ді Хан-Дауров.

Дьяков таң алдында столға басын салып бірер сағат мызғып алды... Оянса терезе әйнектері бозарып, үй іші сәулелене бастайты. Үй іші жым-жырт. Тек ауызғы бөлмеде сағат тық-тық...

Дьяков түрегелді. Кешеден бері нәр татқан жоқ-ты. Соған қарамастан асқа зауқы шаппай, шөлдеп оянды. Кеше қора ішінен құдық көрген-ді. Сыртқа шықты. Кешегідей емес, бүгін күн ашық, бірақ әлі салқын екен. Бұл құдыққа жете бергенде қақпадан соңында ерген

екі кісі бар, Мюльгаузен кірді. Бұл амандасқысы келсе де, бірақ оның қайырылмасын байқады. Осы қызметке келіскенім қате болған жоқ па деген ой көңілін ауырлатып тұр. Денесінде діріл бар. Алақанымен аузын басып күрк-күрк жөтелді. Ішке кірер-кірмесін білмей, екі ойлы боп тұрғанда бұғағы салбыраған біреу қасына кеп, өзін осы отрядтың старшинасымын деп таныстырды.

– Е, дегендей. Маған керек кісі екенсің, – деді Дьяков.

– Сізге жеке бөлме таба алмадық. Әзірше бір командирмен бірге жата тұрасыз.

– Оқасы жоқ.

– Аш шығарсыз. Жүріңіз, асханаға апарайын.

– Еркіңіз білсін.

* * *

Еламан осы күннің ертеңіне Совдеп орналасқан көк шатырлы үлкен үйге келсе, есік алды кісі-құраға толы екен. Қара киімді қала халқының арасынан аратұра ел қазағының тымағы да көрінеді. Олар ауылдағы мінезін қалаға да істеп, атын есік алдына байлай салып, болмашы жұмыспен бастықтардың үстіне баса-көктеп кіріп жүр.

Қабырға болысының екі қазағы базарға айдап әкелген малдарының пагорнойы жаңсақ шығып шырғатылып, жіпсіз байланып қапты. Ел қазағынан ілгіш іздеп үйренген базар басы малдарын матап тастапты. Олар Еламанды көре сап, анадайдан «айналайындап», етегі далақтап жүгіріп келді. «Мұндағы бастықтардың ішінде тамыр-танысың бар ма?» – деп жатты да жабысты. Еламан ешкімді білмеймін деп ат-тонын ала қашса да, аналар болмай, екеуі екі жақтан шаужайлап жатыр.

– Слейбановты білетін көрінесің ғой?

– Ептеп...

– Е, сол болады. Осы арадан ептеп-септеп құтылып кетсек жетіп жатыр. Сонан артық таныстықты қайтеміз. Қыз айттырып, құда түсер дейсің бе ол орыспен.

– Жарайды, сөйлесіп көрейін.

– Е, бәрекелді, өркенің өссін, шырағым.

– Көсегең көгерсін.

– Апырай, жауда да бір көзің болсын деген рас.

Сыртын былғарымен тыстаған биік қара есіктің арғы жағынан біреудің саңқылдаған даусы естіліп жатты. Еламан ұзақ айналып қалам ба деп тұрғанда, күтпеген жерден жиналыс аяқталып, кісілер жапыр-жұпыр түрегеп жатты. Іле-шала есік ашылды.

– О, кого я вижу!

Еламан өзіне қолын созып келе жатқан жас жігітті көрді. Бұл да қуанып кетіп, оны құшақтай алды. Екеуі құшақтарын жазбастан мәз боп күліп, қайтадан кабинетке кірді.

Еламан табалдырықтан аттай бере сала тұрып қалды. Кең кабинеттің қақ төрінде қызыл масаты жапқан жалпақ стол. Сырлаған орындықтар. Көз тартар жалтырағы көп телефон.

– Осы қаладағы мықты бастық өзіңсің бе, қалай?

– Түбі осы орынға сен отырасың. Ал жай жүрсің бе?

– Мен... – деп, Еламан шаруасын айтуға ыңғайлана бастағанда, қызу жігіт оны киіп кетіп:

– Сені кеше бір жерден көрдім ғой. Тоқта, қайда?.. – деді.

– Сен жақсы сөйледің.

– Иә, иә, есіме түсті, жиналыс біткен бойда, іле-шала іздедім. Бірақ атың аузыма түспеді. Ұмытып қалыппын. Сен ренжіме.

Еламан шаруасын айтқалы оқтала бергенде Селиванов сөзін бөліп:

– Айтқандай, осы сенің командирің қайда? – деді.

– Қалада.

– Қазір қайда?

– Кім білсін, станса жақта жүрмесе...

– Маған керек еді. Сен осы маған бір шаруамен келдің ғой? Ал, кәне, айт!

– Осында бір таныс әйел бар еді...

– Так, так...

– Тұрмысы нашар. Мүмкін болса, соған...

– Жәрдем сұрай ма?

– Жоқ, бір жерге...

– Кешір – деп, Селиванов сырт жағында шар ете қалған телефонға қол созды. Әлдекіммен шапылдап алым-берім сөйлесті де, трубканы іле салды, – черт знает что. Сен осы қай жерден едің?

– Аралданмын.

– Онда сенің жерлестерің. Понимаешь, базарға жылқы айдап әкелген. Қағаздары дұрыс емес.

– Ауылда қолы хат танитын кісі жоқ. Қателесіп кеткен шығар.

– Ұрлық мал болуы мүмкін.

– Жо-жоқ, ұрлық емес. Нақақ күйдірме сорлыларды.

– Сен қайдан білесің?

– Олар жаңа маған есік алдында кездесті. Қалаға бара жатқасын ауылдастарының кездеме, шай, шекер ала кел деп қосқан бір-жар малы.

– Әй, қайдам...

– Рас. Рас айтам. Қайтарып бергіз!

– Жоқ, бұл менің қолымнан келмейді.

– Түсінсем не дейсің...

– Шын айтам. Мен келіскенмен, Мюльгаузен көнбейді. Оның мінезін білесің қой.

– Жылқылардың оған керегі қанша?

– Как же! Отрядқа ат керек. Бәрін бірдей сатып алуға қаржы жоқ.

– Сонда тартып ала ма?

– Айта көрме. Тартып алуға ешкімнің де хақы жоқ.

– Ал мынасы не?

– Бұл заңсыз мал. Заңсыз, понимаешь.

Бұлардың үстіне Совдепте істейтін біреу кірді. Кең кабинеттің төріне жеткенше именшектеп қысылып келді де, қолтығына қысқан папканы Селивановтың алдына ақырын қойды. Селиванов қағаздарға көз жүгіртіп жатпастан сойдақтатып қол қоя салды да, алып кет дегендей ишара етті. Сосын Еламанға бұрылды:

– Ал құлағым сенде. Шаруанды айт!

– Әлгі әйелді бір жерге жұмысқа...

Селиванов шарылдап жатқан телефонға қайырылмай, шапшаңдап сыртқа шықты.

– Біздің саясатымызды түсінесің ғой, – деді ол. – Біз көшпелі халықты отырықшы ел етіп, қала мәдениетіне тартпақпыз. Ол үшін, понимаешь, жергілікті халықты жұмысқа тарту керек. Ал қазақ әйелдерін құшақ жая қарсы аламыз.

– Ендеше, мына келіншекті...

– Ол қайда?

– Үйінде.

– Маған әкел. Тек тез. Сендерді темір жол асханасында тосам.

Еламан келгенде Ақбала терезе алдындағы сары шуаққа бетін беріп, өзінің баяғы қыз кезіндегі ескі көйлегін жамап отыр екен. Есіктен асығыс кірген Еламанды көрген бойда, бұ да орнынан түрегелді.

– Жұмыс істегенің жақсы. Ешкімге тәуелді болмайсың, – деді Еламан сыртқа шыққасын.

– Білем ғой, – деді Ақбала.

– Рас, алғашқыда қиын болады. Бірақ төзу керек.

Ақбаланың жүдеу жүзіне жабырқау күлкі білінді. Осы түрі, бейне: «төзбей жүрмін бе?» – деп, көңіліндегі бір назды аңғартқандай еді.

– Біраздасын үйренесің, – деді Еламан.

Ақбала тағы да езу тартты:

– Талайға үйрендік қой. Біз осы... кімге келе жатырмыз?

– Тезірек жүрейік. Күтіп қалған болар.

Ақбала желге қарсы омыраулап басып келе жатқан мына ала көз ірі жігітке ілесе алмай, үнемі қол созымдай кейін келеді.

– Әне, бізді күтіп тұр екен.

Ақбала Еламан иегін көтерген жаққа қарап еді. Алдарынан өтіп бара жатқан түйелі арбаның арғы жағынан ұзын бойлы орыс жігітті көрді. Ол ақ халатты жуан сары әйелге бірдеңе деп, жан-жағына шыдамсыздана көз сап тұр екен. Арбалы түйенің тасасынан шыға келген бұларды көргенде қуанып кетті.

– Ehe-e! Ал, таныстырмайсың ба? – деді Селиванов, Еламанның тасасына тығылып тұрған жап-жас сұлу келіншекті көргенде көзі ұшқындап.

– Қайтесің. Тиме, – деді Еламан.

Селиванов ақ халатты әйелге сыбырлап еді, ол су қолын алдына байлаған халаттың етегіне сұртты де, Ақбаланың қасына кеп: «Танысайық» – деп, қолын ұсынып еді, Ақбала «мен не істейін?» дегендей көзінің астымен Еламанға қарады. Еламан «қолыңды бер» деп ымдады. Бұлай танысу өздерінде үрдіс болмағандықтан, Ақбала әлі де болса көзін төмен салып қысылып тұрып,

орыс әйелінін қолын болар-болмас қысты да, тез тартып алды.

– Атыңды айт, – деді Еламан.

– Ақбала.

– Менің атым Марфа. Марфа апай деуіңе болады.

Ақбала жұмған аузын ашпады.

– Мен тамақ асам. Сен маған жәрдем бересің. Су тасисың, ағаш жарасың, – деді Марфа.

Ақбала бір жанға назар салмай үн-түнсіз тұр. Еламан түсінбегенін байқап, Марфаның сөзін қазақшалап еді; Ақбала бұ жолы да үндемеді. Тек төмен салған көзін жерден көтерместен ақырын қозғалып, анадай жерде үйіліп жатқан ағаштардың жанында жатқан балтаға қолын созды.

* * *

Дьяков соңғы вагонға мінген-ді. Бұнда Ознобиннің взводы орналасқан екен. Бірақ олар өздерінің арасында комиссардың барын байқамаған сияқты. Оның бар-жоғын әзірге ешкім байқай қойған жоқ-ты.

Дьяковке де өзінің осы күнгі елеусіз халі ұнайтын сияқты. Есік алдына жақын отырған жауынгерлердің қасына жайғасты. Біразға дейін еңтігін баса алмай, дымқыл алақанымен маңдайын сүртіп қояды. Пойыз бір жерге тоқтамады. Анда-санда бір кездесетін разъезд, станса болмаса, осынау көл-көсір йен даланың қалған жағындағы тірлік қадау-қадау. Кейде көз ұшынан тырнадай тізіліп көш өтеді. Бір рет темір жол бойында жападан-жалғыз отырған үй кездесті. Итарқа ғып тіккен қоңыр үзікті үйдің шаңырағынан ақшыл түтін шығады. Үй маңында ботасын ерткен жабулы түйе тұсынан дүрсілдетіп өтіп бара жатқан пойызға мойнын

бұрып, құдды мына бұйығы даланың бұ да бір бойкүйез енжарлығының анық айғағындай, кәукиіп қала берді.

- Өмір осылардікі, – деді қырма сақал жауынгер.
- Әй, мыналар кім? – деді тағы біреу.
- Ақтар! Ақтар ғой.

Оннан астам атты казак алыстағы сары белге шауып шықты. Оқ жететін жерге жақындамай, қапталдасып еріп отырды да, бұлар зеңбіректен бірер атқылағасын кейіндеп қала берді. Жауынгерлер олардың түп-тұқиянын қалдырмай боқтап, өзді-өзінің орнына барып отырды.

- Бұлар барлаушылар.
- Түрі соларға келеді. Сонда, қалай... негізгі мол күш...
- Құдай білсін, қалайда сақ болу керек.
- Иә, бұл иттер қапылыста соғады.
- Комиссар, мынаны енді орнына салып қойыңыз!

Дьяков қолындағы наганды жаңа байқады. Жаңағы қарбаласта қолына ұстағаны болмаса, бір оқ атпағаны есіне түсті. Соған қысылды ма, наганды жалма-жан кабурға тыға салды. «Мені біледі екен ғой», – деді ішінен. Осы күнгі халі өзіне оңай тиіп жүрген жоқ. Бұнда келген үш-төрт күннің ішінде ештеңеге араласпай, өзімен-өзі елеусіз жүріп, бұндағы біраз жағдайға қанығып алды. Баста бұл жақта алып-жұлып бара жатқан ештеңе жоқ сияктанып еді. Орыс, татар көпестері дәуірлеп тұрған кішкентай Шалқар біреу біліп, біреу білмейтін, бас-аяғы бір-ақ уыс қала сияктанған. Сүйтсе, ұлы жолдың үстінде жатқан кішкентай қалаға осы қазір дос пен дұшпан бірдей көз тігіп отыр екен. Бір жағында Мәскеу, Орынбор, Самар қалалары жатса, екінші жағында Арал, Ақмешіт, Әулиеата, Ташкент, Түркістан. Екі жаққа бірдей қол созып, Азия мен Еуропаны бір-біріне

жалғап тұрған темір жол бойындағы станса. Вагон ондайтын цех бар. Паровоз ондайтын депо бар. Қала халқының жарыға жуығы жұмысшы. Қазіргідей аласат кезде атаман Дутовқа әзірше іргесін алдырмай тұрған айдаладағы қамал қаланың бірі екен.

Дутовтың атты әскерін Дьяков әлі көрген жоқ. Сырт хабардан естуі – соғыс тәсілі баяғы татар-моңғол әскеріне келеді. Бұлар да салт атты. Бұларда да қылыш, найза. Бұлар да ұшқыр, жүйрік атпен кең далада құйындай жосып жүріп, ылғи қапыңды тауып, қапылыста тұтқиылдан тиіп, қан-жоса ғып қырады да, сен қамданғанша тайып тұрады. Бүгін бір қаланы шапса, ертең басқа жақта, басқа қаланы, не станса, не ауылды талап, қырып-жойып кетеді.

Колчактың қазақ жеріне кірген Түстік Армиясы әлі де бас-аяғын жинап топтасып бола қойған жоқты. Атаман Дутовтың желқұйын әскерін қай жерден тосарын білмеді. Аты жүйрік әскердің ізіне түсіп, өкшелеп қуа алмады. Ел іші әбігерге түскен осы бір алмағайып заманда бұл өңірді қотан шетін күзеткен сергек сақшыдай кірпік қақпай тұрған жалғыз күш – Шалқар, Ақтөбе, Ташкент, Ақмешіт, Қазалы, Жосалы теміржолшыларынан құралған қарулы жасақ еді.

Атты казактар қазір қайта бас көтеріп, екі күннен бері Соль-Елецкіде қатты ұрыс боп жатты. Қаланы қорғаған қызылдарда күш аз. Тез арада қолма-қол көмек болмаса, атты казактар қалаға эне-міне баса-көктеп кіретін қауіп төнгесін Хан-Дауровтың әмірімен көмекке Шалқар отряды келе жатты. Шалқардан шыққалы еш жерге тоқтамай қатты келе жатқан поезд Ақтөбеден өтіп Мартөкке жақындап келе бергенде қызыл вагондар кенет бірін-бірі сүзгілеп, салдыр-күлдір тоқтады. Әскерлер жерге жапырлап түсе бастады.

– Не болды? Неге тоқтадық? – деді Мюльгаузен қасынан өтіп бара жатқан теміржолшыға.

– Ақтар жолды бұзып кетті.

– Жөндеп жатыр ма?

– Иә.

– Қашан бітеді?

Теміржолшы жауап бермеді. Әскери эшелонның бас жағында абыр-сабыр боп жатқан әлдебіреулерге айқайлап, ілгері қарай жүгіріп бара жатты. Мюльгаузен қасына кеп қатарласып тоқтаған Дьяковке көз қиығын да тастамады. Қара құмандай наған бір жақ мықынында салақтаған осы бір ауру екені, сау екені белгісіз мүсәпір кісінің қасында қатар тұрғанын ұнатпады ма, бұ да жаңағы теміржолшы кеткен жаққа жүгіре жөнелді. Кідірмей қайтып кеп әскерін көтеріп, жолды жөндеп жатқан жұмысшыларға көмекке апарды. Бұлар білек сыбанып, жаңа кірісе бастағанда «ақтар!» деген айқай шықты. Мюльгаузен бұйрық берем дегенше қару-жарағы бойында жүрген солдаттар жұмысты тастай-тастай сала рельсті бетке ұстап жата-жата қалды. Сүйткенше атты казактар да оқ жететін жерге келіп қалған еді. Мюльгаузен «дайындалыңдар», – деп ұзын шептің өн бойына айқай салды. Соны сезді ме, емініп келіп қалған жау кенет күтпеген жерден аттарының сірісін жапыра жалт берді. Өне-міне дегенше із-түзсіз көзден ғайып болды. Бірақ олардың қайтып оралып соғары кәміл еді.

Еламан шпал тасыды. Ақтардың қарасы батқан жаққа көппен бірге бұ да мойын созып қарап жүрді де, біраздасын есінен тарс шығып кетті. Жұмыс істесе көңілденіп кететін әдеті. Жолды жөндеп жатқандар мен анадай жерде үйіліп жатқан шпалдың екі арасында табаны жерге тимей зырлап жүрген-ді. Кенет тұра қап, көзіне құйылған терді сүрте берді де, ойламаған жерден

Ақбала есіне түсті. Жұмысқа орналасқан алғашқы күннің бірінде асханаға барса, Ақбала екі шелекпен дедектеп су тасып жүр екен. Бұны көргенде қуанып кетті. Шелекті жерге қоя сап жалма-жан басындағы орамалдың шетімен көзінің алдындағы терді сүрте берген-ді. Аспазшы әйелдің етшең толық балтырының арасынан құдды бауырыны жаңа көтерген күшіктей кіп-кішкентай кәнден ит шабалаңдап шәу-шәу үргенде Ақбала ыршып түсті. «Мына пәле қайтеді, әй?» деп, Еламанға жабысып тығыла қалған-ды.

Сол күні бұл өзін қандай бақытты сезіп еді! Әуелі Ақбала екеуі ішке су тасыды. Сосын бұл ағаш жарды. Ағаштарды қорыс қып жара келгенде, қарағай ма, әлде қабығы сыдырылған қайың ба, тұла бойы толған тастай сіңір безге балта батпады. Құлаштап сермесе де балта жүзі зікілдеп қолына теуіп, ақ тер, көк тер боп алқына бастады. Ыза болған Еламан балтаны кіжініп, қайта сілтеп еді, сіңірі тартылды ма, қолынан балта түсіп отыра қалды. Ана жақтан құстай ұшып келген Ақбала балтаны ары қарай лақтырып жіберді.

– Осы ағаш жетеді, – деді ол.

– Мен енді не істеймін? – деді бұл.

– Ештеңе істемейсің. Осылай менің қасымда отырасың.

Сол күн бұл екеуін бір-біріне іштей ұмтылдырып, бұрынғыдан да гөрі жақындата түскен-ді. Оны бұ да білді, о да білді. Бірақ бұның ақыры қайда апарып соғарын, немен тынарын бұ да, о да ойлатан жоқ-ты.

– Ақтар!

Еламан иығындағы шпалды жерге атып ұрды. Жүгіріп барып эшелон тұрған жолдың таса бетіне жата қалды да, көзін ілгері жаққа тастап еді; қарамы бағанағыдан әлдеқайда көп қалың қол қаптап келіп

қалған екен. Еламан белдігінде жүретін екі гранатты босатып алды. Мылтығын оқтады. Сосын көңіліне қобалжу енді ме, жүрегі лүпілдеп бара жатқасын баяу жел астында ырғалып тұрған бір түп жусанға қол созып, жалтыз талын жұлып алды.

Осы кезде Мюльгаузеннің «дайындалыңдар!» – деп айқай салған даусы шықты. Сол екі арада атты казактардың алдыңғы легі бұлар бекініп жатқан темір жолдың тура қарсы алдындағы сайға жетіп қалған-ды.

– Пулемет!.. – деді Мюльгаузен айқайлап.

– Өзірміз.

– Зеңбірек!

– Біз де...

Ана жақтан қаһарын тігіп келген қол сайға түскен бойда жер жұтқандай аттар да, адамдар да көзден ғайып боп, тек әуеде мың сан тұяқтың дүбірі қалды. Еламан көзін гранатқа тастады. Сосын, эне-міне дегенше сайдың жарқабағынан шыға келетін жаудың қарауылға қай бұрын іліккенін нысанаға алуға әзірленіп, демін жұтып, тым-тырыс бола қалды.

Дүбір әлгіден де гөрі жақындай түсті. Дегбірі қашқан Еламан басын бір көтерді, бір бққты. Бірақ оны өзі сезген жоқ. Тек айқасқа әзірленіп мылтығын көтере беріп еді, қарауылы шоршып тұр екен. Еламан шошып кетті. Кенет көзі екі саусақ арасында қыстырылған жалғыз тал жусанға түсті. Тастай салғысы кеп тұрды да, әлденеге мұрнына апарды. Ойқой, дала шөбінін, осы бір тыныс ашар иісі-ай! Бүйдеп ол бірақ кейін... көш кейін ойлаған-ды. Онда да, сатыр-сұтыр сотыс біткесін, сарт-сұрт солдат өмірінің эне бір азғантай тыныштығында темір жол бойында болған осы бір жан алып, жан бергендей жаталасты ойлағанда ғана дала шөбінің сол

бір көңіл ашар даһуайы иісін жаны сүйсіне еске алған болар-ау!

Ал әлгі темір жол бойында болған соғыста... Иә, сол соғыста қалай десе де жалғыз тал жусан иісі әсер етті ме, Еламан қайта сығалағанда, мылтық қарауылы шоршымай орнында тұр екен. Сүйткенше, иек созым жердегі сайдан әуелі найза ұшы қылтылдады. Сосын қылыш жарқылдап, іле-шала өңмендеп ұмтылған атты казактардың өздері шыға-шыға келгенде Еламан мұрнына апарған әлгі жалғыз тал жусанды әдеттегідей құшырланып иіскеуге шамасы келді ме, жоқпа, оны кейін қанша ойласа да есіне түсіре алмады. Есінде қалғаны – жусанды лақтырып жіберді де, жалма-жан мылтыққа жабысып, даусын даусына қоса алмаса да, түтінін түтініне қосып, қатарынан үсті-үстіне екі атқанын біледі. Дәл сол кезде темір жол бойына бекінген Шалқар жұмысшыларының жасағы бәрі бірден оқ жаудырып, пулеметтер тақылдап, мылтықтар тарсылдап, зеңбірек күркіреп, аспан асты алағай да былағай болды да кетті. Сайдан шыға-шыға келген көп аттылының ішінен Еламан көзіне алдымен іліккен жирен сары сақалдыны атып еді; ол қылыш ұстаған қолы сылқ етіп, аттан ұшып түсті. Тас бұршақтай себелеп жатқан мың сан оқтың іпгінде бұл өзі атқан оқтың кімге тиіп, кімге тимей, құла далаға зулап лағып кетті ме, жоқ па, ол арасын білген жоқ...

Сонан бір кезде ұзын шептің өн бойынан «жау қашты!», «жау қаштылаған» дауыс шыққанда ғана бұ да, басқалар да есін жиып, айналаға көз салса, жаңа ғана бұлан-талан ұрыс болған дала аспанынан дәрі иісі әлі де айыға қоймапты. Еламан «тым құрыса ауыз шаятын су болар ма еді» деп ойлады. Дьяковты қасына келгенде ғана көрді.

– Қалайсың? – деді Дьяков.

– Құдай сақтап, әйтеуір тірі қалдық.

– Не болса ол болсын, әкесін таныттық. Қалай ойлайсың, қайтып соғар ма екен?

– Кім білсін...

– Менімше соқпайды, – деді Дьяков. Кеудесі сыр-сыр етеді. Ентігіп ауыр дем алып тұр. Соған қарамастан өзі көңілді. Еламан көз қиығын оған көлденеңнен бір-екі тастады. «Жаңа өзін қалай ұстады екен?» – деп ойлады. «Сірә, бұның қолы дірілдемеген болар», – деді ішінен. Орыс-түрік соғысында көргені бар: жайшылықта екі иығын жұлып жеп, айналасын апырып-жапырып жүретін әне бір өкіректеген әпербақандардан гөрі қызыл қырғын соғысқа кіргенде қайта осындай қой аузынан шөп алмайтын жуас, момын кісілерге арқа пайда боп, бір түрлі аруақтанып кететін-ді. Дьяков, шынында да, жаңағы шайқастың әсерінен әлі де болса арыла алмай, маңайдағы мына жұртты, аспан астындағы мына айдай әлемді қазір, тап осы қазір ғана көріп тұрғандай таңырқап та, таңданып та қарады. Кенет әне бір ақ селеу ме, әлде мына бір боз жусанның түбінен бе, шегіртке шырылдап, іле-шала анадай жердегі іннен сарышұнақ жылтыңдап, жаңа ғана қырғын соғыс болған далаға жан ене бастаған-ды.

– Ақтар!

* * *

Бұл Дьяковтың өз өмірінде қатысқан бірінші соғыс еді. Бұл бағана ұрыста өзімді ұстай алмай, масқара болам ба деп қорқып еді. Рас, алғашқыда көңілі қобалжыды. Ала-қиғаш ұрыс үстінде Мюльгаузен бұған бірер рет бұрылып қарады.

Қалай десе де осы жорықтан бұл көңілді қайтты. Дала. Көк аспан. Таза ауа. Бұрқыраған ащы жусан иісі әлі мұрнында тұр. Дертке шипа, дәрі, дауаһи шөп көрінеді. Осы жолы күн де айта қалғандай ыстық болған жоқ. Жаз бен күз айының аралығындағы сары шуақ. Көк те, жер де, күллі жан-жануар, айдай әлем маужырады да тұрды. Көңілге болмаса, осы жорықтан кейін бұл анауымынауы елемей, аяқ үсті жүре беретін болды.

Жорықтан келгесін де қол қусырып қарап отырмай, әскердің жаттығу ойынына қатысты. Онан сәл қолы босаса жұрттың басын құрап, елдің ішкі-сыртқы жайын әңгімеледі. Бүгін де жұрт алдына шығып сөйлеп тұрғанда арт жақта отырған қарт солдаттың қор ете қалмасы бар ма. Жұрт ду күлді. Қарт солдат оған қысылған жоқ, қайта жағы жыртылғанша есінеп алды да, «түнде күзетке тұрып едім», – дей салды.

Отряд командирі бұны көзіне іліп жүрген жоқ. Соны байқағасын бұ да оның көзіне түсе бергісі келмей, сырғаяқтап кете беретін. Тек жорықтан келгесін көп ұзамай бұл екеуі бір рет бетпе-бет кездесті.

– Жігіттер шаршаған секілді. Үсті-бастары да кірлепті. Егер қарсы болмасаң...

Үй іші жым-жырт. Бұрын дәл осындай тыныштық орнаса ауызғы бөлмеден қабырғаға ілген ескі сағаттың тықылы естілетін. Таяуда о да тоқтап қалған-ды.

Мюльгаузен дәл қасынан комиссардың құдды өрге қарап жүгірген кісідей сыр-сыр еткен көкірегін есітті. «Мына бейшараның сау күні жоқ екен ғой», – деп ойлады. Бір есептен басы мен аяғына қара сүрік киіп сықырлаған әлгі біреулерден гөрі, қайта осыны жібергені дұрыс болды. «Бұған жылы жер, жайлы төсек болса жетіп жатыр. Ұмытпай тұрғанда бұған жағдай жаса деп старшинаға тапсырып қояйыншы», – деп

ойлады Мюльгаузен. Дьяковтың жаңағы әңгімеге орай өзінен жауап тосып отырғанын байқап:

- Қарсы емеспін, – дей салды.
- Жарайды. Тек артынан ақылдасып істемедің деп...
- Жоқ. Дегенің білсін.

Дьяков ендігі жерде тіл табысып кетерміз деп дәмеленіп еді; бірақ ол ойлағаны болмады. Отрядқа тірелген бар шаруаға бұны араластырмай, бұрынғы әдетпен бір өзі шешіп жүр. Соны байқаған жұрт та бұның алдына келе бермейді. Бұның комиссарлығын сыйлағаннан гөрі аурулығын аяйтын сияқты. Мюльгаузенге салсаң: халық өз алдына, қарулы күш өз алдына. Ел ұлтаны қазақ... Мал баққан момын халық болса да, арғы заманда бұларда да өз елін, жерін қорғаған батырлар аз болмапты. Тек осы өңірде Көтібар батыр, Арыстан батыр, Есет батыр бопты. Еламанның да жетінші атасы Тойғожа батыр көп соғыстың бірінде балтырын садақ оғы көктеп өтсе де, «жау марқайып кетеді» деп, жаралы аяғын қанжығаға қайырып байлап тастап, алысып-жұлысып жүргенде ақыр аяғында ұшына тиіп, жаралы аяқ күп боп ісіп, өлуге қарағанда, сынықшыға кескізіп тастапты. Сонан ел арасына «ақсақ бөрі» атанып кетіпті. Ендеше, бұл ел қазір құрық, қауға ұстап мал соңында кетсе де, баяғыда бұлардың да іргесінен жау арылмай, ер-азаматы ерлік пен ірілік сыналатын жерде намысты қолдан бермепті.

Дьяков осы ойын отряд командиріне құлаққағыс қып еді, Мюльгаузен мырс етіп:

- Тағы не айтасың? – деді.
- Мен болдым. Мүмкін, өзің бірдеңе дерсің?
- Солай де...
- Иә, осыны ойласақ...

– Сонда... Сенің ойыңша бір ауыз орысша білмейтін киргиз...

– Қазақ.

Мюльгаузен мүдіріп қалды. Сонысы жынына тиді.

– Киргиз! Тағы киргиздар.

– Шарадан шығып кеттің ғой.

– Сен шарадан шықпай тұрсың ба? Бір ауыз орысша білмейтін... қара надан кісілермен ұрыс үстінде ымдасып жүрмекпіз ғой? Солай ғой, ә?

– Ұғысу оңай. Тіл үйрену тіпті қиын емес.

– Брось! Олар тіл үйренгенше...

– Олар да үйренсін. Олардың тілін өзіміз де үйренейік.

– Мен үйренбеймін. Үйренгім де келмейді. К черту! Ал олар орыс тілін үйренгенше соғыс та бітеді.

– Халық соғыс біткесін де керек.

Мюльгаузен тағы да мүдіріп қалды. Аузына сөз түспей, ызаға булығып, қып-қызыл боп кетті.

– Халық... Халық! К черту!

Дьяков үндемеді. Мюльгаузен әлі де біраз бұркылдады. Байқап отыр, ашудан гөрі байбалам басым.

– Комиссарсың ғой. Бұл сенің шаруаң.

– Ендеше Еламанды аулына жіберем. Жерлестерін жинап әкеледі.

– Мейлің білсін.

Дьяков жылдам басып сыртқа шықты. Мюльгаузен үй ортасында үнсіз тұрып қалды. Оңаша қалғасын өзінен-өзі мырс етті. Бұны отряд өміріне араластырмаспын деп ойлап еді; осы арада жаңағы ілмиген эп-элжуаз кісінің қапелімде тізгінді қолына қалай алып кеткеніне таң. Бір жұбанышы: ертең оның мына ісінен ештеңе шықпасына кәміл сенеді. «Сен көксаумен сонда сөйлесермін» – деп ойлап, зәрі мен зілін соңырағы күнге сақтап тұр.

Ақбала бүгін үйге күндегіден кеш қайтып еді. Осы бүгін күндегісінен ала-бөле қатты шаршады. Арбакеш орыс бүгін тағы да мас боп, ыңыршағы айналған арық атқа жеккен ескі арбасы қисалақтап түс ауа эзер жетті. Онда да асхана алдындағы жалғыз терекке тұмсығын тірей тоқтаған жаман тұғырдың жанына сылқ етіп отыра кетіп: «Хал жаман, маржа. Ой, ой!..» – деп, қос шекесі солқылдап әкетіп бара жатқан басын шайқап-шайқап қойды.

Онан қайыр жоғын көрген Ақбала шыт көйлектің шалғайын жоғары көтеріп ышқырына қыстыра салды да, аяғы жерге тимей зырлап жүріп бір бөшке суды асханаға жалғыз өзі тасыды. Сол күні ол үйге эзер жеткен еді. Бұрын бұндайы жоқ еді, қатты шаршағандікі ме, кішкене жүргесін жіліншігі жеміріліп бара жатты да, капуста сорпа құйған топатай шелекті жанына қойып отыра кетті. Осы жұмысқа үйрене алмай-ақ қойды. Аяқтабағы араласып отырған абысын-ажын болса бірсәрі. Тым құрыса тілін түсінсе екен-ау! Ең арысы, ананы әкел, мынаны істе дегенде де сөзбен түсіндіре алмай ымдап жатқаны. Бұл соның өзін бірде түсінсе, бірде түсінбей, әр әйелге бір қарап, көзі жаутаңдап тұрғаны. Жұмысты тастайын десе, Еламанды ренжітіп алатындай көреді. Сүйтіп жүріп, әйтеуір аяқ жолын танитын бір-жар сөз үйренді.

Осыларды орыс деп бекер бөлектейді. Тілі, діні басқа болса да жынысы бір болғасын әйел қасіретін әйел түсінбеуші ме еді. Көкіректі қарс айырып бара жатқан қасіретті түсінгесін қай ұлт болды не, жүректі сыздатқан мұң мен зарды тілсіз-ақ ұғатын көрінеді

ғой. Аспазшы әйел атын қанша айтса да тілі келмеді. Сосын былшиған сап-сары бетіне қарап, ауылдағы көп қатынның біріндей оны да ішінен «Сары апа» деп атап кетті. Осы бір қобыраған-собыраған мейірімді жан бұған қазір Райдың әжесі мен Әлизадан бір де кем емес. Бұл өзінің басындағы қиындықты тілінің ұшына алмаса да, Сары апа заты әйел ғой, бір жолын тауып, бұның бар жағдайын біліп апты. Сонан бері күнде жұмыс аяғында жетім балаларға қалған-құтқан тамақты топатай шелекке құяды да, Ақбаланың қолына ұстатады. Бұны басқа әйелдер де аяйды. Бұны Еламан да аяйды. Отынын жарысады. Суын тасысады. Оның келгенін, тіпті жиі келгенін ар жағы тілеп тұрса да, басқа басқа, бірақ тап Еламанның аяғаны жанына қатты батады, қорланады.

Кеше де... Иә, кеше түсте әскери эшелон келді. Тұла бойындағы темірлер күлдір-салдыр тоқтаған қызыл вагондардан опыр-топыр түскен солдаттар лап беріп ресторанға жүгірді. Қашан келсең де қышқыл қапуста иісі аңқып тұратын темір жол рестораны эп-сәтте сатырлаған солдаттарға толып, абыр-сабыр болды да кетті. Бірі ас сұрап, бірі су сұрап, тұс-тұстан шулап жатты. Ақбала сырттағы суды ішке тасып сүрініп-қабынып жатқан үстіне Еламан келді. Жем бойынан жорықтан келген беті екен. Қай жақтан қашан оралса да ешқайда мойын бұрмастан салып ұрып бірден Ақбалаға келетін әдеті-тұғын. Ақбала да оны асыға күтетін-ді. Ала-бөле бұған сол күні бірдеңе көрінді. Екі шелек суды үстіне төгіп-шашып әзер көтеріп жүріп те сол күні Еламан басынан бір сәт шықпай қойғаны. Оның әне-міне келіп қалатынын өзінен бұрын жүрегі сезетін сияқты. Иә, жүрегі... жүрегі құрғыр сезген еді. Сүйткенше, ту сыртынан бағып тұрған бір ыстық жанарды сезгені сонша, жерден енді ғана көтере берген екі шелек

қолында, қалшыып тұрып қалды. Жүрегі аблығып алқымға тығылды. Қас қағым қыбыр етпей тұрды да, кенет оқыс бұрылып, жалт қараса... Шынында да сол!.. Соның дәл өзі!.. Дап-дардай басымен жасырынбақ ойнаған жас балаша бір теректің тасасынан бұған мойнын созып қарап тұр екен. Ақбала бұрылғанда о да тасадан күлімдеп шыға келді. Әр кездегідей бұл жолы да үн-түнсіз кеп Ақбаланың қолынан шелегін алды.

– Екеулеп тасиық, – деді Еламан.

– Жоқ-қ, өзім... Сен дем ал, жолдан шаршап қайтқан шығарсың.

Ақбала тағы бірдеңе дегісі келгендей оқтала түсті де, тоқтап қалды. Еламанның жолынан ығысып кейін шегініп тұрды. Жаңа дедектеп су тасып жүргенде қобырап кеткен шашын жалма-жан жаулық астына жинап, басына қайта тартты. Баяғыда бұлар үйленгенде де осы жігіт қаңтардың не бір қақаған суығында балықтан үсті-басы сықырлап келетұғын. Сонда да дәл осы қазіргідей үн-түнсіз Ақбаланың қолынан істеп жатқан шаруасын алатұғын. Сыртта жатқан отынды ішке кіргізетін. Суды әкелетін. Отты жағатын. Ыбырсып жатқан от басын қағып-сілкіп, әп-сәтте үй ішін тап-тұйнақтай ғып жиятын. Ақбала соның бәрінде де өзінің осы үйге келіншек боп түскеннен бергі неге де енжар, сұлық қалпын бұзбай, күйеуіне көлденеңнен таңдана қарап көз сап тұратын да, еркек кісінің от басының шаруасына кіріскенін не жақсылыққа, не жамандыққа жорырын білмейтін. Соның жөнін қанша ойласа да, бірақ тап осыны қай орынға қоярын білмейтін де, иығын қысып, бұрылып жүре беретін. Енді қазір... басындағы жаулықтың бір ұшымен көзінің алдында сынаптың сіркесіндей шүпірлеген терді сүртіп, екі шелек суды қаңбақ құрлы көрмей зырлап жүрген жігітке күлімсірей

карап тұр. Ал Еламан әлденеге сұқтана қалған әйел көзінен қысылды ма, жүзі тайсақтап, бетін ары бұра берді.

Ақбала күлді. «Адам өзгермейді екен ғой», – деді Ақбала ішінен. Әлі сол баяғысы. Шынында, бұл сонан бері басынан не кешпеді: шынжыр кісенді шылдырлатып Сібірге де айдалды. Онан қырғын соғыста қан кешіп қайтты. Қазір де шыбын жанын шүберекке түйіп от ішінде жүр. Сонан келе... әлі сол баяғысы. Сол баяғы ұяң мінез, сол баяғы сәл нәрсеге қоң етінде мейірім жоқ: көре қал, суды қазір-ақ тасып бітеді. Бәлкім, екеуі бірге қайтатын шығар. Сонда қайда барады? Мүмкін, көл жағасына барар! Егер ол... көлді қаламаса... Мейлі. Дегені білсін. Бір бүгін емес, ендігі жерге, бұнан былайғы бар кез, бар уақыттың бәрінде де соның, тек соның дегені болсын. Еркектің алдына шыққан бір әйел мұратына жетсе, басқаны қайдам, бұның төрт құбыласы түгел болар еді ғой. Ендігі жерге, ендігі қалған өмірге ол қайда барам десе де жөн сұрамастан бас билігін соның ықтияр еркіне беріп қойып, ал бұл өзі осы мына ала көз қара жігіттің жанында қара жерді қатар басып бара жатқанына да пейіл болар еді-ау!

Ақбала қасына кеп терін сүртіп тұрған Еламанды кеш байқады. Онда да Еламанның тіл қатқалы оқталғанын көріп, ол қазір: «жүр, кетейік!» дейтіндей үміттеніп жалт карап еді, ол бірақ тайсақтап көзін алып қашты.

– Мен... мен енді...

Ақбала қате есіткен жоқпын ба деп қалды.

– Сары апаң су жетеді деді. Мен... Мен енді...

– Рақмет!

– Кетейін.

– Кете бер!

Осы сөз аузынан қалай шығып кеткенін Ақбала өзі де

аңдамай қалды. Еламан бұрылып жүре берді. Екі иығының басы салбырап, еңкіш денесі бұрынғыдан да гөрі иіле түскен. Артына қайрылмады.

– Жігітің бе?

Ақбала Сары ападан бетін қашыртып бұрылып кетті.

– Жақсы жігіт. Ренжітпе! Бар, қуып жет!

Ақбала басын шайқады.

– Бекер істейсің. Бұндай жігіт табылмайды.

Онсыз да өзін әрең ұстап тұрған Ақбала Сара апаның көпшіктей кеудесіне бетін басып өкіріп жылап жіберді. Сары апа осыдан қашан көз жасын тауысып, солығын басқанша жұбатпады. Әйел сыры белгілі: қашанда көкірегі шерге толып жүретін сорлылардың, бір есептен осылай іштегі шерді сыртқа шығарып жеңілдеп алғаны дұрыс.

* * *

Сол күні Ақбала үйге әзер жетті. Өзіне үрпиісе қараған балаларға назарын аударған жоқ. Төр алдында жаюлы жатқан алашаға сұлдері құрып отыра кетті. Сонан қанша отырғаны кәперіне кіріп шықпай, қос тізесін құшақтап қыбыр етпей отырғанда, сырттан әлде біреудің ақырын басқан аяғының дыбысын есітті. Оған да селт етпей, тек ішінен «Әнуар шығар» деп отыра берген-ді. Жоқ, мынау үйге жақындап келді де, әлде неге батылы жетпеді ме, не ары, не бері баспай, сап боп тына қалды. Өзін іздеп келетін айдай әлемде тірі жан жоғын білетін Ақбала бұған да селт етпей, тек ішінен мырс етіп күлді де қойды. Бұларға жапсарлас салған бір бөлмелі үйде жалғызбасты келіншек тұратын. Кеш түссе болды, жеңіл жүрісті келіншекке осы қаладағы астымен алысып жүретін жастар бірінен кейін бірі келіп бел суытып жүретін. Аяғын ұрлана басқанына қарағанда, мынау сондай біреу. Әне, баса-көктеп кіріп

бармай, әуелі есіктің жапсарына жабысып тұрып ішке құлағын төседі, іште келіншектің өзінен басқа ешкімнің жоғына көзі жетті, көре қал, енді қараңғыда қызыл шоқ жылтыраған темекі тұқылын құныға бір-екі сорды да, аяқ астына тастай салды. Сосын сықырсыз ашылған есікке сып беріп кіріп, ішінен іліп ала қойды.

«Осынікі дұрыс» деді Ақбала. Басына бұрын-соңды келмеген қайдағы бір қияңқы ойға таңқалған да, таңданған да жоқ. Басқасы басқа, бұл бейбаққа Алла атымен ақ некесін қиып, кешегі өзі бас қосқан екі еркектің – не тағдыр, не Тәңір қосқан бірі болмаса бірі бұйырмағанын қайтерсін. Тіріде көрер қызықты бұл жазған көктен қиялдап, аспандағы жұлдызға қол созып жүргенде жердегі сыбағадан құр қалды. Тым құрыса, төмен етекті көп қатын ғұрлы күн кешіп, еркек құшып, нәпсі қызығын көре алмағасын, шынында да мына адыра қалғырды сол ана көрші үйдегі жезөкше қатындай әлде бір шайтансыраған еркектің зәруіне жаратпай, сары майдай сақтап қайтеді.

Ақбала тағы да мырс етті. Ол, бірақ, қан-сөлсіз құп-қу бетінде зәредей ащы мысқыл ойнап шыға келгенде, өзінің сол ана ашулы шақар әкеге қатты ұқсайтынын сезген, байқаған да жоқ-ты.

Бөбек жар басындағы балықшылар ауылына кеп жатқалы бір жеті. Ауыл арасы қашық болмаса да, күйеуге шыққалы бұл жаққа сирек қатынайтын. Осы жолғы келісі тым оқшау. Жарымжан апасының басындағы қиындықты есіткесін шыдап отыра алмады. Ет жегісі келгенде айт жоқ-шайт жоқ атқа мініп, ел аралап қыдырып кететін күйеуінің үйде жоғын пайдаланып, емізіктегі кішкентай баласын алып жүріп кеткен-ді.

Бір қол, бір аяғынан айрылған апасы от басында шөгіп отырып қалған екен. Бөбек келгелі күтімі жөнделді. Кір-қоңы жуылды. Баяғы ер-азамат бардағыдай ошағында от жанды, қара қазан, қара шәйнек асып-түсірілді. Елмен бірге ас-су ішіп, ерте жатып, кеш тұратын болғалы жетім кемпірдің жүдеу өңіне қан жүгіріп келе жатыр еді. Бір күні жұрт шырт ұйқыда жатқанда сотқар қайнағасы ауыл-елді шулатып шауып келді де, дүрс етіп аттан түсті. Іле-шала жолда тұрған құманды құлатып, шылапшын, шелекті даңғыратып кіріп келе жатты.

– Атаңның көрі... бұл үйдің кісілері қайда, көрдей ғой түге!

Бөбек шам жақты. Жұрттың зәресін ұшыра келген күйектей қара сақалды кісіге назар салмай сыртын беріп отырды да, шошып оянған баланы бауырына қысып алды.

– Тұр, жинал!

– Қайнаға, бұл да біреудің түгін түтетіп отырған үйі. Сәлем жоқ, сауқат жоқ, кірмей жатып өкіреңдеп...

– Әй, атаңның көрі... не дейді мына мұндар, а? – деді қара кісі сасқалақтап. Бұл өңірде шүйкедей әйел түгіл, дыңдай ерекектер де бұның қаһарына қарсы келе бермеуші еді, – қап, мына сайқалдың зәбірін-ай! Кәне!.. бол, жүр, алдыма түс! Осыдан сені байыңа апарып, ауыл айналдыра сабатпасам ба, бәлем.

– Оның бәрі көріп жүрген қоқайым. Кемтар апамды тастап кете алмаймын.

– Ә-ә, со-лай ма?

– Солай.

– Ой, атаңның көрі, ендеше, сенің сазайыңды өзім берейін – деп, күйіп-піскен қара кісі міз бақпай отырған келіншектің қос бұрымын қолына орап-орап алды.

– Құдайдан қорықсаңшы! – деп, сүйретіліп кеп шалғайына оратыла берген Әлизаны бір тепті. Енді жоғары

көтеріп алған қамшысын ішке асығыс кірген әлде біреулер қолынан жұлып алды. Онан әрі қолын артына қайырып байлады да, сыртқа сүйретіп алып шықты. Үй алдында тұрған атын мінгізді де,

– Ал енді жөніңді тап! – деді.

– Ой, атаңның көрі! Әй, Әли, Рза, сендерді білем, тұра тұр, бәлем.

Ірі қара кісі атын тебініп шаба жөнелді. Әлиза бұл түні көз ілмеді. Ертеңіне шай үстінде ол: Бекер істедің ғой, шырағым. Әлі де болса үйіңе қайт» – деп құлаққағыс қып еді, Бөбек үндемеді.

«Ай, сорлы балам-ай, сенің де күнің мүшкіл. Жынды күйеуің сау болса, әлі талай өліп-тірілерсің-ау» Әлиза келсі күні де көз ілмей шықты. Тек онан келесі күні таң ағарып атып келе жатқанда қалжыраған кәрі әйел көзі ілініп барады екен. Бейсуат біреу ат басын үйге тірей тоқтады. Әлиза: «Ожырай болды-ау» деп ойлап, қол созым жерде жатқан Бөбекке қарап еді, о да ояныпты. Басынан сыпырылып түскен ақ жібек орамалды қайта тартып, қара мақпал қамзолдың жеңін кигенше шыдамай сыртқа жүгіріп шығып еді.

Әскерше киінген біреу аттан түсіп жатыр екен. «Жасаған Ием-ау, мынау... Мынау Райжанның ағасы ғой» деп, қол-аяғынан әл кетіп, сүлдері құрыған бойымен есікке сүйене берді. Жаңа асыққанда бір жеңін ғана киген қара мақпал қамзол сусып, иығынан сыпырылып бара жатты. Әскери кісі үзеңгіден аяғын ала берген күйі бұрылып артына қарап еді, есік алдында ес-түссіз сілейіп қалған талдырмаш бойлы келіншекті көрді де, бұл да ат тізгінін тастай сала «Бөбек... Жаным-ай!.. Қарағым-ай!» деп қолын соза ұмтылды. Бөбек Еламанның құшағына құлай кетті.

– Бөбек... Қалқам!..

Содан артық сөз аузына түспеді. Бұл кезде балықшылар

ауылы ояна бастап еді; ауылға келген кісіні елден бұрын көретін Қарақатын сыртқа жүгіріп шықты. Жылаған балаға да қайырылған жоқ.

– Ойбай, енді не бетімді айтайын! Масқара! Мас-қара!

Оның барқыраған даусынан Судыр Ахмет оянды. Ұйқылы көзін уқалап, көйлекшең, дамбалшаң бойымен дедектеп есікке барды. Іннен шыққан суырдай ұзын мойнын сыртқа созып, ақжарғақ аламан құлағын дыбыс шыққан жаққа тікті.

– Тфа... тфа-а! Мына пәлелер табысқан екен ғой.

Бір-жарлап балықшылар да көріне бастады. Қайсыбір ерте тұрып, теңізді бетке алып кетіп бара жатақан балықшылар да түсі басқа жолаушыны көріп, ізінше кері қайтып келе жатты.

Қапелімде көп кісі жианылып қалды. Әли мен Рзаның екі езуі екі құлағында. Ал, Қарақатын кимешек астынан құлағын шығарып алған. Аяқ астынан әлденеге қыбы қанып, қасында тұрған мосқал әйелді санынан бұрап үзіп алып еді, анау жалт қарағанда бұл жалма-жан иегімен Бөбекті нұсқады.

– Бұл сайқалдың басқан ізі бүлік. Көре қал, осыдан кейін тағы да қантөгіс болады.

– Тек, естіп қалар.

– Е, есітсе қайтейін.

– Елден ұят та.

– Несі ұят. Кісі өлімі болғалы тұрғанда ұяты несі. Күні кеше алып кетем деп келген қайнағасын қуып жібермеді ме?

– Қой әрмен, шүйкедей әйел алпамсадай еркекті қалай қуушы еді.

– Құдай шебер-ай, көз бар ма сенде? Ақбала сияқты мына сайқал да осы ауылдың дындай бір еркегінің басын

айналдырып алды емес пе? Иә, Әлидің басын айналдырып алды ғой.

– Қой әрі! Соған аузың қалай барады.

– Қап мынаны-ай... Қарап тұрмай тілімді қышытқаны несі-әй. Бұл белгілі сайқал емес пе? Ана жылы екі ауыл осыған бола қырыла жаздап...

– Туһ сенде...

– Туһ дейтін түгі жоқ. Қашанда біреудің қаңсығы біреуге таңсық. Еркек иттерде ес жоқ. Ажарлы қатын көрсе ақыл-есінен танып қалады. Сосын олар қызыл көрген құзғындай әукесін салып...

– Өй! Белім-ай...

– Иә, иә, масқара... Масқара!.. Әне бір бір жапырақ тек өзінде бар да өзгеде жоқтай...

Әли Еламанды үйіне алып кетті. Жиналып қалған жұрт олардың соңында қау-қаулап кетіп барады. Жұрт ішке сыймаған соң сыртқа төсек салынды. Еламанның келген бетте байқағаны: бұл жақ әлі де май тоңғысыз жылы екен. Шөптері де биыл бітік, қау. Шыбын-шіркей азайса да, үй-іші мен күнгей беттерде бірен-саран маса ызылдады. Шай үстінде жиналған жұрт қонақтан қала жайын сұрады. Өздерінде тышқақ лақ болмаса да, базарда мал қалай, қай малдың нарқы қанша, төрт түліктің қайсысы өтімді деп сұрады. Өздеріне қатысы жоқ, жабдан бос әңгімені ұнатпаған Әли осындай жердегі өзінің тік мінезіне басып, үй ішінде етек алып бара жатқан кеу-кеуді қатты жекіп тыйып тастады да, Еламаннан жаңа үкімет жайын сұрап еді. енді бірі: «Біздерді қашан жарылқайды? – деді. «Байларды қашан құртады? – деді. «Жер тәңірісі деп жүрген патшаны құлатқанда, бергі жағындағы байларға әлі жетпей жатыр ма? – деп, көп кісі қауқылдап кетті. Сөзге ара-тұра Судыр Ахмет те араласып кетіп отыр. Осы қазір өзі көңілді. Ырғайдай мойнын қайта-қайта қазан жаққа

созып, кеңірдегі қылқ етіп сілекейін тартып қалады.

Қарақатын екі жеңін сыбанып алған. Біресе былқып пісіп жатқан балықтың дәмін көрген боп, енді бірде тұзын байқаған боп сорпасын шайып ішті. Көбігін сапырған боп сылтауратып, қазанның бет жағында жатқан шұрай кеспенің бір шетін ожау қасықпен шекіп алды.

– Қап! Мына қара албасты қарғадай шоқып құртатын болды-ау, – деді Судыр Ахмет.

Еламан күліп жіберді. Қанша берекесіз болса да, мынау бұның бала жастан бірге өсіп, біте қайнаған ортасы. Араға қанша уақыт түскесін осы бір құстың ұясындай өзіне орасан ыстық ортаға қайта қауышқанына жаны жадырап, көңілі құрғыр да марқайып мәз болған жігіт осыдан қашан Әлидің келіншегі тысқа шығып үйдің бір іргесіне төсек салғанша шаттық күлкі өңінен бір сәт айықпады. Тек осында келгелі әлде бір нәрсеге көңілі алаңдап, ойы онға бөлініп кете берді. Үй толы кісілердің арасынан мыналардан да басқа тағы бір жандардың ыстық жүзін іздегендей елендеп, кірген-шыққандарға қарап қап отыр. Енді бірде: «Төлеудің үйі қайсы еді?» деп ойлап, жар басында жыпырлаған жерқазбаларға көз тастады.

Балық желінгесін де жұрт жуық арада тарамай, өздеріне тән теңіз үстіндегі машықпен лапырып, бірнешеуі бірден қауқылдап сөйлеп жатқан-ды. Бала көтерген бір әйелді Еламанның көзі шалып қалды. Есік жақта босағаға сүйеніп тұр екен. Ептеп шырамытса да, бірақ май шамның сығырайған әлсіз жарығынан жүзін анықтап ажырата алмады. Неге екенін қайдам, қараған сайын Айғаншаның жақсы көретін жеңгесіне ұқсады.

Ертеңіне Еламанның өтініші бойынша Әли мен Рза бұл ауылдың ер-азаматын түгел жинады. Бас-аяғы екі жүзден астам мол жиын ауыл сыртындағы дөң басына шығып, Еламанды орталарына ала отырды. Еламан сөзін бастамас

бұрын бір шетте басын баурына алып тұқырайып отырған Досқа көз тастады. Дос бұнымен әлі тілдескен жоқ; жаңа да бұның сәлеміне басын изеді де, түсін бермей ілгері өтіп кетті. Жанында Қалау. Тағы сондай оннан астам кісімен бір шетте өз алдына оқшауланып отыр. Сөйлеп тұрып та көз қиығын олардан айырмаған Еламан қазір дүниенің екіге қак бөлінгенін айтты. Қызыл мен ақ. Дос пен дұшпан. Екі жағы да бітпес жаулықпен бетін ашып алды деді Еламан. Бірін-бірі қашан қара жерге тығып жібергенше тынбайтын екі күш, әсіресе, кәзір от шарпысып тұр. Осы бір жан алып, жан беретіндей ақырғы айқас алдында қызылдар жағы қазақ жігіттерінен қарулы жасақ құрмақ боп ұйғарып, сол мақсатпен бұны осында жіберіп отырғанын айтып еді. Балықшылар үндемеді. Қайсы бірі басы бауырына түсіп, жер шұқылап кетті.

– Біз ешкімді зорламаймыз, – деді Еламан.

– Оларың жақсы екен, – деді Достың жанында отырған бір жігіт.

– Иә, бұл орыс пен орыстың соғысы ғой. Қазақ араласып қайтеді? – деп, тағы біреу күңк етті.

– Сөзіңе болайын. Жаңа Елаға кедей мен байдың соғысы деген жоқ па? – деді мына жақтан аласа, бірақ нығыз денелі дембелше бір жігіт.

– Е, онда өзің неге бармайсың?

– Барсам барам. Ал қайтесің?

– Қайтем, шалғайыңа жабысар дейсің бе?

– Ха-ха!

– Жолың болсын!

Дембелше жігіт намысы өртеніп, күйіп тұр. Әлдебіреу өзін қостай ма деген үмітпен ол екі беті дуду қызарып, төбе басында дөңгеленіп отырған кісілерге жағалай қарап өтті. Жұрт жерден назарын көтермеген соң, ол ширақ басып ілгері шықты.

– Елаға, мен әзірмін.

– Рақмет.

Еламанның дәл қасында тұрған Әли мен Рза қатар тіл қатты:

– Осы ауылда аяқ артар көлік жоқ! Шетінен қара жаяу.

– Оған қарап тұрған не бар?

– Бәрі соған байланысты. Ат болса адам табылады...

Дос бастаған топ үн-түнсіз орындарынан түрегеліп, сырттап кетіп бара жатты. Еламан кешегідей емес, бүгін сөзге сараң. Әсіресе, мына жиын алдында үлкен көзінің қарашығы ауырлап, кісі өңіне тіл қатар кезде жанарын жоғары көтеріп, әрқайсына салмақпен бір-бір қарап шықты. Дос пен оның абызындағы азғана топ болмаса, балықшы ауылдың бас көтерген басқа ер-азаматы тізгінін бұның қолына беретінін байқатты. Сосын Еламан Рзаны қасына шақырып ап Тәңірбергенге аттандырды. «Бар, менен сөлем айт, жылқысынан қырық-отыз ат берсін» деп тілек жолдаса да, арғы жағында сенімі аз еді... «Егер бермесе не істейміз?» деген күдік көкірегінде тікендей қадалды да тұрды. Төбе басынан топ-топ боп тарап бара жатқан жігіттердің арасында аяғын ақырын басып келеді. Қасына осы ауылдың бір топ шалын ертіп Әлизаның үйіне бұрылды. Әлиза сыртқа шығып кеткен екен. Қонақ төрге жайғасқасын Бөбек қара шайнекті қолына ұстай түрегелді. Оның шай қоятын ыңғайын сезген Судыр Ахмет:

– Бөбекжан, – деп тоқтатты, – ағаң асығыс. Балшайбектің бір шаруасымен жүр екен. Азаматым аман оралғасын, әлі талай шай ішілер, ет те желінер. Қазір, айналайын, нан ауыз тигіз. Қысылатын түгі жоқ. Иә, иә, бұндайда ымыратын істесең болғаны, – деп, бұл үйді де билеп-төстеп шыға келді. Бөбек қонақтардың

алдына дастархан жайды. Еламан да, қасындағы қалған жігіттер де нанның шетінен шымшып тістеп ымыратын істеді. Судыр Ахмет қазан көтеріп жатпаған үйде отыруға ықылассыз. Дастархан жиналар-жиналмастан-ақ:

– Ал!.. Ал кеттік! – деп, шекпеннің шалғайын қағып, елден бұрын түрегелді. Басқа жұрт та үнсіз қозғалып сыртқа шықты. Тек Еламан Әлизаны күтетін ыңғайын танытып, төр алдында жалғыз отырып қалды. Кісілер кеткесін көп ұзамай Әлиза ішке кірді. Қолтығынан ұстаған жас келіншекке сүйеніп апты. Еламан жаққа көз тастап қысқалау амандасты да, төрге шықпай есік жаққа, қазандыққа шынтағын сүйей отырды. Түсі сынық. Кимешек астынан шыққан самай шашы аппақ. Еламан сәл үнсіз отырғаннан кейін Әлизадан хал-жай сұрады.

– Әй, қарағым-ай, хал дейтін хал қалды ма. Өз жағдайың қалай?

– Шүкір.

– Соғыстың ішінде жүреді дейді ғой сені?

– Ондайымыз болады.

– Е-е, дегендей. «Өрт ішінде қамысты сақтайды». Бұйрықсыз ажал жетпейді. Ұзақ боласың ба бұнда?

– Он шақты күндей...

– Қайда жүрсең де аман бол! – деп, Әлиза басын изей түсті де, Еламанға жүзін тіктеді, – осы жұрт не біліп айтатынын қайдам. Рас болса, сен Ақбалаға хабарласып тұратын көрінесің ғой.

Еламан қызарып кетті.

– Кешірімді болғаның дұрыс. Ол байғұс адасты ғой. Әйтпесе, қай әйелден кем еді, – деді Әлиза.

Еламан қайтқанша тағы да соғатынын айтып, тысқа шықты. Бөбек есік алдын сыпырып жатыр екен. Еламан

тұсынан өтіп бара жатып, оған көз қиығын тастады. Еркін өңі сынық демесең, ажары таймапты. Қараторы бетінің аздап қаны тараған. Ал қос самайындағы баяғы бір кезіндегі бұйра балапан шашы осы қазір де сақиналанып, ширатылып, ақ жібек орамал астынан бұрқырап шығып тұр екен.

Бөбек Еламанның назарын байқап, басын жерден көтермей, иіле түсті.

* * *

Рза барған жағынан тез оралды. Тәңірберген Еламанның сөлемін үнсіз тыңдапты. Сосын ләм-мим деп тіл қатпастан бір жігітті шақырып алыпты да, өрісте жатқан жылқыдан екі үйірін алғызып, Рзаның алдына салып беріпті.

– Ештеңе демеді ме? – деді Еламан.

– Жұмған аузын ашқан жоқ. Белдеуде қаңтарулы тұрған атына мінді де, тазысын ертіп, қыр асып жүріп кетті, – деді Рза.

Еламан мырс етіп күлді де, Рзаны қоя берді. Қарсыласар қауқары қалмаса да, көрдің бе, әлі де болса белін бермей, ыза мен ашу ішінде булығып қалғанын. «Жә, тоң айбатыңның әуселесін соңыра кейін көрерміз», – деді Еламан ішінен. Қасына келген Судыр Ахметті байқамапты. Тек біреу жеңінен ақырын тартқанда ғана оған назар аударды.

– Бері... Бері шығып кетші, – деді Ахмет.

– Жай ма?

Еламанды оңашалап алып шықса да, әлденеге сөзін бастамай, себепсізден-себепсіз күрмеліп, жынына тие бастады. Бұл әзер шыдап отыр. Судыр Ахмет әлде неге әуелі қамығып, танауы суланып жылап алды. Иегінің

ұшындағы бес тал сақал шоршып кемсендей түсіп:

– Бәріміз де бұл дүниеге кемді-күн қонақпыз ғой. Өлмейтін кім бар? – деді.

Еламан осы қырттың күлкісі мен көз жасы араласып қатар жүретінін білетін. Тек бұндайда бұрын қамшы салғызбай, алдына түсіп сұңқылдай жөнелетін кісінің осы жолы өзінен-өзі тілі байланып, тобанаяқтанып, тұспалдап бастаған түрі ұнамады.

– Еламанжан... бекем бол. Есбол атаң дүние сапты. Жарықтық жақсы кісі еді. Иманы жолдас болсын!

Еламан дереу қамданып атқа қонды. Қасына Әли мен Рзаны алды. Ешкім оған «жүр» деп айтпаса да, Судыр Ахмет елден бұрын өзінің нар қарасына мініп, ойқастап шықты. Бұлар аттарын ауыздыққа керіп, жұп жазбастан сыдыра шоқытып отырып, түбектегі қазалы ауылға ел орынға отыра жетті. Еламан түнде байқамапты, ертеңіне ерте тұрып тысқа шығып еді, дала қарақұрым қаптаған кісі екен. Бұлар келгенше ат аяғы жететін жер тегіс хабарланып, ойдан, қырдан халық жиналып қалды.

Мал жайын ойлаған шаруа күз түскесін-ақ қыстауға жақындай түсетін жылдағы әдет. Ықтасын іздеп, әр шұқырда бір-бір үй отырған кез-ді. Олар осындай оқшау себеппен қаза үстінде, не қыз ұзататын, келін түсіретін ел арасындағы кәделі айт-тойларда бас қосатын. Есбол қарияға да екі болыстың қол астындағы халықтың ер азаматы тайлы-таяғы дейін қалмай тегіс жиналыпты. Сары шуақ күз бұл жаққа жаңа кірген. Қыс қашық болса да, алыс жолға шыққан оты, суы басқалар қалың киініпті. Әсіресе, шалдар жағы күпілі, тонды, тымақты бойы қорбандап, ауыл шетінде үйездеген жылқыдай үйір-үйір, топ-топ боп жүр. Мал сойып жалақтаған жігіттер. Ішек-қарын аршып сыпылдаған келіншектер мен ас басында жүрген қазаншыларда тыным жоқ; осы

өңірдің иттері де қалмаған; сойылып жатқан малдың қан-жынын бір-бірінен сырттай қызғанып ырылдасып тұрады да, шаңы бұрқ етіп таласа кетеді.

Өлікті жөнелту он-он бес кісіге жүктелген-ді. Бәрі де Есболмен өріс араласқан етжақын кісілер. Ертеңгі күні мына қырық рудан құралған жиынның қыбын тауып, басы, аяғын ырза ғып аттандыратын асаба осылар. Әлі де болса жан-жақтан құйылып келіп жатқан соншама халықтың үш мезгіл асын әзірлеп, көліктерінің от-суын қандырып, ең аяғы үлкендердің ішдәрет алатын жылы суына дейін даярлап тұруға міндетті еді.

Сиыр сәскеде ет пісті. Сыртта жүрген халық жапырылып ішке кірді. Қайың тегешті қайқандап көтерген жас жігіттер төр алдына табақ-табақ ет тартты. Өлік шығатын кез жақындаған сайын ауыл үстінің әбігері ұлғайып, айрықша асабалар қайта-қайта қыр басына шығып, мәслихат құрып, алдағы кәделер жайын кеңесті. Кәде жайы – ауыр. Үйір-үйір мал керек. Мына жиналған кісілерге уыстап шашатын қаржы керек. Есбол желісіне мал айналып, бақ-дәулеті тасыған кісі емес. Халық атасы болған аты бар, қадірлі, сыйлы қартты ауылдас ағайындар ажарлап, ортадан көмуге пәтуа қылды.

Асабаның ақсақалы – Сүйеу қарт. Есболдың көп жыл қанжығалас болған қадірмен досы. Бір жағынан сүйек тістескен құдандалы жекжат. Сүйеу сөзге сараң. Дүние, мал жайындағы сөзге тіпті араласпайтын. Күні бұрын кеңесіп алмақ боп ауыл сыртына оқшауланып шыққанда да, ол шидем күпінің мол шалғайын тақымына басып, малдасын құрып тіп-тік боп шаншылып алды. Сонан қайтып қасында қауқылдаған көптің бетіне көз салмай, төбе басына жиналған жұрттың үстінен асып жоғарылай қарап отыр. Бағана Еламанға жұрт жабыла көрісіп,

жылап-сықтап жатқанда да, Сүйеу қарт сыр алдырмады. Көп алдында қайғысы мен қуанышын бірдей тежеп, озалдан өңін билеп үйренген болаттай берік кісі бұл жолы да міз бақпай, безеріп отырып:

– Ә-ә, келдің бе? Е-е!.. Кебенек кигеннен түңілме! – деп, қуанғаны, әлде кекеткені белгісіз, Еламанның қолын уысында қысып ұстап, кескініне іркіле қарады. Сонан кейін ол, – балаңды бағып отырмыз. Өзіңе тартқан... оның да жаны сірідей берік – деп, күле түсті де, тез тыйылды. Сонан қайтып үндемеді.

Сүйеу қарттан кейінгі аузы дуалы кісі – Әліби. Туыстық жағынан табыспаса да, ежелден бері балықшылармен қыстауы қатар, Еламанмен көңілдес. Әлиза мен Бөбектің әкесі болған соң кешегі Мөңке деректі балықшыларға бауыры бұрып тұрады. Және бұл өзі адам баласына көңілінде құттай аласы жоқ, ағалық әділ сөзін айтып, әрдайым ағына тоқтайтын кісі. Жиынды жерде жапырып сөйлемесе де, ел арасының ескілік әңгімесін баққан саққұлақ саһаба шал. Көбіне өңіріне түскен күйектей қара сақалын алақанымен ақырын сипап қойып, қалың қабақ, қалың етті манақөк беті манаурап, ойға шомып отырады. Ретті жерінде қысқа қайырып, мықтап бір айтады. Аңысын аңдып, ақылға қонымды сөз айтқасын ағайын-тума арасында абыройлы.

Осы қазір он-он бес кісі Сүйеу қарт пен Әлібиді ортаға алыпты. Ауыл сыртындағы төбе басында оқшауланып иіріліп отырып, соңыра сүйек жуатын кісіні, қабір қазатын кетпеншіні, құран оқитын молла жайын ақылдасып жатыр еді. Соның үстіне Судыр Ахмет пен Нағымет келді. Баласы сот кеңсесінен қуылып, әңгімелі болғасын Нағымет қазір бұл жақтағы ағайын-туманы сағалап жүрген. Ана жақта баласының басына бұлт

айналып тұрғанын бұндағы ағайынға сәдеттеп, көңіл жетерлерден қаржы жинап ала қайтатын ойы бар.

Нағымет өліктен өзіне ештеңе тимейтін сыңайын байқағасын қабағы түсіп кетті. Енді бірде қатар отырған Судыр Ахметке еңкейіп, құлағына бірдеңе деп сыбырлап еді, Судыр Ахмет оны шұғыл қостап, басын изеп, құнжындап қалды. Сол сол-ақ екен, Нағымет «сен үндемей тұра тұр» дегендей, Ахметтің тақымынан басып-басып қойды да:

– Ағекемнің басты бір киімін мен алам! Жол менікі – деп, кимелеп ортаға шықты. Еламаннан сәл төменірек отырған Әли өзін ұстай алмай, ақырып:

– Әй, көргенсіз – деді. Бара сала жағасынан ала кететіндей өзі де орнынан атып тұрған-ды. – Көз ашқалы қол жайып, жалақтап жүрсең де, бүйірің бір шықпаған екен. Құдай құрамаған соң қол жайып сұрап, қазығыңа қара айналдырам дейсің бе?

– Ау!.. Ау, ағайын-ау...

– Уә, қой әрі! Тірінің алапасын тауысып, сен енді өліктің кебініне көз сүздің бе?

Біреуден бірдеңе жыратын ыңғайын сезгенде, Судыр Ахмет сияқты Нағымет те сөзге тоқтамайтын. Ондайда, әсіресе, осы бір өндіршегі сорайған, бір көзі соқыр, сүдінсіз, арық қара кісі ар-ұятты қойып, ойына алған іске өзеленіп кірісетін. Осы жолы да Әлидің сөзінен кейін ол дәл бір күйік көтергендей қалшылдап ұшып түрегелді. Сары төбенің басында дөңгеленіп отырған кісілердің қақ ортасына дедектеп жүгіріп шықты. Тымағын басынан жұлып ап, жерге тартып ұрды. Соқыр көзі жұмылып жүретін. Бұл жолы тіпті бұрынғысынан да қаттырақ жұмылып, ал ана жалғыз сау көзі шырадай жанып, осы отырған кісілердің, бетіне тебен инедей тесірейе қарап:

– Ойбай-ау, мен... мен бейбақ, арыстай азаматым... со секілді асыл ағекемнің алапасына қызықтым ба? – деп, ұзын мойнын осы тұста өзеурей созып, қып-қызыл боп қылғына сөйледі. Қос шықшытындағы күре тамырлар білеуленіп бадырайып кетті. Иіріліп отырған кісілерді жағалап шықты. Бірақ бір жан үндемеді. Бәрінің сырт беріп үнсіз сазарып алған түрін көргенде, Нағымет ызадан жылап жіберді. Көп ішінен Сүйеу қартқа жүгіріп барып, алдына тізерлеп отыра қалды:

– Ойбай-ау, мен алапаны қайтейін... Мен ата-бабам салған ақ жолға таласып тұрмын ғой.

– Тәйт!.. Тәйт әрмен! – деді Сүйеу қарт күпінің ұзын жеңімен жасқап. – Омәй, омәй, шіркін-ау... Сен ақ жолдан... ата-баба жолынан садаға кет. Қарғыс жолынан басқа жол бар ма сенде, – деп жекіріп тастады.

Нағыметтің беті қайтып қалды; бірақ жасыған жоқ; ол енді Сүйеу қартпен қатар отырған Әлібиден төрелік іздеп:

– Есбол ағам... қандай ағекем еді... Оның қара бақайына... басып кеткен ізіне тұрам ба. Со секілді арыстай азаматым өліп, халқым қара жамылып отырғанда, мыналар масқаралады. Масқара болдым... Қор болдым... Құрыдым! Құртты мені! Ойбай!.. Ойбай!.. – деп, өз басын өзі төпеп, еңіреп жылап жіберді. Судыр Ахмет сияқты бұ да өзінің күзен бел ұзын бойымен киреңдеп кеп Әлібидің аяғына жығыла кетті. Әліби денесі түршігіп, оған тіксіне қарады. Осы ант соққырлардың энебір кезде көршілес отырған бір ауылға салған лаңы есіне түсті. Сол жолы Судыр Ахмет пен Нағымет жолаушылап келе жатып, Есбол қариядай ел сыйлайтын бір кісінің қазасы үстінен шығады. Қайғылы ауыл бұларға көңіл бөле қоймапты. Соған қитыққан бұл екеуі бүлік шығарайын десе өлік

жолы ауыр. Жылап-сықтаған халық өлікті жөнелткелі сыртқа алып шығады. Сол арада әкесі өлген екі жігіт халыққа қарап: «Әкемде кімнің қарызы бар? Мойнына **парыз** болмасын, айтыңдар» – деген екен, осыған дейін орайын тосып отырған Нағымет ілгері жылжып:

– Менің алажағым бар. Қабенжан сот болып тұрғанда сен екеуіңнің әкең менің күрең атымды мініп кетіп еді, – депті. Халық сілтідей тына қапты. Бұндай жағдайда алажақ кісіге ықырарын істеп, ырза ғып жіберу лайық. Әйтпесе, мойнында қарызы бар өліктің табытын көтеріп, қара жерге беруге ешкімнің қолы бармайды.

Нағымет соны біліп:

– Әкеңнің мойнындағы қарызымды қайтар – деп, көп алдында қадала түскен екен. Сол кезде мына жақтан Судыр Ахмет шаңқ етіп:

– Әй, Нағымет. Қой, жарқыным, қоя ғой. Ойбай-ау, сол секілді асыл ағаң үйіңе қонақ боп келсе, астына ат мінгізіп, үстіне шапан кигізіп жібермейсің бе. Мына екі жаман неменің еңсесі түсіп кетті ғой. Алажағың бар-ақ шығар. Бірақ қаза жолы ауыр ғой. Сен-ақ қия ғой. Көп болса көзі тіріде ағаңның астына мінгізген атың болар, – депті.

Мына екеуінен сондай сойқан шығып кете ме деп қорыққан Әліби:

– Әй, Нағымет! Есбол халық ағасы еді ғой. Оны бүгінгі күні ақ жолға абыроймен жөнелтіп салайық деп жатқанда, жарқыным, бұл қай қылығың. Уа, қой енді! – деп еді.

– Қоймаймын... Неге қоям... Қоймаймын! Ортаңа ойбай салам. Ошағыңның күлін шашам. Бізді осал көрме, бас-аяғымызды жиғанда біз де бір ауылмыз. Бүйтіп «өлмесең тұрма» деп, шабымды шабақтап, шамыма тиер болсандар, шынымды айтайын, осы арада

ошағыңа таған қып қақсаң да, ертең бар тобымызбен Орда-қонған болысына ошарыла көшеміз. Ал сонда қайтесің? А? А?

Сөзге енді Судыр Ахмет араласты. Қақпа шекпеннің жағасынан өндірішегін созып, төбе басында дөңгелене отырған көп арасына кимелеп кіре берді:

– Ау!.. Ау! Нағымет ағекемді иттей талап, тұщы етіне ащы таяқ салып, мына сендер кімді басынасыңдар, а? Кімді иықтайсыңдар, а? Жоқ! Жоқ, біз ондай қорлыққа көнбейміз. Мына біз табаныңа қадалар тікенбіз. Қарныңды қарнайтын қара пышақпыз...

Төбе басы у-шу, азан-қазан болды да кетті. Мына пәлелердің айқайы сырт халықтың құлағына шалына ма деп қысылған Әліби қасындағы біреуге мойын бұрды.

– Мына соқыр итті тыныштандыр. Сүйекке кіретін бір кісінің санатына ал.

Судыр Ахметтің ақ жарғақ аламан құлағы елең етті. Әуелі мына сөз құлағына жылы тиіп, жымың етсе де, бірақ іле-шала Нағымет алған алападан бұның өзіне тиер ештеңенің жоғын көргесін:

– Ау, Әліби-ау! Нағымет Маралбайдың баласы болғанда, ау... ау, мен жерден шықтым ба? Со секілді арыстай ағамның жағалы бір киімін мен неге кимеймін. Ертеңгі күні халық алдына иығым жарқырап шықпаймын ба? Сондай асыл ағекемнің көзіндей көріп кием ғой.

– Ой, өңкей бәддұғаға ұшыраған найсап. Бәледен машайық қашып құтылған. Құрысын, мына пәлеге де бірдеңе беріңдер.

– Әлеке-ау, ештеңенің ыңғайы жоқ қой.

– Білем. Бірақ амал қайсы, қабір қазушылардың бірлігіне кірсін.

– Е, е, бәрекелде! Міне, мынау ақыл! Ау, Есбол ағамның қабірін мен қазбағанда кім қазады?!

Әли бір кісіге дербес әлі келетін қарулы жігіт еді; ол қолындағы сегіз өрме бұзау тіс қамшыны ызалана қысып, ырғалып қойды.

– Өттең, не пайда... Өлік үсті болмағанда, не қыласың қызыл жон ғып бөріктіріп алатын-ақ кісілер екен.

Нағымет пен Ахметтің лаңынан кейін жұрт біразға дейін үн-түнсіз томсарып қалған-ды. Әліби Сүйеу қарттың суық жүзін сырт салып, ашуға булығып отырған түріне қарап, оның жуық арада сөзге араласа қоятын сыңайы жоғын байқады. Сүйеу қарттан кейін бұл жиынның аузына қарап отырған ендігі үлкен өзі болғасын Әліби еңсесін тіктеп, әлгі жанжалдан кейін үнсіз томсарып қалған топқа көз тастады. Бірақ сөзін бастамай, ақ шалған күйектей қара сақалын алақанына толтыра уыстап отырды да:

– Есбол жарықтық бала да жоқ, пана да жоқ, жалғыз жетім шал еді – деп, даусын көтеріп өрлей сөйледі, – көзі тірісінде жиған азғана малы азығы да, ел айнарлар қазығы да еді. Бүгінгі күні арамыздан жетім шал дүние салып, ысрат сапарына жол шеккенде... уа, мына артында қалған біздер оның азғана алапасына көз сүзетін сияқтымыз. Айтыңдаршы, сонымыз жөн бе? Біз асаба емес пе едік. Өз қолымыздан жайғарып, ажарлап жөнелтуге тиіс едік қой. Біле білсек, бізге жетім шалдың киімі де, тірнектеп жиған тиыны да керек емес. Жөн көрсеңдер, ағайын, суыртпақ жібін бойымызға жапсырмасақ деймін. Мына қоңсылас отырған қалың ағайын Ағыс пен Көгіс бөліссін. Сүйегіне кірген шалдар алсын. Намазын шығарған молдалар алсын. Қабірін қазған кетпеншілер алсын, кесім осы болса қайтеді?

– Жөн. Дұрыс!..

– Айтқаның орынды.

– Ендеше, пәтуа осы болсын.

Сүйеу қарт пен Әліби шалғайын қағып түрегелді. Өзгелер де жапырлап тұрып жатты. Әли мен Рза қабірші жігіттерді жинап алды да, ауыл сыртындағы үлкен қорымға барды. Төбе басының жері қатты, қызғылт тастақ екен. Қандай қарулы жігіт білек сыбанып түссе де, бір бауыр жерге дейін арсы-күрсісі шығып қимылдағасын қажыры қайтып қала берді. Құлаштап сілтеген кетпеннің жүзі қиыршық тасқа тиіп, шақылдап тайып түсіп жатты.

Судыр Ахмет кештеу келген-ді. Ол жолында тұрған кісілерді кимелеп сөйлеп келді де, бұл кезде жуан белден қазып тастаған қабірге қарғып түсті. Қабір ішіндегі жігіттің қолындағы кетпенді әй-шәйге қаратпай жұлып алды. «Ойбай-ау, бүгін жан аяйтын күн бе? Былай неге қазбайсың» – деп, құлаштап шаба жөнелді. Бұл қалай кіжінсе де, қиыршық тас аралас құм мен қызыл сазға тиген кетпен жүзі шақылдап, бір сүйем батпай қойды. Судыр Ахмет онан сайын өршеленіп кетпенді әрі-бері сілтеді. Ақ тер, көк тер. Иті шығып ырсы-ырсы дем алады. Жан-жағында күлкіге булығып, анталап тұрған кісілерге көз салмай, кетпенін шыр айналып жүгіріп шықты. Бұлардың кезек сұрай қоятын түрін байқамағасын қайта қимылдады. Бірақ әлгідей емес, беті қайтып қалған.

– Кетпені құрғыр да ап-ауыр... Ұңғысына қорғасын құйған ба, қалай.

Судыр Ахметтің сырына қанық біреу:

– Иә, жаман қатын сияқты жаман кетпен де кісінің жігерін құм қылады ғой, – деп қостап еді, осы сөзді арқаланған Судыр Ахмет жүзі жайнап шыға келді:

– Шіркін-ай, қаланың көкек бас ақ шоты болар ма еді! – деуі мұң екен, бір жігіт жүгіріп барып анадай жерде жатқан ақ шотты әкеп, қолына ұстата қойды. Судыр Ахмет екі алақанына кезек түкіріп алды. Сосын қолға

ұстатуға ыңғайлы жеп-жеңіл шоттың сабына бір, басына бір қарап сүйсінгенін жасырмай жымың-жымың етті. Бірақ анадан туғалы жанын қинап жұмыс істемей, ісік өкпе боп кеткен неме сәлдесін алқынып қалды. Шотты сермесе құдды терісін сыпырған күзендей жалаңаш қабырғалар ыржың-ыржың етеді. Тер сорғалаған бет түтігіп кеткен. Бұрын кішкентай жаны қиналып бара жатса, бірдеңені сылтауратып, жұмысты тастай салатын да шапанның шалғайын қағып жүре беретін. Бұл жолы мына бір өңшең көргенсіз, сәкәку, жәркелеш жігіттер жан-жағынан анталап, бұл шот сермесе шуылдап: «Ой, пәлі!» «О, бәрекелде!», «Шіркін, жұмысты істесе Ақаң істесін!», «Басқамызды білмеймін, ал мына Ақаңның қызметіне Есбол атамыздың аруағы ырза шығар» – деп, қот-қоттап көтермелеп тұр. Ой, нәсілсіз әтеңе нағлеттер. Осындай кісі жаны қиналып тұрғанда қолғабыс берсе несі кетеді екен? Е, Құдай, кешегі құлақ кесті құлдар, нәсілсіз иттер, аға сыйлаушы ма еді? Ау! Ау, жер тәңірісі ақ патшаны жағадан алып жүрген жарымес жындылар емес пе. Бұлар... бұлар ше, құдайды да сыйламайды.

Әлі құрыған Судыр Ахмет әрі-берідесін жеп-жеңіл шотты зорға көтерді. Жаны күйген бір кезде ол шотты лақтырып тастап, қабір түбіне тізерлеп отыра қалды да топырақты қос қолдап осып-осып алды:

– Кетпен дейсің, шот дейсің... ал енді, енді бар ғой, осы өзіңнің құдай берген мына қос қолыңның қасында соның бәрі мүлік емес.

Әли қабірге қарғып түсті. Судыр Ахметті жас бала құрлы көрмей көтеріп ап сыртқа атып жіберді де, кетпенді қолына алды.

Есболды жерлегесін өлікке жиналған қара құрым калың нөпір топ-топ болып тарай бастады. Аттылысы, түйелісі, әйелі, еркегі аралас шұбар ала жиын жан-жаққа бытырап кетіп жатты.

Ағайын-тума тым болмаса жетісіне қара деп жабысса да, Еламан бір күннен артық бола алмады. Асығыс жайын айтып, ертеңіне түс ауа атқа қонды. Жүрер алдында Есбол атасының басына барып құран оқыды. Есболдың жақсы көретін қара тазысы ере барған-ды. Есті иттің іші бәрін сезетін сияқты. Қабір басында қол жайған кісілердің алды-артына шығып қыңсылап жүр. Жер астында жатқан бұ дүниедегі ең жақсы жанашырын қимай, қасындағы кісілерден көмек сұрағандай. Еламан осы итке қараймын деп отырып құран сүресінен жаңылып қала берді. Қанша күннен бері ас ішпеген иттің екі бүйірі сұғылып кетіпті. Қабір басында көзін төмен салып сазарып алған мына бір кісілерден түк шықпасын сезді ме, бір кезде қара тазы жас қабірдің топырағын иіскелеп, жаны дызығып шыр айналып жүгіріп-жүгіріп алды.

– Апыр-ай, мына иттің даусын-ай! Қанша кісі жиналғанда өлікті жаны күйіп жоқтаған жалғыз осы болды-ау, – деді Әли. Көңілшек жігіттер көзіне жас алды. Еламан жыламайтын. Әсіресе, дәл осындай өлік шығып, ел-жұрт ызы-шу боп жатқанда, көзінен жас, өңінен қан қашып сұп-сұр боп алатын-ды.

Құран оқылғасын Еламан орнынан тұрып жатып қара тазыға көз қиығын тастап еді; нәсілі ит демесе, мына пақырдың өңінде нақ бір жанашыр адамның жүрегін дірілдеткендей зіл-батпан ауыр мұң тұрғанын көрді.

Қара тазы қабір басынан ұзап кетіп бара жатқандардың соңынан қарап тұмсығын көкке көтеріп, даусын ұзақ созып ұлыды да, сосын шәу-шәу үрді.

Еламан қайда барса да екі елі қасынан қалмай еріп жүрген мына кісілердің бары-жоғын байқаған да, сезген де жоқ. Осы қазір ол өзіне де, өзгелерге де ызалы. Осы өңір қатты сыйлайтын қарияны қара жерге берді. Кеше бүтіл ел күніреніп жоқтап еді. Арулап жуып, аққа орап, қос аршын қара жерге қалай көмді, солай көңілден де кетті. Енді, эне, түк болмағандай аттысы атқа, түйелісі түйеге мініп, кәжік-күжік әңгімелерін соғып, ауыл-аулына тарап барады. Бұ да аттанғалы белін буып құнтиып отыр. Сонда, бәтір-ау, өлікке жиналған осынша халық ішінде әлгінде Әли айтса айтқандай, Есболды шынымен жаны күйіп жоқтаған жалғыз жаңағы қара тазы болғаны ма? Солай ма? Неғылса да, осы жұрттың қызығы мен ренішіне қатар кенеліп жүрген аспан асты, жер үстін жалған, алдамшы, опасыз дүние деп қаралай түңілетіні тегін болмағаны ғой. Жо-жоқ... дүние шіркін опасыз болса болар. Бірақ дәл сол айтқандай, опасыз болғанда да оның бір айналымға келмей шолтаң ете қалатын өткіншілігін айтпаған шығар. Озалдан туу хақ, өлу хақ. Дүниеге келген әрбір адамның құлақ қақпай мойындаған жалғыз ақиқат шындығы еді ғой бұл. Жә, сонда осы адамдардың аузын ашса дүние опасыз деп өксігін баса алмайтынына жөн болсын. Опасыз дүние ме, жоқ, адамдардың өздері ме?

Еламан жаңа әлде қара тазыға қараймын деп құран сүресінен жаңылып кете берген-ді. Қабір басындағылардың бет сипап жатқанын көріп, бұ да тие берсін деді. Жүрелеп отырған жерінен жалма-жан түрегелді. Еңкейіп, тізесіне жұққан топырақты қақты

да, көп дүрмекке ілесіп қайтып келе жатқанда да осы ой бір сәт басынан кетпеді.

Бүгін Есбол атасы дүние салды. Кемпірі былтыр өлді. Енді мына тұлдырсыз үйге тұлға болар тірі жан жоқ. Есік, терезесін сыртынан тас қып бекіткесін, бұл үйге бұнан былай әлгі бишара тазы болмаса, онан басқа кім аяқ баса қояр дейсің?! О да қорада күн көзінде қаңсып жатқан итаяқты иіскелеп-иіскелеп, қыңсылар-қыңсылар да жөніне кетер.

Еламан түрегелді. Есіктен шығар жерде қасындағы кісілерді ілгері өткізіп жіберді де, өзі сәл іркіліп, Есбол атасының үйіне ақырғы рет бұрылып бір қарады. Күн бетте жалғыз терезесі бар, бас-аяғы бір бөлме. Бірақ дариядай кең. Қашан кемпір қайтыс болғанша осы өңірдегі қонағы үзілмеген, дастарханы мол, меймандос үй-тұғын. Еламан сыртқа ере шыққан кісілермен есік алдында тұрып қоштасты да, жігіттерін ертіп жүріп кетті. Маңдайы – болыс аулы. Совет үкіметі орнағасын бұлар да болысты кешегі қара сирақ жалшыдан сайлаған-ды. Едіреңдеген жас жігіт екен. Екі күн бірге болғанда байқағаны – алдына келген кісінің жақпас бірденесін байқаса болды, қолында сығымдап ұстап тұрған қылышты бір сөзге келмей суырып алатындай, сыртына сұсын шашып шіреніп алады екен. Бес қаруы белінде тұрғасын ба, ол тек Еламанға үйтпеді.

Еламан:

– Жасақ құрам, елден жігіт жиып бер! – деп еді.

– Ол оңай ғой, – деді жас болыс.

– Сосын... оларға ат керек, – деп еді.

– О да оңай, – деді.

– Қанша деп сұрамайсың ба?

– Қанша керек болса, сонша жинап берем.

Еламан айтқанын екі етпей едіреңдеп тұрған мына

жігітке сенімсіздене қарап еді. Жоқ, қолынан бірдеңе келетін сияқты. Дәл өзіндей өңшең кылыш асынған жігіттерді дереу жиып алды да, бір тобын жайлауда отырған жалпақ елден жігіт жинап келіндер деп шаптырды. Дәл солардай жалақтаған және бір топты осы өңірдің Еламан жақсы білетін байларына шаптырды. Бұларды да қызыл әскерге жылқы жинап әкеліндер деп, бет бақтырмайтын қатал әмірмен аттандырған-ды. Сол күні ақ пен қызыл арасында жан-жақтан шандатып жылқылар келе бастады. Кіл сәйгүлік жарау аттар.

– Бұл Тәңірбергеннің жылқылары.

– Неге аз? – деді болыс.

– Мырзаның өзі жоқ екен. Алдаберген осының өзін шаққа...

– Не деп оттап тұрсың. Сұрама дегенім қайда, берсе – қолынан, бермесе – жолынан.

– Төбелес шығып кете ме деп қорықтым.

– Қол көтеріп көрсін... Түндігін түріп қойып шауып алам. Ожар Оспанның жылқылары қайда?

– Қиқар неме өз ықтиярымен қотыр тай да беретін емес.

– А-а?! Қап, мына иттің ызасын-ай. Ендеше аттан. Дереу... дереу аттан! Өзің бастап бар. Тез! Қарсыласса – қару жұмса. Ат! Шап! Жауабын өзім берем. Ал Ожар неменің өзін осында жаяу айдап әкел! Ұқтың ба, алдыңа сап жаяу айдап әкел!

Еламан жас болысқа екеуден-екеу оңаша қалғасын: «Тым қатты кетіп бара жатқан жоқсың ба?» – деп ескертіп еді. Болысқа бұл сөзі ұнамады.

– Жігіттерді де, жылқыны да жинап берем. Ал, ағасы, тек байларға ара түспе. Қазір заман басқа. Оларды тып-типыл ғып құртпай бізге тыныштық жоқ. Әй, не ғып тұрсыңдар, тез аттан дегенім қайда?

Еламанда енді оның ісі болған жоқ. Оның дәл өзіндей сары ала қылышы сартылдап ішке бірі кіріп, бірі шығып жүрген әпербақан жігіттерді шұғыл бұйрықпен жан-жаққа аттандырып жіберіп жатыр.

Иә, заман өзгерді. Адамдар да өзгерді. Кеше мал соңында сылпылдап күн кешкен мыналар да қазір басқа. Болыс бір жанды бетіне қаратпайды. Бұның ұғымында, малы бардың бәрі – бай. Ал бай атаулының бәрі – жау. Әсіресе, бұрын болған-толған кісілерге бүйідей тиеді. Бай ауылға тасырлатып шауып барады. Алдынан үріп шыққан иттерді атады. Астында ақ тер, көк тері шыққан аттың басын ақбоз үйге тіреп тұрып айқайлап сөйлеседі. Айтқанын қайт етпей, алдына түсіп емпендеп жүгіре жөнелсе жақсы. Егер қарсы келсе, көзі ақиып, қолы қылышқа сарт етеді. Басқа басқа, осы болыс таяуда өзімен бірге туған бауырын Тәңірбергеннің малын жасырды, байдың құйыршығы деп ұстап, қаладан келген милицияға айдатып жіберген-ді. Сол сұмдықты көрген осы өңірдің халқы қазір бұнан қаралай тітіркеп тұратын бопты. Жаңағы жігіттер де бара сала әй-шайға қаратпай, Ожар Оспанды алдарына сап дірдектетіп жаяу айдап әкелді.

Еламанның іші мұздай болды. Қолы теңдікке жеткен кешегі қара сирақтар өздерінің ендігі тірлігін тек кек алудан бастаса келешекте әлі талай бас домаламай қайтер дейсің.

* * *

Еламан түбектегі ауылдан ертелете аттанды. Аты мықты. Суыт жүріске өзі шыдаса, Шалқардан шыққалы бауырын тартып жарап алған күрең қасқа жар басындағы балықшылар аулына күн барында жеткізетіні кәміл.

Кісіден қателесе де бұл өзі жылқыға көзі жіті жігіт-ті. Тақымы астындағы ат түгіл желі басында үйір-үйірімен үйездеп тұрған жылқыға көлденеңнен көз салса болғаны, қайсысының қандай мал екенін бір қарағаннан біле қоятын.

Күрең қасқа, сірәда, қамшы салғызбайды. Қайыс тізгінді қасарысып тартып отырғанның өзінде әрі-берідесін денесі қызып, тас төбесінде шаншылған қос құлақтың түбінен шып-шып тер шыққасын, тіпті дебелесі қозып көтеріліп кететін. Сонан кейін езуін айырған ауыздықты егеспен қарш-қарш шайнап, тізгінін созып шаба жөнелетіндей жол бойы үнемі сүзе ұмтылып отыратын ұрыншақ.

Еламан қазір күрең қасқаға әбден бауыр басып алды. Қайда жүрсе де өзінен бұрын әуелі осы аттың бабын істеп, оты, суын қандырып отырады. Күрең қасқа қазір тіпті күйлі. Түбектегі ауылдан шыққалы төрт тұяғы топылдап сар желіп келеді. Жететін жері қашық болса да, күйлі ат қоймады. Намаздыгер-намазшамда Бел-Аранның сырт жағындағы боз жусанды бұйратқа ілікті. Сонан қашан балықшылар аулына жеткенше көк аспан астында далиған көк теңіз жолаушының бүткіл бір қапталын алып жатты. Аңғардан соққан баяу ғана ескек жел жол бойы күрең қасқа атты да, бұны да омырауынан қағып желпіді де отырды.

Еламан жол бойы Әлидің үйіне түсермін деп келе жатқан-ды. Ауыл шетіне кіре бергенде ат басын Достың үйіне қалай бұрып алғанын байқамады. Жә, бір есептен бұнысы да дұрыс. Араларындағы араздықты асқындыра бермей бір есептен қайта осылай орайлы тұста есебін тауып, түс шайысып жүрген қырғи қабақ кезде сен-ақ кішірей.

– Біреу келді ғой, – деді Қарақатын ат тұяғының тықырына елең етіп.

Төрге жайған алашаның шетінде насыбай уқалап отырған Дос қозғалмады. Сыртқа сүріне-қабына жүгіріп шыққан Қарақатын үй алдындағы жалғыз қазыққа атын байлап жатқан жолаушыны көре сала, әй, мынау... Ойбай, бетім-ау... Өзі не боп кеткен? Үстібасы тыртысқан мынау кім? Құрысын, құрысын, қатпа болған атандай қол-аяғы сидиыпты да қалыпты. Күлкі қыштаған Қарақатын алақанымен аузын баса қалды. Қан теппейтін қайыс қара бетін сырт айнала бере бір шымшып үзіп алды.

– Әй, тұр! Еламан келіп аттан түсіп жатыр.

Дос бұл жолы да құлақ аспай, насыбайын уқалап отыра берді. Қарақатын қопырсып жатқан үй ішін үйтіп-бүйтіп жиыстырам дегенше ішке Еламан кіріп келді. Көк насыбайды мұңкітіп, қозғалмай отырған күйеуге бір қарап:

– Қайным, жоғары шық, – деді Қарақатын. – Жаман ағаңның есігін ашпайтын едін, осы жөнің түзу, жақсы келдің.

– Әй, сұңқылдамай, шайынды қой!

Қарақатын мырс етті:

– Ағаң осы.

– Әй, қатын...

– Көрдің ғой, бізді қорқытады.

Дос күлтілдеген қабақ астынан қатынына алара бір қарады. Қарақатын оған «тұтақ» деп ернін шығарды да, өреше жақта тұрған қара шайнектің суын төге-шаша сыртқа ала жөнелді. Дос бүтіл үйде қонақпен екеуі оңаша қалғасын да үндемеді. Ақырған көк насыбайдың иісі танауын жыбырлатып, түшкіре жаздап көзі жасаурап отыр. Еламан рай бермей қойған үй иесіне тіл қатудың

есебін таба алмай, қозғалақтап мазасызданып отырды да, сосын сырт жағында жатқан жастықты өзіне тартып алды. Жұмарлап қолтығының астына басты. Шай үстінде де сөздері жараспады. «Бекер келдім бе?» деген өкініш көңілінен кетпей отырған. Әйтеуір, шайдан кейін Дос тіл қатып:

– Балаңа соқтың ба, пақыр қалай екен? – деп жөн сұрап еді, шайдың шәмбесін сыртқа апарып төккелі есіктен шығып бара жатқан Қарақатын қайырылып тұра қалды.

– Бар, шаруанды істе, – деді Дос. Қарақатын оның сөзін жыр демей қайтып келіп күйеуімен тақымдасып отырып алды.

– Бала жүдеу, – деді Еламан.

– Шала туды ғой. Сонан болар, – деді Дос.

– Не қылған... – деді Қарақатын, – кісі баласын кісі баға ма. Құдай біледі, Сүйеудің қақбасы қаймағын алған көк шалап сүтті беретін шығар.

– Қой дедім ғой саған.

– Қой дедім, қой дедім. Сонан басқа білерің бар ма сенің.

– Әй, қатын... өлгің кеп отырмаса, қой енді.

– Сен бе өлтіретін. Тұтақ. Ой, шір...

Қарақатын күйеуінің қол созған жағына көз тастады да, жым болды. Жаңа насыбай уқалаған жиде қаданы Достың өзіне жақындатып тартып алғанын көргенде, Қарақатынның тырыли арық денесі көйлек астында қайқаңдап кетті. Ол енді отырса да, тұрса да көз қиығын жиде қададан айырмады.

– Енді үйлен, – деді Дос.

– Өзімнің де ойымда бар.

– Ой-сойды қайтесін. Бас сал да үйлен.

Қарақатын жиде қаданы білдірмей есік алдында

жатқан бір арқадай отынның астына сүңгіте салды.

– Мәку-сәкуді қой да үйлен. Шүйкебас алмай шыр бітпес деген, – деді Дос дүңкілдеп.

– Дұрыс айтасың. Тек, Дос аға, өзің білесің ғой, мен әйелден аузы күйген кісімін ғой.

– Бетінің ажарын қайтесің. Ас құйып ішесің бе оған.

– Қайдам, бұйырғаны болар.

– Әй, бала, бұйырған-сұйырғанды қой. Осы ауылда саған лайық бір қатын бар. Төлеудің үлкен қатынын білесің ғой. Дәл соған үйлен.

– Ой, құдай-ай... Соны да қатын деп...

– Е, несі бар?

– Аты ұрғашы демесең, сол сорлыда еркектің кәдесіне жарайтын несі бар дейсің. Екі елі тылағының қай жерде екенін кәзір оның өзі де білмейтін шығар.

– Не дейді, мына найсап.

– Қайным ондай салпы етекте қайтсін. Басы бос демесе, иттің күшігіндей шалғайыңа оралған балалар.

– Әй, сен қатын, қоясың ба, жоқ па?

Күйіп кеткен Қарақатын от көсеп отырған қолындағы күлді-күйелеш көсеумен жердің шаңын бұрк еткізіп салып-салып қалды:

– Қой, қой деп сен-ақ кісінің аузына қақпақ боп құрттың ғой. Жұрттың бәрін өзіндей қара борбай жаман балықшы көресің бе? Қыз таңдап жүрген жігіт салпы етек салдақыны қайтсін.

Дос тұнжыраған қалпын бұзбай, әлгіде оң жамбасына оңтайлап қойған қадаға қолын созып еді, күйеуінің қимылын бағып отырған Қарақатын мырс етті.

Дос жаңағының арасында зым-зия жоқ боп кеткен жиде қаданың жөнін білмей аңырып қалды. Бұлардың ұрысының ішінде болғысы келмеген Еламан шинелін жамылып сыртқа шықты. Күн батыпты. Ала бұлтты

аспанда жалғыз қадақ жұлдыздар жылтырады. Ызындап маса шығыпты. Үй алдында қаңтарулы тұрған ат иесін танып оқыранды. Еламан атты ауыл сыртындағы қалың бозға апарып тұсап жіберді. Қайтып келе жатып қара молаға соқты. Мөңкенің әлі басы қарайтылмапты. Қара дөңнің басында өзінің сонау бір тірі жүрген кезіндегідей, өлгенде де өзгелерден жотасы асып, астаудай топырақ астында дөңкиіп жатыр екен.

Көз байланар алдында теңіз беті қап-қара боп түксийіп алған. Промсол жақтан өгіз шағалалар өкірді. Олардың қиғылық ұрғанына қарағанда, шамасы, сірә, алысқа салған ауды қарап кеш оралған балықшылар сыралы қайтқан. Бұндай күндері Кенжекей жұмыстан күндегіден кеш шығады. Төлеу қаза тапқалы Қалау «маған ти» деп жесір әйелге күн көрсетпей жүрген көрінеді. Айғаншаның жақсы көретін сырлас жеңгесі болғасын ба, осы келіншек бұған да бір түрлі ыстық. Оның үстіне шиеттей жас баламен қалған жас келіншекті аяйды. Жаңағы Достың сөзі көңіліне қонды. Бет ажарлыдан тапқан опасы белгілі. Ендігі жерге баласын бағып, от басының аз ғана ырзық-несібесін шашпай-төкпей үлгертіп отыратын әйел болса несі бар.

Осы оймен Еламан балықшылар аулының шетіне кірді. Көп үй кешкі асын алдына алыпты. Кей үйден күні бойы теңіз үстінің көк толқынымен алысып титығы құрып қайтқан кісілердің қалжыраған қарлығыңқы даусы естіледі. Тек осы ауылдағы ең үлкен үйдің есігі алдынан өте бергенде Еламан домбыра сағағында қылқылдаған әлдебір күйге құлағын тікті. Құдай біледі, мынау кешегі Тілеу-Қабақ байының жалғыз баласы Әли. Бір кезде бұлғақтаған мырза кешегі шапқыншылықта қыруар малы қолды боп, бір сәтте жоқшылық басына түскесін, қайратты жігіт қара жұмысқа қос ескек,

бір таяуды алып, қара қайыққа отырды. Кәзір бұ да балықшы. Күні бойы ескек тартып екі қары салдырап қайтқан жігіт бауырына қысып алған кішкентай жиде домбыраның екі шегін бебеулетіп отыр.

Ертеңіне Еламан ерте тұрды. Күндегі дағды бойынша ауыл шетіне шығып, атына көз сап қайтты. Күрең қасқа кеше тұсап жіберген жерінен тапжылмапты. Ертеңгі салқынмен ауыл іргесіндегі отқа құныға кірісіпті. Әлі де болса, түнгі шыққа шылаған көк майса жусанды тілімен үйіріп, қара басын алмай, ара-арасында рақаттанып пыр-пыр етіп қояды.

Жел көтеріліпті. Түнімен шырадай тынып жатқан теңіз қазір таңмен таласа білінген аңғардың азанғы қатқыл желіне жынданып, дөңбектей ауыр толқындар аударылып-төңкеріліп жатыр екен. Еламан «дауыл болады-ау, сірә» деп топшылады. Бағана, бұл тұрған кезде Қарақатын көрпемен басын бүркеп ұйықтап жатыр еді; қазір о да тұрыпты. Ыдыс-аяқ даңғырады. Үй ішіне бүйедей тиіп барқылдаған жарқыншақ дауыс шығады. Еламан өзі түнеп шыққан үйге біреу желкелеп итергендей, аяғын зорға басып, әрең келе жатып, бұл кезде сонау көз ұшында шағалалар қиғылық ұрып, шаңқылдап жатқан көк теңізде төсін толқын соғып секектеген қайықтарға көз салды.

Таң қараңғысынан оянған балықшы ауыл абыр-сабыр. Промсолда істейтін қатындар да жұмысқа кетер алдындағы оны-пұны шаруасын үлгере алмай, етегіне сүрініп, қапылып жатыр екен. Еламан кенет Кенжекейді көрді. Кенжекей шалғайына оралған кішкентай қызды бауырына тартып отыра қалды да, құлағына бірдеңе деп сыбырлады. Басынан сипады. Бетінен сүйді. Сосын мұрнын сүртіп арқасынан қақты да, эзер дегенде алдап-сулап жұбатты. Желкесіне сырғып түсіп бара жатқан ақ

жаулықты асығыс-үсігіс жөндеп тартты да, бұл кезде промсолға беттеп бара жатқан қатындардың соңынан жүгірді.

– Еламанжан, сенде шаруам бар еді, – деді біреу бұны шынтағынан тартып.

Осы пәлені ұнатпаса да, амалсыз ырқына көніп, жетелеген жағына кетіп барады. Үй сыртына ұзап шықты. Көгі қалың жерге қатар отырды. Судыр Ахмет отырған жері жайсыз болғандай әлде неге әуелі қипақтап, сипақтап, әуелі тиышсызданып қозғалақтай бастады. Сосын өзінің алдындағы бөксе басып отырған жері кілкілдеген көк жусан, қоңырбас, жоңыршқа арасында сорайып бой салып өскен сары өсімдікке қарады. Созылып барып анадай жердегі қызыл бауыр изеннің ұзын бір талын үзіп алды. Сосын онсыз да кеңірдегі тоқпақтай ұзын, ұзын мойнын әдеттегідей өршелене созып:

– Уа, мына Жақайым Жетес би айтқан екен... – дей түсті де, өзінің жаңағы қоразданып едірейген қалпынан кенет күрт өзгеріп, тамағына тас тұрғандай тоқтап қалды. Онан сайын Еламанның зәресі ұшты. «Тегін болмас» деп ойлады да, иегіндегі бес тал сақалды түбінен қысып, төмен қарап тұқырайып отырған кісіден көзін айырмады. Оның қос езуліктің тұсында жөнсіз-жосықсыз жыбыр-жыбыр ете қалған бес-алты тал қыл да, тас қып жұмып алған көзі де, әсіресе, қос шекелігі қушиған ешкі басының екі қапталында қалқиған ана ақ жарғақ аламан құлағы, бәрі-бәрі жүрегі сезген бір жамандықты растап тұрғандай. Еламан әрі-бері қипақтап отырды да, ақырында төзімін тауысып, ананы иегін тас қып уыстап алған қолынан тартты. Судыр Ахмет көзін ашып алды. Бірақ Еламанға көз салмай, алдынан өтіп бара жатқан құмырсқаны көріп қалды, күзен бел ұзын

бойымен ұмтылып барды да, қолындағы қызыл изенмен шыпытып ұра бастады. Денесіне таяқ батқан құмырсқа аузындағы тістеп алған дәнді тастай қашты.

Еламанның етек-жеңі кеңіп сала берді. «Ой, берекесіз сорлы» деді ішінен

– Айтпасаң да естідім. Кенжекейге үйленгелі жатқан көрінесің, – деді Судыр Ахмет.

– Ой, сөзің бар болсын! Бар болғыр! – деп, орнынан тұра беріп еді, Судыр Ахмет етегінен басып орнына қайта отырғызды.

– Оу, «ел құлағы елу»... Сен жасырғанмен жаман ағаң есітті.

Еламан бұған не істерін – кейірін, әлде, ренжірін білмей отыр.

– Ау! Ау, сенің Кенжекейге үйленетініңді өзім де білгем. Ойбай-ау, Еламанжан-ау, жаман ағаңның жүрегі жақсылықты жер түбінен сезеді ғой.

– Жә, қайтесің. Қойшы!

– Қайтесінің не? Қатын алу құдай бұйрығы. Оны айтасың ба, мен, тіпті, сені Кенжекейге сыртыңнан таныстырып жүргем – деп, осы арада Судыр Ахмет өзінің өтірігіне өзі иланып кетті де, құдды мешел болған баладай құйрығымен әрі-бері ырғаңдай жылжып Еламанға жақындады.

Еламан түрегелді. Судыр Ахмет те шалғайласа тұрды. Еламанның құлақ аспағанына қарамай, оның біресе оң, біресе сол жағына шығып, алдын орап емпелеңдеп келеді.

– Ал! Ал енді, сен дегенде бұл ағаңның пейілі басқа. Ойбай-ау, сен дегенде ағаңның тілінің тиегі ағытылып кетеді ғой. Жігіт сөзбен ажарлы болса, айтпады деме, сен осал емессің. Осы жолы сені келіншек алдында

ажарлап бақтым. Екі иығыңа екі үкі, басыңа бір үкі тағып ажарлап таныстыра...

Реніш пен ыза қабат қысқан Еламан қасында бірдеңелерді былдырлап бүлкектеп еріп келе жатқан Судыр Ахметті бір түйіп жалп еткізді. Балықшылар ауылы отырған тік жардың баурайын киялап төмен түсті. Теңіз жағалауында қақалып тұнып тұрған алабұта, ащылық сораңды солдат етікпен пытырлатып басып келеді.

Құдай-ау, бұл не? Бұларға не болды? Патша құлады. Уақытша үкімет құлады. Жер-жердің бәрінде де халық қолына қару алып, осы дүниенің төрт бұрышында тыныш түкпір қалмай дүрлігіп жатыр. Ал бұлардың түрі мынау. Жүдеу дала. Баяғы жайбасар тірлік. Баяғы бойкүйез ауыл. Сол баяғы өмір бойы ұйқы мен ояу арасында иіні түскен берекесіз жандар. Әлде бұлар да қара дауыл қаптай соғып кеткенде қамыс арасында ықтап қалатын шүрегей қоңыр үйректей ме? Анау ашық айдында ірі құстар бұршақ соғып мертiгiп жатқанда, бергi жақта – саяз, қызыл суларда солар жан сақтап, аман қалатын едi ғой.

Еламан промсолға келгенін байқады. Қысы-жазы күн түспей қарақөлеңкеленіп тұратын даладай лабазда қазақ, орыс қатындардың жаулығы ағараңдайды. Олар сойып жатқан балығын жерге қоя сап, бәрі бірдей түсі басқа кісіге бұрылды. Тек дөңгелек зерен жүзді келіншек мына жігіттің өзін іздеп келгенін біліп, шырыш-шырыш қолын алжапқышына сүртіп, орнынан ақырын түрегеле берді.

– Сыртқа шығайық, – деді Еламан.

Еламан үйде жалғыз. Әлгінде Әшімді арқалап, ұршығын алып қыдырып кеткен келіншегін күтіп жатыр. Кенжекейге үйленіп, бір түндік астында тұрғалы да біраз. Бұл қаламаса да, бірақ жаңа үйленген келіншегі қиылып отырып алғасын, баяғыда Ақбалаға үйленгенде тұрған ескі үйін жөндеп кіріп алған-ды.

Еламан баяғы өмірді еске салатын бір нәрсені қалдырғысы келмеді. Есік-терезені қайта салды. Ескі шымылдық пешті бұзып, кесегін сыртқа шығарып тастады. Промсолдан ақ балшық әкеліп қабырғаларын майлап шықты. Көз көрген кісілер Еламанның құлаған шаңырағын қайта көтеріп, өз алдына үй болып жатқанына мәз. Түс ауа үш ауылдың кәрі-жасы жиналып, Еламан мен Кенжекейді жаңа үйге кіргізді.

Қалау Кенжекейдің төсек-орнын бермей, алып қалған-ды. Күндіз кісі-қара бар кезде байқамапты. Кешке өздері оңаша қалғасын бір жаяр төсеніші жоқ бөлме үңірейіп қоя берді. Жатарда өздері түгіл балалардың астына не төсерін білмей, ерлі-зайыпты екеуі қиналып тұрғанда, кенет сырттан дабырлаған дауыс шықты. Ілешала Әли бастаған бір топ жас кірді. Тілеу-Қабақтың жас жігіттері жарқылдап күліп, әзіл-қалжыңмен жүріп, қолтығына қыса келген алаша, текеметтерін жайып, тұсқа ұстап, әп-сәтте үйдің ішін жайнатты да жіберді.

Көңілді жігіттер кеткесін үй іші қайтадан жым-жырт бола қалды. Төлеудің үш баласы мына бір түсі басқа жат кісіден қысылды ма, әлде жатырқады ма, үрпиіп бұрышқа тығыла қапты. Олардан Еламан да қысылды. Басқалардан гөрі естиярлау әне бір сары бұжыр баланың ажарында анық жаулық бар. Өздерінің онсыз да жұпыны

жүдеу тірлігіне қайдағы біреудің қайдан тап келгеніне ырза емес сияқты.

Еламан көбіне-көп осы сарыдан қысылды. Оның қысылатынын байқаған бала әкесіндей дап-дардай кісіні ықтырғанына дән ырза. Тек мына бір бұнан қаймығып ығатын кісіге анасының ықыласы неге басқа екеніне түсінбеді. Сары баланың жынына тиген тағы бір жай: күндіз аласа үйде ұзын бойы өңкиіп, ебедейсіз қозғалып жүретін осы ұялшақ кісі күнде кешкісін шам сөнердің алдында көйлек, дамбалы ағараңдап шешесінің төсегіне кіріп бара жатады.

Алғашқы күні Кенжекей де қиналды. Күнде-күнде қасына алып жатып жүрген кішкентай балаларды қалай бөлектеудің есебін таба алмай сыртқа шықты. Ішке кірді. Кешкі астан кейін үстеріне көрпе жауып жатып та балалардан бетін алып қашып, сырттап бұрыла берді. Ала-бөле үлкен баладан қатты қаймығып, жерге кіре жаздады. Төсек жанында тұрып шешініп жатқан күйеуіне тіпті көз салмады. Сыртқа шығып бара жатып, есік жақта сығырайған шамды сөндіре кетті. Сонан қайтып оралмады.

Еламан да қараңғы үйде көзі ашық жатыр. Ет қызумен апақ-сапақта үйлене салса да, кейін ойлап қараса, үш қатынның жатырынан шыққан үш бала да, үш рулы ел де бір екенін байқады. Енді шегінетін жер жоқ, осылармен ептеп-септеп өмір сүреді. Дегенмен, мыналардың бір оттың басына сыйысуы қиын сияқты. Ала-бөле бұжыр сарыдан шошиды.

Қысқа түннің қай уақыты болғаны белгісіз. Бір кезде осы күнгі өз халін ойлап жатып: «Істеп салдым бір істі, Алла оңғарсын бұл істі» – деп, әлдеқалай аузына түскен өлең жолын ішінен қайталағаны есінде. Сонан арғысын білмеді. Ұйықтап кетіпті. Қашаңғы дағды бойынша

күнде оянатын кезде көзін ашса, таң әлі атпапты. Бірақ таң алдында туған толық ай тас төбедегі терезе әйнегіне бозамық рең беріп, үй-іші ақсүттеніп тұр екен. Тұрған бойда көзіне есік жаққа тастаған солдат етік түсті. Өзі жатқан төсектің аяқ жағынан қазандыққа қонжиып алған құлақты қара қазан қарауытады. Өз төсегінен арырақта үстеріне жапқан үлкен көрпе астында айқыш-ұйқыш жатқан үш баланың біреуі тоқты кошқардай мекіренеді.

Кенжекей ішке балалар ояңғасын кірді. Сыртта қайнатып әкелген қара шайнекті қолына ұстай кіргенді.

– Балалар, тұрыңдар! Менің жұмысқа кететін уақытым болды.

Даусы ұп-ұяң. Дөңгелек зерен жүзінде тіпті зәр жоқ. Төсегінің жанынан өтіп баратып айтты да, көлдей көйлектің ар жағынан аяқ басқаны білінбей ұзап барады. Түнімен күте-күте ызаланып, таң алдында ғана көзі ілінген Еламан қалай көңілденіп, қалай төсектен атып тұрғанын өзі де білмеді.

– Балаға лайық қандай жұмыс бар?

Кенжекей қасына кеп, күлімсіреп тұрған күйеуіне таңдана қарады. «Ә» дегенде мынау әлде әзіл, әлде шын екенін білмей қалды да, «әзіл болар» деп ойлап, істеп жатқан шаруасына кірісіп кетті.

Кенжекей күнде жұмысқа ерте кетеді. Кеш қайтады. Қашан келсе де, үй іші жиналған, төсекті қағып-сілкіп, алдынан асын даярлап қояды. Азғана күн ішінде үй жанына отын үйіліп қалды. Бұрынғы жалғызілікті кезде күтімі болмай, үсті-басы кір-кір боп жүретін балалар қазір мұнтаздай.

Еламан балықшылар ауылының күнделікті күйбең-күйбең тірлігіне дәл баяғы кездей қазір тағы да бауыр басып кетті. Ең ақыры, Судыр Ахмет кішкене кешіксе

де ол кәдімгідей елендеп, шыдамсызданып бітеді. Кеше ертеңгісін Кенжекей жұмысқа кеткесін Еламан сыртқа шықса, Судыр Ахмет нар қарасына мініп алған. Қатын-балаларымен қоштасып, ауыл-аймақ түгел естісін дегендей, шаңқ-шаңқ сөйлеп шаруа жайын тапсырып жатыр екен. Сыртқа шыққан Еламанды көріп, нар қарасын тебініп қалды. Ат үстінде қоқиланып, қатты бастырып желіп келді.

– Аха, жолға шықтың ба?

– Қарап жата алмадым.

– Е, сапар оң болсын!

– Айтқаның келсін. Айтқаның келсін, Еламанжан. Қашан да, ойбай құдай-ау, кісіні қатын-бала өлтіреді ғой. Соңыра қыс түскесін үйелмелі-сүйелмелі қызыл қарын балалар ұядағы аш балапандай ас сұрап шулай бастағанда, Еламанжан-ау, кірерге тесік таба алмай қаласың ғой. Сосын қатын-баланың қыс азығын жылы күздің басында қамдап алайын деп...

Еламан үндемеді. Қабы мен дорбасын аттың артына бөктеріп ап, нар қараның үстінде нағыз ер-азаматтарша қоқиланып кетіп бара жатқан Судыр Ахметтің сыртынан қарап күліп қала берді. Келістіре алмады демесең, бұл пақырдың, әйтеуір, әрқашанда ниеті дұрыс болады деп ойлады Еламан. Күні бойы ол Судыр Ахметті қайта-қайта есіне алып, мырс-мырс күлумен болды. Ертеңіне елден жинаған жігіттердің алды келе бастады. Еламан оларды балықшылардың үйіне бөліп орналастырды. Қолы кішкене босаса үйіне жүгіріп кеп, жас балалардың жағдайын істеді. Бүгін жұмыстан келе сала Кенжекей көрші үйлерге қыдырып кетіп еді. Күн батты. Қас қарайды. Кенжекей кешікті. Үш бала сыртта ойнап жүр. Мысық көз сары екі інісіне әлімжеттік қып қожаң-қожаң етеді.

Еламан үй ішіне көз сап отырды да, кенет ойлы жүзін Кенжекей екеуінің төсегіне тіге қалды. Алғашқы үйленген күні өзінің маскара боп ұйықтап кеткені есіне түсті. Езу тартып күлімсіреді. Нәпсісімен алысқан еркектей емес, асылы әйел нәсілінің ұяты бар ғой. Әлі есінде, алғашқы ақ некелі күні Ақбала да тап осы орынға төсек салып еді-ау! Қос қабат киіз үстіне көрпе жайды. Құс жастық астына Еламанның ескі тонын тастады. Сонан соң төр жақта жүк арасында жинаулы тұрған қызыл сәтен көрпені сақина толы саусақтарымен кеудесіне қысып әкеп, екеуіне салған төсектің аяқ жағына жазып тастады. Еламан қозғалса құлап қалатындай сезді. Қазір келіншегі тіл қатса даусы шықпай қалатындай қорықты.

Ақбала күйеуінің бар-жоғын байқамайтын сияқты. Шапанын басына бүркенді де, күйеуі тұрған жаққа көз салмастан сыртқа шығып бара жатты. Сонан ол жуық арада оралмады.

– Ай, Ақбала-ай! – деді Еламан.

Үй іші құлазып сала берді.

– Көп айналдық па?

Еламан селк ете қалды. Мынау ақиқат Ақбала екен деп қалып еді, сүйтсе Кенжекей ішке кіріп, Әшімді арқасынан түсіріп жатыр екен.

– Көршінің әйелі шай ішіп кет деп жібермеді. Соның арасында Әшімжан да ұйықтап кетті...

– Ә, жақсы болған екен...

– Шай қояйын ба?

– Жоқ...

– Бір жерің ауырып отырған жоқ па?

– Жо-жоқ, жай...

Кенжекей сонан әрі қазбаламады. Ол тек күйеуінің құдды ұрлығы ұсталған баладай осынша қысылып қызарып кеткеніне таңданды.

Еламан Шалқарға бір ай дегенде әрең оралды. Қасында осы жолы елден жинап алып қайтқан жүз қаралы жігіт. Бәрінің астында бір-бір ат. Кейінгі күндері тақым жазбастан бірге болып, көңілдері жарасып қалған жігіттер теңіз жағасынан шыққалы ат үстінде әзіл-қалжыңы үзілмей, күліп-ойнап келе жатқан-ды. Қаланы көргенде бәрі де үні өшіп, жым-жырт бола қалды. Теміркенің көк дүкеніне тақап келе бергенде ілгергі жақтағы бір көшенің қайырылысынан үш жүздей кісі шыға келді. Қару-жарақ асынғаны болмаса, бәрі де қалай болса солай, алқам-салқам киінген. Тек солардың арасында әскери киімді біреу соңындағыларға бұрылып: «Бассаңдаршы аяқтарыңды. Тезірек... тезірек жүріңдер», – деп зекіріп қояды. Еламан Мюльгаузенді бірден таныды.

Еламан орталықтағы екі қабат үйдің алдына кеп, аттан түсті. Күрең қасқаның тізгінін қасындағы бір жігітке ұстата салды да ішке ұмтылды. Бұлардың қарасын көргеннен-ақ айқара ашылған қақпаның арғы жағынан Дьяков та шинелінің жеңін асығыс киіп, жүгіре басып келе жатты.

– Еламан! Дорогой! Ал, қалай?..

– Көбірек айналып қалдым...

– Оқасы жоқ. Ал?..

– Жүзге тарта жігіт әкелдім...

– Жарайсың. Рақмет. Ал біздің халіміз онша емес.

Есіткен шығарсың?

– Нені?

– Чехтар жайында естіп пе едің?

– Ших?

– Жоқ, чех.

– Ә, шек пе?

– Сен әлі білмейді екенсің ғой. Жарайды, кейін сөйлесерміз – деді де, Дьяков артық тілге келмей жүгіре жөнелді. Шинельдің түймелерін де жүгіріп бара жатып салды.

Еламан аң-таң. «Ше-к?» – деді ішінен. Ол өзі кім? Дос па, қас па? Әлгі... Дьяков қайда кетті? Етегіне сүрініп неғып жүр?

Жігіттер аттан түспей, әлі сыртта, қақпа алдында иіріліп тұр. Еламан анда-бұнда жүгіріп, ақыры, әйтеуір штабта істейтін біреуден әлгі Шек пе, Ших па, солар жөнінде бірдеңе білді. Сүйтсе, ол өзі Владивостоктан кемеге отырып, өз еліне өтіп кетпек болған Чех корпусы екен. Сібір темір жолымен кетіп бара жатқанда ағылшын, француз, жапон елінің Қиыр Шығыстағы төтенше елшілерінің қот-қоттап айдап салғанына ерген Чех корпусының солдаттары көтеріліс ашып, Сібір қалаларын бірінен кейін бірін басып алып жатыр екен. Әлі де аяғына мініп кете қоймаған жас елді іштегі, тыстағы жаулардың жан-жақтан жабылып талап жатқаны аз дегендей, енді бүтіл Сібір бас көтеріп, ел басына тағы да бір төтеннен қатер төніпті. Осы бір жанталасқан қарбаласта шалқарлықтар да қарап жатпай, қала, даладан адам жинап майданға аттандырғалы жатыр екен. Дьяков соларды шығарып салуға кетіпті. Еламан стансаға жүгіріп еді; бірақ үлгірмеді. Дьяков та, Селиванов та көзге түспеді. Станса басындағы кісілер олардың осы қазір ғана депоға кетіп бара жатқанын көрдік деді. Еламан атын станса алдындағы терекке байлады да, депоға тартты. Кетіп бара жатып қайта-қайта артына бұрылып, асхана жаққа қарай берді. Ақбала көзіне түспеді. Тек соңғы рет қарағанда, асханадан бір

жуан әйел шыққанын көрді. «Ақбала айта беретін әлгі Сары апа осы шығар» деп ойлады Еламан.

Депода жиналыс боп жатыр екен. Аңырайған аңғал-саңғал депоның бір басына жиналған ығы-жығы кісілердің арасында бір-жар кәрі-құртаң шал-шауқан болмаса, қалғандары әйел. Ер-азаматы майданға кеткен әйелдер: «Қыс болса келіп қалды. Отын жоқ. Азық-түлік жоқ. Керек десе, ертеңісін жұмысқа кетерде етекке оралған жас балаларды кімге қалдыруды білмей қиналатындарын» айтып, жан-жақтан шулап ала жөнеліп еді, Селиванов орнынан атып тұрды. Сусылдаған шашын кейін қарай сілкіп тастап, құдды қазір жұрт алдына шығып тақпақ айтып тақылдай жөнелетін баладай көзі ұшқындап:

– Революция жеңді. Бірақ қиындық көп. Қанқұйлы жау жас республикаға жан-жақтан жабылып... – деп, әдеттегідей жұлқынып қызына бастағанда, қасында отырған Дьяков шынтағынан тартты:

– Қайтесің. Бұларға қандай жәрдем беруге болады. Соны ақылдасайық.

– Жағдайды түсіндіру керек емес пе?

– Бізден кем түсінбейді.

– Петр Яковлевич, кешіріңіз...

– Кейін сөйлесерміз. Ал қазір мыналарға қандай көмек көрсетуге болады?

– Көмек?!

– Иә, отын тауып бере аламыз ба?

– Отын... Отын жоқ қой. Өзіңіз білесіз, Бершүгір шахтасын атты қазақтар киратып кетті. Қолда бар азғантай ағаш пен көмірді күзет қойып, паровоздар мен депоның күнбе-күнгі қажетіне өлшеп беріп отырған жоқпыз ба.

Дьяков үндемеді. Кейінгі жақта тұрған Еламанға көзі түсті.

– Жай ма? – деді оның қасына барып.

– Жігіттерім әлі орналасқан жоқ.

Дьяков жанынан бір жапырақ қағаз алды. Хат танымайтын жігітке қағаз бетіне түскен шимай аз көрінгесін өтініші осалдау болғандай көрінді де, Дьяков ұсынған қағазға қолын ықылассыз созды.

Дьяков орнына қайтып барды. Селивановпен қайта сөйлесіп, қолда бар азғантай отыннан, бәріне болмаса да, көп балалы әйелдерге ауыс-күйіс бірдеңе бергізетін ғып көндірді. Күйеуі соғыста өлген қартаңдау әйел өзіне тиген үлестен бас тартты. Ауылда тұратын бір қазақпен көп жылдан бері тамыр екен. Күйеуі қайтыс болғалы сол қазақ жылда-жылда бұған қыстық отынды күз басында түсіріп беретін көрінеді.

Дьяков осында келгелі көшеде отын артқан түйені жетелеп жүрген қазақтарды көретін-ді. Ендеше, қала іргесіне қоныс тепкен қазақ ауылдарына Еламанды жіберіп алғаны жөн. Ұзаққа созылған жиналыстың ақырына Дьяков эзер шыдады. Дала тастай қараңғы екен. Әшейінде аспанға сыймай быжынап тұратын жұлдыздар бәрі бірдей көзін тас қып жұмып алғандай.

– Маған ренжіп қалған жоқсың ба? – деді Дьяков.

– Неге?

– Отын жөнінде...

– Онда тұрған не бар... Біз Мюльгаузен екеуіміз шиедей боп қалатынбыз.

– Иә, ол жігіт кісінің көңіліне қарамайтын. Бір есептен сонікі дұрыс. Бірақ, ол менің қолымнан келмейді. Ал, сау бол, мен полкке кеттім.

– Жоқ, болмайды, бізге барып қонақ боп кетесіз.

– Шын айтасың ба?

– Шын болғанда қандай. Шай берем. Басқасын барғасын көрерміз.

– Жүр, ендеше! – деді Дьяков та аяқ астынан көңілденіп, – мен қонаққа бармағалы қай заман. Оны айтасың-ау, осы өмірде адам қатарлы әлі семья құрмаппын.

«Үйде не бар еді?» деді Селиванов ішінен. Иә, азғантай ұн бар. Сосын қағазға ораған бір уыстай тұз бар. Бір жерде селедканың құйрығы жатқан сияқты еді. Сосын... Қанша ойласа да, сосын үйде тағы не бар, не жоғы есіне түспеді.

Селиванов жалғыз басты жігіт-ті. Және үйге күнде тек жатарда ғана келетін. Қанша күннен бері от жанбаған үй мұздай екен. Бұлар тастай қараңғы бөлменің табалдырығынан аттады да, қалшиып тұра қалды. Дьяков тұрған жерінен қозғалмады. Селиванов соқыр кісіше тастай қараңғы үйде қолын ілгері созып жүріп кетті. Аяғын абайлап ақырын басып, екі-үш қадам аттады ма, жоқ па, жолда тұрған бірдеңеге соғылып, жалт беріп артына бұрылғанда, бұл жақта орындық құлады. Онан шелекке сүрініп, тастай қараңғы бөлме салдыр-күлдір болды.

– **Бәрекелде**, қонаққа шақырғаныңа болайын, – деді Дьяков күліп.

Селиванов та мәз. Тағы бірдеңені бүлдіріп алатындай айналасын сипалап жүріп, әрең дегенде бір жерден сіріңке тапты. Шам жанды. Дьяков стол жанында тұрған орындыққа отырды.

– Петр Яковлевич, қонақ болғаныңмен бұл үйде қолың қимылдаса ғана аузың қимылдайды, – деді Селиванов.

– Көріп отырмын.

– От жағыңыз, мен еденді жуып тастайын.

– Ой, қу бала! Қонақ қып сыйлайды екен десем, мені жұмсауға әкелген екенсің ғой.

Бұл екеуі қалжыңдасып күліп жүріп үйді жинады. Еденді жуды. Шай қайнатты. Селивановтан гөрі үй шаруасына қайта Дьяков икемдірек боп шықты. Және не істесе де жан-тәнімен ықыластанып істейді екен. Шай ішіп, денесі жылынғасын маужырап көзіне ұйқы тығылды. Сөйлесіп отырып та, ауық-ауық көзі ілініп бара жатады да, жөтел буып оянып кетеді. Қасында отырған Селивановты бірде сезсе, бірде сезбейтін сияқты. Керек десе, оның ертеден бері көлденеңнен өзінен көзін алмай қарап отырғанын да сезген жоқты. Басы бауырына түсіп, кішкентай қағілез денесі бүктетіліп кеткен. Әшейінде бір жақ мықынын басып, салақтап жүретін қара құмандай наған жамбасына батты ма, Дьяков қозғалып, екінші жағына кисайып отырды.

– Петр Яковлевич, жатыңыз, – деді Селиванов.

– А-а?

– Төсек салып берейін, жатыңыз.

– Жоқ, рақмет! Кетем.

– Кеш қой.

Дьяков алақанымен аузын басып есінеді. Сосын ұйқы қысып, топырақ түскендей түйнеп отырған көзін ашса да, бірақ шақырайған шам сәулесіне қарай алмай, қолымен көлегейледі.

– Петр Яковлевич...

– А?

– Өмірің... өміріңізді айтам.

– А, менің өмірім бе? Темекің жоқ па?

– Сізге болмайды ғой.

– Иә, маған болмайды. Сағат қанша болды екен?

– Екі.

– Шығарып салайын.

– Жоқ, қайтесің... – деп, Дьяков бетін ары бұрып,

тағы да алақанымен аузын басып ұзақ есінеді.

– Сен осы жаңа не дедің?

– Жаңа ма?.. Қонып қалыңыз дедім ғой.

– Жоқ, онан басқа... Иә, есіме түсті.

Дьяковтың қалжыраған қажыңқы жүдеу өңіне күлкі тепсінді:

– Ему судьба готовила

Век краткий, имя славное,

Чахотку и Сибирь! Иә, бауырым, біздің ұрпақтың үлесіне тиген сыбаға осы – деп, Дьяков жаңа ғана от жағып, ас пісірген жігіттің ып-ыстық қолын уысында қысып біраз тұрды да, шығып кетті.

* * *

Дьяков командирлерге «даярланыңдар, аттанамыз» деп әмір берді. Командирлер үнсіз құптап, жүгіре жөнелді. Бірде-бірі қайда аттанамыз деп қайырып сұраған жоқ. Онсыз да күн санап, ел жағдайы қиындап бара жатқаны бұларға аян. Кейінгі кезде майданнан келген әрбір хабар бұлардың жабырқау жанын бұрынғыдан да гөрі жүдетіп тұрған-ды. Чехословакия корпусы басып алған Сібірді алғашқыда Директория басқарған еді, қазір үкімет басына адмирал Колчак келді де, бір адамның басына патша тәжінен кейінгі Ресейдегі бар құдіретті лауазымның бәрін үйіп-төгіп жатыр. Одақтас елдер қолдаған Колчактың қарулы күші Сібір мен Қиыр Шығыстың билігін қолына алып, әлі де аяғына мініп кете қоймаған жас республиканың алқымында пышағын жалақтатып тұр.

Халық аш. Бар үміт – Жем бойының биылғы астығы еді; бірақ о да бұйырмады. Көпестер мен қалтасы қалың байлар жылдағыдай биыл да Жем бойының бар

астығын сатып алып, астыртын Орынбор, Орск, Омбыға жөнелтіп жатты. Мына жақтан Орынбор атаманы да ел ішінің ылаңын ушықтырып, күнде-күнде қотанға шапқан қасқырдай қан жоса ғып қырып кетіп, шауып кетіп, іргеңде ат ойнатып, мазаны алып тұрған-ды.

Бұл өңірге атты казактар ең алғаш Нұралы хан тұсында генерал-губернатор Неплюевпен бірге еріп келген-ді. Сонан бері атты казактар ана жақта Еділ, Жайық, мына жақта Жем, кейінірек Арқаға, онан Жетісуға ірге теуіп, жылдан-жылға нығайып, аты белдеуде, бес қаруы бойында, «ал» десе әзір тұрған әпербақандар еді.

Орынборды басып алғаннан бері Дутовтың түү дегенде түкірігі жерге түспей тұр. Іргетасы – ақ офицерлер. Қала берді – юнкерлер, кадеттер. Арқа тірер негізгі күш – Орынбор, Орал, Троицкінің атты казактары. Патша құлап, Уақытша Үкіметтің аяғы аспаннан келген кешегі аударыспақ-төңкеріспекте бақ қуған, анық қуған билікке таласқан есерсоқтар мен есекдәмелілер естерінен танғанша ел тізгініне таласқандары сонша, түсінде тәж киіп, тақ мінбегені кемде-кем. Ана жақта Антантаның айтағына ерген ақ генералдар Деникин, Юденич, Врангель, бұ жақта Колчак жас республикаға жан жағынан жабылып қашанда іш есебі де бүтін зымиян, әккі атаман Азия мен Еуропаның нақ аралығында жатқан қалаға күшін топтап бекініп алды. Өзгелер сияқты өзіне тәжді де, тақты да армандамады. Өзін не Верховный Правитель, не Директория ғып жариялап, дүниеге дабыра да салмады. Өзі қожалық еткен Орынбордағы билікті де онша дабырайтпай, жай ғана Күмүч деп жариялап, жер түбіндегі пәлені әріден ойлайтын әккі атаман бұл жолы да аяғын көрпесіне қарап созған еді.

Кеше патша құлағанда қара орманын тастай қашқан алтын иық төрелер, дәурені өткен мырзалар, әскерінен айырылған тұл генерал, тұл офицерлер сыртта жүріп есін жиып, еліне оралғанда енді кәзір солардың көбі Орынбор атаманына келе бастады. Бақ, байлық басында тұрғанда Дутов сияқты ондаған атаман қанатының астына сыйып кететін күдіретті кісілер енді бүгін де онан өздері пана сұрап, оның казачий шапанының койны-қоншына кіріп барады.

Шынында да, атаман Дутов еш уақытта да өзін дәл осы казіргідей күшті де күдіретті сезінген кез болған жоқ-ты. Соның өзінде де Орынбор атаманы үзілді-кесілді бір жағына шығып белдесіп күрескен емес. Ақ семсерін жалаңдатып кеп ашықтан-ашық алысқа түскеннен гөрі бұл жолы да аңдысып, іштен тіреп жатып алатын оның ежелгі тәсілі еді. Ұрланып келеді. Қапыңды тауып, тұтқиылдан тиеді. Қан-жоса ғып кырып-жояды да, тайып отырады. Сол жымысқы қулығын тағы да іске асырып, Жем бойының бұрынғы бар астығын сатып алып, онсыз да ісіп, кеуіп отырған аш халықты азық-түліксіз калдырды.

Хан-Дауров Жем бойына бұл жолы да Дьяковтың полкін жіберіп еді, Дьяков бара сала қарауындағы кісілерді бірнеше ұсақ отрядқа бөлді. Олар өздеріне іш тартатын кісілердің көземелдеу сілтеуімен қойма-қоймаларда тығылып жатқан астықтың үстінен шығып, бергенін қолынан, бермегенін жолынан алып, вагон-вагон астықты қарулы күзетпен жөнелте бастаған-ды. Бұндайда көрсе де көрмеген боп бой бағып қалатын атты казактар ма, олар да бес қару белде, ат іргеде, жалаңаш қылыш жалақтатып, жапырыла көтеріліп атқа қонып жаты. Сол хабар жеткен бойда дивизия Дьяковке көмекке Ташкент жұмысшылар отрядын жіберіп еді,

бірақ қас қарая келген отряд салған жерден іргесін аулақ салып, ілгерірек озып барды да, окшауланып тоқтады. Сыртқа бір адам шықпады.

Жөн-жосығы белгісіз, ұзын эшелон бар есіктің бәрін тарс жауыпты. Дьяков аң-таң. Хабарласар деген дәмемен біраз күтсе де, не командирі, не штаб начальнигі тұяқ серіппей тым-тырыс жатып алды.

Дьяков бұл жігітпен бұрын-соңды кездеспеген-ді. Бірақ ол жөнінде әркімнен әр түрлі әңгіме есітетін: Мюльгаузен осы жігіттің өзі түгіл, атын естісе қаны кайнап, «барчук» деп тыжырына қалатын. Ал Еламан онша кетәрі емес. Айтып саптауы – орысша оқыған. Төрт ағайынды: үлкені – пірөдар, софы. Ортаншысын он алтыншы жылы көтерілісшілер өлтіріпті. Ал кішісі – теңіз жағасын жайлаған жалпақ ел Жақайым ішіндегі ең малды да, бақты да жігіт. Жасағанберген бір жолы осы ағасымен тілге келіп, қатты түс шайысыпты да, бір-бірін көрместей боп араздасып кетіпті.

Дьяков оған өзі барды. Жасағанберген шай алғызды.

– Сенде қазақ жігіттері бар көрінеді ғой? – деді ол.

– Иә, бар. Өз алдына дербес эскадрон.

– Эскадро-н? – деді Жасағанберген қонағына көзінің қиығын күлімсірей тастап, – осыған өздерінің тілі келе ме екен?

Дьяков үндемеді.

– Эскадрон командирі менің жерлесім. Екеуміз бір ауылданбыз.

– Білем.

– Өзі айтты ма?

– Иә, өзі айтты.

– Біздің үйдің жылқысын бақтым деп те айтқан болар?

– Ол арасын айтқан жоқ еді.

Жасағанберген Дьяковке сенімсіздене қарады. Жак сүйегі қуарған жүдеу беті әлденеге ду етіп қызарды да, қайта бозарды. Қолы қыздың қолындай екен. Аппак нәзік саусақтары тым жіңішке. Тырнақтары да ар жағынан еті көрініп тұрғандай қабажақтай жұп-жұқа. «Құрт ауру емес пе өзі?» деп ойлады Дьяков. Осыған дейін өзі көріп жүрген қазақтардан мына жігіттің бойында бір өзгешелік бар. Кісі өңіне оқта-текте сабырлы салмақпен қарап қалатын қара көзі, әдемі қыр мұрны, атжақты ашаң жүзіне дейін оның төре сүйек нәсілін анық танытқандай. Және орыс тілін нақышына келтіріп таза сөйлейді екен. Қоштасар алдында Дьяков атты казактарға қарсы тізе қосып әрекет етейік деп еді; ол онша ыңғай бермей, «жағдайға қарай көрейік», – деді де, орнынан тұрып кетті.

Дьяков полкке қайтып келді. Айдалада жалғызсыраған кішкентай разъездің кіп-кішкентай тас үйіне бүйірін беріп тоқтаған әскери эшелонның орта тұсындағы бір вагоннан ақырын әңгімелескен күбір-күбір дауыс шықты. Дьяков тұсынан өтіп бара жатты да, сәл іркіліп ішке басын сұғып еді, қараңғы вагоннан бірнеше кісі қосарлана жамырап:

– Э-э, кәмысар... Кір, кір! – деді.

Дьяков көбіне-көп темекі шекпейтін қазақ жігіттерінің арасына кеп жататын-ды.

– Неге ұйықтамай жатырсыңдар?

– Ақтар әлде қайтеді деп...

– Иә, оларға сенім аз. Бірақ сыртта күзет мықты екен. Бұл қайсың? Ә, Еламан, сенбісің, – деді Дьяков қараңғы вагонның әлдебір жағынан кеп қатарласып жата кеткен кісіге қасынан ығысып орын ұсынып, – жерлесіңе кездестім. Сөйлестік.

– Тіл табыса алдың ба?

– Сөйлестік дедім ғой.

Еламан үндемеді. Дьяков та біраз үнсіз жатты да әлдене айтқысы келгендей, кенет Еламанға жақындай түсіп:

– Слушай, сенен сұрағым кеп жүр еді. Темір жол асханасында істейтін сұлу келіншек... Соның саған қандай жақындығы бар? – деп еді.

– Оны қайтесің? – деді Еламан.

– Жоқ, жәй... әшиін...

– Ол менің бұрынғы әйелім.

– Ә-ә...

Осыдан кейін екеуі де үндемеді. Қызыл вагонның іші тас қараңғы. Қасында қатар жатқан кісі көрінбейді. Тек әр жерден қорылдаған дауыс естіледі. Сыртта жел көтеріліп кеткен сияқты. Дьяков іштегі, тыстағы дыбысқа құлағын тігіп, тың тыңдап жатты да, түрегелді. Тыныштығынан айырылып, тысқа шыққысы кеп ақырын жөнеле бергенде Еламан қолынан ұстай алды.

– Қайда барасыз?

Еламанның алақаны тиген жер күйдіріп бара жатты. Кешеден бері осы жігіттің түсі кірмей, кірбиіп жүргені есіне түсті. Ол Еламанның басын ұстады.

– Ауырып жүрсің бе?

– Салқын тиді ғой деймін. Тұла бойым көтертпейді.

– Иә, қызуың бар екен.

– Қайтер дейсің.

– Жоқ, сен енді қозғалма. Жат, – деді де, Дьяков ақырын басып сыртқа шықты. Қара суық жел қақап тұр екен. Дьяков жалма-жан шинель жағасын көтерді. Жан-жағына сергек қарап, құлағын тігіп келеді. Қанша қараса да бір жан көзіне түспеді. «Күзетшілер қайда?» – деп ойлап еді, жүрегі мұп-мұздай боп кетті. Бір жауынгерді дереу Жасағанбергенге жүгіртті де, көзді ашып-

жұмғандай уақыттың ішінде бүкіл полкті аяғынан тік тұрғызды. Осы екі арада Жасағанбергенге жіберген кісі оралып, Ташкент отрядының зым-зия жоқ боп кеткенін хабарлады.

Дьяков бұның тегін емесін білді. Жағдайды анықтап қайтындар деп жан-жаққа барлаушылар жүгіртті. Ол әлі де болса күзетті күшейтіп, қауырт әзірлік жасап абыр-сабыр боп жатқанда, кенет әрегіректен мылтық атылды.

– Кім атқан? Жаңағы барлауға кеткендер емес пе екен? – де, жұрт елендесіп қалды.

Жігіттер жапырлап вагоннан түсіп жатыр. Көзге түртсе көрінбейтін тастай қараңғыда тоң жерді топырлап басқан аяқтар. Сатыр-сұтыр оқталып жатқан мылтық. Эшелонның бас жағында отын сөндіріп мелшиіп қалған паровозға да кенет жан еніп, ыстық буды будақ-будақ шығара бастады. Осы кезде шолғыншыға жіберген барлаушының бірі жүгіріп кеп:

– Комиссар қайда? Жау... Ақ-тар... – деді де, сылқ етіп құлай кетті. Дьяков басын сүйеді. Саусағының ұшына былжыраған бірдеңе тиді.

Дьяков өздері үшін әр минуттың қымбат екенін біле тұрса да асықпады. Қайта қауіп-қатерді неғұрлым анық сезген сайын соғұрлым бар қимылы бір түрлі баяулап, ауырлай түсті. Қолына жұққан қанды сүрткісі кеп маңайын сипап еді, қолына ештеңе ілікпеді. Сосын қолын шинелінің шалғайына сүртіп жатып та «не істеу керек?» деп ойлады. Айдауда жүргенде бір жолы бұлардың үстіне бір топ саяси қылмыстыларды айдап әкеп қамаған-ды. Ішінде Фрунзе де болған-ды. Оның біраз уақыт бұларға астыртын құпия кружок ұйымдастырып, соғыс ілімін үйреткені барды. Кейін бұлар оны «Фрунзенің астыртын әскери академиясы» деп атап кеткен-ді. Бірақ онан қазіргі мына тығылтаяңда

бұларға қолма-қол керек боп тұрған жағдайға қажет ештеңе таппады. Не істеу керек?

Үш-төрт кісі жүгіріп келді. Дьяков қараңғыдан Ознобиннің өңкиген ұзын бойын аңғарды.

– Комиссар, не істейміз? – деді ол.

– Өздерің... қалай ойлайсыңдар?

– Кету керек. Олардың күші басым.

– Иә, кету керек.

Әлгі кісілердің ішінен біреу паровозға жүгірді. Ілешала поезд ақырын жылжып қозғала берген-ді. Осы кезде тұс-тұстан атылған оқ тас бұршақтай жауып кетті. Ана жер, мына жерден гүрсілдеп гранаталар жарыла бастады. Кейінгі вагонға баса-көктеп кіргісі келген қазақтар ат үстінде қиқулап, көпке дейін қалмай қапталдасып отырды. Пойыз қатты жүріп кетті. Атты қазақтар сонда да қалмай, енді кейінгі вагонды шаужайлап шауып келе жатып, бұлар қашан қара үзіп кеткенше мылтықтан атқылай берді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Тәңірберген оянса, таң жаңа-жаңа сібірлеп атып келеді екен. Елең-алаң шақтағы бозғыл сәуле енді-енді үйге де ене бастапты. Үй іші әжептәуір бозамыктанып, адалбақанға ілген киімдер мен есіктен төрге дейін жайып тастаған түкті кілем, текемет, алаша бедерін бермен бере бастапты. Үйдің бір басына жиған жиһаз-жасаулардың төменгі жағында көк бас ер жатты. Мырза үй ішіндегі үйреншікті дүниелерге самарқау қарап жатты да, көзі ерге түскенде ғана: «Мен атқа мінбегелі қай заман» деп ойлады. Шынында да, қыс түскелі үйден аттап шықпай, сарыжамбас боп жатып алған еді.

Не қылса да биыл өзіне бірдеңе көрінді. Қыс бойы өзін ой қажап, ішінен азып жүр. Соған жөнді себеп те жоқ; себеп жоғын өзі де біледі; біле тұра былтыр күзде Еламан жағадағы елге кеп, жігіт жинап әкеткеннен бері мазасы қашты. Баяғыда бай ауылдың жылқысын бағып, қоңын күн тесіп жүргенде, керек десе, тиесілі еңбеқақысын дәті жетіп сұрап ала алмайтын есіктегі жігіттің енді бүгін балықшылар аулында шіреніп жатып алып, сәлемші арқылы ат сұратып жіберген зәбірі жанына батты. Бұл дүниеде баянды ештеңе жоғын білетін. Әрілесе байлық пен бақыттың да түбі белгілі еді ғой. Аумалы-төкпелі заман ғой, көп болса, бүгінгі күні жалаң аяқтардың жолы болып, тасы өрге домалап тұрған шығар. Бірақ ол немелердің желі оңынан соғып, дәуірлеп тұр екен деп, бұл неге өзінің кешегі құлақкесті құлының алдында құлдық ұрады? Сонша неге елбектеді? Әлдебіреу арқылы айтқан сәлеміне қолқ етіп оп-оңай түсе қалғанына жол болсын? Жылқы керек болса, өтінішін сәлемші арқылы жолдамай, өз аяғынан келіп неге сұрамайды? Осыны ойлаған сайын жас мырзаның зығыры қайнап, өлердей қорланған еді. Бәрінен бұрын, ендігі жерде олар ойына не келсе соны істемек. Бүгін ықтияр-еркіңмен сұрап алса, ертең қораңа баса-көктеп кіріп, жиған-терген малыңды бұйдасынан тізіп әкетеді. Сонда не істейсің? Қай төреге барып шағынасың? Қай биге жүгінесің?

Ел ішінің тірлігінен түңілген мырза, үйге сыймады да, беті қатты заманның сыңайын біліп қайтқысы кеп Шалқарға барып еді; кейін сонысына өкінді. Жабырқау жаны бұрынғыдан бетер пәс болып, елге жүдеп қайтты. Бұрын Шалқарға қашан барса, қанша барса да, осы шаһардағы көк жал үйлердің төрінде төбесімен көк тірегендей боп отыратын ояз начальнигінен бастап

алтын иық шенеуніктер мен төрелердің төрін кешіп шығатын. Бәрінің есігі бұған ашық болатын Бұның алдынан соттың да, ояздың да есігі айқара ашылатыны қайда? Бұл жолы, апыр-ай, бір есікке бас сұға алмады-ау. Бұрын сары ала иық төрелер отыратын орында бұл білмейтін, бұған беймағлұм, жат-жабдан біреулер үсті-басын былғарылап, айқыш-ұйқыш қару асынып, мұздай боп құрсанып апты. Олардың үстіне батып кіре алмағасын мына сұм заманның жайын бір білсе Темірке білер деп, татар байына барып еді. Ол байғұста да ес-түс қалмаған. Бұрын да жағына пышақ жанығандай шүңірек көз, шүлдірлек татар байының екі ұрты сұғылып ішіне кіріп, кеткен-ді. Құлағы қалқып, кішкентай тышқан көз ін түбіне кіріп кетіпті. Бұны көргеннен-ақ қос қолын сілкілеп, зарлап қоя берді: «И-и, Алла! Алла-қайым, минән иштәңе сұрама! Сұрама. Заман бұзылды, вит. Бұзылды, бұзылды!»

Иә, сол жолы бұл дүниеден баз кешкендей түңіліп қайтып еді; ешкімді көргісі келмеді; ештеңеге зауқы да шаппай, салсүйек бұйығы енжарлық пайда болда да, үйден шықпай жатып алды. Өзге түгіл өзінің от басындағы жандардың да жүзін көргісі келмеді. Ең арысы, ауыл адамы – ағайын, тума үстіне келе қалса да, жылы бойына суық жел соққандай жиырыла қалатынды шығарды. Ал бұл ауылдың қысы-жазы үзілмейтін дағдылы қонақтарын бұрынғыдай дарқансытып жібермей, келімсек көптің ішінен бірлі-жарым абыройлы, ажарлыларын ғана қабылдады. Қалған қыдырманы софы ағасына жіберіп, осы биыл ол қарасұр бәйбіше үйінде оңашаланып жатып алды. Әйтеуір, сырт көзге сыр бермегенсіп бақты. Бірақ неғұрлым сұсын сыртына жиып сазарған сайын, солғұрлым іші алақұйын. Тәңірберген күрсінді.

– Мырза... Ояусың ба?

Тәңірберген үндемеді. Қарасұр бәйбіше:

– Әй, мырза, бері... бері бұрылшы – деп еді, онсыз да ыңғай бермей, сырт айналып жатқан күйеуін өзіне қаратпақ боп, жалындаған денесімен жабысып, өзіне қарай баурап тартпақ болған бәйбішенің қолында тоқтата алмаған діріл бар еді; әсіресе оның тершіген алақаны денесіне тигенде Тәңірберген тыжырынып қалды. Қолын иығының басымен қағып жіберді. «Осы-ақ күйлеген қаншықтай қылымсып... Ой, әтеңе нағылет...»

Сықырлап есік ашылып, ішке малай қатын кірді. Аяғының ұшымен ақырын басып кеп, кереуеттің аяқ жағында жатқан мырзаның етігін алды. Күндегі дағдысымен етікті ауызғы бөлмеге апарып тазалап әкеп, бұрынғы тұрған жеріне қойды да, артымен ығысып шығып кетті.

Тәңірберген от жаққа қарай аударылып түсті. Бірақ бұл жақта бұртиып жатқан қарасұр бәйбішені көрді де, үстіне жамылған торғын көрпені аяқ жаққа қарай серпіп жіберіп атып түрегелді. Малай қатын жылтыратып тазалап қойған етікке аяғын сұғып жатты да, кенет өзінен-өзі мырс етті. Ызалы өңінде ащы мысқыл тұрып қалды. Жылы төсектен шыққан бойы сырттың салқынын жақтырмай, иығына жамылған жеңіл шапанның өңірін тез қаусырынып алды. Бай ауылдың малы өріске шығып кеткен. Сыртта тірі жан жоқ. Тек малай қатындар ішке отын кіргізіп, күл шығарып, осыдан қашан ел тегіс орынға отырғанша бітпейтін де қоймайтын өздерінің митындаған мігерсіз тірлігіне кірісіп кетіпті.

Осы біз ештеңеге түсінбейтін кеше болдық па? Әлде мына дүниесі түскір түсініксіз боп бара ма? Жә, жарайды, соңыра теңдік алсын, теңелсін. Сонда мына құлдардың бәрі шетінен төре, мына күңдер шетінен

ханша болғанда, ана қора толы малды кім бағады? Отты кім жағады? Күлді кім шығарады? Мен бе? Бәйбіше ме? Тәңірберген тағы да мырс етті. Ызалы ұшқын лыпылдаған ашулы көзін оңы мен солына жылдам тастады. Ақбауыр құмына арқасын тіреп отырған бай ауылдың бет алдында жалпақ қоңыр жал қашан көрсен жоны күдірейіп көлбеп жататын. Бұл шақта тықыр көк тебіндеп қалған сол қоңыр жалдың қыр арқасын көкжиектен жаңа шығып келе жатқан күн сәулесі шалып, басқа жерден ерте бозамықтана бастапты. Осы қырқаның бергі, көлеңке жақ етегінде әлі де бір жүлге аппақ қар жатыр.

Тәңірберген софы ағасының жас тоқалына арнап салған еңселі биік үйдің іргесін ықтап өтті. Есігі жабық. Терезесі түсірулі. Тұмсығын шабына тығып алған аламойнақтар үй алдында бұйығып жатыр екен. Тұсынан өтіп бара жатқан Тәңірбергенге дорба ауыз, піл табан төбеттер елең етіп басын көтеріп ап, жанары қып-кызыл көздерін суық тастады. Бірақ үрген жоқ. Осы үйдің кеш боталаған сары інгені ғана үлкен қораның түп жағынан ыңырсыды. Күндіз қасында болса да, кешке қарай түйеші шалдың ауызғы бөлмесіне алатын. Қарақұлақтанып қалған ботасын іздеп мазасызданады-ау, жануар. Іштегі сезімді сыртына шығарып, тілмен айта алмағаны болмаса, осы жарықтық түйелер жас төлін іздеп күңіренгенде адамнан бетер.

Тәңірберген төбесін күн шалған қыр басына шыға бергенде, осы қырдың арғы жағынан екі салт атты тымақтарының төбесі шошаңдап енді-енді көтеріліп келеді екен. Бұл ауылдың күтіп отырған кісісі жоқ еді; кім болды екен деп ойлаған мырза мезгілсіз уақытта суыт жүріп келе жатқан мына жолаушыларға көзін тігіп қарады да: «Ой, құдай-ай» – деді, Торшолақ баланы тақап келе бергенде танып.

О да қыр басында тұрған Тәңірбергенді таныған сияқты. Етекке көтеріле бергенде аттан түсті. Үсті-басын жөндеді. Қаракер атты тізгінінен жетелеп, қыр басына жаяу көтерілді. Қазіргідей жаны жүдеп жүргенде мына жігіттің ілтисыпаты кәдімгідей ішін жылытты; екеуі екі жақтан жамырап сәлем беріп, қос қолымен бұның қолын үсті-үстіне қысып жалпылдап жатқан жолаушыларға жас мырза рай берді.

– Сапар оң болсын!

– Әумин, Тәңір аға, бір асығыс шаруамен түн қатып келеміз...

– Е, не боп қалды?

– Жақсылық хабар әкеле жатырмын. Құдай көктен тілегенді жерден берді. Біздің де күніміз туды.

– Күн?.. Ту-ды?!

– Иә, Тәңірберген аға, күн туды. Ақтөбеге ақтың әскері келді.

– Ақ болғанда... ол қай ақ? Мықтаса, атаман Дутов шығар. Оның өзі үйге бөксесін тығып үретін ит сияқты бей-берекет маза алғаннан басқа бітірер дәнеңесі жоқ еді ғой?..

– Жо-жоқ, бұлар басқа. Адмирал Колчактың әскері. Көптігінен жер қайысады. Сібір солардың қолында. Қазір Орал тауынан асып, әрі қарай шабуылдап барады. Осы жаз, құдай қаласа, Мәскеуді алып, бүкіл Ресейді большевиктерден тазартпақшы.

Тәңірберген сөйлеген сайын шолақ танауы желпілдеп бара жатқан Торшолақ балаға сенімсіздене қарады. Колчак жайында бұдан бұрын да біреулерден есіткені бар. Оған шет елдер қару-жарақты ағыл-тегіл төгіп жатыр екен деген лақапты осы ауылдың үстінен өткен-кеткендер айтатын. Дуасыз ауыздан шыққан сөз болған соң, жас мырза солардың бірде-біріне илана қоймаушы

еді. Ел арасының шұлғаудай шұбалып жүретін әлгі бір сүйретпе сөзінің бірі болар деп ойлайтын.

– Сен не деп тұрсың осы? – деп Тәңірберген енді Торшолақ балаға тіктеліп қарады.

– Тәңір аға, шын айтам. Ақтөбеге келген ақтардың әскерін өз көзіммен көрдім. Сол өңірдің игі жақсылары артынып-тартынып барып жатыр. Қолбасшысы Чернов деген генерал.

– Апырай, ә!

– Оны айтасыз ба, ақ патша тірі көрінеді.

– Ей, жарқыным, не деп тұрсың? Біздің күніміз батты деп жүр едік қой.

– Жоқ, Тәңір аға.

– Ал енді осыны мен де есіттім.

– Екатеринбургті алған Колчак әскері ақ патшаны да аман-есен босатыпты.

– Апырай, ә! Періштенің құлағына шалынғай!

– Сонан соң, Тәңір аға, тағы бір жаңалық...

– Жә, жарқыным, жақсылықты тым көбейтіп жібердің. Осыны бойға сіңіріп алсақ та осал болмас – деп, Тәңірберген күлді де, қонақтарды үйіне ертіп әкелді. Көзді ашып-жұмғанша қой сойылды. Қазан көтерілді. Осындайда бай ауылдың кісі ойын қасы мен қабағынан аңғарып әбден машықтанған жас қатындары қонақтар беті-қолын жуып, төрге шығып отырам дегенше шай демдеп әкелді.

Шай үстінде Тәңірберген сөз қашыртпады. Көптен бергі өзінің жабырқау қалпын бұзбай, қонақтардың кесесін алып беріп, «іш-же» деп отырған. Жұрт шайға қанып, дастархан жинала бергенде, бұл жүзін Торшолақ балаға бұрды. Шынтағының астына басқан жастыққа жантая берген Торшолақ бала мырзаның тіл қататын сыңайын байқап, жалма-жан атып тұрып бойын тіктеп алды.

– Сен, осы жаңа «артынып-тартынып» дедің бе? – деді Тәңірберген.

– А?.. Иә, иә, рас, Тәңір аға... Жұрт артынып-тартынып барып жатыр.

– Олар кімдер?

– Игі жақсылар. Ана жағы Жем, Жайық бойы, мына жаты Үрғыз, Торғай өлкесінің игі жақсылары. Солар қазір Ақтөбеге жиналып, қазақ жеріне кірген ақтарды құттықтап жатыр.

– Құр сөз бе, жоқ әлде ақтарға көрсетіп жатқан басқа да көмектері бар ма?

– Бар, бар...

– Иә?

– Өздеріңдей игі жақсылар малдарын үйір-үйірімен айдап апарып жатыр. Ал татар байлары мен орыс байлары қаржы жиып дегендей...

– Е-е, ақыл кіре бастады де! – деп, Тәңірберген мырс етті де, тәкаппар сұлу жүзі қайтадан сұп-сұр боп сыздап ала қойды. Сонан кейін ол үндемеді. Шай ішілді. Ет желінді. Ұзақ жолдан шаршап келген қонақтарға төсек салынды. Ертеңіне жас мырза төсектен тұра сала шұғыл шаруа қамына кірісіп, өзіне қарасты атайын-туманы жиып алды. Бірақ олардың ешқайсысымен ақылдасып жатпастан өзінің уысынан шығармай, айтқанын үнсіз тыңдап үйренген ағайын-тумаға «үйлеріңді жық, жайлауға көшеміз» деп, бұл жолы да шешімі мен кесімін бір-ақ айтты. Аспанның ала бұлттанып тұрған жайсыздығына қарамастан, жас мырзадан әмір алған мал-жанды ауыл сол күні ұбап-шұбап көшіп еді. Тәңірберген тағы да бір жанға ақылдаспастан, ел орынға тегіс отырған кезде сенімді екі жігітті Ақтөбеге аттандырып жіберді. Астарында қыстан қоңды шыққан бір-бір мықты ат. Жетекке алған бір-бір қосары тағы

бар. Екі жігітті ауыл шетіне шығарып салып тұрып, жас мырза оларға: «Атты аямандар. Зорығып өлсе орнын толтырам. Мына Торшолақ бала тым тасыртып жіберді. Соның сөзінің түбін тексеріп, расы қайсы, өтірігі қайсы, анықтап қайтыңдар!» деп әмір етті.

Торшолақ бала жайлауда отырған жалпақ елді аралап кетті. Мұнда келгендегі мақсатын ашып айтпап еді, бірақ ел аралап жүрген жігіттің соңынан көз тігіп отырған Тәңірберген оның әр қадамын біліп отырды. Бұнан аттанған күні Торшолақ бала түбектегі ауылдың игі жақсыларын тегіс жиып апты. Осы өңірдің бетке шығар ақсақал, қарасақалдарының басын қосып отырып, оларға Чернов деген генералдың көп әскермен қазақ жеріне кіргенін айтыпты. «Дінсіз кәпірлерге қарсы күресетін күн туды» деп, исі мұсылманның аруағын қоздырып біраз тебіrentіп апты да, сөзінің соңын өзінің шаруасына сайыпты. Қызылдарға қарсы күресу үшін Алашорда партиясы жер-жерден жігіт жинап жатыр. Пайғамбардың жасыл туы астына алаш әскерін топтап, кәпірде кеткен есеміз, аяққа басылған ар-намысымыз үшін, қорланған дініміз үшін ғазауат соғысын ашамыз. Соған ат, қару-жарақ, киім-кешек керек деп, ел арасынан жылу жинап жатқан көрінеді. Әншейінде басы бірікпейтін байлар, билер, атқамінерлер осы жолы Торшолақ баланың сөзіне иланып, үйір-үйір қойлармен бірге ірі қараларды да тұмсығынан тізіп беріпті. Ақша да аз жиналмаған сияқты.

Тәңірберген мұртынан күліп жатыр. Аты Алашордаға деп жиналса да, бұның бәрі келешекте Торшолақ баланың қалтасына түсетін тегін олжа. Қашанда ит пен құсқа жем болған қазақ сорлының малы келешекте де талай алаяқтың жетегінде кетпес деймісің.

Жарты айдың жүзі ауа бергенде Ақтөбеге жіберген

екі жігіт оралды. Тәңірберген үстіне бір жанды кіргізбей, олармен оңаша отырып сөйлесті. Мырзаның әдетте көмпілдеткен қоспа сөзді сүймейтініне сырмінез жігіттер оған өз көзімен көргендерін ғана айтты. «Колчак әскері Ақтөбені алды деген бекер. Бірақ, оның есесіне, Чернов деген Колчак генералының жер қайысқан көп әскері Орскіні алып, ендігі сұғын Ақтөбеге қадап, қазақ жеріне қалыңдап кіріп келе жатқаны рас», – деді.

Осы күннің кешіне Тәңірбергеннің үйіне Торшолақ бала кеп түсті. Жас мырза бұл жолы оған рай берген жоқ. Қонақасылары да анадағыдай ажарлы болмады. Ертеңіне жас мырза күндегіден гөрі ерте тұрды. Шайсу ішкен соң сыртқа шығып, атқосшы жігітке әмір берді. Ол Тәңірбергеннің айтуы бойынша өрісте жүрген жылқы ішінен жүз атты іріктеп әкеп, ауыл шетіне иіріп тастады. Қыстай мінілмеген ақ арғымаққа күміс ертұрман салды. Ақ арғымақты бір қосшы жігіт қосарына алды. Туған-туысқандардың бірде-біріне тіс жарып түк айтпаған Тәңірберген тек бәйбішесін оңашалап отырып, «бір ай шамасында оралармын» деді де, қасына он шақты жігіт ертіп жүріп кетті.

Мырза жүрер алдында Торшолақ баланы үй сыртына алып шығып:

– Ақтөбеге барам, – деді.

– Сапарыңыз оң болсын, Тәңір аға!

– Әуелі байқап көрем. Сен айтқандай мына Колчак генералы қолынан іс келетін кісі болса, өзге жұртты білмеймін, ал өз басым қорадағы малымды тұмсығынан тізіп берем.

– Тәңір аға-ай... Шерт побери, қазақтың игі жақсыларының бәрі сіздей болса...

– Жә, жетті. Кәне, сен енді өз жөніңді ұқтыршы. Бұнда не істемексің?

Торшолақ бала қипалақтап қалды. Іле-шала ол өзінше жөн тапқан болып, қазақ жеріне кірген Колчак әскері жөнінде халық арасында үгіт-насихат жүргізем деді. Тәңірбергеннің салқын қабақ астынан сенімсіздене карап тұрғанын байқап, Торшолақ бала ер батқан аттай қипақтап кетті. Қысылғанда көзін қайда қашырамын білмей:

– Мырза, – деді күлімсіреп, – ініңіздің жайын есіттіңіз бе?

Тәңірберген тіксініп қалды. Тірі жанға тіс жарып айтпаса да, шынында да, Жасағанберген жайы осы күндері бұның өзін де қатты ойландырып жүр еді.

– Жасанжан шіріген жұмыртқа болды. Қызылдар жағына шығып кетті, – деді Торшолақ бала.

«Е, қайда жүрсе де аман жүрсе болғаны», – деп ойлады мырза. Осыдан кейін ол Торшолақ бала жетелеген әңгімеге аяқ баспады. Жасағанбергеннің ешкіммен ақылдаспастан қызылдар жағына өтіп кеткенін естіген. Көп ұзамай інісінің Ташкент теміржолшыларының қарулы жасағына командир болып тағайындалғанынан да хабардар еді. Ол бірақ інісінің бұл жолға не біліп түскенінен бейхабар. Жөнін ұқтырмайтын жаңа заманның бұ да өзі біле бермейтін бір қылығы болар деп ойлап қойған-ды.

Сәл үнсіздіктен кейін жас мырза:

– Тіл білесің. Бізбен бірге жүрсейші, – деп жабысты.

– Әрине... сізбен барған... Сізбен жүруге өзім де құштармын ғой. Тек, қайдан білейін... Сыртта ұзақ жүріп, туған жерді сағынып дегендей...

– Е, дегендей. Мауқыңды бас – деді де, мырза атын тебініп, ілгері ұзап кеткен жігіттердің соңынан желе жөнелді.

* * *

Балалы әйелдің ұйқысы сергек; ал қойнына жігіт алған келіншектің сергектігіне тіпті жан тең келмейтін еді. Көктем таңы тақау қалғанын байқаған Торшолақ бала түнімен иығына басын салып ұйықтап жатқан келіншектің төсегінен білдірмей кеткісі келсе де, бірақ Алдаберген софының ақ тоқалы оянып кетті. Таң алдындағы тәтті ұйқыдан талмаусыраған келіншек аузын алақанымен басып есінеді. Көктем иісін үй ішінен де анық сезіп, «көз ұйқыда, көңіл мас» қозғалмай жатыр. Түндігі түсірулі. Үй іші тастай қараңғы. Есік жабық. Тым-тырыс үй ішінде біреу биік кереуеттен ысылдап-пысылдап түсе берді. Келіншек көзін ашқан жоқ.

– Кетіп барасың ба?

– Ие-е...

– Неге асықтың?

– Өзің білесің ғой. Таң...

– Келші.

Жігіт ізінше кері қайтып, биік кереуетте жатқан әйелге созылып, ернімен ернін іздей бергенде жұп-жұмыр білек мойнына оратыла кетті. Жігіт те салған жерден жыланша сығып ала жөнелген білек пен ыстық құшақта тұншығып өлуге пейіл болғандай. Түк қабак шытпастан қайта уыздай жас әйел түнеп шыққан төсектің жұпар иісіне тағы да тұтқындалып, әлдебір тәтті у әп-сәтте қанға тарап, бойын баурап әкетіп бара жатты. Торшолақ бала басын сілкіп қалды. Таңның таяу екенін айтып, ыстық құшақтан әрең босады. Қараңғыда қалай жүрерін білмей тұрды да, кенет керегені жағалап, есікке қарай қозғалды. Киіз есікті жамылып тұрып, сыртқа басын шығарып, айналаға көз тастап еді, таң алдындағы дала жым-жырт. Қыбыр еткен тірі жан көзге

түспеген соң аяғын мысықша басып, үй сыртын бетке алып ұзай берді. Шеткі үйден қорыл шықты. Жүрегі орнына түскен жігіт енді асықпады, түн салқынын бойына тартып балбырап тұрған дала шөбін аяғымен ақырын сипай басып, ауыл шетіне ұзап шықты.

Маңайда дыбыс жоқ. Жан-жануар уыз ұйқы құшағында рақатқа шомып кеткен. Күн шығар алдындағы аспан бұрынғыдан да гөрі қашықтай түсіпті. Төбе басына шыққасын Торшолақ бала арт жағына бұрылып, кең жазыққа көсіле қонған бай ауылды бір шолып өтті. Көкке тойған малдар өріске шығуға асығатын емес. Сиырлар бұзауларын көгендеген желі басында бір бүйірін жастанып, бейжай күйіс қайырады. Жақында жұрт ауыстырып қонған тепсеңнен бұл атын біле бермейтін алуан түрлі дала шөбінің иісі төбе басына да таңғы салқынмен таласа жетіпті. Жас жігіт солардың ішінен көк майқара жусан иісін анық айырып, кеудесін кере дем алды. Жұлдыздар бір-бірлеп сөніп біткен. Аспан әлгіден де гөрі ақшыл тартып, алыс-жақын дидарын беріп анық таныла бастап еді, ауыл артындағы шілікті жыра бойынан шегіртке шырылдады. Іле-шала бұның нақ қасынан, қол созымдай жердегі эне бір ақ шидің түбінен басқа бір шегіртке шырылдап, таңсәріде бір-біріне дыбыс беріп, бұл пақырлар да өздерінің тірлігін білдіріп жатыр. Жаңа ғана келіншектің қойнынан шыққан жас жігіттің алаулаған ыстық денесі таң самалынан рақат ләззат алып, тұла бойы сергіп сала берді. Кенет ол шапшаң қимылмен қақпа шекпенді иығынан сыпырып тастады да, таңсәрідегі шыққа малшынған салқын көкке бауырын төсеп жата кетті. «Асығатын не бар» деп ойлады. «Бәсе, не бар? Азар болса бір күн кеш барармын». Ойда жоқта осы ақылдың басына келгеніне қуанып, ақырын езу тартты.

Әсте, бүлінер іске адамның өзі басшы болады: егер ол бүгін ел аралап, шаруасын шаруалап кеткенде қасқыр да тоқ, қой да аман болар еді. Таң самалында көк майқара жусанға бір аунап тұрған жігіт бүгінгі татқан ләззатын осымен тыйып тастағысы келмеді. Ел аралап қыдырып жүрген софыны бүгін-ертең орала қоймас деп ойлап, тағы бір күнге ерулеп қалды. Дәл сол арада ауыл-үйдің өсегі ұры иттей сұғанақ екені басына да келмеді. Ұры иттей сұғанақ өсекті сол күннің ертеңіне ошақ басына от алуға келген қатын өзімен бірге ала келді. Әлгі сұғанақ өсекті суқылдаған сумақай қатындар желі басында шұркырасқанда, суға барғанда, тезек тергенде бірінің аузынан бірі қағып алып, аяқ жетер жерге асырып жатты. Ең арысы туған, туысқанын жағалап төркіндеп жүрген қатын екеш қатын да өзінің қонған, түстенген үйіне шала тастап бықсытып жатты. Сол бықсықты әр ауылдың әр қатыны бір-бір үрлеп, ақыры ол ғаламат өртке айналып, кесапаты кеселдіге тиіп, біреу өледі, не мертігеді. Торшолақ бала мен ақ тоқалдың өсегі де ел ішіне әлдеқашан әйгіленіп, гу-гулеп жатқан-ды. Ол екеуінің ашына екенін бес жасар бала білді. Бүкіл өңір білген өсекті тек бұлар сезбеді. Сондықтан бұл екеуінің ендігі ісі соқыр кісінің ұрлығындай болып бара жатты. Жігіт пен келіншек неғұрлым басқан ізін білдірмеуге тырысқан сайын, солғұрлым айнала төңірек бәрін көріп, бәрін біліп, сыртынан беттеріне түкіріп отырды. Бірсыпыра жұрт:

– Кәрі шалға тиген қыршын жаста не сын бар. Белінің күші, бетінің ажары тұрғанда теңін іздейді де, пақыр. Төрде жатқан қонақ от жағынан қол салып, көрпе астында қол қисса да жас кеуіл бір өсіп, жапырағын жайып марқайып қалмай ма? – деп, ақ тоқалдың жеңіл жүрісін салауат көрсе, қайсы бірі мына жақта кәрі софыны жерлейді:

– Қызыл иек шалдың қызымен жасты қызға үйленгенін айтам-ау! Ол қақбастың өзіне де сол керек! – деп, кәрі софыны табалады.

– О, сормандай! – деп, басқа біреулер Торшолақ баланы тілдеді. – Ол сормандайдың жүріп-жүріп кеп, ақыры салпы етек сайқалға тап болғанын қарасайшы.

– Беу, алда-ай! Осы ауылда не көп, қыз көп емес пе? Көшкен ауылдың жұртында қыз ұмыт қалып жатқан жоқ па?

– Құрысын! Адам азайын десе қойсайшы. Қайдағы бір сайқалдың етегіне шырмалып, бұл пақырдың басына сонша не күн туды екен.

– Әй, құдай-ай! Біреудің қаңсығы біреуге таңсық емес пе. Еркек шіркіннің қай оңғаны бар. Әйтпесе, сақалы тер сасыған кәрі софы жайлап кеткен жұртта не қасиет қалды дейсің – деп, алып қаштысы көп ел іші гугулеп, ду-дулап жатты.

Осы сыпсың кәрі софының құлағына шалынғалы әлдеқашан. Көптен бері ел арасында шұбатылып жүрген сүйретпе сөзді естісе де, ескермеген боп ішінен тынып жүрген-ді. Көрші ауылдан күндіз қонақ асын жеп алған софы алдын кештете атқа қонды. Ел жатар кезде ауыл шетіне тоқтады. Көгі қалың сай бойына атын тұсап жіберді де, үн-түнсіз үйіне кеп төсегіне жатып алды. Тоқалын тысқа шығармай, ірге жағына алып жатты. Бұдан мүлде бейхабар Торшолақ бала кейінгі күндері өзі дәнігіп алған машықпен бүгін де ел тегіс ұйқыға кеткенде тысқа шықты. Бұл ауылдың иті оған үйренген. Тайыншадай төбеттер үй іргесінен атып тұрып тарпа бас салатындай қасына жетіп барса да, бұлтиып қарны шыға бастаған таңқы мұрын Торшолақты көреді де, «сырттан келген бейсауат біреу ме десек, тәйірі сен екенсің ғой» дегендей, құйрығын бұлғап қала берді.

Торшолақ бала ішке кірер алдында әуелі үйдің іргесіне жабысып тұрып жан-жағына көз тастады. Тыста тірі жан жоқ. Тек бұлт арасынан жылт етіп шыға келген жарты айдың қиық шетіне қарап, көктен де өзімен ұрлықтас біреу табылғанына мәз болғандай жымып күлімсіреді де, сып беріп ішке кірді. Түндігі түсірулі үй тастай қараңғы болса да, кейінгі кездегі үйреншікті машықпен әуелі есік алдында тұрып, қараңғыға көзін үйретіп алды.

– Қайдасың? – деді ақырын.

Кәрі софы тоқалдың аузын алақанымен баса қалды. «Үндемесен үндеме. Қазір, бәлем, қолыма түсерсің» деп ойлаған жігіт өзі білетін оң жақтағы шымылдық тұтқан биік кереуетке қарай қозғалды. Қос қолын солай қарай созып, аяғын мысықша басып келеді. Келіншектің ыстық құшағын аңсаған жігіт сол күні ел жатқанша сыртқа бір шығып, бір кіріп, күнді батыра алмай қойған-ды. Жас тоқал жатқан кереуетке қарай бет қойғанда жүрегі қатты дүрсілдеп кетті. Қыз көрпесін алғаш рет ашқалы тұрған бала жігіттей тақат-сабыры таусылып, бар тілегі, бар жаны, бар-бар аңсары мен лүп-лүп соккан жүрек те ынтықтырып, ілгері созған қолының саусағы жібек шымылдыққа жаңа-жаңа тие беріп еді, арғы жағынан біреу білегінен шап беріп ұстай алды. Торшолақ бала бұлқынып еді... бірақ мынау болар бейбақ емес, әлдекімнің күмпиген жүн-жүн жуан саусақтары бұның қолының сүйегін сырқыратып сығып барады. Сөйткенше болмай:

– Әй, қатын... Тұр, шам жақ! – деп бұйырды.

Софы енді асықпады. Құйрығымен сырғып төсектен түсті. Үйіне ұрланып келген кісіден кімсің деп сұраған жоқ. Ұрыскан да жоқ. Әр саусағы бақандай жүн-жүн қолымен көйлегінің омырауынан уысын толтыра

сығымдап ұстады да, төсектен әлі де тұра қоймаған тоқалға:

– Шамды жақ дедім ғой! – деді ақырып. Сосын көрпе астында үні өшіп бүрісіп жатқан тоқалды бір жұлқып, төсектен жалп еткізді:

Софы шам жанғасын да асықпады. Қазіргі түрі қолға алған ісін кәдесімен асықпай-саспай бабына келтіріп істейтін дәл бір қанды қол қасапшыдай еді. Торшолақ балаға әлі тіл қатқан жоқ; түріне де көз салып қарамады. Кісі назар аударуға тұрмайтын әншейін бірденедей, өзі барған жаққа оны да дырылдатып сүйреп апарып жүр. Оны әлгінде алқымынан қылғындырып ұстаған еді; қарулы қолдың манжамды мол шеңгелі сонан енді қайтып жазылмады. Оны бұйым құрлы көрмей, өзімен бірге сүйретіп жүріп есікті іштен бекітіп алды. Сонан соң... тағы да оны өзімен бірге сүйретіп әкелді де, төсек үстінен бір-екі жастықты жерге құлатып, үстіне жайғасып отырып алды. Сонан соң ғана қарулы қолымен Торшолақ баланы түнде жатарда күлге көтін тығып қойған қара құманның дәл қасына дырылдатып әкеп, жағасынан бір басып нұқып қап, жалп еткізді. Шалдың жардай ірі денесінің қасында өзінің жас балаға ұқсап қалғанын көргенде Торшолақ бала тірліктен күдер үзді. Софы тіпті қызғаныш ішін өртеген ызалы кісі секілді емес, көкшулан сақал көкірегіне түскен жүндес бетте ашудың ізі жоқ. Өзінің әдетте намазға жығылар алдында жай қимылдайтын жайбарақат қалпы. Тек бір жастықты астына басып, жайланып отырғасын ғана көзі Торшолақ балаға түскенде зығырданы қайнап:

– Әй, сұмырай!.. – деді.

Торшолақ баланың бүйректей бұлтиған беті құдды қанға тойған қандаладай ісініп, көзінің алдындағы

күлтілдеген етке көзілдірік батып кеткен. Кәрі софы оған жиіркенішпен қарады:

– Ә, пәруәрдигер! Бұл бәтшағардың бас-аяғы бір тұтам. Ал енді бұл бетбақтың айғырлығының қаттысын қайтерсін.

– Ақса-қа-а-а-а...

– Әй, мына бетбақ не дейді?

– Қор-қор-ла...

– Қорлама дей ме, әй? Ал қорлаймын.

– Ақса-қа-а-а-а... маған т-тіл ти-гізбее...

– Ал тіл тигізем, сонда не істейсің?

– Ша-ағынам...

– Ә, залым! Сазайыңды берейін... Сенен келген керді кейін көрермін.

Софының әлі де асығатын түрі жоқ. Торшолақ баланы бір қолымен тапжылтпай басып отырған күйі әуелі ұратын жерді алдын ала белгілеп алды да, сосын шоқпардай жұдырықпен оның басына дүрс еткізіп қойып қалды. Сосын көзіне дәлдеп былш-былш ұра бастады. Ақ тоқал үнсіз. Үрейлі қара көзінде аяныш жасы дірілдеп, ернін қырқып тістеп алған. Алдаберген софы «бұл батшағардың енді қай жеріне ұрсам екен?» дегендей, Торшолақ баланың бас-аяғына көз тоқтатып тағы бір қарап алды. Оның шам сәулесімен жылтылдаған көзілдірігіне көзі түскенде бар пәле осыдан болғандай:

– Ә, бәтшағар!.. – деп, быттиған бетке, сосын әйнектің ар жағынан бажбиған көзге қойып-қойып қалды. Шыны шатыр етті. Күлтілдеген көзінің алдындағы қалың еттен шып-шып қан шықты. Торшолақ бала көзі қарауытып, бір жағына қарай салмағы ауып құлап баратты. Софы оған да қараған жоқ, жүн-жүн жұдырықпен әлі де біраз төмпештеп, тек қолы ауырған бір кезде астына басып отырған аяғын сыртқа шығарып алды да, енді оны

ішке-ішке тепкіледі. Әбден есінен танғасын жағасынан сүйреп, сыртқа шығарып, есік алдында жатқан ала мойнақтардың итаяғының жанына тастай салды. Сол күні Алдаберген софы ақ тоқалды да ауыл айналдыра қуып, қамшының астына алып, ертеңіне Кішіқұм бойындағы төркін жұртына апарып тастады.

* * *

Мырза бір топ жігітпен ілгері ұзап кетті. Жылқы айдағандар олардың қарасын бірде көрсе, бірде көрмей, көбіне көз жазып қалады. Ондайда көктем ылғалы дегди қоймаған ақ кіршілдек құмда жосылып жатқан көп жылқының ізінен көз айырмайды.

Бұлар екінші күні қас қарая Шалқарға жақындады. Мидай жазық далада анда-санда бір ұшырасып қалатын тағы бір қыраңға көтерілгенде ілгергі жақтан құдды шайтан отындай жыпырлаған көп жарық жылтылдап қоя берді.

– Мынау Шалқар ғой, – деді біреу.

Жол тізгінін қолынан шығармай, өзі бастап әкеле жатқан мырза қалаға соқпай, сырт жолмен тура Ақтөбеге тартты. Бұндайда күндіз жатып, түнде жүретін өзінің ежелгі дағдысы бойынша осы жолы да ұзақ жолдың біразын түнгі салқынмен өндіріп алғысы келген-ді. Шетке шашау шығармай, бас-аяғын жинап әкеле жатқан жылқылар жиі пысқырып, түнгі даланы дүбірлетіп келе жатқан-ды. Таң алдындағы тәтті ұйқы қалжыратқан жігіттер тақымы босап, ат үстінде қалғи бастаған қамсыз кез еді; қалай болғанын байқамай қалды. Астарындағы ат төбеге ұрғандай тұра-тұра қалды. Бұлар бойын тіктегенше аузы-басын шүберекпен байлап алған әлдебіреулер бірден ат тізгініне жармасып, мылтығын

кезеп тұр екен. Бір сөзге келмей бұлардың қаруын тартып алды. Ө дегенде Тәңірберген жол тонаушы ұрылар екен деп ойлаған-ды. Енді байқаса жөні басқа. Ешқайда мойын бұрғызбай, тура қалаға тартты. Жол бойы тілге келмеді. Жүз жылқыны көл жағасындағы қамыс ішіне айдап кіргізді де, әлі сол тіс жарып, тіл қатпаған түсі суық кісілер бұларды жан-жағынан қаумалап ортаға алып, сыдыра шоқытып отырып қалаға кірді.

Тәңірберген үнсіз. Қасында көздері жаутаңдап өзіне жалтақ-жалтақ қарап келе жатқан жігіттерге назар салмады. Көз қиығы мыналарда. Қару асынғаны болмаса, әскерше киінген бірде-бірі жоқ; көбі орыс; олардың, арасындағы бір-жар қазақты танымады. Тек аузы-басын шүберекпен байлап алған, жауырыны қақпақтай әне біреуге «осы кім?» деп, онан назарын айырмай, қайта-қайта қарайды. Ол бірақ соңындағы үнсіз топтың алдында атты ауыздыққа керіп келеді. Басында шошақ шлем. Белінде қылыш. Бір бүйірінде қара құмандай наған. Үстіндегі шинель өзінікі емес, басқа біреудің иығынан ауысқан ба, қамшы ұстаған қолы сидиып, жұдырығы жеңінен шығып кете береді екен.

Қалаға кіргесін де бұлар жүрісін бәсеңдетпей, сыдырып отырып Теміркенің көк дүкенінен сәл әрегіректе қақпа алдында қарулы күзет тұрған үйдің ауласына кірді. Шошақ шлемді кісі аттан түсіп, тізгінді алдынан күтіп алған солдатқа тастай салды да, аузы-басын байлаған шүберекті алып еді, Тәңірбергеннің түсі бұзылып құп-қу боп кетті. Осыған дейін ол: «кім де болсаң түбі бір тілдесерсің, кім екенімізді білгесін босатып жіберер» деген ойда, онша апшысы қуырылмай, нығыз отырған-ды. «Итің қырын жүгіріп тұрған кез ғой. Қалай бассам да қадамым қатеге ұшырай берді-ау» деп

ойлады да, бір жанға түсін бермей сазарып алды. Қора ішінде толып жүрген қарулы кісілерге де назар салмады.

– Қамандар мыналарды! – деді Еламан аттан түсіп жатып.

Дьяков сыртта жүр екен. Ол бұнан «көзге түскен жоқсындар ма?» – деп сұрады.

– Жоқ, – деді Еламан.

– Ішке барайық. Сөйлеселік.

Отряд командирінің кабинеті Мюльгаузен бардағыдан құттай да өзгермеген-ді. Салмақ түссе сықыр етіп бір жамбасына қиқаң ете қалатын ескі орындықтар. Төрде қызыл мата жапқан стол.

– Қалай, жерлесіңмен сөйлестің бе? – деді Дьяков.

– Біздің сөзіміз баяғыда біткен...

– Бұларды қайтеміз?

– Білмеймін. Өзің шеш.

– Маған бір ой келіп тұр.

Еламан енжар. Есіл-дерті төсегіне тезірек жетіп көз іліндіріп алу.

– Колчактың әскері қазақ жеріне кірді. «Түстік Армия» деп аталатын мол күш. Естуімше аэропланы, танкісі бар. Қолбасы генерал Чернов. Колчактың ең талантты генералы, – деді Дьяков.

Еламан әңгіме беті басқа жаққа ауғанын байқады. Және мынау өзі жөндеп білмейтін тосын әңгіме болғасын ықылас қойып тыңдады.

– Бұлар атаман Дутов емес. Қырғын соғыс енді басталады. Соған әзірленуіміз керек.

– Әрине, қапы қалмау керек қой.

– Хан-Дауровпен сөйлестім. Сені генерал Черновқа жібер деп отыр. Бұған қалай қарайсың?

Еламан күлді.

– Күлме. Шын айтам. Бойың бар. Мұртың бар.

Үстіңе оның киімін кисең, мырзаның нағыз өзі боласың да шығасың. Қасыңа өзіңнің отрядыңнан он шақты жігіт ал.

Еламан әлі де болса Дьяковтың ар жақ ойына көзін жеткізе алмай, әңгіме артын тосып отыр.

– Жерлесіңнің жылқысын генерал Черновқа айдап апар, тарту ет. Қазақ жеріне келгеніңе қуаныштымыз де. Сеніміне кіргесін күш қарамын, қару-жарағын біл. Бізге сол қажет боп тұр.

Еламан Дьяковтан басқа бір жанға жөн-жосығын білдірмей, келесі күні түн жамылып, жолға шыққалы үзеңгіге аяқ салғалы тұрғанда қақпа аузындағы күзетші дауыстап, «сыртта бір әйел күтіп тұр» деді. «Сол! Анық сол!» деді Еламан ішінен. Бүтіл қалада бұны білетін онан басқа әйел жоқ-ты.

Еламан жігіттерін алға оздырып жіберді де, күрең атты жетелеп қақпаға келді. Ақбала әкесінің ауырып қалғанын айтты.

– Алда пақыр-ай, – деді Еламан, – көп болып па, қашан ауырған екен?

– Білмедім.

– Сырқаты... қалай екен?

– Бұрын ауырмаған кісі ғой. Қатты жығылыпты. Елден қалашылар келген екен. Соларға ілесіп кетіп барам, – деді Ақбала.

Еламан бірдеңе деп міңгірледі. Не дегенін кейін өзі де есіне түсіре алмады. Ақбала тез қоштасты. Әдеттегідей кербез бойын қымсынбай ұстап, көзден ұзап қараңғыға сіңіп барады. Қоштасар жерде күшпен іркіп қалған ызалы жас көзінен ырши жаздап кірпігіне ілініп тұр. «Неге іздеп келдім» деді ол былай шыққасын. «Сені қайтсін. Сенің ауру әкеңді қайтсін?»

Кіресілер қала шетінде бұны тосып тұр екен.

Ақбаланы жетекке бос алған жазылы түйеге отырғызды. «Иә, құдай, жолымды оңғара гөр» деді Ақбала ішінен.

Үнсіз көш ырғалақтап тартып кетті. Бірінің бұйдасын бірінің артына байлаған түйелер әлден соң жалғыз аяқ жолға түсіп, тырнадай тізіліп келеді. Сонан түн ортасы ауар-аумақта Ұлықұмды қысқа мойыннан кесіп өтті. Жүк артқан түйелер сусылдақ құмға кіргесін аяқ алысы ауырлап, ыңыранып әрең қозғалып келеді. Ауру әкесін көзі тірісінде көре алмай қалам ба деп қорыққан Ақбала жол бойы мазасызданып, тынышы кете бастап еді, әлгіде таусылмастай көрінген салқар құмның шетіне шығуы мұң екен, керуен басы астындағы ақ ауыз атанды қынулап, жеделдетіп жүріп кетті. «Енді осыдан танбаса екен» деді Ақбала ішінен. Қосүрей көңіл саябыр тапқасын бойын тіктеп, түйеге дұрысталып отырды да, төңірегіне көз салды. Елсіз түз жым-жырт. Қыр үстінің көңіл ашар қоңыр желі таң алдындағы дағдылы қоңыр салқынға ауысыпты. Шыт көйлекпен желең отырған Ақбала денесі тоңазығандай болғасын иығына шапан жамылды. Қай жаққа қараса да көзіне бұта түседі. Бірі жақын, бірі алыс. Кейде көз ұшында көп бұта шоғырланып, ай сәулесі астында андыздап ел шетінде түнгі салқында жайылған қара-құра сияқтанады.

Керуенбасы алда. Қамшы салғызбай, елпілдеп келе жатқан жүрдек ақ ауыз атан үстінде тіп-тік боп қазықтай шаншылып алған. Ақбала оған да, оның астындағы ақ ауыз атанға да дән ырза. Түні бойы сабылған жүрісте бір сәт белі талып босаңсымаған беріктігіне таң қалады. Қалған қалашылар да үнсіз. Түйе үстінде ырғаң-ырғаң. Кенет ұзын көштің арт жағында келе жатқан біреу ән шырқап еді; әңгүдік түйелер үркектеп, жолдың қапталына шығып кетті. Ақбаланың ұйқысы шайдай ашылды. Мынау бұның жақсы көретін әні еді. Осы әнді

өзі де жиі айтатын. Әсіресе, баяғы жас кезде көктем жылт етісімен ойды қыстаған ел қырға көшіп шыққанда қатар қонған екі-үш ауылдың жастары күнде-күнде бір қырдың астында бас қосып, таң атқанша асыр салып, алтыбақан теуіп тұрғанда бұл ылғи осы әнді айтатын. О, опасыз дүние! Бұл сонда ә дегенде дәл мына кіреші жігіттей, дәл бір басын ала қашқан асау аттай даусын барынша асқақтатып шырқаса да, бірақ сонан ары созбай, баяу ғана көмейімен қоңырлап:

«Ой, қарғаш, сен қайтесің мен дегенде.

Боламын мен сергелдең сен дегенде» – деп, ала-бөле осы бір жерге ерекше мән беріп айтатын. Бұл кінәласу емес. Бұнда реніш те, өкпе де жоқ. Тек сүйген жігітке әнмен жолдаған қыз назы ғана. Ақбала ешкімге сырын ашпаса да, құрбы қыздар бәрібір оның көңілі кімге бұрып тұрғанын білетін. Олардың білетінін Ақбаланың іші сезетін. Ол кезде бұл бірақ жас мырзаға жаны үздіккенін құдайдан да, адамнан да жасырған емес-ті. Сүйткен кісі... Әй, құрсыншы... Кімді кінәлайсың. Мен де оңып тұрмаған шығармын. Қашан қанаты күйгенше қараңғыда қаңғалақтап отқа түсе беретін есалаң көбелек болмадым ба?

Қалашылар бірі ілгері, бірі кейін, итініп-соғынып келеді. Күн шығар алдындағы салқын жел шұғыл қатайғасын Ақбала бетін ыққа бұрып, шапанның қос өңірін қаусырынып алды. Әннің тоқтап қалғанына қынжылып отыр еді, әлгі жігіт енді бұлар күтпеген тосын бір әнді аңырата жөнелді. Қайран, Әлима! Қатал әкенің қалауымен кәрі шалға қырық қараға сатылған қыздың қайдағы бір қарақалпақ жеріне көз асып бара жатып артында қалған ел-жұртымен қоштасатын зар. Ат жетпейтін, атан жетпейтін шалғай.

Удай ащы тырнақ Ақбаланың ішін тағы да осып-

осып алды. Қалашы жігіт сарнатқан мына әндегі Әлима да Ақбаланың дәл өзіндей бағы ашылмаған мұндық. Қыз зарының қай жерін басса да, Ақбаланың қасіретке толы көкірегі қарс айрылып, қай заманда қайдағы бір мұндықпен қосыла аңырағандай. «Кезінде көл шайқаған Әлима едім...» Құрысын, айт, айтпа, адыра қалғыр дүние ит жыртқан қара терідей ырым-жырым. Кезінде қай қыз көл шайқамады. Бір түйір жас мөлт етіп омырауына тамып кетті. Оны бірақ Ақбала білген де, сезген де жоқ.

Таңмен таласа қалашы көш шілікті сайға тоқтады. Түйе белінен жүк түсті. Ұйқы қалжыратқан кісілер сай бойының тықыр көгіне шекпенін жайып, жата-жата кетті. Сол бойда қор ете қалды. Жалғыз Ақбала көз ілмеді. Мына кісілердің айтуына қарағанда, әкесі бірден қатты жығылыпты. Және бір дегеннен Ақбаланы іздепті. Тез алғыз деп әмір беріпті. Ақбала жол бойы жүрегі сезген бір жамандықтан шошып келеді. Әшиінде қайтымы жоқ қатал әкенің осыған дейін түсін көрмек түгіл, от басында атын ауызға алғызбай қойған қызына ауырған бойда іздеу салғаны тегін бе?

Ақбала тез жиналды. Теміржол асханасында жұмыс істегеннен бері тірнектеп жиған азын-аулақ тиын-тебені болатын. Және өзімен бірге істейтін қатындар жолға шығар алдында бұған орталарынан ақша жинап берген-ді. Ақбала шай-шекер, көйлек-көншек алды. Көз ашқалы көні ағармаған әкенің мына заманда да қоң жия қоймағанын қатынаған кісілерден естіп жүретін.

Ұйқысы қанбаған қалашылар тұрғысы келмесе де, Ақбала олардың бәрін қоярда-қоймай жұлқылап оятты. Қара шәйнекке шай демдеп, қаладан алып шыққан асуын алдарына қойды. Тең-тең жүкті түйелерге тез-тез артып, күн ысымай тұрғанда ертеңгі салқынмен жүріп кетті. Әл үстінде жатқан әкені көзі тірісінде көргенше

асығып, жол бойы бір тілек үстінде сарылып ойлады да отырды. Сонан бұлар ұзақ жолдың үшінші күніне қарағанда осы өңірді жайлайтын елдің баяғыда Бөбекті ұзататын жұртында отырған Сүйеу қарттың ауылының шетіне ілікті. Кедей ауылдың азғантай қойы бір төбе астындағы тепсеңде ауызға әзер-әзер іліккен қырбық көкті қуалап жайылып жүр екен.

Ақбала қойшы баладан әкесінің әзір ақыл-есі дұрыс, көңілін сұрай келген кісілерді танитын халі барын білді.

* * *

Сүйеу қарт түндігі түсірулі үйдің төрінде жер төсекте басының астына биіктеп салған жастықта жүзі жоғары қарап шалқалап жатқан-ды. Ол ауырғалы бұл үйге кірген-шыққанның бәрі дыбыс шығармай, аяғын ұшынан басып жүретін.

Енді міне... Әлде біреу ауру баққан үйдің дағдылы тыныштығын бұзып, қосетек көйлектің етегі дүркіреп, сүріне-қабына кіріп келе жатты. Биік жастықта танауы қатты қусырылып, екі иінінен ентіге дем алып жатқан ауру қарт тынысын кілт үзіп, демін ішіне тартып ала қойды. Көкірек тұсы қатты шаншып кетті. Көзін ашпаса да, сүріне-қабына кіріп келе жатқан мынау басқа ешкім де емес, өзі төсек тартып жатқалы көзі тірі тұрғанда дидарын бір көруге зар боп ішінен үнсіз сарылып күткен... жан дегенде жалғыз қызы... Ақбаласы екенін білді. Аппақ сақалы шошаңдап, иегі кемсеңдеп бара жатты. Басын жастықтан көтерейін деп еді, оған бірақ көкірегі сырылдап, кеудесі қысылып бара жатты да, әдеттегідей ақ кірпігін қатты серпіп қағып-қағып қалды.

Ақбала ішке асығыс кірсе де, әке көзіне көзі түсті де бөгеліп қалды. Табалдырықтан аттаған аяғын ілгері

басарын да, баспасын да білмей, жіпсіз байланып тұрып, әкенің әнтек серпіп лып-лып қаққан аппақ ақ кірпігін көрді. Сосын еті сылынған қу сүйек бетте жотасы шыққан қырғыштай мұрнын көрді. Ал кемсең-кемсең еткенін көргенде Ақбала осы қазір ғана бетін өртеп тұрған өз ұяты есінен тарс шығып, аяғын асыға басып, әкенің басы астындағы жастыққа жете бере жүрелеп отыра кетті. Екеуі де үнсіз. Ақбаланың соңынан ілесе кірген ауыл адамдары ілгері озуға бата алмай, есік алдында тұрып қалған-ды. Осы ауылға келін боп түскелі артынан төркін жұрты қатынамай, ата-анасын сағынып, көкірегі құсаланып жүрген жас келіншектер мен көңілшек кәрі-құртаң қатындар әлден көңілі босап, жаулық шетімен ауыздарын басып тұр. Кейінгі жақтан бір қатын кеудесін кере күрсініп: «Аһ, қайтейін!» – деп қалды.

Сүйеу қарт күйіп-жанып жатқан ыстық алақанымен қызының қолын тас қып қысып алған. Ақбала жасын тыя алмай солқылдап бара жатқасын Сүйеу қарт жұбатқысы кеп еді, оған бірақ дәл осы арада оның өзін де өксік қысып, демі жетпей бара жатқасын дыбысын шығармай тістеніп ала қойды. Қызының қолын жібермей, астын-үстін сипап отырып, алақанына мүйіз айналғанын байқағанда жүрегі құрғыри сыздап қоя берді. «Айналайын-ай, саған да о жақта оңай боп жүрген жоқ екен ғой» деп ойлады да, сәлден соң:

– Бар... бар, шешеңе бара ғой, – деді.

Сырқат шалдың қалауы бойынша сол күні келім-кетімге тыйым салынды. Алыстан әдейі келген бастастары болмаса, қалған жұрт сырқат шалдың хал-жайын сырттан біліп жүр. Қызы келгесін екі күн беті бермен карағандай боп еді, үшінші күні қайта жығылды. Қасына Ақбала келгенде ғана көзін ашады.

Қалған уақытта басының астын биіктетіп, іргеге қарай аударылып жатады. Сырқат жанына қанша батса да, дыбысын шығармайды. Ондайда есіктен бас сұққан кісілер көзі ілініп кеткен екен деп, ішке кірмей, ізінше кері қайтады. Әкесінің қиналып жатқанын күндіз-түні тырп етпей қасында күзетіп отырған Ақбала ғана оның ара-тұра тісін қышыр-қышыр қайрағанына қарап біледі. Сол күннің ертеңіне тағы да сырқаттың беті бермен қарады. Түнімен көз ілмеген Ақбала таң атып, үй іші сәулелене бастағанда әкесінің басы астындағы жастықтың шетіне қисайып еді, қанша ұйықтағаны белгісіз, бір кезде көзін ашса, біреулер даусын көтермей күбірлескендей болды. Әкесі де басын көтеріпті. Үстіндегі көрпенің бір шалғайымен Ақбаланы жауып тастапты.

Сүйеу қарт:

– Арманым жоқ. Ақбалам келді. Енді міне, Алланың аманатын өзіне тапсырғалы... – дей түсті де, тоқтап қалды. Бүйірінің бір түкпірінде жатқан сырдың шетін шығарып шешіліп бара жатқанын байқап, соған шамырқанғандай суық зәрін сыртына жайып, лезде тастүйін боп қатайып ала қойды. Ақбала «тәуір боп кетер» деп ойлады. Елге келгеннен бері өзі жақсы білетін әкесінің бірінші рет осы жолы, тап осы қазір ғана әдеттегі көкбет қайсарлығына қайта мінген қиқарлығын байқаған еді.

* * *

Еламандар араға үш қонып, төртінші күні түсте Ақтөбеге жетті. Ақтар әлі Ақтөбеге кірмепті. Осы тұрғанда оны қорғайтын қызылдарда әскер дейтіндей әскер де қалмаған-ды. Ал қала маңындағы барлы-

жоқты әскер құрамалары өткен ұрыстардан қатары селдіреп, басқаны қойғанда, тіпті қолына қару ұстауға жарайтындардың өзі сарт-сұрт солдат өмірінен ақ иық боп титығы құрыған. Осындағы басшылар жау хабарын есіткесін жанталасып жүріп теміржолшылардан құрған жұмысшы жасағын қаруландыра алмай жатқан көрінеді. Ал бұндағы полк, дивизияларда қару-жарақ жетіспейді. Оқ-дәрі де тақ-тұқ, аз.

Бұлардың басындағы қиындықты Еламан жолға шығар алдында Дьяковтың өз аузынан есіткен-ді. Енді қазір өз көзімен көріп келеді. Қаланы корғаудан гөрі қаланы қайткенде есебін тауып тезірек тастап қашуға әзірленіп, абыр-сабыр боп жатыр екен. Еламанда ешкімнің ісі болған жоқ. Сонда да болса, сақтық ойлаған Еламан көзге түспеуге тырысты. Қалаға жақындамай, алыстан айналып, көбіне елсіз далалықпен түнделете жүріп отырып Оңтүстік Армияның үнемі ілгері оздырып, алдына салып отыратын шолғыншылар отрядына кездесті. Олардан кейін кездескендер де бұларды жиі-жиі тоқтатып, әрқайсысы бір тексеріп, зықысы кетті. Атаман Дутовтың атты казактары бұлардың жылқысына көз алартып, тартып алуға аз-ақ қалды. Еламан шені жоғары бір офицерге өздерін таныстырып, мына жылқыларды Колчактың әскеріне тарту ғып сыйға әкеле жатқанын айтып, қасына жолбасшы біреуді қосып алды.

Еламан жол бойы көрген-білгендерін көкірегіне түйіп келеді. Қазақ жеріне кірген жер қайысқан ауыр қолдың негізгі салмағы әлі де кейінде жатқан-ды. Шынында да, келесі күні түс ауып, бұлар Оңтүстік Армияның штабына жеткенше жолмен де, жолсызбен де ағылған қаракұрым қолдың негізгі дені атты әскерлер. Бір полктен кейін бір полк лек-лек боп жуық арада өтіп

болмаған атты әскерлердің соңынан іле-шала атаман Дутовтың атты казактары ұзын найзалары сонадайдан зәре ұшырып, мың сан тұяқтан ұшқан шаң арасынан қылтылдап, қара жерді дүбірлетіп келе жатты.

— Ел-аға... Ел-аға,— деп, Әли аблыға дауыстап, атын қатарластыра берді. Еламан оған жалт етіп, түсін суыта қарап:

— Есінде болсын, ендігі жерде мені не Тәңірберген, не мырза де. Қалған жігіттерге де соны ескерт, — деді ақырын, тек екеуі ғана есітетіндей ғып сыбырлап.

— Кеш-ір-р... Тілім бармайды соның атын атауға.

— Қайтесің, барғыз.

— Мақұл, Тәңірберген мырза. Мыналарды көрдің бе, кеше Жемде біздің астықшыларымызды...

— Жә, болды.

Аралары үзілмей, күн-күн, түн-түн ағылып жатқан осыншама әскердің соңғы жағын ала қару-жарақ, оқ-дәрі тиеген ат арбалар, снаряд артқан түйелер, пулемет орнатқан тачанкілермен бірге аралас-құралас броневиктер өтті. Енді біткен болар дегенде сонадайдан нар түйедей зіңкиген алты дюймді ағылшын зеңбіректерінің жотасы көрінді.

— Ел.. Ал, кешір, Тәңірберген мырза — деп, Әли тағы да үзеңгі қағысып қатарласа берді, — мыналар... апырмай, түрі жаман екен.

Еламан үндемеді. Бұ да суық үрей жүрегіне шауып, қатты шошынып келе жатқан-ды. Бір жақсысы, әйтеуір, қазақ даласы кең, ертең мына қарақұрым әскер топан судай қаптап бергенде бұлар тиіп-қашып қаша ұрыс салып бірдеңе қылмаса, қасарысып тұрып табан тіреп соғысу қиын боларын білді. Қалайда күні ертең бұлармен бірме-бір жағаласады. Со бір жан алып, жан беретін қызыл қырғында жағаласқан жауыңның күш қарамын

біліп, өзінің де алдын ала қамданып әзір тұрғаның дұрыс екеніне көзі жетіп еді. «Апырмай» деді Еламан ішінен, «жарты өмірін Сібірдің шахтасында өткізген көксау комиссарды соғыстан хабарсыз, мақұрым көретін. Сүйтсе, көрдің бе, жеті қат жер астында жатып бәрін ішіне түйіп, оқып-тоқып шыққандай».

Түстік Армия штабы қазақ жеріне Орталық Ресейден ерте заманда кеп қоныстанған орыстардың поселкесіне тоқтаған екен. Еламаңдар әкелген жылқыларды қабылдап алғасын бұларды штабтан аулағырақта оқшау тұрған үйге түсірді. Бұлар аттарын байлап, үстібасының шаңын қағып, енді есік алдындағы қарағай кұдық жанында жуынып-шайынып жатқан үстіне жирен мұртты жас майор келді. Қасында тілмаш.

– Салем, бауырлар – деп, татар тілмаш қолын кеудесіне апарып, басын иді. Ал майор әлі де болса балалық мінез бастықпаған жеңілтек болу керек. Құндыз бөрік киіп, мақпал бешпет сыртынан қызыл түрме белбеумен буынған қазақ жігіттерін анадайдан қызықтап, қасындағы тілмашқа бұларды иегімен нұсқап күліп келе жатқан-ды. Бұларға келгесін де күлкісін күшпен тежеп тұрып, жүз жылқы айдап әкелген қазақ байы, сірә, осы болар деген долбармен Еламанға қолын созып еді; бірақ ол ойлағандай, Еламан елп ете қоймады. Су қолын әуелі Әли әзірлеп тұрған сүлгіге сұртті. Сосын жаңа жуынғанда су тиген мұртын асықпай, алақанымен бір сипады да, сонан кейін ғана салмақты жүзін сабырмен ақырын бұрып, қылжақбас майордың өзіне созып тұрған қолын кешеуілдеп алды.

– Здравствуй.

– Oh-o!..

Еламан оған енді назар салмады. Күн қаққан өңі суық томсарып сазара түсті. Әли іштен әкеліп иығына

жапқан қара мақпал шапанның жеңін кимей, иініне желбегей салып, күлегеш офицерге сыртын беріп тұр. «Құрмет көрсетіп тұрып та қомсынғанын жасырмайды. Итіне дейін өзін артық сезіп, мысқылын мұртының астына жасырып жүргендері».

– Жылқыларды қабылдап алыңдар, – деді тілмашқа.

– Алған, берген жөнінде қағаз...

– Қағаздың қажеті жоқ. Бізді генерал қашан қабылдайды?

– Колбасы сырқат. Салқын тиген. Тұмау... Тұмау дегенді түсінесің ғой?

– Ертең қабылдай ала ма?

– Менімше... қабылдауға тиіс. Ал бүгін кешірім өтінеді.

Еламан басын изеді. Қылжақбас майор мен тілмаш қоштасты да шапшаңдап жөнеліп бара жатты. Олардың қарасы ұзаған бойда Әли мен Рза мәз боп:

– Әлгі сары сайтан сазайын алды! Өзіне де сол керек.

– Жоқ-ау, тіпті... Бізді көрсе үстіне түйе кіргендей болатынын қайтерсің?! – деп қауқылдасып жатыр.

Еламан ішке кірмей, айнала төңірекке көз сап сыртта біраз жүрді. Өзінің көрген, білгендері аздық ететін болғасын, осы сапарында оңтайы келсе мыналардың бір офицерін тұтқындап ала кетпек ойда. Сонда жүз жылқы мен ертең генералға сыйға тартатын күміс ер-тұрман, ақ арғымақтың өтеуі қайтар еді. Ойын Әлиге айтқысы кеп оқтала түсті де, өзін тежеп қалды.

Еламан ішке кірді. Алдына алжапқыш байлаған әдемі келіншек үй ортасындағы столға ас даярлап жатыр екен. Үстіне кірген бұған қызыл шыт кофтаның ар жағынан шіреп тұрған көпшіктей кеудесін шұғыл бұрып, аясы үлкен көк көзін қымсынбай да қысылмай қадап тура қарап еді, Еламан аяқ астынан абыржып,

«мына сайтан қайтеді әй?» деп, көзін алып қашты. Былайғы кезде де әйел алдында именшек жігіт қызарып кетті. Самай шашы ақ бурылданып қалған дап-дардай кісінің осынша ұялшақтығы қызық көрінді ме, келіншек езу тартып күлімсіреді де, арғы жағында ыдыс-аяқ салдырап жатқан ас үйге жүре берді. «Қазақ әйелдеріне қарағанда осы шіркіндер дарқандау келеді-ау. Уыздай жап-жас басымен әкесіндей кісіге тиісіп тұрады» деп ойлады Еламан. Азды-көпті жасаған өмірінде өз тірлігі екі әйелге ғана жанасыпты. Оларға үйленген күнін есіне алды. Екеуі де ақ некелі төсек салынғасын жатар алдында шапанды басына жамылып тысқа шығып кетті. Сонан қашан таң атқанша үйге кірмей қойған-ды. Кейін қанша бірге тұрғанда да өзі білетін осы екі әйелдің екеуі де еркекке еті үйренбей-ақ қойды. Тар төсекте тығылысып жатқанда да бет қарып тұратын ұят нәпсіге тыйым салып, бойларын тежеп қала беретін.

Еламан ертеңіне таңмен таласа оянды. Сыртқа шығып, есік алдындағы қарағай құдықтың шекеңнен шыққандай мұп-мұздай суымен беті-қолын жуды. Сонан бұлар ертеңгі асын аяқтап бола бергенде, кешегі жеңілтек майор кеп «генерал шақырып жатыр» деді. Еламан ежелгі бір мұсылман дәстүрімен ас соңынан бетін сипады да, жігіттерін ертіп тысқа шықты.

Генерал Чернов бұларды штаб орналасқан үлкен ақ үйдің алдында күтіп тұр екен. Еламанның көзі бір дегеннен қолбасыға түсті. Түрік жерінде бұл біраз орыс генералын көрген. Олар қырда жайылған дуадақтай көзге толық болатын. Және шетінен алтын иық, ажарлы еді. Ал мынау орта бойлы, бірақ ілмиген арық. Үстіндегі киімдері де күйсіз. Әсіресе, жотасы мен жауырыны күнге күйіп, бояуы оңып кеткен көнетоз китель кәрі генералдың арық денесіне кеңдік етіп қолпылдап тұр.

Кірбиген көңілсіз түрі де осы өмірден тауы шағылып, әбден қажыған уайымы көп кісінің енжарлығын байқатады. Кеше қылжақбас майордың қолбасыға Омбыда салқын тиіп, тұмауратып қайтты дегені есіне түсті.

Еламанға қолбасының сабырлылығы ұнады. Сары ала киімі шұбатылып келе жатқан дала қазақтарына ол өзгелердей сықсындап қарамай, ойлы көзін сабырлы салмақпен тастады. Жаңа қолын бергенде байқады, алақаны әрі ыстық, әрі жұп-жұмсақ екен. Генерал қасында тұрған тілмашқа бұрылып:

– Мырзаның бізге сыйлаған аттарын көрдім. Өңшең жарамды жақсы жылқы екен. Колчак үкіметінің атынан алғыс айтам! – деді.

Татар тілмаш дереу қазақшаламақ боп шүлдірлеп келе жатыр еді, Еламан:

– Қажеті жоқ... – деп тыйып тастады.

– Мырза, орысша білетін болдыңыз ғой? – деді Чернов.

– Қалада жиі болам. Сосын орыс байларымен араласым бар ғой.

– Осы маңның бір жерінен келдіңіз бе?

– Біздің жеріміз бұл арадан алыс. Арал теңізінің жағасынан келдім.

– О-о, шынында да еңбегіңіз зор екен. Неше күн жүріп келдіңіз?

Еламан бұндай сұрақтың болатынын біліп, күні бұрын жауабын әзірлеп келген-ді. «Бес күнде жеттік» деді. Генерал өзіне сыйға тартқалы әкеп тұрған атқа бұрылды. Екі жігіт – Әли мен Рза ақ арғымақты тізгінінен тұқыртып ұстап тұр. Соның өзінде ауыздығын қарш-қарш шайнап, кең танауы жел тартып пыр-пыр етеді.

Еламан байқап тұр: генерал Черновтың көзі

жайнап кетті. Қасындағы кісілердің басымен алысқан аттан қорқып сақтандырғанына қарамай, генерал тартынбастан бірден арғымаққа жетіп барды.

– Генерал мырза, абайлаңыз! – деді офицер.

Чернов арғымақтың жалын ұстап еді, керегедей жал уысын керіп шыға келді. Сосын ол тып-тығыз тықыр түгін сипады. Қолы түгіне тиер-тиместе-ақ арғымақтың, денесі дір-дір етті. Ат осқырып, қозғалақтап, сауырын бұрғанда үстіндегі күміс ер-тұрман күн сәулесіне шағылысып жарқ-жұрқетті. Генерал Чернов арғымақтың қасынан кете алмай, айналсоқтап іркіліп тұр. Осындай арғымақтың талайын әне бір заман түзу кезде патша сарайынан көретін. Алыстан қызыққаны болмаса, дәл осындай ыстық қанды дегдар жылқыға тақымы тиіп көрмеген-ді.

Генерал Чернов шын разы боп:

– Рақмет, мырза! – деп, Еламанның қолын қысты да, түскі асқа шақырды. Сол күні олар көктем сәулесі шұғыласын мол төккен оңаша кең бөлмеде екеуден-екеу отырып сөйлесті. Чернов баяу басталған әңгіменің бір тұсында Арал өңіріндегі халық немен кәсіп етеді, балық аулай ма деп сұрады.

– Қазақтың кәсібі – мал ғой. Балық аулайтындар да бар.

– Қызыл балық бола ма?

– Е, болғанда қандай.

Генерал Чернов келесі әңгімені неден бастарын ойлағандай, азырақ іркіліп, шайға салған қантты бал қасықпен былғап отыр. Еламан алдындағы асқа ауылдағы әдетпен құныға ұмтылмай, өзі көріп жүрген ақ сүйек мырзалардың маңғаздығына салып, асықпай баппен алды.

– Қызылдарды қалай қабылдап жатырсыңдар? – деді Чернов.

Еламанның бұл бір күтпеген бейқам тұсы еді; солай боларын білгендей, ақ генерал да өзінің осыған дейінгі сыпайылығын былай қойып, Еламаннан екі көзін айырмай бағып қалды. Ә дегенде аузына сөз түспей қысылып қалған Еламан іле-шала сонысын жуыпшайып сәл езу тартып еді, генерал Чернов:

– Неге күлдіңіз? – деді.

– Жоқ, жай ғана – деп, Еламан аяқ астынан райланып күле түсіп, – осыны сұрайтыныңызды біліп едім, – деді.

– Онда жауап бермей-ақ қоюыңызға болады.

– Неге, тақсыр?

– Күні бұрын ойлап қойған жауаптың шындығы шамалы.

– Жақсы айттыңыз.

– Еліңізде оқыған азаматтар бар ма?

– Дегенмен, генерал мырза, сіздің жанағы сауалыңызға жауап берейін.

– Мейліңіз білсін...

– Орыс халқы секілді қазір қазақтар да екіге бөлініп кетті.

– Кедейлер жағы, әрине, қызылдарды қолдайды ғой?

– Иә, қызылдар жағында.

– Демек, қазақтардың басым көпшілігі қызылдар жағында болды ғой?

– Солай.

– Мырза... Сіздің халық қызылдарды сонда не үшін қолдайды?

Еламан аузына апара берген кесені ерніне тиер-тиместе кері тартып алды. Жол бойы неше күн ойласа да, мынау тағы да қапысын тосқан тұтқиыл сұрақ еді. Ол біраз отырып барып:

– Бостандық... – деді.

Чернов түрегелді. Темекі шекті. Еламанға іркіліп тесіле қарап біраз тұрды да:

– Сонда қалай, қазақ бостандық сүйгіш халық демексіз бе? – деп еді, «жаңағыны әнтек айттым ба» деп ойлаған Еламан:

– Құранда айтқан ғой: «Байлық барша жұртқа ортақ. Тек Алла тағаланың көктен тастаған ырзық-несібесін бөліскенде, бергі жағындағылар біріне-бірі қиянат, зорлық істеп, біреуге аз, біреуге көп тиеді» деген.

– Әдемі айтқан екен.

– Құран сөзі болғасын қара халық бұны құдайдың аузынан шыққан ақиқат шындық деп біледі. Ертеңгі күні қарны ашса да алдындағы асын сіз бен біз тартып ішкендей болады.

Генерал Чернов кенет әңгімеге ықылассызданып, терезенің алдына барып сыртқа көз тастады. Әйнектің ар жағында мөлдіреген көк аспанда шудадай аппақ бұлт әлдебір жаққа маңып барады екен. Генерал терезенің пердесін түсіріп жіберді. Мына қара мұртты мырза ойынан кетпей тұр. Өзі болса, жер қайысқан қолды бастап қырғыз-қайсақтың бұлар бұрын-соң өмірі аяқ баспаған сыры белгісіз жұмбақ даласына тереңдеп кіріп келе жатыр. Кешегі патша заманында бұларды тілі, діні басқа, жабайы, тағы көрді. Өзінің түсінігі де осының о жақ, бұ жағы еді. Баяғы Ермак жаулап алатын Көшім ханның ордасы құлағасын, жан-жаққа тоз-тоз боп бытырап кеткен көшпелі рулар мен тайпалар... қырғыз-қайсақтар мекені.

Рас, кейін Харбинде қарт досы Рошаль бұған Шоқан Уәлихановтың кітабын берді. Іші пысып зерікесін оқып еді. Атақты хан тұқымынан шыққан қыршындай жап-жас жігіт патша ағзамның бүкіл ресейлік география

қоғамына мүше бопты. Достоевскиймен дос бопты. Бұған дейін қырғыз-қайсақтан дәл осындай өткір ойлы, зерделі оқымысты шығады деген ой бұның үш ұйықтаса түсіне кірген жоқ-ты.

Кейін бұл Омбыға келгесін қазақтың талай-талай оқыған ұлтшыл азаматтарымен кездесті. Арысы Петербур, Мәскеу, берісі Орынбор, Омбыда оқыған, білімді, тілін безеп сөйлеп кеткенде тап бір Еуропаның баяғы айтулы ділмарлары аузына түкіргендей, шетінен шешен, паң, маңғаз. Олар да өз халқының бостандығы мен бақыты жолында ештеңеден тартынбай, басын оққа байлап жүрген саналы азамат сияқты еді. Қазақ жеріне кіргелі генерал Чернов бұл елдің бұл жақтағы шонжарларымен кездесе бастады. Олардың бәрі ұлық алдында өздерінің кісілік қасиетінен айырылып қап, иіліп-бүгілген бірдеңе. Ал мынау... Жоқ, бұл нығыз. Кіммен де терезесін тең ұстайтын сияқты.

Генерал Чернов мырзаның адалдығына сенгісі келсе де, тіпті шын көңілімен сеніп тұрып та, бір шүбә, бір күдік ар жағында тікендей қадалып тұрып алды. Шығыс халқының зымияндығы жөнінде Еуропа саяхатшыларының естеліктерінен оқығаны бар-ды. Бұның енді түү сонау Арал теңізінен күн, түн қатып іздеп келетіндей бұларға сонша не бауыры бітіп барады? Бұнда қандай сыр бар? Жер түбінен сабылып іздеп келу үшін адамды ықтияр еркіне қаратпайтын не ыстық махаббат, не өзіне тиімді көздеген үлкен бір мақсат болу керек қой. Басынан бақ тайған қазіргідей заманда, басқаны қойғанда, кешегі қанды көйлек достар қашып жатқанда, баяғыда Ермак пен Черняев қылыштың жүзі, найзаның ұшымен бағындырған бұратана халықтан жанқияр дос шықты дегенге кім сенеді?

Генерал Чернов Еламанға білдірмей көз қиығын

тастады. Бір есептен таяу күндердің бірінде бұнда одақтас елдердің әскери мамандары келуге тиісті. Мынаның достығы шын болса, бұны солардың алдында көз ғып ұстаса қайтер еді деп ойлады. Несі бар, алда тұрған ертеңгі сұрапыл шайқастарда тап мына құс ұшпайтын қу далада бұлар жалғыз емес екенін, жергілікті халықтың да қолдайтынын көрсін.

* * *

Генерал Чернов Омбыға ерте көктем басында келген-ді. Бұл қыс бойы тоңы ойылмай жатқан Сібірдің сіреу қары жаңа-жаңа көбесі сөгіле бастаған кез. Кеше, жыл басында жыра, сайларды жер бетімен бірдей ғып басып салған үйінді қардың қазір ептеп астынан еріп, сылдырап су жүре бастаған шақ-ты.

Харбиннен шыққалы қарт генерал көз ілген жоқ; онан басқа жолаушылар кешкі асын ішіп, әлдеқашан ұйықтап қалған. Бұның купелес көршісі де ұйықтап жатыр. Көз іліндіріп алғысы кеп бұ да әлгінде қисайып жата берді де, басын кенет жастықтан көтеріп алды. Осы күндері ойынан кетпей қойған күдік көңіліне қайта оралып: «Осыған сенейін бе, жоқ па?» – деді күбірлеп. Сібір жаудан босады. Омбыда Колчак үкімет құрды. Бұлардың да басына баяғы дәурен қайта орнап, енді міне бұ да, бұның өзі де жат ел, жат жұртта өткен екі жылғы сергелдеңнен кейін Отанына оралып, қайтып келе жатыр. «Осы рас па? Сенейін бе, сенбейін бе?» деуін десе де, ол іле-шала өзіне-өзі: «Сен, сен, рас, бәрі рас», – деді. Колчактың үкіметі рас. Өзінің Отанына, сүйікті Отанына қайтып келе жатқаны да рас. Міне, Колчактан келген шақыру қағаз қолына тие сала өзімен бірге Харбиннен пойызға мінген көршісі қаннен-қаперсіз

ұйықтап жатыр. Патша тақтан құлаған кешегі алағай-былағайда шет елге қашқан алтын иық төрелер де қазір Омбыға жан-жақтан ағылып келіп жатыр деген хабар Харбинге де жеткен-ді. Енді көре қал, Ресей ел болып, еңсесін қайта көтереді. Ақ патшаның туы астында бұлар қайта бас қосады. Ескі достарға қауышады. Ендігі қалған өмірі кешегі орыс-герман соғысында қара боран, қарлы окопта ит өмірдің ащы, тұщысын бірге татып, бірге көрген қанды көйлек достармен бірге өтеді. Не көрсе де бәрі бірге көреді.

Генерал енді қайтып төсегіне жуымады. Шекараға жақындаған сайын шыдамсызданып әбден зықы кетіп болды. Мына пойызы түспегір жетіп болмағасын бір кезде терезеге төніп, мінбелеп отырып алды. Міне, шекара! Мына ала бақанның арғы жағы Ресей! Ал сонау түксиген қара орманның ортасындағы әне бір алақандай алаңда бөренеден қиып салған кішкентай үш үйдің ар жағында жатқан ұлан-байтақ ел-жұрт бұның Отаны. О, садағаң кетейін!.. Құсада өткізген екі жылда түнде түсінен, күндіз ойынан шықпаған ел-жұрты!

Генерал Чернов сыртқа ұмтылды. Қарт проводник бұны көрген бойда әлденеге түсін бермей, сырт айналып бұрылып кетті. Ала бақаннан өткесін пойыз әлде де кішкене ілгерілеп барды да, әлгі үш үйге қатарласа бере тұла бойындағы темірлерін салдыр-күлдірлете кілт тоқтады. Проводниктен кейін түскен генерал аяғының ұшы жерге тиер-тиместе тізесі дірілдеп кетті. «О, Тәңірім... Орыс жерінің топырағын басатын күнге де жеттік».

Дала тастай тұман. Төбеңнен баскандай қорғасын салмақты ауыр бұлт күллі аспанды тұтас басып бүркеп апты. Мезгіл қай шама? Күн шықты ма, жоқ па, біліп болмайды. Бойына ылғал тартқан азанғы ауа ауыр екен.

Сыртқа шыққан бойда генерал қатықтай іркілдеген ауаны аузымен қарпып бірер жұтты да, етігінің тұмсығына іліккен әлдебір тасты бір тепті де, ілгері жүріп кетті. Станса басының қары айнала төңіректе қарауытқан орман арасындағы қардай тоңы бұзылмай, аппақ боп сіресіп жатқан жоқ, ала қанат. О да түнімен еріп, көксоқталанып былжырап жатыр екен.

Чернов ішке кірмеді. Аяғына аздап ылғал өткені болмаса, денесі әзір тоңази қойған жоқ-ты. Станса басында қыбыр еткен жан жоқ. Үш үйдің де есік, терезесі жабық. Тек басқалардан гөрі темір жолға жақын тұрған үйдің қорасынан сиыр мөңіреді. Әскерге алғанша бұл Калуга губерниясының алыс түкпірінде өз шаруасы өзіне жететін ауқатты помещик семьяда өскенді. Мал жайын білетін. Мынау ерте бұзаулаған қашар сиыр екенін бірден білді. Мама сиырлардай емес, бұлар сауыны мезгілінен сәл асса да, сүт толған желін дерітіп, дәл осылай аспан астын азан-қазан қылатын әдеті.

Пойыз ұзақ тұрды. Әлгідей емес, тұман ептеп сейіліп, жақын, жуық маңай анығырақ көріне бастады. Қашар сиыр мөңіреген үйдің қорасы толған қарақат па, шие ме, олардан да басқа бей-берекет өскен жеміс бұталар шық түсіп, су-су боп селігіп тұр екен. Әлгінде бір топ шөже торғай осы бұталардың бұтағында шүпірлеп отырған. Өздері болымсыз бірдеңеден үрікті. Ұшса да, қонса да тату тобын жазбастан шоғырланып жүретін пақырлар дүрк көтеріліп ұшқанда түнгі шыққа малынған бұта шұғыл сілкініп, мөп-мөлдір мұздай тамшылар сіркіреп қоя берді. Шыққа малынған үйлердің, вагондардың төбесінен су сорғалап, онсыз да миы шығып жатқан жерге тырс-тырс тамады.

Генерал Черновтың есіне Манжория түсті. Онда да қазір осы көктем. Осы торғайлар. Онда да дәл

осындағыдай ала қанат қар. Алыс-алыста қарауытып, мұнартқан орман. Онда да дәл осындай жыртық-тесігі таусылмайтын жүдеу өмір. Генерал мына дүниені жаңа көргендей, айналаға назарын іркіп, ойлана қарап тұр. Неге көзі түссе де адам зердесі ақырына дейін жетіп болмайтын мына дүниенің осы арада, тап осы қазір өзі байқаған бір сырына қайран қалады. «Апырау» деді генерал ішінен, «мынау қыс бойы сіреу қар астында жаны шыққан өліктей тоңы ойылмай жатқан жерге мүлде ұқсамайды ғой? Қыс ызғары қайтып, күн жылт етіп сәл рай беріп еді, көрдің бе, бұл жарықтық та бусанып, тұла бойынан бу бұрқырап, жаны жайлы рақат тапқанын. Асылы, айт-айтпа, жер де адам нәсілді ғой. Қыс бойы қар астында қол-аяғы бүрісіп жатып еді. Күн көзі рай бергесін әйел нәсілі ұсап, бұ да нәпсісіне ие бола алмай, көңіліне желік кіріп шыға келді. Көре қал, күні ертең түгі түлеп, құлпырып шыға келеді. Осыдан былай қарай жер бетіндегі күллі тірлік – жанды, жансыз – бәр-бәріне тойымсыз бір ашқарақтық тап болып, күні ертең әлі-ақ әр көде, әрбір бұта түбіне ұрық шашып, жер-дүниені жас ұрпаққа бөлеп, шешек атып шыға келер-ау! «Иә, дүние тозбайды» деді генерал. «Тозса – жан тозады. Біз тозамыз. Мына дүние – жер, су, тау, тас, орман, тоғай – қар мен мұз астында жатса да, жылда-жылда көктем жылт еткенде, осы кез, дәл осы бір мезгілде бір жасарып, жастық дәуренге қайта қауышып, бәрін басынан қайталап өткізіп отырады. Құдіреттің сонысы қандай жақсы».

Генерал Чернов көңілді. Отанына жылдың басқа мезгілі емес, дәл осы кезде, ерте көктемнің басында оралғанын да жақсы нышанға жорып, жүрегі де дәл бағана шекарадан өтерде өзін ықтияр еркіне қаратпай, құйындай үйіріп әкеткен ыстық сезім ұйтқытып,

лүпілдеп қатты-қатты соғып кетіп еді. «Қайран, Русь» деді генерал, «асылы, кісі туған жердің қадірін сыртта жүргенде біледі екен ғой».

Чернов зәті елжірек жан емес-ті. Неге екенін қайдам, сыртта өткен екі жыл әсер етті ме, отанына оралғасын болмашыға көңілі босап, жаны, жүрегі елжіреп, мына адыра қалғырдың топырағы мен әрбір тасын аймалап сипалағысы кеп кетті. Өз өмірінің ең бір бақытты күнінің ескерткіші болсын деп осынау ұлан-байтақ елінің қиыр шығыстағы шекарасынан бір тасты ала кеткісі кеп, күн санап қимыл-қозғалысқа құлықсыздана бастаған кәрі денесін күшпен иіп, аяқ астында жатқан бар тасты алғалы қолын созып еңкейе берген-ді. Көзінің қиығы ертеден бері бұны бағып тұрған қарт проводникті байқап қалды да, қолын жалма-жан тартып ала қойды. Қырсық шалдан қысылды ма, аузына түскен әлде бір әскери әуенді ыңылдап, сырттап кетіп бара жатыр еді. Проводник соңынан іле дауыстады.

– Генерал, қалып қоясың. Мін! Тез! Тез!

Шынында да поез жылжып барады екен. Бір пәлесі бұның вагоны ілгері ұзап кетіпті. Генерал амалысыз жүгірді. Вагонның басқышында мәз боп күліп тұрған проводникке қарамауға тырысты. Ресейде мәртебелі генерал лауазымының қадірі қалмағанын білетін. Ол тек... тым құрыса, бұның жасы мен аппақ қудай басын сыйлайтын кісі қалмағанына қынжылды.

– Жоқ, тым жақсы жүгіреді екенсің, – деді проводник.

Генерал Чернов оған түсін бермей, тұсынан өтіп кетті. Купелес серігі бағана іргеге қарап жатқан күйінен әлі қозғалмапты. Қазір қайта кеспелтек толық денесі қатты жүріп кеткен поездың ырғағымен дір-дір шайқалып, танауы пысылдап, рақаттанып ұйқтап жатыр екен. «Бақытты жан екен», – деді генерал.

Шетте жүргенмен генерал бұндағы жағдайға қанық еді; мәселен, бұл Колчак әскерінің көктемгі дыз еткен шабуылы дем арасында демі бітіп тоқтап қалғанын білетін. Бугулма түбірде болған сол шайқастан кейін бұл білерде қайта қызылдар күш алып, бұларға ес жиғызбай жапырып қуып келе жатқан сияқты еді. Соған қарамастан Омбыда шығатын бар газеттің бәрі жеңімпаз адмирал әскерінің жеңістері жөнінде құтыртып жазды. Бұл күндері жоғарғы ставкада бұлардың аузына жеңістен басқа сөз түспеді.

Генерал аң-таң. Кімге сенерін білмей, сонан қашан Колчакқа барғанша көңілі күдікке толып дал боп жүрді. Өз басы жоғарғы ставкада отырғандарға сенбеді. Бұл өзі орыс-жапон соғысына, онан берегірек келгесін орыс-герман соғысына қатысып, соның бәрінде де соққы жеп әбден зәрезап боп қалған қарт генералдың кәрі денесіндегі жау тырнағының ізі әлі жазылып бітпеген-ді. Ол, әсіресе, штаб маңындағы сары ала иық офицерлердің сөзіне сенбейтін. Қолбасылар мен көсемдердің көңілін тауып, құлқынан шығып үйренген жылпос немелер құлаққа жағатын сөзге шебер.

Генерал Чернов Омбыға келген күннің ертеңінде Колчакта болды. Колчак:

– А-а, Николай Ильич, қош келдіңіз! – деп, бұны ілтипатпен қарсы алып, қолтығынан демеп апарып креслоға отырғызды. – Ал, қалай жеттіңіз? Жолда қиындық көрмедіңіз бе? Иә, қазір қайда да қиындық жетеді. Бізге де оңай боп жатқан жоқ. Халық аш. Бірақ... сабыр, сабыр керек. Кішкене пұрсат беріңдер. Әуелі ел басындағы қазіргі ауыртпалықты бір жағына шығарып, тынышталып алайық. Сосын көре қалыңдар, бір күнгідей

болмай, Россия баяғы қалпына... Кешіріңіз! –деп, Колчак бұрылып, сырт жағында шырылдап жатқан телефонға қол созды.

Чернов байқап отыр: Колчак көңілді. Сергек. Омбыға келгелі бұның жанын қинап жүрген көп қиындық, көп-көп уайым оның қаперіне кіріп шықпайтын сияқты. Шын солай ма? Әлде Харбиннен келген бұған көз қылғаны ма? Ана жақтан телефон соққан кісіге де:

– Астық болады. Волга бойының биылғы астығы біздікі. Иә! Иә! Тек, биыл о жақта жауын қалай екен? – деді.

«Жоқ, бұлардың жағдайы жаман емес сияқты» деп ойлады генерал. Патша құлап, ел басына қара күн туған әне бір кезде «өлсең – тұрма» дегендей, қара басын қайттап, шет елге тайып тұрғаына өкінеді. Ендігі қалған жерде не көрсе де Колчакпен бірге көріп, тағдыры таразыға түсіп тұрған сорлы Отанына жатпай-тұрмай адал қызмет істегісі кеп құлшынып отыр еді.

Рұқсат сұрап жас офицер кірді. Онымен шалғайласа шалғайласа сүрініп-қабынып тағы бір офицер кірді. Екеуі де қолдарына ұстай кірген картаны столға жайды да, сыптай боп тартылып тұра қалды. Сәл қозғалса да қонышы сыптай қара хром етіктің сірісіндегі күміс шпор шылдырап, терезеден түскен күн шұғыласы әуелі зер погонға, сосын омыраудағы сары жез түймелерге шағылысып, жалт-жылт етті.

Чернов олардан бетін бұрып әкетті. Мына шіркіндер бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай еді. Кеше Бугулма түбінде тас-талқаны шыққаны естерінде жоқ. Колчактың жеңімпаз әскерлері кешегі сәл сәтсіздіктен кейін естерін жия бастағанын айтып тұрып та қайта-қайта сипақтап, үсті-бастарын, белбеу, портупейлерін жөндеумен болды.

– Көрдiңiз ғой, шабуылға әзiрленiп жатқан үстiне келдiңiз, – дедi Колчак.

Генерал Чернов қостаудың да, қарсы болудың да жөнiн таппай, салмағымен жаншып отырған былғары креслоны сықырлатып қозғалақтап қалды. Офицер кетерде бұған көз қырын да салмастан соғыс жүрiп жатқан жердiң картасын шиыршықтап жиып алды да, сыпсыңдап шығып кеттi.

– Жаңағыларға сенесiз бе? – дедi Чернов.

– Сiз ше? – дедi Колчак, – Сiз, сiрә, сенбейтiн боларсыз. Ха-ха-ха! Я вижу вы скептик.

Генерал көмейiндегi күдiктi айта бастап едi; бiрақ Колчак оны тыңдамай киiп кетiп:

– Сiз Харбиннен келдiңiз. Ал, маған ұрыстың iшiнде жүрген кiсiлер келедi. Оларға сенбеске хақым жоқ, – дедi де, орнынан тұрды. Сосын даладай кең кабинеттiң тұтас бiр қабырғасын алып жатқан Ресей империясының картасы алдында ерсiлi-қарсылы кезiп бiраз жүрдi. Генерал жұмсақ креслода көмiлiп отыр. «Скептик» – деп, ол өзiн, әлде, басқаны мысқылдағандай, iштен бiр мырс еттi.

Сәтсiз аяқталған орыс-жапон соғысынан кейiн осы сөздi бұл жұрт аузынан жиi еститiн. Әдепкi кезде кәдiмгiдей торсаңдап ренжiп қалатын. Кейiн, берегiрек келгесiн оған да үйрендi. Жұрттың көзi жетiп тұрған жағдайда да бұл, өз басы, сенер-сенбесiн бiлмей, екi ойлы боп шүбәланып қала беретiн боп жүр. Оны өзi сезедi. Сондайда сүйекке бiткен мiнездей әдетке айналып кетпесе кәйтсiн деп ойлайтын.

Колчак кең кабинеттi кезiп жүр. Алдынан өткен сайын адмиралдың қара хром етiк киген тертедей ұзын аяғы ерең-серең. «Тырна аяқ екен ғой» дедi iшiнен. Бұрын бұлар кездескен емес-тi. Патша құлағаннан кейiн кеше аспанды төбесiмен тiрегендей боп жүрген төрелер мен алтын иық офицерлердiң басына қара күн туып, жан-жаққа безiп кеткенде, Чернов та ендiгi тiрлiктен түк

қызық қалмағандай түңіліп, көз көріп, құлақ естімес қиян шетте жатқан Жапониядан бір-ақ шыққан-ды. Жалғыздық жанына батты ма, әлде бір табан да болса сорлы Отанына жақындай түскісі келді ме, кейін, Харбинге келіп орналасты..

Колчак та Харбинде жүр екен. Патша құлағаннан кейін немістермен ендігі соғыстың қажетсіздігіне көзі жеткесін, Қара теңіз флотын тастап кетіпті. Бұлар Харбинде де бір-бірімен кездесе алмаған-ды.

Бір сағаттан астам сөйлескеннен кейін Верховный правительмен салқын қоштасып, сыртқа шықты.

Ставка алды сапырылысқан кісі. Дуадақтай-дуадақтай жуан интенданттар мен иненің көзінен өткендей жас офицерлер. Қолындағы кратаға үнілген бір уыздай жап-жас офицер төмен түсіп келе жатқан бұны иығымен қағып кетті.

Өз көңілінде реніші ауырлаған сайын генерал Чернов Харбиннен бір ай бұрын келген өзінің қанжығалас кәрі досы – қарт генерал Рошальді есіне алды. Бұған таққан атақты осындағылар ол сорлыға да теліп, кез келгеннің аузында әжуа боп жүр. Бір жақсысы, оның қасында баласы бар. Зиялы семьядан шыққан тәрбиелі офицер. Ал, бұл ше?

Сырт желкемдеу екен. Өн бойы тітіркеніп кетті де, жалма-жан шинелінің өңірін қаусырынып ала қойды. Атты әскерлер мен бауыры сары ала балшық пәуескелер тынымсыз ағылып өтіп жатқан орталық көшелердің қары жидіп езіліп кетіпті. Көктем кірсе де, қыс ызғары қайта қоймаған. Өкпек желі қойны-қонышына кіре берген соң, генерал шинелінің жағасын көтеріп алды. Солқылдақ рессорлы арба үстінде отырып та ат тұяғынан ұшқан қар суынан тыжырынып қалады. Әскер болмаса, көшеде жай халық аз. Ағылшын шинелін киген орыс солдаттарының

арасынан анда-санда қоңыр киімді жүдеу кісілер көзге шалынады.

Қала лас. Сылағы түскен, қотыр-қожалақ үйлердің кір-кір терезесінің әйнектері ішкі жағынан буланып тершіп тұр. Бағанадан бері байқап келеді, бір үйдің мұржасынан түтін шыққан жоқ. Ештеңені көргісі келмегендей, көзі жұмыла берді. Былайғы кезде де кителінің жағасы қолпылдап тұратын жіңішке мойнын жиырып иығына тығып алды. Мына кір, лас қала, жүдеу халықты көрген сайын көңілі ауырлап, жоғарғы ставканы да қайта-қайта есіне алады. Екі бетінен қан тамған әлгі бір дуадақтай интенданттар. Жалақтаған жас офицерлер. Жайлы креслолы жарық кабинеттер... Сонан соң.. терте сирақ Колчак... Адмирал... Верховный правитель!

Ойы шатыса бастады. Әсіресе, Колчак жөнінде бір байламға келе алмады. Әскер тәртібінің қатал тезіне түсіп шыққанына қарамастан, Колчак мейлінше елпілдеген ақкөңіл кісі көрінді. Адмирал мундирін киіп, сап-сары ала боп алған бойынан менмендік пен ірілік байқалмайды.

Осыдан кейін ол Колчакпен қызмет бабында күнбе-күн кездесіп жүрді. Соның бәрінде де Колчактың бірде болмаса бірде осы өлкені патшадан кейін бір шыбықпен айдап отырған әмірші екенмін деп басқа жұрттан бойын биік ұстап, шіреніп отырғанын көрген жоқ. Ол қайта өзінің бұрынғы үйреншікті кәсібінен қол үзіп қалғанына қиналатын сияқты ма, қалай. Су үстіндегі соғыстан басқа өмірді көрмеген кешегі қарапайым көп адмиралдың бірі еді. Бүгінгі күні жер бетіндегі қиын тағдырлы елдің тізгіні қолына тиді. Халық аш. Жалаңаш. Күші басым жауға қарсылық көрсете алмай қаша ұрыс сап, шегініп келе жатқан әскердің түрі анау. Ел еңсесін езіп бара жатқан осынша қиындықты көтеру оған да оңай деймісің. Басында ет қызумен билік басына бір көтеріліп қалса да, енді қазір

осынау бір кісінің басы айналатын биіктен қалай түсудің есебін таба алмай, алдына келгендерден көмек тілеп жаутандап қарайтын сияқты.

Генерал Чернов кейін Колчакпен жақсы ұғысты. Черновты, әсіресе Колчак қатты сыйлады. Оны әуелі Жоғарғы Ставканың бас интенданты қып тағайындап еді; екі жұмадан кейін соғыс министріне орынбасар ғып бір-ақ жоғарылатты. Генерал Чернов жасының егде тартып, моқап қалғанына қарамастан өзіне жүктеген ауыр жұмысқа жан-тәнін сала кірісті. Ұрыс даласында қансырап шегініп келе жатқан әскерді әлденеше аралап, небір қиындық жағдайды өз көзімен көріп қайтып жүр. Бүгулма түбіндегі шайқастан кейін Колчак армиясының халі оңалмасқа қарапты. Соғысқа ықылассыз. Қажыған. Ұрлық етек алып кеткен. Басқаны қойғанда, азғантай азық-түлік солдат қазанына түскенше сұғанақ қолдар жан-жақтан тартқылап, пышақ ұшынан бөліп әкетіп жатты. Ол ол ма! Ұрыс ішіндегі офицерлер қатын-баласын қасына алып жүр. Көктемдегі шабуылда көптеген дүние-мүлік жиып апты. Қазір солар ағып-тамып аяққа оралғы боп алған. Асхана, обоз, артиллерия арасында офицерлердің дүние-мүлкін тиеген арбалар да сықырлап, тар көпірдің аузында кептеліп тұрып алады екен. Ондайда офицерлер әуелі арғы бетке қатын-баласы мен дүние-мүлкін өткізбек боп киғылық салып жатады. Ызалы солдаттар айқайлап у-шу, азан-қазан боп боқтап жатқанда, кейінгі жақтан қызылдар келіп қап, боратып оқ астына алады. Қатер төнген кезде әркім қара басын қайттап, қолындағы қару-жарағын тастай-тастай қашып жатады екен.

Генерал Чернов Омбыға келген бойда түп-тура Колчакқа барып, өз көзімен көріп қайтқан сұмдықтарын айтқан еді. Колчак бұл-алан болды. «Бәрін атам...

Асам...» – деп, айқайға басып бара жатқан соң генерал: «Кінәлілерді ата бастасак, әскеріңіз офицерсіз қалады ғой» деп ескертті.

– Енді қайт дейсің маған?

– Әскерді семьядан тазарту керек.

– Е, тазартпайсың ба, кім қолыңнан ұстап тұр?

– Ол үшін сіздің атыңыздан бұйрық жазу керек.

– Жаз! Тек тез, тез істе!

Колчак қол қойған қатал бұйрық аэропланмен бар армияға дереу жөнелтілді. Арада екі-ақ күн өтті. Үшінші күні азаңда Колчак Черновты шақырып алды.

– Слушайте, генерал! – дей түсті де, Колчак тоқтап қалды. Көңілсіз әңгімені бірден бастап кете алмай, тыжырынып отырды да. – Офицерлердің семьясы сен айтқандай көп те емес екен ғой, – деді.

– Мен өз көзіммен көріп келдім ғой.

– Маған армия басшылары хабарлады. Ал кейбір әскер басылардың семьясын қозғаудың қажеті болмас. Реніш, өкпеге қаламыз.

– Түсінбеймін.

– Ал сізге, генерал, көптеген офицер онсыз да ренжулі екен.

– Мүмкін.

– Әскерді аралап шығып, бір ауыз жылы сөз айтпастан үн-түңсіз кетіп қалыпсыз.

Генерал Чернов темекі шеккісі кеп кетті. Қалтасын қарап темекі таба алмады. Айтарын айтып ап, енді екі көзін айырмай қарсы алдында қадалып отырған Колчакқа бұл әлі жүзін тіктеп қараған жоқ.

– Генерал, саған мен де ренжіп қалдым, – деді Колчак.

– Түсінем. Темекіңіз бар ма?

– Пожалуйста.

– Рақмет! Мәртебелі тақсыр, мені соғысқа жіберуіңізді өтінем.

– Жә, жә, ренжіп қалған екенсің ғой – деп, Колчак кипалақтап қысыла бастады, – әуелі, өзің дұрыстап ойландың ба?

– Ойландым.

Колчак шай алғызды. Жаңағы көңілсіз әңгімені ұмыттырғысы кеп, әр нәрсені бір айтты. Генерал Чернов айтқанынан қайтпайтын түрін танытып, үнсіз тұнжырап алды. Ақыры көндіре алмаған соң, оны осы армияға қолбасы ғып тағайындап еді. Сонан бері бір ай өтті. Қазір өзіне-өзі қожа. Колчактан да, Жоғарғы Ставканың жылпылдаған жас офицерлерінен де аулақтап, іргесін бөлек салып алды. Тек Омбыдан қашықтап кеткелі армияны азық-түлік жағы қинады. Кейінгі кездері қырғын ұрыстар күшейіп, оқ-дәрі, қару-жарақ жағы да тақыл-тұқыл жетіспей қап жатады.

Осы жағдай жанын қинап жүргенде бір күні оны Омбыға шақырды. Омбыға келген күні кешкісін Министрлер Кеңесінің мәжілісі болды. Мәжіліске үш армияның қолбасшысы түгел қатысты. Жол соғып шаршап жеткен қолбасшылар ықылассыз, енжар отырған. Әсіресе, генерал Чернов қалғып кете берді. Басы қатты ауырып, сынып барады. Мәжіліс түн ортасы ауа бергенде аяқталды. Ұйқы басқан бойын орындықтан әзер қозғап, сыртқа шыққанда көзі түк көрмеді. Тек қараңғыға үйренгесін ғана мәжілістен тараған кісілердің есік алдында тұрған машиналарға асығыс отырып, жөнеліп жатқанын көрді.

Генерал Чернов жаяу кетті. Кір, лас қаланың жапырайған аласа үйлері ұйқыда. Терезелер тегіс көз жұмған. Таң таяу сияқты. Әлгінде соншама көп кісі жиналған зал ыссы, қапырық боп еді. Сыртқа шыққан

бойда Сібірдің әрқашан таң алдында салқындайтын дағдылы ызғарын бірден сезді. Көшеде тірі жан жоқ екен. Тек оқта-текте атты патрульдер кездесті. Жүзбе-жүз кездесіп қалғанда болмаса, қалған уақытта ешкімнің ештеңеге зауқы жоқ. Енжар. Сен тимесең, мыналар саған тиіспейді. Тағалы аттар тас көшені тақылдатып, тұсынан бей-жай өтіп бара жатады. «Жаны ашитын бір жан жоқ. Бәрі немқұрайды қарайды» деп ойлады Чернов. Соны айтсаң болды, жөніңе қарап жүрмей, басыңа пәле тілеп аласың. Іле-шала мырс етіп күліп жіберді. «Осы сөзімді Колчак төңірегіндегілер естісе, мені тірілей түтіп жер еді ғой» деп ойлады. Онсыз да осы күні көп нәрседен үндемей құтылатын боп жүр. Бүгінгі мәжілісте де қайсыбір мәселеде келіспей отырса да, басқалар сияқты бұ да жұмған аузын ашқан жоқ. Қол астындағы әскерге тікелей қатысы бар мәселе болмаса, басқа әңгімеге араласуға зауқы болған жоқ. Ұзын столдың екі бетін ала жайғасқан кіл қасқа бас, бұғақты, семіз кісілердің арасында жалғыз бұл ғана сүлесок, енжар. «Тезірек бітсе екен» деп отырған-ды.

Мәжіліс соңында Омбыға одақтас елдердің елшілері келе жатқаны сөз болды. Жұрт тына қап, тегіс Колчактың аузына қарады. Осыған дейін де елшілер келеді деген сыбыс үйден үйге тарап, қала іші құлақтанып қалған. Екі адам кездесе, амандық-саулықтан бұрын бір-бірінен: «Не білгенің бар, елшілер келе жатыр дейді ғой», – деп сұрайтын. Елең-алаңда көше сыпырған шалдар мен нан дүкенінің алдында өшіретте тұрған қатын, балалар, темір жол жұмысшылары құлағы түрік жүрген-ді. Енді бүгін сол астыртын хабар расталып, Министрлер Кеңесінің ресми ашық мәжілісінде, Колчактың өз аузынан естігенде, қорыққаны, әлде қуанғаны белгісіз, үкімет мүшелері демін ішіне тартып тына-тына қалды.

Генерал Чернов ұйқы қысқан көзін әзер ашып, қасында отырған көршісі – сауда министріне қарап еді; о да қапылыста соққы тигендей, тапырайған қасқа басын иығына тартып мықшия қапты. Астындағы орындық әнтек сықыр етсе де, селк ете қап отырған. Кенет ол күтпеген жерден атып түрегелді.

– Мырзалар... Мырзалар, мынау ғажап болды ғой! – деп айқайлап жіберді. Соны айтардан бұрын өзіне әбестеу көрінді ме, алақтап, әуелі Колчакқа, сосын үй ішіндегілерге қарады.

Естуі бойынша мына келе жатқандар бай елдің елшілері. Бұлардың қай-қайсысы да ана жақтағы өздерінің үкіметі атынан төтенше құқық алып келе жатыр. Колчак үкіметінің басына түскен қазіргі таңдағы қиындықты өз көздерімен көріп, біліп, қажет деп тапса қолма-қол жәрдем бере алатын шамасы бар. Ендеше, мыналардың істеп жатқаны не? Ертең елшілер келгенше Ресейдің басына үйіріліп тұрған қатер мен қиындық жайын осы қазір талқыға салып ақылдасып алса қайтеді? Сирағы шыққан аш-жалаңаш халқы бар. Ұзақ соғыстан ақ иық болған әскердің халі анау. Халық наразылығын үнін шығармай күшпен басып отыр. Шыдам қаншаға жетеді. Онсыз да күн санап орман арасы партизандарға толып барады. Пара, пайда, ұрлық анау, етек алып кеткен. Неше түрлі алаяқ сұмдар адал жандардың арасына іріткі салып, атыстырып-шабыстырып отыр. Осыны неге ойламайды. Іздесең қолға түспейтін ығай мен сығайлар – Ағылшын, Жапон, Француз, Америка елінің төтенше елшілері Омбыда бас құрғалы жатыр. Соны пайдаланып, елшілердің алдына келелі мәселелер қоятын орайы бар еді ғой. Оның орнына дыңдай мемлекет қайраткерлері осынша ұсақталып, ертеңгі күні қонақтарды қалай күтіп алу жайын әңгімелеп кетті. Кешегі заманда патша

ағзамға арнайы қонақ боп келген мәртебелі мемлекет басшылары мен қай елдің королі, қай принціне қандай салтанат көрсетіп, сый-сияпат істеген мәре-сәрелерін еске алды. Енді бір кезде ертеңгі қонақтарды түсіретін ажарлы үй іздеді. Сібірдің кішкентай қаласында көз тартатын көрнекті үй тіпті аз. Соған қарамастан соңыра өздері қонақ түсетін үй сәнін баяғы патша сарайының сән-салтанатымен ойша салыстырып отырып, енді бір кезде қонақасылар, банкеттер жайын әңгімелеп кетті. Бұған бәрі араласты. Бірінен бірі қалысқысы келмеген кісілер Колчак алдында қонақасы жөніндегі білігімен көзге түсіп қалғысы кеп, бірінің сөзін бірі бөле бастады. Қыза-қыза келгенде Колчак алдында сақтайтын ілтипат, ибалығын да ұмытып, дабырлап кетіп еді.

* * *

Генерал Чернов Омбыда ана шаруа, мына шаруамен шырғалып жүргенде оны Жоғарғы Ставкаға шақырып алып, Түстік Армияның алдына жаңа міндет қойды. Бұл бұйрық бойынша Черновтың армиясы бұған дейінгі шабуыл бағытын өзгертіп, ендігі жерге Орск арқылы қазақ даласына кіруге тиіс. Сонан ары қараған жерде темір жолдан бір сәт табанын аудармай, күншығысты бетке ұстап, үнемі ілгері жылжып, қазақ даласына дендеп кіріп, жолында кездескен қарсылықты күшпен басып отырып, сонау шалғайда жатқан Ташкентке, онан Хиуа, Бұхараға жетуге тиіс. Ал олардың ар жағында Каспий теңізінің күллі күншығыс жағалауына әмірін жүргізіп тұрған ағылшынның экспедициялық корпусына жеткесін, сол арада дереу кемеге отырып Махашқаладан түседі. Оның ар жағында қол созым жерде, Қырым жарты аралында дәл осы кезде Мәскеуге

шабуыл жасауға әзірленіп, жер қайысқан қарулы күштің бас-аяғын жинап жатқан барон Врангельге қосылады.

Бұған Чернов келіспей, қасарысып отырып алды. Келесі күні де Жоғарғы Ставкада қызыл өңеш боп айқайласып, түк шығара алмағасын Чернов өзінің қашаннан бері қанжығалас кәрі досы – генерал Рошальға барды. Колчак ставкасында бұны қолдайтын жалғыз кісі осы. Бұл және көктемдегі сәтсіз шабуылдан кейін Колчактан ендігі жерге ұрыс тактикасын өзгерту керек деп қатты талап етіп жүрген кісі-тұғын.

Генерал Чернов келгенде мына хабарды есіткен кәрі досы қып-қызыл боп ашуға булығып отыр екен.

– Армияңның жайын есіттің бе! – деді ол есіктен кіріп келе жатқан Черновқа.

– Бұл өзі кімнің басынан шыққан ой?

– Кім дерің бар ма, қазір білгіш көп.

– Колчак па?

– Кім білсін. Нокс па, басқа ма... Кім болса да, бірақ әмір Колчактың атымен беріледі ғой.

– Түсінбеймін. Колчак әскери кісі ғой, тап қазіргідей Ресейдің тағдыры қыл үстінде тұрғанда қолда бар қарулы күшті шетке шашау шығармай, бір жерге басын қосып ұстау керек емес пе? Бұнысы несі?

– Оны Колчак сені мен менен кем түсінбейді. Бұл арада басқа бір жағдай бар.

– Қазір бәрімізге ортақ бір ғана жағдай бар емес пе? Қызылдардың шабуылын тойтарып, өлсек-тірілсек те өзіміз шабуылға шығуымыз керек қой. Самар мен Саратовты алып, биыл қалайда... қайткен жағдайда да Деникин әскеріне қосылмасақ, біздің бар үмітіміздің күлі көкке ұшты дей бер.

– Сенің әлі дәмең зор екен.

– Ал сен ше?..

– Бізге не қарап тұр?

– Сонда бұлардың теріс істерін де дұрыс дей береміз бе?

– Амал қайсы. Сені мен біз қазіргідей қиын кезде бар әскердің басын бір жерге қосып, күшімізді біріктіріп алсақ дейміз. Олар түстік армия Орынбор темір жолының бойымен жылжып, Ташкент, Бұхара, Хиуа арқылы Каспий асу керек деп Колчак атымен әмір береді. Оны орындамасқа шараң жоқ. Орындайсың.

– Омбыға қатер төніп жатқанда қайдағы Каспийде не бар бізге?

– Оны Нокстен сұра.

– Но-кс?

– Иә, бұл планның сырын сол біледі.

– Түсінсем не дейсің. Сонда бұл ой Колчактікі емес...

– Әрине, Нокстікі. Оның ар жағында Англия, Франция, Жапония тұр.

Генерал Чернов кәрі досының қасіретке толы қажыған жүзіне «енді кәйттік?» дегендей, ақылы дал боп қарап тұрды да, бос орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Сосын алақанымен маңдайын арлы-берлі ысқылап үнсіз отырып қалды:

– О, Тәңірім! Соңырағы халіміз не болады? Қайдағы бір туземецтердің арасында, сахара шөлде қырыламыз ба? Апырай, бұларға не болды? Бірі құлақ аспайды. Енді не істедік?

– Сен тезірек қайт.

– Өзім де асығыспын, бірақ, Николай Андреевич...

– Менің қолымда не тұр. Билік аналарда. Сенің де, менің де тағдырым солардың қолында.

– Ендеше, жүріңіз, адмиралға барайық.

– Түк те шықпайды!

– Неге? Соңыра Омбыны қорғау үшін де әскер керек емес пе?

– Керек. Бірақ есінде болсын... Жә, құрысыншы. Көзің жетсін, жүр, сөйлесіп көр.

Бұл күндері Верховный Правитель күндіз одақтас елдердің елшілерімен бірге боп, сонан Жоғарғы Ставкаға қас қарайғасын ғана бас сұғып жүрген-ді. Колчакты күні бойы күткен генералдар кешке қарай қарындары ашқасын театр маңындағы кафеге барды. Бұнда да ұзақ отыра алмады, алдына келген асты апыл-ғұпыл ішіп сыртқа шықты. Шет жақтағы қараңғы, лас көшелерді қойғанда, бұл қаланың ең көрнекті көшесі – Любинский проспектімен де күн батқасын жан адам жүрмейтін. Көше бойындағы бағаналарда әлсіз фонар жарығы сығыраяды. Анда-санда қала тыныштығын күзеткен бірен-саран атты әскерлер ұшырасады.

Бұлар жым-жырт көшемен үнсіз келе жатқан-ды. Бағана басында сығырайған тағы бір фонарға жақындап келе бергенде Чернов әлдене дегісі келгендей, қасында отырған серігіне көз тастап еді. Генерал Рошаль қай кезде де денесі ауыр етшең болатын. Былайғы кезде де кительдің жағасын жапырып, алқымына сыймай тұратын майлы бұғағы рессорлы арба шайқалғанда дірілдеп, бүкіл етшең ауыр денесі шайқалақтап қалады екен.

– Николай Андреевич, денсаулығың қалай? – деді Чернов.

– Оны ойлап жүрген мен жоқ. Айтқандай, сен қашан қайтасың?

– Ертең-бүрсігүндері...

– Менің ұлым Евгений сенімен бірге кетем деп отыр. Айтқанды тыңдамайды, көнбей қойды.

– Балаң маған ұнайды.

Қарт генерал үндемеді. Азырақ отырып барып:

– Жалғыз балам ғой, өзің қамқор боларсың – деп, аның қолын сыртынан ақырын қысты.

Колчак үкіметі бұрынғы Омбы генерал-губернаторының сарайына орналасқан-ды. Бұларға кірер жерде іштен шығып келе жатқан Каргинская қарсы кездесіп қалды. Еркек атаулы алдында еркелеп тұратын Омбының атақты әншісі мына екі қарт генералға да миығына күлкі ойнатып, қылымси көз тастады да, іркілмей өтіп кетті.

– Адмирал өзінде екен, – деді Рошаль.

– Оны қайдан білдің?

– Жаңағы бикеш сонан шықты. Есінде болсын, Нокстен кейінгі Омбы үкіметіндегі мықты – осы бикеш.

– Болса болар. Орыс патшасын қашанда еркек басқарып, әйел билеуші еді ғой.

Колчактың есігі алдында отырған көмекшісі – уыздай жас офицер бұл екеуіне ілтипат білдіріп, лып етіп атып тұрды.

– Адмирал өзінде ме?

– Азырақ күте тұрыңыздар.

– Іште біреу бар ма?

– Иә, Бобкин.

Чернов бетін бұра бере мырс етті. Сүйтті де, өздерінің беті қайтып қалған биік ақ сыр есікке арқасын беріп теріс қарап отырды. Бобкин жуық арада шыға қоймады. Шыдамын тауысқан генерал Чернов қатты тықыршыды. Бір тұрды, бір отырды. Сосын сағатқа қарады. Ана жолы да дәл осы бүгінгідей адмиралдың кабинетінен шықпай ұзақ отырып, әбден зықысы шыққан-ды. Бір көргеннен-ақ осы неменің бұған бас қондырысы ұнамап еді. Үйрек бас. Қамыт аяқ. Рас болса, бұл өзі поляк көрінеді. Арғы атасы өз заманында патшаға қарсы боп көтеріліске

катысып, Сібірге жер аударылған екен. Ол кездегі фамилиясы – Бонишевский. Бергі жағында Бобкин боп өзгертіп жүрген бұның әкесі болуы ықтимал.

Жә, қалай болса да Колчак үкімет басына келген күні осыған дейін бүкіл Омбыда тірі жан білмейтін осы бір мұжық тақылеттес можантопай кісінің де Сібір аспанында жұлдызы жарқырап шыға келді.

Омбы үкіметінің шаруашылығын басқаратын Бобкиннің ресми қызметі шамалы болса да, қазіргі құдіреті, тіпті әлемет. Омбыға келгелі осы кісі жөнінде Чернов талай қызық әңгіме есітті. Бұл өзі шала сауатты, дөрекі, доғал басымен замана ағымын аңғаруға келгенде соншалық жүйрік көрінеді. Былайғы жұрт патша құлаған күннен бастап екіге қақ жарылып, бірі – жолымыз болды, енді қарық болдық, кенелдік деп күпсісе, екінші жарты – су түбіне кеттік, құрыдық деп, дүниеден баз кешіп, қаралай түңіліп жатса, бұл солардың бірдебіріне араласпай, үн-түнсіз жүріпті де, қалайда әйтеуір ығытын тауып, Колчактың іші-бауырына кіріп ала қойыпты. Қай дәуірде қалай өмір сүрудің ретін көкірегі көш жерден сезіп тұратын Бобкин патша тағы құлап, патшалық жойылғанмен, елді, жерді билейтін біреудің болатынын білген. Керек болса, осы дүниенің тіпті тас-талқан тал-берені шығып қирап, аты-заты өзгеріп, қаласа, ол Керенскийдің «Уақытша үкіметі» атана ма, не әлде Колчактың «Сібір үкіметі» атана ма, мейлі. Соның бәрінде де жалғыз кісі қожалық етсе болғаны. Қалған көптің бәрі бұның, Бобкиннің дәл өзіндей малай. Онан гөрі кішірек орындағы шағын лауазымдылар да малай. Ал олардың арғы жағындағы сонау шұбартқан кара нөпір көп халық, болса-болмаса да, кәзір ұрыға тоналған кісідей басындағы кешегі бақтан, байлықтан,

атақтан, шен-шекпеннен жүрдай болған өңшең қара сирақ малайлар.

Соны білген Бобкин бүкіл Сібір үкіметінде бір ғана кісінің құлқын табуға тырысты. Соның құлқын тапса, соған қызметі жақса болғаны, Омбы үкіметіндегі қалған көп малай, тіпті, әрілесе, шен-шекпені бар малайлар да бұған түк істей алмасын білді. Қызметі Колчакқа жаққасын ол енді қалған жұртты көзіне ілмеді. Тіпті керек десе Колчактың өзі көтерген кейбір жылпос жас министрлер сөз бола қалса, бұл беті-аузы тыжырынып: «Әй, соны қойшы. Оның қалай жоғарылап жүргенін білем» – деп, қолын бір сілтейтін. Шынында да Бобкин «үкімет» мүшесі боп жүрген пысықайлардың қайсысы қандай жолмен жоғарылап өсіп жатқанын білетін.

– О, Жасаған! Бұл дүние не боп кеткен, – деді Чернов.

Қарт генерал көзін ашты. Аузын алақанымен басып есінеп алды.

– Дүние бұрын қалай болса, қазір де солай. Түк өзгерген жоқ. Нокс пен Каргинскаядан кейінгі Омбы үкіметінің қазіргі мықтысы осы кісі.

– О, Тәңірім!.. – деді Чернов күрсініп, – құдіретің күшті ғой сенің. Қарт генерал күлді:

– Жер Тәңірісінің қасында көк Тәңірісі түк болмай қалды ғой.

– Иә, иә, Тәңірінің тірі жанға жазығы жоқ. Дүниені бүлдіріп жатқан мыналар.

– Тіпті, тергеусіз кетті. Қалай бүлдірсе де, орнынан қашан түсіп қалғанша бұлардың бір ісін теріс деп айта алмай, ішіңнен тынасың да жүресің.

– Қызықсыз, Николай Андреевич. Теріс істесе Тәңірі бола ма. Құдайлар қателеспейді ғой.

– Тек осы құрғырлар көбейіп барады. Көкте бір құдай, жерде бір бастық болса қандай жақсы болар еді.

– Қазір өзі де соған келе жатыр. Жә, мына үйрек бас кашан шығады?

Осы кезде бұлардың беті қайтып тұрған биік ақ сыр есік дыбыссыз ақырын ашылып, арғы жағынан кеудесіне құдды көпшік тыққандай жуан денелі біреудің тақыр басы шығып келе жатты. Черновтың сөзі әсер етті ме, әйтеуір өзі күнде көріп жүрген Бобкин кенет бұған аумаған семіз үйрек сияқтанып кетті. Әсіресе, бас сүйегі былқылдақ, балапан кезінде біреу құлақ шеке тұсынан алақанымен қысып қалғандай, шынында да, аумаған үйрек бас екен. Карт генерал бетін бұрып күліп жіберді.

Бобкин еркек қаздай қисық аяғымен екі жағына кезек аудандап, байпаң-байпаң басып кеп, өзіне назар аудармай тұрған генерал Черновтың қолын қысты.

– Сәлеметсің бе, генерал?

– Сәлем!

– Сен осы кешегі банкетте болмадың ба? Көзіме түспедің ғой?

Рошаль Черновтың жеңінен тартты:

– Жүр, кірейік.

Есік алдында отырған жас офицер лып етіп түрегелді. Бұл екеуінің алдында тағы да ілтисипатпен кешірім сұрады да: «Адмиралға Сіздердің келіп тұрғандарыңызды хабарлайын», – деді.

Екі генерал бір-біріне қарап, есік алдында шарасы кұрып тұрып қалып еді. Бобкин:

– Кіре беріңіздер. Қазір өзінен басқа ешкім жоқ – деп, қисық аяғымен теңселе басып шығып кетті.

– Жаңағы сенімен амандасты ғой? – деді Рошаль.

– Онда тұрған не бар?

– Сірә, жоғарылайтын шығарсың.

– Түсінбедім.

– Сөзсіз жоғарылайсың. Жаңағы үйрек бас иісті алыстан сезеді.

– Амандасқанын айтасың ба?

– Сол аз боп тұр ма? Осы кісіні жек көрем. Жек көретінімді оның өзі де біледі.

Генерал Чернов осы үйрек басты көптен бері біледі. Оның өмір жөнінде, адам баласы жөніндегі ұғымы мен түсінігі тым тұрпайы екенін де білетін. Оның ұғымында жер басқан жан екіге бөлінеді. Бірі – бастық. Екіншісі – малай. Бобкин өзінің малай екенін біледі. Ол бірақ оған арланған да, қорланған да емес. Ұйткені, күллі Омбы үкіметінде адмирал Колчактан басқаның бәрі малай. Министрлер де малай. Сол өңшең малайлардың ішінде басқаларға қарағанда бұл қайта адмирал алдында өзін күлшелі баладай еркін де, еркелеп те ұстайтын қадірлілеу малай көретін. Бобкин өзін әлгілердің жек көретінін біледі. Олардан да басқа Омбы үкіметіндегі бір-бір портфель ұстаған сонша көп малайдың бәрі-бәрі бұны жек көретінін, тіпті қайсыбірінің атарға оғы болмай, шарасы құрып жүргендерін де біледі. Бұл бірақ ренжу орнына әлденеге ішінен насаттанып, мырс етіп күлетін де қоятын. Әйтсе де, кісіге өзінің малай екенін сезіну қандай қиын. Лас бірдеңеге тұла бойын былғап алғандай, кісінің өзінен-өзі жиіркенетін кезі де болатын шығар-ау. Ендеше, әлгінің өзіне ұқсамайтын кісілерге ілтипат білдіріп тұратыны сонан ба? Егер, солай болса, мына үйрек бас онша санасыз да болмас. Ал саналы кісіге малай болу қандай азап.

– Кіріңіздер! – деді жас офицер есік ашып.

Үлкен кабинеттің түп жағында отырған Колчактың бет өңі көмескі. Тек иығындағы адмирал погонының алтын зері күңгірт құбылады. Колчак газет ұстаған

колы тізесіне түсіп, үстіне кірген екі генералға бет өңі кірбиіп қарады.

– Адмирал мырза, менің армиям жағдайын есіткен боларсыз, – деді Чернов мейлінше салқын қанды болуға тырысып.

– Есіттім.

– Егер тез арада осы жаққа алғызбасаңыз...

– Жоқ, бұл жөнінде әңгіме қозғамаңыз!

– Ендеше, біздің халіміз келешекте бұдан да қиындайды. Адмирал мырза, сорлы Ресейдің тағдырын шын ойлайтын болсақ, келешек ұрпақтың қарғысына қалғымыз келмесе...

– Жә, генерал! Айттым ғой, бұл жөнінде, тіпті, әңгіме қозғамаңыз. Одақтас елдерге уәде беріп қойғам. Тағы қандай шаруаңыз бар?

– Ендігі жерде сіздерден қашықтай береміз ғой. Қатынас та қиындайды. Соңыра, тіпті хабар-ошарсыз қалатын шығар...

– Жә, жә, тым сарыуайымға салынып кеттіңіз. Қиындық болады, әрине. Бірақ тап сіз айтқандай бола қоймас. Кәне, шаруаны айта отырыңыз.

– Қару-жарақ жетіспейді. Осы жолы, тым құрыса, сіздерден қару-жарақты жеткілікті ғып ала кетуім керек.

– Кейін... Ойластырып көрерміз.

– Жоқ, адмирал мырза, осы қазір болмаса, кейін мүмкін болмасын білем.

– Сіз кете беріңіз. Ана жақта әскеріңнің халі қиындап барады.

– Сондықтан да қару-жарақ керек.

– Артыңыздан іле жөнелтем. Бір обоз ғып жермен жөнелтем. Бас-көз боп апаратын сенімді офицер бар.

– Ол кім?

– Қазір осында келеді. Көресіз.

Генерал Чернов адмиралдың бұнда келіп жатқан бай елдердің бабы қатты елшілерінің көңілін табам деп басы қатып шаршап жүргенін көріп отыр. Колчак көзін көтермей, сұқ саусағымен стол шетін тықылдатып отырды да, кенет күтпеген жерден басын көтеріп алды.

– Сізге көптен бері айтсам ба деп жүрген сөзім бар еді. Естуім бойынша, қарауыңдағы кісілердің тағдырына немқұрайды қарайтын көрінесіз. Штабың жұмыс істемейді. Соғыста ерлік жасаған офицерлер мен солдаттарды орденге ұсынған әлі бірде-бір қағаз көзіме түскен жоқ.

– Ол жөнінен кінәліміз.

– Бұларың жарамайды. Адам тағдыры ойыншық емес. Осыдан барған бойда...

Ішке подполковник Федоров кірді. Жоғарғы Ставканың кезекші генералының қызметін атқарып жүрген офицер.

– Подполковник Борисов жөнінде қандай әмір беріп едім? – деді Колчак оған.

Федоров бірден жауап бере алмай күрмеліп қалды. Таяу күндердің бірінде Колчактың әмірімен Каргинскаяның қазіргі күйеуі Борисовке полковник атағын беру жөнінде Жоғарғы Ставкаға документ түскенді. Федоров «сұлу келіншектің күйеуі болғаннан басқа орыс әскеріне сіңірген еңбегі жоқ» – деп, Борисовтың қағазын кідіртіп тастаған. Бұл жағдай Колчактың құлағына тиді. Және елшілерге қонақасы беретін күні Каргинскаяның өзі айтып еді. Қонақасыға шақырылған халық тегіс жиналып болған кезде Колчак келгенді. Өзіне құрмет көрсетіп, қақ жарылып тұрған жиынның арасымен жүріп келе жатқан адмирал бір кезде төр жақта тұрған Каргинскаяны көріп, әдейі бұрылып барып қолына еңкейіп еді. Әнші әйелдің қолына ернінен бұрын

Колчактың қолағаштай мұрнының мұп-мұздай ұшы тиіп кетті де, Каргинская қолын тез тартып алды. Колчактын көзі Каргинскаядан кейінірек тұрған Борисовке түсіп:

– Бүгін мен сені полковник дәрежесімен құттықтаймын ғой деп келсем... Ау, бұл қалай? – деп еді, Каргинская миығынан күліп:

– Менің күйеуімнен кінә жоқ, кінә өзіңізде. Берген уәденізді орындай алмай жүрген өзіңіз, – деді.

– Жо-жоқ, мүмкін емес... – деді Колчак. – Мен сол бойда әмір бергем.

– Ендеше, бұл Омбыда Правительстводі де тыңдамайтын кісі шыққан болды.

– Ол кім?

– Коля, сол... Сол өзі кім еді?

Борисов әйелінің құлағына еңкейіп сыбыр ете қойды. Каргинская күліп, – Иә, некий Федоров... Легок на помине. Міне, оның өзі де келді – деп, есіктен кіріп келе жатқан Федоровты иегімен нұсқаған-ды...

– Борисов жөнінде мен қандай әмір беріп едім? – деді Колчак.

Федоров түк саспаған күйі Колчакқа тура қарап тұрып, дәрежесін жоғарылатқандай Каргинскаяның күйеуінің Отан алдында ешқандай еңбек сіңірмегенін айтып келе жатыр еді; онсыз да өзін әзер ұстап тұрған адмирал:

– Ах ты, шенок! – деді түсі қатты бұзылып. Сосын Федоровтың иығындағы пагонды жұлып алды да, қасында тұрған қарт генерал Рошальге:

– Мына күшікті Түстік Армияға жібер! Разжирел! Обнаглел – деп еді, қарт генерал жымың етті. Бұған салсаң, жалғыз Федоров емес, осы секілдердің бәрін ұрыс ішінен қашып шыққаны үшін штаб маңынан аластап қуу керек еді.

– Жақсы істедіңіз, адмирал мырза, – деді қарт генерал, – осылар-ақ «жеңіс, жеңіс» деп даурығып болып еді, жеңістің қандай болатынын оқ пен оттың астына барғанда көрсін.

Федоров қарт генералға атып жіберердей жалт етіп бір қарады да, ләм деместен бұрылып жүре берді.

Осы күннің ертеңіне бұндағы шаруаларын бір ыңғайластырғасын генерал Чернов жолға шықты. Қасында бір топ кісі. Ішінде ротмистр Рошаль да бар. Бұлар Омбыдан поезбен шыққан-ды. Қайтар жолдың екінші күніне қараған елең-аланда көліктерін қалдырып кеткен Қорған қаласына жетті. Бұнда аялдаған жоқ. Поездан түскен бойда машинаға отырып жүріп кеткен-ді. Бұл жақтың жолы нашар еді, жүрістері өнбеді. Қорғаннан былайырақ шыққасын алдарынан жаралы солдаттар ұшыраса бастады. Неғұрлым ілгерілеген сайын ұрыс даласын тастап шыққан әскерлер, босқан халықтар, шұбырған жая-жалпылар арасында ат жеккен, түйе жеккен арбалар, асханалар, жүк тартқан обоздар ақырын жылжып өтіп жатыр, өтіп жатыр. Енді бір кезде офицерлердің семьялары ұшырасты. Көбі жаяу. Көлігі бары да жетісіп тұрған жоқ. Бауры сары ала балшық арба үстінде жүдеу әйелдер шүйкедей боп бүрісіп алған. Бұларды көргенде Черновтың есіне кешегі одақтас елдердің елшілері түсті. Омбы үкіметі қайтсе көңілін табам деп жалпылдаса да, олардың іштері жібімей, үн-түнсіз кеткен себебін бұл енді түсінді. Иә, олар Колчактан түңіліп кетті. Апырай, Колчак бұлардың соңғы үміті еді-ау.

Ақтөбе қаласын қорғаған қызылдар күтпеген жерден қатты қарсыласып еді. Черновтың әскері қаланы қоршап

алатын болғасын ғана қызылдар лажсыз кейін шегінді. Күн кештете ақтар Ақтөбеге кірді. Жас майор ұрыс боп жатқан жерден құйындатып шауып кеп, қара тер болған аттың басын генерал Черновтың дәл қасына келгенде бір-ақ тартты.

– Қолбасы мырза...

Генерал қамшы ұстаған қолын көтерді:

– Адал қызметіңе рақмет!

– Рад стараться!

– Шығын көп пе?

– Әзір белгісіз. Анық мәлімет жоқ...

– Қызылдардан қолға түскен бар ма?

– Білмедім, бар болса бар шығар...

– Ротмистр Рошаль қайда?

– Қалаға бірінші боп кірген әскер арасында кетіп бара жатқанын көргем.

– Аман ғой, әйтеуір?

– Оншасын біле алмадым, қолбасы мырза.

– Тауып ал. Тірі болса, маған тез жетсін.

Майор ат басын асығыс бұрып, келген ізіне қайта салды.

Генерал Чернов соңында иіріліп тұрған нөкеріне бұрылып қарамастан астындағы ақбоз арғымақты тебініп қалды. Ақ арғымақ ә дегенде аяғын кібіртіктеп алса да, бірақ іле-шала тез төселіп, бауырын керіп, көсіліп аяндап кетті. Соңындағы үнсіз топ аттарын амалсыз қамшылап, текіректеп желіп отырды. Ішінде Еламан бар. Рза мен Әли қасынан екі елі қалмай, қатарласып үзеңгі қағысып отыр. Елде қалған мал-жанды сылтауратып, бұл жерден бас аманда тезірек кеткісі келсе де, бірақ генерал кідіртіп жүр. Әдепкіде одақтас елдердің әскери мамандары келеді деп іркіп еді. Кейінгі күндері олар келмейтін бопты деген

сыбыс шықты. Бірақ, оның есесіне, штаб төңірегіндегі офицерлер арасында басқа бір әңгіме айтыла бастады. «Колчак бұларға қисапсыз көп қару-жарақ жіберіпті. Сол келгесін күшейеміз», – деген сөз бұндағы жұртқа желеу боп барады. Еламанның сырт түрі салмақты. Түк білмеген кісіше қаннен-қаперсіз маңқиып жүрсе де, үйде де, түзде де құлағын түрік ұстады. Жол жүргенде генерал Черновтың қасына жақын болуға тырысады. Тақа болмағанда көп дүрмектің арасына ілесіп, атын құйрықтастырып отырады.

Еламан келе жатқан қару-жарақ жөнінде әлі анықтап біле алған жоқ. Тезірек қайтқысы кеп асығып та жүр. Бұлар кешіккен сайын Дьяковтың да зәресі қалмай жүргенін біледі. «Ақтөбеден кейін қалайда ұлықсат алып, қайтуым керек», – деп түйді.

Ілгергі жақтан шаң көрініп еді.. Іле-шала торы шолақ атты жас офицер ағызып кеп, генералдың ақ арғымағына тұмсық тірей тоқтады. Оң қолын мойнына асып апты. Ақ мәрлі сыртынан қан білініп тұр.

– Командашы мырза...

Генерал Чернов жас офицерге ренішті жүзін жартылай бұрып:

– Ұрысқа кіруіңе қарсы екенімді білесің. Әлде ерлігіңді көрсеткің келді ме? – деді ақырын, бірақ зілді үнмен.

– Кешірім өтінем.

– Қолыңның жаракаты... қалай?

– Түк те емес. Сүйегі аман.

– Бізден шығын көп пе?

– Иттер қатты қарсыласты. Кісімізді қырып алдық.

– Қолға түскен... тұтқын бар ма?

– Жоқ.

Генерал Чернов атын тебініп қалды. Жас офицер

колбасымен қатарласып келе жатып, артына әлсін-әлі жалтақтап қарай берді.

– Мынау... кім?

– Біздің одақтасымыз.

– Хан ба?

– А?

– Сізге қырғыз-қайсақтың ханы келді деп естіп едім.

– Кішкене көңіл делбеп қою үшін оны осылай атағанымыз да дұрыс болар, – деді Чернов езу тартып.

Жас офицер колбасының арғы жағындағы ащы мысқылды аңғарған жоқ. Ол тек мына сары ала иық нөкердің арасында бұндағы бір жаннан қымсынбай, өзін емін-еркін ұстап келе жатқан ала көз қазаққа қараған сайын: «Хан болса болар» деп ойлады. Үстіндегі киімдері де ханға лайық. Ептеп шалғысына ақ түсті демесең, күтімі қатты қою мұрты да оның ана қоңқақ мұрны мен ер тұлғалы ірі бітіміне үйлесіп тұр. Ана қарашы, ала көздің қиығымен жол үстіндегі бар қыбыр-жыбырды қалт жібермей бақап келеді. Жұрт айта беретін шығыс халқының әлгі бір зымияндығын аңғарғандай болған Рошаль жол бойы онан көзін айырмады.

– Мырза! – деп, генерал соңында келе жатқан Еламанға мойнын бұрды. Еламан атын тебініп қатарласа бере, – Ләббай – деп, қолын алып көкірегіне қойды.

– Мырза, мына жігіт ротмистр Рошаль. Менің қатты сыйлайтын досымның баласы.

Еламан жас офицердің бет өңіне алғаш рет анықтап қарады да, көзін тез тайдырып алды. Сосын қамшы ұстаған қолын кеудесіне қойып, құндыз бөрік киген басын сәл иіп тағзым етті. Ротмистр Рошаль бұған орай не деу керек екенін білмеді.

Еламан бір көрген кісісін ұмытпайтын. Мына офицерді көргенде бірден ана жылғы түрік жері, қарлы

қыс, қақаған боран есіне түсті. Сүзек тиіп қырылған жұмысшы батальоны. Қыстың көзі қырауда өлген-тірілгеніне қарамай шабуылдап ілгерілеп бара жатқан орыс әскеріне ілесіп, қару-жарак, оқ-дәрі, азық-түлікті қолма-қол жеткізу қиындаған бір кезде кейінгі жақтан жұмысшы батальонын әкелді. Қазақ, өзбек, қырғыз жігіттері оқ пен оттың ішінде сүрініп-жығылып жүріп, түріктер қиратып кеткен темір жолды қайта салып жатқанды. Әлсіз кісілердің ісі өнбеген соң орыс әскерінің жоғары бастықтары бұларға бір эскадрон әскерді көмекке жіберді. Сүзектен тұрған Рай әлсіз, ісі өнбей, сүрініп, жығыла берген-ді. Тарғыл бет бір солдат... әй-шәй жоқ, қамшының астына алып ұра бастады... Сонда атты әскер эскадронын бастап келген уыздай жас командир осы! Осының дәл өзі! Сондағысынан өзгеріп жарымаған. Дәрежесі де өспеген. Сол жолғы Рошальдың астындағы қара қасқа ат та есінде. Еламан бірақ өзін мына офицердің танымасын білді. Есіне салып айтып берсе де, біліп-білмеуі неғайбл.

– Қолыңыздың қаны тиылар емес, киіз күйдіріп басу керек, – деді Еламан.

– Иод жаққызам.

Рошаль күліп жібере жаздап, өзін шаққа тежеп қалды.

– Жоқ, иод жаққызам, – деді Рошаль.

– Еркіңіз білсін, – деді Еламан, – генерал сізді жақсы көреді екен.

– Әкеммен бала кезден дос.

– Әкеңіз қайда?

– Омбыда. Кешіріңіз, есіміңіз қалай?

– Тәңірберген.

– Қалай... Қалай дедіңіз?

– Тәңір-бер-ген.

– Танир... бр-р-бр-р... туһ, сайтан алғыр! – деді Рошаль күліп.

– Оқасы жоқ, – деді Еламан.

Осыдан кейін бұл екеуі тақым жазбай қатар жүріп отырды. Генерал Чернов анда-санда артына бұрылып, бұларға көз сап қояды. Ұрысқа кіріп шыққан жас офицердің желігі әлі басыла қоймаған-ды. Алакөз қазақ анда-санда басын бір изеп күліп қойғаны болмаса, көбіне үнсіз. Жол бойы қатты күліп, ауыз жаппай сөйлеп келе жатқан жалғыз Рошаль ғана.

– Қазақ хандарында гарем... Гарем дегеннің не екенін білесіз бе?

– Әлбетте. Бізде оны харамхана дейді.

– Демек, сіздерде де болғаны ғой?

– Е, харамханасыз хан бола ма?

– Қанша әйелге үйленуге хақы бар?

– Оны ханның қалауы біледі.

Ротмистр Рошаль ішек-сілесі қатқанша күлді. Онда да жарақат қолы ауырып бара жатқасын сәл тыжырынып барып тоқтады.

– Тан... Танир... Танир бр-р... – деп, Рошаль тағы да өзінің ойнақы мінезіне ауысты, – кешіріңіз, мырза, есіміңіз қалай еді?

Бұл оның бесінші, әлде алтыншы рет сұрап тұрғаны болғасын, Еламан соған орай әзілге шаптырып күліп жауап берді.

– Баяғыда молдада оқығанда арамызда бір бала болды. «Әліп» деген арап әрпін молда ақ қағазға тігінен тартып қалып, «қарандаршы, нағыз таяқ емес пе?» – деді. Жаңағы бала «әліпті» жыл бойы жаттай алмай қойды. Молла қанша сұраса да «әліп» аузына түспейді де, «таяқ» деп жауап береді. Сонда онан түңілген молла: «Туһ, пәтшағар! Сірә, сол таяқтан басқаны ұқпассың» – деп, қамшымен басына тартып қап еді...

Рошаль бұған тағы да мәз болып күлді де, Еламанға бұрылып:

– Жаңағы кеше шәкірттей менің де басымнан таяқ айырғыңыз келмейді ғой, шамасы, – деді де, сәл кідіріп, – сізді хан деп атауға бола ма? Сіздің ата-бабаларыңыз шынында да хан болған шығар? –деп еді.

– Иә, әкем де, әкемнің әкесі де хан болған. Менің өзім де ханмын, – деді Еламан.

– Міне, мынау Ақтөбе! – деп, бұлардың кейінгі жағында келе жатқан біреу оқыс айқайлап жіберді. Еламан жаңа байқады: қырғын соғыстан кейін босаған Ақтөбе қаласы сонау етекте, шаң мен түтін астында тұншығып жатыр екен.

Ротмистр Рошаль Омбыдан келген бетте қолбасыға адъютант болып тағайындалған-ды. Сонан бері ол ат үстінде. Қолбасыдан қолма-қол орындайтын бұйрық алды да құйындатып шаба жөнелді. Я ана, я мына полкке барады. Генералдың әмірін жеткізе сала ізінше кері қайтады. Аттан түсе сала, генералға ана жақтағы қым-қиғаш ұрыс ішінде жүргендердің хабарын жеткізеді.

Алғашқыда осы тірлігі өзіне ұнап еді. Кейін бұнан де зейіні шығып, ұрысқа жіберуін сұрап еді, бірақ қолбасы салған жерден бұл жөнінде сөйлескісі келмейтін сыңай танытып, үндемей қойды. Сосын бұ да қасарыспады. Кейін бір сыласы болардеп ойлады да, өзінің әне бір Омбыда жүргендегі үйреншікті әдетіне басып, бәйгеге тіккен басты отқа да, суға да салды. Ажал ойына кіріп шыққан жоқ-ты. Бұл күндері ол не де болса, оқ астында, тақа болмаса, көпшілік арасында, ырду-дырдудың арасында болуға тырысты. Өзімен-өзі сәл жалғыз бола

қалса қайдағы-жайдағы көңілсіз ойлар қаумалайды. Анасы есіне түседі. Қазір қайда? Өлі-тірісі белгісіз. Бұрын қасында келіні болған. Қазір жалғыз. Қазір жұрттың бәрі жалғыз. Әкесі де жалғыз. Бұның өзі де жалғыз. Генерал Чернов та, Колчак та жалғыз. Жалғыздықтың кісі жанын жейтін азап екенін ақылдылар болмаса, ақымақтар қайдан білсін. Ал ақылдылар білсе де, біле тұрса да білмегенсиді. Бір есептен со да дұрыс. Жоқтан жұбаныш ізде. Сенбесең сен. Мандайыңа жазылған бір тұтам тірлікте тыныш өмір сүргің келсе, өзінді-өзің алдарқат. Жұбат. Омбыдағы жалғыз жұбанышы... Күн-күн, түн-түн ішті. Есінен танғанда болмаса, қалған уақытта үйге кеп қонатын. Сол күні... Иә, сол күні үйге қалай жеткенін білмейді. Қайда барғаны, кіммен болғаны да есінде жоқ. Су ішкісі келді. Бірақ суды қайдан іздерін білмей теңселіп, шайқалақтап тұрғанда көзі креслода киімшен бойымен ұйқтап отырған әкесіне түсті де, төбеге ұрғандай қалшыып тұра қалды. Өзіне, әлде өзге біреуге сұс жайып «тсс-с» деп, біраз тұрды. Енді киімдерін шешіп жата қалғысы кеп еді; оған бірақ өңіріндегі түймеге қолын апара бергенде саусағы жуыспай, түймені тартқылап отырды да, сылқ етіп құлай кетті. Сонан ертеңіне түс ауа оянды. От жақпаған мұздай үй ызғып тұр екен. Әкесі жұмысқа кетіпті. Бірге тұрғаны болмаса, әке мен бала бірін-бірі көрмегелі қашан. «Ішуді қоям. Все. Все», – деді. Телефон шылдырап. елшілердің құрметіне беретін қонақасыға шақырды. Бұл бас сұғам да кетем деп ойлап еді; көңілі кетіп жүрген ақсары келіншекті көрді де айналып қалды. Жұрт жиналып, Омбының ығай мен сығайлары самаладай жарық залда үйездеген жылқыдай үйір-үйір боп тұрғанда Каргинская келді. Қасында қазіргі күйеуі подполковник Борисов. Каргинская кіре бергенде көз қиығы бұған түсті. Іштегілермен амандаспай жатып, бірден бұған жетіп

келді. Басқалар сияқты бұған да басын сәл иді де, Рошаль мен күйеуі екеуінің арасында тұрған ақсары келіншекке бұрылды. Келіншектің үстіндегі етегі малынған мөлттей қара барқыт көйлегіне, сосын мойнындағы алқасына, алтын сақинасына қарап, сұқтанғаны ма, әлде кекесін мысқыл ма:

– Бүгін талай жігіттің жүрегін дірілдетерсің, – деді де, жөнеле берді.

Атақты актриса шүберекке онша әуес емес. Оның ойынша ажарсыз әйелдер ғана о жер-бұ жерін шүберекпен қымтағыштайды. Өз басы, әсіресе, дәл кәзіргідей кісі-қара жиналғанда күдай берген сұлу денені жұрт көзіне жалаңаш тосуға құмар-тұғын. Сондықтан да өзге әйелдерден гөрі оның көйлегінің жеңі шолақ, иығының ойындысы төмен, омырауы ашық. Жаңа да ол есіктен кіргенде самаладай үйдің күллі бар жарығы оның атластай аппақ кеудесінде шағылысып, жұрт назарын өзіне тартып алып еді. Жүрісі сырбаз. Аппақ жұмыр білек дәл ана топшы тұсынан майысып, салалы саусақтарды жұрт көрсін дегендей жайып тастап, екі иықтың басын кезек ырғап, жайқандап кірді. Осы түрі құдды көзі түскен еркектің көңілін қытықтап: «Мені көр. Мені көр де өзіңнің әйеліңе қара» – деп, ерлі-зайыптылар арасына от тастап бара жатқандай.

Бұл кезде үкімет басшылары, генералдар, елшілер ұзын столдың екі бетін ала отыра бастаған-ды. Каргинская қасындағы бос орынға Рошальды шақырып еді, бұл қолын кеудесіне қойып, басын иді де, ақсары келіншектің қасында тырп етпей отырып алды. Бұған ырза боп ішінен түлеген келіншек енді Рошальдың тартыншақтағанына қарамастан, оған бұрынғыдан да гөрі тығылып жабыса түсті.

Рошаль тұрып кетудің есебін таппады. Әрі-берідесін

желімдей жабысқан әйелді жек көріп, бойын тарта бастады. Әсіресе, найзадай кірпік астынан жанары жалт етіп, сүзіле қарағанын ұнатпады. Дәл осындай тұп-тура сезімге шабатын әзәзіл сиқыр көзді бұрын да білетін. О да бұның қытығына тиіп, бір көргеннен баурап алған еді. Иә, баурап алған. Сол бір тәтті ұйқы қысқандай жұмыла түсіп, әлгінде ғана жалындаған жанар сәтте сөніп бара жатқандай болады да, кенет бұлт астынан шыққан күндей жүрекке шауып күлімдей қалатын ұялы үлкен көзді жақсы білетін.

Сырт кескіні ептеп сыған қызына келетін қалың кара шаш, кара көз, ап-арық қызға бұл бала жастан ғашық-ты. Тек оған сүйетінін айта алмай, жаны үздігіп, алабұртып жүргенде, бір күні бұған қыздың өзі хат әкелді. Бұрынғыдай емін-еркін келмей, әлденеге жерге кіре жаздап тымырайып келді де, әтір сепкен хатты ұстата сап үріккен лақтай ытқи жөнелді. Хатқа «сені сүйем», – деп, небәрі жалғыз ауыз сөз жазыпты. Ол кезде алды-артын ойламай, күйіп-жанып жүретін кішкентай қыздың ғашық болғаны да қызықты. Сезімі де, кітаптан оқыған ба, әлде естияр қыздарға еліктеген бе, күлкі шақырып, сөлекет көрінетін. Сүйетінін қалай дәлелдеудің есебін таппай киналғанда шиідей қызыл ернін қырқып тістелей беретін. Өз сезіміне өзі өртеніп, от басып жүрген арық кара торы қыз Рошаль түрік майданына жүргелі жатқанда өзін-өзі өлтірмек болды. Онысынан бірақ ештеңе шығара алмағанына ызаланып жылап жіберіп еді. Рошальды шығарып сап тұрып «былай шыққасын оқы» – деп, қолына хат ұстатты. Бұл жолы қыз ғұмырлық адал жар болатынына айғақ ретінде қолын қанатып, «некелі жарың» деп, ақ қағазға қанымен екі ауыз сөз жазған екен.

Екі жылдай майданда боп қайтып келгенде, ол баяғы

тұлымы желкілдеген ап-арық қызды танымай қалды. Бұл күйіп-жанса да, қыз бірақ бұрынғыдай онша өліп-тірілген жоқ. Қайта, бұл шақта балғын тартқан бойын жұрт алдында шалқалай ұстап, шағын ғана муфтадан жел тимеген ақ сүйрік саусағын ақырын шығарып, жігітке созды.

Рошаль қыз үстіндегі киімдерден бұрын-соң әйел баласынан көрмеген сән байқады. Мөлттей қара берен пальтоның жағасы мен жеңінің аузына асыл сусар бастырған. Сусары аса жалпақ та, аса жіңішке де емес. Басында да қара берен шляпа. Бір бүйірін үлпілдек үкімен оқалап тастаған шляпа астынан қалың қара шаш бұрқырап бұйраланып тұр. Қыз сәніне көзі түскенде бұл өз бойынан қысылатын. Әсіресе, алғаш кездескенде аузына сөз түспеді. Қыз да шын сезімін сыртына шығармай, оңаша-оңашада кездескенде көзін тәтті ұйқы қысқандай жұмылып кете беретін. Бұған да бір түрлі кірпік астынан алыстап бұлдырап қарайтын әдет шығарып еді... Керенский құлағасын Петроградтың бір алаяғымен шет елге кеткенін бір-ақ есітті. «Иә, қазір жұрт бір-бірінен қашып жатыр» деп ойлады Рошаль.

Бұл кезде біраз тост көтерілді. Біраз арақ-шарап ішілді. Әдетте, бір-жар рюмкадан кейін көңілденіп сала беретін стол басы бұл жолы аяз қысқандай, құрысы тарқамады. Рошаль байқап отыр. Соны сезген Колчак Америка елшісінің көңілін көтермек боп күлдіргі бір әңгіме айтып еді, бірақ қонақтан бұрын оның өзі күлді. Жұрт ыңғайсызданып, ал Ағылшын елшісі Америка елшісіне ренішпен қарады. Стол басындағы әлгі бір ыңғайсыз жағдайды жуып-шайғысы келді ме, Франция елшісі Колчакқа елден ерекше жалпылдап жатыр. Колчак «үкіметіне» өзгелерден гөрі осының жаны ашығыш. Өне бір жолы әскери делегация құрамына

ілесіп Владивостокта болғаны бар. Олар жөнінде естуі де көп. Мәселен: сэр Эллиот орысша таза сөйлейді. Онысын орыс халқына өзгелерден гөрі бір табан жақындығын танытатын белгісіндей, әрдайым паш етіп жүреді. Сөз төркінінен бүкіл Шығысты, оның ішінде, әсіресе, Шығыс Сібірді жақсы білетіні аңғарылады. Граф Мацудайра бұлардан бөлектеу. Жапон дипломаты екені сырт түрінен де, сөйлеген сөзінен де, айран шайқаған местей былдырлаған тілінен де көрінеді.

Тілдесіп отырған кісісіне сырын алдырмай, ішінің бір астарын бүгіп қала беретін. Көзілдірік киген қысық көзін кісі жүзіне салмай, шолақ ерін астынан екі қасқа тісі ырсиып шығып, жылтыр жүзі жымыып қана тұратын. Бір кісінің сауалына тура жауап бермей, сөз арасына сөз салып, түлкі құйрықтандырып бұлтарып кете береді. Сұраққа жауап бергеннен гөрі басқа кісіден өзі сұрағанды тәуір көретін-ді. Олар Колчактың алдына жиі барып, жымыып күлгенмен, Америка елшісінің әлгі астамшыл ірілігінен кейін Рошаль бұлардың бірде-біріне сенбеді. Ресей жерінде орыстың дәм-тұзын татып, одақтас болғансып жүріп те, шынына келгенде өздеріне тең көрмейді. Қазіргі Ресей дәл бір қаны сорғалап жатқан әлде бір жаралы аңдай. Енді кәзір сол жаралы үлкен аңның үстінен шығып, әрқайсысы әр мүшесін бөлісіп алғандай, осылардың қай-қайсысы да қызылға үймелеген жыртқыш.

Ротмистр Рошаль жанында отырған сұлу бикештің жиын ішінде жалғызсырап қалғанын байқамады. Екі иығының басы түсіп, тұнжырап отырып қалған-ды. Ертеден бері анадай жерде Рошаль мен ақ сары бикешті бағып отырған Федоров орнынан тұрды. Стол басында отырған жұрттың сырт жағын айналып өтті. Ақ сары бикештің қасына кеп, құлағына еңкейіп:

– Мына ротмистрді погонның бүлдіріп тұрғанын көрдің бе? Әйтпесе, Иванов марқұмның «Сахарадағы Христосынан» несі кем? – деп күлді. Бұ да осы бикеште көңілі бар жігіт. Сондықтан оның алдында Рошальды әрдайым кекетіп, сүйкеніп жүретін әдеті.

Рошаль түрегелді.

– Күл!.. Күл!

– Е, несі бар. Жаназада отырған жоқпыз ғой.

– Орыс халқының жаназасында отырсаң да, сенің ойыңа түк кіріп шыға ма?

– Ақы-мақ! – деді Федоров.

– Күл! Күліп қал. Шет елдің табаны астында жатқан халқыңның арына да күлерсің.

Федоров араққа қызып алабұртып тұрған-ды. Кенет ол қаны қашып құп-ку боп кетті. Бірақ Рошаль тілге келмей бұрылып жүре берді. Федоров шалғайласа еріп сыртқа шықты. Ақсары бикеш те олардың соңынан ілешала жүгіріп, Рошаль мен Федоровтың арасында тұра қалды:

– Мырзалар, бұларың ұят! Құдай үшін өтінем, қойыңыздар. Сырт кісінің көзіне түсіп, масқара боп қаларсыздар.

– Кешірім өтінсін. Әйтпесе, мен бұл балаға...

– Ер кісіде ірілік болу керек. А вы плебей, – деді келіншек.

– Не дедіңіз? – деді Федоров.

– Ештеңе емес. Жүріңіз. Бірдеңені бүлдіріп алмай тұрғанда бастығыңның қолына апарып тапсырайын.

– Қауіңіз мықты болды ғой.

– Үндемеңіз. Жүріңіз.

– Жоқ, алдымен мына күшік кешірім сұрасын, – деді Федоров.

Рошаль әлгі бір ауыр ойдан әлі де арыла қоймаған-

ды. Жарылап шеккен темекіні лақтырып жіберді.

– Кешірім сұратам деп әуре болма. Сосын, бұл арада жанжалдасудың қажеті болмас. Ертең де күн бар. Ертең қалаған жерінде кездеселік – деп, оған қолын созып еді, Федоров қолын бермей, бірақ қыр көрсетіп:

– Болсын!.. – деді де, ақ сары бикешпен қоштасып кетіп қалды.

Оңаша қалғаннан кейін сұлу бикеш Рошальдың қолынан қысып ұстап алды.

– Мұның арты немен тынар екен? – деді ол жас жігітке жабысып тұрып.

– Ертең көрерміз.

– Әлгіден қорқам...

– Ал мен сұлу келіншектердің күйеуінен ғана қорқам – деп күлді де, бикешті қолтығынан алып, бұл кезде би басталған кең залға беттеді.

Ақтар Ақтөбені алған күннің ертеңіне Еламан ерте тұрып, генерал Черновқа барды. Иегімен нұсқаған бос орындыққа отырғасын:

– Елден шыққалы біраз болды. Мал бар. Жан бар. Шөп шабатын да мезгіл болды. Ұлықсат етсеңіз, қайтайын» – деп еді, генерал Чернов үнсіз қостап бас изеді. Сосын Колчак үкіметі атынан Еламанның кеудесіне медаль тақты. Осы қазақтың ықыласын өздеріне аударғысы келген генерал ырза қыла түсейін деген ниетпен Рошальға біраз ұзатып сал деп кеңес берді.

Бұлар атқа отырды. Былайырақ ұзап шыққасын Еламан қасында қатарласып келе жатқан мына офицерді тұтқындап ала кеткісі кеп, оған бір-екі рет

қоз тастады. Рошаль бүгін бір түрлі жабырқау. Жолға шыққалы жұмған аузын ашқан жоқ-ты. Кенет Рошаль әлде неге мырс етті. Көлденеңнен көз салған Еламан жас офицердің бет өңінде тұрып қалған ащы мысқылды байқады.

– Федоров деген бір досым бар еді, – деді Рошаль күліп.

– Оның кім? – деді Еламан, аяқ астынан көңілденіп.
– Баяғыда «әліпті» таяқ деп молладан таяқ жейтін баладай біреу емес пе өзі?

Рошаль бұл жолы әзілге ыңғай бермеді. Бет өңіндегі әлгі бір ащы ыза ақырын-ақырындап сөніп, салқын қанды сабырлы кескінге ауысты.

– Жоқ, менің досым ондай кеше емес. Сіз бен бізге де ұқсамайды. Ол өзі әскер үшін жаралған адам.

– Офицер болды ғой?

– Иә, офицер. Сіз түсінесіз бе, жоқ па, білмеймін, әскери кісілердің тілінде «рубака» деген сөз бар.

– Е, пәлі! Ондай кісіні қазақтар «шаш ал десе, бас алады» дейді.

– Сіздерде тіпті дәлірек айтқан екен. Менің досым соның нағыз өзі.

– Бала ата-тегіне тартады ғой. Не қылса да досыңның әкесі де қылышынан қан тамған біреу болар?

– Ол арасын білмедім. Менің естуім, әкесі әскер қатарында болмаған, купец. Қазақ өлтіріпті деп есіттім.

– Бір жазығы болған да. Зәбірі өтіп кетті ме, кім білсін, әйтпесе орыс байына қазақ қол көтермейді ғой.

– Мүмкін.

– Рошаль мырза...

Сар желіп келе жатқан ат басын Рошаль сәл тежеді. Бірақ жүзін Еламанға бірден бұра қоймай, бүгін Актөбеден шыққалы тор шолақ аттың алдында таяқ

тастамдай жерде ұшып-қонып, құйрығы қылпылдап отыратын да қоятын сары шымшықты бағып қалды.

– Ол досыңыз қайда? – деді Еламан, – осында ма?

– Жоқ. Жолда келе жатыр.

– Жол-да?

– Иә, Омбыдан шыққан обозды басқарып келеді.

– Қанша мақтасаң да әкесі сияқты о да шаруашылық жағында жүрген біреу болды ғой?

– Жоқ, ол нағыз жауынгер командир. Омбыдан қару-жарақ әкеле жатыр.

– Е-е!

– Мырза, біз алдағы уақытта тағы да кездесіп қалуымыз мүмкін.

– Қалай?

– Біз Аральскіде боламыз.

– Қашан?

– Көп ұзамас.

– Е, онда дегендей... біздің үйде қонақ боп дәм татарсыз.

– Танир... – дей түсті де, Рошаль кілт тоқтады. Осы бір есімге әр кездегідей тілі келмей қысылып, – мырза, осына бір кішкентай құсқа қараңызшы – деп, қамшы сабымен сары шымшықты сілтеді.

– Е, бұл бір жазықсыз сорлы. Кісіге үйір. Әсіресе, жолаушылап келе жатқан кісіге кәдімгідей қара.

– Мен де соны айтайын деп едім. Кейбір үлкен теңіздерде кемеңі қайырға соққызбай, алдына түсіп бастап отыратын лоцман деген балық болады. Мына шымшық мінезінен соны аңғарам.

– Есітпеген елде көп деген...

– Не дедің?

– Жаңағы балықты айтам, – деді Еламан.

Рошаль жортып кетті. Жалғыз аяқ жолмен тырнадай

тізіліп келе жатқан кісілердің алдына түсіп алып, осыдан қашан ілгері жақтан кішкентай қаланың аласа үйлері жыпырлап қоя бергенше тартты да отырды. Жапан түзде жетімсіреп отырған жұпыны қаланың шеткі көшесіне кірді. Көзіне түсіре басып киіп алған фуражканың күнқағары астынан оңы мен солына бірдей назар салып, қай үйге тоқтасам деп келеді. Қызылдар жуық маңда жоқ. Өз есебі бойынша, бұл арада Алашорданың отряды болуға тиіс.

Рошаль қаланың орталығындағы еңселі биік үйге кеп ат басын тіреді. Үсті-басының шаңын қағып, ішке кірді. Жуынып, шайынғасын қасына екі офицерді алып, кішкентай қаланың шет жағындағы өзбек байының асханасына барды. Осы өңірдің айтуына қарағанда, бұл өзі ертеректе кірешілерге ілесіп келе жатып, әлде бір себеппен осы арада қалып қойған өзбек жігіті екен, қазақ қызына үйленіп, бала-шағалы бопты.

Аласа үйдің іші көк ала түтін екен. Қатығы аз болған соң тұз бен бұрышты басып салған көк жасық астың исі үй ішінің азғантай ауасын тарылта түсіпті. Төр жақ столда отырған екі орыс жігіт қызып қапты. Екеуі екі қыздың төсіне басын салып, осындайда ауызға түсетін «очи кариді» қосылып айтып, үйді басына көтеріп жатты.

– Көңілсіз емес сияқты, – деді Ротшильдің қасындағы офицер күліп.

Масаң жігіттер бастарын көтеріп алды.

– А, офицер мырзалар, – деді біреуі.

– Алтын иық төрелер... Қош келдіңдер... сендердің денсаулықтарың үшін, – деді екіншісі. Сосын мәймілдетіп арақ құйған стаканды төге-шаша көтеріп, – сендердің құрметтерің үшін... Ну, я пошел, – деп, қағып салды.

Рошальдың жанындағы жас офицер атып тұрып еді, Рошаль оны етегінен басып:

– Отыр! – деді.

– Қап, мына иттердің...

– Қайтесің.

– Жоқ-ау, қорлығы өтіп барады.

– Көне бер. Алдында мұнан да ауыр қорлықтар тұр, – деді де, ротмистр Рошаль аласа есіктен кіріп келе жатқан бұжыр қара, ірі кісіге көз тоқтатты. Жалғыз бұлар емес, басқалар да алдындағы асын қоя сап, мына бір түрі, түсі бөлек, зор бітімді жойпар кісіге жалт қарады. Ол бірақ өзіне жан-жақтан анталап қараған үй толы кісілердің біріне назар салған жоқ. Бет-аузын жүн басып, шаш өсіп, желкесіне түсіп кеткен. Үстіндегі киімдер де бір түрлі. Қай киімі де өзінікі емес, басқа біреудің үстінен шешіп кигендей. Бұтындағы шалбардың шолтиған балағы сіңірлі жуан сирағының тұсарлығын жабуға жарамай, бура сан балтырдың бұлшық еттері жүрген-тұрғанда бұлт-бұлт ойнайды. «О, ғажап! Мынау нағыз гладиатор ғой», – деді Рошаль зор денелі кісіден назар айырмай отырып.

Асхана қожасы – домаланған семіз қара өзбектің де есі шығып кетіпті. Бейне бақшасына түйе түскен диқаншыдай, қара бұжыр кісіге үрейлене қарады. Ал қара бұжырдың олармен, сірә, ісі болған жоқ; офицерлерден аулақтау жерге барып отырғасын саусағының ұшымен официантты шақырды.

– Ақшаң бар ма? – деді официант.

– Міне, ақша! – деп, бұжыр қара шалбардың қалтасын сыртынан басып-басып қойды. «Мынау орыстың көпесін өлтіргеннен сау ма?» – деді асхананың қожасы ішінен. Сосын ол официантқа:

– Сұраған тамағын бер, – деді де аяғын ақырын басып бұжыр қараға барды. – Сәлеметсің бе?

– Сен кімсің?

– Мен... мен осы асхананың қожасымын.

– Не, менің ақшамды тексере келдің бе?

– Жоқ, жоқ.

– Онда екі құлағым сенде. Айта бер.

– Өзіміздің мұсылмансың ба?

– Иә, мұсылманмын.

– Қазақсың ба?

– Қазақпын.

– Есімің кім?

– Оның саған қажеті қанша? – деп, анау алара бір қарап еді, асхана қожасы:

– Айтпай-ақ қой... айтпай-ақ қой – деп, қолын сілкілеп шегініп бара жатты.

Бұжыр қара Кәлен еді. Түрмеден қашып шыққалы бір жеті. Сонан бері кісі-қара көзіне түспей, үнемі елсіз-сусыз жерлермен жүріп, аштықтан әлі құрығасын, бұнда амалсыз бұрылып еді. Көше толған әскер екен, енді мына офицерлерді көріп қорықса да, сырт өңін салмақты ұстады. «Іші-сыртымды бірдей ғып тойып алайын, сосынғысын көре жатармын» – деп ойлады да, алдына келген асты жапырып жеп жатыр еді, әлгінде Рошальдерге тиіскен екі жігіт түрегелді. Шайқалақтап, аяқтарына эзер тұр. Қолтығынан сүйеген қыздардың жанында тәлтіректеп кетіп бара жатқан-ды. Бұжыр қараның алдында босап қалған ыдыстарға көзі түсті де, тұра қалды:

– Мәссаған! Азық-түлік неге құрып кетті десем... әй, мына Гаргантюя...

– Гаргантюя, а-ха-ха!..

Кәлен басын көтермей, алдындағы асты іше берді. Қыздарға сүйкімді бір қылығын көрсеткісі келді ме, қылжақ жігіттер Кәленге тап берді.

– Әй, тамыр, тоқта!

Кәлен табақ түбінде қалған қол басындай етті қарпып асады. Ет сіңір екен. бұл кезде біраз ес жиған Кәлен ішкен

астың ақысын қалай төлеудің есебін таппай, шиқылдаған көк жасық сіңірді асықпай шайнап отыра беріп еді, масаң жігіт:

– Мұның аузында бір қойдың еті бар, – деп күлді де, Кәленді қыл өңештен қыса қойды. Әшейін ойнап тұрған шығар деп ойлаған Кәлен қарсыласпап еді, жоқ, алқымынан алған қол өңешін сығып буындырып бара жатқасын:

– Тамыр, қой енді, – деді Кәлен.

Қылжақбас жігіттер қарқ-қарқ күлді. Кәленнің қара бұжыр беті қатты бұзылды. Ертеден бері көзінің қиығын айырмай аңдысып отырған ақ офицерлер есінен шығып кеткен-ді; қылжақбас жігітті кеудеден нұқып итеріп қап еді, ол серейіп құлап түсті. Жұрт тына қалды. Жігіттің мастығы тарқап кетті. Бұжыр қараға бір өзінің әлі жетпесін байқағасын Кәленге енді екеуі екі жақтан жабылып, бір-екі қол сілтеді. Оның ар жағында не боп, не қойғанын жұрт байқамай да қалды. Кәлен шап беріп екі қолымен екеуін жағасынан ұстады да, басын басына сүзістіріп, сарт еткізіп соқты да, итере тастады. Сосын түк болмағандай, орнына қайта отырды да, тамағын іше бастады. Официант шегіншектеп, офицерлердің столына қарай ығыса берді. Кәлен енді өзінен ешкім ақша сұрай қоймас деп отырғанда, ішке әскерше киінген екі қазақ жігіт кірді. Қолдарында мылтық. Кәлен қозғалмады.

– Айда, тұр, – деді олар келе сала.

– Қайда апарасыңдар?

– Тексереміз.

– Әй, шырағым, мен бір ұзақ жолдан шаршап келе жатқан адаммын. Асымды ішіп, кішкене әл жиып алайын.

– Сөзді қой. Неғып жүрген адамсың, өзінде документ бар ма?

– Орыс болмаса, қазақ өзін қағазға түсіртіп, пагорнайлатып жата ма.

– Ақсақал, сөзді қой! Давай, документ – деп, қырсық қылғанда мына сары шая икемге келмей кіжіңдеп зықын ала бастады. Кәлен енді кәйтерін білмей дағдарып қалды да, кенет аяқ астынан жадырады.

– Шортснам дейтін жерің еді, құдай қылса кәйтесін. Докмент дедің ғой, сен өзің құлағыңды бері әкелші, – деді Кәлен.

– Ал, не айтасын? – деді шикіл сары. Ұмтылып құлағын тоса берген-ді. Кәлен:

– Докмент пе саған керегі? Міне, документ! – деп, тырнағы өсіп кеткен күректей қолдың бас бармағын екі саусақ арасынан шығарып, «мә, иіске!» дегендей мұрнына тоса қойды.

Мыршай сары ду қызарды. Қалш-қалш етіп, қолында шоршыған мылтықтың найзасын Кәленнің көкірегіне тіреп, тіреп тұра қалды.

– А-а-мм? Тұр, алдыма түс! – деді ақырып.

– Қой, әрі! Жанымды алатын әзірейіл сен болсаң да, асымды ішіп алғанша тұра тұр.

Бұлардың қасына Рошаль келді.

– Кімсіңдер? – деді ол бірден мыршай сарыға.

– Алашорда отрядынанбыз.

– Мен генерал Чернов армиясының офицерімін. Мына кісіге тимеңдер! – деді Рошаль.

Мыршай сары сөзге келмей бұрылып шығып кетті. Рошаль официант шалды шақырып, Кәлен ішкен астың ақшасын төледі. Кәлен орыс офицерінің ар жақ ойын аңғара қоймаса да, өңіне қарап ішінен иман жүзді екен, шәйімді ішіп болғанша тимесе екен деп ойлады. Темекісін шегіп қасында тұрған офицерге назарын салған жоқ. Жайбарақат отырып асын ішті. Сосын ауылдағы әдетпен дұғасын оқып

бетін сипады. Сонан соң ғана орнынан тұрды, екі қолын артына ұстап, қасында тұрған ақ офицердің алдына түсіп:

– Мен әзірмін. Әлгі мені қамайтын абақтыларың қайда? – деп, сыртқа беттеп жүре берді. Қолға түскен кісі секілді емес. Мына түрі бейне ел қыдырған ерке кісінің қонған, түстенген үйін төріне шыққасын билеп-төстеп: «Кәне, қайда жатамыз? Бізге салған төсек қайда?» – деп, өктемсіп тұратын бұ да бір дағдылы өктемдік сияқты.

Ротмистр Рошаль:

– Қайда кетем десең де ерік өзінде. Ал сау бол! – деді де, бұрылып жүре берді. Кәлен оның соңынан таңдана қарап тұрды да, басын шайқап: «апырай, мынау бір әділ орыс екен» деп ойлады.

Бет сүйегіне шақыр етіп қылыш тигенде Еламанның көзі қарауытып кетті. Өзінің қылышы сусып уысынан шығып бара жатқанын сезбеді. Өзі де осыдан артық бойын билей алмай, шапқан аттың шаужайынан сыпырылып түсіп бара жатты. Жерге денесінен бұрын әуелі басымен соқты да, есінен танып, талықсып кетті. Есін жиғасын да біразға дейін көзін ашпады. Өзінен гөрі әлгі офицердің айла-тәсілі әлдеқайда асып түсіп, ажалдың аузына барып қайтқанын ойлап қыбыр етпей біраз жатты. Татар дәмі таусылмапты. Қайта құдай сақтап қылыш қағыс тиді. Әйтпегенде тірі қалуы екіталай еді; ақ офицер қайта соғатындай тынышсызданса да, бірақ қансыраған денені қозғауға дәрмен жоқ еді; әлгінде шекесіне шақыр етіп қылыш тигенде тақымы астынан ойнақтап шауып кеткен ақтабан ат қайтып оралып, қасынан кетпей оқыранып тұрып алды. Соған қарап офицердің жуық маңда жоқ екенін білді де, жүрегі орнына түсті. «Жігіттер қайда

екен?» деп ойлағанша болмады, әлде қайдан әлде кімдер дүсірлетіп шауып келе жатты.

– Тірі ме?

– Басы аман ба екен?

– Қан көп ағыпты.

– Киіз күйдіріп басу керек.

– Әй, киіз... киіз табыңдар.

– Тоқымның шетінен кесіп алыңдар!

Біреу Еламанның басын сүйеді. Біреу аузына су тамызды. Бір тұста түтеген киіздің исі шығып еді, іле-шала қан тоқтамай, жанын шығара солқылдатып әкетіп бара жатқан бет сүйегіне киіз күйдіріп басты да, екі жігіт көтеріп апарып арбаға салды. Атқа бишік үйірді. Доңғалағы майланбаған ескі арба орнынан сықырлап ақырын қозғалды. Еламан көзін аша түсті де, ащы тер құйылып бара жатқасын қайта жұма қойды. Тұла-бойы күйіп-жанып, ала-бөле екі бетінің ұшы шыдатпай өртеніп барады. Баяғы балық аулап жүргенде дәл бір осындай халді басынан кешетін. Қылшылдаған қыста күні бойы теңіз үстінде болған кісілердің кешке қарай суыққа шалдыққан беті тап осы қазіргідей жанын шығара дуылдап бара жатады. Ондайда үйге жету қиын. Қарсы жел кеудеден итеріп тұрып алады. Үйге кірер-кірместе сырт киімін сыпырып тастап, келіншегі алдынан маздатып жағып қойған отқа жақындайды. Иығында ішік. Қарсы алды маздаған от. Еламан көсеумен үлкен қазандықтың көмейі толы қызыл шоқты өзіне тартады да, отқа түсетіндей итініп, ілгері ұмтыла түседі. Бірақ суық алған дене сонда да жылынбайды. Тек қос шекесі қызып, үсік шалған беттің ұшы тызылдап аши бастайды. «Отқа түсесің бе? Кейінірек отырмайсың ба?» – дейді Ақбала. Еламан қара қошқылданып бартиып ісінген бетін Ақбалаға бұрып ыржалақтап күліп: «Шынында да, отқа шабынып кеттім

білем»,– дейді. Осы сөз Ақбалаға түрпідей тиетін. Кешке бір төсекте қатар жатқанда да Ақбала бұған сыртын беріп, іргеге қарап үнсіз томсарып алатын-ды.

Ақ пен қызыл арасында бұлар кең жазықта отырған үлкен ауылдың іргесінен өтті. Әскерден жүрегі шайлығып, запы боп қалған халық үйлеріне тығылып алған болу керек, сыртта кісі-қара көрінбеді. Иттер де үрген жоқ. Селкілдеген арба үстінде Еламан қиналып келе жатқан-ды. Әли ауыл іргесіндегі сай бойынан бір арқадай жоңышқа шауып әкеп, астына төсеп еді; сонан кейін жаны саябыр тауып, көзі ілініп кетті. Сонан бір кезде көзін ашса, аспанда жұлдыздар жыпырлап тұр. Сонау бір шетте толық айдың төбесі қылтияды. Еламан түннің қай уақыт екенін білмеді. Мына ай тірлігін тауысып, батып бара ма? Әлде, жаңа туған ба? Жарық дүниеге жаңа келген шаранадай, бұ да мына түн жамылған дүниеге жүрексінгендей, жатырқай қарап, қиығы қылтия ма?

Еламан батыс қай жақ, шығыс қай жақ айыра алмады. Бір ізбен шұбырып, артынып-тартынып келе жатқан обоздың бас-аяғына көз жетпеді. Тек көз байлаған қараңғыда пысқырған аттар, сықырлап ақырын қозғалған арбалардың доңғалағының біркелкі үні құлаққа келеді. Обоздың ілгергі жағында бара жатқан біреу ыңылдап еді; Еламан құлағын тіге қалған, бірақ о да ұзаққа бармады, ыңылдап бастаған әннің аяғы бірте-бірте әлсіреп барып үзіліп кетті де, түнгі дала тағы да жым-жырт бола қалды. Еламан тас төбеде түнгі жұлдыздар жыпырлаған тұңғиық қап-қара аспанға қыбырсыз қарап жатып генерал Чернов пен ротмистр Рошальды есіне алды. «Қандай тамаша адамдар». Жау деп ойлауға қимайды. Колчак үкіметі атынан медаль тапсырып тұрып, адал қызметі үшін алғыс айтқанда, апырай, бұл қысылғаннан жерге

кіре жаздап, тезірек кеткісі кеп, әпі-шәпісі шығып еді. Бұларды бір күншілік жерге шығарып салған жас офицер тіпті қатты ұнады. Қас жау болса да, жақсы кісіні жек көріп, жамандық ойлаудың қиыны-ай!

Қоштасар жерде Черновтың да, Рошальдың да көзіне тура қарай алмады. Атқа міне сала қамшы басты. Күні бойы қасындағы кісілердің оқ бойы алдына түсіп алып, атты ауыздыққа керді де отырды. Сол күні жолшыбай бір қонып, ертеңіне ел орынға отыра Шалқарға жетті. Келе сала Петр Дьяковты іздеп тауып алды да, оңаша үйде екеуден екеуі ұзақ отырып сөйлесті. Сөзінің соңында бұл қару-жарақ тиеген обозды айтып еді, Дьяковтың көзі жайнап кетті. Бір күн дем алғасын, бұл қасына жүз қаралы жігіт алып, тағы да жолға шықты. Жым-жырт даланы дүбірлетіп тартып отырып, келесі күні Ырғыз бен Шалқардың екі арасындағы жұрт «Қызыл үй» деп атап кеткен бекетке жетті. Осы арада азырақ аялдап, жергілікті халықтан бұл күндері ешқандай обоздың өтпегенін білді. Әли бастаған төрт жігітті ілгері оздырып жіберді де, өздері кешкі салқын түсісімен атқа отырды. Ертеңіне түс ауа бергенде шолғыншы жігіттер оралды. Омбыдан шыққан обоз жол бойы кездескен бірде-бір қалаға соқпай, үнемі сырт айналып, елсіз дала жолымен келе жатқанын хабарлады.

Бұлар тағы да атқа отырды. Қырдағы биік қара жалдың тұсынан өтетін кіреші жолға жеткесін Еламан жігіттерді екіге бөлді. Әли басқарған топ обоз өтетін жолдың өкпе тұсындағы терең сайға бекінді де, бұл Еламан өз кісілерімен олардың қарама-қарсы бетіндегі қоңыр төбенің астында аттарын тізгіннен тұқыртып ұстап әзір отырған-ды. Көп ұзамай көз ұшынан шаң шықты. Өне-міне дегенше ауыр жүк тартқан түйелер маң-маң басып, атты арбалар сықырлап, үлкен обоздың

алды бұлар ертеден бері бой тасалап отырған ұрымтал жерге жақындап келе берді. Азғантай күзет мүлде бейқам. Бір-екеуі мылтығын арбаға тастай салып, өздері ат айдаушының қасында аяғы салақтап отыр. Ал әне біреу фуражкамен бетін көлегейлеп, арба үстінде шалқасынан сұлап жатыр. Бірнеше солдат обоз келе жатқан жолдың жел жағына шығып, ат тізгінін бос тастап, қалғып-шұлғып келе жатты.

Еламан жігіттеріне жылдам көз тастады. Сол екен, құдды сең қозғалғандай болды. Еламанның ақбақайымен құйрықтасып тұрған қырық-елу жігіт лап қойды. Дәл осы сәтте обоз жылжып бара жатқан жолдың арғы жағынан, сай бойынан Әлидің жігіттері қиқулап шыға-шыға келді. Ақтардың көбі сасқалақтап қаруына қол соза алмай жатқанда, тұтқиылдан тиген жігіттер жайпап өтті. Тек қара атты офицер тұра қашты. Еламан Тентек Шодырдың баласын бірден таныды. Есіл-дерті жас Федоровпен жүзбе-жүз кездесу еді. Еламанның астындағы ел аузына ілігіп жүрген бір өңірдің аяқты жылқысы болатын. Жайшылықта көз тартпайтын қораш. Бауыры салбыраған бие қарын. Арқасы да үлкен ерден ауыспайтын тұрқы кішілеу ат-тұғын. Есесіне кеудесі кең. Арқасынан бауыры әлдеқайда жазық. Жазатайым қиқу шығып, тақым қысса, түрі өзгеріп сала беретін.

Еламан атына сенді. Және ұзаққа жібермей, өкпе тұстан қосылып еді. Аралары кәпелімде жақындап қалды. Федоров тақтайдай жазық даламен жұлдыздай ағып бара жатып артына жалтақтап қарап қояды.

Аралары әлгіден де гөрі жақындай түсті. Федоров құтыла алмасын білді де, аяқ астынан күтпеген әдіс жасады. Атының басын шұғыл бұрды да үстіне төніп келіп қалған Еламанға енді онын өзі тап берді. Еламан кәпелімде қайтерін білмей, сасып қалды. Керек десе,

дұрыстап бойын жия алмады. Үрейлі көз ақсқан тісті көрді. Жалақтаған қылышты көрді. Бір амал қылам дегенше болмай, екеуі айқаса кетті. Ат екпінімен ағызып өтіп бара жатып асығыс сілтеген қылыш оған да, бұған да тимеді. Екеуі де алғашқы айқаста-ақ бір жағына шыққысы келген-ді. Аттарын шұғыл бұрып, қайта айқаса бергенде, көк болат Еламанның көзінің алдынан жарқ етті. Қорқыныш қолын күрмеді де, бұл жолы да қайрат қыла алмады.

Еті қызып алған аттар әл бермей, екеуі екі жаққа ала қашты. Жел жоқ. Ауа қапырық. Бұл кезде еңкейіп бесіндікке барып қалған. Әлем мұнартып тұр.

Еламан өзінің осалдау соққанына ызаланды да, аттың басын анадан бұрын бұрып еді. Федоров тайсалған жоқ. Екеуі де осы жолы ажалға анық бас тігіп, бір-біріне тайсалмай ұмтылып еді... «Иттің баласының қолы қатты екен» деді Еламан ішінен.

Обоз таң алдында тоқтады. Қалжыраған кісілер көз іліндіріп, мызғып алды. Күн қызбай тұрғанда жүріп кетті. Еламан бүгін тәуір. Бұлттан айыққан аспан түпсіз дүниедей қашықтап кетіпті. Әдетте ертеңгілік теңізге шыққанда тас төбеде дәл осындай биік аспан жарқырап тұратын. Теңіз де көк. Аспан да көк. Тура қаратпай көз қарып алады. Бұл ау салған жерге қайықтың тұмсығын туралап бұрып алар еді де, қос ескекті бір әуенмен ақырын тартып келе жатады. Теніз шырадай тынық. Тек су малшыған ескек сықырлайды. «Қап, ескегі түскірдің құлағын майлап алу керек еді. Өзі де тозды» деп ойлап, бұл сонау күн жарқыраған көгілдір аспанға, онан теңізге қарар еді. Әлдеқайда шағалалар шаңқылдап, қомағай сорлылар қолға түскен олжасын бөлісе алмай қиғылық ұрып жатар еді-ау!

Еламан көк аспан қарып бара жатқан көзін кірпігімен

көлегейлеп жұма түсті де, іле-шала қайта ашты. Қазір де көз алдында көк аспан. Көгілдір ауа. Шөбі қураған сұр дала да осы қазір реңі жұмсарып, көкшіл тартып жатыр. Ағарып тан атқалы жағы талғанша шыр-шырлаған сұр торғай күн қызар алдындағы көк мұнар ішінде қанатының ұшы дір-дір етеді. Көз ұшында шырылдап тұрады да, кейде құдды құлап түскендей құлдырап кеп қол созымдай ғана жерге ілініп тұрып қалады. Еламан кішкентай қозғалса, осы бір бейкүнә сорлыны үркітіп алатындай қорқады да, қыбыр етпейді. Дала өмірінің баяу тірлігіне бойы үйренген сұр торғай арба үстінде жүзі жоғары қарап жатқан кісінің көз алдынан кетпей қояды. Оның кіп-кішкентай тұмсығын, безектеген тілін, моншақтай қап-қара көзін көріп жатқан Еламанның есіне қай-қайдағы оралып, өзінің сонау бір жастай жетім қалған балалық шағы есіне түседі. Онан бай ауылдың қозы-лағын баққан шағын еске алады. Жалаң аяқ. Күс-күс табанның жарығына шөңге кіріп, аяғын ұстап шоңқайып отыра қалатын. Шөңгені алып тастағасын да ауырған аяғын баса алмай сылтып жүргені. Ұшына тиген аяқ күп боп ісіп кетті. Аяғының солқылдап қатты ауырғаны сонша бір жолы шырт ұйқыда жатып «апа!» деп жылап оянып еді.

– Елаға, қалайсыз? – деп Әли атын қатарластыра берді.

Еламан жас жігітке сездірмей көзін сұртті.

– Су жоқ па? Тамағым кеуіп қалды.

– Қазір, – деді де, Әли атын тебініп, обоздың ілгері жағына қарай шаба жөнелді.

Қас қарая бұлар Шалқар қаласының шетіне ілікті. Еламанды дереу дәрігерге апарды. Бет сүйегі аман екен. Қылыш тиген жерге дәрі жағып таңып тастады. Ертеңіне Еламан кештеу оянып еді. Көзін ашса, күн көтеріліп

қапты. Төсегінің бас жағында еңгезердей біреу отыр екен. Бұның оянғанын байқаған бойда анау да бұны бас салып құшақтай алды. Еламан оны осы арада ғана таныды.

– Кәлен ағай-ай, тірі екенсіз ғой.

– Аллаға шүкір.

– Сізбен де кездесетін күн бар екен ғой.

– Ей, шырағым-ай, адам шіркін ит жанды емес пе... дәм-тұз таусылмаған соң сібеулеп біз де жеттік қой. Ал, бала, бұнда келгелі сенің біраз жағдайыңа сырттан қанып жатырмын. Қосылғандарың құтты болсын.

– Рақмет, Кәлен аға.

– Сен қай кезде де бізден гөрі орыстарға бір табан жақын едің. Жанылмапсың. Орыстың жолын ұстапсың, оң болсын.

– Заман жолы болғасын...

– Жөн, жөн. Ал, жарақатың қалай?

– Құдай ондап, офицердің қылышы тайып тиді. Әйтпегенде ініңнің жағдайы қиын болатын еді.

– Қылыш тисе темір өзек кім бар дейсің – деп, Кәлен де өз ішінен бір тәубеге келгендей боп отырды да, кенет қораздана күліп, – сайыстарыңның аяғы не болды? Әлде қылышпен бетіңді бір осқызып алғасын бас сауғалап қаша бердің бе? – деді.

– Баяғы Тентек Шодырдың баласы. Иттің қолы қатты екен.

Кәлен қарқылдап күлді:

– Е, солай де? Әкесінің кегін қайтармаса да, қармысын қайтарған екен.

Еламан Кәленнің жүдеу түріне қайта-қайта қарай берді. Баяғыдай түн қатқан жорық-жортуылдың бұл күнде бойына лайық емес екенін білді. Кәлен сияқты қайратты кісіге ауыл арасының кәсібінде берекет қалған

жоқ. Еламан сөз арасында ендігі тірліктің жөнін сұрап еді, Кәлен ыңғай бермей:

– Жұмысты қайтем – деп, қолын бір сілтеді, – қартайдық қой.

– Бұнынды жеңгеміз есітпесін.

– Ай, Еламанжан-ай, кісі кәрілікті мойындамайын десе де, елуден асқасын баяғы бала кезде тікен кірген, асық тиген, қыз шымшыған жеріңнің бәрі сырқырап ауырып тұрады екен. Тоқтайтын кез маған да жетті. Қойдым. Тойдым.

* * *

Хан-Дауров қол астындағы командирлерді жинап алып, дивизияның алдында тұрған тығылтаяң міндеттерді жаңа-жаңа айта бастағанда ақтар аяқ астынан шабуылға шықты. Бұл жолы атты әскер мен жаяу әскер тізе қосып, бірін-бірі сүйемелдей отыра шабуылға шыққан күші басым жау салған жерден қорғаныс шебіне сұғынып кіріп, апырып-жапырып бара жатқан еді. Окопты тастай қашқан Хан-Дауровтың жауынгерлері алды-артына қарамай қаша бастаған хабар жеткен бойда, Хан-Дауров сөзін дереу үзіп:

– Әскерлеріңе жетіндер! Тез! Тез жетіндер, – деді асықтырып. Командирлер сыртқа ұмтылды. Дьяков атқа жетем дегенше бірнеше снаряд жарылды. Дьяков үзеңгіге аяғын салам дегенше басын ала қашқан атқа әрең мінді. Көзі жасаурап, ілгергі жақтан ештеңе көре алмай қойды. Сонан тек қара жалдың басына шауып шыққанда ғана ар жағындағы жусанды жазық далада қашып келе жатқан өзінің жігіттерін көрді. Ағызып келген бойда аттан домалап түсе сала:

– Қайт! Қа-айт! – деп әркімге бір ұмтылып еді; бірақ

мыналар өрт ішінен шыққандай екен. Осы қазір ешкімді, ештеңені көзге ілетін түрі жоқ; көзге ілгендер де қолына құмандай наған ұстаған мына біреудің әркімнің аяғына оралып, әлек-шәлек боп жүргеніне түсінбеді. Сосын «есі дұрыс па өзінің?» дегендей, бұған одырая қарайды да, оны айналып өтіп кетеді. Құмандай наған қолынан түсе жаздап, ананы бір, мынаны бір тоқтатпақ болғаны жынына тие бергесін қайсы біреулер бұны мықтап бір боқтайды да, табаны жарқылдап қашып бара жатады.

Дьяковтың кеудесі қысыла бастады. Көзіне құйылған жоса-жоса терді сұрткелі қолын көтере беріп еді, үстіне келіп қалған солдатқа көзі түсті. Сол арада көзіне құйылған терді сүрте алды ма, жоқ па, оны бұл кейін лазаретте жатқанда қанша ойласа да есіне түсіре алмады. Есіне түсіргені – еңгезердей солдатқа қарсы жүгірді. Бұл «тоқта!» десе де, басқалар сияқты мына еңгезердей солдаттың да тоқтамасын білді. Сосын оның қолындағы мылтыққа шап беріп жармасты. Солдат сасып қалды. Жұрт жанын сауғалап қашып жатқанда мына бір денесін әзер көтеріп жүрген есалаң неменің бұны неге тоқтатпақ болғанына түсінбеді. Мылтыққа жармасқанына, тіпті, түсінбеді. Түгіне түсінбесе де қолына жармасып, жұлқылап жатқасын, қарсыласпай бере салды. «Енді қайтер екен?» дегендей оған қарап еді; әй, сірә, есі дұрыс болмас. Бұның қолынан жұлып алған мылтықты басынан асыра жоғары көтеріп:

– Жол-дас-тар-р... Бауыр-лаарр... – деуін деді. Бірақ шырылдаған әлжуаз дауысты өзге түгіл, өзі де есіткен жоқ-ты. Осы кезде бұлардың соңынан оқ жаудырып, қуып келе жатқан жау да келіп қалған еді. Дьяковтің көкірегі қысылды. Қиқылдап жөтелді. Әлі құрып бара жатқасын, ол қасында қашарын да, қашпасын да білмей аңырып тұрып қалған әлгі еңгезердей солдатқа қарап

еді; о да бұған қарады. Көзіне көзі түсті. Жаутаңдаған жанардан айта алмай тұрған ар жағындағы жалынышты көрді. Енді болмаса оны құлап қалатындай қорықты да, ұмтылып барып жас бала құрлы көрмей, көтеріп алды.

Бұлардың жанынан Еламан жүгіріп өтті. Жаңа ғана көп дүрмекке ілесіп қашқан бір топ кісі анадай жерге барғасын қайырылып тұра қалған еді. Өне, олар да Еламанның соңынан айғайлап, жауға қарсы жүгіріп бара жатты. Сол екен, жан-жақтан «Алға! Алғалаған» дауыстар жамырай шықты. «Айналайындар-ай!» – деді Дьяков. Көзіне тер құйылды ма, әлде көңілі босады ма, дүние бұлдырап кетті. Аяғы жерге тиген бойда ілгері ұмтылды. Ол есінде Бірақ есік пен төрдей жерге барды ма, жоқ па, қасынан снаряд жарылды. Үй аумағындай жердің топырағы бұрқ етіп аударылып түсті. Өрттей ыстық толқын соқты. Дьяков жерден табаны үзіліп, бір аумақ қара топырақпен бірге анадай жерге барып түскен еді.

* * *

Ұрыс толастаған бір кезде Еламан кейінгі жақта орналасқан лазаретке барып еді. Дьяков кеудесінде жаны бар демесе, бірақ әлі де болса есін жия қоймапты. Талықсып жатып та оқта-текте жөтел буып, ішегі үзілердей киқылдап қала береді. Еріні кезеріп жатқасын Еламан аузына су тамызайын деп еді, оған бірақ су таппады. Су белдігіндегі қалайы құтыда да болмады. Маңдайында бұршақтаған терді сүртіп отырып, жайшылықта да денесін өзі әзер көтеріп жүретін осы бір сырқат жанның бүгінгідей жан алып-жан беріскен жағаластағы әлгі бір қылығы есіне түскенде таңданып қала береді. Өзінің де қашқан әскерді көргені осы еді; сүйтсе, қашқан әскер де құдды қасқыр тиген малдай

екен ғой. Иә, дәл қасқыр қуған малдай екен...

Сол өзі... Тоқта... Құдайменденің жылқысын бағып жүрген кез еді-ау. Қаңтардың қақаған суығы еді; күн ұзын аттан түспеген кісілер кешке қарай қатты тоңды. Еламан қасындағы жігітті ас даярлауға қосқа жіберді. Жылқылар шөбі шүйгін көл табанда жайылып жатқанды. Қанша күннен бері қырдан соғып тұрған ызғырық жел сол күні кешке салым шұғыл қатайып, аттың тұсарлығынан келетін сіреу қардың бет жағы борай бастаған-ды. Еламанның астындағы – жаз бойы кісі тақымы тимей, құр шыққан күйлі ат-ты. Қоңы қалың, сіңірлі, мықтылығына қарамастан қырдан соққан қатты желге шыдамай, құйрық, жалы суылдап ықтап кетіп тұрған.

Еламан көл табанның қара отын қар астынан тұяғымен теуіп, пыр-пырлап жайылып жатқан жылқыларға сүйсіне қарап көз салып тұрған. Шет жақта шашырай жайылған некен-саяқ аттар болмаса, азғантай аяға шоғырланған жылқылар құлын, тайларды ортаға алып, әзір ығын алдыра қоятын емес. Тек сары тіс сақа айғырлар мен кебеже қарын мама биелер күн райы бұзылғанын басқа жылқылардан бұрын сезді. Онда да тұяқтарымен бұзған тоң арасынан бой көтерген қызыл изен мен жусан ақ түтек бұрқасын арасында ұйқытұйқы боп көрінбей кетіп, қиыршық қатты ұшқындар көзге, танауға тыққылап, мазасы кеткенде басын жерден көтеріп, аузындағы үзіл алған шөпті шайнамай, құлағын тігіп селтиіп тұрып қалды. Күн батар алдында жаяу борасын үдеп, жер-дүние қарауытып түнере бастады. Жылқыларды түнемелікке далада қалдырмай, қос басына айдап апарғысы келген Еламан әдеттегі машықпен ащы даусын ышқынта айғайлап жіберді. Жылқылар дір етті. Ә дегенде қалай қозғаларын білмей,

кара отқа тойған бүйірлер қағысып-соғысып опыр-топыр болды. Іле-шала қалың қарды күтір-күтір бұзған сом тұяқтар дүсірлеп шаба жөнелді. Күн батып, көз байланып бара жатқан-ды. Кенет ілгері жақтан, қара түнек ішінен қос-қос қызыл шоқтар андыздап қоя берді. Алда келе жатқан шұбар айғыр осқырып, төрттағандап тұра қалғанда соңындағы күллі бар жылқылар да біріне-бірі кимелеп опыр-топыр болды да қалды. Алғашқыда түгіне түсінбесе де, тек шұбар айғыр жан даусы шыға азынап жібергенде, бүкіл жылқы бар үйірімен кейін жалт беріп, жосылтып шаба жөнелді.

Еламан атқа қамшы басты. Үсті-үстіне айғайлап, жылқыларды қайырмақ боп алдын орай шауып еді. Әшейінде оның «әу» деген ащы даусынан жон арқасы дір-дір етіп тоқтай қалатын жылқылар құлағына да ілмеді. Олардың ендігі баққаны тастай айсыз қараңғыда бірде оң, бірде сол жағынан шығып оттай маздаған қос-қос қызыл шоқтар еді. Солар қай жақтан жылт етсе, бұлар да бүтіл үйірімен жалт беріп жоси жөнеледі. Еламан бірнеше рет мың-сан тұяқ қарды күтірлетіп дүбір салған жылқы селінің астында қала жаздады. Қараңғыда жоны тұтасып, дүсірлеп шапқан көп жылқы қайсы бірде құдды сарқырап аққан тасқын судай жосыса, енді бірде мынау дүрлігіп бара жатқан мың-сан тұяқ емес, қарға көмілген қара жердің өзі қозғалып, дала дөңдері алдына түсіп домалап бара жатқандай. Бұның өзі де әлдебір құдірет күш бас еркінен айырып, дала дөңдерімен бірге әлдебір жаққа домалатып әкетіп бара жатқандай еді. Жылқылар теңізге жақындап қалды. Бұл жақтың жағасы теңізге мінбелеп төніп тұрған көк қатпар биік құз-тұғын. Қайыру бермей келе жатқан мына қалың жылқы қазір, тап осы қазір түйдек шоғырымен ағызып барып опыр-топыр құлайтындай. Сонан зәресі ұшқан Еламан үсті-

үстіне айқайлап, жылқылардың алдын орап шаба берді. Сол жолы ол тірі қалам деп ойлаған жоқ-ты. Кейін қанша ойласа да, көзге түртсе көрінбейтін қараңғыда қасқыр тиген жылқыларды қалай қайырғанын білмейді. Қос алдына айдап әкелді де, ат үстінен ес-түссіз құлап түсті. Серігі ішке әрең кіргізіпті. Со сияқты мына ілмиген әлжуаз кісінің қашқан әскердің бетін қайырғанына таңданып: «апыр-ай, ә?!» деп, дал боп отырған үстіне дәрігер кірді.

– Сен кімсің?

– Мен бе?

– Иә, сен.

– Мен... мен... мына коммунистер полкіненмін. Доктор... ерні кезеріп жатыр. Су болса?..

– Сестра!.. – деді дәрігер. Сырттан жүгіріп келген ақ халатты қызға дәрігер дүрсе қоя берді, – бөгде кісіні кіргізбе дегенім қайда?

Еламан босағада сүйеулі тұрған мылтығын алып, үн-түнсіз сыртқа атып шығып еді.

Есік алдына жаралылар тиеген арбалар кеп тоқтап жатыр екен. Ыңырсыған дауыстар, абыр-сабыр жүгірген ақ халаттылар. Бірінен кейін бірі келіп жатқан арбалар. Зембіл көтергендер әбігерге түсіп құйқылжып жүр. Ақтар тағы да шабуылға шыққан еді.

* * *

Хан-Дауровтың әмірі бойынша қызыл полктер күші басым жауға бұл жолы да қарсыласпай, окопты тастап шегіне бастады. Бұл күндері Дьяков полкке қайтып оралған-ды. Темір жол бойымен шұбырып келе жатқан полктың бас-аяғына көз тастаған сайын әскердің қатары осы күндері қатты селдіреп қалғанын байқады. Қару ұстауға жарайтын кісілердің де бірталайы жараланып,

колын, басын, аяғын таңып алған. Өз аяғымен жүре алмаған қайсы біреулер таяққа, не қасындағы серігіне сүйеніп барады.

Полкте небәрі үш зеңбірек бар-тын. Оның екеуі Қандыағашта болған ұрыста қираған. Жаз басынан бері бір күн бел шешіп отырмаған толассыз ұрыс-қағыстан титығы құрыған әскерлер, әсіресе бүгін өрттей ыстық күн астында май топырақ бұрқылдаған сусыз шөл далада аяғын әзер алып келеді. Үсті-басы шаң. Қашаннан бері ұстара жүзі тимеген бет-өңдер қап-қара. Түтігіп кеткен. Күн шыға қайнап қоя беретін өрттей ыстық аптап топырақ екеш топырақты да қыж-қыж қайнатып жіберген.

Түс ауа аттар, адамдар қаны кеуіп қаталап баратты. Ерні кезерген. Көзі шүңірейген. Кірпік, қас, шаң-шаң кісілердің. белдігіндегі бос фляга былғаң-былғаң.

Хан-Дауров та, Дьяков та Шалқарға жеткенше су болмасын білгесін кісілерді бір жерге аялдатпай, жол шаңдағын бұрқылдатып ілгері тартты да отырды. Сонысы ақыл болды. Күн төбеден ауа бергенде Шалқардың қарасы көрінді.

– Шалқар! Шалқар!

– Жеттік-ау, әйтеуір.

– Енді көлге шомыламыз.

– Ой, несін айтасың, Шалқардың суы тамаша ғой.

Бірақ бұлар қанша жүрсе де көрініп тұрған қала жуық арада жеткізбеді. Тек су тартатын қызыл водокачка алыстағы үміт сияқтанып, көз ұшында бұлдырап тұрып алды.

– Мынау сілемізді қатырды ғой, – деді карт солдат.

– Жетуін жетерміз-ау, бірақ бұнда қанша болады екенбіз? – деді екінші біреу.

– Бір жеті болармыз, – деді үшінші біреу.

– Ақтар еркіне қаратса жақсы ғой, – деді тағы біреу.

Иә, күші басым жау ықтияр-еркіне қаратпай, қаладан қуып шығары сөзсіз еді. Шынында да, Хан-Дауров қаланы екі күннен артық ұстап тұра алмаймыз деп, алдын ала ескертіп қойған-ды. Онан артыққа шамасы жетпесін Дьяков та біледі. Бұлардың ақтарға бір тойтарыс берсе, беретін жері – Арал. Сол арада болатын алдағы сұрапыл қырғын шайқасқа бұлар да, аналар да күні бұрын әзірленіп, екі жағы да алдын ала қауырт қимылдап жатқан-ды.

Дьяков анада госпитальда жатқанда қатары тың, қару-жарағы сайлы көп әскерді Аралға жөнелтіп жіберген екен. Онан кейін де жаз бойы бұлармен бірге үнемі тізе қосып соғысқан Қазалы, Жосалы, Ақтөбе теміржолшыларының жасағын да бір түнде ұмар-жұмар Аралға жөнелтіп жіберген-ді. Ұзынқұлақ хабарға қарағанда, Қостанай мен Түрікпеннің атты әскер полктері де Аралға жетіпті. Енді қазір генерал Черновтың жер қайысқан әскерінің алдын бөгеп, қаша ұрыс сап келе жатқан Хан-Дауров дивизиясы еді.

Бір жақсысы, қазақ даласы кең. Бұлар қаптап келе жатқан қаракұрым жаудың жолын бөгеп, сәл-пәл қарсылық көрсете бастаса болды, олар дереу қаракұрым әскерді қаптатып жібереді. Енді сәл кідірсе, күші басым жау не қоршап алады, не жаныштап тапап кететін болғасын, бұлар жалма-жан артқа шегінеді. Осыдан қашан Аралға жеткенше ендігі қалған жердің бәрінде де кең далада қаша ұрыс салып жан сақтайды. Сол тәсілді пайдасына жаратқан Дьяков осы жолы да әскерін қалаға кіргізбей, Шалқар көлінің батыс жағына орналастырды. Мұғалжар тауында болған кешегі ұрыстан кейін қара үзіп қалған ақтардың бұнда тап бүгін жете қоюы неғайбыл еді. Сүйтсе де, осы арада оларды біраз бөгемек болған

Дьяков кісілерінің әлі құрып тұрғанына қарамастан, түннің бір уағына дейін окоп қаздырды.

Ертеңіне азанда бұларға Хан-Дауров келді.

– Қалайсыңдар? Әскерің тыныға алды ма?

– Аздап...

– Жаудың қарасы көрінбей ме?

– Жоқ.

– Қамсыз болма. Атаман Дутовтың атты әскерінің аяғы ұзын. Өттеген-ай, тым құрыса екі, үш жүздей ат болса... онда бізде де бір-жар эскадрон болар еді.

Дьяков үндемеді. Хан-Дауров шарасынан шыға жаздап зыттыып тұратын дөп-дөңгелек үкі көзімен айнала төңірекке алақ-жұлақ қарады. Аспан ашық. Жаңа шыққан күн астында айнадай жалтыраған көлдің арағырақ басындағы бір шоқ қамыс арасынан үйрек қырқылдады. Сосын ол түн ішінде көл жағасынан қорыс қып қазып тастаған окопқа назарын тоқтатып қарап тұрды да, қолағаштай мұрынның бір танауынан мырс етті:

– Неге көлге арқанды тіреп орналастың?

– Осы дұрыс болар деп ойлап едім.

– Соңыра шегінгенде қайтесің?

Енді Дьяков мырс етті:

– Қашуға келгенде осы жұрт иненің жасуындай тесіктен өтіп кететін еді ғой.

Хан-Дауров рақаттанып тұрып шалқақтап қарқ-қарқ күле түсті де, кенет кілт тыйыла қалды:

– Ұмытып барады екем. Сені Түркістан майданы штабқа шақырып жатыр.

– Оларға не қажетім болды екен?

– Барғасын білерсін. Ал, кәне жолға дайындал.

– Полкті қайтем?

– Бұнда мен болам.

Дьяков жолға шығар алдында Еламанды іздеп еді, ол түнде қазған окоптың бір қайырылысында мылтығын тазалап отыр екен.

– Ауылыңа барғың келмей ме? – деді Дьяков.

– Кім жіберіп жатыр.

– Жіберсе барар ма едің?

– Шын айтасың ба?

– Хан-Дауровпен ақылдастық.

– Елге барғанда не істеуім керек.

– Ат жинап әкел.

– Қанша?

– Қолыңа түскенін ала бер. Төрт жүз, бес жүз болса тіпті жақсы.

– Жарайды, барайын.

– Онда кідірме. Қасыңа кісі қосып берем.

– Оны қайтем. Кісі бұнда да керек қой.

– Орныңа кімді қалдырасың?

– Әли бар ғой.

– Ал, жөнел! Жолың болсын.

Дәл осы кезде окоптың арағырақ басынан әлдебіреудің: «Шаң! Шаң шықты», – деген даусы азанғы ауаны жанғырықтырып жіберді. «Бұлар да жеткен екен ғой» деді Дьяков ішінен. Кідірмей соғыс басталады. Және бұл соғыстың қызыл қырғын болатынын көкірегі сезіп тұр.

* * *

Хан-Дауров күн батар алдында көл жағасына бекінген коммунистер полкін тағы бір аралап шықты. Қасында осы полктің рота, батальон командирлері. Ол бұл араға ақтардың титығы құрып жеткенінен хабардар еді. Шөлден қаны кеуіп бара жатқан ақ әскерлер көз алдында жарқыраған көлді көргенде таң атқанша

шыдамай, бірден шабуылға шығар деп ойлап еді; бірақ генерал Чернов ыссылай ұрынам деп әскерін қырып алатын болғасын шабуылдан бас тартты да, түн тыныш өтті. Сонан тек ел жатар алдында ғана атыс болды. Екі жақ та қараңғыда түк көрмесе де, құр дүрмекпен бет алды боратып оқ атты-атты да тоқтады.

Құлағын сыртқа тігіп сергек жатқан қала халқы жаңағы атыста оянып кеткен-ді. Осы күндері қалаға келіп жатқан Тәңірберген де жастықтан басын көтеріп алды. Төсектен мойнын созып, тұсындағы терезеден сыртқа көз салып еді, тастай қараңғыда көзіне түк көрінбеді. «Кідіре тұру керек пе еді. Бекер келдім бе?» деп ойлады Тәңірберген. Шалқарға ақ әскер жақындап қалды, енді көп ұзамай қаланы басып алады деген хабар бұны үйде тыныш жатқызбады. Себеппен Жасағанбергенмен де кездесіп, қысқа күнде қырық құбылып тұрған мына дүниенің бет аңғарын байқап қайтқысы кеп, аяқ астынан атқа қонып еді. Өзіне қарасты ауылды ұлы жолдан жырақтау жатқан Қарала-Көпке қондырғасын, бұл жолы қасына қосшы-қолаң ертпей, сыбай-салтаң кеп, қаланың шет жағында тұратын кедейлеу қазақтың үйіне түскен-ді.

Кейінгі кезде бұл қалада дүкен ұстап отырған бұрынғы бай достары – Темірке мен Ебейсіннен бойын аулақ салып жүрген. Ал мынау Тәңірбергенге көптен таныс, сәлемі дұрыс, кездескен жерде жалпылдап, асты-үстіне түсіп қалатын елгезек жігіт-ті. Оның осы жолы да өліп-тіріліп, тым жалпылдап бара жатқаны мырзаға ұнамады. Және жуық арада тыныштала қоятын түрі жоғын байқады да, мұртына мысқыл шаптырып: «Мейлі, жеткен жеріне тоқтар» деп тұрғанда, көзі кенет күйеуінің тасасынан сығалап тұрған уыздай жас келіншекке түсті.

Үйге кіріп, төрге шығып отырғасын да мырза әлгі келіншектен көзін алмады. Қонақ қамымен үй ішінде қымсына қозғалып жүрген келіншектің әр қимылын бағып, көзбен де, көңілмен де ішіп-жеп барады. Сұғанақ көзден қысылған жас келіншектің бидай өңді беті алаулап, өртене жаздап, басын бауырына тығып алды. «Осындай кісілер әйелден салымды болады» деп ойлады мырза. «Шай-суланып алғасын мына жалпылдақ немені есебін тауып бір шаруамен алысырақ жерге жұмсап алармын» деп ойлап, қолтығындағы жастықты нығарлап басып, мұртынан күліп жатыр.

Жасағанбергенмен қараңғы түскесін кездесетін боп, күндіз астыртын келісіп алған-ды. Тәңірберген сыртқа шықты. Иығына жамылған боз шекпеннің жеңін қараңғы көшемен келе жатып киді. Бұл келгенде інісі бір стол, төрт-бес орындықтан басқа көзге түсер ештеңе жоқ оңаша вагон ішін ерсілі-қарсылы кезіп жүр екен. Ағасын көргенде кілт тоқтады. Тәңірберген інісін бауырына қысып, үнсіз құшақтады. Қырағы көз жаңа кіріп келе жатқанда байқаған-ды. Әскери киім інісіне қатты үйлеседі екен. Аяғында қонышы сыптай жылтыр кара етік. Сары ала қылыш. Сірісінде сыңғырлаған күміс шпорға дейін талдырмаш бойлы аққұба жігітке ерекше ажар беріп, үйлесе қапты.

– Ауыл-ел аман ба? – деді Жасағанберген.

– Шүкір.

– Жай жүрсің бе?

– Саған жолыққалы келдім.

– Ұрысудан бастайды екенсің ғой?

– Неге олай дедің?

– Білеміз ғой. Қазақ байы үшін қойнындағы қатыны мен есіктегі малайдан кейін ұрысуға ыңғайлы адам – іні.

Тәңірберген мырс етіп күліп жіберді. Ағалы-інілінің күні осы: көрмесе – сағынады, кездесе – ұялас иттей бірін-бірі осылай беттен алып ырылдаса кетеді.

– Сендерді білем, – деді Жасағанберген сөйлеген сайын ширығып, – мені шіріген жұмыртқа көресіңдер. Иә, солай... Шіріген жұмыртқамын.

– Шырағым, саған не болды? Сенімен кінәласқалы келгем жоқ. Ашуыңды бас, келші, қасыма отыршы. Адамға ұқсап сөйлеселікші.

– Жасың үлкен. Ағасың. Қызыл жон ғып сабасаң да еркің. Ық етпеймін. Тек... Тек әуелі мені түсініп ал!

– Неге өйдейсің. Сені түсінбегенде кімді түсінем.

– Жо-қ, түсінбейсің. Ар жағымда ит өліп жатыр менің. Иә, ит өліп жатыр. Ыхе-е... һхее..

– Ауырып жүрсің бе?

– К черту... К черту, денсаулық та, он саулық та, ақ жаулық та. Ауыз ашса, айтатындарың осы ғой.

– Інім, айналайын, босқа, бекерден-бекер дызалақтайсың. Қашаннан бері көрісіп тұрғанымыз осы. Кездеспей жатып беттен алатындай менің не жазығым бар?

– Аға-еке, ойбай, сенде жазық жоқ. Жазық менде. Иә, шіріген жұмыртқа да, шідер үзген тентек... диуана да мен.

– Жасанжан...

– Мені түсінбейсің. Түсінген емессің...

– Сөз екен. Біле білсең, мен сендей інім болғанына құдайға мың да бір шүкір айтам. Жас болғанмен, біздей емес, көзің ашық. Келешек сендердікі.

– Кешір...

– Осы бетің дұрыс. Осыдан айырылма.

– Шаршадым. Сыртым бүтін, ішім түтін. Шаршадым. Шыным сол.

– Бізді ойлап қайтесін. Онан да өзіңнің келешегіңді ойла!

Жасағанберген қарқылдап күлді де, столға басын салып, жылағаны, әлде жөтелгені белгісіз, иығының басы селкілдеп біраз жатты. Сонан бір кезде басын көтергенде кірпігі ылғалданып, көзінің алдында сіркедей тер шүпірлеп тұр екен. Жасағанберген қалтасынан бет орамал алып, әуелі көзін, сосын аузы-басын сүртті.

– Келешек? Шутишь, брат. Менде қандай келешек бар. Ал сенде келешек бар ма?

– Рас, бізден бақ тайды. Келешек қазір аналарда. Сен солардың сүйген құлысың.

– Кекет. Кекете түс.

– Жоқ, шын айтып тұрмын. Осы бетің дұрыс. Ендігі жерге осылардың қосын жексең, қор болмайсың, інім.

– Мен дінім үшін жүргем жоқ, күнім үшін жүрмін.

– Қалқам-ау, дінді қайтесің, қазір қара бастың қамын ойлайтын заман туды. Оның айыбы жоқ. Құранда да сондай пәтуа бар. «Күштіге қызмет қыл, қосын жек» – деп, Аллатағаланың өзі айтқан.

Жасағанберген ызалана күлді. Әлгі ашу жас жігіттің ілелі жүдеу жүзіне қайта теуіп, ду етіп қызара түсті де, лезде бозарды.

– Өзін ақтарда бұлардың құдайы мен құраны әзір тұрады. Ну и народ!

Жасағанберген жолында тұрған орындықтарды теуіп-теуіп жіберді. Күміс шпоруы шылдырап, қатты жүріп кетті.

– Біздің түбімізге жеткен сендердің осы тоғышарлықтарың. Бас қосып бірігетін кезде әркім өзінің амандығын ойлап, бұта түбіне бұғып қалады. Кораны малға толтырса, қос-қостан қатын алса болғаны. Басқа дүние өртеніп жатса да бәрібір. Ну и народ!

Тәңірберген көңілсіз тартып кірбиіп отыр. Әңгімеге де ықылас қалмады. Інісінің арғы жағындағы ойын жаңа ұққан сияқты.

– Солай де?..

– Иә, солай. Қалай ойласаң, солай ойла.

– Ой, сорлы бала-ай! Кімнің несі кетер дейсін. Түбі сенің өзіңе...

– К черту! Маған бәрібір.

– Бұрын сен бұндай емес едің.

– Қандай едім?

– Жо-қ, бұрын басқаша сөйлейтінсің. Есіңде ме, баяғы біздің түү дегенде түкірігіміз жерге түспей тұрғанда, сен келешек кедейлердікі деуші едің. Жақсы кезімде жаманшылық шақырғандай көрінетінсің. Жасы үлкендігімді арқаланып саған ақырып тастасам да, арғы жағымда дәрменсіздік бар еді.

– Иә, сендерді құртқан сол дәрменсіздік.

– Шынымды айтайын, сол кезде сен алдын болжайтын ақ етек ишан сияқты едің. Ал қазір өртке қарсы жүгірген есалаң бала секілдісің.

– Не десең о де! Тек менің айтарым: осы күні әулие көбейіп кетті. Әулие болу әркімнің қолынан келеді. Қазір бізге солдат керек. Сенің мың әулиеңнен бір солдат артық. Сол-дат!..

– Сонда... бірденеден әлі де дәмелерің бар ма?

– Дәме... дәме... Бұлар дәмесі болмаса, аяқ баспайды.

– Е, өзің қайтер едің?

– Егініне шегіртке түскен диқаншы қайтуші еді?

– Ал диқан қайтеді? – деді Тәңірберген інісінің арғы жағындағы ойын аңғара алмай, тосылып қап.

– Диқаншы ертеңгі күні астық алам ба, жоқ па деп ойламайды. Ол егінге түскен шегірткені қыра береді, қыра береді, қыра... Іхее-е...

Жөтел бұған жігіт тағы да қып-қызыл боп қиқылдады да қалды. Тәңірберген інісін қатты аяды. «Сорлы бала» деді ішінен. Қара көлеңке бейуақ кеште қарт әжелердің мейірбан жұмсақ даусына сап, мына сорлы баланы ертек айтып ұйықтатып тастар ма еді деп ойлады.

Жасағанберген жөтелін шаққа басты. Сілесі қатып қалжырағаны соншалық, жанынан ақ жібек орамалды эзер-эзер алып, терін сүртті. Ағасына екі рет көз қиығын тастады. Әлгідей емес, жүдеу жігіттің бет өңінен ашу қайтып, жуасып қалған.

– Кешір! – деді ол ақырын. Ағасына кінәлі кескінде көзін қорғалақтап тастап, – рас, хал қиындап кетті. Қара тобыр күш алып барады. Бұлар ана жылы болыс ағаны өлтірді. Қазір қарсыласқанның бәрін қырып жатыр. Ертең кезек сені мен маған келеді. Қорадағы малыңды алады. Үстіңдегі үйіңді жығады. Қалған тірліктің не қажеті бар? Онан да қолда күш тұрғанда қасық қаным қалғанша қарсыласып өлгенім артық емес пе? – деді.

Тәңірберген ләм-мим деместен, тұрды да жүре берді. Жасағанберген таңданып қалды. Тәңірбергеннің қайырылмасын біліп, соңынан **ере түсті** де, тоқтады. Әлдене дегісі келгендей аузы әнтек ашылып, ыржиып сөлекет күлімсіреп тұр.

Тәңірберген қатты жүріп кетті. Шамын сөндіріп, есік-терезесін тас қып бекітіп алған аласа үйлер қараңғы көшенің екі бетінде мүлгіп, үнсіз қарауытады. Көшеде тірі жан жоқ. «Сорлы бала» деді Тәңірберген ішінен. Көңілі қатты толқып кеткені сонша, мырза өзі тоқтаған үйге қалай жеткенін де байқамады. Үйге тақай бергенде көлдің арғы бетінде бекініп жатқан әскер шебінің ұзына бойында ұйқы-тұйқы атыс боп кетті. Шабалаңдап иттер үрді. Қораның түп жағында таң асырып қаңтарып қойған ат оқыранды. Мырза атысқа құлағын сап үй

алдында іркіліп тұр. Ойлы көзін көкке тігіп қалғанды. Кенет қара түнек аспанның алыс бір түкпірінен жұлдыз ақты. Соңынан от саулап ағып барды да, сөнген шырақтай қап-қараңғы тұңғиыққа жым-жылас батып кетті. «Кім де болса бір жанның демі үзілді. Бір шырақ сөнді» деп түйген Тәңірберген тағы бір жанашырымен қоштасқандай жүрегі сыздап тұр.

* * *

Ақтар келесі күні қалаға кірді. Онда да түске тарта атыс үдеп, екі жақ оқты қардай боратып жатқан бір кезде атаман Дутовтың атты әскері қаланы қыр жақтан айналып өтті. Енді кідірсе, қоршауда қалатын қауіп төнгесін қызылдар қаланы тастап, тез-тез шегіне бастап еді. Қала халқы есік, терезелерін тарс жауып, үйлеріне тығылып алған. Тәңірберген де бұл арадан тезірек кеткісі кеп, ат-көлігін әзірлеп қойған-ды. Ол тек жүрер алдында інісімен тағы да бір тілдескісі кеп, жіпсіз байланып отырғанда, атаман Дутовтың атты әскері қалаға кірді. Іле-шала үсті-басы шаң-шаң жаяу әскерлер топырлап кіре бастады. Ұзын мойын зеңбіректер мен оқ-дәрі тиеген ат арбаларда есеп жоқ.

Тәңірберген әскер аяғы басылғасын болмаса дәл қазіргідей қала іші сапырылысып жатқанда жолға шығу қауіпті екенін білді. Бірер күн аңысын андамақ боп отырғанда генерал Чернов аяқ жетер жердің бәрінен байлар мен би, болыстарды жинап жатыр деген хабар тиді. Осы қаланың қалталы көпестері де генерал тоқтаған үйдің кең қорасына жиналып жатты. Тәңірберген әдепкіде барғысы келсе де, кейін ол ойдан тез айныған-ды. Чернов қант салған шайды күміс қасықпен былғап отырып, үнсіз жиынға көз

салды. Қара киімді қала азаматтары сұр шапан, сұр шекпен киген қазақ байларынан іргесін аулақ сап, өз алдарына оқшауланып отырыпты. Генералдың көзі қара мақпал тақия киген татар байына түсті. Орыс генералының осы жолы анау-мынау емес, бір ауыр салмақ салғалы отырғанын байқаған Темірке салған жерден терісі тарылып, бүрісіп-тырысып алған-ды. Өзінен генералдың көзін айырмай қойғаны да ұнамады. «И-и, Алла, мені бұған айтып қойған, инді». Қолбасы қысқа сөйледі: жергілікті халық әскерді азық-түлікпен жабдықтау керек. Киім керек. Ат керек. Ақша керек деп еді, енді татар байы бұрынғыдан бетер тобы кішірейіп, бір уыс боп бүрісе түсті. «И-и, айттым, вит. Айттым. Айттым». Қасындағы кісілерге күңкілдеп:

– Есіттің бе? Осы күні кісі қарны тойып ас ішпей жүргенде, сонша әскерге... иоқ, иоқ, ондай байлық миндә иоқ, әлі – деп, азар да безер боп қолын сілкіледі.

Жиналған кісілер қипалақтап, бір-біріне қиналған қабақ астынан көз тастады. Бір пәтуға келе алмай, көп жиын әрі толқып, бері толқып отырды да, ақыр аяғында қолдан келген көмекті аямаспыз деді. Генерал Чернов мына жұрттың ықылассыз түрін байқаса да, бірақ әлі де болса аңысын аңдап көргісі келді. Ертеден бері қолбасының ту сыртында қыбыр етпей тұрған штаб офицері бір аттап ілгері басты. Черновтың құлағына еңкейіп сыбырлап еді, Чернов құптап басын изеді де, жиынға қайта көз тастады.

– Аралға дейінгі жер бізге қиын соққалы тұр. Алдымызда Улу-кум, Киши-кум жатыр. Оның арғы жағы елсіз, сусыз шөл дала. Бізге жол көрсететін сенімді кісі керек.

Темірке басын көтеріп алды:

– Ондай кісі бар!

– Ол кім?

Темірке қасында отырған Ебейсінді тақымынан түртті:

– Менен гөрі оны сен жақсы білесің, әлі.

– Жоқ, білмеймін.

– Білесін. Білесің, вит. Екеуің бір ауылдансың, әлі.

– Жоқ, білмеймін.

Темірке мына жігіттің бөккен балшықтай бітеуленіп ала қойған бетін көргенде жағасын ұстағандай шошып кетті.

– И-и, Алла... Аллақайым, менің аузым жеңіл, жеңіл инді. Әйтпесе, Тәңірберген мырзаны осында отырған кісілердің бәрі, бәрі біледі, вит.

– Как... Как вы сказали? Тан... Танир?..

– Тақсыр, Тәңірберген.

Генерал Чернов әлденеге түсі бұзылып, тақиялы татарға сенімсіздене қарады:

– Ол кім өзі?

– Тақсыр, ол бик жақсы, матур жігіт. Бай. Мырза.

– Арал өңірінен бе? – деді генерал.

– Иә, иә. Сіз де білетін болдыңыз ғой?

– Білем. Жақсы білем. Ол қайда?

– Қалада.

– Бұнда неге келмеді?

– Тақсыр, оған хабар тимеген. Хабар тисе ол бұнда бәрімізден бұрын келер еді. Я, ол сондай тамаша, матур жігіт.

Генерал Чернов қасында тұрған офицерге бұрылды.

– Есінде ме, ол анада қызылдардың бізге жіберген жансызы.

– Иә, білем.

– Ұстандар! Тез. Айырылып қалмаңдар!

Еламан Кенжекейге үйленгесін, іле-шала бұларға Сүйеу қарт келген-ді. Қолы ашық қарт жалғыз нарын жетелеп әкеп, желіге байлап жатып: «Үйің толған шиеттей жас бала» деді. «Жаз айында ақсыз отыра алмайды» деді. «Нар буаз. Алдағы жылдың басында боталайды. Балаларыңа ағарған болады» деп еді.

Сол нар биыл боталап, балалардың аузы аққа тиіп қарық болды. Тек бұларға жалғыз түйені жағада ұстау қиынға соқты. Өзінің бұрынғы оты, суы мол дағдылы өрісін аңсап, ұзап кете берді. Тақа тынышы кеткесін Кенжекей кейінгі кезде аяғын тұсап жіберетін болды. Соның өзінде қарғып жайылған нарды ол бүгін Бел-Аранның сыртындағы қара бұйраттан алып қайтты.

Тез оралам ғой деп балаларды көршілерге де тапсырмай кетіп еді. Естияр баласы Өтеш. Оған сенім шамалы. Күн санап осы баладан көңілі қалып жүр. Әкесі түзде жүргенде жалғызілікті анасына қолғабыс берудің орнына, осы шірік неменің өскен сайын пиғылы бұзылып барады. Кенжекейдің көзі тайса болғаны қасындағы кішкентай інілерін жылатады. Ала-бөле күндес қатыннан қалған кішкентай Әбілді көбірек зәбірлейтін. Сотқар бала осы жолы да Әбілді жылатып қойған екен. Кенжекей бауырына басып айналып-толғанып көріп еді, бала жұбанбады.

– Ай, Өтешжан-ай, саған не болды. Кішкентай балаға неге тидің?

– Мен тиген жоқпын, өзі жылауық.

– Сен... сен тидін, асы-ғым...

Өтеш өрешеге арқасын беріп міз бақпай безеріп алған. Інісінен тартып алған асықты оңайлықпен беретін

түрі жоқ. Зәті жуас Кенжекей, сірә да, бала ұрмайтын. Оның үстіне Өтештің жолы бөлек. Әжесі сүт кенжем деп, жөргегінен бауырына басқан бала болған соң осы күнге дейін бұған ерекше бір ықыласпен, қайнысындай кастерлеп қарайтын-ды. Осы жолы сіркесі су көтермей шаршап келгесін бе, әйтеуір түйілген қабақ астынан тап бір Төлеуше жаулық ниетін жасырмай тұнжырап қараған баланы жағынан тартып жіберді:

– Бер!.. Бер, баланың асығын.

Өтеш жыламады. Қаны қашып құп-қу боп кеткен бетінің шапалақ тиген жері ғана ду етті. Және осы тұқымның еркектерінде болатын көкбет өжеттікпен анасына кірпік қақпай тура қарап тұрды да, қынаға бояған қызыл қоңыр сақаны ышқырынан алды.

– Сен... сен өз балаңнан гөрі өгей баланы жақсы көресің.

– Өшір үніңді. Ол сенің інің... бірге туған бауырың...

– Тапқан екенсің. Сен ұмытқанмен, менің есімде...

Оның шешесі өзінді үй айналдыра сүйрет...

Кенжекей не болғанын білмей қалшылдап кетті.

– Шық! Шық үйден! – деп айқайлап, тапжылмай тұрған балаға дәл бір түтіп жейтіндей жетіп барып, жерді теуіп-теуіп қап, – жоғал, хайуан! – деді. Баласын үйден қуып шыққасын да долы жас көзіне құйылып, дір-дір етіп тұр. «Доңыз! Доңыз...» деді ішінен. Осы баласы құрғырдың бар мінезі Төлеуге ұқсаған. Өскен сайын сол тұқымның іштар қызғаншақтығы мен қыңыр кеждігі жеңіп барады. Әлден түрі мынау. Былайырақ барғасын бұлар да Қалау мен Төлеушілеп бір оттың басына сыйыспай, қысқа күнде қырық төбелесіп жүрмесе қайтсін. Соңыра ер жеткесін осы мінезін Еламанға да істеп, тәтті тірліктің шырқын бұзып жүрмесе жарар еді-ау. «Құдай-ау, енді қайттім? Қандай

амал бар бұл шіркінге?» деп ойлап, оңаша үйде жаны күйзеліп отырған.

Кішкентай қыз қыңқылдап кеп етегіне оралды. Балаларының ең кішісі осы. Бұл күнде бұ да төртте. Құдай қарасқанда осы қызы ауру-сырқаусыз, қол-аяғы балғадай боп өсіп келеді. Тек Әшімжан жүдеу. Қолға алғаннан бері, әйтеуір, ілесінен айықты. Соңғы кезде тілі дұрысталып, аяғына басып кетсе де, сорлы бала етке шықпай-ақ қойды. Өзі аумаған әкесі болатын. Үлкен ала көзі, қоңқақ мұрны, кез иегі құйып қойғандай. Аяғы алысқа түсіп кеткен күйеуін сағынғанда Кенжекей әрқашан істеп жатқан шаруасын қоя сап, осы баланың әкесіне қатты ұқсайтын бет әлпетіне телміріп қарап қалады. Кейде ол өз бетінше ойнап жүрген Әшімді жүгіріп барып, құшырланып бауырына қысқысы кеп кетсе де, қалған балалардан бата алмайды.

Еламаннан көптен хабар жоқ. Шалқарға барып қайтқан кісілер көре алмадық деп, бұның қосүрей көңілін қорқыныш билеп жүрген-ді. Осыдан бір ай бұрын ауру әкесіне Ақбала келіпті деп естіді. Осы хабар құлағына тиген бойда Қарақатын істеп жатқан шаруасын тастай сап, алау-далау боп жүгіріп келді.

– Ойбай-ау, не есіткенің бар?

Кенжекейдің дыбысы шықпай қалды. Қарақатын оның қуарып кеткен өңіне қарады да, қасына тізе бүкті.

– Естіп пе едің?

Кенжекей әлі кұрып, буын-буыны дірілдеп қоя берген бойын қасындағы қазандыққа сүйеді. «Көптен бері хабар болмай кетіп еді. Сорлап қалған шығармыз» деген суық ой жүрегін мұздатып барады.

– Сақ бол, ана сайқал төркініне кепті ғой, – деді Қарақатын.

– Кім?

– Ақбаланы айтам. Ал көре қал, бұнысы тегін емес.
– Әкесі сырқат деген.
– Соған сенесің бе? Сол қызыл көзге қағынды келетін бе еді? Жұртқа зәрін жайып, жыландай ысқырады да отырады. Қызы да жөргегінен ұшынған. Осыдан көрерсің де білерсің, мені әулие дерсің. Ол жүзіқараның Еламаннан дәмесі бар.

– Құдай-ай, қойшы.
– Сен аңқаусың.
– Жоқты соқпа.
– Сен ашық ауызсың. Жұрттың бәрін өзіңдей көресің.
– Алла разы болсын... қойыңызшы.
– Өй, мынаның есі дұрыс па? Қойы не, а?
– Бірді бірге шатпасаң тыныш жүре алмайсың ба?
– Ойбай-ай, енді не дейін. Мына шірік мені масқара қылды-ау! Мен сорлы омырауымды ашып аңқылдап келсем... Күні кеше Төлеу шашыңнан сүйреп...

– Шық! Жоғал! Ой, жексұрын!
– Өзің жексұрын. Жер басқан жанның азы мен тозысың. Ертең қойныңдағы байыңды тартып алады. Сонда көрермін сенің әуселеңді...

Қарақатын ауылды басына көтеріп бат-бұттап сөйлеп барады. Кенжекей ауыл-үйден қысылды. Үй ішінде үрпиісіп қалған балалардың бары-жоғын да сезбей, шынтағымен ошаққа сүйеніп отырып қалды. Осы бір қаңку сөз құлағын сарсылтқалы қашан. Балалары жатқан төсектің шет жағына кисайған Кенжекей қараңғы үйде көз ілмей жатыр еді; көңілін күдікке бергісі келмесе де, әлгі қара пәленің лаңы қайта-қайта есіне түсе берді.

Төлеу жер-суын тастап, жағаға көшіп келетін жылы Ақбаланы көргені бар. Құдық басында кездескен-ді. Ақбаланың ажары сынық екен. Өздері сияқты шолақ дүниенің зарын тартып, жілігі шағылып жүрмесе де,

аппақ сұлу жүзінен ішінен азып жүдеп жүрген көңілін сезіп еді-ау. Жаңағы қара пәле мың жерден кірлемек болса да, құдай біледі, ардан аттап жүрмеген шығар. Иә, ол байғұста не сын бар. Етінің қызуы, бетінің қызылы тарқамай жатып екі үйдің босағасын көрді. Беті ашылды. Базары қайтты. Бай мен баладан бірдей айырылды. Иә, ол бейбаққа да оңай боп жүр дейсің бе?

Қарақатын қанша айдап салса да, бұның өзінің арғы жағында Ақбалаға құттай да қызғаныш жоқ. Қайта оны есіне алған сайын бағы ашылмаған байқұстың басындағы мүшкіл халді осы түн ол соншалық бар жан-тәнімен сергек сезді. Қасында ұйқылы көзімен кеудесін сипалап жатқан кішкентай Әшімге де бұрынғыдан гөрі басқа көңілмен қарады.

Кенжекей күндегіден ерте тұрды. Балаларын көршісіне тапсырды да, алдына Әшімді алып, ертеңгі салқынмен жүріп кетті. Ботасы ауылда қалған түйе ілгері жүрген сайын қайта-қайта артына жалтақтап, аңырап боздап келеді. Ыстық тез түсті. Тас төбеге келген күн шақырайып тесіп барады. Түйе үстінде итіндеп зықы кеткен бала әрі-берідесін қыңқылдап жылай бастады. Түс ауа бергенде бұлар жазық далада бір өзі жалғыз шошайып тұрған Жетімқараға жетті. Осы шоқының етегінде қоңыр үзікті кедей ауыл отыр екен. Сыртта тірі жан көрінбеді. Күндізгі ыстық аптаптан ауыл адамының бәрі ішке тығылған сияқты.

Кенжекей түйе басын шеткі үйге тіреді. Қозылар көгендеулі жатқан желі басына түйені шөгере бергенде іштен бір әйел шықты. Кенжекей оны бірден таныды.

– Ақбала! – деп дауыстап, түйеден қолына ұстай түскен кенеп дорбадағы қақпыш балықты сатырлатып сүріне қабына жүгірді.

Ақбала өзі танымаса да, бірақ бұны ол танып, атын

атап жатқасын іркіліп тосып тұр.

– Ақбала апаң ғой. Бар. Бара ғой, айналайын.

Ақбала дір ете қалды. Бейтаныс келіншектің жанында томпаңдап келе жатқан қоңқақ мұрын қара балаға қарады.

– Амансың ба, құрбым.

Ақбала қасында ыржиып тұрған ақжарқын келіншекті көрді. Оның не дегенін есітпесе де, тіл қататын орай өзінен екенін біліп, болар-болмас бірдеңе деді.

– Танып тұрған шығарсың, – деді Кенжекей өзінің шалғайынан тас қып ұстап алған баланы иегімен нұсқап. Ақбала басын изеді. Бір түрлі сөлекет күлкі бет ажарын бұзып, біліне түседі де сөне қалады. Кенжекей «апаңа бар» деп қайта-қайта итермелесе де, аяғын баспай қойған ұялшақ қара баладан көзін айырған жоқ. Әшім онан сайын қысылып, Кенжекейге тығыла түсті. Бұрын-соңды бірде-бір әйелдің өзіне дәл мына келіншекше мейірімді, мұңды көзбен мұншалық жаны үзіле қарағанын көрген емес-ті.

Әшімге тілін алғыза алмаған соң енді Кенжекей де сағы сынып: «Ай, шырағым-ай, шыққан жатырыңды жатырқап, балалығың ұстап тұр ғой, не қылса да» деді ішінен.

* * *

Бұл күні Сүйеу қарттың үйі кешкі асты қызыл іңірде ішкен еді. Көлік соғып шаршаған бала дастархан басында үлкендермен бірге ас ішіп отырып ұйықтап кетті. Ақбала қонақ келіншек пен балаға төсекті бірге салып еді. Кенжекей жатар кезде ұйықтап жатқан баланы көтеріп апарды да, Ақбаланың төсегіне салды. Ақбала

көрсө де, көрмеген сыңай танытып, күйбеңдеп, үй шаруасын істей берді. Бұнда келгелі дағдыға айналған әдет бойынша кешкі астан кейін ауру әкенің жайын істеп, насыбай салған мүйіз шақшаны жастығының жанына қойды. Онан таң атқанша әлденеше оянатын әкесіне шөлдегенде ішетін сусын әзірледі. Сосын жалпылдақ шамды есік жақтағы шелектің үстіне қойып жатып, қонақ келіншекке көз қиығын тастап еді, ол әлгінде іргеге бетін беріп жатқан күйінен қозғалмапты. Ақбала шам жарығын басып қойды. Бір шөкім бетін құйттай алақанына сап, тырп етпей тып-тыныш ұйықтап жатқан баланың жанындағы бос орынға қисайды. Әшім оянбады. Кенжекейге істейтін күндегі әдет пе, ұйқылы күйде Ақбаланың омырауын сипалап, кеудесіне тұмсығын тығып тып-тыныш бола қалды. «Құлыным-ай. Тірі жетім сорлы балапаным-ай!». Ағыл-тегіл жылаған әйел баланы күнсіген айдарын иіскеп, құшағына тас қып қысты да, таң атқанша көз ілмей қыбырсыз жатты. Бұрын ол қатты ұйықтап жатып та сырқат әкенін сәл қозғалғанын сезетін. Бүгін бауырындағы баласынан басқа тірі бір жанды ойламады. Күндегі әдетпен сусын ішкісі кеп оянған әке де, өзінен қол созым жерде жатқан қонақ келіншек те есінен тарс шығып кетіп еді. Жазғы таңның қылаң берген алғашқы сәулесі шапақ шашып, түндігі түсірулі абажадай үй іші бозамық тарта бастағанда, Кенжекей қозғалды. Балықшылар аулының ерте тұратын жайы Ақбалаға белгілі. Қонақ келіншектің күндегі дағдылы уақытта ояматынын білген Ақбала ұйықтап жатқан баланың қасынан тұрып кетті. Сыртқа шығып шай қояйын деп жатыр еді, Кенжекей жанына кеп қолынан ісін алды.

– Қатып қаппын. Әшімжанның ояматын түрі жоқ. Маған бер, отты мен тұтата қояйын.

Ақбала «қайтесің, өзім де үлгірем ғой» десе де, Кенжекей екі елі қасынан қалмай, ішке кірсе кіріп, шықса бірге шығып жүр. Осы шақта сонша жерден сабылып өзін іздеп келген аңқылдаған бишара әйел көрген-білгенін айтып салдырлап сөйлеп жатқанда, бұл өзінің жұмған аузын ашпағанына қысылады. Оның ықылас-пейіліне орай бұның тым құрыса осы тұста жүрегін жайып тастайтын реті еді. «Не қылса да кісінің өзіне де күші жетпейтін бір кезі болатыны ғой» деп ойлады Ақбала.

Көңілдері жараса қоймағанын байқады ма, Кенжекей үйде қалған балаларын сылтауратып, алдын кештете аулына қайтты. Ақбала ұзатып салды. Ботасына қайтқан түйе қамшы салғызбай желе жөнелді. Ақбала түйе үстінде селкілдеп бара жатқан келіншекті көзден таса болғанша ұзатып салды. Артып кеткен ажар-көркі болмаса да, қара торы, екі беті бұлтиған дөп-дөңгелек зерен жүзді. Дәнге тойған бұлдырық тәрізді тұла бойы да тығыншықтай екен.

Ақбала мырс етті. «Кұдай біледі, күйеужанды болар» деп ойлады. Иә, түрі айтып тұр. Күйеуінің көлеңкесі сияктанып, отырса да, тұрса да асты-үстіне түсіп өбектеп бітетін шығар.

Ақбала тағы да мырс етті. Сыртта самауырға су құйып, от тұтатып, ішке кіргенде де әлгі ащы мысқыл әдемі бетінен жуық арада айықпай, ажарын мұздатып тұрып алды. Кешке бауырындағы баласын құшақтап жатып та ол түннің бір уағына дейін өзінің ит-ыржыңмен өткен өмірін ойлады. Онан Еламан екеуінің арасын ойлауы мұң екен, бүгін тағы да көзінен ұйқы қашып, май шамның әлсіз жарығы сығырайған үйдің оң жақтағы жамау түскен үзігіне қадалып алды.

Ой, дүние-ай, о да бір дәурен екен-ау! Ақбалаға

үйленердің алдында бір жыл бойы жылқышы жігіт келуін жиілетпеді ме? Әсіресе, ел қораға кіргесін ай сайын, апта сайын ат сабылтып келіп тұратынды шығарды. Қақаған қаңтар айында бай ауылдың жылқысын ұры-қарыдан күзеткен жігіт күндіз-түні аттан түспейді. Суық қапқан бойы сықырлап, кіріп келе жатқан жылқышы жігітті көрген сайын бұл жиырыла қалатын. Әлі есінде; әке-шешесі ауыз ашуға отырған кезде Ақбала үй сыртындағы ақ шоқалақтың тасасында тосып тұрған Тәңірбергенге кездесті. Осы күннің ертеңіне де сол қуаныш қыз жүрегінде шоқтай маздап тұрғанда жылқышы жігіт келді. Тәңірберген маңайынан жүре алмайтын үйге бұл ешкімнен именбестен емін-еркін кеп, атын қамыс қораның ығына байлап жатты. Қалың киім киген бойы қорбандап, ат шылбырын белдеуге байлады. Бетіндегі боз қырауды алақанымен бір сипап тастап, сарытабан қарды сықыр-сықыр басып келе жатқанын көрді де, бұл шапанын жамылып, көрші үйге кетіп қалды. Бірақ қатал әке дереу шақырып алды. Ақбала дастархан басына амалсыз келді. Бір қырын отырып шай құйды.

Еламан ұялшақ. Қашан кете-кеткенше қыз жаққа қарауға жүзі шыдамай, көзін қашырта береді. Үстіне Ақбала кірсе болды, екі беті дуылдап қоя беретін. Көңілі жүйрік қарт қызына атып жіберердей шаншыла қарайды. Басқа кезде қорықса да, бұл дәл осы тұста қаһарлы әке ашуынан қорықпайтын. Қайта осындайда қыздың бойында да әлдебір егес оты өршеленіп кететін. Шіркін, жастық не істетпеді!

Қанша келіп жүргенде оған бір рет те рай бермепті. Сонысы жөнсіздік пе, тәкаппарлық па? Қайткен күнде де шамадан тыс шектен асып кетсе, сірә тегі, тәкаппарлық та қаталдықпен парапар ма қалай?

Ақбала көз қиығын құшағындағы баласына тастады. Ақбалаға бірден бауыр басып кетті. Сорлы бала шыққан жерін сезетін шығар-ау.

Алғашқы күні осы баланың кімге ұқсағанын ойлаған жоқ-ты. Оған мұршасы да болмаған. Бейтаныс әйелдің жанында томпаңдап келе жатқан қара балаға көзі түсуі-ақ мұң екен, өзінің ана жатырын жарып шыққан тұла бойы тұңғышы, тірі жетімегі, бір жапырақ бауыр еті осы бала екенін бір дегеннен бар жанымен сезе қойып еді. Кейін мауқын басқан соң, оңаша үйде ойнап отырған Әшімге анықтап қарады. Қайталап қараған сайын осы баласының тұла бойындағы бар бітімі мен бет әлпетінен Еламаннан аумайтын ұқсастық табатын. Әсіресе, Әшімжанның үлкен ала көзі мен кез иегі, қоңқақ мұрны... құйып қойған әкесі. Мінезі де бұйығы, тұйық. Туғанда да осы бала үш айға дейін бір түрлі болды, емізетін мезгілінен асып кетсе де, бала боп мазасызданып жылаған емес. Қашан қол-аяғын шешіп, құндағынан босатып алғанша оянбайтын. Жарығымның сол мінезі өскесін де өзгермепті. Қазір нағыз қолда тұрмай зырлап жүретін кезі ғой. Өзімен бірге ойнайтын бала да іздемейді. Іші пысып жалғызсырайтын емес. Үш мезгіл ас берсең болғаны. Үй ішіндегі кісілерге ала көзінің астынан бір қарап қояды да, ертеден қара кешке дейін өзімен-өзі ойнап отыра береді. «Құдай біледі, жасында әкесі де дәл осындай болған шығар-ау» деп ойлап, Ақбала ақырын күлді.

* * *

Кенжекей үйіне ел орынға отыра жетті. Не көрінгенін қайдам, жол бойы басына қай-қайдағы ойлар келіп, әлек-шәлегі шыққаны. Әуелі Ақбаланы есіне алды. Сосын бір

күн, бір түн бірге болғанда екі әйел Еламанды аузына алмағандарына таң қалды. Ақбаланың неге бүйткені белгілі. Ақбаланың орнында болса, кім біледі, бұ да сүйткен болар ма еді. Бұл тек Ақбаланың әке-шешесіне қайран. Апырай, керек десе сорлының бұл дүниеде бар-жоғын да білгісі келмегендей, екі күн бойы ауыз ұшына алмағандары қалай? Сондай-ақ оның жазығы қанша?

Қарақатын Кенжекей келгенше шыдамай, жолына қарап отыр екен.

– Осы жұрт Ақбала мен Еламанды қайта табысыпты деп жүр ғой. Сол не сөз, онан не білгенің бар? – деп, Қарақатын бұған дүрсе қоя берді.

Кенжекей бұған басында көңіл бөлсе де, кейінірек керең болған кісідей құлақ аспай қойған-ды. Соның арқасында болар, ақыры ауыл арасындағы сүйретпе бықсық сөз де сөнді. Сүйтіп жүргенде бір күні Еламаннан хабар келді. Қалаға барған біреуден амандығын айтып, азын-аулақ шай, шекер беріп жіберіпті. Барам деген сөз аузынан шықпаса да, осы күннен бастап «келіп қалар» деген үміт Кенжекейдің кеудесінде шоқтай маздады да тұрды. Үй сыртынан дыбыс шықса, елден бұрын бұл елең етіп, тап бір жігітін күткен қалыңдықтай жүрегі лүпілдеп қатты-қатты соғып кетеді.

Күндіз жұмыста. Кешке үйге келе сала балаларға тамағын беріп, қызыл іңірден жатқызып тастайды. Сосын кебеже түбінде жатқан сүт тайлақтың жүнін бір етек қып алдына салып алады да, түннің бір уағына дейін түтеді. Кейін қолы қалт еткенде Еламанға шекпен тігіп бермек ойы бар.

Күйеуге шыққалы қатты өзгерді. Оны өзі де сезеді. Төлеуден кейін еркек атаулыдан көңілі қалғаны сонша, ендігі қалған жерде өмірбақи күйеуге шықпаспын деп ойлап еді. құдайға шүкір, қойны құр емес, баурында үпірлі-

шүпірлі балалар, ендігі қалған жерде өйтіп-бүйтіп сол қарақтарын адам қып өсіріп, аяғына мінгізіп, жеткізсем деп ойлайтын. Қалай болғанын қайдам, құдайдың жазғаны солай болды ма, әлде, кім білсін, қайын-сіңлісі пақырдың осы кісіге деген ыстық ықыласы әсер етті ме екен. Асылы, нәсілі ұрғашы болғасын, ұрса-соқса да төмен етекті, бәр бір от басына айбар болатын бір азаматсыз күні жоқ екеніне өзінің де көзін жеткізген сияқты еді. Қара қатынның сөзі әсер етті ме, бір жолы қараптан-қарап отырып көңілін күдік жайлап, «қате істедім бе? Сорлы басыма пәле тілеп алмасам қайтсін» деп ойлады. Осының алдында ғана көкірегінде гүлдеп келе жатқан қуаныш кенет қара суық ұрғандай, өз-өзінен жүдеп, балық сойып жатқан қатындардың арасында қолынан пышағы түсіп отырып қалды. Соны басқадан бұрын мосқал әйел байқап, құлағына еңкейіп:

– Кенжекей, бір жерің ауырып...

– Жо-жоқ...

– Шаршаған шығарсың?

– Әй, құрысыншы.. Құрып қалсыншы, осы ит өмір, – деген де, Кенжекей орнынан тұрып кетті. Аң-таң болған қатындарға назар салмастан, пышақты лақтырып тастады да, сол күні үйге ерте қайтып кеткен еді. былай шыққасын жылап, көзін бір сығып алды. «Бұрынғы күнімді көріп жүре бергенім дұрыс еді» деп ойлады.

Ертеңіне ол күндегіден кештеу оянды. Апыл-ғұпыл асығыс киінді. Аяғына сүрініп жүріп балаларына асығыс-үсігіс ас даярлап жатқан үстіне сарт-сұрт етіп Еламан кіріп келді. Кенжекей істеп жатқан шаруасын тастай сап, балаларынан бұрын жүгіріп барса да, Еламанның бір жақ бетінде ырсиған ат тұяғындай тыртыққа көзі түсті де, қолын көкірегіне қысып қалшыып тұрып қалды.

Еламан балаларды бетінен сүйді де, кішкентай қыз баланы қолына көтеріп алды:

– Өзің өсіп қапсың ғой. Ал, қалайсыңдар?

Әлі де есін жия алмай тұрған Кенжекейдің екі көзі әлгі әлі жазыла қоймаған тыртықта.

– Өшімжан қайда? – деді Еламан.

– Атасында ғой, Өшімжанның әкесі-ау...

Еламан әйелінің үрейлі кескінін енді байқады.

– Жә, қайтесің. Бас аман болғасын басқасына салауат

Кенжекей алқымына жас тығылып тұрғасын ба, үні бітіп дір-дір етеді.

– Шайың әзір ме? – деді Еламан.

– Қазір... қазір...

– Кенжеш... осы Ахаң сорлы шынымен-ақ хабар-ошарсыз кетті ме?

– Иә, ол байғұс... сүйтті ғой.

– Алда, пақыр-ай!

Осы екі арада көршілер жиналып қалды. Теңізден кеш қайтқан балықшылар да бірінен кейін бірі үзік-созық келіп жатыр. Жұрттың соңын ала Дос келді. Еламан оған әр кездегідей ілтипат білдіріп, орнынан тұрып амандасты да, өзінің жоғарғы жағына отырғызды. Көрші келіншектер қолғабыс берген Кенжекей лезде шай-су әзірлеп, дастархан жайды.

– Еламан шырағым, біздей емес, көзің ашық. Есіткен-білгеніңді айта отыр. Мына соғыс қашан бітетін? – деді үлкендер.

– Жуық арада бір жағына шықса керек.

– Апырай-ә, мынау бір жақсылық екен.

– Шалқарды жау алды деп жатыр ғой, сол рас па?

– Рас, ақтар қазір Аралға қарай беттеп келеді.

– Көп пе?

– Жетерлік.

Шай ішіп болған жұрт көтеріліп сыртқа шықты. Кеш бойы жұмған аузын ашпаған Дос Еламанға қатарласып, тіл қататын ыңғай білдіріп еді, бірақ Еламан:

– Мөңкенің басына баралық, – деді.

Дос үндемеді. Еламан қарт балықшыға құранды өзі оқитын. Оған бағыштаған дұғаға бар ықыласын сап, жан-тәнімен беріліп кеткенде, егіліп жылап отырғанын сезбей қалатын-ды. Осы жолы да дұға соңында бетін сипағанда саусағының ұшы жылып аққан жасқа тиді де, көзінің тұсына келе берген қолы кілт іркіліп, алақанымен бетін басып отырып қалды. Тақымдасып қатар отырған Дос оған көлденеңнен көз қиығын тастады. Жұбатқысы кеп еді, бірақ осындайда сөзге шорқақ жігіт жұмған аузын ашпады. Сонан тек үйге қайтып келе жатқанда, Дос:

– Кәне, жөніңді ұқтыршы? Қандай шаруамен жүрсің? – деп еді.

Еламан көп ішінде шешілмесе де, жеке қалғасын Достан жасырмады; өздеріне қарағанда ақтардың күші басым екенін айтты. Бірақ олар тойтарыс алатын жер таяу деді. Қазір қызылдар да, ақтар да Арал түбінде болатын алдағы қырғын шайқасқа қатты әзірленіп жатқанын айтты. Ақтар Тәңірберген секілді шонжар байларға арқа сүйейді. Ал қызылдар жағы жер-жерге кісілерін жіберіп, ел ішінен ат жинап, азық-түлік алдырып жатқанын айта кеп, ақыр соңында:

– Көз тігіп келгенім Тәңірбергеннің жылқылары еді, бірақ жамандықты жер түбінен ойлайтын сұм емес пе, жылқыларын жасырып тастапты, – деді.

– Қап, не қыласың. Қолға түссе, оныкі ақүйек адал мал болар еді ғой.

– Ол сұмның жылқылары түлкі боп кетпесе, Кәлен ағам табар.

– Кім?... Кім?..

– Айтпақшы, шүйінші. Кәлен Сібірден қашып келді.

– Алда, байғұс-ай!.. Еңіреген ер-ай!

– Апырай де! Жанымыз сірідей берік екен ғой. Тепкілесе де өлмейтін темір өзек екенбіз ғой, – деді Еламан күліп.

Діншіл Дос оның сөзін асылық көріп, ішінен ұнатпай қалды.

Еламан қолына ұстап келген ноқтаны үй іргесінде жатқан ертоқымның үстіне тастай салды да, есік алдында ойнап жүрген кішкентай қызын жерден көтеріп ап ішке кірді. Бұл кезде кісі-қаралар кетіп, үй іші оңашарып қалған еді. Азғантай дүниені Кенжекей кәпелімде қағып-сілкіп, үй ішін тап-тұйнақтай ғып жайнатып қойған екен. Балалардың да үсті мұнтаздай. Кенжекейдің өзі де қай заманнан сандық түбінде жатқан ақ шыт көйлек пен түгі қырқылған мақпал қамзол киіп сәндене қапты. Айлығының есебіне жазғызып алған жас балықты былқытып асып, қазан маңында жүгіріп жүр екен.

Еламан:

– Қолғабыс берейін, – деп қасына барып еді.

Кенжекей:

– Жоқ, жоқ, саған түк істетпеймін. Бүгін балаларыңның қасында бол, дем ал, – деп, Еламанды итермелеп балалардың қасына зорлап отырғызды.

Еламан әйелінің ырқына көнгенсіп, күліп отыра берді де, андаусызда оны бауырына тартып құшақтап еді, Кенжекейдің бүйректей беті ду етті. Басынан сыпырылып түсіп бара жатқан жаулықты тез жөндеп, Еламанның құшағынан сытылып шыға берді.

– Саған не болды? Балалардан ұялмайсың ба?

Еламан асқа дейін балаларды ойнатты. Кішкентай екі баланы арқасына мінгізіп, төсек жайған төр алдында тізесімен жорғалап жүреді де, ара-арасында түйе боп бақырып жатып алады. Балаларды ойнатудан гөрі балалардың сылтауымен өзі ойнап қалғысы келген сияқты.

Кенжекей асты түсіргесін де күйеуі мен балаларының ойынын бұзғысы келмей, қазан жанында күлімсіреп отыр. Осы бір иманы бетіне шығып тұрған ірі денелі жігітке жар боп қосылғанына шүкіршілік қып, «е, құдай, осы қызығыңнан айыра көрме» деп тіледі де:

– Әй, осы үйдің үлкен баласы... ас дайын, ал келіңдер, – деді Кенжекей күліп.

Ас-су ішкесін Еламан сыртқа шығып кетті де, Кенжекей балаларын бүгін күндегіден ертерек жатқызып, ұйықтатып тастады. Өздерінің төсегін де қызыл іңірден салды. Бірақ күндегі дағдысына бағып, көрпенің астына кіріп жата қалған жоқ. Осы кеш ол құдды жігітін күткен жас қыздай-ақ некелі төсектің ыстық бір сәтін күтіп, тұла бойында тоқтата алмаған тәтті діріл бар.

Еламан бір кісімен үй сыртында ұзақ сөйлесті. Сөздері естілмесе де, күңгір-күңгір дауыстары құлаққа келеді. Жуық арада сөздерінің бітпейтін сыңайын байқағасын Еламанның ескі көйлегін жамап-жасқағалы қолын созып ұмтыла берді де, бір шалғайы түріліп кеткен шыт көйлектің етегі астынан өзінің тығыншықтай балтырын көзі шалып қалды. Күн тимеген жас тәні атластай аппақ екен. Кенжекей сықылықтап күлді де, аяқ жағындағы көрпенің астына кіріп жата қалды. Осы кезде Еламан да үйге қарай беттеп келе жатыр еді. Кенжекей төсектен атып тұрды. Неге бұйткенін өзі де білген жоқ. Қарақатынның

қаңқу сөзі есіне түсті де, ішке кіре берген Еламаннан бетін қашыртып, сырт айналып кетті.

– Кенжеш, – деді Еламан, – жай ма?

– Қайтесін. Сен білмей-ақ қой,

– Біреу бірдеңе деді ме?

– Жоқ, білмеймін, осы бақытымды өзіме көп көрем.

– Кел, қасыма отыршы. Ар жағыңда айта алмай тұрған бірдеңе бар ғой?

Кенжекей оған сыртын беріп қырындай түсті.

– Кейбіреулер айтады...

– Иә, Кенжеш...

– Жұрт сені...

– Иә, жұрт не дейді?

– Сені Ақбалаға телиді. Өз басым оған сенбеймін. Тіпті шын бола қалған күнде де, бағы жанбағаны болмаса... ол байғұс өзіміз көріп жүрген қай қатыннан кем.

– Ақылың бар ғой, қаңқу сөзге құлақ асып қайтесің?

– Қайтейін, көп болса, екі қатынның бірі болармын. Мына қарақтарымның қолы аузына жеткенше жетімдік көрмей, сенің панаңда өссе деп едім. Өз басым... шынын айтайын, қараңды алыстан көріп жүргенге де ырзамын.

– Кенжеш... Құдай куә...

– Қарғанбашы. Саған сенем ғой.

– Жұрт не демейді. Жұрттың аузына қақпақ бола алмайсың.

Кенжекей көзінен мөлт еткен жасты Еламанға көрсеткісі келмей бетін бұра берді.

– Маған не боп отыр осы, – деді.

Еламан Кенжекейдің күн санап толығып келе жатқан тығыншықтай денесін құшақтап, бауырына қысқысы кеп кетсе де, өзін тежеп қалды.

– Кенжеш... Сүйекеңе барып көңілін сұрап қайтсак қайтеді?

-
- Дұрыс, барайық.
 - Балаларды қайтеміз?
 - Оған қысылма. Көршілер қарайды.

Бұлар ертеңіне елең-алаңда оянды. Тұрған бойда тез-тез жиналды да, жүріп кетті. Ыссыға қалмай, ертеңгі салқынмен едәуір жүріп жол өндіріп тастады. Еламан Кенжекей мінген жазылы түйенің басын жетелеп, бұлаң құйрықпен отырған-ды. Соның өзінде бір жылжып кеткен тұяқ жол қоймады. Түс ауа бергенде жуық арада жаңа жұртқа аударып қонған Сүйеу қарттың аулына жетті. Ақбала әкесінің беті бермен қарағасын, бұлар келерден бірер күн бұрын қайтып кеткен екен. Кенжекей іште кісі-қара болғасын сыртта қалды да, Еламан үйге беттеді. Сүйеу қарт тәуір болғалы қасынан кісі-қара арылмайтын. Бүгін де дүние-жиһазы аз абажадай үйдің іші қауқылдаған көп кісіге толып отыр екен.

– Ау, мынау өзіміздің Еламан ғой. Кел! Кел, жоғары шық!

– Ал, шырағым, дені-қарның сау ма? Аман-есен жүрсің бе?

– Шүкір.

– Ал, сапар оң болсын.

– Әумин. Сүйекеңнің көңілін сұрағалы...

– Е-е, дегендей, бетің дұрыс. Үлкендерді ұмытпағаның жөн.

– Сүйекең тәуір. Құдай қуат беріп, шүкір, беті бермен қарады. Ал өз жөніңді айтшы. Жағадағы ауылдан шықтың ба?

– Иә.

– Жалғызсың ба?

– Жоқ, қасымда жолдасым бар.

Сүйеу қарт бұлардың әңгімесіне араласпай, үлкен үйдің оң жағына салған төсекте ақ көйлек, ақ дамбал, тіп-

тік боп қазықтай шаншылып отырған-ды. Тек осы тұста жүзін Еламанға шұғыл бұрып:

– Жолдасым!?! – деп, жұлып алғандай шаңқ етті. Ақ кірпік астынан шаншылған қып-қызыл көз өңменінен өтіп барады. Еламан андаусызда сөзден ұсталғанын білсе де, сыр бермей:

– Иә, жолдасым, деді.

– Ол сонда қай жолдас? Кім деген жолдасың?

– Келіншегім ғой.

Сүйеу қарт мырс етті де, көзін тайдырып әкетті. Ол жаққа енді назар салмады. Көйлек жағасынан қылқиып шыққан ырғайдай мойнын қыжырта бұрып, ашық есіктен сыртқа қарап, осы ауылдың бет алдындағы сонау шалғайда сағым арасында мұнартқан жаман боташқа қарап отырды да, тағы да мырс етті. Сосын қасында отырған қарияға бұрылып:

– Жолдасым дей ме, әй? – деп, мырс-мырс күлді де, қасында таспиық тартып отырған шалды құйрыққа түртіп қалды. – Әй! Әй, сен де үйдегі пұшық кемпіріңді жолдас деуші ме ең? Ендігі жерді бәріміз де кемпірімізді жолдас дейміз бе? А? А?

Үй іші жым-жырт. Жұрттың бәрі басы баурына жығылып жапырлап қалған. Тек ақшұнақ шал анда-санда бір мырс етіп осқырынып қояды.

Ішке Әшім кірді. Үнсіз үйде иығының басы жығылып, тым-тырыс боп тымырайып отырған кісілерге жалтақтап үркектей қарады да, төрде отырған әкесіне барды.

– Еламан шырағым, мына бала анада көргенде шынжау, шарғылау еді. Өзі өсіп қалған ба, қалай? – деді қария үй ішіндегі үнсіздікті сейілткісі келгендей сөз қайырып.

– Балаң өсіп қапты. Бала айналайын малдың төліндей аяғына мініп кетсе тез өседі ғой. Бұл жаманды енді

оқытатын шығарсын? – деді көп ішінен тағы біреу сөзге араласып.

– Құдай қаласа, келесі жылы қаладағы оқуға берем, – деді Еламан.

Сүйеу қарт бас бармағындағы көк бұйра насыбайды жағы қуарған сұп-сұр бетте жотасы шығып тұратын қырғыштай мұрынның екі танауына кезек апарып, күсілдетіп ішіне қатты-қатты тартып қалды. Сосын Еламанға шаншыла қарап:

– Ал! Ал, оқуға бердің! Ал, балаң орыс болды. Ал, шашын бір қарыс қойды. Тар шалбар киді. Түрегеліп сиді. Сонда ол саған иман әпере ме? О несі?.. О несі, әй?

Үй толы кісі тағы да тым-тырыс бола қап, бір-біріне көзінің астымен қараса, үн-түнсіз бір-бірлеп кете бастады. Үнсіз үйде ұзақ отыра алмаған Еламан да әлгілердің соңын ала тысқа шықты. Тек қазықтай шаншылған қырсық шал қыбыр еткен жоқ. Кемпір де үнсіз. Шалына байқатпай көзінің астымен бір қарап қояды. Сонан бір кезде Сүйеу қарт оскырынып:

– Әй, жолдасым, – деді кемпіріне, – іш дәрет алатын су әкел.

– Ай, сорлы-ай! Пайғамбар жасынан ассаң да осы бір ит мінезге әлің келмей қартайдың-ау сен де.

Сүйеу үндемеді. Кемпір сөзін қайта жалғап:

– Еламанға сонша неге қадалдың? Не жазығы бар еді оның? Ұят істедің ғой, – деп еді.

– Жоқ-ау, оқуға берем дейді. Ал, бер, бер! – деді Сүйеу.

– Оқыса қайтеді. Оқысын. Заманы солай.

– Әй, қақпас, отыр! Отыр жөніңе! Көрдің бе, тілі сала құлаш.

– Сенің де арғы жағың белгілі.

– Е, менің арғы жағымнан не көрдің?

– Бізде де көз бар. Сенің шымбайыңа батып отырған оқу емес, басқа.

-
- Не дейді, әй? Не деп оттайды, әй!? А?
 - Кісіден көретін не бар... Дәм-тұзы жараспағасын...
 - Оттапсың! Ақылыңды басыңа шайнап жақ. Шық!

Шық үйден!

– Жә, қойдым. Сен сорлы қай қылығыңды мойындап едің, – деді де, кемпір астында жатқан тулақты ұстай түрегелді.

Сүйеу бармағындағы насыбайды есіктен шығып бара жатқан кемпірдің соңынан шашып жіберді. Бет терісі жыбырлап, көзінің алды тартып-тартып қалды. Сосын шапанын бүркеніп іргеге қарап жатып қалды. Сонан кешке өрістен мал келгенде ояңды. Әлгіндегі ашудың зәрі сынса да, бірақ үй ішіне рай бермей, біразға дейін мойнын сырт салып қыжыртып отыр. Еламанның қарсы болғанына қарамай, қолындағы азғантай қойдан қалған биылғы төлдің соңғы қозысын сойғызды да тастады. Қазан көтерілді. Сол күннің ертеңіне Еламан жолға жиналды.

– Ал, ата, мен жүрем. Көріскенше күн жақсы.

– Жүрем де?

– Иә, ата.

– Үм... Көріскенше дейсің, ә?.. Сендермен көрісетін атаңда күш қалды ма? Бері... бері келші, балам!

Қарсы алдына кеп тізесін бүгіп отырған Еламанның қос қолын уысына қысып отырды да, көңілі босап бара жатқасын бойын тез билеп, жиып ала қойды. Кезерген ернін Еламанның маңдайына тиер-тиместе тартып алды. Сүйеу қарттың ішкі тынысынан ақырған көк насыбайдың ащы иісі бұрқ етіп еді.

Еламан: «Алла қуат берсе аяғыңызға мініп кетерсіз» – дегісі кеп еді, оған бірақ мына ақ кірпік, қызыл көз қазақы шалдың мінезін білгесін үндемеді. Кім біледі, ол өзі сияқты Еламанға да сондайы жоқтығы үшін құлап түскен болар-ау!

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Генерал Черновтың армиясы Шалқардан кейін табан тіреп соғыса алмай қаша ұрыс салған қызылдарға ес жиғызбай түре қуып отырып, бір жетіден кейін Сексеуіл стансасынан бір-ақ шықты. Оның ар жағында Арал қол созым жер. Араға бір күн түсті ме, жоқ па, жер қайысқан қалың қол қатты шайқастан кейін Аралға да жетті. Олармен шалғайласып оқ-дәрі тиеген түйелер, ат арбалар, обоздар, жаралылар бірінен соң бірі үздік-создық келе бастады.

Ұлы шайқас алдындағы осы бір қарбаласта Аралдың іргесіне күні бұрын күш жиып бекініп жатқан қызылдарға Ташкеттен әскер келді. Алғашқы күні Колузаев бастаған бес жүздей мадьяр отряды келіп еді. Іле-шала теміржолмен қызыл вагонға тиелген мыңнан астам түрікпендердің атты әскер полкі жетті. Бәрінің басында бір-бір қойдың терісінен істеген сеңсең бөрік. Суырма қылыш сандарына соғады. Сіңірдей қатқан ыс аяқ қара жігіттер қызыл вагоннан алақандай көзі алақ-жұлақтап, оскырып, үркектеп түскен қазмойын арғымақтарға ырғып, ырғып мініп алды.

Осының аз-ақ алдында Түркістан майданынан Аралға ерекше мандатпен төтенші комиссар ғып тағайындалған Петр Дьяков келген еді. Қасындағы Кронштадтан көмекке жіберген он тоғыз морьяк бар. Олар да келе сала көк теңіздің бас-аяғынан ірілі-ұсақ кемелердің бәрін жинап, екі асығыс-бір қарбаласта флотилия жасақтап алды. Ал бұл өңірге баяғыда келіп, Арал қаласына бірі – шіркеу, бірі – балық зауыты, бірі – порт, бірі – үлкен үйлер салып, кемелер, баржалар соқтырған ақшалы бай көпестер – Марков, Мокеев, Елисеевтер – заманнан бері теңіздің арғы бетінде жатқан Хиваға қатынап, сауда-саттық жасап жүрген ірі-ірі кемелері – «Хива ханы» мен «Түркістан»

теплоходына екі-екіден зеңбірек орнатып, пулеметтер құрып тастаған еді.

Осы күндердің бірінде Аралға Кәлен келді. Қасында өңшең қару асынған жігіт. Аттары қара тер. Тәңірбергеннің шың арасында сырт көзден жасырып жүрген бес жүздей жылқысын қуып әкелген екен.

– Әй, әлгі көксауларың қайда? – деді ол келген бойда.

– Оны бұл арадан таппайсың. Ол қазір қаланың шетінде окоп қазып жатқандардың арасында жүр.

Кәлен оған өзі бармай, қасындағы бір жігітті жіберіп еді, ол Дьяковқа жетем дегенше мына жақтан оған екі аттылы құйындатып шауып келді.

– Комиссар... жау...

– Алыс па?

– Жоқ... Алды 68-разъезге келе бастады. Жер қайысады.

Дьяков жау бетті шолғындап қайтқан екі жігітті штабқа жөнелтті де, өзі әлде біреуге айқайлап, окоп бойымен ілгері жүгіріп кетті. Бір қалтарысты айнала бергенде кеудесі қысылып тұра қалды. Бұндайда ол әдетте кісі-қараның көзіне түспеуге тырысушы еді, дәл қасынан әлде біреудің «Камсар» деген дауысын есітті. Мынау кім де болса Еламанның жігіттерінің бірі екенін біліп, жалт қараса, шынында да қасында қылыш асынған қияқтай қара мұртты жігіт тұр екен.

– Ә, Әли... ххе... Кел! Кел!

– Камсар, немене... Сырқаттанып...

– Жәй ғана... Еламан оралды ма?

– Жоқ.

– Жігіттер қалай? Әзірсіңдер ме?

Әли түсінбеді.

– Жау жақын. Жігіттерің әзір болсын, – деді де, ол коммунистер полкінің оң жағында шеп ұстап жатқан мадьярлар отрядына барған-ды. Дәл осы кезде кейінгі

жақтан біреу: «Әне, шаң шықты» – деп айғайлап жіберді.

Дьяков дүрбіні көзіне апарып еді, қолы қалтырады ма, қалай сығаласа да көзі қарсы беттегі сары төбенің баурайына тіреліп, адыраспан ба, итсигек пе, қайда бір сондай қауқиған қадау-қадау бұталарға түсе берді. Сонан бұл кеудесін көтеріп, қос шынтағын окоптың ернеуіне тіреді де, ілгері жаққа қайта қарап еді, бұл жолы разъез басындағы жалғыз ақ үйді көрді. Үй маңында қыбырлаған тірі жан жоқ. Ал оның арғы жағынан, түү-түү қашықтан түйдек-түйдек шаң шықты.

– Міне, мынау Арал! Арал теңізі.

– Ға-жап!

– Рас болса, бұл өзі дүние жүзіндегі мөлдір теңіздің бірі көрінеді ғой.

– Болса болар, ана қараш... көкпеңбек.

– Подполковник мырза, сіздің әкеңіз де осы теңіздің бір жерінде промысел ұстаған көрінеді ғой.

Федоров жіңішке ерні жымқырылып тістеніп ала қойды. Тақымы астында тұрмай тықыршыған аттың тізгінін тартып, жұрт көз тіккен жаққа бұ да дүрбіден ұзақ қарады. Сонау көз ұшындағы теңіз бұл дүрбіні көзіне апарған бойда ат тұмсығының алдына кеп тіреліп тұра қалды. Онан беріректе теңіздің дәл жағасына қам кесектен салған кішкентай қаланың құжынаған үйлері мен портта тұрған кемелердің сырықтай мачталары андыздап қоя берді. «Бұлардың бекінісі қайда?» – деді Федоров ішінен. Осы кезде ат тізгінін созып ілгері жүріп кетті де, әлгі көріп тұрғандарының бәрін біреу дүрбі әйнегінен сыпырып тастағандай болды.

Федоров тілмашқа бұрылды.

– Мынадан сұрашы, бұл араның халқы суды қайдан алады екен?

Тәңірберген өзіне тілмашсыз тіл қатпағанына қитығып қалды. Оның үстіне кешегі күні Теміркеге көңілі қалғаны сонша, осы татар жігіт жол бойы бұның жынына тиіп, қитығып келе жатқан-ды. Татар тілмаш Федоровтың сауалын қазақшалап:

– Подполковник мырза шушы жирдә құдық бар ма деп сұрайды, – деп еді,

– Оны жергілікті халықтан сұрау керек. Мен білмеймін, – деді Тәңірберген.

– Сен проводниксің, вит.

– Білмеймін.

– Мырза, бұның жарами. Дұрыс сөйле.

– Дұрыс сөзім осы. Бұл ара менің бұрын-сонды болмаған жерім.

Татар тілмаш бұның сөзін аузы сумаңдап жалмажан Федоровқа жеткізе бастап еді. «Жез қоңыраудай шүлдірлеген сорлы» – деді Тәңірберген ішінен.

Федоровтың полкі Арал түбіндегі 68-разъезге бірінші боп жетіп еді; өңшең ерні кезеріп, көзі шүңірейген үстібасы шаң-шаң солдаттар келе сала жапырлап аттан түсе бастады. Аяғы жеткендер бұрынырақ барып, кішкене ақ үйдің іргесіндегі қос уыс көлеңкеге таласып, бірінбірі иықтап ысыра бастады. Ендігі қалғандары терезе алдындағы жалғыз түп теректің саясына тығылып, өздерінен кейін келгендерді арасына кіргізбей мүйіздеп жатыр.

Подполковник Федоров ат үстінде өздерінен кейін келіп жақтан әскерлердің жолын тосып тұр. Қасында бір топ офицер. Бұлар жер қайысқан әскердің келгенін келгендей күтіп алып, штаб жоспарлап белгілеп берген тиесілі орындарға рет-ретімен орналастырып жатқан-ды.

Кейінгі жақтан даланы шаңдатып, дүбірлетіп келіп қалған әлде бір қалың қолға разъез басындағылар жалт қарады. Сүйткенше ұбап-шұбап келе жатқан пластун полкінің ту сыртындағы қара жолға әуелі ұзын найзалардың ұшы қылтылдап, іле-шала түйдек-түйдек шаң астынан ағызып келіп қалған атты әскерлер шыға-шыға келді. Басын тартпастан ағызған беті кішкентай разъезді ат тұяғымен басатындай жапырып баратты. Бұлар Троицкі мен Соль-Елецкінің атты казактары еді. Олармен шалғайласа Оралдың атты казактары жетті де, әй жоқ, шәй жоқ темір жолдың екі бетіндегі бұйырғынды, боз жусанды даланы иеленіп, аттан түсіп жатты.

- Мыналар өңмендеп қайда барады.
- Оны өздері біледі, – деді Федоров.
- Штаб белгілеген орындары басқа жер.
- Бұлар сенің штабыңды қайтсін, – деді Рошаль.
- Жоқ, болмайды. Өздерінің орнына барсын.
- Әуре болма. Олар Дутовтан басқа ешкімді де тыңдамайды.

Федоров үндемеді. Шынында, басқаны қойғанда, Черновтың әмірі Орынбор атаманына бірде жүрсе, бірде жүрмейді. Осы араға жеткенше оны ұзын арқау, кең тұсаумен құр-құрлап ұстап келген-ді.

Бұлардан кейін де шаң астынан бірінен кейін бірі келіп жатқан әскерде қисап жоқ. Жаяу әскерлер аякси бергенде, шаң астынан броневиктер мен зеңбіректер көрінді. Ауыр қолдың ақыр соңы осымен біткен болар дегенде көз ұшынан тағы да шаң шықты. Бұлар азық-түлік артқан түйелер мен оқ-дәрі тиеген атты арбалар еді.

Бұл күндері Федоров аттан түспеді. Қасындағы офицерлерге де маза бермей, кейінгі жақтан әлі де құйылып келіп жатқан әскерлердің алдынан шаптырып, күні бұрын белгілеп қойған жерге орналастырып жатты.

-
- Каппел корпусы келді. Қайда орналастырамыз?
 - Полковник Могилевтің жазалаушы полкі келді.
 - Бірінші Түркістан полкі келді.

Ығы-жығы әскер разъез басына сыймағасын, кейін келген ендігі полк, ендігі дивизия, корпустарды ізінше кері қайтарып, арт жақтағы сары адырға жөнелтті. Шабуыл басталғанға дейін жау көзінен жасыра тұру үшін ауыр зеңбіректер мен броневиктер отрядын да әзірше бір қырдың астында ұстай тұруды ұйғарды.

Бұларды ендігі қинап тұрған су. 68-разъезде жалғыз құдық бар-тын. Федоров оған қарулы күзет қойып жатқанда, бір офицер шауып кеп: «Сапер полкі келді» – деп хабарлады.

– Рошаль, оларды өзің орналастыр – деді де, Федоров қолбасының шатырына жүгірді. Бұнда құрама командирлері жиналып жатқан-ды. Федоров ілгері озбай, есік жақтағы бос орындықтың біріне отыра кетті. Кеңес басталар алдында қолбасының адыютанты командирлердің алдына бір-бір стакан су қойды. Федоров суға қол созған жоқ. Шыт-шыт жарылған ернін тілімен жалап, аузын қуырған ащы түкірікті тамсанып жұтты да:

– Генерал мырза, – деді ақырын, бірақ осында отырған жұрт тегіс есітетін салмақты үнмен, – аттар да, адамдар да шөлден қырылғалы тұр. Не істейміз?

– Мырзалар, – деді қолбасы. – Біздің тағдырымыз ертеңгі шайқаста шешіледі. Бұл, бәлкім, біздің ең ақырғы, ең соңғы шайқасымыз болар.

– Оны білеміз, – деді каппел полкінің командирі.

– Түкті де білмейсіңдер. Бұнда келгелі бүгін үшінші күн. Ертең айқасқа түсетін жау жөнінде түк мағлұмат жоқ.

Командирлер тырп етпей төмен қарап отырып қалды.

– Алдарыңда осал жау тұрған жоқ. Шабуылға шыққанша олардың күш қарымын білуіміз керек. Солай

гой, Александр Ильич? – деп, Чернов пәтуа тілегендей атаман Дутовқа қарады. Жиынға жұрттың бәрінен кеш келсе де, ол бірақ іштегілердің бірде-біріне көз салмай, төрге шықты да, бәрінен озып барып қолбасының дәл қасына иықтасып қатар отырып алған-ды. Кеспелтек сом денесі сонан қайтып қозғалмаған. Генерал тіл қатқанда да ол өзінің құйған тастай нығыз қалпын бұзбай, тек басын изеп қостағандай ғана ишара білдірді.

– Жау шебіне кісі жіберіңдер. Федоров, сен де жібер! – деді генерал Чернов.

– Құп, қолбасы мырза

– Жау шебін көзден екі елі таса қылмандар. Әсіресе, олардың кейінгі жақтан кеп қосылып жатқан әскер күшін қадағалап отырыңдар.

Командирлер кетуге ыңғайланып қозғала бергенде, Чернов оларды сәл бөгеді.

– Су болады. Ертең түстен қалмай он бес цистерна су келеді. Аттарға да, адамдарға да жетеді, – деді де, көп ішінен Федоровқа жекелеп қарап, – тек, тіл болсын қалайда, – деді.

Федоров полкке келген бойда ротмистр Рошальды шақырып алды. Әмір күтіп тұрған Рошальға отыр деген жоқ.

– Кісілерінді даярла. Кешке ел жата барлауға барасың. Тіл керек.

Рошаль ләм-мим деместен бұрылып шығып кетті.

Ақтар 68-разъезге тоқтағалы Арал маңы қатты әбігерде. Әсіресе, кішкентай қаланың ирек-ирек тар көшелері топырлаған халық. Бәрі де бес қаруы бойында. Пулемет орнатқан тачанкалар. Оқ-дәрі тиеген ат-арбалар.

Зеңбіректер. Бәрі де лек-лек боп қаланың күнбатыс жағына қарай ағылып кетіп жатыр.

Теңізге бір бүйірін беріп тұрған екі қабат көк үй маңында кісі-қара әсіресе көп. Бәрі де қару-жарақ асынған. Екі қабат көк үйге бірі кіріп, бірі шығып, сапырылысып жатқан-ды. Айқ пен қызыл арасында осы үйдің алдына өзге жұрттан түсі бөлек бір кісі кеп аттан түсті. Осы ыссыда басында тері тымақ. Үстінде шидем күпі. Бұ да аттан түсе сала сапырылысқан кісілермен бірге штабқа ұмтылып еді, бірақ есік алдында тұрған солдат жібермей, жолын бөгеді.

– Тоқта!

Жолаушы жөнін айта қоймай, омырауға салып бара жатыр еді, солдат:

– Әй... Әй, тамыр, – деп, найзалы мылтығын кеслеп тұра қалды.

– Жібер. Бастықтарыңда шаруам бар.

– Документің бар ма, өзің кімсің?

Мынаның кісі жібере қоймайтын сыңайын байқаған жолаушы енді сапырылысқан кісілердің арасынан таныс кездесе ме деп тұр еді, іштен бір топ кісі дабырлап сөйлесіп келе жатты. Үкі көз, ірі денелі командирден басқасын танымады. Шамасы, Аралға кейінгі күндері келген әскерилердің командирі сияқты. Ішінде ақ сеңсең бөркі қоқырайған қапсағай қара бар. Күпілі қазақ жаңа осында келе жатып қала ішінде жүрген түрікпен жігіттерін көрген-ді.

– Жолдас командир...

Үкі көз командир күпілі қазаққа одырайып бір қарады да, тілге келмей өтіп кетті. Күпілі қазақ енді не істерін білмей алақтап, жан-жағына қарап тұр еді, іштен асығыс шығып келе жатқан Дьяковты көрді. Күпілі қазақты анау да алыстан көріп, қолын көтерді де биік басқыштан жүгіріп түсті.

– Ал, бері... бері жүр! – деп, оңашалап шетке алып шықты. – Ал, қалай? Не болды?

– Бірнеше рет тоқтатты?

– Ал? Сосын?..

– Кімсің деді?

– Сен не дедің?

– Не дейін, ауылым Кішіқұм бойын жайлаушы еді дедім. Сексеуіл жақта тұратын нағашымнан алған түйем бар еді. Сол жамандатқыр үйреншікті өрісін іздеп кетіп қала береді. Соны іздеп келем дедім.

– Жарайсың. Ал... Аналар ше? Айтқаныңа сенді ме?

– Оншасын білмедім. Қойны-қонышымды тінтті де, сезікті ештеңе таппағасын қоя берді.

Төтенше комиссар мәз боп күліп жатыр.

– Қорқып едім. Аман-сау оралғаның жақсы болды. Ал, кәне... не бітіріп қайттың?

– Әскердің көптігінен жер қайысады. Түрі жаман...

– Апырай, ә? Солай ма?

– Айтары жоқ. Сұмдық. Ғаламат.

Петр Дьяков күпілі қазақтың қорбиған моп-момақан түрінен көз алмай, иығының басы селкілдеп әлі де сылқ-сылқ күліп тұр.

– Сендерде бір мақал бар екен.

– Қандай?

– Ондай мақал орыста да бар. Бізде де «қорыққанға қос көрінеді» дейді. Жә, басқа айтарың жоқ па?

– Броневиктері, айырпландары бар..

– Жарайды, шаршаған шығарсың, үйіңе бар, дем ал.

Еламан үстіндегі күпінің салмағын енді ғана сезгендей, қозғалуға құлқы болмай тұр еді. Жетегіндегі ат сулығы шылдырап, су алып бара жатқан әйелдің шелегіне ұмтылды.

-
- Атыңды суарып ал,– деді Дьяков.
 - Су жағы қалай, тапшы ма?– деді Еламан.
 - Бізде тапшы. Ал аналар қалай екен?
 - Су емге жоқ. Көліктері де, адамдары да каталап

өлгелі тұр.

- Так-так...
- Бірақ олар ертең суға қарық болғалы тұр.
- Қалай?
- Кейінгі жақтан сестермен су әкелгелі жатыр.
- Оны қайдан білдің?
- Өткен түні Шокысу стансасында тұратын бір таныс қазақтың үйіне қонып ем. Өз көзіммен көрдім.
- Апырай, ә?! Сестерні көп пе?
- Оннан асады.
- Дәл санын білесің бе?
- Дәл ме?
- Иә, дәл саны?
- Дәл... дәл саны... дәл санын кім білсін. Бірақ әйтеуір оннан асады.

Жаңа ғана жайбарақат тұрған комиссар кенет асығып кетті. Жүрсе де, тұрса да салбырап санына соғатын зілдей кабурды бір қолымен қысып жүгіре жөнелді де, кілт тоқтады. «Сен қайтесің, қаласың ба?» – деген кескінде Еламанға карап тұр.

– Ырғыздан алашорданың шонжарлары шығып, үш жүздей әскермен осылай карай келе жатқан көрінеді. Генерал Черновтың әскеріне қосылмақшы. Есебін тапса соңыра шығыстағы мұсылман елінің біріне – не, Ауған, не Иран өтіп кетпекші,– деді Еламан.

Дьяков жөндеп тыңдаған жоқ. Бар құлқы басқаға ауып, асығып тұр. Штабқа такап келе бергенде көзіне түскен бір жауынгерді шақырып алды.

- Портқа жүгір! «Түркістан» кемесінің командирін

тауып ал. Дереу маған жетсін – деп, солдатты жүгіртіп жіберді де, қасында түкке түсінбей, аң-таң боп тұрған Еламанды қолтығынан алды.

– 68-разъездің өкпе тұсына кеме жақындап бара ала ма?

– Барады. Сарышығанақ бұғазы жау әскерінің өкпе тұсына тіреліп тұр.

– Сарышығанақ тайыз ба?

– Тайызы тайыз, бірақ «Түркістан» сияқты кішігірім кемеге ештеңе етпейді.

Осы кезде еңгезердей біреу атын ақырын бастырып, бұларға қатарласа берді.

– Кәлен аға!

Кәлен аттан түсті де, Еламанды құшақтай алды.

– Мен кеттім, – деді Дьяков.

Аналар бұған көңіл бөлген жоқ. Аттарын жетелеп, анадай жерде іргесін құм басқан үйге барды да, терезе алдындағы жалғыз теректің түбіне қатар отырды.

– Ағаң үйде карап жата алмады, – деді Кәлен.

– Сенің жаңағы көксау тамырыңа бес жүз ат айдап әкелдім. Тәйірі, Тәңірбергеннің малы мойныма қарыз болады дейін бе.

– Жақсы істегенсің. Ол сұм осында.

– Қалада ма?

– Жоқ, ана жақта. Ақтармен бірге.

– Оны есіткем. Енесін ұрайын, ол түлкі болса, осы күні өзім тазымын. Ал, бала, келін қайда?

– Осында.

– Қалада ма?

– Иә,

– Е, онда бұл отырысымызға жол болсын. Келіннің қолынан шай ішпейміз бе?

Екеуі етегін қағып түрегелді. Еламан кішкентай

каланың құсхана жақ шетінде, портта істейтін жұмысшы орыстың бір бөлмесінде тұрады екен. Бұлар аттарын байлап, беті-қолын жуып, төр алдына жайған төсекке отырғанда мына жақтан Кенжекей де қара шайнегін қайнатып әкелді. Жаңа ішке кіргенде Кәлен төр жақта сүйеулі тұрған кішкентай қара домбыраны көрген-ді. Жидеден шапқан домбыраны қолы білетін біреу бабына келтіріп күйлеп қойған екен. Кәлен бауырына жабыса қалған домбыраның қос ішегін құшырланып қағып-қағып жіберді. Халық жиналған жерде әсте ешқашан қолқалап сұратқызбай, салған жерден айқайлап шырқай жөнелетін Кәлен осы жолы сұйық селдір сақал, селдір мұрты тікірейе-тікірейе қалған қошқыл қара бұжыр жүзін әуелетіп жоғары көтере берді де... кенет қалт тоқтады. Үй қабырғасында ілулі тұрған ақ қалпаққа көзі түсті. Қолындағы домбыраны алдына көлденең тастай салды да, көзіне оттай басылған ақ қалпаққа көңілдене қарап:

– Әй, келін – деп, шай құйып жатқан Кенжекейге бұрылды. – Мынау... апыр-ай, әлгі өзіміздің Судыр Ахметтің... соның қалпағы емес пе?

– Иә, сол байғұстікі. Біз осылай көшкелі жатқанда келіп... Бишара сендерді жақсы көретін. «Көзімдей көріп, естеріңе ала жүрерсіңдер» деп беріп еді.

– Қой, осы жұрт оны тірі деп жүр ғой.

– Еріккен жұрт не демейді.

– Жо-жоқ, келін, тірісі тірі көрінеді. Соны біреу маған өз көзіммен көрдім деді. Арқа жақтағы қалалардың бірінде тұрады деді. Боталы түйесі бар бір сақау кемпірге үйленіпті. Кемпірі қала халқының қой-ешкісін бағады, ал өзі жалғыз түйенің сүтін сататын көрінеді. Құлағы тосаң есітетін бопты. Бұрын сүттің жартылығын екі теңгеден сатса керек. Бір күні өздері араласып отырған көрші үйдің баласы кеп; «ассалаумәлікем, ата» деп сәлем

берген екен. Ахмет әлгі балаға ит көрген текедей едірейіп: «Сәлеміңді басыңа шайнап жақ. Сүттің жартылығы үш теңге. Алсаң сол, алмасаң айда, қайқай» – депті.

– Қойшы, қайнаға-ай, – деді Кенжекей күліп.

– Жоқ, рас көрінеді.

– Құдай шебер-ай, тірісінде тәлкек қылған халық со бейшараның өлімін де он саққа жүгіртетін болды-ау.

Кәлен қарқылдап рахаттана күлді де, жанында жатқан жастықты жұмарлап-жұмарлап тақымының астына басып алды. Еламан алдына қойған шайға қол созбай, көзін төмен салып отырып қалған-ды. Үндемесе де, қазіргі түрі әйелінің сөзін іштей құптағандай. Ол сорлыны көзі тіріде де осы жұрт сүтке тиген күшіктей, әрі итеріп, бері итеріп тәлкек қып болып еді. ақтай жын, алақұйын сорлы от басына өскен ошағандай өле-өлгенше өз үйінің де зықын алып біткен-ді. Бірақ осы жұрт не десе де, барған жер құдды түлкінің күшігін ұстап алғандай іштегі шері тарқап қызыққа батып қалушы еді-ау! Сонан ба, осы жұрт күдер үзіп ұмытар кезде де іздеуін қоймайды.

– Сөзіміз ауыр болмасын, бейшара қызық жан еді – деп, Еламан із-түзсіз жоғалып кеткен жерлесін аяп отырғанын байқады.

– Ол да адам ғой. Өлсе өлген болар. Бірақ оның судырақтығы өлуді біледі дейсің бе? – деді Кәлен құрысып қалған тізесін жазып түрегеп жатып.

Бұлар сыртқа шыққанда күн батыпты. Көшеде кісі аяғы басылған. Бір-біріне бата алмай, айбат шегіп тоқтаған ақ пен қызыл бүгінде бір оқ атпай, қараңғы түннің күдігі мен қорқынышын ұлғайтып тұр екен. Еламан қала сыртындағы қорғаныс шебіне тартты. Қанша күннен бері бел шешпей, окопта таң атарып, күн батырып жүрген жігіттер жаңа-жаңа қалғып бара жатқанда, кенет тарс-түрс мылтық атылды. Әсіресе, қорғаныс шебінің оң жақ қанаты у-шу боп, қатты әбігерге түсті.

-
- Не болды?
 - Жай ма?
 - Білмеймін.
 - Командир қайда?

Шошып оянған жауынгерлер апыл-ғұпыл қаруға жармасты. Мылтықтар сатып-сұтыр оқталды. Жақын тұстан пулемет тақылдай түсті де, кілт тоқтады. Окоп бойы қайтадан жым-жырт боп тына қалды.

Алдағы айқастың бірінші құрбаны жау қолында тұтқында кетіп бара жатқанынан бұлар әлі бейхабар еді. бірақ ертеңгі қырғын ұрыс алдындағы осынау көзге түртсе көрінбейтін тастай қараңғы түнде өздерінің тірлігін жанап өткен бір жаманшылықты бәрінің жүрегі сезіп еді.

Екі қолын артына қайырып байлаған әлде біреуді желкеге түйгілеп, сүйреп әкелген ротмистр Рошальды солдаттар кәпелімде қаумалап ортаға алып жатыр.

- Тіл әкелген бе, әй?
- Ну, молодец!
- Да, герой!

Рошаль тұс-тұстандабырлап сөйлеп жатқан кісілердің арасында әлі де ентігін баса алмай тұр. Қалталарын қарап ештеңе таба алмады. Сосын: «Кімде темекі бар?» – деп сұрап еді, сол арада тұрғандардың біреуінен темекінің қиқымы табылды, біреуден оттық табылды. Рошаль қалтыраған қолымен темекіні тұтатып жатып, қасында тұрған тұтқынға көз тастап еді. Солбырайған біреу екен. Қараңғыда желп етіп сөніп қалған оттықтың сәулесінен оның көз әйнегі жылт етті. Және осы бір қас қағымда шалғысы салбыраған мұрт пен дәл сондай ұп-ұзын мұрнын аңғарып қалды. Кім де болса, кәперіне

ештеңе кіріп-шығып жатқан жоқ сияқты. Ол тек таң алдындағы ұйқысының шырқын бұзып, әлденеге абыр-дабыр боп жатқан мына біреулерге ренжіп тұрғандай.

Рошаль тұтқынды Федоровке жөнелтіп жібергесін, станса басындағы ығы-жығы әскердің арасынан өзінің жігіттерін іздеп тапты. Иесін таныған ат «мен мұндамын» дегендей, оқыранып қоя берді. Сол маңнан ол өзіне орын іздеп тапты да, астына шинелін жайып жата кетті. Сол бойда көзі жұмылып ұйықтап бара жатты да, әлденеге жаңа, тап жаңа ғана басынан кешкен оқиға есіне түсіп көзін ашып алды. Қалай десе де, өзінің оққағары бар. Осы жолы да бұнан бұрынырақ ілгері кеткен солдатқа оқ тиіп, табанда тіл тартпай кетті де, бұл аман қалды. Тұтқыннан тіл тартып ештеңе сұраған жоқ. Тек тұла бойын тінтіп қарап, бірнеше документ тапты. 1857 жылы туыпты. Коммунист. Коммунистер полкінде бөлімше командирі. Оған дейін Шалқар депосында жұмысшы боп істеген. Фамилиясы... Иә, фамилиясы қалай еді? Сквозняк... жо-қ, Зновит... Әлде Озноб... Ознобин. Иә, иә, Ознобин. Озно-бин. Рошаль тұтқынның атын ішінен қайталап жатып ұйықтап кетті. Ертеңіне ояна салысымен тағы да түнде болған жағдайды ойлап, түп-түгел есіне түсіріп шықты. Өзінің аман қалғанына тағы да іштей таң қалып, басын шайқады.

Тор шолақ ат оқыранды. «Жануар шөлдеп тұр-ау. Суарып алар ма еді» деп ойлады да, керіліп-созылып орнынан тұрды. Беті-қолын жуғысы кеп, құдық маңында үйме-жүйме боп жатқан кісілерге барып еді. Күзетші солдат құдыққа жан адамды жуытпай, безектеп тұр екен. Рошальдың есіне тағы да тұтқын түсіп, штабқа барып еді; бір жақ іргесін түріп тастаған брезент палаткаға тақап келе бергенде іштен жыландай ысқырған әлдебір дыбыс шықты. Ішке кірер-кірмесін білмей, есік алдында

іркіліп тұрып, әлгі дыбысқа құлағын салып еді, ауада ысқырған дыбыс іле-шала әлдебір былқылдақ нәрсеге тиді де, шыпылдап ала жөнелді.

– Ну, гад... Айтасың ба, жоқ па?

Мынау Федоров қой.

– Ну, га-д...

Рошаль ішке кірді. Үй ортасына етпетінен жығып салған тұтқын тырдай жалаңаш. Шынысы сынған көзілдірік анадай жерге ұшып түсіпті. Қол-аяғын керіп тастаған тұтқынның екі жағында еңгезердей екі солдат. Федоров аяғындағы шпорлы етікпен тұтқынды табанына басып, қалш-қалш етіп тұр екен. Рошаль кіріп келгенде, ол қысылып қалды. Сырт айнала бере терін сүртті.

– Іске сәт! – деді Рошаль.

Екі жендет құлаштап көтеріп алған қолындағы болат сүмбіні сілтер-сілтемесін білмей, ауада ұстап тұрып қалған-ды. Олар «не істейік?» деген кескінде Федоровке қарап еді. Федоров өздері біліп істейтін нәрсеге бұны араластырып тұрғанына ыза боп:

– Соғыңдар! – деді ақырып.

Болат сүмбілер ысқыра жөнелді. Қарт жұмысшының онсыз да түз сепкендей удай ашып дуылдатып әкетіп бара жатқан қан-қан арқасын темір сүмбілер тағы да шыпылдап ала жөнелді. Тұтқын сонда да дыбысын шығармай тістеніп алған. Бұршақтаған тер бетін жуып, кеудесі көріктей күрсілдеп, ырс-ырс дем алады. Рошаль көзінің қиығын Федоровке тастап еді, ол шімірігетін емес. Жіңішке ернін жымқырып апты. «Ұр! Соқ!» – деп, қалш-қалш етеді. Төрт қазыққа қол-аяғын керіп тастаған қан-қан дене темір сүмбі тілгілеген сайын қара жерге кіре жаздап, ұзын, арық дене бір созылып, бір жиырылып ырсылдап жатып, қолы жеткен жердің

топырағын тырнағымен осқылап, айырып-айырып тастапты. Әсіресе, аяғының астын қара тұқайымен қазып тастаған екен.

– Тоқ-тат! – деді Рошаль.

Екі жендет тоқтауын тоқтаса да, кейін шегініп кеткен жоқ. Қолдарындағы темір сүмбіні көтеріп тұрып: «Не істейік?» дегендей Федоровке бұрылып еді.

– Соқ! Соғындар! – деді ол.

Екі жендет сүмбіні қайта сермеді. Темір сүмбілер тиген жерін тілгілеп, терісін жалбыратып сыдырып түсіп жатыр. Қарт жұмысшы шыңғырып жіберді. Қара тер көзіне құйылып, өзі де қалш-қалш етіп ырсылдап жатып, топырақты аузын толтыра асады да, дір-дір етіп қатты да қалды.

Ротмистр Рошаль кабурға қолы қалай барғанын байқамады. Қол-аяғын керіп тастаған қан-қан денеге жетіп барды да, алты оқты ақырына дейін атты-атты да, нағанды лақтырып тастады.

– Мынаны қамандар, – деді Федоров әлгі екі жендетке Рошальды иегімен нұсқап.

Рошаль өзін айдап әкеле жатқан екі солдатқа назарын көтеріп қараған жоқ; олардан «қайда апара жатырсындар?» деп сұрамады да. Үйткені, қайда апарып қамаса да осы қазір оған бәрібір еді; тек, баратын жерге тезірек жетіп, төсек болса төсекке, болмаса, мейлі, қара жерге де жата кетуге пейіл боп, өзін айдаған солдаттардың алдына түсті де, олар иегін көтерген жақты бетке ұстап жөнеле берді.

Есіл-дерті ұйқы. Басында одан басқа ой да, уайым да жоқ. Керек десе, өмір деп аталатын осынау дүниеде,

осы мына таң атырып, күн батырып, өмір мен өлімді жан біткен жаһаннамның есіне салып, қараңғы мен жарықты кезек алмастырып тұрған мына аспан астында өзі, сірә, бар ма, жоқ па, бар болса нені тындырды, нені бүлдірді? Әлде қараңғыда ұшқан көбелектей, әйтеуір құрдан-құр қаңғалақтап күн өткізіп жүрген бұ да көптің бірі ме? Бұ да есіне кіріп-шыққан жоқ.

– Бері жүр.

– Енді ары жүр!

– Жоқ, бұнда... былай жүр!

Мыналардың бір сөзі мыйына кірген жоқ.

– Міне, мында кір!

Рошаль әлдебір үйге келгенін енді ғана аңғарды. Алдынан ашқан есікке кіру керек пе, жоқ па, солдат иегін көтеріп ыңғай білдіргенше тағы да аңырып тұрып қалды. Кірер жерде аяғы табалдырық па, әлде басқа ма, сүрініп құлай жаздап, эзер-эзер бойын биледі де, тақтай еденге табаны жабысқандай қалшиып тұра қалды. Төрт қабырға арасында қаңыраған кіп-кішкентай бөлмеде кіп-кішкентай сығырайған соқыр терезеден басқа көз сүрінер ештеңе жоқ екен. Табаны астында кішкене салмақ түссе де сықырлап қоя беретін қиюы қашқан тақтай еден. Беті бір елі шаң. Бұның алдында ғана ішке кіріп-шыққан әлде біреудің арбаңдаған ізі жатыр. Бұның бәрі алыста, ұмытылып бара жатқан әлдебір елестей, жанарына бірде іліксе де, бірде ілікпей бұлдырап кетіп тұр еді, жалғыз топсаға ілігіп тұрған алқам-салқам есіктің тот басқан темірлері сықыр еткенде, Рошаль артына бұрылып еді, солдаттар шығып кеткен екен. Рошаль тұрған жеріне сылқ етіп отыра кетті. Қараңғы түн енді бұның жанарына орнап, ұйқы қысқан көз жұмылып бара жатты. Сонан арғы жағын білмеді.

Тек ертеңіне ғана түс ауа көзін ашты. Ұйқысы

қанбапты. Әлде де болса ұйықтағысы кеп көзін қайта жұма берген-ді, әлдебір жақтан келген пойыз разъезге жете бергенде жүрісін жайлап, Рошаль жатқан үйге бүйірін берді де, ысылдап-пысылдап тоқтап еді. Разъез басы әп-сәтте абыр-сабыр, у-шу, азан-қазан болды да кетті. Іле-шала су сарылдап, шелектер даңғырап, аттар шұрқырап кісінеп, сапырылысқан жұрт даланы басына көтеріп бара жатты. Қу тақтайда түнеп шыққан Рошаль сүйек-сүйегі сынып, денесін қозғай алмай жатқан-ды. Жұртты дүрліктірген мына абыр-дабырға құлағын тігіп біраз жатты да, кенет сыртта сарылдаған судың дыбысын есіткенде орнынан атып тұрды. Кезерген ернін жалап, тілін қуырған ащы кермекті жұтынып қалды. Торшолоқ есіне түсті. «Суарса болар еді-ау» деп ойлады. Құлағы шыңылдап кетті ме, қайтті... Төбе құйқасын шымырлата ысқырған алапат дыбыс ауаны тіліп келіп қалды. Үйдің төбесін аударып түсетіндей, сорғалап ағып өтті де, разъезд басындағы ығы-жығы жиынның шет жағына түсті. Үй дірілдеп, терезе әйнектері шалдыр етті. Төбеден топырақ сау-сау құйылды. Сол сол екен, снарядтар гүрс-гүрс жарыла бастады. Есі шыққан жұрт енді жан-жаққа тым-тырақай қашып; түйелер бақырып, аттар даланы дүсірлетіп безіп барады. Бір снаряд тұп-тура паровозға түсті. Цистерндер қирап, су сарылдап ағып, станса басы әп-сәтте телегей-теңіз боп кетті.

Рошаль қос қолымен құлағын басты да, тұрған жеріне сылқ етіп отыра кетті.

* * *

Генерал Чернов әскерін, ат-көлігін суға қандырғасын, ертең жоқ, бүрсігүні шабуылға шықпақ боп күшін жиып отыр еді, мына жағдай оның бар ойын

бұзды. Енді не істерін білмей, томаға-тұйыққа тіреліп отырғанда, Каспий жағасынан генерал Нокс ұшып келді. Бұл ағылшын үкіметінің Орта Азиядағы төтенше тапсырмасымен жүрген аса беделді адам-ды.

Тарығып тұрғанда келгесін бе, бұған Чернов қатты қуанды. Ағылшын генералы айырпланнан түскесін өзін күтіп тұрғандардың ішінен жалғыз Черновпен қол алысып амандасты да, қалғандарға басын ғана изеді. Сосын Черновты оңашалап шетке алып шықты да, бұнда келген шаруасын айтты: «Түстік Армияның тағдыры Арал түбінде шешіледі» – деді. «Ертеңгі шабуылда қызылдардың қорғаныс шебін талқандап бұзып өткесін де, сонан қашан Ташкенге жеткенше бір жаққа мойын бұрмай, темір жол бойымен жылжып отырасыңдар» – деді. «Оның ар жағында қашан Каспийге шыққанша жолдарыңда жатқан бес қала – Қоңырат, Шымбай, Үргеніш, Хиуа, Хожаелі, Бұхара арқылы Красноводскіге жетсеңдер, сол арада ағылшынның экспедициялық корпусы тұр» – деді. «Әрине, бізге жеткенше біраз қиындық көресіңдер. Бірақ әлгі қалалардың бәрінде де қол ұшын беретін тілектес достар болады» – деді де, өзінің айтқандары қаншалық әсер еткенін білгісі келді ме, Черновқа қарап еді, жақсылық пен жамандықты қатар ойлап тұрған орыс генералы түсін бермеді. Бұ да ағылшын генералының көзіне тура қарап тұрып: «Егер ертең қызылдардың шебін бұзып өте алмаған күнде қайтеміз?» – деп еді, ағылшын генералы әуелі жанынан сигар алды. Сосын оны шексем бе, жоқ па деп екі ойлы боп тұрды да, дегенмен шекті. Сосын жуан сигарды түбінен сығымдап ұстап тұрып:

– Ондай жағдайда Арал теңізінің батыс жағалауымен Қарақалпаққа тартасыңдар. Бұл жақ елсіз. Сусыз. Сахара. Бірақ сендер біздің назарымызда боласыңдар.

Қазақ пен қарақалпақ жерінің шекарасында теңізге сұғынып кіріп тұрған тұмсық бар, онда тұщы су бар. Сол араға арғы жақтан азық-түліктерін алып ақ атаман Фелишев пен ақ офицер Сафаров, Серов, Елисеевтердің отрядтары кеп, сендерді күтіп тұрады. Ал Аралдың бұрынғы көкжал көпестері – Марков, Мокеев, Кисиндер қаржы жағынан көмектеседі. Ана жақта Хиуа ханы мен Бұхар әмірі де қол ұшын беруге әзір отыр, – деді де, салмақты сөзін соңында айтты:

– Колчак біздің сенімімізді ақтамады. Сондықтан одақтас елдер Колчакты жабдықтауды доғарды. Еуропаның қазір көз тігіп отырған кісісі – барон Врангель. Сосын, сізсіз, сэр генерал. Сіз әскеріңізбен Врангельге қосыласыз, – деді. Тым құрыса, әдеп сақтап ақылдасқан сыңай танытпай, орыс жеріне өздерімен бірге ала келген озбырлығын жасырмады.

Генерал Чернов бұған келіспей, қарсы бірдене айтқысы келсе де, бірақ сөзі мынаған қаншалық әсер етерін білмегесін үндемеді.

– Красноводскіден кемеге тиелесіндер. Каспий теңізінің арғы бетіне өткесін Қырымға жету сендерге оншалық қиынға түспейді. Совет өкіметіне наразылық білдіріп жатқан жерлердің үстімен өтесіздер.

– Ондай жер бар ма өзі?

– Бар, генерал.

– Әй, қайдам?..

– Ондай жерлер бар. Мәселен, Терістік Кавказ бен Кубань, Дон жерлерінде халық әлі қаруын тастаған жоқ. Чернов үндемеді.

– Сіздің әскеріңіз саны жағынан Врангельдің әскерінен кем емес. Врангельде қару-жарақ пен азық-түлік жеткілікті. Танкі де, самолет те бар. Ертеңгі күні сіздің армияңыз Врангельге қосылса, Москваға

шабуылдайтын күш екі есе күшейеді. Сондықтан да Врангельге тезірек жетуіңіз керек. Осыны есіңізде сақтаңыз. Ал сау болыңыз. Шабуыл сәтті болсын.

Чернов балық көз ағылшынның бұнда айналмай, тез кеткеніне қуанды. Ағылшын генералы аттанған бойда бұл бір топ кісімен алдыңғы шепке барды. Бұл жолы қасына алғандары – құрама командирлері. Ішінде Тәңірберген де бар. Тәңірберген өзі өз болғалы бұншама көп әскерді көрген емес-ті. Ол білерде жер қайысқан қол тек халық аузындағы аңыз-хикаяларда ғана болатын. Қала берді кәрі жыраулар айтатын әлгі бір ішектей созылған хиссаларда ел шетіне жау келгенде, көбіне-көп «әтеңе нәлет ит қалмақтар» немесе исі мұсылман пайғамбардың жасыл туы астына жиналғанда қарақұрым қол бастаған қас батырлар шеру тартып аттанатын... Әдетте, заржақ жырауларды жаратпайтын мырза солардың бірде-біріне сенген емес-ті. Түн-түнімен қақсаған кәрі жырау таң алдында тамағы қарлығатын. Сонан бір кезде үні шықпай бара жатқанда құшағындағы қу шанақты сабалап, бақыра бастар еді де, бұл ар жағын тыңдамай тұрып кетер еді.

Мырза көңілсіз. Аралға келгесін босанармын деген дәмесінен ештеңе шықпады. Кешелі-бүгін генералға құлаққағыс қып қыңқылдап көріп еді; Чернов: «Шыдай тұрыңыз, ертеңгі ұрыстың ыңғайын байқайық» – деп жүре жауап берді. Шалқардан бері қараған жерде бұл тайталасқан талай ұрысты көрді; қанша кісі қырылды; қанша қан төгілді. Соның бәрі ат үстінің аударыспағындай алым-берім бірдеңе сияқты еді. Ал мына шайқасқа Чернов күні бұрын қатты даярланып, ең таңдаулы полктерін осыған дейінгі ұрыстарға салмай, Арал түбіндегі шайқасқа сақтапты. Оқ-дәрі мен қару-жарақты да кейінге сақтаған. Ең арысы, осыған дейін

сығымдап ұстаған азық-түлікті де Аралға келгеннен бері ағыл-тегіл бере бастады. «Осы жолы жеңер», – деп ойлады Тәңірберген.

Күнге күйген кісілер қап-қара. Шөлдеген аттардың да сүдіні қашып кеткен. Осы араға оқ-дәрі артып келген түйелер ғана шөлдесе де сыр бермей, сары шаңдақтарда шөгіп жатыр.

Бұлардың алды, артынан снарядтар жарыла бастады. Аттар үркіп, тақым астында тұрмай дір-дір етеді. Тәңірберген өзінің атын тырп еткізбей, қос тізгінді қарыстырып ұстап алды. Жұрт жалтақтап Черновқа қарады. Қандай жағдайда да өзін ұстай білетін генерал жанындағыларға сыр бермей, ақ арғымақтың басын бұлтартпай, тура жау шебіне тартып келеді. Әскердің сусыз қалғаны жанына қатты батты. Бірақ бұны да сыртына шығармай, ішінен тынып тас түйін боп алған. Күн-түн ойлап, алдын-ала кесіп-пішіп қойған жоспардың күлі көкке ұшқасын, бұл енді шабуылды кейінге қалдырмай, күні ертең бастауға мәжбүр болды да, шешуші шайқас алдында ертеңгі қан майдан болатын жерді тағы да бір рет өз өзімен көріп қайтқысы кеп атқа отырған еді. Ес білгеннен бергі бар-бар саналы өмірі сарт-сұрт жорық, жортуылда өткен қарт генерал ертеңгі қызыл қырғын бұның, бәлкім, ең ақырғы, ең соңғы майданы болатынын ойлады. Осы күндері қамауда жатқан Рошаль да бір сәт ойынан шықпады. Жас кезінен білетін қанжығалас кәрі досының жалғыз баласы еді. Бишара баланы аяйды. Бірден босатып жібермегеніне өкінеді. Кідірген сайын сорлы баланың жағдайын қиындатып, тағдырын қолдан шығарып алғанына жаны киналып, енді қайтерін білмей, басы қатып жүр.

Бұл кезде Рошаль шаңы екі елі еденде шалқасынан сұлқ түсіп жатыр еді; ештеңеге зауқы жоқ; басына ештеңе кіріп-шыққан жоқ; осы дүниеде өзі бар ма, жоқ па, о да қаперіне кіріп-шықпай, енжар, сүлесөк күйде жанары сөніп кеткен көзін күн шықса қайнап кететін кіп-кішкентай қапырық бөлменің өрмекші ау құрған сонау ыс-ыс қара күйе бұрышынан алмай жатқалы қашан. Іште, тыста, сірә, дыбыс бар ма, жоқ па, о да қаперіне кіріп жатқан жоқ сияқты еді, кенет бір таныс дыбыс құлағына жетті де, тық-тық етіп шекесін тесіп тұрып алды. Орнынан қозғалмай жатып жан-жағына көз тастап еді, көзіне ештеңе ілікпеді, тек шаңнан жүзі көрінбейтін еденде күніне котелокпен екі рет ас әкелетін солдаттың ізі жатты. Солдат бұрын ішке кіретін де, котелокті жерге қоя сала, кідірмей шығып кететін-ді. Оның мына бір ізі ілгері озған екен, Рошальдың есіне түсті: кеше солдат «уақытты біліп жат» деп, қай заманнан бері тоқтап тұрған, ескі сағаттың тілін қозғап, жүргізіп кеткен еді. Осындай бір сағат Омбыда әкесі екеуі тұрған үйде де болатын. О да қабырғада ілулі тұратын. Кейде тоқтап қалғанда не бұл, не әкесі тілін қозғап жүргізіп жіберетін. Түстік Армияға жүрерден бір күн бұрын бұл әкесімен сөйлескен-ді. Онсыз да сөздері жараспай, әке мен бала қатты ширыққан бір тұста қабырғада тұрған сағат тықылдап жынына тиіп болған-ды. Бұл ертең генерал Черновтың Армиясына жүретінін айтқанда, жұмысқа барғалы жатқан әкесі бұның сөзіне онша мән бермей, жүре сөйлесіп: «я, тағы не айтасың?» – деді.

– Шын айтам, папа. Черновпен келісіп те қойдым, – деді бұл.

– Мен де шын айтып тұрмын. Қазір ойынның заманы емес, отыршы өзің.

– Ал отырдым. Бірақ папа... Бұл үзілді-кесілді шешілген мәселе.

– Е, онда маған айтудың керегі қанша. Қайтпек керек, онда дегенің білсін, балам.

Қабырғадағы сағаттың шекенді тесіп тық-тық еткені аз болғандай, енді қоңыраулатып зың-зың еткені. Рошаль сағатты тоқтатты да, қайтып кеп орнына отырды.

– Чернов жақсы адам, – деді әкесі, – оның өз басы жақсы болса да, әскерінің жағдайы қиын. Аса қиын.

– Ендеше, оған дәл осындай қиын кезде...

– Сөзімді бөлме. Басқаны қойғанда оларға біз қазір оқ-дәрі жеткізіп бере алмай отырмыз. Ертең бұл күнге де зар боламыз. Әркім өз басын сауғалап кететін күн туады. Чернов бар әскерімен шөл далада қалуы мүмкін. Сен оны білесің бе?

– Білем...

– Түк те білмейсің. Білсең бүйдемес едің ғой.

Қанша сарқылып айтса да сөз қонбай қойған баласына қатты ренжіген қарт генерал қолын сілкіп, орнынан тұрып кетті. Сосын ашумен біраз ықтырып алғысы кеп:

– Сен осы не ойлайсың? Қайда жүресің, кіммен жүресің? – деді.

– Өзім де білмеймін.

– А? Не?

– Нансаңыз, осы күнгі тірлігім өзімді де тойдырды.

– Әне, айтпадым ба, сендердің ұрпақтарың шетінен осындай. Жанбай жатып сөнеді, тумай жатып қартаяды. Ну и народ!

Жас Рошаль ішін алдырмай үнсіз томсарып отыр. Қарт әке оған бір-екі рет көз қиығын тастады. Қанша

ұрысса да онын, салғыласпай, төмен қарап сазарып алған түрінен шошыды. Баласына айтқанын тыңдата алмай, амалы құрығаны соншалық, қарт генерал енді қайтерін білмей үй ортасында аңырып біраз тұрды да:

– Ай, балам-ай – деп, кенет күрт қалжырап, жанындағы бір орындыққа отыра кетті, – дүниеде сен білмейтін нәрселер көп. Мәселен, осы күні біз қит етсе ату жазасына бұйырамыз. Себебі не, соны білесің бе?

Жас Рошаль үндемеді.

– Атуға кесілген кісілерге екі дүние бір қадам, – деді қарт генерал. – Өлім жазасына кесілгендер соғысқа жіберуін сұрап Колчакқа өтініш жазады. Біз қазір халықты осындай шарасыз халге мәжбүр етіп отырмыз.

– Мынау сұмдық қой...

– Тоқтай тұр. Сорақысын кейін көресің.

– Не деп отырсыз, папа?

– Иә, иә, біз қазір осындай ажалға басын байлаған кісілердің бәрін жиып, генерал Черновтың армиясына жөнелтіп жатырмыз.

Жас Рошаль әке жүзіне таңырқай қарады. Не қылса да, үнемі ұйқысы шала болған адамдай қабағы салбырап жүретін осынау бір олпы-солпы әке бойында өзі біле бермейтін талай нәрсе жатқандай болды. Қарт генерал сөзге түсінбейтін кияңқы баланы бетінен қайтардым деп ойлап, көңілі жайлана бастаған-ды. Жас Рошаль:

– Ертең жүрем – деп, орнынан түрегеле беріп еді, әкесі оны шалғайынан тартып қасына отырғызды. Сосын айтқан тілді алмайтын қиқар баласын иегінен ұстап, бетін өзіне қарай бұрды:

– Сен осы не деп тұрсың?

– Ренжіме, папа...

– Ренжіме.... ренжіме... Сен әлде шешең екеуміздің өзіңнен басқа баламыз жоқ екенін ұмыттың ба? Неге күлесің? Неңе жетісіп күлесің, а?

– Папа, иегімді қоя беріңізші.

– Тфу! Жарайды, бар. Бара ғой! Қайда барсаң онда бар. Сен Рошальдардың тұқымына ұрпақ боп та жарымассың.

– Романовтардың аяғы аспаннан кеп жатқанда Рошальдар кімге тұлға болады дейсің?!

Осыдан кейін әке де, бала да үндемеді. Сағат тоқтап та қалған. Үй жым-жырт. Қарт генерал жанынан темекі алды, бірақ шеккен жоқ, қолына ұстап біраз отырды да, қайтадан қалтасына салды. Орнынан тұрды. Бұған назарын салмастан, ақырын басып шығып кетті. Бұл сол күннің ертеңіне Түстік армияға жүріп кеткен-ді. Сонан бері хабарсыз.

Рошаль төңірегінен түк көргісі келмегендей алақанымен бетін басып біраз отырды да, шаң-шаң еденге жантайып жата кетті. Ол енді жардағы сағаттың тықылын да есітпей, керең кісіше төңірегінен түк сезбей, бар мен жоқтың арасында сұлқ жатқан үстіне генерал Чернов келді. Қасында подполковник Федоров. Рошаль орнынан құлықсыз ақырын тұрды. Сақал-мұрт өскен. Беті, әсіресе, көзінің алды күлтілдеп ісіп кеткен. Көзін жерден көтермеді. Генерал да оған назарын тіктеп қарай алмады. Тіл қатпай үнсіз тұрды да, ләм деместен бұрылып жүре берді. Келгеніне өкінді. Атына міне сала қамшы басты. Федоров қалмай, үзеңгі қағысып келе жатып:

– Генерал мырза, – деп тіл қатып еді, Чернов үндемеді. Тек разъезден ұзап шыққасын ғана ат басын тартты.

– Генерал мырза, қандай әмір етесіз? – деді Федоров.

– Өз ойың?..

– Рошальдың қылмысы ауыр. Жау әскері жөнінде ешқандай мәлімет ала алмай отырғанда...

– Қайтесің, ойыңды айт!

– Менің ойым... маған салсаңыз, басқаларға үлгі болу үшін бұны қатты жазалаған жөн.

– Жә, оның бәрі белгілі...

– Менің ойым, оның офицерлік шенін сыпырып алып, ертеңгі шабуылда алдыңғы лекпен жіберу керек. Күнәсін қанмен жусын.

Генерал Чернов оған ат үстінен бұрылып, адырая бір қарады. Федоровтың қатал екенін білетін. Оның рақымсыз қаталдығына таңданған да жоқ; тек өзінің аузы бармай тұрған үкімді мына қаныпезердің жүзі шімірікпей, қайта сонан рахат, ләззат алғандай жайбарақат айтқанына жаны түршігіп кетті.

* * *

– Ел-аға...

– Ел-аға, қайдасыз?

Еламан аузына ала берген асты шала-пұла жұтты да, жұрт аңтарыла қарап қалған жаққа бұ да көз тастап еді, 68-разъездің бет алдындағы сары жалға қалың қол қаптап шыға-шыға келген екен. Олар осы арада аттарының басын тежеп, өздерінен кейін қалған екінші лекке сәл іркілді. Бәрінің бас-аяғы жиналып, қарамы бұрынғыдан әлде қайда ұлғайған қалың қол онсыз да тақым астында тұрмай тықырши бастаған аттардың басын қоя берді.

Еламан оңы мен солына көз тастап үлгірді. Жігіттер қамсыз емес. Мылтықтар оқталып, сатыр-сұтыр боп жатыр екен. Сүйткенше... әлде бір тоғанын бұзған су ақтарылғандай сары жалдан етекке қарай салған қалың қолдың арасынан он шақты атты сурылып озып шығыпты. Әсіресе, торшолақ аттының түрі бұзық.

Жалаң бас. Сақал-мұрт басқан қара қошқыл бетте аппақ тістер ақсияды. Белінде белбеу, иығында погон жоқ. Күнге күйген сұр көйлектің омырауы ашылып кеткен.

Еламан бір қарағаннан-ақ мынаның талай айқасты бастан кешкен жырынды жау екенін білді. Өзгелерге ұқсап көп дүрмекке ілесіп бет алды ұрынбай, қолындағы қылышты да қамшыдай сермеп келе жатқан жоқ.

Снарядтар жарыла бастады. Қайсы біреулер ағызып келе жатқан ат үстінен ұшып түсіп, жер құшып жатыр.

Осы кезде Еламанның оң жағындағы пулемет тақылдап ала жөнелді. Окоптың ұзына бойынан түтінін түтініне, даусын даусына қосып, қардай борап оқ жаудырған мылтықтар барған сайын бел алып үдеп барады.

Еламан мыналарды тым жақын жіберіп алғанын білді. Көзіне тер құйылды ма, тап жаңа қарауылында ұстап тұрған торшолақ аттыдан көз жазып қалды. Онан көздер жерде қолы қалтырап, оғы тимей қапы кетті. Енді мылтықты оқтауға да, атуға да үлгермеді. Сүйткенше, торшолақ атты да емініп келіп қалған екен. Еті қызып алған ат ештеңеге қарамады. Ат құлағын жымып ааты. Езуін айырған темір ауыздықтан ауыз ашылып, тістер ақсиып, окоптан ырғып атылғалы алдыңғы аяғын бауырына жиып ала қойған екен. Соның ар жағы Еламанның есінде шала-пұла қапты. Басын қорғап, жандәрмен бұққанын біледі. Үстінен ырғыған аттың шала терлеген бауыры мен ауаны есіп лып-лып еткен төрт тұяғын көрді ме, жоқ па, есіне түсіре алмады. Тек ырғи берген аттың үстінен әлдене аударылып түсті. Зіп-зілдей жансыз бірдеңе бұның жанына былқ етіп құлады. Еламан есін жиып ала қойды. Әлгі пагонсыз солдат қылыш ұстаған қолын астына алып окопта бүктетіліп жатыр екен.

Әлдекімнің «грана-та-а» деген даусы шықты. Еламан гранатаға жармасты. Ат басын туралап келіп қалған төрт-бес аттының әлде де жақындай түскенін күтіп әзір тұр. Сүйткенше олар да қары жететін шамаға келіп қалған еді; бұл окоптың кенеріне қарғып шыққанын өзі де білмей қалды. Аузына түскен әлдебір ызалы сөзді айқайлап, қолындағы екі гранатты құлашын керіп бірінен кейін бірін лақтырды. Ол бірақ осынау астаңкестені шығып жатқан тарсыл-гүрсіл арасынан өзінің де, гранаттың да жарылған даусын есіткен жоқ еді, тек көз алдында бірінен кейін бірі бұрқылдап аударылып түсіп жатқан үйдей, үйдей топырақты көрді. Сосын аспанға шапшыған аттарды, ер үстінен ұшып түсіп жатқан солдаттарды көрді.

– Жарайсың, – деді Дьяков. Еламан сияқты, бірақ бұ да өз даусын өзі есіткен жоқ. Еламаннан он қадамдай жерде үні өшіп қалған пулеметке жүгірді. Жап-жас бала жігіттің қылыш шапқан қан-қан денесін иығымен ары ысырып ауната салды да, пулеметке жабысты.

– Келіндер. Қане, кәне, жақындандар... иттің асыраған төлдері, – деді Дьяков. Үнсіз пулеметке тіл бітіп, тақылдай жөнелді.

Шыбын жанын шүберекке түйіп алған ақтар төсек боп қырылғанына қарамай, аттарын борбайлап, қылышты оңды-солды сермеп, қайта-қайта шүйлігіп еді. Қанша шүйліксе де, бірақ жарға соққан толқындай кейін лықсып, аттарын борбайлап қашып бара жатты. Окоптын өн бойынан ыңырсыған дауыстар шықты. Носилка көтерген біреулер жүгіріп өтті. Ұрыс даласының үстін басқан жұлге-жұлге түтіннің етегі ыдырап, ойпаңға қарай ойысып барады.

Көкірегі сырылдап ырсылдап дем алған Дьяков әлі құрып бара жатқасын окопқа асыла кетті. Көкірегі

қыжылдап күйіп бара жатқасын алақанымен ысқылап, дем алып тұрған үстіне Еламан келді.

– Қалайсыз?

Дьяков: «Қайтесің, белгілі жағдай ғой» дегендей, ыңғай бермеген күйі қолын сілтеді де:

– Шабуылға шығамыз. Хан-Дауровтың бұйрығын естідің бе? – деді.

Еламан бір ырғып окоптан қарғып шықты да, кейінгі жақта тұрған аттарға басқалардан бұрын жетті. Мес қарын қараға ырғып мінді. Күрең қасқа аттан қол үзгелі осы мес қараға үйрене алмай-ақ қойды. Осы жолы тіпті аяқ алысына ызасы кеп, қамшымен тартып-тартып жіберді. Мес қарын қара ыңыранып бір-екі тезек тастады. Еламан сай бойының қарсы қабағына көтеріліп бара жатып, артына бұрылып қарап еді, жігіттер жапырлап атқа мініп жатыр екен. Кейінгі жақтан Қостанай полкі көрінді. Еламан өздерінің осы шабуылда Қостанай полкімен тізе қосып, қоян-қолтық қимылдайтынын білетін-ді. Тоқ ат денесін ауырлап, ырсылдай бастағанына қарамай жарқабаққа бұл басқалардан бұрынырақ сыдырып шыға бергенде бір солдат кейінгі жақтан құйғытып шауып келді де, әзір іркіле тұрсын деген Хан-Дауровтың әмірін жеткізді. Қостанай полкі де тоқтады. Еламанның жігіттері аттан түсті. Сонан тек түс ауа атқа қонды.

Бұл кезде ақтар бас-аяғын жинап шабуылға қайта шыққан еді. Ақтарға қарсы Қостанай полкі ұмтылды. Олардың алдына Еламанның жігіттері түсіп кетті. Әли бастаған аты ұшқыр жігіттер салған жерден суырылып шығып, Еламанды шаң астында тастады. Қанша мінсе де тоғы басылмай, салқы қарын шермиіп жүретін қара ат ә дегенде, сірә да артта қалатын. Қара аттың сырына қанық Еламан бұрын шаң астынан тезірек шығуға тырысып,

ылғи да бір қапталды ала шабатын-ды. Бүгін көңіліне қобалжу енді ме, өзінің қатты тұтынатын дағдысы есінен шығып, «шүү» дегенде қалың дүрмектің арасына түсіп кетті. Аттар бауырын жазып, көсіліп шапқанша түйдек-шоғырлары жазылмай, бір-бірімен бүйірлері соғысып қап, үзеңгілер шылдырап келеді. Салған жерден алдына түскен тобылғы торының артқы қос тұяғы бейне бұған қос уыстап топырақ шашқандай. Жаз бойы жаңбыр тамбаған кебір даланың құмын, кесегін бұның беті мен қара аттың ілгері созған мойнына жентек-жентектеп лақтыра бастады. «Шіркін-ай, күрең қасқа болғанда ғой» деп ойлады Еламан. Алдыңғы аттың тұяғынан ұшқан топырақ көзіне ұра бастады. Бірақ оған қараған Еламан жоқ. Тізгін ұстаған қолын ілгері созып, қайта-қайта аттың көзін сүртіп келеді. Тобылғы торының шаңынан шыққысы келген Еламан шауып келе жатып өз атының басын оңға да, солға да бұрып еді, соның бәрінде де ана ат та бұның бұрылған жағына жалт беріп, құрық бойы алдына түсіп, төңкерген қазандай сауыры бұлтылдады да отырды. Бір тұтамдай шолақ құйрығы шолтаңдап, қара аттай емес, ол қайта төрт аяғы денесін ауырламай пыр-пырлап келеді.

Қара ат тағы да тезек тастады. Еламан жау шамасын байқағысы кеп қайта-қайта ілгері қарады. Соңғы қарағанда көргені – жау боз төбенің баурайына құлаған екен. Түйдек шоғырымен кеп ұмар-жұмар айқаса кететіндей еді; кенет күтпеген жерден аттарының сірісін жапыра жалт-жалт беріп, бұларға сыртын тосып зытып берді. Қашқан әскердің кейінгі жағында қалғандар жалтақтап артына қарап-қарап қояды.

Еламан қара аттың қалай көтерілгенін байқамады. Сұр төбеге жұрттың бәрінен бұрын шауып шықты да, қашқан жаудың соңына түсіп, ылдиға қарай құлдилатып

ағыза жөнелді. Сөйткенше қара жал сары атты біреуге шаужайласып қалған екен. Өзінің бейқамдығына ыза болған Еламан қара аттың тізгінін қатты жұлқып, шабуға ыңғайлы жағына қарай шапшаң бұрып алды. Көзіне құйылған терді қылыш ұстаған қолының сыртымен сүртіп, емініп ілгері ұмтылды. Соны сезгендей анау да бұған жалт қарап еді, жас солдат екен. Ағы айналып кеткен көзден жанұшырған үрей көрді. Еламан осы қазір оның бойында қарсыласатын қауқар қалмағанын байқады. Онан өлік иісін сезгендей, бетін қашыртып бұра берді. Шынында да, оның қылыш астында бір уыс боп қалған денесі құла атқа өңгерген өлік тәрізденді де, қылышты қынаусыз сілтеді. Бұл қылыш сілтер-сілтеместен-ақ анау аттың арғы жағына аударылып түсті. Топырақ бүрқ етті. Үріккен ат қос аяғын артына қарай сілтеп-сілтеп қалды да, жөніне тартып баратты.

Еламан ерден аударылып бара жатқан денесін тез билеп, түзеліп отырды. Жас солдатқа бұрылып та карамады.

* * *

Бұлар ақтардың тағы бір шабуылының бетін қайтарды. Дьяков темекі шеккісі кеп аңсары ауып тұрғанын байқады. Құты түбінде қалған сумен аузын шайды. Бір-екі рет жұтып еді, жылымшы су жүрегін айнытты. Сосын жөтел буып, ішегі үзілердей ұзақ қиқылдады. Тізе бүгіп дем алғысы келіп еді, бір отырса қайтадан тұра алмайтындай көрінді. Қалжыраған денесін окоп кенеріне сүйеді. Күн еңкейіп қапты. Күндізгі қапырық ыстықтың аптабы әлі қайтпаған. Оқта-текте өрттей жалын соғады. Окоптың кенерінде жатқан үйінді топырақ сусылдап, бет жағы борап кетіп

түр. Аспанда жөңкіп көшіп жатқан аудан-аудан ала шабыр бұлт. Ұрыс даласының үстін басқан түтіннің етегі ыдырап, аттар мен адамдардың өліктері қарайып жатқан ойпаңға қарай ығып бара жатты.

Дьяковтың ұрыс кезінде тас боп бітіп қалған құлағы ептеп ашылып, окоп бойынан ыңырсыған дауыстарды ести бастады. Біреулер жүгіріп өтті. Жаралыларды тиеген арбалар сықырлап кейінгі жаққа кетіп жатыр. Окоп маңында селтиген қадау-қадау жусандардың түбінен шегіртке шырылдады. Бір торғай окоп үстінен ұшып өтті де, ілгері барып қонды. Сұр кесектей кіпкішкентай құс сұр жерге бауырын басып жата қалды. Бұл сорлылар да жаңағы алапат ұрыстан аман қалғанына мәз боп, осы мына маужыраған айдай әлемге өздерінің кішкентай қуанышын паш етіп білдіріп жатыр-ау, шамасы.

Дьяков күлімсіреді. Өзін қоршаған жарық дүниені жаңа көргендей, жан-жағына бір түрлі таңырқаған кескінде зейін қойып қарады. Жә, бәлкім, ертеңгі соғыс жер бетіндегі ең соңғы, ең ақырғы зор майдан болар. Бұнан кейін бәлкім енді ақтар шабуылға шықпас. Ендігі әуселесін ертең көрерміз. Бүгін ұрыс толастап, солдаттар дем алса жарар еді дегенше болмады, әлдекім: «Идут га-ды!» деді. Дьяков дүрбіге жармасып еді. Сары жалдан тағы да шаң шықты. Іле-шала алдына броневиктерін салған жаяу әскерлер тулары желбіреп, лек-лек боп келе жатты.

– Дайындалыңдар!

* * *

Ертеңіне таң қараңғысынан оянған Дьяков зілдей басын зорға көтерді. Сол бойда солқылдап ала жөнелген

қос шекесін алақанымен қысып біраз отырды да, орнынан әрең-әрең көтерілді. Кешегі қырғын ұрыстан қалжыраған кісілер әлі де ес жия алмай, мылтығын бауырына қысып қалғып-шұлғып отыр екен.

Дьяков бір жерден Еламанды көрді. Бұ да пулеметке басын сүйеп, таң алдындағы тәтті ұйқыда талықсып кетіпті. Кеше қатты тойтарыс алған жау үнсіз. Кім біледі, кешегі күні қолдарынан келмеген қайратты бүгін көрсетер. Бұлардан әлі де күші басым. Қару-жарағы сайлы. Бүгінгі қырғынның түрі басқа болары анық.

Жазғы таң баяу атып келеді. Жел жоқ. Ақ иектене бастаған бейқам дүние ештеңеден қаперсіз. Жауынгерлер бір-бірлеп ояна бастады. Кейінгі жақтан оқ тасыған кісілер еңбектеп кеп сырғанап окопқа түсіп жатыр. Күн әлі шыға қойған жоқ еді; окоптың әрегірек тұсынан әлдебіреу «басталды» деп айғайлап жіберді. Дьяков дүрбіге жармасты. Шынында да, кешеден бері жау әскері тұрған ілгергі жақтағы сары белден шаң көрінді. Дьяков оңы мен солына жылдам көз тастап еді, жауынгерлер мылтығын сатыр-сұтыр оқтап, гранаталарын әзірлеп жатыр екен. Бір ұзын қазақ селебе пышақты шар қайраққа жанып-жанып ап, қынына қайта салды.

Дьяков «оқ атпаңдар» деді. Арт жақта тұрған батареяларға да сондай әмір берілді. Ақтар қанатын жайып, лек-лек боп келеді. Алдыңғы лекте келе жатқан бір еңгезердей ірі солдаттың қолындағы ту желсіз тымық ауада желбіремей, сағасына жиырылып қапты. Ұзын мұртының шалғысы салбыраған офицерді Дьяков анық көрді. Қолында қылыш. «Қалып қойған жоқ па?» дегендей өзінен кейін келе жатқан солдаттарға жалтақтап қарап, жусанды сұр далада жиі сүрініп келеді. Қалың қол сары белдің етегіне құлады. Осы арада жирен мұрт

командир тағы да артындағыларға бұрылып, бірдеңе деп айқайлады да жүгіре жөнелді.

– Бұнан артық жақын жіберуге болмайды, – деді біреу.

Дьяков оны есітті ме, жоқ па, белгісіз. Екі көзін ілгері тігіп алған. Мына келе жатқан Пластун полкі. Түнде бұлардың жағына өткен солдаттың айтуына қарағанда, осы полкте наразылық күшті екен Әсіресе, атаман Дутовтың атты казактарымен қырғи қабақ көрінеді. Қазақ жеріне кіргеннен бері бұлар орыс жерінен қара үзіп алыстап бара жатқандарына наразы сияқты.

– Комиссар, бұдан артық...

Дьяков үнсіз. Жаудың жақындап қалғанын бұ да көріп тұр. Аяғын сылтып басқан әлгі мұртты офицердің күнге күйген бетінде моншақтап сорғалаған терді де көрді. Апырай, қайда осындайда тап болатын демікпесі ұстап, алқына бастады. Окоптан екі-үш ұмтылып, тырмысып эзер шықты.

– Бауырлар!..

Шамасы осыған ғана жетті. Көкірегі қысылып, әлі құрып барады. Көзіне құйылған терден түк көрмеді. Осыдан кейін не боп, не қойғанын білген жоқ. Полк командирімен шалғайласып қатар келе жатқан әлдебір офицер бұны атпақ болғанда, бірақ оны өздерінің ішінен біреудің атып тастағанын да көрмеді.

* * *

Бұл күні генерал Чернов шабуылды ертеңгі салқынмен бастап еді: өзі де шабуылға шығатын әскермен бірге атқа қонып, қызыл қырғын ұрыстың іргесіне жақындап барды. Қасында бір қора кісі. Ішінде Тәңірберген.

Биік қара жалға көтерілгесін генерал ат басын іркіп, ілгергі жаққа дүрбіден көз салып еді. Бүгінгі шабуылды бірінші боп бастаған полк қызылдардың қорғаныс шебіне жақындап барып қалған екен. Енді сәл кідірсе аналардың окобына баса-көктеп кіріп, жағаласып айқаса кететін сияқтанып еді. Бірақ... неге екені белгісіз, қызылдар үнсіз. Олардың зеңбіректері де оқ атпай тым-тырыс жатып алғанына түсінбей, ақылы дал боп тұрған-ды. Кенет... тықыршып ат қозғалды ма, дүрбі буланды ма, әйнектің ар жағындағы дүние әпсәтте ұйқы-тұйқы боп кетті. Жаудың қылығына қайран қалғаны сонша, табан астында бұған қарсы не істерін білмеді де, дүрбіге қайта қарап еді, иә, пластун полкінің солдаттары бір оқ шығармай, тым-тырыс жатып алған аналардың окобына баса-көктеп кіруін кіріпті, бірақ... әй, әй, бұлары қалай?.. Кәзіргі нағыз жан алап, жан беретін жерде... қайта иттің балалары... қаруларын лақтырғаны... бір-бірімен апақ-шапақ құшақтасқаны қалай? «Атаңа нәлеттер-ай!». Қоңыр төбе басы құдды кісі өлігіне жиналғандай. Тіл-жағы байланғандай тым-тырыс, бірінен-бірі көзін алып қашып әлек.

«Өзімнен болды», – деді генерал. Жаяу әскерлердің арасында наразылық барын білді. Оларға сенуге болмайтынын да білді. Шабуылға шығардан бір күн бұрын Пластун полкінде болғаны бар. Үсті-басы алқам-салқам солдаттардың жаз бойы ұстара жүзі тимеген сақал-мұрты қаулап өсіп кеткен. Қолбасы кете-кеткенше назарын жерден көтермей, тұнжырап тұрып алған-ды. Ат басын кейін бұрған генералдың соңынан қап-қара боп күнге күйген солдаттар оқты көзбен ата қарап ұзатып салған-ды. «Өзімнен болды», – деді генерал.

Келесі күні қалайда бұлардың бір жағы жеңіп, бір жағы жеңілетін шашуші шайқас болды. Оны қызылдар да, ақтар да білді. Екі жағы да осыған дейін ұрысқа салмай кейінгі ақырғы шайқасқа сақтаған әскерін көтерді.

Пластун полкінен кейін Чернов ұрысқа Каппел корпусының тың полктерін салып еді; соның өзінде қызылдар табан серіппей тұрып алды. Ақтар кішкене күш ала бастағандай болған бір кезде олар да дереу кам жасап, кейінгі жақта тұрған Қазалы, Жосалы, Ақмешіт отрядын көтеріп ұрысқа салып еді; үстінен қара май киімін тастамаған теміржолшылар топырлап кеп, ақтардың атақты офицер полкімен шартпа-шұрт айқаса кетті. Окоп іші бұрқылдаған шаң. Қашырлаған темір. Ырсылдаған алыс-жұлыс. Осы жолы қалайда бір жағы жеңіп, бір жағы жеңілетін ең бір шешуші сәт еді; оны қызылдар да, ақтар да білді.

Генерал Чернов өзімен үзеңгілес қатар тұрған атаман Дутовқа бұрылды:

– Александр Ильич, қазір ұрысқа сіздің жігіттеріңді салса қайтер еді?

Ағылшын генералы келіп кеткенен бері атаман Дутов қабағын қарс жауып алды. Өзін керек десе көзіне де ілмей, Черновпен екеуара оңаша сөйлесіп, бұны шет қалдырғаны шамына қатты тиді. Ертеңгі күні Арал түбіндегі қызылдар бекінісін бұзып өтсе де, өтпесе де, ол өзіне қарасты әскермен Жетісуға өтіп, сәті түссе, ар жағында Үрімшіге бір-ақ аспақшы боп, өз ішінен қатты бір байламға кеп қойған-ды.

Дутов қасында тұрған адъютантқа мойнын бұрып:

«Бастандар!» – деді. Адъютант құйындатып ала жөнелді. Іле-шала бұлар тұрған кара жалдың күншығыс жағынан Казачий полк шықты. Бұларда зеңбірек жоқ. Шұбатылған обоз да жоқ; оларды аяққа оралғы көреді. Бұлар жауға қапысын тауып әрқашан ұрымтал жерден тұтқиыл тиетін-ді. Осы жолы да жабындыдан найзасы шошаңдап шыға салысымен лап қойды. Жазық далада жайылып шаппай, жұдырықтай түйіліп алған-ды. Қызылдар жақтан оларға қарсы мың қаралы атты әскер шықты.

– Бұлар кім? – деді Чернов.

– Білсем не дейсің. Какой-то дикий полк.

– Моңғолдар емес пе?

Дутов басын шайқады. Бәрінен бұрын мыналардың басындағы дағарадай қауқиған сеңсең бөріктерге қайран қап тұр. Астарындағы аттар да бір түрлі. Салған жерден көсіле жөнелмей, әзір сып-сидам ұзын сирақтар ерең-сереңдеп қасқыр шоқақпен келеді. Тәңірберген бұлардың кім екенін бірден білді. Ана жылы Жөнеуіт хан қазақ аулын шапқанда көргені бар. Бұлар сонда да ә дегенде ебедейсіз көрінген. Оңға бір, солға бір ойқастаған аттардың басымен алысып, өздерімен-өздері әлек болған-ды. Қазір де аттарын құр бекер ұрындырмады. Сонан бір кезде араласа кететіндей аралары жақындағанда ғана тізгінін тежеп келген аттардың басын қоя берді. Бұрын-соң дәл мұндай әскерді көрмеген генерал Чернов түсі қашып жалтақтап Дутовқа қарай берді. Дутовта үн жоқ; екі көзі жігіттерінде. Жаудан бұлардың да жүзі ығысатын емес. Салақтаған ұзын найзаларын ат құлағынан асыра оздырып, тас түйін ұмсынып апты. Алғашқыда бар оқиға дәл бұның өзі ойлағанындай болды; ұзын найзалар қылыш сілтейтін жерге жеткізбей, ат үстінен

аударып тастап жатты. Бұрын бұндайда жау жүрегі тез шайлығып, шабуылда – жасқаншақ, қорғануда – шорқақ болатын. Соның ар жағында қарсыласып қайрат көрсетер жерде тайқып, ат басын асығыс бұрып, жалт беріп қаша жөнелетін. Атаман Дутов мыналар да сөйтеді екен деп дәмеленген-ді. Жоқ, мыналардың қатары ыдырамады. Қайта, ат үстінен ұшып түскендердің орнына екеуі, кейде үшеуі ұмтылып, көре көзге күш алып барады. Сумаңдап жүрген ұзын-ұзын сүңгілердің арасында ер жүрек түрікпендер жанталасып, ұзақ салғыласты. Жау найзасын денесіне дарытпай, жарқылдаған қылышты оңды-солды сілтеп жүрді де, ақыры, әйтеуір қол жетпей жүрген жаумен алқа-қотан айқасты да кетті. Сонан арғы жағын генерал Чернов та, атаман Дутов та көре алмады. Ат тұяғынан ұшқан шаң арасында екі жағы да өлген-тірілгеніне қарамай, бірін-бірі үн-түнсіз кескілеп жатты.

Генерал Чернов осының алдында ғана өздерінің жеңетініне құйттай да күмәнданған жоқ-ты. Әскерінің алды қызылдардың окобына баса көктеп кіргесін-ақ ол осыған дейін өздерін маңына жуытпай қойған жау шебінің көбесі сөгіліп кеткендей көріп еді, осындай жағдайда бұрындары күшке күш қосып, сәл-пәл демеп жіберсе, қандай табанды мықты жау да қара дауыл бұзған мұздай быт-шыты шығатын. Осы жолы... Жоқ, мыналарға бірдеңе көрінді.

– Енді не істейміз? – деді штаб начальнигі.

Чернов сұп-сұр. Қасында үнсіз иіріліп тұрған өзге офицерлер сияқты, осы қазір енді не істеу керек екенін оның өзі де білген жоқ-ты.

Осы жолы қалайда, қайткен күнде де Арал қаласына баса-көктеп кіргісі келген Чернов қолда бар әскердің басы-көзіне қарамай ұрысқа айдап сала берген-ді. Бұл бұрын бұлай емес еді. Бұрын дәл осы бүгінгідей небір қызыл қырғын шайқастарда бұл қайта желөкпе жастар мен қызу қанды командирлерді ырқына жібермей, не істесе де алды-артын ойлап істейтін. Бүгіннің артында ертең барын ойлайтын. Осы жолы ол құдды қолы шықпаған ызалы ойыншыдай. Не де болса тезірек бір жағына шыққысы келді. Үш күнге созылған соғыстың бүгінгі, соңғы күні де жаулар табан тіреген жерінен тапжылмай тұрып алды. Бұ да қолда қалған әскерді топырлатып ұрысқа сала берді.

Бірақ қызылдар бұл күні де міз бақпады. Шарасы құрыған генерал әшиіндегі салқынқандылығынан айырылып, шиыршық атып тұр. Ол: «Енді не істеу керек? Енді қандай амал бар?» – деп ойлап тұрған жоқ; үйткені, бар амалын тауысқан еді; және енді не істесе де ем қонбасына көзі жетті. «Дүниеге не болды? Бізге не болды?» деп ойлады. Осынша ұзақ жасаған өмірінің ақырғы шағында бұл, сірә, өзінің соңғы, ең соңғы шайқаста тас-талқаны шыға жеңілем деп ойлап па еді?

Генерал Чернов тізгінін созып ілгері жүріп кеткен аттың басын тартты. Жегі құрттай жанын жеп бара жатқан жаңағы сауалға қайта оралып, «ел азды ма, әлде ер азды ма?» деп ойлады. Осы Ресей күні кеше айбары алысқа тараған аруақты ел еді ғой? Ұлы елдің ұйтқысы қалай шайқалды? Апырай... Апырай, бұл дүниеге, дүниесі құрғырға не болды? Ғұмыр бойы темір бұғаумен тырп еткізбей ұстап келген қара тобырды қалай уыстан

шығарып алды? Міне, енді сол қара тобыр бұлардың түбіне жетеді. Ел билігін осылар қолға алады. Сонда өздері ұстап тұра алмаған дүниеге мына жалаң аяқтар тұлға бола ма? Сорлы... Сорлы Ресей. Соры арылмаған ел. Апырай, келешек қайтер екен? Он жыл, жиырма, отыз, елу жылдан кейін не болар екен? Тентек баланың қолына түскен қуыршақтай ел тізгіні қолына тиген бір сотқар басын жарып, көзін шығарып, бұтын бұт, қолын қол қылмай тынбас-ау! Қалай да келешек тұйыққа тірелді. Осылай бола берсе, кім біледі, дүние қарап болмай қайтер дейсің. Сонда әлгі бір топан су астында қалып қарап боп бара жатқанда Нұх пайғамбардың кемесіндей тағы бір талшыққа мәжбүр боп жүреміз бе? Сүйтпей қайтер дейсің?

– Қолбасы мырза...

Генерал Чернов дір ете қалды.

– ...Екі броневик қирады.

«Иә, бәрі қирады. Қирап жатыр», – деді генерал.

– Қолбасы мырза... қолбасы мырза, біздің әскерлер шегіне бастады, – деді ұрыс ішінен шыққан бір жас офицер шауып келіп.

Генерал Чернов селт етпеді. Осының алдында ғана ағылшындар берген үш аэропланды да қызылдардың алдыңғы шебін бомбылап жүргенде атып түсірген-ді.

Үш күнге созылған қырғын ұрыстың ақырғы күні аяқталып қалды. Шілде айының аспан айналып жерге түскендей өрттей ыстығының беті қайтып, кешкі күн бесіндікке тақағанда қарт генерал да өз өміріндегі ең соңғы шайқастың жеңіліспен аяқталғанына көзі әбден жеткен-ді. Қасында тұрған үнсіз топқа тіс жарып тіл қатпастан, ат басын кейін бұрды.

* * *

– Жау қашты!

– Жау қашты!

Окоп үсті у-шу. Қуанышты кісілер қырғын ұрыстан қалжырап шыққанына қарамастан, бірін-бірі құшақтап апақ-шапақ. Әлдеқайдан Дьяков жүгіріп келді. Мына хабарға сенер-сенбесін білмей, апақ-шапақ боп жатқан жігіттердің әрқайсысына бір қарады. Жау қашқанын кештеу есітті. Бірақ дер кезде есіткенде де қашқан жауды қуатын күш бұларда жоқ еді. Өзі де аяғына әзер тұр. Мезгіл-мезгіл көкірегі қысылып, тынысы тарылып қала береді. Соған қарамастан атқа отыра сала Түркістан армиясы орналасқан екі қабат көк үйге шапты. Бұнда құрама командирлері жиналып жатыр екен. Қашқан жауды беталды жөніне жібере береміз бе, әлде ізіне әскер салып түре қуамыз ба, қайтеміз деп әрі-бері қауқылдасты да, ақырында бәрі бірауыздан пәтуаға келіп, Еламанды бала-шағасымен кемеге отырғызып, түн ішінде апыл-ғұпыл жөнелтіп жіберді... Түн жамылған кеме таң алдында Үшшоқының шығыс жағындағы үлкен қолтыққа кірді. Үнсіз қимылдаған кісілер Еламан мен Кенжекейді және өздерімен бірге кемеге тиеп әкелген үш қанат киіз үй мен бір түйе, бір атты жағаға шығарып, күн шықпай келген жағына жөнеліп те кетті.

* * *

Бұл өңірге ақтар әлі келе қоймапты. Тіпті, ақтар келер-ау деген ой ешкімнің басына кіріп-шықпай, жұрт өзінің бұрынғы бәз баяғы жайбарақат қалпы. Малын жасырып, дүние-мүлкін тығып, қыз-келіншекке есікте

жүрген малай қатындардың ескі-құсқысын кигізіп, әпішәпісі шығып жатқан бір жан жоқ. Бұл өңірдегі ауылдар – байың бол, жарлың бол – мал баққан шаруаның ежелгі бейжай енжарлығына бағып, қаннен-қаперсіз ашылып-шашылып жатыр екен.

Еламан да олардың үрейін алғысы келмеді. Жөн сұраған кісіге жағдайын айтып, «Сыр бойының Жақайым руынанмын» деді. «Ағайын-туманың ұлтаны теңіздің арғы бетінде, сонау адай, табынмен іргелес отырған балықшы ел еді» деді. «Беті қатты мына заманда ауыс-күйіс бөліп берері болмаса да, зәуде бір бас ауырып, балтыр сыздағанда, тым құрыса, көңіліңді сұрап, аузыңа қара су тамызатын ағайын-туманың арасында отырайын деп, бір түйе, бір аттың әуенімен көшіп келе жатыр едім» деді. «Мына ыстықта жас балалармен көшем деп қиындық көріп келем. Көлік жағы тапшы. Жалғыз түйеге әрі жүк артып, әрі бала-шағаны мінгізген соң кешкі салқында да қатты жүре алмайсың. Және жануар буаз, алдына қарай боталайтын болғасын соның бабына қарап, жүрісім өнбей қойды» деді. Осы арада да үш-төрт күн ерулей тұратын ойым бар деп, басына түскен қиындықты басып айтты.

Еламан көшіп келген күннің ертеңіне ұлы теңіз жақтан баржа сүйреткен кеме келді. Сыртта шай қайнатып жүрген Кенжекей өздеріне қарай салып ұрып келе жатқан кемені көріп, іштегі күйеуіне асығыс дауыстап: «Әшімжанның әкесі, сыртқа шықшы, тез, тез!» –деп еді, Еламан қозғала қоймады. Түрүлі есіктен көз салып, бәрін көріп-біліп отырған-ды.

Үй алдына кеп тоқтаған кемеден Дьяков түсті. Қасында қару асынған бір топ кісі. Жағаға шыға сала жан-жағына сергек қарап шолып өтті. Жуық маңда көңілге күдік туғызғандай ештеңе байқалмаған соң

Петр Дьяков қасындағы кісілерді ертіп, Еламанның жаппасына жүрді.

– Ал, қалайсың? – деді ол сыртқа шығып, өздерін күтіп алған Еламанға.

– Ой, тамыр, сұрамаңыз. Ыссыда көшем деп, қиындық көріп келем.

– Сайтан алғыр, не деп тұрсың өзің?

– Сыр бойының Жақайымы едім. Көкарал жақтағы ағайын-тумаларыма көшіп барам.

– Өтірік айтып тұрған жоқсың ба?

– Тақсыр, о не дегенің. Міне – иманым, міне – жаным.

– Ну и ну! Қызылдарды көрдің бе?

– Қы-зыл?

– Немене, сен қызылдарды білмеуші ме едің?

– Ой, олар дінсіз кәпір ғой. Тәңірім ол кәпірлердің жүзін әрмен қылсын.

– Олар саған не істеді?

– Жаныма теңгерген жалғыз атым бар еді. Астымнан аударып ап, орнына мына мес қарын қараны берді.

– Бұны бермегенде не істер едің?

– Иә, бұған да шүкір. Бірақ, әй неғыласың, өз атым жақсы еді.

Дьяков ішек-сілесі қатқанша күлді. Түр-түсі момақан шаруадан аумайды. Басында киіз қалпақ. Үй жанындағы көк құрақтан басын алмай бырт-бырт жайылып жүрген месқарын қара аттың тұсауымен белін тастай ғып буып алыпты. Үпірлі-шүпірлі балалары да түсі басқа кісілерге үрпийсе қарап, кішкентай жаппаның есігінен сығалап жылтың-жылтың етеді. Дьяков осы жолы оның балаларын ала кетпек боп келген-ді. Бір есептен, бұның дәл осы бір ашылып-шашылып жатқан бейкүнә түрі дұрыс сияқты.

– Ақтардан хабар бар ма?

– Олар әлі келген жоқ.

– Онда, дегендей екен. Былайырақ барып шолғындап қайтайық. Сен бізбен бірге жүр.

Баржаға тиеп әкелген аттарды жалма-жан тездетіп жағаға түсірді де, бас-аяғы он-он бес кісі жүріп кетті. Қыр жақтағы ақ үзікті бай ауылға маңдай түзеп, сыдыра шоқытып келе жатқан-ды. Күн өткен бе, теңіз жағасынан ұзап шыға бергенде Еламанның мұрны қанады. Еламан қан саулап қоя берген мұрнын қолымен басып, ат басын тежеді. Қалғандары да иіріліп тоқтай қалды. Петр Дьяков атын Еламанның атымен қатарластырып тоқтады да, мұрнынан аққан қанды алақанына толтырып алып, бет-аузына үйкеп жағып-жағып жіберді. Ақ көйлектің омырауына да қан шашырап, мына түрі бұны мыналар сілейтіп соққыға жығып салғандай болды да шықты.

– Е, бәлем, сазайыңды тарттың ба?

– Өзіңе де сол керек.

– Ал, қызылдарды жамандайсың ба ендігәрі? – деп жігіттер күліп жатыр.

Бұлар қыр жақта отырған қойлы ауылға келді. Петр Дьяков қасындағы кісі-қаралармен ауыл шетіндегі қоңыр үзікті үйге түсті де, Еламан аттардың жанында тұрып қалды. Кешеден бері бұнымен жүз таныс боп қалған мына ауылдың кісі-қаралары Еламанды мүсіркеп, аяп: «Қарсыласпа, атып тастар» – деп, ақыл айтып жатыр. Бір жігіт жүгіріп барып, құманмен су әкелді. Біреулер ағарған әкелді.

– Қызылдар кісіге тимейді дегені қайда?

– Құрысын, ақ бол, қызыл бол, зәті басқа болғасын сену қиын ғой.

– Иә, сақ болу керек. Әне, аналар бері келе жатыр. Ал, шырағым, қарсыласпа. Аға-еке, көке-еке деп алдына түсіп жүгіре бер.

Еламан оларға алғыс айтты да, аналарға еріп жүріп кетті. Ауылдан ұзап, бір қырдың астына түскесін бәрі жиналып, оны ортаға алып ішек-сілесі қатып күліп жатыр.

– Әлгілерге бізді келістіріп жамандадың-ау деймін.

Кенет көз ұшынан шаң шықты. Дьяков аттың басын тартып тоқтай қалды да, шаң көрінген жаққа дүрбімен қарап еді, бұрқылдаған түйдек-түйдек шаң арасынан аттылар қылаң берді.

– Еламан, сен жаңағы ауылға мыналардан бұрын жет.

– Мақұл.

– Абайла, сақ бол. Бізді сұлқитып жамандай бер.

– Тәжірибем бар ғой.

– Біз түнгі бірде сенің үйіңнің тұсына кеп тоқтармыз. Сол кезге үлгір. Ұмытпа: түнгі бір. Ал жөнел!

Еламан қара аттың басын кейін бұрды. Ақтардан бұрын жетерін білгесін асықпай, сыдыра шоқытып келеді. Жаңа ғана жайбарақат отырған ауыл үсті у-шу. Үстеріне келіп қалған әскерді көріп, есі шығып кеткен жұрт абыр-сабыр. Баласын іздеген қатын. Қыз-келіншекті қайда бой тасалата тұрарын білмей, етегіне сүрініп, үй мен үй арасында жанталасып жүгірген ата-ана. Бас сауғалаған әлдебіреу белдеуде тұрған атқа міне сала қыр асып, шауып барады.

Бұлар ес жиям дегенше ауыл үстіне әскер құлады. Ел шетіне кірер-кірместе олар екіге бөлініп, қоңыр төбенің баурайында отырған ауылды ортаға ала қоршай шапты. Еламан тоқтаған үйдің жанынан атты әскерлер дүсірлетіп шауып өтті. Жолында тұрған үйлерге бестен, оннан бөлініп түсті де, өрістен қайтқан қойлардың алдынан жүгіріп шықты. Қолға іліккен қойларды тыпырлатып сойып, көтеріп апарып қазанға салып жатыр.

Бір көзі ежірейген жирен сары офицер мына жақта қатындарға қой сауғызып, өзі бір шетте қамшы ұстаған қолымен бүйірін таянып тұр еді. Түбінде бір кәдеме жарап қалар деп ойлаған Еламан, қалайда осының көзіне түскісі кеп, қой сауып жатқан қатындарға жетіп барып:

– Жеңеше, қозы салайын ба? – деп еді.

– Қайтесің, қайным, – деді әйел ыңғай бермей.

– Осынша қойды сауу оңай ма, көмектесейін.

– Адыра қалсын. Жан киналтып жатқам жоқ, салдаттарға сүт сауып бергенше қозылардың емгені артық. Мына сары сайтанға көз ғып, әшейін саусағымның ұшымен үрпісін тартып жатырмын.

– Дегенмен көмек берейін.

– Өзің біл. Қозыны ағыта қой.

Еламан қай қозыны ағытарын білмей сасып қалса да, бірақ кейін бұның да тәсілін алып, көп қозының ішінен қолды-аяққа тұрмай, көгенді үзе жаздап ұрынып тұрғанын босататын болды. Қайтсем шегір көз офицердің көңілінен шығам деп, әр қозыға бір жүгіріп жүргенде қасынан өтіп бара жатқан мырзаны кеш байқады да, қой сауып жатқан қатынның тасасына бұғып отыра қалды.

Тәңірберген екі жағында екі офицер. Түйе жүн боз шекпенді қара зегірен бешпеттің сыртынан желбегей кие салған. «Байқады ма, жоқ па?»

Қараңғы түскесін Тәңірберген түскен үйге жақындады. Ішке кіруге бата алмай, сыртта, есік алдында тұрған ауыл адамдарының арасына кірді де, алдында тұрған біреудің иығының үстінен созылып, ішке көз тастап еді. Үлкен үйдің қақ төрінде Тәңірбергенмен тақымдасып қатар отырған офицерді бірден таныды. Бас қондырысы мен бет әлпеті аумаған баяғы Тентек Шодыр. «Иттің сідігінің асылын қарашы», – деді Еламан.

Әкесі сияқты бұ да мұртын қырса да, бірақ есесіне сары қира сақалын өсіріп жіберіпті. Подполковник Федоров өзінен төменірек отырған тілмашқа бұрылып:

– Мынадан сұрашы, – деді есік жақта қымыз сапырып отырған үй иесін иегімен нұсқап, – қызылдардың кемесі бұл жаққа келе ме екен?

Тілмаш Федоровты тыңдап алды да, дереу үй иесіне бұрылды. Еламан оның сөзін есітпеді. Үй иесінің оған не дегенін де есіткен жоқ. Ол тек үй иесінің тақиялы басын тез изеп, әлденені ықыластана құптағанын көрді.

Татар тілмаш енді Федоровқа бұрылды:

– Қызылдардың кемесі жиі келетін көрінеді.

– Зеңбірегі бар ма екен?

– Бар... Бар көрінеді.

– Жағаға жақындай ма?

– Офицер мырза жағаға жақындай ма деп сұрайды.

– Жақындайды... Жақындайды, тақсыр.

– Қай жерге келеді?

– Үш-шоқы. Сосын... осы маңға да келеді. Жағада отырған жалғыз жаппаның тұсына тоқтайды.

– Жа-п... Қалай... қалай дедің?

– Тақсыр, жаппа. Бағана келе жатқанда байқаған шығарсыз... Теңіз жағасында жалғыз жаппа тұр еді ғой.

– Ол кім өзі, күл шыққан адамдай жалғыз үй отырған? – деді Тәңірберген.

Еламанның жүрегі мұздай болды.

– Қызылдардың кемесін атқылауға қай жер ыңғайлы? – деді тілмаш.

– Біз мал баққан кісіміз. Бізден мал жайылымын, жердің оты-суын сұрамасаң...

– И, Алла... Бұл қаһар соққыр қазақтар ықылассыз болса, аузында тұрған сөзді айтпи.

– Бұларға енді қайт дейсің, – деді Тәңірберген. –

Жау кемесі жақын келетін жерді айтты. Сендерге нағыз қолайлы жер – Үш-шоқы.

– Үш-шоқы бұл арадан қанша жер?

– Төрт-бес шақырымдай. Солай ма, жігіттер? – деді Тәңірберген ішке кіруге бата алмай сыртта есік алдында тұрып қалған осы ауылдың ер-азаматтарына қарап. Олар онша елпілдемей, жай ғана қоштады.

– Үш-шоқыға алты дюймді төрт зеңбірек қою керек, – деді Федоров.

Ішке офицер кірді. Ол Тәңірбергенге қолбасшының шақырып жатқанын хабарлап еді. Өзін ұстай білетін қу неме мыналардың алдында онша елпілдемейді екен. Аспай-саспай орнынан тұрды. Кереге басында ілулі тұрған қалпағын алды. Сосын боз шекпенді иығына желбегей салды да, үй ішіндегі бір жанға көз салмай сыртқа беттеді. Оған ілесе Федоров та түрегелді. «Чернов осында болды ғой. Ендеше оның штабында бұны бәрі біледі». Көзге түспей тұрғанда бұл арадан тезірек тайып тұрғысы келді. Әне, үркер көтеріліп қапты. Кеме келетін уәделі уақыт та таяу.

Бағана жирен сары офицердің ауыл шетіне күзет қойып жатқанын көрген-ді. Сонан бері оның ұлықсатынсыз сыртқа бір адам аяқ басқан жоқ. Тәңірберген шыққан бойда Еламан ішке кірді. Жирен сары офицердің алдында қолын кеудесіне қойып тұрып, үйіне жіберуін сұрады.

– Үйің қайда?

– Осы арадан қашық емес. Әйелім сырқат еді. Бағана қой сауғызам деп айналып қалдым.

– Неге жалғыз үй отырсың?

– Сыр бойынан көшіп келе жатыр едім...

Жирен сары бұның сөзіне онша тебірене қоймады. Оның сезікті көңілін қайтсем жібітем деп ойлаған

Еламан әлгі сөзін тағы да қайталап, балаларының жас, әйелінің сырқат екенін айта бастағанда, мына жақтан үй иесі қостап:

– Тақсыр, айтқанының бәрі рас – деп еді, есік алдында тұрған осы ауылдың ер-азаматтары да сөзге араласып:

– Бұл бейшараны бағана қызылдар да сабап, өлтіре жаздады.

– Мұрнын даладай қан қылды.

– Үйіне жіберіңіз, тақсыр, – деп тілек білдірді.

Жирен сары офицер Еламаннан әлі де көзін айырмай, тесіле қарай отырды да, онан енді әлгіде үй иесінен білген мәліметтерді қайталап сұрай бастады. Шүбә туғызғысы келмеген Еламан оның бар сұрағына дәлме-дәл жауап берді; «қызылдардың кемесі Үш-шоқыға жақындап келеді» – деді. Өздерінде мәлім жоқ, кейде күндіз, кейде кешкісін, кейде тіпті түнде келетінін айтты. Жирен сары офицер сырттан бір солдатты шақырып алды да: «Мынаны өткізіп жібер» – деп әмір етті.

Еламан қолын тағы да кеудесіне қойып, басын иіп алғыс айтты да, енді кетпек боп бұрыла берген-ді. Жирен сары тағы да тоқтатып:

– Бетіндегі... ана тыртық не? – деді.

Еламан тұла бойын баурап бара жатқан дірілден үрейі ұшып, алақанымен бетіндегі тыртықты сипады:

– Мынау ма? Бұл баяғыда... бала кезімде... бас білдірем деп жүргенде тай теуіп...

Жұрт тыртықты жаңа көргендей, жағаларын ұстады.

– Апырай, ат тұяғы әлемет-ау! Қайта құдай сақтаған...

– Иә, жас мал болды ғой. Әйтпегенде, кім біледі...

Жирен сары бажбық көзін айырмай қадала қарады.

Еламан мына сары сайтан Федоровке апара ма деп зәресі қалмай тұрған еді.

– Бар! – деді жирен сары қолын сілтеп.

Еламан айсыз қараңғыда адасып үйін шаққа тапты. Кенжекей ұйықтап жатқан балалардың аяқ жағында тізесін бауырына қысып отыр екен. Еламанды көргенде атып тұрды.

– Кетейікші осы арадан. Кетейікші...

– Кенжеш... шыдамды едің ғой.

– Енді шыдайтын жайым қалмады.

– Не-ге?

– Қорқам. Кетейікші.

– Сөз болғаныңа...

– Қорқам... қорқам...

– Балалар оянып кетер, ақырын. Кел, отыршы, сөйлесейік.

Еламан дір-дір етіп, бар денесімен жабысып алған әйелін құшақтап:

– Түу, саған не болды? Қорқатын не бар? Есіңде ме, баяғыда кәрі әжелер отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын темір өзек...

– Әне, сен тағы да әзілге айналдырып бара жатырсың. Кетейік... Кетейікші...

Ішке нар тұлғалы ірі кісі кіріп келе жатты. Еламан атып тұрды.

– Кәлен аға! Апырмай, қатты қорқыттың ғой.

– Жүрісіміз жайсыз екенін білем, кешір бала, – деді Кәлен. Сосын Еламанның тасасында тұрған Кенжекейге амандасты да, бұған:

– Бері шығып кет! – деді.

Сыртта бір топ атты келіп тұр екен. Еламан Кәленнің қай ісіне де таңданбайтын. Қаратазға қосшылық қылып, баукеспе ұры атанып жүргенде де, ол бірақ ауыл арасының тоқты-торымына тимей, не істесе де өрлігі мен ұрлығын сыртқа істеп, түу-түу түрікпен

асып, қарақалпақ асып, ылғи да бір елдің маңдайына біткен не сәйгүлік саңлақты, не текті дегдар аруананы жетегіне алып қайтып жүргенде де, бұрын-сонды көрмеген жерден жол табатын қасиеті ел ішіне аңыз боп кеткен-ді. Солай болғанда да дәл мынадай көзге түртсе көрінбейтін қараңғыда жапан түзде жалғыз үй отырған жаппаны қалай тапқанына қайран. Және оның осынша атты кісімен дыбыс шығармай келгені бұны тіпті дал қылды. Кәлен атқа мініп алды.

– Ал, сапар оң болсын! – деді Еламан.

– Әумин, айтқаның келсін.

– Жай жүрсіз бе?

– Ой, шырағым-ай – деп, Кәлен тақымы астында тықыршып тұрған аттың сауырына қарай шалқалап, әдеттегідей рахаттанып қарқ-қарқ күлді де, – жаман ағанның жай жүрген кезі болған ба. Басына бүлік тілеп ап жүреді ғой. Ағаң қазір де бір қауырт жұмыспен келеді, – деді.

– Сонда ол не бүлік?

– Сенің досың бар емес пе?

– Дос?

– Иә, әлгі көксау кәмісар...

– Петр Дьяков пе?

– Иә, сол. Кеше сол досың мені шақырып алды. «Әй, тамыр» деді, «жігіттеріңді ал да ақтардың алдына түс» деді. «Жарайды, түсейін» дедім. Өзір жауабыма ырза болды ғой деймін, арқама қағып-қағып қойды. «Ақ әскердің жолында отырған қазақ ауылдарына алдын ала хабар бер. Жол-жөнекей кездескен құдықтардың бәрін көміңдер» деді. «Бұл әмірің бе?» деп едім, енеңді с... ақылды ит екен, «жоқ, өтінішім» деді. «Е, онда өтінішіңді орындайын» дедім.

Еламан күлді.

– Неге күлесің? – деді Кәлен. – Сенің досың маған: «Осыны істесең, жасақты жауға жалғыз шапқан қас батырдың нағыз өзі боласың» деді. «Е, жарайды, болсам болайын» дедім. Ал қалай, осыным дұрыс па?

– Әбден дұрыс.

– Ой, енеңді с... – деп, Кәлен өзінің әр кездегідей ашық кететін еркіндігіне басып жіберді. – Осы халық сені қызылдарға иманын сатқан деп, тегі, бекер айтып жүрген жоқ. Сен қай бір менің қамымды ойлап жатырмын дейсің. Қызылдардың мүддесі ғой ойлап жатқаның. Ал, сау бол!

– Жолдарың болсын!

Кәлен атқа қамшы басты. Шаба жөнелмек болғанда, Еламан оны сәл бөгеп, үй сыртына ұзатып салды. Таралғыдан қос қолдап ұстап қатарласып келе жатып ол Кәленге ақ әскердің алды бүгін бұл араға құлағанын айтты. Ақтардың арасынан Тәңірбергенді көргенін айтқанда, Кәлен ат басын оқыс тартып, тоқтай қалды.

– Ол неғып жүр?

– Ақтарды шөлге ұрындырмай, ел бар, су бар жерлермен бастап апара жатқан көрінеді.

– Ә, солай де?..

– Солай.

– Енеңді с... Ендеше, бәлем, тұра тұр! – деді де, Кәлен шекпеннің шалғайын тақымына басып алды. Қолындағы өзегіне қорғасын құйған дойыр қамшыны нығарлап қысып: «Бұл даладан сендерге бір тамшы су татырсам Кәлен атым құрыр-ау, менің» деді. Тақым астында тықыршып тұрған атты тебініп, шаба жөнелді. Тұяғын киізбен орап алған аттар құдды құм кешіп бара жатқандай, дыбыс шығармай қараңғы түнге сіңіп кетті.

Әне, бұлар да бірдейлік үшін түн қатып барады. Бұның өзі де анада бірдейлік болмағасын орыс

байын өлтіріп еді ғой. Кешегі жылы ақ патшаға жігіт бермейміз деп, қазақ даласы ереуілдеп шыққанда, ашынған жандардың аузындағы сөз осы «бірдейлік» болмап па еді? Бірдейлік!.. Бұлардан бұрынғы ата-бабалар да бірдейлік жолында басын бәйгеге тікпеді ме? Еламанның жетінші атасы Тойғожа батыр – қызыл қырғын соғыста «жау марқайып кетеді» деп, садақ оғы тиген аяғын қанжығаға қайырып байлап тастап, соғыса берген-ді. Кейін ұшына тиіп, өлуге қарағанда би ағасы Қыдырбай сынықшы алғызып, тізеден төменгі жағын кескізіп тастатқан еді. Сонан ол ел арасына «ақсақ бөрі» атанып еді. Тойғожа батыр не үшін соғысты? Бар өмірі жорық пен жортуылда өткен жетінші атасының жүрегін тебіреткен сондағы арман не? Алаңғасар батыр әлсізге әлім жеттік істеп, көрінгенге қоқандай берді ме? Онан басқа аталары Тойғожадай батыр болмаса да, олардын да өмірі ел арасының барымта-қарымтасымен өтіпті. Олардан кейін ат жалын тартып мінген жастар да өмірден өз бетінше жол іздемей, төрде отырған үлкеннің аузына телміріп күн кешті. Бәтір-ау, сонда ата жолын тәрк етпегеннен не ұтты? Не мұратына жетті? Ал біз ше? Біздің нені ұтып, неден ұтылғанымызды кім білсін.

Еламан селдір сұйық қамыс арасымен жан-жағына сергек қарап келеді. Әлгінде Кенжекейдің үрейін алған қорқыныштан бұның да жүрегі шайлығады. Құдай ондағанда, әйтеуір, Тәңірбергеннің көзіне түспегені жақсы болды. Жирен сары офицер... Қайдам, сол пәле сезіктеніп жүрмесе?..

Еламан қараңғыға көзін тігіп алған. Теңіз көрінбесе де, бірақ ілгергі жақтан жағаға шылп-шылп ұрған бала толқынды құлағы шалып келеді. Соған қарағанда, теңіз жақын. Еламан аяғын жылдамдап жеделдете басты.

«Дьяков та кешікпес, келіп қалар» деп ойлады.

Ара-тұра қыр жақтағы ауылға құлағын түреді. Әлгі бір алажабыр әбігер аяқсыған сияқты. Бай ауылдың қотанын күзетіп, түн-түнімен үріп шығатын маң төбеттерде де үн жоқ-ты. Кенет, мас солдаттар қосылып айтқан көп дауыс алыстан талып естілді. Бұл Еламанға таныс. Әдетте, қайсыбір қырқысқан қатты ұрыстан кейін қараңғы түскесін атыс тоқтап, тірі қалғандардың ішінен әлде біреу дәл осылай ыңырсып ән салатын. Сондай ән кейде жау шебінен шығатын. Құлаққа талып жеткен әннің бір сөзін есітпесе де, зарлы саз жүрекке шауып, сай-сүйегінді сырқыратып қоя беретін. Ән біткенде әркімдер-ақ күрсінер еді. Қалта түбін қағып темекі орар еді. Үсті-үстіне құнығып тартқан ащы махоркаға қақалып-шашалып қалар еді. Сонда әркімдер-ақ өз мұңы, өз басындағы қасірет-қайғыға уланып, сұлық отырып қалар еді-ау. Неге екенін қайдам, басқа кезде бірін қалдырмай қырып тастағысы кеп, көзіне қан толып жүрсе де, қызыл қырғын ұрыстан кейінгі осы бір саябыр толаста жау окобындағылардың да шерлі зарын түсінетіндей еді.

Уәделескен уақытта кеме келді. Еламан оларға жау әскерінің қарамын, қару-жарағы жөнінде өзі білген мағлұматтарды берді де, ақтардың Үш-шоқыға зеңбірек орнатып жатқанын да ескертті.

Кеме кеткесін Еламан үйіне кеп балалар жатқан төсектің шет жағына кисайды. Шаршағаны соншалық, басы жастыққа тиер-тиместе көзі ілініп барады екен. Үй жанында жатқан түйе пысқырып оянып кетті. Жастықтан жұлып алған басы қатты ауырып кетті де, қос шекесін қысып отырып қалды. Біраздасын төсекке қайта кисайды. Көзін қалай жұмса да, қашан жазғы таң сарғайып атқанша ұйықтай алмады. Неге екенін қайдам, биыл осындай кірпік ілмей шығатын түндер

көбейіп барады. Әлде осының бәрі жасқа байланысты ма? Жұдырықтай басты тауға да, тасқа да соғып жүріп, ақыры, міне, қырыққа қалай келіп қалғанын байқамай қалды. Қырықтың арғы жағында кәрілік те қашық емес. Неге көнбеген бас, оған да мойын ұсынасың.

Үй жым-жырт. Тар төсекте тығыншықтай толық денесімен бұның бір жақ бүйірін қыз-қыз қайнатып жатқан Кенжекейдің ақырын алған тынысы естіледі. Адам жас санап жүйкесін құртады, әйтпесе, «көңіл қартаймайды» деген рас. Өзіне салса бұл әлі де баяғы Ақбалаға үйленер алдындағыдай жап-жас қалпымен қарап тұрғандай. Тек, бұны жүйкелеп, діңкесін құртатын – ес біліп, етек жапқалы тақым жазбай бірге жасаған кешегі сол Мөңке, Есбол, Рай, Итжемес, Құлтума дүние салып, қатары селдіреп қалды. Судыр Ахмет сорлы да көз жұмды. Бұлардан басқа да қаншама кимас жандар кетті. Тірлікте бұл солардың бірімен дос болса, бірімен жүз жыртысыпты. Неге сүйтті? Дүние тарлық етті ме? Не жетпеді? Әлде, көңіл түбінен қос уыс орын жетпеді ме? Енді, міне, сол итшілеп өткізген азғантай өмірде ащы-тұщыны бірге татып, бірге жасаған кешегі жандардың қазір көбі жоқ. Қатал тағдыр әуелі төңірегінді тақырлады. Сосын өзіне ауыз салады.

Еламан күн жеп тастаған ескі түндіктің шұрқ-шұрқ тесіктерінен сонау шалғай алыста жыпырлаған жұлдыздарға қарап жатыр. Ұйқы шайдай ашылып кеткен. Кешегі қатар жүрген жайсаң жандарды ойласа болды, көкірегі құрғыр құсаланып, қай-қайдағы еске түседі. Сондайда өз үйінде, қатын, бала қасында жатып та жапан түзде қалғандай, жалғызсырап боласың. Басқа басқа болсын, өмірі моқауды білмейтін темір сүйек Кәленнің өзі де ана бір жолы не деп еді, ол сонда? «Ай, шырағым-ай» деген еді-ау, «кісі кәрілікті мойындамайын

десе де елуге келгесін баяғы бала кезде табаныңа тікен кірген, асық тиген, қыз шымшыған жеріңнің бәрі сырқырап ауырып тұрады екен». Әркімнің де көңілінде жүрген көкейтесті сөз ғой бұл.

Кең төсекте айқыш-ұйқыш жатқан төрт баланың бірі ұйқысырады ма, жырқылдап күле түсті де, кілт тыйыла қалды. Кенжекейдің ұйқысы сергек еді оянып кете ме деп қорқып кетті. Үш қатыннан туған үш баланың бабын тауып, бір оттың басында ұстау бұған да оңай боп жүрген жоқ. Тек соңыра осы шіркіндер сорлы әйелдің сол жақсылығын білсе жарар еді-ау!

Еламан балаларға көз қиығын тастап: «Бұлар қандай болар екен?» деп ойлады. Не біліп айтатынын қайдам, Дьяковтің сөзіне сенсең, ол кезде жер басқан жанның бәрі бірдей болады дейді. Соған басы жетпейді. Қанша сенейін десе де, көңілінде бір күдік тұрады. Жарайды, ішер асы, киер киімі, сөйлер сөзі бірдей болсын. Бірақ... Құдай тәйір әу баста бәрін бірдей ғып жаратпаса кайтеді? Адам баласының көкірегінде алалық болмай тұрған ба? Басқаны қойғанда, бір оттың басында бір қазаннан ас ішіп, бірге жатып, бірге тұрып жүрген, бауырлас кісілердің арасында да бірдейлік деген пәле бола қоймаушы еді ғой. Олардың арасында да бірінің сөзі үстем. Бірінің өзі үстем. Бірі ертеден кара кешке қой соңында қоңын күн тесіп жүрсе, енді бірі алшайып ат үстінен түспейтіні қайда?

Құдай каласа, ертең осы жұрт жауды жеңер. Дегеніне жетер. Өмір өзгерер. Қара борбай кедейлер теңдік алар. Бірдейлік орнар. Бірақ... бірақ, ішер ас, киер киімі бірдей болғанмен, құлқы бірдей бола ма? Сол мүмкін бе?

Баяғыда Құдайменденің жылқысын бағып жүргенде бұл талай асауды бас білдірді. Темірдей тақымға түскен

небір заңғар асаулар да жіптіктей боп жүре беретін. Тіпті үстіндегі кісінің құлқын көш жерден танып, тізгінді демеген жағына елпілдеп отыратыны қайда? Адам бойындағы асаулықты да соңыра бір тентек тақымға салып бас білдірсе, бірдейліктен не қалады? Жоқ, жоқ, түсінбеймін. Ақыл жетпейді. Адамдар құлқы бірдей болмаған жағдайда да, көрерсің де, білерсің, соңыра мына балалардың заманында да біреу артық, біреу кем орында жүрмес дейсің бе?

Еламан елең етіп жастықтан басын көтеріп алды. Кенет лүпілдеп қатты соғып кеткен жүрек дүрсілін үй іргесіне келіп қалған ат тұяғының дүсірі есіттірмей жіберді.

– Ақ-тар ма? – деді Кенжекей ұйқысынан шошып оянып.

– Не болса соған үрейлене бермеші...

– Актар ма?

– Сен жата бер. Мен тысқа шығып...

– Жоқ, жоқ, жібермеймін.

Еламан мойнынан тас ғып қысып алған әйелдің құшағынан қалай босағанын білмеді. Таң ағарып атыпты. Түндігі түсірулі үйдің іші бозарып қалған екен. Тасырлатып шапқан біреулер жолындағы жаман үйді тапап өтетіндей, аттарын кимелетіп кеп есік алдына тоқтады.

– Әй, шоқыншық, шық үйден!

Еламан түрулі есіктен тақым астында тықыршыған аттардың аяғын көрді. Иініне киімін жамылуға да үлгірмей, сыртқа атып шыға бергенде көз қиығы түтіні будақтап келіп қалған кемеңі шалып қалды. Тәңірберген жанында тұрған Федоровқа бұрылып, басын изеді. Бұнысы «дәл өзі» деген ишарасы еді; татар тілмаш қылышын суырып ап:

– Әй, шоқыншық! – деп ақырып, атын омыраулата беріп еді, бірақ ол қылышын сілтегенше бұл атып жіберді. Тілмаштың қолынан қылыш түсіп кетті. Еламан сонан арғының бірін біліп, бірін білген жоқ. Үйден шырқырап жүгіріп шыққан Кенжекейді итеріп жіберді. Іштен у-шу болған балалардың даусы шықты.

Еламан өліктей құп-қу. Бұл ес жиям дегенше Федоров та атын кимелетіп, үстіне төніп қалған еді, бұл жалт беріп ытқып түсті. Қылыш жай оғындай жарқ етті. Тәңірберген астындағы аттың басына әлі келмей, алыстап бара жатып артына бұрылып еді; Еламанның ағы айналып кеткен үрейлі көзін көрді. Қапы кеткеніне күйініп, қайта ұмтылған Федоровтың ақсқан тісін, жарқылдаған жалаңаш қылышты көрді. Федоров оскырып үріккен атты сауырына қылыштың қырымен тартып-тартып жіберді де, мылтығын кезеген Еламанға тағы да табан жерден тап берді. Мылтық тарс етті. Жалаңаш қылыш жарқ етті. Мына қылыш бұның өзіне сілтенгендей, тұла бойы түршігіп кетті. Көзін қалай жұмып қалғанын да байқамады. Үрейлі көзін қайта ашқанда, Тентек Шодырдың баласы басы қатты атты тоқтата алмай, сырттап кетіп бара жатты. Ал Еламанның қан-қан денесі жаңа ғана ат тұяғы шаңдатқан жерде жатыр екен. Шашы қобыраған алау-далау әйел өкіріп кеп Еламанның үстіне құлай кетті. Ұзап кеткен Федоров қайта оралмақ болғанда, жағаға кеп қалған кемені көрді. Сүйткенше зеңбірек күркіреді. Бірінен кейін бірі жарылған снарядтар Федоровтың жолын кеселеп, астындағы үркек ат далаға қарай ала қашты.

* * *

Ақтар Аралдан шегінгелі Тәңірберген төтен бір халде. Бұған не көрінгенін қайдам, осы күні ойына

алған іске басқадан бұрын бұның өзі сенбей, тартынып қала береді. Сондайда «осы менмін бе?» деп, көңіліне күдік қашып, өзінің осы күнгі халіне түсінбей тосырқай қарайды. Өйткені өзінің бұрын қандай болғанын біледі. Қанша бай, бақты, базарлы болса да, бұрын да ойына алған ісі оп-оңай орындалып жатпайтын. Бұрын да ел ішіндегі айтыс-тартыстарда жағада жүретін қолдар жазылмай, небір тар өткелде тайталаспен күн өткізіп еді; соның бәрінде де жас мырза қаһарын тіккен дұшпанына қарсы істер әрекетін жер түбінен ойлап, тор-тұзағын күні бұрын құрып тастайтын. Сосын келешекте қайткен күнде де бұның дәл өзінің ойлағаны болатынына кәмілі сеніп, миығына мысқыл жиятын да, міз бақпай безеріп алатын еді. Сонан болар-ау, көлденең бөгде кісілер түгіл, тіпті тірлікте тақым жазбай жүрген қанжығалас достар мен төңірегіндегі қосшы-қоландардың өзі де жас мырзаның арғы жақ ойының анық-танығын болжап білген емес-ті.

Иә, қалайда бұған бірдеңе көрінді. Айрықша, Аралдан бері қараған жолда бір ісі оңғарылмады. Бұған салса, өз басы бұрынғысынан құттай да өзгермеген сияқты. Ақылы орнында. Айла-амалы баяғыша. Не істесе де, өзіне тән машықты сақтықпен аңысын аңдап істеп жүр. Сонан келе, бұған не көрінді? Бұрын қандай істің тұсында да кішкене кеудеге сап, күштеп жіберсе болғаны, соның ар жағында істің өзі сәті түсіп оңғарылып жүре беретін еді. Бұған енді не болды? Не көрінді? О, Жасаған, бір пәледен соң бір пәлеге ұрынып жатқаны қалай? Басындағы қазіргі хал бұған лайық па? Кешегі шайқаста тас-талқаны шығып жеңілген әскердің қосын тігіп, жол сілтеп, етегі далақтап шауып жүру тұзы жеңіл біреу болмаса бұған лайық па? Шынында да базары тарқап, бағы қайтқаны ма?

Рас, заман өзгерді. Амал өзгерді. Адамдар да өзгеріп жатыр. Тек өзгермеген бұл болғаны ма? Апырай, апырай, бұрын бұған жол көрсетіп, қосшылық қылған кешегі елпілдектердей, сірә, ендігі кезек бұған келгені ме?

Қорлыққа көну оңай ма, басында бұ да өзінің осы күнгі халіне көнбей бұлталақтады. Бірақ амал қанша, көнді. Көнгенді айтасың, басына түскен пақырлық халге мойын ұсынып, генералды айтпағанда, тіпті, атаңа нәлет, Тентек Шодырдың баласы мен жез мұрт офицердің алдында елпілдегенін кәйтерсін.

Бұл жан баласына бас иіп пе еді? Зәті қатты еді. Болыс ағасы өлгенде де көзіне жас алмап еді. Енді тіріде көрмеген қорлықты мыналардан көрді. Сыр бермей шыдап бақты. Қанша тістенсе де, төзімде де шек бар. Және басына күн өтті ме, қараптан-қарап, ащы өксік көкірегің қысып, кірпігі суланып бара жатқасын қамшы ұстаған қолының сыртымен көзін уқалап-уқалап жіберді. Көк ат та ызасына тиіп болды. Өзінің шайқалақтап отыратын жол жорғасынан жаңылып, қайта-қайта сүріне берді.

Жастайынан шаһарлы жердің орыс, татар байларына араласқан жас мырза осы даланың бұтқа толып жүретін байларының тірлігіне ызаланатын. Сонан ба, өз басы ата-баба салтын, дәстүрін тәрк етпесе де, әлгі бір берекесіз, бөксе басар бойкүйездіктен бойын аулақ салғысы кеп еді. Осы жолы да басқа түскен тауқыметтің бәріне мойын ұсынып, от басында жалпып жата бермей, беті қатты заманның тамырын басып қайтқалы әдейі Шалқарға барып еді. Көрмейсің бе, қаланың алаяқ қулары ұстап берді. Бар пәле басқа емес, Теміркеден болды. Апырмай, адам қалай өзгереді? Бұрын көрген жерде қолын қос қолымен ұстай алатыны қайда?

Әшиінде асты-үстіне түсіп, мал-жанын, ауыл-аймағын сұрап өліп-тіріліп жататын неме, сол күні бұл генерал Черновтан көңілі пәс боп жүдеп шыққанда, бұның жүзіне тура қарай алмай, көзін алып қашып, өзі де күйген терідей құрыса қалып еді-ау? О, сұмырай! Басына іс түскен кісіге рай бермейтін әдеті. Бұл бірдеңе дейін десе де аузындағы сөзін айтқызбай, «и, и, Алла» деп, ішіне тікен қадалғандай тыжырынып қала бермеді ме?

Әуелде бұларды Алтықұдыққа дейін бастап апарсам, ар жағында керегім де болмас деп ойлады. Қызметім жақса тез босанармын деген оймен жан-тәнін салып қызмет істемеді ме. Жер қайысқан әскерді жол бойы шөлге ұрындырмады. Қарнын ашырмады. Оты-суы мол Ұлықұм мен Кішіқұм бойында иін тіресіп, сыңсып отырған малды, жанды ауылдардың үстімен алып жүрді. Бұл өңірдің бетке ұстаған игі жақсыларын Қарашоқатқа жинаған үлкен жиында тілінің ебін, бетінің ажарын салып, бұлардың мінерлігі мен сойыстығына қойды да, сиырды да, жылқыны да үйір-үйірмен айдап әкеліп жатпады ма, бұларға істеген көл-көсір жақсылығы ана жақта қызылдардың құлағына жетсе, мына жақта генерал Чернов пен атаман Дутов бұған ырза боп жуық арада айырылатын түрі жоқ. Бұнан өзгелер қатал заманның қаһарына ілікпеуге тырысып, таса-тасаға тығылып жатса, о, пәруардіғар, бұл, бұл байғұс қайда бір басынан бағы тайғандардың қосын жегіп, қосшылық етіп көзге түсіп жатқанын да сезбепті. Бұл не? Өлетін баланың әлгі бір көрге қашатыны ма? Ақылды, айлалы болғанда, қулық, сұмдықты көзі тірілердің бәрінен асырмақ боп жүргенде тапқан ақылың осы ма? Қанды көйлек жауыңа өзіңнің қолыңмен ата алмаған оқты орыстың қолымен атқанда не таптың? Кек қайтты ма? Көңіл көншіді ме?

Соңыра арттағылар ақ-қараны ашатын заман туа қалса, көрерсің де, білерсің, исі қазаққа орыс қандай зорлық істесе де, оларға зәредей де пәле жуымайды. Ал қазаққа қазақ кегін жібермесі анық. Жә, не қылса да, итің қырын жүгіргесін істің беті оңғарылмайтын әдеті ғой.

– Ну, гад! Құдық қайда?

Тәңірберген қолынан түсіп кеткен тізгінді тез жиып алды. Ала жөнелген аттың басын тежеп, артына бұрылды. Үзеңгі қағысып, қатарласып қалған жирен сары офицердің тұздай көк көзіне бұ да тайсалмай тура қарады да, ләм-мим деместен тебініп қалды. Иесінің ширыққанын сезгендей ірі көк ат пысқырып, аяғын жеңіл тастап желіп кетті.

Іші у жалағандай өртеніп жатса да, ой заңғар-ай, сырты жағын бермейді. Жаңағы жанжалдан кейін де ол күміспен шолулаған көк бас ерде қыбыр етпей, қазықтай шаншылып отыр. Көп кісі боп жүргенде алдына қара салмай, бауырын керіп аяңдап, елеңдеп отыратын ірі көк аттың тас төбесінде шаншылған құлағынан көзін айырмай қадалып апты. Жаңағыдан кейін артына бұрылып қарамаса да, әлгі офицердің өзіне ту сыртынан қадалған көк көзі тесіп барады. Аралдан бері қарай шыққалы осы жирен сары офицер мен Тентек Шодырдың баласының бұған қаны қатып алды. Қалғандарында да аяйтын ниет жоқ. Тек генерал Черновтың тәк-тәгімен жан сақтап келеді. Және бұл болмаса өздігінен жол таба алмайтын болғасын амалсыз.

Бастапқы кезде бұлардан қайбартып еді, қазір өзінің де көкірегі қарайып, қанын торсыққа құйып алғасын ба, бұл әрі-берідесін енді жаңағы жирен сарыдан да, Тентек Шодырдың баласынан да жүзі ығыспады. Осы қазір басындағы бақ пен өрістегі үйір-үйір малдан, қойнындағы жардан, өрттей ыстық күн жанын қоярға

жер тапқызбай күйдіріп бара жатқан тас төбеде шақырайып тұрып алған мына күн мен мына аспан, мына жарық дүниеден әбден көңілі қалып торыққан. Басындағы бір жапырақ тірліктен де түңіліп, талақ деуге әзір. Қалжыраған жаны тек тыныштық қалайды. Бір жұтым су тілейді. Шегенді құдықтан қауғамен тартып алған мұздай суға аңсары ауып, әлсін-әлсін ернін жалап, аузын қуырған ащы сілекейді тамсанып қояды.

Осы күндері шаруа жайы мүлде жадынан шығып кетті. Керек десе, Шалқарға бара жатып, жолшыбай Қарала-Көпке қондырып кеткен ауылын да ойлаған жоқ. Софы ағасына «менен хабар болғанша Қарала-Көптен қозғалмаңдар» деп кеткен-ді. Сонан бері бір айдың жүзі асты. Малды-жанды ауыл бір орында ұзақ отырып қалды-ау деп қынжылады. Мал тұяғы тигесін жерде түк қала ма? Үй маңы сары жұрт боп, шаңдағы шығып кеткен болар. Және биылғы жер сыңайы жаман. Жылдағы шабындық жерлерде тіске ілінер қылтанақ жоқ. Биыл қалайда алдағы қыстың мал баққан шаруаға ауыр сын боларын сезсе де, көңіл сүлесөк енжар болғасын ба, әйтеуір ертеңгі тірлік қамы ойына кіріп-шықпады.

Неге екенін қайдам, адамдардан да гөрі жол бойы жұрттың жанын қоярға жер таптырмай, апшысын қуырып бара жатқан өрттей ыстықта аяғын эзер алып, қыбыр-қыбыр келе жатқан арық аттарды көбірек аяды. Сосын Черновты аяды. Қанша күн тақым жазбай, бірге келеді. Шалқардан шыққалы жол бойы онан көзін алмай байқап келеді. Аз сөзді. Ұстамды екен. Тек, әттең, тағдыр бұған басынан бақ тайғанда кездестірді. Арқа тірер үкіметтің сиқы анау. Әскерінің сиқы мынау. Арал түбіндегі шайқастан кейін тас-талқаны шығып жеңілген әскер ешкімді тыңдамай бет-бетіне **бұйдарықсыз** кетті. Бұларға сенуге бола ма?

Тәңірберген мырс етті. Қасындағылар байқап қалды ма деп қысылып, атын тебініп, ілгері жақта кетіп бара жатқан генералға қуып жетті. Бір жаналық айта ма деп ойлады ма, генерал бұрылып еді; Тәңірберген онан көзін алып қашты. Аты да кібіртіктеп, генералдың ақ арғымағынан кейіндеп қала берді.

Ел кездесетін дәмелі жердің бәрінен өтті. Ендігі топшылауы бойынша елі бар, суы бар жер бүгін бұларға кездеспейді. Ал мына аттардың ертеңге дейін шыдауы неғайбыл. Тұла бойы терге малшынып, омырауы, қолтығы, шабы ақ сабынданып мықшиып кетіпті. Ат реңі мен адамдардың ажарына қараса, көңілі бұзылатын болғасын, Тәңірберген көбіне көзін тура алдына қадап алды.

Елсіз дала жым-жырт. Қабағы қатыңқы кісілер үнсіз. Тек шөлге шалдыққан аттар танауына шаң кетіп, қайта-қайта пысқыра береді. Әлсіз атқа індікеш те үйір. Кейде түбін жел қазып, қара кеңірдектеніп қалған томар жусанның түбірі тұяғын қағады. Кейде көртышқанның **ініне** аяғын тығып, омбылап қалады. Аяғын кәпелімде іннен суыра алмай, тізе бүгіп қалғанда, қамсыз отырған солдаттар тақымын қысуға үлгірмей, ерден ұшып кете жаздап, аттың шоқтығынан ұстай алады.

Жас мырза ат үстіндегі жүріске берік еді, осы бүгін бұ да тақымы босап, қайта-қайта қалғып кете берді. Жаны күйзелген бір тұста: «Ит өмірде мен қимайтын не қалды?» деді. Бәсе, бұл қимайтын не қалды? Үстіндегі аспан ба? Мына күн, мына жер ме? Әлде, ұры тонаған үйдей өзегі талған кісіге беретін бір жұтым суы жоқ шөл дала ма? «Опасыз дүние». Апырау, көңіл торыққанда осынша дүниеден тырнақ ілінер түк табылмайтынын қайтерсің. Қызығы таусылғанда, бұл да қойныңдағы көңілің қалған қатыныңдай қадірі қалмай ма, қалай?

Жас мырза үшін осы қазір оған ақ та, қызыл да, дос та, қас та – бір. Дәл қазір Еламанға да енжар. Көкірегінде күйттай кек, не кінәрат қалмапты. Жер бетінде ол бар ма, жоқ па, өлі ме, тірі ме, бұған бәрібір. «Иә, маған бәрібір» деді Тәңірберген. Кеше теңіз жағасында отырған жалғыз үй жаппаға Тентек Шодырдың баласын ертіп апарғанда да, құдай куә, бұл қан тілеп барған жоқ-ты. Өзінен аруағы асып асып бара жатқан осы бір тоңмойын, дөкір жігіттің кәпірдің қылышы төбесінде жарқылдап жай ойнатқанда кірерге жер таппай, әке-көкелеп жалынғанын көргісі кеп еді; бірақ бұл күткені де болмады. Қыңыр неме қылыш астында да қайсарлыққа басып, қолынан қару түскенше қарсыласты. Жалақтаған қылыштан қорғанып, қолымен басын көлегейлеп шегіне берді. Оң иығының басын жанап тиген қылыш қолын түбінен шауып түскен сияқтанып еді. Сонан соң... Бәсе, сонан соң не боп еді?

Бір әуеннен танбай елпілдеп келе жатқан ірі көк ат кенет әлденеден үріккендей осқырып, шегіншектей бергесін, мырза ұмтылып ілгері жаққа көз салса, анадай жерде жалғыз түп қызыл түзген түбінде жуырда ғана қасқыр жеп кеткен ірі-қараның сүйегі арса-арсасы шығып ағарып жатыр екен. «Осы арада ел болуы мүмкін» деп ойлады. Сосын ер үстінен созылып, айнала төңірекке көз тастады.

* * *

«Япырау, бұл қалай? Осы араларда бұрын ел отыратын еді ғой?» деді Тәңірберген. Аралдан шыққалы көкжиекке қарай-қарай көзі талды. Басы айналды. «Күн өтті-ау, шамасы». Қанша күннен бері жер қайысқан ауыр қолдың алдында ат үстінде қаққан қазықтай боп

келе жатқан жігіттің сұлу бойы осы арада сәл босаңсып, қос шекесі солқылдатып әкетіп бара жатқасын, басын қысып ұстай алып еді, білеудей көк тамырлар алақаны астында бүлк-бүлк соғып қоя берді. Құлап қалам ба деп қорыққан Тәңірберген тақымын дереу қысып ала қойды.

Жол жорғасы бар ат әлі тың, қамшы салғызбай, аяғын қыдындап ширақ алып келеді. Ми қайнатқандай тас төбеде шақырайып тұрып алған Арал өңірінің өрттей ыстық күні болмаса, бұл әдетте ат үстінің жүрісіне болдыра қоймаушы еді. Тәңірберген басын көтерді. Еңсесін тіктеп, ерге де өзінің қашаңғы машығымен шалқалап нығызырақ отырып алды да, тағы да айнала төңірекке көз тастады. Шөбі күйген сұр төбелер сұр толқындай дөңбек-дөңбек боп көз асып кетіп жатыр. Қай жағына қараса да, кенеусіз кең дүние. Апырай, шегі, шеті бар ма мына заңғардың? Болса, қайда? Қашаңғыдан бұрын бұның сарылатын да жататын мына түрі кісі жанын жалықтырып барады. Дүние дүние боп жаралғалы осы бір құба жон, қу мекенде, құдай біледі, тірі жан тұрмаған болар? Өзінде ат, атау да болмас? Бәлкім, Әзірет Әлінін үрім-бұтағы түп-түгел шаһид боп қырылып кететін, сол... сол әлгі Кер-Бала шөлі осы емес пе? О да осындай елсіз, сусыз сарылған шөл дала деуші еді ғой? Кер-Бала... Қалай еді? Жатқа білетін еді?.. Ей, жаранлар, тыңлағын уалаятын, Кер-Баланың сөйлейін хикаятын... Сосын... Бәсе, сонан ары қалай еді? Уалаятын... Уалаятын... Кісінін жады да тозатын болғаны ғой. Сорлы Хұсайын... Иә, сорлы. Соры шаш етектен. Мына генерал да Хұсайын секілді таланы тастай бақытсыз жан.

Ана қараш, у жұтса да – ішінде. Ішін ит кеміріп жатса да, сыртын бермей сазарып алады. Басқа кісілер ат соққан денесіне ие бола алмай, күн ұзын ер үстінде

козғалақтап, екі жамбасына кезек қисаңдап келе жатқанда, апырай, бұл заңғар, күні бойы қыбыр етпейді-ау!

Аралдан шыққалы онан көзін айырған жоқ-ты. Қашан қараса да, қанша қараса да жол бойы, бірде болмаса да, бірде белі босаңсығанын көрмеді. Қашан қараса да күн жеп тастаған көне көйлектің тер қатқан ақ сортақ жауырынын жұртқа тосып, ырғайдай мойны қылқиып соңында шұбырған әскердің алдында кетіп бара жатады.

Тәңірберген қартаң генералға көбіне сырт жағынан көз салып келеді. Генералдың күн астында шағылысқан аппақ самай шашы мен қылқиған мойнына, кір-кір жағасынан жарылап көрінген көк желкесіндегі бармақ басындай шұқыршаққа көз айырмай ұзақ-ұзақ қарап отырады да, күн астында қажығандікі ме, кенет қарадан-қарап көңілі босап, Хұсайынның әскері қырылған сол әлгі араб даласы дәл мына Арал жеріндегі болар-ау деп ойлайды. Онда да, құдай біледі, дәл осындай қайнаған ыстық. Онда да осындай шетсіз-шексіз сұр дала. Сұр топырақ. Сыңар тамшы татырмайтын меңіреу шөл. Меккеден қалың қолмен аттанып шыққан Хұсайын Шам шаһарымен екі арадағы ұзақ жолды айлап жүргенде сусыз шөлдің бедері өзгермей безеріп алған болар-ау. Сонда күнде-күнде түске қарай араб аспанының өрттей ыстық күні жер-дүниенің апшысын қуырып күйдіре бастамады дейсің бе. Аңызға аптаптан аузы-басын орамалмен тұмшалап байлап алған кісілердің таң атқалы қанын кептіріп, әсіресе, шаң жұтқан аттар үсті-үстіне пысқырып, ырсылдап аяғын теңселіп басқан шығар-ау. Айнала төңірек аппақ ақ сор. Мың сан тұяқ астында бұрқылдаған шөл далада көз тоқтатар қылтанақ жоқ. Сонан тақым астында теңселіп келе жатқан аттар

түске тарта тіпті діңкелеп, төбеге ұрғандай тоқтап қап жатпады дейсің бе. Сонда үнемі оқ бойы алда отыратын Хұсайын да дәл мына қарт генералдай артына бұрылып қарамай, сусыз шөл далада қырыла бастаған қалың қолдың ендігі қалғандарын қайтсем де бір қараға жеткізем деп ілгері тарта берген шығар? Иә, сүйтті. Нағашы атасы Мұхаммед пайғамбар болғанда, өз әкесі Өзірет Әлідей дүлдүл мініп, гүрзі өңгерген, қаракұрым қол бастаған дегдар болса, олардан шыққан бала күдері жал қайсар болмағанда ше?

Мына генерал да да шөлден қырылуға қараған әскерін тап бір дәл сол Хұсайындай бет алған бағыттан маңдай аудармай, ілгері тартып келеді. Сорлының қажыр-қайраты қаншаға жетеді? Апырай, кессе қан тамбайтын Кер-Бала шөлі... Мынау сол... Сол емес пе? Осы күдік басынан кетпеді. Мына даланың аңызға аптабы, бұлыңдаған сағымы, бәрі-бәрі бұрын-соң бұл көрмеген, білмеген, жөні басқа бір беймағлұм жат дүние... Мынау сол жат дүниенің сағымы, аңызға аптабы ғой. Ендеше, жаныңды қоярға жер таптырмай, күйдіріп-жандырып бара жатқан мына күн де сол Хұсайын сорлының түбіне жеткен араб аспанының күні болар.

Тәңірберген белі босаңсып бара жатқасын бойын жыйып алды да, ерге тіктеліп отыра беріп еді, шақырайған күн бетін шарпып алды да, бұл лажсыз ықтап кетті. Күні бойы көз алдында қылтылдап тұрып алған аттың қос құлағы кенет әлденеге алыстап бара жаты. «Бұған не болды?» деп ойлағанша, көз алдындағы құлақ бұлыңғыр кіреуке тұманға сіңіп қарасы үзіліп кетті. Иә, бұған күн өтті. Ендеше, генералға да күн өтті. Кер-Бала шөлінде Хұсайынға да күн өткен болар-ау!

Тәңірберген күні бойы өзін баурап алған осы бір удай ащы ойдан құтыла алмады. Құтылғысы келіп

көңілін басқа жаққа аударып көріп еді, бірақ сәптіреген сана шатасып, жаңағы ой қайталап соға берді. Келесіде ол қиянаты мен қаталдығына көз жетпейтін баяғы бағзы заманның құрбаны болған Хұсайын, құдай біледі, орыс генералына кәміл ұқсаған болар деп ойлады. Таланы мен тағдыры ғана ұқсас емес, орыс генералына оның түрі, түсі, ісі, мінезі, бәрі-бәрі ұқсаған болар. Қыруар әскер көз алдында қырылып жатқанда өзі де өлуге қарап, қаназасы кеуіп бара жатқан Хұсайын құдды мына орыс генералындай жалақ ерні кезеріп, қылдырықтай мойны көйлек жағасынан қылқиып, көк желкедегі бармақ басындай шұқыршығы қасындағы кісілердің көңілін босатып, көзінен жас шығармады дейсің бе. Асылы, құй кәпір, құй мұсылман бол, тағдыры бір кісілердің басына түскен қиындық та ұқсас болар-ау!

Тәңірберген тағы да сарылып, ұзақ сонар ойға батып бара жатқанын байқады да, бойын тез жиып ала қойды. Тіктеліп отырып төңірегіне көз тастап еді. Ой, заңғар-ай, әлі сол құлазыған қалпы. Көз жетер жерде көз сүрінер не бұта, не басқа бірдеңе болсайшы. Не жүгірген аң, не ұшқан құс жоқ. Сары аурудай сарылған баяғы дала тірліктен нышан байқатпай, жанын жеп, жүрегін сыздатып бара жатқасын, бұрылып артына қарап еді.

Ауыр қолдың негізгі салмағы кейінде қалыпты. Тандыры кепкен даланы таң атқалы тынымсыз түйгілеген мың сан тұяқтың дүсірінен басқа дыбыс та жоқ. Бұлармен құйрықтасып келе жатқан солдаттардың репеті тіпті жаман. Жүн басқан бет түтігіп кеткен. Түйілген қабақ астынан тұнжырап қарайтын жанарда рақымның ізі жоқ. Иінінен эне-міне сыпырылып түсетіндей кір-кір, алқам-салқам көйлек күнге күйіп, бояуы оңып кеткен. Бойындағы қару-жарақты ердің қасына іле салған. Жорық кездегідей сап түзеп, ондық,

жүздікке ыңғайласпай, бетімен кеткен бақташысыз малдай шашырап, аяқтарын әлтек-тәлтек басып ілбіп келеді.

Тәңірбергеннің есіне тағы да Кер-Бала шөлі түсті. Кер-Бала шөлінде қырылған Хұсайын әскері көз алдынан кетпей тұрып алды.

Апыр-ай, бұлар Аралға дейін тап бұлай емес-ті. Ауыр ұрыс қанша қиын болса да, тұтымы қатты қолбасы тізгінді қолынан шығармай, тас қып уысында ұстап бақты. Рас, Арал түбіндегі ұрыста тас-талқаны шықты. Қанша адам қырылды. Тірі қалғандардың ішінде қолын, басын таңып алғандар көп. Бұларға үш күннен бері бір ел кездеспеді. Күші үздіккен аттар қарға адым жерге жарамай, танауынан қан кетіп тұрып қап жатыр.

Ызалы солдаттар қазір ешкімнен де айылын жияр түрі жоқ. Кеше сондай біреу өзінің командиріне мылтық ала ұмтылғанда жирен сары офицер оны тоқтатып: «Ақымақ, ататын кісің, әне, анау!» – деп, бұған айдап салған-ды. Мырза жан-жағына сергек көз тастап, назарына ілінгенді жадына түйіп келеді. Ақ борпылдақ топырақ ат тұяғы тиіп кетсе де бұрқ етіп, аппақ шаң аспанға көтеріледі. Көзге ілінер қылтанақ күйіп кеткен. Ең арысы қара кеңірдек жусанда да сығып алар сөл қалмаған. Күні бойы көз ұшында сағым бұлдырап тұрып алады. Шөл қинаған кісілерге шалқыған су сияқтанып, аңсары ауып, көзі қарайған қайсы біреулер астындағы атты қамшылап тепкілей бастайды.

Тәңірберген мына сорлылардың басына түскен тауқыметке басқадан бұрын өзін кінәлідей сезеді. Тентек Шодырдың баласы Аралдан шығарда теңіз жағалап жүрейік дегенде, бұл да өз сөзін дәлелдеп, жеңсік бермей қойған-ды. Өзінен бұрын мал жайын ойлайтын шаруа алты ай жаз маса, сонадан қашып, жаппай

қырға көшіп, теңіз жағасында балықшылар мен сіңірі шыққан кедейлер ғана қалады. Суы күрпіген құдықтар мен шөбі шүйгін жайылым қырда екенін айтқан соң, генерал Чернов бұны құптап, қыр жолымен кеткенді. Енді, көрмейсің бе... Қарақұрым әскер үш күн, үш түннен бері осы өңірдің халқы алты ай жазда иін тіресіп отыратын хан жайлауды кешіп келеді. Бірақ, не пайда, қас қылғандай, бұларға әлі бір ауыл кездеспеді. Кеше, Арал түбінде болған шайқаста тас-талқаны шыққан ызалы солдаттар енді шөлге ұрынды.

Тәңірберген «адасқан шығармыз» деді. Ойы осыған ауа берді. Ат жалын тартып мінгелі бұл өңірден дәл бұндай елсіз, сусыз даланы көрген жоқ-ты. Зәуде бір жолдан адасқанда, бұл әдетте ат үстінен еңкейіп топыраққа, шөпке қарайтын. Тақа болмаса, бір уыс топырақты шеңгелін толтыра көсіп алар еді де, реңіне қарар еді. Шөбін алақанына үгіп әрі-бері иіскелеп, әйтеуір бірдеңені топшылар еді. Енді, міне... өң мен түстей бір халде. Кессе қан тамбайтын адыра қалғыр дала зығырын қайнатып, жігерін құм қып келеді. Қайсы бір жылдарда көктемей жатып қылтиып көрінген қылтанақ күйіп кететін дала баяғы ата-баба заманында да күні бойы аң қуып қан сорпасы шыққан араншының жалғыз атына су бермей, безеріп жататын заңғар еді ғой. Сол даланың ежелгі қаталдығы мен қайырымсыздығына енді бұлар тап болды.

Тәңірберген түкке түсінбеді. Ақылы дал. Ат үсті демесең, әлі құрып, қолынан тізгіні түсіп кеткен. Күн санап ақылға сыймайтын нәрсе көбейіп барады. Өздері жер тәңірісі көретін ақ патшаның аяғы аспаннан келді. О, сұмдық, құл-құтанмен жағаласта бір жұлқығанға жарамады! Сондай-ақ, бұлардың жер тәңірісі көріп бұған дейін сыйынғандары құр әшиін сағым көтерген бұтадай

қауқиған бірдеңе ме еді? Әлде... олар арқа тіреген біздер әлсіз болдық па? Айтса да, күні кешеге дейін осы өңірді жатқызып, тұрғызған Жүзбай, Мыңбай, Итбайлар қайда! Алғыр деген Рамберді ше? Кешегі жылдары теңіз жағасынан промсол ашқан қарашекпеннің байлары – анау Марков, Мокеев, Кисин, Тентек Шодыр, Ақсақ Жагор, Курнос Иван, Темірке ше? Әлде, қу құлқын мен қара бастың қамынан аспағаны ма? Болған үстіне бола түссем деп құнығып, көздері үңірендеді де жүрді ме? Жә, олар олар болсын, ал сен... Бәсе, сен өзің ше? Не бітіріп, не тындырдың? Болыс ағаң барда да, жоқта да басқаға бұйырмағанның бәріне сен ие, сен қожа болдың. Жүйрік ат міндің. Жұрттан асып киім кидің. Күзде аң қудың. Аяқ жетер жердегі ажарлы аруды сен құштың. Бері келіп, билік қолыңа тигенде де сен, сірә, кесер келлең болмаса, мына адыра қалғыр дүниенің бүгіні мен болашағына басыңды ауыртып көрдің бе? Сонан не ұттың? Не мұратқа жеттің? Қатыгез дүниенің сиқы мынау. Кеше ақ патшаның аяғын аспаннан келтіріп еді, бүгін Колчактың тас-талқанын шығарған қара тобырға қарсы тұрар, қайрат көрсетер күш бар ма?! Қара борбай кедейлерді келешекте қанша қарық қыларын кім білсін, ал бірақ билік қолына тисе, көре қал, бұлар ешкімді де аямайды.

Тәңірберген күрсінді. Дүние кезек. Ендігі кезек осылардікі. Ақтардың соңғы үміті Арал еді. Арал түбіндегі шайқаста қызылдардың шебін бұзып, әскерін қырғанда әлде қайтер еді. Генерал Чернов та осы үмітті өзіне талшық қып еді. Асылы, «ат шаппайды, бақ шабады». Әйтпесе, қызылдарға қарағанда бұлардың әскері көп, қару-жарағы анағұрлым артық болды. Чернов кешегі дүние жүзілік соғыста талай шайқасты басынан өткізген тәжірибелі генерал. Сонан келе Арал түбіндегі

шайқаста тас-талқаны шықты. Ендігі қалғандардың сиқы мынау. Көз шүңірейген. Ерін кезерген. Астындағы аттар аяғын әрең алады. Бұның астындағы қара жал құла мен генерал Черновтың ақ арғымағы, Федоровтың тарланынан басқа аттардың бәрі құдды құлын тастаған биедей, екі бүйірі сұғылып ішіне кіріп кеткен.

Тәңірберген мыналарды көргісі келмей, көзін басқа жаққа бұрып әкетті. Ер ойған қоңын қайда қоярын білмей, әрі-бері қозғалақтады да, көзін көк аттың қамыс құлағына қадады. Осы жолы өзіне бірдеңе көрінді: жол үстінің қамынан көңілі босаса, онсыз да қажыған жанын қажай түскісі келгендей, басына қайдағы-жайдағы келеді. Көрмейсің бе, есіне тағы да Еламан түсті. Ойламайын десе де, ойына сол түсіп, неге соған оралып соға береді. Неге, неден қуыстанады? Бет қаритын айыбы бар ма? Ақталғысы келе ме? «Жо-жоқ! – деді Тәңірберген басын шайқап, – құдайға болмаса, адамға кінәлі болған жерім жоқ. Шектен шыққан жерім жоқ. Тек еруліге – қарулы, сен қылғанға мен қылдым. Күндердің күнінде қазақтан да қара қылды қақ жаратын әділ қазы шығып, ақ-қараны ашар заман болса, кім кінәлі, кімнің кінәсіз болғанына кейінгі ұрпақтың көзі жетер. Исі қазаққа қылдай жазығым жоқ еді. Жазықсыз едік. Қай кезде де адамды адамға айдап салған біз емес, заман еді ғой. Оу, заманым қасқыр болса, мен қалай көгендеулі қозы болам?» Тәңірберген: «Қозы болмаймын! Қозы болмаймын!» деп, мына меңіреу даланы басына көтере айғай салғысы кеп кетті. Қанша ұстамды болса да, күйік көтергенде күнге күйген бетіне ыстық қан шауып, қос шекедегі көк тамырлар жарылып кетердей білеуленіп бүлк-бүлк соқты.

Тәңірберген шаршады. Қалжыраған бойында бұрынғы ұстамдылықтың ізі де қалмаған. Ар жағында ішіне

сыймай иектеп тұрған ашуды әзер тежеді. Мына аяғын әзер алған арық аттар, тірі аруақтай солдаттар сияқты бұның да қаны кеуіп, қаталап шөлдегелі әлдеқашан. Тамсанса, тісінің арасында тұрып қалған топырақ қышырлайды. Күп-құрғақ тамағы жұтындырмай, аузы қуырылып, тұзды сортақ тұтқырланып, өңешінен ары жүрмей қайта-қайта тыжырына берді. Іште булығып шөгіп қалған әлгі ыза, әлгі күйік сыртқа шықпай, осы жолы тағы да тұншығып қалған. Оған бір түрлі енжарлық пайда болды. «Кісі өлгенде осылай бола ма екен?» деп ойлады. «Адам өмірінің ақыры дәл осылай өкінішпен аяқталады-ау, шамасы» деп ойлады. Иә, қай ақын еді? Кім де болса, әне бір заман түзу кезде қу домбырасын құшақтап, бұның аулынан шықпайтын тілемсек жыраудың бірі адам өмірін көкпарға теңеген еді-ау. Ел ақтаған емінсек кісілерді бұл өзі жаратпаушы еді; сонан ба, әлгінің аузынан шыққан сөзді пәтуасыз көрген еді де, арғы түбін ойламай, үстірт қабылдап, мұртынан ғана күліп қойған-ды. Әдетте, «дүние кезек» деп, үнемі кісиде есесі кете-кете жаны күйіп, зығыры қайнап жүретін ызалылар ғана кезегін күтіп алақанына түкіріп жүретін.

Иә, осыған дейін бұның ұпайы түгел еді. Сондықтан да бұл өзін келешекте әне бір етке тойған есерсоқтардың кергісіне түсетін көкпардың лағы болам деп әсте ойлаған емес. Адам өмірінің қалайда көкпарға ұқсайтын бір жері болса, бұл өзін күштінің қолында кететін көкпардың лағы емес, аты мықты, қолы қарулы, тақымы темірдей көкпаршының нағыз өзімін деп ойлайтын. Енді қараса, ауылдың әлгі бір сақал жаман шалдары «дүние кезек» деп айтатыны рас. Дүние шіркін шынында да кезек екен. Жарық дүниеге келген кісі – құй хан, құй қожа бол, басынан бақ тайған күні білегі мықты біреудің

тақымында көкпардың лағындай кете барады екен. Кешегі болыс ағасы сүйтті. Оның арғы жағында аузымен құс тістеген кімдер өтпеді. Сонан келе келешекте өзінің де өмірінің ақырын дәл солардай аяқтарын неге ойламады? Неге білмеді? Жоқ, білді. Тек жұрт алдында білмегенсіп, бөрі айбатын бетіне жиып, желке жүні күдірейіп жүрді. Сен жеті қат жер астындағы болмаса, жер үстіндегінің бәрін бәрін білгенде, тек жазмыштағы зауалды күніңнің осыншалық тақау қалғанын білмепсің. «Иә, білмепсің» деді ол ішінен.

– Ну, га-д, құдық қайда?

Тәңірберген артына бұрылып қарамаса да, мынау тағы да бағанағы жирен сары екенін білді. Онан басқалар да бұның кейде оң, кейде сол жағынан шығып, үзеңгі қағысып қатарласа бере тіл қатады:

– Құдық қайда?

– Ауыл қашан кездеседі?

– Енді қанша жер қалды?

– Әй, бұл бізге шынын айтады дейсің бе. Бізді алдап келеді. Көре қал, бізді елсіз далаға апарып қырғалы жүр.

– Генералға айту керек. Бұларға сенуге болмайды.

– Ну, га-д... құдық қайда? Көрдің бе, үндемейді, шауып тастар ма еді өзін.

Тәңірберген құп-қу; ер үстінде қыбыр етпей, көзін көк аттың құлағына қадап алған. Мына найсаптардың боқтық-балағатын өзінің әне бір төре сүйек тәкаппарлығына бағып, құлағына ілмеуге тырысады. Бірақ төзім темір емес, оның да қаншаға жетерін кім білсін. Бәрінен бұрын әпербақан немелердің әкіреңдеген зәбірі жанына батып барады. Кісінің қадірін білмейтін иттерге сөзін шығын қылғысы келмеді. Жә, қажеті қанша. Өмірден беті қайтып, талабы теріс кеткен шак қой. Әйтпесе, бұл араның елі, жері, суы бұның жадында

жазылған хаттай сайрап тұрмаушы ма еді. Жыл сайын бір шаруасы шығып, Алтықұдық пен Шалқарға баратын. Бұл аралар бұның қыста да, жазда да талай-талай жүрген жерлері. Қыста кілем жайған көк сырлы жеңіл шанаға қасқыр ішік киген бойымен жайғасып отырып алар еді. Сонан қашан жол үстінде не қонатын, не түстенетін әлде бір ауылға кеп, алдынан арсылдап иттер үріп шыққанша селт етпейтін. Еті қызып алған күйлі аттың сом тұяғы сары табан қарды күтірлетіп салдыртып келіп, бұның өзі біле бермесе де, бірақ бұны жақсы білетін әлдебір үйдің алдына кілт тоқтап, хабарлас қылар еді. Кешкі асын қызыл іңірде ішіп жатып далған үйдің шамы жылт етер еді де, іле-шала іштен қақпа шекпеннің жеңін сүріне-қабына асығыс киген біреу сыртқа жүгіріп шығар еді. Шабалаңдап үрген иттерді шалғайымен жасқар еді де, шанаға кеп: «Мырза, қош келдіңіз. Қонақ болыңыз. Түсіңіз» – деп, қол қусырып, ізет білдіргенше, ой, дариға-ай, бұл қозғала қоймаушы еді-ау!

Ал жаз айларында қалаға тіпті жиі баратын. Аяқ астынан әлдебір шаруа шығып асығыс кетіп бара жатқаны. Бірақ дүние күйіп бара жатса да күндіз жолға шықпайтын. Алдын кештете атқа қонады. Түнгі салқынмен жол өндіріп алғысы келеді де, қасындағы қосшыларға сенбей, жол билігін өзінің қолына алатын. Бір жерге тоқтамайтын. Қасына ерген қосшылардың оқ бойы алдына түсіп алатын да, жазбастан сыдырып отыратын. Сонан ат маңдайы аумай бағана ауылдан шығарда көңіліне түйіп алған жерге тура апаратын. Салт аттыға Алтықұдық пен Ақбауырдың екі арасы бес күншілік жол. Осы екі арада Тәңірберген қай жерде құдық бар, оты бітік өлке бар, қай ауыл қай құдықта, қай сайда отырады, руы кім, аты шыққан азаматы кім, бәрін білетін-ді.

Не қылса да, бұған бірдеңе көрінді. Аралдан шыққалы соңында шұбырып келе жатқан кара нөпір қолға әлі бір жұтым су тауып бере алмай, ұяттан беті күйіп келеді. Бұнан кінә жоқ. Құдай қылса қайтесін, небір сулы, шегенді дұдықтардың тас төбесінен түсіріп келеді. Бірақ, не пайда... белгісіз біреулер бұның алдын орап, құдықтардың шегенін тарқатып көміп кетеді. Бұрын иін тіресіп отыратын бай ауылдар бұлар келердің алдында үйін апыл-ғұпыл жығып, асығыс көшіп кетеді. Кей жұртта қазан асқан ошақта ыссы қоламта жатады.

Осы тегін бе? Кім де болса, бір зымиян, әккі жау Аралдан шыққалы бұлардың басқан ізінен көз жазбай келеді. Айтқанының бірі орындалмады. Сосын мыналардың бұған қаны қатып алды. Тірілей түтіп жеуге бар. Олар тек генералдың тәк-тәгімен келеді. Ызалы кісілердің ішінде әзірге арқа сүйегені – генерал Чернов еді; қазір о да бұған онша емес. Астындағы ақ арғымақты бұның көк атымен қатар бастырып келе жатып, оқта-текте көз тастап қояды:

– Мырза, құдық алыс па?

Тәңірберген қоңына ер батқан аттай қипалақтап қалады.

* * *

– Әй, ананы көрдің бе?

– Қайсы?

– Әне, төбеде қалықтап жүр...

– Е, мынау ма? Бұларды бағана көргем.

– Осы пәле бұрын жоқ еді ғой?

– Иә, жоқ еді. Біз құмға кіргесін зорыққан аттардың алды құлай бастағалы бұлар да көріне бастады. Әуелі біреу еді, қазір екеу... Әне, тағы біреуі көрінді.

-
- Тұра тұр, бұлар әлі көбейеді.
 - Өзі бүркіт емес сияқты.
 - Жоқ, бүркіт қасиетті құс қой.
 - Ал бұлар ше?..
 - А хрен их знает. Осыларды ішім алмайды.
 - Өздерінің жерге қонатын кезі бола ма?
 - Е, сен немене... осылай көкте қалықтай береді дейсің бе?
 - Әй, қыршымандар! Онан да бір жұтым суды айт! Сіміргенде шекеңнен шыққандай мұздай болса өзі.
 - Мен өмірі мұздай су ішіп көргем жоқ. Әке-шешем тамағың ауырады деп, мұздай су ішкізбейтін.
 - Соған көндің бе?
 - Амалың қайсы.
 - Ой, ақымақ!
 - Әрине, ақымақшылық. Соған қазір өзім де өкінем.
 - Ақымақтың ақылы түстен кейін енеді...
 - Қанша ойласам да мұздай судың дәмі қандай болатынын білмеймін.
 - Ендеше, дәмін білмей-ақ өлесің.
 - Ал сен... Сен ше? Мұздай судың дәмі қандай болатынын білесің бе?
 - Әй, мыналар осылай ұшады да жүре ме?
 - Үндеме... қонатын кезі алда.
 - Алда?..
 - Иә, өлікке қонады.
 - Ендеше, көп ұзамай жолы болады екен ғой.
 - Жетер!
 - Қорқасың ба?
 - Сен қорықпайсың ба?
 - Жоқ, өлімнен қорықпаймын. Тек соңыра мына жексұрындардың денемді шоқитынын ойласам, жаным түршігіп кетеді.

– О, Жасаған!.. Мына азапты көргенше кеше Арал түбінде оққа ұшқанның өзі жақсы еді.

– Әне!.. Әне біреу сорғалады.

Солдаттар бәрі бірден аспанға қарады. Тәңірберген де ілбіп басқан ат тізгінін қоя беріп, көз қиығын көкке тастап еді. Бірнеше құзғын тас төбеде қалқып жүр екен. Бұлар басын көтергенде әлгілердің біреуі бөлініп шыға берді. Қырағы көз әлденені қиядан шалды ма, қос қанатын қапелімде жиып алды да, төмен қарай аға жөнелді. Сонау шалғайдан сорғалаған құс төмендеген сайын бар бітімі іріленіп, бауырына қысқан аяғын көрді. Сояудай тырнағын көрді. Суылдаған дыбыс естілгендей болды. Көз алмай қарап қалған кісілердің үстінен ағып өтіп, шаң астында шұбырып келе жатқан әскердің кейінгі жағына көз асып, қарасы үзіліп кетті. «Адам ба, ат па, тағы біреу құлады-ау» деп ойлады Тәңірберген.

Қалай десе де теңіз өңірінің бірде кебіртек, бірде борпылдақ құмайты жүріске жеңіл еді. Күн төбеден ауа бұлар қауқиған-қауқиған сары шағырдан басқа шөбі жоқ шағыл құмға килікті. Онсыз да күші үздігіп келе жатқан кісілер жал-жал сусылдақ құмды көргенде есі шықты. Аттар сусылдақ құмға аяғы шашасына дейін кіріп, ыңыранып тұрып қала берді. Тәңірбергеннің де аты бір тұрып, бір жүріп, жүйкесін құртып келе жатқанды. Кенет көк желкеден жирен сарының құдды біреу алқымынан алып буындырып жатқандай қырылдаған даусын естіді.

– Көрерсің де білерсің, мынау қызылдардың кісісі.

– Жоқ, бұл бай. Малында есеп жоқ дейді.

– Болса болар. Бірақ бәрібір бұларға сенуге болмайды.

– Иә, бұлар бізді жек көреді.

– Осыны генерал қайдан тапқан? Кәрі қырт,

Федоровтың айтқанын тыңдамай, осының тілін алып...

– Иә, бәрі содан.

Ызалы дауыстар үдей түсті. Жирен сары офицердің қасына оның дәл өзіндей екі көзі шүңірейген, ерні кезерген, бет-аузы жүн-жүн біреулер атын тебініп, жан-жақтан жиналып жатыр. Тәңірберген Черновқа қарап еді. Бұрын маңайы кісі-қараға толып жүретін қолбасының қасында қазір адам қалып жарымапты. Тәңірберген өзі сияқты оның да қазір дәрменсіз, жалғыз екеніне көзі жетті.

Жирен сары генералдан да айылын жиған жоқ. Төңірегіне топталған көп сотқардың арасында қырылдақ даусын әдейі көтеріп, «кәрі сайқал бізді қыратын болды» деп, күш көрсететіндей сынай танытты. Тәңірбергеннің жүрегі шайлығайын деді. «Мынау қай жер? Мұндай құмды бұрын-соңды көрмеп едім ғой...» деп ойлап, бет жағы борай бастаған таудай-таудай нар шоқалақтар мен сусылдаған шағыл құмға шошына қарады. Түс ауса да аптап аңызқтың беті қайтқан жоқ. Құмға кірерде жел көтерілді. Ат тұяғынан ұшқан топырақ шаңдатып борай бастады.

Тәңірберген аузын жібек орамалмен байлап алды. Соған қарамастан қарсы алдынан соққан аптап аңызқарттей шарпып, күйдіріп барады.

Құмға кіргелі аттар танау қағып тұрып қап жатыр. Бір уыздай жас солдат бұның көз алдында жынданды. Осыған дейін ол ілбіп басқан ат үстінде иығы салбырап сұлқ келе жатқан. Төңірегінен түк сезбей, жанары сөніп кеткен көзді алдына қадап телміріп алған-ды. Тақымы астында теңселіп басқан ат биік шоқалақтан төмен қарай түсіп келе жатып, әлденеге сүрініп кетті. Әлсіз ат аяғын жия алмай, қос тізесімен құмға кіріп омақасып қалғанда, қамсыз отырған солдат ат мойнынан асып

түсті де, домалап-домалап кетті. Ат сүрінген жерде тапжылмай тұрып қалды. Солдат екі ұмтылып, үшіншіде үсті-басынан сусылдақ топырақ сауылдап атып тұрды. Әлгінде ат үстінде сүлдерін шаққа көтеріп отырған сияқты еді; аяғына мінгенде өзін күш көтерді ме: «Су! Су! Өне, су!» – деп, беталды лағып, жанұшырып жүгіре жөнелді.

Тәңірберген ілгері жүріп кетті. Құмға малтығып, аяғын әзер алып келе жатқан көптің арасынан жирен сары көрінбеді. Басқадан бұрын осы сойқанның көзіне түскісі келмеген мырза аты лажға жарап тұрғанда қара үздіріп кеткен генералды қуып жеткісі кеп еді; оған бірақ іші-бауыры қатқан аттың арқасына ер тұрмай, лоқылдап ілгері-кейін кете берді. Ала-бөле ылдиға қарай етпеттеп жүргенде шоқтықтан асып, ер-мерімен ұшып кете жаздады да, лажсыз тоқтап аттан түсті. Арқасы босаған ат ер-тұрманын сылдыратып дүр-дүр сілкінді. Терге малшыған дене дір-дір етіп, солығын баса алмай тұр. Тәңірбергеннің өзі де шөлдеп, қаны кеуіп барады. Тілі тас қайрақтай. Түкірігі кеуіп кеткен құп-кұрғақ аузында ұртын қуырған ащы кермек бар. Ол өмірі істемеген әдетін істеп, көк аттың бауырындағы қос уыс көлеңкеге аңсары ауып тұрғанын байқады.

Көк атты қайта ерттеді. Айыл тартпаны қатты тартты ма, онсыз да аяғын әзер-әзер басып тұрған ат ыңыранып, әлсіз буындары дір-дір етті. Тәңірберген ат шоқтығына жармасып, үзеңгіге аяғын енді сала беріп еді, көз қиығы кейінгі жақтан емпелеңдеп келіп қалған біреуді байқады. Бұл бұрылам дегенше анау да астында аң қуған иттей ырсылдаған аттың тер моншақтаған тұмсығын бұның көк атының құйрығына тақай бере тоқтады.

– Түс!

Тәңірберген сары сайтанды даусынан таныды. Үзеңгіге салған аяғын ала қоймай, арт жақтан шыққан қырылдақ үнге ақырын бұрылды:

– Иә, офицер мырза?..

– Түс аттан.

– Неге?

– Ах, ты ирод!

Кейінгі жақтан тағы да бір топ солдат аттарын тебініп келіп қалды. Жирен сары жүгіріп кеп бұны құлақ шекеден қойып жіберді. Тәңірберген аяғына тұра алмай тәлтіректеп, басы айналып құлап баратты. Абырой болғанда тізгін ұстаған қолымен ат жалына жабысты. Жирен сары шойындай жұдырықпен бұны тағы да дәл жаңағы ұрған жерге қойып-қойып жіберді. Бұл жолы ат жалына жабысқан уысы жазылып кетті де, мырза серейіп құлап түсті. Сонан есін жиса, әлденеден үріккендей одырайып тұрған көк аттың дәл тамағы астында жатыр екен. Көкірегі қысылғандай болып еді.

Сөйтсе, жирен сары қонжиып кеудесіне мініп алыпты. Қалған солдаттар қаумалап үстіне төніп қапты. Тәңірберген мына бір жексұрындардың күнге күйіп қарақошқылданып кеткен жүн-жүн бетін көргісі келмей, жүзін тайдырып әкетті. Жан алатын әзірейілдей жан-жағынан анталап үстіне төніп тұрғандардың арасынан алақандай аспанға қарап еді; әлгінде ғана нілмен шайғандай далиған шексіз аспан, енді ұлтарактай бүрісіп қапты. Және өзі тозығы жетіп, бояуы оңған әлде неден бөз өңденіп бозарады. Қызығы қалмаған дүниенің түгін көргісі келмеді де, мырза Тәңірберген көзін тас қып жұмып алды. Көкірегі әлгіден де гөрі қатты қысылып, қол-аяғы мұздап, бойынан әл кетіп барады. Мыналарға тіл қатайын деп еді, оған бірақ дыбысы шықпады. Бәрінен бұрын кеңірдегін жұлатындай алқымынан алып, жанын шығара қылғындырып жатқан

мына бір былжырап тершіген алақаннан жиреніп барады.

Мыналардан тірі құтыла алмасын білді. Сүлдері құрып әлсіреп бара жатқан денеде шыр-шыр еткен тыныс-демі әзір кеудеде ғана қалды. Оны да мына жирен сарының темірдей саусақтары сығып, жан алқымға таяп әкелді. Көзі қарауытып кетті ме, ілде көзін жұмған өзі ме, ол арасын білмеді. Сонан бір кезде есін жиып еді; әлі де сол баяғыдай үстіне төніп анталап тұрған жүн-жүн беттердің арасынан кір-кір аспанның алыстан қиық шеті көрінді. Бар болғаны жас бала алақанындай. Және жас жуған қатынның бетіндей сауыс-сауыс па, қалай? О, Жасаған! Өмір бойы қырық пышақ боп қырқысумен өткен қасиетсіз пенде соңыра ана дүниеге өзімен бірге ала кететін сыбағаның болып болғаны осы-ақ па? Осы... осы ғана ма? Тәңірберген бұны ішінен ойлады ма, әлде сыртына шығарып айтты ма, оны өзі білген жоқ. Шарасы жасқа толған жанары кішірейіп, ақырын-ақырындап сөніп бара жатты. Әлгі темірдей саусақтар шеңгелін жазбады. Өзегін өртеген ащы өксік әрі де, бері де өтпей, тас түйін боп тамағына тұрып алды. «О, опасыз сұм жалған!» Опасыз! Опасыз! Алқымнан алған тас шеңгел айрылар емес, сығып әкетіп барады. Аузынан ақ көбік ақты. Қырылдады. Ақтық дем үзілуге қарап еді. Сол кезде әлдебір дыбысты құлағы шалды, еміс-еміс дыбыс естіле түсті де, үзіліп кетті...

Қанша уақыт өткені белгісіз, бір кезде есін жиды. Жанарына жан еніпті. Кірпік арасынан сәуле сығырайып, біреулер қараңдады. Бірақ жүзін көрмеді. Қол-аяққа әл-қуат әлі де оралмаса да, әйтеуір әлгінде көкірегінен салмақ сезілмейді. Алқымы да жирен сарының шеңгелінен босапты. Өзі де ана дүниенің дәл өзінен оралғандай, көзін ашып, жұмып біраз жатты. Бағанағы еміс-емес дыбыс есіне түсті. Бәсе, сол не? Не дыбыс?

Біреулер күбірледі. Іле-шала екі кісі екі жағынан

сүйемелдеп орнынан тұрғызды. Тәңірберген олардың кім екенін білген жоқ, бірақ кім де болса мыналардың өзін тап бір ұзақ жатқан әлсіз сырқаттай соншалық бір жанашырлық сезіммен абайлап ақырын көтерген түріне қарап, жирен сарының бұл маңайда жоқ екенін білді.

– Атына мінгізіндер, – деді біреу.

– Генерал мырза, ол әлі әлсіз.

– Дәнеңе қылмайды. Екеуің екі жағынан сүйемелдеп отырындар.

Мырзаның жанына екі кісі қалдырды да, Чернов қасындағы аз ғана тобымен ілгері жүріп кетті. Кәзір бұрынғыдай қарауындағы офицер, солдаттардың бәріне бірдей сене бермейді. Оның қасындағы аз ғана кісі-қара кешегі Арал түбінде болған қырғыннан аман каппель полкінің солдаттары. Қару-жарақтары сайлы. Және жетекке алған аттың үстінде мүйеттеп артқан пулемет бар.

Тәңірберген азырақ әл жиды. Бірақ басы айналып, көз алдына тұрып алған кірбің айықпай қойды. Қасындағы екеуді де түстеп тани алмай, дүние бұлдырып отырғанда, әлде бір ақ күшік аяғынан ала кететіндей, қайта-қайта тап береді. «Мынау қайтеді, әй» – деп, бұл аяғын тартып алғысы келді. Көзін уқалап, қайта қарады. Сүйтсе, әлсін-әлі аяғына тап беріп жатқан бұл ойлағандай ақ күшік емес, жел астында елбек қағып, басы жалпылдаған даланың аппақ ақ селеуі екен.

Мырза езу тартты. Қамшысына таянып түрегелді. Көк атқа қасындағы кісілердің сүйемелдеуімен мініп еді, бірақ өмірі ат жалында өскен жан тақымы ерге тиген бойда әл дарып, атты құм ішінде жосылып жатқан ізге салды да, жүріп кетті.

Тәңірберген мына дүниені көргісі келмеді. Басы баурына түсіп кеткен. Қанша жүргені белгісіз. Қай жерде келе жатқаны белгісіз. Ат өз жолын өзі тауып жүріп келеді. Төңірекке көз салғысы кеп анда-санда басын көтерсе, көзін жұма қояды. Жол бойы жығылған ат. Өлген, өлімші боп ыңырсып жатқан солдаттар. Бір жерде қару-жарақтар, аяқ киім, бас киім! Қайсы бір бұта басында ілініп қалған көйлек. Ысылдаған құм ішінің аңызак аптап желі астында желп-желп етеді.

Төбеден ауған өрттей ыстық күн бір кезде бұлардың қарсы алдынан шығып, бір орыннан тапжылмай, шақырайып тұрып алды. Тәңірберген басын олай бір, былай бір алып қашты да, ақыры болмағасын жоғары көтеріп алды. Ер үстінде ырғалып, нығызырақ отырып, тас төбеде мөлдіреген көк шаңқан аспанға шалқалап қарады да, бірақ әлде неге көзін ала-алмай арбалып қалды. «О, пәруардігер» – деді құдды қадір түнін көрген діндар адамдай, – «Жараушы Ие-ау!» – деді. Осыған дейін не көріп жүрген? Мына аспан... Апырай, мына аспан көк нілмен шайғандай ма, қалай? Иә... Иә, нілмен шайғандай! Бұл жарықтық... Неге жерден бойын алып қашып, шалқалап жатып алған? Сол тегін бе? Нақақ төгілген қан мен көз жасқа керелеген қатігез жерден бұлар неге қайыр күтті? Қанша күннен бері жөн таппай адасқаны аз болды ма? Опасыз жалған дүниеден жаны түршіккен аспан... Қарашы, жан баспаған заһарға тартып кеткен! Өзі неткен түпсіз, тұңғиық және шебі, шегі жоқ жаһаннам... Айдай әлем... Апырмай, адам ақылына симайтын шексіз... ол неткен дүние? Шексізде де түптің түбінде барып-барып бітетін, таусылатын шек болмаушы ма еді? Ненің де шегі болатын еді ғой? Иә, жақсылықта да, жамандықта да... Жауыздықта да, зұлымдықта да... Жә, жә, соның бәрі адам ақылы жетпейтін жұмбақ. Жаратушы Иенің ғана

пәрменінде болғанда... Ал мына жер... мына дала ше? Бұл неге шексіз? Әрі-берідесін бұл өзі... Әлгі Әзірет Әлінің үрім-бұтағы қырылатын Кербала шөліндей мына Арал даласы... Арал аспанында сірә бітер шек болмағаны қалай? Айтса да, осы дала қайдан басталды? Қайда барып бітеді? Бұның да бітер шегі бар ма? Әлде... Әлде мына сорлылар апта, ай жүрсе де бұл заңғар бір жұтым су татырмай, сазарып жатады да қоя ма? Тоқ-та... Сонда Арал даласы ғана шексіз емес, тіпті ай мен күн астындағы айдай әлем ғана шексіз емес, адамзат тірлік кешкен осы мына опасыз дүниеде күн сайын иттей күшіктеп, өсіп, өніп жататын күллі зұлымдық, жауыздық атаулыда шек бар ма? Тіріде адам тартар азап пен адам шегер қайғы, қасіретте де шек жоқ болғаны ма? Қатігез тағдыр жарық дүниеге келген әрбір сорлының басынан тоқпағын айырмай, осылай өле-өлгенше төмпештей бере ме? О, Жасаған жаппар Ие, өзің жаратқан пендеңе Сен неге сонша қатал болдың? Әлде бізге істеген қаталдық арқылы ештеңенің парқын білмейтін қасиетсіз пенделеріңе көк тәңірісі Құдайдың қаһары мен құдіретін білдіріп, тәубеге келтіріп қою үшін бұ да Сенің Құдайлығың ба? Соны тек жердегі екі аяқты жұмыр бастылар білмей ме? Тоқта... не деп сандырақтап барасын. Құдайдың құдіретіне шек келтірген күпірлік емес пе? Бәсе! Бәсе! Ақылы дария ғұлама болса да, адам зердесі жететін мөлшер өлшеулі болатын еді ғой. Онан арғы дүние жұмбақ. Құдірет ісі. Төбедегі көк зеңгір аспан да Құдайдың құдіреті. Сонау баһардан осы бүгінге дейін иттей балалап, өсіп, өніп жатқан әлгі зұлымдық, жауыздық, зорлық, қиянат... Соның бәрін көре, біле тұра... Апырай... Апырай, сен... сен бұрын Құдірет сырына неге көз жіберіп ойламадың?..

Тәңірберген мырс етті. Бетіне шапқан ызалы мысқыл айықпай тұрып қалды. Үзеңгіге аяғын тіреп, көк қасқа

ерге шіреніп, шалқайып отырды да, оқ бойы алда кетіп бара жатқан генерал Черновқа, сосын ақ арғымаққа назар аударды. Ана қараш, асыл жануар тұла бойы терге малшыса да, сусылдаған құмға шашасы кіріп кеткеніне қарамай, аяғын әлі де ширақ алып, тағы бір шөккен нардай жотасы күдірейген айғыр шоқалаққа сыр бермей сыпсындап шықты. «Қандай асыл мал» – деді мырза. Бұлар бергі жағынан болдырғансып, бір күшін үнемі бойында сақтап отыратын жанаяр жабыдай емес, тегі, дегдары басқа мал ғой. Бұл жануарлар қуғанда да, қашқанда да, ұзақ шабыста сыр бермей, шелектей танауы жел тартып пырылдап ұшып келе жатып мұрттай ұшып түскенде ғана соңғы демі мен жаны бірге шығатынын айт!

Тәңірберген тұла бойы түршігіп дір етті. Құдай зауалыңды берсін! Өзінің аузынан шықты ма, әлде есінде қалған әлде біреудің қарғысы ма? Кәпелімде есін жия алмай... Сол өзі кім еді?

Генерал Чернов тағы бір нар шоқалақтан қылт етіп ары асып түсті. Оған ере алмай, аты болдырып, кейін қалғандар шоқалақтың бергі баурайына тырмысып, ілгері басқан аяғы кейін кетіп жатты. Ал аты болдырған адъютант етекте тұрып қапты. Сосын ол басқа, көзге сабалап, қос бүйірін қанша тепкілесе де, сілесі құрыған ат шашасынан құмға кірген аяғын суыра алмай, тілерсегі дірілдеп, қалш-қалш етті. Құдай зауалыңды берсін!

Тәңірберген құлағын баса жаздады. Анадай жерде жаны күйіп, зығыры қайнаған адъютант атымен әлек. Тәңірберген көріп келеді: ат үсті-үстіне тепкілеп келе жатқан темірдей тақым астында дір-дір етіп, мықшиып тұрды да, гүрс етіп құлап түсті.

Тәңірберген қалпағын көзіне түсіре басып киді де, тұсынан тезірек өтіп бара жатқан-ды. Тас төбеден түскен әлдебір ірі құстың қалбаңдаған көлеңкесін көзі шалып,

тіксініп қалды. Аяғын баспай келе жатқан ат та елең етті. Тәңірберген баурына түскен басын көтермесе де, әлгіден кейін бірде алыстап, бірде жақындап, жер бауырлап жосып жрген көлеңкені көзі шала берді. Сосын ойын бөлгісі келді де, назарын көк сауыр ердің күміспен шалулаған қасына аударып: «Осыны кімге істетіп едім?» – деді ішінен. Ол бірақ ерді істеген шеберді есіне түсіріп үлгірмеді. Кейінгі жақтан мылтық гүрс етті. «Жаңағы адъютант емес пе екен?» Сүйткенше болмады, құлағына дабырлаған дауыс келді де, тер құйылған көзін уқалап жіберіп, ілгері жаққа қарап еді. Ілбіп басқан әскердің алды құмның шетіне ілігіп қалған екен. Оның ар жағы шөбі күйген сұр дала. Күні бойы аяғын әзер алған ат үстінде иіні түсіп, сұлдері шаққа келе жатқан ебіл-себіл солдаттарға бірдеңе көрінген. Өздерінде ес-түс жоқ, бір-біріне алды ашылған маң жаздық даланы көрсетіп, азан-қазан шулап, аттарын борбайлап шапқылап барады. Тәңірберген да атын тепкілей бастады. Аналардың неге аяқ астынан осынша әпі-шәпі, азан-қазан боп кеткенін білмесе де, жұрттың жүйкесін құртқан құмның бітіп, көл-көсір далаға қайта қауышқандарына бұ да қуанды. Атын шу-шулеп келе жатып, көзі кенет бір жағына тарбиып жабысып жатып қалған кәржік қара жидеге түсіп еді. Ескі бір танысын көргендей елең етіп: «О, Жасаған, – деді ішінен, – сенейін бе, жоқ па? Мынау... Иә, иә, мынау...» Абдырап сасқаны сонша, жер аты кәпелімде аузына түспей: «Мынау... мынау сол! Сол! Анық сол!» – деді. Анық сол! Генерал қайда? Айқайлайын деп еді, оған бірақ даусы шықпады.

Сосын атын тепкілеп, ілгеріде кетіп бара жатқан Черновқа қатарласты.

– Генерал! Генерал! Мынау... Міне, мынау... сол!..

Чернов Тәңірбергенге таңдана қарады: көзінде жас. Күлкі ме, қуаныш па, күнге күйген бет те біртүрлі ұйқы-

тұйқы. Аузындағы сөзін айта алмай, шыт-шыт ерін дірілдеп, иегі кемсендеп:

– Мынау... Міне, мын-нау-у, – деді тағы да.

– Таныс жер ме?

– Иә, иә... таныс.

– Аты қалай?

– Бі-білмей-мін... Ау-зыма түс-пей тұр.

– Сенің адал екеніңе өз басым ешуақытта күмәнданғам жоқ. Рахмет, мырза!

Тәңірберген артта қалып бара жатқан кәржік қара жидеге қайта-қайта бұрылып қарай берді. Жиде де, жиде маңындағы топырақ реңі де, шөп екеш шөптер де... бәрі-бәрі көзіне оттай басылды. «Сол! Анық сол!» – деп, арғы жағынан ішкі дауыс та үн сап жатыр. Ендеше... Иә, иә, ендеше, көре қал, жер реңі кәзір тіпті өзгереді. Ат табаны батпайтын кіршілдек ақ құм басталады. Қайсыбір қары қалың түскен жылдарда, ала-бөле, осы құмайтқа көк майқара жусан, қызыл изен қаулап өсіп, дала жүзі сыңсыған шөптен көрінбей кететін. Осы өңірдің бір жерінде, ұмытпаса, әне бір маңда ши өсетін. Сол өңір тұп-тұтас сыңсыған ақ шиге қақалып тұнып тұратын. Есіне енді түсті. Ақ ши... Ақ-шилі! Осы өңірдің Ақшилі атануы да содан. Биылғы қуаңшылық бұл жақтың да шөбін күйдіріп жіберген. Ана қараш, түбін жел қазып тастаған жусан екеш жусан да қаракөңірдектеніп, бір жамбастап жатып қалған. Бұның бәрі бала кезден білетін таныс жер. Дүниеден көңілі қалып, беті қайтып, бәрінен түңіліп, бәрінен торыққанда тап болғасын ба, көзіне түскен нәрсенің бәрі – шөбі, тасы, топырағы көңілін толқытып, есіне қай-қайдағы түсе бастады. Ілгері жақтағы әне бір аласа қырдың астында Ақшилі сайы бар. Ақбаланы алып қашқан жылы өздеріне қараған бай ауыл осы Ақшиліні жайлап еді! Басқа жердің шөбі күйіп, қуарса да, ауыл

іргесіндегі сай бойының табаны қар ылғалын ұзақ сақтап, ат тұсарлығынан келетін қоңырбас, бидайықтың ара-арасында хош иісі бұрқыраған көк жусан, жауқазын, әсіресе, жалбыз... Жарықтық осы жалбыз бен жусанның ертелі-кеш мұрынды жарып тұратын жұпар иісін айт! Бірді ойлап бірге кеткенін қараш... Сірә, бұған күн өткен. Ғаламат аптап ыстыққа кім шыдасын. Абырой болғанда, қайта Ақшиліге кездескенін айт! Ақшиліде су жетеді. Өздеріне қараған ауылдың жылқылары осы өңірдің өрісіне сыймай, көрші ауылдармен құдық үшін қақтығысып қала беретін. Ши түбінен қазған құдықтардың суы күрпіп... Суы... Суы балдай... Айтса да, генерал қайда? Қаталап шөлдеп келген кісілерге суды аздап бермесе... Иә, иә, әйтпесе, аш өзегін қиып кетеді. Көңілі босағандікі ме, жас мырза тақымы қосыла босап бір жағына ауытқып бара жатқанын кеш байқады да, дереу ілгері ұмтылып ердің қасынан ұстай алды. Басы айналды ма?.. көзі қарауытты ма... күні бойы көзінің алдында қылтылдап тұрып алған көк аттың қос құлағы кенет көбейіп, үшеу... Неге үшеу?.. Жаңа ғана үзеңгі қағысып келе жатқан қасындағы кісілер де, аттар да бұлдырап, түрін, түсін шатыстырып, ақ, көк, қара... бәрі ұйқы-тұйқы араласып кетті де, мырзаның өзі де құлап қалатындай қорқып, ат шоқтығына жабысып ұстай алды. «Әй, мыналарға не болды?» Көзін ашып еді; күні бойы ат үстінде бұлғақтап, жұмған аузын ашпай келе жатқан кісілер әлденеге аяқ астынан абыр-дабыр бола қапты. Қайсы біреулер атын борбайлап шауып барады. Соған таңқалған Тәңірберген іркіліп барып көзін ашып еді, басы әлгіден де гөрі қаттырақ айналып, енді болмаса құлайтындай қорықты. Ерге нығызырақ жайғасып отырды да, Ақбалаға үйленген кезді есіне қайта алды.

Өткен күнде белгі жоқ... Ой, дүние-ай, ол кездің несін айтасын... Иә, ол өмірінің ең қызық, бақытты кезі

еді ғой. Бұның қалауы бойынша, жас келіншектің отауын басқа үйлерден оқшаулап, Ақшилі сайының іргесіне тақап тіккен еді-ау. Сол жылы сай бойы... Сай бойының көгі қашан жаз бітіп, күз басталғанша көктемдегі балауса қалпын сақтап балбырап тұрған-ды. Қадірлі қонақтардың жөні басқа, ал, әдетте бай ауылдың үстін босатпай, бірі келіп, бірі кетіп жататын көп қыдырма атын бір қырдың астына байлап, жаяулап келетін. Сауын малдың желісі болса да ауыл маңынан аулақта. Түндік түсірулі. Іргесі түрулі. Тек кейде ұзақ жауған жаңбырдың кейін жазғы түн шұғыл салқындап, жас жұбайлар жібек көрпе астында сәл тоңазыса болды, малай қатындар сықырлауық есікті сыртынан жауып кететін.

Бұларға қараған ауыл келесі жылы да көктем шығысымен жылдағы дағдылы мерзімде дүрк көтеріліп, көлікті көштер ұбап-шұбап шыққанда, қыр әлі қыс ызғарын бойына сақтап, қара жел ызғыған жонда ала қанат қар жатты. Көлік сабырлап, жас балалар қыңқылдап жылағанына қарамастан, тырнадай тізілген көштің алды қыс бойы құлазып жатқан кең жайлаудың шетіне іліге бергенде, көктен құйып жаңбыр жауған еді-ау. Баратын жерге жете алмаған көш ылажсыз тоқтап, бірнеше күн ерулеп отырып қап еді. Үшінші күні жауын басылды. Жарқырап аспан ашылды. Шырадай желсіз тымықтың аяғы ерте көктемнің сары шуағына айналды. Ағыл-тегіл ылғалға қарық болған жер күн шықса қоңы қызып буланды да жатты.

Бұлар Ақшиліге үй тіккен күні ұсақ қаралар төлдеп еді. Қоңыр төбелердің күнге бетінен қылтиып көрінген көк шөп көктем айының сары шуағымен тез көтерілді. Сол жылы бұл жаз бойы жас келіншегінің жанынан екі елі аттап шықпады. Жазатайым шыға қалса да, ой дүние-ай, сонан қашан үйге жеткенше жаны қалмайтын еді-ау!

Ауыл қарасы көрінгеннен-ақ шыдамы құрып... ілгері жаққа мойын созып, көгалға қонған ақ үзікті ауылдың қыз-келіншектері арасынан Ақбаланы...

«Әй... әй, мыналарға не көрінді? Неге у-шу боп кетті? Мыналарға бірдеңе болғаннан сау ма?»

Тәңірберген төңірегіне көз салып еді, бұнан басқалардың бәрі аттарын сабалап, ілгері жаққа қарай тырағайлап шауып барады. Алды ылдида жайылып жүрген тұсулы аттарға жетіпті. Үш-төрт солдат астындағы аттан түсе сала жалма-жан тұсаулы аттарды ұстап, ерттеп мініп жатыр. Қашаған аттарды қуалаған қайсыбіреулер ұзақ жолда тақымы талған ба, аяғын баса алмай солтақтап жүр. «Ақшиліде» ауыл болды-ау» – деп, Тәңірберген де тақымы астында танау қағып келе жатқан көк атты тепкілей бастады. «Кімнің аулы екен?» – деп ойлады. «Танитын ауыл боп ұят боп жүрмесе не қылсын?» – деп ойлады. «Апырай, апырай, кім де болса, мына солдаттар... Айлап, жылдап әйел көрмей, нәпсі зарын тартып келе жатқан найсаптар ұятқа қалдырмаса жарар еді?»

– Мырза, ауылды көрдің бе?

– А-а?

– Ауыл. Әне!

– А-а... Иә, иә...

Тәңірберген бұнан кейінгі сөзді есіткен жоқ. Қасында үзеңгі қағысып келе жатқан генерал есінен шығып кетті.

– Жоқ! Жоқ, мүмкін емес! Мүмкін емес, – деді мырза.

Әлде неге өзіне сенбей көзін уқалап жіберді. Зәреиманы қалмай, ілгері жаққа қайта қарап еді, солдаттар ұстап мініп жатқан тұсаулы аттардың санындағы тайтұяқ таңбаға тіксіне қарады. Әлі де болса көзіне сенбей қайта-қайта қарады. Жылқы болған жылқының бәрінде де тайтұяқ таңба.

Жас мырзаның кәпелімде қол, аяғынан әл кетіп,

тақымы босап барады. Тізгін ұстаған қол да қалтырап, бүтіл денесі безгек буғандай қалшылдап ала жөнелді.

– Бұл қалай болды? Қалай?! Ойпырмай?.. Құдай-ай!.. Құдай-ай!.. – деді.

Қатты соғып кеткен жүрек аузына тығылды. Өзінен ат бойы алға түсіп кеткен генералға дауыстайын деп еді, оған бірақ даусы шықпады. Дір-дір еткен еріндер бір-біріне жуыспай, тісі тісіне тиіп сақ-сақ...

Өңшең жұмыртқадай ақ үзікті аппақ ауылға жақындап келе бергенде көк ат төбеге ұрғандай тұрып алды. Тәңірберген аттан қарғып түсті. Төрт аяғы түгел қалшылдап, басын жерге салып тұрып алған атты қақ маңдайдан тартып-тартып жіберді де, бұл кезде ана жақта әскер талап, ызы-шу, азан-қазан боп жатқан ауылға жүгірді.

«О, құдай!» – деді. «Не жазып едім? Не пиғылымнан таптым?» – деді.

Әлі құрыды ма, әлде сүрініп кетті ме, әйтеуір жанұшырып келе жатып мұрттай ұшып түсті. Көзі қарауытып кетті. Есінен танып жатып та ұлыған иттей қыңсылап, қолы жеткен жердің топырағын осқылап тырнап жатқанын өзі де сезбеді. Кенет дір етіп, көз жасын тиып алды. Неге бүйткенін өзі де білген жоқ, тек үстінен төніп тұрған біреу: «Құдай зауалыңды берсін!» – деді. Кәрі әйелдің қырылдаған даусы. Дене-басы қараға малынған. Сол! Соның өзі! Апырай, бұны қалай тапты? Қарғысы қабыл болғанда тапқанын қараш.

Бұл не, түс пе? Жоқ, түс емес. Бәлкім, қорқынышты түстің өңінде қайталанған жалғасы... жо-жоқ, о да емес. Түс пен өң арасында аян беретін өлі аруақ жаңағы кемпір

бейнесіне еніп, енді соның аузымен айтып тұр ма?..

... Түн еді-ау, көзге түртсе көрінбейтін тас қараңғы түн еді. Қара киінген кісі шырт ұйқыда жатқан ауылға атын ақырын бастырып келген еді-ау. Шырт ұйқыда жатқан жұрт бәрібір оянып, сыртқа жүгіре-жүгіре шыққан еді. Құйрық-жалы сүзілген қара атты дәл сондай қара киімді кісі тізгінінен жетелеп әкелген еді ғой. Қара киізге ораған өлікті қол-аяғын салақтатып қара аттың үстіне көлденең салыпты. Ат үй алдына кеп тоқтағанда іштен үсті-басы қараға малынған кәрі әйел аңырап шықты да, әй-шәйге қарамай өлікті бас салып құшақтай алды. Аңыраған дауыс қараңғы түнді қақ айырып тілгілеп ала жөнелді. Жұрт тұрған-тұрған жерде сілейіп қалған-ды. Қара түнді тілгілеп жатқан әлгі әйел даусы кілт тыйылып еді, бұл ес жиям дегенше кәрі әйел жас жуған бетін бұған бұрып: «Қартайған шағымда жалғыз баламнан айырып жұлынымды үзіп отырсың. Құдай зауалыңды беріп, басыңа қара күн тусын!» – деп еді ғой. Мынау сол! Сол! Мына аспан, мына жер, су, бүтіл айдай әлем соны қайталап күңірене ме? Құдай зауалыңды берсін!

Жас мырза жаны тітіркеп, бар денесімен қара жерге кіре жаздап барады. Көк, жер, күллі айдай әлем сасыр жеген иттей қыңсылап, қара жерді тырнағымен қазып осып-осып алды. Уыс толған шеңгеліндегі топырақты сығымдап, ішін у жалағандай ыңырсып ұзақ жатты. Тас бітіп қалған құлақ дәл қазір қарғыстан басқа түк есітпеді. Керек десе, тап осы кәзір тас төбесінде бір жоғарылап, бір төмендеп жағы шыр-шырлап тұрған бозторғай үнін де есіткен жоқ. Қос шекесі солқылдап әкетіп бара жатқан басын жерден көтере алмай ысылдап жатқан. Сонан бір кезде сұлдерін қозғады, тәлтіректен түрегеле берді. Аяғын әлтек-тәлтек басты. Денесін билей алмай шайқалақтап тұрды да, қайта жүрді. Сонан кейін де бір жүріп, бір

тоқтап, етектегі ауылға жетем дегенше кейінгі жақтан әлі де атын борбайлап лек болып ағылып келіп жатқан атты әскердің талайы басып озды. Бәрі де қызыл көрген құзғындай құтырынып алған. Қара жалдан құлай берістегі кең жазықта қаннен-қаперсіз отырған ақ үзiктi бай ауылға аттарын борбайлап шапқылап барады. Ауыл үстi у-шу. Азан-қазан. Қайда тығыларын бiлмей, үй-үйдiң арасында шыр-шырлап жүгiрген қыз-келiншек. Тарс-тұрс атылған мылтық. Тасырлап шапқан ат. Қан-қан бөксесiн сүйретiп, үйге тығылған иттер. Жылаған балалар. Әлгiнде ғана үй жанында ойнап жүрген баласынан көз жазып, ойбай салған қатындар.

Тәңiрберген самсоз, сүлесоқ. Миына ештеңе кiрiп-шығып жатқан жоқ. Қазiргi бар түрi «ендi маған бәрiбiр» деп, көз алдында болып жатқан сұмдыққа құдды бiр бейтарап бөгде адамдай. Ана жақта әлi азан-қазан. У-шу. Елiрiп алған солдаттар ойына келгенiн iстеп, еңселi ақ үйлерге баса-көктеп кiрiп, сыртқа мем-мес айран, кiсi бойы сабаларды сүйреп шығарып жатыр. Құдық басы да ығы-жығы. Дабырлаған дауыс. Даңғыраған шелек. Генерал Чернов та сол маңда. Тәңiрберген аяғын сүйретiп әзер басып ауылға кiре бердi. Сүрiнiп-жығылып тәлтiректеп келедi. Көзi түскен кiсiлер үрпiсiп шошып қалады. Бiрақ олармен бұның iсi болған жоқ. Иығынан сыпырылып түскен шекпеннiң бiр шалғайын сүйретiп келдi де, су толы шелекке бас қойды. Омырауына төге-шаша сылқ-сылқ жұтып жатқан-ды. Генерал Чернов қасындағы бiр офицерге «шелектi ал» дегендей ымдап едi, офицер әй-шәй жоқ, жас мырзаның қолынан шелектi жұлып алды.

– Мырза атың қайда? – дедi Чернов Тәңiрбергеннiң жанына келiп.

Тәңiрберген оған бұрылып, жанары сөнiп кеткен көзбен сүзiле қарады.

– Кәзір мына ауылдың жылқысын айдап әкеледі. Бір жақсысын таңдап мінерсің, – деді Чернов.

Тәңірберген үндемеді.

– Мынау бай ауыл екен, жолымыз болды. Қариялары әне! Бәлкім, сөйлесерсің?

Тәңірберген мырс етті. Оның өңіндегі мысқылды байқап қалған Чернов:

– Таныдың ба? – деп еді.

– Иә, таныдым, – деді Тәңірберген.

– Кімдер? Білесің бе?

– Білем. Мені құтықтауыңызға болады.

– Қалай?

– Бұл... Бұл менің ауылым.

Генерал Тәңірбергеннен көзін тайдыра берді. Ол енді бұл арада аялдап тұра алмай, соңына нөкерлерімен тайып тұрды. Олар ұзаған бойда Алдаберген софы бастаған ауыл адамдары әлі де болса жан-жағына үркектеп қарап, Тәңірбергеннің қасына келді. Қара сұр бәйбіше басқалардан бұрынырақ жеткен еді, келе сала мырзаны бас салып құшақтай алды.

– Мырза-ау, не болдық? Не күйге түстік, ойбай!

– Әй, келін, қой, қоя тұр, – деді Алдаберген софы.

– Ойбай, атаеке-ау, қоятын не қалды?

– Жә, жетер! Әй, Тәңірберген, сен бе мыналарды бастап әкелген?

Тәңірберген үнсіз, сұлық.

– Келістірдің. Ауылымның үстінен әскер құлатып... әне көр, аузы түкті кәпір аш қасқырдай талап жатыр.

Тәңірберген әлі сол сұлық қалпы, селт еткен жоқ.

– Иә, бала-шағаның көз жасына қалма.

– Тым құрыса талатпа.

– Бейбастақтығын тыйсын.

– Мыналардың түрі жаман. Үй мүлкімізді тонап,

астан-кестеңін шығарып жатыр. Құрсын... Құрсын, күйедей жалап барады. Бізді қайтсін, бізді жыр демесе де, сенің тіліңді алар!

Тәңірбергенді шөл қайта қинады.

– Әй, неге үндемейсің? Мыналарыңды алып кетесің бе, жоқ па? Айдың күні аманда аулымның үстіне жау құлатып, уа, бізге істеген бұл қай лаңың? – деді кәрі софы ақырып.

Тәңірберген бұған да селт етпеді. Екі көзі құдықта, кезерген ернін жалап, тамсанып жұтынып қояды. Кәрі софыдан кейінірек тұрған ауыл ақсақалдарының өңіне үрей пайда болды. Бір-біріне қабақ астынан қарап, күбір-күбір тіл қатты:

– Есі дұрыс па? Мәңгіріп кеткен бе, қалай?

– Мен де соны ойлап тұрмын.

– Пері салқынын салған ба? Тіл, жағы байланғаннан сау ма?

– Тегін емес. Тірі аруақ.

Діндар шалдар күбірлеп, тілін кәлимаға келтірді. Қара сұр бәйбіше де әлгідей емес, көз жасын тыйып, күйеуінен көз айырмай бағып қапты. Қараған сайын көңілдегі күдікті анықтай түскендей, түсі бұзылып барады. Тек Алдаберген софы сезіксіз. Жасы үлкендігіне қарамастан осы інісі бұның сөзіне де, өзіне де зейін қоймай, үнемі осылай немқұрайды қарайтыны қытығына тиетін-ді. Соған қатты зәбірленетін. Әсіресе, соңына ерген мына ауыл ақсақалдарының алдында өзінің таусылып айтқан сөзіне де құлақ аспай қойғаны ызасын қайнатты.

– Е, құдай... – деп, күмпиген жуан саусақтардың сырт жоны жүн-жүн қолын қызарып батып бара жатқан құбылаға созды. Софы ажарынан беті қатты бір қаталдықты байқаған шалдардың зәресі ұшып,

«астафиралла!» деп жағасын ұстай алып еді.

– Атеке-ау, бізді құдайдың қарғағаны аз ба еді – деп, кара сұр бәйбіше зарлап қолына жабысып еді, кәрі софы келінін итеріп тастады да, қос қолын құбылаға қайта созып:

– Е. құдай! Мына ақ пен қызыл арасында, мына зауал шақта... – дей берген-ді.

Ертеден бері түк сезбей тұрған Тәңірберген софының аузынан шыққан сөзге тіксініп қалды.

– Жоғал! Жоғалыңдар! Көзіме көрінбеңдер! – деп айқайлап, тұла бойы түгел қалшылдап кетті. Онсыз да үрпиісіп тұрған кісілерге қамшы үйіріп тап берді. Мыналар бұрын-соңды мырзаның дәл бұндай түрін көрмеген-ді. Жаңа ғана едіреңдеп тұрған кәрі софының өзі де жұмған аузын аша алмай, ығысып артына шегіне берді.

Ауыл үсті азан-қазан. Аузы аққа тиіп әлденіп алған солдаттар шын лаңды енді бастапты. Қолға іліккен дүние-мүліктің кәдеге жарайтын-жарамайтынына қарамай, көзге түскен жылтырақты қапқа, дорбаға тығып, апақ-шапақ аттың артына бөктеріп жатыр. Бай үйлердің тұсына ұстаған қалы кілемдер мен сусар бөрік, түлкі ішіктің талайы қанжығада кетті. Үстіне әскер құлағанша бейқам отырған ауылдың бойжеткен қыздары мен жаңа түскен жас келіншектері қайда тығыларын білмей, үй мен үй арасында жанталасып жүр. Әсіресе, еңгезердей бір солдаттан қашқан жас қыз шырылдап, далаға шығынып барады.

– Бұл ауылдың еркектері қайда, ойбай! – деп, олардың соңынан қыз шешесі далпылдап жүгіріп баратты.

Қос қолымен басын қысып алған Тәңірберген ауыл ортасында шайқалақтап теңселіп тұр еді, бір жас жігіт жүгіріп кеп:

– Ағажан-ай, масқара бол-дық қой – деп, жылап жіберді.

– А-а?..

– Масқара болдық.

– Мас-қа-ра?!

– Иә. Иә, масқара... Софы ағанның ақ тоқалы...

– Ақ... то-қал?..

– Иә, ақ тоқал... соны бір солдат...

Тәңірберген ар жағын тындамады. Сонан ары не болғанын оның өзі де білген жоқ-ты. Ертеңіне түс ауа оянса, бүтіл денесі соққыға жыққандай. Сүйек-сүйегі сынып, қол-аяғы қозғалтпады. Ала-бөле қос шекесі солқылдап әкетіп барады. Кеіпегі оқиғаны қанша ойласа да, есіне бірі түсіп, бірі түспеді. Есіне түскені – жас жігіт сілтеген үйге қарай жүгіргенін біледі. Софының сегіз қанат үйі... Үй алдында тұрған әлде біреу бұның жолын бөгеді. Бұл оны итеріп жіберді де, ішке баса-көктеп кіріп барды. Киіз үйдің түндігін жауып, іргесін түсіріп қойыпты. Батып бара жатқан күннің қызғылт сәулесі үй ішінің көлеңкесін қоюлай түсіпті. Бұл табалдырықтан аттай бере төрге көз тікті. Ә дегенде түк көрмеді. Тек жиһазды үйдің қаракөлеңке тұтасқан түпкі жағынан ырсылдаған әлдебір ыңғайсыз, сөлекет дыбыс естілді. Онан басқа ештеңе көзіне түсе қоймағасын, қай жаққа қадам басарын білмей іркіліп қалған-ды. Сүйткенше, үстіне кірген адамды байқап қалған әйел: «Мына шіркін қайтеді, әй... Тұр!.. Тұр, былай» – деп, әлдебіреуді төмпештей бастады.

Тәңірберген ілгері басты. Көрпе-төсек жайған төрде, әдетте софы намаз оқитын дағдылы жерде бітімсіз бірдеңе бүлкілдеді. Сонда ғана құрқол екені есіне түсіп, жалт бұрылып үй ішінен бірдеңе іздеді. Қолына бірдеңе ілікті. Апас-қапаста оның не екенін қарап жатпады.

Не де болса, әйтеуір, зіп-зілдей бірденені қос қолдап ұстады да, әлгі ырсылдаған сөлекет дыбыс шыққан жаққа ұмтылды. «Мына шіркін қайтеді, әй?» – деп, басқа-көзге төпегенін елемей, астына бүгерлеп басып алған әйелдің үстіндегі үйелмендей кісінің беті-өңін де байқаған жоқ. Ол түгіл бүгерлеп астына басып алған әйелдің басқа-көзге төмпештегенін де елең қылған жоқ-ты. Тырдай жалаңаштанып алыпты. Күнге күйген бүтіл дененің тек күн тимеген бөксесі ғана аппақ екен. Мынау Тәңірбергенге жирен сары секілденіп кетті. Тісін шықыр-шықыр қайрап, әуелі оның ұйыққан иттей изендеген бөксесіне, сосын басына құлаштап қойып-қойып қалды. Әйел шар етті. Сау еткен жып-жылы қаннан жиіркеніп, бетін бұрып қашырта берді де, қапқа тыққан өлі еттей былқ-былқ бола қалған жансыз денені үстінен аударып тастады. Тәңірбергенге тура қарауға жүзі шыдамай, етегі түріліп кеткен көйлегін жалма-жан төмен түсіріп жатып:

– Амансың ба, қайным, – деп еді.

– Жо-ғал! – деді бұл.

Сонан әрі не болғанын білмеді. Үйге қалай келгені де есінде жоқ. Шамасы, сірә, бәйбіше сүйеп әкеліп төсекке жатқызған. Кең үйдің оң жағында ақ болыскей кереуетте жатыр. Баяғы сәнін бұзбай, үй ішін айналдыра кілем ұстап, жерге оюлы сырмақ, текемет төсепті. Түндігі түсірулі үй қоңыр салқын. Шілде айының сырттағы ыстығы сезілмейді. Көлеңке бет түрулі. Сол жақ іргеден самал соғып, кереге түбінде қылтиған әлде бір әлжуаз көк жел астында дір-дір етеді. Алғашқыда байқамағанды: біраздан соң сыртта, киізін түрген іргеде кісі-қара отырғанын аңғарды. Даусын көтермей, ақырын күңгір-күңгір сөйлеседі. Насыбай атқан біреу басқалардан гөрі жиірек сөйлеп, шырт-шырт түкіріп отыр.

– Көріңде өкіргір Кәлен-ай! – деді ол бір кезде. Бұның аузынан шыққан өкініш өзгелердің де жанына аяздай батып отырған сияқты. Біреулер күрсінді.

– Сол сойқанның сөзіне қалай сеніп қалдық?

– Білмеймін... Жазған басым, қара басып...

– Иә, не қыласың... Қарала-Көпте қозғалмай отыра бергенде ғой...

– Жә, енді болар іс болды. Жүріңдер, мырза оянған шығар.

Үй іргесінде отырған кісілер шалғайын қағып түрегеле бастады. Сықырлауық есікті ақырын ашып, үстіне үнсіз кіріп келе жатқан мына ет-жақын ағайын-тумаларына Тәңірберген рай бермей, жүдеу өңі суық тартып ала қойды да, іргеге қарай аударылып түсті.

Алдаберген софы мен қара сұр бәйбіше өздерінің соңын ала кірген кісілердің алдына шығып, жас мырза жатқан биік төсекке жақындады.

– Мырза, ағаң келіп тұр, – деді бәйбіше.

Алдаберген софы тамағын кенеді. Кешегідей емес, бүгін беті қайтып жуасып қапты. Көкшулан сақал басқан шара табақтай беттің терісі босап, бір түн ішінде сұрқы қашып, екі ұрты солып кетіпті.

– Тәңірбергенжан, тұр, басыңды көтер. Сандаттар аттанғалы жатыр. Шамаң келсе, сұранып қал. Сенің орныңа жолды білетін жігіт тауып берейік, – деді софы.

– Тілмаш арқылы жанаралға тілдестік, – деді бәйбіше.

– Генерал қарсы емес. Өзі білсін деп отыр, – деді софы.

Тәңірберген сыртын беріп, теріс қарап жатқан қалпы тырп етпеді. Алдаберген софы етженді ауыр денесін эзер көтеріп тұр. Таспиқ ұстаған қолы салбырап, еңсесі түсіп кеткен. Аяғынан сарсылып әрі-бері тұрды. Інісінің бұл

жолы да бұлармен тілдеспейтін сыңайын байқағасын, енді көбіне-көп қасындағылардан қысыла бастады. Қасындағылар оның қорланып өле жаздап тұрғанын көрмегенсіп, көзін жерден көтермей тұрған-ды. Дәл осы кезде сыртта үлкен әбігер басталды. Дабырлап сөйлеген бір топ аттылы осылай қарай беттеп келеді. Кешеден бері қит етсе мылтық ататын түсі суық кісілерден запы боп қалған иттер үре алмай, үйге бөксесін тығып қыңсылай бастады. Тәңірбергеннің жүйрік сары тазысы зып етіп ішке кірді. Бірақ қайда тығыларын білмей, дызығып қыңсылап жүр еді. Бір солдат қару-жарағы сартылдап кіріп келгенде, сары тазы зып беріп кереует астына кіріп кетті.

– Мырза, жүргелі жатырмыз. Киін – деді де, солдат ізінше шығып кетті.

Тәңірберген түрегелді. Ертеден бері түс жоқ, өң жоқ үрпиісіп тұрған кісілердің ешқайсысына көз салмады. Бәйбіше әзірлеп қойған таза киімдерді киді. Беті-қолын жуды. Әйелі күні бұрын әзірлеп қойған неше түрлі тағамның біріне қол созбай, тек сырлы зеренде көбігі бұрқыраған шұбатты баяғы төрт құбыласы түгел, болып-толып тұрған бақты, базарлы кездегідей дәмін алып, асықпай ақырын ішті. Сонан соң кереге басындағы қамшысын алып, ертеден бері өзінен жауап күтіп аяғынан сарсылып тұрған ағайын, тумалардың ешқайсысына назарын салмастан есікке беттеп бара жатыр еді, қара сұр бәйбіше шыдамай, шалғайына жармасып:

– Мырза-ау... – деді де, жасқа булығып тоқтап қалды. Тәңірберген оған да қайырылмады. Есік алдында көлденеңдеп ұстап тұрған қара жал құла айғырға мінді. Бұл кезде қара нөпір қалың қолдың алды көз асып ұзап кеткен екен, мырза атын тебінді. Жанұшырған бәйбіше

жүгіріп кеп қапталдаса бере таралғыдан ұстады. Дауыс сап ойбай салуға Тәңірбергеннен қаймықса да, бірақ долылық буған ызалы қатын еңіреп жылап:

– Мыр-за... мыр-за-ау!!! – деді.

Тәңірберген құла айғырды тебініп шаба жөнелгенде ертеден бері қапталдасып келе жатқан бәйбішенің қолы таралғыдан шығып кетті. Ала жөнелген аттың ағынымен ілесіп, аяғы аннан-саннан бір тиіп барды да, етпеттей ұшып түсті.

Тәңірберген артына қайырылған да жоқ. Қара дауыл соғып астан-кестенін шығарып кеткендей ауыл азақ-қазан, у-шу. Астарындағы арық-тұрақ мәстекті тастап, бай ауылдың құрық көрмеген күйлі аттарына мінген солдаттар былай шыққасын сұр даланы шаңдатып жіті жүріп кетті. Алды қара асып ұзап кеткен. Құбыла беттегі қоңыр жалға шауып шыққан Тәңірберген осы арада ат басын тежеп, кейінгі жаққа көз тастап еді; аруақты бай ауылдың ұйпа-тұйпасы шығыпты. Ұлыған ит, күңіренген дауыс арасынан жас жуған бетін алып-салған қатындардың ойбайы әлі басылмаған. Ауыл маңы тіпті ажарсыз. Қай жаққа көз салса да бұрынғыдай кең даланың беткей, бөктеріне сыймай шұбартып жататын жылқылар көрінбеді. Тек өңшең отын ала алмай басын жерге салып тұрған арық-тұрақ аттар. Бәрінің де құйрығын шолтитып түбінен тақап кескен. Тәңірберген тақым астында жүргісі кеп шиыршық атып тұрған айғырды тебініп, шаба жөнелді.

* * *

Түске тарта күн қатты ысыды. Шөбі күйген сұр далада қарақұрттай қаптап келе жатқан кісілердің жанында қапталдасып еріп келе жатқан қоңыр көлеңке тас

төбеге кеп шақырайып тұрып алған күннен бұғып, ат бауырына кіріп кеткен.

Сары шілденің шөп басында ызылдайтын да тұратын аптап ыстық желі бұрынғыдан да гөрі күшіне мініп алған. Жынды жел бір кез құтырынып, ат тұяғынан ұшқан сұр шаңды ұйтқытып аспан астын шаңдатып тұрады да, ілешала жүргіншінің қарсы алдынан шығып, өрттей ыстық жалын бетті шарпып өтеді. Онсыз да ер үстінде шаққа отырған Тәңірберген жалын шарпығанда тап бір ыстық темір қарығандай жалт беріп, бір қырындап бұрылып отырады.

Қыбыр-қыбыр қозғалған қарақұрым қолдан басқа көз жетер жерде көңіл бөлер тірі жәндік жоқ. Жортқан аң, ұшқан құс – бәрі-бәрі ми айналған ыстықтан жан сақтайтын пана таппай тығылып қалғандай. Ақшиліден шыққалы Тәңірберген бір жалғыз торғайды көрді. О да қаталап шөлдепті. Боз көде түбінде бұғып жатыр екен. Кішкентай аузын желге ашып, өкпесін ырс-ырс соғады. Үстіне келіп қалған аттылыны көрсе де, ұшқысы келмей, тарының түйіріндей көзі жаутаңдап, бауырымен жылжып боз көдеге тығыла түсті.

Ақ шыт орамалмен аузын байлап алған Тәңірберген тағы біраз жүргесін ілбіп басқан әскердің алдыңғы легінде кетіп бара жатқан кісілердің арасынан генерал Черновты көре алмады. Сосын ер үстінен ұмтылып, олардан да ілгеріде, ту-ту сонау көк мұнар арасында көкжиекке дейін көсілген бұлыңдаған тауларға қарады. Кең жазықта дара-дара оқшауланған таулар. Жас мырза мыналарды жазбай танып келеді. Анау – Сырғақты. Анау – Ұяоба. Мынау – Андрей шоқы. Ой, бәрекелде, әй... сонау эрегіректе, көк мұнар арасында бұлдыраған –Боташ! Мынау– Бел-Аран, Бесшоқы. Қалың мұнар арасынан қылаң берген әне бір кішірегі – Жетімқара.

Ежелден бергі атамекен. Кіндік қан тамған жер. Адыра қалғыр, туған жер ғой бұның бәрі! Ізсіз өтіп жатқан қайран тірліктің нелер заманнан бергі тілсіз айғағы.

Бесшоқы, Боташ, Бел-Аран,
Тұрғанын қараш мұнартып,
Арзығұл, Керей бір табан,
Жатқанын қараш шұбартып.

Ащы өксік алқымына тіреліп, демі жетпей бара жатқасын, мырза Тәңірберген тізгін ұстаған қолымен аттың шоқтығын тіреп, көк бас ердің қасына кеудесімен жығылып етпеттеп жатып алды. Іші-бауыры өртеніп барады. Өзін қанша ұстайын десе де, осыдан артыққа дәрмені жетпеді. Көзіне құйылып кеткен ыстық жас пен іштен ұрған әлгі ащы өксік ықтияр-еркіне қаратпай, иегі кемсеңдеп барады. Бәрі құрыды. Бәрі-бәрі қирады. Күл-талқаны шықты-ау! Іргесін алдырмай келген ауыл-аймақ, ағайын-тума анау. Өзінің де саудасы бітті. Көп ұзамай інісінің де басына қара күн туатынына күмәнданбады. Түк қызығы қалмаған дүниеде кісі қимайтын не қалды? Өмір бойы өліп-тіріліп жиған дүние-мүлік дәл қазір ойына кіріп те шыққан жоқ. Осы қазір ол тек азды-көп тірлік кешкен адыра қалғыр мына туған жердің құлазыған даласы мен қаңқиған тауларын көрген сайын құсалы жүрек қарс айрылып, ат үстінде шайқалақтап құлай жаздап келеді. Осы дүниені соңыра өзімен ала кететіндей, соншама ындыны неге ашылды? «Жол да кісіні қажытты. Сонан болар» деп ойлады. Солай болса солай да шығар. Әйтеуір, Ақшиліден шыққаннан бері екі күнгі жүріс аттарға да, адамдарға да қатты батты. Әсіресе, тоғын баспай мінген бай ауылдың аттары шілде айының шыжғырған ыстығында қызыл майы шықты. Жаз бойы жан адам мінбеген ісік өкпе семіз аттар тез барлығып, аяғын баса алмай ырсылдап

қалды. Далиған көл-көсір далада әр жер, әр жердей бой көтеріп, көк мұнарда қалқыған мыжырайған жапырық таулар әлгінде жақын көрінген сияқтанып тұрса да, жүре бастағанда жуық арада жеткізбеді. Тек күн кештете қалың қолдың алды әрең дегенде Бел-Аранның кезіне ілікті.

Генерал Чернов оқ бойы алда. Тәңірберген оның соңына ерген азғана топтың ішінде келеді. Жол бойы бұ да жұмған аузын ашпады. Керек десе, ауылдан шыға бергенде артынан қуып жеткен атқосшы жігіт Ақикөзге де тілдеспей сазарып алған.

Генерал Чернов Бел-Аранның кезіне тасырлатып шыға келгенде, бүтіл күншығыс бетті тұтас алып жатқан ұлы теңіз жалтырап қоя берді. Шөл қинап келе жатқан аттар суды көргенде сулығын шайнап, оқырана ұмтылды. Тәңірберген қарыстырып ұстаған қос тізгінді жібермей, ат басын Ақбауырға бұрды.

– Тама-ша! – деді Чернов. Ол әуелі Бел-Аранға, сосын күн астында жалтыраған көк теңізге, сонан соң ғана иек созым жерде шұбартқан шағыл құм Ақбауырға қарап:

– Мырза – деп, Тәңірбергенге бұрылды, – бұл арада тұщы су бар ма?

– Бар.

– Ендеше, бүгін осы араға тоқтаймыз. Бір күн дем аламыз. Ел бар ма?

Бұларға балықшылар аулын айтқысы келмеген Тәңірберген есітпеген сыңай танытып үндемеп еді. Әшиінде бұндайда басқаның көңіл күйімен қатты есептесетін сыпайы генерал әлденеге осы арада Тәңірбергенге қадала қарап, әлгі сұрағын қайталап: «Ауыл бар ма?» дегесін, бұ да мойын бұра алмады. «Ауыл бар» – деді де, атын тебініп ілгері жүріп кетті. Мына

жақта оның оңашаланғанын күтіп тұрған подполковник Федоров та атын тебініп бұған қатарласа берді.

– Мырза, мынау бір таныс жер секілді ғой?

– Мүмкін...

– Бұл қай жер?

– Ылдидағы ана құм – Ақбауыр.

– Ақ-к...

– Мына қара жота – Бел-Аран.

– Бил... Түһ, сайтан алғыр. Тілің де келмейді. Бірақ таныс жер сияқты.

– Танисың. Баяғыда осы арада сенің әкеңнің промсолы болған.

Сүйдеді де, Тәңірберген «қайтер екен» дегендей Федоровтан көзін айырмай бағып қалды. Федоров үндемеді. Астында ұзын көк ат. Кешелі-бүгін тарлан тақымынан босап, қосарда бос келе жатқан.

Бұл өзі Сексеуіл стансасының бет алдындағы Тебіренбес тауының кәукиген қара тұмсығы астында жалғыз үй отырған кедейлеу жігіттің бәйгеге қосып жүрген аты еді. Бірер күн бұрын Тебіренбес тауының сыртындағы жазықтықтан киік қуып қан сорпасы шыққан атты отқа жібермей, белдеуге байлап қойғанды. Елең-алаңда ауыл үстіне сау етіп әскер құлағанда бұлар шырт ұйқыда болатын. Ат тұяғының дүбірінен оянған жігіт көйлек-дамбалшаң сыртқа жүгіріп шықса, ақ офицер тарланды белдеуден шешіп жатыр екен.

Осы ат Федоровке салған жерден ұнаған-ды. Қуса жетіп, қашса құтқаратын жүйрік атты ол екіталай күнге сақтап, Ақшиліден шыққалы қосарға алып келе жатқанды.

Жаңағыдан кейін Тәңірберген онан біразға дейін көз қиығын алмады. Бірақ өзін ұстай білетін неме сыр алдырмай, үнсіз сазарып алған. Қайдағы бір киргиз-

қайсақтың қолынан қаза тапқан әкесі сорлыны аяды ма, жоқ па, белгісіз, тек оның көзі тіріде жазған хаттары есіне түскен еді. Бұған қалдырған мұраның сиқы – теңіз жағасындағы екі-үш үй мен түйе қорадай кең лабаз. Болып болғаны сол-ақ. Ал бұған жазған хаттың бәрінде де: «Құдайға шүкір, – дейтін әкесі, – жағдайым жақсы. Промсолым жылдан жылға қанатын жайып, өзім де байып жатырмын. Азиаттар алдымда құрдай жорғалайды».

Әке байлығының сиқын торгке салғанда көрді. Ал көзі тіріде азиаттар алдында құрдай жорғалады ма, жоқ па, оны құдай біледі. Ал қаза тапқасын күл шыққандай, ай далада құс саңғып тастаған төбеге бір өзін жалғыз жерлегендері ақиқат. Қабір басына шанышқан ағаш крес те балықшы ауылдың қотыр түйелері сүйкеніп, бір жамбасына кисайып тұрды да, ақырында есебін тауып о да құлады. Сонан бері жалаңаш төбе басындағы жалғыз қабірдің топырағын жел үрлеп-үрлеп, құдай біледі, қазір жермен-жексен боп типылдап қалған болар-ау.

Осыған дейін қамшы салғызбай келген ат кенет оскырып, ығысып артына шегініп қалғанда Федоров қолынан түсіп бара жатқан тізгінді әп-сәтте уысына жиып ала қойды. Еңсесін тіктеп, ат үріккен жаққа қарап еді, әлде бір қыстауға кепті. Қарсы алдында есік, терезесін суырып әкеткен иесіз қыстау үңірейіп тұр екен.

– Туһ, сайтан алғыр – деп, неге ыза болғанын өзі де білмеген Федоров қасындағылардың арасынан әлдекімді іздеді.

Анадай жерде бір топ солдат Тәңірбергенді қаумалап ортаға алыпты. Ызалы жандар оны тірілей түтіп жейтіндей қамшыларын үйіріп жатыр екен. Бірақ мырзаның міз бағатын түрі жоқ. Қара зегірен бешпеттің

сыртынан киген боз шекпеннің өңірін айқара ашып тастап қаннен-қаперсіз жайбарақат тұр екен. Федоров іздеген кісісін көргенге қуанып кетті. Жолында тұрғандарды қамшымен жасқап кимелеп келді де Тәңірбергенге ат тұмсығын тірей тоқтады.

– Құдық қайда?

Бір жанға көз салмай, сыртын беріп тұрған мырза бұған да бұрылмады. Қаны қайнап қалш-қалш еткен Федоровтың қолы қылышқа жармасты. Бірақ ол қынаптан суырам дегенше мына жақтан атын кимелетіп Акикөз жігіт жетті.

– Тақсыр... тақ-сыр...

Жұрт назары бұған ауды. Федоров жарқ еткізіп суырып алған қылыштың ұшын қынапта ұстап тұр.

– Тақсыр!.. Тақсыр, мырза алдап тұрған жоқ. Бұл біздің ауылдың қыстауы. Он шақты құдық болатын. Қыруар малды суарғанда суы ортаймайтын...

– Врешь, гад. Бұл бізді Аралдан шыққалы алдап келеді.

– Жоқ, жоқ, тақсыр. Алла атымен ант етем. Он шақты құдық болатын...

– Ах, ты, косоглазый холуй! Ол құдықтар қайда?

– Балықшылар көміп тастаған.

– Балықшылар?

– Иә, тақсыр, балықшылар. Ақтар... Ақтар келе жатыр дегесін әдейі істеп отыр.

– Балық-шы-лар? – деді Федоров.

– Иә, тақсыр, балықшылар. Ана жылы... Ана жылы әкенді өлтірген кісілер. Өздері осы арадан онша қашық емес.

Федоров атын тебініп қалды. Солдаттар да аттарын дереу қозғап, Федоровтың соңынан шаба жөнелді. Қара жерге тиген көп тұяқ жым-жырт даланы дүбірлетіп,

көзді ашып-жұмғанша балықшылар ауылының желке жағындағы қоңыр төбеге шауып шықты. Қара жардың ұшар басында жыпырлаған жерқазбалар қаңырап бос қапты. Тірі бір жан көзге түспеді. Тек сонау көк теңіздің өрінде желкен көтерген көп қайық бетін алысқа бұрып, көз ұшында кетіп барады екен.

– Өртеңдер! – деді Федоров.

Үй болған үйдің жанында үюлі жатқан отын лаулап ала жөнелді. Есік, терезелер пышыр-пышыр жанып, үйлердің төбесі әп-сәтте опыр-топыр ортасына құлап жатқан үстіне генерал Чернов та келіп жетті.

– Подполковник мырза, бұныңды мақұлдамаймын.

Федоров көз ұшында көк теңізді өрлей жүзіп бара жатқан желкенді қайықтардан назарын аудармай тұра берді.

* * *

Сол күні түннің бір уағына дейін полк-полк, батальон-батальон, эскадрон-эскадрон боп кейінгі жақтан құйылып келіп жатқан әскерде қисап болған жоқ-ты. Қаталап шөлдеген аттар терін басқанша шыдамай, келе сала теңізге бас қойып жатты. Солдаттар шешінбей, үстіндегі шаң-шаң киіммен теңізге гүмп беріп қойып кетті.

Ертеңіне бұлар кеш оянды. Тәңірберген шешінбей, астына жайған ақ тоқымға қисая кеткен-ді. Теңіз беттен соққан қоңыр самал астында қыбыр етпей қатып қалған екен. Жағалаудың түнгі дымқылы бұлар тұрам дегенше кеуіп те үлгерді. Жел көтерілген. Ұлы теңіз өкіріп, үйдей-үйдей толқындар ереуілдеп бой көрсете бастаған.

Чернов әлдеқашан оянған-ды. Бұлар тұрам дегенше ол ақ арғымақ үстінде айнала төңірекке барлай қарап

түр екен. Тәңірберген де жел ығында жалпылдаған шалғайын жиып, өңірін қаусырынып алды да, тұсап жіберген атына аяндады. Қара жал айғыр ұзамапты.

Қаракұрым әскердің алды ақырын қозғалып, қырға бет алып шыға бергенде, теңіз жағасының есірік желі құтырынып кетті. Шаң көтерілді. Толқын басы ағарды. Жағалаудың селдір сұйық қамысы жел астында суылдап шайқала бастады. Тәңірберген күн жауар деп ойлап еді; алғашқыда болар-болмас сіркіреп өткен сірке жауын бір сәтте бу боп ұшып та үлгірді. Сонан кейін-ақ шілде айының ыстық ауасы адам бойын ауырлатып, кір жайған үйдің иісіндей қапырықтана бастады...

Ащы су ішкен аттар ырсылдап, аяғын әрең алып келеді. Тәңірберген ауылдан ере шыққан атқосшы жігіттен көз жазып қалды. Бел-Араннан ұзап, былайырақ шыққасын қыста да, жазда да құлазып жататын елсіз далаға қалыңдап кіре түсті. Бір кезде бұлардың алдынан тіске тиер қылтанағы жоқ қызғылт тастақ дала басталды. Осыдан былай қараған жол сонан қашан Қарақалпақ жеріне жеткенше құс ұшпайтын қу дала. Бұл жақтың жолын Тәңірберген тіпті білмейтін. Тек көнекөз шалдардың айтуына қарағанда, кессе қан тамбай безеретін де жататын осы мына далада жылда-жылда қазақ ауылын шауып ырғап-жырғап қайтатын Жөнеуіт ханның басмашылары мен балықшы ауылдың Қоңырат, Шымбайға астыққа барып қайтатын жаужүрек жігіттері ғана білетін жалғыз-жарым құдық болатын көрінеді. Рас болса, ұлы теңізге мінбелеп төніп тұрған сол көк қатпар шыңның кейбір шатқалы мен ұры жымдарында тас түбін тесіп, шымырлап шығып жататын тіс сындырғандай мұздай бұлақ ұшырасады дейді. Бірақ бұлар қанша жүргенде де құлазыған мына меңіреу даладан тірлік ізі байқалмады. Арал теңізінің

бұл беті тік жар. Алда әлі де сонау Тамақ-Қорадан әрі қарай басталатын Қасқа-Жол, Қара-Тамақ, Қоян-Құлақ, Қос-Құлақтың қиын асулары жатыр. Титығы құрыған әскерде бұдан артық жан созатын шама да қалған жоқты.

Генерал Чернов тірі аруақтай. Бел-Араннан бері шыққалы күн-түн қатқан жүрісте оның өзі де, аты да болдырды. Соған қарамастан әлі де дініне берік. Ертеден қара кешке шақырайған күн астында жұрттан оқ бойы озғындап, қазықтай қақшияды да отырады. Жағы қуарған қу сүйек бет қап-қара, түтігіп кеткен. Жырасайда, төбе-төбенің астында ыңырсып қалып жатқан солдаттарға да бір қайырылған жоқ. Ендігі дедігі: қолда қалған кісілерді қарақалпақ пен қазақ жерінің шекарасына жеткізу. Ағылшын генералы уәдесінде тұрса, сол араға ар жақтан атаман Фелишев пен ак офицер Сафар бұларды азық-түлікпен күтіп алуға тиіс.

Бұған бірақ Тәңірберген сенбеді. Екі жүзді адам түгіл, тап осы қазір ол көктегі Құдайға да сенген жоқты. Оған салсаң, біреуге біреудің жаны ашиды екен, рақымы түседі екен, ет-бауыры елжіреп аяйды екен деу ақымақшылық. Ондайлар не ақыл-есі кем, ақымақ немесе қолынан түк келмейтін дәрменсіз шерменделер. Өз басы осы қазір ештеңеге сенбейді де, дәмеленбейді де. Адыра қалған өмір. Алдамшы жалған. Өңшең екі жүзді, опасыз, көлгірлер мен имансыздар дәуірлеп, адамзаттың көз жасы мен қанына керелеген түкке тұрмайтын дүние!

Жә, басқа басқа болсын. Ал, қане, сен... Сен өзің ше? Кеше құдіретің жүріп тұрғанда сен өзің не істедің? Алысты былай қойғанда, қасыңдағы қоңсыңа қайттің? Ағайын ішінде әлің жеткенді сауырлап қуып жүріп таламадың ба? Бүгін ғой, бастан бақ тайып,

бойдан қайрат, білектен күш кетіп, айбат пен айбардан айырылғасын жетім баладай жауаңдап қалғаның. Бәсе... Бәсе де... Кеше солдаттар өзге емес, өз аулыңды талап, аяқтағы асыңды тартып ішіп, астындағы атты аударып мініп, қыз, келіншектеріңді зорлап жатқанда, соншама сорақы сұмдықтың бәрін көре, біле тұра қол қата алдың ба? Мыналар қолына түскенде балықшыларды да аяр ма еді? Кімді кім аяп еді? Арғы-бергі заманда адам адамды аяды ма, сірә?

– Осы араға тоқтаймыз!

Тәңірберген басын көтеріп алды. Жазғы күн талаурап батып бара жатты. Қолда қалған әскердің алды Қасқа-Жол, Қара-Тамақ асуына жетіпті. Әлі құрыған кісілер жеткен жерге жығыла-жығыла кетті.

Тәңірберген де ат арқасынан алған көк қасқа ерге басын салып, шалқалап жата кетті. Көзіне ұйқы оралмады. Жұлдыздар жыпырлаған аспанға бей-жай көз тігіп жатып, осынау қызығы таусылған адыра қалғыр дүниеде өзінің бары-жоғын да сезбеген сұлық қалпы. Сүйтіп жатып ұйықтап кеткен екен, айқай-шудан оянды. Айсыз түн тастай қараңғы, көзге түртсе көргісіз. Тәңірберген оянған бойда не боп, не қойғанын білмеді. Апалақ-құпалақ атып тұрып жатқан кісілер де не болып, не қойғанын білмейтін сияқты. Түкке түсінбесе де, мылтыққа жармасып бет алды құла түзге тасырлатып оқ атып абыр-сабыр. Әлдекім әлдебіреулерге айқайлап, әлдеқайда жүгіріп барады. Жанталасып ұйқы-тұйқысы шыққандардың арасында иығындағы шекпен иінінен түсіп, бей-жәй тұрған жалғыз Тәңірберген. Осы қазір оған бәрібір. Атса да, асса да мейлі. Бәріне көнген, бәріне бейіл.

Әлгі абыр-сабыр аяқсыды. Сүйтсе, түн жамылған біреулер бұлардың қаңтарып қойған аттарын қуып

әкетіпті. Ішінде генерал Черновтың ақ арғымағы, подполковник Федоровтың тарланы, Тәңірбергеннің қара жал құла айғыры да бар.

Тәңірберген көк қасқа ерге құйрығын басып отыра кетті. Ұйқысы қанбаған. Басы зілдей. Өзіне салса осы араға қисайып жата кеткісі кеп тұр. Онан басқа ештеңе басына кірген жоқ. Тірлікте жақсылыққа да, жамандыққа да тойғаны сонша, жау қуып әкеткен әлгі жылқылар миына кіріп те шықпады. Тек бір кермек ащы дәм аузын қуырып бара жатқасын өз-өзінен тыжырынып тұр. Осы тұрғанда Кәленге дән ырза. Абзалы жауласпа. Жауласқан екенсің, аянатын не бар, шамаң келсе, жауынды жерге тыққанша тыншыма.

Кәленнің орнында болса бұ да осылай істер еді. Аралдан шыққалы бұлар шеккен бар азап, бұлар тартқан бар-бар тауқыметтің бәрі содан. Бұлардың жолында отырған ауылдарға алдын ала хабар беріп, құдықтарды көміп, шөл далада солдаттарды қырған сол. Түу-түу Қарала-Көпте отырған бұның ауылын алдап-сулап, ақтардың жүрер жолына көшіріп әкеліп арандатқан да сол. Аттарды қуып әкеткен басқа ешкім емес, бұны да істеген Кәлен. Иә, сол! Соның өзі! Бұл бірақ оның зұлымдығын асырған зымияндығына зығыры қайнап тұрған жоқ. Зығыры қайнап қайтсін. Бұ да адамның адамға ежелден бері істеп келе жатқан көп қиянаттың бірі. Бізден бұрынғылар да сүйткен. Бізден кейінгілер де сүйтеді. Біз де солардың істегенін істеп, бірімізден біріміз жауыздықты, зұлымдықты, қайырымсыз қаталдықты асырып жатырмыз. Аң бол, адам бол, сол ана Абыл, Қабыл заманынан, Лауқыл ғаламынан бермен қарай күштінің әлсізге істеп келе жатқан қанға сіңген қашанғы қасиет. Адам баласы жүріп өткен іздің бәрінде жосылып қан жатыр.

Мырза көз қиығын генералға тастап еді. Мына жағдаятқа оның да иманы селт ете қоймапты, тіпті жайбарақат. Алдына әкеп тосқан атқа мінбеді. Қолына таяқ алды. Таяқтың ыңғайлы басынан ұстады да, жөн таппай иіріліп қалған әскерді бастап алға түсе берді. Тәңірберген тәлтіректеп бір-екі басты да тоқтады. Соңында қалып бара жатқан көк бас ерге жанары сөніп кеткен көзін сап тұрды да, тастақ жерді топырлап басқан жаяу кісілердің арасында ілбіп кете барды. Қазір оған аттың да, жаяудың да бәрібір еді. «Маған бәрібір», – деді осы ойды өзі де құптап.

Сүлдерін сүйреткен кісілер күн кештете Қасқа-Жол, Қара-Тамақтан әрең асты. Көп адам ере алмай кейінде қалды. Әлі құрыған кісілер жол бойы бестен, оннан қалып жатыр. Тәңірберген оларға қарамауға тырысты. Қазір бұ да әлсіреді. Анадан туғалы жаяу жүріп көрмеген сорлы басы қарға адым жер мұң болып, кезінде бір қара беріп тіккізген адыра қалғыр етіктің шоңқайма биік тақасы басқызбай шойнаңдап келеді. Иығынан сыпырылып түсе берген соң үйленген жылы Ақбала боз тайлақтың жүнінен өзі иіріп, өзі тоқып, қара берен мақпалмен жағасын әдіптеп тіккен шекпенді де тастап кеткен-ді. Қазір бойында қалған жалтыз лыпа – қара зегрен бешпет. О да алқам-салқам. Өңір түймелері үзілген. Шамалы жүргесін қара етікті де шешіп, жол жиегіне қалдырып кетті. Күн көзінде қайнаған шоқтай ыстық топырақ табанын күйдіріп барады. Генерал Черновтан көз үзіп қалды. «О, Құдай-й!..» – деді мырза. Ар жағынан дыбыс шықпай, құр қырылдады. Аяғын ілгері басқысы келсе де денесін билей алмай, теңселіп тұрды да, жоғары қарады. Қара құстар бұрынғыдан да көбейіп кетіпті. Тәңірберген тұла бойынан қару іздеп таба алмады. Жә, құзғын аз ба. Қайсыбірін құртасың.

Бұларды торуылдап ұшып жүрген құзғындардың ар жағында, сонау заһарда шалқалап жатып алған мөп-мөлдір көк аспанға да, сол аспанда кеше қара дауыл түтіп дода-додасы шыққан бұлттың сілімтігіне де бұл дендеп ықылас қоймай, сүлесок, енжар көз сап тұрғанды. Кенет шошып оянғандай болды. Аспан әлгіден де гөрі қашықтап, сырын ішіне бүккен жұмбақ дүние сияқтанып еді. Иә, аспан... Мына аспаннан өзі бұрын-соң байқамаған мүлде оқшау, тосын құбылыс аңғарғандай. «О, Жасаған!» деді ішінен. «О, Жасаған! Іші тар, қызғаншақ кісілерге не жорық. Бір-бірімен олар қайтіп қырқыспасын. Сен мына... Мына аспанға қараш! Аспан екеш аспанда да тыным жоқ екен ғой. Бұлт пен жел қысқа күнде қырық жағаласып, ұйқы-тұйқы майдандасады да жатады. Күн сонда туады. Ай сонда батып, түн мен күн бірін-бірі кезек жеңеді. Ай мен күн батқан сайын қай пенде мезгілсіз сөнген үмітін көргендей көңіл мұзданады. Сен тек жер бетіндегі тірліктің бұнымен таусылмасын, түннің артында күн барын, қуаныш пен реніш аралас жүретін және бір жарық күн жер бетіне қайта кеп, ертең тағы да мігерсіз өмір басталатынына сенесің. А-а?! Сенесің бе? Мен сенем бе? Ана генерал сене ме? Мына сорлы солдаттар сене ме?»

Тәңірберген тәлтіректеп кетті. Миы айналып, көзі қарауытып, тап жаңа ғана көріп тұрған көз алдындағы дүние қапелімде көмескіленіп бұлдырап барады. Тілерсектен басталған діріл бүкіл тұла бойына тарап, әлі құрып тұрды да, ілгері бір басты. Теңселіп тұр. Көре қал, бұларды торуылдап ұшып жүрген құзғындардың жолы болады! «Иә, жолы болады» – деді Тәңірберген. Сосын аяғын аннан-саннан бір басып, есік пен төрдей жерге барды да тұра қалды. Тағы да көзі қарауытты. Басы айналды. Енді қайда қадам басарын білмей

түр еді. Жаңа ғана көзін тіреген қараңғы түнек кенет жалқылдап қызарып баратты. Бұл не-е? Өрт... Өрт пе? Дүниені өрт алды ма? «Сүйтті» дегендей, өрт лебіндей ыстық жалын бетін шарпыды. Бұл бетін алып қашып еді, жалт бұрылған жақтан – әлгі қызыл жалын арасынан болымсыз бір тұлға қараңдады. Бұл соған көзін тігіп еді, жаңағы қараңдаған бірте-бірте бермен жақындап, адам бейнесіне енді. Кім де болса өртке қарсы жүгірген есалаң біреу. «Ой, бишара...» деді. Әй... әй... мынау таныс біреу ғой? Иә, таныс... Иә, таныды. Дәл өзі! Тәңірберген інісінің ақылға сыймайтын оғаш қылығына түсінбей, таңданып тұрды да, кенет қарқылдап күлді. Ха-ха! «О, сорлы... Есалаң... Есі дұрыс кісі үстіне келген өртті қарсы жүгіріп өшіре ме?» Ха-ха-ха!

Жас мырза есін жиды. Сәптіреген есірік сана қайта оралып, осынау тас төбедегі ұшы-қиырсыз көк аспан мен жарқыраған күннің бәз баяғыша мөлдіреп тұрғанын көрді. Тек әлсіз буын бұрынғыдан да қаттырақ қалтырап, денесін билей алмай толықсып, теңселіп кетіп тұрғанды. Әлгі тас төбедегі көл-көсір аспан мен аяқ астында ақ шаңдағы шығып жатқан жер бұның өзімен бірге теңселіп шайқала ма? Шайқалған аспан бірде ана шалғайы, бірде мына шалғайы жерге соғып, қайқаң етіп қайта көтеріліп кете ме, қалай? Ертеден бері тас төбеде торылдап жүрген репетсіз ірі құстар әлгіден де гөрі көбейіп, қанатын үсті-үстіне далп-далп қағады. Құстардың арғы жағында көк аспан мөлдірейді. Қаталап өліп бара жатқан кісілерге бір жұтым су татырмай безеріп алған безбүйрек қара жерге қарағанда, тас төбеде мөлдіреген мына... мына аспан... әділ! Әділ! А-а?... Әд-іл-л ме? Маған... генералға... Ана солдаттарға әділ ме?

Жас мырза аспанға қайта қарап еді. Шаңқай аспан шалқалап жатып апты. Құбыла бет батар күннің ең

ақырғы, ең соңғы қанкүрең кызыл сәулесімен алаулап тұр.

О, Жасаған... Жаппар Ие!.. Кессе қантамбай безеретін де жататын адыра қалғыр қара жерге қарағанда, иә... иә... аспан әділ!.. Әділ!» – деп, ол осынау опасыз сұм жалғаннан кеш байқаған бір сырын жаһанға айқайлап жар салғысы кеп еді. Оған бірақ шамасы келмеді. Бұл кезде ол бар дауыстан жұрдай боп айырылған еді.

Үшінші кітаптың соңы

СУРЕТКЕР

Бұл есім қазірдің өзінде қазақ халқының мәдени-рухани әлеміндегі ең бір көрнекті құбылыс ретінде төрткүл дүниеге мойын бұрғызып отыр. Әбді-Жәмил Нұрпеис шын мәніндегі, толық мағынасындағы суреткер.

Суреткерлік Әбді-Жәмил Нұрпеистің дүние-тіршілікке қатысты төл болмысынан туындайтын түйсік-танымы, тағдыр-талайы. Жұмыр басты пенде ретінде оның маңдайына XX ғасырдағы ең бір сүргін де сұрқылтай оқиғалардың куәгері болу жазылды. Жо-жоқ, сыбай-салтаң сырт куәгер емес, атажұртын шарпи үйірілген планеталық ауқымдағы алапат оқиғаларды басынан өткеріп, белшесінен кешті. Заманасының кейіпкеріне айналды. Көз алдында, туған елі табиғи даму жолымен емес, дүлей күштің зорлықшыш оспадарлығымен системалық алмасуларды бастан кешті. Көз алдында, бірдің емес, жүздің емес, мыңның емес, тұтас халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды парықтау (ценностная ориентация) болмысына өзгеріс енгізілді. Көз алдында халықтың қамын ойлайтын арыстарды халыққа жау етіп көрсеткен апалаң-топалаң болды. Көз алдында жер-жақанды майдан алаңына айналдырған сұрапыл соғыс өтті. Ол соғысқа ардақты әкесімен, аяулы ағасымен иық тіресіп барып, өрт шалған сояудай жалғыз қайтты. Одан кейін ұраншыл саясат, ұрдажық әкімшілдік, алданған ел, арбалған азамат, торланған шекара, тулақ болған дала... Өлім мен өмірдің күресі, зорлық пен қарсылықтың тіресі, махаббат пен ғадауаттың майданы...

Суреткер ретінде Әбді-Жәмил Нұрпеис ғасырдың осынау алапат та асқақ болмысын, өзінің кіндік жұртын мысал ете отырып, нағыз өнер тілімен жырлап бере алды. Бұл ретте, Әбді-Жәмилдің өмір бойы жазғаны біртұтас,

бір ғана эпопея десе лайық. Ол эпопеяны «XX ғасыр және қазақ әлемі» деп атауға да болар еді. Ғасыр басындағы сергелдең (Қан мен тер), ғасыр ортасындағы сұрапыл (Курляндия), ғасыр соңындағы сүргін (Соңғы парыз) біртұтас сабақтастығымен көркем полотно құрайды. Ол полотнодағы көркем бояуға айналған қилы-қилы қиямет тағдырларды көретін көз, сезетін жүрек, танитын талғам керек. Онда ұзақ уақыт бойы (соңғы үш ғасыр) өнегесінен гөрі өктемдігі басым болып келген жас жұрттың қасқабағына жалтақтап, асылын ұлықтай алмай, жасығын құрықтай алмай, отаршыл саясаттың сойылын соғып, жабыны – тұлпарға, жапалақты – сұңқарға балап келген қазақ халқының өксікке толы өмірі бар. Онда бірліктің орнына жікшілдікке, намыстың орнына бәсекеге, тілеу-қорлықтың орнына іштарлыққа, адалдықтың орнына сатқындыққа, турашылдықтың орнына жағымпаздыққа дем берген отаршыл саясаттың торына шырмалып ара-дара күй кешкен әлеуметтің тағдыры бар. Оны да тұнығы лайланған, талғамы дүбәраланған, этникалық арман-аңсары (идеалы) қоскіндік болған халықтың азаттық жолында аласұрып, арпалыспен өткерген ахуалы бар. Ең бастысы, осынау түнек тағдырға қасқайып қарсы тұра алатын жаны жайсаң, арманы асқақ, рухы берік тұлғалар бар. Өмірдің қадірін арттырып, тіршілікке мән-мағына дарытатын да солар. Осының бәрі Әбді-Жәміл Нүрпейістің шығармаларында тұтас бір ғасыр аясындағы халықтың әлеуметтік тағдырын тәптіштеп танытатын көркем шежіре құрайды. Гегельдің сөзімен айтқанда, «шындық пен шапағаттың шендесуі өлмес өнерді дүниеге келтірген».

Әбді-Жәміл Нүрпейіс шытырман оқиғадан гөрі әлеуметтік шындыққа айрықша ден қояды. Өмірге бір сәт төрешілдік жасамайды, оның есесіне өмірді өнер тілімен тәптіштеп бедерлеуді көркемдіктің киелі шарты

деп біледі. Яғни, адам тағдырын тарихи, әлеуметтік және психологиялық тұрғыда талдау арқылы көркемдік шешімді көлденең тартып отырады. Әбді-Жәмилдің суреткерлік шалымы да, азаматтық позициясы да осы орайда айқын танылады. Ол заманының сөзін сөйлеп, саясаттың сойылын соғуды қаперіне де ілмейді. Олай болған жағдайда тап күресін тәңір тұтқан Еламан мен Қаленнің тағдыры тәлкекке түспес еді. Жаттан жақсылық күткен Тәңірбергеннің жатағы ойрандалмас еді. Адалдықтың бәйгесіне атын қосқан Жәдігердің жігері құм болып, арманы қиялға, өмірі қасіретке айналмас еді... Міне, өмір шындығы мен көркемдік шындықтың ара-жігі нағыз суреткердің диалектикалық зердесі арқылы осылай сараланады.

Дәл осы тұрғыдан келгенде, ұлттың бір ғасыр аясындағы тарихи-әлеуметтік болмысын көркемдікпен кестелей алған, ол еңбегі адамзаттың рухани игілігіне айналған, сөйтіп қазақ халқының өзін-өзі тануына мұрындық болып қана қоймай, өзгенің де ұлықтауына себепші болған Әбді-Жәмил Нүрпейістің суреткерлік тегеуріні осылай парықталса керек.

Ақселеу Сейдімбек

МАЗМҰНЫ

ЫМЫРТ	6
Бірінші бөлім	7
Екінші бөлім	133
СЕРГЕЛДЕҢ	332
Бірінші бөлім	333
Екінші бөлім	438
Үшінші бөлім.....	449
Төртінші бөлім.....	473
КҮЙРЕУ	603
Бірінші бөлім	604
Екінші бөлім	702
Үшінші бөлім.....	836
Суреткер	956

Әбді-Жамил НҰРПЕИС

ҚАН МЕН ТЕР

трилогия

Жауапты шығарушы Серік БАЙХОНОВ
Редакторы Мамытбек ҚАЛДЫБАЕВ
Корректор Қапиза АРҒАНЧАЕВА
Көркемдеуші редактор Әлия СЕҢГІРБАЕВА
Техникалық редактор Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

ISBN 978-601-03-0388-1



ИБ №185

Басылуға 02.10.2015 қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/16.
Қаріп түрі «Times New Roman». Көлемі 60 ш.б.т.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс 185.

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы